Римма Жақсылықбаева

КӨСЕМСӨЗ КЕМЕҢГЕРІ: ШЕРХАН МҰРТАЗА

Монография

ASES PUBLISHING

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
90 жылдығына арналады

Римма Жақсылықбаева

КӨСЕМСӨЗ КЕМЕҢГЕРІ: ШЕРХАН МҰРТАЗА

Монография

ASES PUBLISHING

ASES KONGRE ORGANİZASYON VE YAYINCILIK
Kanununun hükümlerine göre kitabı yayınlanan yayınevinin izni olmaksızın elektronik, mekanik, fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi ile çoğaltılamaz, kısmen veya tamamen
Yayımlanamaz, depolanamaz.
Basım Tarihi: 2025
ISBN: 978-625-93467-1-7

Римма Жақсылықбаева

КӨСЕМСӨЗ КЕМЕҢГЕРІ: ШЕРХАН МҰРТАЗА

Монография

Baskı, Yayım ve Dağıtım
ASES KONGRE ORGANİZASYON YAYINCILIK
Hamidiye Mah. İnönü Cad. Helvacı İş Mrk. No: 43/19 Battalgazi/MALATYA
Tel: 0850 474 30 06 - www.asescongress.com.tr - e posta: asescongress@gmail.com
Sertifika No: 63715

АЛҒЫСӨЗ

Қазақ публицистикасын зерттеу ісі жүйелі түрде қолға алынғанына отыз жылдан асты. Бұрын да журналистика тарихына, теориясына, тәжірибесіне қатысты бірнеше ғылыми жұмыс жазылды. Солардың ішіндегі бір шоғыр еңбек жеке публицистер шығармаларын зерттеуге, ғылыми айналымға енгізуге арналды. Мәселен, А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың, Б. Майлиннің, М. Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтің, С. Қожановтың, С. Ерубаевтың, Н. Төреқұловтың, Ж. Аймауытовтың, Х. Досмұхамедұлының публицистикасы қарастырылып, өзіндік ерекшеліктері айқындалған болатын. Сонымен қатар, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Камал Смайылов сияқты тұлғалардың публицистік шығармашылығы да жеке зерттеу объектісіне айналды. Бұл – болашақта да жалғасын табуы тиісті жарқын іс. Өйткені, қазақ журналистикасының тарихын, теориясын жасау бір адамның қолынан келмейді. Егер жекелеген тұлғалар творчествосын жинақтау, тұтас газет-журнал туралы зерттеулер арқылы алға жылжысақ, журналистиканы зерделеу, публицистикатану сонда ғана биік межеге жете алмақ. Сол тұрғыдан келгенде, зерттеуші ғалым Римма Жақсылықбаеваның «Көсемсөз кемеңгері: Шерхан Мұртаза» монографиясы өзекті тақырыпқа жазылып отыр.

Шерхан Мұртаза – заманының сөзін сөйлеген, өз дәуірінің ақиқатын тіліп айтып, қай кезде де қоғамның алғы шебінде жүрген халқымыздың ұлтжанды, әділдікті сүйетін, елін, жерін қастерлеуге тұтас ұрпақты тәрбиелеуге бар өмірін арнаған азамат. Ол – кешегі Кеңес Одағы кезінде де, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы, дамуы кезеңінде де журналистік белсенділігімен, ой, идея ұшқырлығымен, проблема қою тапқырлығымен көзге түскен қаламгер. Ш. Мұртаза қай тақырыпқа қалам тартса да, өмірде болған нақты оқиғадан, деректерден серпін алады. Сол ақиқат өмір көрінісін ой таразысына салып, публицистік батыл тұжырыммен өңдейді. Әсіресе, публицистің өмір шындығын өзек ете отырып, шынайы дерек-дәйектерден қорытынды ой түйетіндігі, айтар сөзін айқын білдіретін батылдығы – кейінгі буын қаламгерлерге үлгі боларлық ұстаным. Қоғамдық өмірдің қат-қабат проблемаларын көрсетіп қана қоймай, соны шешудің жолын меңзейтін қасиеті де жас толқынға өнеге.

Автор монографияда Ш. Мұртазаның редакторлық қызметіне, жоғары ұйымдастырушылық қабілетіне, басшылық қырына да назар аударады. Қаламгердің «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» басылымдарының бас редакторы болған жылдарында қазақ баспасөзінің даму жолына әкелген жаңалықтары айқындайды. Қазақ теледидарын басқарған жылдардағы өзі бас болып жасаған хабарлары туралы да салиқалы сөз салмақталады. Шерағаң бас редактор болған жылдарында қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерін елден шақырып, тұтас бір мектеп қалыптастырды. Шығыстан Оралхан Бөкейді, Батыстан Фариза Оңғарсынованы, Оңтүстіктен Мұхтар Шахановты, Арқадан Ақселеу

Сейдімбекті «Лениншіл жасқа» қызметке алғандығының өзі неге тұрады. Ал жалпы қай басылымның тізгінін ұстаса да Шерағаң тек талантты қаламгерлерді баулыды, тәлім берді. Ол туралы көптеген мысалдарды келтіруге болады. Қазіргі ақсақал жазушыларымыз Бексұлтан Нұржекеұлы, Кәдірбек Сегізбаевтар бастаған сақа қаламгерлеріміздің көпшілігі Шерағаңның шекпенінен шыққанын ел алдында айтып жүретінінің талай мәрте куәгері болдым.

Автор назар аударған тағы бір мәселе – Ш. Мұртазаның көркем шығармаларының публицистік сипаты. Шерағаның әңгіме, повестері мен романдары, пьесалары өмірдегі ақиқатқа, нақты деректерге құрылатындығын автор жан-жақты көрсеткен. Мәселен, «Қызыл Жебе» – ақиқат өмір деректеріне құрылған көркем-публицистикалық роман», – деген тұжырым жасайды. «Ай мен Айша» өмірбаяндық романы туралы да өзіндік пікірі бар.

Зерттеу барысында өзіміздің көрнекті ғалымдарымыздың журналистикаға қатысты еңбектері, жариялаған кітаптары теориялық, әдістемелік негіз ретінде пайдаланылған. Ш. Мұртазаның журналистік, публицистік, редакторлық қырлары туралы аға-іні замандастарының пікірін екшеп, шеберлігінің сан алуан қырын, даралығын, жеке лабораториясын айқындаған. Бұл еңбекте көптеген деректер қазірдің өзінде тарихқа айналып кеткендігін ескерсек, «Қазақ журналистикасының тарихы», «Журналисткаға кіріспе», «Публицистің шығармашылық шеберханасы», «Әдеби журналистика» дәрістері бойынша осында тұжырымдалған бірнеше теориялық пайымдауды, журналист лабораториясы, шығармашылық психологиясы, журналистің шеберлік қырлары, көркемдік, эстетикалық сырлары секілді проблемаларды талғап-талдағанда да қолдануға толық ғылыми негіз бар. Мәселен, Шерхан Мұртазаның оқиғалы-портреттік, әлеуметтік-проблемалық очерктерін «Баспасөз жанрлары» пәні дәрісіне мысал ретінде пайдалануға әбден болады. Шебер журналистің публицист, редактор ретінде шығармашылық бірегейлігімен, көркемдік, тілдік-стильдік ерекшелігін зерттеп, игеру – ұлттық баспасөзіміздің теориялық-әдістемелік дәрежесінің артуына ықпал етеді.

Журналистикада Шерхантану ғылымында өзіндік бағытын көрсетіп келе жатқан шәкіртіміз Римма Серікқалиқызы Жақсылықбаева «Көсемсөз кемеңгері: Шерхан Мұртаза» монографиясында Шерханның көлемді, күрделі шығармаларын талдап, суреткерлік шеберлігінің ерекшелігін, журналистік, редакторлық қырын, шындыққа адалдығын, ұлтжандылығын талдап, редакторлық қыры туралы замандастарының пікірін екшеп, 1956 жылдан бері мерзімді басылымда жарық көрген мақала, рецензия, очерк, сұхбаттарының толық мәтінін, библиографиялық көрсеткішін жасады. Бұл кейінгі Шерхантанушыларға мол көмек болары сөзсіз.

Бауыржан Жақып,
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Хатшысы,
«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі

КІРІСПЕ

Шындыққа, өмірлік ақиқатқа жүгінсек, өзінің бойындағы қабілет-қарымы, соған лайық қайсарлығы, алғырлығы, табандылығы артып, шеберлік жолында қажырлы еңбекқорлықты үйлестіре білгенде ғана шығармашылық жеңіске жетеді. Шерханның суреткерлік жолы – азаматтық, рухани, әділ жеңістің айқын куәсі. Өйткені, мұның өзі кім-кімге болсын оңайшылықпен келмейтіні мәлім. Өмірін дәуір өмірбаянымен түбегейлі ұштастыра алмаған немесе заманның өскелең шындығын өз өмірбаянына толық айналдыра алмаған өнер иелерінің ел кәдесіне жарап, ұзағынан сүйіндіретін шығарма беруі неғайбыл.

Шерхан Мұртаза – сан қырлы журналист. Шерхан есімі көзі қарақты кез-келген қазақ оқырманына жақсы таныс. Қазақ журналистикасының түрлі жағдайға қатысты шығармашылық әдіс-тәсілін байқап қарар болсақ, оқырман ой-санасына жетерлік бай тәжірибесін, көркемдік ой шеберлігін, тақырыптық мәселесінің молдығын таныр едік. Көпшілік оқырманға қатысты нақты саяси-қоғамдық пікірін журналистің көптен көкейде жүрген ойы деп тануымыздың сыры осында жатыр.

Аумалы-төкпелі кезеңде заман ағымына ілесе отырып, демократиялық, публицистік үнімен үндесе білген қаламгер Шерхан Мұртазаның қазақ публицистері арасындағы тұлғасы уақытпен бірге биіктей түсуі де заңдылық. Өйткені, ол өз қара басының қамын ойлап, түрлі баспасөзде жарық көрген публицистикалық туындылары арқылы арзан бедел жинап алуды мақсат етпеді. Қазақ халқы жерінің, тілі мен дінінің, әдебиеті мен өнерінің, мәдениеті мен ғылымының мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесін көздеп, қоғамдық пікір туғызды, сол арқылы туған елінің көкейіндегі ойы мен арманын дөп басып, көпшілік назарына, елбасы құлағына жеткізуді үміт етті.

Ол «Лениншіл жас» газетінің, «Жалын» альманағының, «Жұлдыз» журналының, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан» телерадио корпорациясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Шерхан Мұртаза есімі әдебиет пен журналистикада еш көмескіленбей, қайта бұрынғыдан да жарқырап, жанданып келеді. Өйткені, қарапайым әңгімеден бастаған жазушы қазақ әдебиетіне көп томдық роман әкелген санаулы қаламгердің биігіне көтерілді. Ұзақ жылдар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы қызметінде талай шәкірт тәрбиелеп, журналистиканың зіл батпан жүгін қара нардай көтере білді. Дәл осылай журналистикада да, әдебиетте де өз орнын белгілеп алу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Шерханның әсіресе, «Не жетпейді?» атты публицистикалық жинағы, Америка, Пәкістан, Үндістан сапарынан туған жолжазбалары ақмылтық журналист екендігін айғақтады.

Жазушы Шерхан Мұртазаның публицистік, көркем шығармашылығының проблемалық жайы, терең философиялық мәні публицистикасының әлеуметтік ой-пікірінің астары арқылы бағамдалды. Қаламгердің қазақ көркем публицистикасын дамытудағы, жанрлық түрін байытудағы рөлі, цифрлар мен фактілерді сөйлету шеберлігі, публицистік образ жасаудағы әдісі, өмірлік пайым-көзқарасын танытудағы қасиеті, қазақ журналистикасына сіңірген сүбелі еңбегі тереңірек талданды. Бұл – Шерхан Мұртазаның журналистік жолына, редакторлық қызметіне, публицистикалық туындыларына тұтас шығармашылық жүйеде және бүгінгі көзқарас тұрғысынан баға беріп жазылған тұңғыш монография.

Суреткер Шерхан Мұртаза қаламының өзгеше қуаты, әсіресе, тарихи-революциялық тақырыптағы «Қызыл Жебе» роман-дилогиясы көркемдіктің қай өлшеміне жүгінсек те, барлық тұрғыдан кемеліне келгендігін айқын көрсетті. Мұның өзі шығармаларының құнарлы, нәрлі тілінен, композициялық шеберлігінен, ең бастысы, халқымыздың аяулы перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың жарқын тұлғасын қанық та шыншыл бейнелеуінен көрінеді. Жазушының «Қызыл Жебе» романы – қалың оқырман қауымның, әдеби сынның ерекше ілтипатына бөленген кесек туынды. Ал, қаламгердің «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «41-ші жылғы келіншек», «Интернат наны», т.б. шығармалары тұтасымен өз заманының шындық шежіресін көрсетті.

Монографияда Шерхан Мұртазаның ғылым, өнер, әдебиет жайлы толғаныстары, мақала, хаттары көркемдік, композициялық құрылым, поэтика, стиль даралығы тұрғысынан зерттелді. «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» басылымдарында бас редактор болған жылдарына ерекше тоқталып, басшылық, ұйымдастырушылық қырын ашуға тырыстық. Ол «Лениншіл жас» газетіне редакторлыққа келгенде оның таралымы 30 мың данаға әрең жететін, кейіннен басылым таралымы 150 мың данаға, «Жұлдыз» журналы уақытында 4-5 мың данадан 255 мың данаға дейін өсті. Бұл – рекордтық көрсеткіш!

Дегенмен, біз әлі де Шерханның журналистік, публицистік, редакторлық басшылық қырын ғылыми тұрғыда толық танып білдік деп айта алмаймыз. Оның бірнеше себептері бар: біріншіден, баспасөзде жарияланған публицистикалық туындылары, шығармашылығы арнайы қолға алынып, түбегейлі зерттелмегендіктен, идеялық мазмұнын, стильдік ерекшелігін, публицистік шеберлігін зерттеп, ғылыми түрде саралау заман талабынан туып отыр; екіншіден, баспасөзде үзбей жарияланып келген публицистің әр жылдарда жазылған ірілі-ұсақты эссе, мақала, очерктерінің топтастырылып, жинақталмағаны; үшіншіден, отыз жылдан аса уақыт әр түрлі мерзімді баспасөзде редакторлық қызметі туралы кеңінен айтылып, жазылмауы; төртіншіден, публицистік туындыларын зерттеу арқылы журналист шеберлігін кең тұрғыда талдап, қорыту. Зерттеліп отырған тақырыптың зәрулігі сонда – осы кезге дейін Шерхан Мұртазаның журналистік, редакторлық шеберлігі туралы арнаулы ғылыми еңбектер жазылып, жетістігі мен кемшілігі, жазбаларының құндылығы жайында нақты тұжырым жасалмапты.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Орталық кітапханасында, Қазақстан Ұлттық кітапханасының арнайы және сирек қолжазбалар қорында, Қазақстан Республикасы Президенті архивінде сақталған зерттеу жұмысымызға қатысты деректік маңызы бар мәліметтер, сондай-ақ, журналистің әр жылдары баспадан жарық көрген кітаптары, газет-журналдардағы мақалалары, жеке архивінде сақталған іс-қағаздары, қойын дәптерлері, күнделіктері, материалдарының түпнұсқалары қарастырылды.

Монографияда Шерхан Мұртазаның 1956 жылдан бастап «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Түркістан», «Халық кеңесі», «Алматы ақшамы», «Өркен», «Заман-Қазақстан», «Сұхбат» газеттерінде, сонымен қатар, «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс», «Парасат», «Қазақстан коммунисі», «Білім және еңбек», «Жалын», «Қазақстан әйелдері», «Денсаулық», «Таң-Шолпан» т.б. журналдарда жарық көрген публицистикалық мақала, очерк, рецензия, хаттары пайдаланылды.

Ғылыми еңбектегі Ш. Мұртаза шығармаларының библиографиялық көрсеткіші журналистік қызметінің негізгі тақырыптық бағытынан толық мағұлмат беріп, оның публицистік шығармашылығын одан әрі тереңдей зерттеуде ғылыми негіз болды. Қосымшада қаламгер шығармаларының барлық кезеңіне қатысты мақала, очерк, рецензия, эсселерінің тізімі жасалды.

Публицист бүкіл шығармашылық жолын тікелей баспасөзбен ұштастырып отырғандықтан, зерттеудің хронологиялық ауқымы оның журналистік қызметінің алғашқы жылдарынан 1956-2000 жылдар аралығын қамтиды. Шерхан Мұртазаның қарапайым заметкадан бастап, репортаж, корреспонденция, мақала, рецензия, очерк, фельетон секілді әр алуан жанрларда жазылған, ешқандай жинаққа енбеген мақалалары жинақталып, осы монографияның соңындағы қосымшаға берілді. Сондай-ақ, Шерағаңның қаламдас аға замандас, әріптес іні, шәкірттерінің әр жылдары жазылған естелік мақала, эссе, рецензия, сұхбаттарын да біршама жинақтап беруге тырыстық.

Монографияға Қайрат Мұстафин, Сиез Бәсібеков, Сайлау Пернебаев, Асылхан Әбдірайымұлы, Шүкір Шахай, Алтынбек Қартабай, Ерлан Омаров және Шерхан Мұртазаның жеке мұрағатынан фотосуреттер пайдаланылды.

Автордан

1-бөлім

ШЕРХАН МҰРТАЗА – ПУБЛИЦИСТ, РЕДАКТОР

1.1 Шерхан Мұртаза публицистикасының бастаулары: қалыптасу, толысу, өрлеу жолдары

Заманның саяси оқиғалары тарих төрінен орын алған кезеңде дәуір үні – публицистиканың да алдыңғы шепке шығып, жолбасшылық рөл атқаратыны еліміздің даму жылнамасынан, соқтықпалы, соқпалы жолынан белгілі жайт. Сан-алуан қоғамдық өзгеріс пен саяси сілкініс дәуірінде, яғни, ғасыр басында дүниеге келген түрлі басылым арқылы айшықты үнін аңғартқан сөз серкелері бұған дәлел болады. Сөз жоқ, олар қазақ баспасөзінің дамуына зор ықпал тигізді.

Қазақ журналистикасының ұзына тарихында әсіресе, 1960-1970 жылдар өзінің дара мазмұн-мағынасымен айрықша ден қойдырды. Бұл кезеңнің журналистикасы – өз уақытының айнасы, ең бастысы, халықтың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тағдырына ықпал ететін тегеурінді де пәрменді тетіктің бірі болды. Баспасөз – халық тағдырының қамқоршысы, мәдени-рухани ізденістің ұйытқысы болды. Осы кезеңнің баспасөзін үгіт-насихат құралы, жаңалық жаршысы деуден гөрі, халықтың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалының айғағы, елдік ой-идеологиясын өткізетін ұрымтал негізі болды десек, журналистер халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға келгенде айрықша шабыт тұғырына көтеріліп, шын мәнінде шығармашылық ізденістің тамаша үлгісін көрсетті. Сол тұста уақыт үнін тез ұғынып, өзінің қайраткерлік қырымен, қаламгерлік қарымымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көрінген бірқатар публицистер шоғыры дараланып шықты. Сол топтың бел ортасында жүрген қазақ журналистикасына өзіндік үнін, азаматтық пафосын, дара танымын ала келген публицист Шерхан Мұртазаның орны ерекше.

Шерхан Мұртаза – суреткерлік өнердің сан алуан саласын әуел бастан жыға танып, соны жадына мықтап түйіп, оны әбден игеруге тас-түйін бекініп келген қаламгер. Шындыққа, яғни өмірлік ақиқатқа жүгінсек, өзінің бойындағы талант пен соған лайық қайсарлығы, алғырлығы, табандылығы артып, шет-шегі беймәлім шығармашылық шеберлікке жету жолында жылдар бойына созылатын ұзақ шабыстарда күн-түн демей көздеген идеялық-эстетикалық мақсатына жету жолында қажырлы еңбекқорлықты үйлестіре білгендер ғана шығармашылық жеңіске жетеді. Қаламгер Шерхан Мұртазаның суреткерлік жолы – осындай азаматтық, рухани әділ жеңістің айқын куәсі. Өйткені, мұның өзі кім-кімге болсын оңайшылықпен келмейтіні мәлім. Міне, осы орайда өзінің өмірбаянын дәуірдің өмірбаянымен түбегейлі ұштастыра алмаған немесе дәуірдің, заманның өскелең шындығын өзінің өмірбаянына толық айналдыра алмаған өнер иелерінің ел кәдесіне жарап, ұзағынан сүйіндіретін шығармалар бере қоюы неғайбыл. Осы тұрғыдан келгенде Шерхан өмірдің қат-қабат ыстық-суығын, құдырет-қасіретін бала кезінен өз бойына молынан сіңірген. Өмір мен өнердің өзектестігін үнемі естен шығармай жүрген суреткерге оның ең әуелі журналистік тәжірибесі мол пайдасын тигізген.

Көрнекті публицист, қарымды жазушы Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ мекеніндегі Талапты ауылында дүниеге келді.

Қиын заманның қилы кезенінде қазақ тарихының куәсі Алатау мен Қаратаудың ұштасып, қолтықтасып қиылысқан жерінде Жамбыл облысының Жуалы ауданында, Теріс өзенінің тау жағасында әйгілі Ақсай мен Көксай өзендерінің ортасындағы туған жері Мыңбұлақ туралы Шерхан «Жұлдызы биік Жуалы» очеркінде тамаша суреттеп жазады: «...Мың Бұлақ жерінің оңтүстігін басы мұзарт таулар қоршайды. Суы мол, орман-тоғай тұнып тұр. Көктемнің соңғы айында жайқалып өскен түрлі-түсті гүлдер шебердің қолынан шыққан әсем кілемдей көздің жауын алады. Мұндағы сай-сай болып аққан мөлдір бұлақтардан аяқ алып жүргісіз. Сондықтан да, «Мың Бұлақ» атанған» [1].

Шерханның туған жеріне деген сүйіспеншілігін кез келген шығармаларынан байқауымызға болады, солардың бірінде: «Жүрегім бүлк ете қалды. О, қасиетіңнен айналайын Тәңіртау! Ылғи өрге қарай жаяу келе жатқаннан болар, аяғыма тас байланғандай, тұла бойым ауырлап, көктің үстіне жата кетсем бе екен деп келе жатқанмын. Кенет шаршағаным ұмытылып, әлдеқалай аспандағы сарыала қаздардың қанаты маған біткендей, ана сұңгір тауларға, Манастың батысындағы Көксай, Ақсай аңғарларына ұша кеп жөнелгім келді...», – деп [2] туған жерге деген ыстық ықыласын, ішкі жан тебіренісін көрсетеді.

Әкесі – Мұртаза шала сауатты кісі болған, 1937 жылы Сталиндік репрессияға ұшырайды. Бес жасында әкеден айырылған жазушы еміс-еміс есте қалған бейнесін былайша суреттейді: «Мұртазаның үстінде өңірін қара шибарқытпен көмкерген жосалы сары тон, басында дәл сондай теріден тігілген телпек. Оның жиегі қара қозының елтірісі. Сақалы сарыдан гөрі қызғылттау...» [3]. «Әкем Мұртаза елге сыйлы, көзі ашық, сыпа кісі екен. Ол ұсталардың алдындағы мына бір-екі көрініс күні бүгінге дейін көз алдымда: «Жаз кезі болатын. Қырғыз айырлы ақ қалпағы мен ақ кителі үстіне әдемі жарасқан әкем үйден шықты да мама ағаштағы байлаулы тұрған ақбозатқа мінді. Содан кейін шешем Айшаға бірдеңе деп тіл қатты-ау деймін, ол кісі ошақ басындағы істеп жатқан жұмысын қоя салып, маған қарай жүрді. Жете бере құмырсқаның илеуін шимен шұқып ойнап отырған бес жасар мені жерден көтеріп алды да көкемнің алдына апарып отырғызды. Біз жүріп кеттік. Жолда әкемнің басымды сипап қойып күрсінгені, ыңылдап мұңды бір ән айтқаны есімде...», – деп [4], осылайша өмір дерегін келтіре отырып, әкесіне деген балалық шағынан қалған сезімін, бала кездегі бір сәттік ұмытылмас естелігін көрсетеді.

Әкесін балалық шағында ғана көріп, есейгенде көкірегіне терең сағыныш ұялатқан сезімін, ынтық ықыласын біраз көркем шығармалары арқылы суреттеп көрсетті. Мұртазаны қамауға ұстап әкетердегі соңғы көріністі «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965) повесінде былайша бейнелейді: «...Үйге аяқ басқан жері сықырлап екеу кіріп келді. Екеуі де бейтаныс... Әкем тіреуге арқасын сүйеп, етігін киіп отыр. Оң аяғынікін оңай киді. Сол аяғына шұлғау орап етіктің қонышына сұқты. Ары тартқылады, бері тартқылады – аяғы батпайды. ...Әкей етіктен сол аяғын суырып алып, бас көтермей көзінің астымен біз жаққа қарады. Шұлғауын қайта орап отырып тағы қарады. Бұл жолы аяғы етікке зып ете қалды. Әкей біз жаққа қарады. Қабырғада ілулі тұрған тұмағын ала беріп бізге қарады.

– Жылама, балаларды шошытасың, мен қайтып келем ғой», – деді әкей.

«Қайтып келем» дегені миыма жазылғандай боп қалыпты. Осы сөздің алдауыратуымен қанша жыл өтті десеңші!» [5]. Қай шығармасында болмасын осылайша әкеге деген іштегі сарытап сағынышы сезіліп тұрады: «...Кімді сағынамын? Жүрегім кімге деген сағыныштан сыздайды? Ауылда қалған анашымды екен ғой. Ал әке ше? Әке байғұстың сүйегі Сібірдің қай қарағайының түбінде қалғанын білмеймін», – деп толғана жазуы да соның айғағы [5, 20 б.].

Анасы – Айшагүл қазақ әйелдерінің қайысса да морт сынбайтын, төзімі мен ізгілігін ақ, адал жүрегіне сақтай білген қарапайым жан. Шерханның көптеген әңгімелерінде ана бейнесі, соның ішінде өз анасы ерекше орын алады. Солардың бірінде анасын: «Айшаның ашуы өзі даладан бірге ала кірген аяз буынан да ызғарлы...», – деп («Айырбас») бейнелейді [6].

« – Сен қайдан келдің? – дегенде, бір данышпан:

Мен балалықтың елінен келдім, – деген екен.

Ересектерде сол «балалықтың елінен» келмеген ешкім жоқ. Анадан ешкім сақал-мұртымен тумайды.

Мен де солардың бірімін.

Анамның аты – Айша еді.

Аз ба, көп пе – алпыстан астым.

Аз ба, көп пе – ірілі-уақты кітап жаздым.

«Халық жазушысы» атандым. Жазғанымның бәрін алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады...», – деп [6, 394 б.] анасына деген ыстық махаббатын, шығармаларына шабыт берген балалық шағын суреттейді.

Шерхан – табиғатынан тік мінезді, әділеттің ақ жолынан таймайтын, батыл сөз бен берік ұстаным иесі. Оның жандүниесінде арыстандай айбат та, парасат та бар. 1952 жылы жазылған күнделік дәптерінде Шерхан өз есімі тұрғысында «Мое имя – Шерхан...» деген атаумен орыс тілінде жазба қалдырған екен: «Мое имя – Шерхан. По словам моей матери, когда я родился отец пригласил муллы, и он перелистовая Коран, остановившись в одно месте и говорил отцу: «У этого қара батыра имя Шерхан – так подсказывает священная книга». И так меня звали Шерханом. После, когда я вырос, знал смысл этого имя. Шер – по нашему и по арабский, вообще по восточному лев, хан – титул. Значить, цар львов, или лев царь, царь лев», – деп [6, 254 б.] есімінің жай ғана есім емес, астарында айбар мен әділет, қайрат пен қайсарлық қатар өріліп жатқандығын аңғартады.

Бақытты балалық шағы болмаған Шерхан өмірдің ащы дәмін: «...Саған екіқабат кезімде ащы сүр етке жерік болдым. Сүр қайда-а-а? Содан пияз жей беріппін. Ащы пияз ауқат бола ма? Құсып, лоқсып, өліп қала жаздаймын... Иә, сөйтіп мен– Барсхан– анамның құрсағында жатқанда-ақ ащының дәмін татып жетілгенмін. Өйткені құрсақтағы шарана ана немен қоректенсе, о да сонымен қоректенеді. Мені сыртымнан «сұсты», «жауқабақ» деп, тағы бірдеңе деп сөз қылады. Көрер едім ғой оларды, менің көргенімді көрсе. Тумай жатып ащыменен уланса...», – [6, 440-441 бб.] деуінен әділет, шындық үшін

тайсалмай, қайсар мінез танытқан, қоғамдағы әділетсіздікке қарсы тұрған, жағымпаздықтан ада болмысын ана құрсағында-ақ қалыптастырғандығын ұғынамыз. Шерхан өз өмірін осылайша көркем шығармада баяндау арқылы ғұмырнамалық публицистика үлгісін, дерек пен көркем бейне тоғысын балалық шағына үңілту арқылы байланыстырады.

Шерханның қаламдас досы, публицист Камал Смайыловтың: «Сонау алапатты 32-ші жылда туып, қырықтан біреуі ғана аман қалғандардың бірі – саған тағдыр сол отыз тоғыздың жүгін, салмағын артты, тарих көсегесі көгермей, көзі ашылмаған халқыңның үміті мен арманын тапсырды! Сен 37-іншіде әкеңнен айырылып, 41-іншіде балалықты жоғалтып, ұрпағыңмен бірге бел-белестен, қия-қияннан өттің...», – деуі [7] өмір белесінің қиын-қыстау қиыры көбірек болғандығын аңғартады.

Жазушының балалық шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келіп, өмір ерте есейтті. Бұғанасы қатпастан еңбекке араласып, ересектермен бірге жұмыс істеді. Өмір жайлы көзқарасы, таным-түйсігі әлдеқайда тым ерте қалыптасып, жаман, жақсының не екенін ерте айырды. Өмір белесінде көрген қиындығы мен балалық шақтағы ауыртпалығын жазушы «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1966), «Мылтықсыз майдан» (1969), «41-ші жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974), «Ақсай мен Көксай» повестері мен «Сол бір күз», «Бойтұмар», «Бір нәзік сәуле», «Шекшек шырылдайды» әңгімелеріндегі кішкентай кейіпкерлер арқылы көрген, көкейге түйген, басынан кешкен оқиға арқылы қаһарлы кезеңнің қатал шындығын көрсетті. Бұл шығармаларда соғыс жылдарындағы қазақ ауылының боздағынан айырылған ата-ана зарын, жесір жоқтауын құйқаңды шымырлатар ащы шындығын суреттейді.

Соғыс жылының балаларының, әкелерін көрмей өсіп келе жатқан жетімектердің өксікке толы өмірі де – өзінше бір әлем. Мәселен, жоқшылық кесірінен қырманнан қамыт ұрлап, оны кезбе сығанға беріп, бәтіңке алған Ноянның кейін зар илеп, өз ойын өз ары жазғыра опынғаны («Сол бір күз»), өртеңге өскен гүлдей бой түзеп келе жатқан қос өркен Нұрперзент пен Айзаданың балауса, пәк сезімдері табиғат емес тағдыр үсігіне ұрынып, содан мәңгілікке солғаны («Мылтықсыз майдан»), тоя тамақ ішпей, бір тілім қара нанды қастерлеген Сәттіғұл, Хасболат сияқты интернат балалары – («Интернат наны») жазушы шебер бейнелеген, оқушы зердесінде қалатын кейіпкерлер. Солардың арасында Шерханның да балалығы жүр. Бұл шығармаларындағы тыл балаларының кермек өмірбаяны өзінің де өмірбаяны екендігін, әрбір оқиға оның көзімен көрген, басынан өткізген жағдаят екендігін аңғартады. Сондай-ақ, «... Жазғанымның бәрін алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың әсерінен туған», – деуі [3, 17 б.], «Суреткердің өнері өмірімен, яки өз басынан кешкен ғұмыр-тіршілігімен тығыз байланысты. Ол өмірде нені жете танытатындығын» дәлелдей түседі [8].

Балалық шақтағы әсерлер Шерхан үшін айрықша қымбат, өйткені, бүкіл шығармашылығында өмір бойы осыларды сарқылмас бұлақ етті. Жазушы соғыс жылдарында қазақ ауылының қабырғасын қайыстырған шындығын бала кезінде көрмесе, ондағы өмір көрінісін жүрегіне түйіп өспесе, дәл

осындай шығармалар жазбас еді. Балалығының дәл сондай қиындықпен өткендігін Шерханның өзі: «Өмір заңы: бала – бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағаңды кейін есейгенде аңсап тұрасың... Сорымызға қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды», – деп жазады [9].

Шерхан Мұртаза жеті жылдықты Талаптыда оқып, он жылдықты Жамбыл қаласындағы (қазіргі Тараз қаласы) қазақ-интернат мектебінде бітірді. «Алғашқы сынақ» әңгімесінде интернатқа алғаш келуін суреттейді: «Сонау Бурылтаудың астында, Аса өзенінің бойында Молотов дейтін колхоз бар екен, сол колхозда онжылдық мектеп бар екен. Оның интернаты бар екен. Мырзагелді жездеміз сол интернаттың бастығы болып бекіпті... Мен болсам, бір жағынан мектепте оқып, интернаттан тамақтанамын... Мырзагелді жездем мектептің директорына айтып мені бірден жетінші класқа отырғызды...» [6, 648 б.] «Бұл атырапта онжылдық бір-ақ мектеп бар – ол осы Молотов мектебі. Жанында жатын орын беретін, тамақ беретін интернаты болған соң жан-жақтан келіп оқитындар көп... Соғыстың қаһар шашып тұрған шағында балалар білімнен, оқудан қалмасын деп ертеңнің қамын ойлаған өкімет те оңай емес. Қансырап жатса да интернат ашып, біз сияқты, тіпті ауқаттылардың да балаларын асырайды», – деп [3, 17 б.] өзі білім алған мектебі жайлы жазады

Соғыстан кейінгі жылдары халықтың жағдайы тым ауыр болғандықтан, үкімет жасөспірімдерді оқытуға ықылас қойып, интернат ашып берді. Интернат жағдайы мүшкіл отбасының балаларына тек жатын орын ғана емес, киер киім, ішер тамақ, тәлім-тәрбие болды. Шерағаң да сондай қиындықты бастан кешіп, ауыр тұрмыс, тауқыметін тартты. «Соғыс жылдарындағы алған біліміміз жартымсыз еді. Мұғалімдер қауқарсыз, оқушылар көбінесе колхоздың қара жұмысына жегілетін. Әулие-Атадағы қазақ орта мектебі көп нәрсеге көзімізді ашты», – деуі [10] біраз жайды аңғартады.

«Қасқырдың тарамысы» шығармасында интернетта оқып жүргенінде ауылына, анасына, бауырларына деген сағынышын баяндайтын тұсы бар: «Ауылым сол Аспантаудың бауырында ғой. Ақсайдың аңғарына терезелері тесіле қарап тұратын ең шеткі қоржын үй – менің үйім. Мыңбұлақ ауылының тау жақ шетіндегі сол аңсаулы мекенді көзімді жұмып тұрып-ақ көре беремін. Қазір сол үйдің алдындағы күресін қардың үстінде үш адам солтүстік-шығысқа, Күйіктің асуына қарап қалт тұрып қалған сияқты. Біреуі – ескі солдат шинелін киген Айша. Солдат шинелін Борандының базарында бір себет жұмыртқаға айырбастап алған. Айшаның екі жағында екі бала: қарындасым, біреуі – інім. Үшеуі де демалысқа үйге қайтар ма екен деп менің жолыма қарап тұрғандай болады...» [6, 142 б.].

Шерхан интернаттағы қызықты жайттарды: «Нұр жаусын саған, интернаттың қара наны!» [6, 141 б.], – деп аяқталатын «Интернат наны» әңгімесінен жақсы білеміз. Сол әңгіменің бір эпизодында: «Жиі-жиі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда, интернаттың бір тілім қара наны болмағанда, біз осы дәрежеге жетер ме едік? Кім біледі...», – деп тебіренетін тұсы бәрімізді ойландырмай қоймайды. Сол шығармадағы кейіпкерлерін кейіннен «Қасқырдың тарамысы» әңгімесінде өрбітеді. Интернат-

тағы Әлтай, Нарбота, Тәліп, Хасболат, Аманжол, Әзімбай сынды достарының жоғалған бір шанаш талқан үшін арлан қасқырдың тарамысының бір талын күйдіріп, шыннан ұры болса, аяқтары тырысып қалады, ұрламаса түк те болмайды деп, біраз әуре-сарсаңға түсуі, соңында Әлтайдың шанашын Тузик жеп қойғаны оқырманға еріксіз езу жиғызады [6, 149 б.].

Шерханның мектептегі сабақ үлгерімін, өз ісіне тиянақтылығын, берілген тапсырманы дер кезінде орындайтын, жауапкершілігі мол, ұяң, байсалды оқушы болғандығын таныған алғаш ұстазының бірі, ғалым, жазушы, сыншы Мұхамеджан Қаратаев еді. Ол Шерханның шәкірттік болмысына: «Осыдан қырық бес жыл бұрын Жамбыл қаласында, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінде оқитын. Сол кездің өзінде қатарынан озық қабілетімен, қадір-қасиетімен алабөтен танымал болатын. Айдауда жүріп қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқып, сабақ берген маған Шерхан шәкіртім өзінше үздік талантымен бой көрсетіп, сүйіктім саналды. Содан былай мен оның әдебиет пен журналистиканың Алатау іспетті биік деңгейіне альпинисше өрмелеп шыққан ерлік қимылының көппен бірге куәгері болдым», – деп баға береді [6, 69 б.]

Шерхан да ұстазы Мұхамеджан Қаратаевтың алғашқы дәріске кірген сәтін: – «Ал, балалар, – деді Айсұлу апай, – бүгіннен бастап сендерге әдебиет сабағын мына ағайларың Мұхаң, Мұхамеджан Қаратаев жүргізеді. Келген кісі басын иді. Қолындағы көк қалпағын қайда ілерін білмей, ары-бері қарады да, терезенің алдына қоя салды. Айсұлу апай қолындағы журналды жаңа мұғалімге ұстатты. – Ісіңіз сәтті болсын, Мұха», – деп, қолын алды...», – құрметпен еске алады [11]. Қаламгердің мектептегі сабақ үлгерімі туралы сынып ұстаздары да оң пікірін білдіреді: «Оқи келе ол ісіне тиянақты, берілген тапсырманы дер кезінде орындайтын, жауапкершілігі мол, ұяң, байсалды оқушы екенін танытты. Сол кезде «Үлгілі оқу» деп аталатын қабырға газетінің редколлегия алқасына мүше болды. Содан мектеп біткенше сол газеттің шығуы Шерханға жүктелді» [12]. «Үлгілі оқу» қабырға газетінің редколлегия алқасына мүше болып, оқуын аяқтағанша сол газеттің шығуы Шерханға жүктелгенін ескерсек, журналистикаға алғашқы қадамы мектеп табалдырығынан басталғандығын аңғаруға болады.

Оныншы сыныпты бітіретін жылы Шерханның алдынан тағы бір тұлғаның кездескендігін өз естелігі арқылы өрбітсек: «Кластағы үздік оқушылар саналатын төрт-бес баланы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров шақырып жатыр деген хабар жетті. Қаратай Тұрысов, Әбдуәлі Данаев, Ергеш Есімов дейтін «озаттардың» қатарында мен де бардым. Асанбай Асқаров қабылдады.

– Оқуға қайда барасыңдар? – деп сұрады.
– Әркім әртүрлі айтып жатыр.
– Мәскеуден нұсқау бар , – деді бірінші хатшы. – Тынық мұхит әскери-

теңіз училищесіне таңдаулы шәкірттер керек. Соған баруға қалай қарайсыңдар? Жоғары білім, темір тәртіп, биік парасат, зиялы тәрбие – бәрі сонда. Нағыз азамат болып шығасыңдар.

Алды-артымызды ойлап жатқан біз жоқ. Оның үстіне Тынық мұхит – романтика. Біз келіскендей болдық.

Бірақ әскери-медициналық комиссия Данаевтан басқамызды жарат-пады. Қаратай екеуміз «тәуекел деп тас жұтып», Мәскеуге тартып кеттік...» [10, 41 б.].

«1950 жылы Жамбыл облыстық комсомол комитетінің сол кездегі бі-рінші хатшысы Асанбай Асқаров үш үздік оқушыны: Шерхан Мұртаза, Әшім Құрманов, Қаратай Тұрысов үшеуін шақырып алып, әуелі Владивостоктағы әскери училищеге жібермек болды-дағы, кейіннен Мәскеудегі жоғары оқу орындарына жолдама берді» [13].

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаров Шерхан Мұртазаға «Қызыл жебе» романын жазуына да бағыт-бағдар беріп, Тұрар Рысқұловты ақтау комиссиясының мүшесі ретінде мемлекеттік-партиялық комиссияның қорытынды материалын былай қойып, Тұрар туралы жазылатын романның кейбір тараулары мен детальдарын мысалы, 1916 жылғы Меркі көтерілісі, оның басшылары Аққөз батыр мен Тұрар Рысқұловтың іс-әрекеттері, көтерілісшілердің жасақтары, қару-жарақтары, киім киісі, жағдай-тұрмысы, талайының аты-жөніне дейін айтып береді. Нәтижесінде, Шерханның ширек ғасыр ғұмырын алған «Қызыл жебенің» бес кітабы жазылып, оқырман жүрегінен орын алды.

Шерхан 1950 жылы Мәскеу полиграфия институтының редакциялық баспа факультетіне оқуға түсіп, бір жылдан соң М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауысады.

Бала Шерхан студент болуды, оқуын тәмамдап, ананың үмітін ақтауды өзіне мұрат етті. Сол мұратқа жетуде алдынан шыққан кедергілер аз болмады. Соның ең ауыры – сол кезеңдегі жоқшылық. Бала Шерхан ол ауыртпалықты да шыдамдылығымен, табандылығымен, еңбекқорлығымен жеңді. Анасы Айшаға ауыртпалық түсірмейін деп бар мүмкіндігін пайдаланды. «Балам Мәскеуде оқитын болды» деген анасының сеніміне кірбің түсірмеді. Ауыл баласы алғашында орыс тіліне шорқақтау болғанымен, өзін-өзі қамшылап, сауатын ашты, білімін тереңдетті. Өзі айтатын Тәңіртаудың биігіне жарқыраған жұлдыз болып жанды. Ал оған дейінгі қажырлы еңбегі балалық шақтан басталғанын төмендегі Шерхан Мұртазаның өтініш-хаттары куә.

Өміріндегі кездескен үшінші тұлға Екі мәрте Совет Одағының Батыры, даңқты ұшқыш Талғат Бигелдиновпен Мәскеудегі алғашқы кездесуін Шерхан Мұртаза күнделік дәптеріне «Встреча Талгатом Бигельдиновым. (2-жды герой Советского Союза)» деп ұқыптап жазып қойған екен. 1951 жылы Мәскеуге КСРО Жоғары Кеңесінің екінші сессиясына барлық одақтас республикалардан депутаттар келеді. Біздің елімізден екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов пен Оңтүстік Қазақстаннан Ермеков барады. «Европа» қонақ үйіне тоқтаған екі жерлесіне Шерхан қалайда барып жолыққысы келіп, жатақхана комендантынан мекенжайын сұрайды. Батыр ұшқышпен кездесуін Шерхан орыс тілінде жазады, қысқаша мазмұнына тоқталсақ: «Я вошел... Талгат предложил мне сесть, вытянул партсигару. Я слушаясь, взял сигареты.

– Как учеба идет?

– Хорошо, Талгат ага, – ответил я твердо.

Он прикурил и тонкими ленточками выпустил дым. Немного прищурив глаза, тихим тоном начал разговор.



Студент Шерхан Мұртаза

– Из какой области приехали? – спросил он, не чисто произносив по казахски.

– Из Южно-Казахстанской области.

– А, земляк Бауырджана.

– Так точно, почти земляки, – быстро перевел я его, спотыкаясь, но стараясь чисто произносить по-родному. – Почти из одного района, даже можно говорить, что из одного аула» [14]. Одан кейінгі әңгіме Бауыржан Момышұлының батырлығы, Талғатпен кездесуі жайында өрбиді. Соңында Талғат Шерханға келген шаруасын сұрағаннан соң: « – Молодец! Нельзя отступать перед жизнью. Так вот, пиши заявление, пиши так, чтобы оно представляло бы собой зеркало, которое полностью отражает твою нынешнюю и будущую жизнь», – дейді [14, 33 б]. Талғат Бигелдиновпен кездесуі жайындағы естелігінде алдағы уақытта оқуын жалғастыра отырып, еңбекке де араласуға мүмкіндік жасау мақсатында өтініш беріп жібергендігі айтылады. Шерағаңның жеке мұрағатында өтініштің де сақталғандығын көруге болады.

Арызын алып қалған бірінші хатшыдан көп ұзамай хабар да жетіпті. Ол хабар Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан келген екен. Сол сәттен бастап келісімшарт негізінде Шерхан Мұртаза аударма ісімен айналыса бастайды.

1954 жылы Мәскеуге келген сол кездегі Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінің хатшысы Шаяхметовке жолығып, оған арыз береді. Ломоносов атындағы Москва университетінің 4-курс студентінің арызында былай деп жазылған еді: «Мен, Муртазаев, Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде (редакторлық бөлім) төртінші курста оқимын. Өзімнің болашақ қызметіме жақын болғандықтан, қазірдің өзінде орыс тілінен қазақ тіліне аударып дағдылана берсем деп едім. Бұл, біріншіден, менің білімімнің өсе беруіне себеп болар еді, екіншіден, қазіргі студенттік жағдайда материалдық көмегі тиер еді. Мен интернат-пансионатында тәрбиеленіп өстім. Жалғыз анам жұмыс жасынан асқан қарт. Қарындасым мен інім әлі оқу жасындағы жастар. Жәрдемдесер жақын ағайын менде жоқ.

Менің сізден сұрайтыным: Қазақстан Жазушылар одағы арқылы маған орыс тілінен қазақ тіліне аударуға шағындау көркем әдебиет кітабына рұқсат алып берсеңіз. Муртазаев [14, 36 б.].

Алғашқы аудармасы – башқұрт жазушысы Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесі туралы: «Мен Мұстай Кариммен тым ертерек, сонау елуінші жылдардың басында таныстым. Өзімен емес, шығармасымен. Тек оқырман ретінде ғана емес, аудармашы ретінде таныс болдым. Москваның стипендияға ғана сүйенген студенті едім. Бірде қаржыдан қатты қысылған-

да республиканың сол кездегі басшыларының біріне (Шаяхметов) арыз айтып, баспадан аудармаға кітап алуыма көмектесуін өтіндім. Бұл арыздың нәтижелі боларына аса сене қоймасам да, әйтеуір, үмітсіз шайтан дегендей хал еді. Көп кешікпей Алматыдан пошымы өзгешелеу көк конверт келді. Бұл менің ресми кеңседен бірінші алған хатым еді. Шекесінде: «Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы» деген тасқа басқан жазуы бар. Ашсам, қысқа ғана: «Сізге башқұрт жазушысы Мұстай Каримнің «Радость нашего дома» деген повесін аударуды ұсынамыз», – дейді [15]. «Кітапханаға бардым. Башқұртшасын, орысшасын тауып алдым. Сол менің шығармашылық жұмысқа араласуымның бірінші қадамы. Содан кейін «Хоттабыч қартты» аудардым...», – [16]. «Содан кейін дәндеп алдым. Баспа Лагин деген бір жазушының «Старик Хоттабыч» деген кітабын тағы берді. Оны да аударып бердім. Демек, менің әдебиеттегі тырнақалды дүниелерімнің бір парасы аудармадан басталғаны ғой», – деп [6, 1095 б.] шығармашылығының бастау көзі – аударма өнері екендігін өз естеліктері арқылы пайымдай түсеміз.

Шерағаң Мәскеуде оқуда жүргенінде оған хал-жайын сұрасқан ауылдастар, ағайындар мен сыныптас, дос-құрдастары көптеп хат жолдаған. Туған жері Жуалыдан, Жамбылдан, Шымқала мен Алматыдан, Ташкенттен, тіпті Ленинградтан да хаттар бар. Анасына, бауырларына жазған хат алмасуларда да бауырмалдықты, жанашырлық ілтипат пен қамқорлықты сезінесің, қай хатта да өз стилі бар. Шерхан хаттарының алғашқысы үйден жырақ кеткенде, анасы Айшаға жазылған. Онда Мәскеуге кеткеннен кейінгі анасынан алған «посылкасына» қуанышын жеткізіп, өз хабарын баяндапты: *«Москвадан сәлем! Апатайым! 29.IX.50 ж. Аман-сау, оқып жатырмын денсаулығым жақсы, оқуда жақсы. Бүгін, 28 сентябрьде посылкелеріңізді алдым. Бәрі қалпында, бүлінбепті. Мені өте қуантқан тері көкірекше болды. Бұл жақта қанша дегенмен күн ызғарлы ғой.*

Апа! Бұл жақта қазақша кітап жоқ, сондықтан сағындым. Үйде менің кітаптарым көп болушы еді ғой, атап айтқанда «Ботагөз» деген кітапты Машаңа айтып сол арқылы почтамен жіберулеріңізді сұранамын. Оған көп ақша да алмас. Ол посылкедей қиын емес. Жақсы қағазға орап, 2-3 кітап салуға болады. Шерхан Мұртазаұлы» [14, 7 б.].

Інісі Батырханға жазған хатында: *«Батеке! Қалай саулықпен оқуыңды ойдағыдай үлгеріп жүрсіңдер ме? Әлде, Жақсымбет асық ұтса, сен оны ұтқызып, сөмкедегі кітап босқа жүрме?*

Батырхан! Кітаптарымды ешкімге бере көрме. Алыста жатсамда «Мың бір түннің» қайда кімде жүргенін түс көріп, біліп жатырмын. Білсең ол кітапта менікі емес, өссең сенікі ғой... Хат жазыңдар, жақсы оқыңдар. Мұртазаұлы Шерхан. 10/11-1950 жыл», – деп [14, 14 б.] жазса, досы Әбдуәліге: *«Ардақты Әбдуәлі! Ауылдан хабар алып тұрамын. Әбеке, библиотекаға қатынап кәзіргі кезде қолда аз шығармаларды оқып жүргенің дұрыс екен. Маған оқу керек. «Адасқандар», «Қорғансыздың күні» оқылған кітаптан мен көбінше кәзіргі өріліп жатқан сабақтарға байланысты кітаптарды оқудамын. Бальзак, Стендаль, Шекспир, Сервантес, Гете т.б. сөз жоқ, бос уақыттарда Ленин библиотекасына барып қазақ жазушыларын да оқуға тырысамын... Москвалық жалынды сәлеммен Шерхан. 11.II.1952 ж.»* [14, 23 б].

«Қымбатты Кеңесбек! Сау-саламат боларсың, досым. Хатыңды алып халжағдайыңды амандығыңды білдім. Есіңе алып, үзбей хабарласып тұрғаныңа көптен-көп рахмет! Сенен болашақтың иісі аңқиды. Осы бір жазғандарыңның сөз жүзінде қалып қоймауына тілектеспін. Сен «факультет ауыр», «Әліме қарамай түскен екенмін», пәленбай түгембайды қой. Неміс халқының мынадай дана мақалы бар: «Ешқашан қиындықтың алдында мұңайып жасымау керек, алайда алынбайтын қамал жоқ. Бауырым заманымызға лайықты азамат болуға тырыс... Сәлеммен Шерхан Мұртазаұлы. 06/V.1952 ж.» [14, 25-26 бб.]. Осы хаттардың әрбірінің мазмұнына зер салсаңыз, кітап, кітап оқу туралы баяндалады. Әдеби кітап оқу – адам руханиятының, ой-санасының, тіл байлығы мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына ықпал ететін құрал десек, Шерхан Мәскеуде оқуда жүргенде уақытын бос өткізбей, кітап оқу арқылы өзін дамытып, тәрбиелеу жолында болғандығын байқаймыз.

Шерханның 1949 жылдың 24-25 желтоқсанында жазылған көңіл күнделігінде де кітапқа қатысты біршама ойды аңғардық: «Бұл күндері мен «Менің құрдастарым» атты романды оқып шықтым. Бұл кітапты мен бұдан бірнеше жыл бұрын да оқыған едім. Ол уақытта онша мән бермей қойғаным түсінікті ғой. Ал, қазіргі өміріме бұл кітап аз әсер еткен жоқ... енді бірнеше жылдардан кейін тағы оқитын шығармын. Сол уақытта мүмкін бұл кітаптағы ойды шырмаған уақиғалар маған да кездесер. Өмір заңы», – деп жазады [17]. Осылайша үздіксіз кітап оқу арқылы өзін жетілдіріп отырған болашақ қаламгер тек рухани қор жинау арқылы дүниетанымын байытып отырды. Тағы бірде: «Елден келгелі небәрі 10 күн болды. Қалтамда 100-ақ сом қалыпты. Алғашқы жүз сом суырылды. Алғашқы 10 сомына кітап сатып алдым. 10.09. 1952 ж.», – деп жазуынан [17, 20 б.] Мәскеуде жарытып ас ішпей, бүтіндеп киім кимей жүрсе де, кітаптан ақша аямағандығын, өзінің жеке тұлға болып өсуіне ең қымбат инвестиция – білім мен таным жинағандығын көреміз. «Кітап – сенің үндемей сөйлейтін ұстазың, әрқашан жаныңда болатын досың», – десек, Шерағаңды кітап әлемі рухани байлық пен терең білім жинау арқылы болашақтағы биік, белеске жетелей түсті.

1943 жылдың қысында анасы Айшаның базардан үш қадақ майға үш кір сабын әкел деп жіберген аманатына тек екі сабын ғана алып, бір қадақ майға И.С.Тургеневтің «Муму» кітабын алады. Шерхан бұл туралы «Айырбас» әңгімесінде қызықты баяндайды: «Енді ойлаймын ғой: шіркін «Мумуды» дүние жүзінің барлық тілдеріне аударып, жер бетінде қанша бала бар, тіпті ересегіне де, бәріне-бәріне оқытса... Сонда жер үстінде озбырлық, оспадар қодарлық, қатыгез қаражүректілік, жауыздық атаулы жойылып, адамдар ақылдырақ, мейірімдірек, қайырымдырақ болар ма еді...», – дейді [6, 62 б.]. «Соғыстың ақшасының құны жоқ. Ақшаға сабын тұрмақ, сабақты ине сатып алу да қиын» [6, 58 б.] ауыр заманда тұрмыс күйзелісіне, соғыс зардабына қарамай кітап қадірін білген қаламгердің бұл әңгімесі ащы шындықты жеткізіп тұр.

Шерхан Мұртаза Мәскеуге алғаш барғанында қиналғанымен, табандылығының, еңбекқорлығы мен намысының арқасында орыс тілінде де сауатты маман болып шықты. Оны Жамбыл мектебіндегі ұстазы Хабибат Аубакированың 1951 жылдың 3 маусымында жазған жауап-хатынан ұғу-

ға болады: «Так же и я спешу тебе сообщить, мой дорогой о том, какую радость меня постигла, когда я прочитала такое художественно красочно и политически правильно офирмленное письмо от моего вчерашнего абутирента – казаха, владевшегося русской речью несвободно. Твое письмо обрадовало и увидило не только меня одну, а всех учителей, которые тебя учили...» [14, 4 б]. Бұл уақытта Шерхан Мұртаза редакторлық мамандық бойынша бірінші курсты тәмамдаған студент еді.

Ғафу Қайырбеков пен Шерхан Мұртаза

«Шерхан Мұртаза ғұмырында осындай биік рух көзге ұрып тұр. Ол кісінің қылыштай қайралған жас жігіт болып өсуі, елдің қолы жете алмайтын – Мәскеу барып, ордалы оқу орнына қол созуы, елге оралған бойда санасын кернеп бара жатқан ойларын ақ қағазға түсіріп жосылтуы (мейлі, ол – өлең болсын, қарасөзбен жазылған мақала болсын) – бәрібір сол – Бір Алланың әу баста өзіне діттей енгізіп қойған тұғырына қарай ұмтылуы ғой. Жарық дүниедегі Шерхан ағаның тағдыры да, міне, дәл осындай тауқыметті тас қиялардан өткен», – деуге [18] толық негіз бар.

Студенттің сапалы жұмысына дән риза болған баспа бір жылдан кейін жазушының алғашқы еңбек жолы басталған қасиетті шаңырағына айналды. Шерхан 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін «Саяси және көркем әдебиет редакторы» мамандығын аяқтап, еңбек жолын «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет» баспасынан (қазіргі «Жазушы» баспасы) бастады. «1955 жылы мен оқу бітіріп Қазақтың көркем әдебиет баспасына қызметке келдім. Шет жерде оқығаннан соң мұндағы әдебиет дүниесінен алыстап қалған адаммын, әрі десе жазушы да емеспін», – деуі баспа жұмысында аз ғана уақыт жұмыс атқарса да оңайға түспегендігін көрсетеді [19].

Сол жылдары баспада Ғафу Қайырбеков, Қасым Қайсенов, Берқайыр Аманшин, Әбдікәрім Ахметов, Сәуірбек Бақбергенов, Амантай Байтанаев, Сейфолла Оспановтардың жұмыс істегені белгілі.

Осы тұста ақын Ғафу Қайырбеков: «Шерхан Мұртазаның барлық өмірбаян анықтамаларында бір жағдай айтылмай қалып келеді. Ол – оның алғаш Мәскеу университетін тәмамдаған соң осы күнгі «Жазушы» баспасында аз

да уақыт болса қызмет істегені. Мен Шерханмен осы баспада кездестім...», – деп жазады [20]. Қазақ әдебиетінің қос алыбы, екеуі де елдің сөзін сөйлеген, қалам арқылы халыққа қызмет еткен ірі тұлғалардың журналистік тағылым мектебі алғаш «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет» (қазіргі «Жазушы») баспасынан басталғандығын байқауымызға болады.

Шерхан 1956 жылдың қыркүйегінен бастап «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа кіріседі. Жастар басылымының сол кездегі бас редакторы Абай Бейсембаев еді. 1956-1960 жылдары «Лениншіл жас» газетінде Кәкімжан Қазыбаев, Сапар Байжанов, Баянжан Мәдиев, Ұзақ Бағаев, Сматбек Төребеков, Қайыркен Сағындықов, Мұқан Иманжанов, Бекежан Тілегенов, Тельман Жанұзақов, Бекмырза Баймағанбетов, Хайдолла Тілемісов, Сейдахмет Бердіқұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Камал Смайылов т.с.с. журналистер болды.

Алғашында Мәскеуден келген ТАСС хабарларын орысшадан қазақшаға аударып, аударма жұмысымен жүріп қалады. «Лениншіл жас» газетінде «Ихсан ханым» (20 қазан, 1956 ж.), «Білеміз» (корей ертегілерінен) (25 қазан, 1956 ж.), «Москва Октябрь күндерінде» (56 полктың қатардағы солдатының есте қалғандарынан) (7-10-13 қараша, 1956 ж.), «Ғажап күзетші» (8-9 маусым, 1957 ж.) т.б. аударма мақалаларын жариялады.

Шерханның алғаш журналистік қабілет, қарымының ашылуына бірден-бір себепкер болған талғамды журналист Тельман Жанұзақовтың жастар басылымында жүргенінде: «Үнемі аудармамен айналыссаң құрисың, кішкентай да болса, өз жазғаның жарық көргені жақсы», – деген қамқорлық ақылынан кейін, одан-бұдан хабар-ошар, суреттеме, корреспонденция, мақала, очерк жазуға бейімделе бастады [19].

1957 жылы Шерхан «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі болған күннен бастап қайнаған өмірдің қалың ортасында жүрді. Еңбекші халықтың өмірін, ұлтымыздың мұң-мұқтажын ерте зерттеп, көкейге түйген ойы мыңдардың көкейіне ұялап жатты. Осы орайда жазушы Тахауи Ахтановтың Шерхан туралы жазған мына бір естелігін сөзімізге дәйек ретінде алғанды жөн көрдік: «Шерхан Мұртазаевпен 1957 жылы Қарағанды қаласында таныстым, «Лениншіл жас» газетінің Қарағандыға жуырда келген тілшісі, жиырмадан жаңа асқан жас жігітпен жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрдім. Шымыр танау, пісте мұрынды, ат жақты қара торы жігіт жастығына қарамай тым салмақты көрінді... Шерхан да жастайынан қайнаған өмірдің қалың ортасында болды. Көтерілген тың, Қарағандыда салынып жатқан алып Магнитка Шерханның көп аралап, көзі ғана емес, көңілі қанықкан дүниелері. Жазушы жолының газеттен басталуы да – өзеннің құнарлы бұлақтан басталғаны іспетті», – деп жазады [21].

Ш. Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің Қарағандыдағы меншікті тілшісі бола жүріп, Қарағанды металлургия алыбының құрылысындағы жаңалықты, ерен еңбек үстіндегі ерлерді көрді. Қазақстан Магниткасындағы жетпіс метрлік домнаның ұшар басына темір сатымен көтеріліп, талай мәрте мартен пешінің алқымына үңіліп, отты болат тасқынын тамашалаған сәті болды. «Теміртаудағы металлургая алыбының іргетасы қаланғанын өз көзіммен көрдім. Талай-талай шахталардың астына түстім», – деп [22] ой қозғауы публицистикалық туындыларын жазбас бұрын өмірдегі бар

құбылысты көзбен көріп, електен өткізіп, нәтижесінде, көңілі қанықкан дүниелерін баспасөзге жариялап отырғандығын көрсетеді.

Оның журналистік майданы 1957 жылы Қарағандыдан басталғандығын ескерсек, бұл өңір оның үлкен өмір мектебіне айналды. Бұл өлкеде өнеркәсіп, халық шаруашылығы, ел экономикасы қарышты қадам басып келе жатқанда, Шерхан сынды ерік-жігерге толы жастың келуі үлкен сілкініс болып, бүкіл өміріне, көзқарасына бетбұрыс жасаған елеулі кезеңге айналды. Бұл газет бетінде тың жерді игерушілердің өмірі мен ісі туралы, ауыл шаруашылығы озаттарының бай тәжірибесі жайлы, Қарағанды металлургия комбинатының жеткен жетістігі жөнінде жарыса мақала шығып жатқан кезең болатын.

Қаламгер Ш. Мұртаза Қарағандыдағы журналистік қызметін негізінен төрт бағытта жүргізді. Бірінші бағыт – Шерхан үшін етене жақын, әрі қаламгерлік қарымын байқауына себеп болған өлке экономикасы, ауыл шаруашылығымен таныса бастау кезеңі. Екінші бағыт – толғам-пайымын бүкпесіз жеткізіп отыру үшін баспасөз мүмкіндігін пайдалану еркіндігі, жастар газеті бетінде нөмір құрғатпай, түрлі мәселеге байланысты әртүрлі жанрда материал жариялап отырды. Үшінші бағыт – түрлі тағдырмен кездесіп, пікір алысуы нәтижесінде, алдағы прозалық шығармаларына арқау боларлық дүниені, фактіні жинақтады. Төртінші бағыты – жастар газетімен үзбей байланыс жасап, етене жақын болуы кейінірек, сол газеттің бас редакторлық сатысына көтерілген баспалдағы болды.

Шерханның жастар газеті бетіндегі «Кеше, бүгін, ертең», «Бүгін даңқты шахтерлер күні», «Өктем екпін», «Алпыс азамат аттанды», «Кокс пен жалын», «Автомат зеңбірек – атуға дайын», «Бүгін біреу, ертең екеу» т.б. тәрізді заметка, корреспонденциялары жанды суретпен, жарқын оймен, тосын түйінмен жазылды. «Заметка дегеніміз – ең шағын және оперативті жанр. Ол – өмір шындығының нақты фактілері, құбылыстары туралы дәлме-дәл тұжырымды хабарлайтынын» [23] ескерсек, Шерханның өндіріс тақырыбындағы хабарлары көлемі жағынан шағын болса да, нақты фактіні салыстырмалы түрде алып, жетістікті насихаттағандығын көреміз

Қаламгердің «Сарымсақ Қарағандыдан», «Ұлытау қызы», «Алқызыл жалау желбіреп» тағы да көптеген заметка, корреспонденциясы – еңбек адамының табысты еңбегінің нәтижесін, үлгілі табысы мен жетістігін тұжырымды оймен бергендігімен құнды. Публицистің бұл жанрда жазылған дүниелері көбінесе, «Лениншіл жас» газетінің «Сен аттанар алыпта», «Ол – Қазақстан комсомолы съезінің делегаты», «Қазақ жастары – Қазақстан Магниткасына!», «Комсомол конференциялары» тұрақты айдарда жарық көріп, «Газет тілшісі – редакцияны қалың бұқарамен тікелей байланыстырып отыратын дәнекер» [24] екендігін аңғартты. Осыдан келіп, Шерхан Мұртаза: «Мен «Лениншіл жастың» тілшісі болып бірнеше жыл қызмет істедім. Бұл жылдар мен үшін шыңдалу жылдары болды... Тілшінің таңғы сағат тоғызда келіп, кешкі бесте қайтатын кеңсесі болмайды. Оның кеңсесі егіншілердің қосы, шопандардың отары, завод цехтары, шахта асты...», – деп [25] тілші болудың да өз жолы, қиыншылығы барын ескертеді. Демек, «Тілші болу дегеніміз – үлкен іске, қоғамдық іске, халықтық трибунаға шығу деген сөз» [26].

Шерханның тап осы тұстағы публицистикасын жинақтап, топтастырып, тақырыптық жағынан жүйелесек, әсіресе, өндіріс тақырыбы, еңбек адамының тыныс-тіршілігі дараланып көрінді. Ел өмірінің саяси, мәдени, әлеуметтік бағыты да шағын заметкадан бастау алып, кейіннен көлемді, толғамды мақалалары арқылы терең білімді, төселген журналист ретінде танылды. Сол кезеңдегі Шерханның журналистік туындылары ыждағатты ізденістің, әлеуметтік өмірді зерттеудің нәтижесі болды.

Өмірдің беткейінде жатқан құбылысты жалаң қызықтамай, еңбек адамының мінезін, сырт келбетін суреттеумен ғана шектелмей, бояма мен ақиқаттың ара-жігін, сәйкестігі мен алшақтығын анықтауға көңіл бөлді. Оның шығармашылық кейіпкерлері өсу, даму үстінде көрінді. Айталық, «Лениншіл жас» газетінің 1958 жылғы 11 қыркүйегінде жарық көрген «Комбайншы Қадірбек» мақаласында Ақмола облысы, Қорғалжын ауданының егіс алқабындағы ерен еңбекті бір ғана жас комбайыншы Қадірбек Табылдин бейнесі арқылы ізденгіш, еңбек десе ерінуді, халық ісі десе қажуды білмейтін, сол кезеңдегі күллі жастар бейнесін көз алдымызға әкеледі. Автор: «Бір кезде бір-біріне қосылуға аңсап ән шырқаған таза махаббат иелері Мариям Жагор қызы мен қазақ жігіті Дудардың бүгінгі ұрпағы басқаша шырқайтындай сезіледі. Ащыкөл мен Тұщыкөлдің айналасы қазір шынында басқа әнге – еңбек әніне бөленген. Ол ән – еңбекші әні, егіншінің әні, ертеңгі ел боп қуанатын, ел боп тойлайтын миллиард әні», – деп толғанады [27].

«Біздің Ораз», «Ағайынды агрегаттар» мақалаларында да жас маманның өз ісіне ынта-жігермен берілгендігін, нәтижесінде, солардың жасаған әдістәсілі бойынша көптеген бригадалардың жетістікке жеткендігін көріп, сүйсінеміз. «Лениншіл жас» газетінің 1959 жылғы 22 қарашасындағы «Бүгін біреу, ертең екеу» корреспонденциясында: «Небары бұдан бірнеше ай бұрын Михаил Стуков бастаған комплексті бригада ТЭЦ пен бөлгіш станция арасына жалаңаш сым линиясын тартатын жер асты жолын салып еді. Сонда бұл бригада 25 күнге жоспарланған жұмысты 12 күннің ішінде бітіріп шығып, тапсырманы екі еседен артық орындаған», – деп [28] жоспарды артығымен орындаған еңбек бригадасын мақтанышпен жазады.

Журналист еңбегі – үнемі ізденіп, шығармашылық жаңаруды талап ететін еңбек. Ол заманды жалаң суреттеп, оқиғаны тізіп шығушы емес, елдің тіршілік, қам-қарекетімен етене араласа отырып, әрбір жағдаятты сан қырынан үңіле зерттеп, танымдық сырын, қоғамдық мәнін терең ашып көрсетуді мұрат тұтты. Шерханның журналистік қыры әрбір мәселеге объективті тұрғыда қарап, шын бағасын беріп, кемшілікті де дәл көрсете білгендігімен ерекшеленеді. «Обком секретары шахтаға бір түскен жоқ», «Кемшілікті мойындау оңай-ау, бірақ...», «Обкомол жас талапкер жайын ойламайды», «Күн тәртібінен түспейтін мәселе», «Әділетті болу керек», «Асығыс іс ақаулы», «Елеусіз қалған ет» сынды корреспонденциялары мен «Қылдырықтай қызылша», «Тойған кім, тоңған кім?» фельетондары жеке бір объектідегі кемшіліктің орын алуы негізінде жазылып, олардың себепсалдарын, жою жолын көрсетіп, нақты науқанға, белгілі бір кезеңдегі күн тәртібінде тұрған мәселеге негіздеп, қоғамда, өндіріс саласында орын алған кемшілікті қаламмен тілгілеп өткендей әсерде қалдырады.

«Корреспонденция – талдамалы публицистикалық жанр. Публицистің өмірдегі туындап отырған күрделі мәселенің түйінін дәл шешуі мен тура қорытынды жасау мүмкіндігін көрсететін газет жанры» [29]. Шерханның «Лениншіл жастың» 1958 жылғы 31 тамызында жарық көрген «Шахтер үні» проблемалық корреспонденциясында: «Шындық – қатал. Участокте бәрі жетісіп жатқан жоқ. Көмір таситын вагонеткалар мезгілінде келіп тұрмайды. Яки конвейер лентасын алайық. Ол да көбінесе істен шығып қала береді. Көмір тартпай тұрып қалса, оны жөндеумен талай уақыт өтеді. Керек-жарақ аз ба, тәйірі. Не керек, соның бәрі сақадай сай бола бермейді», – деп өндірісте орын алып отырған кемшілікті батыл айтады. Әрі қарай: «... бір шахтаның өзі жыл сайын бір орманды «жұтып» отырады. Лаваға тіреу керек. Ағаш тіреу адам қажетіне бір күн жарайды да, лава көмірі алынып біткен соң, сол орнында, жер астында қала береді. Ал, шахтерлер ол тіреуді қазып алып, қажетіне қайта жаратып жатпайды, өйткені, жаңа лавада жаңа тіреулер дайын. Дайын тіреу тұрғанда, қағулы тіреуді қазып бейнеттеніп несі бар. Егер, сол жер астында мәңгі бақи қалып бара жатқан ағаштарды алып, екінші рет пайдаланса, соның өзінен мындаған сомдар үнемделеді», – дей келе, тағы бір кемшілігін: «Күнбе-күн әдет болып кеткен кейбір жайлардың өзі байқап тұрсаң – шалағайлық. Айталық, лаваның ұзына бойына электр кабелі созылып жатады. Оны әркім аяғымен таптайды, көмір кесектерін тастайды. Бір аптадан кейін кабель іске жарамай қалады. Жаңасы керек. Ал, сол кабельді жерге төсеп тастамай, тіреу бойларына іліп қойса – бәрі бітіп жатыр, ешкім таптамайды да, көмір кесегі де теспейді», – деп [30] өндіріс орнындағы ойдағыдай болмай отырған келелі мәселедегі кемшілікті атап көрсетеді. Өндіріс тақырыбына қаламы төселіп, өндірістегі істің ақ-қарасын байқай білетін байқампаздығын танытты.

Ш. Мұртазаның «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшілігіндегі тағы бір ерекшелігі – өндіріс саласындағы өзі көріп, куә болған жайтқа аса мән беріп, өндіріс терминінн де жетік болды. Мәселен: «Бетон, темірбетон, цемент, кірпіш тағы басқа құрылыс терминдері – құлаққа үйреншікті болып кеткен сөздер. Тіпті өткен таяу жылдардың ішінде туған «камышит» атты термин де көпке аян. Құрылыс материалдарының ішіндегі әзірше ең кенжесі карагандит болса керек. Ол Қарағандыда туды, соның атымен аталды. Карагандит – құрылыс үшін бағалы да тиімді материал. Бағалы болатын себебі – жеңіл, бетондарды толтыру үшін әрі мықты, әрі жеңіл, әрі жылы. Тиімді болатын себебі – карагандиттің шығатын «кені» ұшан-теңіз, теп-тегін, әрі иек астында. Ол «кен» – терриқондар. Ал, сол терриқондар Қарағанды шахталарында тау-тау болып үйіліп жатыр, сан мыңдаған тонна сарқылмас дүние. Міне, сол сарқылмас «кеннен» тұрғын үйлер, өнеркәсіп орындары үшін арзан, әрі мол құрылыс материалын алуға болады» [31] немесе, «...кокс болмаса, домна пеші жұмыс істемейді. Кокссыз шойын балқытуға мүмкіндік жоқ. Кокс – домнаның наны..», – деп жазады [32].

Сондай-ақ, «Темір көп болса, шойын, болат көп болса – тракторлар, комбайндар, автомашиналар және басқа түрлі-түрлі сан алуан машиналар көп болады. Демек, Отанымыздың қуаты молайған үстіне молая береді. ...темір, шойын мен болат – бүкіл өндірістің бас арқауы», – деп ой білдіреді

[33]. Шерханның «Лениншіл жастың» меншікті тілшісі бола жүріп кейде: «Домнаның тек шойын ғана емес, газ да шығаратынын көпшілік біле бермейді. Домна пешінің жұмыс процесінде көптеп шығатын газ – өте қуатты, әрі десе арзан отын. Домнадан шыққан газ арнаулы труба проводтар (өткізгіш Ж.Р.) арқылы тазартқыш агрегаттарға түсіп, сол жерде шаң-тозаңнан тазартылып, түрлі басқа цехтарға жіберіледі. Алып заводтың көптеген цехтары газ отынын пайдаланатын болады», – деп [34] өмірлік тәжірибесінде анықтаған жайтты баспасөзге жариялауы қызықтыра түседі Бұл публицистің осындай терең талдап жазған мақалалары арқылы өз білімін танытып, кейіннен өндіріс тақырыбына төселген журналист ретінде танылар соқпағын аңғартса керек.

Қаламгердің қоғамдық қызметке білек сыбана кірісуі де осы кезеңде басталды десек, нәтижесінде, журналист ретінде көпке танымал бола бастаған шағын байқатады. Шерхан «Қаскелең МТС-інде», «Көлеңке көріністерге қарсы», «Жастар қалыс қалғанда», «Жомарт жоспар», «Қызған дән, зембіл жәшік, қауырт күндер» т.б. корреспонденция, сын мақалаларында бағыт алар көкжиегін көрсетіп, қашан, қайда, не істеуі керектігін саралап, күн тәртібінде тұрған көкейтесті міндетті алға тартты.

Шерханның «Көлеңке көріністерге қарсы» сын мақаласы «Лениншіл жас» газетінің арнайы тапсырмасы негізінде жазылды. 1957 жылы Алматыны қынама бел қара белдік жайлап, өзін қыз, келіншек санағанның бәрінің аңсары сол қара белдікке ауып, сеңдей соғылыс болғандығы белгілі. Базарда бағасы удай. Сол селді тоқтатуға Алматының жайма базарына «Лениншіл жастың» рейд бригадасынан Шерхан Мұртаза мен Сейдахмет Бердіқұлов, сондай-ақ, И.Камышный (милиция капитаны), Т. Әбілханов (милиция аға лейтенанты), О.Көлбаев (СХИ-дың студенті) аттанады.

«Көлеңке көріністерге қарсы» сын мақаласының жазылу барысы жөнінде белгілі спорт журналисі Сейдахмет Бердіқұлов естелігінде былай баяндайды: «Кім білген, сәудегердің айласы, ребус, кроссворд. Сатудың не амалын ойлап тапқан. Біз де оңай қу емеспіз. Қара белдіктің бір қорасы базар шетіндегі көк ала шайы шатырдың астында бірлі-екі нөкерімен отырған хор қызындай өзбек келіншекте екен. Бағана базардың селеу тұсында екеуміз де қызыл көрген қырғидай еміне қарап өткенбіз. Ақыры базардағы милиция бөлімінде протокол жайып қойып әңгімелесуге тура келді...».

Жол-жөнекей рейдті жазудың жоспарын сызып, мүше бөлісіп жөнімізге тарастық. Өзбек келіншегі айтылар тұс Шәкеңе кетті. Таңертең екеуміз диктовкада отырдық. Келіншектің алып-сатарлық айла шарғысы тұсында келістіріп тұрып суреттепті сабазың.

– Қадірлі Арыстан-хан, құрғыр сол тұсын орағытып өтейік. Қиылып қалды ғой, көген көз... – деймін.

– Алыпсатарлардың бәрін кесіртке десек аждаһасы әлгі әйел...

...Мен оның көркін, қылығын өзгертпей жазған секілдімін.

Сонымен сол келіншек сорлап газет бетіне шыға келді» [35].

Сейдахмет Бердіқұловтың аталмыш мақала жөнінде ой қозғауының өзіндік мәні сол жылдары Шерханмен «Лениншіл жас» газетінде қызмет етіп, «Көлеңке көріністерге қарсы» (30 мамыр 1957) мақаласын жазу

мақсатында рейдке бірге барған еді. Бірнеше тарауға бөлінген мақаладағы «Мода маусымын пайдаланып қалған келіншекті» жазу Шерхан еншісіне тиеді. Қоғам үшін пайдалы ісі жоқ алыпсатарлардың қалай қолға түскенін: «Алыпсатар Хумайра Исаева белдік сатып тұрған жерінен ұсталды. Белдіктің мемлекеттік бағасы жалпақ-жіңішкелігіне қарап 4 сомнан 11 сом 50 тиынға дейін. Ал Исаева ханым 35-25 сомнан сатқан... Осы базарда сұлуша келген, екі бетінен қаны тамған 30 жасар келіншек Х. Исаева қапылыста сәтсіздікке ұшырады. Еш жерде қоғамға пайдалы жұмыс істемейтін әйел небәрі 2-3 сағат ішінде 300 сомдай пайда түсіріпті», – деп [36] жаза келіп, бұл келеңсіздікке жұртшылық тұтынуға керекті кейбір бұйымның дүкенде болмай, осындай алыпсатарлар қолында жүретіндігін тілге тиек етеді. Қоғамдық ой-сананың көрініс табар құралының бірі – баспасөз десек, Шерхан сол кезеңнің өзін-де-ақ, алыпсатар мен парақорлыққа қарсы пікірін осылай ашық білдіріп отырғандығын байқаймыз.

**Оралхан Бөкеев, Шерхан Мұртаза, Мұзафар Әлімбаев,
Сейдахмет Бердіқұлов, Дүкенбай Досжанов**

Ешкім де іштен журналист болып тумайды, қаламгерлік өнер де тер төгіп, еңбектеніп, тынымсыз шығармашылық іс үстінде ғана қалыптасып, жетіледі. Публицист шеберлігі қай кезде де жеке шығармашылық стильден көрініс табады. «Стиль – жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі» [37].

Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі, әдеби қызметкері болған кезінде жазған публицистикалық туындыларында кең өріс алған көркемдік әдіс – реализмді, сол заманның өмір шындығын неғұрлым терең, жан-жақты көрсетті. Айналадағы өмірді терең ұғынып, күнделікті тіршіліктегі кейбір қарапайым адамның қатал тағдырына араша түсіп, шындықтың түйінін шешуге талпынды. Публицист қандай құбылысты оқырманға көрсетерде қоғамдық, әлеуметтік тамырын, маңызын, пайдалы, зиянды жағын дәлелдеп, зерттеп барып ұсынады.

Қаламгердің жастар газетінде жарық көрген «Өсектен өлген», «Пасық» проблемалық мақалаларын оқырман хаттары негізінде жазды. «Лениншіл жастың» 1958 жылғы 25 қыркүйегінде Жұмабай Тұрсынәлин деген оқырманның «Алданған жүрек» мақаласы жарияланды. Кейінірек бұл мақалада жазылғанның шындық емес, өсек екендігі анықталып, ол жөнінде Шерхан «Лениншіл жас» газетінің 1959 жылғы 13 маусымында «Өсектен өлген» мақаласын жазады. Автор: «Алданған жүректің» иесімен біз Қарағанды облыстық комсомол комитетінің хатшысы К. Ахметовтың кабинетінде кездестік. «Жүрегі алданған» жан отыздан асып қалған адам екен. Көзі алданған аңқау, аңқылдақтың қасіретті мұңлы көзі емес, бәле іздеген түнгі алдамшы оттай, сынаптай тайқақтап тұрған сусымалы көз екен.

– Қабибадан бұрын біреуге үйленіпсің ғой, мақалада оны неге жасырдың? Өзің ЗАГС-те сол бұрынғы әйелің Халида Файызовамен бірге тұрады екенсің ғой. Сөйте тұра Қабиба Мажановаға үйленгенің қалай? – дейміз біз.

– Бұрынғы әйелім бала таппаған бедеу болып шықты, сол себепті тастадым.

... Бала іздеген батырдың тілеуі қабыл болып, өзі қалап, төрт жылдай соңына түсіп жүріп қосылған Қабибадан Болат атты ұл туды. Бір ғажабы, бұған әке қуанбады. Қабиба Болатын алып, әйелдер босанатын үйден өз үйіне келгенде, әке шіркін, аһылап, үһілеп, қабағынан қар жауып, ащы тілден зәр тамды. Ойда жоқта жанжал шығарды. ... Дүлей мінез жан ашу үстінде үйдің терезесін ұрып түсірем деп, қолын жарақаттады. Бірақ, мұнысын жасырып, мені көшеде біреулер пышақтап кетті деп, мүгедектік категория алып алды...», – деп әділеттік іздеп, адамгершіліктің «жаршысы» болғысы келген Жұмабайдың бұдан басқа да көптеген жат қылықтарын автор аяусыз сынайды. Мақала соңында Шерхан өз ойын: «Ұзын сөздің қысқасы: Ж. Тұрсынәлин жазықсыз жандарды өз еңбегін адал атқарып жүрген азаматтарды жамандап, жала жапты. Жалақор арызын боратып талай жұрттың уақытын алды. Жазықсыз адамдарды таяққа жықты. Біздің гүл жайнаған өміріміздегі ащы тікенек бұл. Мұндай бәлекөр, өсекшіл жандар қоғамның адал адамдарын әурелемесін...», – деп [38] қоғамдағы жат қылыққа дер кезінде араша түсуді мақсат етті.

«Журналист – қоғамның қайраткері әрі күрескері. Ол өмірде туындап отырған жаңа өзгерістің, мәселенің шешімін табуға тырысады. Өз заманының шешілмеген күрмеуі мол дүниелеріне жауап іздейді. Бұл – журналистік шеберлікке бастайтын жол» [39]. Шерхан өмірдің ащы шындығын сол кезеңнің өзінде тез аңғарып, қаламына арқау етіп, оқырман көңіліндегі жағдаяттың себеп-салдарына тереңінен үңіле отырып, қарабайыр тірші-

ліктегі күдігі мол сұраққа жауап табады. Осы тұста журналист Мыңбай Ілесовтың: «Мен 1957 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң, «Лениншіл жасқа» жұмысқа тұрып, бір жыл қызмет жасадым. Ол кезде Шерхан аға газеттің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болатын. Бізден бірер жыл ғана бұрын газетке келгенімен оның жазған материалдары ойлы, салмақты жататын. Содан да болар, біз Шәкеңді үлгі тұтып, қызыға қарайтынбыз...», – деген [40] пікірі Шерханның қаламы ұшқыр, ойы терең журналист екендігін нақтылай түседі.

Шерхан публицистикасының басты нысанасы – адам десек, сол адамның көпке үлгі болар байсалды өмір жолын, жарқын болашақ жолындағы күресін, биік адамгершілік қасиетін көрсетумен қатар, үлгілі жанның антиподы: дүниеқор, парақор, арамтамақ, жалақор, маскүнем және басқа да қоғамға жат пиғылды әшкерелейді. Журналист шеберлігінің бастау көзі – тақырып тандау, түпкі ойды қалыптастыру, сол арқылы өмір шындығына ықпал ететін, оқырманның көкірек ойына әсер ететін нақты дерек көзін жинау, қоғамның көкейтесті мәселесін көтеру. Орыс баспасөзін зерттеуші ғалым Е.П. Прохоровтың: «Журналист қашан да өмірге деген көзқарасын басшылыққа ала отырып, соған қатысты фактілерді жинақтайды. Әр фактіден ол ең қажеттісін бөліп қарастырады. Газет материалдарына осындай топтастырылған, жинақталған, нақты фактілерді көрсете алады. Басқаша айтсақ, газеттегі «жай» хабардың өзінен журналистің үлкен ой еңбегін көреміз, сондықтан да, әрбір хабардағы жаңалық – журналистің түсінік тұжырымы әрі фактіге берген бағаларындағы ой қорытындысы», – деген [41] пікірін құптауымызға болады.

Шерхан Мұртаза 1960-1962 жылдары «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің әдеби қызметкері болды. Бұл жөнінде қаламгер өз естелігінде: «Бір күні редакциядан телефон соғылды. Сені ЦК шақырып жатыр, тез жет деді. Жеттім. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы өзі қабылдады. Мақтады. Жағдайымды сұрады. Жағдайым жақсы. Қарағандының қақ ортасында жақсы үйім бар.

– Бара бер, – деді бірінші хатшы, кейін сөйлесеміз, – деді. Кейіні 1959 жылдың аяғы екен. Тағы да шақырып алып, мені «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Саттар Бөлдекбаевтың орынбасары етіп отырғызып қойды. Өңім тұрмақ, түсіме кірмеген тіршілік. Пендеміз ғой, қуандым. Ар жағында не күтіп тұрғанын қайдан білейін.

Менің Қарағандыдағы тілшілік қызметімді, тұратын үйімді Рахымберлин дейтін біреу алатын болды. Мейлі. Оны өзім қолынан жетектеп жүріп пәтер бюросына барып, үйдің ордерін соның атына жаздырып бердім...

Бір күні ЦК-ның бюросы шақырады деді. Бардым. Барсам, бірінші хатшы бюро үстінде «Пионер» журналы жабылсын. Оның бас редакторы «Лениншіл жас» газеті бас редакторының орынбасары болып бекітілсін. Ал Шерхан Мұртаза осы газеттің бөлім меңгерушісі болып бекітілсін, – деп соғы-ы-ып отыр.

Бәсе, батпан құйрық кенеттен қайдан бұйыра қалды деп-ақ едім-ау. Үлкен адамның сөзіне құдайдай сенгендік қой. Әйтпесе орынбасар бюрода ғана бекітіледі. Алматыдан үй алуға кепілдік беріледі. Менде оның бірі де жоқ. Айдалада қалдым...

Бюродан шығып бара жатып біріншіге: адамды мұнша қорлағаныңыз қалай? – деппін. Сонда барып бұл өмірде неше түрлі әділетсіздік, зұлымдық болатынын жан-тәніммен сездім. Жастар газетіндегі бөлім меңгерушісі қызметіне бармай, сол күні «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына барып, жай әдеби қызметкер болып орналастым», – деп жазады [22].

Шерханның «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері жылдарындағы публицистикасының басым бөлігі республикамыздың көптеген жерін аралап, еңбек майданындағы тыл өмірін, мәдениет, өнер мәселелерін, ауыл тіршілігіндегі елеулі оқиға мен игілікті істердегі жаңалық, жақсылық нышанын қалт жібермеуі нәтижесінде туындады. Осы жылдардағы Шерхан публицистикасында Отан келбеті, бейбіт өмірдің шырайлылығы, жастар тіршілігі, тұрмыс сипаты, тың өлкесіндегі еңбек адамы негізгі тақырыпқа айналды. 60-шы жылдардың басында Торғай тыңы игеріле бастаған кезде осы оқиғаның басы-қасында болған қаламгер «Шалқардағы шабыт», «Дән тасқыны», «Сары өзен» т.б. мақала, очерктерін жазды. Сол жылдары Шерханның «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген материалдарын іріктегенде көбінесе, мәдениет, өнер, ынтымақ, бірлік, шынайы достық, әдептілік, этика, эстетика мәселелері төңірегінде қалам тербеді. «Өнер мерекесі, достық мерекесі», «Тасиды ән мен күйдің дариясы», «Шынайы достық бейнесі», «Қарағанды театры Алматыда», «Адам сұлулығын аңсаған пьеса», «Теңіз театры», «Қазан театры Алматыда», «Өзбек циркінің өнері», «Әлемге әйгілі әнші», «Өнер иесі – халық» т.б. мақала, рецензиялары осыған мысал болады.

«Адам сұлулығын аңсаған пьеса» рецензиясында публицист: «Профессор А.В. Серебряков – жасы жеткен, дәурені өткен қарт адам. Оның екінші некемен алған әрі жас, әрі сұлу жұбайы Елена Андреевна жаратылысынан селқос, айналасындағы өмірге енжар адам. Ол жалқау, ұяң, именшек, әрекет-қимылға жоқ. Сондықтан да мұның өзі – шын сұлулық пен жалған бояма сұлулықтың арасын ашып беретін кейіпкер. Ол сонау 17 жасында қартайған, қаудыраған кәрі шалға тұрмысқа шыққанның өзінде де тек оның атағына бола шыққан. Демек, оның сүрген өмірі таза, адал емес... Еңбекке жоқ сұлулық, жан дүниеде, сезімде, пайымдауда жоқ сұлулық, ал тек беттің өрінде ғана бар сұлулық – жалған сұлулық», – деп жазады [42]. Бұдан шығатын қорытынды – адам баласының сұлулығы бет-жүзінде, кескін-келбетінде емес, керісінше, ішкі жандүниесінде десек, Шерхан публицистикасында көбіне осы ой, мақсат үддесінен шығып отырды. Мәселен, қаламгердің: «Рухани байлық – адам үшін құсқа біткен қанатпен тең. Адам баласы жер бетінде күйбіңмен күн өткізбей, қырандай шарықтай білсе ғана бақытты...» [43] немесе, «Шындық анасы – өмір. Ал өмір өнердің жан-жақты өсіп, қанат жая беретінін, адамның рухани байлығын молайтатын асыл құрал екенін танытты. Эстетикалық тәрбие адам бойында жақсыны, әдеміні тани білу қасиетін сіңіреді. Табиғаттағы, қоғамдағы, өмірдегі, еңбектегі, өнердегі сұлулықты дұрыс түсініп, дұрыс бағалай білу үлкен байлық», – деп [44] тәрбие мәселесінің мазмұны жеке адамның рухани күш-қуатына байланысты екендігін айтады. Әр адамның өзіндік өмір сүру тәсілі, рухани байлығы, мінез-құлық психологиясы

болатындығын, жан сұлулығы мен рухани байлығы үйлескен адамның өмірде үлкен бақытқа жететіндігін дәлелдеп, жастардың адамгершілік негізі, бойға ұялатар қасиеті қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөлді.

Қорыта келе, Шерхан Мұртаза – қазақ журналистикасының ары мен намысы десек, оның қаламынан туған өндіріс тақырыбында өз дәуірінің тамырын дөп басқан шындық үні естілді. Еңбек адамының тағдырын, бейнет пен үмітке толы тіршілігін, қажырлы еңбегін тереңінен көрсете білді.

Қаламгер Ш. Мұртазаның публицистикасы жанр жағынан алғанда түрге бай, онда қарапайым заметкадан бастап, репортаж, корреспонденция, мақала, рецензия, очерк, фельетон секілді публицистиканың әр алуан түрі кездеседі. Баспасөз жанрының кез келгенінде қалам тербеп, мәселені әр қырынан шебер, ұтымды жеткізу – журналистке тиімді әдіс. Шерханның осылай жанр табиғатын меңгеріп, оны игеруі әрі баспасөзде жиі көрінуі шығармашылық мүмкіндігінің мол екендігін танытты.

Шерхан Мұртазаның өндіріс тақырыбындағы шыншыл публицистикасының алғашқы бастаулары: кеңестік кезеңдегі өндіріс тақырыбы, жұмысшылар өмірі, зауыт, фабрикалардың шынайы ахуалы, өндірістегі кемшіліктер мен еңбек озаттарының ерен еңбегі арқылы көрініс тапты. Қазақстанның өндіріс ошақтары: Теміртау, Жезқазған, Қарағанды сияқты индустриалды мекендер публицистикасына арқау болып, құрғақ баяндауға бой алдырмай, «қалам шындық үшін қызмет етуі керек» деген ұстанымымен, көркемдікпен, өзіндік стиль өрнегімен жаза білді. Сондықтан да, Шерхан Мұртазаның «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің Қарағанды, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі кезінде қоғамдағы кез-келген жағдай журналист назарынан тыс қалмай, қайсыбір маңызды оқиғаға дер кезінде үн қосып, көбіне өндірістік, әлеуметтік тақырыпқа қалам тартқанын аңғардық. Оны оқырман мен газет арасындағы тұрақты байланысқа ойлы мақаланың көп септігінің тиетінін бірқатар проблемалық жарияланымы арқылы дәлелдей білді. Шерхан Мұртазаның газеттен басталған тілшілік қызметі журналистикаға бет бұрған алғашқы жол соқпағы болды.

1.2 Шерханның редакторлық басшылық, ұйымдастырушылық мектебі

1956 жылдан бері қазақ баспасөзінде үзбей еңбек етіп, публицист, редактор ретінде бірегейлігімен, көркемдік, тілдік-стильдік ерекшелігімен танылған Шерхан Мұртазаның журналистік шығармашылығын ғылыми жүйеде талдау заман талабынан туып отыр. Өйткені, қаламгер қаламынан туындаған көркем-публицистикалық туындылары, ой-толғамы, соны да іргелі көзқарасы уақыт алға озған сайын жаңғырып, жаңашыл сипат алды. Отыз жылдан астам мерзім ішінде Ш. Мұртазаның шығармашылық пен қайраткерлік жолы қазақ баспасөзінде қалыптасып, сол арқылы қалың қауымға біртіндеп, жете таныс болды. Айталық, 1956-1963 жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі – кәдімгі журналист ретінде өз қабілеті, қарымын танытқан Шерхан Мұртаза 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»)

газетінде, 1971-1972 жылдар «Жалын» альманағында (қазіргі журнал), 1973-1975 жылдары «Жұлдыз» журналында, 1975-1980 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде, 1989-1992 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бас редактор, 1992-1994 жылдары «Қазақстан» телерадио компаниясында төраға қызметін атқарды.

60-шы жылдары республикада қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру бағытында біршама жұмыс атқарылды. Жоспарлау мен басқарудың жаңа түрін, әдісін іздестіру жұмысы жалғастырылды. Алайда, бұл кезеңнің ортасында жүргізілген экономикалық реформа халық шаруашылығына түбегейлі өзгеріс әкелмеді. Себебі, ол кезде қабылданатын шешім қалыптасқан әкімшілдік-әміршілдік басқару жүйесін бұзуға бағытталды. Кәсіпкерлер мүддесі ескерілмей, орталық бұғауында қалды. Кәсіпорынның шаруашылық дербестігін осы орталық шығарған түрлі нұсқау мен жарлықтар шектеп отырды. Бұл арқылы партиялық және мемлекеттік баспасөздің әкімшілік-бюрократтық жүйесі одан әрі қалыптасты. Осындай саясат жергілікті баспасөзге де өз ықпалын жүргізді. Бірақ газет-журнал жариялануының бәрі осы бағытқа құрылды десек, ағаттық болар еді. Өйткені, Шерхан Мұртаза редакторлық еткен 1963 (4 маусым) – 1970 (6 қазан) жылдардағы «Лениншіл жас» газетінің тігінділерін ақтарсақ, материалдардың дені халық шаруашылық жоспарын орындау жолындағы табандылықты мадақтау сарынында болғанымен, талай тағдырмен жүздесіп, көптеген тәрбиелік, танымдық дүниелерді жариялағанын аңғарамыз.

Шерхан Мұртаза кешегі Коммунистік партия билеген тұста, яғни орысшыл орталықтың әмірі жүріп тұрған тұста «Лениншіл жасқа» (қазіргі «Жас Алаш» газеті) редактор болды. Бұл басылым 1921 жылдың 22 наурызында жалынды жас Ғани Мұратбаевтың жетекшілігімен Ташкент қаласында дүниеге келген. 1924 жылдан «Лениншіл жас» деген атаумен шығып тұрды. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни 1991 жылы қайтадан «Жас Алаш» деген алғашқы атауына ие болды. «Жас Алаштың» өткен өткелінде қаншама бас редактор қызмет атқарып, талай қарымды қаламгер қолтаңбасын қалдырды. Атап айтсақ, І. Жансүгіров, Б. Майлин, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Дулатов, М. Әуезов, Ғ. Мұратбаев, Ғ. Мүсірепов, Е. Алдоңғаров, Н.Төреқұлов, Б.Кенжебаев, С. Қожанов, Б. Бұлқышев, Ә. Бөлдекбаев, Қ.Жұмағалиев, С. Бердіқұлов, Б. Соқпақбаев, Ә. Кекілбаев, У. Қалижан, Б.Исабаев, Т. Данияр, Н. Жүсіп т.б. болды.

Шерхан «Лениншіл жас» газетінің 28-ші редакторы болды. Ол редакторлық еткен жылдары жастар газеті жариялануының пәрмеңділігі, айдарлары мен тақырыптарының тапқырлығы жағынан ерекше деңгейде көрінді. «Лениншіл жас» газетіне редакторлыққа қалай келгендігі жөнінде өзі былай деп жазады: «1963 жылдың көктемінде «Лениншіл жастың» редакторы Саттар Бөлдекбаев Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы болып тағайындалды.

Мен бұл кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері едім.

Бір күні (дәл қай күні екені есімде жоқ) Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің хатшысы Камал Смайылов ойда-жоқта телефон соққаны.

– Сені Жәнібеков шақырады, – дейді.

Бұрын көрген, сөйлескен кісім емес. Бардым. Камал Смайылов мені Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтың кабинетіне ертіп апарды.

Амандастым. Үндемей басын изеді. Үндемей қолыма пакет ұстатты. Пакетті сүргіштеп, мөрлеп тастапты.

– Бүгін жүріп кетіңіз, – дейді.

Бар әңгіме осы.

Кабинеттен шыққан соң Камал түсіндірді.

– Москва БЛКЖО Орталық Комитетіне барасың. Мына пакетті Үгіт-насихат бөліміне тапсырасың. Онда сенімен түрлі адамдар сөйлеседі. Сыннан сүрінбей өтсең «Лениншіл жастың» редакторы боласың...

Сөйтіп, мен ойламаған жерден редактор болдым» [45].

Шерханның бұл естелігін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, өнер зерттеушісі, ғалым Өзбекәлі Жәнібековтың ойымен сабақтастырсақ: «1963 жылдың екінші жартысында ойламаған жерден «Лениншіл жастың» редакторы Саттар Бөлдекбаев Қарағандыға, облыстық газетке ауысатын болды да, орнына Шерхан Мұртаза (Мұртазаев) ұсынылды. Орталық комитетке (Ы. Юсуповтың атына ғой деймін) уақытылы дайындала қоймаған бір құжатты жедел жеткізе алмай, әлек болып жатқандықтан, екеуміздің алғашқы кездесуіміз оғаштау жағдайда өтті. Өйткені, біздегі үгіт және насихат жұмыстарына жауап беретін хатшы Камал Смайылов онсыз да мұрнынан шаншылып жатқан менімен алдын ала келісіп алмай, Мұртазаны шақырып қойыпты. Онымен үлкен үйде келісілді, уақытыңыз болмаса құжатына қол қойып бере салыңыз, қолында билеті бар, Мәскеуден қайтып келген соң-ақ сөйлесерсіз дегенді айтты. Ау, сонда мен мұнда үстел үшін отырмын ба? «Үлкен үй» деп отырғаны партияның Орталық комитеті, қалыптасқан тәртіп бойынша, оған апарардан бұрын номенклатурадағы қызметкерлермен осында кездесіп, ұсыныс әзірленетін. Камал болса, Орталық комитет, комитет айтты деп шапқылай бергенге ұқсайды. Ашу кернеп, жарылып кете жаздап отырсам да, оның іс-тәжірибесінің аздығын ескеріп, сыр білдірмедім, «жұмыс жөнінде қайтып келген соң сөйлесеміз деп, оң сапар тілеп, пакетті Мұртазаның қолына ұстата салдым. Ол үндемесе де, ішінен «мынауың бір мінезіне адам түсініп болмайтын біреу ғой» деп ойлаған болар. Камалдың ұшқалақтығынан жағдай солай болды, оған мені де, оны да кінәлауға болмайтын еді.

Мәскеуден алдын ала бекітіліп келгеннен кейін Шерхан Мұртазамен жиі жолығып тұратын болдық», – деп жазады [46].

Шерхан 1963 жылдың 4 маусымынан «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы деп қол қоя бастады. Ол «Лениншіл жас» газетінің редакторлығы тұсында баспасөзде еркін ойдың тұмылдырығы шешілмеген кез еді. Сонда да халықтың көкейінде жүрген талай сырлы сөз, батыл ой бір айтылса сол басылым бетінде айтылды.

Шерхан редактор болған тұста «Лениншіл жас» республика жастарының ғана емес, күллі халықтың сүйікті газетіне айналды. Жастарға міндетті сол кездің сан қилы талабын толық орындай отырып, «Лениншіл жас»

әдебиет пен мәдениеттің озық насихатшысы болды, халықты сонысымен бауырады. Газеттің 1963-1970 жылдар арасындағы тігінділерін парақтағанда сол жылдардағы «Аққу» эстетикалық клубы, «Күмбез» археологиялық клубы, «Арай» студент және уақыт», «ХХ ғасыр. Халықтар. Әдет-ғұрыптар», «Өркен» жоғары класс оқушылары үшін», «Замандас келбеті», «Әдебиет беті», «Ғылым дүниесінде» т.б. арнайы беттері мен тұрақты айдарлары жастардың әлеуметтік-қоғамдағы тыныс-тіршілігін, төл әдебиетіміздің өзіндік бет-бейнесін, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесін тақырып арқауы етіп, жеріне жеткізе жазып отырды.

Әсіресе, «Лениншіл жастың» «Сенің демалыс сағаттарың» атты айдарында жарияланған материалдар легінен жастық шақтың мағыналы сәтін, думан-қызығы жайлы, жастарға ой саларлық материалдарды байқауға болады. «Лениншіл жас» газетіндегі «Адам несімен бай?» (3.09.63), «Адам тағдыры және тәрбие» (2.02.64), «Отау иесі болу оңай ма?» (5.02.66), «Сирек айтылатын сыр» (15.02.66), «Отбасындағы екеу» (15.01.69) тағы сол сияқты көптеген материалдарда өмір туралы, адам мен оның мақсаты, қоғам алдындағы борышы, адалдық туралы, мораль, этика, салт-дәстүр жөнінде бірқыдыру келелі әңгімелер қозғалып, пікірталас ұйымдастырылды. Сондай сырласудың бірі Ә.Қоңыратбаевтың «Әдет – әдет емес, жөн әдет» (9 шілде, 1970 ж.) атты жастар тәрбиесінің, ауыл тұрмысы мен мәдениетінің өзекті мәселесін көтерген мақаласынан басталды. Бұл мақалаға жастар газетінің оқырмандары қызу үн қосып, ел ішіндегі дәстүр, салт, әдет-ғұрып түрлерінің мәні мен мазмұнына тереңірек үңіліп, ежелден қалыптасқан қазақтың әдет-ғұрпының тозығы да, жаңа заманға лайық озығы бар, жасығы қайсы, асылы қайсы екендігі төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

1963 жылдың қазан айында Қаратау қаласының жаңадан бой көтеруіне байланысты газет 1964 жылдың 14 сәуірінен «Қаратау – құрыш достық құшағында» атты арнайы бет ашып, бірнеше мақала жариялады. Газеттің «Комсомолдық прожектор» КП «Лениншіл жастың» штабы атты тұрақты айдарында шаруашылық пен өндіріс орындарын аралап, өткір мәселе қозғаған мақалалар жарияланды. 1964 жылдың тамыз, қыркүйек, қараша айларында «Асау Ертіс – алыптардың анасы» атты тақырыппен бір топ материал топтамасы жарияланды. Оларда Ертіс өзенінің жоғары бастауынан Павлодарға дейінгі аралықтағы өнеркәсіп орындары, кейбір тарихи деректер, экономикалық жайттар сөз болды. Өнеркәсіп саласына байланысты Ғ. Мырзағалиевтің «Комбинат құлдырап барады» (7.08.63), С. Бәсібековтың «Мұнайлы Маңғыстаудың бүгінгі тынысы» (13.08.63), Б. Мусиннің «Балқаштағы химия» (26.01.64) сынды проблемалық мақалалары жарияланды.

1965 жылдан бастап газетте «Ғылым шыңына шығар жолда», «Жерде, суда, аспанда», оқырмандарды әлем әдебиетінің үздік туындыларымен таныстыру мақсатында «Шет ел әңгімелерінің кітапханасы», «Ғасырлар. Елдер. Ақындар» антологиясы және «Аталар сөзі» атты зар-заман жырауларының өлеңдеріне арналған тұрақты айдарлар мен «Химия ауылға аттанды» газет ішіндегі газет кітапшасы ашылды. 60-шы жылдары кез келген салада тартынбай, серпіліс тұсында суырылып ілгері шыққан «Лениншіл

жас» газетінде Шерхан Мұртазаның бас редактор ретінде қосқан үлесі өте зор болды. Сол жылдары «Лениншіл жас» газеті сан құлап, сан тұншыққан ұлттық ой-сананың қайтадан бой көтеруіне себепкер аз ғана басылымның бірі болды десек, газеттің көш басында Шерхан Мұртаза тұрды. Аласапыран өмірдің дауылды толқынында сыннан өткен «Лениншіл жас», оның тәрбиесін көрген текті ұрпақ та ақиқаттың ақ жолынан ешқашан адасқан емес. Қандай қиын кезеңде де ащы шындық дабылын солқылдата соғып, ақиқатты ашық айтқан кезі де болды. Ауыр жағдайда бұғып қалмай, емеурінмен болса да ел мүддесін, халық үнін білуге ұмтылды.

1964 жылы «Лениншіл жас» газетінің байырғы редакторы, ақиқаттың аспанын тұман тұмшалаған кезде жазықсыз жалаға ұшырағанымен қайратын қайрай түскен Рахмалы Байжарасов 1960 жылдың 19 қазанында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне «Тұрар Рысқұлов» мақаласы (1937 жылдан соң тұңғыш рет) жариялады. Бұл мақала Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшы қызметкерлерінің үрейін тудырып, тіпті: «Бізге коммунистік партия мен совет үкіметі берген зор бақытты, еліміз үшін істелген күрделі істерді қайдағы бір Ырысқұлов сияқтыларға танып, оның еңбегі деп жұртқа таратып жібердік. Бұл өрескел қате. Қазақстанда болған алып құрылыстарды – Түрксибті де, Шымкент қорғасын заводын да салып берген халық, ал халықты осындай жеңіске бастап отырған коммунистік партия... Ырысқұловтың қоңырауы бар адам. Оның бір кезде алашордашылармен, ұлтшылдықпен ниеттес болғаны жұртшылыққа мәлім», – деп [47] батыл пікір айтушылар да табылды

Сөйтіп, Тұрар Рысқұлов есімін елге алғаш айтқан азаматтардың бірі– кешегі «халық жауы» болған танымал журналист Рахмалы Байжарасовтың мақаласын басқаны үшін «Социалистік Қазақстан» газетінен Қасым Шәріпов, Әлім Тұяқбаевтар жұмыстан шығарылды. Кейіннен Рахмалы Байжарасовтың табандылығымен СОКП Орталық Комитетінің алқа мүшелері құрылып, Тұрар Рысқұловтың іс-қызметін құптап, арнаулы қорытынды шығарылып, ақтады. Сол алқаның мүшесі В.И. Ляхов «Вопросы истории КПСС» журналына Т.Рысқұловтың революционерлік еңбегі хақында мақала жариялатты. Сол мақаланы «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Ш. Мұртаза жастар газетіне «Тұрар Рысқұлов» (16 қаңтар 1966 жыл) деген атаумен аударып басты. Газет шыққан күні Орталық Комитет бас редактор Шерхан Мұртазаны шақыртады. Осы жайт тұрғысында Шерхан естелігінде: «Сол күні Орталық Комитетке шақырылдым. «Пантюркист, пиғылы жат адам жайындағы мақаланы неге басасың?» деп дікеңдесін, баяғы сол кездегі секретарь. Сол тұста жастар газетінде «Комсомолдың күші – партия басшылығында» деген айдар болған. Соған сүйеніп, «біз өзгеден емес, партиялық тұрғыда ақталмаған», – деп бой бермей редакторлықтан алмақ та болды. Әйтсе де жастығымды ескеріп, әрең дегенде қалдырды. Бірақ бұл мені Тұрардан бездірмей, қайта қайратымды қайрай түсті», – деп жазады [48]. Бұл түрлі ойға жетелейтін қайғылы жайды насихаттап, Рахмалы Байжарасовтың ерлік ісіне тиісті әділетті бағасын беруді азаматтық борышы санаған редактор Шерханның турашылдығын көрсетті.

Бұл Шерханның түркі жұрты тарихындағы ұлы тұлға Т. Рысқұлов туралы жазылар тарихи романға барар жазушылық жолының бастамасы еді. «Ким деген ретушер бір суреттің кей жерін ағартып, кей тұсын қарайтып, «тырналап» отыр екен «бұл кім? деп ем, «Турары Рыскуловы» деді. Акценті күшті еді. Құлағым елең ете қалды. Содан ертеңінде кәріске барып әлгі баспаханадан қайтқан суретті сұрап алдым. Кәріс байғұс «не показыбай никому, не скажи» деп қорқа-қорқа берді. Сонан кейін «е, мынау мынандай адам екен ғой» деген ойға кеттім. «Жазсам қалай болды?» деген бір үміттер пайда бола бастады... «Қой мен Тұрар туралы деректер жинастырайын» деп елге шықтым. Меркіде, Қырғызстанда оқығаны бар, Өзбекстанда жұмыс істегені бар, мұрағаттарда отырдым. Ең алдымен өзіміздің Тараздың мұрағатына келдім, Мәскеудің, Орынбордың мұрағатын ақтардым. Материал жинап алғаннан кейін жазуға кірістім. Алғашында бірінші кітабы шықты. Оған «Қызыл жебе» деп ат қойдым. Одан кейін екінші кітабы шықты. Басаяғы бес кітап жаздым», – дейді [6, 1100 б.].

Осынау соқпақты жолда Ш. Мұртазаның: «Еңбек пен азап ештеңе емес. Жазықсыз жаладан көп жарақаттандым. Арпалыстан жағам талай жыртылды, күштінің әлсіздігі қалай қорлайтынын талай көрдім», – деуі [3, 21 б.] өмірдегі әділетсіздікті көп көргенін, алайда мойымай, батыл қадаммен іс-әрекетке барғандығын аңғартады

Кезінде халықтың көкейінде жүрген талай сырлы сөз, қоғамдағы келеңсіздік, батыл ой Шерхан басқарған «Лениншіл жас» газеті бетінде айтылды. Газеттің «Қоғам мүлкінің сақшысы» атты күрескер айдарында жарияланған әрбір материал оқырман көңіліндегі түйінді ойды дәл жеткізді. Қоғамда кездесетін алыпсатар, парақор, маскүнем, алаяқтарға қарсы аяусыз күресу жолын көрсетті. Редактор Шерхан қоғамдағы мұндай кеселге дер кезінде, уақыт оздырмай күрес жүргізу қажеттігін газеттің басты міндетіне айналдырды. Бұл «Редактор газеттің бүкіл қызметіне, оның, идеялық дәрежесі мен мазмұнына ең алдымен жауап беретіндігінің» [49] айқын дәлелі болды.

Шерхан «Лениншіл жас» газетінде өз бағытын батыл қорғай білетін, принципшіл, қажетті қызметке қабілеті сай келетін кадрларды шебер іріктейтін, оларды қатал әрі әділетті түрде тәрбиелейтін басшы болды. Сондықтан да, «Көп жазушылардың қаламын ұштап, қайраған ұстаханасы – журналистика. Оның ішінде «Лениншіл жас» газетінің редакциясы шын мәнінде болашақ ақын-жазушылар университеті болды десе әбден, жарасымды» [50]. Қазақ әдебиеті мен журналистикасының бүгінгі уық, керегесіне айналған қадау дарындардың «Лениншіл жас» бетінен қанаттануына 60-шы жылдардағы бас редактор Шерхан Мұртазаның қомақты үлесі зор. Айталық, «Лениншіл жас» газетінен Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбеков, Сағат Әшімбаев, Мұхтар Шаханов, Қалдарбек Найманбаев, Ахат Жақсыбаев, Тұтқабай Иманбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Кәрібай Ахметбеков, Нұрлан Оразалин, Әнес Сараев, Қуанышбай Құрманғалиев, Серік Әбдірайымов, Смағұл Елубаев, Баққожа Мұқаев, Темірхан Медетбеков, Марат Қабанбаев, Төлен Қаупынбаев, Аян Нысаналин, Жанат Елшібек, Болат Бодаубаев, Қайнар

Олжай тағы да басқа көптеген қаламы ұшқыр да қарымды журналист, қаламгерлер өсіп, жетілді. Бас редактор Шерхан Мұртаза әрқайсысына биік талап қойып, шығармашылық тұрғыдан есейіп, қалыптасуына тікелей әсерін тигізді.

Ш. Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің ұжымымен
Шерхан Мұртазаның жеке мұрағатынан

Шерханның «Лениншіл жас» газетіндегі редакторлық мектебі қазақ журналистикасында шынайылық, батылдық, ұлт мүддесі деген ұғымдарды жаңаша биікке көтерген ерекше құбылыс еді. Ол тек газет шығарып қана қоймай, журналистерді тәрбиелеп, ұлт рухын оятқан, қазақ журналистикасын бір шоғыр алыптарды әкеліп, тәрбиелеп шығарды. Сондай бір шәкірт талантты тани білетін Шерағаңның керемет қасиетін мына бір естелігінен аңғарсақ та болады: «Ұмытпасам, 1968 жыл еді-ау деймін. Болгария астанасы София қаласында жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік фестивалі болды. Сол фестивальге Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков бастаған делегация барды. Құрамында Гурьев облыстық газетінің қызметкері ақын Фариза қыз бар екен. Міне, біз сол Софияда таныстық. Мен ол кезде «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы едім. Мен одан «Лениншіл жасқа» арнап бір топтама өлеңдерін жіберуді сұрадым. Бір беттей өлеңі жарқырап жарық көрді. Ақын қыз бірден көзге түсті. Көп ұзамай Фариза Оңғарсынова Гурьев және Маңғыстау өңірі бойынша «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі болып бекіді» [14, 259 б]. Бұл – редактор Шерханның ақын Фариза Оңғарсынованы «Лениншіл жастың» Батыс облысындағы меншікті тілшілікке қалай келгендігін баяндайтын тарихи оқиғасы.

Редактор Шерханның қабілет, қарымы бар жастарды танығыштық қасиеті туралы жазушы Оралхан Бөкей өз естелігінде: «Қарғадай кезімде «Лениншіл жас» газетінде жарияланған үш-төрт очеркімді оқып, ауылда кәперсіз жүрген кезімде республикалық басылымға жұмысқа шақырдыңыз. Университеттің үшінші-ақ курсында сырттай оқып жүргеніме қарамастан, ең бір қиын да жауапкершілігі үлкен бөлімдерді сеніп тапсырдыңыз», – деп жазса [7, 138 б.], шәкірті Қуанышбай Құрманғалиев: «Шерхан Мұртазаның

«Лениншіл жаста» істеген жылдары – нағыз жемісті жылдар болды. Газеттің атақ-абыройы аспандап, халықтың үніне айналғанына уақыт куә. Шәкең (Шерхан Мұртаза) талант танығыш еді. Төңірегіне өңкей бір сайдың тасындай тамаша журналистерді жинады», – деп [7, 128 б.] Оралханның ойын сабақтай түседі.

Шерхан мектебінен өткен журналист Ахат Жақсыбаев: «Университетті бітіріп «Лениншіл жаста» істеген кезімде жетіліп, толысуыма қатты ықпал еттіңіз. Талайымыздың жеке тіршілігімізде сан рет шапағатыңыз тиді», – деп шәкірттік алған тәлімін білдірсе [51], жазушы Оразбек Сәрсенбаев: «Лениншіл жаста» қызмет істеген екі жылдың ішінде мен редактор тарапынан шын ағалық, шын шығармашылық қамқорлыққа кенелдім... Алғашқы прозалық шығармам «Қойнау» повесін газеттің әлденеше нөміріне бастыртқан – Шерағаң. Сол кездегі әдеби айтыстарға араласып жазған шикілі-пісілі талай мақалаларыма «Жасыл көше» ашқан да – Шерағаң. Сондағы байқағаным: Шерхан Мұртаза бүгінгі қазақ журналистикасындағы нағыз жаңашыл, нағыз принципшіл санаулы редакторлардың бірі», – деп [52] шынайы шәкірттік пікірін ойтамызық етеді. Бұл ой-пікірлер Шерханың «Лениншіл жас» газетін өз пәрменділігімен, тапқыштығымен, батылдығымен оқырманның ең сүйіп оқитын басылымына айналдыра білген, шындыққа суарылған, ұлтқа бағытталған рухани мектеп болғандығын таныта түседі.

Редактордың мойнында адам айтқысыз міндет бар, оның атқаратын жұмысы – әрі игілікті, әрі ауыр міндет. Бас редактор – автор мен тілшінің ақылшысы. Олардың кейбірі оқыс кеткен, жазу үстінде аңғара алмай, ағат жіберген кейбір жері мен жолын редактордың жіті көзі жедел шолып, көрсетіп отыруға міндетті, әрі әділ бағасын беріп, ақылын айтып отыруы тиіс. Шерхан редакторлық еткен сол кезеңде «Лениншіл жастағы» осындай «Тепсе темір үзетін», бұла күштің арқасында, «қатырма қалып – социалистік реализм» атты тар шеңбердің іргесі сөгіліп, әдебиет жаңаша сөйлей бастады. Оған сол жылдары «Лениншіл жаста» жарық көрген Ә. Кекілбаевтың, О. Бөкеевтің, Ф.Оңғарсынованың, А. Сейдімбектің т.с.с. мақалалары дәлел болады.

Бас редактор Ш. Мұртазаның жастарды тәрбиелеуде өзіндік әдіс-тәсілі болды. Редактор ретінде: «Олай жаз, былай жаз», – деп құлаш-құлаш ақыл үйретпей, оның орнына жаза білетін, талантты, қаламының қарымы бар жастарды тез танып, солардың өнімді еңбек етуіне бар жағдай жасады. Редактор Шерханның сол кезеңдегі комсомолдың Орталық Комитетінің кезекті бюро мәжілісінен келгенде, «бюрода мынадай әңгіме болды, мына мәселені былай жазыңдар, ана мәселені олай жазыңдар» деп жатпай: «Бір әңгіме болды, соның жай-жапсарын біліңдерші», – деп бағыт-бағдар беруінің өзі көп мағынаны ұғындырады. Осыдан кейін, кез келген тілші, журналистің қандай мәселені болмасын өзі ізденіп, жазуға құлшынатындығы белгілі жайт.

Ш. Мұртаза қай жерге редактор болып барса да, «әрбір бөлім ай сайын кемінде бір мәселе көтеруі керек» деген жазылмаған ұраны болды. Бұл оның редакторлық қырының ең басты күші маңайына батыс-шығыс, оңтүстік-

солтүстік демей, талантты журналистерді топтастыруында, соларға арқа сүйеп, сенім білдіруінде еді. Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының: «Осыдан 20-30 жыл бұрын сіз «Лениншіл жасқа» Алтайдан, Атыраудан, Сарыарқа мен Жетісудан кіл талантты іні-қарындас жиғансыз. Күні бүгінге дейін солардың бірде-бірін шашау шығармай, әлі баяғыша сыйлы аға, ісі мен сөзі бір жерден шығатын сенімді серіктесі, тілеулесі болып келесіз. Қазақтың халқым деген қай баласын да алаламайтындығыңызға күллі қызметіңіз бен қылығыңыз куә...», – деп жазуы [7, 117 б.] Шерханның жай басшы емес, тәрбие мен талаптың, рух пен мінездің де рухани ұстазы болғандығын аңғартады.

Тұщымы берік осы пікірді Шерханның өз ойымен сабақтастыра түссек: «Өз басым «Лениншіл жаста», «Жалында», «Жұлдызда», «Қазақ әдебиетінде», «Егемен Қазақстанда» адамның анкетасына, жеке іс-қағазына қарағаң емеспін. Бет-жүзіне қарадым. Имандысына сендім. Жазған-сызғанына қарадым. Талабы барына тоқтадым», – деп жазады [53]. Осы пікірдің жалғасы іспеттес: «Тамыр-таныстық, рушылдық, жерлестік, протекционизм – қиянаттың ең сорақысы. Кадрды біліміне, адамгершілігіне, адалдығына, іскерлігіне, парасаттылығына қарап таңдамай, тамыр-таныстықпен танығандар қоғамға орасан зиян келтіреді», – деген [54] пікір Шерханның бас редактор ретіндегі өзіндік бет-бейнесін айғақтай түседі. «Жұмысқа деген қабілеттілігімен емес, адал іскерлігімен емес, жағымпаздығымен, тамыр-таныстығымен, жылпостығымен амалдап жүрген адамдарды қолдап желепжебейтін кейбір басшылар екі есе кінәлі», – деп [55] еңбекке қыры жоқ адамның тосыннан немесе тамыр-таныспен келетіндігіне күйінеді.

Шерхан өз бағытын батыл қорғай білетін әділ басшы болды. Шерханның дәл осындай әділ басшылығын «Жалын» журналында редактор болған жылдарында да айқын тани түсеміз. Әдеби мерзімді басылым – бүгінгі біртұтас әдеби жүйенің, яғни, жазушының шығармашылық ізденісінің, алған асуы мен бұралаңды соқпақпағының айнасы. Өйткені, көркем шығарманың көпшілігі оқырман қауым талқысы осы басылым арқылы ұсынылды. Кез келген әдеби басылым – шығармашылық ізденіске, әдеби жүйеге әсер ететіндей әдіс таңдауға жол ашады.

Осыдан келіп, әдеби мерзімді басылым – мың сандаған оқырман қауыммен, яғни халықпен байланыстың, оқырманды тәрбиелеудің, таным-талғамын ұштаудың, сайып келгенде рухани қазына, байлық үшін күрестің маңызды құралы. «Жалын» – әдеби-көркем альманах. Оқырман қауым ең алдымен; басылымның әдеби-көркем туындыларына, атап айтқанда проза, поэзия, әдеби сын бөлімдеріне назар аударары анық, Бұл жанрлар шығармалары да негізінен альманахтың көркемдік деңгейін, нақыш-бедерін, рухын, көркемдік ізденістер аясын танытады.

«Балалар әдебиетіне ерекше назар аударып, жас ұрпаққа тәрбие беру ісін жетілдіре түсу мақсатымен СОКП Орталық Комитетінің 1967 жылы «Совет балалар әдебиетін одан әрі дамыту мәселелері жайында» қаулысы қабылданғаны белгілі. Осы тарихи құжаттың негізінде, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Республика Министрлер Кеңесінің 1969 жылғы қаулысы бойынша, «Жазушы» баспасының жанынан Балалар

мен жасөспірімдер әдебиетінің бас редакциясы ашылып, екі айда бір рет «Жалын» альманағын (қазіргі «Жалын» журналы шығарылу ұйғарылды [56].

Бұл – «Жалын» альманағының атқаратын басты міндеті республикамызда жастар әдебиетін одан әрі дамытып, балғын талант иелерін баулып өсіру болды. Алғаш «Жалын» альманағының жарыққа шығуын қазақ әдебиетінің негізін қалаушылар Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаевтар қуана құптады. «Жалынның» ең алғашқы нөмірі жарыққа шыққанда жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жастар «Жалыны» болмашыға бөгелмес, бұралаң бұтаққа ұшырамай озық ойдың ұлы арнасымен тура тартар, ұлы көштің жіп-шуын жинап әуреленбей, көштің алдында болар, жазғанына редактор қолы батпайтындай болатынына сенеміз», – деп орынды пікір білдірді [57].

«Жалын» альманағының алғашқы редакторы жазушы Өтебай Қанахиннен кейін 1971 жылғы №1 нөмірінен бастап Ш. Мұртаза бас редактор ретінде қол қоя бастады. «Жалын» альманағының әрі «Жазушы» баспасының жастар мен балалар әдебиеті жөніндегі Бас редакциясының бас редакторы ретінде Шерхан Мұртаза ең алдымен, әдебиет сынына кең өріс ашты.

Баспасөз бар жерде әдеби сын да бар. Сондықтан да, «Баспасөз – сынның өмір сүру формасы, даму арнасы. Сын журналистиканы өз қажетіне қарай кеңінен колданады» [58]. «Жалын» альманағы кемшіліктерді батыл айтып, әдебиет тағдырына байланысты туған сын мақалаларды батыл жариялады. Редактор Ш. Мұртаза әдеби-көркем сынның өсіп-өркендеуіне өзгеше қуатты ықпал жасайтын күштің бірі – мерзімді баспасөз екендігін аңғарып, альманахтағы «Тураби трибунасы», «Әдеби сын» атты тұрақты айдарлардағы жарияланымдарға баса көңіл бөлді. 1972 жылғы №4 нөмірінен бастап ашылған «Жалынның» «Тура би трибунасы» атты күрескер айдарында сынға алушы Тураби Туғансызов Ә. Нарымбетовтың «Дәуір және поэзия» еңбегі туралы «Ә. Нарымбетов және сын немесе алты тармақтан тұратын ашық хат» (№ 4, 1972), Ә. Райымбековтың «Қазақ поэзиясындағы жұмысшы образы» жинағына «Көк кітаппен интервью» (№ 5, 1972), Ш. Смаханұлының «Айға ұшамын» кітабы туралы «Автор айға қарай ұшқан ба?» (№ 6, 1972) т.б. сын материалдарында сын мәдениетін сақтай отырып, кейбір әдеби туындылардағы кемшіліктерді тура көрсетіп, батыл ой айтып отырды. Сыншы Мұхамеджан Қаратаев: «Жалын» альманағында «Тура би трибунасы» деп аталатын бір жақсы бастама көрінді. Мұндағы әдеби фельетондар халтураға қарсы бағытталған», – деп жазды [59].

Шындығында альманах әдебиетіміздегі дүмбілездіктер мен шалағайлықтарға, саяси жамылғының астарымен күлдікөмеш жазбаларды жарыққа шығаруға қарсы аяусыз күрес жүргізді. Бұл жөнінде қаламгер Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиеті» газетінің 1974 жылғы 9 тамызында жарық көрген «Лайықты еңбек» атты мақаласында: «Кезінде «Жалын» альманағында «Тураби Туғансызов» деген лақап атпен бірнеше жас сыншылардың өткір материалдары жарық көрді. Ал, сыналған жолдастар не істемеді? Авторлардың шын аты-жөнін білу үшін бухгалтериядағы гонорар тізімін

тіміскілеуге дейін әрекет жасады», – деп [60] кезінде әділ сынға төзбей тарпаң мінез танытқан азаматтардың да болғандығын аңғартады. Әйтсе де, «Жалын» альманағында жарияланған Ә. Кекілбаевтың «Аты шағын демесең» жас жазушылардың әңгіме, повестеріне сыны (№ 1.1972), С. Байжановтың «Темір қазық», «Замандас бейнесі рецензиясы (№ 3.1972), Ә. Марғұланның «Шоқан және Манас» зерттеу еңбегі (№ 5.1972) кезінде жұртшылық, оқырман тарапынан жоғары бағаға ие болды. Альманахтағы сынның басты мақсаты көркем шығарманы талдау, бағалау екендігі аңғарылады.

Баспасөздегі әдеби сынның төмендеп бара жатқандығы туралы кейінірек сыншы Сағат Әшімбаев: «Кезінде тура айтамын деп кейбір туғандарына жақпай қалып, су түбі құрдымға кеткен, бүгінде бәріміз жамырай еске алатын «Турабидің трибунасы» да әдеби жұртшылықтың ықыласына ие болған еді», – деп атап өтеді [60]. Бұл кезінде баспасөздегі сын мәселесіне қатты мән беріп, тұрақты айдар ашып, ондағы жарияланымға қолдау көрсеткен Шерханның батыл басшылығын айғақтай түседі.

«Бас редактор – қоғамның бас дәрігері. Қоғам денесін әртүрлі жара қаптаған. Оның ішінде қатерлі ісік те бар. Сол ісіктің қоясын шығарып сылып тастауға жараса – сол бас редактор» [61]. Шерхан осы қағиданы өмірі мен еңбек жолындағы мол тәжірибесінен туындатты. Шерханды қазақ журналистикасындағы нағыз жаңашыл әрі талапшыл санаулы редакторлардың бірі дер едік. Кешегі тоқырау жылдарының өзінде «Жүрегінің түгі бар» редактор Ш. Мұртаза басқарған – «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті» басылымдары бетінде ұлттың, мәдениеттің, тарихтың, тұрмыс-дүниетанымымыздың көкейкесті мәселесін қозғайтын талай құнды дүние жарияланды. Ол басқарған «Жалын» альманағы әсіресе, әдебиет, сын, өнер мәселелеріне біршама зер салды. Өнер тақырыбында жас актер мен әнші-биші, жас суретші, архитектор жайлы очерк, әңгіме жариялап отыру редакция жоспарының басты бір тармағы болды.

«Жалында» жарияланған ұлы ғалым Әбунасыр әл-Фараби, Шоқанның ізбасары Қожа-Салық Бабажанов, өрнекті чекист Серікқали Жақыпов, аса ірі қоғам қайраткерлері туралы очерктер – осының айғағы. Альманахтың №5 нөмірінде академик Әлкей Марғұланның Ақан Сері жайлы жаңа дерегі мен ақынның суретін тұңғыш рет жариялатуы қазақ әдебиеті мен өнері тарихындағы елеулі жаңалық болды. Ш. Мұртазаның бас редакторлығымен «Жалын» тұңғыш нөмірінен бастап жас ақын-жазушылардың шыңдалу мектебіне айналды, бұрын есімі оқырманға белгісіз талай талапкер альманах бетінде әдебиет мінбесіне көтерілді.

Қаламгер Шерхан Мұртазаның: «Қазіргі деңгейі биік, мәртебесі жоғары қазақ әдебиетін толассыз толықтырып, оны ортайтпай, алға апарар күш – жас әдебиетшілер болса, онда олардың қанат қатайтып ұшар құтты ұясының бірі– «Жалын». Балғын талант иесінің қаламынан туған замандастарымыздың көркем образын, сом тұлғасын көрсету – «Жалынның» бірінші мұраты болды» [62]. «Бұрын есімдері белгісіз, жас талап, болашағынан үміт күттіретін бір қауым жас автордың туындылары жарияланды. Бәрі бірдей атақты, жазушы болып кетпегенімен, олардың ішінен әдебиет атты алтын

орданың табалдырығын ұялмай аттап енуге лайықтылары табылары хақ», – деп [63] жазуы біздің ойымызды дәлелдей түседі.

Шерхан редакторлық еткен жылдары «Жалын» альманағы бетінде жарық көрген прозалық, поэзиялық шығармалардың сәтті дегендеріне көз жүгіртсек, солардың бірлі-жарымынан басқасының бәрі бүгінгі әдебиетіміздің тарланбоз тарландары екендігін байқаймыз. Мәселен, олардың қатарында Оралхан Бөкеев, Роллан Сейсенбаев, Смағұл Елубаев, Жарасқан Әбдірашев, Марат Қабанбаев, Ұлықбек Есдәулетов, Несіпбек Айтов, Күләш Ахметова, Ғұсман Жандыбаев, тағы сол сияқты көптеген ақын-жазушылар болды. Мәлік Мұқановтың «Кішкене күн» атты әңгімесі (№1. 1971) сезім пернесін дөп басатын дәлдігімен, өзіндік шешімімен көзге түссе, Бейбіт Қойшыбаевтың «Кемпірқосақ – көк аспан» (№3. 1971), Берік Шахановтың «Есінен кетпес әні екен» (№4. 1971), Кәдірбек Сегізбаевтың «Күн еңкейгенде» (№5. 1971) әңгімелерінде де осындай шынайылық, психологиялық терендік бар. Альманахтағы тәуір шығармалардың шынайылығы мен көркемдік шешімінің сонылығы, авторлардың әр алуан стильге талаптануы ықылас аударды.

1971 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Баспасөз жөніндегі Мемлекеттік Комитеті, Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті және Қазақстан Жазушылар одағы бірлесе, отырып, тұңғыш рет жастар мен балалар үшін үздік шығармаларға бәйге ұйымдастырды. «Жалын» альманағы жанынан ұйымдастырылған бұл жабық бәйгеде жеңімпаз ретінде Тынымбай Нұрмағамбетовтың («Қош бол, ата» повесі), Сайлаубай Жұбатыровтың («Алыстағы аралдар» повесі), Молдахмет Қаназовтың («Чика – Дабылдың баласы» повесі), Мұхамеджан Етекбаевтың («Қаражартас хикаясы» повесі) т.б. есімдері аталғаны белгілі. Аталмыш бәйгеден бірінші жүлдені жеңіп алған Т. Нұрмағамбетовтың «Қош бол, ата» атты повесі («Жалын», № 5, 1971) бас-аяғы жұп-жұмыр, шап-шағын, көркем де қарапайым шығарма ретінде оқырман көңілінен шықты. Өткізіп отырған бұл шара қалам шеберлерінің, әсіресе, жас таланттардың балалар мен жасөспірімдер әдебиетін өркендетуге құлықты, ықыласты екенін танытты. Басты бәйгелердің көпшілігіне бұрын есімі әлі белгілі бола қоймаған дарындардың ие болуы, жаңа есімнің ашылуы бұл байқаудың аса пайдалы әрі қажетті екендігін көрсетті.

1970-1971 жылдары бұрын тек баспасөз бетінде жиі көрініп жүрген 58 жас автордың басын қосқан «Жас керуен» топтамасы мен «Тұңғыш» жыр жинағы «Жазушы» баспасынан шықты. Мұндай қыруар істің басы-қасында да Ш. Мұртаза жүрді. Шерхан «Жалын» альманағындағы редакторлық қызметімен қатар, «Жазушы» баспасы балалар мен жасөспірімдер әдебиеті Бас редакциясының бас редакторы ретінде де көптеген жұмыс жасады. Жастарды әдебиет белесіне көтеруге өзіндік үлес қосты. Сол жылдары балалар мен жасөспірімдер үшін шығарылатын кітап саны, таралымы, көлемі бұрынғыдан гөрі едәуір ұлғайды. Сөйтіп, Шерхан басқарған «Жалын» өскелең әдебиетіміздің жас буынын баулып, жасөспірімдерге эстетикалық тәрбие беруде біршама істер атқарды.

Жазушы Молдахмет Қаназов осы байқау туралы: «Жетпісінші жылдары жас таланттарға қамқорлық жайлы қаулысы шыққан болатын. Сол қаулыдан соң талантты тауып, тәрбиелеу кәдімгідей науқан болды. Сол науқан, «Жалын» журналының, одан кейін «Жалын» баспасының балаларға арналған үздік шығармалар бәйгесінің жылма-жыл ұйымдастыруына түрткі болды. «Чика – Дабылдың баласы» атты шағын ғана повесім ең тұңғыш рет енді бедел ала бастаған республикалық баспасөз «Жалын» альманағында жарияланды. Өзі жарияланған жоқ, сол кезде жастарға деген жанашыр шаруаның көш басында жүрген Шерхан Мұртаза жариялатты. Шерағаң онысымен қоймай кейін бәйге алған «Жер кіндігі» деген повесімді де аудандық партия комитетінің хатшысына арнайы телефон шалып алдырып, «Жұлдызға» да екінші рет жариялатты...», – деп еске алады [64]. Бұл «Жалынның» қашанда жастарға жол ашып, шығармашылық көкжиекке көтергендігін, ол істе бас редактор Шерхан Мұртазаның да қолтаңбасы болғандығын аңғартады.

«Жалынның» жыл сайын жастар мен балаларға жабық бәйге ұйымдастырып, зор беделге ие болуының өзіндік себебі болды. Мәселен, біріншіден, оның алғашқы бәйгелері О. Бөкеев, Т. Нұрмағамбетов, М. Қаназов, М. Қабанбаев сынды әдебиет сүйген қауымды бірден елең еткізген елеулі, дарынды жастарға берілді, сөйтіп, «Жалынның» бәйгесінен жүлде алу әрбір талапкер үшін абырой болды. Екіншіден, жүлдегерлердің шығармаларын жеке немесе топтама жинақ етіп шығаруға мүмкіндігі мол болды. Үшіншіден, бәйгеге түскен шығармалардың ақтық талқылауы Мемлекеттік Баспа комитеті төрағасының, Жазушылар одағы хатшысы мен Компартияның Орталық Комитеті қызметкерлерінің қатысуымен өтетін. Әркім өзі ұнатқан шығарманың көркемдігін ғана емес, саяси-тәрбиелік мәнін де дәлелдеп, бағалады.

Шерхан Мұртаза «Жалын» альманағының бас редакторы кезінде қол астындағыларды ұйымдастырып, бағыт-бағдар сілтеп отыруды міндеттеді. Соның нұсқасында өзекті мәселеге жетектеп, бақылай білді. Сенімділікті, шындықты мықты құрал етіп, өз табиғи қалыптығымен айқындылықты қалады. Жазушы Оралхан Бөкеевтің Шерхан Мұртазаның осындай редакторлық қыры туралы жазған төмендегі пікірі ойымызды нақтылай түседі: «Шерағаңның бір қасиеті біреуді қаралап, алалап көрмеуі. Ол адамның жанына үңіліп, қабілетін танып, саралай біледі. Бойының оты, ойының жалыны бар жандарға қолдау көрсетіп, жетелеп жолға салып, бағыт сілтейді. Соның рухында қаламыңа қан жүгіріп, шабытың шабытқа ұласады» [65]. Шерхан Мұртаза «Жалын» журналындағы аз ғана басшылық жылдарында әдебиетіміз жаңа белеске көтеріліп, жастардың шығармашылық кемелдігі, рухани терендігі арта түсті. Талай қайталанбас әдебиетші талантқа жақсылық шарапаты тиді, әрі олардың жекелеген жанрды игерудегі ізденісін кейіннен таланттың өзіндік өрнегін, шығармашылық шеберлігін шыңдап, тағылымдық арнаға ұластырды.

Шерханның әдебиет сүйер қауымға ықыласты назар аударып, ауқымын да деңгейін де мейлінше көркейте білген тұсы – әдеби басылым «Жұлдыз» журналындағы (№ 1. 1973 – № 5. 1975) бас редакторлық кезеңі еді.

Осы ретте «Жұлдыз» журналының қысқаша тарихына тоқтала кетсек. «Қазақстан партия ұйымының көмегімен жазушылар ұйымы 1928 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бұрынғы бірер рет шыққан «Жыл құсы» деген жинақтың орнына дербес журнал шығарды. Оны дәуірге сай «Жаңа әдебиет» (осы күнгі «Жұлдыз») деп атады» [66]. Журналдың алғашқы редакторы Сәкен Сейфуллин болды. «Жаңа әдебиет» журналы алғашқы санынан бастап жаңа әдебиетті өркендетуге қызмет етті. Әдебиетке қойылар биік талапқа сай мазмұны терең, көркемдігі жоғары шығармалар жарияланып тұруды басты міндет санады. 1932 жылдан бастап журнал «Әдебиет майданы» деген атпен шықты. Бұл жылдар журнал бетінде кейін әдебиетіміздің өркеші биік туындылары саналған бірталай кесек шығарма жарияланып, халыққа кеңінен тарады.

30-шы жылдары қазақтың ұлттық мәдениетінің де қаулап өсіп, өнердің жаңа саласы пайда бола бастады. Қазақ музыка өнерінде алғашқы опера жазыла бастаған кезең еді. Қазақтың алғашқы көркемсуретті кинолары түсіріліп, бейнелеу өнері өркен жайды. Міне, ұлттық өнердің табысты қуаныштары әдеби журналдың назарынан тыс қалмады. Журнал мәдениет, өнер мәселелеріне көп көңіл бөліп, осы тақырыпта мақала жариялап тұрды. 1939 жылы журнал «Әдебиет және искусство» деген атпен шыға бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың ақын-жазушылары қаламмен де, қарумен де араласты. Бұл кезде журнал «Майдан» деген атпен шығып, қан майдандағы асқан ерлік пен тылдағы жанқиярлық еңбекті отты жылдардың әңгіме-повестерінің, очерктерінің өзекті тақырыбы етті. 1957 жылдан бастап журнал «Жұлдыз» боп аталды [66, 146 б.].

«Жұлдыз» журналының 1973-1975 жылдары бас редакторы Шерхан Мұртаза болды. Осы жылдары редакцияда Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев, Жәрдем Тілеков, Ахат Жақсыбаевтар т.б. жұмыс істеді.

Әдеби-көркем журналдың негізгі бөлігін прозалық шығарма құрайтыны белгілі. Қазақ әдебиетінің деңгейі сол кездің өзінде дүние жүзіне белгілі болғандығына 1973 жылы Алматыда болып өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының V конференциясы айғақ. «Жұлдыз» журналы бетінде осы конференция қарсаңында көптеген танымал шетел классиктері мен әдебиетіне арнайы «Азия-Африка елдері жазушыларының V конференциясы қарсаңында» айдары ашылып, 80-ге жуық түрлі жанрда жарияланымдар жариялады. «Жұлдыздың» 1973 жылғы № 2 нөмірі сол конференцияның ашылуына арналды. 1958 жылы Ташкентте, кейіннен Каирде, Бейрутте, Делиде өткен бұл конференцияның 1973 жылы Алматыда өтуі қазақ халқының мәдени-рухани тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Бұл бір жағынан, халқымыздың рухани өскендігін таныту болса, екінші жағынан, әдебиетіміздің атақ-абыройын жоғары көтеріп тастағаны мәлім. «Бұған 70 елдің 215 көрнекті әдебиетшілері, жазушылары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Олардың арасында Азия мен Африканың 55 елінен келген 176 жазушы, Европа мен Американың, Кубаның, т.б. жазушылары, халықаралық үш ұйым өкілдері болды. Міне, осының өзі-ақ Алматы конференциясының тарихи мәнін сырттай болса да айқындай түседі» [67].

Шерхан бас редакторлық еткен жылдары «Жұлдыз» журналы адам жүрегінің арасын жалғастыратын әдебиет атты жалғыз көпір болды.

1972 жылдан бастап «Жұлдыз» журналының көлемі бір жарым есеге ұлғайды. Шерхан Мұртаза бас редакторлығы жылдарында «Жұлдыз» журналында «Публицистика және очерк» айдарында көркем публицистикаға, очерк жанрына кеңінен орын беріліп, онда республика өміріндегі елеулі өзгеріс пен табысының тынысын, еңбеккерлердің қажырлы күресін, еңбек үлесін, шаруашылық пен еңбек ұжымының экономикалық, әлеуметтік сыр-сипатын ашып көрсетуді басты мақсат етті. 1973 жылғы жылдық санының өзінде прозада – 36 шығарма, поэзияда – 35, очерк, публицистикалық мақалалар – 23, өнер, ғылым саласына арналған – 11 жарияланым, әдеби сын – 26, жаңа кітап туралы – 29 рецензия жарық көрді. Осылардың ішінде көркем публицистика, очерк жанрында жазылған Ұ. Бағаевтың «Франция әсерлері» (№ 3, 1973), Ф.Оңғарсынованың «Мұнай мұхиты» (№ 5, 1973), Ғ. Жұмабаевтың «Жер асылы– Жезқазған» (№ 6, 1973) тағы басқа жарияланымдарды ерекше атап кетуге болады.

«Жұлдыз» журналының 1974 жылғы сандарында қазақ поэзиясының жаңа үлгілеріне, соны да озық шығармаларына лайықты орын берді. Әдебиетіміздің асыл мұрасы, қазақтың көрнекті ақындарының бұрын жарық көрмеген, жаңадан табылған сирек туындылары оқырман назарына ұсынылды. Ал, 1975 жылғы нөмірлерде тоғызыншы бесжылдықтың соңғы жылы болғандықтан, еңбек адамының еңбегін, жаңашыл дәстүрін барынша көрсетуді мақсат еткен публицистикалық туындылар, өнер және ғылымның жаңалықтары, айтулы табысы жайлы көптеген мақала жарияланды. «Жұлдыздың» «Сырласу клубы», «Сын және библиография», «Өнер және ғылым», «Екінші тыңға – кең өріс», тағы басқа көптеген айдарлардағы материалдар құндылығын онда көтерілген проблемалардың өзектілігінен көруімізге болады.

Кезінде «Жұлдыз» журналы туралы «Правда» газетінің 1973 жылғы 29 қыркүйегіндегі (№262) санында «Басты бағыт – осы заман тақырыбы» атты мақала жарияланып, онда журнал жұмысының бірсыпыра жақсы жақтары аталды. Әсіресе, журналдың очерк пен публицистикада республиканың алып құрылысын, ауыл шаруашылығы мәселесін үнемі көрсетіп келе жатқандығы айтылды. «Жұлдыз» журналының «Правда» газеті бетінде жақсы бағаға ие болуы, Одақтық оқырманның назарына ілігуі, журналистердің сол жылдағы шығармашылық үлкен табысына бас редактор Ш. Мұртазаның қомақты үлесі болды.

«Жұлдыз» журналының 1974 жылғы № 5 нөмірінен бастап «Жұлдыздың» сын-сықақ бұрышы ашылып, «Әділсын Жұлдызұлы» атты шартты есіммен беріліп отырды. Мұның өзі біріншіден, шым-шымдап болса да шындықты арқау еткен әзіл-әжуаға, сын-сықаққа жақын оқырманның талаптілегін ескеру болса, екіншіден, әдеби-көркем сынның бір саласы сатиралық сынның белсенділігін көтеру болды. «Жұлдыз» журналындағы сын-сықақ бұрышының материалында сын берудің жаңа әдіс-тәсілін іздестіру, жаңа автор мен жас сыншы тобын қарастырды.

Сын бөлімі жұмысын 1972 жылы (қаңтар) СОКП Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысында көрсетілген нұсқауды басшылыққа ала отырып, жүргізгендігі байқалады. Аталмыш қаулыдағы әдеби сынды талдау тереңдігі, сыншының мәдени шеберлігі, сыншы талғампаздығы турасындағы ұсынысты «Жұлдыздың» «Әділсын Жұлдызұлы» айдары да көкейтесті мәселе ретінде көрсетіп, әдеби сынның тағдырына алаңдайтын шындықтың түпқазығына айналды. Бас редактор Шерхан әділеттің, ақиқаттың, шындықтың ақ туын көтеріп, әдебиеттегі ең жауапты да қиын сын жанрына өзі басқарып отырған «Жұлдыз» журналында жол ашып отырды. Демек, Шерхан бас редактор ретінде «Сын деген – әдебиеттің шекарасы. Сырттан атылған оқ та, іштен атылған оқ та алдымен соған тиетініндігін» [68] осындай нақты ісімен дәлелдеді.

1973 жылдың мамырында Қазақстан Жазушылар одағының бесінші пленумында «Қаратау кеншілері туралы «Жұлдыз» журналы тұрақты жазып тұратын болады», – деген пікір айтылып, ол ниет жан-жақты қолдау тапты. Осы ретте Шерханның мына бір естелігінен үзінді келтірсек: «Мен таяуда ғана Қаратау бассейнінен оралдым. Алып комбинаттың тынысы зор. Қазыналы Қаратау өзінің сарқылмас байлығын халқының игілігіне жайып салды. Біз «Жұлдыз» журналы Қаратау кеншілерімен тығыз байланыста болып, олардың өмірінен үзбей очерктер жариялап тұрады деп келістік. Әрине, бұдан «Жұлдыз» тек Қаратау шаруасымен ғана шұғылданады деген ұғым тумаса керек. Журналда Маңғыстау, Жезқазған жайлы очерктер жарияланып жатыр. Алдағы уақытта оның бетінен жұрт Екібастұз, Теміртау, Торғай қаһармандары туралы тартымды туындылар оқи алады», – деп жазады [69]. Сол игі бастаманы редактор Шерхан Мұртаза «Жұлдыз» журналының 1973 жылғы №9 нөмірінен бастап жүзеге асырды. Ондағы басты мақсат – өндіріс орындарындағы қазақ жұмысшылары мен басшы мамандардың қызметіне азда болса ықпал жасау. Бұл мәселе «Жұлдыз» журналы редакциялық посты Қазыналы Қаратауда» тұрақты айдарында көрініп, онда Т. Әлімқұловтың «Жасарған өлкенің жаңа қадамдары», Б. Нұржекеевтің «Шыңдалу» (№10, 1975 ж.) сынды көптеген публицистикалық туынды жарық көрді. Шерхан Мұртаза «Жұлдыз» журналында бас редактор бола жүріп, алғашқы «Қара маржан» романын дәл осы тұста жазды.

Өндіріс тақырыбындағы алғашқы сәтті туындысы «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965) повесінен кейінгі жұмысшы, кенші өміріне арналған «Қара маржан» романының жазылу барысы туралы Шерхан Мұртаза: «Қайта-қайта Қаратау өңірін аралағаннан алған әсерден кітап жазылып жатыр. Ол бүгінгі жұмысшы келбетін жаңа адамның бай рухани жан дүниесін қоспасыз, боямасыз шынайы ашып көрсетсе, нұр үстіне нұр болар еді...», – деп жазады [70]. Бұл қаламгердің әлі соңына нүкте қойылмаған «Қара маржан» романы туралы толғанысы болса, кейіннен: «Мен өзім кезінде Қаратау кеншілерінің өміріне біраз араластым. Соның нәтижесінде «Қара маржан» атты роман жаздым. Сондықтан да, кенші еңбегін, оның қиыншылығын, әрбір тонна минерал тыңайтқыш қанша күшке түсетінін бірқыдыру білемін. Бұл әсте оңай еңбек емес... Тас кеміріп, одан кен шығарып, оны тастан бөліп алып,

сұрыптап, ұнтақтап, қағаз калшыққа салып жер-жерге жөнелтіп, пойызға, машинаға тиеп мүдделі жерге жеткізгенше қанша еңбек, қанша шығын керек», – деуінің [55] өзі, өндіріс тақырыбының кереметтей күрделілігін, қым-қуыт қиындығын сезініп, кеншілер өмірін жазудың оңай еместігін жақсы пайымдайды.

Журналистика мен жазушылықты қатар алып жүрген Шерхан Мұртазаның бұл ерекше қасиеті туралы ақын Темірхан Медетбеков: «Көптеген жауапты қызметтерде, атап айтқанда, «Лениншіл жас» газетінің, «Жалын» альманағының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы бола жүріп әдебиетте өз орнын белгілеп алу – кез-келген адамның, тіпті кейде талантты деген адамның да қолынан келе бермейтін іс. Өйткені, жаңағы қызметтердің қай-қайсысы да – ортан қолдай бір азаматтың ар-ожданын таразылар, өміріне жүк болар қасиеттер. Солай бола тұра ол әдебиетке де атсалысып, көрнекті жазушы деңгейіне көтеріле білді. Бұл оның мазасыз тіршілік иесі, тынымсыз еңбеккер екенін көрсетсе керек», – деп атап өтеді [71].

«Жұлдыз» журналындағы бас редакторлығы хақында Шерхан Мұртаза былай дейді: «Алған асулар мен қол жеткен табысқа масаттанып, күлді-бадам дүние ұсынуға, сөйтіп оқырман халықтың көңілін қалдыруға ешбір жол жоқ. Ендеше журнал қызметкерлерінің ең абыройлы міндеті сол – редакцияның қоржынына түсіп жатқан роман, повесть, әңгімелердің көркем де қызғылықты, жарық көруге сұранып тұрғанын іріктеп басу болмақ. Асылы, журнал әдебиет жасамақ емес, қайта сол әдебиеттің өзі журналды жасайды. Олай болса «Жұлдыздың» көркем де, сапалы шығуына бірден-бір қозғаушы күш – әр жазушының өз туындысына жауапкершілікпен қарап, әсіресе осы замандағы еңбек қаһармандарының алып бейнесін көркемдік дәрежесі жоғары, шұрайлы тіл, үлкен идеясымен сомдап жасауы болмақ» [72]. Бұл жарық көрмек көркем шығармалардың жоба-жоспарын алдын-ала сұрыптап, ең таңдаулысын ғана жариялауға ұсынатындығын айқындайды.

Халық өнері – өткеннен бүгінге дейінгі ұзақ керуеннің ұлан-ғайыр дүниесі десек, әні мен күй, қол өнері мен; зергерлік жәдігері, тарих, ғылым мәселелері «Жұлдыз» журналында үздіксіз жарияланып отырды. Мысалы, А. Машановтың «Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы» (№ 9, 1975) ғылыми зерттеу мақаласы, К. Смайыловтың «Кинодраматургия – қазақ әдебиетінің бір саласы», Ш. Елеукеновтің «Тарих және көркем шындық» (№ 10, 1973), Р. Нұрғалиевтың «Әуезов драматургиясындағы совет шындығы» (№ 3, 1973) сын мақалалары түйінді ой мен тұжырымға құрылып, ұлттық мүддені көздейтін, соны жандандыра түсетін ой тамызық тәрізді дүниеге айналғаны даусыз.

70-ші жылдары тоқырау мен тоқмейілсу рухани мәңгүрттік дертін жая бастағанда, ұлттың рухын сақтап қала алған «Жұлдыз» журналы еді. Оған редактордың қосқан үлес салмағын қаламгер Шерхан Мұртазаның: «Ертеде Шыңғыс хан айтыпты: «Жолбарыс ұяластарын ит басқарса – жолбарыстың бәрі итке айналады, шиебөрілердің ұяласын жолбарыс басқарса – бәрі де жолбарыс болады. Сондықтан да, редактор өзімен үндес, қаламы қарымды,

қатарлас серіктер жинауы керек. Он жерден батыр, мың жерден ақылды болғанмен жалғыз редактор не бітіре алады?..», – деген [48] өз пікірімен бергіміз келеді Ендеше, әр басылымның өзге басылымға ұқсамайтын өз кескін-келбетінің болуы – шынайы талантқа, шебер редакторға тән құбылыс.

Республикамызда шығатын түрлі газет-журналдарда қызмет атқарған Шерхан Мұртазаның ең көп уақыт және тұп-тура жариялылық пен қайта құру кезеңіндегі бас редакторлығы «Қазақ әдебиеті» газетінде (1980 жыл 10 қазан – 1989 жыл 10 қараша) өтті.

«Қазақ әдебиеті» газеті – әдебиет пен өнердің газеті. Әдебиет, өнер – киелі тәрбиеші, қасиетті тәлімгер, руханиятымыздың үлкен жанашыры, рухани дүниеміздің жоқтаушысы, насихатшысы, ұлттық тарихымыздың түгендеушісі.

Шерхан Мұртаза бас редакторлық еткен 1980-1989 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газеті республикамыздың әлеуметтік-қоғамдық тіршілігін, төл әдебиетіміздің өркендеу барысындағы көркемдік жүйені жан-жақты көрсетуге көп күш жұмсады. «Қазақ әдебиеті» газетінде тұрақты тақырыпқа айналған «Жазушы және өмір», «Қаламгер сөзі: молшылық көзі», «Зәру мәселе» сияқты сол тұстағы тұрақты айдарлар осы мақсатқа арналды. «Қазақ әдебиеті» газеті сол жылдары тек әдебиет пен өнерге қатысты ғана емес, қайта құру ісіне, жариялылықты жүзеге асыруға айтарлықтай атсалысты.

Қазақ халқы тарихындағы ақтандақтар ақиқатына, қазақ тілінің мәні мен өріс алу бағытына, республикамыздың экономикалық және мәдени дамуына, экология, табиғи ресурсты ұтымды пайдалануға, «Тұрғын үй – 91» бағдарламасын жүзеге асыру сынды тақырыпта көкейтесті мәселе көтерді. Айталық, газет бетінде әдебиет, өнер, тарих тақырыбына арналған Қ. Мұхаметхановтың «Бұқар жырау» (30 шілде, 1982), Қ. Тоқмырзиннің «Құрманғазының «Қызданайдың қырғыны», «Төремұрат» күйлері қалай туған?» (13 тамыз, 1982), Р. Бердібаевтың «Фольклор және көркемдік даму» атты әдеби сыны (16 шілде, 1982), Ә. Бейсебаевтың «Әңгіме арқауы – балалар әдебиеті» (10 қыркүйек, 1982), Р. Рүстембековаңың «Қаламгер Кемеңгеров» (22 шілде, 1988), С. Машақовтың «Шеберлік пен шешендік» (15 қыркүйек, 1989) т.б. мақалаларында әдебиет тұрғысында оқырман мәлімет алып, жаңаша көзқараста байлам жасады.

1981 жылы Қазақстан Жазушыларының кезекті VIII съезінде қазақ әдеби сынының мәселесі кеңінен қозғалды. Әдеби-көркем сынның өсіп, өркендеуіне «Қазақ әдебиеті» газетінің тигізген әсері қомақты. Басылымның «Поэзия: ізденістер мен іркілістер», «Аударма: өре мен өріс», «Бір роман туралы екі пікір», «Сын туралы сын», «Әңгіме туралы әңгіме», «Толғауы тоқсан қызыл тіл» сияқты газет айдарларында әдебиеттің бірде-бір саласы көңілден қағыс қалмады.

«Қазақ әдебиеті» газетінде «Проблема: жанр және қаһарман», «Талап таразысы», «Жазушының жан сыры», «Шабыттың шаңқай түсі», «Алтын тамыр», «Құт-қадам», «Сөз сарасы» тұрақты айдарларда жарияланған сын мақалалардың көтерген жүгі оқырман көкейіндегі мәселені дөп басты. Әдеби сыны туралы проблемалық мақала, жекелеген кітаптарға жазылған рецензия

әлеуметтік пікірмен астасып жатты. Газетте жеке жанр мәселесінде пікірталас ұйымдастырылып, республиканың мәдени, экономикалық өмірі жайында дөңгелек үстел өткізілді. Басылымдағы әдеби, тіл, мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқыту тақырыбындағы бірнеше мақала оқушы жұртшылығы тарапынан қызу қолдау тапты. Айталық, қазақ романына арналған айтыс кезінде жарық көрген «Кезең шындығы кемел көрінсе» (20 ақпан, 1981 ж.) әңгіме-диалог ойлы әрі зерделі тұжырымға негізделді. Дөңгелек үстелде бас қосқан Р. Бердібаев, С. Жүнісов, Д. Исабеков, Б. Ыбырайымов сынды қаламгерлер сол кезде жарық көрген романдарға тоқталып, олардың жанрлық сипатына, тақырып пен сюжет ерекшелігіне, шығармалардағы характер мен образдың жасалу жолына тоқталады. Қатысушылардың ойлары бүкпесіз, ашық берілген. Бұл сол жылдағы «Қазақ әдебиетінің» дөңгелек үстелді сынның бір үлгісі ретінде қолданып отырғандығын аңғартады.

«Қазақ әдебиетінде» Шерхан Мұртаза редакторлығымен 1982 жылдары «Өнер өрендері», «Театр», «XI бесжылдық ырғағы» жаңа айдарлар пайда болса, 1984 жылдың 20 қаңтарынан «Айдындағы ақ желкен» атты жаңа айдар ашып, оқырманға жас дарынды таныстыру мақсатында, тағдырын өнермен ұштастырып жүрген өрендер туралы бірнеше мақала жариялап отырды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде 1984 жылдың қыркүйегінен «Тарихи шығарма және қазіргі сын» атты тұрақты жаңа айдар ашылды. Газет «Ортаға салар ойлар бар» атты тұрақты айдарында проблемалық мақалалар, түрлі пікірталастарды жариялады («Намыс па, бәсеке ме?», «Барды бағалау ләзім немесе музей мәдениеті туралы сөз» т.с.с.). Осы жылдары әдеби басылымда Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің 90 жасқа, Кененнің 100 жасқа толу мерейтойына орай топтама материалдар жарияланды. 1985 жылы «Бесжылдық ырғақтары немесе жазушы толғанысы», «Зәру мәселе», «Инабат иірімдері», «Ауылым – алтын бесігім», «Кітап – кісілік келбеті», «Сұлулықтан сыр тартсақ» т.б. айдарларда жарық көрген жарияланымдар оқырман көңілінен шықты.

Әрбір газет редакторы өз әлінше тың мәселелер көтеруге, жұртшылық пікірін оятуға талпынады. Ш. Мұртаза бас редакторлық еткен «Қазақ әдебиеті» газеті СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумынан кейін босаңсыған тізгінді қолға мықтап ұстап, етектен тартқан енжарлық пен тоғышарлықты, одан өрбіген түрлі келеңсіз құбылыстарды әділетті сынады. Редакция ұжымы күрделі, көп ретте жаңа мәселелерді батыл қолға алды. Газет бетінде өмірдің өзі күллі жетістіктері мен қайшылықтары арқылы көріне бастады, әртүрлі мәселелерді көтеруде терең талдау мен батылдық, кемшіліктер мен олқылықтарды нақты сынау көбейді. Шерхан редакторлық еткен тұста мәңгүрттік әбден меңдеп, тоқырау әбден асқындап, апшы қуырған түс еді. 80-ші жылдардың басында адал сөз, ащы пікірлер табылса, тек «Қазақ әдебиетінен» табылды. Көкейтесті экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық мәселелер жөнінде баспасөз бетінде көптеген сындарлы ұсыныстар айтылды.

Шерхан Мұртаза басшылық еткен «Қазақ әдебиеті» басқа басылымдарға қарағанда, әсіресе, қайта құру мен жариялылық орнаған жылдарда көш

басында жүрді, ел көкейінде жүрген мәселелерге батыл баруы, сөйтіп, оқырман көкейіндегісін дөп баса білуінің өзі газет редакторының ерекше ерен еңбегін көрсетеді. Шерхан «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби сынның әрі шыншыл, әрі сауатты, әрі тегеуріңді болуын талап етті. Өзіндік беті, мінезі жоқ баспасөзді жұрт қадірлемейді, керісінше, өз мінезі, беті, азаматтық нысанасы, өз қолтаңбасы анық болса ғана, көркемдік, қоғамдық дамуға жетекші болатынын бас редактор ретінде батыл міндет етіп ұстай білді. Демек, Шерхан «Қазақ әдебиеті» газетінде де туралықты ту еткен батыл, адал, әділетті, шыншыл редактор болды. 1984 жылдың 28 ақпан айында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы және Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы жазушы Шерхан Мұртазаға «Қазақстан мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер» атағы беріліп, «Қазақ әдебиетіне» Халықтар Достығы ордені тапсырылды. Қазақстан Жазушылар Одағының Шерханның басқарып отырған «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жұмыстарына бұлайша оң баға беруінің өзі редактор жұмысының нәтижелі болғандығын айғақтайды.

Бас редактор ретінде Шерхан Мұртаза 1986-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде шындық, жариялылық тақырыбына көбірек ден қойды. Әдебиетте көркемдіктің ең басты критерийі – өмір шындығы, сол шындыққа қай қаламгер бір табан жақындаса, көркемдікке, шеберлікке қадам басқаны деуге болады. Газетте ақын Жұбан Молдағалиев «Ерікті тақырыптарға толғаныс» (1 қаңтар 1988 ж.) атты мақаласында: «Шындықты шындық деу бір қиырдан бір қиырға бұлтақтамау үшін қажет. Ал біздің өмірімізде мұндай жағдайлар аз болған жоқ. Тіпті бүгіннің өзінде айтыс, сын қызуымен немесе солардың шапанын жамылып, біздің кейбір жолдастар әділ талдаудың орнына шала тұжырымдарға, субъектизмге бой алдырып, өткен күндердің бәрін тек қара бояумен суреттеуге бар», – деп сол кезеңнің әдеби сынына баға беріп өтеді [73]. Ақын Ж. Молдағалиевтың бұл пікірі бетбұрыстың 1988 жылы басталған екінші кезеңіне сай жаңа серпін болды.

1985 жылы КСРО-да басталған қайта құру жүйесі демократия, жариялылық, еркіндік ұранымен жүрді. Демократия, жариялылық, пікір, саяси плюрализмнің берілуі социалистік тоталитарлық жүйенің шеңберіне сыймады. Коммунистік партия демократиялық жүйеге жол беріп, кеңестік билік негізгі екендігін мойындатуға мәжбүр болды. «Қазақ әдебиеті» газеті қайта құрудың науқандық тақырыбына, маскүнемдікке қарсы күресіне, партияның кадр саясатына, азық-түлік бағдарламасын орындауға, «Тұрғын үй – 91» ұранына, ұлтаралық қатынастар мәселесіне берік орын беріп жатты. Газеттің «Мұратану» айдарында азаматтық тарихымызда артына мол мұрағат қалдырған ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлердің қоғамдық-әлеуметтік ойларын, елтанымдық, ұлттанымдық, дүниетанымдық тұжырымдарын, әдебиет пен мәдениеттегі тағлым-тәжірибелерін, философиялық байыптауы мен кезеңдік көзқарасын кейінгі буынға аманат етілген мұра ретінде таныту мақсатындағы мақалалар жарияланды. Редактор Шерхан «Қазақ әдебиеті» газетінде халқымыздың ұлттық мәдени мұрасы мен

тарихын бағалауда орын алған бұрынғы үстем идеология тұсындағы терістіктерді қайта қарау мәселесіне қозғау салды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде 1986 жылы жарияланған публицистикалық мақалалардан аңғарғанымыз СОКП-ның XVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне әзірлік үстіндегі, онда қабылдауды жобалап отырған бағдарламалық құжаттардан туындайтын келелі міндет алдында тұрған істерге, әрбір қаламгер-жазушы, өнер адамының партиялық, халықтық бағдарламаға күш-қайратымен, шығармашылық жігерімен жауап беруге тиістігін аңғартады. Газеттегі прозалық шығарма мен публицистикалық мақалада кеңес адамының бейнесін жасап, тұлғасын көрсетіп қана қоймай, сол кезеңнің заман мен уақыт талабына сай болғандығын көрсетеді.

1987 жылдың ортасынан «Қазақ әдебиеті» газеті «Дерек» айдарында оқырманға беймәлім құжатты, деректі дүниелерді жариялай бастады.

«Қазақ әдебиетінің» «Достық дастан» айдарында туысқан республика ақын-жазушыларының шығармалары жариялап отырғандығы, газеттің интернационализм туын биік көтеріп, ұлттар арасындағы достықты қастерлеп отырғандығын байқатады.

Газетте 1988 жылдың 29 шілдесінен «Ойтүрткі» жаңа айдары ашылып, онда қоғамдық өміріміздегі тың өзгерістер мен тосын сауалдарға тиянақты жауап іздеу мақсаты көзделді. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы сандарында қоғамдағы жариялылық саясаты мен әлеуметтік өмірді қайта құра отырып, оның демократиялық сипатын көрсетуді негіздейтін «Мезгіл мінбесінен», «Тағдыр», «Шаңырақ» т.с.с. тұрақты айдарларында берілген материалдар арқылы оқырманды әлеуметтік маңызы жағынан келелі пікір тоғысына шақырды.

Газеттегі «Сын және библиография», «Библиография», «Оқырман пікірі» айдарларында сын мақала, жаңа кітаптарға жазылған рецензия жарияланды.

Шерхан Мұртаза бас редакторлық еткен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1986-1989 жылдар аралығында батыл бой көрсеткен күрделі мәселенің бірі – бұрын аузымызға алынбаған ақтандақ жылдардан кейінгі ұрпақ құлағына шалынбаған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне, тағдырына байланысты тың деректер жарияланып, жұртшылықтың ігілігіне ұсынылуы еді. Кезінде сталиндік репрессияның жазықсыз құрбаны болған дарынды ақындардың, асыл азаматтардың, ел мүддесі үшін жанын қиған ерлердің соңында қалған қымбат мұрасы мен құпия деректерін жариялауға болмайды дегенді сылтау етіп, баспаханада теріліп қойған мақаланың шырқыраған шыншыл фактіге толы беттерін қысқартып, қолдан жаңа ақтандақтар тауып берген кездері де болды. «Қазақ әдебиеті» оқырманға Н. Ахметбековтың бұрын жазылып, бірақ жарық көруге рұқсат ала, алмай келген «Күләнда» поэмасын, Ж. Сыздықовтың «Әли қарттың аңызы» поэмасын, Ж. Бектұровтың Шәкәрім тағдырына арналған «Ақын мен арамза» поэмасын, дарынды актер әрі ақын Шахан Мусиннің, ғалым Бүркіт Ысқақовтың өмірінің ызғарлы шағында өзгеше жазылған өлеңдерін де тұңғыш рет ұсынған батыл газет болды.

«Қазақ әдебиетіндегі» редактор Шерханның идеясымен жарияланған Ахмет Байтұрсынов, Нәзір Төреқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Жүсіпбек Аймауытов сынды қоғам қайраткерлерінің шындық өмірбаяны мен шығармаларына арналған айқарма бет пен зерттеу мақалалары оқырман көкейін дөп басқаны белгілі. Бұл арыстардың өмір жолын тұтас айту, халықтың тағдырын сөз қылу – тарихи шындықты тұтас көру деген сөз. Осы ретте публицист Камал Смайыловтың: «Шерхан Мұртаза басқарған жылдардағы «Қазақ әдебиеті» тоқыраудың топсасын босатып, ұйықтағандарды оятқан, бұққандарға бой көтерткен, бірден бір басылым болды», – деген пікірі айтар ойымызды айқындай түседі [7, 26 б.]. Себебі, өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселенің бірі. Өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін еместігін сезінген бас редактор Шерхан тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарасы аса жапкершілікті, байсалды пайымдау қажеттілігін өз ісімен осылайша көрсете білді.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасының әсері «Қазақ әдебиеті» газетіне де өз ықпалын тигізді. Осы ретте қаламгер Шерхан Мұртазаның өзі былай деп жазады: «Желтоқсаннан кейін ойранды отыз жетінші жыл лезде төніп келіп қалғандай заман кештік. Мен онда «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор едім. Сонау Павлодардан арнайы шақыртылған қазақ кэгэбэшник күнде менің кабинетімнен шықпайды. Қызметкерлердің «делоларын» алдырады. «Мына Әмірхан Меңдеке деген қандай адам? Қайдан келген? Мінез-құлқы қандай? Жүріс-тұрысы, пиғылы қандай? Сұрақтарының сықпыты осылай болып созыла береді. Баяғы жаттанды, таптаурын сауалдар» [74]. Тағы бірде: «Қазақ әдебиеті» газетінде басқарған тоғыз жыл ішінде небір қиямет-қайымды бастан өткердік. Әр номер мемлекеттік цензурадан өтіп отырды», – деп жазады [48]. Бұл Шерханның «Қазақ әдебиетіне» редактор болып келген тұсы өзі үшін де онша жайлы кезең бола қоймағандығын аңғартады. Әйтсе де, абыройлы еңбегімен, әділеттілігімен, батылдығымен ұжымды абыройлы басқара білді.

Публицистиканың уақыт ағымына араласып, оның бағыт-бағдарын халыққа дер кезінде жеткізіп отыруға мүмкіндігі мол. Осы тұста «Қазақ әдебиеті» газеті де әлеумет санасын толғандыратын небір көкейтесті мәселелерді «Мезгіл мінбесінде», «Тағдыр» айдарларда берілген материал арқылы келелі пікір тоғысына шақырды. Бұл қазіргі «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Құмсағат», «Тіршілік», «Жаһанның жүрек лүпілі», «Руханият» аталатын ақпараттық талдамалы топтамалардың оқиға легін көрсететін тәсіліне ұқсас болды.

Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында айтылғандай: «Ағаш көркі – жапырақ» дегендейін, «Газет көркі – ел хабары» деуге болады. Газет қалың бұқаранікі болу үшін елмен қоян-қолтық айқасу керек... Ел: «Жазбасам, маған серт, баспасаң, саған серт! – деген жолға түссе, сонда газет елдікі болады. Сонда жұрт газетті қызығып оқитын болады» [75]. Ш. Мұртаза «Қазақ әдебиетінде» өз қол

астындағылардан идея ұсынуды, айқындылықты талап етті, әрі жас талантты, журналист, тілшілерді ізгілікке, ізденгіштікке, жаза білуге үйрете білді. Ағалық қамқорлық жасай отырып, қайсарлыққа баулыды, ұжымда демократиялық рух орнықтыра білді. Газеттің негізгі бағытын айқындап, «не үшін?» қызмет ету керектігіне көз жеткізе отырып, жұмысқа, деген шығармашылық көзқарастың болуына баса назар аударды. Жастарды ой еркіндігіне, принципшілдікке тәрбиеледі.

Қаламгер Шерхан Мұртаза 1989 жылдың 11 қарашасында «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болды. Бас редакторлыққа келу жолы тұрғысында Шерханның өзі «Егемен Қазақстан» газетінің 1992 жылғы 17 желтоқсанында жарық көрген «Үш күндей өте шыққан үш жыл» атты мақаласында былай деп жазады: «1989 жылдың күзі болар, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор қызметінде арпалысып жүргенімде сол кездегі Орталық Комитет бір күннің ішінде мені бұл орыннан жұлып алды да, «Социалистік Қазақстаннан» бір-ақ шығарды» [76].

«Социалистік Қазақстан» газетінің тарихы 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шыққан «Ұшқын» газетінен басталатындығын ескерсек, ол – қазақ басылымының қара шаңырағы, алтын діңгегі. Қай уақытта да үлкенді-кішілі қазақ газеттері осыған қарап өзінің көшін түзеп, қадамын айқындап отырғаны белгілі. Оның үстіне бұл газет – халқымыздың арғы-бергі асылдары мен ардақтыларының көш басына шығуына атсалысқан қасиетті мінбер болды. Ш. Мұртаза «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы ретінде: «Бұл газетте Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ғ. Мүсірепов секілді арыстар қызмет еткен. Сондықтан сол кісілердің деңгейіне сай болу керектігін әрқайсымыз ойлап жүруіміз керек», – [77] деген қағиданы берік ұстанып жүрді.

Бас редактор Шерхан Мұртаза ең алдымен, газеттің «Социалистік Қазақстан» атын (1991 жыл, 18 маусым) жаңаша атауды көздеді. Бұл жөнінде Шерханның өзі «Егемен Қазақстан» газетінің 1992 жылғы 17 желтоқсанында жарық көрген «Үш күндей өте шыққан үш жыл» атты мақаласында былай деп жазады: «Социализм», «Социалистік» деген сөздер ерсілеу болып бара жатты. Газеттің атын өзгерту жөнінде мәселе қойылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің саяси бюросы бұл мәселені қарады да:

– Газеттің атын не деп қоямыз? – деді.

– «Азат Қазақстан», – деймін мен.

Саяси бюро мүшелерінің бірсыпырасы шошып түсті.

Едәуір айтыстан кейін азат аластатылды. «Егемен» дегенді әрең өткізіп шешім қабылдатып, редакцияға келіп осы жаңалықты газет ұжымына хабарлай бергенімде «үкімет телефоны» – өктем үнмен барылдап қоя берді.

– Алло, – деді Орталық Комитеттің хатшысы, – газеттің аты «Егемен Қазақстан» емес, «Егеменді Қазақстан» болады.

– Ау, баяғыда ақын:

«Егемен болмай ел болмас,

Етектен кесіп жең болмас», – деп еді ғой.

– Жә, жетті, – деді де хатшы телефонды тарс еткізді» [76].

Осы күннен бастап «Егеменді Қазақстан» болып, 1993 жылдың 1 қаңтарынан күні бүгінге дейін «Егемен Қазақстан» атауымен шығып келеді.

Газет баяғы партиялық, марксизм заманынан бері көнтерідей сіресіп қалмай келген «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген қасаң ұраннан арылып, «Азаттық. Теңдік. Туыстық!» ұранын көтерді. Партияның таптаурын, жұтаң идеологиясы, қаулы-қарарлары төрт бетін түгелге жуық толтыратын «Социалистік Қазақстан» газеті Шерхан басшылыққа келгенде, аты да, заты да өзгеріп шыға келді. Сөйтіп, шыққалы бері партиялық үстемдіктің республикадағы ең негізгі идеологиялық қаруы, күші болып келген газетті бас редактор Ш. Мұртаза аз уақыт ішінде елдің, ұлттың мүддесі үшін күресетін, ұлт тағдырына батыл араласатын, азаматтық үні айқын газет етіп, жедел өзгертті. «Социалистік Қазақстан» қырандай түлеп, алғыр да батыл, сөзі өткір, ойы ұшқыр басылым болып қаланды.

Ш. Мұртаза «Социалистік Қазақстанға» бас редактор болып келгенде газеттің жетпіс жылдығына арналған он алты беттік арнаулы нөмір фототерім цехында қатталып жатты. Осы ретте журналист Жанат Елшібектің жазған естелігіне сүйенсек: «Ежелгі әдет бойынша Орталық партия комитетінің өкілдері жұмыс соңына таман редакторды ертіп баспаханадағы дайын нөмірдің егжей-тегжейімен танысты. Үлкен үйден келгендер әр бетке жіті үңіліп жүрген кезде бас редактор Шерхан Мұртазаның көзі колонцифрлардың жанындағы «декабрь» деген сөздерге түсіпті. Сәл ойланған ол:

– Желтоқсан деп қазақша тергізіңдер, – деді. Естеріңде болсын, ертеңнен бастап мақалаларда кездесетін барлық айлардың орысша аттарын да түгел қазақша жаза бастауымыз керек. Ешқандай жалтақтайтыны жоқ» [78].

Осылайша «Социалистік Қазақстан» газетінің батыл түрде ай аттарын қазақша бере бастауы республикамыздағы өзге газет-журналға да әсерін тигізді. Іле-шала Шерхан Мұртаза талабымен СССР, КПСС, ТАСС т.б. ресми атаулар да газет бетінде қазақша аударылып жазылды.

1991 жылдың 15 мамырынан газеттің соңғы бетіндегі бас редактордың аты-жөнінен бастап, редакция алқасы мүшелері түгел тұңғыш рет «ов», «ев» жұрнағын алып тастап шықты. Редактор Ш. Мұртаза бұл жөнінде «Егеменді Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 4 қазанында жарияланған «Көрген-білген» мақаласында: «ов», «ев» дегендер отаршылдардың бізге салған ноқтасы. Орыстанудың бісмілласы. Біз отарлаудың езгісін жүз жыл көріп, көнбістікке үйренген халықпыз», – деп [79] жазғаны осы ойды нақтылайды.

Редактордың батыл қадамының іс жүзінде жүзеге асқандығын жазушы Балғабек Қыдырбекұлы былай деп жазады: «Бір күні әлек аяқ астынан басталды. «Егемен Қазақстан» қызметкерлері өз фамилияларының аяғынан «овты» обаның құртындай сығып сыпырып тастаған соң менің екі қызымның мазасы кетті «ованы» обадай құртамыз десті олар. Шерхан аға мұны білмей істеді дейсіз бе? Бір күнде Шерхан Мұртаза болды да «овтан мұнтаздай болып шыға келді. Ендеше бізге не жоқ. Сонымен бір-ақ айдың ішінде екі қызым «ованы» тастап, паспортын өзгертіп Қыдырбек болып шыға келді» [80]. Шерханның бұл бастамасы күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

Алғашқы күннен қасаң да таптаурын айдарлар мен тақырыптарды тірілтуден бастаған «Социалистік Қазақстан» газетін биік талап тұрғысынан түлетуге ұмтылды. Ең алдымен, мақаланың тіліне мән беріп, азулы да бұлтақсыз, өткір де әділ сын мақалаға жол ашты. Бұл орайда негізгі нысана аудандық, қалалық, облыстық партия комитетінің тікелей өзіне бағытталды. Бұған дейін «Шыбық тимей шыңқ етер» төрешілдерді-партократтарды сынауға кез-келгеннің батылы бара бермейтіні белгілі. Жүрегінің түгі бар Шерхан Мұртаза бетің бар, жүзің бар деместен, бірінші осылардың атыжөнін атап, өткір сын тезіне салды. Ол журналистерден өткір тақырыпқа тірек салуды талап етті.

Кезінде «Егемен Қазақстанда» Талдықорған, Шымкент, Алматы, Павлодар т.б. облыстық партия комитеттері өткір сын тезіне алынды. Мәселен, журналист С. Шүкіров «Егемен Қазақстан» газетінің 1990 жылғы 17 сәуірінде жарық көрген «Кіші 37 емес пе?..» сын мақаласында Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған М.С. Меңдібаевтың жаппай жазалаушылық әрекетін айтады: «Қандай қоғамда, қандай саясатта, қай уақытта болса да жеке адамның өмір күшінің іске асу жолы соны орындаушылардың білім мен білігіне, адамгершілік, азаматтық қасиетіне, елін, жерін қастерлеуіне, елінің азаматтарын қастерлей, қасиеттей білуге байланысты» [81].

Алматы облыстық партия комитетінің кадрмен жұмыс істеуде жіберген өрескел қателігі мен кемшілігін осылайша түйреп өтеді. Осындай айтар ойы мен көрсеткен дәлелі айқын мақала газеттің бет-бейнесін айқындап, өзіндік дара келбетін көрсетті. Ойды, идеяны айта алушылық бір бөлек те, оны жүзеге асыра білу мәселенің екінші жағы, сондықтан бәріне мұрындық болар, шығармашылық ұжымға айырықша күш-қуат беріп отыратын басшы редактор қашанда қажет, газеттің сипат, салмағы, мазмұн-мәні тікелей басшысына байланысты екендігін аңғартады.

Редактордың мінезі – өзі басқарып отырған басылымнан көрінетіні анық. Мықты басшы бар жерде, мықты ұжым бар. Сондықтан да, қаламгер Сапар Байжановша айтқанда: «Газет жұмысының ғажап бір қасиеті – тындырғаныңның бәрі әманда қалың халықтың алақанында, газет бетінде, жалған мақтана да алмайсың, шалыс басқан сәттерің болса, оны да қымқыра алмайсың» [82].

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1989-1992 жылдардағы көтерген жүгі, ұдайы көңіл аударған тақырыбының дені – бас редактор Шерхан Мұртаза идеясынан туындағаны даусыз. Әсіресе, «Социалистік Қазақстанның» келбеті еліміз егемендік алған жылдан кейін бірден өзгеріп шыға келді. Газет біртіндеп бұрынғы жалтақтықтан арылып, ұлт тағдырына қатысты материалды жиі жариялап отырды. Осы уақытта газет бетінде қазақ тарихының кесек тұлғалары– Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би хақында, ел бастаған хандар мен қол бастаған батырлар жөнінде жазылған материалдар сериясы «Газет ішіндегі кітап» қосымшасысында жарық көрді. Осындай тың зерттеулер мен тарихи жазбалар оқырман ризашылығын тудырып қана қоймай, ұлттық сананың дүр сілкінуіне, халықтың ұлт перзенттеріне деген мақтаныш сезімін оятуға мұрындық болды.

1991 жылдары газет бетінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов сынды арыстар туралы мұрағат қойнауынан табылған материалдар легі «Алыптардың асыл бейнесі» тақырыбында «Ақтандақтар ақиқаты» айдарында жарық көрді. Сонау заманнан бүгінімізге дейін тартылып жатқан қазақ тарихын, шежіресін оқыту, зерттеу мақсатында «Жариялылық мінберінде– тарихшы» жаңа айдары ашылып, онда белгілі тарихшы ғалымдар М. Қойгелдиевтің «Жалын ғұмыр» (27 желтоқсан 1989), «Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп...» (14-16 қаңтар 1990), Т. Омарбековтың «Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?» (26 қазан 1991), швед тарихшысы Ингвар Сванбергтің «Қазақтар Туркияға қайдан барған?» (21 желтоқсан 1997) т.б. зерттеу еңбектері жарияланды. Тарихи тұлғалардың қоғамда жасаған өнегелі ісі жайлы көптеген мәлімет берілді.

Бас редактор Шерхан «Социалистік Қазақстан» газетінде «Жансарай» әдебиет пен өнер беті, экологиялық «Талбесік», «Алыста жүрген ағайын», «Сөз сыры», «Өзекжарды өткір сөз», «Даму тізгіні – дербестікте», «Жариялылық мінберінде – жазушы», «Жазылған жайдың жаңғырығы», «Ақжаулық» ата-ана мен балалар клубы», «Жігер спорт клубы», бөбектерге арналған «Алтын сақа», «Қайта оралған қандастар», «Атың барда жер таны», «Ауылдың әлеуметтік әлемі» сынды арнайы беті мен тұрақты айдарлары өзіндік ерекшелігімен, тапқырлығымен оқырман көкейінен шықты.

1990 жылдың қаңтарынан газеттің сенбілік саны «Жансарай» әдебиет пен өнер беті сегіз беттік болып шыға бастады. «Жансарай» арнайы бетінде «Дидарғайып», «Өнер қонған ел едік», «Әзіл, оспақ, сын-сықақ» бөлімі мен арнайы бұрышы оқырман көңілінен шығып, тұщымды дүниелер берілді. Сонымен бірге, ақын-жазушыларының прозалық, поэзиялық шығармалары, өнер, мәдениет қайраткерлері туралы естелік мақалалары жиі жарияланды.

Газеттің 1990 жылдың 1 қаңтарынан белсене, білек сыбанып кіріскен тақырыбының бірі – республикадағы экономикалық дербестік болғандықтан, «Даму тізгіні – дербестікте» айдары ашылып, онда еліміздегі экономиканы дамыту, өркендету және басқару мәселелері сөз болып, ауыл шаруашылығының жаңаша әдіс-тәсілі көрсетілді. Олардың көпшілігі «Нарық экономикасына нақты қадам», «Базар біткен өртеніп тұр», «Нарықты қалай түсінеміз?» «Сөздің көптігі, істің жоқтығы» т.б. атты тақырыпта көрінді. Еңбек адамының жеке табысы, жемісті еңбегі туралы «Замандас келбеті», «Республиканың еңбеккер бейнесі» айдарында берілді.

Редактор Ш. Мұртаза «Социалистік Қазақстан» газетінің түр, мазмұны өзгере бастады. Ұлттық мәселеге, тарих ақтандақтарына байланысты, бұрын жазылмаған ауқымды тақырыптың кең қамтылуынан беделді газетке айналды. Газеттің бұлайша халық арасына кеңінен танымал болуына бас редактор Ш. Мұртазаның өзіндік қолтаңбасы айқындалды. Редактор Шерхан бұрын аты ғана «бас газет» болып келген республиканың шын мәніндегі бас газетіне, қазақ басылымының биігін танытатын ең беделді газетке айналды. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Қазір «Социалистік Қазақстан» жұртшылықтың сүйіп оқитын газетіне айналды. Онда ашық сын, өткір пікірсайыс бар», – деп [83] бағасын береді.

«Социалистік Қазақстан» алғаш рет 1931-1933 жылдардағы қолдан әдейі жасалған сталиндік-голощекиндік алапат геноцидтің құрбандары елеусіз, ескерусіз қалмасын, жасанды ашаршылықтан, қиянаттан қырылған үш миллион қазақтың қаны су емес, су екеш судың да сұрауы бар, сондықтан, геноцид құрбандарын еске алатын аза күні белгіленсін, қиянат құрбандарына ескерткіш орнатылсын деген ұран көтерді. Республика Жоғарғы Кеңесі бұл үнге құлақ асып, 1991 жылдан бастап 31 мамыр күнін Аза тұту күні деп белгіледі.

«Социалистік Қазақстан» газеті алыста жүрген ағайындардың халі, көші-қон, тағдыры, жер-су атын өзгерту т.б. көкейтесті мәселелерге қатысты әңгімені дер кезінде көтеріп, қоғамдық ой-пікірдің оянуына түрткі болды. Қоғамдық өмірдің қандай да бірі құбылысына жедел үн қосып отырған газет журналистері көбінесе, «Жедел сұхбат», «Жазылған жайдың жаңғырығы» айдарларындағы мақалаларда көптеген мәселенің нәтижесін көрсетті.

Ш. Мұртаза бас редакторлық еткен басылымның қай-қайсысы болмасын әдебиетке 1960-1970 жылдары әуелде өзімен тұстас келген буынның, сонан соң өздерінен кейінгілердің тегеурінді күшіне айналуына мейлінше зор үлес қосып, тек таланттар шоғырының өсіп-өнуіне қамқор болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қаламгер Шерхан Мұртаза туралы: «Сіздің өміріңіз қазақ баспасөзінің өркендеп, дамуымен тығыз байланысты. Мерзімді басылымдарда жұмыс істеп жүрген біраз жылдар ішінде көптеген жастарды шығармашылыққа баулыдыңыз. Қазір өзіңіз басшылық етіп отырған ұлттық баспасөзіміздің қара шаңырағы – «Социалистік Қазақстан» газеті республикада ең көп тарайтын, жұрт қызыға оқитын нағыз халықтық басылымға айналып отыр», – деп шынайы бағасын береді [7, 5 б.].

Белгілі ақын Мұхтар Шаханов Шерханның редакторлығы хақында былай деп жазады: «Қазақ әдебиетінің бүгінгі тандағы уық, керегесіне айналған қадау-қадау дарындардың осы «Лениншіл жас» бетінен қанаттануы тегін емес. Тіпті Фариза Оңғарсынованың Атырау аймағынан, Оралхан Бөкейдің республикамыздың шығыс бөлігінен, ал менің Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарындағы меншікті тілші ретінде күн құрғатпай газеттің құлаш-құлаш қара мақаласын жарыса жазғанымыз қазіргі жас өскіндердің көбіне белгісіз болар. Бас түйістіре қалған сәтте мақтанышпен «Біз – Шерхан гвардиясынанбыз» дейтініміз сондықтан... Қадыр ақында «Жүрек – автор, ақыл– редактор» деген тіркес бар. Өте дарынды қаламгердің өзінен де жақсы редактор шықпай жатады. Ал Шерхан – өзінің қайсар мінезін, бірбеткейлігін, кейде тіпті шектен тыс мазасыздығын осы қатал мамандықтың игілігіне айналдыра білген Қазақстандағы бірегей тұлға» [7, 136 б.].

Демек, Шерхан Мұртаза қай баспасөзге басшылық жасамасын кішіге қамқор, талантты дәл тани білетіндігі туралы жазушы Тұтқабай Иманбеқұлы былай деп жазады: «Бұл ретте Шерағаң (Шерхан Мұртаза) тағылымнан таймаған ұстаз қалпынан аумай келеді. Соның бірі – ізгілікке, ізденгіштікке үнсіз үйретуі дер едім. Ол кезде «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») қызмет істейміз. Лездемеде ой-пікірінді қоспасаң Шерағаң кәдімгідей

қомсынып отыратын. Ал егер жазғаның ойынан шықпай орамға жетпей жатса, қолжазбаңды қолыңа үнсіз ұстатып жіберетін. Содан, ары ойланып, бері ойланып, әрі іштей жалған намысқа жанылып біраз түрткіленіп ізденесің. Қайтып әкелгенде: – Міне, мұның енді нысанадан шығыпты, – деп шиырып қол қоя салатын», – дейді [7, 131 б.]. Осылайша Шерхан басқарған «Лениншіл жас» газеті – қазақ жастарының тәрбие мектебі болды.

1950-1960 жылдары «Лениншіл жас» – қазақ журналистикасының ұстаханасы, шыңдалу мектебі атанды. Бұл кезеңде Абай Бейсембаев, Әбсаттар Бөлдекбаев, Сейдахмет Бердіқұлов т.б. қарымды қаламгерлер басылым тізгінін ұстап, маңайына қазақ мәдениетінің мақтанышына айналған талай талантты топтастыра білді. Газетке келген жастар бір-бірінен үйрене жүріп, халықтың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-тұрмыстық, әдеби-мәдени өмір деңгейінің жоғарылауына айтарлықтай ықпал жасады. Шерханның осындай ағалық қамқорлығын көрген жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының төмендегі пікірі де айтылған ойымызға тамызық болары сөзсіз: «Шәкеңнің (Шерхан Мұртаза) бойында азаматтық, ағалық жақсы мінездер қыруар. Солардың ішінде оқшау көрінетіні – іні-қарындастарына деген айрықша ілтипаты. Оның қасындағы жастар шоғыры қазақтың қай жазушысынікінен де көп, өйткені ол олармен тең сөйлеседі, ең бастысы тең сыйласады, ал әркім өзін сыйлағанның құлы. «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерін, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарын басқарған Шәкең қай қызметке келмесін, әуелі ісін жастарды қызметке тартудан бастайды. Және өз айтқанын ғана істеп отырған қызметкерді емес, өз айтқанын оған құптатуға ұмтылған қызметкерді ылғи қолдап, қамқор боп отырады...» [20].

Қаламгер Шерхан Мұртаза «Егемен Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 3 желтоқсанында жарық көрген «Азамат. Қаламгер. Қайраткер» атты мақаласында былай дейді: «Алпысыншы жылдардың ішінде осы жастар газетінің редакциясына жаңа жарық жұлдыздар жиналды. Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Оралхан Бөкеев, Ақселеу Сейдімбеков, Кәрібай Ахметбекұлы, Кәдірбек Сегізбайұлы, Серік Әбдірайымұлы, Қуанышбай Құрманғалиев, Сағат Әшімбаев... Бәрі де бір анадан туғандай еді. Бірлік бар еді, береке бар еді. Әр атаның баласын ортақ мақсат, еншілес мүдде біріктірді. Біз қалың қазақ қауымға, ұлтқа қызмет етуге бекіндік. Оның санасын, арман-аңсарын арттырып, құлдық психологиядан арылтуға тырысып бақтық», – деп жазады [84].

«Лениншіл жас» газеті журналистері оқиғадан қағыс қалмауға, шама келгенше өзіне тән ширақ үрдіспен жазуға тырысты. Қазақ жастарының іс-қимылына қоян-қолтық араласып, әрдайым сапта жүруге ұмтылды.

Газет өз оқырманына ықпал жасаудың қоғамдық құралы, уақыт рухы мен заман лебіне іздестіруші міндетін атқарып, әр уақытта адамның ішкі әлеміне, сезім дүниесіне де терең бойлауды мақсат тұтты. «Лениншіл жас» достық, жолдастық, махаббат, имандылық, ғылым, оқу, өндіріс мәселелерін кем толғаған жоқ. Газеттің 60-шы жылдардағы тілшілері Мұхтар Шахановтың «Менің қарындастарым» (15.02.1966), Фариза Оңғарсынованың «Аққыстаудағы бір күн» (17.01. 1969), Ақселеу Сейдімбековтың «Сүйген істе сүйініш

көп» (18.02. 1969) очерктерін, Серік Әбдірайымовтың «Боран басылған жоқ» (8.02. 1969) проблемалық мақаласын, Сағат Әшімбаевтың «Дала балладалары туралы» (12.08. 1969) рецензиясын оқи отырып әр қолтаңбадан ізденіс нәтижесін аңғарамыз. Бас редактор Шерхан қарамағындағы журналистерге жан-жақты тапсырма беріп, өз бетінше жұмыс істей білуіне, ізденіп, жазуына мол мүмкіндік туғызғандығы хақында жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбеков: «Алпысыншы жылдардың аяғын ала өңшең бір жаңа талап жастар «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетін төңіректедік. Ол кезде Шәкең – (Шерхан Мұртаза) редактор. Бізге қайдағы бір тақырыптар бойынша тапсырма беріп, мақала жаздырады. Бір күні Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов және мені Шөкең шақырып алды да, үшеумізге бір күнде бұйрық шығарып, «Лениншіл жастың» меншікті тілшісі етіп қоя берді. Фариза – Батыс Қазақстан облыстары бойынша, Мұхтар – Оңтүстік Қазақстан, мен – Орталық Қазақстан облыстары бойынша тілші болып кете бардық.

Орталық Қазақстан облыстары бойынша менің алдымда ғана «Лениншіл жастың» тілшісі болып Шерхан Мұртазаевтың өзі қызмет атқарып кеткенін естігенмін. Әлі есімде, кейін Сарыарқаның сайын дала, сағымды белдерін, ақарлы-шақарлы өндірісті қалаларын аралап жүріп, Шерхан ағаның сайрап жатқан ізін басқандай сезімде болып едім», – деп жазады [51]. Бұл ұзақ жылдар бойы журналистік қызметте болған Ш. Мұртазаның таза редакторлық-ұстаздық қызметінде де өз биік талабын қоя білуімен қатар, бір топ жазушылардың шығармашылық тұрғыдан есейіп, қалыптасуына, солардың алғашқы әдеби шығармаларын жариялауға тікелей септігін тигізіп, үлкен әдебиетке жол сілтегендігін аңғартады. Мұның өзі тәжірибелі басшының тәрбиелік тағылымын меңзейді.

Газет жұмысы – барлық әдебиет жұмысының ішіндегі ең қиыны. Олай болатын себебі, мерзімді басылым үздіксіз шығады, жұмыс әрдайым асығыс жүргізілетіндіктен, оны көркемдеп жатуға уақыт жетпейді. Ал, бас редактордың мойнында адам айтқысыз міндет бар. Редактордың атқаратын жұмысы – әрі игілікті, әрі ауыр міндет. Кез келген қаламгердің бас редактор болуы екіталай, сонымен қатар, жақсы жазушының бәрі бірдей журналист бола алмайды. Шерханды біз қаламгерлікпен қоса журналистиканы бірге алып жүрген бесаспап журналист, редактор ретінде де жақсы танимыз. 1992 жылғы 21 қыркүйекте Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетіне берген сұхбатында Шерхан Мұртаза: «Журналист ретінде негізгі қызметтен бос уақытым болған жоқ. Үздіксіз жегілген жұмысым бар. Сол жұмыста ілінген мойынтұрықты сүйретіп жүріп бір қолыммен қызметімді атқардым, екінші қолыммен жазушылықпен айналыстым», – дейді [85]. Демек, «Шерхан Мұртаза рекордшы – редактор. Ол редакторлық қызметте жүріп, кітап жазатын жазушы. Шерхан Мұртаза – зейнетінен бейнеті көп жазушы» [86] екендігін айқын анғартады

Ш. Мұртазаның редакторлық қызметіндегі ең басты ерекшелігі – қандай басылымға басшылық жасамасын ең алдымен, арнайы әдеби басылымдардың да батылдығы жете бермейтін сын мен рецензияны батыл көтере білді. Жазушы, драматург, сыншы Қалтай Мұхамеджанов Шерхан

Мұртазаның бұл қасиетін былайша бағалап көрсетеді: «Мен, әсіресе, Шерханның бас редакторлығы тұсында ғана сол басылымдарда әдебиет сыны кең өріс тапқан дегенге қашанда қол қоюға даярмын. Әдеби сынымыздың қаншалықты қалжасы болса, соншалықты олжалы көрінгені ақиқат. Шығармашылық процестегі ортақол, сұрқай, сүреңсіз туындыларды өткір пікірмен отқа қақтаған сынға жол ашқан, бірақ әрқашан әділ көрінгені баршаға аян. Ол аз десеңіз, ыңғайпаз, марапатшыл, теңгермешіл сынға қарсы әрқашан батыл күрескен бірден-бір басылымдар» [7, 95 б.]. Орынды айтылған бұл пікір кезінде «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында «Тураби трибунасы», «Әділсын Жұлдызұлы» атты сын айдарларды ашып, бас редактор ретінде сынға баса назар аударған Шерхан Мұртаза үлгісін айқын көрсетеді. Осы күнге дейін «Қазақтың әдеби сынында Ш. Мұртаза – жазушының орны өз деңгейінде, өз мәнінде әлі айтылмағанын» ескерсек [87], «Ш. Мұртаза, бас редактор болған жылдары бұл басылымдардың қайқайсысы болмасын батылдығымен, өткірлігімен, заман мен қоғам алға қойған сан алуан көкейкесті, зәру мәселелерді бүкпесіз көтере алатын алғырлығымен ерекше көзге түсетін. Оның үстіне өзге бірде-бір басылым дәл жоғарыдағыдай сипаттарымен ол басқарған редакция ұжымымен осы орайда, ешқандай бәсекелесе алмайтын еді. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома!» екендігіне толығымен қосылуға болады [88]. Мәселен, «Жас Алаш» газетінде жарияланған Зейнолла Серікқалиевтың «Әдебиет жол басшысы – әділ сын» (12.09.63), сыншы Қалтай Мұхамеджановтың «Афиша алдындағы ой» (26.09.63), Рахманқұл Бердібаевтың «Боран» туралы сөз» (19.08.70) т.с.с. көптеген автордың сын мақалалары газеттің айшықты шырайын айқындады. Әрбір сыншы материалдың ең керегін, нәрін ғана алып, мәселенің логикалық жағына денірек көңіл аударып, шебер көмкере біледі, нәтижесінде, сын мақалалары мазмұнына сай өткір, ұтымды шыққан. Сондықтан, «Көркем шығарма шырғалаңын танып, суреткердің дара қасиетін, өзіндік сипатын ашу – сыншының борышы, негізгі міндеті» [89] екендігіне анық көз жеткізуге болады.

Қаламгер Ш. Мұртазаның батылдығы мен азаматтық әрі шығармашылық позициясының тұрақтылығы тек қана шыншылдығынан байқалады. Ал, шындықты жеткізіп, дәлелдеп айту үшін білім керек. Шерхан батылдығының ар жағында көзсіздік емес, біліктілік тұрады, әрі оны бас редакторлық еткен басылымдардағы тілші, журналистер бойына дарыта білді. Бұған «журналистикада Шерхан Мұртазаның шапанынан шыққандар қазіргі қазақ бұқаралық ақпарат құралдарында шешуші сөзді айтып, тура ұстазы сияқты қылыштың жүзінде, найзаның ұшында жүргендігі» [90] мұрындық болады.

Ш. Мұртаза қазақ баспасөзінің қайсысында болмасын басшылықта жүргенде сөзден гөрі істің адамы екендігін дәлелдеді. Шығармашылық қызметкерлерінің жазуға қабілетін арттыра отырып, идея ұсынуды, айқындылықты талап етті. Оның редактор ретінде мықты ұйымдастырушы бола білгендігін шәкірттерінің бірі белгілі ақын Фариза Оңғарсынова: «Біз бәріміз Гогольдің «Шинелінен» шықтық қой», – демекші, менімен тұстас бі-

раз азаматтарды Шерхан ағамыз «Лениншіл жастың» қазанында қайнатып шығарды. Шерхан ағаның бір ұлы қасиеті – нүкте, үтіріне дейін төптіштеп, тапсырма бермейтін. Екі, әрі кетсе, үш сөйлеммен жәй отырып сөйлеседі. Бірақ, ол кісінің алдынан шыққанда, елдің басындағы жағдай, нендей мәселелерге қатты көңіл бөлу керек екенін жаныңмен сезініп және иығың салбырамай, қуаттанып, ел-жұртқа барып игі нәрсе істесем деп құлшынып шығасың. Екінші қасиеті, ол кісі өз қызметкерін – есік алдындағы машинка басушыдан бастап, өзінің орынбасарына дейін қатты қорғай білетін, біреудің жәбір-жаласына бермейтін. Үшіншіден, Шәкең «пәленді мен тәрбиелеп едім, өсіріп едім» дегенді айтып көрген адам емес...», – деп бағасын береді [40, 41-42 бб.]. Бұл пікір қаламгер Шерхан Мұртаза редакциялық ұжым деген үлкен күшті ұйымдастырудың да озық теориясын меңгерген жан екендігін аңғартады.

Кез келген редактордың еңбегі жемісті шығармашылық пен ұжымды басқара білу қабілетінен көрінеді. Шерхан Мұртаза бас редактор ретінде ұйымдастырудың үш міндетін көрсетті. Біріншіден, Шерхан қарамағындағы тілшілердің, журналистердің баспасөзде қоғамдық ақпаратты, әлеуметтік мәні бар мәселелерді дер кезінде дұрыс көрсете білуіне басты көңіл бөлді. Бұл «кез келген газеттің беделі мен пәрмеңділігі оның оперативтілігіне, өмірде болып жатқан оқиғаларды жедел хабарлап отыруына байланысты» [91] екендігі бас редактордың назарында үнемі болғандығын көрсетеді. Екіншіден, газет ұжымы алдына да, өзіне де: «Қайтсе газет (болмаса журнал) жақсарады?» деген сауалды қойып, редакторлық шеберлігі мен тәжірибесін қазақ баспасөзінің өркендеуіне аямай жұмсады. Үшіншіден, бас редактор ретінде қолынан жазу келетін жастарға ағалық қамқорлық жасай отырып, елді елең еткізетін, оқырманға әлі белгісіз соны құбылыстарды көрсету қажеттігіне бағыт-бағдар сілтеді.

«Редактор – газеттегі жетекші журналист. Әрбір материалдың мазмұны мен сапасына баға беру, газеттің өрнектелуіне зер салу – редактордың тікелей міндеті» [49, 80 б.] екендігін көреміз. Тілшілер жұмысына қатты мән берген редактор Шерхан олардың әрқайсысының қабілет-қарымына өзіндік баға беріп, көтермелеп отыру, нәтижесінде, кейде өз ойынан да асып түсіп жататын сәті болды. Мысалы, «Өзім басқаратын газетке оқта-текте «О. Бөкеев» деп қол қойған; очерктер жарияланады. Ә, дегеннен назар аударды. Автор аз ба, тәйірі. Қазақстанның түкпір-түкпірінен, тіпті басқа республикалардан, шет елдерден де жазып жататын қаптаған авторлар. Кейде бөлімге айтып, почтаны өзім шолып шығамын. Адамның жазуында да мінез бар. Жазуына қарап, сөзіне, сөйлеміне қарап, бұл хаттың авторын көз алдыма келтірмекші болдым...

...Бірақ автордың өзін елестете алмадым. Көрейін дедім. Орынбасарым Тельман Жанұзақовты шақырып алып, конвертті ұсындым:

– Мынау адамды шақырт. Келсін. Командировка редакцияның есебінен», – дедім.

«Лениншіл жасқа» қызметке жаңадан келген Оралханды Мойынқұмға командировкаға жібердім. Ал, Оралхан сол сапардан біраз жыл кейін «Құм

мінезі» деген повесть жазды. Міне жазу! Жазсаң – осылай жаз. Әйтпесе, кінәсі жоқ ақ қағазды шималап, былғама. Он күндік сапарда бұрын өзі көріп-білмеген жердің тамырын басып танып, сол құмдағы адамдардың мінез-құлқын, психологиясын, тұрмысын, жүріс-тұрысын, ең бастысы – жанын ұғып-білу жаратылыстан дарын иесіне ғана дарыған... Шындықты жазған жазушының шығармасы – қоғамның шипагері. Маман дәрігер жеке-жеке адамды аурудан сауықтырса, шын жазушы қоғам ауруын таниды. Жазады, таниды дегенде қолма-қол емес, адамдардың жүрегіне – жігер, көзіне – нұр, көкірегіне – сәуле қосу арқылы әсер етеді. Оралхан бұл жағынан шебер еді», – деп [92] жазады Шерхан жазушы Оралхан Бөкеев туралы естелік жазбасында. Қаламгер Ш. Мұртаза өзінің шәкірттері туралы: «Мен өзім «Лениншіл жаста» жүргенде Тельман Жанұзақов, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Жарасқан Әбдірашев, Қуанышбай Құрманғалиев сынды дарынды журналистердің жанымда болғаны үшін тағдырыма ризамын», – деп жазады [7, 29 б.].

Журналист Жанат Елшібектің төмендегі пікірі: «Редактордың алдындағы алақандай бөлмеде сығылысып отыратын біз бастығымыз қуанған сәттерін де байқап қалатынбыз. Бөлімдерден түскен жақсы материалдарға, өзі ұнатқан мақалаларға ерекше бұрыштама жазып, айшықты да, көркем безендірілуіне көңіл аудартатын. Шер-ағаңның О. Бөкеевтің «Ұйқым келмейді» очеркін, Ақселеу Сейдімбековтың «Ат шаппайды, бап шабады» деген проблемалық мақалаларын, «Пәтер көрген жерің бар ма?» атты диспуттың материалдарын баспаханаға жібермес бұрын-ақ тамсана мақтағаны күні кешегідей есімде... Елең еткізген тамаша мақалалар мен очерктердің авторларына нөмір шыққан күні-ақ айлық, тоқсандық қорытындыны күтпестен ақшалай сыйлық бергізіп, бұйрықтың көшірмесін есікке ілгізіп қоятын. Бұл да тек Шер-ағаңның өзіне ғана тән қасиет. Өйткені, ширек ғасырға жуық мерзім ішінде талай редакторлармен бірге қызмет істегенде өз басым журналист еңбегін Шер-ағандай бағалаудың үлгісін көрген емеспін» немесе, «Аса қабілетті журналистердің көсіліп жазуына кең тыныс ашқан бас редактор Шерхан Мұртаза «Социалистік Қазақстанның» (қазіргі «Егемен Қазақстан») сірескен сеңін сөгіп, кейбір жігіттердің екі материалын бір нөмірге қатар жариялай бастады. «...жақсы дүние ме, шықсын! Несіне сүрлейміз. Нөмірде оқылмайтын бірде-бір мақала болмауы тиіс. Ең ақыры хабарға дейін тақырыбы жұтынып елең еткізуі керек. Аяусыз, әлжуаз шимайшатпақпен бетті текке тығындаудың қажеті шамалы. Оқырманнан ұят!», – деп [78] редактор Шерханның бірнеше қырын аша түседі Бас редактордың көтерер жүгі өте ауыр екендігін Ш. Мұртаза: «Өз басынан өтпеген адам біле бермейді, әйтпесе, газеттің редакторы болудан гөрі баяғының Сизиф батыры сияқты өрге қарай түйетас домалатқан жеңілдеу шығар», – деп жазады [93]. Бұл бас редактор болудың қаншалықты қиын екендігін өзінің іс тәжірибесінен білетін қаламгердің өзекжарды, айғақты пікірі екендігін көрсетеді.

Шерхан Мұртаза 1963 жыл мен 1992 жылға дейін бас редактор болған газет-журналдарда республикамыздың әлеуметтік-мәдени өмірі туралы

қаншама өткір, күрделі, зәру, көкейкесті мақала жариялады. Әділіне жүгінсек, мұндай мәселені әрқашан Ш. Мұртаза бас редактор болған басылымдар ғана бірінші соқа салып көтеретін. Әрі қашан болсын сол мәселелердің республика мүддесіне, халыққа тиімді, әлеуметке ортақ түрде түбегейлі шешілгенше тыным таппай күресті.

«Лениншіл жас» өнер ауылынан да іргесін аулақ салған жоқ. Қайта өнер дүниесіне етене жақындасып, бұл саладағы кейбір кеселдерден айығуына көмектесті («Қазақконцерт, хал қалай?»). Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиетінде» бас редактор болған жылдарының қаншалықты ауыр болғандығы туралы жазбаларынан байқауымызға болады. Мәселен, Шерхан «Қазақ әдебиеті» газетінің 1994 жылғы 15 көкегінде жарық көрген «Бас редакторлар мінбесі» атты мақаласында: «Бұл тоғыз жыл – жер-дүниелік саясатта бұрынғы беделінен айрылғанмен КСРО әлі мызғымай, күркіреп тұрған кезі. Партия басшылығына М. Горбачев келіп, демократия ауызға алына бастады. Алайда үстем идеология әсерінен езіліп, жаншылып қалған қазақ даласына демократия жете алмай – жан-дүниең дауыл тілеп жатқан сәт болатын. Сондай бір күрделі кезеңде қызмет атқардық газетте!», – деп [94] жазуы сөзімізге тамызық болады. Бас редакторлықтың ауыртпалық жүгін бір кісідей көтерген Шерхан үшін өз пікірінің құны біз үшін жоғары болары сөзсіз.

Осы тұста публицист Камал Смайыловтың: «Сен «Қазақ әдебиетінің» редакторы болып істедің. Тоқырау заманында болашақты жақындатқан, ойда жүрген қиын мәселелерді қозғаған сол газет еді. Иә, сен көп жыл бойы жүргізген «Қазақ әдебиеті» ерекше, ерен болатын. Басылым бастығына тартады. Оң қолың болған Оралханмен, жалынды жас жігіттермен бірігіп, сонау тоқыраудың тылсым, тым-тырыс кездерінде өмірдің қаулаған-қаумалаған ащы да ауыр проблемаларын батыл да өктем көтеріп, халықтың ойын оятып, сезімін ұштаған, көп жылдар бұрын қайта құрудың топырағын қопсытып, өндеп, тұқымын сепкен газет болды», – деп жазғаны айтар ойымызды нақтылай түседі [95]. «Егемен Қазақстанны» бас редакторы Ш. Мұртаза талай өткелді басынан кешіп, талай соққы да жегендігін: «Ол кезде бас редактор арқандаулы аттай болатын. Бар ойыңды іске асыра беруге арқандаулының шамасы келе бермейтін. От пен судан өттім. Шыңдалдым. Саясат деген сұрқияның сұрқын көрдім. Ол кездегі редакторлар ұстараның жүзімен жүруі керек еді. Жүйкемді жұқартты, қайратымды жеді», – деген [61] пікірден аңғарамыз.

Жеке басының мүддесінен гөрі қоғам жайын көбірек ойлаған журналист Ш. Мұртазаның «Өркен» газетінің 1990 жылғы 24 ақпанында жарияланған «Делбе босап, дербестікке қолымыз жетсін» мақаласында: «Редактордың жұмысы тозаққа түскенмен тең», – деп [96] ой түйіндеуінде көп мән жатыр. Осыдан келіп, Шерханның «Алдымен өз халқың танысын сені» (Заман Қазақстан, 5 маусым, 1998) мақаласында: «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстанда» Бас редактор болдым, олар соншалықты шында тұрған орындар емес. Әрі дау-жанжалға көп араласатын жанжалшыл, даукес адам емеспін. Бірақ принципті мәселелерде

пікірталастар болғаны рас. Ол жерге араласпай қалай тұрасыз? Жібек құрты сияқты оранып алып жататын жазушыны өз басым көрген жоқпын. Жаудың көбейгені рас. Оның да себебі болған шығар. Мәуелі ағаштың жемісін алу үшін әркім төменде тұрып тас лақтырады. Сондай болған шығар, мүмкін басқа себептері бар, мен оны таразылап жатқан жоқпын. Негізі, жауы, қарсыласы жоқ, тып-тыныш бүркеніп жатып алған адамды жақсы деп есептемеймін. Асыл уақыт жоғалтты деп кінәлаулары мүмкін дұрыс та шығар, бірақ мен ұсақ-түйек деп ойламаймын. Істесем, халықтың жұмысын істедім. Газет, журнал шығару ұсақ-түйек пе екен? Соның бәрі халықтың игілігіне жарады», – деп [97] жазуының өзінен қазақ журналистикасы «редакторға уызында жарығандығын» аңғартады.

1992 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» жарлығы шықты. Сол жарлықта елбасы: «Мемлекеттік телевизия мен радио хабарларын таратуды, теледидар және радио басқармасы жүйесін одан әрі жетілдіру, бағдарламаның шығармашылық деңгейі мен мазмұнын арттыру, республиканың және басқа мемлекеттер халықтарының Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және мәдени өмірінің аса маңызды мәселелері жөнінен хабардар болуын жақсарту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Баспасөз және Бұқаралық ақпарат құралдары Министрлігі жанынан таратылған Қазақстан мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы мен облыстардың телерадио компаниясының негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы «Қазақстан» мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату компаниясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті екі айлық мерзім ішінде «Қазақстан» мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату компаниясы туралы ереже әзірлеп, бекітетін болсын, теле және радио бағдарламасының сапасын арттыруға, компанияның материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның қызметінің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуға бағытталатын шаралар қабылданатын болсын», – деп атап көрсетті [98].

1992 жылдың 19 қыркүйегінде «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы болып қаламгер Шерхан Мұртаза тағайындалды [99].

Республикада теледидар тыңын игерген ең алғашқы шығармашылық тұлғалар ерен еңбегі, жалынды істері мақтан тұтарлық. Қазақ топырағындағы тың өнерге түрен салу бақытына ие болғандар қатарындағы Кенжеболат Шалабаев, Кеңес Үсебаев, Хамит Хасенов, Әнуарбек Шманов, Камал Смайылов, Ғаділбек Шалахметов өзгеше тағдырына лайық қызмет жасады. Олар – теледидардың қалың қауымға күнбе-күн тұрақты түрде, әсер ететін пәрменді, жүйелі құрал екенін жете танып, насихаттық, ақиқаттық қуатының артуына, соны өнер саласын қалыптастыруына жанашырлық жасады. «1970-1980-ші жылдардағы теле-бағдарламалардағы: «Жігіттің сұлтаны», «Наурыз», «Қыз сыны», «Парыз бен қарыз», «Ақиқат», «Шабыт»,

«Сымбат», «Домбыра дастан», т.б. ұлттық нөрі мен бояуы қанық хабарлар көрермендермен табысты.

Олардың қай-қайсысы да сезім мен ойды баурайтын, адам жанын жылытатын өз кезіндегі әр жылдарда экранға шыққан «Кездесу», «Алтыбақан», «Сұхбат», «Қымызхана», «Тамаша», «Айтыс», «Халық қазынасы», «Үш бәйтерек», «Алты арыс» т.б. әдеби-сазды, публицистикалық туындылар болып, әрбірінің өзіндік мәнері қалыптасты. Әсіресе, халықтың ауыз әдебиетін насихаттауда, оның ішінде айтыс, жыр, терме айту өнерін қайта жаңғыртып, қалың елге таратуда ықпалы айрықша болды. Осы тәрізді «Қазақстан» радиотеатры, «Ұшқын», «Тәулік тынысы» – «Панорама дня», «Кто есть кто» т.б. хабарлар мен бағдарламалар үлкен резонанс тудырды» [100].

1970-80-ші жылдардағы ұлттық теледидарда даралық ерекшеліктерін, интеллектуальдық алымдылығымен көрінген Сағат Әшімбаевтың «Парыз бен қарыз» хабары, Сұлтан Оразалиновтың «Сұхбат» публицистикалық туындысы, С. Шәріпов бастаған шығармашылық топ жасаған «Қымызхана» телехабары, Ф. Бегенбаеваның «Алтыбақан» хабарын т.б. айтуға болады. Сол кезеңдегі «Құрдастар» редакциясы жастардың түрлі бағыттағы бағдарламасын даярлады. Нәтижесінде, «Көкпар», «Арай», «Алтыбақан» т.б. жастар бағдарламасы дүниеге келді. Қайта құру мен жариялылыққа орай 1986 жылы «Бетбұрыс» телестансасы ашылды. Ондағы мақсат – ел экономикасын жеделдету жолдары мен қайта құрудың қарышты қадамын жариялап көрсету болды.

«Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы болып тағайындалғаннан Ш. Мұртаза бар күшін, біліктілігін қолға алды. Бұл бір журналистиканы, өнерді білуді, бейнелеуді кино көзімен қарауды ғана талап етпейтін, көптеген мамандардың (редактор, режиссер, оператор, әуезші, суретші, түрлі саладағы инженерлер т.б.) шығармашылық бірлігін қамтамасыз етіп қана қоймай, бұған қоса техникадан, экономикадан хабардар болуды да қажетсінетін жұмыс. Тіпті бұл да аз. Тәулігіне ондаған сағат сайрап тұратын, радио мен теледидардың жұмысын жолға қою үшін жігері оңайлықпен жасымайтын басшы керек. Тандаудың журналист Шерханға түскені тегін емес еді.

Кезінде «Жас Алашты», «Жалынды», «Жұлдызды», «Қазақ әдебиетін», «Егемен Қазақстанды» халқының сүйікті басылымына айналдырған талантты редактор қазақ теледидары мен радиосының материалдық-техникалық базасын қысқа мерзімнің ішінде нығайтып қана қоймай, хабары мен ақпаратының азаматтық позициясын айқындап, деңгейін сапалық биікке көтере білді. Шерхан ең алдымен, телерадио компаниясының техникалық жағын көтеруді, жақсартуды қолға алды. Осы тұста Шерханның «Жас Алаш» газетінің 1992 жылғы 17 қарашада жарық көрген «Тіл – ұлттың жаны» атты мақаласында: «Қазіргі мынау қиян-кескі заманда теледидар, радио дегеннің қаншалықты қажетті қару екенін ежіктеп айтып жатудың өзі ерсі. Қазіргі мемлекеттік телерадио компаниясы, егер бейнелеп айтсақ, өлген өгіздің терісі сияқты... Ал енді телерадио мемлекеттік басты қару бола тұра мұншама тұралап қалған дүниені мен еш жерден көрген емеспін. Қырғын

соғыстан қирап қалған ел сияқты. Қазіргі компьютер мен электроника жайлаған заманда мынау бір тас дәуірден тапжылмай қалған бірдеңе», – деп [101] мән-жайды атап өтеді.

Шерхан Мұртаза «Сұхбат» газетінің 1992 жылғы 8 желтоқсанында «Зейнет күреспен келеді» деген сұхбатында: «Телерадиокомпаниясының техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталуы сын көтермейді, әрине. Тас ғасырындамыз біз. Өркениетті елдер әлдеқашан компьютерлерге жасанды жер серіктерінің көмегіне, т.б. осы заманғы хабар тарату мен байланыс тәсілдеріне көшті. Дегенмен, қолда бар техниканы меңгеруімізде мәз емес. Әсіресе, ұлттық кадрлар жоққа тән. Күні кешеге дейін ұлттық кадрлар даярлайық деген пікір болмағанға да ұқсайды. Оның бір айғағы – оператор т.б. зәру мамандық иелері арасында қазақ жастары ілуде бір кездеседі. Оларды дайындайтын оқу орындары да жоқ. Ендігі жерде істің көзін осыдан бастау керек», – дей келіп: «Бірыңғай талап қою оңай. Көрпемізге қарай көсіліп, журналистерге бірсыдырғы болса да, жағдай жасағың келеді. Осы тұрғыдан келсек, ұяттымыз. Теледидар мен радио қызметкерлерінің еңбекақысы өте төмен. Қаламақысы да жартымсыз. Мақсат – қызметкерлеріміз өз мамандықтарын мақтаныш тұтатындай жағдайға (жалақы, пәтер т.б. тұрғыда) жету», – деп жазады [102]. Демек, Шерхан теледидардағы басшылығында да қарамағындағы журналистердің жеке жағдайына қатты көңіл бөліп, ойдағыдай болуын көздеді.

Нәтижесінде, бір-екі айдың ішінде ұлттық сарында көптеген хабарлар мен бағдарлама дүниеге келді. 1992 жылдың 14 желтоқсанында журналист Шерхан Мұртаза идеясымен қазақ және орыс тілдерінде «Таңшолпан» ақпаратты-сазды, публицистикалық бағдарламасы көрерменге жол тартты. Бағдарламаның бас редакторы Иманбай Жұбай: «Шындығы керек, мұндай хабар бұрын-соңды қазақ теледидарында болған жоқ. Өзбекстан, Ресейдің ғана таңертеңгілік телехабары бар болатын», – деп атап өтеді [103].

«Таңшолпан» бағдарламасы халықтық қасиетке, ұлттық санаға байланысты хабарлар жасап, бірыңғай саяси емес, әртүрлі ақпаратты-сазды, публицистикалық болып келді. «Зейнеп апайды тыңдасақ», «Иман» сабақ», «Қойшыбайтегінің бизнес мектебі», «Заң және біз», «Ән жолдасам деп едім», «Қазақ, ағылшын тілін үйрету сабақтары» т.б. айдарларындағы хабарларда келіндерге кеңес, имандылық, мұсылмандық, оның шарты, нарықтың ғылыми негізін түсіндіру тәрізді мәселелер сөз болды.

Кезінде көрермен көзайымы болған «Таңшолпан» бағдарламасы біраз үзілістен кейін 2001 жылдың 18 қаңтарынан бастап қайта эфирге шыға бастады. Бұл бағдарлама Шерхан Мұртаза үрдісінің айқын бір көрінісі екендігін әлі де дәлелдеп келеді. Осы ретте 1993 жылдың 8 ақпанынан беріле бастаған орыс тіліндегі хабарлардың да өзіндік мәні, мақсаты болды. Ш. Мұртаза республикада орыс өкілі көп тұратындықтан, ұлтымыздың тарихы мен мәдениетіне қатты көңіл аударуының негізінде «Телеистория моего народа» деген айдарды ашуға мұрындық болды.

Шерхан бастамасымен 90-шы жылдардың басында «Шарайна» ақпаратты бағдарламасы, «Тайқазан», «Хан тәңірі» жарнама агенттіктері құ-

рылды. Әсіресе, «Шарайна» бағдарламасы көгілдір экран көрерменін жұмыс күні басталғаннан өткен күннің соңғы жаңалығы мен бүгінгі күннің ақпаратына қанықтырып отырды. Тіпті «Шарайнаның» титріндегі жанары жарқ етіп, одан дүр сілкініп, қанаттанып самғай жөнелетін қыранның өзі көпшілік көңілінен шықты.

«Шарайнаны» көру біз үшін ұлттық намысымды қанаттандыратын, тұрақты бір күй кештіретін. Қыранның қалықтап келіп, күн нұрына бөленген көгілдір байрақты аспандатып әкетуі көңіл-күйінді көтеріп, шаршағаныңды ұмыттыратындай. Жалпы қазақ теледидары жаңа бір бағыт алып, ұлттық үлгідегі бағдарлама жолына түскен еді» [104]. Шерхан жасөспірімдер мен балалар хабарына баса көңіл аударуының нәтижесінде «Сиқырлы қазан», «Әнші балапан» бағдарламалары дүниеге келді. Кішкентай балдырғандарға арналған «Ертегі айта білемін» кешкі хабары тұрақты көрсетілді.

Елдің елдігін танытар күштің бірі – қазақ теледидарының деңгейі. 1994 жылдың 20 маусымынан «Қазақстан-1» теледидарында «Теледидардың ақпараттар ағыны» төрт сағаттық бағдарламасы өз жұмысын бастады. Осы бағдарламаның «Айналайын» балаларға арналған бөлімі сол кезеңдегі мақсат деңгейінен шығып білді. Шерхан теледидарға таза сөйлейтін, қазақ тілінің қоғамдық-саяси қызметін арттыратын журналист, комментаторларды жұмысқа тарта білді.

Қазақ теледидарында Шерхан Мұртаза басшылығы тұсында, яғни, 1993 жылдың мамырында «Кеш жарық» бағдарламасы, «Ұлт және сана» ұлттық сананы ояту мақсатындағы жаңа телехабары дүниеге келді. Телехабардың негізгі мақсаты: «...Кешегі Міржақып т.б. зиялыларымыз «Оян, қазақ!» деп бекер шырылдаған жоқ. Олардың жан айқайын сол заманның ұрдажық, арзан ұрандары тұншықтырып тастады. Еліміз егемендік алса да, құлдық, мәңгүрттік психологиядан арыла алмай келеміз. Еркін ойлап, еркін әрекет жасау әлі де қат. Ең әуелі сырттан таңылған кесір-кесапаттан тазарған жөн. Соның бірі – жүзге бөліну. Абай айтқан ғой: «Біріңді қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деп. Біз демография тұрғысынан орасан апатқа ұшыраған халықпыз. Сондықтан, көп балалы ата-ананы насихаттап, оларға нақты көмек-қолғабыс жасау керек. Ең алдымен, тіл, дін, салт-дәстүр, бала тәрбиесі т.б. көкейтесті тақырыптарды қозғап, «Ұлт және сана» айдары аясында жүйелі жұмыс жасау ойда бар», – деген [102] ойдан айқын аңғарамыз. Бұл Шерханның халықпен дидарласып, тегеурінді ой-пікірінен қуат алып, көш түзегендігін аңғартады.

«Марқұм Сағат та, Шерхан ағамыз да теле-журналист емес-ті. Оның есесіне олардың азаматтық позициясы биік болатын, тапсырылған іске деген жауапкершілігі мен халық алдындағы борышын сезіне білуі ерекше еді. Соның арқасында олар теледидарды бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды буынына айналдырып, «көгілдір экран» алдына миллиондаған көрермендердің жиналуына қол жеткізді. Ал теледидардың бүгінгі басшылары бұл нысанаға сағыздай созылған телесериалдар арқылы жеткізгісі келетін сияқты», – деген [105] пікірдің өзі біраз ойға жетелей түседі Өйткені, дәлелсіз сөз дәйектілікке апармайды десек, бүгінгі

өзге телеарналарды айтпай-ақ, қазақша-орысша жұмыс істейді деген ең қуатты, ең беделді телекомпания «Хабар-1»-дің өзіне үңілейікші: «22 қаңтардағы «Хабардың» бағдарламасында 14 сағаттың небәрі 3 сағаты ғана қазақша берілді. Ал таза қазақ тілінде деген «Хабар-2» бағдарламасының біраз уақыты шетелдік фильмдерді көрсетуге бөлінген. «Қазақстан-1 телеарнасында да қазақшасы жартысына жетпейді. «Орт-1-Қазақстан» телеарнасы 18 сағат бойы тек орыс тілінде ғана. 24 сағат үздіксіз хабар тарататын «Рахат» телеарнасының бірер сағаты ғана қазақша» [106] екендігіне көз жеткіземіз.

1992-1994 жылдардағы Шерханның теледидардағы басшылығында шығармашылық жүйені көптеген қайталанбас оң өзгеріске әкеліп, бүгінгі танда үлгі аларлық мектебіне айналды. Мұндай дәрежеге өз біліктілігі мен биік парасаттылығы арқылы жетті. Алайда, кезінде Ш. Мұртаза басқарған телерадио компаниясы жұмысына қатысты «Казахстанская правда» газетінде Сергей Дувановтың «Қазақстанның өз теледидары бар ма?» мақаласы [107] жарық көрді. Автор мақаласында екі басты мәселені өзек етеді: біріншіден, Шерхан Мұртаза басқарып отырған «Қазақстан» телерадио компаниясы жұмысына біраз сын-пікір айта келіп, Қазақ теледидары, оның ішінде «Қазақстан-1» бағдарламасы видеофильмдерді көп көрсетіп, сол арқылы қаржы көзін табуда деп кінәлайды. Екіншіден, қазақ теледидарында орыс тілінде хабар азайып барады, тіл мәселесін қолға алу керек деп байбалам салады. Мақала авторы Сергей Дуванов бір сөзбен айтқанда, теле-радио басшысына да, қазақ теледидарына да көңілі толмайды. Шерхан аталмыш мақалаға орай өзінің «Статистиканың қисық айналары немесе Қазақстанның өз теледидары бар ма? атты сұраққа орай» [108] пікірін жазады.

Ш. Мұртаза қазақ теледидарында орыс тіліндегі хабарлардың азайып бара жатыр дегенге қосылмайтынын, тіпті саяси ауқымда көрінетін «Президентский час», «Правительственный канал», «Депутатский канал» атты қоғамдық-саяси бағдарламалар мен «Все, кроме политики», «7+7+7», «МУ-ВИ» т.б. саяси-сазды хабарлардың тек орыс тілінде көрсетілетінін, «Таңшолпан» ақпаратты-сазды бағдарламасының қазақ және орыс тілінде жүргізілетіндігін атап көрсетті. Ал, видеофильмдер туралы «Жас Алаш» газетінің 1992 жылғы 17 қарашада жарық көрген «Тіл – ұлттың жаны» атты мақаласында Шерхан: «Кім көрінген керегінше тартпа тіліп алып, өз алдына телеотау ашып жатыр. Мен қазір көрермендердің арызының, ашу-ызасының астында қалдым. Неге дейсіздер ғой. «Анау жын-шайтаныңды қи» дейді. «Секс жайлаған жынойнағыңның қақпасын жап» дейді маған. Мен «оу, айналайын ағайын! Олар маған бағынбайды. Олар Абай атаң айтқандай «бас басыңа би болған өңшең қыртың». Олар тәуелсіз, «независимый» деймін. Олар КТК. ТАҢ тағы басқалар деймін. Түсінбейді. «Онда не бітіріп отырсың, қолыңнан келмесе кет» дейді. Сондықтан, ел, парламент бұл сойқанды ноқталамаса арты жақсылыққа апармайды», – деп жазады [101]. Сөйтіп, жеке-жеке отау құрып, телеарна ашып жатқандарға қарсы болып, бұл істі облыстардағы теледидар басшыларынан бастауды қолға алды.

Журналистің бұл саясатына қарсы «Караван» сынды басылымдар мақала жариялап үлгерді [109]. Осы сауалға жауап ретінде Шерхан Мұртаза «Жас Алаш» газетінің 1997 жылғы 29 қарашада жарық көрген «Шындықтың жолы шырғалаң, әділеттің жолы әлжуаз» мақаласында былай деп жазды: «Теледидар мен радионы енді қолға алып, қызу жұмысты бастап жатқан кезімде «Ойбай сен мына жерден кет. Өртеп барасың дүниені» деп шулады Матаев, Романов дегендер. Жан-жақтан мүйіздей жөнелді бәрі. Сосын мен ол араны тастап шықтым» [110]. Бұл Шерханның қазақ теледидарының құлаштап, өркендеуіне, оның ұлттық даму жолында өзіндік қолтаңбасын айқындап, бастама көтерген ерен еңбегінің аяқсыз қалуына осындай жағдайдың себеп болғандығын көрсетеді. Осы орайда ұлтаралық һәм мәдениетаралық өзара қатынастарға саяси тұрғыдан баға беруден аулақпыз. Алайда, таза адамгершілік өлшеммен алғанда, Шерханның «Қазақстан» теле-радио компаниясында бір екі жылда атқарған жемісті еңбегінен ұлттық «Мен» дегізерлік азаматтық, патриоттық қасиетін сақтап қалған ірі тұлғасын үлгі тұтуға әбден лайық. Шерхан қазақ баспасөзінің қай-қайсысында бас редактор болмасын басылым тұғырын биікке көтерді.

Қорыта келгенде, Шерхан бас редактор ретінде өзі басшылық еткен газет-журналдарда:

– ұлттық көркем сынды қалыптастыра білді;

– қазақ оқырманын қызықтыратын, халықтық, рухтық мүддені қозғайтын материалдарды батыл басатын нағыз ұлттық басылымдарға айналдырды;

– қай газет пен журналға басшылық жасаса да, ең әуелі, оның ұстанған бағытын, саяси бет-бейнесін айқындады;

– ол басшылық еткен басылымдардың қай-қайсысының болмасын таралымы екі есеге өсіп, бүкіл Одақ көлеміне үлгі болғандығымен ерекшеленді.

Айталық, «Жалын» журналы: 1970 жылы – 24 900 дана; 1971 жылы – 52 400 дана; 1990 жылы – 12 000 дана болды.

Ал, «Жұлдыз» журналының таралымына көз жүгіртсек: 1928 жылы – 1 200 дана; 1965 жылы – 100 000 дана; 1973 жылы – 196 600 дана;1974 жылы – 202 000 дана; 1975 жылы – 211 000 дана; 1977 жылы – 214 000 дана; 1990 жылы – 19 230 данаға жетті.

Сөйтіп, Шерхан Мұртаза басшылық жасаған «Жалын» (1971-1972), «Жұлдыз» (1973-1975) журналдарының таралымы Одақ көлемінің өзіне үлгі боларлық дәрежеге жетті. Демек, «Жұлдыз» журналының тиражы 1970 жылдар басында 225 мыңға жеткен еді. Сонда өзі қатар бүкіл Одақ әдеби журналдары» тандайын қаққан болатын» [111]. Қазақ халқы қайта өрлеу дәуірінде түр екен дескен. Міне, баспасөз таратылу; сапасының биіктігі сол халықтың рухани дәрежесінің көрінісі» деген осы.

Осы тәрізді «Қазақ әдебиеті» газетінің де 1934 жылдан күні бүгінге дейінгі таралуына зер салсақ, Шерхан Мұртаза редакторлық еткен 1980-1989 жылдары жоғары деңгейде болды: 1934-1940 жылдары – 2300-5200 дана; 1950-1960 жылдары – 6000-7000 дана; 1980-1984 жылдары – 45 000-55 000 дана; 1985-1989 жылдары – 86 226 дана;1990-1999 жылдары – 7 875 дана.

Шерхан бас редакторлық еткен «Қазақ әдебиеті» газеті таралымының, әдебиет пен өнер газеті оқырманының артуына екі себеп бар: біріншіден, газет көлемінің ұлғайып; 16 беттік болып шығуы; екіншіден, газет мазмұнының жан-жақты байып, тереңдей түсуінен, қамтитын мәселе ауқымының кеңеюі себепші болды. Газет таралымын көбейту дегеніміз оқырманның рухани сұранысы мен қажеттілігін өтеу, олардың қоғамдық талабын орындау болды.

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев: «Шерхан Мұртаза – менің ұстаз тұтар ағаларымның бірі. Шерағаң кең адам, ұлағатты адам, оның алды кең, ол тарылуды білмейтін кісі. Шерағаң «Қазақ әдебиетіне» бас редактор болып келді. Мен жауапты хатшымын. Газет құлпырып сала берді. Бұрын талай редакторды көрген мен таңдана бастадым. Баспасөзде әбден ысылып мол тәжірибе жинаған редактор газеттің бар ұңғыл-шұңғылын біледі. Мәселе қоюдан қорықпайды, бәрін ашық айтады. Шерағаңмен мақтануға болады, жеке жаратылыс!», – [112] деп жоғары бағасын беріп өтеді.

Шерхан Мұртаза баспасөз жетекшісі, редактор ретінде де қазақтың осы заманғы қоғамдық ойын қалыптастыруға орасан үлес қосты. Ол қай баспасөзге басшылық етсе де өзінше өрнек іздеп, ерекше таным-білігімен көзге түсті. 60-шы жылдар басындағы серпіліс тұсында суырылып ілгері шыққан «Жас Алаш» газеті десек, редакторы – Шерхан Мұртаза болды.

70-ші жылдары тоқыраудың апшы қуырған тұсында, халықтың рухани құндылығын сақтап қалған «Жалын» мен «Жұлдыз» журналының да бас редакторы Ш. Мұртаза болды. Мәңгүрттік әбден меңдеген сексенінші жылдары туған ана тілінің тағдырын, оның өткені мен болашағын, жай-күйін, әлеуметтік сан алуан мәселелерді іргелі тақырыпқа айналдыра білген батыл газет «Қазақ әдебиеті» болды. Редакторы – Шерхан Мұртаза. Көптен күткен аңсарлы дәурен жетіп, қорқау көңіл қорғалап, ел екіталай, пікір әр қалай болып жүрген шақта жұрттан бұрын адал сөз, ащы пікірге батылдықпен барған «Егемен Қазақстан» еді, редакторы – қаламгер Шерхан Мұртаза. Бұл бір қаламгердің өнер жолы ғана емес, күллі ұлттық санамыздың сергу, серпілу жолы екендігін айқын аңғартады. Қарамағындағы журналист, тілшілерге өмірдің өз талабынан туатын, оқырманды толғандыратын тақырып таба білуге үндеді. Шерханның бүгінде өзі тәрбиелеп шығарған шәкірттері заман талабына жауап бере алатындай шебер журналистер қатарында жүр. Бұл Шерханның ширек ғасырлық ұмырын сарп еткен бас редакторлық жемісті еңбегінің ең биік өрге шыққан өміршеңдік үлгісін танытса керек.

2-бөлім

ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

2.1 Шерхан Мұртаза публицистикасының тақырыптық, проблемалық, жанрлық ерекшеліктері

Поэтика мәселесі – әдебиеттану ғылымында маңызды саналатын, көркем әдебиетпен дәстүрлі байланысы бар, публицистикада да бұл мәселені зерттеу қажеттігі өзінен-өзі туындайды. Себебі, поэтиканың баспасөздегі түрлі жанрдың көркемдік құрылымын қарастыруда да тәжірибелік мәні зор. Демек, әдебиеттегі синтетикалық өнердің кейбір элементімен қаруланған публицистердің шығармашылығын осы поэтикалық компонентті байланыста, өзара тығыз арақатынаста қарастыру жанр табиғатын толық ашуға мүмкіндік жасайды. Қазақ әдебиеттану ғылымында көркем шығарма поэтикасы туралы біртұтас ілім жасалған. Мәселен, А. Байтұрсыновтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, М. Қаратаевтың, З. Қабдоловтың, З. Ахметовтың, Р. Бердібаевтың, Р. Нұрғалиевтің әдебиет теориясын сөз еткен еңбектерінде, Т. Рахымжановтың, Ш. Ыбыраевтың, М. Атымовтың, А. Мұсаевтың т.б. зерттеулерінде поэтика мәселесі жан-жақты сөз болды.

Публицистика поэтикасына қатысты Г.Я. Солганиктің, Г.В. Кольцовтың, Е.П. Прохоровтың, М.И. Стюфляеваның еңбектерін атап өтуге болады. Сонымен қатар, жекелеген қазақ жазушыларының поэтикасын зерттеуде Т. Әбдірахмановаңың, Н. Шаухаманованың, М. Әдібаевтың, Ж. Балмағамбетова т.б. еңбектері бар.

Публицистика түрін зерттеу әдісі – көп қырлы. Жанр ретінде де, тілі мен стилі бағытында да, шындықты игеру әдісі ретінде де зерттей беруге болады. Алайда, публицистика материалы – публицистік идеялардың тоғысқан сөзі болғандықтан, оның тілін әдіс-тәсілі мен түріне ықпал ететін құрал есебінде қарастырған жөн. Сөздік өнер ретінде публицистиканың көркем әдебиеттен ұстанымды айырмашылығы бар. Біріншісі – нақты ойға, фактіге, дерекке құрылуында болса, екіншісі – шынайы өмір құбылысын сол күйінде жеткізуінде болады.

Поэтика мен публицистиканың үйлесімділігі туралы сөз қозғау – әрбір қаламгерге тән шығармашылықтың табиғи бітімін белгілі бір ғылыми тәсілге теліп қоюдан емес, сол мәселеде толығырақ танылмай кенжелеп қалып қойған жағдаяттарды ашып көрсетуден көрініс табады. Поэтика – кез келген шығарманың көркемдік болмыс-бітімінің жиынтығы. Ал, шығарма бітімі жанр, сюжет, мотив, композиция, стиль сияқты сан алуан ұғымдардан тұрады. Осыларды жіліктеп, жіктеп қарастыруға ұмтылудың өзі оның сыр-сипатының ғылыми зердеге ұласатынын аңғартады. Поэтика – стильдің жемісі. Поэтика – көркем шығарманың құрылымдық түрі жөніндегі ғылым, ол жаңа мазмұнның ықпалымен бұл түрдің өзгеруінің тарихи зандылығын ашып береді.

Публицистикадағы «поэтика» термині – журналистің публицистикалық жанр түрін, авторлық шығармадағы кейіпкер жүйелерінің логикалық және эмоциялық ерекшелігін көрсете отырып, авторлық баяндауда бейнелі сөз арқылы өзіндік «менін» көрсете алатындығын, сондай-ақ, публицистикалық тіл стилистикасындағы әдіс-тәсілді ұтымды пайдалана алу қасиет-қабілетін айқындайды. Баспасөз зерттеушісі Е.П. Прохоров поэтиканың арнайы бір түрі

ретінде бейнелеу (суреттеу) поэтикасын атап көрсетеді. «Бейнелеу (суреттеу) поэтикасында публицист кез келген бір автордың нақты шығармасына немесе, шығармашылығының түгелдей кезеңі мен бағыттарына талдау жасайды», – дейді [113]. Демек, публицистикадағы поэтика жеке таланттың шығармашылық шеберлігін жүйелі түрде көрсетеді.

Қаламгер Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқы кезеңге 1956-1969 жылдар жатады. Жазушы сол тұста «Бұлттар көшіп барады», «Болат және Адам», «Әңгелек», «Әмеңгер», «Бақыт қайда», «Командировка», «Достық және махаббат», «Айлы түндегі алтыбақан», «Шерубай-Нұра», «Тракторшы қарындас ән шырқайды», «Ауылдан келген қыз» т.с.с. көптеген әңгіме, мақала, очерктерін жазды. Суреткердің алғашқы прозалық туындылары «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан» дүниеге келді. Бұл кезең іздену, талаптану, еңбектену үстіндегі жас талапкер ретінде Шерханның қанаттану кезеңі болды.

Екінші кезең аралығы – 1970-1980 жылдар. Бұл тұста жазушы қаламынан «41-жылғы келіншек», «Алтын тікен», «Шекшек шырылдайды», «Сусамыр», «Интернат наны» т.б. әңгімелері, «Қасиетті қоңыз», «Ақ мылтық» атылған соң...», «Қаһарман қамал», «Шұғыла тас» т.б. очерктері, «Шыңыраудан шыңға», «Алыптың анасы», «Әдебиет айнасы», «Есілдің арғы жағы, бергі жағы», «Жаңа есім – жарқын болашақ», «Оралтауға барарда» тәрізді публицистикалық мақалалары жарық көрді. Шерханның «Ахметжанның анты» деректі повесі мен өндіріс тақырыбына жазылған «Қара маржан» алғашқы романын туындатқан сәтті кезеңі деуімізге болады.

«Қызыл жебе» тарихи романынан бастап Шерхан Мұртаза басқаға ұқсамайтын өзгеше стилі қалыптасқан шығармашылығы ең кемелденген шағы үшінші кезеңі 1980 жылдардан күні бүгінге дейінгі аралықты қамтиды.

Шерханның алғашқы кезеңде жазылған публицистикалық шығармашылығының дені өндіріс тақырыбына бағытталды. Бұл тұстағы қаламгердің публицистикалық мақалалары шығармашылығының жаңа тақырыпты игеру жолындағы алғашқы барлау, іздену кезеңі болумен қатар, өндіріс сырына үңілу, өз кейіпкерлерімен біте қайнасып өсу, толассыз еңбектену нәтижесін аңғартты. Оның публицистикалық шығармашылығындағы басты ерекшелік – халықтық сипаттың басымдығында.

Алғашқы кезендегі автордың қай шығармасын алмаңыз, күнделікті қым-қиғаш тірліктен, халық өмірінен бастау алды. Негізгі кейіпкерлері – диқан, малшы, шопан, сушы, балықшы, дәрігер нағыз қарапайым халық өкілдері. Олардың тұрмыс-тіршілігі, қуаныш-реніші, қайғы-мұңы көбімізге аян, ал, Шерхан болса, осы күнделікті қарабайыр тірліктен өзгелер аңдай бермейтін жаңалық табады. Мәселен, публицист ретінде шаруашылық мәселесін шығармаларына өзек етті. Шерхан Мұртаза шығармаларына тән басты қасиет – өмір шындығын көркем түйіндеу, жинақтап қорыту, бір сөзбен айтқанда, қаламгер шеберлігінің басты көркі – шыншылдығында.

Шыншылдық дегенді екінші сөзбен айтқанда, өмірдің қат-қабат сырын оқырманға дәл, әрі көркем жеткізе білу деп түсінсек, бұған қоса идея айқындығы, ар тазалығы, халық алдындағы жауапкершілік – суреткер

шеберлігін асырып, мәртебесін көтеретін асыл қасиет екендігі даусыз. Журналистикадағы шындық – өмірдің өзінен алынған нақты факті. Журналист үшін шындықтың өлшемі өмірлік тәжірибеде, ал жазушы шеберлігінің көзі – халықта. Кімде-кім туған халқының өмірін, тағдырын жетік те терең білсе, қайғы мен бақытына ортақ болса, тек сол жазушы ғана көркемдік жасай алады. Жазушының сөз қолданысы дегеніміз – оның өз қолданысы, шеберлік мәнері, стильдік техникасы, әдеби дәстүрді игеруі, көркемдіктің жаңа құралын жасауы деген мәселелерді қамтиды. Өмірдің кезек күттірмес мәселесіне үн қосу, тақырып алуандығы, әр мәселені елеспен, сюжетпен айтуы, тағы басқа аталған қасиеттің бәрі де Шерхан Мұртазаның журналистік, публицистік портретінен айқын көрінеді. Осы тұста біз Шерхан публицистикасы поэтикасының бейнелеуші-көркемдеуші құралы мен түріне: жанрлық табиғатына, сюжеттік құрылысына, көркем-публицистикалық деталь, ішкі монолог пен диалогына, авторлық баяндауының түріне талдау жасап, көркемдік қырын ашуға тырысамыз.

Публицистика дәуір тарихын жасай отырып, тіршіліктің сан-қилы оқиғаны бейнелей отырып, өткенді бүгінгімен, бүгінді келешекпен байланыстыра отырып, болмыстың бүкіл шығармашылығын қалың бұқара алдына жайып салады. Үнемі дамуда, ілгерілеуде, ізденісте болады. Қаламгер заман ағымына сай оқиға мен құбылысты беруде мазмұн мен түр ерекшелігін үнемі жетілдіріп отырады. Баспасөз теориясында публицистика – өмірді зерттеудің, қоғамдағы болмыс, құбылысты бағалап, білудің шығармашылық түрі.

Публицистика – қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған бүгінгі күннің өзекті шығармасы. Публицистика теориясына қазақ тілінде ең бірінші анықтама берген ағартушы ғалым, публицист Ахмет Байтұрсынов: «Көсемсөз күнделікті мәселе жайын сөйлейтін сөз болғандықтан күндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады. Көсемсөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді, теріс басшылық қылса әлеуметті адастырады. Солай болған соң көсемсөз жазып әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам болуға керек», – деп атап өтеді [114].

Ал, журналистика теориясын зерттеуші ғалым Т.Ыдырысов: «Публицистика дегеніміз – жазушы мен журналистің әлеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әрқилы қоғамдық құбылысқа кемел талантпен үн қосуы, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа ертіп еліктіре білуі, қаламгердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді толғауы», – деп ой қорытады [115]. Қалай десек те, публицистиканың көптеген анықтамасы бар, өйткені, кең мағыналы, аумақты бір ұғымға әркім түрлі пікір айтады. Публицистиканың өзі бізді қоршаған өмірден туады, оның нысанасы – сол өмірдің шындығы, өз дәуірінің аса маңызды қоғамдық-саяси көзқарасын жедел түрде бейнелеуші.

Шерхан Мұртаза сүбелі шығармалар жазып, қазақ әдебиетінің өскелең өміріне, журналистиканың өркендеп, дамуына үлес қосқан қаламгер ретінде кез келген жанрда еркін көсіле алатын шеберлігін, өзіндік өрнегін айқындап, тағылымдық арнаға ұластырды. Шеберлік ұғымының ауқымы

– кең. Ол талмай талаптану, іздену, шығармашылық тәжірибе байлығының молдығымен жетіліп, қалыптасты. Демек, шеберлік – өз ісіне иелік ету, ол публицистің шығармашылық қабілеті мен тәжірибесінен көрінеді.

Ш. Мұртазаның алғашқы 1956-1969 жылдардағы жазбагерлік мұрасын жинақтап, топтастырып, тақырыптық, жанрлық жағынан жүйелер болсақ, 50-ге жуық заметкасын, 62-корреспонденциясын, 5-фельетонын, 8-сын рецензиясын, 47-очеркін, 50-ден аса публицистикалық мақаласын мерзімді баспасөзде жариялады. «Газет – бір тәуліктегі әлем тарихы» [116]. Олай деуге себеп, «Газет – жиі шығып тұратын (әдетте күнделікті) мерзімді басылым түрі, оның басты, міндеті болып жатқан оқиғалар ағымы туралы мәселені жеткізу және түрлі ақпараттық мазмұнды материалдар жариялау» [117]. Публицистикалық жанрлар тобына заметка, репортаж, хроника, есеп-хабарлама, сұхбат, очерк, фельетон, рецензия, әңгіме т.с.с. жатады. Шерхан аталмыш газет-журнал жанрының қай-қайсысында болмасын көп жағдайда еркін көсіліп, таңдамай жаза береді.

Жазушы өміріндегі ең елеулі кезең 1956-1969 жылдар аралығында әсіресе, 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің бас редакторы қызметін атқара жүріп, еңбек адамының өмірінен көптеген әлеуметтік, портрет очерктерін, өндіріс тақырыбында проблемалық мақалалар жаза жүріп, болашақ шығармаларының материалын да жинақтай жүрді. Нәтижесінде, «Құрылысшы Дәку» (1958) алғашқы очерктер жинағы, ең алғашқы «Табылған теңіз» (1964) повесінен кейін, іле-шала «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1966), «Мылтықсыз майдан» (1969) шығармалары тап осы тұста жарық көрді. Бұл «Журналистика – күллі шығармашылық қайраткерлігін танытатын сала, ол үшін екі элементті: өнімді, нәтижелі еңбек немесе өнімсіз, қажырсыз еңбекті айқын аңғара білу қажет, бұл екеуінің аражігі әр журналистің шығармашылығынан көрініп тұратындығын» [118] байқатады.

Еліміздегі қоғам алдында тұрған мәселе тұрғысында Ш. Мұртаза дер кезінде үн қатып, ой айтып, тұжырым жасады. «Миллиард толқынында», «Ақық дария алқабында», «Тебіренген теңіз» т.б. очерктері мен «Дән тасқыны», «Поездар заулайды» тәрізді мақалаларында тың өлкесінің абыройлы еңбеккерлерін суреттеп, өндіріс тақырыбындағы публицистикалық шығармаларымен ерекше көзге түсті. Шерханның алғашқы кезеңдегі публицист ретіндегі негізгі мақсаты – белгілі бір тақырыпты таңдап алу, соған байланысты өмір құбылысын мейлінше терең зерттеп, өз көзқарасымен айқын да салмақты қорытынды жасау болды. Бұл ІПерханның ең басты қасиеті – дүние құбылысынан жазуға керектісін, яғни тақырыбын сараптап алу, оның табиғатын, сипатын білімділікпен зерттеу екендігін аңғартады. Қаламгердің бұл екеуінен соң, табиғат берген қабілет, қарымымен шебер жазылған көптеген материалы кейіннен көркем шығармаға айналды.

Кезінде Шерханның «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланған «Қадірлі хаттың ізі» (12 сәуір, 1960.), «Жеңіс қуанышы» (13 сәуір, 1960.) публицистикалық мақалалары мен «Балықшы бақыты» (7 сәуір, 1960.), «Шойын шоқтары» (1 мамыр, 1961.),

«Көктем қоңырауы» (28 мамыр, 1961.) очерктеріне таңдаулы материалдар (очерктер) үшін редакция сыйлығы берілді [119]. «Социалистік Қазақстан» газетіндегі әдеби қызметімен бірге «Өскелең, шығармашылық жолындағы адам» [120] екендігін осындай тың туындылары арқылы дәлелдей түсті. Шерхан 1956-1969 жылдар аралығындағы публицистикасында еңбекқор адамның образын жасауды басты мұрат етіп, сол еңбек адамын, социалистік жарыс озаты ретінде көрсетіп, алдыңғы шепке шығарды.

Ал, 1970-1989 жылдар кезеңіндегі Ш. Мұртаза шығармаларына тән ерекшелік – тақырып ауқымдылығының кеңдігі. Кәнігі журналистік пайыммен өмірдің әр саласынан мәдениетінен, өнерінен, ғылымынан, білімінен, экономикасынан мақала, очерктер жазды. Айталық, «Өскелең мәдениет жаршысы», «Жасампаздық жолымен», «Абай сәулесі», «Алтын күрек», «Таушымылдық», «Отан даңқын асырайық», «Адал еңбек», «Не жетпейді?», «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды», т.б. публицистикалық мақалаларында көбінесе, адамгершілік, парасаттылық, тәрбие, өнер мәселелерін қозғады.

Публицистің «Парасат» журналының 1989 жылғы № 11 нөмірінде жарық көрген «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» проблемалық мақаласы ең өткір, ойлы, жұртты толғандырар қиянатты мәселені қозғайды. Тарихтың астары мен тысына терең үңіліп, көкірек көзі сүзбесінен өткерген Шерхан аталмыш мақаласында осы уақытқа дейін халықтың өткен жолына көз жұмып қарап келгенімізді, Голощекиннің «Кіші Қазан» саясаты халқымыздың тең жарымынан астамын аштықтың құрбаны етсе, Хрущевтің «Тыңды бағындыруы» қазаққа соққы болып тигендігін айтады. Мәселен: «Тыңды, яғни Қазақстанды, «бағындырмақ» пиғыл әріден, біздер біле бермейтін әр алуан патшалар, заманынан басталса керек, Сібірді, Қазақстанның Сібір жақ пұшпағын «бағындырғандардың» басы Ермак шығар. Ермакты «ұлттық батыр» дейтіндер бар. Әйтпесе Ертістің бойында, Павлодар облысында тұтас бір аудан Ермак атымен аталып, сол аттас қалада Ермакқа орасан ескерткіш орнатылар ма еді? Және оның тұғырына: «Ермакқа дән риза ұрпақтарынан!» деп тасқа қашап жазылар ма еді? Ал «ұрпақтары» – кешегі тың игерушілер ғой. Бірақ олардың ұраны: «Тыңды игерейік!» емес, «Тынды бағындырайық!» болды. Тың дегеніміз – жер. Жер дегеніміз – Ана. Ал анасын бағындыратын адам бола ма екен?!», – деп [121] шындық пердесін ашқандай, дөп басып айтады.

Дәл осы «Тыңды бағындыру» кезінде мындаған қазақ ауылының шаңырағы шайқалып, қазақ мектептері жабылғандығын: «Сол «Тың эпопеясы» тұсында қазақ мектептері жабылғаны туралы, жергілікті халықтың мың жылдық тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, халықтың ұлттық қасиеті топырақпен бірге қақырап бара жатқаны туралы поэмалар жазылған жоқ... Мектеп жабылған соң – тіл кетті. Ал ана тілінен айрылған халық – о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айрылған ұлт – тарихынан, тұп-тамырынан айрылған ұлт. Тілсізді ұлт деуге де келмейді. Тілінен айрылған халық – ата-бабасының, туған әкесі мен туған анасының атын ұмытқан халық...», – деп [121, 7б.] жаза отырып, тың игеру заманның күрделі құбылысы болғандығын ашына суреттейді.

Кең аймақта жүргізілген осы бір қозғалысқа сол кезде бүкіл ел, халық араласты. Бір ғана ұлттың мүддесі, тіршілік қалпы ескеріліп жатпады, тіпті онымен санасқан да жоқ. Тың жерлерге жүздеген мың адамды жаңадан қоныстандырып, егіс көлемін ұлғайтып, астықты молайту керек болды. Саясат та, экономика да осы талапқа бағынатыны мәлім. Сөйтіп, қазақ жері «халықтар достығы лабораториясына» айналды. Шерханның «Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды» проблемалық мақаласы – бір ғана тарих емес, жер, тіл мәселесін қамтып, ұлт туралы өзекті ой қозғай білгендігімен құнды. Қаламгердің осы мақаласы төңірегінде оқырман тарапынан қоғамдық пікір білдіріп, ой туындатқаны да кездесті.

Шерхан осы жылдар кезеңінде сұхбат, эссе, жолсапар очерк, роман, повесть, әңгіме, пьесаларымен оқырман қауымның қадір-құрметіне бөленді. Әсіресе, «Оянған өлке», «Қазақ солдаты», «Кездеспей кеткен бір бейне» сияқты кесек шығармаларымен танымал жазушы Ғабит Мүсірепов туралы «Ғабит Мүсірепов – тәлімгер», «Қаңтарулы қазанат» мақала, эссе-естеліктері мен «Екі редактордың әңгімесі» сұхбаты көпшілік көңілінен шықты. 1986 жылғы 26 желтоқсанында «Қаңтарулы қазанат» эссе-естелігін «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады. Ұлы жазушы Ғабитке деген сағыныш, ықыласын қаламмен емес, жаспен жазғандай сезіледі: «Кабинеттегі әр зат қымбат, қастерлі, Ғабит Мүсіреповтің көзіндей аяулы. Әне, анау жасыл блокнот... Жасыл блокноттың жанында Ғабеңнің қолымен жазылған хаттар... Эпистолярлық мұра... Бұл келтірілген жазулар үнсіз кабинет байлығының бір тамшысы ғана. Әлі сыр ашпаған, «ауыз ашпаған» жазулар қаншама Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1985 жылдың 31 желтоқсанында дүние салды. Содан бері бір жыл өте шықты. Содан бері бұл кабинет жабық. Иесі майдан даласында мерт болған қаңтарулы қазанат сияқты...», – деп [122] ішкі сағынышын, жазушыға деген сүйіспеншілігін ойлы суретпен беруі кім-кімді де толғандырары хақ. Өйткені, «Ғабит Мүсірепов мектебі – қазақтың даналық, мінез-парасат мектебі. Ол мектептен өтпеген, дәріс алмаған ұрпақ өзінің тиісті несібесінен құр қалған ұрпақ» [123] екендігін ескеріп, жазушымен көрген-білген оқиғасын мақтанышпен жазып, үлгі алар жазушы бойындағы асыл қасиетті берік ұстанды.

Жазушы Ғабит Мүсірепов Шерхан шығармаларынан көп үміт күтті: «Ол кісінің (Ғабит Мүсірепов) Шерханға деген көңілі ерекше еді. Әсіресе, оның шығармаларын ерекше ұнатып, көп үміт күтетін. Шерханда ерекше қасиет көп. Соның бірі – орнықты мінезі. Сол мінез шығармаларынан көрінеді. Өзі қандай орнықты болса, шығармалары да сондай. Сөзі қоргасындай, ойын терендетіп жазатын жазушы. Шерханның Ғабеңмен бір ұқсастығы бар-ау деймін. Ғабит Мүсіреповтің: «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген әйгілі сөзі бар ғой. Сондай қайсарлық Шерханда да бар. «Бесеудің хаты», «Сталинге хат» трагедиясы кешегі әлі тәуелсіздік алмай тұрған, әлдеқандай заман бола ма деп тағдырымыз қыл көпірдің үстінде тұрғанда осындай шығармаларымен ақиқатты айтуы оның азаматтығын терең айшықтай түсті. Бұл – қайсар азаматтың ісі. Біздің шығармашылыққа жетпейтіні де осы» [7, 75-76 бб.].

Шерхан Мұртазаның «Тұрар Рысқұлов», «Алыптың анасы – халық», «Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз», «Айға шағылған найза», «Туфан дос», «Шыңғыс және шындық», «Кітап теңізіндегі жиһангер» атты эссе-естеліктерінде замандастарының, ірі тұлғалардың ерекше қырын, өткен өмір жолын, ғұмырының мән-мағынасын ашып, сыр-сипатын таныта түсті. Эсселерінде ұтқыр ой, сырлы сөз, шағын мінездеу, бейнелеу ерекшелігі көрініс тапты. Жалпы «Эссе – француз сөзінен алғанда «тәжірибе, ұзын-ырға, нобай» дегенді білдіреді. Мұнда эссеист өзіндік позициясын берік сақтап, емін-еркін ұстайды, жиірек, әлсін-әлсін тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, теріске шығаратын, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтан бөлек, тың болжам мен түйінге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры» [124] екендігін ескерсек, Шерхан шығармашылық жолындағы замандастарының өзіндік қолтаңбасын шынайы түрде суреттеді.

Шерхан екінші кезеңдегі публицистикалық туындыларын «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор тұсында жазды. Белгілі журналист М. Кольцовтың: «Мен оқтын-оқтын газет редакторының баспасөзге публицистикалық мақала жазып тұрғанын қалар едім. Болмаса ол редакциядағы жәй әкімгер ғана болып қалады», – деген пікіріне толығымен қосылуға болады [125]. Себебі, Шерхан редакторлық басшылығымен қоса, баспасөзде жолсапар очерктерін, мақала, сұхбаттарын үзбей жариялап отырды. Нәтижесінде, «Интернат наны» (1974), «Не жетпейді?» (1990) атты публицистикалық жинақтары дүниеге келді. Бұл Шерханның бас редакторлық тәрізді беймаза жұмыспен жүріп, осындай шығармашылық белсенділік әрі өнімділік танытуы, ең алдымен, қоғам мен халық алдындағы суреткерлік парызды жоғары қоя білудің тікелей жемісі екендігін байқатады.

Ш. Мұртаза шығармашылығының үшінші кезеңі – 1990 жылдардан бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Оның осы аралықтағы публицистикасынан баспасөздің басты қаһарманы адам емес, күнбе-күнгі мәселе екендігі көрінеді. Шерхан үшін басты мәселелер – саясат, экономика, қаражат, жұмыссыздық, жекешелендіру, т.б. адам жөнінде айтылғандардың өзінде, ол жалпылама ұғымда: студент, оқырман, жаңа қазақ, парақор мен жемқорлар аясында көрініс табады.

Қаламгердің 90-шы жылдардан кейінгі публицистикасын қоғамдық-саяси сипаты жағынан шартты түрде төрт үлгіде кездеседі. Біріншісі – публицистің өзі өмір сүрген қоғам қайшылығын саралап, зерделей жазатын мақалалары, екіншісі – жаңа кезендегі жақсы жетістікті үлгі етіп, насихаттап жазатын мақалалары; үшіншісі – ел байлығын, қазынасын паш ете, цифрлы тілмен, нақты фактімен бейнелей жазатын мақалалары; төртіншісі – қазіргі қазақ журналистикасының мәселесін толғай жазатын мақалалары. Әр қаламгердің өзіне тән баяндау стилі, көсемсөздің жаңадан қалыптаса бастаған, тыңнан туып жатқан жанры, журналистің білім деңгейі, шешендік қабілетіне байланысты сөз байлығы, шығармашылық шеберлігі болатындығын ескерсек, Шерханның да көсемсөз жанрының шебер жазылуына аса мән беретіндігін, өзіндік жазу тілін байытып отыратындығын аңғарамыз.

Ұлттық баспасөзде эксклюзивті сұхбаттың үлгілері көптеп кездеседі. Бұған Шерхан Мұртазаның елбасы Н.Ә. Назарбаевпен, қоғам қайраткерлері А. Асқаровпен, Ө. Жәнібековпен т.с.с. жүргізген дербес сұхбаты мысал болады. Бұл сұхбаттың ерекшелігі қалыптасып отырған нақты қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік мәселені ұғындырып, түсіндіру мақсатын көздейді. Өзге басылымдар осы газетке сілтеме жасай отырып, мұны көшіріп жазуы мүмкін. Жанрлық ерекшелігі жағынан келгенде, эксклюзивті сұхбатта монолог, диалог, сұрақ-жауап түріне тән белгі кездеседі. Мысалы, Шерханның «Егемен Қазақстанда» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен эксклюзивті сұхбаты жарияланды [126]. Президенттің «Мен Әбілқайыр емеспін!» деген сөзі бас тақырыпқа шығарылды. Осы жарияланымнан сұхбаттың эксклюзив түріне тән мынадай белгі аңғарылады. Шерхан алдымен, бастан кешіріп отырған XX ғасырдың ғаламат сипатына ой жүгіртеді. Азаттық пен тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқының тағдыры жайлы толғанады. Тәуелсіздікпен қоса есімі ел тарихына кірер алғашқы қазақ Президентінің билік құзырын қолына алғаны XX ғасырдың соңғы он жылы жайында айтып өтеді. Елбасының республика өмірінде соңғы жыл ішінде болған оқиға туралы ой бөлісетінін білдіреді, әңгіме арқауын ел туралы, елдік мінез-қалпымыз бен тұтастығымыз, ынтымағымыз, бірлігіміз жайында болатындығын көрсетеді.

Шерханның «Мен Әбілқайыр емеспін!» сұхбаты ел өміріндегі елеулі оқиға республика Президенті өкілеттігін ұзарту туралы референдум қарсаңында ұйымдастырылды. Қоғамдық-саяси өмірдің кейбір өзекті мәселенің себеп-салдарын жұртшылыққа ұғындырып, түсіндіру, болашақтағы іс-қимыл бағытын айқындау мақсатында туды. Яғни, Президент республиканың бір ғана басылымына – бас газетіне дербес сұхбат берді. Міне, сұхбаттың эксклюзивті, яғни, меншікті болуының сыры осында. Әрбір публицист өз заманының, дәуірінің ұлы десек, сөз жоқ, оның шығармаларында сол дәуір құбылысы, оқиғасы көрініс табады. Ал оқиғаға кім қалай баға береді, қалай суреттейді, бұл– публицистің жеке стиліне байланысты. Демек, «Стиль – табиғи таланттың жемісі» [127]. «Егер публицистика стилі туралы айтар болсақ, – дейді зерттеуші В. Здоровега, – мұнымыз публицистің идеялық-әдеби өзгешелігі, дүниеге көзқарасы, өмірлік тәжірибесі, мәдениет, мінез-құлқы, темпераментінің көрінісі болып шығады» [128].

Ұлтжанды Шерхан Мұртазаның журналистік шеберлігіне айбарлы мінезі мен азулы пікірі парламенттік бас қосуда, баспасөз бетінде болсын, халықтың көкейінен шыға білді. Шерханның 90-шы жылдағы публицистикасын саралап, екшегенде басым көпшілігін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты (№ 52 Меркі сайлау округі бойынша 1994 жылдың 14 ақпанында сайланды), Парламент Мәжілісінің депутаты (12 қазан, 1999) кезінде «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» сынды басылымдарда көптеп жариялады. Шерханның әрбір проблемалық мақаласы саясаттың әлжуаз, әлсіз жағынан сын көзқарасын батыл көрсеткендігімен құнды болды. Демек, публицистің мақсаты– қоғамдағы қажетті, өзекті мәселені насихаттау.

1990 жылы қоғамда жаңару жүйесі басталып, ел егемендік алып, баспасөз бостандық туын желбірете бастаған соңғы кезенде зерттеліп отыр-

ған нысананың публицистикада айшықты пафос, дәуір үнін дөп басқан шынайылық, тақырыпты таңдап алудағы көкейтестілік сезіле бастады. Ш. Мұртазаның өмірдің өзекті мәселесін сөз етіп, түрлі тақырыпта жазған ірілі-ұсақты 200-ге жуық мақаласын топтастырып, талдағанымызда, әсіресе, тіл, баспасөз, нарықтық экономика, ішкі және сыртқы саясат, экология, қазақ журналистикасы, көші-қон мәселесі, ел мен жер, адам және қоғам, оқу-білім, ғылым, мәдениет, өнер, тарих, дін, имандылық, жемқорлық, парақорлық, жастар тәрбиесі (ұрлық, нашақорлық, жұмыссыздық, қылмыс т.с.с.), Қазақстан тәуелсіздігі тағы сол сияқты тақырыптарға айрықша зер салғандығы байқалады. Мақалаларының дені жеке адамға ғана емес, күнбе-күнгі ауқымды мәселеге арналды. Бұл – Шерханның замана бағдарын толықтай сезініп, қаламгерлік даралығы биік орнығып, түрлі тақырыпта мақаласын жариялап, аса танымал болған шағындағы биік жетістігінің мол нәтижесі.

Шерханның осы жылдарда жазылған публицистикалық мақалалары көбіне-көп қоғамдық ой-пікірдің туындауына, негіз болды. Ш. Мұртазаның жазғаны қай кезде де оқырман көңілін толқытып, жүрегін сыздататын мәселеден туындайды. Соның ең бастысы, Шерхан Мұртаза үшін – ұлт мүддесі, жер мәселесі. «Ақ жарылқап заман үшін», «Қиналғанда шыққан сөз», «Тәуелсіздік толғағы», «Бөліп ал да, билей бер!», «Тәуелсіздік ешқашан сатылмайды», «Анасын сатқан бар ма екен?», «Сатылмаған не қалды?», «Алтын сандықтың кілті кімде?» т.с.с. проблемалық мақала, хаттарында бүгінгі күні әр кімді ойландырып, толғандырып отырған өмірдің өзекті мәселелері қозғалды. Еліміздің тағдыры, жеріміздің жайы үлкен мәселе екендігі айтылады. Мәселен, Шерхан Мұртаза «Егемен Қазақстан» газетінің 1994 жылғы 10 маусымында жарық көрген «Империяның улы жемісі» атты мақаласында: «Жүздеген жылдық империялық қанау халқымыздың тұтастығын ту-талапай етіп келді. Империяның ежелден келе жатқан ұрандарының түп қазығы «Бөліп ал да, билей бер!». Бұл ұранның жан түршіктірер мақсаты – тәуелді халықтың бет-бейнесін, ақыл-санасын, салт-дәстүрін, психологиясын, мінезін өзгертіп, тілін жойып, дінін жойып, жер-суының атына дейін өзгертіп, ұлттық сипаттан жұрдай ету. Осы тұрғыдан алғанда күні кеше коммунистік империя күйреуінің алдына қазақтар ұлт ретінде жардың жағасында тұрды», – деп жазады [129]. Ал, «Мемлекет дәулеті талапайда кетсін деген заң жоқ» («Егемен Қазақстан», 9 маусым, 1990) деген проблемалық мақаласында: «Жерді сатайық» дейді. Иесіз жатқан жер жоқ. Егер жер сатылар болса, оны сатып алуға кімнің шамасы келеді? Өз жерінде өзің әлдекімге құлға айналарсың» [130].

«Сонда жерді кім сатып ала алады? Дәл қазір бизнесмендер, оңай байығандар ғана ала алады. Шетелдік байлар ала алады. Ал, жалпы халық, қалың қазақ бұл үлестен құралақан қалады. Өйткені, барлығының дерлік шама-шарқы белгілі, – деп жазады. Бұл тығырықтан шығу жолын «Бөліп ал да, билей бер» («Егемен Қазақстан», 26 қаңтар 1995) мақаласында: «Жер жекеменшікке берілсін. Бірақ жалға, белгілі бір мерзімге жалға, арендаға берілсін. Ал, түпкілікті сатып жіберу әбестік», – деп атап өтеді [131].

Шерхан үшін жер мәселесі қашанда көкейтесті мәселе болды. Жер сатылсын деген ұрымтал ұран Жоғарғы Кеңес сессиясында сонау тоқсанын-

шы жылдардың басында да көтерілген, сол ұранды көтеруші Үкімет болатын. Алайда, бұл ұсыныстың кезінде Ш. Мұртаза Балғабек Қыдырбекұлы, М. Тінікеев сынды депутаттар өткізбей тастады. Осы ретте баспасөзде «Жерді саттық дегеніміз – елді сату» атты Қазақстан қаламгерлері мен зиялы қауым өкілдерінің Қазақстан Президентіне ашық хаты жарияланды [132]. Шерханның өзі бұл төңіректе 1999 жылдың 27 шілдесіндегі «Егемен Қазақстанда» «Анасын сатқан бар ма екен?» проблемалық мақаласында: «Жер – Алланың адамзатқа бұйыртқан баға жетпес байлығы. «Жерді сату деген идея тек отансыздардың ғана ойына келеді», – деп жазды [137].

Демек, «Публицистика – өмірдің әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, ғылыми және басқа да рухани құбылыстарын, өмір фактілерін өзіне арқау ететін жанр» [134] екендігін ескерсек, Шерханның жазбаларында күнделікті қым-қиғаш тірліктен, халық өмірінен, әлеуметтік саладан бастау алатындығын көреміз.

Парламент Мәжілісінің депутаты Ш. Мұртазаның «Әлеуметтік және мәдени даму» комитетінің «Жер мен ел» депутаттық тобында болды. Ол «Егемен Қазақстан» беттерінде «Анасын сатқан бар ма екен?» (27.07.1999), «Бірікпесек бөрі жейді» (01.10.1999), «Сайлаудан соңғы ойлар» (19.11.1999), «Кездесуден кейінгі ойлар» (28.04.2000) т.б. проблемалық мақалаларында мемлекеттің, ел мен жердің тағдырына қатысты кез-келген мәселеге ең бірінші болып үн қосып, ашынып, ашығын айтты. Бұл Шерханның батылдығын көрсетіп қана қоймай, ақиқатты, шындықты дер кезінде оқырманға дәл, нақты жеткізетін қаламгерлік шеберлігін аңғартады. Журналист Алтынбек Сәрсенбаевтың: «Маған Шерағаңның Шерхан Мұртазаның бітім-болмысы қатты ұнайды, әрі таңқалдырады. Үлкен суреткер, халық жазушысы бола жүріп бүгінгі күннің өзекті мәселесін жан-тәнімен сезініп, шағын мақалаларының өзінен-ақ журналистиканың классикалық үлгілерін көрсетуі қолына қалам ұстаған әрбір азаматқа өнеге болмақ», – деген [135] ақжарма пікіріне толығымен қосылуға болады.

Шерхан Мұртазаның публицист Камал Смайыловпен «Егемен Қазақстан» газеті арқылы жарты жыл бойы (12 шілде 1996 жылдан – 26 желтоқсан 1997 жылға дейін) жазысқан публицистикалық хаттары үлкен әлеуметтік мәселені қозғады. Қос қаламгердің қоғамдағы толып жатқан тың өзгеріс пен экономикалық қиыншылықты, жұмыссыздықтың пайда болуын, қылмыстың көбеюін, ауыл жағдайын, халық тұрмысының төмендеуін, білім, ғылым, денсаулық, мәдениет, әдебиет, өнер салаларындағы тоқыраулар жайын қазақ оқырманына дер кезінде жеткізуі айрықша оқиға болды. Бұл хаттарда адам болмысы мен қоғамдық өмірдің қамтылмаған саласы, көтерілмеген мәселесі қалған жоқ.

Эпистолярлық жанр табиғатына қысқаша тоқтала кетсек. Мәдениетті елдерде хат – әдебиеттану, тарих ғылымында арнайы қарастырылады. Кезінде ойшыл Герцен: «Дәуір документі» деп атаған хат табиғаты, тағдыры, жанры жөнінде ғалымдар күрделі пікір айтады. Мәселен, зерттеуші Юрий Тынянов: «Хат – эпистолярлық жанр. Ол тұрмысқа өз міндетімен келіп, біртіндеп әдеби фактіге, одан әдеби жүйеге өтетін құбылыс», – деп атайды [136]. Ал, академик М.П. Алексеев болса, хатты – «Мемуарлық жанр» үлгісі

ретінде қарастырады [137]. Бұл тұста Юрий Тыняновтың хатты эпистолярлық жанр деуі негізді. Ғалым М.П. Алексеевтің хатты мемуар деп отырған себебі, хаттың автор өмірбаянына қатысын ескеруден туындаса керек.

Эпистолярлық жанр жөнінде әр кезде Г.П. Макогоненко, Р.М. Лазарчук сынды ғалымдар пікіріне қосылуға болады. Олар жанр дәстүрін, табиғатын жан-жақты зерттеді. Егер біз публицистиканың ежелгі эпистолярлық үлгісіне дендеп зер салсақ, оның қалыптасу жүйесінің сонау антика дәуірінен бастау алғандығын аңғарар едік. Сол кездегі Цицеронның, Горацийдің, Сенеканың хаттары – эпистолярлық публицистикасының бастамасы еді. Ал, қазақ публицистері арасында Шоқанның, Ыбырайдың орыс достарымен жазысқан хаттары, Н. Төреқұловтың, М. Шоқайдың, М. Дулатовтың полемикалық хаттары, Мұхтар Әуезов пен Мәлік Ғабдуллиннің қазақ поэзиясы төңірегіндегі ойды ортаға салған хаттары, Қ. Мұхаметжанов пен І. Кеңесбаевтың тіл мәселесін қозғап жазған хаттары эпистолярлық мұра болып саналады.



Камал Смайылов пен Шерхан Мұртаза

Әлемдік әдебиет тарихына көз салсақ, ұлы жазушылардың адамзат тарихынан мәңгі орын алған туындылармен қатар, олардың эпистолярлық мұрасы да әрдайым әдебиет сүйер қауымды қызықтырып келген. Әдебиеттегі ірі тұлға, айтулы қаламгерлердің хаты да барынша құнды. Бұл – жазушы талантының тағы бір қырының көрінісі. Қалың көпшіліктің классиктер көркем шығармаларына ғана құмартпай, олардың хаттарына да

ілтипатпен қарауы сондықтан болар. Осы ретте Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың хаттарының жинақталып, жарық көруі қалың оқырманды баурап, қызықтыруы заңды («Елім, саған айтам, Ел басы, сен де тында!»).

Шерханның хаты Камалдың «Егемен Қазақстанда» «Қазақстан XXI ғасырда» деген проблемалық мақаласына жауаптан басталады. Публицист К. Смайыловтың аталмыш мақаласында: «Қазақ жері кең байлықтың қазынасы. Енді кілт алақанымызда», – дейді. Камалдың бұл пікірін Шерхан 1997 жылдың 29 қарашасында «Жас Алаш» газетіне берген «Шындықтың жолы шырғалаң, әділеттің жолы әлжуаз» сұхбатында былай деп жалғастырады: «Қазақстанның байлығын барлығымыз білеміз. Алтын сандықтың кілті қолымызда екен. Ендеше неге алтын сандықтың қожасы бола тұра лыпасыз жүреміз?! Неге жарымаймыз? Неге ашпаймыз алтын сандықтың аузын? Неге інжу-маржанын шашпаймыз мына халыққа. Камал мырзаның ой-ниеті дұрыс. Мен оны іштей қуана құптадым. Бірақ алтын сандықтың кілті қолымызға тиді екен деп марқайып жүре беруге бола ма мына заманда? Оны қажетке жарату керек. Қалай? Қайтіп? Міне, мәселе қайда жатыр! Мен осы ойларымды Камалға газет бетінен білдірдім. Ол үн қосты. Камал мырзамен жазысқан хат осылай басталған. Кейін ол өрекпіген көңілін басып, сабырлы ойға түсті», – дейді [110].

Шерхан Камалға жазған «Бай. Кедей. Орташа» (Егемен Қазақстан, 28 қазан, 1997.) хатында адамдар арасындағы алшақтықты реттеу мәселесін сөз етеді. Автор: «... Бұл үшеуі де қоғамға қажет болған жағдайда Бай мен Кедей аңдысады да жүреді. Бұл жақсы емес. Онда қоғам сүттей ұйымайды. Асылы, тыныштық Орташада», – деп жазады [138].

Шерханның мұндағы айтайын деген ойы– аса бай адамдар мемлекетке жандары ашымайды, ал кедейлердің мемлекетке жағдай жасауға қауқарының жоқтығы. Себебі, аш адам аштықпен бір сөз айтса, бір тойса, өзгеше сөз айтпақ, яғни оларда тұрақтылық жоқ. Ал мемлекеттің қуаты – Шерхан айтқандай, орташаларда. Олар – тұрақты. Оларға мемлекет қорғаныс механизмі ретінде керек. Сондықтан, орташалар мемлекеттік, елдік сөздерді сөйлейді.

Кешегі КСРО-ның барлық елдерін қамтыған орасан зор қоғамдық дағдарыс іс жүзінде өмірдің барлық жағына экономика мен әлеуметтік саладан бастап, құқықтық және рухани, имандылық мәселесіне дейін зардабын тигізді. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуына келтіретін түрлі сенімсіздік пен моральдық тоқыраушылықтың болғандығы жасырын емес. Міне, осы сәтте ұлттық рухты қоғамдық күшке, әр отандастың қуатына айналдыру ортақ мәселе болды. Адамның жан дүниесін өтейтін рухани құндылық саналы азаматтардың сапалы білімін арттыру көзделді. Еліміздің болашағы жас ұрпақты ұлттық намыспен, ана тілімен, адамгершілік қасиетімен өсіріп, тәрбие беру ең басты міндетке айналды. Ұрпақ тәрбиесі – Шерханды толғандырмай қоймаған тақырыптың бірі екендігі Камалға жазған «Алтын сандықтың үстінде отырып» (Егемен Қазақстан, 12 қыркүйек, 1996.), «Кедеймін деп қорланба» (Егемен Қазақстан, 7 желтоқсан, 1996.), «Әкімдер ойланар ма екен?» (Егемен Қазақстан, 28 тамыз, 1997.) хаттарынан аңғарылады.

Елдегі жұмыссыздықтың ауылдағы жастарға тигізіп отырған зардабын, «Қазіргі ұрпақ арақ дариясында малтығып қалғанын» («Кедеймін деп қорланба»), ұрлық-қарлықтың көбеюін ашына жазады. Еліміздегі жұмыссыздар саны 956 мың адамға жетіп отыр. Бұл – кез келген қоғамды ойландырмай қоймайтын күрделі мәселе. Демек, бұл Ш. Мұртазаны да тегін алаңдатып отырған жоқ, елім, жерім, ұрпағым деген ой-толғанысын «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Дат!» айдарында батыл толғады. Заманның әлеуметтік мәселесі мен қоғамда кездесетін келеңсіздікке Шерханның батыл баруы, әділетті үн көтеруі уақыт, дәуір алдындағы шамадан тыс жауапкершілікті сезінетіндігін байқатады. Қаламгердің адам мен қоғам арасындағы тығыз байланысты, өмірде болып жатқан өзгерістерді батылдықпен, шапшаңдықпен жазылған публицистикалық туындылары оқырман арасында жоғары бағасын алды.

1998 жылдың желтоқсанында елбасы Н.Ә. Назарбаев «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрестің 1999-2000 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресте қоғамдағы экономикалық дамуына ықпал ететін жайт өте көп. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – қылмыскерлерден туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Шерхан Мұртазаның: «Мемлекетімізге зарығып жеткен тәуелсіздігімізге төніп тұрған орасан қауіп – жемқорлық, парақорлық, ұрлық-қарлық!», – деуі өте орынды [139]. Халық қазынасына қол салатындар туралы «Адам құнында»: «Әттең, бір зор Магнит болса! Солардың бәрін сорып алатын. Сол зор Магнитке, миллиардтаған арам ақшалар, арам ақшаға салынған жекеменшік салтанатты сарайлар, жарқ-жұрқ еткен мерседестер, суық қолда нақақ кеткен зауыттар, фабрикалар, кеніштер сол Зор Магнитке өздерінен өздері келіп жабысып қала берсе», – деп қолдан келер басқа дәрменнің жоқтығынынан осылайша қиялға үміт артады [140].

Публицистің «Егемен Қазақстанның» 1997 жылғы 26 маусымында жарық көрген «Кірлеген дүрбіні кім тазартады?» мақаласында: «Әділеттің әкесі өліп, шешесі жесір, өзі жетім қалған. Әйтпесе, көшеден жасыл шамға қарап өте бергенімде, тасыраңдап «Мерседеспен» қағып кете жаздайтын боқмұрын бозбала қоғамға не берді, мен не бердім? Таразы қайда? Әділет таразысы. Түбіріне қарасаң: әлгіні тайраңдатқан байлық – біздің жылдар бойы еткен еңбегіміздің жемісі ғой», – деп ашына жазады [141].

Тағы бірде Шерхан қоғам дертіне іштей күйіне отырып: «О, Жемқорлық! Парақорлық! Ұрлық-қарлық! Бай Қазақстанның қалтасын қағып, қазынасын тақырлаған осы ағындар емес пе?», – деп [142] күйзеле отырып, осы сұрақтарға жауап іздеуге тырысады. Шерхан кейінгі зиялы жастарға имансыздықты, ұрлық-қарлықты, жауыздықты, қатігездікті үйретіп жатқан көбінесе, имансыз коммерциялық теледидардан екендігін айтады: «Оның «жемісін» күнде көріп жүрміз. Не көп – кісі өлтіру көп. Не көп – ұрлық көп. Идеология бізге керегі жоқ дедік. Ал жат елдердің бізге жаппай жұмсап отырғаны – идеология. Бір оқ шығармай санаңды, рухыңды, жан-тәніңді, ақыл-ойыңды жаулап алу; сөйтіп сені құлаққесті құлға айналдырып, дию пішіндес ету идеологиясы» [143]. Қолдан әлсіреген ұлттық мәдениет, ұлттық рух ұрпақ санасына әсер етпей қоймайтындығын баса ескертеді.

Осындайда Мұстафа Кемал Ататүріктің: «Түрік ұланы! Мәдениеті кемшін халық бір көзі соқыр, бір қолы шолақ, бір аяғы ақсақ мүгедек адамға ұқсайды. Түрік ұланы! Әлем алдында осындай мүгедек болып көрінбес үшін мәдениетіңді көтер, руханиятыңды асқақтат», – деген [144] аталы сөзін алға тартады. Мәдениет, әдебиет, өнер, өркениетті қоғамның негізі екендігін «Егемен Қазақстан» газетінің 1995 жылғы 30 қарашасында жарық көрген «Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде...» мақаласында: «Қорқыт бабаның қобызы сарнап тұрған кезде оған ажал жолаған жоқ. Бұл – өнердің, музыканың күші. Ал, Қорқыт әлдеқалай сәл сәтке қалғып-мүлгіп кетіп еді, қобыздың құдіретті сарыны тоқтап қалды. Сол сәтте Қорқытты жылан шағып өлтірді», – деген [145] ой-түйінмен нақтылай түседі. Бұл тұста Шерхан «Мәдениеті жоқ, өнері өлген елдің өзі де рухани аштықтан өледі», – деген ойды басты нысанаға ала отырып, халық мәдениеті мен өнерінің биік өресін көтеру қажеттігін алға тартады.

2000 жылдың 12 мамырында «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде халық жазушысы, Республика Парламент мәжілісінің депутаты Шерханның Қазақстан Республикасының премьер-министрі Қасымжомарт Тоқаевқа хаты жарияланды. Жұртты елең еткізген бұл хат шын мәніндегі ой-толғанысқа толы жүйелі сөз еді. Хаттың түп астар түйіні елдік проблеманың көтерілуінде жатқан болатын. Өкінішке орай осы хатқа Тоқаевтың тарапынан жауап болмады. Оның жауабын Қоғабай Сәрсекеевтің «Басты мақсат, биік міндет» атты Қазақстан Республикасының премьер-министрі Қасымжомарт Тоқаевтан алған сұхбатындағы: «Үндемегенім білместіктен емес, жауабын да жазып қойғанмын, бірақ жариялауға ыңғайсыз көрдім. Шерхан ағаның хаты, шын мәнінде, ағалық сөз болды. Бұл менің жай айта салған сөзім емес, риясыз көңілден шыққан адал сөзім. Ең бастысы, Шерағаң елдік проблема көтерді», – деп пікірден көруімізге болады[112, 102 б.].

Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның жеке архивінің бір бөлігі – жүрегінің қылын тербер бозбала шағынан деректер беретін сағынышқа толы хаттары. Яғни, Шерхан Мұртазаға жазған, Шерхан Мұртаза жазған жүз елуге жуық хат. Бұл хаттар – Шерхан Мұртазаның өмірлік бір белесінде ғана жанына жақын адамдармен бейресми түрде алысқан. Олардың негізгі бөлігі 1950-1955 жылдары, ішінара 1957, 1959, 1960-шы, 1980-ші жылы жазылған. Олардың ерекшелігі – бұрын-соңды еш жерде жарияланбауы.

Шерхан Мұртазаның жеке архивінің тағы бір бөлігі – күнделіктері. 1949 жылы Жамбыл қаласындағы Жамбыл мектебінің соңғы сыныбында оқып жүрген Шерхан Мұртаза жұқа ғана оқушы дәптеріне күнделік жазуды бастаған. Содан кейін өмірінің соңына дейін жүрегінің түпкірінде жатқан өзіне ғана мәлім сырлары мен құпияларын қағаз бетіне түсіруден жалықпаған.

Сақталған хаттардың ішінде Шерханмен Жамбыл қаласындағы Жамбыл атындағы мектеп-интернатта білім алып, достықтары ажырамаған Әбдуәлі Данайдан келген хаттар жиырмаға жуық екен. Оның көбісін Шерханға Әбдуәлі Ленинградта білім алып жүргенінде жазған. Кезекті бір хаты: *«Алтын нұрлы еліңнен достық сәлем! Жамбыл қаласынан жалынды сәлем жолдап отырған Әбдуәлі деп білерсің, Шерхан. Немене көптен бері хат салмай*

қойдың, әлде менің жазған хаттарым өзіңе жетпей жатыр ма. Бас себеп менен хат алмағаның шығар. Сенің хәліңді Кеңесбектен біліп, айдарлы ақ жүзіңді көріп (суреттен) қуанышқа бір кенелдім. Бұл жақта өзгеріс шамалы. Баяғы қалыбынан өзгерер емес. Өз тұрмыс халің, сабақ жағдайың қалай болып жатыр. Қанағаттанарлық па? Әрине Отанымыздың бүлкілдеп соққан жүрегінде көңілді-ақ шығар, егер жағдай болса...

Сәлеммен досың Әбдуәлі. Жамбыл қаласы 19/12. 1950 ж.» [14, 7 б.].

Әбдуәлі досы туралы Шерхан өз сөзінде: «Сендер Темірбек Қожакеевті «мық шеге» дейсіңдер. Ал біздің Әбдуәлі Данай «нақ шеге» деймін. Екеуміз соғыстан кейінгі жылдары Әулиеатадағы Жамбыл атындағы мектепте бірге оқыдық. Қаратай Тұрысовпен бәріміз бір бөлмеде жатып, бір табақтан ас ішкен жандармыз. 1950 жылы мектепті бітірдік. Әбдуәлі мен Қаратай мектепті күміс медальмен бітірді. Өмір бойы бір-бірімізден көз жазып қалған емеспіз. Оларды мен ұмыта алмаймын, – деп балалықтан бірге келе жатқан досы туралы жылы лебізін білдіреді [14, – 10-11 бб.].

Жырақтарда жүргенінде, студенттік қысыл-таяң кезінде дәл осы хаттар оның жанына жылу беріп, туған жерін сағынғанда демеу болғандай. Біраз бөлігі Әбдуәлі, Төлен, Әбутәліп достарынан келген хаттар.

Бүгінде Шерхан Мұртазаның 100-ден аса қойын дәптері барын шамалып білеміз. Соның 65-і Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығында сақталған. Олар орталыққа 2021 жылы жазушының Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Талапты ауылындағы үйінен жеткізілді. Орталық қызметкерлері өз үйінде қатталып, рет-ретімен жинақталған бұл құнды архивті саралап, жазбаларының бір бөлігін Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына орай «Ауылды, сені сағынам» сериялық кітабының I, II томдарына басып шығарды.

Шерхан Мұртазаның 2000 жылдары жазылған «Бір кем дүниесі» – терең философиялық мәнге ие, өмірдің мәні мен пенде тағдырына қатысты тұжырымдары мол, терең ойға жетелейтін, афоризмге, нақыл сөздерге, ойтолғауларға құрылған публицистикалық жазбалар жинағы. Кітап атауы өмірдің толық еместігі, адам арманының үнемі орындала бермейтінін, дүниенің бір бұрышы үнемі кемшін екенін білдіру мағынасында қойылған. «Мына жалған дүниеде бәрі бар сияқты. Бірақ бірдеңе жетпейді. Бір кем дүние»,-дейді (Бір кем дүние. Ойтолғау. –Алматы: Жазушы, – 2008.-176 б.). Бұл тіркес – бүкіл шығарманың өзегі. Ол адамға тәубе, көкей түбіндегі мұң, толық бақыт болмайтыны туралы сабырлы ескерту ретінде әсер етеді.

«Бір кем дүниенің» әр сөйлемі тұжырым, өмірлік сабақ тәрізді. Мәселен, «Толдым деген төгіледі, жеттім деген жығылады. Бір кем дүние» («Асқанға – тоқсан»; «Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ кейбіреуі өсе келе, үлкейе келе ұяттан жұрдай болады. Бір кем дүние» («Ұятсыз болма»); «Біреулерге Құдай бәрін береді. Байлық та бар, алтын, гауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай. Бірақ Иман жоқ. Ең сорлы адам сол. Бір кем дүние» (Имансыз болма). Шерханның мол тәжірибе сүзгісінен өткен шындықтар жиынтығы жинақталған бұл шығармадан үлкен ой түюге болады. Шерханның «Бір кем дүниесі» – рухани, азаматтық, адамдық биікте тұрып, кемел жасына келгенде жазылған өмірлік өсиеті.

Қаламгер Шерхан Мұртаза жалпы публицистикасында көңілдегі көрікті ойларын қағазға көркем түсіруге тырысады, ойы орамды, сөзі жүйелі, қиялы жүйрік, пікірі түйінді де жинақы, айқын келеді. Кейде тіпті қаламгердің пихологиялық парасаттылығын философиялық ой-түйінінен байқалады. Көпшілігі афоризмге, қанатты сөзге айналып жататындығын аңғару қиын емес. Мысалы, «Таланттар – раушан гүлі сияқты, жан-жағына жұпар шашады, көңіл ашады. Тікені – азабы, өзіне... Талантсыздар – шошқа тікен сияқты. Гүлдемейді. Азабы – өзгеге. Жамандық солардан». («Тұлпардың тұяғы»); «Бақыт – ірі көзді елек тәрізді деседі. Оның елегінде ересендер ғана қалады». («Алыптың анасы – халық»); «Билік – ақшада. Кімде ақша бар, күш сонда. Күштілер қазақшаңа қарамайды. Және ақша ұлт таңдамайды». («Намыс пен рухты іздеу»); «Ақиқат ақыры бір ашылады. Ақиқаттың бір-ақ досы бар. Ол – өзіңнің адалдығыңды, тазалығыңды іспен дәлелдеу». («Шындыққа жылтырақ жараспайды»); «Әдебиет пен әуен – егіз. Әуені жоқ, жүрегінде жыры, музыкасы жоқ әдебиет-көркем әдебиет емес. Жазушы – халықтың ар-ожданы. Жата қалып, жанталасып көсемдерді мақтай беретін жазушы – жазушы емес, күнбағар. Ертең көсемдер тағынан тайған кезде сол күнбағар олардың артынан тас лақтырып, жамандап шыға келеді. Ақылды басшы осыны ойлайды, құр мақтауға күмпие бермейді. Ақылды басшы көпшілікті соңымнан ертем десе, көпшіліктің арасында, күнбағардан аулақ жүреді... Шындықты жазған жазушының шығармасы қоғамның шипагері...» («Оралхан») т.с.с.

Шерхан қазақ әдебиетіндегі аударма өнеріне де белсене атсалысты. Ол Мәскеу университетінің журналистика факультетінде оқып жүргенінде-ақ, аударма жұмысымен айналысты. Ең алғашқы аудармасы Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» (1955) повесінен кейін Венгр халық ертегілерін (1956), Л.Н. Лагиннің «Хоттабыч қарт» (1956) ертегі-повесін, Э. Эрстеннің «Марычкан балалары» романын, қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» (1973), «Қош, бол, Гүлсары!» (1977), «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» (1979), «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн») (1986), «Жан пида» (1988) сынды туындыларын тәржімалады.

Қазақ әдебиетінде Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ғұламалар өз заманына сай аудармаға елеулі үлес қосты. Революцияға дейін қазақ әдебиетінде И.А. Крылов, И.И. Хемницер, И.А. Буниндердің ұсақ-ұсақ мысалдары, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтовтардың қысқа-қысқа үзінді өлеңдері аударылды. Сөйтіп, аударма өнері төл әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне үлесін қосып келеді. Қазақ әдебиетіндегі аударма төл әдебиетіміздің кейбір жанрлармен, айталық проза, драматургиямен қатар туып, қабат дамыды. Бір халық екінші халықты аударма арқылы таныды, сондықтан да, аудармашыға үлкен міндет жүктеледі. Филология ғылымдарының докторы, ғалым С. Талжанов аудармада орын алған үш түрлі әдістің бар екендігін айтады. Зерттеуші ғалымның айтуынша: «біріншісі – еркін аударма, бұл тәсіл түп нұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеуден, түпнұсқаның өзіне тән ерекшеліктерін сақтаудан гөрі, аудармашының өзіне тиімділігін көрмеуден туады; аудармадағы екінші әдіс – сөзбе-сөз аудару. Бұл тәсіл, көбінесе түпнұсқаның тілін мол түсінгендерде болады, соның әуеніне еріп, құлдық

ұрудан шығады; үшінші тәсіл – балама (адекватный) аударма. Бұл ең қиын түрі. Мұның екі тілді бірдей білумен қатар, сол шетел түпнұсқасының ішкі сырын сарқа түсінетіндер орындайды. Оның үстіне автордың дыбыс ырғағын, тілі әдемілігін, сөз қолдану мәнерін қалтқысыз, жете ұғынғандар жасайды. Осыған қосымша екі елдің (аударушы ел мен аударылатын елдің) мәдени сатысы бірдей болған мезгілде ығы-жығы білінбей, тігісі жаттығып кетеді», – дейді [146].

Ш. Мұртазаның аударма өнеріндегі әдісі зерттеуші С. Талжанов айқындаған үшінші тәсіліне жатады. Осы әдіспен ол қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бірнеше шығармасын аударып, шығармаларының көркемдік кестесін, қайталанбас ерекшеліктерін терең түсініп, қазақ тіліне түпнұсқаның өрнектерін оңды жеткізген тұстарын танимыз. Шерханның қырғыз әдеби, мәдени дәстүрімен қатар, Шыңғыс Айтматов шығармаларымен өте жақсы таныстығының септігі тигендігі белгілі. Сондықтан да, Шерхан Шыңғыстың әрбір шығармасын жазушының дәл өзі жазғандай, ешбір қаймағын бұзбай, бар сөлімен қазақ оқырманына қаз-қалпында жеткізді.

Шыңғыс Айтматов шығармаларын аударудағы негізгі мақсатын Шерхан Мұртазаның төмендегі өз пікірі дәлелдей түседі: «Мұның өзінің (Шыңғыс Айтматовты айтады. Р.Ж.) туған жері, алып отырған объектісі, тіпті кейіпкерлеріне дейін, жер, су, табиғат, ауа барлығы маған таныс. Өйткені Қырғызстанның шекарасы мен біздің елді «Күркіреу су» дейтін бір-ақ өзен бөліп жатады әрі ұлы шығармалар болғаннан кейін ықылас қойғаным рас шын ниетіммен. Байқайсыз ба, Шолоховтарды, әлем әдебиетінің басқа классиктерін аударуға мүмкіндіктер бола тұра мен оған бармадым, Айтматовты ғана аудардым. Тек жер-су ортақ болғандықтан» [97]. «Жалпы, Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын аударғанды жаным сүйеді» [147]. Демек, құдіретті суреткер Ш. Айтматов қаламынан туған әр бір көркем шығармаларындағы терең ой, астарлы идея, философиялық мәнге ие нақты өмір шындығы қазақша сөйлеуі игілікті іс, бұл Шерханның көркемдік мәдениетімізге қосқан үлкен үлесі екендігін аңғартады. Жазушы Шыңғыс Айтматов Шерхан туралы өз пікірін: «Мен еш уақытта жалғызсыраған емеспін, менің бауырым Шерхан әдебиетте әрқашан менімен бірге келеді, оны мен айрықша жоғары бағалаймын», – деп ыстық ықыласпен білдіреді [7, 1 б.].

Қаламгер Шерхан Мұртаза драматургия саласына да соқпай кетпеді, «Қызыл жебе» тарихи-революциялық драмасы (1987), «Сталинге хат» екі бөлімді трагедиясы (1988), «Бесеудің хаты» драмасы (1989), «Жетім бұрыш» («Жалғыз үйлі – зілзала») пьесасы (1992), «Ноқтаға басы сыймаған» драма-эллегиясы (2000) тарихи-драмалық дәрежеде көрермен қауымның көкірегінде қалып қойды. Өмірдің өткір тартысы мен шиеленісі драматургиялық шығарманың негізі екендігін ескерсек, Шерхан өз пьесаларында дәлдік, нысаналық, шеберлікті ортақ деңгейде қолдана білді.

Қайта құру кезеңінде ел өміріндегі бұрын көп қалам тартылмай жүрген «ақтаңдақ» тұстарға алдымен батыл барлау жасап, қазақ жерінде 1930-1932 жылдарда болған ашаршылық туралы Шерхан Мұртазаның «Сталинге хатын» айтуға болады [148]. Пьесаның қалай жазылғандығы туралы Шерхан Мұртаза «Алтын сандықтың үстінде отырып...» (Орталық

Қазақстан, 14 маусым, 1988.) мақаласында: «Сталинге хат» атты пьесамды мен тез жазуыма тура келді. Бұл негізінде Тұрар Рысқұлов туралы романымның төртінші кітабына кіруге тиіс болатын. Ол кітаптың шыққанын күтетін болсақ уақыт өтіп кететін болды... Ал сонау 30-шы жылдардағы ұжымдастыру халықтың аштықтан жаппай қырғынға ұшырағандығы жөнінде дәл бүгінгі таңда айту міндетім деп білдім. Сондықтан да басқа шаруаның бәрін жиып қойып, осы пьесамды жазып шықтым», – деп атап өтеді [147].

Шерханның бұл пьесасының негізгі діңгегі – Тұрар Рысқұловтың қазақ елінің аштықтан қырғынға ұшырап жатқандығы жөнінде Сталинге жазған екі хаты. Халықтың жағдайын көзімен көрген, сол кезде Халық Комиссариаты Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов халқының басына түскен ауыр күндерді айта отырып, 1932 жылдың тамызында Сталинге бірінші хатын жолдады. Онда жер жағдайын, халықтың салт-санасын ескерместен жүргізілген жаппай ұжымдастыру ісінің арты орны толмас өкінішке апарып соқтырғанын көрсеткен. Бірінші хаты еш нәтиже бермеген соң, ызаланған Рысқұлов еш нәрседен қорықпастан 1933 жылдың бас кезінде Сталинге екінші хатын жолдайды. Мұнда бірінші хаттан кейінгі бес ай мерзім ішінде Қазақстанның жағдайы жақсару орнына бұрынғыдан да нашарлай түскендігі айтылды. Жазушы, драматург Қалихан Ысқақпен бірлесіп жазған «Қызыл жебеден» кейін ешкімге ұқсамаған Шерхан өз алдына дербес соқпақ салып үлгерді. «Сталинге хат» және сол секілді халық қасіретінің заңды жалғасы саналған «Бесеудің хаты» драматургиясы төңірегінде қабырғалы ой-пікір туғызып, көрермен жүрегін дір еткізіп, драматургияда қаламын ұштай түсті.

1992 жылы күзде Шерхан «Жалғызүйлік зілзала» пьесасын жазып, Ғабит Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрында оны актер Алтынбек Кенжеков «Жетім бұрыш» деген атпен сахналап еді. Заманның бір жарасын ашып көрсете алса, жазушының жарағаны, Шерханның «Жетім бұрыш» пьесасы – баспанасыз қазақ жастарының арманын, арызын, әрекетін жеткізе білген заманның көлеңкелі көрінісінен халықтық мәселені тап басып көрсеткен таза журналистік көрегендігі әрі қоғамда болып жатқан үлкен трагедияның мыңнан бір бөлшегі болды деуімізге толық негіз бар. Қаламгер шығармасындағы көркемдік табысы – драматургтың табан тірер идесының айқындылығы, мың трагедияның бірі – панасыздар халін суреттеу, соның жолында кездесетін қым-қуыт қиыншылықтар. Ш. Мұртазаның ұлт мақтанышы Бауыржан Момышұлының ірі парасаты мен батыл пошымын пайымдаған «Ноқтаға басы сыймаған» драма-элегиясы да көпшілік көңілінен шықты. Кезінде Шерхан «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Бауыржан, Рахымжан, Кәкімжан» (11.05. 1999), «Рух пен намыстың төресі» (3.10. 2000) атты мақалаларында батыр Бауыржанның сом тұлғасын едәуір ашып көрсеткен еді. Шерхан «Ноқтаға басы сыймаған» драма-элегиясында да ұлы тұлғаның халық таныған сом тұлғасын қазқалпында бергендігімен көпшілік көңілінен шықты.

Қорыта келгенде, оқырманға публицистикалық материалды жеткізу үшін журналист түрлі жолдан өтеді, өмірдегі нақты фактіге жүгінеді. Журналистикадағы факты – өмірдегі шынайы, нақты істерді терең білу. Шерхан Мұртаза публицистикасы арқылы ешкімге әлі белгісіз, жаңа фактіні

көрсету үшін өзекті де қоғамдық мәні бар мәселе төңірегінде толғамды ойын ашық айта білді. Бұл – әсіресе, Шерханның 1990-шы жылдардан бергі кезеңде жазылған проблемалық мақалаларына тән қасиет.

Шерхан 1956-1969 жылдары өндірістік саланы суреттеген туындылары мен әдебиет, өнер, мәдениетті саралаған мақалалары, 1970-1980 жылдар аралығындағы экономикалық мәселелерді айқындаған публицистикасы, сонымен қатар, 1980-2000 жылдардағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік мақалалары мен ой-түйіні заман үні мен қоғам мүддесін қозғаған тақырып ерекшелігімен, өмірдің сұранысына жауап беретіндей өзектілігімен айқындалды. Шерхан сол шығармаларында туралықты, шындықты, ақиқатты өмірлік бағдары етіп ұстанды.

2.2. Қаламгер очерктерінін тілдік, стильдік, мазмұндық өзгешелігі

Шерхан Мұртазаның көп қырлы, алуан сырлы шығармаларының бір саласы – очерктері. Әдебиет табалдырығын алғаш аттағанда жазушының қалам сілтемесі мен қарқынын танытқан да осы жанр болды.

Очерк жанры ерекшелігі жағынан алғанда, көркем-әдеби шығармалардың шағын түріне ұқсас болады. Атап айтқанда, очерк қысқаша повестке, әңгімеге жақын келеді, басты айырмашылығы – өмірден алынған нақты фактіге құрылып, болған оқиғаға баға береді, белгілі мәселені қажетті бағытта зерттейді. Профессор Т. Амандосов: «Көркем публицистикалық жанрдың бір түрі – очерк. Бұл жанр өмір шындығының құбылыстары мен оқиғаларын батыл да терең талдап, тартымды тілмен шағын сурет салып береді», – деп [149] ой қорытса зерттеуші, ғалым Т. Ыдырысов: «Очерк – өз сипаты мен табиғаты жағынан жиі өзгерістерге ұшырайтын, дәуір талабына тез бейімделе қоятын бейне бір «жылжымалы» жанр», – деп пікір білдіреді [115, 41 б.].

Очерк жайлы айтылған пікірлер сан алуан, сол тұжырым, ой-түйін очерктің әр қырын ашып, жанрлық белгісін айқындай түседі. Баспасөз зерттеушісі Е.И. Журбина: «Очерк – өте күрделі де, жан-жақты көркем-публицистикалық жанр. Очеркте ең бастысы – ой, пікір, әлеуметтік мәселе ашылуы тиіс», – дейді [150]. Орыс зерттеушілері Ю. Суровцов пен Б. Костелянец: «Очерк бірыңғай публицистика жанрына жатады», – деген пікір айтады [151]. Очерк теориясын зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы болмасын көркем-публицистикалық жанр тұрғысынан баға беріп, күнделікті қоғам өміріндегі әлеуметтік жаңалықтың бейнесін суреттеуші, оқиға, деректің болмысын айқындайды.

Шерхан Мұртаза очерктерін тақырыптық, түр жағынан саралап, былайша жүйелеуге болады:

– Оқиғалы-портреттік, әлеуметтік-проблемалық очерктері. Публицис бұл очерктерін үш салада қарастырады:

1) 1957-1960 жылдары Қазақстан Магниткасынан, Теміртау металлургия заводынан жазылған очерктері;

2) 1960-1975 жылдар аралығында Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатынан, Қаратау химия өндірісінен, өр Алтайдың Бұқтарма су-электр станциясынан жазылған очерктері;

3) 1960-1980 жылдардағы тың даласының егін науқанынан және мал шаруашылығы, әсіресе, оның ішінде қой шаруашылығы туралы очерктері;

– Жолсапар очерктері. Бұл очерктері 1980-2000 жылдары баспасөз бетінде жиі көрініс тапты.

Шерхан 1957 жылы «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі жылдарында Қарағанды металлургия заводының алып құрылысын салуда еңбек еткен, өнеркәсіп қызметінің жаңа табысына жетуге, еңбек өнімділігін арттыра беруге бар мүмкіндігін аямаған ерен ер-азаматтар жайлы көптеген өндіріс тақырыбындағы очерктерін жазды. Мәселен, «Тотия», «Алып қазан», «Ел – ер үшін, ер – ел үшін», «Тасты қақыратқан күш», «Темір тілген ер», «Ағайынды үш азамат», «Нэлли – цыган қызы», «Болат және Адам», «Бұлттар көшіп барады», «Үш буын – болат буын», «Алып құрылыстың адамдары» т.б. очерктерін атауға болады.

Шерханның кез келген очерктерінен әр кейіпкердің табысты еңбегі мен іс-тәжірибесін көзімен көріп, олармен жақын араласып, жан-жақты білгеннен кейін ғана барып жазғандығы байқалады. Мәселен, құрылысшы Дәку Әбдиев туралы жазған «Жаны жас Адам», «Үш буын – болат буын», «Алып құрылыстың адамдары», «Болат қаласы» атты очерктерінде Қарағанды металлургия заводының алғашқы кірпішін қалаған құрылысшының еңбектегі табысы мен жетістігін, қуанышы мен сүйінішін нақты факті мен оқиға арқылы көз алдымызға әкеледі. Қазақстанның құрылысшы қауымының тууына алғашқы кірпішінің бірі болып қаланып, құрылысшы жұмыскерлердің құралып, сол еңбеккерлердің еселі еңбегінің жарқын көрініс тауып, дамуына тұңғыш жол тартқандай болған Дәку Әбдиев туралы Шерхан Мұртаза 1958 жылы «Құрылысшы Дәку» очерктер жинағын жарыққа шығарды.

Қаламгер «Құрылысшы Дәку» очеркінде еңбек адамының қоғамдық мүддені жеке басының ісінен артық санай білетін қасиетін шеберлікпен көрсете білді. Очерктер жинағында өмірдің ең алдыңғы шебіндегі замандастарының ерлік еңбегі мен жасампаз тұлғасы айқын көрінді. Шерхан кейіпкерінің түр-тұлғасын, кескін-келбетін былайша суреттейді: «Демалыс күндерден өзге күндері таңертең балуан тақілеттес, мығым денелі, қыр мұрынды, қара мұртты, қасы қалың, дөң қабақ адам үйінен шығып, жұмысқа аттанады. Қайратты қалың шаштың астында жазық маңдайына оюланып түскен әжіммен үш сызық қана оның көпті басынан кешіргенін аңғартқандай, берекелі, игілікті еңбектің ұзақ жолындай жосылып жатыр» [152]. Ол құрылысшы Дәкудің озат еңбек жолын, құрылыстағы іс-әрекетін, еңбек адамының өршіл мінезін, биік мақсат, мұратына жету жолындағы абзал қасиетін тап басып, түйіндей білуі – үнемі бірге жүріп, жасаған іс-әрекетін өз көзімен көруі көп әсерін тигізді. Бұл жұмыскер атаулыны тұлғалы етіп суреттеу үшін еңбектегі табандылығын, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, өзіндік рухани мүддесін мейлінше жетік білу қажеттігін, характерінің өсуі мен қалыптасу кезеңіндегі жетістігін көре білу керектігін байқатады.

Қаламгер шын мәнісіндегі шеберлікке халқының еңбектегі өмірімен біте қайнасып, тығыз байланысты болуы негізінде жететіндігін дәлелдеді.

Өз тәжірибесінен көп ой түйген Шерханның өзі: «Өндіріс тақырыбы дегеніміз – қаламгерді қызықтыратын, ең алдымен, сол ірі кәсіпорындардың аясындағы адам. Біздің тілімізше – кейіпкер. Соның іс-әрекеті», – деп жазады [70].

Ш. Мұртазаның Қазақстан Магниткасынан жазған очерктерінде байланысқан оттылық, цифрға жан бітіре жазу айшықты стильдік сипат тапқан. Қаламгердің сол заманның өндіріс талабына сай оқиғаға жауап беретін өндіріс тақырыбын тап басып, сол арқылы келер күн көкжиегіне сеніммен, батыл баруға ұмтылуы оның даралығымен байланысты. Мартен пешінде болат балқытып, кен қопарған, Қазақстан Магниткасының өсу, өркендеу жолында, металлургия заводымен бірге марқайған жасампаз адамдар жайлы жазған очерктеріндегі тың дерек пен олардың өнегелі қасиетіне үңіле білу, соған орай тамаша тақырып таңдай білуімен ерекшеленеді. Айталық, «Бұлттар көшіп барады» очеркінде Қазақстан магниткасының ордасы Теміртау қаласындағы заводтың жас жұмысшылары – Дәку Әбдиев, Никола Бенинский, Рахима, Михаил Булыгин, Назар Шалқаров, Бекен Дүйсебаев, Нэлли, Владимир Конев, Еламан Байғазиев сынды түрлі ұлт өкілдерінің еңбек үстіндегі образ бейнелерін көреміз. Болмысты бейнелі суреттеген очеркист туындылары тартымды сюжет пен композицияға құрылған. Очерк кейіпкерлерінің бейнесі көркем тіл, жатық стильмен шебер өрнектелген. Шерхан очерктеріне арқау болған үлгілі замандас, уақыт, дәуір бейнесі болды. Очерктеріндегі заман ағымы, өмір келбеті тұрғысынан алғанда, озат колхозшы, үлгілі машинист, екпінді жастардың ерен еңбегі, іс-тәжірибесі, олардың мәдени, рухани өмірінің сипатын көрсетеді.

«Бұлттар көшіп барады» очеркі «Династияның тууы», «Инсаровтың ұрпағы», «Өзін-өзі жеңген адам», «Кран үстіндегі қыран», «Жарыс бақталастық емес», «Арманда шек жоқ екен», «Отан оттан ыстық», «Нэлли», «Тасты қақыратқан күш», «Болат буын», «Бұлттар көшіп барады» деген тарауларға бөлінген. Әрбір тарау бір-бірімен жымдасып, бірінің-бірі ажарын ашып тұр. Очерк үгіт пен насихаттың әсерлі түрі екендігін дәлелдеген, көркем публицистиканың алғы шептегі жанры болып қалыптасты. Сондықтан да, очерктің хабар, корреспонденция, мақала жанрымен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі де бар.

Очерктің нысанасы – адам. «...Очеркті негізінде көркем публицистикалық жанр деп қарау керек. Мұның бір ерекшелігі – оның ұшқырлығы. Ұшқырлығының өзі болжампаздықты және өмір ағымына лезде ілесуді талап етеді» [149, 254 б.]. Бұдан біз ең алдымен, газет очеркі – көрнекті жанр, оны тиісті деңгейде, әсерлі жазу үшін журналистке айрықша шеберлік, білімділікпен қоса өмір ағымына сай ыждаһаттылық қажеттігін аңғарамыз.

Шерханның «Болашақ болатшы» очеркінде елгезек Елтай мен оның шешесі Мақпал арасындағы қарапайым ғана мінездік көрініс тартымды жазылған. Журналистік өмірдің сан тарау жолы кейін Шерханды сол Елтайға нағыз болатшы болған кезінде Социалистік Еңбек Ері атағын алғанда тағы жолықтырды. Осы кездесуден соң Шерхан «Болат және адам», «Қара шаңырақ» очерктерін жазды. Бұл очерктер – автордың суреткерлік шалымына, адам танығыштық қасиетіне айғақ болатын нағыз көркем

туындылары. Ең алдымен, осы очерктің көркемдік тегеурінін күшейтіп тұрған нәрсе – қарапайым, табиғи көрініс арқылы бүгінгі өмірдің талғам-талабын, әсер-ықпалын, әлеуметтік тамыр соғуын айқын сездіре білетіндігінде. Автордың жеке адамның тіршілік-тынысындағы көрініс арқылы жалпыға тән қасиетті, уақытпен үндес түрлі жағдайды, ортақ зандылықты аша білуі очерк мазмұнын айқындай түседі. Бұл Шерханның өмірдегі ең мәнді деген тетіктің өзін сұрыптап алып барып, орнымен қолдана білетіндігін көрсетеді. Ол қай тақырыпта жазбасын нысанасын терең зерттеп, көргенін көңілге түйе білетін, әр түрлі мамандық иелерімен тіл табысып, жан сырын ақтарыса сөйлесе отырып, сан тарау өмір құбылысының ішінен ең мәндісін екшеп ала білетін талғампаздығын, еңбек адамының бойындағы өзіне ғана тән қасиетті тани білетін қырағылығын байқатады. Шерханның қашанда еңбек адамымен етене араласып, тақырыбына адам тағдырының қыр-сырын өзек ете отырып, шебер бере алды.

Шерхан Мұртазаны шынайы суреткерлік шеберлікке бастап келген жол – қайнаған өмір ортасынан шығарған журналистік жол. Жазушы шын мәніндегі шеберлікке халықтың өмірімен біте қайнасып, жіті байланыста болуы негізінде жетеді. «Шеберлік – журналистік қабілеттің ең шыңдалған жетістігін» [153] біз публицистің: «Өмірдегі бар геройдың үлгі тұтарлық қадір-қасиетін, оның өзгелер байқай білмейтін жан сұлулығын, тән сұлулығын рухани дүниесін жинақтау арқылы жарқырата аша білу – қаламгердің басты міндеті», – деген пікірімен үндеседі [154]. Журналистің негізгі мақсаты – өмір құбылысын терең зерттеп, талдау, айқын да салмақты қорытынды жасау, өзіне тән баяндау стилін таныту. Шерханның өндіріс тақырыбындағы очерктерінде көркемдік ізденісі өндірістік технологияда емес, өндіріс тұтқасын ұстаған адамның жан-дүниесін, психологиясын ашуда айқын көрініс табады. Мәселен, Шерхан «Лениншіл жас» газетінің 1969 жылғы 31 желтоқсанында жарық көрген «Қара шаңырақ» очеркінде болатшы Байғазиев Еламанның еңбектегі іс-қимыл, әрекетін: «Еламан біресе пультке жүгіреді, біресе пештің алдына келіп, бейнебір сорпаның тұзын татқандай, пештен ұзын сүймен шөмішпен іліп алып, отпен ойнап, болаттың сапасын барлайды», – деп [155] еңбек адамының іс-әрекетін сәтті суреттейді.

«Шойын шоқтарында» (Социалистік Қазақстан, 1 мамыр, 1961.) очеркінде: «Саран мен Абайдан жеткізілген көмір әуелі байыту фабрикаларында шахтаға айналдырылады, онан галарея арқылы кокс батареясының мұнарасына жеткізіледі де, сол мұнара астында Үйінбайдың вагонына тиеледі. Үйінбай батареядағы қай пештің босағанын тез біліп, ол пештің камерасын шахтамен тез толтырады. Люктер алаңы от-жалынды леп теуіп тұрады. Люктер ашылғанда жалын лапылдайды», – деп [156] қазақ жұмысшысының жаңа құрылысқа белсене кіріскен еңбексүйгіштігін, қажымас қайрат-жігерін көрсетеді.

Шерхан Қазақстан Магниткасының алып құрылысынан өзге Рудныйдан, Қаратаудан, Бұқтарма су-электр станциясынан көркем-публицистикалық очерктер жазды. 60-шы жылдары металлургия (Теміртау, Рудный), химия (Жамбыл, Шымкент) өнеркәсібі саласын өркендетуге, ірі кәсіпорын

салуға, бай кен орнын игеруге, жаңа қала тұрғызып, жаңа жол тартуға мыңдаған құрылысшы мен жұмысшы келіп жатты. Шерханның Рудныйдан жазған «Күн сипатты жандар», «Адам мен аяз», «Ар аманаты» очерктерінде Сарыбай руднигінің кен инженері Нұрмахан Оразбаев, экскаватор машинисі Жаббас Нұрпейісов бейнелерін жақын тани түсесің. Автор: «Сарыбай кенін алғаш рет атақты ұшқыш Сургутанов ашты. Ал оның сапасын, запасын анықтайтындардың бірі осы Жаббас еді. Өз алдына экскаватор алып, карьер қазғанда да жердің жеті қабат қыртысын қақыратып, сонау төмендегі руда тәніне бірінші болып жеткен...», – деп жазды [157]. Очеркист «Адам мен аяз» атты очеркінде де кен қойнауын қопаратын алыптың алыбы ЭКГ-4 экскаваторын шебер меңгерген, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының даңқты еңбеккері Петр Дъяконовтың ерлігін баяндайды. Ол басқарған ұжым қатал қыстың азулы күндерінде де кен қыртысын аршуда асқан өнеге көрсетіп, «миллионер бригадасы» атанғандығы жөнінде шебер баяндайды.

Шерханның өндіріс тақырыбында қаламгерлік шеберлігін тағы да бір қырынан танытқан тұсы – Қаратау кен байыту комбинатынан жазған шығармалары болды. Қаламгердің Қаратауға барып, сондағы халықпен қоян-қолтық араласа жүріп, жұмысшы өмірін, инженер-геологтар тірлігін қаламына арқау етті. Бір ғана «Шұғыла тас» очеркінен фосфорит өндіру үшін қаншама қажыр-қайрат, ащы маңдай тер төгілгендігін көруге болады. Қаламгердің талмай ізденісі нәтижесінде Қаратау кен комбинаты жұмысшы адамының, ондағы инженерлердің өмірін, таза өндірістік мәселені білгірлікпен көрсеткен «Қара маржан» алғашқы романы дүниеге келді. Қаламгер романында жалаң ұранға ұрынбай, өмірлік тәжірибесі арқылы шынайы шындықты көрсете білді. Өзі етене араласып, еңбектің нағыз майданын көріп, куә болған жайтты арқау етті. Айталық, «Өзім 1958 жылдан бері Жаңатас геология барлау экспедициясының бұрғылаушысы болып еңбек етіп келемін. Жаңатас қаласының алғашқы іргетасын қаласқандардың бірімін. Романды оқыған кезімде ондағы оқиғалар мен өмір шындығы арасындағы алшақтықты кездестіре алмадым Ш. Мұртаза жұмысшы өмірін ұзақ уақыт үңіле зерттеп, талғам таразысына сала білген суреткер» [158] немесе, «Жазушы Шерхан Мұртаза «Қара маржан» романына фосфорит тыңын игерушілердің өмірі мен еңбегін, ой- арманын арқау еткен... Мен осы Жаңатастағы фосфорит кенін алғаш игерушілердің бірімін. Қаратаудағы жаңа кеніштің алғаш ашып, бірте-бірте қалай бой көтергенінің куәгерімін. Роман авторы бізге жиі келіп, кенің басшыларымен кездесіп, әңгімелесіп жүргенін талай көргенбіз. Шерханның бізге жиі-жиі келіп тұруы, кеншілермен етене араласып, риясыз әңгімелері жұмысшы психологиясымен терең сезінуге ғана емес, өзіміз күнделікті еңбекте куә болып, тікелей араласып жүрген талай оқиғаларды дәл беріпті. Өйткені қатты қыста карьерлер мен теміржолды қалың қар басып, электр желілерін боран үзігі кететінін талай көргенбіз. Сөйтіп, бұл романды біз нағыз өз өміріміздің көркем шежіресі, Қазыналы Қаратау өңіріндегі еңбектің шынайы суреті деп қабылдадық», – деген [159] пікір өндіріс тақырыбындағы шығарманың өмірдің өзінен туған соны мәселе екендігін аңғартады.

1978 жылы Шерхан Мұртаза «Қара маржан» романы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бұл 60-шы жылдардың аяғындағы замандастар ой-арманын, болмысын айқындап, өндіріс саласындағы ерен еңбектің жемісін көрсеткен Шерханның «Өзінің жанры мен тақырыбын да, жанды проблемасын тапқан жазушы», – екендігін аңғартты [160]. Журналист өмір сүрген уақыттың ең елеулі оқиғасын, көкейтесті мәселесін публицистік шығармаларында шынайы, нақты фактімен көрсетуі керек. Көркем очерк, егер ол шын өмірден алынып, көркемдік заңын орындаған шығарма болса, көркем публицистикаға тән өзінің дербес қызметін бір атқарып, екіншісін, келешектегі көлемді проза туындыларына азық дайындап, әзірлік жасайтынын көреміз.

Ш. Мұртаза – журналистік очерк, публицистикадан бастап үлкен прозаға ойысқан қаламгер. Газеттегі ең тиімді, көркем де қуатты жанрдың бірі очеркке қалам тартудың өзі журналистен терең білім мен шеберлікті қажет етеді. Қаламгер очерктерінде кейіпкерін, еңбек адамын іс-әрекет үстінде өмір құбылысының мәні ретінде көрсетеді.

«Тың игерудің 1954-1960 жылдары республика бойынша 25 миллион 484 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілсе, 1954-1979 жылдар ішінде Қазақстанда 290 миллион тоннаға жуық астық, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдері дайындалыпты» [161]. Қазақстан тарихында өз ізін қалдырған қайшылықты кезеңнің бірі – тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары. Сол жылдары кез келген қазақ баспасөзі тыңның екінші майданына айналды, баспасөз тың игерудің барлық мәселесін қаузады. Шерханның «Жаны жас адам», «Ұзақ түндегі қысқа ұйқы», «Уақыт шексіз, уақыт тар», «Миллиард толқынында», «Ақ шыбынмен» арпалыста», «Ақық дария алқабында», «Сары өзен», «Теңіз және тамшы», «Тебіренген теңіз», «Құлпырма бояулар», «Торғай тыңы» очерктері тың даласына, егін науқанына арналды. Шерхан Қазақстанға мол астық беру үшін күрескен еңбек озаты туралы портрет очерктерін жазды. «Миллиард толқынында» очеркінде Еңбек Ері комбайыншы Григорий Зубков өзінің жаза басқан қателігін мойындап, он күннің ішінде 1200 гектар жер астығын дестелегенін, әйгілі атына дақ түскен соң, оны еңбекпен ғана ақтау керектігін көрсетеді. Очеркистің мұндағы мақсаты – әркімді ер атандыратын адал еңбегі мен елі, сондықтан да сәл ғана табысқа мастанбай, қарапайым болу керектігін, қарапайым жан ғана өз мүддесінен гөрі ел мүддесін көбірек құрметтейтінін көрсету болды. «Ақ шыбынмен» арпалыста» (Лениншіл жас, 30 қыркүйек, 1958.) очеркінде нағыз қоғам ісі жолында құрбан болуға даяр тұратын еңбеккер жандарды суреттейді. Шерханның: «Мұнда жайбарақаттықта айтылар: «көреміз», «бәлкім», «мүмкін» сияқты солқылдақ сөздер естілмейді. Әрбір сөз дәйектілікті, тиянақтылықты талап ете айтылады», – деуі ойымызды нақтылай түседі [162].

Осы мазмұндас Ш. Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің 1958 жылғы 19 қазанында жарық көрген «Уақыт шексіз, уақыт тар» очеркінде: «Нағыз қыстың өзі болмаса да, ызғарлы лебі, кесірлі қыры келді. – Апыр-ей, ә, – деді бастық бағанадан бері терезеден қарап отырып-отырып әлден уақыттан кейін. Өз шаруашылығымен болған жұрт елең ете қалды» [163]. Осы очерктен біз

мысалға келтірген үзінді кейіпкердің көңіл-күйін білдіріп тұрғаны белгілі. Очерк кейіпкері – колхоз төрағасы Байдалы Оразалиннің көңілі көншімейтін жөні бар. Өйткені, бұл басқарып отырған Аманкелді атындағы колхоз барлық егіндерін бастырып, жинап алғанымен Балқашин ауданының біраз колхоздары мен совхоздары егіндерін түгел жиып-теріп ала алмай, қардың астында қалып қойып отыр. Отан алдындағы елеулі еңбегі үшін 1956 жылы Социалистік Еңбек Ері атанып, ел құрметіне бөленген жігіт ағасы кеңседе байыздап отыра алмай көрші «Триозерный» совхозының «Кронштадт» бөлімшесіне тартады. Төраға бөлімшеге келгенде қайнаған еңбек үстінен түседі. Бәрі де орнында, бәрі де қаз-қалпында, бір кісідей жұмылған ауыл еңбекшілері. Айналасы бірер күннің ішінде кеш болса да жиын-терінді аяқтауға жақын. «Бірақ, төраға көңілі мұнымен тыншымақ емес, «Басқалары қайтер екен?» О, уақыт шексіз, бірақ уақыт тар. Қар мүлде басып қалып, тырп етпей жатып алуы мүмкін. Ауданның абыройлы болуын жалғыз «Аманкелді» ғана шешпейді. Аудан абыройлы болуы үшін басқа шаруашылықтардың қазір астық тапсыруды аяқтауы әбден керек-ақ», – деп жазады [163].

Демек, егін орағы кезінде әрбір күн, әрбір сағат емес, әрбір минут қымбат. Оны тиімді пайдаланбасаң оңбай ұтыласың. Мұны елемеу, мұны ескермеу – шаш етектен шығынға ұшырау деген сөз. Очерктің бас-аяғы жып-жинақ, қысқа. Соның өзінде, оны оқыған адам әсерлі әдемі бір әңгіме оқығандай күй кешеді. Бұл «Шағын эпостың әңгіме жақын тұрған бір түрлі – очерк. Бұл да қысқа, көлемді шығарма. Мұнда да үлкен шындықтың кішкене бір бөлігі, адам өмірінің аздаған эпизоды нәрлі тілмен, суреттер арқылы шебер, тартымды бейнелеуге тиіс» [164] екендігін дәлелдей түседі.

Шерхан «жауынгер» жанрда жазылған дүниелерін көбіне, елуінші жылдардың аяқ шені мен алпысыншы жылдардың басында жариялады. Мұның өзі қаламгердің «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде меншікті тілші, әдеби қызметкер болумен тығыз байланысты. Шерхан тілші, журналист ретінде көп жүріп, түрлі адаммен араласа жүріп, өмірді өзінше таныды. Оның «Миллиард толқынында», «Ұзақ және тамшы» тың тақырыбындағы очерктерінде аласапыран күндердің көрінісін, астық үшін айқаста толассыз, тынымсыз қимыл көрсеткен тың ардагерлер тұлғасын сомдады. Шерханның 60-шы жылдардың басында Торғай тың игеріле бастаған тұста сол оқиғаның басы-қасында да болуы нәтижесінде өзінің «Сары өзен», «Қаздар қайтқанда», «Торғай тыңы» атты очерктерін туғызды. Тыңдағы еңбектің куәсіндей осы очерктердің әрқайсында жапан далада жаңа совхоз ұйымының қиыншылықтары, әр түрлі ұлт өкілдерінің бауырмал достығы, озат еңбеккерлердің табыстары айқын көрсетілді.

Шерханның көркем публицистикасындағы үшінші маңызды саласы мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығы туралы «Жұмсақ алтын», «Ақ толқын», «Ақ мылтық», атылған соң...», «Аналар», «Көк алтын» т.с.с. очерктері жазылды. Осылардың ішінде «Аналардағы» Күлтай ана бейнесі бәрімізге ыстық көрінеді. Өйткені, аласұрған ақ түнек боранмен алысқан ана ерлігін «Аналар» очеркінде қаламгер: «Өзім өлмеспін. Мал аман болса екен. Осыдан көз жазып қалсам кетті. Бірлі-жарым жасырағы жығылып, қалып жүрмесін», – деп боранға қарсы біраз алысады. Жапанда тілсіз жаумен бетпе-

бет қалған Күлтай ана бойын үрейге алдырмай іздеген паналы ойпаңды тауып, қойды иіріп, көңілді бір демдейді. Алайда боран басылмайды. Бір қора қой сіреskен ақ қардың астына қалып бара жатқаны айқын көрінеді. Өз әрекетінің өнбесін ойлап жатқан жоқ, Күлтай жалаңаш қолмен күртікті тырналап, қар астындағы қойды арши берді», – деп көрсетеді [165]. Сөйтіп, бір тұяғын шығын қылмай аман-есен үйіне әрең жеткен ана өзін іздеп шыққан он үш жасар қызынан айрылғанын бір-ақ біледі. «Ананы ауыл сыртындағы күртік қар арасынан қарайған ноқатқа күп болып ісіп кеткен аяқ емес, парша-парша болып жарылып кеткен жүректің қақаш суықта ыстық жас қайнатқан жалына жеткізіп салды. Мұз болып қатып қалған сәби жүзіне сол жас тамғанда, шіркін мұздың титтей бір мұрты бұзылып ерігендей болды...», – деп [165, 36 б]. Шерхан қатал тағдырдың адал еңбекке жасаған қастандығындай көрініcті көркем тілмен шебер береді.

Өмірдегі туралықты ашып көрсететін очеркте автор түрлі адам ішінен тек қана өз көзқарасының тандауы түскен бір ғана кейіпкер арқылы сан салалы мәселемен байланыстыра суреттейді. Бұл Шерханның проблемалық очерктерінде жеке адам бейнесін көркем сурет арқылы мінез-құлқына терең үңіле отырып көрсетуімен ерекшеленеді. Ш. Мұртазаның «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 12 мамырында жарияланған «Ақ мылтық» атылған соң» очеркінде қаһарман шопанның қатал табиғатпен арпалысындағы жанқиярлық ісімен қоса, Мойынқұм өңірінде қой шаруашылығын өркендетуге байланысты көкейге қонарлық ойы мен ұсынысы бар. Осы очеркте қаламгер: «Мойынқұм – малдың қонысы. Оның ішінде қойға құт жер. Бірақ, бір мезгіл құмның да қамын ойлап қойған теріс емес», – деп жаза келіп, кезінде Мойынқұмды көп зерттеген көрнекті ғалым Кәрім Мыңбаевтың: «Біздің кейбір шаруашылық басшыларының Мойынқұмды қысы-жазы бірдей мал жайылымына пайдаланбақ әрекеттерінің өте қате екенін ескертуді парыз деп білеміз. Әрине, құмда жайылым малға қысы-жазы жетеді, бірақ жыл он екі ай ұдайы мал таптаған, тақыр болған жердің қыртысы бүлініп, құмды ұстап тұратын өсімдік түбірі сетінеп, құм көшкіні ілгерілемек, сөйтіп байтақ алқапты тұлдырсыз шөл дала жайламақ», – деген пікірін келтіреді [166]. Қаламгер осыдан келіп өзі куә болған жайтты нақты фактімен ортаға салады. Шерханның мал шаруашылығы саласында жазылған очерктеріндегі кейіпкерлердің бәрі де сол кездегі өз замандастарының қилы тағдыры, өмір жолы болып келеді.

Еңбек адамының жасампаздық ісі, белсенді өмірлік ұстанымы олардың сан қилы іс-әрекетімен, мінез-құлқымен нанымды ашылады. Әр очерктегі еңбек адамының өмірін нағыз көркем шығармадағыдай суреттеу – Ш. Мұртазаның ең басты табиғи қаламгерлік ерекшелігі. Сыншы М. Қаратаевтың: «Көркем әдебиеттің, оның ішінде көркем публицистиканың жаны да, жүрегі де – адам. Қандай идея, проблема, картина, образ болмасын, адам арқылы, оның өмірі, іс-әрекеті, сыр-сипаты адам арқылы ашылуы керек. Ол үшін көкейіңді қозғап, айызынды қандыра сөйлейтін көркемдік шарт қажет», – деп [167] жазғанына толығымен қосылуға болады.

Шерхан очерктерінде кейіпкерінің түр-тұлғасын, көңіл-күйін табиғатпен байланыстыра суреттеу тәсілі байқалады. Мәселен, «Ақ шыбынмен»

арпалыста» очеркінде: «Суық сұр көрпе жамылған мына аспандай бұл кеңсе де күні бойы тұнжырап тұрды. Бәрі далада, егінжайдың басында жүрген», – деп қауырт істің басталар шағындағы көріністі көрсетсе, ал, артынан ақ жауыннан ықпаған еңбекшілердің істі ойдағыдай аяқтағанына қуанған басшысын: «Секретарь реңі ажарлана түскендей ме дерсің. Сонда да сабырлы күйін өзгертпей, сабан ішінен табылған жалғыз дәнді масақты үгітіп тұрып: – Барлық совхоздардың инженерлеріне жеткізу керек бұл жаңалықты, – деді. – Ал, ана подборщик дестені аса таза алмай бара жатыр. Халитов жолдас, әр комбайнның соңына адамдар қою қажет, – қалған масақты ізбе-із жиып отырған жөн, – деп директорға қарады. Директор әдемі көзін жалт еткізіп, сақ қарап, жасыл қалпақты басын изеп, секретарьдың тапсырмасын құп алды.

Осы сәтте аспанның күңгірт шымылдығы да түрілгендей болды. Буалдыр ыдырап, айнала анық көрініп тұр», – деп жазады [162].

Шерхан «Лениншіл жас» газетінің 1958 жылғы 30 қыркүйекте жарық көрген «Болашақ болатшы» очеркінде: «Туған жер мына ұландарын суығына салып, қарымен ысқылап, желімен жуып, әбден шыңдап шығарып салмаққа бекінгендей. Алыста жүргенде күйрек болмасын деп әдейі ақ қар, көк мұзына аунатып қиындықтың дәмін тарттырып, арпалыс рухымен ауыздандырғандай. Елтай ешуақытта сол таулардан әрі аспаған. Ар жағында не бар екен деп тауға асылып сығалап көрейін десе, асулар бой бермес еді. ...Мына қазір ақ ұлпа суырған сұрапылмен бетпе-бет шындап кездесіп келеді. Дәл қазір оған боран соншалықты сұмдық, соншалықты суық еместей көрінді. Тұла бойы шиыршықталып, рухы аспандап түрғанына қарағанда, ақ дауыл адамға ағыл-тегіл күш құйып тұратын құдірет сияқты еді», – деп тамаша ой айтады [168]. Әр кейіпкерінің ішкі жан-дүниесіне тереңдей үңіліп, олардың іс-әрекеті, ой-сезімі, мақсат-мұраты негізін табиғаттың сұлу көрінісімен байланыстыра отырып, очерктерінің көркемдік деңгейін арттыра түсті.

Профессор Т. Қожакеев: «Очерк – көркем, әрі публицистикалық жанр. Оның көркемдік табиғаты оқиға, болмысты, бейнелі түрде ойлап суреттеуінде, көбінесе басталуы, ілінісуі, дамуы, шарықтауы, шешілуі бар сюжетке құрылуында, оған қатысты адамды көзге елестетіп, образ жасауында, тілі мен стилінің ажарлы, айшықтығында. Очерктің тартымдылығы эмоцияның күші, елес беріп суреттеуіндегі бояу қанықтығы, автор ой-пікірінің дәлдігі, кейіпкер қасиеттерінің әсерлі берілуі – бәрі де тіл, стильге байланысты. Сондықтан очеркте бейнелі, елесті, болмысты әсерлі де дәл жеткізетін тілдік, стильдік құралдар пайдаланылады», – деп жазады [169].

Қаламгердің портрет очерктерінде Теміртау домнашысы, Бұқтарма ГЭС-нің құрылысы, Қарағанды шахтері, Қаратау кеншісі, тың ерлерінің ауыр әрі абыройлы істері үлкен суреткерлік тебіреніспен жазылған. Шерхан үнемі өз кейіпкерінің дәл ортасында жүреді. Солармен бірге жеті қабат жер астына түсіп, жұмысшылардың қимылын сын көзбен барлайды. Мейлі, ол кенші болсын, дәрігер болсын, қарапайым диқан болсын, соның толғаныссырын, тебіренісін оқушы қауымға шебер жеткізеді. Мәселен, Ш. Мұртаза очерктерінің кейіпкерлері колхоз председателі («Миллиард толқынында»), совхоз директоры («Ақ шыбынмен» арпалыста»), болатшылар («Болашақ

болатшы»), («Болат және адам»), кочегар («Кочегар»), шопан («Жұмсақ алтын»), ана («Тастай берік, гүлдей нәзік»), дәрігер («Дәрігердің үшінші қаруы»), («Өмір және диссертация»), балықшы («Балықшы бақыты») т.с.с. болып келеді.

Осы тұста «Еңбекті, еңбек адамын очерктен артық бірде-бір жанрдың жеделғабыл суреттей алуы мүмкін еместігіне» [170] көз жеткізгендей боламыз. Өйткені, шебер де алымды жазылған көркем очерк адам жүрегіне алғашқылардың бірі болып барлау жасады, замандас келбетін, әлеуметтік орта мен іс үстінде ашу, ішкі рухани дүниесіне үңілу, оның қадірлі қасиетін басқаға үлгі ету, биік мақсатқа талпыну жолындағы көрген күйініш-сүйінішін шынайы баяндау очерктің әуелгі міндетіне саяды. Шерхан очерктерінде замандасының қуанышы мен реніші, өмір шындығының қыр-сыры, кейіпкердің рухани өмірінің астарлы тұсы, адам тағдырының күрделі, қиын сәті көрініс тапты.

Шерханның портрет очерктерінде кейіпкердің бет-әлпетін, кескін-келбетін, сөйлеу мәнерін, мінез-құбылысын көркемдеп суреттеу арқылы оқырманның көз алдына шебер елестетіп әкеледі. Мәселен, «Ақ шыбынмен» арпалыста» очеркінде (Лениншіл жас, 30 қыркүйек, 1958.) совхоз директоры Камаридин Халитовты: «Директор ине-жіптен жаңа шыққандай жасыл мақпал шляпа, қаракөк драптан пальто киіпті. Аяғында моделді қызыл туфли. Мереке құрметіне әдейілеп киінген дерсің», – десе, совхоздың бас инженері Рахымжан Тоқабаевты: «Инженер аз сөзді момын адам, бойы еңкіш. Адам бетіне тура қарай алмайтын кішкене көзі көбінесе жерге қадалады. Ұдайы ойға шомып тұра ма деп қаласың. Осы сырт көрініс көз тартқысыз болған соң, бір қарағанға ол қабілетсіз бас инженерге ұқсайды. Әйтсе де жан сұлулығынан мақұрым қалмаған адам Рахымжан, адалдығы жомарт жан. Қоғам ісі жолында шәйіт болуға ақ пейіл», – деп [162], бұл очерктерінде еңбек адамының бет-бейнесімен бірге адами құндылығын да бірге суреттейді

Ш. Мұртаза «Лениншіл жаста» (30 қыркүйек, 1958.) жарық көрген «Кочегар» очеркінде де: «Жиенбай шашын тақырлатып алдырып жүретін адам. Мұрты қап-қара, арасында бірен-саран ғана ағы бар. Көзі күлімдеп тұрады. Өңінен әлі шырай таймаған. Домнаның өн бойынан мыңдаған жуанды-жіңішкелі болаттар өткен, солардан саңылаулар қалған, сондай саңлауды электросваркамен жымын білдірмей бітеп жатқандардың бірі – Иван Самарига. Палуан пішіндес қабағы мен қасы қалың қою шашын жел жұлмалаған адам, бедерсіз қия тасқа шынжырмен таңып тастаған Прометейге ұқсайды. Бірақ бұл күннен от ұрлағаны үшін жазаланған Прометей емес, көп құрметіне бөленген Прометей», – деп [171] атақты электр пісірушінің кескініндегі шынайы болмысын, қарапайым ғана еңбекқорлығын, кішкентай ғана ісі арқылы үлкен құрметке ие бейнесін бейнелейді.

Кезінде очеркист Борис Полевой: «Іс жүзінде алғанда, жақсы очеркте таза газет жанрларының барлық белгілері болады. Ол өте тұжырымды келеді, нақты фактілерге құрылады. Оған кірістірілетін адамдар шынайы, өмірде бар адамдар болып келеді. Очерк жазылған жағдайда қашанда белгілі бір жерге бағышталады. Демек, очерктің «дәл адресі» болады. Екінші жағынан алғанда, егер очерк шебердің қолынан шықса, онда әңгіме мен новелланың

да белгілері болады: ол жақсы әдеби тілмен жазылғандықтан, онда портретті мінездеу де, айқын жазылған пейзаж да бар. Және де ол әдетте көркем шығарманың: экспозиция, байланыс, ықпалды даму, кульминация – шарықтау шегінің нүктесі, шешімнен құрылатыны сияқты, схема бойынша құрылады. Тоқ етері, жақсы очеркте кейде сюжет те болады», – деп жазады [172].

Кез келген очерктің көркемдік деңгейі биік тұғырдан көрінуі үшін шығармаға арқау болған басты кейіпкердің өмір жолын – кешегісі мен бүгінгісін, іскерлігін, тәжірибесін, мінез-құлқын, әлеуметтік ортасын терең зерттеу аздық етеді, еңбек ететін саласында кездесіп отырған қайшылық пен оны жеңу жолындағы күресті жете біліп, шынайы тұрғыдан баға берді. Шерханның болмысты бейнелі суреттеген очерктері тартымды сюжет пен композицияға құрылды. Әсіресе, өндіріс саласында жазылған портрет очерктерінде кейіпкерлерінің бейнесі (Дәку, Еламан, Тотия) көркем тіл, жатық стильмен шебер өрнектелді.

Шерхан очерктерінің тағы бір ерекшелігі: «Жұлдыздарын ертіп ай да бір жаққа қонаққа кетіп қалғандай еді», – деп [173] эпитет пен теңеудің орнына табиғат құбылысын құбылтып береді. Қандай әдемі теңеу – сурет! Очеркистің осы жерде «Қараңғы түн» деп жазуына болады ғой. Алайда, «Жұлдыздарын бір жаққа ертіп кеткен ай» көзге түртсе көргісіз қараңғылықты айтып тұр немесе, «сыланып-сипанып жүрер жас әйелдің опа-далабы мына дала тозаңы. Қызыл помада (далап) бояу орнына жұқалаң ернінде қара майдың дағы бар. Міне, осы пішіндегі қазақ әйелі корабль командиріне көбірек ұқсайды» [163]. Сондай-ақ, «Шалқар! Шалқар! Жұрт сені су дейді. Жұрт сені көл дейді. Сен, меніңше, мәңгі шалқып тұрған жырсың ғой. Сенің жырын, ешбір нотада жазылмаған, ешбір әншінің репертуарына кірмеген» [174], болмаса, «Саңлаудан жылғаланып отты қызыл шлак ағып жатыр. Болаттың тортасы сияқты. Ал, болаттың өзі дауылдағы мұхиттай, телегей-теңіз сапырылып, бұрқ-сарқ. ...Әр заман жақсыны жаманнан, ақты қарадан, сапалыны сапасыздан айыру принципі осы мартеннің әрекетіндей болса ғой» [155], «Терезеден қарағанда мәңгі қатып қалған алып толқындардай болып Алтай сілемдері көлбей түсіп жатады. Таудың тасы кәрі әженің бетіндей...» [175], «Астық –қуаныш! Астық – асқақ құдірет! Ол – атомнан да күшті!» – деп жазады [176]. «Теңеу, эпитет – затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым», – екендігін [177] ескерсек, Шерхан өзіндік суреткерлік болмысымен теңеулер арқылы очерктерінің көркемдік деңгейін байыта түсті. Очерк тақырыптарының «Сары өзен», «Жұмсақ алтын», «Тастай берік, гүлдей нәзік» т.б. тұрақты теңеу үлгісінде келуі қаламгердің бай сөздік қорын аңғартады.

Шерханның өндіріс тақырыбындағы очерктерінің көркемдік деңгейін арттыра түсетін тағы да бір қыры – адамды пейзажбен, табиғатпен байланыстыра отырып, ұтымды бере білетіндігі, мәселен, «Аспан жүзін тұтып қалған суық сүр көрпенің күн батар жері жыртылып кеткендей болды. Сол жыртықтан жаңа батқан күннің қою қызыл сәулесі сығалап қалады» («Ақ шыбынмен» арпалыста»), немесе «Кеше ғана аузынан ақ көбігі бұрқыраған бурадай зіркілдеген аспан қазір әп-әдемі, жұқалаң көк шәйдей

есіліп тұр. Кеше ғана күннің көзі кіртиіп, кінараттанған баланың ахуалындай бей-жәй еді. Енді ол шығыстан жадырап шығып ұясына жадырап қонып жүр («Ұзақ түндегі қысқа ұйқы»), – деуі ойымызды нақтылай түседі. «Адам мен табиғатты байланыстыра суреттеу очерк тақырыбының, кейіпкер тұлғасының ашылуына ықпал етеді» [178].

Шерхан очерктеріне фразеологиялық тіркесті, идиоманы, мақал-мәтелді жымдастырып тамаша қолданады. Айталық, «Бес саусақ бірдей емес» біреу ынталы, біреу ынжық. Арасында ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келетіндер де бар» («Ақ шыбынмен» арпалыста»), «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді», – деуші еді. Өлейін деп жүр екенсің, Елтай-ау» («Болашақ болатшы»), «Суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін» баяғының батырларындай сол алаудың ішінде қасқайып Еламан тұрар» («Қара шаңырақ»), «Дүниенің төбесіне шыққандай болды» («Балықшы бақыты»), «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» немесе, «Кәрілік ат мініп, түйе жетектеп келмейді» («Жұмсақ алтын»), «Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз» («Ар аманаты»), «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» («Кочегар») т.с.с. мысалдар қаламгер шеберлігін айқын көрсетеді, өйткені бұлардың қай- қайсысы да сөйлем ажарын ашып, мазмұнын кеңейтіп тұр.

Шерхан Мұртаза очерктерінің ерекшелігі:

1. очерктері сол кезеңнің тіршілік-тынысын, жай-күйін, еңбек адамының мақсат-мұратын, міндет-межесін барынша айқын сипаттады;

2. очерктегі қарапайым кейіпкерлерінің өмірі мен ісіндегі үлкен мәнге ие қоғамдық сипатын ашып, тартымды, мазмұнды түрде жеткізе білді;

3. ұсақ-түйекті сағалап кетпей, өмірдің өзекті мәселесін таңдай отырып, проблемалық туынды дәрежесіне көтерді;

4. еңбек адамының, өндіріс озатының, жаңашыл малшы мен диқанның, шаруа басшысының өнегелі бейнесі жасалды. Іскерлік, еңбекқорлық дәріптеліп, көпке үлгі ретінде алға тартылды. Шерханның өндіріс тақырыбындағы очерктерінің оқиға желісі қызықты, тартымды, факті мен дерекке бай келетіндіктен, көркем әрі шебер тілі очерктерінің мазмұнын байыта түсті.

Очерктің өте жиі кездесетін көне түрі – жолсапар очеркі десек, баспасөз зерттеушісі М. Черепахов осы жанр тұрғысында: «Жолсапар очеркінің ең басты ерекшелігі очеркист оқиғаның мән-маңызын ашу үшін өз көзімен көреді, әр ауыл, аудан, мемлекеттің тіршілік, тынысымен танысу үшін жолсапар шегеді, көрген, білгені мен алған әсерін нақты фактімен көрсетеді», – деп жазады [179]. Жолсапар очеркінде автор жол-жөнекей куә болған оқиғаның, жаңа жер, өзге елден алған әсерінде жазылып, саяхатының нәтижесін нақты оқиғамен суреттейді.

1991 жылдан жолсапар очерктерінің жаңа бір легі өмірге келді. Ол республикамыз тәуелсіздігінен кейінгі дүниежүзінің көптеген мемлекетімен өзара дипломатиялық қатынас орнатумен байланысты еді. Барыс-келіс, қарым-қатынас көбейіп, елдігімізді әлемге танытып, журналистер шетелге жиі шығып, ойындағысын еркін жазуға қол жеткізді.

Шерхан Мұртаза очерктерінің мазмұны, түрі әр алуан, тақырып аясы кең, сөз етер нысанасы сипатты болып келеді. Әсіресе, 1980-1990-шы жылдары көбірек жазылған жолсапар очерктерінің орны ерекше. Шерхан жолсапар

очерктерін көбінесе «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінің бас редакторы жылдарында жазды. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Естен кетпес Эстония сапары», «Саха сапарынан соң», «Жұлдызы биік Жуалы», «Париждегі қазақтар», «Әуедегі «Жібек жолы» т.с.с. жарияланса, «Егемен Қазақстан» газетінде «Аңысын андаған Америка», «Ақсарыбас», «Алаш» ауылы», «Көрген-білген», «Ұлы Үндістан», «Зиндабад Пәкстан!», «Феруза Иран», «Салауат саздары» т.б. жарық көрді. Қаламгердің осылардан бұрынырақ жарық көрген «Достықтың өркені өсе берсін!», «Ніл толқындары», «Сфинкс сөйлейді», «Қасиетті доңыз», «Достар елінде» жолсапар очерктері – кезінде оқырман көңілінен шыққан, тың дүниелер.

Қабілет, қарымын көркем түрде жеткізе білген суреткердің жазу ерекшелігі айқындалып, шеберлік көкжиегі кеңиді. Шерхан очерктерінің әсерлілігі тақырыбы мен очерктерінің молдығымен ғана емес, жазу шеберлігімен де дараланады. Шеберлік – газет жанрларының бәріне, оның ішінде очеркке қойылатын басты талаптың бірі.

1969 жылы Араб Республикасына барған сапарынан «Сфинкс сөйлейді» жолсапар очеркі жазылды. Каир маңында өз дәуірінде араб халқына қатты ықпал еткен Хеопс, Микрин, Хефрен пирамидалары осы кезге дейін сақтаулы. Жыл сайын әлем түкпірінен миллиондаған турист, саяхатшы келіп, рухының мықтылығына таңданып жатады. Ш. Мұртаза аталмыш очеркінде бұл ғажайып ғимараттардың салыну шеберлігін өткен тарихымен сабақтастырып, арыстан мүсінді адам – Сфинкске кенет тіл бітіреді: «Менің атым – Сфинкс! Мен мәңгіліктен сәл-ақ кішімін. Шығыстағы Күннің шығып келе жатқанын елден бұрын мен көрем. Мен көргелі бес мың жыл», – деп жазады [180].

«Египетте ірілі-уақты жетпіс бес пирамида қаланған. 1974 жылы журналистердің зерттеуі бойынша, Хеопс пирамидасын салуға төрт мың құл қатысып, 40 жыл бойы күндіз-түні тынбай қамшы астында жұмыс жасапты» [181]. 1969 жылдың 31 желтоқсанында «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Сфинкс сөйлейді» жолсапар очеркінде: «Биік дәрежеге құмарлар, күн сипатты болғысы келгендер сол заманның өзінде өзгелердің мың сан өлігін тепкішек қылып, заңғарлыққа жосалы басқыш жолмен барар еді», – деп [180] оралымды сөйлеммен ойлы сурет береді. Очерктің басты ерекшелігі тартымды, көңілге қонымды, әсерлі жазылғандығымен, очеркистің тілге бай, сөзге ұсталығынан аңғарылады. Професор Т. Қожакеев: «Очерк жазатын адамның дүниеге өзіндік қатысы, өмірлік факт, оқиға деректерді өзінше қабылдауы, көрген-білгенін айтып, жазып беруде өзіндік ұғымы, сезінуі, творчестволық беті болуға міндетті», – деген пікірі [169, 206 б.] очеркке тән барлық сипатты көрсетіп отыр

Ш. Мұртаза жолсапар очерктерінің оқырманды бірден баурап алар қасиеті: біріншіден, көпшілігінде шетелдің мәдениет, ғылым, өнер саласындағы ұлттық ерекшелігін байқап, сол халықтың өткен тарихын бес саусақтай біліп, бүгінгі әлеуметтік өзгеріспен байланыстыра түсуі көркемдік деңгейін, нақты фактіні сөйлетуі очерктерінің шынайылығын арттыра түседі. «Естен кетпес Эстония сапары» очеркінде (Қазақ әдебиеті, 6 тамыз, 1982.) IIIерхан Эстонияда өткен қазақ әдебиеті мен өнері күндерінен әсерін, сол

елдің өткен-кеткен тарихын Қазақстанмен салыстырады. Эстон халқының әдебиеті жайлы: «Біздің кейбіріміз үйренетін жайт: эстон жазушыларының көбі дерлік туындыға азық боларлық сапарларға көп шығады, көп білуге, көп көруге ұмтылады. Олар мансапқа, креслоға мән бермейді», – деп [182] жазушының ең басты міндеті – жазу, сондықтан да, түптің түбінде сені ұшпаққа шығаратын өзіңнің азапты да, ардақты еңбегің екендігін айтады.

1977 жылы бір топ ақын-жазушы қазақ әдебиетінің Башқұртстандағы күндеріне барды. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының екінші хатшысы Шерхан Мұртаза сол сапар алдында жазған «Оралтауға барарда» мақаласы 1977 жылдың 12 тамызында «Қазақ әдебиетінде» жарық көрді. Он жеті жылдан соң Башқұртстанның үлкен жазушысы Сәйфи Құдаштың жүз жылдық тойына арнайы шақыртумен барған ол «Салауат саздары» жолсапар очеркін жазды. Шерхан очеркінде Башқұрт халқының ержүрек батыры Салауат Юлаев туралы оқырманды қызықтыра түсетін мәлімет береді.

«Саха сапарынан соң» жолсапар очеркінде (Қазақ әдебиеті, 15 шілде, 1983.) саха астанасы Якутскідегі көрген-білгенін, біздің елмен ұқсас тұсын: «Сахалардың табиғатты аялап, құрметтей білетіндігі қызықтырып таңдандыра түседі. Олар ит тұмсығы батпас сірескен ормандары бола тұра әрбір шыбықтың құнын біледі екен. Табиғаттың қадір-қасиетін қанына сіңірген халық екендігін айта келіп: «Сахалар не жесе де «Бай-байанай берді», – деп алады «Бай-Байанай» – орманның киелі аты. Саха тіл-әдебиет институты саха халық өлеңдерінің төрт томдығын шығарыпты. Соның бірінші томы түгелдей табиғат туралы жырлар», – деп [183] біздегі том-том кітап болар халық қазынасы мұрағатта көмулі жатқандығын, саха елінің табиғат туралы көзқарасы сабақ болар дүние екендігін бағамдайды. Қаламгер сахада табиғат қатаңдығына қарамастан жылқының көп, мейманды шараға құйылған қымызбен қарсы алатын дәстүрін қазаққа ұқсатады.

Екіншіден, жолсапар очерктерінде әлеуметтік, экономикалық, ғылыми, мәдени т.б. мәселені әңгімелеп, әр тұста қаламгер назары түрлі адамға, қилы оқиғаға аударылады. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1985 жылғы 5 тамызында жарық көрген «Жұлдызы биік Жуалы» жолсапар очеркінде қаламгер жолы түсіп алдымен Ленин атындағы, бұдан кейін XXII партсъезд атындағы колхоз, совхозда болады. Егінжайдағы ерлердің еселі еңбегімен танысады. Үш шаруашылық пен аудан басшыларының шеше алмай жатқан күрделі мәселесінің түп төркінін аңғарып, жан-жақты баға береді. Жеке адамның да, тұтас шаруашылықтың да тіршілігі талданып, ой-пікір айтылады.

«Егемен Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 1 қаңтарында жарық көрген «Ұлытау» атты очеркінде де Сарыарқаның кіндік мекеніне арнайы ат басын бұрып, бүгінгі әлеуметтік тіршілігіндегі өзекті жайтқа алаңдаған терең ой-ұшқынын: «Банк деген бай мекеме мұнда да қарысқақ. Жеңіл несие бермейді. Фермерлер жер тістелеп, ақ қар жамылып, көк мұз жастанып, жанталасып, жағдайын бірте-бірте жөндеп келе жатыр. Қанша қиын десе де, ел еңсесі түспей, бой түзеп келе жатқан нышан бар», – деген [184] жолдар арқылы көрсетеді.

Үшіншіден, қаламгер құбылыспен оқиғаға терең үңіліп, қай мемлекеттің болмасын өзіндік ерекшелігін байқап, алған әсерін шынайы көрсетеді.

Мәселен: «Арабтар ара-тұра бес-бес күннен қатарынан соғатын керімсалды «Хамсин», – дейді («Сфинкс сөйлейді»), болмаса: «Түркияның қай қаласына барма, қай ауылына барма махалла (квартал) сайын бір мешіт. Әрине, әлемге әйгілі ірілері де бар, ондай орасандарын түріктер мешіт емес, жәми деп атайды», – дейді («Көрген-білген»).

Төртіншіден, қаламгер жолсапар очерктерінде көзімен көріп, көңілі қанықкан көрікті жерлерді көркем тілмен суреттеп, өмірдегі мәнді оқиғамен бетпе-бет ұшырасудағы түйген әсерін, көркем-суреттеу құралын нақты өмір шындығымен ашып көрсетіп, кейбір көркемдік элементті, атап айтқанда, табиғат көрінісін авторлық пайымдау, тілі мен стилі көркемдік деңгейі арқылы аша түседі. Бір ғана мысал, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1990 жылғы 3 қарашасында жарық көрген Америка сапарынан жазған «Аңысын аңдаған Америка» очеркінде: «Пеория – қырат, қырат орман жамылған мұңлы күймен толқып аққан Иллиной өзені шалқыған, ормандарында жасыл, қызыл жаннат құстары сайраған, естен кетпес өлке», – деп [185] бір өлкенің сипатын жұп-жұмыр етіп бере қояды. Көрген-білгенін құрғақ баяндаудан гөрі, белгілі бір оқиғаны, көрініс құбылысты терең бағамдап, соған салиқалы ой тастау арқылы айқындайды.

Зерттеуші, ғалым, Қажым Жұмалиев: «Теңеу – жазушы бір нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттей алады», – деген [186] пікіріне орай, Шерхан табиғатты суреттеуде теңеуді ұтымды пайдаланады. «Лениншіл жас» газетінің 1958 жылғы 23-24 тамызында жарық көрген «Достықтың өркені өсе берсін!» жолсапар очеркінде: «Теңіз беті тынық. Теңіз мүлгіп, яки бір ой ойланып жатқандай, нендей бір қиялға батқандай. Ақ шағала от айналған, отқа ғашық болған көбелектей. Шағала теңіз үстін шарлап, тынбайды, ақ төсімен су сызып, теңізбен бір сәт сүйіскендей болады, қалықтап қайта көтеріледі, бірақ көк теңізден көз алмайды. Шағала келіп шалықтап сүйіп өткенде, теңіз бейне жаны бардай, қытығы келгендей, дір-дір етеді, қат-қат дөңгелек шеңбер жүгіріп кетеді», – десе [187], «Сфинкс сөйлейді» очеркінде: «Африканың алаулы күні, пирамидалардан әрі аунап түсіп ұясына қонады. Сонда аспанның жарым-жартысы қылаң қызыл бояуға малынады. Қала сыртынан көтерілген кешкі шаң да қызғылтым тартады. Тозаң екеш тозаңға дейін құлпырып, қоқи қаздың қауырсынына ұқсағысы келеді. Күн батқанмен, аптап басылмайды. Күні бойы қызған құм кешкітұрым ыңырсып, ыстығы асқан адамдай аунақшитын тәрізді» [180], немесе, «Алаш» ауылындағы»: «Стамбул – Түріктің жүрегі іспеттес. Ал, Измир Түрік жұмхириятының басындағы тәждің маңдайлығында жарқыраған гауһартас сияқты», – деген [188] үзінділерден аңғарғанымыздай, ой-пікірін көркемдегіш құрал арқылы сабақтап отырады.

Шерхан Мұртаза очерктерінің көркемдік шеберлігі түр жағынан портреттік, проблемалық, жолсапар очерктеріне тән талап-шартты меңгеруімен, нақты оқиғаға, өмірде орын алған дерекке сүйеніп, оң өзгерістердің, игі жақсылықтың, орын алған кемшіліктің қоғамдық, әлеуметтік мәнін аша білуімен байқалады. Екіншіден, Шерхан «Очерктегі образ жасау тәсілінің өзіндік ерекшелігі бар. Очерктің қаһарманы –

заманымыздың қаһарманы. Демек, елітерлік, тәлім алардық сипаты жоқ кез-келген адам, кез-келген өмірбаян образ бола алмайтындығын» [189] қатаң ұстанғандығын аңғартады. Шерхан туындыларына арқау болған үлгілі замандас бейнесі уақыт, дәуір айнасы болды. Замана ағымын, өмір келбетін озат колхозшының, үлгілі машинистің, екпінді жастардың ерен еңбегін, істәжірибесін суреттейді. Көркем очерктерінде жұрт назары ауатын ерекше адам бейнесі сипатталып, түрлі адам тағдыры танылады.

Егінжай, завод, шопан, теңізші, дәрігер – қысқасы өмірдің сан тарау жолын, замандастардың жарқын келбеті, көпке үлгі еңбектегі табыс-жетістігін, ішкі иірім сырына ерекше назар аударып, жан-жақты зерттеуі кейіпкер құбылысын талай-тағдыр талқысын шебер бейнелеуінен көрінеді.

Үшіншіден, Шерхан очерктеріндегі сөз саптау мейлінше орамды, образды, ойлы, сөйлемі ықшам, нақты, тұжырымды жазылып, өмір шындығын көркем тіл қолданысымен жеткізе білетіндігімен ерекшеленеді. Қаламгер көп сөзділікке, шұбалаңқылыққа бармайды, ойын, идеясын қысқа беруге тырысады.

Төртіншіден, Шерхан тақырыпты ұтымды тауып қояды. Жазушының шығарманы не туралы жазуын – тақырыбы, – десек, Шерханның «Ұзақ түндегі қысқа ұйқы», «Уақыт шексіз, уақыт тар», «Ақ шыбынмен» арпалыста», «Ақ мылтық» атылған соң...», «Дәрігердің үшінші қаруы», «Миллиард толқынында», «Тебіренген теңіз», «Бұлттар көшіп барады», «Әуедегі «Жібек жолы», «Ақсарыбас» тәрізді очерктерінің бас тақырыбы сингармонизм құрап, үндесіп тұр. Бұл Шерханның тақырыпты дәл таба білетін шеберлігін танытады.

Бесіншіден, жолсапар очеркі табиғатында жауынгерлік, әрі мейлінше жемісті жанр болғанымен, оның көптеген ішкі қиыншылығы бар. Әйтсе де, жолсапар очерктерінен аңғарғанымыз Шерханды қай елдің болмасын ең алдымен, адам өмірі, халық тарихы қызықтырады. Ол өзіне ең қажетті, мәнді оқиғаның күрделі мәселесін ғана тап басып, шебер жеткізеді. Бұл кезінде К.Паустовскийдің «Романтиктер» алғашқы романында: «Көп жолсапар шеккеніңді мен мындардың арасынан да бірден айырам. Саяхаттар адам жанын тазартады», – деген пікірімен үндесе түседі [190].

60-шы жылдар Шерхан Мұртазаның нағыз очерк жазу кезеңі десек, негізгі тақырыбы – еңбек адамының бай өмірі, өндірістегі, құрылыстағы еңбек адамының әр тұлғасы шынайы суреттелді. Бұл саладағы очерктерін өндіріс очерктері деп атаса да болады. Жұмысшы санасын, іштей өсіп, өзгеруін көркем тілмен, бейнелі сөзбен суреттеп беру шынында да көп еңбекті, ізденісті тілейді. Өнеркәсіп қазанында қайнап өскен адамның ішкі дүниесін, жан құбылысын, өзгеше өріс тапқан бедерлі бейнесін суреттеу – қиынның қиыны. Осындай қиындыққа қарамастан Ш. Мұртаза очерктің өзекжарды нысанасы – адам екендігін ескере отырып, тақырып ауқымына байланып қалмай, тақырыптың өзін адам тағдырына бағындыра білген талғампаз суреткер болды.

2.3 Шерхан Мұртаза көркем шығармаларындағы публицистикалық сарын: дерек, факт, өмір шындығы

Жазушылық жолын журналист ретінде бастап, туған республикамыздың көптеген жерін аралап, географиялық, этнографиялық ерекшелігімен жете танысып, еңбек адамымен жақынырақ дидарласудың нәтижесінде, Шерхан Мұртаза өмірге «Табылған теңіз» (1963), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1967), «Мылтықсыз майдан» (1969), «41-ші жылғы келіншек» (1972), «Ахметжанның анты» (1973), «Интернат наны» (1974), «Қара маржан» (1976) секілді повесть, роман әкелді. Бұл шығармаларының бірінде кеншіні көрсетсе, екіншісінде тың игерушіні суреттейді, ал енді бірінде жұмысшы еңбегін жырлайды. Соғыс тақырыбы да жазушы назарынан сырт қалмаған.

Қаламгер Шерхан Мұртазаның ең алғашқы туындысы «Табылған теңізден» бастап «Қара маржан» романына дейінгі көркем дүниенің арасында психологиялық үндестік бар. Бұл ерекшелікті жазушының стильдік мәнері деп те, авторлық позициясы деп те түсіндіруге болады. Оның кейіпкерлері негізінен, оқшау, көзге түсе бермейтін қарапайым ғана азамат болып келеді де, бара-бара кесек қимыл мен қаракеттің иесіне айналып кетеді. Адам бойында, адам мен адам арасында болып жататын сезім иірімін, қақтығысқа толы қарама-қайшылықты көрсеткенде де сол қалпында суретке түсіріп алғандай дәлдікке ие. Шынайы жазылған шығармада жазушы өз заманының ой-арманын рухани тебіреніспен оқырман көңіліне қозғау салрлықтай етіп, өзінше қырлап бере біледі. Оқырман мұндай шығармаларда өмірде, өз айналасында бұрыннан көріп жүрген құбылысты жазушымен бірге жаңадан ашқандай сезімде қалады. Жаңа ой түйіп, тың байламға келеді.

Жазушы шығармашылығында соғыс жылдарындағы ауыл шындығы, тыл өміріндегі қиыншылық жайы жаралы, жүзі мұңды адам жүрегіндегі сырды көрсету басты орын алады. Осы тұста сыншы, журналист Сағат Әшімбаев Шерхан шығармашылығына: «Шерхан Мұртаза туған әдебиетіміздің киелі табалдырығын 60-жылдары имене де ілтипатпен аттаған бүгінде айтар ойы қордаланып, қомақтанып қалған тегеурінді буынның тегершігі берік белді бір өкілі. Ол – әлдекімдер сияқты әр жанрдың «есігін» бір ашпай, алғашқы тұсаукесер туындысынан бастап негізінен повесть жанрының соңынан індете қуып, ізденіп келе жатқан жазушы», – деп бағасын беріп өтеді [191].

Қаламгер Шерхан Мұртазаның шығармашылық үлкен қыры әңгіме саласында ерекше шоқтық көрсетіп, терең психологиялық-философиялық салиқалы нышан танытты. Алғашқы әңгімелері «Әңгелек», «Әмеңгерден» кейін жазушының «Бақыт қайда», «Командировка», «Шағалар қайда ұйықтайды», «Сол бір күз», «Алтын тікен», «Ұзақ командировка», «Тілсіз қоңырау», «Іздеп табамын», «Тұйық шарбақ», «Қыз бен бота», «Бөрте, Зере және Нұржан», «Шекшек шырылдайды», «Сусамыр», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Ақсай-Көксай», «41-жылғы келіншек», «Көкемарал гүлдегенде», «Интернат наны», «Жүрекке әжім түспейді» т.б. көптеген әңгімелері дүниеге келді.

Әңгіме – адам өмірінің белгілі бір эпизоды туралы, не белгілі бір оқиға турасында көркем тілмен баяндайтын прозалық шығарма. «Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің айырықша үлгісі» [192]. Шерханның «Ақсай мен Көксай», «Интернат наны», «Ұзақ командировка», «Шекшек шырылдайды», «Көкемарал гүлдегенде» атты әңгімелері қарапайым адамдардың өмірін әр қырынан көрсетуге арналды. Мәселен, ең көлемді, сюжетті әңгімесі «Ақсай мен Көксайда» қаламгер қарымының көп қырынан көрініс береді. Шерхан әсіресе, сөзді ұтымды, шебер қолданады. Ол сөзге неғұрлым сараң тартып, қарапайымдылыққа бой ұрған сайын көркемдік көгіне көтеріле түседі. Қызық тағдыр, қилы мінезге бай осы әңгімесі – жазушы туындыларының ішіндегі елеулі еңбегінің бірі.

«Ұзақ командировкадағы» тілі енді ғана шыға бастаған Нұрланның есіл-дерті, сөйлейтіні – тек әкесінің елес бейнесі. Ол ең сүйікті адамын мәңгі көрмейтінін білмейді. Ұзақ «командировкаға» кеткен. Сәт сайын есікке алаңдайды, қонаққа барса үйге асығады. Бейне ол жоқта әкесі келіп, мұны күтіп отырған іспетті. Әңгіменің әрін келтірген әсерлі салмағы қаламгердің көңіл-күйдің қыл ішегін дөп басып, нәзік мәнермен жеткізуінде. Оның «Шекшек шырылдайды» шағын әңгімесі де – әлеуметтік жүк көтеріп тұрған шығарма.

Қаламгердің «Сүдігерде изен ызыңдайды», «Жүз жылдық жара», «Алтын тікен» әңгімелері – философиялық ой-тұжырымын айқындайтын дүниелер. Мәселен, «Алтын тікен» әңгімесінде: «Бурыл таудың жалаңаш жартасынан шақ етіп бала бүркіттің үні естілді... Шеңгелдің тікені көп, жапырағы сирек еді. Қауашағы пісіп, жел сөл ызың етсе қоңырауша сыңғырлап тұр. Шеңгелдің түбінен қашып барып, ебелектің астын паналаған кесірткенің алқымы бүлкілдеді», – дегендей [193], сөйлемдері – мүсіншінің тастан қашап салған дүниесіндей артық-кемі жоқ, жұп-жұмыр, теп-тегіс. Ойы да, бояуы да қанық. Ақырындап келіп жанынды баурап жатады. Оқырманға ой биігін, сөз қадірін ұғындырып кетеді.

Шерханның «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «ХХ ғасыр: қазақтың жүз әңгімесі» айдарында жарияланған «Алтын тікен» әңгімесі: «Әңгімені ә деп бастап, үш-төрт сөйлем оқуыңыз-ақ мұң екен, әлдебір дүниелік музыка сызылып, сыңсып қоя береді. Сол мұңды һәм бойлауық музыка әңгімені оқып біткенше бір үзілмейді... Бұл қайдан шыққан музыка? Ненің музыкасы? Сазсырнайдың үні ме? Жоқ, шаңқобыздың уілі ме?.. Бұл – адам жанының музыкасы. Бұл – адамды Адам еткен, адамды Адамдық еткен кейіпке ендіретін киелі сезімдердің, яки Аңсау мен Сағыныштың уіл үні. Соның көркем сөзбен таңбаланған нотасы», – деп биік бағасын алады [194]. «Алтын тікен» – шап-шағын болғанымен, оқырманға берері мол, шебер жазылған дүние.

«Шерхан Мұртаза әңгімелерінен жанды дененің қажетті мүшелеріндей қызмет атқарып тұрған детальдан өзге басы артық сөз, не көлденең тұрған ой жүйесін таба алмаймыз» [195]. Шерхан шеберлігі – табиғи қабілет-қарымына ғана байланысты емес, көркем әдебиетке өзіндік тақырыбымен, стилімен, кейіпкер өрнектеу ерекшелігінде. «Шерхан Мұртаза әдебиетке балаң шәкірт боп төменшіктеп, именшіктеп келген жоқ. Тіпті ол балаң шәкірт

деп аталатын кезеңді басынан өткізбеген де сияқты. Олай дейтініміз, оның алғашқы әңгіме, повестері өзінің толыққандылығымен, ешкімге ұқсамайтын өзіне тән жазылу мәнерімен, болмыс-бітімімен, шығармашылық стихиясымен жаңалыққа ылғи да құлағы түрік отыратын, көңілі ояу естияр қауымның назарына бірден-ақ іліккенді. Ол қауым Шерханды бірден-ақ «жазушы болуға қабілеті бар» деп емес, «талантты жазушы» деп, «болашағынан үміт күтуге болатын сияқты» деп емес, «үміт күтеміз» деп қабылдады. Шерханның әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін көрсетсе керек» [196].

Шерхан әңгімелерінде шағын әңгімеге жарасатын қысқалық, балладаға бергісіз ішкі тереңдік, мазмұн байлығы, метафоралық бейнелеу, өмірдегі ақиқатқа, нақты дерекке құрылуы, кейіпкерінің сезім-күйін игеруде, олардың жан күйзелісі мен толғанысын беру тәсілінің де жақын жатқандығын аңдаймыз. Шерхан кейіпкерлерінің сезім әлеміндегі өзгерісін бейнелеуде олардың жан толғанысына өзі де ортақтаса кетіп, авторлық эмоция мен қаһарман көңіл-күйі тұтастық тауып жатады. Әңгімелерінің тақырып тыңдығы, сөз бен сөйлемді орнықты пайдаланып, мазмұндық пен құндылық күші тіл байлығының молдығын аңғартып, суреткер қолтаңбасының даралығына саяды.

Қыры мен сыры, толып жатқан түрі бар прозаны ең қысқа әңгімеден бастаған жазушы бұл жанрдың шеберлік мектебінен жан-жақты өтіп барып, оның ең күрделі сатысы романға толықсыған, кемеліне келген шағында ойысты. Қаламгердің 1976 жылы жазылған алғашқы романы «Қара маржан» туралы кезінде көптеген сын мақалалар мен рецензиялар жазылды, мәселен, Ш. Елеукенов «Зымыран дәуір қаһарманы» (1976, «Уақыт және қаламгер». 4-кітап), Ә.Райымбеков «Жұмысшы мәртебесі» (1980, «Жазушы»), Т. Тоқбергенов «Қос қағыс» (1981, «Жазушы»), Б. Ыбырайымов «Көркемдік көкжиегі» (1981, «Жазушы»), Р. Бердібаев «Биік парыз» (1982, «Жазушы»), С. Жұмабеков «Сын пернесі» (1989, «Жазушы»), Б. Майтанов «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» (1982, «Ғылым»), Т. Мәмесейітов «Тоғысқан толқын» (1982, «Жазушы») т.с.с. атап өтуімізге болады.

Біз «Қара маржан» романын оқи отырып, өскелең өндіріс өмірін, күнделікті ой-санамызға тигізіп жатқан ықпалын көркем сөзбен кестелеу оңай шаруа еместігін аңғарамыз. Мұндайда оқиға құрап, сөз ұстарту жеткіліксіз, ғылым-білімнің адам мінезіне тигізетін ілгерімпаз нышанын суреткерлік сезім елегінен өткізіп, оқырманды иландырар, риза етер кейіпкерге жинақтау шын шеберлік тілейді. Ол үшін алдымен, Шерхан жұмысшы, кенші өмірін жазу оңай еместігін жақсы пайымдайды, содан кейін өзі жазатын кеншілер өмірімен терең танысып, табысын біліп, кемшілігін көріп, санада сараптайды. Ең бастысы, өндіріс, кен жұмысы көрсеткіші емес, кеншілердің рухани өмірі, арман-мұраты, қоғамдық еңбектегі сүйініші мен күйініші, жақсы көруі мен жек көруі, елге, жерге, жарға деген махаббаты, бақыты мен қайғысы екенін жете түсінеді. Өзі жазар материалды жүрегінен өткізіп, кейіпкерімен бірге қуанып, бірге күліп, бірге сүрініп, бірге күресіп, бірге өмір сүріп барып қағаз бетіне түсірді. Бұл үддеден шығу мақсатында көп ізденіп, талмай жанталасты. Жұмысшы табы деген әдебиетші, сыншы атаулыны елеңдетіп жіберерлік елеулі тақырыпқа қалам тартты. Өнер

атаулының ең өзекті тақырыбы жақсылық пен жамандықты талдап, өнер міндетін анық ұққан, өнегені мұрат ұстанған адал қаламгер деңгейіне көтерілді.

Шерхан Мұртаза ғылыми-техникалық заман ерекшелігін тап басып, өмір шындығының көркемдік сипатын, терең философиялық пайымдауын көрсетті. Романдағы өндіріс мәселесі жай шаруашылық, экономикалық сипат алмай, үлкен көркемдік дәрежесіне көтерілді. Романда Қаратау өңіріндегі Қарасай комбинаты мен Нәртас кенішінің қалыптасу, өркендеу жолы, жұмысшы мен зиялы өмірі бірнеше сюжеттік желі арқылы тамаша өріліп, тәжірибелік ізденісі байқалады.

Жазушы Еркінбек Тұрысов «Сұлу Бөрте» мақаласында «Қара маржанда» бейнеленген арқар туралы жазды: «Шерхан ел мен жер, табиғаттың сырлы әлеміне ғашық Шерхан бізге өлкені ұлпа қар басқан қалың қыс ортасында келді. Келген бетте ақмамық алма бауы ішінде жұбымен серуен құрып жатқан таудың кербез сұлуы – қос арқарды көрді. Таңғажайып табиғатқа таңдана зер салды. Шерханның ол кез, жастар журналы «Жалынды» басқара жүріп, үкімет заказымен «жұмысшы табы тақырыбына» арнап, «Қара маржан» романына кірісіп, Қаратауға келгіштеп жүрген кезі болатын...

– Мына Бөрте құлжаны, – дейді, бір шақта ойлана отырып Шерхан, өзінің туған жеріне, тау ішіне апарып, өз жайына жіберсе қайтер еді?

– О, ол шешімі оңай сөз. Қол бала арқар адамды жау біле ме?! Оны күнде көріп жүргеніндей дос санап, тау кезген мылтықты мергеннің алдынан маңқайып қарсы шықпай ма? Талассыз тағдыр деген сол. Сол күннің кешінде, оның анау ай шеңберлі алып мүйізі өткір балтамен түбірінен шабылып, анау бота көздер мөлдіреген айқасқа басы қара қазанда бүлкілдеп қайнап жатарын бұл жануар қайдан білсін.

Шерхан үнсіз сұрланып, аз ойланды:

– Әй, рахымсыз, қатал өмір-ай! Мына керемет сұлу мүсінді қалайша қиып, оққа байлайды екен?», – деп жазады [197].

«Қара маржан» романында Шерхан Ерінбек Тұрысов айтып отырған сол эпизодты былайша суреттейді: «Осының өзін өң бе, түс пе деп тұрғанда Нариманды бұрынғыдан бетер таңқалдырып, қораның аржағынан аспай-саспай бір арқар шыға келді. Шаңырақтай мүйізі айналып, перғауындардың тәжіндей салтанатты сән беріп тұр. Арқар сірә, бір жасқа толар-толмас. Бірақ соның өзінде қазақы құнан қойдан да ірі. Денесі қоладан құйғандай шымыр. Бөрте жүні тып-тығыз. Серік екеуіне алғашында таңырқай қарады, қастарына дейін келді де, өзіне беретін қанттары жоғын сезгендей кесірлі, тәкаппар көзбен бір қарап, бурылып жүре берді...

Осы кезде табалдырықтан Ақаңның өзі де көрінді. Бұл жолы басында тақия, қазақы қоңыр шибарқыт шалбар, аяғына кебіс іле салыпты.

– Апыр-ай, Ақа, таудың тағы аңдары да сіздің үйді жатырқамай ма, қалай? – деді Нариман шыдамай.

– Ә-ә? Әлгі Бөртені айтасың ба? Аяғы шықпаған, шаранасынан жаңа аршылған кезінде мына қырқаның ар жағындағы Киікоты деген жерден тауып алғам. Енесін бір бетпақтар атып кетіпті. Лағы қалың шөптің арасында қалып қойыпты. Содан жылқы қарап жүріп, ойда-жоқта үстінен түстім де,

обалсынып, ит-құс жеп кетер деп үйге алып келдім, алдыма өңгеріп. Балар сүт берді, нан берді – енді асыранды болды. Қусаң кетпейді. Бірақ итпен өш, бәлекет. Ит те, тұқымың құрығыр, оның жабайыдан екенін сезді ғой деймін, іші жылымайды. Қауып алғысы кеп турады. Бөрте болса оны сүзіп қорқытады. Ал адамға еркелейді, байғұс. Анасын атып кеткенімен ісі жоқ. Анайы, кексіз мал ғой» [198].

Ақан қарттың арқары романда символикалық міндет атқарып тұр. Ашық есіктен шығып кеткен арқар иттерден қашып, тауға тартады. Тауда Жарастың оғынан мерт болады. Осы сәтке дейін Жарастан дәмеленіп келген оқушының үміт арқауы үзіледі, өзіне қарай келе жатқан арқарды атуы Жарастың өзімшілдігінен сәл де болса хабар бергендей. Атпай аз-кем кідіргенде де болар еді ғой, бірақ Нариман Аманқұл бұрын атып қояр деген іштарлықтан шүріппені басып қалды. Таңдану сезімін қызғаныш сезімі тұншықтырады. Осындай бір қарағанда елеусіз детальдың өзі кейіпкер табиғатын тануға жетелейді. Бұл Шерхан шеберлігінің бір қырын танытады.

«Қара маржан» романында тілдік құрал, көркемдік тәсіл тап басып айтылуымен ерекшеленеді. Болмыс, бейнені суретпен, оймен көрсетіп, тарауларды әсерлі, қадау-қадау көріністен баяндайды. Пейзажды кейіпкер болмысын ашуға қонымды, шебер пайдаланады. Айталық, «Төменде су сарқырайды. Шатқал қарауытып жатыр. Қойнаудан жылтырап сәуле көрінеді. Ол жаңа өзі аттанған үйдің оты. Сәуле таудың тар қуысынан қорқып дір-дір етіп, әдекімдерді іздеп зарығып тұрған сияқты-ақ. Бірте-бірте көзден тасалана қалып бара жатқан жалғыз терезеден Ермекке қарап тұрғандай. Арба сайға түсіп, қалың нудың арасына кіргенде жалғыз сәуле мүлдем көрінбей қалды. Ермекті тастап бара жатқанын Мәрзия сонда барып, шын сезінді» немесе, «Асфальт жолмен жарысып жатқан жоғары вольтті электр линиясының сымдары – ұзыннан-ұзақ құрылған өрмек сияқты. Бағана басындағы кәрі қарақұс сол өрмекті тоқып отырған әжең тәрізді. Аспанда жұқалаң ұлпа бұлттар көрінеді. Меринос қойдың жібек жүнін жуып, енді соны кептіруге жайып қойғандай... Күннің шығысынан батысына созылып жатқан тауды бір құдірет араларын алыстатпай қойнау-шатқалдармен бөтегелі бөлтектерге бөлген де отырған. Шатқал түкпірінен жасыл орман жалт ете қалады. Таусылмас тас бөлтектерді жасыл жіпке тесіп тізіп қойғандай. Жасыл жіпке тізілген қара маржан...», – деп суреттейді [198, 72 б.].

Шерхан шығармасында кейіпкер танымын, табиғат көрінісін бейнелеуі – өзіндік мақсатын, шеберлігін ғана емес, интеллектілігі мен өмірді қанша-лықты терең зерттейтіндігін көрсетеді. Әдеби-көркем шығарма, оның ішінде әсіресе, іргелі де күрделі жанр туындысы – роман өз алдына тұтас бір әлем секілді. Сол әлемге енгенде бізді ішіндегі барша құбылыс, әсемдік түзіліс заңдылығы қызықтырады. Ол үшін нағыз халықтық шығарма қоғам шындығынан тамыр тартып, дәуір келбетін көрсете алса ғана өміршең болатындығын ескергеніміз жөн. Сөйтіп, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін зерттеп, көптеген көріністі жете талдап, ұрымталдықпен сұрыптап, дүниеге келтірген мезгілде барып «таныс, бейтаныс» кейіпкерлерге жан бітіп, рухани қазынаға айналады. Қаламгер Шерхан Мұртаза «Қара маржан» романында кейіпкердің іс-әрекетіндегі қалыптасуын ішкі астары мен сипатына үңіле

отырып, соған орай сюжеттік желінің логикалық өру заңдылығын аша отырып суреттейді.

Қаламгер Ш. Мұртаза бүкіл шығармаларында екі бірдей үлкен саланы – осы заман өмірі мен тарихи ғұмырнаманы қаусырған жазушы. Қазақтың тіпті исі түркі жұртының, одан да әрі айтқанда адамзат тарихындағы ұлы тұлға, көрнекті қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы «Рысқұл», «Тұрар», «Жұлдызды көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» атты бес кітапты жазды. Шерхан Мұртаза Тұрарға қатысты шығармасы хақында: «Отыз жыл ойландым, жиырма жыл жаздым. Қаламға түсіргеннен бұрын да дерек жинадым. Бір сөзбен айтқанда, бас пен көкіректің бос болған кезі жоқ», – [53] дей келіп: «Бұл күнге мен Тұрар Рысқұлов сияқты мұхитқа түсіп кетіп, ширек ғасыр бойы малтығып жағаға зорға шықтым. Мен оған гранит, мәрмәр тастан емес, қағаздан, сөзден жүрек қаныммен ескерткіш орнаттым. Біріншіден, Тұрар туралы осыншама уақыт бөлуіме оның алыстан қосылса да ағайын жақындығы, бірер түйір болса да қан жақындығына байланысты туысқандық сезімнен болар. Тұрар Рысқұловпен тегім, түбім бірнеше атадан қосыламыз. Екіншіден, сөйтсе де Тұрар бір ауылдың ғана, немесе бір рудың, тайпаның ғана азаматы емес. Ол бер жағы күллі қазақ халқының, ар жағы күллі түркі елдерінің ұлы, аса ірі қайраткері еді. Тұрар Рысқұлов – жарты әлем таныған азамат. Бес кітап жазу, алдымен зерттеу сол кездегі заманға байланысты оңай болды деп айта алмаймын. Көптеген қиыншылықтарды бастан өткердім. Кейде «қол көтере алмайтын шоқпарды беліме неге байладым екен» деп уайымдаған да кездер болған-ды», – деп жазады [85]. «Қызыл жебе» авторының алдында қиын міндет, күмәнді, күдікті, жүрек сескендіретін, күндіз-түні толғандыратын қиын сауалдың болғандығы рас. Бір шетінен бұлай болуы заңды да еді. Өйткені, бұдан бұрын ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қараш-Қараш» оқиғасы» дүниеге келіп, оқушы жұрттан өз бағасын алған, сөйтіп, бұл шығарма кино боп тіріліп, спектакль боп қойылған. Осыдан соң «Қараш-Қараш» оқиғасына» бару, енді тіпті тарихи тақырып деңгейіне бару – автордың алдына сансыз дүдәмал сауалдар тастаса – оның өзі мейлінше занды еді. Өткені, Шерхан батылдықпен көңілдегі сансыз күдікті түріп тастап, сол «Қараш-қараш» оқиғасына» тарихи шындық тұрғысынан келіп, қаламды өзінше, ең абзалы ешкімді қайталамайтын нұсқада тартты. Осы тұста Шерханның өзі былайша ой түйеді: «Біреуден көшіріп алу немесе жетегінде кету нағыз жазушылық мінез емес. Әркімнің өз соқпағы болу керек. Жіңішке бола ма, даңғыл бола ма, ол жазушының шама-шарқына байланысты» [97].

Шерхан Мұртаза ұлы жазушы Мұхтар Әуезовты қайталамай, сол оқиғаны басқа қырынан алып, өзіндік шешім ұсына білді. М. Әуезов Бақтығұл арқылы кекшіл, әр мінезді дала кедейін суреттесе, Шерхан таптық күрестің тартысын негізгі арқау етеді. Қаламгердің «Қызыл Жебе» шығармасындағы проблемалық, құжаттық сипат – дәуір тынысын, уақыт белгісін көркем бейне арқылы игеру ниетінен туған жаңа қасиет еді. Шерхан уақыт пен дәуір тынысын сыртқы белгіден емес, ішкі зандылық пен өмір қозғалысы арқылы көрсетуге тырысады. Нәтижесінде, кесек-кесек тарихи оқиға сабақтасқан заманмен өзектес, үндес, таным қайшылығы мол Тұрар Рысқұлов ғұмырын

құжаттық дерекке сүйене отырып, ғұмырнамалық-тарихи романын жазып шықты. Сондықтан да, *«Қызыл Жебе» романы – ақиқат өмір деректеріне құрылған көркем-публицистикалық роман* деуімізге толық негіз бар.

Тұтас бір кезеңді қамтитын дәуірнамалық шығарма жазу осыдан бірсыпыра жыл бұрын көркем прозада салт бола бастаған еді. Қазақ әдебиетінің тарихында 1940-1950-ші жылдардан бері тарихи романды өркендеткен М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Х. Есенжанов, берірек келгенде Ә. Нұрпейісов, Д. Әбілов, бертін келе Ә. Кекілбаев, С. Сматаев, М. Мағауиндер болды.

Әдебиет зерттеушісі Н.Н. Воробьева: «Қазақ әдебиетінде тарихи прозаның қалыптасуы, халық шындығы автордың жеке тәжірибесі арқылы сарапталған, ал, сюжеті осы тәжірибе мазмұнымен анықталған өмірлік шығармалармен байланысты», – деп жазады [199].

«Қазақ әдебиетінде көркем-ғұмырнамалық роман деп аталатын жаңа жанрлық форма қалыптасты деген тұжырым айтар болсақ, ауызға алдымен алынар жазушылардың бірі – Шерхан Мұртаза деп білемін. Революционер, қоғам қайраткері, ғалым-публицист Тұрар Рысқұлов өмірінен жазып жүрген көп томды романның үшінші кітабын жазушының «Жұлдыз көпір» деп атауында көп мән бар...» , – деп жоғары бағаға ие шығарма иесі атанды [200].

Кезінде ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жұлдыз көпірден» мен Тұрар Рысқұлов бейнесін тани алдым деуіме болар еді... Қызыл көпір маған Тұрар өткен өмір өткеліндей көрінді. Автордың табысы да осы бір символиканы аяқтап шыққанында ма деймін», – деп [201] Шерханның Тұрар Рысқұлов өмірін жазып шығуда өзгені қайталамай, болған істің көшірмесін ұсынбай, өмір шындығынан көркемдік шындық тудыру үшін аянбай тер төгіп, ыжаһаттылықпен ізденіп, тарихи факті мен деректі саралап екшей білген еңбегін лайықты бағалайды.

Шерхан өмір шындығын белгілі бір уақыт, кеңістік аясында суреттейді. Өмірлік шындық құбылысы мен оқиғаның қалың тасқыны арасынан қажетті, мағыналы фактіні көре білу үшін де зергерлік зерде қажет. «Шерхан Мұртаза ол тақырыпты қолға алған тұс домалақ арыз бен саяси жаланың айдарынан әлі де жел есіп тұрған кезі еді. «Неопантүрікші», «Рысқұловшылдықты» қайта тірілтуші» деген сияқты саяси шабуылдардан Шерхан Мұртаза сан рет қорғанды, шығарма жазудың орнына жоғарыға түсініктер жазды, талай жиында ышқынып, ашынып, Рысқұловтың, Тынышбаевтың қазақ халқы үшін айырықша перзент екенін дәлелдеп, ақтап сөйледі. Соның бәрі күрес, азаматтық борыштың үлгі өнегесі еді» [202].

Адалдық жолынан тайсақтамай, күштіден ықпай, бүгежексіз ғұмыр кешкен, қу тірліктің ащы дәмін көп татып, тағдырдың аяусыз тепкісін артығымен көрген әзіз жан Тұрар Рысқұлов туралы жазудың Шерханға оңай соқпағаны белгілі. Халық қайраткерінің әділет жолындағы әрбір табан аудартпас күресі мен бітіспес майданы тұсындағы соны қырын сомдап, ғұмырнамалық романға айналдырған қаламгер жазу үстінде біраз қиналса, кейіннен кітап етіп жарыққа шығарарда екі-үш есе қырсыққа тап болғаны жасырын емес. Осы тұста Шерхан Мұртаза былай деп жазады: «...үшінші кітабымды шығаруыма көп қиыншылық болды. Кедергі көп болды. Оның

бәрі кешегі тоқырау жылдарымыздың тигізген қырсығы дер едім. «Жұлдыз» бен «Простор» журналы оны баспай қойды» [147]. Жазушының бұл ойын ақын Фариза Оңғарсынованың: «Қызыл жебенің» үшінші кітабы «Жұлдыз көпірді» бітіріп, «Жұлдыз» журналына беріп ем баспай, кері қайтарып берді...», – деп Шерхан ағамыз сыр шерткендей болды. Жазатын адам үшін жазғанын шығара алмаудан өткен қасірет-күйініш жоқ екенін өзім де жақсы түсініп қалған кезім болатын...

– Аға, «Жұлдыз көпірді» мен басайын... «Пионерге» дедім. Сол сәтте ағамыздың түңілген көңіліне бір сәуле себуге тырысып айтуын айтып қалсам да, қазақ балаларының көлемі инеліктің қанатындай журналын бұл кісі мансіне қоймайды ғой деген көңілімдегі күдікті ойды көзім аңғартса керек:

– Рахмет, айналайын... Журналыңның жалғыз бетіне бассаң да ризамын. Тек... саған да рұқсат ете қоймас», – деп Шерхан ағамыз төмен қарады. Бірер күннен кейін «Жұлдыз көпірдің» біздің журнал көлеміне лайықталған 10-15 бетін алып, Орталық Комитеттің баспасөз бөлімін басқарып отырған Әбдеш Сәрсенұлы Қалмырзаевқа бардым. Журналға басқым келетінін, басылымның әр бетіндегі шағын хабарға дейін електерінен өткізіп отырған цензураға ескертуін өтіндім. Ол кісі көз жүгіртіп оқыды да:

– Саясатқа жат ештеңесі жоқ секілді ғой «Жұлдыз» қорқатындай», – деді. – Журналыңызға баса беріңіз», – деген естелігінде Тұрар туралы жазылған шығарманы сол кезеңде басылымға басудың қиынға соққандығын білеміз [87, 241-242 бб.]

«Қызыл жебе» романы жазылып жатқанда, алғашқы шағын үзінділері газет бетінен көрінген жылдары «Мұртазаев халық жауын дәріптеп жатыр» деп біраз жазушы ағайындарымыздың алаөкпе болып жүгіріп, Орталық Комитетке арыздан жаңбыр жауғызып, мінбе тисе, «Қызыл жебенің» бас кейіпкерін де, авторын да, қазақ атаулының қас дұшпаны деп дәлелдемек болғандары көптің көкейінде сайрап жатқаны белгілі. Әйтсе де, Тұрар бейнесін бағалауда көптеген тарихи қиянаттан аршып, оның берік позициясын «Қызыл жебе» эпопеясында көрсеткен Шерхан ерлігін кезінде «Правда» газетінен бастап (17 тамыз, 1981. № 229) орталық, республикалық газет-журнал атап көрсетті. «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» шығармаларының кең тыныстылығы, эпикалық ауқымдылығы туралы көптеген сын мақала, рецензия жарық көрді.

Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романынан лирикалық желі тауып, адамның ішкі дүниесін ашуға құрылған кейіпкердің көбі сол ішкі дүниесімен көзге ұрып, бедерлі, бітімді мінез-құлқымен, сыр сандығымен көрінді. Ол жағымды-жағымсыз кейіпкерлерінің көпшілігін өмірдегі адамдардан алды. Мәселен, «...Әкеңнің жақсылығын көп көріп едім, бұл көйлек соның бір мысқалына да татымайды. Мені есіңе ала жүрерсің. Мен осы Меркеден елу шақырым Қорағаты деген жерде тұрамын. Аққөз Қосанұлы десең жұрттың бәрі біледі» немесе, «Кімге кекірейіп, кімге еңкеюді пристав білмейді емес. Василий Кузьмин – Мерке участогіндегі ең беделді атамандардың бірі. Керек десең, Мерке атырабындағы ірі селолардың бірі соның атымен аталады. Ал, өзі пристав бола тұра мұның атында Сокольское дейтін село жоқ. Кузьминдермен санаспауға болмайды», – деп жазуы сөзімізге дәлел бола

алады [203]. Осындағы Аққөз Қосанұлы батыр – Меркі өңірінен шыққан белгілі тұлға.

Қаламгер Шерхан Мұртаза «Ел сенімі – ауыр жүк» (Ақ жол, 21 тамыз, 1992) сұхбатында: «Меніңше, осы «Қызыл жебе» атты бес кітап таза көркем шығарма да емес, архив материалдарына негізделген құрғақ тарих та емес, зерттеу, публицистика да аралас», – деуі [85] деректі шығарманың публицистикалық құндылығының жоғарылығын дәйектейді.

1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби «Қазақ» газеті туралы «Қызыл Жебе» романында: «Орынборда шығатын «Қазақ» атты газеттің соңғы санын кеше бізге Ташкенттен ротмистр Приходько мырза жеткізді. Сол газеттегі тағлым сөзді сіздерге қазір Атамырза Айбаров оқып береді. Осы уақытқа дейін приставтың сөзін қазақшалап тұрған Атамырза қолындағы араб әрпімен басылған газеттің бірінші бетін жазып, алтын жиек пенснәсін кеңсірігіне нығарлап қойып, дауыстап оқи бастады. – «Қазақ» газеті. Июль айының сегізі күні. Орынборда шыққан саны. Тындаңыздар, мұнда былай жазылған: Патшаның жарлығы – хақ. Оған қарсы шығып болмайды. «Бұйрық» қатты болса, жанға тәтті деген. Сондықтан, жарлықты орындар болар», – десе [203, 351 б.], журналист Көлбай Тоғысов туралы былай деп жазады: «Рысқұлов бір мезгіл осылай да ойлады. Көп болғанда Ташкенттегі мұғалімдер институтын бітірер еді. «Алаш» газетінің редакторы Көлбай Тоғысов, мүмкін оны қызметке алар еді. Зайсаннан шыққан Көлбай Тоғысов – ерте туған көбегендердің бірі. Тұңғыш қазақ журналистерінің төл басы десе де болады. 1905-1907 жылдардағы революцияның бір сарбазы патшаның түрмесін де көрді. Содан кейін Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналында қызмет істеді. 1917 жылы «Үш жүз» атты ұсақ буржуазиялық бағыттағы партия құрды. Ташкентте «Алаш» газетін шығарды» [204]. Осындай қазақ журналистикасының тарихи бетінің айғақты фактілерін шығарманың біраз желісінен аңғарамыз.

Тұрар Рысқұловты 1926 жылдың наурызында партия мен үкіметіміз Монғолиядан шақыртып алады да, Қазақстанға жібереді. Өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі және «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы болып тағайындалды. Газетке келісімен қазақ баспасөзін дамытуға күш салды. «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақ баспасөзінің мақалалары» (5 мамыр, 1926), «Баспасөз туралы» (17-18 мамыр, 1926) мақалаларын жариялап, баспасөздің мән-маңызы, міндет-мақсаты, оны дамыту, пайдалану жолы жөнінде келелі мәселе қозғады. Қазақ баспасөзі қызметінің тұңғыш съезін өткізіп, журналистер ұйымының жалпықазақстандық Орталық бюросын құрды. Осы ретте Шерхан былай деп жазады: «Крайкомның бірінші хатшысы пәтерді емес, қызметіңді кімге қалдырасың десе жарасар еді, оны айтпады. Оны Рысқұлов өзі айтты.

– Пәтерді Сәбит Мұқановқа қалдырдым. Үйсіз-жайсыз қиналып жүр еді. Сол кірсін, – деді.

– А-а, дұрыс, мейлі, мейлі, – деді Голощекин.

– Ал артықтау болса да айтайын, «Еңбекші қазақтың» редакторлығын да соған қалдырсам болар еді, әрине, оны Майлин. Ол орынбасарым ғой, істей алады.

Голощекин тыжырынып қалды.

– Жантоқов аузыңа неге түспеді, Тұрар? Ол жақсы журналист, профессионал сыншы емес пе? – деді.

– Жантоқов – жағымпаз. Ол әсіреқызыл. Ол өзінің шыққан тегінен қорқып безгені сонша, әйтеуір советке жағыну үшін әрдайым асыра сілтеуге бейім. Ол – қауіпті» [204, 411-412 бб.]. Бұл Тұрар Рысқұловтың «Еңбекші қазақ» газетінен кетер алдындағы Голощекинмен болған әңгімеден үзінді еді.

Тарихта болған осындай оқиғаның шынайылығын оқырманға көркем жеткізе білуі қаламгердің шеберлік кітаптан тұратын ғұмырнамалық романында «Известия ТүркЦИК-а», «Туркестанские известия», «Коммунист», «Ақ жол», «Алаш», «Наша газета», «Иштракюн», «Ұлуг Түркістан» газеттері туралы біраз мағлұмат береді. Бұдан Шерханның Тұрар Рысқұлов өмірінің басты кезеңін тарихи құжаттармен бірге баспасөз тарихы туралы мұрағаттық материалды жинақтап, шығарманың көркемдік құрылысына нұсқан келтірместен оларды шебер пайдаланғандығын аңғартады. «Тұрар Рысқұлов сияқты тарихи тұлға бейнеленген шығармада автордың өмірлік нақты деректерге жауапты қарағандығы айқын сезіледі. Жазушының көркемдік қиялынан туған Рысқұлдың қиял хаттары да, тіпті сол дәуірдің шындығынан алшақ кетпегендігін» көреміз [88, 4б.].

Ш. Мұртаза романында жалынды, отты ой-сезім, публицистикалық құндылық, философиялық тереңдік көзге әдемі ұрып тұрады. Шығармада афоризмге айналып кеткелі тұрған әдемі тіркестер көп: «Қайрат – қыран, қайғы – жылан», «Жалақор адамның жамандығы бықсыған көмір секілді, күйдірмесе де күйе жұқтырады», «Шайқас – тек жұдырықтасып төбелесу емес, ұрмай жаралайтын зымиян соққы да болады екен. Осының бәрі күрес екен» [203, 259-261 бб.]. т.с.с. мысалдар келтіруге болады.

Шерхан мақал-мәтелді де орынды қолдана біледі, мысалы, «Тұрар болса «Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» дегеннің керінде еді». «Балаға әкеніңжақындығыжездедей-ақ», «Бөріазығымен еразығыжолда», «Көжеден басқа асым жоқ, құдайдан басқа досым жоқ», «Ер мойнында қыл арқан шірімес», «Турап жемесең етке тоймайсың, қона жатпасаң кепке тоймайсың», «Көп түкірсе көл», «Біреуге шұқыр қазсаң – алдыңнан ор шығады», «Сый қылсаң –сыпыра қыл», «Қасқыр да қастық қылмас жолдасына», «Түстік өмірің болса, кештік мал жина», «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Астыңа батса алтын ер, атып ұрда отқа жақ» т.б. көптеген мақал-мәтел шығармадағы жазушы ой-түйінін жинақтап, ұтқыр да ұтымды көрініс тапқандығын танытады. Сонымен, Шерхан Мұртазаның қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы жазған туындысының өзектілігі суреткер шеберлігінен, сөз құдіретін ұстана білген қабілетті қасиетінен аңғарылады.

Қаламгер Шерхан Мұртазаның оқырманның ыстық ықыласына бөленген туындысының бірі – өмірбаяндық «Ай мен Айша» романы болды. «Ай мен Айша» романы – жазушының балалық шағы туралы, басты тұлғасы – Шерханның өзі. Шығармада келісті көркем тілмен суреттелетін өмір көріністері, әлеуметтік психологиялық мәні бар қайшылықтар автордың көзімен беріліп, көңіл таразысына түседі. Бұл «Өмірбаян – жазушыға өте «жақын» материал, ол өнерде әлі бейнеленбеген жаңа дәуірдің есігін ашатын

кілт» екендігін көрсетеді. Бір қарағанда, өмірбаяндық роман, бірақ, бір шетінен алып қарасақ, бұл роман ондағы басты кейіпкер Барысханның ғана өмірі емес, көркем әдебиетті сүйіп оқитын әркім-ақ бұл романнан өзін таба алады, өзін көре алады. Өзінің балалық шағын, балғын сезімін, сағынышын, пәк кезін еске түсіріп, балалық шағына қайта оралғандай күй кешеді. Роман-эссе шым-шымдап шығып, молайып барып үлкен арнаға қосылатын мөлдір бастаудай үлкен хикаяға барып ұласатын бас-аяғы жинақы кішігірім әңгімелерден құралады. Жазушы Мәди Қайыңбаев «Ай мен Айша» романы туралы былай деп пікір білдіреді: «Кітап – қуғын-сүргін мен соғыстың ауыр кезеңіндегі бүкіл қазақ ауылдарындағы қарадомалақтар тұрмысының эпопеясы, көркем энциклопедиясы. Бұл – Шерханның ес біліп, етек жинағалы бері көкірегінде пісіп, шыңдалып, әлдеқашан «жазылып қойылған» дүниесі» [205]. Демек, «Ай мен Айшаны» оқи отырып біз автордың балалық шағы, жалпы, өмір жолының әрбір бұралаң, бұрылысы ұмтылмастай ауыр жағдайда өткендігін байқаймыз.

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы кітап болып шықпай тұрып, мерзімді баспасөз бетінде (Жалын. 1995. №5-6. 17-52 б); (Жалын. 1995. №7-8. -67-112 б); (Халық кеңесі. 1995. 15 сәуір); (Егемен Қазақстан. 1995. 25 ақпан); (Қазақ әдебиеті. 1995. 9 мамыр); (Парасат. 1997. №2); (Ақ жол. 1997. 18-21-22 қазан); (Парасат. 1998. № 11); (Жалын. 1999. № 3-4, 5-6) т.с.с. үзінділері жарық көрді.

Роман туралы бірнеше сын мақала, рецензия мәселен: Қ. Қошқарұлы «Сөз сәулесі» (Парасат. – 1996. №11); М. Қайыңбаев «Алыс балалық шақ туралы естелік» (Егемен Қазақстан, 11 қыркүйек 1997); Р. Айеке «Ана ескерткіші немесе «Ай мен Айша» шерткен сыр» (Ақ жол, 24 қыркүйек 1997); Е. Әлімжанов «Ай мен автор» (Қазақ әдебиеті, 30 желтоқсан 1997); Ж. Боранбаев «Сағыныш екен бала кез» (Қазақ әдебиеті, 30 желтоқсан 1997) т.с.с. жарық көрді. 1997 жылы бір топ әдебиеттанушы, әдеби сыншылар «Жылдың екі жақсы романы» ретінде «Ай мен Айша» роман-эссесін атады. Жазушының «Ай мен Айша» шығармасы «мемуар» деген ұғымнан оқ бойы жоғары тұр. Себебі, бұл – жай ғана естелік, өмірбаяндық үлгі емес, қанатты проза. Шерханның өзі: «Кейде ойланам: осы мен осы күнге қалай жеттім? 1932 жылы дүниеге менің мыңдаған құрдастарым тумай жатып шетінеп кетті.

Сорына қарай сол жылы туғандардан тірі қалған «тұяқ» некен-саяқ. Сол нәубеттен қалай тірі қалғанмын? Қаһарын төккен атқа мінерлерден бір уыс дәнін жасырып, «шықпа, жаным, шықпа» деп, шырылдаған ата-анамның мейірімділігінен шығар. Өздері өлуге пейіл, бірақ ұрпақ үшін жанталасқан дадамдар аз болмапты», – деп жазады [206].

Шерханның қайраткерлік дәрежесіне көтерілген, ұлттың ұлт атанып, елдің ел болып қалыптасар кезеңінде табанды талап-тілегін биік мінбеден де, баспасөз бетінен де қамықпай батыл айта білген өмір жолы, шығармашлық соқпағы бір қараған оқырманға сайрап жатқан жол сияқты. Публицист Камал Смайылов: «Сенің «Ай мен Айша» деп аталатын өмірбаяндық романының бірінші кітабын ықыласпен оқып шықтым. Біз білетін Шерхан Мұртазаның қайдан шығып, қалай үлкен азамат болып қалыптасқанын, соның тамыры мен тағдырын түсінгендей болдық», – деп жазады [207].

Қаламгердің өзі: «Менің жаным – Анамның жаны ғой. Әйтпесе мен қайдан жаралдым?», – деп анасына деген махаббатын бір ауыз ойға сыйдырады [208].

«Ай мен Айшадағы» Айша – қазақ әйелінің морт сынбайтын, төзімі мен ізгілігін ақ, адал жүрегіне сақтай білген берік болмыс иесі. Ол – тек Мұртазадай бозымының жастай жесірі, тек Барысханның шешесі ғана емес, 30-шы жылдардағы нақақтан күйген жандардың сенімді серігі, тумай жатып көктей солған бала-шағаның көз жасы, обал сауабы, ана атаулының жиынтығы. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасын» түгел оқып шыққан кісі қазақтың ұмытылып бара жатқан көп қасиетінің сақталып, ертеңгі ел иесі, бүгінгі жас ұрпақтың желеп-жебеушісі, ұлт бойындағы ар, ождан, адамгершілік, ұят деген ұлы сөздің түп қазығы – Айша секілді аналарымыз екенін сезіне түседі. Қазақтың өзіне тән әдебін, салтын анасының тәрбиесінен көреміз. Мысалы: «Бір кезде Айшаның білектей-білектей қос бұрымы тілерсегіне дейін түседі екен. Әлі де ұзын. Екі бұрымды қосақтап ортасында «сандуғаш сандықтың» кілті байлаулы тұр. Сол кілттің салмағы мен Айша адымдаған сайын теңселіп келеді. Арт жағында мен оны көріп келемін. Бір мезгіл Айша артына бұрылып:

–Әй, Барсхан, мені тұтқындаған қарауыл құсамай алдыма түс,-деді. – Не қатарласып жүр.

Айша осылай деп айтқалы бері арада қанша жыл өтті – мен біреудің артынан жүре алмаймын. Озып та кеткім келмейді, тек қатарлассам болғаны.

– Жеттім деген жығылады, толдым деген төгіледі, – деуші еді Айша. Заң-закон, кодекстердің талайын оқып, талайын бастан өткеріп, ұзын жолдың алдамшы гүлі аралас тікенегін кешіп, жүріп келемін, жүріп келемін. Бірақ ешбір кодекс менің көкірегіме әлгі Айша айтқан мақалдай қонған емес. «Жеттім-жетілдім» деп жетіскен де жерім жоқ, «болдым-толдым» деп далиған да емеспін. Айшадан да көп жыл бұрын әулие анамыз өзінің күндесінен туған балаға:

– Ағарып алдыма түспе, қарайып артымда қалма, – деген екен.

Кодекстің көкесі – осы», – деп жазады [209].

«Ай мен Айшада» Шерханның бала тәрбиесіне қатысты былай деп жазғаны көңілге қонады: «Барлығы: Баян, балалары Күлайна, Қаржаубай, Күләнда, Күлия бәрі жабылып бір ағаш табақтан ағаш қасықпен быламық ішіп отыр екен. Әдейі аңдып келгендей ыңғайсызданып қалдым. Өйткені бәрі – шешесі шегіртке тістеп әкелген қарлығаштың балаларына ұқсап – бәрі мойындарын созып маған тесіле қарап қалыпты. Баян:

–Кел, Барсхан, быламық іш, – деді. – Былайырақ отыр, – деп Қаржаубайды ығыстырып, маған орын ұсынды.

– Жаңа үйде көже іштім, рахмет,-деп орнымнан қозғала қоймадым.

– Оттарың өшіп қалса, көжеге қалай тоя қалдың? Отыр! – деді Баян бұйыра сөйлеп. Сөйлегенде, құраған ағашқа жасыл жапырақ бітірердей сөзі мамық жұмсақ, жып-жылы болушы еді, бұл жолы үні қатаң шықты. Өтірігімді ұнатпаса керек.

Быламық май қатқан, дәмді екен, бір-екі қасық ұрттап, тағы іше түскім келсе де, аузымды алақанымммен сүртіп орнымнан тұрдым. Айшаның:

– Сұғанақ болма! – дегені миыма сарт ете қалды. Шелекке қи шоқтан тамызық салып, Айша айтқандай үстін табамен бастырып далаға шықтым...» [209, 84 б.]. Бұл Шерханның бала кезде көрген тәрбие-тәлімнің бір ұшқыны десек, сол парасатты тәрбиені оқырманға ұғындыру мақсатында осындай ой-түйінін көркем тілмен беріп отыр. Қаламгер тіршіліктің қат-қабат сырына, жеке адамның бастан кешірер үлкенді-кішілі дауылына өз жүрегінде арпалысқан сезім иірімі арқылы баға береді.

Бұл шығарма – өмірде болған нақтылығымен, әсіресе, шыншылдығымен құнды. Романдағы тәрбие туралы сыр өз мағынасымен оқырманға терең ұғындырылады. Адам мінезі мен сенімі бала кезден бастап қалыптасатыны белгілі. Көргені мен естігені, жұртпен кездесіп қарым-қатынаста болуы, оқыған кітабынан түйген тұжырымы кішкентай кезінен қайырымдылық пен зұлымдық туралы ұғымын, өмір жөніндегі түсінігін қалыптастырады. Шерхан осы романды жазуда аса ұтымды әдіс, ұтқыр тәсіл таба білді. Балалық дегеніміз – адалдық, тазалық. Ал, кірленкіреп кеткен өмірге, қайшылығы мол тірлікке, кереғарлығы мен қулық, сұмдығы көп қоғамға баланың көзі арқылы ой жіберіп, түйінді мәселенің, күрмеулі жағдаяттың, шындықтың бетін ашады.

«Ай мен Айшадағы» кейіпкерлер галериясы Орха, Ноха, Нәметқұл, Өскенбай, Шолақ Сияқұлы, Есен, Қали, Сәли, Зиба және мұнан басқа да қарапайым адамнан тұрады. Бұлардың бәрі де – автордың өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген, мінезі айқындалған, ешкімді қайталамайтын бейнелер. Шерхан өз кейіпкерінің жаны мен жаратылысына, табиғатына өте терең үңіледі, әрқайсысының әрекетін ұтылмастай, ұмытуға болмастай ұтымды детальмен бейнелейді. Мәселен, романда мылқау Есеннің бейнесі ұтымды шыққан. Мәселен, «Дүйімбай ары қарады, бері қарады: қабырғасын, сүбесін саусағымен шұқып көрді. Басқалардікі құсатып аузын ашып, тілін суырып көрген жоқ. Салған жерден Айшаға:

– Әй, қатын, сиырың ауру, – деді.

– Тәйт, сандалма! – деп Айша ашуланды...

Айша ары тартты, Дүйімбай бері тартты. Қара сиырдың көзі аларып, басын бұлғаңдатты. Айша ала жіпті босата салып, «фельдшердің» жағасынан ала түсті. Енді Дүйімбай да жіптен айрылып, Айшаның өңменінен періп-періп қалды. Еркек емес пе, қолының әлі едәуір болар, Айша тәлтіректеп, әрең-әрең құлай қалды. Әлігіні көріп мен қалай тұрамын. Дүйімбайды ту сыртынан барып, көк желкесінен ала түстім. «Бұл не пәле?» дегендей, Дүйімбай артына бұрылып қарап, артынан тістей қатып, сілеусіндей жабысып тұрған бала екенін білген соң, тұла бойымен кілт бұралап сілкініп кеп қалды да, мені лақтырып жіберді. Құлап жатқан жерімнен мені біреу көтеріп алды. Қарасам, Есен мылқау екен... Есенде үн жоқ, тіл жоқ. Дүйімбайдың алдына барды, мені меңзеп көрсетті, Айшаны нұсқап көрсетті. Қос қолын жайды, иегін көтерді. Сірә, бұлар саған не жазды дегені болар. Сөйтті де қос қолын Дүйімбайдың алқымына салды да жіберді... Шалқасынан сұлап жатқан Дүйімбайдың бетіне әлдекімдер су бүркіді. Дүйімбай көзін ашты. Орнынан әрең тұрып, галифесін қаққылады...». «Сонда деймін-ау, кейін ойлаймын, Есен соғысқа қатыспаса да, елде жүрген фашистің біреуін о дүниеге аттандыра жаздады. Шын соғысты.

Он екі мүшесі сау баз біреулер қауымға, қоғамға жебір. Мысалы, Дүйімбай. Жетім-жесірдің сау малын ауру деп тартып алмақшы болды. Құдірет, әлде табиғат кейде әділетсіз. Адал жанды мүгедек етіп, арамдарды еркелетіп қояды. А, бірақ кім біледі, шын мүгедек Есен емес, Дүйімбай шығар», – деп [9, 81-82 бб.] жазады. Шерхан Есен бейнесі арқылы адалдықты, аңғалдықты, пәктікті көрсете отырып, жақсылық пен жамандықтың қыр-сырын ашуды оқырманның өзіне қалдырады. Қаламгердің айтар ойын аңғарған оқырман кейіпкерге өзінше баға береді.

Романда Шерханның сүйіспеншілігіне бөленген тағы бір «бас кейіпкер» бар. Ол – туған жер табиғаты. Манастай шыңы, Мыңбұлақтай ауылы, Жуалының жуасы мен жалбызы, Борандының ақ түтек бораны, айлы түні, аңы мен құсы, туған үйдің түтіні. Туған топырақтың киесі. Қаламгердің: «Теріс өзенінің көктемгі қарқыны басылып, таяз тартқан кезі екен, қиналмай өттік. Одан әрі Ащының алқабымен алқынып көп жүрдік. Ащының биігіне көтерілгенде, артыма бұрылып қарап едім, әуелі жалтырап, күміс жыландай ирелеңдеп жатқан Терісті көрдім. Одан әрі найзаның ұшындай шаншылып Манас шыңы көрінді. Оның батыс жағын ала жатқан доғалау шың Көксай екенін шамаладым. Одан да батыстағы, әрине, біздің Ақсай деп қойдым, Ақсайдың аңғарынан төменірек өз ауылымды – Мыңбұлақты іздедім. Жарықтық жатыр екен. Үркердей боп үрпиіп. Шақпақтау желінің өтінде қалған торғайдай, жүні қобырап, қорғансыз қалған мына өзім сияқты көрінді», – деп [209, 101 б.] толғана қалам тербеуі туған жер қадірін джантәнімен сезіне білетіндігін айтпай ұғандырады.

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романын оқи отырып, сан алуан гүлдің, шөптің, өсімдік атын кездестіреміз. Соншалықты көп білетініне таң қаласың. Бірнеше мысал келтіре кетсек: «.... үшеуміз Бердімбет сайының қабағына барып, шытыргүл тереміз, жабайы үпілмәліктің қырмызы гүлін, меңдуананың қауашағын жұлып аламыз» [3, 19 б.]. «Кикоты аралас-бидайық пен майлы шытыр, көдесі мен қызыл изені, иіс майлы қылшасы мен жусаны, қызы жоңышқасы, гүлқайыр мен көк маралы сол қалпында тірі күндегідей сиқырлы» [3, 34 б.], «Ел сыртындағы шырыш пен шоңайна тікен басып кеткен жадау зиратты құлдыраңдап ауылға қарай тұра жүгірдік. Оған көп шеге қағылған түрлі түйіншек дорба щөп: адыраспан, кикоты, көкмарал, қылша – бәрі сонда ілулі тұрады» [210], немесе, «Бөрте жусан, күрдек бүрген, қызыл изен, тіпті киіздей ажырыққа дейін жұмсарып, пейілденіп, тал тұмақ, адамда жегісі келгендей, тәбет тартып тұр», – деп жазады [208, 39 б].

Шерхан адам іс-әрекетін тамаша теңеумен білдірсе, табиғатты суреттеуде пейзажды ұтымды пайдаланады. Айталық, «Көптің ішінен Кіші Гришканы көзім шалып қалсын. Оны байқамаста ма едім, не көп – бала көп, бірақ шашынан таныдым. Көп қара торғайдың арасына бір ақ бас торғай кіріп кеткендей...» немесе, «Бес жасар баланың миы әлі нүкте түспеген ақ қағаздай» [208, 19-21 бб.]. «Пәшира апам ауыз үйде әупілдекше кекіріп қойып, бір самауыр шәйді бір өзі ішіп отыр», – деп жазады [210, 101 б.]. Ал, табиғат көрінісін: «Батқан күннің қызылы Талас Алатауының қарлы шыңдарын балқытып жібергендей еді. Терiскейдегі Қаратаудың үстінде қызғыл көгілдір құстар түйдек-түйдегімен қалқып тұрғандай екен. Құстар

емес, бұлттар екенін сезем ін. Қошқаратаға қонақтаған қоқи қаздар секілді» [3, 21 б.] сырлы суреттер арқылы шебер көрсетеді.

Шерхан Мұртаза романында философиялық ой-түйін жиі ұштасады. Қаламгердің: «Ақыл деген асылды Құдай адамдарға тең үлестірмеген. Өмірді де теңдей етіп бермеген. Алла тағала адамдардың бәрінің басына ноқтаны бір қалыптан шығарған да, ал сол бастың ішіндегі миды әр қилы жаратқан», – деуі, немесе «Тасты аяғымызбен таптап жүреміз. Таста жан жоқ деседі. Таста тамыр жоқ деп ғайбаттайды. Сандырақ! Таста от бар. От болса жаны бар. Жаным бар деп жүрген адамдардан артық. Өйткені адам кеудесіндегі от мың күн жанып, бір күн өшеді. Ал тастың тамырындағы от мәңгілік», – деп [209, 85 б.] жазуы өмірдің сан құбылыстарынан, ешкім аңғара қоймайтын түйіндерден осындай тамаша ойларды аңғарамыз.

«Ай мен Айшадағы» Қамқа әже бейнесі де оқырман есінде ұзақ сақталады. Романдағы ұлы ананың ұлағатты сөзі тәлім-тәрбиелік мақсатқа үндейді. Автордың Қамқа әже бейнесімен романның соңғы нүктесін қоюының өзі әулие ана аруағына, құдіретіне бас игені деп білеміз. Шерхан Мұртазаның: «Әулие-Атаға қайтар жолда Қамқа-Анаға сәлем бердім. Ол Бердімбет сайдың шығыс жанындағы жатаған үйдің күншуағында, биік бөстектің үстінде әлі отыр екен.

– Дәу жігіт болыпсың ғой, Барсхан. Сендер қайтып келгенше ана үйлеріңді Мұртаза қорыды да отырды. Ол да қозғалмай отырды. Мен де қозғалмай отырдым...

– Сенің әкең Мұртаза да ана үйлеріңнің түтін шықпай қалған мұржасына қонақтап отырып-отырып, төрт жыл тапжылмай отырып-отырып, кеше сендер қайтып келгенде ғана ұшып кетті ғой», – деп қойды тағы да Қамқа. Сөйтті де: «Жақсы адамның жанын періштелер аспанға, жұлдыздарға алып ұшады. Ал аса жаман адамның жанын әзірейілдер жеті қат жердің астына тастап жібереді. Немесе күнәкарлар жұлдызына лақтырады», – деді [2, 60 б.]. «Ай мен Айша» романы – Шерханның ұзақ түндер мен күндерінің, жан азабы мен ой ұшқырының жемісі. Бұл туынды арқылы оқырман ағайын-туысқа, бауырға, барша қазаққа деген бауырмалдық қасиетін аша түседі.

Қаламгер Шерхан Мұртаза – қысқа жазудың шебері. Ол не жазса да осы қағидамен тыныстайды. Жазғаны жұтынып, жасанып шығады. Қысқа жазу дегенде туындының көлемі емес, әр сөз бен сөйлемнің қысқа әрі нұсқа шығатындығын айтып отырмыз.

Шерхан – шеберлігін әңгіме, новелла сияқты шағын жанрмен ұштап, одан кейін повесть, романға қалам сілтеген қаламгер. Ол қай жанрда жазбасын, тегеурінді желі тартып, адам мінезін, ішкі жан-дүниесін дәл басып, өмірдің ақиқатты шындығын айқын бейнелейтіндігінен дейміз. Қаламгердің барлық жағынан мінсіз қиысқан, көркем туындыны беруі негізінен үш өзекті мәселеге: кейіпкердің, тақырыптың күрделілігіне, оқиға қоюлығында және сурет, сезім, лирика молдығына байланысты болды.

Шерхан Мұртаза – уақыт пен орта кеңістігінде бейнелеу мен суреттеуге көбірек баратын жазушы. Шерхан шеберлігі оқырманға тіршіліктің болмысқұбылысын сол күйі берумен ғана шектелмейді. Қаламгер шынайы пікірі мен ой-тұжырымы арқылы өмірдің сан-салалы қырын суреттеді. Мінез-

құлқымен, алға қойған мақсат-мұратымен емес, тек қана шындықтың тура жолын ғана басшылыққа алды. Шындық, адалдық – бұл да білімділік, ерекше қасиеттілік, сондықтан да, Шерханның көркем шығармалары өзі өткерген өмір өткелінен жинақталған шынайы деректен құралды. Шығармаларында заманына лайық адамның сыр-сипатын танытарлық замандас бейнесін, әсіресе, өндірістегі жұмысшының толыққанды тұлғасын жасауда өз мақсатына жетті («Қара маржан»). Шерхан «Қара маржан» романында көкейкесті тақырыпты арқау ете отырып, адам тағдырын, ой-арманын, ойластырған өмірін шын шеберлікпен бейнеледі. Өмір шындығын бейнелеуде өзіне тән суреткерлік тәсілді ұтымды пайдаланды.

Шерхан Мұртаза көркем шығармаларының құдіреті тарихи дерек, уақыт, заман, қоғам, адам деген ұғымдар төңірегінде биіктен, әр тұстан, тіршіліктің сан қиырынан көз салып, суреткерлік мінезден табыла отырып, нақты шындықты, құжатты, мұрағатты деректі көбірек қамтуы тақырып жауапкершілігіне аса ұқыптылықпен қарай білуінде дер едік. Қаламгердің тарихи оқиға мен тұлғаны көрсетуде көп жағдайда шынайы тұрғыдан қарап, ізденуден, деректі салыстырып, зерттеуден туған туындысы «Қызыл жебе» роман-трилогиясын тарихи, әдеби, ғылыми жағынан байыта түсіп, публицистикалық сарында баяндайтын тұстары баршылық. Әр кейіпкерінің сөзі мен ісінен, табиғат бояуынан, авторлық баяндау тұсынан біз Шерханның өмір шындығын бейнелеудегі бет-бейнесін айқындалды. Рысқұл кешкен қиындықты, Тұрар тартқан азапты, Аққөз көрген қорлықты, Тайлақ пен Тайтақайдың жоқшылығын басынан өткеріп отырған халықтың бас көтеріп, қанаушыларға қарсылық көрсетпеуі мүмкін еместігіне автор оқырманын иландырады («Қызыл жебе»). Әсілі, тарихты білу, дерек, құжатты іздеп табу, мұрағатты ақтару бар да, соны көркем шығармаға айналдыра білу бар. Осы орайда, Шерхан кейіпкерлерінің ой-қаракетін, кейіпкер бедерін көркемдік биікке ұластыру мақсатында публицистік шеберлігін де ұштастырып отырды («Жұлдыз көпір»). Оның көркем шығармаларындағы публицистік сипат нақты өмірде болған ақиқат, шындыққа, нақты факті, дерекке негізделді. Автор «Қызыл жебе» романында көркем әдебиет пен публицистиканы қатар байланыстыра отырып, әсірелеу, суреттеу, бейнелеу, ой толғау тәсілінің бәрін қолдана білді.

Публицист – философиялық терең білімді, саясатқа жетік, өмірді, заманна тынысын білетін елгезек журналист, әділетті сыншы әрі жазушы болуы керек десек, Шерхан Мұртаза – сондай публицист, жазушы. Оның «Интернат наны» (1974), «Не жетпейді?» (1990) публицистік кітаптарында отты туындылары өте көп. Публицистикалық сарынды Шерханның әдеби көркем шығармаларынан да байқау қиын емес. Шерхан шығармалары – нақты ой, мықты логикаға құрылған сөйлем, ондағы романтикалық леп пен лирикалық толғаныстың басым келуімен құнды. Қаламгердің көркем шығармаларындағы публицистикалық сарын әсерлі тіл, көркем суреттеуге құрылуымен қатар, болған оқиғаны, фактіні, қоғамның негізгі кезеңіндегі даму шындығын оқырманға дәл, нақты шыншылдықпен жеткізе білуінен сезіледі.

Шерхан Мұртазаның көркем шығармаларындағы ана бейнесі – ұлттық руханият пен адамгершіліктің, төзім мен мейірімнің көркем символы.

Жазушы ана образын қарапайым тұрмыстық кейіпкер ретінде емес, ұлттың тірегі, рухтың иесі, молральдық ұсытн ретінде бейнелейді. Айталық, «41-жылғы келіншек», «Бір нәзік сәуле», «Айырбас», «Сүдігерде изен ызыңдайды», «Шекшек шырылдайды» әңгімелеріндегі соғыстан күйеуі әне келеді, міне келеді деп сарғая күткен Хадиша бейнесі арқылы күллі ана образын бергендей әсер қалдырады. «Өлгендердің көзінен еш уақытта жас шықпайды. Өлгендердің сөзін тірілер еш уақытта есіте алмайды» [6, 7 б.]. «Қарсыдан соққан күзгі жел қара шәлінің астынан қарт ананың бір селеу самай шашын шығарып алып желбіретіп тұр. Сол сәтте ол маған сұрапыл сойқан дауылға бетпе-бет қарап, қайтпай қасарысып, ұзақ жол жүріп келе жатқан орасан алыптай болып көрінді», – деген («Тастай берік, гүлдей нәзік») [6, 155 б.] үзінділерден қазақ әйелінің төзімділігін, тектілігін байқауымызға болады.

Шерхан әңгімелеріне тақырып қоюға тым шебер, қараңыз: «Тілсіз қоңырау», «Шағалалар қайда ұйықтайды?», «Ұзақ командировка», «Алтын тікен», «Тұйық шарбақ», «Көкемарал гүлдегенде», «Тастай берік, гүлдей нәзік», «Жүрекке әжім түспейді». Әңгімелерінде қарапайым ауыл адамдарын көбірек бейнелейді, бәрінде керемет эмоция бар. Мәселен, «Қуан аға аузына салып тістелеп отырған раң шөпті ызалана түкіріп тастады» («Көкемарал гүлдегенде») [6, 209 б.]; Аталық атамның маған қарап мейірлене жымиғанын көріп, көңіліме сәуле түскендей болады («Бойтұмар») [6, 51 б.]; «Арзы апам кимешегін күндіктен асыра түртіп тастап, қос білегін сыбанып, бетіқолын жуды. Содан соң күнге бір қарап қойды да, әлі бесін болмаса да, белбеуін жайып, намаз оқыды. Беталысы – құбыла, өзіміздің ауыл. Ешкім жоқ жерде тілегім құдайдың құлағына мүлтіксіз естіледі деді ме – әйтеуір, мінәжат айтып отыр» («Ақсай мен Көксай») [6, 25 б.]; «Бахтияр бағының шипалы шөптерінің шапағатын Мыңбұлақ халқы Кенжегүл кемпірден көрер еді. ...бала-шағасына тұмау, көкжөтел тиіп, дімкәстанса-ақ болды, Кенжегүл естеріне түсіп, тәуіп кемпірдің жартыкеш үйіне қарай жүгіретін» («Жүзжылдық жара») [6, 123 б.] т.с.с. кейіпкерлерінің ой, сезімін жеткізуде өз қолтаңбасын танытады.

Шерхан әңгімелерінде туған жер табиғатын көркем тілмен, ішкі әлемінің нәзіктігімен суреттеп жазуы ерекше қырын танытады. Мәселен, «Сол бір күзде»: «Биікте-биікте шу-шу етіп құрқылтай ұшып жүр. Мыңбұлақтың бір бұлағы – Шоқыбас сайы. Жарқабағы шұрқ тесік: жыбырлаған құрқылтайдың ұясы. Құстар ұяларын тастап қыс болмайтын жаққа кетпекші», – десе [6, 14 б.], «Ақсай мен Көксайда»: «Ақсайдан салқын самал сезіледі. Ақбас арыстан аузын ашқан күйінде қатып қалған тәрізді. Енді оның сол аузынан шыққан дем де сап-салқын. Тау аңғары осындай. Ал, аспан жүзі жас нәрсете көзіндей жәудір, көкжиегін ғана кілегей шарбы бұлттар тұтып тұр. Шымшықтар шықылықтап, құмыр құрқылдап қалыпты. Үні тарғыл-тарғыл шығып, қарға да қарқылдап қояды, шұбар көкек сұңқылдайды», деп [6, 21 б.] пейзажды қарапайым тілмен, лирикаға жақын көңіл-күймен береді. Туған жерге, туған топыраққа деген құштарлық сезімі байқалады.

Шерханның ішкі эмоцияны бейнелеу шеберлігі – оның шығармашылық даралығын айқындайтын көркемдік қасиеті. Ол кейіпкерінің жан дүниесін,

ішкі қайшылығын, рухани күйзелісін тек сыртқы ірекетпен емес, ой ағымымен, психологиялық портретпен, көркемдік тілмен терең әрі нәзік еткізеді. «Ақсай мен Көксайдан» бір мысал келтірсек: «Әкей кеткелі, еркек атаулыдан мұндай мейірім көрмеген басым, көңілім босап, оның үстіне жолжөнекей көрген қорлығымыз есіме түсіп, оқыстан даусым шығып кетті де, булығып-булығып шалдың ақ жейделі арық кеудесіне басымды тыға түстім. Өзім ес білгелі тұңғыш рет дидарласып тұрған қарттың маған әкемдей жақын көрінгені сонша, оның бауырынан ажырағым келмеді... Үнсіз, тілсіз арыз. Кәрі көкірек соның бәрін айтпай-ақ түсініп қойды. Мені бауырына қысып, көпке дейін егіліп тұрып алғаны да сондықтан»,-деген [6, 31 б.] бала кейіпкер жазушының өзі десек, оқырманға терең сезімін, ішкі күйзелісін жеткізудің ұтымды тәсілін қолданғандығын аңғарамыз. Осындай кейіпкер эмоциясы «Пайғамбар да есек мінген» әңгімесінде де байқалады: «Егер адамдар бірін-бірі осылай құшырлана аймалап, бауырына басса, байлықсыз-ақ, атақ-даңқсыз-ақ бақытты болар еді... қайтерсің, біреу сенің қарайып, жер басып жүргеніңе қуанады. Біреу сенің осы дүниеге келгеніңді де көре алмайды. Мен жоқ болсам, менің орныма зығыр егетіндей-ақ зығырданы қайнап жүреді. Адамдар әділдікті Күннен үйренбей-ақ қойды. Күн сен патшасың ба, пақырсың ба, байсың ба, кедейсің бе – ешкімді алаламай, бәріне сәулесін тең таратады ғой...» [6, 613 б.]. Ішкі монолог ретінде оқырманмен рухани байланыс орнатудың ұтымды жолын Шерханның шеберлігі деп тануымызға болады.

Әңгімелерінде Арзы апасымен Манас шоқысын бетке алып, Ақсай мен Көксай аңғарындағы Аршағұлдағы Нұралы атасының үйіне жол тартуы, барар жолда Бадырақ көзден зәбір көруі, қайтарда Көксайдың Күркіреу жолындағы сарқырама судан қара есекпен арғы жағаға аман өтуі («Ақсай мен Көксай»), соғыс жылдары ала бас қос өгізбен Аталық атасына ілесіп, Тобышақтының ну орманынан құлағалы тұрған мектептің төбесін жабуға отыз-қырық шақты терек әкелуі, Аталық атасының үшкіл қара тұмарды мойнынан алып беруі, қабақтың бел ортасына келгенде лайсаң жолдан өгіз ауыр арбаның құлдилай келіп құлауы («Бойтұмар») бәрі-бәрі көркем түрде суреттеліп, адам мен табиғатты кестелі сөзбен баяндауы шынайы сипатталады.

Шерхан Мұртаза әңгімелеріндегі кейіпкерлері – шынайы өмірден алынған, қарапайым ауыл адамы, қазақ даласының перзенттері. Әрқайсысын терең түсініп, ішкі иірімдерін, әлемін, мінезін көрсетеді. Бірнеше мысал келтірсек: «– Жұрттың сендей баласы әуедегіні арбап, жердегіні жалмап жұлынып тұрады. Мынаның жатысын қара ей! Манаптың баласы ма едің, ей, түске дейін ұйқысын аша алмай манаурайтын?» *(«Айырбас»)* [6, 57 б.]; «Хадиша қалжалаған адамдай, қара суға түсіп, көп терледі. «Енді осы бір ыстық судан өлсем де қояйыншы» деп бір ойлады. Ақ шәйнектің қақпағын ашып қарап еді, буы бұрқ етті де, түбінен қып-қызыл қою шай жайнап көрінді. «Шай шекеге тимейді ғой, сарқып іше салайын», – деді тағы да» *(«Шекшек шырылдайды»)* [6, 131 б.]; « – Әй, келін, садағаң болайын, қораларыңа бөтен қозы кірген жоқ па?-деп бір кемпір таяғын кезеніп, жоғары қарай өтті. Ұяға қонар шақтың әлегімен зипа терек басында құс баласы азан-қазан

шулады. Ақыры мал жайғасып, ымырт үйіріле ел ас-суға отырар кезде, Аябай шақыртпай-ақ өзі келді» *(«Жазғы демалыс»)* [6, 164 б.]; «Қойшының үйі жыңғыл ортасындағы алаңқайға түсіп қалған қоңырау сияқты. Айнала ән салған шеңгел» *(«Тілсіз қоңырау»)* [6, 165 б.]; «Автобус аялдамасына ақ жаулық салған әйелдер, түлкі тымақ киген шалдар жақындай бастады. Кішкентай сары автобус келді. Жабылып міниіп алдық» *(«Аманат»)* [6, 171-172 бб.]; « – Қарасан келгір! – Бақташы жуан таяқты шиіріп лақтырғанда, ешкібас көк сиыр көзін жұмып тұра қалды. Таяқ тұқыл мүйізге сақ етті. Көк сиыр басын шайқап алып, жүгеріні салдырлата тағы аралап кетті. Аштан өліп бара жатқандай жүгерінің жапырағын жалмап, апандай аузына ілінгенін құлаштай тілімен шалып, ілінбегенін мүйізімен қайырып, жапырып барады. Аттандап Қатша жүр *(«Алтын тікен»)* [6, 187 б.] т.б. көркем бейнелері арқылы өмір шындығын көруімізге болады.

Кейде жазушының өз мінезін, тағдырын кейіпкерлерінен де байқауымызға болады. Шығармаларының публицистік мәні де сол өз басынан өткен өмірін тізбектеп жазғандығынан көрінеді. Шерхан әңгімелерінде түрлі кейіпкер бар: туысқанның үстінен арыз жазып, абақтыға қаматып, артты-рып, шаптырып, біреуді қанап, біреуді қамап, итжеккенге айдаттырып жіберетін Тасбет пен Жуанқұл («Тентек көше»); ауылына барса, қоржынын жүгері нанға, ежігей құртқа, қауынқаққа толтырып жіберетін апалары Қалатай мен Шолпан; тақуа, Құдай деген иманды Тәжібай ақсақал мен Саид-Акбар қожа («Саид-Акбар қожа); Битөре атты жалғызынан айрылып, аспанды күңіренте «Битөре» деп ертелі-кеш көшеге шығып айқайды салатын, ұлының жолын тосқан Көк Кемпір («Көк кемпір»); нағашы Қали мен Сәли аталары («Артына бұрылып мөңіреген сиыр»; соғысқа кеткен жарын отыз жыл бойы күтумен болған Хадиша кемпір («41-жылғы келіншек»); жалғыз бәтіңкеге зар болған жетімек Ноян («Сол бір күз») т.с.с.

Жазушы образ жасауда са шебер, тіл кестесі көркем, детальды беруде дәлдік пен тереңдікке ұмтылады, мысалы, «Шын аты – Шақабай еді. Бірақ табиғатынан түйме бас, қалқанқұлақ, қызылшақа, қылпықсыз көсе болған соң жеңгелерінің қойған аты – Шақалақ. Өрмекшінің жібіндей қан тамырлары қылғылтым, екі беті ұдайы темірқанат балапанның терісіндей болып тұрады», – («Шақалақ») [6, 214 б.] деп теңеумен кейіпкерін тамаш суреттеп, оқырманмен эмоционалды байланыс орнатады.

Қазақта әрбір сөздің өзіне тән қасиеті, қуаты, ықпалы бар. Ол адамның ішкі ниетін, болмысын, арманын білдіреді. Адамның аузынан шыққан сөз жақсылық та, жамандық та әкелуі мүмкін. Шерханның «Соңғы нәсіп» әңгімесінде Сапагерейге айтылған «атауыңды іш» деген бір ауыз сөздің ажалы жабайы арадан болатынын суреттейді. «Кейінірек экспертиза ажалдың сырын ашты: хирург жігіт Сапагерейдің өңешінен жабайы араның, әуелі бір қанатын, содан екінші қанатын, мыжылған денесін алып шықты.

Бұл хабарды естіген Досан қарт:

– Ой, әттеген-ай, «кеше көрген – бүгін жоқ, опасыз – дүние боқ». «Атауыңды іш» деп бекер қарғадым ба, ә?-деді [6, 155 б.]. Әңгімеден түйетін ойымыз, «Аталы сөз – баталы сөз», – дегендей, ауыздан шығар сөзді ақылмен айту керектігін, әр сөздің салмағы бар екендігін терең ұғынамыз.

Көркем әңгімелерінде өсімдік гүлдерді сипаттауы табиғат пен адам болмысын тұтастықта қабылдауыдың, ұлттық дүниетанымды көркем тілмен өрнектеудің ерекші үлгісі ретінде көрінеді, мысалы: «Қызыл алтын түстес күреңме мен раң гүлі толқын-толқын. Ақ селеу әр жерде бір сылаң қағып, сусып бара жатқан күміс құйырық түлкідей. Итқызғалдақтан дүниежүзі қызыл киінгендей. Былтырғы сүдігердің үстін биыл сары гүл қаптап кетіпті. Изен әлі гүлдемеген, әлі балғын. Бірақ мия бас тартып, ақ гүл аша бастапты. Иманжапырақтың тамырлары адырайып-адырайып сөлге буаз болған кез екен».

«Көкемаралдың сарғыш гүліне жасыл ара қайта-қайта қонады. Тұмсығымен шаншыла қонып, өн бойы бір жиырылып, бір жазылып, би билеп жатқандай болады. Жасыл мен сары үйлесімді. Ешкім оқытпаса да тіршілік өзі данышпан. Жасыл ара – тілсіз музыкант. Бірақ, оның ызыңын көкемарал ғана ұғатын шығар, біз қайдан білейік?» («Көкемарал гүлдегенде») [6, 211 б.]. Алты ай жазға көк терек пен қара ағаштың тәкаппар басы азан-қазан құс базары. Арықты бойлай, ағаштардың етегін ала арасында бұзау кіріп кетсе көрінбес түйежапырақ пен шырмауық, шытыр, меңдуана өседі («Тұйық шарбақ») [6, 188 б.]. Осы шығармаларындағы тау гүлдерінің, туған жер өсімдіктерінің атауы жазушының туған жерге деген ыстық ықыласынан, экологиялық сезімінен, эстетикалық талғамынан туындады десек қателеспейміз. Жусан иісін балалығының жұбанышы деп қараған қаламгердің туған топырағының күллі өсімдік атауын жетік білуі табиғатпен етене өсіп, жетілгендігін, табиғат тынысын жақсы сезінгендігін ұғындырады.

Қаламгердің көркем шығармаларында кейіпкер танымын бейнелеуі – автордың мақсатына, шеберлігіне ғана емес, интеллектілігіне де, өмірді қаншалықты терең зерттей білетіндігіне де тікелей байланысты. Шерхан көркем шығармаларында публицистикалық сарынға бару үшін ең алдымен, шығарма шырайын келтіретін көркемдік шындық дәрежесін көрсете отырып, содан кейін ғана зерделі ойын суреткерлік шеберлікпен көрсете білді. Өмір шындығынан тамыр тарту, заман кескіні мен кеспірін бедерлеу – Шерхан көркем шығармаларының табиғатына сіңісті, үйреншікті қасиет. Олай дейтініміз, қаламгердің көркем шығармаларында түгелдей дерлік өз өмірінен, өмірде болған оқиғаларды ой елегінен өткізіп, еркін де айшықты тіл өрнегімен, тартымды да әсерлі баяндады. Ол қайсыбір өмірлік мәнді мәселені, нақты деректі, өмірлік тәжірибені ұсына отырып бейнеледі, мұнысы шығармалардың өнегелік жағын арттырып, тәрбиелік әсерін күшейтті.

Шерхан Мұртаза шығармаларының дені – өзі өмір сүрген ортаның, яғни осы заманның көркем шежірелері. Оның қай шығармасын оқысаңыз да, бүгінгі күннің тынысы мен демі, ауқымды мәселесі кесек қалпында көрінеді. Адамның өн бойында, адам арасында болып жататын сезім иірімін, қақтығысқа толы қарама-қайшылықты көрсеткенде де сол қалпында суретке түсіріп алғандай дәлелдікпен суреттейді. Адамның ішкі тебіреніс, толқынысын, сезім иірімін дәл суреттеу, табиғи суреттеу қабілетімен қоса аса шеберлікті де қажет етеді. Ондағы байқалмай жазылып кеткен бір-бір артық сөз тек бір штрих, детальдің ғана емес, кейде тұтас бір шығармаға ақау түсуі мүмкін. Шерхан шығармаларының басталуы, оқиға мен ой-әрекетінің өрбуі, шиеленісуі, шарықтау шегі яки сюжет пен монолог, пролог пен эпилог, эпиграфқа дейін

болуының өзі әдеби тәсілді жан-жақты меңгергендігін аңғартады. Осынау әдеби көркем тәсіл мен публицистикалық баяндау, талдау, қорыту тәсілінің алма-кезек алмасып, бітісе қабысып келуі Шерхан шеберлігін танытса керек. Бұл шығатын қорытынды факті мен дерекке негізделе тұрып, көркем әдебиет пен публицистиканың ажырамастай тоғыса қалыптасуы деректі әдебиеттің ең басты сипаты деген тұжырымға әкеледі. Әлеуметтік шындықты жазуда Шерхан заманның рухани тынысын жеткізу, әлеуметтік мәселені көркемдік тұрғыдан зерттеу, талдау, кемшілік себебін кесіп айту, болашаққа бағыт-бағдар сілтеу, қысқасы уақыттың шындығын дәл жазу екендігін дәлелдеді.

Сонымен, Шерхан Мұртаза көркем шығармаларында: мазмұн байлығы, тіл өткірлігі, жазудағы шеберлік ерекшелігі мен оқиғаны баяндау әдісі, күнделікті ұсақ-түйек тіршіліктен үлкен мәнді мәселе туындадатын тәсілдік ерекшелігі, өмірдің ақиқат тұсын көркем шығармаларына шынайы түрде арқау ете отырып, суреткерлігін танытатын болмысы, қысқа жазу шеберлігі, теңеу, метафора, символдардың жиі кездесуі т.с.с. мәселелер суреткер шеберлігін таныта түседі.

Шерханның көркем шығармаларында тарихи роман шындығы деректі құжаттар құндылығымен айрықша оқшауланады, қаламгер ешқашан жалаң қиялдан ой тудырмайды. Көркем шығармаларында тарихи оқиға мен өмірбаян мағұлматы шынайы әрекет пен құбылысқа пайымдалады. Қаламгер публицистикасы заман үрдісінде жазылатын өзектілігімен, ауқымдылығымен, шыншылдығымен, батылдығымен жазылуы арқылы өзгелерден дараланады. Осындай өзіне ғана тән принципті ұстанаған суреткер көркем шығармаларында да батыл ой мен көрікті тілді байланыстыра отырып, өмір шындығына толы туындыларын ұсынды. Сөйтіп, тіршілік аясына беталды шарлап, жоқты-барды қисындырып әлекке түспе, әмісе өмір шындығының арасынан ауытқымай, шындықтың нақты, дәл болуын тиянақты, дәйекті ойынан айнымады. Көркем шығармаларының сюжеттік желілері тек шындыққа құрылды. Жазушы көркем әдебиет пен публицистиканы ажырамастай тоғыстыра отырып, деректі әдебиет үлгісін танытты.

Біз Ш. Мұртаза публицистикасының поэтикасындағы бейнелеуші-көркемдеуші құралы мен түріне, жанрлық табиғатына, сюжеттік құрылысына, көркем-публицистикалық портреті мен пейзажына, ішкі монолог пен диалогына, авторлық баяндау түр-сипатына талдау жасап, көп қырлы көркемдік компонентін қарастырдық. Алуан сырлы шығармаларының бір саласы– очерктерінің өзіне тән көркемдік, тілдік ерекшелігі айқындалып, көркем шығармашылығындағы публицистикалық сарынын, өмір шындығымен астасып жататын өзіндік шеберлік қырын, көркемдік әдіс-тәсілін саралауға тырыстық. Журналистің өзі өмір сүрген уақыттың ең елеулі оқиғасын, көкейтесті мәселелерін публицистік шығармаларында шынайы, нақты фактімен көрсете білуі оның қаламгерлік міндеті болса керек. Көркем очерк, егер ол шын өмірден алынып, көркемдік заңын орындаған шығарма болса, көркем публицистикаға тән өзінің дербес қызметін бір атқарып, екіншісін, келешектегі көлемді проза туындыларына азық дайындап, әзірлік жасайтынын көреміз. Сондықтан да Ш. Мұртаза журналистік очерк, публицистикадан бастап үлкен прозаға ойысқандығы айқындалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қаламгер Шерхан Мұртаза түрлі кезеңде қилы саяси-идеологиялық айтыс-тартыстың бел ортасында болды. Ол белгілі бір мөлшерде қайсібір қоғамдық-саяси ахуалға да ықпал етіп, өзіндік үнін қосып отырды. Шерхан тек өз басын күйіттеп, түрлі жарияланымда жарық көрген мақалалары арқылы арзан бедел жинап алуды мақсат етпеді. Елі мен жерінің мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесін сөз ете отырып, қоғамдық пікір туғызды, сол арқылы туған халқының көкейіндегі ой-толғанысын дөп басып, ел құлағына жеткізуді, Елбасы назарына салуды үміт етті («Елім, саған айтам, Ел басы сенде тыңда!»).

Шерхан мақалалары көбіне-көп қоғамдық ой-пікірдің туындауына негіз болды: ел рухын көтеру, ұлт намысын ояту, сөйтіп, отаншылдық, патриотизм сезімін қалыптастыру жолдары қандай деген сауалға өзінше ой топшылады, ұсыныс айтты («Бөліп ал да, билей бер!», «Ұлттық ұлан бола ма? Болса Тайбурыл қайда?» «Біртұтас Қазақстан» т.с.с.). Қаламгердің публицистік толғаныстарын жай дерек беріп, ойға қозғау салу үшін жазуды мақсат етпеді. Оның жазғандары қай кезде де көңілін толқытатын, жүрегін сыздататын мәселеден барып туындады. Соның ең бастысы, Шерхан үшін – ***ұлт мүддесі,*** сол үшін де оның әр материалынан қазақ мүддесі мен мұқтажы, теңдігі мен бірлігі, тәуелсіздікке жету жолындағы табанды күресі, халық болашағы үшін шырқыраған жан дауысы естілді. Әр мәселеде қазақ жұртының пайдасына, соның алға жылжуына күш салды, әр сөйлемінен ұлтжандылық лебі есіп, халқына деген сүйіспеншілік сезімі сезіліп тұрды. Бұл Шерханның ұлтшылдығы емес, халқына адал қызмет ету, соған пайдалы іс істеу ниеті ғана болды.

Ш. Мұртаза өз кезеңінің қоғамдық сипатын публицистика тілімен айқындап, бейнелеп, сол арқылы әр дәуірдің өзіне лайық замандас бейнесін жасады. Журналистика саласындағы ұзақ жылғы бай тәжірибесі оның публицистік қызметіне қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Зерттеуде Шерхан Мұртаза публицистикасы кезең-кезеңімен қарастырылып, нақты хроникалық ретпен баяндалды. 1956-1969 жылдары қамтитын бірінші кезеңде Шерханның журналистік қызметінің алғашқы қадамы айтылды. Оның «Ленинші жас» (1956-1960 жылдар), «Социалистік Қазақстан» (1960-1962 жылдар) газеттеріндегі тілшілік қызметі бағамдалды. Кезінде «Ленинші жас» газеті редакциясынан «Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшілігіне ауысқан Шерхан кейіннен сан қырлы шығармалар әкелген публицист, белді жазушы-прозаик («Табылған теңіз», «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» т.б.), драматург («Сталинге хат», «Жетім бұрыш», «Домалақ Ана», «Ноқтаға басы симаған» т.б.) деңгейіне көтерілді.

Шерханның жастар газетіндегі алғашқы проблемалық мақала, корреспонденция, заметкалары – ауыл тұрмысына, тың тақырыбына, өндіріс мәселелеріне арналды. Оның алғашқы «Ленинші жас» газетінің Қарағанды, Қостанай обылыстарының меншікті тілшісі бола жүріп жазған қысқа заметка, мақаласы нөмір құрғатпай газет бетіне басылып жатты. («Кеше,

бүгін, ертең», «Бүгін даңқты шахтерлер күні», «Бүгін біреу, ертең екеу» т.с.с.). «Социалистік Қазақстан» газетіндегі адамгершілік, мораль тақырыбындағы ой-толғамды мақалалары арқылы оқырман қауымға танылды.

Осы кезеңде Шерхан көркем публицистиканы дамытуға, әсіресе, очерк жанрын өрістетіп, оны түр жағынан байытып, көркемдік сапасын арттыруға үлкен үлес қосты. Шерханның 1956-1959 жылдары жазған мақала, очерктері өнеркәсіп пен шаруашылықтың, ғылым мен мәдениеттің өзекті мәселелеріне арналып, уақыт талабына сай шешімін табуды көздеді. Ол қашанда өмірдің бел ортасында жүріп, жазатын нысанасын терең зерттеуі нәтижесінде, замандастарының жай-күйін, ой-арманын, мақсат-мүддесін жете біліп, әсіресе очерктерінде кейіпкерлерінің тамаша бейнесін жасады. Қаламгер очерктің оқиғалы, проблемалық, жолсапар сияқты түріне көбірек қалам тартып, оның көркемдік биік деңгейінің көтерілуіне белсене атсалысты. Қаламнан қазақ публицистикасының әр кезеңдегі таңдаулы шығармаларының қатарын толықтыратын көптеген очерктері туындады («Құрылысшы Дәку», «Бұлттар көшіп барады», «Миллиард толқынында», «Дәрігердің үшінші қаруы» т.б.). Тұтастай алғанда Шерхан очерктері өмірдің шежіресін, уақыт тынысын замандас сырын баяндайтын туындылар деуге толық негіз бар.

Екінші кезең аралығында (1970-1980 жылдар) Шерхан Мұртаза бас редакторлық қызметінің кезеңдік сипаты мен басшылық қызметінің өзіндік ерекшелігі айқындалды. Баспасөзде басшылық етудің өзіндік үрдісін танытқан Шерхан Мұртазаның журналистерді тәрбиелеу мектебі бүгінгі қазақ журналистикасында үлкен қағидаға айналды. Ол басқарған «Лениншіл жас» қанатын қомдап, жастардың танымал, сүйіп оқитын газетіне айналды. Газетте ауыл жастарының өміріне арналған проблемалық мақала, очерктері жиі жарияланды. Қазіргі танымал ақын-жазушыларымыздың бірқатарының қаламы «Лениншіл жас» арқылы ұшталғаны да Шерханның редакторлық қазметімен байланысты еді. Ол бас редактор болған бес басылымда, ең алдымен баспасөз сынының дамуына ерекше үлесін қосты, басылымдағы басты нысана етіп қоғамдық шындықты, тұрақтылықты ұстанды. Бір ғана «Қазақ әдебиетіндегі» бас редакторлығын алар болсақ, алғашқы жарық көрген сынан бастап еркін ойдың жаршысы болуға ұмтылды. Сонау тоқырау жылдарында барлық бақылау мен тыйым салуға қарамастан халықтың мәні, ұлттық сипаты бар кейбір мәселеде өз пікірін астарлап та, ашық білдіріп қалған тұсы аз болған жоқ. Ел назарындағы беделді әрі шығармашылық еркін ұйымның газеті болғандықтан да белгілі бір дәрежеде салмақты пікір білдіріп, ақиқатты айтуға мүмкіндік алды. Міне, сол үрдіс Шерханның редакторлығы кезінде де өз орнын тапты. Бұл кезеңде бас редакторлық қызметтің қиыншылығын бастан кешіре отырып, баспасөз бетіне көптеген публицистикалық мақалаларын да жариялады.

Шерхан Мұртаза тілге жиі тиек ететін жеке тұлғалар публицистің эссе жанрындағы естеліктер мен мақалаларын жазуға итермеледі. С. Ерубаевқа, Б. Момышұлына, Ғ. Мүсіреповке жиі жүгінді. Мәселен, жарық жұлдыздай жарқырай ағып өткен қас-қағым тіршілігінде халқының адал перзенті, артына шағын да болса салмақты, құнды әдеби мұра қалдырған Саттар Ерубаев

көзқарасын бүгінгі күнмен сабақтастыра отырып, Шерхан өзінің «Тәуелсіздік деген – құдіретті сөз» атты мақаласында былай деп жазады: «Мансапқорлардың да, қалталының да керегі жоқ, үкімет басына әрине білімді болуға тиіс. Ең алдымен адал адам керек. Жас кезімізде жабыла оқитын жазушымыз бар еді, Саттар Ерубаев деген. Соның «Ер үстінде ұйықтамасың атқа мініп нең бер еді, Халық қамын жей алмасаң датқа болып нең бар еді?! деген сөзі бар...» [211]. Бұл жерде Шерхан үкімет басында отырған адамның алақаны ашық, қолы таза болу керектігін, өз қара басының қамымен кететін мансапқордың үкіметке керек еместігін айтады. Аузын арандай ашатын алпауыттар, жемқорлар толып жатыр, халықтың кедейшілдігі көбінесе солардан екендігін ашық білдіреді. Шындықты бірінші жолға қойған публицистің батылдығы туындыларының айқындылығын аңғартты.

Шерхан Мұртаза шығармашылығының үшінші кезеңі 1980 жылдардан күні бүгінге дейін аралықты қамтып, көбіне-көп қоғамдық ой-пікірдің туындауына негіз салды. Шерхан депутаттық мінбеде талай өмірлік мәні бар айтыстарда аса мәдениеттілік көрсетіп, парасаттылық танытты. Өзінің ұстанған азаматтық позициясынан бірде-бір ауытқымай, негізгі бағыты – әділдік пен шындық болды. Бұра тартып бұрмалауға мүлдем қарсы болды. Шерхан Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңес сессиясында (1994-1996), Парламент мәжілістерінде сурылып шығып, Ата Заң мен ағымдағы заңдарды қабылдау барысында, ел мен жер, тіл тағдыры, қос азаматтық, көші-қон, нарықтық экономика, тәуелсіздік туралы т.с.с. мәселелерде қайраткерлік танытты. «Бүгінгі ұрпақтың, ел зиялыларының санасында жазушы, қайраткер Шерхан туралы ұғым шамырқаған шындықпен парасаттылықтың, білімділік пен біліктіліктің, өткірлік пен батырлықтың тұтас бір қоспасындай қалыптасқан. Халқымыздың тілі, ұжданы, жері, суы дегенде «Қызыл Жебедей» ашына құйылатыныңыз елімізді сүйіндіреді, қара нардай күштілігіңіз – сенімін өсіреді», – деген пікірдің салмағын ұстап тұрды [211].

Шерхан бойындағы журналистік ұшқырлықты, суреткерлік жинақтаушылықты, қайраткерлік батырлықты көрсетті. Депутат бола жүріп нақты айқындамасын тарихи тұрғыдан дәлелдеп, шешемді ұсыныс та енгізді. Мұндай халықтың мәні бар өзекті өміршең талабын қаламның ұшымен, сөзінің күшімен баспасөз арқылы Жоғары Кеңес мәслихатының назарына жеткізді. Табанды қайраткерлігімен, батыл қаламгерлігімен баршаға ортақ талабының нәтижесіне жетті.

Шерхан Мұртазаның 90-шы жылдары ана тіліне қатысты «Тіл тағдыры» (Егемен Қазақстан. 29 мамыр, 1992); «Тіл – ұлттың жаны» (Егемен Қазақстан. 17 қараша, 1992); «Империяның улы жемісі» (Егемен Қазақстан. 10 маусым, 1994); «Тілдің кілті – парламентте» (Егемен Қазақстан. 4 ақпан, 1999) мақалары жарық көрді. Тіл – ұлттың бейнесін көрсететін, оның ерекшелігін паш ететін құрал ретінде Шерхан өзі бас редакторлық еткен «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») арқылы проблемалық, өзекті де ауқымды тақырыпты «Сөз сыры», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» тұрақты айдарларда беріп отырды. Бұл айдарлардағы жарияланымдар қазақ тілінің келешектегі тағдырына, дамыту бағытындағы келелі міндетке арналды.

Қаламгердің 60-70 жылдардағы публицистикасы көбінесе, Қарағанды Магниткасынан, тың өлкесінен, мал шаруашылығынан жазылған өндіріс тақырыбындағы мақала, очерктерін құраса, 80-ші жылдағы публицистикасында мәдениет, әдебиет, өнер, білім т.б. көптеген салалар кеңінен қамтылды. Ал, 90-шы жылдың бас кезінде КОКП-ның жетекшілік рөлі әлсіреп, кеңес Одағы аталатын империяның іргесі шайқала бастады. Бұған дейін КСРО-ның құрамында болып келген ұлттық республикалар дербестікке қол созып, бірінен соң бірі өз егемендігі жөніндегі декларация қабылдап жатты. Осы тұста Қазақстан да өзінің егемендігін жариялап, Декларация қабылдады. Декларация бойынша Қазақстан территориясындағы тау-тас, дала, орман, жердің үстіндегі, астындағы қазына түгелдей республиканың өз меншігі болуы тиіс болды. Кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында ел мен жердің тәуелсіздігін, ана тілге статусын беру мәселесіне баспасөз арқылы пікір, ұсынысын білдіргендердің алғашқы қатарында Шерхан да болды.

Шерханның пайым, парасатынан заман үрдісін, қоғамның көкейкесті мәселесін, азаматтық бейнесін терең тани білетін ерекше қасиеті дараланып тұрды. Оның халыққа, елге деген патриоттық сезімі публицистикалық толғанысы мен мақалаларының ерекшелік сипаты, публицистік қызметінің қалыптасуына әсер етті. Ел өмірінің барлық саласына: саяси, мәдени, әлеуметтік, ғылыми-публицистикалық бағытта қалам тербеп, шағын заметкаларынан, толғамды мақалалары жарық көрді. Сол мақалалары арқылы терең білімді, саяси сауатты журналист ретінде танылды.

Қаламгер Ш. Мұртазаның ұлттық рухын айқындаған, патриоттық мінезін танытқан тұсы, әсіресе, «Жер туралы кодекс», «Азаматтық туралы», «Тәуелсіздік туралы» Заңдар және Конституцияның алғашқы жобасы талқылауға түскен кезеңде анық аңғарылды. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп байығандар туралы өзінің «Мемлекет дәулеті талапайға түссін деген заң жоқ» мақаласында: «Байлық ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жүр. Олар азшылық. Қалың көпшіліктің аузынан ризығын, несібесін жырып алғандар. Олар заманның үрдісіне орай «шүленші» қолдың мырзалығына қарай, оңай олжаға күмп беріп, кенеттен байығандар. Ондайды «нувориш» дейді. Белі бүгіліп, маңдайынан тер тамшылап тапқаны табыс емес, адалдан емес, арамнан табылған мал», – деп жазады [212].

Суреткердің «Бір кем дүние» ойтолғауы өмір, адам, қоғам, ұлт, ар-ұят, әділет сынды тақырыптарда қысқа, бірақ мағынасы терең ойларын жинақтап берді. Шығарма алғашында мерзімді баспасөзде жарық көріп, кейін жеке кітап болып басылып шықты [213]. Оқырманға өмірдің өткіншілігі мен уақыттың қадірін терең сезіндіре отырып, әр сәтін бағалауға шақырады. Ар, ұят, намыс – Шерхан үшін мәңгі құндылықтар. Ол арын сатқан, мансап үшін бәріне көнгендерді аяусыз әшкерелейді. Ұлтына шын жанашырлықпен қайрайтын тұлға: «Қазақтың ең сорлысы – өз ұлтын менсінбейтін қазақ», – деп надандықты, жалған патриотизмді, мәңгүрттікті ашық сынайды.

Қорыта келе, Шерханның жалпы публицистикасына тән мынадай белгіні бөліп алуға болады: біріншіден, қоғамдағы кез-келген жағдай қаламгер назарынан тыс қалмады, сол оқиғалар публицисттік шығармаларында әлеуметтік, саяси сипатта көрініс тапты. Екіншіден, кез келген оқиғаның,

фактінің, шындықтың бәрін өмірдің өзінен алып, сол құбылыстарға үлкен шеберлікпен, жеделділікпен үн қатты. Үшіншіден, қаламгердің қайсыбір мақалаларының заманмен үндесе жедел жазылатындығы, оның публицист ретіндегі болмыс-бітімі осынау жедел жазылып, жариялануы арқылы қалыптасқан, батылдыққа, әділеттілікке, өмір шындығына, заман ағымына толы жинақталған пайымын оқырман санасына жеткізе білді. Төртіншіден, Шерханның публицистік туындыларынан жалпылама қойылған жадағай тақырыпты кездестіру қиын, публицистикасында әр мәселені қалай нақты, өткір көрсетсе, тақырыбы да соған лайық қысқа да тұжырымды болады. Бесіншіден, қаламгердің публицистикалық мақалаларында авторлық ой-түйіні, жазылған жайдың себеп-салдары, тығырықтан шығу жолы салмақты пікірмен пайымдалып, оқырман көкейіндегі ащы шындық, шешімі түюлі мәселенің шешімі табылып, жауабы да беріліп отырады. Алтыншыдан, қаламгер проблемалық очерктерінің өзекжарды нысанасы – адам екендігін ескере отырып, тақырып ауқымына байланып қалмай, тақырыптың өзін адамның тағдырына бағындыра білді. Сондықтан да, очерктерінен сол кезеңнің тіршілік-тынысы, жай-күйі, адамдардың мақсат-мұраты, міндет-межесі барынша айқын көрінді.

Редактор Шерхан қай баспасөздің болмасын тұғырын биікке көтерді. Ол бас редактор ретінде өзі басшылық еткен газет-журналдарда ұлттық көркем сынды қалыптастыра отырып, қазақ оқырманын қызықтыратын, халықтық, рухтық мүддені қозғайтын материалды беру арқылы батыл, нағыз ұлттық басылымға айналдырды. Қазақ теледидарындағы басшылығында кадрларды даярлауда, техниканы жаңалауға айрықша көңіл бөліп, ісін жүзеге асырды. Баспасөз басшылығында өзгелерге үлгі боларлықтай газет-журнал таралымын көбейтумен ерекшеленді. Қандай баспасөзге басшылық етсе де, өзінше өрнек іздеп, таным-білігімен көзге түсті. Қарамағындағы журналист, тілшіге өмір талабынан туатын, оқырманды толғандыратын тақырыпты таба білуге үндеді. Өзі тәрбиелеп шығарған шәкірттері бүгінде уақыт, заман талабына жауап бере алатындай шебер журналистер қатарына қосылды. Бұл Шерханның ширек ғасырлық ғұмырын сарп еткен бас редакторлық жемісті еңбегінің ең биік үлгісін танытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұртаза Ш. Жұлдызы биік Жуалы // Қазақ әдебиеті, – 1985. -5 тамыз.
2. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Таң-Шолпан, – 2000. -№1. – 60 б.
3. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Жалын, – 1995. -№ 5-6, – 18 б.
4. Аупбаев Ж. Шераға //Халық кеңесі, – 1994. -24 маусым.
5. Мұртаза Ш. Бұлтсыз күнгі найзағай. –Алматы: Жазушы. -1965. 26 б.
6. Мұртаза Ш. Таңдамалы. Әңгімелері, хикаяттары, мақалалары, роман, пьесалары. -Алматы: Айғаным. -2017. -57 б.
7. Шераға: Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның 60 жасқа толған мерейтойы. -Алматы: Атамұра-Қазақстан. -1993. 26 б.
8. Қабдолов З. Арна: зерттеу-сын-эссе. -Алматы: Жазушы. -1988. 97 б.
9. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Жалын, – 1995. -№ 7-8, – 74 б.
10. Мұртаза Ш. Мен білетін Асекең. Кітапта: Халық перзенті. -Алматы: Өнер. -2002. -41 б.
11. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Жалын, – 1999. -№ 3-4, – 21 б.
12. Жұмабайқызы А. Ұстаздардың да мақтанышы //Ақ жол, – 1994. 3 қыркүйек.
13. Тұрысов Қ. Адамның кім екені қолына билік тигенде көрінеді //Ақ жол, – 1994. -7 мамыр.
14. Мұртаза Ш. Ауылды, сені сағынам. /Шерхан Мұртазаның студент шағындағы хаттары және кейінгі жылдары жазылған пьесалары, әңгімелері мен күнделіктері. 1 кітап. -А.: Darmen Media. -2022. -32 б.
15. Мұртаза Ш. Нұрлы талант //Қазақ әдебиеті. -1982. -19 наурыз.
16. Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. -А.: Санат. -2000. -135 б.
17. Мұртаза Ш. Ауылды, сені сағынам. /Шерхан Мұртазаның 1949-1979 жылдар аралығындағы күнделік жазбалары. 2 кітап. -Алматы: Darmen Media. -2022. -20 б.
18. Көпіш Ә. Шерхан шыңы //«Шерхан Мұртаза – замана шындығын айтқан заңғар тұлға» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Алматы: Қазақ университеті. -2022. -24 б.
19. Мұртаза Ш. Журналист жүрегінің жүгі ауыр // Халық кеңесі, – 1992. -8 қыркүйек.
20. Қайырбеков Ғ. Шерхан шеруі // Халық кеңесі, – 1992. -8 қыркүйек.
21. Ахтан Т. Бастаулар мен биіктер //Жас Алаш, – 1992. -10 қыркүйек.
22. Мұртаза Ш. Ақ жолмен өткен азамат //Егемен Қазақстан. -1999. – 20 қаңтар.
23. Амандосов Т. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары. -Алматы: Мектеп. -1968. -13 б.
24. Мәуленов С. Телтолқын. -Алматы: Жалын, – 1989. -79 б.
25. Мұртаза Ш. «Лениншіл жастың» тілшісі //Лениншіл жас. -1962. -6 қазан.
26. Тілші – халық жаршысы // Лениншіл жас, – 1957. -1 тамыз.
27. Мұртаза Ш. Комбайншы Қадірбек //Лениншіл жас, – 1958. -11 қыркүйек.
28. Мұртаза Ш. Бүгін біреу, ертең екеу // Лениншіл жас, – 1959. -22 қараша.
29. Гуревич С.М. Жанры советской газеты. -Москва: МГУ. -1972. -С.29.
30. Мұртаза Ш. Шахтер үні // Лениншіл жас. -1958. -31 тамыз.
31. Мұртаза Ш. Қолдағы алтынның қадірін білмей отыр //Лениншіл жас, – 1958. -14 қаңтар.
32. Мұртаза Ш. Кокс пен қарқын //Лениншіл жас, – 1958. – 24 мамыр.
33. Мұртаза Ш. Болат қаласы // Білім және еңбек, – 1960. -№ 2. -16 б.
34. Мұртаза Ш. Автомат зеңбірек – атуға дайын //Лениншіл жас, – 1959. – 13 қаңтар.
35. Бердіқұлов С. Кайнозой аршылып жатыр //Жалын, –1982. -№ 5, – 105-106 бб.
36. Мұртаза Ш. Көлеңке көріністерге қарсы //Лениншіл жас, – 1957. -30 мамыр.

37. Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. -Алматы: Жазушы. -1979. 54 б.
38. Мұртаза Ш. Өсектен өлген //Лениншіл жас, – 1959. -13 маусым.
39. Искусство публицистики. Сост.: Колосов Г.В. -Алма-Ата: Казахстан. -1968. -С.92.
40. Әбдірайымов Т. Шерхан Мұртазаның журналистік және редакторлық жолы (диплом жұмысы). /Ғылыми жетекшісі: Б.Ө. Жақып. -Алматы. -1991. 44 б.
41. Прохоров Е.П. Публицист и действительность. – Москва: МГУ. 1973. -С.135.
42. Мұртаза Ш. Адам сұлулығын аңсаған пьеса //Социалистік Қазақстан, – 1960. – 21 мамыр.
43. Мұртаза Ш. Арайлы таң //Социалистік Қазақстан, – 1960. – 25 қазан.
44. Мұртаза Ш. Әдемілік туралы әңгіме //Социалистік Қазақстан, – 1968. -1 қаңтар.
45. Мұртаза Ш. Жалындаған жас дәурен //Лениншіл жас, – 1991. – 22 наурыз.
46. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағлымы. Естеліктер. –Алматы: Рауан. 1997. 34 б.
47. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 884-қор. 1-тізбе. 19 «а» -іс. 83-84 парақ.
48. Мұртаза Ш. Менің қаруым – қалам мен газет //Алматы ақшамы, – 1990. -15 наурыз.
49. Ыдырысов Т. Баспасөз – өмір айнасы. -Алматы: Қазақстан. -1977. 7 б.
50. Мұртаза Ш. Жұмагүлдің жұлдызы //Егемен Қазақстан, – 1998. -26 желтоқсан.
51. Жақсыбаев А. Көреген //Қазақ әдебиеті, – 1992. -11 қыркүйек.
52. Сәрсенбаев О. Ұлағат //Жұлдыз, – 1982. -№9. -27 б.
53. Мұртаза Ш. Шындықты шыңдап, мұратты мүсіндеген //Егемен Қазақстан, – 1993. -9 қараша.
54. Мұртаза Ш. Жастық шақ кек семсердің жүзі емес пе?! //Лениншіл жас, – 1988. -5 мамыр.
55. Мұртаза Ш. Адал еңбек //Лениншіл жас, – 1986. -6 ақпан.
56. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 708-қор. 46-тізбе. 140-іс. 301- парақ.
57. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. -1970. 40 б.
58. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. –Алматы: Қазақ университеті. -1993. 19 б.
59. Қаратаев М. Жалын туралы сөз //Жұлдыз, – 1973. № 4. -201 б.
60. Мұртаза Ш. Лайықты еңбек //Қазақ әдебиеті, – 1974. -9 тамыз.
61. Смайыл Е. Бас редакторға жеті сұрақ //Егемен Қазақстан, – 1999. – 17 желтоқсан.
62. Мұртаза Ш. Жас қанат //Лениншіл жас, – 1971. -17 қыркүйек.
63. Мұртаза Ш. Жастарға қамқорлық //Қазақ әдебиеті, – 1971. -1 қаңтар.
64. Қаназов М. Жалын туралы сөз //Жалын, – 1994. -№ 5-6. -121 б.
65. Әбдірей М. Шоқтығы биік тұлға //Дидар, – 1992. -22 қыркүйек.
66. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. -Алматы: Рауан. -1996. -146 б.
67. Әлімжанов Ә. Үлкен форумға бір жыл //Жұлдыз, – 1974. -№ 10. -205 б.
68. Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі. –Алматы: Жазушы. 1992. 10 б.
69.Мұртаза Ш. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы пленумында сөйлеген сөзі //Қазақ әдебиеті, – 1973. -25 мамыр.).
70. Мұртаза Ш., Досымов Ж. Жұмысшы – жасампаз еңбектің жаршысы // Лениншіл жас, – 1974. -15 қараша.
71. Медетбеков Т. Адырнадай серпінді талант //Коммунистік жолы, – 1982. – 25 қыркүйек.).
72. Мұртаза Ш. Әдебиет айнасы //Социалистік Қазақстан, – 1974. -5 қазан.).
73. Молдағалиев Ж. Ерікті тақырыптарға толғаныс //Қазақ әдебиеті, – 1988. – 1 қаңтар.

74. Мұртаза Ш. Шындықтың шымылдығы түрілгендей //Егемен Қазақстан, – 1996. – 13 маусым.

75. Аймауытов Ж. Ел газетке не жазбақ? //Еңбекші қазақ, – 1925. – 5 мамыр.

76. Мұртаза Ш. Үш күндей өте шыққан үш жыл //Егемен Қазақстан, – 1992. -17 желтоқсан.

77. Мұртаза Ш. Тұңғиық ойда Тұрар тұлға //Өркен, – 1992. -5 қыркүйек.

78. Елшібек Ж. Халқы үшін қалғымаған қалам //Сұхбат, – 1992. – 22 қыркүйек.

79. Мұртаза Ш. Көрген-білген //Егеменді Қазақстан, – 1991. -4 қазан.

80. Қыдырбекұлы Б. Қым-қиғаш жылдар. -Алматы: Санат. 1998. 282 б.

81. Мұртаза Ш. Кіші 37 емес пе? //Егеменді Қазақстан, – 1990. -17 сәуір.

82. Байжанов С. Дос туралы сөз //Жалын, – 1995. -№ 1-2. -219 б.

83. Назарбаев Н.Ә. Бәрін де ақылмен істеу керек// Социалистік Қазақстан, – 1991. – 9 сәуір.

84. Мұртаза Ш. Азамат. Қаламгер. Қайраткер //Егемен Қазақстан, – 1999. – 3 желтоқсан.

85. Мұртаза Ш. Ел сенімі – ауыр жүк //Ақ жол, – 1992. -21 қыркүйек.

86. Сүйінов Т. Елінің ер ағасы //Халық кеңесі, – 1992. -16 қыркүйек.

87. Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. -Алматы: Жалын, – 1993. 241-242 бб.

88. Жұмабеков С. Жұлдызы нұрлы суреткер. -Алматы: Өлке. -1993. 3 б.

89. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. -Алматы: Жазушы. -1984. -145 б.

90. Олжай Қ. Шапанынан шәкірт өрген Шер-ағаң //Егемен Қазақстан, – 1994. – 3 наурыз.

91. Сағындықов Қ. Журналист парызы. -Алматы: Қазақстан. -1986. -184 б.

92. Мұртаза Ш. Оралхан //Егемен Қазақстан, – 1998. -22 мамыр.

93. Мұртаза Ш. Батырлар мен ақындар //Жас Алаш, – 1993. – 8 мамыр.

94. Бас редакторлар мінбесі //Қазақ әдебиеті. -1994. -15 көкек.

95. Смайылов К. Жолданбаған 27 хат. –Алматы: Қазақстан. – 1992. -150 б.

96. Мұртаза Ш. Делбе босап, дербестікке қолымыз жетсін //Өркен, – 1990. – 24 ақпан.

97. Мұртаза Ш. Алдымен өз халқың танысын сені //Заман Қазақстан, – 1998. – 5 маусым.

98. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан» мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату компаниясын құру туралы Жарлығы //Егеменді Қазақстан, – 1992. -19 қыркүйек.

99. Жигалов К.В., Султанов Б.К. Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности (1.12.1991 -31.05.1993). -Алматы: Казахстан-XXI век. -1993. -С.111.

100. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 708-қор. 139-тізбе. 2307-іс. 3-парақ.

101. Мұртаза Ш. Тіл – ұлттың жаны //Жас Алаш, – 1992. -17 қараша.

102. Мұртаза Ш. Зейнет күреспен келеді //Сұхбат, – 1992. -8 желтоқсан.

103. Бейсенұлы Б. Таңшолпан //Жас Алаш, – 1993. – 16 сәуір.

104. Айжан Т., Ертуған С. Теледидар – ұлт бейнесі //Өркениет, – 1994. -3 қыркүйек.

105. Ахмет О. «Телектің» дидары жоқ, құр сүлдері //XXI век, – 1994. -4 наурыз.

106. Тұрсын Қ. Көгілдір экран халық үшін бе, әлде нарық үшін бе? //Қазақ әдебиеті, – 2001. -26 қаңтар.

107. Дуванов С. Есть ли в Казахстане свое телевидение? //Казахстанская правда, – 1993. -25 апрель.

108. Муртаза Ш. Кривые зеркала статистики или вопрос о том есть ли в Казахстане свое телевидение? //Казахстанская првада, – 1993. -22 май.

109. Штурбабина Н.В. Караганде уволен «нецензурный» Мукушев... // Караван, – 1993. -26 февраль.

110. Мұртаза Ш. Шындықтың жолы шырғалаң, әділеттің жолы әлжуаз //Жас Алаш, – 1997. -29 қараша.

111. Қайырбеков Ғ. Егемен және баспасөз //Егеменді Қазақстан, – 1991. – 25 қыркүйек.

112. Сәрсекеев Қ. Төрттаған. 3-кітап. -А.: TST-company. -2006. -191 б.

113. Прохоров Е.П. Искусство публицистики. -Москва: Советский писатель, – 1984. -С. 289.

114. Байтұрсынов А. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, – 1989. -224 б.

115. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. -Алматы: Мектеп. -1984. 6 б.

116. Ученова В.В. Беседы о журналистике. -Москва: Молодая гвардия. -1978. -С.7.

117. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі: Қазақстан тарихының дереккөзі (1870-1918). -Алматы: Қазақ университеті. -2000. -37 б.

118. Горохов В.М. Слагаемое мастерства. -Москва: Мысль. -1982. -С. 25.

119. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 884-қор, 1-тізбе, 19-іс, 159-парақ.

120. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 884-қор, 1-тізбе, 20 «а» іс, 9-парақ.

121. Мұртаза Ш. Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды //Парасат, – 1989. №11. -6-7 бб.

122. Мұртаза Ш. Қаңтарулы қазанат //Қазақ әдебиеті, – 1986. 26 желтоқсан.

123. Егеубаев А. Кісілік кітабы. -Алматы: Ана тілі. -1998. -292 б.

124. Советский энциклопедический словарь. –Москва. -1979. -С. 1571.

125. Кольцов М.Е. Писатель в газете. –Москва. -1961. -С. 29.

126. Мұртаза Ш. Мен Әбілқайыр емеспін! //Егемен Қазақстан, – 1992. -14 ақпан.

127. Моруа А. Надежды воспоминания. Художественная публицистика. –Москва: Прогресс. -1983. -С. 340.

128. Здоровега В. Индивидуальный стиль публициста. -Алма-Ата: Казахстан. 1968. -С. 206.

129. Мұртаза Ш. Империяның улы жемісі //Егемен Қазақстан, – 1994. -10 маусым.

130. Мұртаза Ш. Мемлекет дәулеті талапайда кетсін деген заң жоқ //Егемен Қазақстан, – 1990. -9 маусым.

131. Мұртаза Ш. Бөліп ал да, билей бер //Егемен Қазақстан, – 1995. -26 қаңтар.

132. Жерді саттық дегеніміз – елді сату. Қазақстан қаламгерлері мен зиялы қауым өкілдерінің Қазақстан Президентіне ашық хаты //Zaman-Қазақстан, – 1998. -14 шілде.

133. Мұртаза Ш. Анасын сатқан бар ма екен? //Егемен Қазақстан, – 1999. -27 шілде.

134. Қазақ Совет энциклопедиясы. -Алматы: Т. 9. -1977. -375 б.

135. Сәрсенбаев А. Озық ойдың көшін бастаған //Егемен Қазақстан, – 1997. – 28 маусым.

136. Тынянов Ю. Поэтика. История литературы. Кино. -Москва: Наука. -1977. – С. 225.

137. Алексеев М.П. Сравнительное литературоведение. -Москва: Наука. -1983. -С.165.

138. Мұртаза Ш. Бай. Кедей. Орташа. //Егемен Қазақстан, – 1997. -28 қазан.

139. Мұртаза Ш. Жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық //Егемен Қазақстан, – 1997. -1 қазан.

140. Мұртаза Ш. Адам құны //Егемен Қазақстан, – 1997. -26 желтоқсан.

141. Мұртаза Ш. Кірлеген дүрбіні кім тазартады? //Егемен Қазақстан, – 1997. -26 маусым.

142. Мұртаза Ш. Ататүрік. Ұлттық рух //Егемен Қазақстан, – 1998. -14 қазан.

143. Мұртаза Ш. Тамыр мен бұтақ //Егемен Қазақстан, – 1999. -3 сәуір.

144. Мұртаза Ш. Бірікпесек бөрі жейді // Егемен Қазақстан, – 1999. -1 қазан.
145. Мұртаза Ш. Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде... // Егемен Қазақстан, – 1995. -30 қараша.
146. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. –Алматы: Ғылым. -1975. -152-153 бб.
147. Мұртаза Ш. Алтын сандықтың үстінде отырып... //Орталық Қазақстан, – 1988. – 14 маусым.
148. Мұртаза Ш. Сталинге хат //Лениншіл жас, – 1988. -1 сәуір.
149. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. -Алматы: Мектеп. -1978. -241 б.
150. Журбина Е.И. Теория и практика художественно-публицистических жанров. –Москва: Мысль. -1969. -С. 26.
151. Суровцов Ю. //На литературном посту. -1931. -№ 26. – С. 12.; Костелянец Б. //Вопросы и литературы. – 1957. -№ 6. -С. 26.
152. Мұртаза Ш. Құрылысшы Дәку. -Алматы: Қазмемкөрәдеб. – 1958. -3 б.
153. Методы журналистского творчества. Под ред. Горохов В.М. -Москва: МГУ. – 1982. – С.16.
154. Мұртаза Ш. Қазіргі прозадағы кейіпкер //Уақыт және қаламгер. 4-кітап. -Алматы: Жазушы. -1976. -23 б.
155. Мұртаза Ш. Қара шаңырақ //Лениншіл жас. -1969. -31 желтоқсан.
156. Мұртаза Ш. Шойын шоқтары //Социалистік Қазақстан, – 1961. -1 мамыр.
157. Мұртаза Ш. Ар аманаты //Жұлдыз, – 1963. -№ 4, – 37 б.
158. Тілеуов Ж. Жүрекке жылы туынды //Еңбек туы, – 1978. -19 тамыз.
159. Орынбаев Қ. Шындық және шеберлік //Социалистік Қазақстан. -1978. – 11 тамыз.
160. Қаратаев М. Қызғаныш түбі – қылмыс //Социалистік Қазақстан, – 1978. – 19 сәуір.
161. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. -Алматы: Санат. -1994. -279 б.
162. Мұртаза Ш. «Ақ шыбынмен» арпалыста //Лениншіл жас, – 1958. – 30 қыркүйек.
163. Мұртаза Ш. Уақыт шексіз, уақыт тар //Лениншіл жас, – 1958. -19 қазан.
164. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. -Алматы: Мектеп. -1970. -322 б.
165. Мұртаза Ш. Аналар //Жұлдыз. -1962. -№12. -36 б.
166. Мұртаза Ш. «Ақ мылтық» атылған соң //Қазақ әдебиеті. -1972. -12 мамыр.
167. Қаратаев М. Жазушы және бесжылдық //Уақыт және қаламгер. -1974. -17 б.
168. Мұртаза Ш. Болашақ болатшы //Лениншіл жас, – 1958. -30 қыркүйек.
169. Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. -Алматы: Рауан. -1991. -193 б.
170. Бөкеев О. Өмірдің өзі публицистика //Қазақ әдебиеті, – 1973. -2 наурыз.
171. Мұртаза Ш. Кочегар //Лениншіл жас, – 1958. -30 қыркүйек.
172. Полевой Б. Очерк в газете. –Москва. -1953. -С. 4.
173. Мұртаза Ш. Миллиард толқынында //Лениншіл жас, – 1958. -22 қазан.
174. Мұртаза Ш. Теңіз және тамшы //Қазақ әдебиеті, – 1961. -1 қыркүйек.
175. Мұртаза Ш. Ертіс жағасындағы ерлік //Социалистік Қазақстан, – 1960. – 29 шілде.
176. Мұртаза Ш. Құлпырма бояулар //Лениншіл жас, – 1964. -22-24-26 қыркүйек.
177. Абай энциклопедиясы. –Алматы: Атамұра. -1995. -157 б.
178. Журбина Е.И. Теория и практика художественно-публицистических жанров. – Москва: Мысль. -1969. -С.26.
179. Черепахов М. Очерк в газете. – Москва: Мысль. -1953. -С. 4.
180. Мұртаза Ш. Сфинкс сөйлейді //Лениншіл жас, – 1969. -31 желтоқсан.
181. Айтматов Ш., Шаханов М. Билік пен рухани байлық // Жалын, – 1996. -№9-10. -15 б.

182. Мұртаза Ш. Естен кетпес Эстония сапары // Қазақ әдебиеті, – 1982. -6 тамыз.
183. Мұртаза Ш. Саха сапарынан соң //Қазақ әдебиеті, – 1983. -15 шілде.
184. Мұртаза Ш. Ұлытау // Егемен Қазақстан, – 1999. -1 қаңтар.
185. Мұртаза Ш. Аңысын аңдаған Америка// Социалистік Қазақстан, – 1990. – 3 қараша.
186. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. –Алматы. -1960. -111 б.
187. Мұртаза Ш. Достықтың өркені өсе берсін! //Лениншіл жас, – 1958. – 23-24 тамыз.
188. Мұртаза Ш. Алаш ауылы //Егеменді Қазақстан, – 1991. -3 қазан.
189. Қазақ Совет энциклопедиясы. -Алматы. Т.9. -1977. 481 б.
190. Әлімбаев М. Көңіл күнделігінен. -Алматы: Мектеп. -1976. -316 б.
191. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы. -1993. -118 б.
192. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп. -1976. -316 б.
193. Мұртаза Ш. Алтын тікен //Лениншіл жас, – 1971. -30 қыркүйек.
194. Меңдеке Ә. Бұрынғы әңгімелер мықты ма, әлде бүгінгі әңгімелер ме? // Қазақ әдебиеті. -2000. -18 ақпан.
195. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. –Алматы: Жазушы. -1984. -28 б.
196. Медетбеков Т. Адырнадай серпінді талант //Коммунистік жолы, – 1982. -25 қыркүйек.
197. Тұрысов Е. Сұлу Бөрте //Егемен Қазақстан, – 1997. -21 қыркүйек.
198. Мұртаза Ш. Қара маржан. -Алматы: Жазушы. -1981. -267-268 бб.
199. Воробьева Н.Н. Принцип историзма в изображении характера. -Москва, 1978. – С. 154.
200. Нұрғалиев Р. Жауапты жанр – роман // Уақыт және қаламгер. -Алматы: Жазушы, – 1985. -96 б.
201. Мүсірепов Ғ. Жұлдызды көпір және Тұрар //Социалистік Қазақстан, – 1984. – 26 шілде.
202. Қайырбеков Ғ. Шерхан шеруі // Халық кеңесі, – 1992. -8 қыркүйек.
203. Мұртаза Ш. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2. -Алматы: Жазушы. -1982. -279 б.
204. Мұртаза Ш. Қыл көпір. – Алматы: Жазушы. -1991. -245 б.
205. Қайыңбаев М. Алыс балалық туралы естелік //Егемен Қазақстан, – 1997. -11 қыркүйек.
206. Мұртаза Ш. Не жетпейді? //Қазақстан коммунисі, – 1989. №1. -71-76 бб.
207. Смайылов К. Қыспақ пен қиян //Егемен Қазақстан, – 1997. -9 желтоқсан.
208. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Жалын, – 1999. №5-6. -34 б.
209. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Жалын, – 1995. №9-12. – 89 б.
210. Мұртаза Ш. Ай мен Айша //Жалын, – 1999. – №7-8. -81-82 б.
211. Мұртаза Ш. Тәуелсіздік деген – құдіретті сөз //Қазақстан әйелдері, – №4 -1992.
212. Мұртаза Ш. Мемлекет дәулеті тайпаға түссін деген заң жоқ //Егемен Қазақстан, – 1994. -17 желтоқсан.
213. Бір кем дүние. Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, – 2008. – 176 б.

1-қосымша

ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

І Әр жылдарда жарық көрген кітаптары мен жинақтары

1. Құрылысшы Дәку Әбдиев //Очерктер жинағы – Алматы: Қазмем-көредеббас, – 1958. -26 б.

2. Табылған теңіз. – Алматы: ҚМКӘБ, – 1964. – 82 б.

3. Бұлтсыз күнгі найзағай. -Алматы: Жазушы, 1965. -84 б.

4. Белгісіз солдаттың баласы. -Алматы: Жазушы, 1966. -88 б.

5. Мылтықсыз майдан. -Алматы: Жазушы, – 1969. -106 б.

6. 41-ші жылғы келіншек. -Алматы: Жазушы, – 1972. -247 б.

7. Ахметжанның анты. -Алматы: Жазушы, – 1973. -193 б.

8. Интернат наны. – Алматы: Жазушы, – 1974. – 343 б.

9. Қара маржан. – Алматы: Жазушы, – 1976. – 432 б.

10. Мылтықсыз майдан. – Алматы: Жазушы, – 1977. -432 б.

11. Қызыл Жебе. Роман. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, – 1978. -240 б.

12. Сол бір күз. Әңгімелер. -Алматы: Жалын, – 1979. -27 б.

13. Қызыл жебе. Роман. 1-2 кітап. – Алматы: Жазушы, – 1980. -512 б

14. Екі томдық таңдамалы шығармалар: повестер, роман және әңгімелер. 1-Т. – Алматы: Жазушы, – 1982. – 504 б.

15. Екі томдық таңдамалы шығармалар //Қызыл жебе: Роман. 2-Т. – Алматы: Жазушы, – 1982. – 496 б.

16. Тұтқын бала. -Алматы: Жалын, – 1983. – 52 б.

17. Жұлдыз көпір: «Қызыл жебе» романының үшінші кітабы. -Алматы: Жазушы, – 1984. – 272 б.

18. Қара маржан. -Алматы: Жазушы, – 1986. -200 б.

19. Жүрекке әжім түспейді. – Алматы: Жалын, – 1987. 320 б.

20. Не жетпейді? // Публицистика, эссе. – Алматы: Жазушы, – 1990. – 261 б.

21. Жұлдыз көпір. Қыл көпір: // Қызыл жебе романының үшінші және төртінші кітаптары. – Алматы: Жазушы, – 1991. – 464 б.

22. Тамұқ: // Қызыл жебе романының бесінші кітабы. -Алматы: Атамұра – Қазақстан, – 1994. -224 б.

23. Төрт томдық шығармалар жинағы // Қызыл жебе. 1-Т. 1-2 кітап. – Алматы: Жазушы, – 1994. – 496 б.

24. Төрт томдық шығармалар жинағы// Қызыл жебе. 2-Т. 3-4-5-кітап. -Алматы: Жазушы, – 1996. – 720 б.

25. Ай мен Айша. 1- кітап. – Алматы: Жалын, – 1997. -526 б.

26. Мұртаза Ш. Смайылов К. Елім саған айтам, ел басы, сен де тында! – Алматы: Қазақстан, – 1998. – 176 б.

27. Төрт томдық шығармалар жинағы. // Әңгімелер. 3-Т. -Алматы: Жазушы, – 1998. – 39б.

28. Төрт томдық шығармалар жинағы. // Повестер, пьесалар, эссе. -Алматы: Жазушы, – 2000. -525б.

29. Ай мен Айша. Роман. 1-2 кітап. – Астана: Елорда, – 2001.

30. Ақындар мен әкімдер. – Астана: Елорда, – 2002. – 808 б.

31. Бір кем дүние. Ойтолғау. –Алматы: Жазушы, – 2008.-176 б.

32. Таңдамалы. Әңгімелері, хикаяттары, мақалалары, роман, пьесалары: Ш. Мұртаза. –Алматы: Айғаным, – 2017. -1116 б.

33. Ауылды, сені сағынам. Шерхан Мұртазаның студент шағындағы хаттары мен кейінгі жылдары жазылған пьесалары, әңгімелері мен күнделіктері. 1-кітап. Ш. Мұртаза. –Алматы: «Darmen Media» баспасы. 2022. -272 б.

34. Ауылды, сені сағынам. Шерхан Мұртазаның 1949-1979 жылдар аралығындағы күнделік жазбалары. 2-кітап. Ш. Мұртаза. –Алматы: «Darmen Media» баспасы. 2022. -304 б.

II Мақалалар. Сұхбаттар. Эсселер. Рецензиялар

1. Хордеум персикум ғой // Лениншіл жас. – 1956. -23 желтоқсан
2. Түңілме, балам, түңілме // Лениншіл жас. – 1957. – 1 қаңтар.
3. Сотқарлардың жазасы // Лениншіл жас. – 1957. – 23 қаңтар.
4. Жарайсың Анита! // Лениншіл жас. – 1957. – 7 ақпан.
5. Қаскелең МТС-інде // Лениншіл жас. – 1957. – 9 наурыз.
6. «Қос терілі қозылар» // Лениншіл жас. – 1957. – 18 сәуір.
7. Тарихи мұраларды ескерусіз қалдыруға болмайды // Лениншіл жас. – 1957. – 21 мамыр.
8. Көлеңке көріністерге қарсы // Лениншіл жас. -1957. -30 мамыр
9. Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық... // Лениншіл жас. – 1957. – 11 тамыз.
10. Хоттабыч қарт // Лениншіл жас. – 1957. – 18 тамыз.
11. Қос ішектің қереметі // Лениншіл жас. – 1957. – 7 шілде.
12. Қыздар балы // Лениншіл жас. – 1957. – 10 шілде.
13. Нұрлы Нұра бойында // Лениншіл жас. – 1957. – 4 қыркүйек.
14. Кемшілікті мойындау оңай-ау, бірақ... //Лениншіл жас. -1957. – 26 қазан.
15. «Көрме» сөйлейді // Лениншіл жас. – 1957. – 3 қараша.
16. Кен ордасы // Лениншіл жас. – 1957. – 13 қараша.
17. Әділ бағасы берілді // Лениншіл жас. – 1957. – 28 қараша.
18. Әділетті болу керек // Лениншіл жас. – 1957. -3 желтоқсан.
19. Біздің Ораз // Лениншіл жас. – 1957. – 5 желтоқсан.
20. Өз үйі барға не жетсін? // Лениншіл жас. – 1957. – 15 желтоқсан.
21. Қолдағы алтынның қадірін білмей отыр // Лениншіл жас. – 1958. – 14 қаңтар.
22. Обком секретары шахтаға бір түскен жоқ // Лениншіл жас. – 1958. – 21 қаңтар.
23. Пайдасыз жатқан тиын // Лениншіл жас. – 1958.-25 ақпан.
24. Алыпты құрушы азамат // Лениншіл жас. – 1958.-20 наурыз.
25. Айтыстан ақиқат туады // Лениншіл жас. – 1958. – 8 сәуір.
26. Обкомол жас талапкер жайын ойламайды // Лениншіл жас. -1958. – 15 мамыр.
27. Достық пен махаббат // Лениншіл жас. – 1958. – 17 мамыр.
28. Аңшының да аңшысы бар // Лениншіл жас. – 1958. – 21 мамыр.
29. Үш парақ қағаз яки бір ұйымның жұмысы // Лениншіл жас. – 1958. – 5 шілде.
30. Асығыс іс ақаулы // Лениншіл жас. – 1958. – 8 шілде.
31. Қадірменді қарттардың орнын жас ұрпақ басты // Лениншіл жас. – 1958. – 16 шілде.

32. Айлы түндегі алтыбақан // Лениншіл жас. – 1958. – 24 шілде.
33. Ақын неге қиналды? // Лениншіл жас. – 1958. – 31 шілде.
34. Режиссер, афиша, прожектор // Лениншіл жас. – 1958. – 18 қыркүйек.
35. Сен шыдамсызсың, мама! // Лениншіл жас. – 1958. – 20 қыркүйек.
36. Асқақ сарын // Лениншіл жас. – 1958. – 11 қазан.
37. Өсектен өлген // Лениншіл жас. – 1958. – 18 желтоқсан.
38. Алыстағы ауданда // Мәдениет және тұрмыс, – 1958. №5
39. Күн тәртібінен түспейтін мәселе // Лениншіл жас. – 1959. – 15ақпан.
40. Жауқазын // Лениншіл жас. – 1959. – 12 мамыр.
41. Жаңаша той, тамаша // Лениншіл жас. – 1959. – 19 шілде.
42. Бейнетсіз рахат жоқ // Лениншіл жас. – 1959. – 22 шілде.
43. «Жомарт» жоспар орындалуы керек // Лениншіл жас. – 1959. – 15 тамыз.
44. Кешеуілдеп келген ақыл // Лениншіл жас. – 1959. – 5 қыркүйек.
45. Зәуреш // Лениншіл жас. – 1959. – 26 қараша.
46. Кішкентай адамның үлкен өмірі // Мәдениет және тұрмыс. – 1959. – №5 – 5-6 бб.
47. Дауасыз аударма. // Лениншіл жас. – 1960. – 31 қаңтар.
48. Қарағанды театры Алматыда // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 14 мамыр.
49. Біз татулық тілейміз // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 15 мамыр.
50. Адам сұлулығын аңсаған пъеса // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 21 мамыр.
51. Өнер мерекесі, достық мерекесі //Социалистік Қазақстан. – 1960. – 31 мамыр.
52. Тасиды ән мен күйдің дариясы //Социалистік Қазақстан. – 1960. – 20 шілде.
53. Тракторшы қарындас ән шырқайды //Социалистік Қазақстан. – 1960. – 13 шілде.
54. Астана әнге бөленді // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 14 шілде.
55. Ақсуаттан келген театр // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 15 шілде.
56. Адам қаны су емес // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 21 қазан.
57. Ісі мінсіз ойы сұлу өрендер // Социалистік Қазақстан. – 1961. –5 ақпан.
58. Әлемге әйгілі әнші // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 28 ақпан.
59. Терең тамыр // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 20 наурыз.
60. Шынайы достық бейнесі //Социалистік Қазақстан. – 1961. – 14 маусым.
61. Шалқардағы шабыт // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 20 маусым
62. Келешек туралы әңгіме // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 6 тамыз.
63. Айтқаным айтқан // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 27 тамыз.
64. Қылдырықтай қызылша // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 22 қазан.
65. Жоғалып табылған тау // Лениншіл жас. – 1962. – 1 мамыр.
66. Тойған кім, тоңған кім // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 9 маусым.
67. Түзетілген қате // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 12 маусым.
68. Өтірік өрге баспайды // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 16 маусым.
69. Сағымдағы сайыстар // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 24 маусым.
70. Өнер иесі – халық // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 10 тамыз.

71. Алғашқы қадам // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 9 желтоқсан.
72. Замана түлектері // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 1 наурыз.
73. Арайлы таң // Социалистік Қазақстан. – 1968. – 1 қаңтар.
74. Болашақ кімдікі? // Лениншіл жас. – 1968. – 29 қазан.
75. Таудан биік, болаттан биік // Қазақстан коммунисі. –1973. – №1. 57-61 б.
76. Лайықты еңбек // Қазақ әдебиеті. – 1974. – 9 тамыз.
77. Алыптың анасы – халық // Қазақ әдебиеті. – 1974. – 29 қараша.
78. Шыңыраудан шыңға // Қазақ әдебиеті. – 1974. – 20 желтоқсан.
79. Творчестволық шабыт қайнары //Қазақстан коммунисі. – 1976. – №5. 51-52 б.
80. Мой Казахстан // Казахстанская правда. – 1976. – 4 февраль.
81. Халық қазынасы // Социалистік Қазақстан. – 1976. – 13 сәуір.
82. Главный герой – труженик // Ленинская смена. – 1976. – 14 апрель.
83. Есілдің арғы жағы – бергі жағы // Социалистік Қазақстан. 1976. – 12 қыркүйек.
84. Қойны толған қазына Қаратаудың // Білім және еңбек. – 1977. – № 4. – 1 б.
85. Молодость – великий дар // Простор. – 1977. № 2. -С.117-120.
86. Побеги и корни // Ленинская смена. – 1980. – 4 сентябрь.
87. Проза жайында пайымдасақ // Қазақ әдебиеті. – 1981. – 17 сәуір.
88. Нұрлы талант // Қазақ әдебиеті. – 1982. -19 наурыз.
89. Айға шағылған найза // Лениншіл жас. – 1983. – 25 қазан.
90. Екі редактордың әңгімесі // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 30 наурыз.
91. Кітап теңізіндегі жиһанкез // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 7 маусым.
92. Баласағын жұмбағы // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 28 маусым.
93. Абай сәулесі // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 28 маусым.
94. Азаматтық пен суреткерлік // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 6 тамыз.
95. Ғабит Мүсірепов – тәлімгер // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 12 тамыз.
96. Туфан дос // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 6 қыркүйек.
97. Алтын күрек // Қазақстан коммунист – 1985. -№ 9. -17-19 бб.
98. Адал еңбек // Лениншіл жас. – 1986. – 6 ақпан.
99. Таушымылдық: Қазақстан әдебиетінің Отан даңқын арттырайық ұранымен шекарадағы және шекара маңындағы аудандарда еткен күндерінен алған әсерлері // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 29 тамыз.
100. Тау мен дала жырлары // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 10 қазан.
101. Қаңтарұлы қазанат // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 26 желтоқсан.
102. Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз // Қазақ әдебиеті. -1987. – 27 наурыз.
103. Шыңғыс және шындық //Социалистік Қазақстан. -1988. – 11 желтоқсан.
104. Қуатты Орталық. Қуатты Республика. // Қазақ әдебиеті. -1989. – 17 наурыз.
105. Не жетпейді? // Қазақстан коммунисі. -1989. -№ 1. -71-76 бб.
106. Жат жұрттан іздемейік пайғамбарды // Парасат. – 1989. № 11. – 6-7 бб.
107. Ақжарылқап заман үшін // Социалистік Қазақстан. – 1990. -2 ақпан.

108. Халықтық қасиетті қастерлейік // Социалистік Қазақстан. – 1990. -17 шілде.
109. Тірлік – бірлікте // Социалистік Қазақстан. -1990. -17 шілде.
110. Адам және иман // Парасат. – 1990. -№ 2. -1 б.
111. Қиналғанда шыққан сөз // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 14 қыркүйек.
112. Қазақ туы қандай болуы керек? // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 26 қараша.
113. Президент: сөзі мен ісі // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 28 қараша.
114. Тәуелсіздік толғағы // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 26 желтоқсан.
115. Отанға оралудың оң жолы // Егемелді Қазақстан. – 1992. – 4 қаңтар.
116. Мен Әбілқайыр емеспін! // Егеменді Қазақстан. – 1992. -14 ақпан.
117. Ұлттық ұлан бола ма? Болса, Тайбурыл қайда? // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 10 наурыз.
118. Тіл тағдыры // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 29 мамыр.
119. Менің сенетінім — жақсылық, менің сенетінім – болашақ // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 23 маусым.
120. Заман және заң // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 9 маусым.
121. Тіл – ұлттың жаны // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 17 қараша.
122. Табиғат пен парасат //Әлеуметтік қорғау. – 1992. – № 3. – 15-17 бб.
123. Сары бала // Қазақ әдебиеті. – 1992, – 21 ақпан.
124. Батырлар мен ақындар // Жас Алаш. – 1993. – 18 мамыр.
125. Кривые зеркала статистики, или Казахстане свое телевидение // – 22 май.
126. Біртұтас Қазақстан. // Түркістан. – 1994. – 28 қаңтар.
127. Империяның улы жемісі // Егемен Қазақстан. – 1994. – 10 маусым.
128. Ауылдың тұла бойы тұнған сұрақ // Егемен Қазақстан. – 1994. – 3 қыркүйек.
129. Сайлаушының сауалдары // Халық кеңесі. – 1994. – 1 қазан.
130. Бөліп ал да, билей бер! // Егемен Қазақстан. – 1995. – 26 қаңтар.
131. Елдегі қаламгер // Егемен Қазақстан. – 1995. – 31 мамыр.
132. Телегей теңіз ақыл-ой // Егемен Қазақстан. – 1995. – 28 шілде.
133. Журналист жүрегінің жүгі ауыр // Халық кеңесі. – 1995. – 10 қараша.
134. Манас рухы... // Егемен Қазақстан. – 1995. – 10 қараша.
135. Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде // Егемен Қазақстан. – 1995. – 30 қараша.
136. Түбіріне үңіл // Егемен Қазақстаи. – 1996. – 19 қаңтар.
137. Қарағайдың қарсы бұтағындай // Егемен Қазақстан. – 1996. – 3 сәуір.
138 Қызыл жолбарыстың іздері // Егемен Қазақстан. – 1996. – 20 сәуір.
139. Тұрарға соқтықпасақ қайтер Ахмет аға, бұл қалай? // Түркістан. – 1996. -3 көкек.
140. Шындықтың шымылдығы түрілгендей // Егемен Қазақстан. – 1996. – 13 маусым.
141. Жеруйықты аңсаған Кәрім Мыңбаев // Егемен Қазақстан. – 1996. – 31 шілде.
142. Мұқағали ақын жалған сөздің жауы болған // Егемен Қазақстан. – 1996. – 29 тамыз.

143. Шындыққа жылтырақ жараспайды // Ақ жол. – 1996. – 12 қазан.

144. Еділ жұртта – ақ кесене // Егемен Қазақстан. – 1996. -17 қазан.

145. Тәуелсіздік ешқашан сатылмайды // Ана тілі. – 1996. – 17 қазан.

146. Қияметтен оралған қаламгер // Егемен Қазақстан. – 1996. – 10 қазан.

147. Қазыналы қарт // Егемен Қазақстан. – 1996. -21 желтоқсан.

148. Тараз жазушыларының тарланы // Егемен Қазақстан. – 1997. – 20 ақпан.

149. Волховта болдым, орманын көрдім // Егемен Қазақстан. -1997. – 13 ақпан.

150. Қазығұрттың інжу-маржандары // Егемен Қазақстан. – 1997. – 1 наурыз.

151. Сәбилердің жазығы не? // Егемен Қазақстан. -1997. – 7 наурыз.

152. Сүрінсе қолдан ала гөр // Егемен Қазақстан. -1997. – 7 наурыз.

153. Өлгенде айтыса алмайды // Егемен Қазақстан. -1997. – 1 сәуір.

154. Ата жау есімі асқақтамасын // Егемен Қазақстан. -1997. – 27 мамыр.

155. Қазақтардың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ // Егемен Қазақстан. -1997. – 28 мамыр.

156. Баспасөзге балғадай азу керек // Түркістан. – 1997. – 25 маусым – 1 шілде.

157. Аяғыңның астына қара // Егемен Қазақстан. – 1997. – 21 тамыз.

158. Ғылым мен әдебиеттің телқоңыры // Егемен Қазақстан. – 1997. – 29 тамыз.

159. Әліппе – дүние-әлемнің қақпасы // Егемен Қазақстан. – 1997. – 30 тамыз.

160. Үкіметтің есебі кім үшін? // Егемен Қазақстан. – 1997. – 9 қыркүйек.

161. Ұлтжанды екендігінді ісіңмен айғақта // Ақ жол. – 1997. – 20 қыркүйек.

162. Үкімет ісіне кімдер араласқаны дұрыс? // Егемен Қазақстан. – 1997. – 25 қазан.

163. Ұшқыннан өрт шықпасын// Егемен Қазақстан. – 1997. – 22 қараша.

164. Қазығұрт – киелі бесік // Егемен Қазақстан. – 1997. – 3 желтоқсан.

165. Рухани азық ортаймасын // Түркістан. – 1998. – 7-12 қаңтар.

166. Қазақ тарихының атасы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 13 наурыз.

167. Журналистің жүгі ауыр // Егемен Қазақстан. – 1998. – 17 наурыз.

168. Ауыл арпалысып-ақ жатыр // Егемен Қазақстан. – 1998. – 1 мамыр.

166. Дәуір дауысы немесе Ақмоладан – Астанаға дейін // Егемен Қазақстан. – 1998. – 10 маусым.

167. Қайсар Ғафу // Егемен Қазақстан. – 1998. – 11 тамыз.

168. Қазақ азаматы. Сен қазақ боп туғанына мақтан // Zaman-Қазақстан. – 1998. – 21 тамыз.

169. Аяғыңның астына қара // Егемен Қазақстан. – 1998. – 21 тамыз.

170. Ататүрік. Ұлттық рух // Егемен Қазақстан. – 1998. – 14 қазан.

171. Тұлпардың тұяғы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 21 қазан.

172. Қымыздан күшті дәрі жоқ // Егемен Қазақстан. – 1998. – 15 желтоқсан.

173. Балалар «Бабайкадан» қорқады // Егемен Қазақстан. – 1998. – 19 желтоқсан.

174. Тау басындағы тасжарған // Егемен Қазақстан. – 1998. – 23 желтоқсан.

175. Ақ жолмен еткен азамат // Егемен Қазақстан. – 1999. – 20 қаңтар.

176. Әкімдер де ант берсін // Егемен Қазақстан. – 1999. – 26 қаңтар.
177. Төрт күрек тіс // Егемен Қазақстан. – 1999. – 2 ақпан.
178. Намыс пен рухты іздеу // Егемен Қазақстан. – 1999. – 4 наурыз.
179. Айқайлап айтқан сөз // Егемен Қазақстан. – 1999. – 26 наурыз.
180. Тамыр мен бұтақ // Егемен Қазақстан. – 1999. – 3 сәуір.
181. Бесігін тепкен ел она ма? // Ана тілі. – 1999. – 7 қаңтар.
182. Киікотын қөксеу // Егемен Қазақстан. – 1999. – 1 мамыр.
183. Бауыржан, Рақымжан, Кәкімжан // Егемен Қазақстан. – 1999. – 11 мамыр.
184. Анасын сатқан бар ме екен?// Егемен Қазақстан. – 1999. – 27 шілде.
185. Бірікпесек бөрі жейді // Егемен Қазақстан. – 1999. – 1 қазан.
186. Сайлаудан соңғы ойлар // Егемен Қазақстан. – 1999. – 19 қараша.
187. Жаман ырым // Егемен Қазақстан. – 1999. – 20 қараша.
188. Азамат. Қаламгер. Қайраткер. Жазушы Ә.Кекілбаев – 60 жаста// Егемен Қазақстан. – 1999. – 3 желтоқсан.
189. Бюроқратияның айнасы // Егемен Қазақстан. – 2000. – 28 қаңтар.
190. Шыршаның жыры // Егемен Қазақстан. – 2000. – 22 наурыз.
191. Қазақтың жері мен тілін қөкпарға бере алмаймын // Егемен Қазақстан. – 2000. – 22 наурыз.
192. Ақын Ақсұңқаруды // Егемен Қазақстан. – 2000. – 31 наурыз.
193. Намыс қайрағы // Астана ақшамы. – 2000. – 24 сәуір.
194. Кездесуден қейінгі ойлар // Егемен Қазақстан. – 2000. – 28 сәуір.
195. Жылан басын көтере бастады, абайлаңдар! // Ана тілі.- 2000. – 28 маусым.
196. Ауылдағы күнкөріс //Егемен Қазақстан.- 2000. – 6 қыркүйек.
197. Рух пен намыстың төресі // Егемен Қазақстан. – 2000. – 3 қазан.
198. Ұлтынды танисың ба? //Егемен Қазақстан. – 2000. – 4 қараша.
199. Қиын сұрақ – құрақ жауап // Егемен Қазақстан. – 2000. – 15 желтоқсан.
200. Жалының барда жарқылда // Егемен Қазақстан. – 2001. – 22 наурыз.
201. Ғалияның қымызханасы қайда? // Егемен Қазақстан. – 2001. – 26 наурыз.
203. Асыл орман ойраны // Егемен Қазақстан. – 2001. – 6 қазан.
204. Қанағат. Камалға хат // Егемен Қазақстан. – 2002. – 31 мамыр.
205. Сайманы жоқ, майы жоқ... Ауыл қайтіп күн көрер? Камалға хат // Егемен Қазақстан. – 2002. – 27 тамыз.
206. «Текебұрқақ» шолақ шопан мен асқақ арлан. Кинохикая // Егемен Қазақстан. – 2003. – 6 желтоқсан.
207. Өнегетбас қаладан басталады // Егемен Қазақстан. – 2004. – 4 маусым.
208. Ойлан, Үкімет! Премьер-Министр Д.К. Ахметовке депутаттық сауал // Егемен Қазақстан. – 2004. – 1 қазан.
209. Бетпақдаланы Жаннатдалаға айналдыруды армандаған Кәрім Мыңбаев // Егемен Қазақстан. – 2006. – 6 қаңтар.

III Очерктер

1. Ауылдан келген қыз // Лениншіл жас. – 1957. – 17 сәуір
2. Ұстаздық еткен жалықпас //Лениншіл жас. – 1957. – 12 мамыр.
3. Тотия // Лениншіл жас. – 1958. – 1 сәуір.

4. «Алып» қазан // Лениншіл жас. – 1958. – 26 наурыз.
5. Ел – ер үшін, ер – ел үшін! // Лениншіл жас. – 1958. – 14 мамыр.
6. Тасты қақыратқан күш // Лениншіл жас. – 1958. – 31 мамыр.
7. Темір тілген ер // Лениншіл жас. – 1958. – 4 маусым.
8. Ағайынды үш азамат // Лениншіл жас. – 1958. – 5 маусым.
9. Нэлли – цыған қызы // Лениншіл жас. – 1958. -10 маусым.
10. Жаны жас адам // Лениншіл жас. – 1958. – 17 маусым.
11. Достықтың өркені өсе берсін! // Лениншіл жас. – 1958. – 23-24 тамыз.
12. «Ақ шыбынмен» арпалыста // Лениншіл жас. – 1958. – 30 қыркүйек.
13. Ұзақ түндегі қысқа ұйқы // Лениншіл жас. – 1958. – 8 қазан.
14. Уақыт шексіз, уақыт тар // Лениншіл жас. – 1958. – 19 қазан.
15. Миллиард толқынында // Лениншіл жас. – 1958.-22 қазан.
16. Болат және адам // Лениншіл жас. – 1959. – 24 қаңтар.
17. Тастай берік, гүлдей нәзік // Лениншіл жас. – 1959. – 8 наурыз.
18. Бұлттар көшіп барады // Лениншіл жас. – 1959, – 17 маусым.
19. Үш буын – болат буын // Лениншіл жас. – 1959. – 28 маусым.
20. Алып құрылыстың адамдары //Лениншіл жас. – 1959. – 7 шілде.
21. Көк алтын // Лениншіл жас. – 1959. – 6 тамыз.
22. Ақық дария алқабында // Лениншіл жас. – 1959. -23 тамыз.
23. Үш қаһарман // Лениншіл жас. – 1959. – 16 қыркүйек.
24. Аяздың өзі ұялды // Лениншіл жас. – 1960. – 1 қаңтар.
25. Ғалым жолы // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 7 ақпан.
26. Балықшының бақыты // Социалистік Қазақстан. – 1960. -7 сәуір.
27. Жеңіс қуанышы // Социалистік Қазақстан. – 1960. -13 сәуір.
28. Ертіс жағасындағы ерлік // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 29 шілде.
29. Қуаныштың қайнар бұлағы // Социалистік Қазақстан. – 1960. – 30 шілде.
30. Алыпты туғызған азаматтар // Социалистік Қазақстан. – 1960. -2-6 тамыз.
31. Шойын шоқтары // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 1 мамыр.
32. Жүректер жалыны // Социалистік Қазақстан. – 1961. -10 мамыр.
33. Көктем қоңырауы // Социалистік Қазақстан. – 1961. – 28 мамыр.
34. Теңіз және тамшы // Қазақ әдебиеті. – 1961. -1 қыркүйек.
35. Жұмсақ алтын // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 1 желтоқсан.
36. Дәрігердің үшінші қаруы // Лениншіл жас. – 1961. – 4-5 желтоқсан.
37. Коммунист // Мәдениет және тұрмыс. – 1961. № 10. – 20-21 бб.
38. Ақ толқын // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 30 қаңтар.
39. Өмір және диссертация // Лениншіл жас. – 1962. – 28 наурыз.
40. Күн сипатты жандар // Қазақ әдебиеті. – 1962. – 22 маусым.
41. Қаздар қайтқанда // Лениншіл жас. – 1962. – 11 қыркүйек.
42. Сары – өзен // Социалистік Қазақстан. – 1962. – 14 қыркүйек.
43. Тебіренген теңіз // Қазақ әдебиеті. – 1962. – 3 тамыз.
44. Торғай тыңы // Жұлдыз. – 1962. – № 8. -27-29 бб.
45. Адам мен аяз // Социалистік Қазақстан, – 1963. -1 қаңтар.
46. Текелі қырандары // Социалистік Қазақстан. – 1963. -11 сәуір.
47. Ар аманаты // Жұлдыз. – 1963. -№ 4. -36-39 бб.
48. Құлпырма бояулар // Лениншіл жас. – 1964. -22 қыркүйек.
49. Сфинкс сөйлейді // Лениншіл жас. – 1969. – 5 тамыз.

50. Қара шаңырақ // Лениншіл жас. – 1969. – 31 желтоқсан.
51. Қасиетті доңыз // Білім және еңбек. – 1970. -№ 6. -26-27 бб.
52. Болат және адам // Лениншіл жас. – 1972. – 7 қаңтар.
53. «Ақ мылтық» атылған соң... // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 3 наурыз.
54. Қаһарман қамал // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 12 мамыр.
55. Шұғыла тас // Социалистік Қазақстан. – 1973. -18 шілде.
56. Естен кетпес Эстония сапары // Қазақ әдебиеті. – 1982. тамыз.
57. Саха сапарынан соң // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 15 шілде.
58. Жұлдызы биік Жуалы // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 5 тамыз.
59. Баласағын жұмбағы // Қазақ әдебиеті. – 1985. -28 маусым.
60. Париждегі қазақтар // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 1 қаңтар.
61. Әуедегі «Жібек жолы» // Қазақ әдебиеті. -1989. -21 шілде.
62. Аңысын андаған Америка // Социалистік Қазақстан. -1990. - 2-3-6-7 қараша.
63. Ақсарыбас // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 2 қазан.
64. «Алаш» ауылы // Егеменді Қазақстан. -1991. – 3 қазан.
65. Көрген-білген // Егеменді Қазақстан. – 1991. – 4 қазан.
66. Ұлы Үндістан, Зиндабад, Пәкстан! // Егемен Қазақстан. – 1992. – 28-29 ақпан.
67. Феруза Иран // Егемен Қазақстан. – 1992. -13-14 мамыр.
68. Салауат саздары // Егемен Қазақстан. – 1994. – 25 қазан.
69. Азия жазушылары Америкада // Егемен Қазақстан. – 1997. 6 мамыр.
70. Ұлытау // Егемен Қазақстан. – 1999. – 1 қаңтар.

IV Шерхан Мұртаза туралы жазылған сын мақалалар, зерттеулер

1. Әдебиет, өнер және архитектура саласындағы 1978 жылғы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы ОК мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы. Әдебиет саласында Ш. Мұртазаев және т.б.// Социалистік Қазақстан. – 1978. – 16 желтоқсан.

2. Құрмет грамотасымен жазушы Шерхан Мұртазаның қазақ әдебиетін дамытуда сіңірген еңбегі үшін және елу жасқа толуына байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградтау туралы (ҚазТАГ хабары) // Социалистік Қазақстан. – 1982. – 29 қыркүйек.

3. Құрметті атақтар берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Ш. Мұртазаев жолдасқа баспасөз саласында сіңірген еңбегі және қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері құрметті атағы берілді. // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 30 наурыз.

4. Мұртаза Ш. – Кітапта: -Қазақстанда 1992 жылы аталып өтетін және еске алынатын күндерге ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші. – А.: – 1991. -65-68 бб. // Қазақстан Ұлттық кітапханасы.

5. Мұртазаев Ш. – 50 жаста // Әдебиеттердің көрсеткіші. Жамбыл облыстық кітапхана.

6. Советтік Қазақстан Жазушылары: Библиогр. Анықтамалық. Алматы: – 1987. – 428-429 бб.

7. Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. Т-4.- А.: – 1989. – 444 – 445 бб.

8. Абай энциклоиедиясы. – Алматы: Атамұра, 1999. 157 б.

9. Жұмабеков С. Жұлдызы нұрлы суреткер. Монографиялық очерк. -Алматы: Өлке. -1993. -128 бб.

10. Жұмабеков С. Сын пернесі: Мақала, сұхбат, эсселер. -Алматы: Жазушы. -1989. -248 б.

11. Жұмабеков С. Суреткер. Сыр мен сымбат: Жазушы Ш. Мұртазаның творчествосы туралы // Қазақ әдебиеті. – 1989. -29 желтоқсан. – 6-7 бб.

12. Дүйсенбек Ә. Менің Шерағам. – Алматы: Жалын, – 2003.

13. Әшімбаев С. Қарапайым жандар хикаясы // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 10 қараша.

14. Бердібаев Р. Биік парыз. -Алматы: Жазушы, – 1980. – 27 б.

15. Нағметов А. Заман сыры және жастар өмірі // Лениншіл жас. – 1972. – 5 қазан.

16. Шәмшиев З. Өмір туралы ойлы сыр // Коммунистік туы. – 1972. -15 қараша.

17. Ыдырысов Т. Шағын жанр өрісі //Қазақ әдебиеті. – 1975. – 12 қыркүйек.

18. Сейдімбеков А. Жазушы мектебі // Орталық Қазақстан. – 1975. -12 шілде.

19. Досжанов Д. Заман және замандас бейнесі // Қазақ әдебиеті. – 1975. – 4 шілде.

20. Құлбеков Б. Интернат наны // Оңтүстік Қазақстан. -1975. – 1 ақпан.

21. Елубаев О. Мезгіл әуендері // Коммунизм туы. – 1975. – 5 ақпан.

22. Сұлтанов И. Заман пернелерінен // Коммунизм жолы. -1975. -25 қаңтар.

23. Ыбырайымов Б. Жаңа белес //Жетісу. – 1976. – 9 желтоқсан.

24. Сарбалаев Б. Жүректе табылған бір қазына // Жалын. -1976. – № 6. -117-122 бб.

25. Тоқбергенов Т. Тамырдың терең бүлкілі // Лениншіл жас. – 1977. – 7 қаңтар.

26. Әзбергенов Ә. Азамат ажары // Мәдениет және тұрмыс. – 1977. -№ 10. -16 б.

27. Сүйінов Ы. Тағдыр аптабы // Коммунистік жолы. – 1978. – 20 шілде.

28. Рүстембеков Н., Қилыбаев Б. «Қара маржан» – Қаратау шежіресі // Еңбек туы. – 1978. – 5 тамыз.

29. Әзімбаев Е. Биік мақсаттан туған роман // Семей таңы. – 1978. – 29 қыркүйек.

30. Майтанаев Б. Қилы заман қаһарманы //Лениншіл жас. -1979. – 17 мамыр.

31. Керейқұлов Қ. Жұлдыз көпір // Лениншіл жас. – 1983. – 16 шілде.

32. Бекбосынұлы А. Қаламгермен кездесу. – Алматы: Мерей. – 1994.

33. Аупбаев Ж. Тұғыры биік тұлғалар // Ғұмыр-дария. – Алматы: Санат, – 1997. -184-204 бб.

34. Құрмет пен қамқорлық көрсетілді: Ш. Мұртаза Т. Рысқұлов атындағы колхоздың құрметті мүшесі болып қабылданды. Меркі ауданы. // Коммунизм туы. – 1990. – 5 маусым.

35. Әлімжанов Е. Күрескер // Депутаттыққа кандидат Ш. Мұртаза туралы. // Коммунизм туы. – 1990. – 9 маусым.

36. Әбішев Ә. Құдай не дейді? // Жұлдыз. -1995. -№ 2.

37. Қосбармақов Б. Әлімбек О. Шерханға екеудің хаты //Дат. – 1998. -19 қазан.

38. Жұмаұлы Е. Патриот қазақ // Алтын Орда. – 2000. – 12 мамыр.

39. Муфтах Н. Кесек тұлғаның ісі де кесек болса... // XXI век. – 2000. - 7 қаңтар.

40. Муфтах Н. Туралықты сүйетін тұлға ма десем // XXI век. -2000. - 13 сәуір.

41. Муфтах Н. Шын сөйлеңіз, Шераға // XXI век. -2000. – 12 маусым.

42. Мендеке Ә. Бұрынғы әңгімелер мықты ма, әлде бүгінгі әңгімелер ме? // Қазақ әдебиеті. – 2000. -18 ақпан.

V Шерхан Мұртаза редактор болған кітаптар

1. Сторожаев А.И. Сатира до октябрского периода в творчестве В.В.Мояковского. – М., Волгоград, 1969. -С.191.

2. Суюншалиев Х. Становление и развитие Казахской литературы. -Алма-Ата: Казахстан, 1967. – С. 127.

3. Сыздыков К.М. Мухтар Ауэзов – литературный критик. -Алма-Ата: Наука, 1972. -С.240.

4. Чехов А.П. Таңдамалы: Екі томдық әңгімелер. Редактор: Ш. Мұртаза. Құрастырған: Х. Сыздықов.

5. Гоголь Н.В. Таңдамалы: 2-том. -Алматы: Жазушы, 1981. – 233 б.

6. Белая аруана. Казахские повести. Казань: Татарстан, 1979. Авторы: Шерхан Муртаза, Абиш Кекилбаев.

7. Красное яблоки: Рассказы молодых Казахстанских писателей. Пер. с каз. М. Олейник и др. Сост. К. Найманбаев, предис: Ш. Муртаза. Киев: Молодь, 1978. -Алма-Ата: Жалын, – 193 б.

8. Үш пайғамбар: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Ред: Ш. Мұртаза. Құр: А. Нысаналы. -Алматы: Дәуір. -1992.

2-қосымша

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНА ЖАЗЫЛҒАН РЕЦЕНЗИЯЛАР

ЖҮРЕКТЕН ТАБЫЛҒАН БІР ҚАЗЫНА

Бақыт САРБАЛАЕВ

Шерхан Мұртазаев, «Қара маржан». Роман.
«Жазушы» баспасы, 1976 жыл.

Айналайын табиғат – қашаннан тұнған қазына ғой. Кенеулі кендер қоймасы, алуан асыл байлықтар жиынтығы, жасыл тіршілік әлемі, ұшқан құс, жүгірген аң дүниесі ол. Осылардың қай-қайсысының да өмірде өз орны бар. Бірақ бәрін де іздеп тауып, ашқанбыз; немесе бәрін де іздейміз, табамыз, ашамыз. Жеті қат жер астындағы қыруар кендерді іздеу, тауып ашу бүгінгі күні де қиын болып отыр. Ғылым қаншама жетіліп, алға басып, жер қыртысын ақтарушыларды тамаша техникамен жарақтандырса да – өндіріске жарамды, Отан мұқтажын өтер асыл кен көздерін табу үшін жылдар керек; ақыл-ой толқыны, жүрек жылуы, маңдай тер, толағай техникалар қимылы, толассыз творчестволық еңбек керек. Күн келбетті республикамыз төсіндегі кешегі Қарағанды, қазіргі Қаратау, Маңғыстау кеніштері осылай ашылған. Ал ашылғаннан кейінгі кен өндіру карьерлер қазу, комбинаттар салу, жентек-жентек тас жыныстардан мөлдіреген маржандар алу – өз алдына басқа. Алайда алдағы уақыттың осы ауыр еңбекті де жеңілдетіп, қасқағымдық процеске айналдыруы мүмкін.

Біз бұл жайларды арнайылап айтып отырсақ, оның мәнісі бар. Себебі, осы табиғат байлығына қол жеткізу сияқты тағы бір нәрсе өзгеше рухани дүние байлығына қол жеткізу, оның асыл кен қазыналарын іздеп табу, ашу бар. Салыстыру себебіміз – бұлар табылу, танылу табиғаты ұқсас, жұмыс жүйесі бірдейлес процестер. Алайда кейінгі құбылыстың ерекшелігі сол – адамның жүрегі. Ал адамның жүрегі – былайша қарағанда жұдырықтай болып көрінсе де, жұмыр жердей жазира, далалы-қалалы, отты, сулы, таулы-тасты тылсымы таусылмас әлем. Ұлы Абай сондықтан да «Жүректе көп қазына бар – бәрі қызық» десе керек. Екіншіден, ондағы іздеп табу, ашуда ғылым дамып, техникалық прогресс қарыштап, қоғам қаншалықты жетілсе де жеңілдік жоқ; оңайлану деген мүлдем болмайды. Қайта жұмыс процесі қиындай бермек. Өйткені ендігі шығар шың – аяқ басқан асудан да шырқау болып, ендігі сүңгір тереңдік – барланған тереңнен де тұңғиық, солай болмаса іздеп табылған, ашылған нәрсе өсу, ілгері басу, жаңалық – жаңа кен ашу болып табылмайды. Жаңа жалын, жаңалық жоқ жерде творчестволық табыс та жоқ. Ендеше қазіргі заманда қолға қалам алудың өзі – үлкен тәуекел іспетті. Содан соң тәуекелге бел будың екен, тас жұтып ерлік жасауың керек, жұмыр жердей жазира жүректен аз, шағын болса да бір қазына табу керек. Тек төл қазынаңды, өз кеніңді.

Бір қызығы – зердемізге осы ойлардың бәрі жазушы Шерхан Мұртазаевтың «Қара маржан» романын оқып шыққаннан кейін оралды.

Ең қуаныштысы – «Қара маржанның» талантты жазылғанын аңғардық. Қаламгердің көп тер төгіп, шығармасының күллі сюжеттік арқауына, әрбір

эпизод, деталіне, әрбір сөз-сөйлеміне дейін зер салып, қадала жазғанын байқадық...

Шерхан Мұртазаевтың жаңа шығармасында қай жағынан алса да құнды қасиеттер, соны сипаттар мол. Оның бүтіндей бүгінгі күн тынысын қарымды тілге тиек етуі де, әдебиетіміздегі маңызды, өзекті тақырып – жұмысшы өмірін әрлі әңгімелесуі де, озық та, халық замандастарымыздың бірсыпыра өкілдерінің тұлғасын толыққанды мүсіндеуі де, соны берудегі көсегелі көркемдік ізденістері де жеке-жеке арнайы сөз етерліктей десек асыра айтпаймыз.

Алдымен жазушы бүгінгі күн, оның ішінде жұмысшылар, қазіргі кеншілер өмірін жазу оңай еместігін жақсы пайымдыған. Пайымдаған да әдебиетіміздің осы тақырыптағы озық үлгілеріне, сәтсіз көп қадамдарға жіті назар салған, соңғы кездердегі тәуір талпыныстарға көңіл жүгірткен., Осы саладағы шығармадағы жетістіктер неде, қайтсе оларды ұштап, ілгері апаруға болар еді, кемшіліктер неде, қайтсе оларды қайталамауға болар еді, соларды зейіндеп саралаған. Содан кейін өзі жазатын кеншілер өмірімен терең танысып, табыстарын біліп, кемшіліктерін көріп, санада сараптаған. Ең бастысы – өндіріс, кен жұмысы көрсеткіштері емес, кеншілердің рухани өмірі, арман-мұраты, коммунистік сенімі, қоғамдық еңбектегі сүйіністері мен күйіністері жақсы көруі мен жек көруі елге, жерге, жарға деген махаббаты екенін бақыты мен қайғысы екенін жете түсінген. Ең бастысы – сол өзі жазар материал-өмірді жүрегінен сүзіп өткізіп, атап айтқанда бастан кешіп, Нариман, Мәрзиялармен бірге қуанып, бірге күліп, бірге сүрініп, бірге күресіп, бірге өмір сүріп барып қағаз бетіне түсірген. Мұның шындығы романды жай парақтап отырғанда-ақ толық байқалады.

* * *

Роман Мәрзияның «геолог» болып, тау кезіп, Әділге жолығып, үйге балалы болып оралуынан басталған. Өмір көрген, тіс қаққан ақылды Әділдің сұлулығы, гитара шектерін дірілдетуі, байсалдылығы әлі ештеңе көрмеген, жүрегі алып-ұшқан жас қыздың назарын өзіне бірден аударып еді. Оның үстіне екеуі оңаша қалып, Мәрзияны қарақұрт шағып алғанда Әділ үлкен жанашырлық, адамгершілік көрсетті. Ажалдан аман алып қалды. Әрі Мәрзия оны жек көрген жоқтын. Алғашқы балаң мөлдір сезім бүр жарса, Мәрзияны «Ақылды болмадың, өзіңді-өзің ұстамадың, Әділдің терең ішкі сырына неге көз жүгіртпедің?» – деп қалай кінәларсың? Сүю бастауы санадан емес, жүректен. Сонда да қыз бұйдалы тайлақтай басбілгілік танытпаған. Шөлмек мың күнде емес, бір күнде сынады. Мәрзия бір айдан кейінгі қас-қағым бір-ақ сәтте Әділдің әйелі болып шыға келді.

Әділ шынында да жаман жігіт емес-тін. Бірақ ол бәрінен бұрын арақты сүйетін. Сол арақ ақыры оны аздырып, құртып тынды. Азған адамның ажырасуы да жайбарақат. Нәртас геологиялық барлау партиясынан жұмыстан шығып, Бетпақтың бір түкпіріне басқа партиямен кетіп қалды. Әйеліне елжіремеген онда баласына да жылы сезім болған жоқ. Оның Мәрзия Ермекке босанғанда: «Апырай-ай, Мәрзияшка, әйтеуір өзің амансың ба? Қиналып қалдың ба?» деп жаңашырлық білдіруі ішіп алған сәттегі еріген

көңіл-күйінің бір көрінісі ғана болатын. Жалпылдақ қара қоға жаққандай жарқ етіп жанып, жалп етіп өше қойған махаббат болды бұл. Өшкен оттың тым болмаса күлінде де жылу жоқ. Мәрзия қайта тұтатар бір жасудай шоқ та қалмаған-ды.

Мәрзия болса сұлу да ақылды, адал, ақ жүректі жай ғана қыз емес, арудың өзі еді. Ол басқа түссе басылып қалатын жасығыңа жатпайды. Еңбек иесі. Жақсылық үшін, бақыты үшін күресе білетін намысты жан. Мұндай адам бақытты болуға тиіс те.

Романдағы ең басты кейіпкер, орталық тұлға – Нариман. Кен инженері. Рудныйда жұмыс істейтін еді. Енді туған жерінде еңбек етуге келді.

Автобус үстінде Мәрзияға кездесті. Алайда танысқан адам екеу болғанымен, көңіл ұйтқуы төртеу еді. Мәрзия Нариманды Әділмен салыстырады. Мәрзия кескіні көктемдегі құралай салқынынан кейінгі күншуақтай жылы екен. Содан да Нариман осыдан осы жол таусылмаса екен деп тілейді. Біресе қызға, біресе тауға қарайды.

Тауға қараса неге екенін өзі де біле бермес, осы асқақтығы жоқ момын тау геологиялық, географиялық ұғымдардан өзгеше көрінеді. Жанды нәрсе сияқты. Кәдімгі туған шешесі, ақ сүтін берген анасы сияқты. Немесе дала төсінде жасыл жіпке – аракідік жалт еткен жасыл ормандарға тізілген қара маржан сияқты.

Кейде сәл нәрсенің үлкен дүниеге бастау болар бар. Алмас Заңғаровтың бір ауыз ағалық сөзі дерлік себеп Нариманды тау-кен инженері етсе, міне енді Мәрзияға жолығуы жан дүниесін шайқап өткен құйындай. Әшейінде бұдан елеулі талай оқиғалар тасқа бастырылып, ұмытылып, елеусіз қалған жоқ па?

Тағдыр деген кейде қаншама қашсаң да құтқармайды. Рудныйдан «қашып» келмегенде ол Жарастарға тағы тап болармын деп пе? Алдынан Жарас Хамзин шықты. Қарасай кен-химия комбинатының бас инженері, келген жерінің мығым азулысы болып шықты. Таңшолпаны тағы күтіпті мұны. Жат болып күтіпті. Жарас болса тағы кедергі жасауға көшті. Нартас кенішінің бас инженері болуына қарсы шықты. Неліктен? Бұған жасаған жамандығы алдымнан шығар деп ойлайтын болар? Өзінен мықты жан асып кетеді, жаншып кетеді-ау деп ойлайтын болар? Сосын да қорыққан бұрын жұдырықтайдыға салатын шығар. Бірақ оның ор қазуы күтпегендей екен. Алайда бәрібір әділдік, шындық жеңеді ғой. Директор Оника да ойсыз адам емес екен. Нариман Нартас кенішіне бас инженер болып тағайындалды.

Содан кейінгі өмірі арналы да асау ағысты. Тұңғиығына тартып, құрдымына батырып та жібере жаздады...

Нариман ойлап тапқан жаппай жарылыс – үлкен жаңалық. Бұл жерде ол романға ғылыми кітаптардан енгізілген кездейсоқ кірмедей, түсіндіріліп отырған жаңалықтай сезілмейді. Ол Нариманның ғана емес, бүкіл кеншілер қауымы ашқан жаңалықтай, жасаған ерліктей болып көрінеді. Ол жағдайдан шығудың тікелей жолы болып та көрінеді.

Жаппай жарылыс – роман сюжеті дамуының шарықтау шегі. Жақсылық пен жамандық арпалысының, дарын мен қарын күресінің ширығып, шекке жеткен кезі. Тағы бір тамашасы ол романдағы желілердің бәрін де қамтиды,

бәрін де ширықтырып, қатты тартады. Кім-кімді де арымен, ақиқатпен бетпе-бет келтіреді.

Жаппай жарылыстың мұндай күшке ие болу себебі – ол апатты болып шықты. Үш жүз тонна аммонит пен тротил қуаты карьердің астын үстіне шығарды. Темір жолды басып қалды. Экскаваторларды көміп тастады. Подстанцияны қиратты. Есеп бойынша бұлай болуы мүмкін емес еді. Бірақ көз алдында солай болып жатса – қалай сенбессің? Нариман Данаев қалалық партия комитеті бюросында қызметінен босатылып, партиядан шығарылды, ісі сотқа берілді. Оны тек әріптесі инженер Евгений Антонов пен комбинат директоры Оника ғана жақтады. Бұл – Жарас, Аманқұлдардың жеңіп дәуірлеген тұсы. Асыранды арқарды қолы қалтырамай атқан Жарастар бұл жолы Нариманды қарауылға байлаған еді.

Алайда Нариманға атылған оқ оны уақытша сүріндірсе де құлата алмады. Себебі шындық Нариман жағында еді. Қоймашы Әділ аммонит орнына аммонол жөнелткен-ді. Ал бұл қылмыс Жарас, Аманқұлдың тікелей нұсқауымен жүзеге асырылған болатын. Ендеше амониттен қуаты үш есе күшті үш жүз тонна аммонол қалайша апат жасамасын? Бұл шындықты тоққа түсіп өліп кетсе де, Әділ аңғартып кетіп еді. Жоғарыдан келген комиссия тағы анықтады. Тағы бір игісі – осы жаппай жарылыс апатты болса да кеткен шығынды, шеккен зардапты екі есе өтейді екен. Осының бәрі облыстық партия комитетінің бюросында анықталды да. Қылмыскерлер Ж. Хамзин, А.Ақыраповтар орнынан алынып, партиядан шығарылып, істері сотқа тапсырылды. Ал Нариман болса партияда қалдырылып қана қоймай, Қарасай кен-химия комбинатының бас инженерлігіне жоғарылатылды.

Нариман үлкен бір сыннан сүрінбей өтті. Шаршаса да, шалдықса да бүгілмепті. Қайта шыңдалып, шырқай түскендей. Азаматтық өмір өміріне асықпай, аптықпай, сеніммен, күреспей көтеріліп келеді екен. Ол үшін нағыз өмір жолы, адамдық асқарлары енді басталғандай. Өкпеден қысқан қапырықтан шығып, алдынан самалды таза ауа лап қоя бергендей...

* * *

Шерхан Мұртазаев бұл романында келелі шеберлік биігіне көтеріліп, жан-жақты толысу танытқан. Бұл – қуанып айтар үлкен игілік болса керек. Нариман Данаев, Мәрзия Ақанқызы, Жарас Хамзин секілді негізгі кейіпкерлерге қоса Аманқұл, Оника, Әділ, Ақан бейнелері де көп ретте өз дәрежесінде қанық мүсінделген. Тіпті оларды айтпағанда сирек көрінген Тоқ, Саша, Таубай Бурабаевтардың да кім екені аңғарылып-ақ қалады. Мұның өзі романның басты табысы деп білеміз.

Романдағы ендігі бір табыс – тартымдылық, көркемдік кестелер көптігі дер едік.

Шынында да шығарма өте қызықты оқылады. Ондағы тартыс шебер өрбиді. Кейде үнді киносын көзге елестетері бар. Мәселен, Нариманның бұрынғы сүйген қызы Таңшолпанды Жарастың алып кетуі, оның Қарасайда қайта жолығуы, тіпті көшедегі құтқарған баласы Жарастың ұлы болып шығуы, барған ақсақалының үйі Мәрзияның әкесінің үйі болып шығуы. Хамзиннің атып алған арқарының Мәрзияның асыранды арқары болып

шығуы. Бірақ осының бәрі де нанымды, нәзік ұштастырылып, қисынды дамытылады. Сондықтан сенесің, сүйіне де күйіне оқисың. Жаның ашиды, кітаптың ішіне кіріп кетіп, Жарастарды әшкерелегің келеді, Наримандарға көмектескің келеді.

Көркемдік кестелер дегенде бір адам – Нариман ойының қосжарпақтанып диалог болып берілуі (26-27 беттер), сол арқылы Жарасқа шынын «айтқызу» іспетті соны да сипатты ізденістерді, қырлы қолданыстарды алдымен айтар едік. Нариман мен Мәрзия автобус үстінде алғаш кездескенде де осындай тәсіл қолданылады. Екеуінің ойы бір мезгілде екі жақта болып, әрі бірін-бірі ойлайды. Бұл параллелизм қос кейіпкер келбетін мезетінде салғастырып ашумен қатар өзгелерді де мінездей кетеді, әрі әсерлілік туғызады. Немесе Мәрзияның геологтар лагеріне келген сәтін алыңыз. Оның келуі осындағы төрт адамда төрт түрлі ой туғызып, төрт түрлі әсер, қарсы алу, пиғыл аңдыздатады. Өзі бесінші түрлі әсер алып, бесінші түрлі ой ойлайды. Енді сол бес түрлі нәрсе қатар берілгенде шығарманың көркемдік күші аспандап кете барады. Өйткені ойда, бойда, адамның жақсылығы мен жамандығы да, жұмыс қамы мен тұрмыс тарлығы да салыстырғанда көзге ұра білінеді ғой. Мысалға Тимофей Петрович аршамен тісін шұқылап отырып, алдағы жұмыс қамына қоса... «Айтпақшы бұл қызға арнаулы киім беру керек, тас басып, тау кезетін адамға лайық емес үстіндегісі. Маса да талап қояр. Мына екі аш қасқырдың ортасына бір бағлан қозыны бекер әкеп қостым ба? Шалды қойшы, ол – намаз оқитын адам. Өзім барамын ғой, баскөз болармын», – деп ойланады. Аманқұл көзін жұмып шылып шегіп отырып, Тимофей Петровичтің ардақты аз әкелгенін, қайтсе бастық болып кетерін ойланды. Оған қоса қасындағы Әділді күндеп, Мәрзия туралы: «Мына қызға өзеуреп отыр ғой. Оны әлі көрерміз. Аманқұлдан анау-мынау әйел баласы оңай құтылып көрген емес. Періште болса, осындай жерге өз аяғымен келе ме?.. Анда-санда алыс қаладағы бәйбішеге салпақтап барып жүргенше аяқылау жақыннан табылып, жақсы болған шығар», – деп ойлайды. Ал Таласбай қарттың тасбиғы қолында. «Бұл Ақан орыс мінезділеу еді, әлі солай екен ғой. Әйтпесе қызын айдалаға, кілең еркектің ішіне жібере ме?» – деп ойлаумен бірге ауылдағы қыңқыл-сыңқылы көп кемпірін, құлынды биесін ойлайды. Әділ болса гитараны тартып отырып «Қош келдің қарындас. Байқаймын, сені романтика айдап келді ғой. Сен тегін емес шығарсың. Әлі-ақ жалығып жүрмесең. Мұнда кино, жоқ, театр жоқ... Бұл өмірдің өз қызығы көп...» деп ойлаумен бірге оған мына ұзынтұра ағасы Аманқұлдан қорқу керектігін айтады», Ендеше Мәрзия қалайша екі ұдай да шәргез ойларға кетпесін, осында қалуға қоса үйге қайтуды да ойламасын? (47-50 беттер). Міне, байқап қараңыз, қандай кереғар жандар, түрлері қандай бөлек-бөлек болса, сұрлары да сондай бөлек. Бірі – шал болса, бір – «мал». Бірі – адал болса, бірі – адам. Егер автор осыларды салыстырып, ой құпиясын ашпаса, мұның бәрін аңғарар ма едіңіз. Сол сияқты жазушы адам характерін ашуда да сәтті детальдар қолдануға, мәнді меңзеулер жасауға ұста. Кейіпкерлерінің мықты әрі осал жерлерінен ұстай біледі. Мысалға, Аманқұлдың Нариман басына іс түскенде өтірік күйіп-пісіп, іштей сүйінуі, бұған дейінгі сіз деп сызылуын доғарып сенге көшуі, Жарастың қалалық партия комитеті бюросында жолдас

Данаев емес азамат Данаевқа көшуі – олардың ең бір қыртысты да қауіпті қасиеттерін ашып, опасыздықтарын құлан құдыққа құласа құлағында ойнар құрбақа екендіктерін ашып тұрған сәттер. Сондай-ақ, қорылдайтын жан Әділ болып шығуы да оның кейін «құритын» жан екенін хабар беріп тұрған деталь. Ал осыған байланысты асыранды арқар эпизодтары зор роль атқарып тұр десек асыра айтпас едік. Мәселен оның Мәрзия бейнесін ашуда, Нариман адалдығын, Жарастың жаны ашымастығын, қарабайырлығын ашуда ролі ерекше. Қысқасы, арқарға байланысты беттер – романдағы ең бір шырайлы, аяулы беттер. Ол беттер тек арқар жайлы айтып қоймайды, өмір жайлы, адамдар жайлы ойға қалдырады.

Осы орайға біз романның тағы бір табысы табиғатты аялауға бағдарлауы дер едік. Сөзімізді жоғарыдағы арқардан бастайық. «Осының өзі өң бе, түс пе деп тұрғанда Нариманды бұрынғыдан бетер таң қалдырып, қораның ар жағынан аспай-саспай бір арқар шыға келді. Шаңырақтай мүйізі айналып, перғауындардың тәжіндей салтанатты сән беріп тұр. Арқар, сірә бір жасқа толар-толмас. Бірақ соның өзінде қазақы құнан қойдан да ірі. Енесі қоладан құйғандай шымыр. Бөрте жүні тып-тығыз...». Осы суреттерде экзотикалық өңнен көрі шындық, табиғатты аялайық деген сүйіспеншілік басым жатыр. Енді осы арқарды сейілге шыққанда Жарас атып алды. Қасында Нариман, Аманқұлдар да бар-тын. Бірақ оның сол арқар екенін Нариман кейін білді. Сол сейілде бұлар Қандыасу басында бұғып жатты арқар күтіп. Жарас «Қайта қарап еді, тайыншадай бір арқар бұған таңдана саспай қарап қалт тұр екен... Сірә, адамнан әлі көңілі қалмаған болар. Қайтадан Жарасқа қарай жүрді. Жарас арқардың мінезіне секем алып «құтырған аң емес пе екен» деп қойды. Бірақ ойланып-толғанып тұратын кез емес, мылтықты қайта кезеніп тартып кеп жібергенде арқар алдыңғы екі аяғын көтеріп, аспанға бір-ақ қарғып шығуға талпынғандай қалыпта бір сәт тұрып қалды да, жерге гүрс құлады. Бейшараға адам қант орнына оқ силады. Ең сұмдығы сол, бұл арқардың тәтті құмар екенін Жарас білген жоқ. Ал Жарастың оқ сыйлағанынан арқар секем алған жоқ. Арқардың сөніп бара жатқан жанарына соңғы рет көк орай шалғын дөңгелеп келді. Қант дәмдес уыз емген енесі елестеді. Арқар қанттың және сенімнің құрбаны болды. Асыранды болып өскен аң адамдардың арқарды атуға болмайды деген әділетті заңы барын біліп, сол заңға сүйеніп, мына айдаладағы бөгде жанға да сеніп қалған сияқты еді. Адамдардың арасында да заң бұзғыштарын барын білсе, екі аяқтыларға жақындамай аулақ жүрер ме еді?..» (177-бет). Біздіңше бұл жолдарға түсінік берудің қажеті аз. Ол табиғат пен адам арасындағы түсінушілікті, жарасымдылықты әспеттеп тұр. Жарастарды лағнаттап тұр.

Романда табиғатқа – оның сұлулығын, жарасымын, байлығын сақтауға байланысты ой салар детальдар, эпизодтар жетерлік. Аса өзені, Көлмекөл көлі, тауларға байланысты бейнелеулер осы сөзімізге тиек. Енді бірде Нариманның: «Осы біз жабайы аңдарды ұстап, зоопаркте ұстамаймыз. Тек қызықтау үшін, ермек үшін. Адамдардың бір сәттік ермегі үшін. Соған бола бейкүнә хайуанды еркінен айырып, даласынан кең дүниесінен, тауынан, туған бесігінен айырып, темір торда ұстаймыз... Зоопарк деген ертеректерде корольдердің, шахтардың, хандар мен бектердің ермегі үшін шыққан нәрсе.

Халыққа қажеттіліктен туған ермек емес. Қолынан келсе зоопарктерді тартып, аңдарды босатып жіберер едім. Арқарды темір тордың ішінен емес, міне, мына сияқты шыңның басынан көру мың есе қызық. Қандай ғажайып сұлу», – деген пікіріне де ден қоямыз. Расында да таудан арқарлардың, орманнан зубрлардың, ну қамыстан жолбарыстардың өзін көргенге не жетсін!

Романда ірілі-ұсақты біраз мін, жетімсіздіктер де ұшырасатынын жасырмайық. Мәселен оның бір парасы – басты тұлға Нариман басынан көрінеді. Кейбір реттегі оның жөнсіз жасықтығы, күрескерлігінің өз болмысына лайық емес кемшілігі байқалады. Айталық, Жарас оған талай тізе батырды. Сүйген қызы Таңшолпанды «тартып алды. Сөйтіп, бұрынғы семясын бұзып, әйелін екі баласымен жесір қалдырды. Енді бұған тағы ор қазып жүр. Сонда осыған Нариманның қабырғасы қайыспауы, бірде болмаса бірде оны тұмсықтан «соқпауы» қалай? Неге оның алдында көбінесе назары пәс, мысы төмен. «Сәлеметсіз бе?» – деп елпектеуі, алдымен мәмілеге ұмтылатыны қалай? Рас, ақжүрек шығар. Жұмсақ мінезді, дықсыз, кексіз болар? Таспен ұрғанды аспен ұр дейтін шығар? Дегенмен Жарастың әйелі мен екі баласын тастап кетуін, Таңшолпанды адуын дегендей (160-беттер) рай танытуы қалай? Арқарды атуға рұқсат жоқ екенін біле тұра, арқарға жаны аши тұра неге олардың атып алуына жол береді? Ақырапов өз әкесі басына ұрлықы ақ кірпіштен (мектепке жетпей жатқанда) сәулетті күмбез орнатыпты. Нариманның бұған да немқұрайды қарауы қалай? Сосын жаппай жарылыстан кейін басына іс түсіп жатқанда ақталмауы, дұрыс есебінің бұрыс шығуына күмәнденіп, тексертпеуі. «Жан ұшырмауы» қалай? Егер шындықты біреулер анықтамаса, сотталып кете бермек пе? Есеп қағазын неге жыртады? Әлі де керек екенін білмей ме? Міне, біз осындай кейбір жағдайларға қарап, Нариман бейнесінде біраз олқылықтар бар деп білеміз. Себебі, адал, адамгершілігі мол, талантты басшы жігіт бар істе де тазалық тұғырынан табылып, жамандыққа қарсы шығып отырса, оларды көбіне жеңіп отырса керек. Ендеше Хамзин, Ақыраповтарды әрқашан оның мысы да, сұсы да басып отырса керек. Басқа кейіпкерлерін мұндай елеулі иінге ұшыратпаған, олардың бәрін дерлік тұлғалы, толыққанды сомдай білген талантты қаламгер алдағы уақытта мұны ескерсе нұр үстіне нұр.

Романдағы басқа кемшіліктер – ұсақ-түйек міндер. Мысалға жаппай жарылыс идеясының тууы мерзімінде сәл дәлсіздік бар. Атап айтқанда, ақ дауыл тұрып, Нәртас кенішіне зор зардап келтірген-ді. Карьерді қар басып қалып, оны аршуға көп уақыт кететін болғаны-ды. Мемлекеттік жоспарды орындауға үлкен нұқсан келетін болған-ды (бұл жай 136-бетте баяндалады). Жаппай жарылыс жасау идеясы Нариман басына сол кезде келген-ді. Ал енді кітаптың 183-бетінде осы идея осы ақ мылтық дауылдан бұрын-ақ пайда деген «пікір» аңғартылады. Сонда қай мерзімге сенеміз? Біздіңше бұл идеяның ақ мылтық бораннан соң ойға оралып, пайда болуы дұрыс та нанымды. Сол сияқты кітаптың екі жерінде аяқ астынан Жаңатас аты аталады. Нариман «Жаңатасқа қайтып келе жатып, Сүңгі көпірінен өте бергенде есіне Ақан карт түсті». (101-бет). «Әйтеуір Жаңатас бағытына қарай кетті» (205-бет). Сонда бұл неғылған және қайдан шыққан Жаңатас?

Рас, біз автордың Жамбыл облысындағы Қаратау фосфорит өндірісін, Жаңатас кенішін прототип етіп алғанын білеміз. Алайда Қаратау – Қарасай, Жаңатас – Нәртас делініп алынған жоқ па еді? Олай болса бұл Жаңатас дегендерді не автор байқамай, не кітапты қараған баспа редакторы байқамай жіберіп алғаны анық. Сондай-ақ Сүңгі де 142-бетте Сүгір болып қате аталынған. Сондай-ақ бір жасар арқардың мүйізін шаңырақтай деп беруде да жаңсақтық бар сияқты. Себебі шаңырақтай мүйіз өсіп-жетілген құлжаларда ғана болса керек. Сондай-ақ романда ел аузындағы аңыз, әңгіме көп келтірілген сияқты. Сонымен бірге роман басында Мәрзия, ортасында яғни бірінші бөлім соңында Нариман Сүңгіге, Ақан қарт үйіне барады. Екеуі де бір жолмен барды. Ендеше осы жол бойы екі суреттеуде алшақ бейнеленіп кетпеді ме екен? Сондай жағдайларды да ойластыру қажеттей.

Роман тілінің асып-тасып төгіліп жатпағанымен нақты да құнарлы, шырайлы тіл екендігі сүйіндірді. Автор ел тілін, әдеби тілді жетік біледі. Әрі шебер де нұсқа қолданады. Ретті жерлерде кербез де көрікті көріністерді салып та тастайды.

Сонымен Қарасай, Нәртас кеншілері жер қойнынан қара маржан ашып, аршып жатыр. Ал жазушы Шерхан Мұртазаев осы қара маржанды асыл қазынаны сол Қарасай, Нәртас кеншілерінің жан жүрегінен тауыпты. Оның тапқан қазынасы да кеншілер қазып алған қара маржандай қабат-қабат көп қазына, қатпарлы қазына. Қаламгердің оқырман қауымға ұсынып отырған мына романы – сол қазынаның бір уысы ма екен, мың уысы ма екен? Әйтеуір шын мәніндегі жаңа туынды, сөз өнері өлкесіндегі бір ашылым, жүректен табылған бір қазына роман болып шығыпты, қажетті, құнды қазына болып шығыпты.

Енді сол жүректен табылған бір қазына бізді құшағына тартып, баурап әкетіпті, қызықтырып әкетіпті. Сізді де, сіздерді де баурап әкететініне сенеміз.

«Жалын» журналы, №6. 1976 жыл.

«Кітап теңізінің құбылнамасы» айдарында

ТАМЫРДЫҢ ТЕРЕҢ БҮЛКІЛІ

Төлеген ТОҚБЕРГЕНОВ

Оқушы жұртшылық Шерхан Мұртазаевтың былтыр жарыққа шыққан романы – «Қара маржанды» сөз қыла бастады. Олардың жүзінен айта беретін жұмысшы тақырыбына тағы бір шығарма жазылыпты, әдебиетші ағайын қалай қарайды екен деген сауалды аңғаруға болар еді.

Иә, Шерхан Мұртазаев соңғы он-он бес жыл ішінде осымен жеті кітап жазып, байсалды, байыпты қалам табымен салмақты мінез-машығымен көрінді. Және жыл өткен сайын өнер ұстартып, шеберлігі артып келеді.

«Қара маржан» – бүгінгі заманымызға, 60-шы жылдардың ақырғы кезіндегі замандастарымыздың тірлік-тілегіне арналған. Өзінде өмірдің өзгеше

лепті лүпілі, қан тамырдың қайнары, ыстық бүлкілі бар. Қазіргі замандастың мінез-құлығын, ой-арман, болмысын өз басымыздан кешкендей боламыз. Адамзаттың мәңгілік мәселесі – жақсылық пен жамандықтың жаға жыртысқан жанталасын көреміз.

Қазіргі заманымызды өзімізше ойша шолар болсақ, білімді, өнерлі кезеңді бастан кешіріп отырғанымызда дау жоқ. Ғарышқа қанат байлап, қиялдың кебін шындыққа байлаған ғылыми-техникалық заманда, жердің асты-үстін түгел тексеріп, енді квазар әлеміне көз тіге бастаған заманда, осы өзіміздің арамызда, дәл қасымызда жүрген замандас, ұстаз адамдарымыздың арасында да осынша білім, өрісіміз түсініп, танып болмайтын жамандық, жауыздық барын жақсы білеміз. Ғылымда, исі ғаламда көп жұмбақты шешсек шешерміз-ау, ал бірақ, адамның өз бойындағы жұмбақты мәңгі-бақи шеше алмаспыз деген ой келеді.

«Қара маржандағы» Жарас пен Нариман бейнелерін көріп, осындай ойға қаламыз. Бір топырақта аунап өсіп, бір арықтың суын ішкен, бір ұстаздан дәріс алып, бір ауылдан тәлім көрген екі жастың ара қатысындағы кереғарлықты қалайша ұғуға керек! Жауың, жатың дейтіндердің алыс-жақындығында ма? Әлде, қастық, қысастықтың атадан-балаға кеткен ұзынды, қысқалығында ма? Олай десең – Жарас пен Нариман әулетінде «Қанға қан, жанға жан» дейтіндей өштік, қастық жоқ еді ғой. Керіспес кереғарлық жоқ еді ғой?!

Егерде Жарас пен Нариман арасындағы бұл кереғарлықтың себебін Таңшолпаннан оның Нариманның намысын аяққа басып, Жарасқа ауып, айнып кетуінен іздесек, онда тіпті бұл үшін Нариман ешкімді кінәлап жүрген жоқ қой. Қайта, оңаша ойланған сайын: оған кім кінәлі Таңшолпанға ұнамаған өзім де дейтінін қайда қоямыз? Егерде бұл кереғарлықтың сырын Нариман ойлғандай, Жарас сонау мектепте жүргенде Нариманның батыр ролінде, ал, Жарастың елеусіз бір рольде ойнағанын кешпеуіне іздесек, енді есейген шақтағы ой қайда, білім-білік қайда, түйсік-түсінік қайда?- деген сансыз сауалдар андыздап қоя берер еді.

Жоқ, мұның бәрі бекер екен. Жарас пен Нариман арасындағы кетіскен кереғарлық, ішкі пиғыл, пейілден екен-ау. Баяғыдан бері айтып түгесе алмай, сан қайталап, сансыз бастан кешірумен келе жатқан жақсылық пен жамандықтан екен-ау.

«Қара маржанның» түпкі мәні, түбегейлі мұраты, міне, осы жақсылық пен жамандықтың жарасқысы келмейтін, жарасса болды – тіршілік тоқтап, тоқырап қалатын үлкен жұмбақты, өмір жұмбағын суреттеп жеткізу болыпты.

Шерхан Мұртазаев бұл міндеттің үддесінен шыққан. Ол жұмысшы табы деген әдебиетші, сыншы атаулыны елеңдетіп, жіберерлік елеулі тақырыпқа қалам тартып, соның өзінде өнер атаулының ең өзекті, ең ежелгі мүлдем мәңгі тақырыбы- жақсылық пен жамандықты таратып-талдап кетуі өнер міндетін анық ұққан, өнегелі мұрат ұстанған адал қаламгер екенін айғақтаса керек. Біздіңше, шын талантты жазушы уақытша, мерзімдік міндет төңірегінде байланып қала алмайды. Қай тақырыпты көздеп, қандай мақсат ұстанса да, өнердің ең негізгі мұратынан айнымауы, адаспауы керек.

Алдымен, Нариманды әлгі айтқан жақсылықтың көзі, шын жақсының өзі дей тұра оның кәдуілгі көп замандас, көп танысымыздың бірі екенін, оның

бойында да бәрімізге тән кемшілік, кемістік бар екенін, оның сырт пошым, сөз үлгісі жөнінен ешкімнен де артылып, артып кете алмайтынын, тіпті көп жағдайда жауыз деп, жаман деп отырған Жарасымыздан кейін қап, кем көрініп қала беретінін аңлаймыз. Бірақ бұның, Жарастан артылатын тұсы қастық, өштіктен ада, тазалығында, даңқ, дақпырт атаулыдан адалығында. Қазіргі білімді, ойлы замандастарымыздың көбінен көрсек пе деген көңіл көңіл тазалығы, сезім пәктігі бар Нариманда. Ал бүкпесіз шындықты айтар болса, жоғары оқу орнын бітірген көп замандасымызға осы Нариман бойындағы тазалық жетпей жатыр-ау деген ой келеді. Оқушыға егерде осындай ой сап толғантып, тебіренте алса, көркем шығарманың өнеге деген үлкен міндеттің үдесінен шыққаны да.

«Қара маржан» – Қаратау кеншілері өміріне арналған. Романдағы Қарасай тау-кен комбинаты Нартас, Ақсай кен-кеніштері қазіргі Қаратау, Жаңатас кен орындары – кейінгі жылдары ғылыми ойды елеңдетіп отырған үлкен өнеркәсіп шоғыры. Сол жерлерге қайта-қайта барғыштап жүрген Шерхан қаламынан міне, бүгін жұмысшы өміріне, білімді, ойлы инженер, геологтар тірлігіне арналған тәп-тәуір роман туыпты. Бүгінімізді, бүгінгі тақырыпты ойлағанда бұл шығарманы, елеусіз, ескерусіз қалдыруға әсте де болмайды. Оның үстіне қазірге дейін өзіміз жұмысшы тақырыбына жазылды деп келген шығармалардың көбі отызыншы-елуінші жылдардың, тіпті одан да ертеректі қамтитынын ойлансақ, Мұртазаев романының бағасы арта түссе керек.

Романда Нариман мен Жарас қана емес, Константин Александрович, Оника, Ақан қарт, Мәрзия, Әділ, Женя Антонов, Аманқұл Ақырапов бейнелері де шығарманың өзекті оқиғасынан лайықты орнын алған. Олардың шығарма арқауына аяқ артпай, шеттеп қалғаны жоқ. Жақсылық, жамандық боп екі жар болғанда осылардың бәрі күрес ішінен табылады. Сондықтан да, шығарма кейіпкерлері әрқайсысы өзіндік мінез-құлқымен, қаракет қылығымен есте қап қояды. Бұл тұста әр кейіпкерге жеке-жеке тоқтап, бұрынғы-соңғы әдеби талдау салтымен мінездеме беріп сөз ғып, тәптіштеп жатпақшы емеспіз. Олай етсек, Константин Александровичтей байырғы инженердің әділдігі, адал, іскерлігі олқы соқпас еді, әрине. Олай етсек, маскүнем болып кеткен Әділдің құлдырау қасіретінің өзінен бүгінгі замандас арасында ілуде бірер кездессе де Әділ тәріздес, Әділ мінездес әлсіз жандардың кезігіп қала беретінін айтудың өзі бірталай ойларға мегзері де даусыз. Олай етсек, партия қызметкері Бурабаев басындағы кемшіліктің өзі талдап-таратуды тілемейді емес және партия қызметкері Алмас Заңғаров биіктігінің, турашыл, берік тазалығының да ұзақ-ұзақ сөз боларлық қасиеті жоқ емес. Бірақ біз көздеген міндет Мұртазаев романындағы ең басты тақырып-жақсылық пен жамандыққа байланысты, сол жақсылық пен жамандықтың күресіне байланысты болғандықтан, тізгін ұстар екеудің, – Нариман мен Жарастың қарым-қатынасына, көзқарасына ой жіберуді ғана мақұл көрдік. Көркем әдебиеттің басты оъектісі-адам деген түпкі мұраттан туындайтын мақсұт та осыған саяды.

Әдебиеттің өнер түріндегі ең биік мұраты – алдымен өнегелі кейіпкер жасау, коммунистік қоғамның жаңа сыпаттағы адамын тәрбиелеу екені хақ.

Әрине, соның өзінде көркемдік шеберлік, көркемдік тәсіл ең бірінші орында болуға тиіс. Мұртазаевтың «Қара маржан» романы міне, осындай талғамнан табылады. Және Шерханда қазіргі прозаға лайық байсалды, байыпты тіл бар екен.

Жаңа шығарманың көркемдік тәсілінде де жаңа ізденістердің нышаны білінеді. Ол кейіпкердің ойларын, толғаныс, тебіреністерін беруден анық көрінеді. Автор кейіпкердің жан күйзелісі тұсында оның өткен өміріне экскурсия жасап, қазіргі мен өткенді қабат өріп, қос өрнек, қос нақышты қатар жасайды. Бұл, әрине, әдебиетте бұрын-соңды бар әдіс. Қазақ әдебиетінде де мол-ақ. Бірақ, Шерхан бүкіл кітап желісін осы әдіспен өріп отырған. Алғашқы беттерде Мәрзия ауылға жаяу келе жатып, бастан өткенін ойласа, Нариман Рудныйдан Шұғылаға келгенде де сол өткенін бастан кешіп кетеді. Сөйтіп, әуелгі 30 беттің өзінде-ақ Мәрзия мен Нариманның қандай адамдар екенін ұғып, олардың қазіргі көңіл-күй, ой орманын кезіп кетесің. Сосын, Мәрзия мен Нариман автобус үстінде кездескенде де ой дүниесіне кезек-кезек сүңгіп, оқушыға көңіл тереңінен сын қозғауы нанымды, шыншыл күй танытады. Міне, осы әдіс романның ақырына дейін созылады. Қазіргі мен кешегі, өкініш пен үміт, өзінің оң-терісін ойша сынау, талдау-тарату, ішкі монолог пен ішкі арпалыс, қақтығыс – біз таныған осы бір ерекшелік Шерхан романына тән белгілер.

Біз жазушы Мұртазаевтың жаңа романын жақсы жақтарын айтумен бірге, оның бұрыннан бар кемшіліктерден әлі де болса арыла алмай келе жатқанын, ол кемшіліктер біз әуелде «Мылтықсыз майданнан» көрген мотивировка дауынан аңғарылатынын жасырып қалғымыз келмейді. Рас, дәлел-дәйек дауына құлақ асқысы келмейтін жазушылар бар. Олар дәлел-дәйек жазушының өз ырқында. Ол жөнінде сыншының айтқандарына көңіл қоюға да, қоймауға да болады деседі. Алайда, өзгелер не десе де ол десін, бірақ, Шерханның «Қара маржанында» оқушы көңіліне күмән тастарлық тұстардың барын және ондай тұстар ойлануды, ескеруді тілейтінін айтуға керек.

Әйтпесе, Нариман мен Таңшолпан арасына салқындық түсетін сәттен соң «Арада аз күн өтер-өтпес» Таңшолпан мен Жарас Рудныйда жоқ болып шықса, амал не, оған сене қоярлық. Тіпті олар кеткен соң көп ұзамай Нариман Қаратау фосфорит бассейніне тартып-ақ кетсін – оған да илана салайық, тіпті Нариман да, Жарас та Қаратаудың Қарасайынан шыға келсін-оны да пәткерде қылмай-ақ қойдық. Бірақ жыл жарым мезгіл ішінде Жарас Хамзиннің Таңшолпаннан Болат деген ұл көріп, оны көшеде доп ойнап жүрген жерінен Нариманның ажалдан құтқарып қалуына, сонда көп болса, бір жарым-екі жасар ғана Болаттың милиционерге «Болат Хамзинмін»-деп тұруына қалай ғана сенерсің. Бұл – бір.

Екінші, Мәрзияш жақсы көріп, ұнатып қалған кезде Әділ (инженер-геолог), қоладан құйғандай әлеуетті, ойлы жігіт бір жарым жыл ішінде азып-тозып, қаңғырып кетуге не себеп болды? Жалғыз арақ па?

Үшінші, сол Әділдің адамшылдықтан бір жолда безіп, құлдырап, күйреп біткен Әділдің Нариманға, сүйікті Мәрзияшын алып отырған Нариманға авария мәнісін айтып, хат жазуына не себеп? Өзінің өлерін алдын-ала білсе, бәлкім жазса – жазар, бірақ ол өртеніп кетерін сезіп-білген жоқ қой.

Сырттай қарағанда осының өзі ұсақ-түйек болып көрінгенімен өмір шындығына, соған орай көркемдік шындыққа үйлеспейтін ағаттықтар емес пе?

Қалай дегенмен де, дәлел-дәйектің шалалығы мәдениетті, байыпты, сауатты прозаға жараса бермейді. Және бұл өзі жалғыз Шерхан емес, өзге жазушыларымыздың туындыларынан да ұшырап қала беретінін ойласақ, дәлел-дәйек дауын ескерусіз, елеусіз қалдыруға әсте болмайды.

Алайда, дәлел-дәйек жөніндегі күмәнімізді қосып айтқанның өзінде «Қара маржан» – Мұртазаевтың творчестволық табысы және сонда автордың жеке басының ғана емес, исі қазақ әдебиетінің 1976 жылы дүниеге келген жақсы туындыларының бірі деуге келеді. Ал, ондай тәуір туындылар, жасыратын түгі жоқ, көп емес.

«Лениншіл жас» газеті, 7 қаңтар 1977 жыл.

«Кітап сөресінде» айдарында

ҚЫЗҒАНЫШ ТҮБІ – ҚЫЛМЫС

Мұхаметжан ҚАРАТАЕВ

Соңғы он бес-жиырма жыл бойында осы күнгі өмір тақырыбына жазылған повесть, шағын роман жанры жиірек жарық көре бастады. Мұның өзі жай емес, өзіндік заңдылығы болса керек. Өміріміз жедел дамып, жаңа қарқынмен ғылыми-техникалық прогресс дәуіріне ойысқан жағдайда көп нәрсе құбылып өзгергені, жаңғырғаны анық. Бұл өзгерістердің сырын ұғу, оны әдебиетте көркем бейнелеу мақсаты да тездетуді, жалпы қарқынға ілесуді қажет етеді. Бүгінде қайнаған өмір процесіне шұғыл барған қаламгерлер өрісі кеңейіп, саны көбейе бастады. Соның бірі – кейінгі кезде бірнеше повесть берген талантты прозик Шерхан Мұртазаев. Ол өзінің жанры мен тақырыбын да, жанды проблемасын да тапқан жазушы. Мұның айқын бір айғағы «Бұлтсыз күнгі найзағай» повесінен кейінгі оның үздік көз тартатын «Қара маржан» романы. Бұл шығарманың мен көп жайларын қызыға да таңдана оқыдым. Неге десеңіз, әдебиеттің кейінгі кезде баса ден қойып жүрген адамгершілік проблемасын Шерхан өте бір нәзік қырынан алып шебер шешкен. Бұрын біз біразға дейін шығарманың сюжеті көбіне тап қайшылығы негізіндегі бітіспес тартысқа құрылатынына дағдыланбағанбыз ғой. Беріректе еңбек пен тұрмыстағы ескі мен жаңаның, білім мен надандықтың, қала мен ауылдың ара қатынасындағы қайшылыққа құрылатынын да көрдік. Ал «Қара маржан» романында басқаша. Мұнда тартыс желісі адамның ішкі дүниесіндегі сыртқа көріне бермейтін алалықтың, яғни адалдық пен алалықтың, яғни адалдық пен арамдықтың арқауымен тартылған.

Романның басты кейіпкерлері – сырт қарағанда тату, дос болуға тиіс екі жас жігіт, екеуі де маман инженер. Бала жасынан бірге ойнап, бірге оқып, қатар өскен жандар, тіпті қызметі де бір өндірісте. Бұлар – Нариман Данаев пен Жарас Хамзин. Нариман сырттай да, іштей де адал адам. Ешкімге істеген

жамандығы жоқ. Совет шындығы тәрбиелеген, совет адамына тән таза қасиеттер бойына сіңген, өз ісіне, азаматтық борыш, міндетіне, адамгершілік сенім, сезіміне берік адам. Және ол осындаймын деп бәлденбейді де бұлданбайды. Ыстық-суықтың бәріне төзіп, жан салып істегенін біледі. Ал, Жарас ше? Сырттай, Жарас та сол сықылды көрінетін кісі, кей ретте тіпті артық па деп қаласың, өйткені қызметі одан бір саты жоғары, сырт көркінің тартымдылығымен Нариманның сүйген қызы Таңшолпанды өзіне қаратып, үйленіп алған. Қызметін де жақсы атқаратын сияқты. Бірақ іштей оның өзгешілігі бар. Өзгешілігі сол ішінде ін түбіндегі жыландай, анда-санда байқалып қалатын бір бәле бар. Оның аты – қызғаныш, көре алмаушылық. Шыққан тегі – өзімшілдік, мен-мендік, «өзім би, өзім төре», «басқа күл болмаса, бүл болсын» дейтін баяғыдан келе жатқан қырсық. Ол бейнебір вирус тәрізді, жасырын жатып өсе береді. Бірде Жарастың вирусы Нариманның Таңшолпанды сүйгенін көре алмады да оған бөгет жасады, өзі үйленді, енді бірде оның қызмет бабында өскенін көре алмай, бұған да бөгет жасау ниетіне мінді, бірақ одан ештеңе шықпай қалды. Қызғанышқа мен-мендік ыза, бақталастық қосылып, ушығып, ол ақыры қастандыққа айналып, қастандық асқынып барып өндіріске шығын келтірді.

Қастандыққа айналған қызғаныш вирусының аса қауіптілігі сонда – ол баттиып бой көрсетпейді, сыртын жалтыратып, жасырынып бағады, зиянын, опасыздығын күлбілтелеп іске асырады. Айталық, әлдекімдердің халық ортасында абыройлы адамның үстінен жала жауып, анонимка (домалақ арыз) жазуы – осының айғағы. Сондай-ақ Жарас қастандығын көбіне өзі істемейді, басқалар арқылы істейді. Оның бір жағынан Нариманды достыққа шақырғансып, жылмаңдап аңға алып шығуы, екінші жағынан бір мезет оның арқасынан атып жібере жаздағаны нені көрсетеді? Кәдімгі Абай айтқан «беті адам, құйрығы шаян» адамның типін көрсетеді. Ендеше Абай әшкерелеген екі жүзділік әлі жойылып бітпеген екен ғой. Міне, Мұртазаев осыны айтып отыр. Көркем шешімін тауып, шебер дәлелдеп отыр. Мұның бәрі – адам табиғатына ескі дүниеден жұққан кесел. Кейбір адамдардың бойынан әлі де арылып болмаған, олармен күреспесе, әлі де адал адамдарды орға жығатын қатерлі кінарат. Осының бүгінгі өмірдегі бірқатар нақты көрінісін Ш. Мұртазаев суреткерлік машықпен шебер бейнелеп, алаяқтық қылықты ақыры шындыққа жеңгізген.

Роман желісінде орталық образ және автор идеясы мен идеалын түйген ұнамды образ – Нариман образы. Сырттай қарапайым кейіпте алынған бұл образға автор іштей терең мазмұн берген. Оның дүниетанымынан, айналаға көзқарасынан, әсіресе ішкі жай-күйінен көбіне көп автордың өз болмысын, өз сана-сезімін танитындаймыз. Себебі – Нариманның ішкі монологі, психологиялық түйсігі де ішкі сарайын көз алдымызға жайып отырғандай сенеміз. Жарастай емес, Нариманның табиғатты тануында, асыранды арқар жөнінде, аңыз-ертегілер жайындағытүсінігінде, басқа ұлт адамдарымен қарым-қатынас туралы ұғымында айрықша адалдық, тазалық аңғарылады. Мұнысын оқырман қалтқысыз қабылдайды, иланады, сенеді. Образ қасиетінің құндылығы-міне осында болса керек.

Ақан шалдың асыранды арқарын атқан Жарас туралы Нариман: «Асыранды арқарды атқан албасты. Сен қолың қалтырамай жазықсыз

адамды да ата аласың. Сенің қолыңнан не сұмдық келмес дейсің»,-дейді. Бұл жерде кейіпкер ойы мен автор идеясы бір жерден шығып, ақиқатты анықтап тұр. Шынында да кейін Жарас нендей қылмысқа да бара алатынын дәлелдеді ғой. Ол Соколов-Сарыбай комбинатында бірге істеген тұста Нариманның ашқан өндіріс жаңалығын өзіне иемденуден бастап, оның ұнатқан қызын да өзіне меншіктеп, енді келіп оны қауіпті дұшпан көріп, арқасынан атуға да оқталды, ата алмаған соң соттатпақ болды. Бірақ бұл ниеті де іске аса жаздап, аспай қалды. Себебі, партиялық әділдік ақты-қараны айырып, зұлымдықты жеңіп шықты. Нариманның бар арманы, есі-дерті өндірістің қамы, ол үшін карьерге жаңалық енгізу: «Шіркін, Сарыбайдағы сияқты электропоезды тура карьердің ішіне келтірсе, оған адамдағыш экскаватор руданы өзі тиесе… Иә, бұл Нариман ашқан жаңалық. Оның игілігін қазір соколовсарыбайлықтар көріп жатыр. Ал, мұнда неге өндірмеске?», – дейді Нариман өзіне өзі. Айтып қана қоймайды, жаңалық ашуға іс жүзінде кіріседі. Карьерде жаппай жарылыс жасауды ұсынады. Оның осы дұрыс ұсынысын дұшпандары (Жарас пен Аманқұл) авариярға айналдыру үшін маскүнем Әділді алдап, ақша беріп, қылмысқа айдайды – аммониттің орнына одан үш есе күшті аммонал жұмсатып, өндірісті опатқа ұшыратады. Міне, бұрынғы бірге өскен «достардың» арасындағы жымысқы түрде басталған «елеусіз» қайшылықтың, қызғаныштың, іштарлықтың, бақталастың шорланып, әбден асқынып кеткен қылмыстың мәжесі осы.

Ш. Мұртазаев өз көңіліндегі үлгі тұтар өнегелі ойының бәрін Нариман образына сиғыза білген. Айнала дүниеге, табиғат пен өмір құбылыстарына Нариман автор көзімен қарайды, сондай-ақ автор Нариман көзімен қарап, автор мен кейіпкер әсерлері бір-бірімен астасып жатады, сүйіспеншілік мәселесі өндіріс әрекеттерінің қабатында біртүрлі елеусіздеу көрінгенмен, Нариманның моральдық кескінін анықтауға сәтті қызмет еткен. Жұмыс жайындағы ұсынысы қырсыққа ұшырағалы тұрған шақта Нариманның Мәрзиямен табысуы оның көңіліне әжептеуір демеу болады. Мәрзияның Әділге қосылудағы сәтсіздігі, одан шығарған дұрыс қорытындысы, карт әкесі Ақанның өмір тәжірибесімен түйген даналық пікірлері мен адамгершілік қасиеттері Нариманның көп нәрсеге көзін ашып, көркем образын нұрландыра, рухтандыра түскен. Бұл ретте Нариман бір жақсысы З. Шашкиннің «Теміртау» романындағы Қайыр образының кемшілігін қайталамаған. Бірақ партия қызметкерлері мен орыс адамдарының образдары Шашкин кейіпкерлерінің нұсқасынан онша аса алмаған. Мәзияның әкесі Ақан карт пен геологтар партиясының бастығы Тимофей Петрофичтың, Нариман мен Ониканың арасындағы түсініскен жылы көзқарасы тереңірек алынғанда олардың достық қатынасы ұтымдырақ болар еді. Бірақ Шерхан, бұл қатынасты жақсы бастап, жеңіл ғана қарпып өтіпті, өйткені оның назары көбіне-көп шығарманың негізгі тартыс желісі – Нариман мен Жарастың қырын қабақтығана көбірек ауған.

Өмір шындығына терең бойлап суреттеу қашанда оңайға түскен емес. Толып жатқан өзгеріс, жаңалығымен келген мына ғылыми-техникалық прогресс пен кемелденген социализмнің астасқан жағдайында (бұл жағдай ауылға да, қалаға да, өндіріске де қатысты) көркем әдебиетке социалистік

реализм тұрғысынан қойылатын талап мүлдем күшейіп, қиындап кеткені дау туғызбайды. Осынау қиын қамалға батыл барып жатқандар оншама көп емес. Ал, Ш. Мұртазаевтың «Қара маржан» романын осы бағытта бір адым ілгері басу деп бағалау жөн. Бұлай деуге негіз – бір кезде Абай әшкерелеген «сыпыра батыр, бәле шақыр» қаскүнем жалақордың типін жаңа жағдайда алып, адамгершілікке байланысты ежелгі байланысты ежелгі ар-ұждан проблемасын жаңа қырынан көтеруі дер едім. Оның үстіне автор бұл шығармасында өзінің суреттеу-бейнелеу стиліне жаңа көркемдік тәсілдер енгізіпті. Олар-социалистік реализмге жат емес кейбір романтикалық, символдық, аллегориялық элементтер. Шартты түрде алынған бұл элементтер бізді шындықтан алыстатпайды, қайта оған әр, ажар береді.

«Қара маржан» романының көркем шеберлікке жататын елеулі табысы кейіпкерінің ішкі сырын ашуға талаптануда деп білемін. Мұны әсіресе Нариман жөнінде айтуға болады. Ал Оника, Бурабаев, Заңғаров сықылды ресми қызметтегі басшы адамдарға келгенде бұл жағы кемістік соққан.

Ш. Мұртазаев осы шығармасында тағы бір тәнті ететін жай – оның туған ортасының әдет-ғұрып, салтын жақсы білетіндігі, туған жердің ауасын, үнін, бояуын бойына терең сіңіргендігі.

«Социалистік Қазақстан» газеті, 19 сәуір 1978 жыл.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған

СУРЕТКЕР ҚУАТЫ

Дүкенбай ДОСЖАНОВ

Шерхан Мұртазаевтың «Қара маржан» атты романы туралы одақ және республиканың ағымдық басылымдарында аз айтылып, кем жазылмапты. Бірақ сыншылар шығарманың тақырып сонылығын әсіресе, қазақ прозасына кеншілер тіршілігін әкелуін құп санаса, базбір пікір айтушылар жазушының бүгінгі замандас бейнесін сомдаудағы соны ізденістерін сөз етіпті. Екеуі де құлаққа сіңетін телқабыс байламдар. Ендеше біз әдебиеттің осы заманғы жүрекжарды қағидалары – көркемдік сыпат пен суреткерлік куат десек; жазушының таланты қай деңгейден көрінген? Роман несімен құнды? Шерхан Мұртазаев замандас бейнесін мүсіндеуге кешелі-бүгін келіп отырған қаламгер емес. Автор алпысыншы-жетпісінші жылдар жастарының іс-әрекетін көркейте суреттеуге әу бастан-ақ икем, әуес-ті. Мысалға: жазушының былтыр жарық көрген «Мылтықсыз майдан» атты бір томдығы бұрынғы жазғандарын жинап жөргемдеген шұбар кітап емес, уақыттың сарабынан өткен екшенді иелердің топтамасы болады Ендеше, жиырма жылдай тербеген төл тақырыбына сөз сарқып, ой қорытар мезгілі осы «Қара маржан» секілді. Ендеше әдебиет құмар қауымның бұл шығарманы қайта назарға алуы көзжұмғандық, емес, мәністі тірлік.

Қай шығарма болсын реалистік бояуымен қымбат. Қарасай химия комбинаты, Нәртас кеніші, ондағы инженер, жұмысшы әулетінің тыныс-

тіршілігін шығармада тәп-тәуір көрініс берген. Роман шоқтығын көріп тұрған қалың қақтығысты тұстар, ондағы жұмысшы адамның бет-бейнесі ашылған кезеңдер қайсы десек: Нәртасты Қарасай комбинатынан алып тастаған қысқы дүлей соққан, сондағы еңбекші бұқараның ұйымшылдығы еріксіз ойға оралады екен. Дүлей дауыл қалашыққа жан беретін электр жүйелерін құлатып кеткен. Жылу қазандары ақырап аязда жарылып, істен шыққан. Сырттан келер төтенше көмек жоқ. Нәртас кенішінің бас инженері Нариман Данаев күнді түнге, түнді күнге ұрып жанталасып жұрт бастап жүріп, стихияға қарсы күрес ашады. Осы эпизодтан біз алымды басшы мен қажырлы жұмысшылар арасындары тілсіз түсінісуді, сыйластықты, қиын мезетте бір-біріне септесіп серіктесе аларлық коллектив қадіріне тәнті боламыз. Ақырында ашық карьерді қардан аршып алу да оңай-оспақ шаруа емес. Егер қар кетіп, жер аяғы босанғанша «көктен» көмек күтіп, қол қусырып отыра берсе мемлекеттік жоспарды орындай алмайтыны анық. Ал жоспар – жас кадрдың іскерлік ар безбені іспетті.

Зер сала ойлансақ, Нариман өз қарауында істейтін жұмысшы әулетін телефонмен ықтырып, төбеден нұсқап отыратын кеңсешіл маман емес, олардың қанаттас серігі, қиынына да, қызығына да ортақ оңқай жан, жетпісінші жылдардың бесаспап ысылған кадры. Жұртты тек қана таза тәрбиелі мінезімен баурайтын ғадет иесі, көкірегі ояу коммунист. Автор сөзімен айтсақ «иман жүзді, көзінде өтіріктің ұясы жоқ, аясы ашық, көзінен көкірегі көрініп тұратын» алғыр маман, іскер жас.

Романның түпқазық идеясы да әлгідей адамдар кереғар мінезді адамдар арасындағы қақтығыстар арқылы айқындала түседі. Нариман мен Жарас, Жарас пен Аманқұл, Жарас пен Оника линиялары тап осына сюжет-желісінің көркем көген баулары іспетті елес береді. Бір бүйрек бұра тартар немесе артық-ауыс оқиға жоқ. Үйлесім, иірім мінезге саяды.

Бүгінгі өскелең өндіріс өмірін, оның күнделікті ой-санамызға тигізіп жатқан ықпал-әсерін көркем сөзбен кестелеу оңай-оспақ шаруа емес. Мұндайда оқиға құрап сөз ұстарту жеткілкісіз. Ғылым-білімнің адам мінезіне тигізетін ілгерімпаз нышандарын суреткерлік сезім синтезінен өткізіп, оқушыны иландырар, риза етер образға жинақтау шын шеберлікті тілейді. Нәртас кенішіндегі жаппай қопарылыстың сәтсіз аяқталу себебін бір ғана Аманқұл әрекетінің аясынан іздеу мүлде жеткіліксіз. Зұлымдық пен адалдықтың аяспас шайқасының түп төркінін, тіпті әріден, үлкен мүдделер қақтығысынан іздегіміз келеді. Мұндай қақтығыс романда бар да Жарас пен Нариман ой-пиғылының бітіспес керғарлығы бізді осындай ойға жетелейді. Әттең шығармада мол жүк арқалап тұрған секілді Алмас пен Жеңіс секілді кейіпкерлер романның өн бойында эпизодтық жылт етпе көрініске ғана ие. Әйтсе де бұл екеуі қызмет бабында, шаруа жағдайында, жиналыста жөппелдеме өтсе-дағы романдағы біраз тартыстың дұрыс шешім табуына мұрындық екені рас.

Романның тілдік құралы көркемдік тәсілдері де құптарлық, қуанарлық. Бейнелі, нәрлі тіл көңіл тербеп, көз сүйінетді. Артық айтып асып кеткен жоқ, тап басып тауып айту басым. Болмыс, бейнені суретпен, оймен көрінді. Тараулардың әсерлі, әсем, сызып бергендегі қадау-қадау көрінісі, суреттеу, баяндау машығы оқушыны әсте немқұрайды қалдырмасы хақ.

Ойымызды жинақтай айтқанда, бүгінгі күннің өндірістік өмірін терең бойлап бейнелеу де, жұмысшы инженер әулеті, әдеби образ биігіне көтеруде –жазушы қаламы қалт кетпеген Автор шын суреткерлік қуатынан табылған. «Қара маржан» романы ділгір проблеманы өнегелі тілімен дер кезінде көтеруімен жаңа тосын ізденіс-іздерімен қымбат.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 4 тамыз 1978 жыл.

БИІКТЕРГЕ БЕТ АЛҒАН

Төлеген ТОҚБЕРГЕНОВ

Жазушы-жолаушы діттеген жерге – әдебиетке әсте бір күнде келе ме? Айлап-жылдап алыс сапар кешпей ме? Сондай ұзақ сапар үстінде анда-санда ғана бір мөлдір бұлақ кезіктіріп аялдағандай боламай ма? Жазушы үшін ондай мөлдір бұлақ творчестволық ізденіс жемісі боп саналар еді. Біз жазушының аяқ суытып аялдар жеріне, кәусар бұлағына бір күнде жетпейтінін ұғамыз және аялдар бұлағының бәрі бірдей кәусар бола бермейтінін сеземіз. Және ол бұлақтарға әлгіде айтқанымыздай шаршап, талып ұзақ жүріп-жетерін де шамаламаймыз. Демек, жазушы-жолаушы бір күнде әдебиетке келмейді. Ұзақ ізденіс, тынымсыз еңбек, терең толғаныс, көп жылғы қалам машығынан соң барып өнердің жалынан ұстайды. Үлкенді-кішілі ақын-жазушыларымыздың творчестволық жолын бақсақ осыны аңғарамыз.

Бүгінде белгілі жазушы боп отырған Шерхан Мұртазаевтың әдебиетке келгеніне, қарап отырсақ он бес жыл бопты. Оның 1963 жылғы «Табылған теңізі» жарық көргенше талай мақала, суреттеме, очерк, тағы сондай журналистік дүниелер жазылған екен. Яғни ол өнер жолына бірден, бір күнде келмепті. Талай жазып, талай өшіріп, талмай ізденіп жетіпті. Әрине, өзің оқушы қауымға жазушы ғып табыстырған дәл сол «Табылған теңіз» повестінен кейін де өнердің кәусар бұлағы бұрқылдап қайнап жүре берген жоқ. Одан соң да талмай ізденіс, ойға бүккен күндер, күдік пен күмәнға толы күндер өтіп жатты. Араға бір жыл салып «Белгісіз солдаттың баласы», тағы бір жыл салып «Бұлтсыз найзағай» сосын үш жыл өткен соң «Мылтықсыз майдан» повестері келді дүниеге. Содан соң «41 жылғы келіншек», «Интернат наны» жинақтары, осыдан екі жыл бұрын «Қара маржан» романы жарық көрді. Өткен жылы «Мылтықсыз майдан» жинағы мен «Қызыл жебе» романының журналдық нұсқасы жарияланды. Он бес жылда отыз очерк, он сегіз әңгіме, төрт повесть, екі роман.

Әрине, аз ба, көп пе деп сауал тастауға болмайды. Өйткені, жазушының міндеті, талант-талғамы аз не көп жазуымен өлшенбейді. Жалпы, өнер адамына мұндай сауал қоя алмайсың. Бір ғана шығармасымен әдебиет, өнер тарихында мәңгіге қалып қойғандар да болған. Махамбет өлеңдері бір томнан, ұлы Абайдың бар шығармасы екі томнан аспайды. Саттар Ерубаев жалғыз «Менің құрдастарым» романымен, Баубек Бұлқышев біртоп публицистік дүниелерімен қазақ әдебиеті тарихында із қалдырды. Асылы, әр жазушы өз жолымен, өз еңбек қарекетімен танылады. Біреу әдебиетке

ерте, біреу кеш келеді. Біреу аз, екінші біреу көп жазып келеді. Біреу алғашқы шығармасымен-ақ жұртқа әйгілі болады. Енді біреу бірте-бірте танылып бірден-бірге ысыла береді.

Біздіңше, Шерхан – бірте-бірте өнер ұстартып келе жатқан жазушы. Оның алғашқы «Табылған теңізі» мен кейінгі «Қызыл жебе» романы арасында көп өзгеріс бар. Сонда «Табылған теңіз» әлсіз болғандықтан емес, «Белгісіз солдаттың баласы», «Бұлтсыз найзағай», «Мылтықсыз майдандардың» бірінен-бірі өткендігінен де емес; ол өзгеріс жазушы мәдениеті, ішкі терең-дік деген ұғымдармен шығады. Егер үңіле қарасақ, көп сөз болған «Қара маржанда» да олқылықтар бар. Ол олқылық Нариман мен Жарас арасында-ғы тартыстың аса сенімді еместігінде жатыр. Алайда, бұл роман осы екеуінің тартысына ғана құрылған деуге әсте де болмайды ғой. Біздің социалистік қоғамда адамдардың қарым-қатынасынан әлеуметтік саяси тартыс іздеудің өзі босаңдық болар еді.

Ал, бұл тартыс адамдардың мінез-құлқынан, пейіл-пиғылынан, әлгі айта беретін жақсы-жаманынан шығып жатса-міне, бұл жөнінен Нариман да, Жарас та өз мінез-құбылыстарымен көрінген кейіпкерлер.

Егер біз Шерханның алғашқы повестерінен лирикалық, романтикалық әуендерді аңғарсақ, кейінгі «Қара маржан» мен «Қызыл жебеден» сауатты, мәдениетті прозаға лайық байсалдылықты, пайымдылықты көбірек байқаймыз. Тіпті соңғы 5-6 жылда жазылған шағын әңгімелердің өзінде салауат-салмағы анық шеберлікке ойысқан өзгеріс байқалады. Біздің әлгі Шерханды іштей өсу үстінде деуіміздің мәнісі де осында.

Романтика демекші, «Табылған теңізде» Орал өртпен арпалысқан сәтте романтикалық асқақтық нышан береді. Орал қаулаған өртке жалаңаш аунаған тұсты еске алсаңыз асқақ бір күйді танисыз. Бүгінгі адамдардың бойына ондай романтикалық асқақтық лайық та ғой. Міне, сол асқақтықты аспай-саспай, байыпты суреттеп бере білген.

Біз бұрынырақ «Қара маржанға» әдейілеп тоқтап, ой-пікірімізді айтқанбыз. Қазір сол ойларымызды қайталамай, үстемелеп қосар болсақ, онда Шерхан қазіргі ғылыми-техникалық революция тұсындағы өз тұстарымыздың жасампаз қарекетін, білімді, ойлы қабілетін аша отырып, сонымен бірге олардың пиғыл жөнінен, ішкі сезік-күмән, күдік, махаббат, қарамдық жөнінен баяғы сол адам күйінде қалып қойғанын түгел түйсініп суреттеуге тырысқан. Сонымен қатар бұл романдағы советтік характерлер жасаудағы жазушының айрықша табысын атап айтқан жөн. Осы романдағы асыранды арқардың Жарастың қолынан мерт болуының өзі, жақсылықты көріп, жақсылыққа, адамшылыққа, өмір-тәттіге бой алдырған пәк тазалықтың жамандыққа, қанипезер қаскөйлікке тап болуы әлгі айтқанымызға әбден дәлел бола алады. Бүгінгі замандастар өмірін арқау қылған бұл романды қазір бәріміз жұмысшы тақырыбына жазылған деп қайталап айта беретін болдық. Расында бұл тақырыпқа байланып, тақырыпты ғана малданып қалатын шығарманың сортынан емес. Бұл, сол өнердің ең басты мұраты – адамды, адамның қаракетін, адамның пиғылын шынайы суреттеуді мақсұт тұтқан шыншыл өнер туындысы деуге керек.

Сондықтан бұл сияқты салмақты, салихалы, салдарлы романның Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылуы әбден орынды дейміз.

Біз, әсілі, әңгіме жаза алмаймыз. Әңгімеміз кейде повесть, кейде очерк боп, екеу ара тірлікке жатып, жадағайланып кетеді. Оның үстіне әңгіме жанрының табиғатын түсінбей ит-ырғылжың күн кешеміз. Шерханның іштей өскенін, суретші боп өскенін бір дәлелдесе «Бір нәзік сәуле» типтес әңгімелері дәлелдейді.

Осында:

шағын әңгімеге жарасатын – қысқалық, киіктің асығындай шып-шымыр боп шыйырылып жататын қысқалық білінеді;

балладаға бергісіз ішкі тереңдік, ішкі мазмұн, байлығы байқалады;

новеллаға тән тосын шешім, тоқыраушы әуен болады.

Бұл – айтуға жеңіл. Және әңгіме жанрының ішіне терең бойлап, ақ-қарасын ашып жүрген сыншы жоқ. Егер бұрын-соңды айтылып жүрген болса, ол тек қана сырттай қарпып қалу ғана. Әсілі, әңгіме жазуға, әңгімеге лайық ағаш үйдің сүйегін табуға уығын жонып, керегесін көктеуге үйренген суреткердің қолтаңбасы көрінуге тиіс.

Дәл осы тұрғыда Шерхан Мұртазаевтың «Бір нәзік сәуле», сосын, тағы сондай: «41 жылғы келіншек», «Сол бір күз», «Шекшек шырылдайды», «Шақалақ», «Жаңбырлы той», «Сусамыр» әңгімелері бүгінгі сауатты прозаға құп жарасарлық көркем дүниелер.

Біз бұл әңгімелердің ішкі мазмұн, түйінін қайта дәлелдеп, таратып жатпаймыз. Бірақ, дәл осы әңгімелерде сарғайған сағыныш, айықпас мұң, үзілмес үміт жатады да, сосын, адам баласының бір сәт тыныштық тілеген сезім-сезігі шап береді. Шала ұқпасын, шалағай түсінбесін деп шаң береді.

«Қызыл жебе» – қазіргі мәдениетті прозаның жүгін қайыспай көтеретін, үлкен талғамнан табылатын сүбелі туынды. Біз, әуелде журналда жарияланғанда, «Бірінші кітап» аталуына қарап, көп томды шығармаға жабыла жүгіретін болдық-ау Шерхандікі де сол жарысқа қосылып қалудан туған шығар, бәлкім деп дүдәмал ойлап, оқығанбыз. Жоқ, ол ойымыз қате екен. Роман көлем қумай, талдап, таратыңқырап жеткізу ниетінен туған етек-жеңі кең арқаулы, арналы бір өріс, өзгеше бір тыныс аңғарылады. Дүниені дүр сілкінткен, жаңа заманның, жаңа дәуірдің анық басы болған Ұлы Октябрь социалистік революциясының Қазақстанда қалайша жүзеге асқанына соғатын үлкен тақырып арқау боп алынған екен де, оның өзі белгілі революционер, мемлекет қайраткері, мүлде жаңа сипаттағы күрескер бейнесі арқылы, соның өсу, есею, толысу, күрескер боп қалыптасу кезеңдері арқылы көркемдік шешім тауыпты.

Романның бас кейіпкері – Қызыл жебе – Тұрар Рысқұлов. Мынау алғашқы кітапта сол Тұрардың балалық шағы суреттеледі. Шынға келсек, Тұрар арқылы әкесі – Рысқұл, Рысқұл арқылы Тұрар өмірі көркем туындыға айналып, үстіміздегі жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының тірлік-тіршілігі өзіндік ырғақ, әуені, тіл стилі бар өзгеше бір суреткердің қалам қырына, көз қырына ілігіпті. «Қызыл жебе», шынында Шерхан Мұртазаевтың творчестволық лабораториясының кеңейіп, көркемдік құралдары байи түскенін көрсетеді. Бұл қазақ әдебиетіне қосылған табысты

туынды, тарихи-революциялық тақырыпқа қосылған талайлы шығарма болар сыңайы бар.

Жаңа романда Мұртазаев тіл жөнінен көп өскен, іштей өскен. Кейіпкерлердің сөзі мен ісінен, қағыс-қаржасынан, табиғат бояуынан, авторлық баяндау тұстарынан қазіргі прозаға лайық сындарлы мінезді, ұстамдылықты, төгіліп-шашыла бермейтін ұстамдылықты, ширақтықты байқаймыз. Тілдегі бедер характер мен қимыл-қарекет нанымдылығына ұласқан. Айта беретін мотировка тазалығы-айтылмыш романның көркемдік ерекшеліктерінен саналмақ.

Кейіпкер мінезі демекші, Тұрар Рысқұлов өмірде отты, ойлы жас, тура тартатын бұлтартпас мінездің адамы болса, мынау шығармада сол тұтас характердің бұлақ бастауы-бала шақтың, жаңа басталған, енді тұтатып келе жатқан, жаңа қалыптасып келе жатқан жас шақтың-жаңа өркеннің нышанын көреміз. Соның өзінде осы нышандар көркемдік бояу, нақышпен өрілген. Мұртазаевтың Тұрары – көп үміт күттіретін бейне. Тұрар-Әлімбек батырдың өз әкесі Рысқұлдың тікелей жалғасы. Әлі-ақ сілтенер семсердің шалқып, лаулай жанатын оттың, әлі-ақ саңқылдап ұшар сұңқардың-болашақ ұлы күрескердің бейнесін аңдатады. Долы мінез, қарау, һарам Саймасай сойдырған шын жүйрік – Қызыл жебенің құлын шағын біз Тұрар бейнесінен көріп, автордың бұл тұста көркемдік шешімі мейлінше сәтті жасалғанын қадай айтамыз. Рысқұлға біткен қайрат, ерге, еркекке, лайық қайсарлық, азаматқа лайық қайырымдылық енді жас Тұрарға бірте-бірте жұғысты, сіңісті боп жатқандай. Біз ертең-ақ Рысқұлдай күрескердің жаңаша, өзгеше қалыптасқан жалғасын көргендей боламыз.

«Қызыл жебе» авторының алдында қиын міндеттер болғаны белгілі. Әрі-беріден соң күмәнді, күдікті, жүрек сескендірген, күні-түні толғандырған қиын сауалдардың болғаны заңды да еді. Олай деуге себеп–бұдан көп бұрын «Қараш-Қараш» дүниеге келіп, оқушы жұрттан өз бағасын алған. Одан соң бұл шығарма кино боп тіріліп, спектакль боп қойылған. Осыдан соң «Қараш-қараш» оқиғасына бару, енді тіпті тарихи тақырып деңгейінде бару-автордың алдына сансыз дүдәмал сауалдар тастаса – оның өзі мейлінше заңды еді. Автор батыл екен. Көңілдегі сансыз күдікті түріп тастап, сол «Қараш-қараш» оқиғасына тарихи шындық тұрғысынан кеп, қаламды өзінше, ең абзалы ешкімді қайталамайтын нұсқада тартты. Документтік дерекке сүйене отырып, тағы оған байланып қалмай, көркемдік шешім іздестіру – суреткерлік. Оқиға Рысқұл ойымен, Рысқұл сөзімен өрбиді. Ішкі сырдың ақтарылу себебі нанымда жатыр. Рысқұл өз басының ғана шер-шеменін қазбалай берсе – оның азаматтығына сын болар еді. Рысқұл өзін емес, өзімен бірге ауа көшкен азғантай ауылдың ауыртпалығын да білдіре, қазып әңгімелейді. Жас Тұрарға айтады. «Оян, Тұрар!» деп айтады. Ертеңгілер, кейінгілер білсін деп айтады. Рысқұл Александр Бронниковке де айтады. Кедейдің, азаматтың бірі ғой деп айтады. Роман сонда да «менге» – бірінші жаққа байланып қалмаған. Бірінші жақ – «мен» авторлық «менге», авторлық «олға» айналып, өзгеше көркемдік шешім тауып кеткен. Романда «әттеген-ай дегізерлік бір нәрсе» – Саймасайдың қатпар-қаталығын «Қараш-қарашты» көрген оқушыға енді ішіне үңіле беру керексіз көрінген түрі бар. Мұны біз бір рауаятта дұрыс деп те білеміз. Ал Рысқұл болса, «Қараш-қараштағы»

Бақтығұлдың нақ өзі емес. Бұл тарихта болған – Рысқұл. Сондықтан, сөз Тұрарға, яғни әкеден балаға көшер алдында сол әкенің өз хикаясын естуіміз әбден орынды да еді.

Романды толық талдап, пікір айту – алдағы тірлік, роман жарыққа шыққаннан кейінгі тірлік. Ал, әзір шығармадағы көптеген кейіпкерлердің көркемдік шешім тапқанын Ахат қария, Сақан балуан, Омар, Қара Иван, Бронников, Дауылбай, т.б. бейнелерінің есте қап қоятын мінез-тірлігі барын ғана айтамыз.

Шерхан Мұртазаев – қазір кемеліне келген үлкен суреткер. Сол творчестволық кемелдік «Қызыл жебе» романынан анық көрінеді. Тіршілік атты қиынның қалтарыс-қалыңына ой жіберіп, талғам көзін саларлық, жақсы-жаманға талдау жасарлық сабыр, салауат тапқан сыңайы бар. Анық суреткерге тән мұндай мінез оп-оңай, қалай болса солай келе бермейді. Ұзақ ізденістен табан аудармаған еңбектен кейін ғана қалыптасып, орнығатыны белгілі. Шерхан дәл қазір сондай көшелі мінезге көшкен.

«Лениншіл жас» газеті, 27 қыркүйек 1978 жыл.

«Оқыдық, пікір айтамыз»

ҚОРАМСАҚҚА ҚОЛ САЛҒАН...

Абдрахман АСЫЛБЕКОВ

Әдебиетімізге алпысыншы жылдары араласа бастаған Шерхан Мұртазаев бұл күндері ондаған құнды кітаптардың авторы атанып, аса талантты жазушыларымыздың бірі ретінде танылып отыр. Өткен жылы оның «Қара маржан» романы үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты құрметіне бөленуі де осы сөзімізді растай түссе керек.

Жазушылық жолы журналист ретінде бастап, туған республикамыздың көптеген республикаларын аралап, географиялық, этнографилық ерекшеліктерімен жете танысып, еңбек адамдарымен жақынырақ дидарласуының арқасында ол өмірге «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Табылған теңіз», «Белгісіз солдаттың баласы», «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Мылтықсыз адам», «Интернаттың наны», «Қара маржан» секілді повестер мен роман алып келді. Бұл шығармалардың дені бүгінгі күн тақырыбына арналған: бірінде кеншілерді көрсетсе, екіншісінде тың игерушілерді суреттейді, ал енді бірінде жұмысшы еңбегін жырлайды. Соғыс тақырыбы да жазушы назарынан сырт қалмаған.

Қыры мен сыры, толып жатқан түрі бар прозаны ең қысқа әңгімеден бастаған жазушы бұл жанрдың шеберлік мектебінен жан-жақты өтіп барып, оның ең күрделі сатысы романға толықсыған, кемеліне келген шағында ойысып отыр.

Жуырда қолымызға тиген «Қызыл жебе» романының бірінші кітабы жазушыны тағы бір биік тұғырға көтеріп, оқырман көңілін бір желпіндіріп тастағандай.

Бұл роман-трилогия Қазақстанда Совет өкіметін орнатуға белсене атсалысқан аса ірі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен туған ортасын, революциялық қызметін көрсетуге арналған. Трилогияның алғашқы кітабында жазушы Тұрардың балалық шағы мен оның әкесі Рысқұлдың өміріне тоқталды.

Романға өзек болған сюжетке келсек, өткен ғасырдың соңында Түлкібас аумағында Ақсу-Жабағылы маңындағы Майлыкент болысында қоныстанған Шымырлардың бір атасы Шілмембеттерден шыққан кедей Сәліктердің бір тобын бастаған Рысқұл күн көрсетпеген бай ағайындыларына сыйыспай, алдымен Әулие-атаға, Меркеге, одан кейін Алматыдан асып, Шығыс Талғар болысына көшіп кетеді. Онда Дулаттың бір баласы Жаныстан шыққан Саймасайдың озбырлығы Түлкібастағы туыстығы жағынан жақынырақ Дауылбай болыстан да асып түседі. Батыр тұлғалы ер жігіт Рысқұлды түрлі сұмдыққа-ұрлыққа жұмсап, ақыры жаламен айдатып жібереді. Бұл қорлыққа қатты қапаланған Рысқұл түрмеден қашып шығып, Қараш шатқалында Саймасай болысты атып өлтіреді де, Сібірге жер аударылады. Бұл кезде Рысқұлдың баласы Тұрар ондарда болатын. Жазушы Рысқұлдың образын жасай отырып, болашақ революционер Тұрардың қалыптасып келе жатқан бейнесін параллельді түрде суреттейді.

Рысқұл – шынында қазақ әдебиетіне жаңадан келіп қосылған шынайы шыққан образ. Тіпті оның орыс әдебиетіндегі Степан Разин, Пугачев образдарымен салыстыруға да болар еді. Жиырма шақты үйді соңына ертіп, болыстың тепкісіне көнбей басқа жақтан жайлы қоныс іздеуінің өзі-ақ революция алдындағы қараңғы қазақ ауылы үшін ерлік еді. Амангелді секілді мыңдаған сарбаз бастамағанымен, бұл назарлық үлкен күреске апарар жолдың алғашқы соқпағы еді. Ағасы Бердіқұлды тепкілеп, төрт қабырғасын сындырып, әрі тоғанға бастырып қойған сәттен бастап оның санасына сан сұрақтар сәуле түсіре бастайды: «Бәріміз бір атаның баласы емес пе едік, құдай-ау. Бәріміздің бабамыз Сәлік емес пе еді! Ағайынды адамдар – ағалы-інілі, үлкен-кішілі боп, бір-біріне сүйеу болмаушы ма еді? Бұл не қылған жауыздық!» Осындай дүлей ашумен Рысқұл болыс Даулыбайдың ауылына аттанады. Бұл кезде болыстың үйіне Шымкенттен ояз келіп жатқан. Әрі сескеніп, әрі ояз алдында абыройымды төгер деген оймен болыс қол астындағы есалаң итаршы палуан Сақанды жұмсайды. Бірақ Рысқұл оны аттың үстінен аударып тастап, тура бай үйіне тартады. Зәресі ұшқан болыс оязбен еріп келген екі солдатқа атыңдар деп жалынады. Рысқұлдың қимылына, батыр бітіміне, ерлігіне риза болып тұрған ояз өзі атпаса, сендер де атпаңдар деп бұйырады солдаттарға. Арызын тыңдамай астам сөйлеген болыстың іс-әрекетіне кектенген Рысқұл тебініп қалып, оқыс қимылмен екі солдаттың да мылтығын жұлып алып, шоқпармен бай үйінің керегесін қиратады, төрт уығын сындырып кетеді. Рысқұлдың батырлығына риза болған ояз:

– Әй, көзсіз тентек. Ұнатамын осындайларды. Егер киргиздардың бәрі осындай келсе, сіз бен біздің халіміз мүшкіл болар еді, управитель мырза,- деп Дауылбайға қарады.– Бірақ сіз бен біздің бағымызға ол жалғыз.

– Қайдан жалғыз мырза, Рысқұл сияқты бұзақылар толып жатыр. Ахат, Үсіп, Қорған, Махан, Шыныбек, Жуаныш деген қызылкөз құдай атқандар

бар. Әлгі жауыз алып кеткен мылтықтар олардың қолдарына тисе, біздің ордаға қауіп көп.

Бүкіл романның түйіні, Рысқұл образының кілті осы үзіндіден көрініп тұрған секілді. Шынында, Рысқұлдар жеке-дара қимылдамай, бірігіп қозғалса, қолға қару алса, бай ордасының төрт уығын ғана қиратып қоймай, бүкіл қоғамдық құрылысты төңкеріп тастар еді. Бірақ Рысқұлдың санасы ол дәрежеге көтеріле қоймаған. Сол үшінде ол Саймасай мен Даулыбайдың көзін жойса, тұрмыс түзелер еді деп ойлайды. Саймасай өлсе Анарбай, Дауылбай өлсе Таубайлардың шығатынын түсінбеді. Тек абақтыда бірге жатқан орыс тұтқыны Бронников оның санасына епте-епте революциялық ұғымды сіңіре бастайды. Соның арқасында Сібірге айдалардағы Рысқұл Таубаймен араздасатын Рысқұлдан әлдеқайда ояу, сезімтал. Ол аттанып бара жатып өзінің үнемі аузынан тастамайтын бір ауыз өленін айтады:

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
Күніне тоқсан тоғыз бәле көрсең,
Сонда да күдер үзбе алладан...

Бұл Рысқұлдың ерлігін, өжеттілігін, қандай қиындық көрсе де мойымайтын жігерлігін танытады.

Үміті, болашағы, тірегі жалғыз баласы Тұрарға басынан кешкен барлық жағдайды айтып, өзінің кім екенін түсіндіріп, санасына құйып кетеді. Осындай бар шындықты әке аузынан естіген, байлардың зорлық-зомбылығын өз көзімен көрген жас Тұрар қайсар, әділетсіздікке жаны қас, бірбеткей, алғыр болып өсіп келе жатады. Болашақ революционерді көрсету үшін жас баланың өскен ортасын, шыққан тегін, жазықсыз айдалып бара жатқан әке кегін суреттеу дайындығынан өткізеді. Оның үстіне Тұрар саяси тұтқын Бронников пен түрме бастығы Приходько мырзаның қызы Наташадан екі жақты сабақ алады: бірінен ауызша Лениннің атын естіп, әділдіктің, бостандықтың не екенін ұға бастаса, екіншісінен жазу мен оқуды үйреніп, Пушкиннің «Тұтқын» секілді өлеңдерін тыңдайды.

Тұрар әкесінің батылдығы мен қайраттылығына сүйсінеді. Тұқымбайдың жүйрік аты Қызыл Жебеге мініп, көкпар тартқан әкесінің қимылына дән риза болады. Сол кезде-ақ жас бала өмірдің талас пен тартыстан тұратынын, кім батыл, қайсар болса соның ғана өз үлесін алатынын ұққандай еді. Кейіннен Қызыл Жебедей аттың жүйрік, жануардың пырағының өліміне араша түскен әкесін жазықсыз айдатқан Саймасайдың адамдары келіп, Рысқұлдың туыстарын ағашқа асып, қатты азаптағанын көргенде баланың жүрегінде зорлықшыл үстем тапқа деген өшпенділік оты тұтана бастайды. Туысынан зерек, алғыр Тұрар өзінің ең жүйрік, ең мықты, ең сұлу, ел аузында аты аңызға айналған Қызыл Жебеге теңегісі келеді. Балалардың арасында Қызыл Жебе атанып кетеді.

Бұл – жазушы мезгеуі. Осындай көп дайындықпен келген бірінші кітаптағы бала Тұрардың атылғалы тұрғалы жебе сынды екені рас еді. Яғни автор да, бала кейіпкер де қорамсаққа қол салған...

Романда Рысқұл, Тұрардан басқа да бірнеше адам бар: Саймасай, Дауылбай, Ахат, Таубай, Сахан, Мақаш, Анарбай, Ізбайшалар. Бұлардың қай-

қайсысы да кітаптың әр жерінен бір көрінгенімен, өзара айырмашылықтары, іс-әрекеттері, мақсат-мүдделері бар дараланған, жанданған тірі бейнелер. Біз мұны жазушы шеберлігі дер едік.

Кітапта ұлттар достығына ерекше көңіл бөлінген. Ғалым Дмитриев, саяси тұтқын Бронников, шаруа Иван және түрме бастығының қызы Наташа бейнелерінен жақсылыққа құштар, жауыздыққа жаны қас, әділ де шыншыл, бауырмал жандарды көреміз. Орыс халқы мен қазақ халқының арасындағы достық, ынтымақты байланыстың алғашқы нышандары осындай жандардың іс-әрекетімен, қарым-қатынасымен нанымды да шынайы суреттеледі.

Жазушы Шерхан Мұртазаевтың «Қызыл жебесі» қазақ әдебиетіне жетпісінші жылдардың соңында келіп қосылған сом туынды дер едік. Суреткердің архив материалдарын мұқият зерттеп, орынды пайдалана білуі, табиғат суреттерін әсерлі өрнектеуі, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, географиясы мен этнографиясын еркін игеруі, тілін жетік біліп, диалогты тамаша қолдануы, сөз жоқ, романның құндылығын арттыра түкен. Оның үстіне бұрын мерзімді баспасөз бетінде бірде-екілі мақаламен ғана шектелген аса ірі мемлекеттік қайраткер, Лениннің шәкірті Тұрар Рысқұлов жайында жазылған тұңғыш көлемді көркем шығарманы көпшілік қуана қабылдайды деп сенеміз.

«Орталық Қазақстан» газеті, 12 желтоқсан 1979 жыл.

Жазушы Шерхан Мұртазаев елу жаста

ӨЗІНДІК ӨРНЕКПЕН

Тұрсын ЖҰРТБАЕВ

Қашан да творчество адамның таным табиғаты, бейнелеу өрнегі, сезім құбылыстары, түйін-тұжырымы сан қилы тағдырларды тоғыстырған туған ортасының тәлімімен, талант тағылымымен тікелей байланысты. Әрине, оған жеке парасат иесі ретіне өз қөзқарасын қалыптастырған, өмірден көре жүріп көкірегінде жинақтаған азаматтық пікірінің мәні әсер етпей қоймайды. Жан жүрегіңмен жалғасып жататын осы екі арнаның табы жазушының шығармасынан аңғарылып, тұтас бір бейнелі желі ретінде көрініс танытып, қаламгердің творчестволық портретін жасайды. Осы ретте Шерхан Мұртазаевтың туындыларындағы ортақ желіні іздейтін болсақ, ең алдымен кешегі қиын-қыстауы мол, қатпарлы құбылыстары қадау-қадау кездердегі жас ұланның ішкі жан иіріміндегі көңіл мұңын, жас арудың жанарына тұнған мөлдір шықты көз алдыңызға елестетеді. Ар тазалығы жолындағы тұнық толғаныс жүректі тебірентеді. Ауыр тіршіліктің тауқыметінен гөрі соғыс зардабының рухани азабының қияметі мен бұлттан шыққан күндей жылт ете қалған үміт оты – домбыраның қос ішегіндей қатар өріліп, бірі қоңыр, бірі жарқын үнмен жарыса тіл қатады.

Жазушының әлі толық аяқталып бітпеген «Қызыл жебе» атты тарихи-революциялық тақырыпқа арналған көлемді туындысына дейінгі

шығармаларының барлығы да осындай тұтас тақырыптық-психологиялық желіге құрылған. Бұл арада психология ұғымы жаңсақ көрінуі де мүмкін. Алайда Шерхан Мұртазаевтың ең алғашқы қанатқақты туындысы «Табылған теңізден» бастап «Қара маржан» романына дейінгі көркем дүниелердің арасында психологиялық үндестік бар. Бұл ерекшелікті жазушының стильдік мәнері деп те, көркемдік қолтаңбасы деп те, авторлық позициясы деп те түсіндіруге болады. «Табылған теңіз», «Бұлтсыз найзағай», «Қара маржан» өзара тақырыптық жағынан бір арнаға тоғысса, «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайды», «Тілсіз қоңырау», «Интернат наны» атты дүниелер кейіпкерлерінің аттарының өзгешелігіне қарамастан уақыттық тұрғыдан алғанда кешегі Ұлы Отан соғысының әйел мен бала жанына салған жарасын бейнелейді. Оларың ой-пікірі де, мұң-тілегі де, іштегі жегідей жеген азабы ұштасып жатады. «Мылтықсыз майдандағы» жас келіншек Арайдың, «Ақсай-Көксайдағы» Барсханның, «Тілсіз қоңыраудағы» Медеу шалдың, «Қырық бірінші жылғы келіншектегі» Хадиша кейуананың, «Белгісіз солдаттың баласындағы» бозбала Исатайдың толғанысының күретамыры біреу-ақ. Онда адам тағдырының кесек оқиғалары қабаттаса суреттелмейді. Жан иірімін шымырлататын күші философиялық астарында.

«Тілсіз қоңырауды» алайықшы. Айдаладағы жалғыз қараша үйді тентек сәби басын көтере шулатады. Ол кемпір-шалдың «жалғыз ұлы», маңдайларына басқан бақыты. Ұзақ жыл жас иіске зар болғандықтан інісінің ұлын бауырына алады. Жай «қыдырып шыққан» бауыры «жол жөнекей» ағасынікіне соға кетеді. Ес білген сәби өзінің нақ әкесімен ілесе кетеді. Сонда айдаладағы киіз үй тілсіз қоңырауға ұқсап, жетімсіреп қалады. Көз жасын сүрткен қариялардың белі сына бүгіліп, әйтеуір амандығын тілейді. Тілсіз қоңырау. Олардың қуанышын, шаңырақтың ішін күмбірге толтыратын «тілін» – баласын соғыс жұлып алған. Жазушы бұл пікірді ашық айтпайды, емеуірінмен танытады. «Белгісіз солдатта» жігіт әкесін көруге зар, ал, мұнда тағдыр тауқыметі теріс астарынан әдіптелген.

Зады Шерхан Мұртазаевтың творчестволық үлкен қыры осы әңгіме саласында ерекше шоқтық көрсетіп, терең психологиялық-философиялық салиқалы нышан танытты. «Алтын қоңыз», «Ұзақ командировка», «Шекшек шырылдайды» әңгімелері бар болғаны төрт-бес бет. Ал айтар ойы тереңнен тамыр алып, тұла бойыңды шымырлатады. Тілі енді ғана шыға бастаған Нұрланнан өмірге ынтық сәбидің есіл-дерті, сөйлейтіні тек әкесінің елес бейнесі. Ол ең сүйікті адамын мәңгі көрмейтінің білмейді. Ұзақ командировкаға кеткен. Сәт сайын есікке аландайды, қонаққа барса үйге асығады. Бейне ол жоқта әкесі келіп, мұны күтіп отырған іспетті. Әңгіменің әрін келтірген әсерлі салмағы жазушы көңіл-күйдің қыл ішегін дөп басып, нәзік мәнермен жеткізуінде. Сәл ғана қалам ұшының қатты батқаны білінсе – бар бояуын жоғалтып алар еді.

«Қара маржан» романы өндірістік тақырыпқа арналған. Ол кезінде жоғары бағаланып, республикалық Мемлекеттік сыйлыққа да ие болды. Біздің ойымызша жазушы «Қара маржанға» ұзақ дайындалған. Әуелгі жазу жолын журналистикадан бастаған қаламгердің алғашқы сәтті туындысының

бірі «Бұлтсыз күнгі найзағай» да кен инженерінің өмір танымы туралы еді. Онда сынақ сәтті аяқталатын. Ал «Қара маржанда» жер қабатындағы қопарылыстың барысында Нариманның қиналыстары, қателіктері суреттеледі. Екі шығарманың арасында он жыл уақыт жатыр. Ол аралықта автордың творчестволық тәжірибесі толысты. Кейіпкердің де көтерер жүгі ауырлады. Он жылдың оқиғасы романға желі тартты. «Қара маржанның» көркемдік ерекшелігі, автордың тамаша табысы екені туралы дер кезінде көп айтылды. Оны қайталап жатудың дәл қазір реті де жоқ сияқты.

Осы орайда шығарманың оқырмандарға әсері туралы бір жайды тілге тиек еткеннің артықтығы жоқ сияқты. Осыдан екі жыл бұрын Қаратау қаласында бүгінгі қазақ жазушыларының шығармаларындағы жұмысшы образы туралы пікір алысу өтті. Қаратаулықтар «Қара маржанды» бірі қалмай оқып шығыпты. Пікір алысу соңы үлкен дауға ұласты. Жазушының көркем қиялға еркіндігі, оқиғаны ойдан қосуға құқысы барлығы, образдың жинақтау арқылы жасалатыны ұмыт қалды. Кәдімгі кәсіподақ жиналысында күн тәртібіне қойылған өндірістік мәселе ретінде қызу талқыланды. Міне, осының өзінен-ақ жазушының көздеген мақсатына жеткендігін аңғару қиын емес. Көркем дүниенің ең асыл мұратының өзі – оның тәрбиелік тағлымымен өлшенсе керек.

Бүгінгі қазақ әдебиетінің даму бағдарын саралағанда оның ең бірінші арналы табыстарының қатарында тарихи-революциялық шығармалардың алдымен ауызға оралатыны анық. Көркемдік биік белеске жетуімізге негізгі баспалдақ болып отырғаны да аян. Мұның барлығы тек әдебиетіміздің жетістігі ғана емес, халықтың рухани өсуін, марқаюын байқататын бедер. Осындай сүбелі ізденістердің қатарына Шерхан Мұртазаевтың соңғы «Қызыл жебе» атты романы да жатады. Ашығын айтар болсақ, жазушы күрделі тақырыпты иін қандыра игеріп, сөз өнеріміздегі тартар салмағы ауыр шынайы шығарманы оқырманға ұсынды. Тұрар Рысқұловтың өмірі өнегелі де күрделі өмір. Кесек-кесек тарихи оқиғалар сабақтасқан заманмен өзектес, үндес, таным қайшылығы да мол ғұмыр. Оның үстіне осы тақырыптың белді бір белесін ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы» атты шығармасында өзек еткені аян. Шерхан Мұртазаев сол оқиғаны басқа қырынан алып, өзіндік шешім ұсына білді. Ұлы жазушы Бақтығұл арқылы кекшіл, өр мінезді дала кедейін суреттесе, Шерхан таптық күрестің тартысын негізгі арқауға айналдырды. Тұрар бейнесі әлі толық сомдалып біткен жоқ. Алайда жазушының қадамы қуандырып қана қоймайды, шынайы шығарманың тұтас болмыстық мінез танытқаны сүйіндіреді де.

Әр жазушының өз творчестволық тағдыры, өсу-өркендеу жолы бар. Елу жасқа толған Шерхан Мұртазаевтың қаламгерлік табысы мол, қоржыны тоқ. Санымен ғана емес, сапасымен де тәнті етеді. Алайда, ұзақ жылдар бойы журналистік қызметте болған Шерхан Мұртазаевтың таза редакторлық-ұстаздық қызметін де оның жазушылық еңбегінен бөліп қарауға болмайды. Бұл оның азаматтық парасатының биіктігін, қоғамдық белсенділігін, коммунистік қасиетінің молдығын байқатады. «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында бас редакторлық қызметті атқарғанда, өзінің биік талап қоя білуімен қатар бір топ жазушылардың

творчестволық тұрғыдан алғанда есейіп, қалыптасуына да тікелей әсер етті. Бүгінгі таңда алды шет елдерде кітаптары шыққан Қалдарбек Найманбаев, Оралхан Бөкеев, Кәрібай Ахметбеков, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Қажығалы Мұханбетқалиев, Сағат Әшімбаев іспетті жазушылар өзінің алғашқы әдеби шығармаларын жариялауға Шерханның тікелей септігін тигізіп, үлкен әдебиетке жол сілтегенің ерекше ілтипатпен еске алады. Мұның өзі таланттың тәрбиелік тағлымын меңзейді. Творчесволық күш-қуаты кемеліне келген жазушының өндіргені аз болмаса да, нағыз шеберлік шыңына қанат қағар кезі алда, сол сапарда да оның өз оқырмандарын қуаныштан көз алдырмайтындарына сенеміз.

«Семей таңы» газеті, 5 қазан 1982 жыл.

«ЖҰЛДЫЗДЫ КӨПІР» ЖӘНЕ ТҰРАР

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Қазақ совет әдебиетінің өсу өркендеу жолында елеулі біз үзік бары – жасыра алмайтын шындық. Ұлы Октябрь революциясы дүние жүзілік адам баласына жаңа заманның алтын қақпасын ашты. Бұған дейінгі аударыс төңкерістердің қаншама тарихи маңызы болғанымен, жылдар ішінде, әрі кетсе ғасыр ішінде, сыйып кете беретін. Ал Ұлы Октябрь революциясы тек қана замана шеңберіне сыя алмады, бұл революция адам баласының мәңгілік болашағының енді қайтып жабылмайтын қақпасын ашты. Сол қақпаның бір-ақ түн кезегінде болған солдатқа қандай биік ескерткіш қойсаң да көп болмас еді ау!

Сол солдат от кешті ғой. Сол солдат жаңа дүние жасау үшін өмірінің бар қызығын, қымбатын, ар-намысын, қажыр-қайратын құрбан еткен жас еді ғой!

Сол жаңа заманды өз қолымен орнатысқан ерлердің ішінде ардақты ұлдары болса, қай халықтың атақ-даңқы, абырой, мерейі өсе бермес еді?!

Қазақ халқының сондай ұлдары елінің болашағы жолында ар намысын, өмірін құрбан еткен ұлдары Эра солдаты болды ма? Болғанда қандай!

Әне, Ақмола түрмесінен қанша адам айдалып шықты...

«Құдай-ау, қазағы да толып жатыр ғой!».

Міне, бұрыш-бұрышына түксиіп қырау орнап алған, аралары ырсиып-ырсиып кеткен тақтай еденді «өлім вагонында» бір ақын да кетіп барады. Әне біресе ақсақ, соқыр болып, біресе, басқа мүгедек болып, Көкшетау даласына бір жазушы да келе жатыр. «Өлім вагонында» кетіп бара жатқан ақын да, «қаңғыма» болып келе жатқан жаяу жазушы да өз халдерін бір еске алған емес. Олардың сенімі біреу-ақ.

– Біз өлерміз, жаңа заман – жаңа Эра өлмейді, орнады біржола! Арман не!

Әлі оқуын бітірмеген бала жігіт түрмедегілерге саяси жағдайды хабарлап тұрады. «Үлкенбек жеңіп келеді, Кішібек әлсіреулі...». Міне осылардың бәрі де Жаңа Эра азаматтары. Жаңа заман күзетіндегі солдаттар. Революцияның өлмес ерлері.

«Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»

(Абай).

Сондай Ұлы Революцияның жанкешті солдаттарының бірі, бірі болғанда жақын жүздесі, революция ері Тұрар Рысқұлов еді. Шерхан Мұртазаевтың ол жайындағы романы «Жұлдыз көпірді» оқығанда, алдымен, міне, маған осындай революция солдаттары туралы толғандыратын ойлар келді. Өйткені, Ш. Мұртазаев романы осы ұлы кезеңді көз алдыңа әкеледі. Бұдан бұрынғы екі томы осы кітаптың түп тамыры болатын.

«Жұлдыз көпірден» мен Тұрар Рысқұлов бейнесін тани алдым деуіме болар еді. Мұнда Тұрар нағыз проффесионал революционер дәрежесіне көтеріліп, Түркістан республикасының тұңғыш председателіне дейін өсті де, кітап аяғында В И Ленинмен жолығу үшін Москва қаласына аттанды. Оны шығарып салған кісі – халық маршалы М.В Фрунзе болды. Сонда Тұрардың қасында Элиава, Рудзутак, Куйбышев бар.

Осы деректердің өзі көп нәрсеге куә болғандай екен.

Сонымен Тұрар бізге несімен қымбат?

Оның әкесі тәуелділікпен күрескен адам болған ғой. Кезінде Мұхтардың да сол тақырыпқа барғаны тегін болмайтын. Бейімбет те Жалбыр Құдайбергенов көтерілісіне байланысты, сол көтеріліске қатысқан шаруаларды суреттеген еді.

Шерхан да революциялық көтерілістерді алғашқы адымдарынан бастап өсіріп келеді. Тұрар әкесі Ырысқұл Саймасай деген болысты адам айтқысыз айуандығы үшін оққа байлады. Тұрар жетім болып өсті, оқыды, ер жетті, революция жолына түсті. Алғашқы екі кітап сонымен аяқталады... Енді өзіміз көрген Тұрар революция батырының бейнесінде алдымыздан шықты. Шерханның қаламы сыналар тұс та осы еді.

Тұрар бұған дейін әдебиетте онша мұнша көріне қоймаған болатын. Оның себебі бәрімізге мәлім. Шерхан кешегі Тұрарды көп ізденулер арқылы тапты деуге болады. Осынысының өзі автордың жауапкершілігін үлкен тақырыпқа зер сала бел байлағанын көрсетсе керек.

Тұрар былай дейді:

«Жоқ, әрине, Петр Алексеевич – дейді ол төтенше комисссар Кобозевке, – 1915 жылы мен мына Ташкенттегі педагогика институтына оқуға түстім. Институттан гөрі маркстік үйірмедегі оқуым көбірек болатын. Ақша табу үшін Пішпекте техникум бітіріп алған мамандығым бойынша, осы Қыбырайдағы атақты бай Ташбулат деген кісіге жалға тұрып, бағбан болдым. Ал 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысы басталысымен, майданға араластым. Арпалыс жолын қалап алдым» (103-бет).

Тұрар Ташкенттегі қызметіне (ол төрт түрлі қызмет атқарды) 1918 жылы келеді. Оған дейін Әулиеата уездік атқару комитетінің председателі екен. Ол кезде Тұрар жиырманың үшеуінде! Ал бұл күндері ондай жігіттеріміз әлі әжесінің тесік қалтасына қарап жаутаңдайтындарын қайтесің! Сол жиырма үш жасына дейін Сәкен екеуінің басынан өткен оқиғаны саралап бір көрелікші! Ғажап жол емес пе?!

Вотинцев оны Денсаулық сақтау министрі етіп тағайындады. Кейін ол өзі тіленіп, аштықпен күрестің басшысы болды. Мұсылман коммунистері бюросының да бастығы және ТурЦик мүшесі.

Сол кезде оның басына жаулар ұйымдастырған төрт түрлі қатер төнді. Ағылшын шолғыншылары, басмашылар, Түркістан өкіметінің басында тұрған авантюрист-анархист Кушекин, Успенскийлермен ауыз жаласып, бүкіл ақгвардияшыл сойқандармен байланысып, революция отын сөндірмек екен. Олардың Колчакпен Дутовпен байланысы болған. Сәкендерді Ақмолада тұтқындаған кезде Ташкентте де бүлік шығады. Оны Кушекин сияқты шовинист қолдады.

Барлық бүлікті соғыс министрі болған Осипов деген анархист қолына алды. Олар Түркістан басшылары – он төрт комиссарды да бір түнде қолға түсіріп, қолма-қол атып жібереді. Тұрар да тұтқындалады. Бірақ Кобозевті құтқарып үлгерді. Төтеше комиссар одан кейін барып бүлікті басты. Бұл – бірінші қауіп еді.

Екінші – Тұрардың тым алысқа барар алғырлығын тежеп, сағын сындыру үшін жау оның топ оның есерсоқ немере туысы Оразбек сорлыны әдейі болыс қойғаны. Ол елді советке қарсы қойып жатты. Үшінші қауіп былай туды. Оқырманның есінде болар: сегіз жасар Тұрар ояз бастығының қызы мен жиені Аркашаны күндіз арбакеш ретінде мектепке апарып, кешкісін түрмедегі әкесінің қасына түнейтін еді ғой. Сондағы жас қыз ер жетіп, Наташа сұлу атанды.

Тұрар жас кезінен бірге өскен тату досы Наташаға үйленеді. Бірақ ол бөлесі, ақгвардия полковнигі Приходьконы түрмеден босатуға әрекет етеді. Тұрардың дұшпандары Успенскийлерге керегі де осы еді. Төртінші – Арман деген інісінің Ташбулат басмашының қолына ілігіп, оққа ұшуы. Бұл оқиға да, Тұрарға оңайға соқпайды. Ақыры, бұл іске көптің көзін жеткізіп барып, пәлежаладан арылады. Кобозев пен Фрунзенің де көмегі аз болмаған секілді.

Жас Тұрардың болмысы, әр мәселеге лениндік тұрғыдан айқын берілген. Әрбір үлкен жаңа істе көптеген жаңаша ойлар дүниеге келіп жатады. Соның көпшілігі жергілікті жағдайдың ерекшелігінен туындайды. Ергеш-ханның басмашылары талқандалды. Революция жаулары әшкереленді. Аштық толастады. Рысқұлов Мұсбюроны Крайкомға қосып, көрегендік көрсетті. Ташкентке Куйбышев, Рудзутак, Элиава тағы басқалары келді. Түркістан Компартиясының V конференциясы өтті. Сонда барып Рысқұлов «жергілікті жағдай» дегеннен мүлт кеткен еді. Бұл қатесін кейін ол В.И. Ленинмен жолыққан соң өзі де большевиктік турашылдықпен мойындап, жөндеп әкетті ғой.

– Сондықтан да «түрік» дегеніңіз түсініксіз. Ұсақ ұлттардан безіп, ірі ұлт болуға ұмтылуыңыз жұмбақ» – дейді Фрунзе. Оған:

– Бүкіл Шығыс алдында «түрік» дегеніміз жарнама! – дейді Рысқұлов.

Міне, Тұрар жіберген қатенің көкесі осы болатын. Және сол бір тарихи тұста Фрунзе болмағанда, Тұрар Рысқұлов та жоқ еді бізге. Фрунзенің әділдігі, обьективтілігі жалындаған жас революционердің денесіндегі шөңгелерді жұлып тастап, жазып алды десек артық болмас! Әрбір жаңа Эра басталғанда бола беретін бұралаң мен бұлтақты Ленин партиясы өзі емдеп алды. Оған

Тұрардың В.И. Ленин қарауындағы кейінгі жиырма жылдық саналы еңбегі куә.

Шерхан романында жалғыз Тұрар емес, басқа да тарихта аты мәлім адамдар да жүр екен. Енді бір кітап жазылатынын аңғартады. Енді ол өз шаруасы делік. Әйтсе де, әкелген екенсің, кейіпкерлеріңнен көз жазып қалма деп едім. Мәселен, Кобозев роман соңында хабарсыз кетіп отыр. Куйбышевтер келген соң оның не істегені белгісіздеу.

Маған романдағы Наташа, оның шешесі де ұнамды болып көрінеді. Табиғилық бар жерде өзі солай болады ғой өзі. Тұрар толқынысы, ойы, халқы жайында айтқан байламдары да кісіні сендіреді.

Ертеректе бір жиналыста жастарға ескерткен бір ойым бар еді. Сол жай тіліме тағы оралып отыр. Егер тартыстың бір басын мықты қолға беріп, екінші жағын жарымжан біреуге ұстатсаң, одан ұтылатын тек шығармаң! Оны М.Шолохов айтқандай: «Тышқандардың тырбаңдауы» болып шығады.

Ал Тұрар алысқан жаулар маған ірі болып көрінеді. Кушекин, Успенский, Клевенцов секілді шовинистер мен Ергеш-хан; Ташбулат секілді басмашылар, ағылшын шолғыншысы Бейлилер осал жау емес еді. Тегі, Тұрардың шоқтығын биіктеткендер де осы жаулары.

Және бір эпизод – Әубәкір Диваевпен жолығу тұсы. Сондағы айтылар ой. Тұрар арманы да биік (САГУ-ды ашуды айтамын). Оған қоса ол: «Жерге бір шыбық шаншып, соны мәпелеп өсіріп, мәуесін алған адамды мен сәулетті ғимарат тұрғызған архитектордан, ғұмырлы симфония жазған композитордан кем көрмеймін», – дейді. Бұл жақсы. Енді осыны кейіпкер аузына салған Шерхан: «Бірақ арқансыз, белгісіз ұлы күш екі жұлдызды екі жаққа сүйреп алып кетеді. (?) Жұлдыздар жүргенде жара қалады (?)»-деп астрономия ауылына қарай кетеді. Мәселе екі адамның өзара суысуы ғой. Оны планетаға қарай апарып шаршамай-ақ суреттеуге болады ғой (102-103-беттен).

Енді Кушекин жауыздың кірпігіне келейік. Шерхан, сен сабаудай ақ кірпік дейсің. Сонда оның не болғаны?!

«Кушекин кірпігін ақ көбелектің қанатындай лып еткізіп». Әу жап-жаңа оның кірпігі сабаудай еді ғой (32 – бетті қарашы).

«Кобозев бурыл басқан иегін ұстап (?) отырды да қалды».

«Сөйтсе де ол Түркістанды сұрап тұрған» әйгілі Рысқұловтың туысы екен. Бұл да солай (46-бет). «Тырқ-тырқ күлді» (57-бет)

Бұлар, әрине, тез түзеулер селкеу дүниелер ғой.

Шерханның бұл жолғы табысы Тұрардың бейнесін сомдап көрсете білуінде. Біздің осы сөздерді жазып отырғанымыз да соған байланысты. Шығармаға нәр беретін бірінші шарт – көркемдігі ғой. Ол жөнінен, әлгіндей селкеулер болмаса, Шерхан мақтана алар еңбекпен шығыпты. Сол кездегі Түркістан өлкесінің болмыс-тірлігімен бізді куәгер еткен. Қойжелкен, еңлік, шолпан-кебіс, балықкөз, теңге жапырақ, қоңырау гүл деген атауларды баяғы Ілияс Жансүгіровтың «Жетісу» суреттерінен кейін жолықтырып отырғаным осы.

Шерхан, меніңше, «Қызыл жебенің» үшінші кітабын ойдағыдай аяқтаған. Тұрар үлкен өмірдің есігін енді ашқандай сезесің. Және де әлі аяқталмаған романға үзілді-кесілді баға беруден біз де аулақпыз.

Әйтсе де романдағы сюжет тұтастығы, тіл құнарлылығы Шерхан Мұртазаев қаламының ұштала түскеніне куә боларлықтай.

Қызыл көпір маған Тұрар өткен өмір өткеліндей көрінді. Автордың табысы да осы символиканы аяқтап шыққанында ма деймін.

Жалпы романның сәтті аяқталуына мен ағалық көңілден сәт сапар тілеймін.

«Социалистік Қазақстан» газеті, 26 шілде 1984 жыл.

«Сөзстанға саяхат» айдарында

КЕМЕЛДІК КӨПІРІ

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

Жазушы Шерхан Мұртазаевтың «Жұлдыз көпір» (1984) деген романы оның бұдан бұрын жарияланған «Қызыл жебе» атты екі кітабының жалғасы. Мұнда да орталық қаһарман жалынды күрескер, революция дәуірінде қатарынан озып шыққан табанды большевик Тұрар Рысқұлов. Шығармада Түркстан Советтік Соцалистік Автономиялық Республикасының 1917-1920 жылдардағы шытырман оқиғалары, сол істердің бел ортасында жүрген Т.Рысқұловтың жеке өмірі, әлеуметтік майдандағы қайраткерлігі кеңінен көрсетілген. Сонымен қатар романда Орта Азия халықтарының жаңа тағдыры басталар кезеңдегі алуан ауыр оқиғалар, кескілескен күрестер, түрлі бағыттағы адамдар бейнелері елестетілген.

«Жұлдыз көпірдің» сюжеттік желісі салдарлы, терең шындықтарға құрылғаны, шығарманың бас кейіпкері сол кезде Түркстан республикасын басқарған адам болуы, сөз жоқ, жазушыдан дәуірдің көкейкесті, жанды проблемаларын барша ақиқатымен алуды талап ететін еді. Бұл кезеңнің көп мәселелері осы күнге дейін әдебиетімізде жеткілікті айтыла қоймаған.

Түркстанда совет өкіметінің орнауы мен бекуі зор қиыншылықтар үстінде жүзеге асқанын, бұл жолда асыра сілтеушілер де, зиянкес элементтердің әдейі бұрмалаушылықтары да, шет ел агенттерінің арандатушылығы да, бұрынғы патша әкімдерінің отар елдерге төбеден қарайтын арамза, астам салт санасынан арылып болмаған, «сырты бүтін, іші түтін» кейбір жаңа «басшылардың» зұлымдықтары да, Орта Азия халықтарының тарихи даму ерекшеліктерін ішкі кемшіліктен туатын шалағайлықтар орын тепкенін тұтас көрсете алғанда ғана роман мұратқа жетпек.

Әдебиетімізде бұл кезге дейін көрінбеген кейбір көлеңкелі құбылыстарды қамту парызы да қаламгерден білімдарлықты, шеберлікті керек ететін. Ш. Мұртазаев тақырыптың дәл осындай қиын шарттарынан бой тасаламай, көп жерлерде шындықты қаз қалпында беруге қабілеттілік танытқан. Суреткердің өзіндік жеңісі осында деп білеміз…

Үлкен парасат иесі, халық, ұлт мүддесін қапысыз түсінетін, осы жолдан таймай, бұлтақсыз жүректілік көрсететін, кең ойлайтын, барлық ісінде тегеурінділік танытатын Тұрар Рысқұловтың тұлғасы шығармада жаңа

биікке көтерілген. Бұл – ғибраты мол, революция дәуірі шынықтырған қазақ күрескерінің бейнесі. Тұрардың кісілік келбеті, көп замандастарынан өзгешелеу нышаны түрлі сын кезеңдерде жарқырап ашылады, Ол өзіне ұсынылған құрметті лауазымнан – Түркстан республикасының денсаулық сақтау комиссары қызметінен бас тартып, аштыққа қарсы күрес жұмысына жегіледі. Міне осы бір фактінің өзі-ақ білікті большевиктің азаматтық бейнесін сипаттай алады. Ол ел ашаршылыққа ұшырап жатқанымен ісі жоқ басшыларды әшкерелейді. ТурЦИК-тің мәжілісінде халықтың жоқшылыққа ұшырағанын елегісі келмей, тіл мен жағына сүйенген жасырын дұшпан Кушекиннің бұлаңқұйрығына ызаланған Тұрар: «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар... Әрбір минут қымбат. Әрбір минут мыңдаған адамның тағдырын шешеді... Өкімет пен партияның алдында бүгінгі таңда интервенциямен, күреспен қатар тұрған аса жауапты міндет – аштықпен күрес екенін тағы да талап етіп, қайталап айтамын. Жергілікті, әсіресе, көшпенді халық айтып болмас ашаршылыққа ұшырады. Жер бетінен жойылып кету қаупі төніп тұр. Өкімет пен үкіметтің жаңа құрамы, революция ісіне шын берілген, шын адал болса, ең алдымен халықты аштық ажалынан құтқарып алсын» дейді (33-бет). Мұндай намысты, ашынды сөздерді Тұрар ел жағдайын толық біліп отырғандықтан айтады. Әулиеатада Дәуіт шалдың айыптау үкіміндей әділ сөздері оның ойынан бір сәт шықпаған еді. Тұрарға тік қарап тұрып ол мынаны айтқан: «Патша құрыды, Керенский кетті ендігі не? Қарадан туып, төре болып, үстіне қылау жуытпай тұрысың мынау. Сен, сірә, ашықпассың. Мына Қабылбек мырза да аштан тарықпас. Жаз бойы жан сақтағанымыз жаужұмыр мен алғы еді. Ондайды сен жеп көрмеген шығарсың, Тұрар. Борсық қазып жейтін шөптің тамыры. Алғы ішіп, жаужұмыр жұтып, жаз бойы уланған жұрт енді баудай түсе бастады. Әулиетатада кеңес үкіметін жариялап жар салғаныңды өз құлағыммен естіп, өз көзіммен көріп едім. Ал енді не болдық? Халқың қырылып қалса, кеңес өкіметі кімге керек?» (8-бет).

Тұрар Рысқұлов бұрынғы патша әкімдерінің отар халықтарды жер бетінен жойып жіберуге саналы түрде әрекет еткенін, ТурЦИК-тің кейбір басшылары сондай ұғымдардың шылауында қалғанын талай рет нақтылы дәлелдер келтіріп әшкерелейді. Мұндай турашылдық оны халық сүйіспеншілігіне бөлесе, әзәзіл дұшпандарының өсек таратуына, ұлтшыл деп айыптауына «дәлел» береді. Бірақ Т. Рысқұлов қарақан басының тыныштығын ғана ойлап, бас сауғалайтын жан емес, ол елінің ең терең әділ мүдделерін айта, қорғай алатын айырылмас адал перзенті деңгейінде қалады. Түркстанның ескі картасын қарағанда да оның санасына патшалықтың халықтарды тоз-тоз етіп жіберуге бағытталған саясатының зардабы түседі. «Рысқұловтың қабағы түйіле қалды. Картада Қазақстанның жартысынан көбі жоқ. «Бөліп ал да билей бер» деген патша саясатының залымдығын жаңа сезіп тұрғандай, кенет тісі ауырғандай бет-әлпеті өзгерді. Жер бетінде қазақ деген халық бар. Ал патша келеді де сол халықтың жерін бөліп-бөліп Арқа мен Алтай жағын «Степной край» деп Омбы генерал-губернаторына бағындырады. Батыс бөлігін Орынбор әкімшілігіне қаратады. Ал Сыр бойы мен Оңтүстікті, Жетісу қазақтарын Түркстан генерал-губернаторлығына қосады… Рысқұлов картадан бармақтай ғана жерді алып жатқан қырғыз еліне қарап ызалана

мырс етті. Патша қырғыз Алатауының теріскейінде жатқан қырғыздарды Жетісу мен Әулиеата оязына бағындырады да, күнгей қырғыздарды Ферғанаға жыға салады. Ал Түркстанның қақ ортасынан Бұқара мен Хиуа хандықтарын «тәуелсіз» мемлекет етіп қояды. Сөйтіп, біртұтас қазақ елі де жоқ, біртұтас қырғыз елі де жоқ, біртұтас өзбек те жоқ. Бәрі бөлек-бөлек. «Бөліп ал да, билей бер» (11-бет).

Роман бойында Тұрардың бейнесін жан-жақты толықтыратын оқиғалар оралымы мол. Түркстанның соғыс комиссары қызметінде отырған жасырын жау Осиповты елден аластату, өкімет басына орныгып алған арамза Кушекиннің айла шарғысын әшкерелеу, революция жеңістерін қорғап қалу, дұшпандары өзіне таққан жала-қастандықтардан қорғану, тұтқынға түскен сәтінде ұстамдылық көрсету, Голощекиннің бұзық ойларына тойтарыс беру, Түркстан республикасын жаңаша атауға ұсыныс беру кезінде ол кемел білімділік, табандылық байқатады. Әрине, оның барлық ұсынысы мен ойы қолдау таба бермейді, кейбір пікірлері қарсылыққа ұшырайды. Мәселен, қаһарманның ылғи жеңіс үстінде жүруінде емес, ойының биіктігінде, өз басының революция ісіне адалдығында, халыққа деген жүрек жылуының молдығында. Осындай белгілердің сенімді көрінуі Тұрар бейнесін әдебиетіміздегі әсерлі, ұнамды тұлғалар қатарына апарады.

Қоғамдық өмір алаңында ірі көрінетін Тұрар жеке тіршілігінде де мейлінше қарапайым. Оның әрдайым әкесін еске алып, оның ғибрат істері мен сөздерін қадір тұтып отыратыны, бауырлары мен жақын білістерін көңіл назарынан тыс қалдырмайтыны, үлкен қызметте отырса да мансап қызығына зәредей берілмегендігі, сөзі мен ісінің бір жерден шығатындығы таза мінезді большевиктің келбетін танытады. Тұрардың кесек мінезі оның бұрынғы патша әкімінің қызы, бала кезінен жақсы көрген Наташаға үйленуінен де айқын көрінеді. Алпауыттың қызына үйлену ол кезде әркімнің батылы бара беретін әрекет емес. Мұндай жағдайда байшыл немесе үстем таптың қамқоршысы атына ие болу тіпті де оңай болатын. Кейіннен Тұрарды ақсатуға тырысқандардың қойған бір айыбы да оның Наташаға үйленуі болды. Бірақ бұл тұста да қаһарман кішігірім пенделік ұғымдардан жоғары тұрады, ата-тегіне қарамастан, ояздың қызына жүрек қалауымен үйленеді. Сол уақыттың сана мөлшерімен қарағанда Тұрардың бұл ісі де өзінше адамшылық ерлігі еді. Тұрар күрес, халық, революция мүддесіне беріктігінен жаңылмайды. Үкімет тізгіне қолында тұрса да, өз әйелі Наташаның бөлесі, совет өкіметінің жауы Приходкоға кеңшілік жасамайды. Өзінің атын малданып, елде болыс сайланып, жұртқа топалаң туғызған жақын туысқаны Оразбақты орнынан алдырады.

Түркістан халықтарының жай-мұңын жақсы түсінетін. Москвадан келген төтенше өкіл Кобозевтің бейнесі тартымды елестейді. Кең пайымды, халықтардың терең мүдделерін түсінуге қабілетті, интернационалист-большевиктің жарқын сыпаттары осы тұлғаның бойынан неғұрлым молырақ көренеді. Ол барлық істе де еңбекшілердің жақтаушысы, халықтар азаттығының жаршысы секілді.

Әдеби қаһарманның нанымды, тартымды шығуы оның басынан өткен барлық істерінің тізбегі көрсетілуіне байланысты емес, бір рет елестесе

де, ең ұрымтал, мінез ашыларлық тұсынан талғап берілуінде ғой. Жазушы Ш. Мұртазаев бұл шығармасында кейіпкерлердің жан дүниесі айқындалмай қоймайтындай оқиғалар иірімін, тартыс табиғатын талғауда алғырлық танытқан. Тұрардың да, Кобозевтің де әрбір сөзі, іс-әрекеті, оңаша ойы уақытқа, жағдайға, мінезге сай екшеленгенін көреміз. Әсіресе Тұрардың бұл тұстағы кесек істерінің мәнін төмендетіп алмай, қайшылықтарды көрсетуден жалтарып, жеңіл шешімге ойысып кетпей, «қаны сорғалаған» шындықты қаз-қалпында бейнелеу творчестволық батылдықты керек ететін. Түркстан республикасының болашағы шешілетін кезеңде үкімет басында болған Тұрардың азаматтық тұрғыларының беріктігі, өзіне қатер төнсе де, көздеген адал бағытынан шегінбейтіні, «заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейтін арзан есепті тәрк ететіндігі, дүниенің жылтырақ қызығына, өз басының мансабына бола халық мүддесін сатып кетпейтін мәрттігі «Жұлдыз көпір романында салдарлы көрініс берген. Тұрар бейнесінің ғибраты, қымбаты осында. Шын мәніндегі мемлекеттік қайраткердің тарихи анық орнына лайық әдеби бейнесінің жасалуы, қоспасыз, жалтақсыз мол шындықтардың айтылуы – шығарманың ең бағалы қырлары. Бір халықтың ғана емес, тағдыры, тілі, тарихы жақын бірталай туыс елдердің ортақ мүдделерін кең ойлауға қабілеттілігі, Тұрарды өз тұрғыластарының көбінен озық етіп көрсетеді.

Романда Тұрармен әр кезеңде, түрлі жағдайда істес болған Қабылбек Сармолдаев, ержүрек қызыл командир Абдолла Жармұхамедов, Сардулла Тұрсынходжаев істері мен сөздері де ара-тұра еске түсіріліп отырады. Нәзір Төреқұлов, Ғани Мұратбаев, Әбубәкір Диваев, Сұлтанбек Ходжанов, Санжар Аспандияров есімдері ұшырайды. Бірақ бұлардың бейнесін салдарлы сюжет арқылы беру жазасының міндетіне кірмеген, автор олардың іс-әрекетін Тұрарға қатысты шеңберде ғана там-тұмдап ауызға алып отырады. Бұл адамдардың қай-қайсысы да күрделі өмір кешкен, кезінде әр салада елеулі істер атқарған жандар. Мәселен Түркстан республикасы басшыларының бірі болған аса білімді, дарынды Нәзір Төреқұловтың өмір жолдары мен әлеуметтік істері жеке шығармаға жүк боларлық. Ал азамат соғысының қаһарманы Абдолла Жармұхамедовтің жарқын істері, өшпес ерліктері драмаға да, прозаға да, дастанға да тақырып боларлық. Сондай-ақ белгілі фольклоршы, қазақ әдебиеті нұсқаларын жиып бастыруда ересен еңбек еткен Әбубәкір Диваев есімі де біз үшін аса қымбатты... Мұндай тақырыптарға қаламгерлеріміз ертелі-кеш бір бұрылатынына сенеміз.

«Жұлдыз көпір» романында халық жағдайын жақсы түсінетін адал большевиктермен қатар коммунистік мұратты сөз жүзінде ғана сылдыратып айтатын, бірақ барлық іс-тәсілі патшалық кезіндегі әкімдерден айнымайтын жалған «жетекшілер» кескіні де көрсетілген. Тарихи документтік деректерге нық сүйене отырып, Ш. Мұртазаев мұндай жасырын жауларды қастандықтарын өз қалпында жария ете алған. Бұл жағынан да шығармада жаңа қадам жасалған. Елдің ашаршылыққа ұшыраған себебін білуге зәредей ниеті жоқ, байды да, кедейді де, анық жауларды да, адасқандарды да, баспаншыларды да, бейбіт жұртшылықты да бірдей санап, бәрін дұшпан көрген белсенділердің қылықтары жан шошындырады. Мәселен, Ферғана жағында баспаншылармен соғысып жүрген кейбір

қызыл әскер отрядтарының командирлері мынандай «жарлық» таратқан: «Наманғанның мұсылман халқына бұйырамын: араларыңда жасырынып жүрген қарақшыларды дереу ұстап беріңдер, Ескертемін: егер осы бұрық жарияланғаннан кейін 24 сағаттың ішінде атыс тоқтатылмаса, қарақшыларды ұстап бермесеңдер, түп-түгел жойыласыңдар» (175 бет). Міне езілген елдерге шын қамқоршылармен қатар осындай «жарылқаушы» қаніпезерлер де жаңа өмірді орнатушылар «санатында» жүргенін қырағы қаламгер тасада қалдырмай, олардың сұрапыл топастығын, сансыз сойғанын таңбалайды. Советтік дәуірдің алғашқы кезеңінде көрініс берген әлгі «бұйрықтың» патша заманында «Туркестанские ведомости» газетінде басылған сөздерден айырмаса жоқ есебі. Ол сөздердің сұрқы төмендегіше болатын. «Киргиздардың жерін тартып алуға ұялып-қызарудың керегі жоқ. Өйткені бұл жер үшін орыс қаны төгілген. Ал көшпелі киргиздарға келетін болсақ, олар, ерте ме, кеш пе, Лена өзенінің сағасында бір кезде өмір сүрген вогулдардың кебін киеді… Мұнда тағы бір жағдай – тарихтың аяусыз қатал заңы бар: өмірге бейім, мәдениетті, дарынды нәсілмен жанасқанда мешеу жабайы халық не сол өміршең, мәдениетті нәсілге сіңісіп кетеді, не жер бетінен жойылып кетеді». Ең өкінішті бір жері сол – Түркстан республикасының басшылығында жүрген Кушекин, Успенскийлер бұрынғы отаршылдарды сөз жүзінде мансұқтаған болғанымен, соларға іш тартатынын жасыра алмайды. Олар патша генералдары Черняевтің, Скобелевтің атын өшіріп, бұрынғы жергілікті атаулардың қалпына келтірілуіне қарсылық білдіреді, Ташкент қаласындағы генерал-губернатор Кауфман ескерткішін құлатуға ырық бермей жүреді...

Ш. Мұртазаевтың жаңа романы құрылысы шымыр, сюжеттік арқауы берік, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда революцияның алғашқы жылдарында өткен оқиғалардың қайшылықтарына, күрестің күрделі сырларына қанықтыратын, сол шақтағы әлеумкттік аренаға шыққан халық перзенттерінің жаңа советтік түзімді орнықтыру үшін жүргізген азаматтық әрекеттерінің мәнін түсіндіретін, ертеде езіліп келген Түркстан халықтарының Ленин партиясының даналық саясаты арқасында әлеуметтік, ұлттық теңсіздіктен құтылу бағытындағы аңсарларының жүзеге қалай асқанын әйгілейтін, документтік негіздерге құрылған, сондықтан да нақтылы танытқыштық деректері мол, оқушының революция заманының ақиқаты туралы ұғымын кеңейтетін құбылыстардың сыртқы бетіне ғана емес, астарларына да көз жүгіртуіне көмектесетін шығарма. «Жұлдыз көпір» бұдан бұрынғы «Қызыл жебе» дилогиясымен қосыла келгенде революция қарсаңы мен совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстан, Орта Азия өмірінің көптеген қажетті шындығын көркем шежірелеген кең тынысты, тарихи-революциялық романшылық дәстүрін дамыта түскен туынды болып табылады.

Трилогияның тілдік кестесі де олқы түспейді. Жазушы әдеби тіліміздің жақсы меңгергендігін, ізденіштігін байқатады. Баяндау пен суреттеудің аралас келіп отыруы шығарманың көркемдік жарасымдылығын белгілейді. Роман тілі жөнінде бір ғана мәселені ескерткіміз келеді. Ш. Мұртазаев қазақ тілінің ішкі байлығын, икемін пайдаланып, жаңа тіркестер, сөйлемдік соны

құрылымдар қалыптастыруға ұмтылады. Тіліміздің табиғи әуені, заңдылығы сақталған жерде мұндай жаңалықтар орынды сезіледі. Бірақ сөйлеу, баяндау мәнерін қалайда жаңаландыруға тырысу, сөз жоқ, жасандылыққа апармақ. Автор сөйлем аяғындағы етістікті қайталай бермей, өзінше тіркестік модельдер сіңірмек болады. Мысал келтірейік: «Рысқұлдың жолбарыс туып, оның інісі Молдабектің барақ болғаны құсаландырар. Енді осыдан Рысқұл зәуіде қайта қалса, бұл сорлы не бетін айтады деп байы үшін де қайғымен қан жұтар» (70 бет). Осы екі сөйлемдегі «құсаландырар», «қан жұтар», «құсаландырады», «қан жұтадының» орнына алынғаны көрініп тұр. Бұл сөйлемдер контекстке жатық шығып тұрған жоқ. Мұндай бірен-саран мысалдың өзіне мән беріп отырған себебіміз сөйлемдік жүйелерді өзгеріске түсіру өте сақтықты керек ететіндігінен. Әлгі айтқандай тіркестерді Ш. Мұртазаев бұдан бұрын «Қара маржан» романында да келтіргенін байқаған едік. Бірақ ол тәжірибесіне ешкім ашық сын айтпаған секілді. Енді ол пікірді біз айтуды қажет санадық. Біздің кейбір қаламгерлеріміздің тым еліктегіш мінезін есте тұтсақ, сәтсіз жаңалықтың өзі өріс алып кету қаупі бар. Сол үшін ғана кідіріп отырмыз. Бір кезде бір автордың «ал ендеше» деп жазып жіберген «сосын» деген жып-жылмағай сөзі («сонан соңның» орнына алған) қазір әдеби шығармаларда арам шөптей қаптап жүр ғой...

«Лениншіл жас» газеті, 21 тамыз 1984 жыл.

«Оқыдық, пікір айтамыз» айдарында

«ЖҰЛДЫЗ КӨПІР»

Бақтыяр ӘБІЛДАЕВ

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Шерхан Мұртазаевтың «Жұлдыз көпір» атты кітабының қалың оқырмандар қолына тигеніне де біраз болды. Бұрынырақ қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген «Қызыл жебе» романының жалғасы, үшінші кітабы болып табылатын бұл шығармада белгілі большевик Тұрар Рысқұловтың өмір жолы мен саяси қызметі сөз етіледі. Түркістан Советтік Социалистік (автономиялық) республикасының жылдарындағы ескі тап күресі, контреволюциялық әрекеттер, жаңа өмір мен өлім беттескен сәттер, ескінің өліспей беріспеуге бел байлаған тұяқ серпілістері... Осындай қат-қабат, қым-қуыт шақта көп ұлтты республика басшыларының біріне дейін көтерілген жиырма үш-жиырма төрт жастағы Тұрардың саяси, рухани өсуі, кейде аяғын қыя басып жаңылған сәттері, махаббаты... шебер жазушының тегеурінді талантымен оқырмандарды баурап, қиянда қалған кездерді қиял құсымен аралатады.

Ірі қайраткерлердің әрекеттері де кесек, жіберген кателерінің де ауыртпалығы, салдары орасан. Тұрар Рысқұлов та сондай бірегей тұлға. Қаршадайынан тап күресінің қайнап пісіп, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемдерінің бірі болған Рысқұлов өзінің үлкен саяси ұйымдастырушылық таланты арқылы Әулиеата Совдепінің басшысынан

Түркістан Советтік Социалистік Республикасының комиссары, ал кейінірек партиялық, әрі мемлекеттік басшысы дәрежесіне дейін көтерілуі сенімді көрсетілген. Ал мұның өзі жазушыға оңайға түспегені сөзсіз. Өйткені Тұрардың балалық шағы, әкесі Рысқұлдың шонжарлармен жалғыз алысып жеңіліс табуы Мұхтар Әуезов сияқты классик жазушының қаламына ілігіп, тіпті кейінірек пьесаға да айналуы қалың жұртқа белгілі болғанымен ірі саяси қайраткер Тұрар Рысқұловтың өмір жолы, тіпті тарихи әдебиетте де әлі күнге дейін толық көрінісін тапқан жоқ-ты. Тумысынан трагедиялық хал-ахуал кешкен Рысқұловтың жарқын да жалынды бейнесін жапқан бұлт көлеңкесін серпіп тастау үлкен азаматтық әрі ғылыми ерлікті керек ететін еді.

Сексенінші жылдардың биігінде тұрған білімпаз ұрпақты айтпағанның өзінде көптеген белгілі замандастары да Тұрар Рысқұлов күресін, бейнесін тап басып, дәл бағалай алмағаны белгілі. Түркістан республикасының басында тұрған кезінде жіберген кейбір қателіктерін достарының большевик достарының Москвадан келген Турккомиссияның ескертуі тегін емес-ті. Ал, жиырмасыншы жылы Тұрар Рысқұлов жіберген қате алдынан талай рет шығып, ақыры жарға жығатынын жазушы оқушысына ескертеді.

Тұрар бейнесін бағалаудағы көптеген тарихи қиянаттан аршып, оны берік большевиктік позициясын көркем көрсете білген Шерхан Мұртазаевтың ерлігін жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтың алдымен романның үшінші кітабы талқыланғанда да, кейін «Социалистік Қазақстан» бетінде де аталық разылығын білдіруі тегін емес.

Романның басты кейіпкері – Тұрар образы қазақ совет әдебиеті тарихында жасалған бейнелер ішінде өзінің аса күрделілігімен, сомдалған ірілігімен көзге түседі. Революцияның тар жол, тайғақ кешулерінде кейде сүрінгенмен большевик бағыттан айнымаған Тұрар Рысқұловтың айқасқан жаулары да осал емес, идеялық достары да масштабы үлкен жандар. Бастан аяқ драматизмге толы, кейде тіпті трагизм ноталары кездесетін, сезім қылын шертетін, эстетикалық ләззатқа да бөлейтін лирикалық сәттері де мол кітап оқушысын еріксіз тартып әкетеді.

Әрине, оқушыны ең алдымен толғандыратын Тұрар Рысқұлов тағдыры екені сөзсіз. Сөйтсе де оның әр қадамының сәтті де сәтсіз болуы ең алдымен сол аласапыран кезде қалыптасқан жағдайға, Тұрардың әріптестері мен қарсыластарының әрекетіне де байланысты. Революция жеңгенмен ашық жаулық жолына түскен дұшпандармен – Ергеш, Ташболат басмашыларымен қатар астыртын іштен шалушы, реті келген жерде ту сырттан ататын жаулар әскери комиссар, большевиктік билетті бүркенген опасыз Осипов, ТурЦИК председателінің орынбасары, бұрынғы эсер Кушекин, ерекше бөлімнің бастығы, жасырын жау Успенский, ағылшын шпионы Бейли және басқалары аса қатерлі жандар. Жазушы сол революция дұшпандарының қаскөйлігін ірі әрекеттермен көрсетеді, әр қайсысының өзіне ғана тән характерін жасаумен қатар революция жеңістеріне, сарбаздары мен сардарларына дегенде ұялы қасқырдай бірігіп кететін мүдде бірлігін танытуды ұмытпаған. Романның алғашқы кітабында күшіне сенген Дауылбай болыстың жана заманның аңысын аңлай білетін, өз басын жақындарын аман сақтау үшін шегіне де алатын әккі, залым екенін де жазушы шебер жеткізеді.

Жаңа орнаған жас өкіметтің саясатын халыққа бұрмалап жеткізудің жолдарын іздестірген дұшпандық әрекеттің аса зияндылығын көрсететін Оразбақ, образы автордың даусыз табысы. Ауру салдарынан надан болып, оң мен солын танымай өскен Оразбақ – Тұрардың немере бауыры, Рысқұлдың інісі – Молдабектің баласы. Тұрардың жаулары таптық санасы оянбаған сол сорлыны Дауылбай залымның інісі Қарабектің орнына болыс қойғанда Оразбақ байлардың сойылсоғарларының ақылымен аштыққа ұшыраған-дарға тікелей көмек көрсету орнына қалт-құлт етіп күн көріп отырған өз ауылдастарының – шыңына жеткен кедейлердің соңғы түйір дәмін сыпырып алады. Аш елден тартып алынған астықтың араққа айырбасталып, Оразбақтың мас болатын тұсы Шерхан Мұртазаевтың сатиралық талантын да аша түседі. Жалпы жазушы стиліндегі кекесін, юмор кітаптың әр жерінен-ақ әдемі көрініп отыратынын айырықша айта кеткен абзал. Өмірде шынында да нақты прототипі бар Оразбақ образы талантты жазушының құдіретті қолымен табиғи жасалған бишараның классикалық бейнесі деп батыл айтуға болады. Автор өз кейіпкерінің портретін жасауда да бояуын дәл таба білетін суреткер, ішкі дүниесін тап басып танитын психолог.

Тұрардын сүйіктісі – Наташа бейнесі, іс-әрекеті де оқушыларды сөзсіз толғандырады. Алғашқы кітапта балаң қыз ретінде көрінген бұл кейіпкерден екінші кітапта көз жазып қалған оқушы оның қандай рухани, саяси өсу жолынан өткенінен хабарсыз. Махаббат ынтықтығы сол уақыт үзген сезімді қайта жалғағанмен таптық тәрбие, күрес логикасы, елеусіз түйінді асу бермес асқарға, өткел бермес жар жағалауға айналдырады. Тұрар махаббатын тіпті көптеген достары да қоштамайды. Талай жылдарға созылған махаббаттың трагедиямен аяқталуы оқушы үшін сырттай заңды көрінгенімен оны киналтатыны да сөзсіз.

Жазушынын ғажап қиялынан туған трагедиялық Арман-Артур бала бейнесі де революцияның қиян-кескі шайқастарында үзілген көп үміттің бірін, жалғасын таппай кеткен жастық құрбандарын еске салады. Шын мәнінде ақындық шабытпен жасалған бұл образдың философиялық астары кітаптың Арманға арналған беттерін ойлана оқуды керек етеді.

Үшінші кітаптағы Тұрар Рысқұлов – рухани, саяси жағынан да, тәжірибе жөнінен де өскен қиялдағыны қияннан көретін бүркіт көзді, сезімтал да сенімді лениншіл большевик. Жазушы өзінің басты кейіпкерін тап күресі мектебінде, университетінде қалай өскенін сенімді детальдармен, штрихтермен көрсетеді. Совет өкіметінің белгілі басшыларының, Коминтерн өкілдерінің біріне дейін көтерілген Тұрар Рысқұлов Түркстанда тиісті сатылардан өткенін, В.И.Ленинмен алдағы кездесуде жіберген қателерімен бірге жаңа өсу жолына түсетінін оқушы осы кітаптан-ақ ет жүрегімен сезіне алады. Кітапта М.В.Фрунзе, В.В.Куйбышев, Ш.З.Элиава, Я.Э.Рудзутак сияқты большевиктердің – ұлы Лениннің серіктерінің бейнелері де сараң болса да дәл бояулармен берілген. Әрине, кітаптың соңғы тұсында көрінетін бұл кейіпкерлер әрекеті кейінгі томда өзінің тиісті жалғасын табатыны даусыз. Сөйтсе де М. В. Фрунзе бейнесі, оның Тұрар Рысқұлов туралы берген бағасы оқушы жүрегіне ерекше жылы тиеді. Сол сияқты Ленин алғаш жіберген Төтенше комиссар Кобзов бейнесінің де сәтті шыққанын айта кеткен ләзім.

Оқушылар кейінірек Қазақ автономиялық Совет республикасы өлкелік комитетінің бірінші секретары болған Голощекинмен де осы үшінші кітапта танысады. Автор оны аз көрсетсе де бірбеткейлігін, асыра сілтегіштігін, қолына мықтап билік тисе, белден басып, қақырата сөгуге барын сездіріп, психологиялық алғышарт жасайды.

Үшінші кітапта жаңа кейіпкерлер аз емес. Сөйтсе де эпикалық планда тамамдалып келе жатқан бұл романды шығыс халықтарының, оның ішінде қазақтардың да Ұлы Октябрь революциясының жеңісіне қалай келгенін көрсететін әлеуметтік ауқымы, қамтуы кең аса ірі суреткердің полотно, бірегей туынды деп сеніммен айтуға болады. Бұл роман-эпопея тек Тұрар Рысқұлов туралы ғана өмірбаяндық роман емес. Өйткені бар әлемді дүр сілкіндірген ұлы төңкерістің алғашқыда шет шалғайында жүрген басты кейіпкер, езілген енбекші халықтың төл перзенті басты өкілдерінің бірі ретінде кейінірек ұлы дүмпудің қақ ортасына, эпицентріне дейін барып, бүкілдүниежүзілік, бүкіл одақтық революциялық қозғалыстың көш басындағылар қатарына қосылағындықтан дәл осылай деп батыл айта аламыз.

Тарихи адамдар өмірінен көркем шығарма, жай ғана емес бірнеше ондаған жылдарды қамтитын роман-эпопея жазу оңай дүние емес. Сапырылысып жаткан көп кейіпкерлердің әрқайсысының өзіне ғана тән тағдырын, характерін жасау үлкен суреткерлік шеберлікпен қатар ғылыми зерттеушілікті кажет етеді. Оның үстіне биыл декабрьде туғанына 90 жыл толатын Тұрар Рысқұловтың өзін көріп, тіпті істес, қызметтес болғандар да арамызда аз емес. Олардың кітаптан өздері көрген, өздері білетін қайраткер бейнесін іздейтіні сөзсіз.

Автор өз романына көбіне өмірде нақты болған адамдарды кейіпкерлер етсе де шығармасына «тарихи» деген айдар тақпапты. Сондықтан тарихи Тұрар Рысқұлов және онымен қарым-қатынаста, байланысты болған әдеби кейіпкерлер бейнелерінен дәуір шындығын, болмаса дәл деректі жайларды, адамдарды көрсетпедің деп автордан талап ету қиын. Социалистік реализмнің тұңғыш туындысы «Ана» романында М. Горький 1905 жылғы революционерлердің жиынтық-типтік бейнесін үшін нақты сормоволық жұмысшы Петр Заломовты Павел Нилов ретінде көрсеткені мәлім. Шерхан Мұртазаевтың бұл роман-эпопеясында тарихи нақты адамдармен қатар революцияның алғашқы жылдарындағы өткінші кезеңде көптеп кездескен жандардың типтік бейнесін көрсететін, тек жазушы қиялынан ғана туған әдеби кейіпкерлер де едәуір. Кейіпкер прототипі бар адамдарды көптеген әрекеттерін ойдан шығарғандықтан автор олардың аттарын аздап, тіпті түгелдей өзгерткенін де байқауға болады.

Автордың роман-эпопеясы әлі аяқталған жоқ. Біз келесі кітаптан басты кейіпкер – Тұрар Рысқұловты ұлы Лениннің, оның сенімді шәкірттерінің жанынан көретінімізге сенімдіміз.

Таланты кемеліне келген – тілге ұста, ғылыми зерттеу – кісілік шеберлігі де сай жазушы Шерхан Мұртазаевтың – сәтті бастаған творчестволық ерлігін одан әрі жалғастырып, қазақ совет әдебиетінің ғана емес, әлемдік мәні бар ұлы совет әдебиетінің алтын қорына қосылатын роман-эпопеясын қалың оқырмандар қауымы қолына көп ұзатпай тигізеді деп күтеді.

«Еңбек туы» газеті, 20 қыркүйек 1984 жыл.

«БОРАНДЫ БЕКЕТ» ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

Заманымыздың аса көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың әрбір шығармасының көтерген үлкен жүгі болатыны жұртшылыққа белгілі. Әсіресе, оның сонғы шақтағы туындылары күллі совет әдебиетінің туын көтеріп тұрған биіктер болып табылады. «Қош, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн»... Осы шығармалардан кейін суреткердің дүл-дүл шабысы жаңа қарқынға басты, шабыт пырағы әлемдік деңгейге көтерілді» деп күллі зиялы жұртшылық сүйсіне мойындағанына да бірталай уақыт болды. Солардың ішінде автордың «Ғасырдан да ұзақ күн» деген романы жаһандық көлемдегі бірегей туындылар қатарына қосылды.

Міне осы роман «Боранды бекет» деген атпен (Алматы, «Жалын» баспасы, 1986 ж. аударған Шерхан Мұртазаев) қазақ тілінде де басылып шықты. Әрбір нағыз дарынды шығарма секілді «Боранды бекет» те ешбір алдын ала сызылған шеңберге сыймайтын, оқушыны алуан ойларға жетелейтін, санасына бүкіл адамзаттық ортақ мүлделерді сіңіретін, толғауы тоқсан туынды. Адам мінездерін бейнелеуде де жазушы өзіне ғана тән соқпақ салған. Біз романның қасиетін арттырып тұрған бірнеше мәселені сөз еткіміз келеді.

Қарапайым еңбек адамы Едіге Жангелдиннің шоқтықты бейне деңгейіне көтерілуінде күрделі себептер бар. Біздің ойымызша Едіге тек ұнамды хаһарман ғана емес, оның атқарып тұрған идеялық-көркемдік қызметі анағұрлым кең. Ол арқылы суреткер көптеген кәделі шындықтарды айтқысы, еске салғысы келген.

Суреткердің пайымдауынша Едіге тек күнделікті қызметін ұқыпты атқарып, тапқан нәпақасына риза болып жүрген күйбең тіршілік адамы емес. Ол, ең алдымен, өзінің барлық іс-әрекетін адамдықтың биік шарттарына үйлестіргісі келетін, бұрынғыдан келе жатқан жақсы салттарды қадір тұтып, қымбат санайтын кісі. Едіге ес білгеннен бастап, дүниенің қасиеті еңбекке, өскен ортаға, халыққа, дәстүрге адалдықта деген ережені берік ұстанған.

Өмірдің қандай ауыртпалық, алмағайып сәттерінде де ол өзінің осы адамдық келбетінен айнымайды. Істеп жүрген ісі елдің, заманның, жалпы адам қауымының ең ізгі дәстүрлеріне сәйкес келуі және мұны біреудің көзіне түсу үшін емес, табиғи мінез етіп қалыптастырғаны Едігенің қарапайым ұлылығы болып көрінеді. Сырт көзге көп еңбек адамының бірі секілденіп көрінетін темір-жол жұмысшысының өзгелерден «сәл» ірілеу жері осында...

Романның алға ұстаған негізгі идеясының бірі – адамзат жасаған қаншама әулеттің сынынан өткен, өмірдің қалыпты дамуына сүйеніш, тірек болып келген ізгі дәстүрлерді жалғастыру қажеттігіне сайса керек. Адамшылық парыз, өзгелерге мейрім, шарапат, адалдық, бауырмалдық, еңбекшілдік, турашылдық, тарихи сананың беріктігі – міне осы және басқа ұғымдар романның орталық қаһарманы Едігеге құрғақ сөздер болып естілмей, таза қағида, өмір нормасы болып есептелелі. Едіге осындай

түсініктерді тек ойша құптап, іштен келісіп қоймай, іс жүзінде дәлелдейді. Шығарманың өн бойынан бұл айтқандар толық көрінеді. Осыншама күрделі ойлар мен шындықтар бір ғана оқиға төңірегіне топтастырылған. Ол – теміржол бойында ұзақ жылдар адал еңбек еткен, айналасына қадірі артқан қарт жұмысшы Қазанғаптың өлімі және оны жерлеуге байланысты өрбіген желі. Қазанғаптың тірі кезіндегі тілегі бойынша Едіге оның денесін сол өңірде аса киелі саналатын, көптеген әулеттердің ең қадірлі деген адамдары қойылған Ана-Бейітке апарып жерлемекші болады.

Кейбір адамдардың «сонша алысқа барып несіне әуреленеміз» деп тартпақтағанына қарамастан Едіге Қазанғап досының атақты бейітте жерленуін лайық көреді. Үстірт қарағанда онша күрделі тартыстар туғызарлық болып көрінбейтін «үйреншікті» оқиға іс жүзінде терең астарлы болып шығады. Өлген кісіні ақырғы сапарына шығарып салу мәселесі теміржол разъезі тұрғындарының адамшылық тегеурінін таразыға салған сынға айналады. Басқалар, соның ішінде Қазанғаптың баласы Сәбитжан өлген кісіні жерлеуді жеңіл-желпі іс көрсе, Едіге бұған айрықша мән береді. Адамшылық дәстүріне беріктік Едігенің бойын өзгелерден биіктендіріп тұрған сыпат болып көрінеді…

Едігенің парасаты тек осы тұста ғана емес, шығарманың өн бойында жарқырап ашылады. Ол Әбутәліп Құттыбаев семьясының ауыр тағдырын қолынан келгенінше жеңілдеткісі келіп, жан-тәнімен болысады. Әбутәліп ғайбат жаланың құрбандығы болып кете барғанда оның балаларына қамқорлық жасайды. Шынында «сенімсіз» делініп тұтқынға алынған, саяси кінә тағылған Әбутәліпке достық қолын созу сол бір кезеңде ерлікке тән әрекет болатын. Кейбіреулер «сақтық» ойлап, ақиқат сөзін айтуға батылы бармай жүрген кезінде Едіге туралықтан танбайды. Тергеуші «Әбутәліпті қаралап бер» деп қанша қорқытпақ болса да, ол әділдіктен ауытқымайды. Қаһарманның іс-әрекеті барлық жерде де табиғи ашылған, тұрақты адамшылық оның сүйегіне біткен болмысы. Боранды разъезінің ерекше ауыр жағдайына төзіп, қыстың суығында, жаздың ыстығында өзінің қызметін адал орындағаны, еңбекшілдік, адалдық, барға қанағат ете білгендік, айналасындағы жандарға қамқорлық оның бүкіл өміріне тән ерекшелігі. Қиянаттың уақытша болса да бел алғанын көріп, жаны қинала тұрса да, ол шындықтан күдер үзбейді, келешекке өр сеніммен қарайды. Ана-Бейітке Қазанғаптың денесін қоюға рұқсат етілмеген мағынасыз қаталдықты жеңе алмаса да, ол өзі әз тұтқан ұғымынан қайтпайды, мыналарың сорақы зорлық қой дегенді ертелі-кешті түсіндіремін деп ойлайды. Едіге ата-бабалардан келе жатқан киелі дәстүрлерді қандай құрметтесе, адамшылық нормасы секілді қалыптаскан сол салттарды аяқ асты еткісі келетіндерге жирене қарайды. Мұның бәрі «Боранды бекет» романы қаһарманын жер бетіндегі жақсылықтарды сақтап келе жатқан, азып-тозуға бой алдырмаған, кісілік атына кір келтірмеген, шындық пен намыс үшін күреске әрдайым әзір тұрған замана ері дәрежесіне көтереді, қатардағы еңбек адамының ұлылық сыпатын анықтайды.

Ш. Айтматов романында желі тартқан күрделі мәселенің бірі тарихтың өнегелі тағлымдарымен қатар өкінішті сабақтарын да ескертіп,

дүниені сұмдықтардан, зұлымдықтардан сақтау міндетіне саяды. Бұл да шығармада бірдің емес, миллионның тіршілігіне қатысты ортақ проблема ретінде көтерілген. Қазақстанның бір қиырында жатқан Боранды Бекет адамдарының ойлары мен іс-әрекеттері осы тұста да бүкіл әлемдік қажеттермен үндес. Жазушы жаһанда бір-біріне байланыссыз құбылыс жоқ, бүгінгі дегеніміз бұрынғының заңды жалғасы, өткен дәуірлерден игі дәстүрлер де, шырмауықтай жабысып жаман әдеттер де қабаттасып келе жатқанын диалектикше талдайды.

Туған анасын атып өлтіріп, өшпейтін күнәсін өзі сезбейтін, қайта ол ісін қоғамға пайдалы жұмыс атқардым деп есептейтін тарихи санадан жұрдай Мәңгүрт бейнесі бекер алынбағанын көреміз. Өйткені мәңгүртшіліктің жаны сірі, ол әр кезеңде түсін өзгертіп, құбылып отырмақ. Жас, сұлу өнерлі қызды сүйгені үшін «дәстүрді бұзды, сүйегімізге таңба түсірді» деп қарт жырау ақын ағасын адам айтқысыз қорлыққа салған Әбділхан да мәңгүрттің бір түрі. Мәңгүрт атану үшін тек соғыста дұшпанның қолына түсіп, азап көріп, миы айналу шарт емес екен. Адамшылық табиғатына жат істерге ойланбай баратындар, елдің қасиет санаған салттарын табанға басып жүре беретіндер, сөз жүзінде бәрін тындырып, бір дебір тиянақты, игілікті әрекетке қабілетсіздер, кешегі күннің тәжірибесін мүлде ұмытып, бүгінге де, болашаққа да жауапсыз қарайтындар мәңгүрттің ағайыны демеске болмайды. Осыдан-ақ жазушының мәңгүрт туралы аңызды тек қызықтық үшін алмағаны көрінсе керек. Суреткер осы бейне арқылы ата-тегін білмейтін мүртеттерді, халқының тарихындағы жақсылықты жамандық деп түсіндіретін үмітсіз надандарды, мың жылдар бойында оны елді қуанышқа бөлеген салттарды құбыжық етіп көрсететін азғын-тозғын пенделерді таңбаламақ.

Тұжырып айтқанда мәнгүрттік тік адам баласының сан ықылым заманнан келе жаткан асыл дәстүрлерінен махрұм қалушылық қана емес, кешегі мен бүгінгінің байланысын пайымдауға, одан тиісті қорытындылар шығаруға мешеулік, жабайы аңдар секілді қарын тоқтығын ғана мәсе тұтушылық, келешектің қамын зәредей де ойламаушылық, табиғат, әлем көрінеу көзге бұзылып жатқанда селт етпеушілік, өзгенің көз жасына шімірікпеушілік, дәстүр, салт, наным, сенім, қанағат, шарапат, отаншылдық, туыстық, парыз деген ұғымдарды тәрк етушілік болып табылады.

Жазушыны Қазанғап, Едіге тәрізді асыл адамдардың ізбасарлары кімдер деген сауал қатты толғантады. Бұл мәселеге суреткер шығарма көлемінде әлденеше рет қайталап оралады. Өмірге, ізгілікке деген болаттай берік сенімі арқасында тіршіліктің небір соққыларына төтеп берген, қоғам, отан алдындағы жауапкершілікті үлкен абырой санайтын қайсар жандардың жақсы өнегесі жас қауымға қалай ауысып жатқаны проблема дәрежесінде көтерілген.

Біз бұл арада қаламгердің жұртшылық назарына салып отырған мәселесіне көңіл аударуымыз ләзім. Тәрбие жұмысындағы кеткен кейбір біржақтылықтың салдарынан аға ұрпаққа тән көптеген игіліктердің жас буынға жеткілікті дарымай қалғанын ескерту, жамағатшылыққа ой салу шығарманың түпкілікті идеяларының бірі тәрізді. Қазанғаптың жалғыз ұлы Сәбитжанның әке өліміне қабырғасы қайыспауы сұмдық жат мінез болып көрінеді.

Өлім қадірін білмеген өмірдің де қадірін біліп жарытпағандық деп есептейді Едіге. Қаншама өткен әулет қасиет санаған әдеттерді кейбір жастардың оңай таптап жүре беретіндіктері оны шошындырады. «Бұл иеліктен» деген сауал ойына жиі оралады. Әсіресе Едігені Сәбитжанның халықтың наным-сенімі дегенге тіпті керенау қарайтындығы, өз әкесінен құртымдай да қасиет ұстап қалмағандығы, туған жұртының топырағынан рухани байланысын үзіп алғандығы, дүние, қоғам, келешек туралы үстірт оқып алған жаттанды білімге малданатындығы, төзімді еңбекке үйренбегендігі, мақсатсыздығы, қуыс кеуделігі қайран қалдырады. «Мұндайларға қалған келешек ие болмақ» дегенді қатты ойлайды. Сәбитжандар бейнесі әлеуметтік тип ретінде анық табылған.

Бұл романда адам қоғамының келешегі жайында тебіреністі ойлар бар. Бұл мәселе кездейсоқ әңгіме дәрежесінде қалмай, заманалық, кезек күттірмейтін зәру проблема етіп қойылған. Жалпы роман оқиғасының Қазақстан жерінде өтуінің негізгі бір себебі, шығарманың қатарласа өрілген оқиғалық желісінің бірі – ғарышты игеру, оны адамзаттың игілігіне пайдалану жағдайы. Романның идеялық нысанасын өткірлей түсуге өзге планеталардағы тіршілік тәртібі туралы қиялдай алынған қызықты көріністер қызмет етеді. Бұл сарын жазушының өз аузынан айтылмай, өзге планетаға ұшып барған космонавтардың алған әсері және тұжырымы ретінде беріледі. Жер бетінің тұрғындарын жаңа планета адамдарының кең парасаттылығы, келешегін кең ойлайтындығы таңқалдырады. «Орман төстің үстінде әлі миллион да миллион жылдар тіршілік етуге болады. Соған қарамай, орман төстіктер сонау алыс болашақтағы миллиондаған жылдардан кейінгі жайды қазір ойлап, шексіз алыс заманның қамына бүгіннен бастап құлшына кірісіп жатқаны таңқаларлық. «Менен кейін бұл болмаса, күл болсын» деген арам ойда мұндағылардың біреуінің де басына келмеді ме екен десеңші!. Олар баяу жылжып келе жатқан шөл тақырдың ұзына бойына – мыңдаған шақырым шепке тосқауыл қоюға тырысып, аса терең скважиналар бұрғылап, оған өте шыдамды шипалы заттар салады екен... Олардың коллективтік, планеталық санасының өскендігі сонша, орман төстіктер соғыс атауының мүлде күрес құралы ретінде мүлдем көрмейді. (Көрсетілген кітап, 90-91 беттер) Қиял-ғажайып түрінде берілген осындай жәйттер табиғи ортаны қорғау және қауіпті соғысты болдырмау бірінші кезектегі міндеті болып отырған жер шары адамдарына арнап айтылған. Ұғар құлақ, зерек сана болса, бұл сөздер ой саларлық.

Шығарма қаһармандары Қазанғап та, Едіге де Арал теңізі жағалауында туып-өскен адамдар етіп алынуы табиғатты қорғау проблемасын ауық-ауық көтеріп отыруға «заңды» мүмкіндік берген. Бұлар бір кезде толқын ұрып жатқан теңіздің бейбітшілік заманында, айдың аманында жоғала бастағанын әрдайым жүрегі сыздай отырып әңгімелейді. «Қазанғап қайтыс болардан біраз бұрын Едіге екеуі Аралға барып оралған. Сүйтсе Қазанғап теңізбен мәңгі қоштаспақ екен ғой. Бірақ бармай-ақ қойғаны оңды болатын еді. Теңіз қашып кетіпті. Арал су алып, құрып барады екен. Теңіздің бұрыңғы табаны жап-жалаңаш тақырға айналыпты. Су жағасына жеткенше сол тақырмен он шақты шақырым жүрген. Сонда Қазанғап: «Жер әлем жаралғалы Арал

арымап еді. Енді құрғай бастапты, теңіз тарылғанда адамға не дауа, өмірі қып-қысқа ғой» деп еді. (Боранды бекет 13 бет)

Бұрынғы мен бүгінгінің, қазіргі мен келешектің үздіксіз байланысты құбылыс екенін, осы заманның заңдылықтарын өткен мыңдаған жылдардың тәжірибе аясында-ақ түсінуге болатынын зор көркемдік қуатпен көтере алғаны «Боранды бекетті» роман-проблема деп атауға да негіз береді. Көркем шығарманың ұлы мұраты оқушы санасына ірі ойлардың, ізгі армандардың, өшпес үміттердің нұрын түсіру, үлгілі жандар ғибратымен қаруландырып, сұмдықтардан жирендіру болса, дәл сондай уәзипаны Ш. Айтматов романы толық ақтарып шыққан. Адамзаттың ақыл-ой күшімен жаралған ғылыми-техникалық прогрестің жер бетіндегі абат тіршілікті жойып жіберерліктей қатерлі шепке жеткенін, халықтар арасындағы ынтымақ пен бейбітшілікті, түпкілікті орнықтыру бірдей бір шарт екенін ескертіп, жамағатшылықты парасат, тоқтамға шақыруы романның аса актуальдылығы, заманагөйлік сипатын арттырады.

Жазушы шығармалары, соның ішінде «Боранды бекет» романы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көркемдік мәдениетіндегі жаңа қадам ғана емес, Бүкілодақтық, жаһандық әдебиеттің сұлу да соны күмбездерінің бірі.

«Боранды бекеттің» аудармасы туралы бірер сөз. Көрнекті жазушымыз Шерхан Мұртазаев романның көркемдік кестесін, қайталанбас ерекшеліктерін терең түсініп, қазақ тіліне түпнұсқаның өрнектерін оңды жеткізген деп есептейміз. Бұлай болуына аудармашының қырғыз әдеби, мәдени дәстүрлерімен, соның ішінде Шыңғыс Айтматов творчествосымен жақсы таныстығы да есептескен. Бұдан бұрын Ш. Мұртазаев Ш.Айтматовтың «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» атты повесін аударып, оқушыларымызға тарту еткен еді. Ал бүкіл совет әдебиеті таңдаулы туындылардың бірі болып отырған, таңғы жаһанға жайылған «Боранды бекеттің» қазақша сөйлеуі игілікті іс, көркемдік мәдениетімізге қосылған үлес.

«Оңтүстік Қазақстан» газеті, 10 маусым 1988 жыл.

САНА СОТЫ – ТАРИХ СОТЫ

Герольд БЕЛЬГЕР,
жазушы

Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» трагедиясы төңірегінде бірер ой

Сахнада Сталин мен Рысқұлов арасындағы қиын, шегіне жете ширыққан әңгіме екі сағаттан аса уақытқа созылады. Осындағы ширығу көрермен залына да ауысады. Тұнған тыныштық құшағында көрермен Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрында жүріп жатқан, Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» атты пьесасы бойынша қойылған спектакльдің әр іліп-қақпасын қалт жібермей, әр сөз мағынасының қалтарысына ден қойған.

Өмірдің қалыптасқан дәстүрлі құрылысын бұзу қашанда қиындықпен өтері белгілі. Ал басқа жағдайда, әсіресе, ойластырылған қоғамдық-әлеуметтік күрт өзгерістер негізінде қате теориялық тұжырымдар, қатал ұрандар, шексіз билікке ие ыждағатты максималистердің өлшеміне сай келмейтін тағатсыз асығыстық, халық тағдырына жасалған эксперимент жатқан кезде көп ретте оның нәтижесі трагедияға айналмақ. Шұғыл жаппай коллективтендіру жылдары біздің еліміздің көптеген халықтары мен аймақтары үшін осындай трагедияға айналды. Біздің көп ұлтты әдебиетіміздің қазіргі кезде сол бір жылдарға, сол бір «ұлы өзгеріс» оқиғасына, жалпы халықтық сол бір қайғыға қайта-қайта назар аударуы тегіннен-тегін емес. Бұған белгілі шығармалардың, айталық А.Платоновтың «Қазаншұңқырынан», бастап («Юность» №3. 1988 жыл журналында жарияланған) атақты совет ақынының інісі И.Твардовскийдің «Бастан кешкендер» атты документті повесіне дейінгі мол тізімі дәлел бола алады.

Отызыншы жылдардың басы – Қазақстан тарихындағы қасіретті кезең. Мұнда жаппай коллективтендіру мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өмірлік әдет-ғұрыпты, психологияны көшпелі және жартылай көшпелі халықтың экономикалық дәрежесі есепке алынбай, жергілікті жағдай мен оның ерекшеліктері ескерілмей жүргізілді. «Октябрь дауылы ауылдың шет жағасын шарпып қана соқпай өтіп кеткен» деп пайымдаған Қазақстан өлкелік партия комитетінің сол кездегі бірінші секретары Голощекин «жабайы» далада «Кіші Октябрь» жасауды ұйғарды. Бұл идея Сталиннің де ойынан шықты. Голощекин өзінің осы «революциялық» міндетін жүзеге асырудағы практикалық қызметіне «Тұзы татымағаннан гөрі ащы болғаны жақсы» деген қағиданы басшылыққа алды. Құлақ естімеген осындай солақайлықтың салдарынан Қазақстанды аштық пен індет жайлады. Аз мерзімнің ішінде үш миллионнан астам адам опат болды. Осыған байланысты РСФСР Совнаркомы председателінің орынбасары Тұрар Рысқұлов дабыл қағады, ВКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары Сталинге хат жазады.

Бірақ жауап болмайды. Біраз уақыттан кейін Рысқұлов Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың барлық трагедиялық салдарына талдау жасап, оны нақты цифр мәліметімен бекітіп Сталинге тағы да хат жазады. Осы документтен тек екі-ақ факт келтірейін, (ол пьесада да келтірілген): «Қарқаралыда 1932 жылдың майында 50 мың 400 адам бар еді, ал ноябрьде 15 мың 900 адам қалды...», «1923-29 жылдары Қазақстанда 40 миллион мал болды. Содан 1932 жылдың февралінде 5,397 мыңы ғана қалды. Яғни мал саны 85,5 процент азайды».

Бұл жай ғана аштық емес, халық басына төнген нәубет еді. Нәубет емес-ау, нағыз геноцидтің өзі еді.

Рысқұлов хабарлайды: «Аштық пен індеттің салдарынан көптеген қазақ аудандарында көшпелілер арасында өлімнің қазір ұлғайғаны сондай, оған орталық органдардың шұғыл араласуы қажет ».

Рысқұлов айқындайды: «Қазір Қазақстанда қазақ тұрғындарының белгілі бір бөлегіне байланысты сондай ауыр жағдай туды, мұндай ахуал бірде-бір басқа өлкеде немесе республикада жоқ».

Рысқұлов өтінеді: «Бұл мәселенің өте маңыздылығына байланысты. Сіздің осы хатпен танысуыңызды және бұл іске араласуыңызды, сонымен

аштықтан қырылып жатқан көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуыңызды өтінемін».

Сталин мен Рысқұлов кездесуі болды...

Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» атты пьесасының деректі негізі осындай. Осымен «Халықтық трагедияның» мәні де түсіндіріледі. Осы ретте пьесаны қатал да қайғылы документтен жасалған деуге де болады. Бірақ спектакльді бар болғаны осы документтердің сахналық құрандысы деуге әсте болмайды... Бұл – өнердің барлық компонентін қамтыған көркем шығарма.

«Рысқұлов хатының қауіпті жағдайды сенімді түрде жеткізгені сондай, оған іле жауап берілді. Сталин Т. Рысқұловты қабылдады. Бұл кездесудің материалдарының сақталуы екіталай. Әңгіменің стенография арқылы жазылмауы да ғажап емес», – деп жазады тарих ғылымының докторы профессор В.М. Устинов, өзінің «Россия Федерациясы Совнаркомы председателінің орынбасары» деген кітабында (Алматы, «Жазушы». 1988 ж. 61 бет).

Рысқұлов жөніндегі трилогияның авторы, прозашы Ш. Мұртазаев өзін драматургия жанрында сынап, осынау әйгілі әңгімені негізінен оқиғаның деректілігіне сүйене отырып, көркем беруді де мақсат еткен. Меніңше, ол бұл мақсатына жеткен де.

Пьесаның қуаты диалогтың ішкі қызуына негізделген. Драматург бұл диалогты тамаша көркем талғампаздықпен өрген. Бұл ретте мына екі көріністі еске түсірсек те жетіп жатыр. Сталин Рысқұловқа кенеттен оғаш, зұлым ойын ұсынады. Ол Рысқұловқа Ягода мен Вышинскийдің атынан астарлы да қауіпті сұрақ қоя бастайды. Рысқұлов бұл емеуріннің қатерін түсінеді. Бірақ қорқынышты ойынның бар шартын қабылдап, бұзық ойлы сұрақтардың бәріне адамгершілікпен, абыройымен жауап береді. Бұл көріністі драматург қандай шеберлікпен жаза білсе, актерлер сондай шеберлікпен ойнайды.

Тағы бір көрініс. Түрлі жолмен қалай да мейірімділік пернесін басу мақсатымен Рысқұлов әңгіме барысында бүкіл халықты аштық апатынан құтқарған Египеттің фараоны Иосиф Прекрасныйды еске алады. Рысқұловтың нені меңзеп тұрғанын түсінген Сталин іле қорғанысқа көшеді: «Ал сен, әрине, сол Иосифтің туған ағалары оны ұрып-ұрып, өлімші етіп, қол аяғын байлап, құдыққа тастап кеткенін білесің». Рысқұловқа бұл мәлім. Ол Сталиннің де сондай «ағалары» болуы мүмкін екенін теріске шығармайды. Сөйте тұра ол қаһарлы билеушіге: «Кейін Иосиф Египеттің фараоны болғанда ағаларынан кек алмаған, қан төкпеген» деп ескертеді. Сталин оны күрт үзеді: «Филантропия! Библиялық философия!».

Сөз, сайып келгенде, қайырымдылық, мейірімділік халқында, «күшті адамның қайырымды болуы» жөнінде. Былай алып қарағанда қайырымсыздық, қаталдық ақылдың серігі емес, ал екінші қырынан келгенде ол билік беделіне қарсы тұрушының қандайын болсын аяусыз басып – жаншудағы қажеттілік. Осы екі көзқарастың қақтығысы, қайырымдылық пен зұлымдық туралы мәңгі талас бұл көріністе драматургиялық үлкен қуатпен, өмір шындығымен өрнектеледі.

Осы екі бастаудың қақтығысы халық өкілі, колхоз председателі Иман мен арынды «ағаш белсенді» уәкілдің (оның аты да жоқ сорлы) арасында да өтеді. Олардың боранды далада жартылай құлаған мазар үстіндегі

өлім алдындағы диалогтары есте қаларлықтай. Иман халықты қырғынға ұшыратқан сұмдық туралы жиіркене айта келіп уәкілге бейне көрегендікпен: «Сен сияқтылар осындай сұрапыл сұмдық істегенін кейін келешек ұрпақтан жасырып, күнәға екі есе батады ғой» дейді. Оған уәкіл дау айтады: «Келешек ұрпаққа мұның несі қызық?» Иман: «Ә, бәсе айттым ғой. Несі қызық емес, найсап! Бұл сабақ! Теңдессіз сабақ! Кейінгі ұрпақ осындай сұмдықты тағы да қайталамас үшін сабақ!».

Біздің қазіргі қайта құру кезінде айтып жүргеніміздің өзі осы емес пе? Шерхан Мұртазаев та пьесасын осы үшін жазбады ма! Ащы сабақ... Удай ащы сабақ. Сана соты. Тарих соты...

«Сталинге хат» спектакліндегі қарама-қайшылық пікір қақтығысын зерделей отырып, мен «иә, сол індет, қырғын шын мәніндегі халықтық трагедия бейбіт күнде, Совет өкіметінің орнағанына он бес жыл толғанда болды-ау» деген ойға келдім. Бұл тек Қазақстанда ғана болды ма? Еділ бойындағы аштық ше? Украинадағы жаппай аштық ше? Б. Можаевтың «Ерлер мен әйелдері», Б. Беловтың «Қарсаңдасы», Г. Завадскийдің «Өз қолымызбені» ойға оралады. Кубань мен Таврияда, Поволжье мен Донда болған естен тандырар, жаныңды түршіктірер қайғыны көрсетер фактілер мен цифрлар келтірілген Ю.Черниченконың таяуда ғана «Литературная газетада» жарық көрген «Екі құпия» атты мақаласы еске түседі. Бәлкім, драматург трагедияны шектен шығармай-ақ тек отызыншы жылдардың басындағы оның керемет көлемін мегзесе қайтер еді деген ойға кетесің. Пьесада Голощекиннің есімі бірнеше қайталанды. Жай жұрт бүкіл қайғының бастауын, сұмдықтың бәрін содан көреді. Ал Сталин алыста, ол осының бәрін білмеді. Голощекинге қалтқысыз сеніп қалды, тек кейін бәрін білген соң шақыртып алды деп ойлайды. Мұндай топшылау күні бүгінге дейін бар. Осыдан кейін маған пьесада басқаның еркін мүлтіксіз орындайтын, көптеген қайғылар мен нәубеттің бастаушысы және дем берушісі болған, халық тағдырымен ойнаған адамның қолындағы сойылына айналған Голощекиннен гөрі негізгі айыпкерге салмақты баса түсу керек еді-ау деген ой келеді. Өйткені шынайы тарихымыздың көптеген ащы фактілеріне біздің қазіргі көрерменіміздің, оқушымыздың көзіне әлі де аша түсуіміз қажет.

Маған әдебиетші ретінде пьесаның сахналық болмысын ашудан гөрі, оның көркемдік қасиетін айту, әрине, оңай. Мен театр зерттеушісі емеспін, сондықтан менің спектакль жөніндегі пікірім жалпы алғанда қатардағы көрерменнің жеке пайымдауы тұрғысында ғана болмақ. Солай дей тұра, меніңше, қоюшы-режиссер Р. Сейтметовтің жоғары талапшылдығына ден қойып, оның спектакльдің қазіргі уақытпен үндескен, тіпті көкейтесті деп айтуға да болатын идеясын ашуда саналуан көркемдік үйлесімділігін пайдалануға деген ұмтылысын түсінгендеймін. Бұл спектакльдегі музыка ролі (композиторы М. Маңғытаев) жөнінде бұрын да айтқанмын. Әйелдердің өксікті жоқтауы; жеке ер дауысындағы қатал да ұстамды мұң; кек қайыруға үндеп, болмай қоймас зауалдың қаһарлы лебіндей естілетін хордың құдыретті әуені, жан жүйкеңді тербеген қобыздың шерлі үні – спектакльге трагедиялық сарын беріп, үйлесім тауып тұр.

Қасірет пен қайғы баурап, қолдарын көкке созған бейшара далалықтардың – әйелдердің, шалдардың, балалардың әруақтай сүлдерін суретші М. Нұрмаханов ақ, қара бояумен бейнелей білген. Әсіресе бұл спектакльде қара бояу алуан мәнімен торлаған түнектің салқынын сездіреді.

Менің пайымдауымша, артист Т. Пірімжанов Сталин ролін сенімді де нанымды етіп шығара білген. Мәселе бұл арада оның сыртқы түрін келтіруінде, тарихи тұлғаның баршаға таныс түгел түймеленген френчін, жұмсақ етігін, қор-қорын, майда жүрісін, баяу қимылын, бәсең үнін, айқын акцентін, «барлық уақыттың және халықтардың көсемінің» ұстамды ғажайып қалпын дәл беруінде емес. Алғашқыда Пірімжанов орындауындағы Сталин бірқалыпты болып көрінетін сияқты. Бұл қате. Ол сан қырлы. Байқағыш. Ақылды. Қатал. Сұсты. Кекшіл. Зұлым. Сезікшіл. Күдікшіл. Әдебиет пен тарихтан мысал алып сөйлеуге бейім. Жігерлі. Әділдік пен турашылдықты бағалай біледі. Талапшыл. Қатаң. Қатыгез. Сұрқия тәсілдерге әккі. Шындық үшін күресуші және сонымен бірге өзі шындықтан қорқады. Сырын алдырмайды. Пірімжанов «көсемнің» осы қасиеттерінің бәріне елеусіз, көзге түсе бермейтін, нәзік бояу табады. Тіпті оның ұзақ үнсіздігінің өзі көрерменнің назарын өзіне тұтқындап, оның әрбір сараң қимылын бағуға мәжбүр етеді.

Артист А. Бектеміровтің еншісіне жалынды коммунист, лениндік типтегі басшы Тұрар Рысқұловтың образын жасау тиіпті. Өте жауапты міндет. Рысқұлов батыр да батыл. Кейде артық та кетіп қалады. Ол Сталинге шындықты дәлелдеу барысында өзінің қандай іске бас тігіп отырғанын біледі. Бұрынғылары да есінде. 1923 жылы оның жастық қызуымен көптің алдында «Сталин қателеспеді» деген айқайлағаны бар. Бұған Бас секретарь мысқылдай күліп, «Ләйім солай болғай» деген. Сталиннің «Түркістанның Шыңғысханы» деген қағытуына оны төрде отырған грузиннің князі деп жауап қайырып батылдық жасағаны бар. Қазір болса уақыт басқа. Арада он жыл өтті. Қарақұзғын – жаппай жазалау – байтақ елдің үстінен төніп келе жатты. Спектакльде Сталин әңгімелесушісіне тақап келіп, қорқорының сабымен оның кеудесінен түртіп: Мен сенің «Осыдан он жыл бұрын айтқан айқайыңды кешіргем». Сталинге қарсы келген мүйіздері қарағайдай-қарағайдай алыптар болған. Қайда солар қазір?» Рысқұлов та өзіне тән ерлікпен неге болса дайын. Кейде тұйықталып та қалады. Егер образға лайық кілт таба білсе оның бейнесі айқындалып, шынайылана түсер еді. Ол үшін, әрине, актерге әлі біраз жұмыс істеуге тура келеді. Рысқұлов Бектеміровтің ойнауында әлі біртекті. Кейде ол шалт кетіп, прокурорлық үйіретушілік, үзілді-кесілділік мінез танытады. Батырлық пен батылдықты, намыс пен адамдық қасиетті игере отырып, ол менмен, тәкаппар, шамшыл жанға айналады. Меніңше, бұл ақтала бермейді, керісінше образды солғындандырады. Үй іші болып әңгімелескендегі Рысқұловтың монологы да құлаққа онша жағымды естілмейді. Ол залға қарата мінез-құлық жөніндегі қарапайым нақыл сөздерді пафоспен айтып жатады, ал осы кезде бүкіл үй іші – үлкендер мен балалар бейтарап күйде оны шыдамдылықпен тыңдайды. Осы көріністен шұбалаңқылық, жасандылық байқалады. Шынын айту керек актер әлі ізденіс үстінде, ойынын бір спектакльден бір спектакльге тереңдетіп, байытып келе жатқаны анық аңғарылады. Ол пьесаның соңында ұяң да шынайы бола бастайды.

Рысқұловтың қарындасы Түйметай бейнесін Г. Қазақбаева психологиялық жағынан да, өмірлік болмысы жағынан да тамаша шеберлікпен көрсете білген. Сондай-ақ Арфа (К. Муратәлиева), колхоз председателі Иман (С. Есенқұлов), «шаш ал десе, бас алатын» ағаш белсенді уәкіл (Е. Тілеубаев) образдары да біршама тәуір сомдалған. Бұларға қарағанда Рысқұловтың жас әйелі Әзизаның (Г. Сейтімбетова) ролі едәуір төмен шыққан секілді. Меніңше, рольдің өзі пьесада солғын көрсетілген. Актриса, тіпті ештеңе ойнап жарытпайды. Өкінішке орай, сахнадағы балалар бейнесі күңгірт те кедей көрінеді. Олар актерлер ансамбліне кірікпейді, не болып жатқанын түсінбейді, тек әшейін ойнаған болады.

«Сталинге хат» спектаклі – Балалар мен жасөспірімдер театры қазақ труппасының принципті табысы ғой деп ойлаймын. Қайталап айтамын, ол бүгінгі күннің тақырыбы. Ол Қазақстан театр тарихындағы елеулі ақтаңдақты және жалпы қазақ халқының тарихындағы трагедиялық кезеңді көркем өрнектеп, ой түйеді. Халық өзінің тарихын білуге тиіс. Ол қандай қайғылы болмасын бүкіл шындықты білуі керек. Халық қысқа да болса тамаша ғұмыр кешкен өзінің батырларын, арашашыларын білуі қажет. Тұрар Рысқұлов солардың бірі болатын.

«Сталинге хат» спектаклінің мағынасы мен мәні маған осында сияқты көрінеді.

«Социалистік Қазақстан» газеті, 5 шілде 1988 жыл.

«Сөзстанға саяхат» айдарында

ШЫНАЙЫ ДА ШҰРАЙЛЫ

Қали СӘРСЕНБАЕВ

Өнер шынайы болып, өзегінде өмір тұнып тұрса жанның да, тәннің де бар рахатты содан табатын сықылды. Себебі, өнерсіз өмір мағынасыз. Сол айтып отырғанымыз сөз өнері болса ше? Оның ішіндегі кәдімгі қарасөздің «тәңірісі» қарапайым қоңыр мінезді әңгімелер жөнінде айтсақ әрине сөз басқа болар еді.

«Жалын» баспасы белгілі жазушы Шерхан Мұртазаевтің «Жүрекке әжім түспейді» атты бірыңғай әңгімелерден тұратын кітабын жарыққа шығарған еді. Оқырман ретінде осы ойды айтқызып, қолға қалам алдырған да сол кітаптың әсері. Әрине кітапқа енген әңгімелердің көбісі кезінде мерзімді басылымдарда жарияланған. Әңгіме онда емес, оқырман үшін ең-маңыздысы бұл дүниелердің жеке кітап болып шыққандығында. Әдебиет сүйер қауымның кітапханасын толықтырғандығында. Қазақта жақсы әңгімешілер аз емес. Әйтсе де жазушылардың әңгімелер жинағы неге аз шығады. Қазіргі кезде шығып жатқан кітаптардың көбісіне құрыды-ау дегенде 2 повесть еніп, бес-алты әңгіме ғана жетектеледі. Шынын айтқанда әңгімеге екінші планда қараушылық бар. Дұрысы, қарасөздің құдыреті біздіңше әңгімеден бастау алса керек. Қазақ совет әдебиетінің кейбір классиктері де ғұмырында

көбіне әңгіме ғана жазып өткен ғой. Әйтпесе олардың да құлашты дүниелер жазуға мүмкіндігі болған, бүгінде сол көлемді дүниелерден гөрі әңгімелер әсерлі шығып жатады. Олай болса сол әңгімелерге тағы бес-алтауын қосса тәп-тәуір ел сүйіп оқитын жинақ өзінен-өзі шыға келер еді. Себебі жақсы әңгіме оқырманын жалықтырмайды, шұбалаңқылықтан шаблоннан ада болады. Мүмкіндігінше, қысқа жазылады. Ал, қысқа жазу таланттың белгісі деген белгілі сөзді осы араға кірістірсек әңгімемізге тамызық тастаған болар едік. Аталмыш кітаптағы әңгімелердің әрісі көп болса он беттен ғана асып жатыр. Әр әңгіменің сөзі, сөйлемдері мүсіншінің тастан қашап салған дүниесіндей артық кемі жоқ, жұп-жұмыр, теп-тегіс. Ойы да, бояуы да қанық. Ақырындап келіп жаныңды баурап жатады. Оқырманға ой биігін, сөз қадірін ұғындырып кетеді. Асылы қазақ әңгімешіл халық қой. Ендеше жазушы да өнерді аспаннан алмасы хақ. Гәп сол халықтың ортасынан ойып, сүзіп алып жазуында, әрі қалай жазуында. Жазушы ең бастысы сол биіктен көрінген. Сол ортаның, оқиғаның лирикалық кейпкері. Сондықтан да Мұртазаев әңгімелеріне біріншіден халықтың мінез тән. Кітапқа енген әрбір әңгіменің өн бойында қаламгер осы қалпында көрінеді.

Балалық шағы сол бір сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келіп, өмір ерте есейткен, өмір жайлы көзқарастары, таным-түйсігі әлдеқайда тым ерте қалыптасып, жаман мен жақсының не екенін тым ерте айыра білген Ноян, Барсхан, Әлтай, Сәттіғұл, Нарбота, Қодар сынды соғыс балалары болып сөйлейді жазушы.

Айша мен Хадиша сынды бір өзі бір кітап, бір дастанның арқауы болатын аналардың арқасында өткен, өгейсімеген балалық. Солардың үлкен аналық мейірімінің, рухының арқасында тірі қалып, бүгінде тіршілік етіп жүрген кісілік-ай, десеңші! Солардың қанша қарғап, сілесе де айналайындай естілетін айқайының арқасында адамгершілік қасиеттерін арда еміп өскен, өгейсімеген балалық екен бұл. Сол айқайдың астарында жетімектеріне талай сырды ұғындырып кететін, сөйтіп өздері сыр бермей, теріс қарап көз жасын сығып алып, жүрек тұсы шымырлап кететін соғыс кезінің келіншектерінің кеспірі бар бұл кітапта. Соның бәрін жазудағы, айтудағы жазушының эстетикалық таным, сезімі баурамай және қоймайды. Ойымыз қанық болуы үшін «Бойтұмар» әңгімесіндегі мына бір жолдарды оқиықшы. «... **Айша үндемей қалды. Сөзден жеңілгені осы шығар. Соғыс келіншектерінің әдеті: әуелі бригадирмен айтысып, арындап алады да артынан айтқанына көніп, жұмсаған жұмысына жүре береді» (68-бет).**

Осы бір үш-ақ ауыз сөйлемнің тұла бойында таратып айтар болсақ қаншама сыр, ой жатыр. Әйел жанының дәрменсіздігі, осалдығы, сөйте тұра намыс деген шіркіннің көкіректі аяздай буып, ақыр соңы, бәрін табиғатындағы нәзіктікке жеңдіріп, шолақ белсенділермен сөз таластырмай жетімектерінің жайын жүре беруінің ойлап жөніне өзі сол кезең картинасын құрайтын адамдар тағдырының бір-бір элементтері ғана.

Басында айтқанымыздай, ел басына күн туған сол шақтағы ауыл кейпі, адамдар тағдыры мұндағы әңгімелердің басым көпшілігінің арқауы болған. «41 жылғы келіншек», «Бір нәзік сәуле», «Сол бір күз», «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар», «Айырбас» қай-қайсысын, алмаңыз ерекше бір әсермен

еміндіріп, жетелеп отырады. Оның себебі, жазушының көп білетіндігі. Әдетте «көп білген көп жазады» деген сөздің орайы осындайда айтылса керек. Көп жазғанда ащы ішектей шұбатып, қаламға ілінгенді жаза беру емес, таным-түйсігіңді толтырып алатындай құнарлы, бояуы қанық тіл, сарабдал ой, кесек мінез жатуы керек қой көркем шығармада. Өнердің өзегі шындықта. Олай болса жазушының сол шындықты шымырлатып, шырайландырып жазуы қандай ғанибет. Мына бір бес-ақ беттік «41 жылғы келіншек» атты әңгімедегі кейіпкердің сол бір тарихи шындықты арқау еткен психологиялық халдегі бейнесі жаныңа қалай шоқ салмайды. Хадишаның көрген бір ғана түсі, сәттік қана болса да сол түстің шын болуын жан жүрегі елжіреп тілеуі жүрегіңіз болса елжіретпей қоя ма? Сырт көзден, әрі ағайыннан көрген қорлығын сол бір боздағына айтып назалануы әдемі бір мұңға құрылған сурет дерсің. Мына бір монологқа көңіл аударайықшы:

«Сөйтіп ем:

– **Сорлысың, сорлы, – деп Ақшай ернін шығарды, ерніңе күйдіргі шыққыр. – Тағы отыз жыл күт, келеді Мақсұт, – деп кекетті.**

– **Күтемін – дедім. – Жүз жыл күтемін, – дедім. Сөйттім де, ызаға шыдай алмай, айқай салып далаға атып шықтым» (8-бет).**

Міне, сексен жыл өтсе де сенімін жоғалтпайтын, сүйіп өткен жүректің ғазез әні, жыры бұл. Дүниеде күтуден артық қиямет жоқ шығар. Міне сол күтудің, сүйіспеншіліктің асқақ үлгісі Хадишадай аналар. Бүгінгі, болашақ ұрпақ күту, жалпы мынау жарық дүниені, адамды сүю дегеннің қандай болатынын осы бір алақандай әңгімеден де ұғына алар еді. Қаузай берсек бұдан кейіпкердің жылдар бойы кеудеде шер боп қатқан мұң, наласының, психологиялық халдың, моральдық ұстамдылықтың бір сәтке босауын байқайсыз. Міне соғыс кезі келіншектерінің жүрегіндегі сақталған сурет осы.

Кітаптағы ең көлемді әңгіме «Ақсай мен Көксай». Әңгіменің эпиграфы етіп жазушының қазақ ауылының өлеңі мен қырғыз айылының ырын алуы тектен-тек емес. Ежелден қыз алып, қыз берісіп жататын қазақ пен қырғыздың туыстығын былайғы жұрт білгенімен, осындай көркем дүниелерді бір оқыса көркемдік таным-түйсігіне көп жаңалық қосар еді.

Әңгіменің тілі қою. Әрбір сөйлем құрылысы қысқа қайырылып, аз сөзбен көп сурет береді. Негізгі оқиға, бар ой-сезім Барсхан бала мен Арзу ананың характері арқылы ашылады.

Портрет, пейзаж, таным, сезім сынды көркемөнердің бар болмыс-бітімін айқындап беретін көркемдік критерийлер, эстетикалық категориялар әңгіменің бойында тұнып тұр. Ақсай мен Көксайдың арасындағы сұрқы қашқан дала суреттері, Мыңбұлақ пен Аршағұл ауылының кейпі, бәрі-бәрі сол кездің үлкен панорамалық картинасын алдыңа жайып салады.

«Сүдігерде изен ызыңдайды», «Жүз жылдық жара» әңгімелері жазушының философиялық ойтұжырымдарын айқындайтын дүниелер.

Қарап тұрсаң бәріне де соғыс кінәлідей. Сол соғыстың салқыны мен Мыңбұлақ ауылының көз аштырмас боранының кесірі бәрі. Әйтпесе әулиедей сыйынған Бахтияр бағына балта шабыла ма? Киіз үйдің туырлықтарына дейін жағыла ма? Бірақ, ел, халық шіркіннің қанша қырғын болса да шаңырақты жақпай қастер тұтып, сақтауы көп жайдың астарынан

хабар берсе керек. дейін әр түтін сайын болатын бұл ауылдың де бүгінде бір-бір Соғысқа киіз үйі төбесінде шаңырақ жатады. Міне, соғыс суреті, Соғыс Символы. Ұрпақтан-ұрпақ айтып отыратын бұдан артық қандай естелік керек. Осындай сыр шертетін «Жүз жылдық жараның» айтар ойы осы ғана ма? Әңгіменің бастауында жазушы теңіз тасбақасы мен адам тағдырын салыстыру арқылы шығарманың философиялық құндылығын, мәнін арттыра түседі. Адам неге көп жасамайды, оған не кедергі? Әңгіме осыған жауап береді. Тал-терек адам баласынан әлдеқайда бұрын дүниеге келген. Ендеше оның адамға сая болғаннан артық не кінәсі бар. Табиғат пен адам егіз жаратылған. Олар бөлекбөлек стихия емес. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Бірақ сол қоршаған ортаға деген адам жауыз- дығында да кейде шек болмайды екен. Бірақ зауалдың аты зауал. Бахтияр баба бағына қол салғаннан кейінгі әйгілі әулие Байшынарды «бауыздаған» Жуанқұл тобының тағдыры не болды, әне!? Жазушы тілімен сөйлесек **«... Әсіресе дауылды күндері Жуанқұл сарнап шығатын көрінеді. Байшынардың ыңырсыған үніне үн қосып сарнайтын көрінеді».**

Жазушының шығарманы шынайы етіп жіберетін қасиеттері көп. Ол жер-су аттарын, жер жағдайын терең біледі. Кәдімгі тамыршыдай сөйлейді. Кішкентай ғана оқиғаны үлкен тапқырлықпен, дамытады, шеберлікпен ойнатады. Сонан кейінгі қай әңгіменің болмасын тұла бойы бүгінгі күн проблемаларына тұнып тұр. Соның бірі экологиялық проблема.

Кітаптың атап айтар ерекшелігі композициялық – құрылымында, тұтастығында. Егер жазушыны суретші дейтін болсақ, бұл тұтас бір тарихи сериялар картинасы болып шығар еді. Себебі әр әңгіме сайын соғыс кезінің картинасы әр қырынан көрініп, ой-сезім қоюланып түрлі оқиғаларға құрыла береді. Тіпті Ақжол, Майлыаяқ сынды сол кездің иттерінің де өз «мінездері, портреттері» бар.

Жалпы, «41 жылғы келіншек» осы тақырыптағы әңгімелердің эпиграфы болса, «Интернат наны» нүктесі, эпилогы іспетті. Бүткіл ойдың, сезімнің жинақталар тұсы осында. Кешегі соғыс балаларының бәрі бүгінде ел ағасы, тұрмыстары келіскен үбірлі-шүбірлі.

«Жиі-жиі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда, интернаттың бір тілім қара наны болмағанда, біз осы дәрежеге жетер ме едік! Кім біледі...

Нұр жаусын саған, интернаттың наны!» (142-бет).

Осы бір қарапайым ғана сөйлемде қаншама өмір шындығы жатыр. Тақырыптың бәрі осындай ШЫНАЙЫ, тілің де осындай ШҰРАЙЛЫ болса жазушыда да, оқырманда да не арман бар. Кітаптың келесі бөлімінде жазушы бүгінгі күн тақырыптарын арқау еткен. Мұнда да сол өзіміз хал-қадерімізше тани алған қасиетке жолығамыз. Кейбір кемшін тұстардың сөз болмауы кітаптан алған әсер-сезімнің басымдығында жатса керек.

ШЫНАЙЫ ДА ШҰРАЙЛЫ. Кітаптың бүткіл болмыс-бітімін осы сөзге телісек, ойымыз оңды болар еді. Қысқасы, адамның рухани тазаруына зор ықпал ететін осындай әңгімелер жинағының көптеп шығуы оқырман үшін үлкен қуаныш дер едік.

«Лениншіл жас» газеті, 6 тамыз 1988 жыл.

ОЙ ЖЕТПЕЙТІН ЕДІ ҒОЙ...

Шерхан Мұртазаевтың «Не жетпейді?» атты публицистикалық кітабынан туған ойлар

Камал СМАЙЫЛОВ

Жас оқушы әрбір жаңа кітапты бұдан қандай жаңалық табам, не алам деп ашып оқиды ғой. Ал, жас үлкейе келе адам қолына алған жаңа белгісіз кітапты «Бұл менің өзіме таныс қандай сезімдерімді қозғап, ойларымды оятады екен, болған оқиғалардың қайсысын есіме түсіріп, кездескен-әңгімелескен адамдардан кімді алдыма тартар екен?» – деген үмітпен, оймен ашады. Бір сөзбен айтқанда әр жаңа кітап қандай сезімдерді оятып, жаңғыртып, ұштайды – оқушы оны сонысымен бағалайды.

Менде белгілі жазушы-публицист, журналист Шерхан Мұртазаевтың қайта құру кезеңінің 5-6 жылы ішінде жазылған, жарияланған публицистикалық мақалаларынан құралған «Не жетпейді?» атты жинағын осындай сезіммен оқыдым, шапшаң оқыдым да ұзақ ойландым. Сосын қолыма қалам алдым...

Публицист-журналист – өз уақытының ыстық демі мен лебін, қан қысымын, дене қызуын өлшейтін, соған қарап қоғамның қандай дерт-сыртқаты барын анықтайтын дәрігер ғой.

Кітап беташары «Алтын күрек» өзінің философиялық мән-мағынасымен «Қазақ әдебиетіне» шыққанда-ақ назар аударған еді. Сол ыстық табы суымаған, сол салиқалы ой сабырламаған. Өмірдің қалай зулап-жаңарып жатқанын осы деректі кітаптан да айқын аңғарасың. Осында автордың Н.Ә. Назарбаевпен республика Министрлер Советінің төрағасы болып жүргендегі әңгімесі жарияланған екен, ал содан кейін бір-екі жылдың ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, сосын ҚазССР-інің тұңғыш Президенті болып тұрғанда да екі рет әңгіме-сұхбат жүргізіп, «Социалистік Қазақстанда» жариялап үлгірді.

Сол әңгімелерде бүгін әркімді ойландырып, толғандыратын өмірдің өзекті мәселелері қозғалды. Еліміздің тағдыры (егемендікке шын жетеміз бе, өз туған жерімізге қожалық ете аламыз ба?), тіліміздің тағдыры (Заң жүзіндегі мәртебесі іс жүзінде де іске аса ма?) жайындағы сауалдарға жауап берілген.

Бұл кітапта қадірменді Ғабеңмен, Ғабит Мүсіреповпен үш сұхбат берілген екен. Оның арын биіктетіп, өмірін ұзартатын да ар болар-ау! Екі редактордың – «Қазақ әдебиеті» газетінің тұңғыш редакторы мен сол кездегі редакторының әңгімесі газеттің жүріп өткен жолынан деректер береді. Ғабеңнің алғашқы бірнеше мың тиражы бүгінде 200 мыңнан асқан «Қазақ әдебиеті» газеті соңғы кезде өте орынды, батыл пікірлер айтты» деген тұжырымы бір ғана тіл мәселесі емес, тіл, мәдениет, табиғат мәселелеріне қатысты деп санауға болады. Шынында, «Қазақ әдебиеті» қайта құруды

әкелуге, адамдардың ойларын оятуға көп еңбек еткен газет қой. Көненің сөзі әдебиет қамынсыз бола ма?

«Қаңтарулы қазына» деген эссе-естелік автордың жазушыға деген сағыныш-ықыласын қаламмен емес, жаспен жазғандай сезіледі. Жазушының қаңырап тұрған кабинеті, Төлегенсіз қалған көкжорғаны еске түсіргендей! Үлкен ойларды ойлағанда ұсақ-түйек жәйлар емес, кейбіреулер өздерінің өресі жетпей, содан алмай қалады ғой, биік-заңғар ойлары оралады да. «Көркем сөз шебері», «Сөз өнері» деп жатасыңдар. Зергер деген немене? – деп өзі сұрақ қойып, өзі берген толғауы болам дегендердің жүрегінде жүрер деп жауап береді. Шын жазушылықтың жауапкершілігін биік қояды.

Мансапқа менің өкпем жоқ. Кәдімгідей жағымды қызметтерде де болдым. Мүшелік, топтық дегеннен кенде емес едім. Атақ та, бірақ соның бәрі өткінші. Өткінші емес бір нәрсе – ол жазу. Жазушы қай күні қаламы тоқтаған күн – оның өлген күні сол! – деген Ғабеңнің абыройлы, мазмұнды-мағыналы өткен тағдырдың тәжірибесінен туған да.

Тереңнен шыққан күрделі диалектикалық ой-тұжырымдары орынды келтірілген: «Өткенді көксей берген елде бүгінгі өмірге бейімделмеушілік болады. Баяғының құдіретті (қасиетін) құрметтей білмеген елде болашақ та жоқ».

«Арым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қазақ қасиетін немесе «Халыққа жүз талант та көп емес, бір талант та аз емес!» деген ғұламалық тұжырым орынды айтылған.

Естеліктерді оқығанда Ғабеңнің Шер-ағаға қандай ілтипат-ықыласпен қарағаны еске түседі. Өзімнің де Ғабеңмен «Қыз Жібек» фильмі төңірегінде сұхбаттасқаным есіме түсті. Оның сценарийін «Лениншіл жас» газетінде менің алғысөзіммен (онда киностудия директоры болатынмын) жариялағанда, одан кейін де талай кездесіп, әңгімелескенім есімде. Ондай ғұламалар қасындағыларын да биікке жетелейді.

Тағы бір Шерханның терең әңгіме сұхбаты заңғар-ойлы, биік бойлы адамы – Шыңғыс Айтматов. Онымен болған сұхбат кездейсоқ кездесіп, ресми әңгіме емес, талай жылдарға созылған, сырлас, бірін-бірі түсінетін құрметтейтін азаматтардың сырласуы. «Бір аяғын қазақ топырағына тірей тұрып, бір аяғын биіктігіне салып (?) тұрып (бұл жерде «қолын космос шаңырағына қонып» деген дәлірек шығар еді ғой). «Адам тағдыры туралы толғайды» деп Айтматов шындығын Шерхан дұрыс көрсетеді. Сол айтудың орнына Шыңғыстың осы «Боранды бекет» біраз уақыт аударылмай («Мұртазаев басқа кітап аударсын» деп бір басшы бұйрық берген екен), одан шығартқызбай қойған екен ғой. Сондағы кінә – қазақтарды мәңгүрт депті. Таңсықбеков секілділер көп депті деген. Сол роман бойынша Москваның Вахтангов атындағы театрында қазақ Едігейді Михаил Ульянов ойнаған, қазақ режиссері Әзірбайжан Мәмбетов қойған тамаша спектакльді осы қазақ драма театрында көпке дейін қойғызбай келген де сол басшылар (бірнеше емес, біреу-ау?) болған. Әзірбайжан оны кейін ғана жүзеге асырды ғой.

Тағы бір әңгіме бар.

– Шыңғыс аға, Сіз «Ана-Жер-Анаға» эпиграф ретінде «Әкемнің қабірінің қайда қалғанын да білмеймін... Төреқұл Айтматов, саған арнаймын», – деп

жаздыңыз. Әкеңіз туралы жазбайсыз ба? – деп қалдым... Жай ғана. – Жаздым ғой... – деді.

Сол романдағы мұғалім Әбутәліптің тағдыры сол әкесі секілді мыңдаған марқасқа боздақтардың тағдыры екен ғой, – дейді Мұртазаев. Өткен жылы «Знамя» журналының 8-нөмірінде «Шыңғысханның ақ шөкім бұлты» деген романға қосылар повесть деп атаған шығармасы басылды. Жазушының айтуынша ол кезінде романға енбей, ене алмай қалған, әлгі Әбутәліптің ұсталғаннан қаза тапқанына дейінгі көрген қасірет-қияметін жазған бірнеше тарау, тарау емес тұтас шығарма екен. Соған Шыңғысханның атына байланысты ақ бұлт туралы аңызды қосарлата өріп шыққан. Шерхан енді оны да аудармақшы.

Жазушы-публицистің қазақ халқының енді еркін ашыла, ашық айтыла бастаған тарихына байланысты – қатысты жаңа ой пайымдаулар Тұрар Рысқұлов туралы мақалада да, «Баласағұн жұмбағы» тарихи-зерттеу очеркінде де, «Әуедегі жібек жолы» сапарнамада да қозғалады. Бүгін тарихсыз публицистика жазылмайды.

Ал, ең өткір, ойлы «Нұх пайғамбардың кемесінде» жұртты толғандырар қиянат мәселелердің бәрін жаны ауыра, аши отырып тұжырымдайды: тың жерді игерудің алмағайып нәрсе екенін ғасыр басында Әлихан Бөкейханов айтқан: қазақ даласын патша отарлағанда, оның жандайшаптары қазақтарға ана Америкадағы қызыл терілі аборигендерше қарау керек деген екен; Столыпин жарты миллионнан аса шаруаны әкеліп, 40 миллион десятина жер бөліп берген; Сталин бір жарым миллион жазықсыз халықты жер аударған, үш миллион тұтқынды осында ұстаған; 20 миллион гектар жер әскери полигондарға айналдырылған. Енді қазақ жерін ешкім емін-еркін, билеп, басып-таптап жүре алмайтын болсын!...

«Надандық дүлей күш – талай сойқанның сойылы болады» деген Маркс сөзін, «Егер дүниені орнынан қозғағың келсе, алдымен орныңнан өзің қозғал деген Сократ нақылын; немесе бұрынғылардың «Ең сұйық сиямен жазылған сөздің өзі, басыңда жүрген тамаша ойлардан әлдеқайда артық» деген сөздерін қойын кітапшама көшіріп алдым.

Тағы бір ой Абай туралы. Көбіміз Абайдың өлеңдерін оқимыз, тіпті жаттап та аламыз. Ал, сол әрбір сөздің ар жағында не жатқанына назар сала бермейміз. Ойлы сөздері мен өлеңдерін ақылмен терең ұғынған жоқпыз. Оның философиялық толғау-толғамдары тұңғиық, терең дүние. Оған енді ғана ене, түсіне бастадық.

Шерханның бұл кітабынан мен өзім біраз кездесулерге тап болдым. Париждегі қазақтар – (онда үш жүз қазақ семьясы бар екен) жөніндегі әңгіме қызықтырады, Шыңжаң жеріндегі кездесулері мен көргендері (Құрбан айтқа бүкіл ел жиналып, басшылары бас болып мерекелейтіні) сол сияқты кезінде репортаж-баяндау болып жазылса да мағлұмат-мағынасын жоғалтпаған. Сахалар жеріндегі, эстондар еліндегі, тамырымыз тұтас татар бауырлармен болған ұшырасу шүйіркелесулердің ғибрат-тағылымдары әлі де мол-ақ.

Мұқаңның бағасы мен батасын алған Тахауи Ахтанов (ол туралы «Жұлдыз» журналында 1986 жылы кеткен әбестік-бейбастақтық еске оралды) туралы көп жыл қазақ тақырыбын жазып, еліне оралған суретші

Бакы Урманче мен Өзбекстанға өкпелеп кетіп, оралмаған талантты суретші Орал Таңсықбаев еске түсті, партия қызметкері Рысбек Мырзашевпен (оның дүниеден кетуі жұмбақ күйінде қалды), космонавтармен (осы кезде 1962 жылдың жазында Шерхан екеуіміздің Москвада, Ленин тауында Юрий Гагаринмен жүздесіп, амандасқанымыз есіме оралды) сұхбаттасулары тартымды, татымды шыққан.

Шерханның Байқоңыр космодромынан, космосқа ракеталар ұшырудан Арал тартылып бара жатыр деген тұжырымымен мен келісе алмаймын. Ракеталар ұшқанда айнала, сол төңіректегі жайылымдар ракеталардың от жалынынан күйеді деген қисынға келмейді. Сол космодромға екі рет барып старт алаңының басында бетонды аңғар үстінде түрғамын. Оның басқа зияндары бар: ракеталардың жанған бөлшектері Жезқазған облысының жеріне, ауылдардың үстіне түседі, сосын ол жерасты суын көп сорып алып жатыр. Мәселенің енді космодромды жабу емес, қайта оның қақпасын айқара ашу, қасындағы қазақтарды соған жіберу жөнінде болғаны. Шерхан сонау алкогольге қарсы күрес жүргізген жылдары өткен бір оқиға туралы былай жазған екен: «Той бір тамаша, арақсыз өтті. Баяғы лепірме қызыл сөздер азайды. Тойға жиналғандар бұрынғыдай қалжырап, талықсып, денсаулығын бұзбай, қайта тыңайып, кереметтей демалып үйлеріне ризалықпен оралды.

Мұнысы, әрине өткінші бір кезеңнің алдамшы көрінісі еді ғой.

«Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін» деген қанатты сөзді айтқан Ғабеңнің осыған орай автор тағы бір пікірін келтіреді: кадрды біліміне, іскерлігіне, парасатына, адалдығына, шыншылдығына қарап таңдамай, тамыр-таныстық, туыстық, жерлестік нышандарына қарай таңдаған жерде береке болмайды. Дарынсызды, парасатсызды қолдаушының өзі екі есе кінәлі болады» деген екен ол Шерханға. Мұны да бекер келтіріп отырған жоқ. Шерханның дос- жолдастарын да, қызметтестерін де жер-су, ата-тегіне қарай бөлмейтін, алаламайтын, кейбір жандайшап-жағымпаздар «біздің ағамыз» деп иемденгісі келсе де, ол адамдарды қызметке алғанда да, қамқорлық жасағанда да географиялық белгімен қарамайтынын, таңдамайтынын мен білемін. Тек «Ана қызметте анау отыр, мына қызметте мынау отыр» деп аңдыған, әңгіме еткен адамдардың сөз, өсек туғызуына ешқандай желеу себеп бермеуіміз керек те!

...Қазақтың өр ұлы, ірі тұлға Тұрар Рысқұлов туралы төрт томдық романын аяқтаған, «Сталинге хат» пен «Бесеудің хатын» сахнаға шығарып, елді елең еткізген, талай ойды оятқан, Шыңғыстың шығармаларын түгел өз қолымен қазақша сөйлеткен, енді «Социалистік Қазақстанға» келіп, күрт өзгерткен Шерханның жазушылық та журналистік жұлдызы биік те жарқын!

«Қазақ әдебиеті» газеті, 5 көкек 1991 жыл.

ЖУРНАЛИСТ ЕЛ АЛДЫНА ШЫҚТЫ

Камал СМАЙЫЛОВ

Шерхан Мұртазаға хат

– Мен сенің жақында шыққан «Не жетпейді?» деген кітабыңды оқып шықтым. Танылған жазушылар публицистикалық кітап жазып жариялауға уақытын кетіре бермейді. Олар не болса да нардан жығыл деп, үлкен романдарға ұмтылады, бар күшін соған салады. Сен көлемді романдармен қатар публицистикалық мақалаларыңды жинастырып, құрастырып жеке кітап етіп жариялапсың. Әдетте деректі журналистік кітаптарға бұл биылғы жаздың жаңбыры, биылғы қыстың қары ертең өтеді де кетеді, өшеді де жоғалады дейді. Кітаптың ғұмыры оқушының зердесіне қонған, ұялаған ой-сезімдердің көлемімен, салмағымен өлшенеді емес пе? Осылай келсек, кесек романдарға бермес едім. Сонда нендей ойлар бар дейсің ғой. Сол кездегі республика үкіметі басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, сосын Қазақ ССР-інің тұңғыш президенті болып сайланғанда екі рет әңгіме-сұхбат жүргізіп, «Социалистік Қазақстанда» жариялап үлгерді. Бұл әңгімелерде бүгін әркімді ойландырып-толғандыратын өмірдің өзекті мәселелері қозғалады. Еліміздің тағдыры (шын мәнісінде өз туған жерімізге қожалық ете аламыз ба?), тіліміздің тағдыры (Заң жүзіндегі теңдік өмір жүзінде де іске аса ма?) жайындағы сұрақ-сауалдарға жауап берілген.

Бұл кітапта қадірменді Ғабекеңмен, Ғабит Мүсіреповпен үш сұхбат берілген екен. Оның шоқтығын биіктетіп, өмірін ұзартатын да осылар болар-ау! Екі редактордың: «Қазақ әдебиетінің» тұңғыш редакторы мен сол кездегі соңғы редакторының әңгімесі газеттің жүріп өткен жолынан деректер береді. Алғашқы мың тиражы 100 мыңнан асқан, Ғабекеңнің... «Қазақ әдебиеті» газеті «соңғы кезде өте орынды, батыл пікірлер айтты» деген тұжырымы бір ғана тіл мәселесі емес, тарих, мәдениет, табиғат мәселелеріне байланысты да айтылған деп санауға болады. Шынында «Қазақ әдебиеті» қайта құруды әкелуге, адамдардың ойларын оятуға көп еңбек еткен газет қой. Ғабекеңнің сөзі әдебиет камынсыз бола ма? «Қаңтарулы қазанат» деген эссе-естелік автордың ұлы жазушыға деген сағыныш-ықыласын сиямен емес, жаспен жазғандай сезіледі. Жазушының қаңырап тұрған кабинеті Төлегенсіз оралған көкжорғаны еске түсірген-ау!

Үлкен адамдарды ойлағанда ұсақ-түйек жайлар емес (кейбіреулер өздерінің өресі жетпей, содан шыға алмай қалады ғой), биік-заңғар ойлары ойға оралады да. «Көркем сөз шебері», «Сөз зергері» деп жатасыңдар. Зергер деген немене? – деп өзі сұрақ қойып, өзі жауап берген толғауы жазушы болам дегендердің жүрегінде жүрер болар. Шын жазушылықтың жауапкершілігін бәрінен биік қояды.

– Мансапқа менің өкпем жоқ. Кәдімгідей лауазымды қызметтерде де болдым. Мүшелік, депутаттық дегеннен кенде емес едім. Атақ та бар. Бірақ соның бәрі өткінші. Өткінші емес бір нәрсе – ол жазу. Жазушы кай күні қаламы тоқтаса, оның өлген күні сол! – деген екен Ғабең. Ғабекеңнің тереңнен

шыққан диалектикалы ой-тұжырымдары орынды келтірілген: «Баяғыны көксей берген елде бүгінгі өмірге үйлесе алмаушылық болады. Баяғының құрметтісін (қасиетін) құрметтей біл-меген елде болашақ та жоқ».

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қазақ қасиетін білдіретін немесе «Халыққа жүз талант та көп емес, он талант та аз емес!» деген ғұламалық ойлар орынды аталған.

Осы естеліктерді оқығанда Ғабекеңнің саған қандай ілтипат-ықыласпен қарағаны, қадірлегені де еске түсті. Өзімнің де Ғабеңмен, әсіресе сонда айтылатын «Қыз Жібек» фильмін түсірерде, оның сценарийін «Лениншіл жаста» менің алғысөзіммен (онда киностудия директоры болатынмын) жарияланғанда, одан кейін де талай кездесіп-әңгімелескенімді есіме алдым. Ондай ғұламалар қасындағыларын да биіктетеді.

Сонда ендігі бір терең әңгіме-сұхбат жасаған заңғар ойлы, биік бойлы адамың – Шыңғыс Айтматов. Онымен болған сұхбат журналистің кездейсоқ кездесіп, ресми әңгіме алғаны емес, талай жылдарға созылған, сырласпікірлес, бірін-бірі түсінетін, құрметтейтін қаламдастардың сырласуы.

Сенін сан-салалы жазушылық, журналистік кызметіңнің ішінде айрықша бір жылғасы – Шыңғыстың шығармаларын қазақшаға аудару. Ол кездесу-әңгіме «Жанпида» романы шыққаннан кейін болған да, сол төңіректе өрбиді. Орысша «Плаха», қырғызша «Бапалға», қазақша «Жанпида» аталатын роман жеке кейіпкерлердің ғана емес, адам баласының өмір-тағдырына бастігер хауіп төнгенін, сын кезең әкелгенін айтады да. Автор солай түсіндіреді. Романның қазақ жерінен, Мойынқұмда киік аулаудан, қырудан басталатынын да ашып айтады. «Дүние әлем қазір қыл-көпірдің үстінде тұрған шақ қой. Жер бетіндегі барлық халықтардың ортақ уайымы соғыс. Адамзат жаралғалы мұндай ортақ уайым болған емес, – дейді Шықаң тебіреніп. Ол сол үшін де роман жазды, сол үшін де «Арша насияпы» аталған (соларға қатысушы әлемдік тұлғаларды биік жартастың үстінде көрсететін Т. Садықовтың топтық мүсін суретін Москвада, көрмеде көрген едім!) жиынды ұйымдастырды ғой.

Сенің қазақ халқының енді еркін ашыла, ашық айтыла бастаған тарихына байланысты – қатысты жаңа ой-пайымдаулар Тұрар Рысқұлов туралы мақаланда да, «Баласағұн жұмбағы» тарихи-зерттеу очеркінде де, «Әуедегі жібек жолы» сапарнамада да қозғалады. Бүгін тарихсыз публицистика жазылмайды.

Ең өткір, ойлы «Нұх пайғамбардың кемесінде» жұртты толғандырар қиянат мәселелердің бәрін жаны ауыра, аши отырып тұжырымдайды: тың жерді игерудің алмағайып нәрсе екенін ғасыр басында Әлихан Бөкейханов айтқан: қазақ даласын патша отарлағанда, оның жандайшаптары қазақтарға ана Америкадағы кызыл терілі аборигендерше қарау керек деген екен: Столыпин жарты миллионнан аса шаруаны әкеліп, 40 миллион десятина жер бөліп берген; Сталин бір жарым миллион жазықсыз халықты жер аударған, үш миллион тұтқынды осында ұстаған; 20 миллион гектар жер әскери полигондарға айналдырылған. Енді қазақ жерін ешкім емін-еркін билеп-таптап жүре алмайтын болсын!

«Надандық дүлей күш – талай сойқанның сойылы болады» деген Маркс сөзін, «Егер дүниені орнынан козғағың келсе, алдымен орныңнан өзің

қозғал» деген Сократ нақылын, немесе бұрынғылардың «Ең сұйық сиямен жазылған сөздің өзі, басында жүрген тамаша ойлардан әлдеқайда артық» деген сөздерін қойын кітапшама көшіріп алдым.

Тағы бір ой Абай туралы. Көбіміз Абайды өлеңдерін оқимыз, тіпті жаттап та аламыз. Ол сол әрбір сөздің ар жағында не жатқанына назар сала бермейміз. Ал ойлы сөздері мен өлендерін ақылмен терең ұғынған жоқпыз. Оның философиялық толғау-толғамдары тұңғиық, терең дүние. Оған енді ғана ене, түсіне бастадық. Және де сүңгіген сайын жаңа бір қабаттарын аша-ақтара бересің. Бірде Семейде болғанда облыстық кітапханаға барып, бір кезде Абай алдырып оқыған кітаптарды қарап көрдім. Ойлы ғалымдар мен сыршыл жазушылардың еңбектерін орыс тілінде ойлана, бойына, ойына сіңіре оқыған екен ғой. Шерхан, сен де соған мегзейсің, солай дейсің. Москва университетінде орысша оқыған сен орыс тілінің құдіреті мен қажеттілігін өте терең түсінесің, білесің.

Сенің бұл кітабыңнан мен өзім біраз кездесулерге тап болдым. Париждегі қазақтар (онда үш жүз қазақ семьясы бар екен) жөніндегі әңгіме қызықтырады, Шыңжаң жеріндегі кездесулері мен көргендері (Құрбан айтқа бүкіл ел жиналып, басшылары бас болып мерекелейтіні) сол сияқты кезінде репортаж-баяндау болып жазылса да мағлұмат-мағынасын жоғалтпаған Сахалар жеріндегі, эстондар еліндегі, тамырымыз тұтасқан татар бауырларымен болған ұшырасу-шүйіркелесулердің ғибрат-тағылымдары әлі де мол-ақ.

Мұқаңның бағасы мен батасын алған Тахауи Ахтанов (ол туралы бір адамнан 1986 жылы кеткен әбестік-бейбастықтық еске оралды) туралы, көп жыл қазақ такырыбын жазып, еліне оралған суретші Бақы Урманчемен (Өзбекстанға оқыс кетіп қалып, оралмаған талантты суретші Орал Таңсықбаев еске түсті), партия қызметкері Рысбек Мырзашевпен Есіл өңірінде (оның дүниеден кетуі жұмбақ күйінде қалды), космонавтармен сұхбаттасуы (осы кезде 1962 жылдың жазында, Шерхан, екеуміздің Москвада, Ленин тауында Юрий Гагаринмен жүздесіп, амандасқанымыз есіңде болар) аса әсерлі, сырлы ойлы жазылған.

Сонымен бірге, Шерхан, Байқоңыр космодромынан ұшырылған ракеталардың от-жалыны әсерінен Арал теңізі қызып, тартылып бара жатыр деген тұжырымыңмен келісе алмаймын. Ракеталар ұшқанда ауадағы оттегін кәдімгі самолеттерден аз өртейтінін «Қазақ әдебиетіндегі» әңгімеден біледіміз. Ал, сол төңіректегі жайылымдар ракеталардың от-жалынынан күйеді, өртенеді, деген қисынға келмейді. Мен сол космодромға екі рет барып старт алаңының басында бетонды аңғар үстінде тұрғамын. Оның басқа зияндары бар: ракеталардың жанған бөлшектері Жезқазған облысының жеріне, адам-ауылдардың үстіне түседі, сосын ол жерасты суын көп сорып алып жатыр. Мәселені енді космодромды сынау емес, қайта оның қақпасын айқара ашу, қасындағы қазақтарды жіберу жөнінде болғаны абзал.

«Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін» деген қанатты сөзді айтқан Ғабеңнің осыған орай автор тағы бір пікірін келтіресің. Кадрды біліміне, іскерлігіне, парасатына, адалдығына, шыншылдығына қарап тандамай, тамыр таныстық туыстық, жерлестік нышандарына қарай таңдаған жерде береке болмайды. Дарынсызды, парасатсызды қолдаушының өзі екі есе кінәлі

болады», – деген екен ол саған. Мұны да бекер келтіріп отырған жоқсың. Сенің дос-жолдастарды да, қызметтестерді де жер-су, ата-тегіне карай бөлмейтін, алалатпайтын, кейбір жандайшап-жағымпаздар «біздің ағамыз» деп иемденгісі келсе де, сенің адамдарды географиялық тегіне қарай бөлмейтініңді, алаламайтыныңды білемін. Тек «Ана қызметте анау отыр, мына кызметте мынау отыр» деп аңдыған, әңгіме еткен адамдардың сөз, өсек туғызуына ешқандай желеу-себеп бермеуіміз керек те.

Шерхан! Мен қазір байқап отырсам, екеуміздің тағдырымыз, өмір жолымыз ұқсас, қатар келе жатыр екен де. «Лениншіл жастан» қызметті бірге бастадық. Университеттен соң мен үш жыл істеп, Қарағандыдан тілшіліктен Алматыға бөлім меңгерушісі болып ауысқанда, сен өзің сұранып Карағандыға тілші болып бардың, бірнеше жыл басқа газетте жемісті жұмыс істедің. Содан «Ленишіл жасқа» редактор болғаныңда мен комсомолдың Орталық Комитетінде хатшы едім.

Қалай редактор болғаныңды «Лениншіл жас» газетінің 70 жылдығына арналған нөмірінде өзің еске түсіріп жазған екенсің. Иә, сонда Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке сенің кандидатураңды біз ұсынған едік. Өзін жазғандай, бір күні мен саған телефон соқтым біріншіге кіргіздім, пакет-қағаз алып, Москваға ұштың. Содан сәтті, жемісті көп жыл бойы редактор болып жұмыс атқардың. «Лениншіл жастың» салуы бар екен, содан кейін газетте бәріміз бірге бастаған мықты журналист Сейдахмет Бердіқұлов редактор болды. «Біз «Лениншіл жаста» істеген жылдар ерекше, айрықша еді-ау. Сондағы жігіттердің бәрі кейін белгілі қаламгер, қайраткерлер болып шықты.

Сен содан кейін «Қазақ әдебиетінің» редакторы болып істедің. Тоқырау заманында болашақты жақындатқан, ойда жүрген қиын мәселелерді қозғаған сол газет еді. Иә сен көп жыл бойы жүргізген «Қазақ әдебиеті» ерекше, ерен болатын. Басылым бастығына тартады Оң қолын болған Оралханмен, жалынды жас жігіттермен бірігіп, сонау тоқыраудың тылсым, тым-тырыс кездерінде өмірдің қаулаған-қаумалаған ащы да ауыр проблемаларын батыл да өктем көтеріп, халықтын ойын оятып, сезімін ұштаған, көп жылдар бұрын қайта құрудың топырағын қопсытып өңдеп, тұқымын сепкен газет болды ғой.

«Социалистік Қазақстан» сен бас редактор болып келген соң 1989 жылдың қараша-желтоқсанынан былай өзгеріп сала берді ғой. «Оқитын материал бар екен» емес, «оқымайтын материал жоқ екен, бәрін де оқығың келеді міне, газет пен журналға оқушы тарапынан берілер ен жоғары баға осы. «СҚ» – міне сондай газет болды, әр нөмірін күтіп, іздеп, үңіле оқитын болдық. Қаншама ойда тынып жатқан толғақты мәселелер козғалды.

Шынында, Шерхан, қазіргі жариялылық заманында баспасөзге билік, журналистке еркіндік тиді ғой. Еркіндік деген – сын, жауапкершілік. Ол дарынды-ойлы журналистің барын танытады, ойсыз, дарынсыз журналистің сырын ашады.

Иә, сондай рухани өрлеу заманы келді, ол да біздің несібеміз болар. Сонау елуінші жылдардың аяғы алпысыншы жылдар басында, біз бәріміз

«Лениншіл жаста» журналистік жолымызды жаңа бастағанда, өмірде ХХ съездің рухынан жаралған еркіндік шабыт болатын еді, соның жалыны әлі бойымыздан өшпеген, кетпеген тәрізді. Сөйтіп, сен қазақтың екі белді-беделді газеті – «Лениншіл жас» пен «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы болып, ақыры бас газет «Социалистік Қазақстанға» бас редактор болғаның заңды да жарасымды, ең бастысы жұрт үшін жемісті, сәтті болды.

Мен де сонау «Лениншіл жастан» ауысып, тұңғыш қазақ ғылыми-көпшілік журналы «Білім және еңбек» ашылғанда, соның бірінші редакторы болып тағайындалдым. Ол қазіргі «Зерде» журналы. Содан 1988 жылы Орталық партия Комитетінің бөлімдері қысқартылғанда мен «енді журналистикама қайтарыңыздаршы» деп «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы болып келдім. Бір жыл ғана істедім. Атын «Парасат» деп өзгерттік, бағытын бұрдық. Сосын мен «Қазақстан коммунисі» журналына бас редактор болдым. 1988 жылы қарашада Орталық партия Комитеті Бюросының бір мәжілісінде екеуміз бірге бекітілдік қой.

Иә, қазір еске түсіріп отырсам, қазақтың тұңғыш ғылыми-көпшілік журналы болған «Білім және енбектің» тұңғыш редакторы болу қиын да қызықты. Ғылым мен техниканың, қиял-болашақтың саналуан тақырыптарына қазақша алғаш рет мақала-толғауларымыз жазылып, фантастикалық шығармалар туа бастады ғой.

Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Әбіқай Бектұров, Нәйла Базанова, Евней Букетов, Ақжан Машанов әңгіме-сұхбаттары орын алды.

«Мәдениет және тұрмыс» журналы осыдан отыз жыл бұрын шыға бастаған. Оның сол кездегі мақсаты мен міндеті халықтың, қалың жұртшылықтың арасында мәдениет, тұрмыс, күнделікті өмір мәселелерін кенінен насихаттап, сол мәдени әдеттер мен салттарды өмірге енгізу, сіңдіру болатын. Өте қажет журнал деп оны жұрт жақсы жылы жүзбен қарсы алды. Бір ғажабы, журналдың басқа әріптестеріне қарағанда бағасы қымбат болса да, тиражы көп жылдар бойына 350-380 мың дана деңгейінде келе жатқаны.

Демек, журнал өзінің ең алғаш, өз кезінде алдына қойған мақсат-міндетін орындап шықты деуге болады, енді жаңа кезең мәселені жаңаша қойып отыр ғой.

Қайта құру, қайта қарау заманы, жаңару, жаңаша ойлау, рухани жаңғыру, қайта өрлеу заманы келген шақта бұл халық қалаған журналдың мақсат-бағыты мен мазмұн-мағынасын да өзгерту, басқаша, жаңаша жүргізу қажет болып шықты. Оқушы жұртшылық байқаған болу керек. Біз 1989 жылдың 4 нөмірінен бастап журналдың бағытын бұрып, мазмұнын өзгерте бастадық. Бұрын негізінен ауыл мәдениеті, мәдени мекемелер, көркем өнер адамдары жайында, тұрмыстағы тазалық туралы жазатын журнал енді заман ағымына, уақыт рухани-лебіне қарай енді рухани-интеллект саласына көбірек ден қойып, назар сала бастады. Осыған орай журналдың әр нөмірі белгілі ғалымның қазіргі қоғамның негізгі саяси, философия, әлеуметтік тарихи әрі экономикалық мәселелері жөніндегі арнайы мақала-топшылауларымен ашылатын болды. Сондай-ақ белді жазушы-публицистердің қайта құрудың өзекті проблемалары, негізгі бағыттары, киындықтары мен өзгерістері жайындағы толғаулары жыл бойы басылып тұрды.

«Қазақстан – Москва», «Алматының астана болғанына 60 жыл», «Отыздың бірі» (алыс аудандар туралы), «Тарих және тағдыр», «Белгілі адамның үлгілі қырлары», «Шетелдерде қанша қазақ тұрады?», «Айқапты» ақтарғанда», т. б. мақалалар басылды.

Сөйтіп барып ол «Парасат» болып атануға право алды.

Сонымен көріп отырсың, бұрынғы аты «Қазақстан коммунисі», заты саяси және теориялық журнал болса да, тар саясат аясында қалмай, сіреcкен теория не ресми құжаттарды жинамай, тынысы кең, ауқымы мол, тарихи, ғылыми мәселелерді кең қамтитыны соңғы бірер жылда жұрт назарын аударған еді. Сөйтіп 70 жыл бойы шығып келген «Қазақстан коммунисі» журналының енді аты да, құрылтайшысы да өзгерді. Журнал жаңа жылдан бастап «Ақиқат» деген атпен шығады. Оның құрылтайшылары – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы мен редакцияның журналистік коллективі болды.

«Ақиқат» деген – өте жауапты ат. Жарияланған мақалалар, айтқан ой-пікірлердің бәрі ақиқат болып шыға ала ма?

Бар әңгіме журналда ақиқатқа жол, ақиқатты іздеу жайында болады. Сол мақсатта елеулі оқиғалар мен келелі проблемалар төңірегінде оқушылардың пікір айтысын, ой-таласын жариялаймыз. Айталық, Қазақстанның Россияға қосылу тарихы, 1932 жылдың аштығы, 1937 жылғы зауал, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, айта берсек, социализм және қазақ халқы деген мәселелердің төңірегінде ақтылы-қаралы пікірлер айтуға, қарама-қайшы тұжырымдар жасауға болады ғой. Осыны айта отырып, ой түюді, қорытынды жасауды оқушының өзіне қалдырамыз. Нарықты экономика мен ауыл, экология мен табиғат, ғылым мен мәдениет мәселелері кенінен қозғалады. Қазақстанның әлемдегі орны, оның XXI ғасырдағы болашағы басты бір тақырып.

Адамдар саяси шудан шаршай бастады. Ол оңаша отырып демалғысы, ойланғысы, рухани ләззат татқысы келеді. Соған орай рухани, мәдени туындылар туралы толғаулар, пікірлер беріп отырамыз.

Ендігі «Ақиқат» философия, социология, психология мәселелерін жазатын қазақ тіліндегі бірден-бір журнал болып табылады, сан салалы білім беретін болады. Ірі қайраткерлерін ғалымдар мен жазушылардың жазбалары, сөздері мен хаттары, әдеби шығармалар жарық көріп тұрады. Жұрт назарын алдымен аударған тарихи мақалалар, деректер, мағлұматтар болса керек. Біздің журналда сонау қасіретті 1932 жылғы ашаршылық жөнінде жазылған Т.Рысқұловтың, О. Исаевтың белгісіз хаттары, әйгілі «Бесеудің хаты» толық қазақ тілінде алғаш рет үш нөмірде, сондай-ақ «Алаш» партиясы туралы бірден үш мақала (оларды өздерің көшіріп бастындар ғой), сол партияның программасы, «Қазақстанның шекарасы қалай белгіленді?», «Қазақта жүз қайдан шыққан?» қазақ халқының өткенде қайта-қайта өшуі мен болашакта өсуі туралы бірнеше мақала жарық көрді.

Абылай, Кенесары, Сырым Датов туралы толғаулар; Б. Қаратаевтың 1907 жылы 11 Думада сөйлеген сөзі; Ә. Бөкейхановтың, Т. Рысқұловтың хаттары; «Қазақ жауынгерлері әскери қолбасшылардың естеліктерінде; «Ленинмен кездескен қазақтар»; С. Сәдуақасовтың, Х. Досмұхамбетовтың, тарихшылар С. Асфендияров пен М. Тынышбаевтың мақалалары, Б. Момышұлының жарияланбаған сөздері жарияланды. Мұстафа Шоқайдың

естеліктері, академик М. Қозыбаевтың «Сталин жане Қазақстан» мақаласына жалғастыра «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» деген топтамасы және оқушылар сұрағына «Сталин қалай қайтыс болды?» «Хрущев қалай босатылды?», «Брежнев қалай басқарды?», «Сталиннің серіктері», «Горбачев қалай сайланды?» дерек-мақалалар жұрт назарын аударған.

Жаңарудың теориялық және проблемалық мәселелеріне арналған «Саясат және парасат», «Қазақстан – одақтық басылымдарда», «Әлем деңгейінде – қазақтар туралы» айдарымен мақалалар, диалогтар, сұхбаттар берілді.

«Тарих тағылымдары» деген тақырыппен ақтаңдақтар жөнінде мақалалар, белгілі ғалымдар мен қайраткерлердің белгісіз еңбектері мен шығармаларын, съездер мен пленумдардық стенограммалары, Л. Мирзоянның, Ж. Шаяхметовтың баяндамалары басылған. Д.А. Қонаевтың кітабынан үзінді жарияланды.

Журналистің жұлдызы жанған шақ, Заң шығып, еркіндік тиді. Жаңа газеттер көптеп шығып жатыр. Биресми ұйымдардың 70 газеті, жеке адамдардың шығаратын бес газеті тіркелген. Еркіндік жақсы. Екі мың сом ақша төлеп, қағазды, баспаны өзің тауып, баспамен өзің келіс те, газетіңді шығара бер.

Газетті шығару оңай (ол да қазір оңай емес) өткізу қиын. Газет сөресі сіресіп тұр, бірден жалт етіп, жарық етіп жұрт назарын аудармаса, бұрмаса, сосын жарып шығу қиын. Енді қайшылыққа толы аумалы-төкпелі заманда журналистер саяси тартыс-арпалыстан, шу-дудан аулақ, жоғары тұрып, оқушының ойына ой, біліміне білім қосатын болса. Газет-журналдарда «Қазақстан әлем деңгейінде», «Қазақстан – орталық басылымдарда», «Қазақстан – XX ғасырда», «Социолог көзімен», «Қазақстанның экологиялық картасы», «Архив қазынасынан», «Қаламгердің жолжазбасынан», «Ғалым көзқарасы», «Қазақ тілінде тұңғыш рет», «Белгілі адамның белгісіз қыры» деген сияқты айдарлар болса жақсы. Соңғы кезде көп жерде саясат пен экономикаға шығып, рухани дүние қағажу қалды. Жаңа кітаптарға, телерадиохабарларына шолулар, спектакльдер мен кинофильмдер жөнінде рецензиялар, оқушы-көрушілердің ой-пікірлері осының бәрі газет-журналдардан орын алса.

Бес қасиетке баулу керек-ау: іс нақтылығы, ар тазалығы білім кеңдігі, қиял ұшқырлығы, ақыл тереңдігі. Осы бесеуі адамдарымызда, жастарымызда болса, онда халқымыз бәрінен аман-сау өтеді. Қазір біздің республикамызда тыныштық деп шүкіршілік етеміз. Баяғыда Солженицын Қазақ өлкесін «қалғыған ел» деп, ал бір басшы күні кеше республикадағы тыныштық жағдай партияның жұмысының нәтижесінде емес, жергілікті халықтың момындығы, бейжай самарқаулығының арқасы деп түсіндірген.

Иә, әзір тыныш. Сол тыныштық баспасөзден басталды. Саяси айқас-тартысқа бармай, саяси айтыстарға қосылмай, журналистер саясаттан аулақ, жоғары, биік тұруға тиісті. Олар үшін бас саясат шындық, әділдік, халық қамы. Соларды қолдағанды қолдап, оларды таппағандарды тәрбиесіне көшіру қажет. Ондай күш қазір басқарушы, бағыттаушы орындарда емес, журналистердің қолында.

«Жолданбаған 27 хат» (1992) кітабынан

ЖАСЫН ҒҰМЫР ЖАҢҒЫРЫҚТАРЫ

Нұрлытай ҮРКІМБАЙҚЫЗЫ

Неге екені қайдам, «Қызыл жебе» романының кітаптарын әр жолы қайталап оқыған сайын Тұрар арқылы Рысқұл атамыздың Рухы сөйлеп тұрғандай көрінеді маған. Тұрар бейнесінің ғана емес, бүкіл шығарманың жаны, тұтас тұтқасы осы Рысқұл Рухына келіп тізе бүгетіндей. Және мұндай тамырластықтың бәрінде де әке мен бала арасындағы туыстық байланыстарды ғана еске алу аз сияқты. Расын айтсақ, пенденің сыртқы түрі, тәні, пішіні ғарыштық заңдылықтарға сәйкес, белгілі бір ортақ үлгімен жасалғандай ғой. Сол ғарыштық үлгідегі тәнге қандай жанның келіп қонақтауы шыр етіп жарық дүниеге жаңадан келген қызыл шарананың еркіне әу баста байланысты да болмаса керек. Ал одан кейінгі ғұмыр жолында әлгі қасиеттерді одан әрі қарай дамыту шарананың еркінде қалмақ. Уақыт оза келе, бәлкім, айбыны асқан ұл болар, мүмкін «аруақ тозса, жын болар».

Ал, айбыны асқан Тұрардай ұлдың бойында пәнидің әділетсіздігіне шыдай алмай, тәркі дүниенің рахатынан безген саяқ ер – Рысқұлдың қыспақта тұншыққан арман-мақсаты атойлап, бүкіл бабалар рухы салтанат құрып тұрғандай.

Әйтпесе, шынашақтай жасөспірім бала Меркенің сонау нөпір базарында көрмедегі мың сан аттың біріне де көз-қырын салмастан, бітімі бөлек Қызыл-Жебеге келетін сары айғырға мініп, оның үстіндегі **«шүпірлете қағып тастаған түйме бас жез шегелері Талғартаудан түнде жамыраған аспан жұлдыздары сияқты»** қақтаған күміспен қапталған ерге тақымның бір тиюін армандар ма еді.

– «Неге екені белгісіз, осы күміс ер оның көзіне жылы ұшырады. Бірақ бала өзінің батыр бабасынан тәні тиіп, тері сіңген ереуіл тақта отырғанын сол сәт сезген жоқ. Тек бір түйгені: мұндай ат пен мұндай ер-тоқымның үстінде адам жайбырақат отыра алмас. Бұл кермет жорықтың, ғаламат ерліктің орны сияқты. Бұл ердің үсті ұлы ерлік істер туралы жар салатын, сан мың қолды аузына қарататын дуалы сөздердің қасиетті мінбері іспетті», – дейді автор сол сәттегі бала Тұрардың көңіл толқындарын дөп баса.

Сол қасиетті күміс ердің үстінде отырғандағы айбыны асқан бала болмысын айта келіп:

« – Ей, бейшара ұсақ тірліктің адамдары! – деп айқай салғысы келіп еді, аттың үстінен аяғы үзеңгі тіреп тұруға жетпеді», – дейді автор жылы бір сүйсініспен, болар бала тектілігінен хабар бере.

Сары айғыр, күміс ердің үстінде жарбиып отырған бала Тұрармен осылайша танысқан Аққөз батыр кейін атақты Мерке көтерілісі кезінде, жан тәсілім етер алдында серіктерінен күміс ерді нағыз иесі Тұрарға табыс етуді де өтінген екен. Бірақ небір боздақтардың құны сұраусыз кеткен сол зұлмат күндерде күміс ердің қандай күйге ұшырағаны белгісіз.

«Айтса да, «... ұлы істер туралы жар салатын, сан мың қолды аузына қарататын дуалы сөздердің қасиетті мінбері іспетті» күміс ер кейін келе талай биік мінберлерге көтеріліп, дуалы сөздерін халқына бағыштай білген қайраткер Тұрар Рысқұлұлының жадынан бір сәт шығып көрмепті. Әділет жолындағы аламат айқастарға түсіп, дүйім жұртты аузына қаратқан, алдаспандай өткір сөздерімен адалдық әлеміне халқын бастап шыға алған әрбір сәтінде ол өзін күміс ердің үстінде отырғандай аса айбынды сезінетін. Бір кездегі Қоқан ханымен әділетті айқасқа шыққан Әлімбек бабасындай аруағы асып тұрар еді.

Сондықтан болар, Түркістан Компартиясы V конференциясында Рысқұлов жобасы бойынша «Түрік Советтік Республикасын» құру жөнінде қабылданған қаулыға байланысты пікірталастыра келіп, Фрунзенің басым көпшілік дауыспен ап-айқын жеңіске жеткен Тұрар беделін: **«Шынына келсек, Рысқұловтың мысы басып кеткен»,** – деп өзінше түсіндіріп, өзгеше түйін түюінің өзі негізгі кейіпкерлердің жаратылысын сырт көз тұрғысынан да сомдай түскендей көрінеді.

Осылайша, батыр бала Әлімбектен қалған күміс ердің елдікті, ерлікті қорғар айырықша қасиеті (автор әр жолы арнайы еске салып отырмаса да) Рысқұлұлының әрбір айбынды сәттерінде ойға оралып, нәтижесінде романның жігі ажырағысыз алтын тініне, өзекті мақсат-мүдде туына айналып кеткен. Ол күміс ер тек аз ғана Алсай ауылының тілекші, қорғаны емес, ендігі жерде дүйім қазақ жұртының жоғын жоқтап, кемін түгендеуші, тәуелсіздікке ұмтылған тұтас халықтардың мұң-мүддесін қорғаушы қасиетті мінберге айналған.

Асылы, сарабдал ақыл-ой, сырбаз сезімді адамзат баласы мына жарық дүниедегі күйбеңмен өткен сүреңсіз жылдарының өтеуіне тұратын қас-қағым сәттік жарқ еткен шарықтаулар мен парасатты жарылыстар үшін ғұмыр кешер. Сондай бір жұлдызды сәтті басынан өткере алған жан қандай бақытты десеңізші! Лаулай алмай, бықсып жатқан айналасындағы қоқырсық дүниенің түнегін бір жарқ етіп түріп тастау үшін ғана ғұмыр кешкендер болмысы қандай биік! Осылайша өзгелердің көкірегіне нұр таратып, бақытты ету үшін өзін құрбандыққа шалғандар өз бойындағы парасат қуат-күштеріне өздері шыдамастан «өртеніп» кететін болуы керек. **«Кейде жұлдыздар әлемді жарқырату үшін қараңғылықты ысырып, өзін-өзі өртеп жіберетін көрінеді», –** дейді автор.

Ал, халқы үшін небір мехнаттарға көніп, тауқымет тарта жүріп, бәрібір сол туған еліне қалтқысыз қызмет етуден танбаған Тұрарды айтпағанда, оның әкесі Рысқұл да сол жұлдыз тағдырлас емес пе!

Жұмыр жер бетіне Тұрардай тұяқ қалдырып, Қызыл Жебемен бір жарқ ете көсілтіп өту үшін ғана келген сияқты. Жылқыайдарұлы Рысқұл! **«Рысқұл сияқтыларды бақыттың буымен мас қылу үшін қыруар мал керегі жоқ. Қызыл Жебе жетіп жатыр»,** – деген авторлық тұжырым кейіпкер болмысын аша түскендей.

Және өмірдің шынайы мәнін, адал мазмұнын осылайша асқақ дәлелдей білген әке үлгісі бұдан былайғы Рысқұлұлы Тұрар ғұмырының айнымас бағытына, мызғымас Темірқазығына айналған.

«...Қызыл тұлпардың үстіне құрыш қыран қонғандай әдемі сурет жас баланың жанын әлдилейді. Рысқұл садақтан атылған Қызыл Жебенің құрыш ұшындай болып барып, айтулы палуан Мақаштың тастай тақымын талқандап, көкпарды тартып алғанда, Тұрар бұл өмірдің додалы көкпар екенін, күреспесе, алыспаса адам өз сыбағасынан, бәлкім бақытынан адасып қалатынын бала көңілмен, көмескілеу болса да, аңлады.

...Тұрар сонда қорқақ болмау керек екенін, адал айқасқа аянбай түсу керек екенін сұңғылалықпен емес, бала түйсігінің алғырлығымен сезінді».

Тұрар алғаш саяси күреске араласып, Мерке көтерілісшілерінің идеялық басшысы болғанда да; одан кейінгі революциялық жорықтарында да, совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы аштықтан халқын құтқарып қалу үшін жанталаса қайрат қылып, бүтін ел тағдыры осындай қыл үстінде тұрған қысталаң шақта сол халыққа жоқ тамақты қасықпен ішуді үйрету жөніндегі Голощекин сияқтылардың демагогтық-қастандық байбаламдарына қайсарлықпен тойтарыс бергенде де; «...мал бағып, егін еккен киргиз пролетариаты нағыз жабайының өзі. Олардың тіл құрамында мал шаруашылығына немесе ауыл шаруашылығына байланысты бір жүз немесе екі жүз ғана сөз бар», – деп, астамшылықпен ой түйген Свешников сияқты шовинистермен ымырасыз айтысқа шығып, туған халқының тарихы, әдебиеті мен мәдениетінің әрбір бөлік, әрбәр беттерін бұра бастырмас терең білімділік; асқан шешендікпен шабыттана дәлелдей алған тұстарында да; төл атын озбыр патша тартып алып, территориялық жағынан да бөлшектеніп, жарымы Түркістанда, жарымы «Киргизский крайда» жүрген сормаңдай қазақ халқының басын біріктіру үшін біртұтас «Түрік советтік республикасын» құру жөнінде (қатерге бас тіге отырып, өзінің күні ертең-ақ «пантюркист» атануы мүмкін екенін біле тұра) қайсар ұсыныс айтып, Фрунзе, Рудзак сияқты қанаттас достарымен принципті айтысқа шығып, сөйтіп өз ойын «Түркістан Компартиясы V конференциясында басым дауыспен өткізе алғанында да; одан кейінгі 1932-жылғы қаралы ашаршылық қырғынды тұсында Сталинге бүкіл жағдайдың шын мағынасын түсіндіріп, ажал тырнағындағы Қазақстанға айырықша жағдайлар жасау жөнінде нақты талаптар қойып, еш бүгежексіз туған халқының тағдырына, жанқиярлықпен араша түскен айбынды сол бір сәтінде де Рысқұлұлы Тұрар баяғы Майлыбайдың асында әкесінің аруағын асырып, жиналғандарды ес жиғызбай таңдандыра, Кесіктөбедегі Тұқымбай ауылының мәресіне **«әлдебір қабылан қарғығандай, яки көлдегі көкала үйрекке аспаннан қаршыға құйылғандай»,** аяғы жерге тимей оқтай атылған жарықтық Қызыл Жебедей, өзінің ақыл-парасатымен әр жолы айналасындағыларды бір таң қылып, дұшпанын тұқырта, досының мейірін өсіре, ең бастысы – туған халқының мәртебесін биіктете, бүкіл болмысымен жарқылдап, жарық жұлдыздай төңірегіндегі түнек атаулыны сыпырып өтпеді ме! «Қызыл жебе» романының барлық кітаптарының бойында Тұрар бейнесі Қызыл Жебе сәйгүлік қылығымен осылайша астаса өріліп, Тұрардың әрбір биік азаматтық қадамдарымен қауышқан сайын тұлпар туған жануардың сол бір жұлдызды шағы оқырман санасында жаңғырады да тұрады.

Баяғы Майлыбайдың ұлан асында «О, Қызыл Жебе!» дегенде жиналған нөпір жұрттың аузындағы дұғасына айналып, мінәжат сөзіндей болған қайран асау тұлпарды енді, міне, Тұқымбай мен Саймасай мерт етпекші. Сол қайран да қайран Қызыл Жебемен Рысқұл оңаша мұңдасады. **«Баданадай көздерін жұмып, тұмсығын Рысқұлдың кеудесіне үйкеледі. «Тұлпар туған атты құдай бақталастардың додасына салмай, жүйрік қадірін қасиеттер сендей ерлердің пешенесіне жазса», – деп мұңын шағып тұрғандай. Рысқұл оның апайтөс омырауын, арыстан бөксе сауырын сипағанда жылқының денесі тұнығына тас лақтырған айдын судай дір-дір етті».**

Сөйткен асыл туған пырақты да қаскөй Саймасайлар жер жастандырды-ау.

Ал, Тұрар өмірі ше! Ол да сол Қызыл Жебе тағдырлас емес пе! Өз қарақан басының мұң-наласына сәтке болса да босаңсымастан, «халқым» деп тас түйін қызмет етіп, сол туған елі үшін небір қатерлерге бас тіккен қайран ер ақыры ақыры адал қызметінің өтеуіне алған «алғысындай» өз қоғамдастарының қолынан мерт болмады ма?! Аймаңдай азаматтың тәнін небір «тапқыр» тәсілдермен қинап, жанын ауыртқан жендеттер арамза тірлік иелерін жасқап өтер Тұрар рухының құдіретінен тайсалып, қалған өмірлерінде бүгежек күй кешкен болар. Олар Тұрар өміріндегі Саймасай ғой. Сондықтан өздеріне тиесілі зауалдарын тартар. Мәселе, тіпті, мұнда емес.

Қыбыр-жыбыр тірліктің қайшылықтарымен келісе алмай, шындық жолында саяқ жүрген Рысқұлдың өзі жазықсыз итжеккенге айдалған соң не жорық! Әділет салтанат құрған заман болса, Жылқыайдарұлы Рысқұл жалпақ елге билік айтып, қалың жұрттың қара қылды қақ жарған мінезімен тәнті етіп отырмас па еді! Енді, міне, роман тілімен айтқанда, **«Ноқта сыймас әзиз басқа тура құрық түскен соң, тырп етуге шама жоқ, тек кісен сылдырлайды...»**

Ол аз дегендей қасындағы мұңдас башқұрт жігіті мұны жігерлендіре түсейін дегендей:

«Қайда бармас,
Нелер көрмес,
Ер жігіт пен ат басы», –

деп, башқұрт Ғайса-дуананың жырын сұңқылдатады келіп. Бұл да дұрыс делік. Дегенмен, сол ноқта сыймас әзиз басын қатерге тіккен ерлер тіршілігінде өздері аңсаған әділет салтанатының шет пұшпағын көріп кетсе ғой...

Рысқұлды Верный түрмесінде арнайы комиссияға түсірген кездегі сойылдан сау жері жоқ денесіне таңқалыспен қараған вице-губернатор Осташкиннің қызығушылық аралас сұрағына: **«Мына кәмисияң ең басты белгімді таба алмады, дәу мырза. Ол менің жүрегімдегі жара ғой. Зорлардан зұлымдықты көп көрдім. Жүрек содан жаралы. Менің жүрегімде түк бар, дәу мырза. Бірақ сол түкке қырау тұрып қалған. Пендеге пенде болып жүргенімде ол қырау жібімейді. Міне, ең басты белгі. Басқасы түк те емес», –** деп ащы мысқыл аралас сөзбен жауап берген болатын. Осы үзіндіде Рысқұлдың өзі ғана емес, ол тағдырлас қайсар жандардың тұтас болмыстары сәтімен сомдала түскендей.

Романдағы негізгі кейіпкерлердің алмағайып тағдыры арқылы жырланатын өмір мәні, Жаратылыс заңдылықтары, жер бетіндегі қайшылықты ғұмыр сәттері хақындағы жазушылық терең толғаныстар мен сезім иірімдері, ой-пікір тоғыстары осылайша оқырманын бей-жай қалдырмайды.

Аң патшасы барыстың өзі жол берген Рысқұлға, ер үстінде **«көкпардың киесі – көкбөрінің»** отырғанын аңғарып, жұлдыздай ағып өткен Қызыл Жебенің өзі жүгенінің киелі қолдарда екенін мойындаған, асыл туған пырақтың өзі бағалаған Рысқұлға, **«тұрған бойы сұлтан-шері, нағыз жайсаң»** Рысқұлға тірлік шіркін не көрсетпеді?! Осы орайда автор Рысқұлдың қиюы кеткен тіршілігінің бүкіл тұрқын мынадай бір үзік көрініс арқылы сәтімен бейнелейді:

«...Бір қайырым ғана әуен. Сандықтың ішінде іске татыр ештеңе жоғына кешірім өтінгендей аяулы мұң. Бұл – баяғы батыр баба Әлімбектен қалған жұрнақ. Көне шеберлер кілт бұралар құлпына екі тілшік салып, бұлбұл құстың бір қайырым үнін түсірген. Әу баста ол үн көңілді де шығар, ал келе-келе, қажала-қажала құлыптың көмейінен енді жалынышты, мұңды әуен шығатын болған».

Иә, кенеуі кеткен қайран өмірден де осындай жалынышты үн шықса керек-ті. Бірақ, өз болмысына лайықсыз осыншама теперіш көріп жүріп, бәрібір Рысқұлдың мойыған, күштілерден ығатын түрі жоқ. Қайта бір қиындықтардан екіншісіне қарай ширай көтеріліп, әр жолы соны бір өзекті қорытындыларға келетіндей ме, қалай? Және ол сонысымен де Рысқұл ғой!

Арыстан жүрек Рысқұлдың сол біртуар болмысы баласының бойында заңды жалғасын тапқандай. «Оян, Тұрар!»- деп тас түрменің ішінде қаршадай баланы құлқын сәріден тұрғызып алып, өзі кешкен ғұмырының бұралаң-бұлтарысты, кедір-бұдыры көп соқпақтары жайлы сыр шерткенде әке Рысқұлдың көкейінде перзент табиғатындағы рухани жалғастықты, ата-баба мақсат-мұраттарының бүр жарғанын бағымдағысы келген ниет тұрды ма екен...

Әйтеуір, түрменің тар бөлмесінде бір-біріне әкелі-бабалы ғана емес, рухани дос та бола білген екеуі араларында енді ешкім де үзе алмайтын мығым өзектің пайда болғанын іштей түйсінетін. Тіпті аяқ-қолы кісенделіп, итжеккенге айдалып бара жатқан Рысқұлдың тоқыма белбеуінің тарқатылған жібінен айырылмау үшін өкпесі қабынып, өті жарылып, жаны мұрнының ұшына қонақтап, зымырап келе жатқан бала мен арбадағы әке арасындағы байланысты айдауыл «штыкпен үздім» деп ойлағанымен, бұл олардың арасындағы тек кеңістік тұрғысындағы арақашықтықтың алшақтай түскенінің ғана белгісі еді.

Ал шындығында, сағыныш атты шұғылалы сәуле, көзге көрінбес көпірлер арқылы олар қашан да бірге еді. **«... Менің рухым сені мәңгі-бақи шырылдап іздеріне сенімім кәміл»,** – дейді Рысқұл баласына.

Сонау сұсты Сібірдің беймілім бір түкпірінде ауыр тірліктен белі бүгілсе де, еңсесі езілмеген, қол-аяғындағы кісендері денесінің бір мүшесіндей болып кеткен Рысқұл тірі тамұқта жүргенінде де көкірегіндегі сағыныш атты сұлулық әлемін жоғалтып алмастан, қайта оны өзін іштей дәйім түлетіп отырар сыр безбеніне айналдыра алған.

Тұрғындары шаналарына ит жегіп жүретін сонау көз көрмес, құлақ естімес түкпірден қара танымаса да әлгі айтқан рухани байланыс, желілер арқылы көңілге ыстық сағыныш сезімін ұялатар жарықтық Әулие-Атадағы жалғыз жігері – Тұрарына арнап жазған сағыныш хаттары қандай мүбәрак еді!

«Жұлдыздардан көпір салып өтуге мен дайын. Саған деген сағынышты қос-қанат етіп, Қызыл Жебенің рухын ерттеп мініп, күндердің күнінде мен ғарышқа көтеріліп, жұлдыздан жұлдызға қарғып түсіп, елге де жетермін. Тұрар, саған деген сағынышын кеудесіне сыйғыза алмай, аспанға жұлдыз етіп шашыратып жіберуші әкең Рысқұл».

Осы қысқа ғана үзіндідегі жазушылық шеберлік пен тереңдік көңілі тетік оқырманды бей-жай қалдыра алмас.

Роман кітаптарындағы табиғат көріністері де кейіпкерлерімен бірге жадырап, бірге қапаланады. Дауылбайдың теперішінен қашып, жер жанаты Ақсу-Жабағылыны тастап, егін салмайтын, суға таласпайтын кең дүниедей көрінген Талғар тауға көшіп барған аз үй Алсай ауылының үміті алданған әрбір жаны атамекенді қайтіп сағынбасын?! **«Аршалар арасынан пыр-пыр етіп ұлар ұшып, құздың құлар басында қарауыл қарап таутеке тұрған, шаңқ еткен қыран даусынан тау жаңғырыққан қайран да қайран дүние!»** – деп көкірегі қарс айырылады жанкешті Рысқұлдың.

Жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» романының кітаптарын оқи отырып, биік қасиеттердің бір адам бойында ғайыптан тайып, кездейсоқ пайда болмайтынын, оның тамырларының тым әріден, бабалар ғұмырынан бастау алып жатқанын терең түйсінесіз. Әлімбек, Жылқыайдар бабалары жайдақ ғұмыр кешкен болса, шарболат мінезді Тұрар қайдан пайда болар?! **«Өмір бойы тәуекел дариясынан бет жуып», «дүниесінің әділетсіздігіне шыдай алмай, дүниенің рахатынан безген саяқ ер»** еш жалтақсыз, күбіжіксіз ғұмыр кешкени Рысқұл әке болмысын көрмей өссе, онда Тұрардай заңғар халық ұлының осынау биік дәрежесінде қалыптаса қоюы да неғайбыл еді. Демек, пенде шіркіннің бар асылды айналшықтап тек өз бойынан іздеп табуға тырысуы – көрсоқырлық. «Алланың аманат қойған жаны» сияқты, аруақты Бабалар рухының адал ұрпақтары бойына дарытқан аманат қасиеттері де адамзат баласының ғұмырын нұрландыра түспей ме? Ендеше, мұның өзін Бабалар рухының болашаққа қамқорлығы деп түсінгеніміз жөн болар.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 14 ақпан 1992 жыл.

ТЕТРОЛОГИЯ ТҮЙІНІ

Мұхамеджан ҚАРАТАЕВ

Осыдан алты жыл бұрын партия бастап, өмірге өзгеріс қажет, жағдайды жаңарту керек, жаңғыру керек деп жар салғанда, ендеше қоғамды қайта құру жолында жаңа бет-бұрыс жасаймыз деп, дүр сілкіндік, үмітпен сенім кемесіне мінгендей сезіндік. «Елу жылда ел жаңа» деп қазақ айтқандай, елу емес, жетпіс жыл бойы жегідей жеген зорлық-зомбылық заманының зардабынан арылады екенбіз дедік. Таққа отырған М.С. Горбачевты «пір тұттық», оның әрбір сөзін пайғамбар сөзіне баладық.

Ақыры алты жыл өтті. Осы мерзімде не күттік, не көрдік, не бітірдік? Осы тұрғыда данышпан Ленин бастап шырағын жаққан жаңа өмірдің қадір-қасиетін қалай сақтадық, қалай даттадық, қайтіп жайраттық дегенге келсек, халықтың елдігімен, ерлігімен қатар, үкімет төбесінде отырған тұрпайылардың қаншама қырсығы, қасастық қияметі болғанына көзіміз жетті. Санамыз оянды, сезіміміз сергіді.

Ал енді не тындырдық деудің шындығы мен ақиқатына тоқтасақ, айтар сөз көп. Соның ең кереметі – бүкіл кеңес халқы бірігіп 70 жыл бойы қате, кемшілігі бола тұра, өжет өмір сүрген бірден-бір берік қоғамның аяқ астынан күйреуі, қайта құру кезеңі басталғанда коммунизмге бет бұрамыз деген Кеңес одағының құлап, енді капитализмге бет бұруы. Бұл жағдайды терең түсіне алмай тұрған мезетте мынадай бір көңіл жұбатар жайға тәнті болуым: баяғы патша заманында отаршылықтың зобалаңынан ғасырлар бойы тұншыққан, осы пәледен кеңес дәуірінде де арылып болмай азап шеккен қазақ халқына тәуелсіздік тиюі. Мұны қазақ халқының ежелгі арманы деуге тұрады. Олай дейтінім – бұл тақырып қазақ әдебиетінің баяғыдан бүгінге дейін өріс алған жансүйер туындыларының тетігі. Осының кейбір ең елеулісін атағанда алдымен ауызға ілінетіндері: М. Әуезовтің («Қараш-Қараш», «Қилы заман», «Абай жолы» т.б.), С. Сейфуллиннің («Тар жол, тайғақ кешу»), Б. Майлиннің (Адасқандар»), І. Жансүгіровтің («Құлагер»), С. Мұхановтың («Ботагөз»), F. Мүсіреповтің («Оянған өлке»), F. Мұстафиннің («Қарағанды»), Т. Ахтановтың («Ант»), Ә. Кекілбаевтың («Үркер»), М. Мағауиннің («Аласапыран»), З. Ақышевтің («Жаяу Мұса»), Д. Әбілевтің («Сұлтанмахмұт»), Ә. Нұрпейісовтің («Қан мен тер»), З. Шашкиннің («Доктор Дарханов»), Х. Есенжановтың («Ақ Жайық»), Ш. Мұртазаның («Қызыл жебе»).

Тарихи тақырыпқа барған осынау шығармалардың бәріне болмағанмен, бірсыпырасына кезінде пікір жазғаным бар. Соның ішінде соңғы жазған мақалам Шерхан Мұртазаның үш томдық «Қызыл жебе» романы туралы «Тұрар туралы трилогия» деген мақалам еді. Сонымен Кеңес одағы бір жағынан күйреп, екіншіден Қазақстанның тәуелсіздік алып қуантуы екі ұдай пікір туғызады, Компартияның құлап, Кеңес одағының ыдырауына партия басшылығының өзі кінәлі болса, Қазақстанның тәуелсіздік алуына ең зор еңбек сіңірген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екеніне көзіміз жетті.

Сондықтан Н. Назарбаевтың тәуелсіздік жайындағы еңбектерін үзбей оқи келе, оның «Егеменді Қазақстан» ақпанның 14 күнгі нөмерінде жарияланған Шерхан Мұртазамен сұхбатына қатты назар аударуым. Нақ сол тұста Ш. Мұртаза трилогиясынан кейінгі төртінші кітабын оқу үстінде едім. Кітапты қоя тұрып, сұхбатты қадағалап оқуға тура келді. Сұхбатта бірден көз тартқан Президенттің мынадай түйінді де түбегейлі сөздері: «Иә, содан бері заман күрт өзгерді. Сіз бен біздің «сәуегейлігіміз» түп-түгел келе қойған жоқ, «Қуатты Орталық күйреді. Енді сол күйреген Орталықтың қаңқасының астынан әрең-әрең босанып, жеке-жеке тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Соның бірі – Қазақстан».

Бұл жерде «содан бері» деп отырғаны Назарбаев пен Мұртазаның 1989 жылғы алғашқы сұхбаты көрінеді. Онда қазір күйреген Орталықты қуатты Орталық деген екен. Енді сол тәуелсіздіктің әрең-әрең қолға тигені мойындалып отыр.

Ал енді Ш. Мұртазаның трилогия деп бағаланған алғашқы үш кітабында негізгі геройы Рысқұл мен оның баласы Тұрардың тағдырына байланысты ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халық өмірінің колониялық, құлдық жағдайы терең сыпатталған болса, трилогияны тетралогияға айналдырған мына төртінші кітап туралы не деуге болады? Иә, бұл кітаптың аты – «Қыл көпір». Бұл кітаптың түпқазығы Тұрар болса, «Қызыл Жебенің» түпқазығы – Рысқұл, Тұрардың әкесі. Әке мен бала екеуінің де туған, өскен ортасы бір, қазақ елінің колониялық қамауда жапа шеккен зарзаман – XIX ғасыр мен ХХ ғасырдың шектескен тұсы. Бұл заманның не бәле-жәлесін бірге бастан кешті. Тұрар тағдырының әкеден айырмасы тек революция жылдарынан басталады. Мұны автор анық, айқын түсінген. «Россия революциясының неге жеңгенін, – дейді ол, – Рысқұлов бір марксистей білді де, енді ап-анық сезіп, себеп-салдарын салалап түсінгендей болды». Осы түсінік Тұрарды қанша қатерлі болса да «қыл көпірден» аман алып шықты. Бүгін Компартия мен Кеңес одағын таратып жатқан астан-кестең кезеңде кейбір ұшқары, надан белсенділер барлық бәлені революциядан, тіпті Лениннен көрген тұста Шерхан Мұртаза: «Ленин сынды от кеуделі пайғамбар тумаса, оның отты дана миы лауламаса, оның отты үні найзағайша шатырламаса, Россия көпке дейін ыңырсып, әрі бай, әрі жұрдай кедей қалпында қала бермек еді» – дей келіп: «Егер от кеуделі Ленин өз тұлғасымен жаңа бір күндей жарқ етпесе, Рысқұловтың тағдыры не болмақ еді?- дейді. Өте дұрыс айтылған! Ал шынында барлық қате, қайшылық, күншілдік пен қастандық Ленин жоқта, Сталин таққа мінгенде барып өріс алған жоқ па?! Міне, Тұрардың бастан кешкен, көз алдынан өткен кезі осы тұс. Осы тұста оның білімі, дүние танымы, өмірге көзқарасы, адамгершілігі таразыға түскендей өлшенеді, айнаға түскендей анықталады да айқындалады. Өзінің Ленинге, революцияға деген терең түсінігімен, таптық күрес мақсатымен, қажырлы қайрат тәжірибесімен көзге түскен жас жігіт Кеңес үкіметі тұсында баспалдақтап, Қазақстанда, Ташкенде, Түркістанда, Орынборда, Моңғолияда әрқилы жауапты қызметтер атқарып, ақыры Мәскеуге барғаны, Орталық комитеттің басшысы Сталиннің қасында орынбасар болуы – қияға шыққандай қиын жол еді. Осынау «Қыл көпір» дерлік қысталаң жолдан Тұрардың қалай өткенін Ш. Мұртаза романда нағыз шыншыл әдіспен шынайы суреттеген.

Қашан, қандай ресми қызметте болмасын, Тұрар өмір құбылыстарын біржақты қарамайды, оның есі-дерті алдымен туған ауыл-аймағында, қазақ халқының халі мен қамында, сүйікті семьясында, дос-жаранында, өзінің туып-өскен Жетісу аймағы дейсің бе, оның Алатауы, алқакөлі, өзені, мөлдір бұлағы, орманы, салқын самалы, керемет гүлі дейсің бе – бәрі әмбе оның есінде, бәрі әңгіме сюжетіне қатысты әдемі суреттелген. Туған әкесі, оның мүшкіл халі өз алдына, аққөңіл ауыл ағасы Ахат ағасы болсын, сүйікті нәресте ұлы Ескендір, келіншегі Надя, тағы басқа сүйкімді образдар ерекше дара қасиеттерге бөленген. Әсіресе табиғат суретін оқығанда еріксіз таңтамаша қаласың. Бір-ақ мысал Хазар теңізінің көрінісінен: «Ақжал толқындар бірінен бірі туындап, бірін-бірі қуалап қашқаны жеткізбей, қуғаны жете алмай, табандаса тақасып, ақыр соңында талмаусырап келіп қызғылтым құмды жағаға сылқ ете құлайды. Әлгібір асқар таудың шоқысындай дүрдиген ақ шуда көбік енді жыбыр-жыбыр етіп, лезде сөніп, қыз ерніндей қызғылтым жарма құмның жиегін жіпсініп барып демде сіңіп кетеді. Толқын пақыр – сұлу қызды бір сүюге ынтызарлана арпалысып жетіп, сүйер-сүймес талып түсіп жатқан көзсіз батырлар» Әрине, «Қыл көпір» романының өзекті арқауы тарихи революциялық тақырыпқа қатысты болғандықтан, біркелкі көркем жүйеге құрылмайды. Сондықтан нақты деректер революция тақырыбына құрылған тарихи саяси оқиғалар жайында болған соң, көп жағдай жалаң баяндауға да шақырады. Революция қызметін атқарып біресе онда, біресе мұнда міндет атқарып жүрген қайраткер Тұрар Рысқұловтың араласпайтын ісі жоқ екені аян және жай ғана жалаң тапсырмамен жүрген қызметкер емес, бәріне жауапты революционер. Оның үстіне қайда жүрсе де Тұрардың мойнында туған халқы қазақ елінің қайғы-қасіреті. Шынында да үкімет басына Сталин сықылды қаныпезер келіп, отарлаудан да орасан саясат жүргізіп, өр Голощекин секілді жендетті қойса, «Кіші Октябрь» деген желеумен қазақтың малын алса, өзін аштықтан қырса, онымен қоймай, жер аударса, құғынға ұшыратса, бұған Т. Рысқұлов қалай төзсін?! Төзе алмады. Қолынан келген барлық әрекетін өзіне жасады. Қанша қатерлі болса да Сталиннің атына хат жазды, нәтижесіне қаншама қайғыра «Қыл көпірдің» үстінде күйзеле күтті дейсің?! Күтіп қана қойған жоқ, барлық шама-шарқымен ойға шапты, қырға шапты, қазақтың сол кездегі атақты зиялыларымен есебін тауып таныспағаны, халық қамы жөнінде пікірлесіп қарым-қатыста болмағаны жоқ десе болады. Сонау Мұстафа Шоқаевтан бастап Нәзір Төреқұловқа, Смағұл Сәдуақасовқа, Әлихан Бөкейхановқа, Ахмет Байтұрсыновқа, Міржақып Дулатовқа, Жүсіпбек Аймауытовқа, Мағжан Жұмабаевқа дейін сырласпағаны, мұңдаспағаны жоқ. Оған қоса, Голощекиннің орнына кімді ұсынасың деген Сталиннің құйтұрқы сұрағына Рысқұловтың романда көрсетілген мынадай ұсынысы бар: Қазақстанды басқаруға жасайтын қазақ азаматтары аз емес: Нығмет Нұрмақов, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Ходжанов бар, Санжар Асфандияров, Ораз Жандосов, Жалау Мыңбаев, Әбілхаир Досов, тағысын тағылар толып жатыр». Ол ол ма! Оның үстіне Тұрардың Орынборда Жанша Досмұхамбетовпен қауышып, достасып, орыс қызы Надяға үйленуі өз алдына елеулі құбылыс. Мұның ерекшелігі – Тұрар мен Надяның бір көргенде, «сүйдім, күйдім» деп табысуы

емес, Рысқұловтың Орынборда, ауруханада ауыр халде жатқанда сіңірген адал еңбегі ақыры әлгі сүйісіп қосылу нәтижесіне келеді. Ең ақыры Надя Шымкенттен Орынборға қайтқалы тұрған жерде мынадай бір ауыз ғана күтпеген сөйлем жүрегіне бір түрлі жылы тиеді: Надя өте бір жұмсақ, наздылау ибалы қылығымен келіп, Рысқұловтың мойнынан құшақтап, екі бетінен кезек-кезек шөп-шөп еткізіп, кең кеудесіне басын тығып, көзін жұмды». Осы жерде ішінен «апыр-ай, бұл қалай?» дейсің. Махаббат деп тіл қатпаған бұлардың табысуы қандай қызық! Тағы бір оралатын ой – қазақтың орыс қызына үйленуі ұлттық әдепке жата ма дейсің де, сөз жоқ, жатады дейсің. Егер осы сықылды қай ұлт болғанмен адамгершілік сынағынан ары таза, адал өтсе, осынау бір фактының өзі Тұрар Рысқұловтың образын жаңа бір интернационалдық сыпатын танытса керек. Ұлт адамдарының арасындағы бірлік ынтымақ араздыққа емес, адал адамгершілікке сүйену қажет екені осының өзінен анық көрінеді.

Тұрар Рысқұловтың туған қазақ елі мен бүкіл жаңа құрылып жатқан Кеңес үкіметінің алдында беделі асып биіктеуі, Сталиннің сұмдық сұрапыл саясатына батылы барып, халқын қырғыннан қорғауы орасан ерлік еді. Осыған орай автор Сталин мен Рысқұлов арасындағы арбасуды сырт пішіні мен ішкі сыры арқылы шебер жеткізе білген қарама-қарсы сөз жарыстырған әлгі екеуінің соңғы диалогі – осының айғағы.

Саяси қайраткер Т. Рысқұловтың өзге өкілдермен сырласқан, сыбайласқан қауышуларын түгел айтып жатпай-ақ, тағы бір ерекше елеулісіне тоқтала ету қажет. Ол – Тұрардың Мұхтар Әуезовпен қауышуы. Бұл орайда романның «Екі жұлдыз» деген тарауы алабөтен назар аударады. Неге десеңіз, тарау былай басталады:

«Рысқұловтың үйіне тағы бір мейман келді. Рысқұлов оған ерекше қуанып қалды. Бұл жөні бөлек қонақ еді. Жанындай жақсы көретін тетелес інісі, рухани досы Мұхтар Әуезов телефон соққанда Рысқұлов жұмысын тастай салып, Совнаркомнан машинаға отырып, вокзал басына жетуге асықты» Сөйтсе бұлар 1922-23 жылдан таныс екен, дос екен. Мұхтардың 1927 жылы жарық көрген «Қараш-Қараш» повесінің материалы Тұрардың әкесі Рысқұлдың тағдырына қатысты екен, Оны Мұхтарға Тұрардың өзі баяндап беріпті. Енді данышпан Мұхтардың көркемдік көрігінен өткен тамаша повесті оқығанда Тұрардың егіліп жылағанын біліп, Мұхаңның суреткерлігіне тәнті боламыз. Мұхтар мен Тұрардың достық қауышуы көп ардагер адамдардың саяси, мәдени, рухани еңбектерін тануға перде ашқан. Оның ішінде Ахмет Байтұрсынов, Ғабит Мүсірепов, Сұлтанбек Ходжанов, тағы басқа жоғарыда аталған қазақ интеллигенциясы түгел қамтылған.

«Қыл көпір» романын тетралогияның түйіні деудің басты себебі – XIX-XX ғасырдың шекарасында отарлау саясатының бұғауында жапа шеккен қазақ халқының зардабын көрсеткен «Қызыл жебе» трилогиясының енді Октябрь революциясы мен Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңіндегі трагедиясын көрсеткен түйінді туынды болғандығы.

Қазір ана тіліміздің тағдырын ойлап, тәуелсіздік алғанымызға мәз болып жүруіміз үлкен салтанат. Сол тұрғыдан қарағанда «Қыл көпір» романының тіл байлығына көз тіксем, қуанар жайлар баршылық. Әдебиеттің, тілдің

маманымыз деп көкірек қағып жүрген біздің өзімізге не ұмытқан, не тіпті білмейтін сөздер аз ұшыраспайды. Бірақ білмеуіміз, ұмытуымыз көнтексті оқи келе, біліп кеткенімізге өте қуанып кетеміз.

Осы пікірімді мен Бексұлтан Нұржекеевтің романдарын сөз еткенде де қозғап едім. Ол шынында қазақ тіліміздің әдебиетте игермеген мақтанарлық байлығы екен ғой.

«Жас Алаш» газеті, 3 наурыз 1992 жыл.

БАСТАУЛАР МЕН БИІКТЕР

Тахауи АХТАНОВ

Шерхан Мұртазаевпен Қарағанды қаласында 1957 жылы таныстым, «Лениншіл жас» газетінің Қарағандыға жуырда келген тілшісі, жиырмадан жаңа асқан жас жігітпен жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрдім. Шымыр танау, пісте мұрынды, ат жақты қара торы жігіт жастығына қарамай тым салмақты көрінді. Әңгіме айтудан гөрі тыңдауға құштар, өңіне жылы күлкі тепсініп, маңдайының астынан жасы үлкендердің сөзін ғана емес, мінез-құлқын, ар жақ, бер жағын да бағып отыратын сияқты еді. Ол кезде Шерхан әлі көркем шығарма жазбаған-ды, бірақ кейінірек ойлап қарасам, болар бала басынан демекші, жас жігіт болашақ жазушының мінезін танытқан екен.

Жазушылық деген өмірдегі бар құбылысты көре білу, көп нәрсенің сырын көңілге түйе білу, таңдана, қуана, күйіне білуден басталады. Шерхан да жастайынан қайнаған өмірдің қалың ортасында болды. Көтерілген тың, Қарағандыда салынып жатқан алып Магнитка Шерханның көп аралап, көзі ғана емес, көңілі қанықкан дүниелері.

Жазушы жолының газеттен басталуы да – өзеннің құнарлы бұлақтан басталғаны сияқты.

Көркем шығармаға, үлкен шығармаға кірісер алдында болашақ қаламгер өмірмен жан-жақты жете танысып, бал жинаған арадай өмір нәрін бойына сіңіріп, күнделікті тірліктің ыстығы мен суығына қызу араласып, тұрмыстың толып жатқан проблемаларын көтеріп, әдебиетке «жазсам» деген жайдақ құштарлықпен ғана емес, көп нәрсені көріп, түйіп толысып келеді.

Сол мен алғаш көргеннен алты жылдан кейін Шерхан Мұртазаевтың «Табылған теңіз» атты алғашқы повесі жарық көрді. Кейбір талағының биті бар жастар өмірден көп нәрсені көріп білмей жатып-ақ, отыра қалып өзінің тұңғыш тұтанған сезімін, от басынан ұзап шықпай жатып-ақ алған әсерін повесть етіп жаза қояды.

Ал, Шерхан болса өзінің бірінші көркем туындысына көп дайындықпен келгенін көреміз. Иә, оған дейін ол талай ел көріп, жер көріп, талай қауымның ішінде болып, өз тұсындағы өндіріс пен шаруашылықтың сан қилы мәселелеріне қызу араласып, толып жатқан мақала, суреттеме, очерктер жазып қаламын төселтіп, өзі де өмір сырына жетіліңкіреп келді. Сондықтан да болар жазушының осы алғашқы повесі жұрт құлағына елең еткізіп, көп назарын өзіне тартып алған-ды.

Осы повестің және кейінгі Шерхан повестерінің маған ерекше еткен әсері – геройларының бойынан есіп тұратын уақыттың тынысы, мінезі, құлқы дер едім. Шынайы көркем шығармада әр герой өзінің өмір сүрген мезгілінің тынысын ғана емес, тіпті керек десеңіз иісін, сөзінің дәмін, мінез-құлқын таныту керек. Бар заманда өлмейтін герой болады, бірақ бар заманның сипатын танытатын, бар заманның мінезіне үйлесе кететін герой болмайды. Әр герой тек өз заманының перзенті. Біздің қазіргі тез жетіліп, өзгеріп отыратын заманымызда – тұрмыс-салт нышандары ғана емес, характерлер де тез өзгеріп отырады. Сол сияқты Мұртазаевтың алпысыншы жылдардағы кейіпкерлері де сол мезгілдің перзенті, ал бүгінгі сексенінші жылдардың жастары егіздің сыңарындай ұқсамайды, ал жазушының соңғы туындыларындағы кейіпкерлер кейінгі күннің сыр-сипатын танытады. «Уақыт талабына жауап беру», «бүгінгі күннің тамырын дәл басу» деген сөздерді жиі айтамыз.

Егер әдебиетті бүгінгі күннің публицистикалық рупоры деген ұғымнан тереңірек ұғатын болсақ, шығарма бүгінгі күннің көкейкесті проблемаларымен қоса, кешегі емес, ертеңгі де емес, (мейлі геройдың ойы болашаққа бойлай берсін), дәл бүгінгі адамның сыр-сипатын, характерін, құлқын, ең аяғы сөз саптас, жүріс-тұрысын айнытпай берсін. Сонда ғана біз уақыттың көркем шежіресін жасай аламыз, бүгінгі күнімізді айнытпай болашаққа беріп кете аламыз.

Шерхан Мұртазаев шығармаларының міне сүйсіндірген бір қасиеті осы уақытқа, мезгілге деген дәлдігінде, шындыққа көзінің жітілігінде.

Әдебиетке өмірден біраз қор жинап келген Шерхан тұңғышына тамсанып қалған оқушысын көп зарықтырмай «Белгісіз солдаттың баласы», «Бұлтсыз найзағай», «Мылтықсыз майдан» повестерін жазды.

Бұл шығармалардың да негізгі тақырыбы да осы бүгінгі күн өмірі, дәлірек айтқанда өмірдегі адам орны дер едім. Автор, кейбір жазушылар сияқты суреттеудің орнына идеясын баттитып айтпаса да, оның геройларының қиын тағдыры, өз ісін қанағат тұтпас іштей мазасыздығы, көңілдегі көмескі бір талпыныстары, сезім тепсіністері арқылы жоғарыда айтылған негізгі идеяны айқын сездіреді.

Біз мұны Шерхан Мұртазаевтың «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Интернет наны» атты әңгімелер жинағынан да байқаймыз. Әдебиеттегі жолын ірілеу шығармадан бастаған кейбір жазушылар, ұсақ жанрға үйір бола бермейді және оған епсіздеу де болады. Шерхан әңгіме жанрында да жапжақсы шеберлік танытты. Бүгінде әңгіме жанрының да керегесі кеңейген заман.

Бұрынғыдай бас аяғы жинақы, аз да болса толық бір окиғаны баяндап, адам образын жасайтын әңгімелерден гөрі, бас-аяғы жоқ көрініс ті, немесе алған әсерді беретін суреттемелер басым болып барады. Шерханның өзім ұнататын бір қасиеті ол әңгіменің классикалық үлгілеріне бейім. Шағын әңгімеге тән шымырлық, оқиғаның қою һәм жинақтылығы, ішкі мән, астар, новеллаға тән тосын шешімдер біздің осы ойымызға дәлел болса керек. Бізді қатты сүйсіндірген, ішімізді жылытқан нұрлы әңгімесі «Бір нәзік сәуле» болса, «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайды», «Сол бір

күз», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр» атты әңгімелері де бүгінгі әдебиетіміздің көркемдік дәрежесіне көтерілген құнды дүниелер.

Жалықтырмай оқылатын жалаң окиғаны кейде көркем шығарма санатына қоссақ та құнды шығарма деуден аздаған сауаты бар әдеби сын аулақ қой. Оқиға тек қаңқа болса – оған ет бітіріп, қан жүгіртіп, жан беретін адамның жан дүниесі, сезімі; өмір сырлары ғой.

Шерхан әңгімелерінде де сарғайған сағыныш, ыстық пен суықтай оқушы жүрегін қарып өтетін қуаныш пен күйініш, сызаттаған үміт пен сыздаған мұң сияқты адам сезімінің не бір иірімдері байқалады.

Проза саласындағы біраз ізденіс, талпыныстардан кейін жазушының әдеби тұлғасын жоталандырып, шоқтығын шығарып көрсеткен көлемді де мазмұнды туындысы белгілі «Қара маржан» романы.

Бұл шығарма әдебиетімізден елеулі орын алып, ресми түрде де бағаланып Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Қара маржан» романына арқау болған, қазір еліміздің үлкен бір өндіріс орталығына айналған белгілі Қаратау кеншілерінің өмірі. Мұнда атаулары сәл ғана өзгертіліп алынған Қарасай тау-кен комбинаты, Нартас, Ақсай кен кеніштерінен Қаратау, Жаңатас кен орындарын танитынымыз сияқты, осындағы әдеби кейіпкерлердің көбінен Қаратау кеншілері өздерінің талай жолдас-жораларын, қатар жүрген құрбы-құрдастарын танып алатын болар.

Қаратауға қайта-қайта барып, сондағы халықпен қоян-қолтық араласып жүрген жазушы қаламынан бүгінгі жұмысшы өмірін, білімді, ізденімпаз инженер, геологтар тірлігін көркем шежіреге түсірген жап-жақсы роман туыпты. «Жұмысшы табының өмірінен шығарма жоқ» дегенді біз көп айтамыз. Бірақ шындық дәл олай емес.

Ілгеріректегі Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсіреповтердің белгілі ірі туындыларын айтпағанда, осы тақырыпта одақтық жүлде алған С. Шаймерденов, З. Қабдолов романдарын қалай ұмытамыз. Осы жақсы дәстүрдің заңды жалғасы, жетпісінші жылдардағы жұмысшы, инженер техникалық интеллигенция өмірін жарқын көрсеткен Шерханның осы романы. Басынан танылған Шерхан талантына тән нақтылық, уақыт, мезгілдің бір сипатына деген дәлдік, яғни көркемдік шындық бұл шығармада баршылық. Бұл романдағы жұмысшы, жас маман не ысылған өндіріс командирі, орыс не қазақ, өндіріске енді келген кешегі шаруа, осындай кейіпкерлердің қайсысын алсаңыз да өзіне тән сипатын, мінезін тапқан. Басты кейіпкерлер Нариман мен Жарас қана емес, ысылған басшы Оника, Ақан қарт, Әділ, Мәрзия, Таңшолпан, Женя Антонов, Акыраповтар іші-сыртымен дараланған мінездерімен жақсы ашылған бейнелер.

Қанша шебер мінездеме берсең де кейіпкерді жеке даралап алып суреттей берсең ол ешбір оқушыны тартпас еді, ал бұл аталған кейіпкерлердің қайсысы болмасын романның негізгі арқауынан шеттеп қалғаны жоқ, әрқайсысы өзіне орай оқиғаның ортасында, тартыс, күрес, іс үстінде ашылады.

Негізгі кейіпкерлердің кәсібіне орай әдебиетімізді «жұмысшы», «шаруа», «интеллигенция» тақырыбы деп үшке бөлетін әдетіміз бар. Бұл бір рауаятта дұрыс та шығар, өйткені адам образын оның тіршілік кәсібінен бөліп алып жасауға болмайды. Бірақ біздің жалпы Совет әдебиетіне зардабын тигізген

бір нәрсе: көп шығармаларда сол өндіріс проблемалары, жұмыс жөніндегі соғыс-тартыс басым болып, әдебиеттің нағыз арқауы адамгершілік тартыс мәселесін тасада қалдырады.

Егер әдебиеттің бірден-бір кейіпкері адам болатын болса (хайуанаттарды суреттегенде де біз көзімен, адам түсінігімен суреттейміз ғой), ендеше оның ең алға қоятын мәселесі де адамгершілік мәселесі болмақ. «Қара маржанды» да көп жылдардан бері осы тақырыптағы шығармалардың бойына батпандап кірген кемшіліктерден құлан-таза деп айта алмаймын. Бірақ жазушы кейде таза өндіріс тартысына артығырақ бой ұрып кеткенмен көркем әдебиеттің түп қазығы адамгершілік проблемасын алға шығара білген.

Мұнда автордың пайдасына және бір айта кететін нәрсе, өкінішке орай, біздің біраз шығармаларымызға тән, басты геройын ішкі, сыртқы жағынан болсын өзгеден ерек, айрықша жан етіп алмаған. Нариманды ешкімнен бойы да, ойы да асып кетпеген көп сүрінетін де, мүдіретін де көптің бірі, жанды бейне дәрежесінде ала отырып, онын түбегейлі адамгершілік қасиетін, тереңінде жатқан жан тебіренісін жақсы ашқан.

Мен романның бойындағы жекелеген жетіспей жатқан жерлеріне тоқтап жатпақ емеспін, үлкен нәрсенің олқысы болмай тұрмайды, ал тұтас алғанда бұл роман жазушыны жаңа бір белеске шығарып, еңсесін көтеріп тастаған дүние.

Шерхан Мұртазаев творчествосына көз жүгіртіп отырған адам осы жазушының өсер жолындағы өзіне тән ерекшелікті аңғаратын сияқты.

Әрине, әр жазушының өсу жолының (егер жазушы шынымен өскен болса) заңдылығы болады. Шерханның өсу жолындағы өзіне тән мінезі орнықтылығы-ау деймін. Әдебиетке алғаш қадам басар алдында көп нәрсені көріп, көп ізденіп келген жазушы одан кейін де жаңа қадам басарда асығыстық көрсеткен емес. Бір төселіп алған соң егіздің сыңарындай бір-біріне ұқсас романдарды төпей беретін жазушы бұл емес.

Әр шығармасында жаңа бір тақырып, жаңа бір ой, жаңа бір дүние әкелгісі келеді. Революцияның үлкен тақырыбына Шерхан үлкен ішкі дайындықпен ғана емес, көп зерттеу, ізденістермен келген түрі бар. Бұл тақырыптың аса қиындығы бүгінгі күннен алысырақ тұрғандығы, оны автордың көзбен көрмегендігінде ғана емес, бұл тақырыптың бұрын көбірек жазылып шиыр болғандығында да жатыр. «Қызыл жебе» романының басты кейіпкері белгілі революционер, советтендіру дәуірінің ірі қайраткері Тұрар Рысқұлов.

Автор бұл тақырыпты бастау бұлағынан, ілгеріректен қамтып, әңгімені Тұрардың балалық шағынан бастайды. Бұл геройдың биографиясы ғана емес, революция алдындағы халық өмірін көрсету, революцияны толғатқан заманның сырын ашу үшін істелген көркемдік тәсіл тәрізді. Жас Тұрар арқылы әкесі Рысқұл тағдыры, ауыл-аймағы, араласқан Алматы қаласындағы орыс ортасы, қысқасы сол дәуір, заман аумақты көркем шығармаға айналып, жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі өмір тынысы бізге жетіпті. Бұл шығарма, тақырыбы, көлемі жағының ірілігін былай қойғанда, жазушының да есейіп, тынысы кеңейіп, құлашын кеңге сілтей бастағанын танытады.

Жаңа романында Шерхан тіл жағынан да өсіп, байи түскен. Кейіпкерлердің өз болмыс-мінезіне сай сөз саптастарынан, табиғат суреттерінен

авторлық баяндау-тебіреністерінен бүгінгі проза дәрежесіндегі салихалы кеңдік, шымыр ширақтық сияқты тіл мәдениетін танимыз.

Тақырып үлкен, жол ұзақ, жазушы жұмыс үстінде. Тұрар Рысқұлов бейнесі қаншалықты құнарлы болса, соншалықты күрделі, кейде шытырман да қиын. Оның бар жолы тұп-тура тіке де болмаған. Оның алдынан заманы қилы-қилы киын мәселелер тосқан.

Шерхан Мұртазаев осы ауыр міндетті мойнына алып, ерінбей ізденіп келеді.

Ол ақтарған сан қилы архивті айтпағанда Тұрар Рысқұловтың көзін көрді деген адамдардың біздің елде болсын, сыртта болсын соңғы жылдары тірі қалғандары болса, солардың ішінде Шерханның сойлеспеген адамы сірә сирек шығар.

Осынша еңбек болашақ бір үлкен жеміске әкелетін жол болар деген үмітіміз бар. Оған және Шерхан Мұртазаевтың осы кезге дейін істеген еңбегі, таланты, мазасыз іздемпаздығы мен адамдық тиянақтылығы куә болса керек; оқушыға ұсынылып отырған осы екі томдық туындылар да бұл үмітімізге аз айғақ емес.

«Жас Алаш» газеті, 10 қыркүйек 1992 жыл.

«Сахна сәулесі» айдарында

ЗАУАЛ

немесе қазіргі қала тіршілігінің кейбір көріністері хақындағы әлеуметтік трагедия

Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ

Тағы да күз түсті... Театрларда әдеттегідей тағы да бір жаңа маусым басталып кетті... Енді, әрине, премьера соңынан премьера жалғасып, көпшілік талқысына-таразысына түсіп жатады. Бұлар көрерменге не әкеледі? Әдеби-мәдени тіршілігіміздің барометрі нені көрсетеді? Оқырмандарымыз, көрермендеріміз не түйеді? Міне, осындай сауалдардың әрқайсысымызды ойландыратыны даусыз. Осыған орай, газетіміз «Сахна сәулесі» атты жаңа айдар ашып отыр. Мұндағы мақсатымыз сол, астана театрларындағы жаңа қойылымдарды әралуан материалдар арқылы жүйелі түрде мүмкіндігімізше толық таныстыру.

Біз бүгін осы айдарымыздың тұсаукесері ретінде әдебиет пен өнер жөніндегі шолушымыз, сыншы Сайлаубек Жұмабековтың «Зауал» атты мақаласын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Өткен жексенбіде астанамыздағы Ғабит Мүсірепов атындағы мемлекеттік жастар мен балалар театрында Қазақстан халық жазушысы, аса көрнекті суреткер Шерхан Мұртазаның жаңа туындысы бойынша «Жетім бұрыш» атты спектальдың премьерасы табыспен өтті. Біз бұдан бұрын жазған бір мақаламызда «Революция сарбазы» («Қызыл жебе»), «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» тәрізді драмалары мен трагедиялары туралы айта

келіп; «Шер-ағаңның «Жалғызүйлік зілзала» атты жаңа пьесасымен театрда жүздесудің күтіп тұрғаны және бар», – деген болатынбыз. Міне, сол тілектің сәті өткен жексенбіде туып, сол дәметкен үмітіміз бізді тағы да алдамапты. Тағы да сол биігінде көрініпті. Бұған осы пьесадағы басты рольдің бірін – милиция полковнигі Малқардың тұлғасын сахнада ойнаған әрі қойылымның режиссері болған Алтынбек Кенжековтің – «Жетім бұрыш» спектаклінің премьерасы нақты дәлел.

Бұл арада жастар театры – өзінің төл авторын, тұрақты авторын, ал суреткер Шерхан Мұртаза – өзінің төл театрын, тұрақты сахнасын тапқанын атап айту керек, сүйсініп айту керек. Өйткені, автордың соңғы жылдардағы драмалық туындыларынң барлығы да алғаш рет осы театрдың сахнасында қойылды. Бас режиссер Райымбек Сейтметов пен драматург Шерхан Мұртазаның шығармашылық байланысы – әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көсегесін көгерту жолындағы мүдделер ортақтығы мен биіктігіне тағы да бір жарқын мысал. Бүгінгі премьераны осындай ынтымақтастықты заңды жалғасы десек әсте артық айтпаймыз.

Сонымен шымылдықтың ашылуы мен жабылуының арасында небәрі екі сағат уақыт өтті. Қазіргі қала тұрғындарының тіршілігі, соның кейбір толғағы жеткен, запыраны мол ащы көріністері, әсіресе, пәтер алу проблемасының небір сорақы көріністері көз алдымыздан тағы бір өтті. Әлбетте, мұның бәрі көзіміз көріп-біліп, бастан кешіп жүрген жәйттер. Сондықтан шығар Салбырақ– Қорғанның (арт. Сәкен Рақышев), баспанасыз Сандуғаштың (арт. Әсел Мәмбетова), Албасты (Қазақстан Республикасының халық әртісі Роза Әшірбекова), Мүнира (Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ғазиза Әбдінәбиева), полковник Малқар (Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Алтынбек Кенжеков) тәрізді кейіпкерлердің яғни өзіміз күнбе-күн көріп, қоян-қолтық араласып жүрген бірталай замандастарымыздың өзара репликаларынан, диалогтарынан, кіріптар болып амалсыз тәуекелге бел байлаған іс-әрекеттерінен тұла бойымыз түршігеді. Жүректерімізге ине сұғып алғандай боламыз. Тәніміздегі жарақаттарымызға, рухани тіршілігіміздегі ашық жараларымызға қара тікен тұз сепкенде қалай ыршынсақ, қалай тызылдап күйінсек сондай бір хал кешеміз. Әбден қордаланған, сызданған күбірткі тәрізді кесел-жараларды хирургиялық жолмен сылып тастау біздің қоғамдағы кеңсешіл тоғышарлардың үш ұйықтаса түсіне де кірмейтіні – өмір шындығы. Он жыл бойына пәтер ала алмай жүрген Салбырақ-Қорғанның сахнадағы қай-қай әрекеті болмасын әділетті қоғамнан, қоғамның әділетінен күдер үзген адамның соңғы тұяқ серпуіндей көрінетіні рас.

Пәтер жалдап, жұмыссыз жүрген Сандуғаштың милиция полковнигі Малқарға кіріптар болуы, сөйтіп, жүріп некесіз тапқан перзентін жетімханаға өткізуі, түптің түбінде «қоғамның өгей қызы ретінде» о дүниеге сапар шегуі – адамгершіліктен аттаған қадам мен өзі өмір кешіп отырған қоғамның әділетінен опа таба алмаған, адасқан, алданған бойжеткеннің заңды трагедиясы.

Тұрмысы жақсы, бәрі жеткілікті, атағы асып тұрған ғылым докторы, мүше-корреспондент Мүнираның өмірден күткен нәтижесі мен көрейін

деген тәлкегі осы ма еді? Бәрі бар, бірақ перзенті жоқ. Енді жасы бел ортадан асып, мосқал тартқанда, «балшықтан бала жасап алмаса» өзгеге шамасы жоқ. Бірақ, әріптесі әрі бақталасы Тотияның бір ауыз сөзі – қоғамдық негізде атқаратын бір мансаптан айырғаны қандай соққы! Мүнира еріксізден еріксіз академиялық институттағы мансабы мен өмірінің мағынасын салыстыруға мәжбүр болады. Сөйтсе, бәріне өзі кінәлі екен. Әйтпесе, ғылыми атақ, ғылыми дәреже жолында неге бес рет аборт жасатыпты? Бес перзенттің обалына қалыпты. Өзін-өзі мүсәпір халге түсіріпті... Өзін-өзі Тотияның кекесініне, табасыңа, керек десеңіз ащы сынына қалдырыпты. Бұл аз десеңіз, сүйген жары Малқарды екіжүзділікке, сатқындыққа итермелепті. Ең соңында көзбояушылыққа үйренген Малқардың некесіз перзентін жетімханадан алып, тәрбиелеуге душар болыпты...

Үйі бар, шені бар. Мүше-корреспондент – әйелі бар. Қызметі бар. Сөйте тұра, милиция полковнигі Малқар да қылмыскер екен. Сүйген жары Мүнираға да, баспанасыз болғанмен ұл тауып берген, қазірдің өзінде тағы жүкті Сандуғашқа да өтірік айтып, сатқын болуға не итермеледі екен? Өкіметтің жоғын жоқтап, соның мүддесін қорғайын десе әділетке жатпайды екен. Перзент керек деді, Сандуғаш перзент тауып берді. Енді бұған не тосқауыл? Иә, Мүнирадан кетере алмайды. Иә, Сандуғашты жарылқай алмайды. Екі оттың ортасында жүр. Қашанға жасырып, қашанғы бықсытып жүре берер дейсің? Түбінде не Мүнира, не Малқар жанып тынуы керек қой. Спектакльдің финалында құндақталған шарана сәбиді қолына ұстап тұрған Малқарды, әділетті қоғамды күткен, әділет күткен Малқарды көреміз.

Өмірдің тауқыметін оңай жеңілдеткісі келіп жүрген Албасты ше? Күнделікті тіршілік пен өмірдің көлденең тартқан проблемаларына биік мүдде, биік мұрат тұрғысынан қарап үйренбеген жандардың бірде сол Албасты жетелеген кезде, тағы бірде сол Албасты итермелеген әзәзілдікке (ұрлық-қорлыққа, жезөкшелікке, қылмыс жасауға, азғыруға және т.б) түсіп қалуы, жаза басуы оп-оңай. Кім-кімнің болсын әзірейілдей Албастының қара ниет құрығынан құтылуы оңайға түспейді. Дегенмен, осынау Албастының әзәзілдігіне ерген көнбеген, бірақ, өмірдің, қоғамның тауқыметіне көндіге-көндіге ашынып алған, сөйтіп амалсыз ширыққан Салбырақ-Қорғанның қылмыспен пара-пар әрекеттерін кәдімгі қылмыс деуге аузың бармайды.

Бірақ, сонымен бірге осынау Албастының әзәзілдігіне ерген қалсын, шырмау құрығына түскен соң пайда болған, қол жеткізген әрі ұсақ-түйек, күйкі тіршілігінің мақсатымен мәніне айналған мансап-атақ пен дәрежені, аз күнгі дәурендегі аз қызықты жастық-мастыққа балап бей-әдеп жолға түскен Сандуғаштың адамгершілік атаулы ұғымға жат әрекеттерін қылмыс демеске және шараң жоқ.

Мейірім мен шапағат, қайырым мен ізгілік ұрығын әрбір пендеге себуге ұмтылған періштелердің әрекеті ше? Өмірдің зілбатпан, таспаңдай шешімдері талай адамдардың бойындағы мейірім мен шапағаттың, қайырым мен ізгіліктің тас-талқанын шығарып жіберген жоқ па? Тоғышарлардың осындай әрекеттерімен арқаланған адуынды Албастының тегеуріні мен мысы, табасы мән тәжікесі Сандуғашты да, Малқарды да, Мүнираны да небір тосын әрекеттерге жетелеген жоқ па? Осының нәтижесінде қаншама

баспанасыздар қаншама рухани-әлеуметтік қылмысқа бармай жүр? Тастанды балалар, қаптаған жетімханалар мен кәрі-құртаңдар үйін қалай жасырамыз? Әлеуметтік әділет болса, қоғамның әділеті заңды орындалып жатса Салбырақ-Қорғандар, Сандуғаштар жоғарыдағыдай әрекеттерге барар ма еді, жанталасар ма еді?

Драматург Шерхан Мұртазаның «Жетім бұрыш» драмасы шын мәнінде, нағыз трагедия! Жоғарыдағыдай трагедияны көріп отырып біздер Салбырақ-Қорғанды, Мүнираны, Сандуғашты, Малқарды іштей қатты аяймыз... Жанымыз ашиды... Әртүрлі дәрежедегі тоғышарларға лағынет айтамыз. Салбырақ-Қорғанның, Мүнираның да әрекеттерін еріксіз қостаймыз. Сандуғаштың, Малқардың іс-әрекеттерін құптағанмен, жазғыра алмаймыз... Қылмыс жасадыңдар деп айыптай алмаймыз! Сөйте тұра, көндігеміз. Санаға-ақылға салып, кей-кейде еріксіз ымыраға да, бәтуаға да барамыз. Бәрібір «бұл зауал неден?», – деп, тағы да солармен бірге кешегімізге, бүгінгімізге қайтадан зер сала үңілеміз. Біз, асылы, мұндай күйге қалай тап болдық? – деп басымызды тауға да, тасқа да ұрамыз. Ұрымтал да, нақты жауап табуға ұмтыламыз. Сөйте тұра, бәрібір «жазмыштан озмыш жоқ», – деп өзімізді-өзіміз жұбатамыз. Соған мойынсұнамыз. Өйткені, мұндайда словен жазушысы Жарко Петанның: «Кейбір кеңселердегі «Еденге түкірмеу керек» деген ескертпелерді «Адамға түкірмеу керек!» деген қағида-жазулармен алмастырған жөн», – деген афоризмі еске түседі. Күні кеше де, күні бүгінде ертеңгі болашақта да осы ғибрат мәнін жоймайды. Жойған кезіндегі жәйттердің нәтижесі не болатынына – «Жетім бұрыш» трагедиясында нақты көз жеткіздік.

«Жетім бұрыш» трагедиясы – тоталитарлық елдегі тоғышарлардың тоқпағына түсіп, жалпыадамзаттық мораль өлшемінен көз жазып қалған жандардың нақты болмысын көрсетеді.

«Жетім бұрыш» трагедиясы – өтпелі кезеңдегі, өліара кезеңдегі, XX ғасырдың аяқ шеңіндегі адамдардың дел-сал халдегі түскенін, әділетті қоғамның өзінде торығуға тап болған жандардың тіршілігін шынайы көрсетеді.

«Жетім бұрыш» трагедиясы – тәуелсіздік алған мемлекетке жалпыадамзаттық озық үлгілер мен нұсқаларға негізделген сонымен қатар ұлттық ерекшеліктері барша мазмұнымен сақталған біртұтас рухани-әлеуметтік мүдделердің, бағдарламалардың, өлшемдердің, жарғылардың, кодекстердің, құқықтық заңдардың зәрулігіне, қажеттігін назар аударады.

«Жетім бұрыш» трагедиясы – әлеуметтік-рухани тұрғыдағы жаңару процесінен өту барысымыздағы нақты қиындықтардың, соның зардаптары мен салдарларының соншалықты оңайға түспейтінің, қаншалықты қымбатқа, қиынға түсетінін батыл да шынайы көрсеткен. Бұл орайда туынды нағыз шырқыраған шындықтың тура өзі болып шыққан. Әлеуметтік салмағы мен публицистикалық өткірлігі шығарманың көркемдік сапасын ерекше қуаттандырып тұр десек еш артық емес. Асылы жанашыр жүрек пен рухани дені сау, кемел, кесек тұлға жасауға нақты ұмтылған қалам қайраткерлігінің тіліп түсер өткірлігінен жаралған шынайы туындының болмысы асылы осындай болса керек.

Спектакль негізінен сәтті шыққан. Әсіресе, Ғазизаның, Әселдің, Розаның, Алтынбектің сахналық мәдениеті мен ойнау шеберлігіне құрылған спек-

такль өзінің діттеген жерінен шыққан. Алғашқы әсер осындай. Дегенмен, көш жүре түзелетінін ескерсек, кейбір әттеген-айларды айтпай кетуге болмайды. Спектакль басталардағы музыка (сөзі мен әні Гүлнәр Шәмшиеванікі) жап-жақсы үйлесіп тұрғанмен, тым ұзақ созылады. Албастының алғашқы шығуы артық көрінеді. Оның үстіне Албастының киімі өзіне лайық емес. Перштелер мен Албастының арасындағы контраст Албастының киімі арқылы көрінуі керек. (Не қара, не құрау-құрау, не жамау-жамау деген тәрізді).

Перштелердің перзентханадағы көрінісі режиссерлік тапқырлық. Өте ұтымды әрі тебіреністі болып шыққан. Ал сол перштелердің кейінгі бір диалогтары іс-әрекеттерді ақтауға, түсіндіруге тырысуы тәрізді көрінетіні артық. Әсер етпейді. Жалпы көріністер әлі де нақтыландыра түсуді қажет етеді. Әртүрлі партия өкілдерінің айырым-белгілері (не маска, не ұран, не белгі, әйтеуір, бір детальдармен) арқылы көрінсе құбықұп жарасар еді, нақты әр бере түсер еді. Артистердің диалогтар мен репликаларды шатастырып алуы, өздерінше айтып жіберуі аракідік ұшырасады, терең мән бере айтуы кейде жетпей жатады. Көріністердің ауысуы барысындағы паузаларға динамика жетпейді. Алғашқы премьерада байқалған мұндай ішінара кемшіліктер қойылымдар барысында өзінің көздеген мақсатына сәйкес шығады деп сенеміз. Оған режиссердің де, труппаның да, театрдың да мүмкіндігі жеткілікті.

«Алматы ақшамы» газеті, 21 қазан 1992 жыл.

«Театр туындысы» айдарында

«ЖЕТІМ БҰРЫШ»

Болат ОҢҒАРБАЕВ

«Жетім бұрыш» трагедиясы Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның жаңа туындысының өзегіне айналды. Республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында осы аттас қойылымның премьерасы өтті.

Алматыдағы «Жетім бұрышты» білмейтін адам кемде-кем шығар. Сол жерден ары-бері өткен сайын жанарлары мұңға толған қазақ жастарын көргенде жүрегін сыздап сала береді. Бұл жөнінде газеттерде талай рет жазылып, талай рет айтылды. Әсіресе, ашынған жастардың бінеше жыл бойы қаңқайып бос тұрған 60 пәтерлі үйді басып алғаны жөніндегі оқиғаның республика көлемінде кең тарап кеткені баршамызға мәлім. Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза өз шығармасына осы бір оқиғаны арқау етеді. Сол арқылы қазақ жастары өміріндегі қиямет-қайымды көрсете білген. Ә деп сахна ашылған сәтте көз алдыңызға жетім бұрыштағы таныс көріністер пайда болды. Біреулері жанұшырып пәтер іздеп жүрсе, енді біреулері шарик-малик, карта ойнап, ал қайсыбіреулері қойындарына тығып арақтарын сатумен әлек. Оларға көңіл бөліп, тәртіпке шақырып жатқан ешкімді көрмейсің. Кәдімгі бас иесіз қалған күнде көріп жүрген бүгінгі қиюы

кеткен қу тіршілік. Ашынған жастардың біреуі бос тұрған үйді басып алу жөнінде айтуы мұң екен, жастар солай қарай лап қойды. Төбедегі асылып тұрған жігіт, жердегі қарақұрым халық пен милиционерлер, бөлме ішінде өз қолдарын жылу батареясына кісендеп қойған баспанасыздың анасы мен әйелін, көздері жәудіреген ұл-қыздарын көргенде жанарыңа еріксіз жас келеді.

Ал бұл сәтте келесі бір бөлмеде аяғы ауыр жап-жас қыз өмір мен өлімнің арасында жатады. Әрине, сахнадағы мұндай көрініс көрерменге дәл сол күйінде жеткізу оңай шаруа емес. Бірақ Шерхан Мұртаза осы жерде қиыннан қиыстырып жол таба білген. Қыз қиналып жатқан кезде бөлме ішінде жаналғыштың пайда болуы, өлімнің аузында жатқан жас қызға екі періштенің араша түсуі арқылы өзінің айтайын деген негізгі ойын жеткізуін керемет шеберлік деуге болады. Жаналғыш толғақ қысып жатқан жас қыз бен оның жарық дүниеге келгелі тұрған сәбиін дүниеге әкелудің ешқандай қажеті жоқ. Өйткені, бұл қалада онсыз да үйсіз-күйсіз жүрген баспанасыздар жетіп жатыр. Қазіргідей қиын шақта оны мойнына алып тамақтандырып, киіндіріп, уайымсыз өмір сүруіне қол ұшын беруге қоғамның да құдіреті жетпейді. Ондай азапты өмірді көргенше сәбидің жарық дүниеге келмегені әлдеқайда артық десе, қос періште сәбидің әкесі табылып қалар, бақытты өмір сүрер, тіпті заман түзелер деген өз пікірлерін қарсы қояды. Ақыры жас қыз аман-есен босанып, жаны жай тауып жатады. Осы кезде баспанасыздарды үйден қуып шығаруға келген милиция тобының басшысы полковник Малқар бөлмеге келеді. Бүрісіп жатқан жас қыз жастықтан басын көтеріп алғанда полковник өзінің «Сандуғаш» деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін де аңғармай қалады. Іле қасына ертіп келген жігітті сыртқа шығарып жіберіп, Сандуғаштың жай-күйін сұрай бастайды. Осы жерде тағы да бір әділетсіздіктің пердесі ашылады. Жасы 50-ден асып, шау тарта бастаған милиция полковнигі Сандуғашты алдауына түсіріп, өзінен жүкті болып қалғанын сонда ғана есіне түсіреді. Бүгінгі заманның еркектерінің дәрменсіздігі соншалықты, өмір бойы ұл деп еңіреп өткен полковник Малқардың тығырықтан шығудың жолын табуға да мұршасы жетпеді. Дәл осы кезде оның әйелі, ғылым докторы, бес рет аборт жасатып ешқандай құрсақ көтермеген Мүнира біреулердің «қу бас» деп айтқан сөзінен кейін ой үстінде жүреді. Жатса да, тұрса да бар арманы бала болады. Ақыры Малқар екеуі сәбилер үйінен бала асырап алуға келіседі. Малқар Сандуғаштың сәбилер үйіне өткізген, өзінен туған Арман атты баласын асырап алуға күш салады. Ақыры дегеніне жетеді. Сандуғашқа үй әперемін деп, арақатынасын үзбейді. Сөйтіп жүргенде жас қыз тағы да жүкті болады. Арманның туған күні қарсаңында Мүнираға бар шындықтың бетін ашады. Бірақ кішкентайынан бауырына басқан Арман өз анасын танымайды. Қайғысына қайғы жамылған жас Сандуғаш бұл үйден де жылу таппай жылап шығады. Ал «үй әперем, жағдай жасаймын» деген Малқардың уәдесі сол күйінде қалады.

Баспанасыздарға ілескен Сандуғаш тағы да бос тұрған үйді басып алуға қатысады. Жалаңдаған милиция, қаптаған көп партия мүшелері ығы-жығы, айқай-шу. Дәл осы кезде Сандуғаш тағы да толғақ үстіне жатады. Бірақ бұл жолы оны ешкім құтқара алмайды. Жас сәбиді жарық дүниеге әкеліп, өзі

өмірмен мәңгілікке қоштасады. Ең соңында құндақтаулы сәбиді құшақтап сахнада Малқар ғана қалады. Автор бұл өмірдің әділетсіздігін, соның ішінде халқымыздың қайғы-қасіретін жаналғыштың мұқата сөйлеген монологы арқылы жеткізеді.

Иә, «Жетім бұрыш» трагедиясы – бүгінгі өміріміздің нағыз шындығы. Осы қойылым арқылы автор баспанасыз жастар өмірінің қиыншылығын өте жақсы көрсете білген. Сондай-ақ бір кездері дүниеге іңгәлатып ұл-қыз әкелудің орнына, бақытты атақ пен даңқ, қызмет деп түсінген, сөйтіп жүріп қу бас өткен аға-апаларымыздың өмір жолдарын мысалға келтіре отырып, мұндай қатігездіктен кейінгі ұрпақтың аулақ болуын меңзейді. Әрине, мұндай өмірдің кейінгі жастарға да ой салмауы мүмкін емес.

Біз бұған дейін Балалар мен жасөспірімдер театрының артисі Алтынбек Кенжековты актер ретінде жақсы танып келдік. Соңғы кездері режиссерлікке бой ұра бастаған ол осы қойылымның қосымша режиссері ретінде өзін тағы да бір қырынан танытты. Шығарманың шыңына жетуге бар күш-жігерін салып, «Жетім бұрыш» трагедиясының сәтті шығуына мол үлес қосты.

«Халық кеңесі» газеті, 26 қазан-1 қараша 1992 жыл.

«Театр және өмір» айдарында

«ЖЕТІМ БҰРЫШ»

Сәрсенбай ДӘУІТ

Халқымыз не көрмеді, мың бәле болса оны да көрді, мың бір бәле болса оған да арқасын тосып, маңдайын соқты. Алайда көкірегі ақ шуақ, жаны ақ самал, ержүрек ата-бабамыз ешқашан жасаған да, мойыған да жоқ. Өйткені, біздің аттың жалында түйенің қомында өткен көшпенділер: «Аспанда көк тәңірі, жерде көк түрік» бұл екеуінен құдіретті ешнәрсе жоқ деп түсінген, сол дәстүріміз әлі де қалған жоқ.

Аллаға шүкір, қазір өз алдына дербес ел болдық, шаңырағымыз биік көтерілді, жанымыз жадырап, жайлауымыз кеңіді. Өз сөзімізді, өз ойымызды жасқанбай айта алатын дәрежеге жеттік. Бұрын жыласақ өкси алмай, өксісек күрсіне алмаушы едік қой. Бүгін бар даусымызбен, жан даусымызбен көкірегімізді халайық қауымға еркін жеткізе аламыз. Дәл осындай ішімізде қаншама жыл бойы айтылмай булығып жүрген жан сырымыздың бірі «Жетім бұрыш» еді. Бұл қарғыс атқан жерде тек қара көз, қара домалақ ұл-қыздарымыз сарылып ұзақты күн есек дәмемен тұратаын, әлі де табанынан сыз, маңдайынан күн өтіп тосып келеді. Осындайда Абай ақынның:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң сыймассың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға, –

деп зарлап айтқан өлеңі, еріксіз еске оралады.

Біз Шерхан Мұртазаның «Жалғыз үйлік зілзала» («Жетім бұрыш») атты пьесасы бойынша Ғ. Мүсірепов атындағы республикалық жастар мен балалар театрында қойылған спектальді көргенде осындай ауыр ойға қалдық. Мұндағы басты кейіпкер – Малқардың іс әрекеті, сөйлеген сөзі, әншейіндегі қозғалысы мен ащы күлкісіне дейін шынайы шыққан, нанымды көрініс тапқан. Өзі халыққа тәртіп үйретіп, қауымды береке-бірлікке шақырып жүрген полковник белшесінен «күнәкар» «молданың істегенін істеме, айтқанын істе», деген осындайдан келіп шығады-ау. Жап-жас Сандуғаштың пәтер иесін сабаған «қылмысынан» құтқарып, енді өзінің дегеніне жеткен М. Сәрсенбаевтың өкініші шамынан көп. Міне, осыдан бастап драмалық тартыс, кейіпкерлер арасындағы шым-шытырық қарам-қатынас басталып кетті.

Жас қыздың босануы, періштелер мен Мартудың арасындағы өткір диалог, бәрі-бәрі өз орында, басы артық айтылған сөз, оқыс қимыл жоқ. Марту: «Адам жылап туады, жылап өмір кешеді, жылап өледі, жоқшылық қайыршылықта күні күні өтеді, бір біріне өлдім десе қайырылыспайды. Адамнан өткен безбүйрек жоқ», – деп періштелерге тап-тап берсе, періштелер: «Адам адамға мейірімді, бірін-бірі ешқашан тастамайды, бір тоқты туса бір түп жусан артық шығады», – деп Мартуға уәж айтады. Дәл осы тұстағы бозторғай автордың ішкі монологы бүкіл адамзаттың трагедиясын ашып көрсеткендей әсер етері сөзсіз. Адам адаммен жағаласа, таласа туатыны шындық, мәнсап үшін, байлық үшін, дүние-мүлік дейсіз бе таласып-тармасып бір-бірімен сыйыспай жатқаны...

Бізге айрықша ұнаған бір бейне Малқардың бәйбішесі өзі оқымысты, өзі бақытсыз. Кандидаттық бір баладан кейін бір баланы алдырып, ақыры «қу бас» деген атқа ие болды. Жұрт табасына қалды, не көшеге, не үйге тіпті кең дүниеге сыймай зар илеп, запыран құсты. Қайда барса да перзентсіздігі айып, мін болып ізінен қалмай қойды, көлеңкесіндей көлбеңдеп етегіне оралды, шылауына жабысты. Ақыры перзентханадан бала асырып алуға бел байлап – көп адамға ой салғандай, талай жанның құдай тәубасын аузына келтіргендей құбылыс еді.

Баланы ешкім де қолдан жасай, алмайды ол Алланың сыйы. Құдайдың құрығы ұзын, қалай жазаласа да, қалай жарылқаса да өз еркінде. Полковниктің әйелі жаратушы хақ басында аузы бармас қылмысы үшін, батпан-батпан күнәсі үшін аямай соқты, ақыры Арман сияқты бала «беріп» аялады, мәпеледі. Енді бұл әйелге жер бетінде бір ғана жақын, бір ғана жанашыр, бір ғана қымбат адам бар, ол – Арман. Алла туғаннан сала ма, тұтқаннан сала ма деген осы, құрсағына бермесе де, құшағына бергенге қанағат етуі – зал толы көрерменді қуандырды.

Арманның туған шешесі Сандуғаштың да бір басына қайғы-қасіреті жетіп жатыр. Ол «басында үй, бауырында қазан» жоқтықтан не көрмеді? Бүкіл өмірдің қара бұлты төбесіне төніп, күн жаумай су, ыстық болмай тер басып әуре-сарсаңға түсті. Өз қанасынан шыққан Арманын да бауырына басып,мауқын баса алмайды, анаға,туған шешеге бұдан өткен трагедия бола ма? Драматургия сырт қарағанда тек қақтығыстан,соқтығыстан,қимыл қозғалыстан тұратын жанр сияқты. Ал шындап келсек, театрда кейіпкердің

бет пердесі, ішкі жан дүниесі тұтас ашылуға тиіс. Әншейіндегі маймөңке тірлік, жалған күлкі, жасанды тіршілік тұтас ашылып, ішек-қарны аршылып, көрерменің алдында шынайы өмір қаз қалпында болмыс-бітімімен көрініс табады. Міне, осы себепті баяғыдан бері оқымысты қауым бұл орынды, тәрбие орны, шындық орны деп жоғары бағалағаны белгілі.

Бізді Шерхан Мұртаза жоғарыда айтылған қасиетті орынмен төрт рет табыстырды. Драматургтің «Қызыл жебе», «Бесеудің хаты», «Сталинге хат» сияқты әрқайсының өзіндік терең ойы, нәзік сезімі, үлкен идеясы бар туындылар бірінің артынан бірі өмірге келіп жатты.

Үлкен драматургтың «Жетім бұрыш» атты бұл туындысы да дер кезіндегі көкейкесті мәселені көтерумен құнды. Өзің өмір сүріп жүрген ортаның жақсысы мен жаманын, жетістігі мен кемістігін дөп басып айтып, дәл тауып жазу қиынның қиыны. Бұл жағдай тек таланттардың ғана сабағасы екені көпке аян меселе. Оның үстіне екі сағатқа жетер-жетпес уақыт ішінде көрермен мен жазушының бетпе-бет келіп, бір-бірімен риясыз еркін сырласуы да білген кісіге оңай шаруа емес, бір жағы ғажап қуаныш, екінші жағынан ауыр азап...

Шерхан Мұртазаның «Жетім бұрыш» пьесасы өмір сүрудің соншама күрделі, соншама ауыр екенін жан-жақты терең сезіндірген туынды болды. Бір ғажабы, сан-салалы қиындықпен басталған адамдардың өмірі сол қаз-қалпында, өзгермеген күйінде қалды. Бұл жағдай барлық көрерменді іштей толғануға, терең ойлануға жетеледі ғой дейміз...

«Қазақ әдебиеті» газеті, 30 қазан 1992 жыл.

«Сахна» айдарында

ЗОРЛЫҚ ПЕН ҚОРЛЫҚ

Шерхан Мұртаза. «Жетім бұрыш»: тағдырлар туралы толғаныс

АЯН

Барған сайын рухани аштық белең алып, дарыннан гөрі қарынның қамын көп ойлап бара жатқан мына ию-қию заманда қаны тамып тұрған қазіргі күн тақырыбына кең толғап, қалам тарту оңай шаруа емес. Шын шабыт, бәлкім, жай мен жағдай таңдамайтын шығар. Бірақ, әдебиет деген хас өнерде өз уақытының ыстық ізі суымай жатып, жедеғабыл оған үн қату жүрегінің түгі бар жандардың ғана үлесіне тиеді. Ұлы ойлар шаңқай түсте Диогеннің шамын көтеріп жүріп те, шыжыған шілдеде шартақтың түбінде жатып та, сары далада сар желіп, ат үстінде шоқытып келе жатып та туа беретіні кәміл. Алайда, әр көкейде бір қиял. Жазушы қас-қабат оқиғаларға толы өз дәуірінің шындығын өзі айтып, замандастарымен бірге күйіп-пісіп жүрсе ол да бір ғанибет.

Әдебиеттегі әуелгі қаз-қаз басқан қадамын өлеңмен бастап, бір ұрпақ жасына бара-бар уақыт қазақтың қабырғалы қаламгеріне айналған Шерхан Мұртаза шығармашылығының жолы оқтаудай түзу болған жоқ. Оның

бұлтарысы мен бұралаңы, іркілісі мен ізденісі аз емес. Бұның бәрі айналып келгенде, бір құнарлы да қордалы тақырыпқа шоғырланды. Ол – «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» мен «Тамұқ».

Әрине, туған халқының маңдайына жұлдыз болып біткен Тұрар Рысқұлов тұлғасы әлі де талай мәрте сомдалып, оған әркімде қалам тартатыны айқын. Дегенмен, ұзақ жемісті жолын осынау дәуірнамалық шығармамен (эпопея) шырқау шегінде бір түйіп тастап, творчество тыңына түрен салуы қалам қарымы мен қажырын, керек болса, азаматтық ерлікті танытады. Мен оның серкесөздегі жігері мен батылдығын, тапқырлығы мен ойшылдығын айтып отырған жоқпын.

Қыранның қос қанатындай проза мен драматургия кемеліне келген жазушының сүйікті жанры. Әңгімелер, повестер мен романдардан кейін «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», енді «Жетім бұрыштың» дүниеге келуі тіпті кездейсоқ емес. Әр кезеңнің оң жамбасына келетін уағызы болады. Бір орасан елдің жетпіс жылдық өмірін құрдымға кетіріп, қиратып тынған қайта құру деп көбік сөзді туырды. Дегенмен, солардың арасында сындарлы сыр мен сұхбат, дара дауыста естіліп қалып жатты. Халық тағдырына ортақтасып, мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, ашу мен ыза-кегін білдіріп, ар-ұяты мен имангершілігін барынша жеткізудің бейнелеу құралы көп. Оны отызыншы жылдардағы ел басына түскен сұмдық зұлматты аян ете отырып, қасіретнамаға қатысқан тұлғалар арқылы сыздықтатып сыңалап алға тарту кейінгі кездегі бір сыпыра туындыларға тән. Ол қос «... Хаттан» айқын көрінеді.

Басқаны қайдам, бізбен бірге бір қалада тұрып, бір ауаны жұтып, бір топырақты басып, болып-толып жүргендер «Жетім бұрыштан» өздерін таныды ма, жоқ па білмеймін, өз басым шарайнаға қарағандай, одан біраз таныстарым мен бейтаныстарымды ұшыраттым. Біздің ұрпақ зорлық пен қорлықтың әкесін көріп өсті. Енді тәй-тәй басып келе жатқан құқылы мемлекет, егемен ел баз бәрін өз орнына қоятын шығар. Ол өзінің болашақ азаматтарына жаны ашып, қамқорлық білдіретінін тілер едім. Ал енді қырықтан асып, елуге қадам басқан менің құрбы-құрдастарым біреудің етін кесіп алса да, беті бұлк етіп шімірікпейтін әлдекімдердің босағасында телміріп, көгенкөз жалтақ өскені біршама. Олар әлі де қағанағы қарық, сағанағы сарық болып отырған жоқ. Жар жағалап, келімсектерді сағалап жүрген қаракөз қарындастарым мен інілерім қаншама.

Негізгі әңгімеден ауытқымау үшін егер Ш. Мұртазаның «Жетім бұрыш» атты екі бөлімді сахналық шығармасы тек пәтер шырғалаңы төңірегінде толғандырады десек, онда сөздің тоқетері, оның әлеуметтік-көркемдік, аясын тарылтқанымыз болар еді. Жоқ, мүлде олай емес. Қоғамда жалаң мадақтама өріс алып бара жатқанда мақтамен бауыздағандай етіп те ой-пікірді білдірушілер кездесіп қалып жүр. «Жетім бұрыштың» ыстық-суығы әлі басылған жоқ. Бірақ бір нәрсені айтпай кету қиянат. Бұл туынды тағдырлар туралы терең толғау. Әйтпесе, таразылап қараңыз, мұнда қаншама кейіпкер бар. Кейбірінің айдарынан жел ессе, көбісі қасірет шегіп, тәлкекке ұшырап пушайман болып жүр. Анау айналып кетейін Сандуғаш, анау – Мүнира, анау – Малқар, Салбырақ Қорған, адамдар, періштелер мен албасты

(Марту). Бәрі ет пен сүйектен жаралған жұмыр басты пенде. Қайғырады, қуанады, туады, өледі, т.б. Жеме-жемге келгенде ұлт саны мен сапасын, санасы мен парасатын, күші мен қуатын құрайтындар да солар.

Дүние жүзі деңгейінде тұңғыш құрылтайын өткізсе де қазақ қазақ болғалы қашан оңып еді? Оның айы оңынан, күні солынан туа қойған жоқ әлі. Маңдайының соры бес елі, еңбегі еш, тұзы сор бұндай халық жер бетінде кемде кем шығар-ау. Қайта құдай қарасады. Әйтпесе қушеке Голощекин келіп тең жартысынан айырып, басына «Кіші Октябрь» қияметі орнап, тоз-тоз болып, шілдеқоңыз теріп кеткенде де, күні кеше Колбин көлгірсіп, кекірейіп, жауқазындарын желтоқсан ызғары шалғанда да құрып кетпеген ұлттың әлі татар тұз-дәмі, атар таңы, шындық үшін шырқырағаң жаны бар екен. Жаңа қойылымда кешегі мен бүгіннің, бүгін теңнің (!) жаңғырығы жатыр. Қайтіп ел-жұрт боламыз? Көсегеміз қашан көгереді? Ең алдымен «Жетім бұрыш» соған жауап іздетеді. Ал ол қалай қойылып, қалай шешілді, бұл басқа мәселенің ұштығын қылтитып тұр.

Сахнада адамнан гөрі дию, пері, аруақтың көбейіп кетуі онша көңілге қона бермейді. Алайда сабыр етсек, шымылдық сырылып, түрттіағаш тұңғиықтан Марту шыға келгенде жүрек тітіркейді. Оның әрбір сөзі, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті ойландырады, толғандырады, тәубаға келтіреді. Азап пен михнат теңізін көп кешіп, жала-жапа шегіп жүргендерге үкім айтып тұқырту, оп-оңай. Біраздан бері Роза Әшірбековаңың жарқырап ойнағанын қанағаттана көруім бұл. Гәп авторы ауызға салған сөзді судыратып айтып шығуда емес. Марту бойында буырқанған жан арпалысы, сезім шарпысы, торығу мен толғану басым. Табиғат пен жаратылысқа, болмысың мен бітіміңе түңілдірмейді, ол үңілдіреді. Оның періштелермен іштей де, сырттай да тәжікелесуінде тартыс, ырғасу көп, итжығыс түсіп жататын тұстар да төбе көрсетеді. Р. Әшірбекова Марту арқылы қазақ сахнасындағы тың тұлғаны шабытты жасайды.

Әдемі үйлесімді ансамбль құрайтын әртістерден бұрын оны ауызға алу себебім бұл бейне қайткенде де жаңа қойылымға жан бітіріп, бәріне дәнекер болып тұр. Тек оның киім киісі басқаша болуы керек еді. Шығыста ақ түс (бояу) пәктік белгісі.. Албасты алабажақтау, әйтпесе қара (жалтылдақ) киінсе жарасады емес пе?..

Бұндағы Сандуғаш бейнесі еріксіз бүйрек бұрғызады. Көзін тырнап ашқалы бері оның да көріп-білгені зорлық пен қорлық. Басына іс түскенде алдаусыратқан Малқардың уысына түседі. Нәресте көреді. Өткені өкініш, болашағы буалдыр. Ақырында қатыгездік құрбаны болып, ғұмыр жолын аяқтайды. Сандуғаш (Әсел Мәмбетова) тағдырлас қазақ қыздары қанша қасірет тартып жүр. Оның перзентін іздеп барып Мүнираға (Ғазиза Әбдінәбиева) кездесуі санасына саңлау түсірген болар. Райынан тез қайтады. Баяғы таз кепешті қайта киіп, үйсіз-күйсіздермен бірге баз кешеді. Ғазиза мүсіндеген Мүнира қандай! Шынымен бақытсыз әйелдің жаны жараға, көңілі налаға толы. Былай қарағанда бір басына бәрі жетеді; дәулет те, сәулет те. Тек нәрестеге зар. Бір кездері басқа қонған бақыт құсын ұшырып алып, бармағын кеш тістейді.

Салбырақ Қорған да жаңа заманның жаңа адамы. Шарасыздықтан басқа дүдәмал күрес жолын таңдап алыпты. Дікектегендер бала-шағасын

баспанадан қуып шықпас үшін шынжырлап қояды. Ол үшін жанын пида етуге де дайын. С.Рақышевтің ойыны жоғарыда салбырап тұрғанда жақсы, жігер бар, ал жерде солғын әрі жасық. Әлі де ширата түскені дұрыс болар.

Бас-басына бақыр бәйге үлестірмесек те, бір бейнеге тоқтамай кетуге болмайды әсте. Ол – Малқар. Әр жұмысы сайын саңлақ тартып келе жатқан сахнагер Алтынбек Кенжеков өз кейіпкерін кескіндеуде недәуір шеберлік көрсетеді. Милиция полковнигі жұрттың көзін бояу үшін орындалмаса да «Баспана – 90» бағдарламасын жариялап, қызыл сөзден қамал тұрғызатын уәдешіл әкімшіл-әміршіл басқарудың қолшоқпары. Әлеуметтік әділдік үшін көтерілгендерге де ит қосып, күрек жұмсаудан да тайынбайтын қуыс кеуде, Екіжүзді: үйде де, түзде де. Олардың енді сүйегі қатып кеткен кезде жаңа жүйеге бейімделуі де екіталай. Бұл кейіпкер сахна соңында өзін-өзі атып өлтіргенде тіпті сауап болар еді. Аталмыш қойылым А. Кенжековтың режиссер ретіндегі табыс кепілі. Әйтеуір жасандылық жоқ. Қарапайым болса да көркемдік тұрғыдан кінәрат табу қиын. Кәмалия мен Қыздығойдың періштелері де сүйкімді. Әрине, ешкім ондай көк перизаттарын көрген емес бәлкім, соларға ұқсас шығар кім біледі?

Бұндай қойылымдардың табысы көп жағдайда сахнаны безендірушіге байланысты. Суретші Дүйсен Қаламбаев шығарманың кілтін дәл тапқандай. Сондықтан да қойылым жинақы, зеріктірмейді.

Түпқазық нысанамыздан ауытқымасақ, драмашы «Жетім бұрышымен» әртүрлі ой кешкізеді. Несін жасырамыз? Қанша даурыққанмен біз демократияның дәмін енді-енді тамсана татып келеміз. Бұл бағытта тәжірибеміз де жоқтың қасы. Көкезуленіп көп мылжыңдау көбейіп барады шыли. Сөзден жұмақ орнаса әлдеқашан ұшпаққа шықпаймыз ба? Әлімжеттік өршіп, тұлға дағдарысқа тірелгенде қоғамдық ардың өшіп кетуі де кәдік. Оған саяси сауатсыздық қосылса қайтеді? Бұл драма топ-топ, жік-жік бөлініп, бас-басына би болған дертті де тап басады. Дау-дамай даурықпа берекесіздік пен жүгенсіздікке жетелейді. Сонда ынтымақ, ырыс, бірлік пен тірлік қайда? Ертеңіне елеңдеген ел ше? Оның қамын кім жейді? Тың қойылым әшекейлемей де, әсірелемей де өзімізді өзімізге қайта ашқандай.

Иә, Шерхан Мұртазаның «Жетім бұрышы» күнделікті өзіміз естіп, біліп жүрген оқиғаны қамтитын секілді әсер қалдырады. Бірақ, ондағы өмірдің асау ағыстары терең иірімдерге тартып, ешкімді де немқұрайды етпейді. Шығармада серкесөз сипаты сезілсе де ол көзге ұрып тұрған жоқ. Бүгінгі күн демін әлбетте бизнесмен (малтабар), аукцион (талапай) және басқа тіркестердің мағынасы ғана бермейді. Қойылымның бар мен тізілімінен болмысы осы заманның тыныс-тіршілігі аңқып тұр.

Адамзат жаралғалы бері адамнан иман, қоғамнан қию кете бастағанда әр кездің әруақты абыздары, Майқы мен Ностардамус зілзала, апат, топан су, ақырзаман болады деп ескертіп келді. Жарық дүниені жиырмасыншы ғасырдың аяғында да сондай катаклизм күтіп тұрғаны туралы там-тұм айтыла бастады. Мүмкін, адамнан қорықпаған құдайдан қалай қорқады? Алайда ар-иман, таза рух пен парасат секілді қадір-қасиет жайлаған жерде уайым-қайғысыз жәннат болмаса да әйтеуір ерте ме, кеш пе жақсылық пен ізгілік нұры шалқитынына сенемін.

Қайта қайырыла айтсақ Ш. Мұртаза мүшелтой қарсаңында өзіне де, туған халқына да үлкен тарту ұсынды. Пайғамбар жасына әркім әр қалай келеді. Шабыт шабандозы әдебиеттің аламан Шер-ағаң бәйгесінде тағы да суырылып алға шықты. Үзеңгілес аға-інілері де қиқулап қалатын секілді көрінбейді. Ойды ой қамшылайды. Енді артқа қарайлайтын ешнәрсе жоқ.

Демек, ұзын сөздің қысқасы, жастар мен балалардың республикалық Ғ.Мүсірепов атындағы театры қойған «Жетім бұрыш» біздің бәрімізге қатысты өте өзекті мәселені қозғайды. Оның көрерменге ұнамауы мүмкін емес. Тек, сахналық ғұмыры ұзақ болғай!..

«Жас Алаш» газеті, 5 қараша 1992 жыл.

«Сырлы әдем» айдарында

ЖҰЛДЫЗДАР БИІКТЕ ЖАНАДЫ

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Сайлаубек Жұмабеков, «Жұлдызы нұрлы суреткер», монографиялық очерк, «Өлке» баспасы, 1993 жыл.

Аса көрнекті жазушы қазіргі қазақ баспасөзінің көшбасшы қайраткері, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолына арналған белгілі сыншы Сайлаубек Жұмабековтың «Жұлдызы нұрлы суреткер» атты монографиялық очеркі қолымызға түскенде оқырман қауым елең ете қалыстық. Себебі, көрнекті қаламгердің 60-қа толған тойы былтыр ғана дүрілдеп аталып өтіп, Шерағаң туралы сан алуан жүрекжарды мақалаларды республикалық басылымдардың барынша дерлік тамсана оқығанымыз бар. Ал, аталмыш еңбек солардың барлығын қорытындылай түскендей көрінгені рас. Қателеспеппіз. Бұған кемел сыншының нәзік пайымдауларға, күрделі зерттеу мен сарабдал сынға тұнып тұрған еңбегін оқу барысында көзіміз жетті.

Қаламгерліктен қайраткерлік дәрежесіне көтерілген, ұлттың ұлт атанып, елдің ел қалыптасар кезеңінде табанды талап-тілектерін биік мінберлерден де, баспасөз беттерінен де қаймықпай батыл айта білген жазушы Шерхан Мұртазаның өмір жолы, шығармашылық соқпақтары бір қарағаң оқырманға сайрап жатқан сияқты. Алайда, қаламгер шығармашылығы хақындағы монографиялық очеркті оқу барысында жазушының, яғни очерк авторының тілімен айтқанда, «құрыштан құйылғандай кесек тұлғаның» бітім – болмысына, еңбектеріне сыншы көзімен үңілеміз. Сөйтіп, ойлы оқырмандардың олжасына айналған озық туындылардың оңайлықпен дүниеге келмегенін, қаламгерліктен қайраткерлікке дейінгі соқпақтың қандай тар жол, тайғақ кешу екенін түсінеміз.

Мың Бұлақтан (Шерағаңның туған жері) басталған жол мұрат биігіне қалай жетті? Бұл сұраққа өз еңбегінде өзгеше тәсілдермен, алғаусыз пейілмен әдемі жауап береді.

Жазушы өмірінің 1932 жылдан 1963 жылға дейінгі кезеңі сөз болып отырған еңбекте бар-жоғы бір-ақ бетке сыйғызылған. Бұл жылдар аралығында Шерхан Мұртаза – арман арқалаған, нақты мақсат жетелеген балаң бозбаланың (1950), намысқой, еңбекқор, жігерлі, тындырымды студенттің (1953-55), кәдімгі журналист ретінде қабілет-қарымы арқылы көзге түсе бастаған жас маманның, романтик жанның, алғашқы әңгіме-повестерінде өмірден зердеге түйгендерін көркем кестелеуге ұмтылған жас жазушының (1953-63) ғана аты-жөні еді,-дейді автор. Бұдан әрі «1963 жылдан бастап бұл есім, сөз жоқ, бүкіл қазақ халқына кеңінен танымал есім!» – деп қорытынды жасайды. Шындығында да, 1963 жылдан Шерағаңның қажымас, талмас қиын да қызықты Бас редакторлық қызметі басталатындығын оқырмандар жақсы білетін болар.

Кітап авторы «Қазақ әдебиеті» газетінде Ш. Мұртаза редакторлық жасап тұрғанда онымен 9 жыл бірге қызмет етті. Сын бөлімін басқара жүріп тағылымы мол редактормен қызметтес болу сыншының үлкен тұлғаны тереңдеп тануына айырықша ықпал жасаған тәрізді. Сондықтан да болар, монографиялық очеркте суреткер бейнесі шынайы да шырайлы, толыққанды тұрғыда кестеленген.

Жазушы өмір жолы мен шығармашылық соқпақтарына жалпы шолу жасап, «Құлақ күйін» келтіріп алған соң, сыншы суреткер шеберлігіне алаңсыз барлау жасайды. Оқырманын еріксіз өзіне ерітеді, батыл тұжырымдар мен келісімді пікірлеріне риясыз келістіреді.

Шынын айту керек, еңбекті оқу барысында жазушы шығармаларының қарапайым адамдарға байқала бермейтін талай-талай сырлы иірімдері, жасырын жүрек сырлары бірден бұлттан шыққан күндей жарқ етіп, жанды нұрландырады. Еріксіз жазушы шығармаларына деген сартап сағыныш туындайтын, көкіректі күмбір аңсарға бөлейді. «Жұлдызды нұрлы суреткерді» оқығанда, бала кезіміздің, әр нәрсені қалаусыз қалыпта қабылдайтыр мөлдір, пәк шағымыздың кітаптарын, атап айтқанда, – «Мылтықсыз майданды», «Интернат нанын», «Қара маржанды» көкірек сыздай сағынғанымыз рас. Көркем туындылардан «саналы түрде молмол келтірілген» мысалдардан рухани аңсар аптабын сәл-пәл басқандай болғанымыз да жалған емес. Дегенмен де, «бұл шедеврлерді оқтын-оқтын қайталап оқып тұрғанға не жетсін!..» деген автор сөзімен келіспеске лаж жоқ.

Монографиялық очеркте автор аса көрнекті қаламгердің шығармашылық жолына ғана үңіліп қоймайды. Шығармаларын талдау арқылы жазушының тұлғасын сомдайды. Сондай-ақ шағын еңбекте кешегі, бүгінгі әдебиетіміз, әдеби сынымыз расында да қысқа әрі нұсқа құнды тұжырымдап әділ айтылған. Мысал келтірейік: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын», – дейтін атам қазақтың ежелгі әділ принципін сақтай алмайтын сыншының өзі де, пікірі де – тек әдебиетке сор. Мұның өзі ситуация сағалайтын, майшелпекке бола маневр жасайтын, пақыр пендешілікпен пұлыш шапан жамылуға пейіл принципсіздердің пәтуасыз пікірлері болып қалатыны ежелден мәлім».

Алып-қосары жоқ әділ әрі қатал айтылған бірегей пікірмен келіспеу мүмкін емес.

Еңбекті оқу барысында дүйім жұртты дүрліктіруге әуес «Караван» апталығы арқылы Шерағаң ауласына айтылған кесектер еріксіз еске түсті. Іштей мырс еттік. Ойымызға «ит үреді, керуен көшеді» деген қанатты қазақы тіркес оралды... Иә, кім не демейді. Қара басының емес, халқының, «қара қазан, сары баланың» қамы үшін шырылдап жүрген Шерағаңдардың тұлғасы «Каравандық» бейпілауыздардың сөзінен кейін асқақтай түспесе аласармасы анық.

Қорыта айтқанда, бір деммен ғана оқылып шығатын сыншы Сайлаубек Жұмабековтың «Жұлдызы нұрлы суреткер» шығармасы Шерағаңның суреткерлік және азаматтық бейнесін сомдаған тұңғыш еңбек. Бұдан кейін жарық көрер зерттеулерге бағдар бола алардық бірегей дүние десек те қателесе қоймаспыз. Шағын кітапты оқу арқылы қай оқырман да жұлдыздардың биікте жанатынын түйсінеді, аспан тәңірлерінің нұрлы сәулесіне жандарын жылытады.

«Өркен» газеті, 15 қаңтар 1994 жыл.

Рецензия

ЖИНАҚ АТЫ – «ШЕРАҒА»

(Шерағa. «Атамұра» баспасы. 1994 ж.)

Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ

Шераға – әрине, Шерхан Мұртаза. Әринесі сол – көптің аузындағы «Шераға» – ресми белгіленбеген, құжат мөрленбеген – сол көптің азамат Шерхан Мұртазаға көрсеткен құрмет белгісі де іспетті. Содан да болар, бұл есімнің алдына тіркер небір анықтауыш, атақ, лауазымдардан гөрі «Шераға» деген жалғыз сөз талайдың жанына жақын, жүрегіне жылы көрінсе керек. Демек, жинақ атының өзі-ақ оқырманын шақырып, шуақты ойға жетелеп, сырсандықтың кілтін нұсқап тұрғаны анық.

Бұл жинақ – әдеттегі дәстүр, көзқарас жағынан тосындау дүние. Өйткені бұған Шерағаңның «...60 жылдық меретойы кезінде жолданған құттықтаулар, аға буын өкілдерінің тілектері, замандастарының лебіздері мен іні-қарындастарының іздеттері топтастырылған». Қызық! «50»-ден бастап – «95»-ке дейінгі мүшелтойларын бұрын кімдер тойламаған. Осындай той үстінде оларға кімдер «құттықтау» жолдап, кім жылы лебіз айтпаған. Бәрі де болған. Бірақ, сол «лебіз», «іздеттер» түп-түгел жинақталып, кейін жеке кітап болып шыққаны жоқтың қасы. Неге? Әлде бұрынғы мүшелтой иелерінің ешқайсысы мұндай жинаққа лайық емес пе еді? Жоқ, олай деуге ауыз бармайды. Бір адамның абыройын көтеру үшін басқалардың биігін аласарту адамдық та, адалдық та емес. Мәселе – алдымен, уақыттың ыңғайында. Қазір қандай жинақ, қандай шығарма кітап десе де баспагерлердің өз қалауында. Екіншіден, кез келген игілікті дүниенің өмірге жолдама алуы жеке бір адамдардың білім-білігі мен іскерлік қарымына, ой ұшқырлығына да байланысты. Мәселен, бұл жинақтың жарыққа шығуына барлық жағынан бас-көздік жасап, тікелей

мұрындық болған баспасөздегі алғашқы қадамынан-ақ Шерағаңның өзі болашағынан зор үміт күткен шәкірттерінің бірі, бүгінгі баспа директоры – Мұхтар Құлмұхаммед. Шәкірт дегенде, осы тұста мына жағдайды да айта кеткен жөн. Жинаққа абзал аға туралы ағынан жарылып, ақтарыла сыр қозғаған авторлардың басым көпшілігі де өздерін Шерағаңның шәкірті есептейді. Есептеп қоймайды, «Шерағаңның шекпенінен шыққандарын» мақтан тұтады. Қалам ұстаған әр азаматтың баспасөзде де, басқа жерде де ұстаз тұтар, тәлімгер көрер ағалары аз болмауы мүмкін, алайда «Шераға» десе солардың шешіле сөйлеп кетер себебі неде? Бұған жауап ретінде белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының мына сөзін оқыңыз. «... Шерхан аға! Көке! Осыдан 20-30 жыл бұрын Сіз «Лен. жасқа» Алтайдан, Атыраудан, Сарыарқа мен Жетісудан талантты іні-қарындас жиғансыз. Күні бүгінге дейін солардың бірде-бірін шашау шығармай, әлі баяғыша сыйлы аға, ізі мен сөзі бір жерден шығатын сенімді серіктесі, тілеулісі болып келесіз. Қазақтың халқым деген қай баласын да алаламайтындығыңызға күллі қызыметіңіз бен қылығыңыз куә. «Таспен атқанды аспен атқан» кезіңізді де білеміз. Азаматтары өзді-өзі сыйласа алмаған елде, ұлтта жарқын болашақ бола қоймайтынын Сіз өз тірлігіңізбен уағыздауда уағыздап-ақ жүрсіз. Ағасы қисықтың інісі түзік болмайды. Сіз өз түзіктігіңізбен ел басын біріктіруге ұмтылатын қазақтың әр ұл-қызына жалықпай-талмай тәлім көрсеттіңіз. Сіздей аға көп болса, елімізде ертең-ақ ауызбірлікті іні-қарындас қаулап, қаптап кететіндей көрінеді маған» (117-бет).

Сөз білетін, жөн білетін, ұстазына шын адал шәкірттің ой-ниеті осындай-ақ болсын. Және Бексұлтанның бұл сөзі бүгінде жасы елуден асқан орта буын ағалардың ғана емес, ыстық лебізі ішінде жатқан қазіргі қырықтың о жақ, бергі жағындағы талай таланттың да сөзі. Иә, шын мәнінде, қай буынның өкілі болмасын, сөз өнерінде шыңдалған тек таланттар ғана Шерағаң жөнінде осылай дер еді. Өйткені Шерағаң өз маңайына ең алдымен рухани іні-қарындастарын топтастыратыны бізге белгілі. Соның арқасында 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың арасында өнерге қанат қаққандардың бір легі де «Шерағаңның шекпенінен» жылу тапқан. Оларға да Шерағаң: «сен Алтайдансың, сен Атыраудансың» деген жоқ, кез келгенге қояр талабы біреу еді: қаламың жүрдек, арың таза, ойлағаның халықтың қамы болсын. Бұл талаптан шыққандар Шерағаңнан шеттік көрмеген болар. Бұл талаптан шығам деп жүріп, өз халқының жоғын жоқтап, мұңын мұңдап, ұлт – ұрпақтың болашағы үшін біраз тер төккендер де жеткілікті. Демек, Бексұлтанның сөзі – қалам ұстаған көптің сөзі дейтініміз осыдан.

Әрине, «көп» дегеніміз – «бәрі» емес. Жұрттың бәріне жағу, баршаның көңілін бірдей табу мүмкін бе? Мұндай адам табылса, оның жалпақшешейден айырмасы не?! Ал, Шерағаңның табиғатына жалпақшешейлік жат дүние. Сондықтан жоғарыдағы Бексұлтанның сөзі де, оны біздің қоштауымызбен қоса, тіпті осы жинақтың жарық көруі де біреулерге ұнамауы кәдік. Бірақ кім не десе, о десін, «Шераға» жинағы өмірге жолдама алып үлгерді. Мұндағы қошемет лебіздер, іш жылытар ілтипат, мерейтой үстіндегі халықтың үлкен құрметі, ағалық әдемі сүйініш, інілік ыстық ықылас – бәрі-бәрі де енді Шерағаңның жеке абырой-беделі үшін аса қажет бола қоймас. Шерағаң

шығар биігіне көпшіксіз де көтеріле білген. Ендеше, бұл жинақ кім үшін керек? Оқырман үшін. Бүгінгі жастар, ертеңгі ұрпақ үшін. Оларға берер тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге үшін. Аға ұрпақтан қалған базбір арлы, азаматтық дәстүрлерді жалғастыру үшін. Мәселен, жинақта мынадай қызықты ой қайталаулар бар.

«Әсіресе, Тұрар Рысқұловтың өнегелі өмірі мен қызметі туралы жазған іргелі еңбегіңіз өз халқының жарқын болашағы жолында ғазиз жанын пида еткен есіл ерлерімізге арналған лайықты ескерткіш болды» (Н.Назарбаевтың құттықтауынан. 5-бет).

«Торқалы тойы өтіп жатқан Шерхан ағамыз туралы толғанған тұста ойға алдымен оралатын екі адам бар. Олардың бірі – Тұрар Рысқұлов, екіншісі – Бауыржан Момышұлы. Шерхан Мұртазаның өмірі мен өнеріне осы екі асыл ағамыздың біртуар болмыс-бітіміне ұқсастықты, ортақ белгілерді көп көруге болады» (М. Жолдасбеков. 8-бет).

«Көп адамдар айтып, жазып жүргендей, Шерхан Мұртаза бейнесінен біз қазақ халқының аяулы перзенті, елім деп еңіреп өткен асыл адам... әділетсіздіктің құрбаны болып, халқы, ұлты үшін күйіп кеткен Тұрар Рысқұловтың тұлғасын танығандай әсерге жиі-жиі бөленетінімізді қайталап айтқымыз келеді» (М.Үркімбаев. 20-бет).

«Шерағада» осыған жуық ойды басқа да біраз автор айтқан. Әлдекімдер: той үстінде кім не демейді, деуі де мүмкін. Бірақ әр жерде, әр түрлі баспасөзде айтылған пікір кезінде біреудің аузына біреу сөз салып берген жоқ қой. Олай болса көптің бір жерден шыққаны ғой. Бұдан шығатын қорытынды, егер жазушы Шерхан Мұртаза жалындап өткен жанкеш ғұмыр – Тұрар Рысқұлов өмірін бізге өнеге етіп ұсынса, сондай роман жазып қана қоймай ұзақ жылғы редакторлық басшылық жұмысында халқы үшін қара нардың жүгін көтерген, ал соңғы жылдардағы депутаттық қызметінде елдің мұңы, жұрттың қамына бола үнемі ердің сөзін сөйлей білген қайраткер Шерхан Мұртазаның өз ісін де өзгелерге өнеге етсін бұның несі артық. Міне, «Шераға» жинағы бізге осы үшін де керек.

«Қайта құру» деп басталып, «жариялылық» атымен жар салып жеткен кейінгі сегіз-тоғыз жылдың рухани өмірімізге берген жемісі жеткілікті, өкініші де баршылық. Жемісі, әрине, белгілі, ал өкініш?.. Жылдар бойы жадымызда жарқын тұлғаланып келген көп идеалдарға көлеңкенің түскені. «Ақиқатын айтамыз, ақтандақтардың бетін ашамыз» деп бұрынғы арыстардың абырой-атағын аспандатумен қатар кейінгі алыптардың біразын тұқыртуға, тұғырын аласартуға ұмтылдық. Нәтижесінде, бір кездері өз заманының сөзін сөйлесе де, әдебиет пен өнердің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген талай тарланбозға оқырманның өзі де күмән-күдікпен қарай бастады. Өкініштің үлкені де – сол. Жалпақ жұрт үшін «жазушы» – қасиетті ұғым. Ол ұғымға сызат түссе – сөзден қадір, тілден бедел кеткені де. Демек «Шераға» сияқты жинақ жалпы жазушы атаулының абыройын көтеру үшін де керек шығар.

Иә, бұл – ең алдымен, Жазушы туралы кітап. Сосын... Азамат, Басшы, Қайраткер жөніндегі сыр. Мұндай биікке көтерілу үшін Адам қандай болу керек деген сұраққа біраз жауапты да оқырман осы кітаптан табады.

«Қазақ әдебиеті» газеті,11 ақпан 1994 жыл.

ШАПАНЫНАН ШӘКІРТ ӨРГЕН ШЕР-АҒАҢ
жайындағы лебіздер бір кітапқа молынан арқау болды

Қайнар ОЛЖАЙ

«Ұста пышаққа жарымайды» дегендей, жазушылар жазған кітап көп те, ал жазушылардың өздері жайындағы кітаптар жоққа тән. Әлемдік үрдісте жиі кездесетін бұл құбылыс қазақ рухани өмірінде терең тамыр жая қоймаған. Кейінгі кезде осы олқылықтың орнын «Атамұра» баспасы толтыруға бет алғаны анық. Баспа Ілияс Есенберлиннің мерейтойы қарсаңында жерге қарап қалмай, жеделдете жинақ шығарып, көзі тірісінде қиянат пен қысастықты көп көрген жазушының әруағын риза етіп еді.

Сол баспа жақында және бір жақсы кітап шығарды. «Шераға» аталатын бұл кітапқа Қазақстанның халық жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза жайындағы лебіздер арқау болған. Жазушының бірер жыл бұрынғы мерейтойы ұлттық сананы серпілтудегі орны бөлек оқиғалардың бірі болғаны даусыз. Сонда халыққа қызмет етіп келе жатқан жанның бойындағы таланты, жүрегіндегі жалыны, қайраткер ретіндегі қарымы, басшы ретіндегі батылдығы, азамат ретіндегі алғырлығы молынан айтылған. Әрине, Мұртаза туралы пікірлердің ыстық тасқыны алпыс жылдық мерейтойға дейін де мол болған. «Қызыл жебенің» жалғасы ретінде «Жұлдыз көпір» жарыққа шыққан тұста алыптар тобының өкілі Ғабит Мүсіреповтің жоғары пікір айтқаны қайдан ұмыт болсын. Мұндай кезінде айтылған көшелі де көреген пікірлердің ұмыт қалмай, қамтылғаны дұрыс болған.

Жазушылық шеберлігімен алдыңғы шоғырда жүрген Шерхан Мұртаза қазақ даласы тәуелсіздік алып, егемендігін жариялар, көк байрағын көтеріп, азаттықтың ақиығын аспанға самғатар тұста өзінің қайраткер ретіндегі қажымас қарымын танытты. Сол тұстағы Компартия оны өз пленумында сүріндіріп, халық депутаттығына өткізбей қойғаны белгілі. Бірақ, қасиетіңнен айналайын Меркінің жұрты партия жіберген көп қатенің ең болмаса біреуін түзетіп, Шер-ағаңа халықтың қаймағы жиналған парламент залына мандат беріп еді.

«Шераға» кітабына осы қайраткерлікке тәнті болған қатарластардың лебіздері молынан енген. Жинақтың Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көрнекті жазушы, публицист Шерхан Мұртазаға құттықтауымен ашылуы тегін емес. Елбасымыз елеулі қайраткер, қалаулы жазушының халық үшін жасаған қабырғалы еңбектеріне оң баға берген.

Уақыт Қазақстанды жаңа кезеңге алып шыққан тұста Шерхан Мұртазаның тұстаса, топтаса қимылдаған қайраткер қатарластары Мырзатай Жолдасбектің, Қуаныш Сұлтановтың, Еркеғали Рахмадиевтің, Қалдарбек Найманбаевтың, Камал Смайыловтың, Жабайхан Әбділдиннің, Әбіш Кекілбаевтың лебіздері мен мақалаларынан да зор құрметті аңғаруға болады.

Әсіресе, бабамыз Махамбеттің «артымыздан біздің ақырып теңдік сұрайтын» дара тұлғаны көксеген арманы Шерхан Мұртаза бейнесінде ортамызға оралғанын тілге тиек еткен Әбекеңнің теңеуі көкейге қонар еді. Шындығында, біреу бағалар, ал біреулер сынай да берер, бірақ тәуелсіздікті әкелген алғашқы парламенттегі Шерхан Мұртазаның қыран даусы жиі саңқылдағанын қайдан ұмытайық. Ол біреулерге жағынайын, біреуді мүйіздейін деген жоқ, бар болғаны халқының бірнеше жүздеген жыл жоғалтқанын жоқтады. Олардың орнын толтыра алмаса да, ендігісін жоғалтпау қажеттігін қайталаумен болды.

«Атамұра» баспасы жарыққа шығарып отырған кітаптың үлкен бөлігін інілердің ілтипаты құрауы заңдылық болар. Өйткені, Шер-ағаң баспасөзде, әдебиетте, енді міне телерадио саласында жүздеген шәкірттер тәрбиелеуден жалықпаған жан. Журналистикада Шер-ағаң шапанынан шыққандар қазіргі қазақ бұқаралық ақпарат құралдарында шешуші сөзді айтып, тура ұстазы сияқты қылыштың жүзінде, найзаның ұшында жүр. Әдебиетте Шер-ағаң тәрбиелеп шыққан толқын-толқын талантты тұлғалардың тегеуріні тіпті керемет. Кітапта осындай елге танылған елеулі шәкірттер атынан Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбеков, Ахат Жақсыбаев, Қуанышбай Құрманғалиев, Мұхтар Шаханұлы, Смағұл Елубай, Баққожа Мұқа, Нұрлан Оразалин, Аян Нысаналин, Темірхан Медетбек, тағы басқалар сөз алған. Сол ілтипаттар арасында Шер-ағаң тойынан кейін өзінің ел құрметтер елуіне жете алмай арманда кеткен аяулы інісі Оралхан Бөкейдің бөлек даусы да жүр. «Міне, Сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екем», дейді қайран інісі. Неге бұлай деп жазды екен аяулы Оралхан!

Кітап Шер-ағаң жайындағы лебіздерді ғана емес, өлең мен әндерді де қамтығанымен ерекшеленеді. Сүгірәлі Сапарәлиев пен Қуаныш Төлеметовтің арнау әніндегі:

Ер Тұранның бір ұлы,
Бұлақтардың тұнығы,
Алпыстағы Шер-ағаң –
Асылдарлың сынығы, –

деген жолдар жүрекке қалай жатталмасын.

Осыншама ілтипатқа толы кітапты құрастырып, шығару арқылы жеке «Атамұра» баспасының директоры Мұхтар Құл-Мұхаммед інісі де ұстаз алдындағы парызын өтеуге ұмтылған. Ұстаз ұлағатын көрген інілер осылай қимылдаса керек. Бұл кітаптың жарыққа шығуы – Шер-ағаңның соңында өзіндей ел қамын жоқтар зерделі буын барының дәлелі.

«Егемен Қазақстан» газеті, 3 наурыз 1994 жыл.

ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫНДА

Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» кітабын оқығаннан кейінгі ой

Кәрім БАЯЛИЕВ

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шерхан Мұртазаның қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы «Қызыл жебе» ғұмырнамалық роман-эпопеясының бесінші кітабы «Тамұқ» оқырман қолына тиді.

Шерханның өзге шығармалары сияқты бұл кітабы да алғашқы бетін ашқаннан-ақ баурап алып кетеді. Кавказдың куратoрына қарай жүйіткіп бара жатқан пойыз ішінде Тұрар мен Әзиза емес, сіздің өзіңіз отырғандай сезімге бөленесіз. Ерлі-зайыпты екеуінің демалысы мамыр айының құлпырған суретімен үндес болып басталып еді. Мамыр шуағына, Кавказ табиғатының әсемдігіне, бас дәрігер Вадим Петрович секілді жандардың мейіріміне жаны жадыраған Тұрар мен Әзизаның бір-бірімен жаңадан танысқандай күй кешуі, бір-біріне ынтықтығы мен назы қандай жарасымды еді!

Бірақ аңсап күткен демалыс қуанышының құшағында жүрсе де туған халқының, жерінің тағдыры үнемі Тұрардың көз алдында тұрады. Тұрар мен Әзизаның бізбен тағдырлас Дағыстан басшысы Қорықмасовтың шақыруымен патша империясына қарсы Шәміл соғысқан жерлерді араласуы Тұрарға 1916 жылғы Меркідегі қаны судай шашылған қазақтарды елестетеді. Қазақтың екі тарланбозы Тұрар Рұсқұлов пен Ораз Жандосовтың дастархан басында өз халқының тағдыры жайлы толғанысына тебіренбей көріңізші.

Иә, көңілді демалыстың ләззаты бойларын баурап алғанымен, ойлары сан-сақа жүгіреді. Мамыр шуағының өзінде де қанқұйлы отыз жетінші жылдың суық ызғары сезініп тұрады. Әне, Голощекинді көріп қалғанда оқыстан Тұрардың денесі түршіккендей болды. Жазушының бұл кейіпкерді азын-аулақ сөзбен-ақ шегелеп бейнелегені сонша, оның сырын білетін Тұрар тұрмақ оқырман, сіз де бұл қанішермен кездеспей бұрылып кете бергіңіз келеді. Оны сол жолы бірінші рет көрген Әзизаға да Тұрардың бұрын басқа әйелі болғанын аңқаусып еске салғаны – бұл адамның бәлекөр екенінен белгі беріп, жас келіншек одан жиіркеніп шыға келеді. Голощекин дегенде әруақтардың да сүйегі сырқырап кетерін оның өзі әңгімелеген түсі арқылы жазушы көзге түсі арқылы тұлабойыңызды шымырлата елестеді. Курорттың жаннатында жүрсе де, бұларға «НКВД ананы әкетіпті, мынаны әкетіпті» дегендей тозақ лебінің хабары артынан қуып жетіп жатады.

Сөйткенмен, бас дәрігер Тұрардың қан қысымын өлшеп: «жүз жасайсыз!» деп мәлімдегенде, бозбала балғынның денсаулығындай қайратты жанның өмірі енді санаулы күндерден кейін тамұқта қиналады, деп кейін ойламайсыз. Ынтызарлықтан албырттанған жарына: «Тұрар-ау, бүгін бір түрлісің ғой тегі, не болды?» – деп Әзиза еркелей назданса, алдына келген даяшыға: «Тағы бір шампан әкеліңіз, оны сен босанғанда ашамыз, ырым болсын», – деп Тұрар Әзизаға шаттықтан жарыла жаздап қараса, дүниеде тамұқтың барын қалай ойлайсыз. Сонда да ол пәленің қатері қылаң беруін қоймайды. Дәл сол рахатқа батып жүрген кештің өзінде тағы ұшырасқан Голощекинмен Тұрар «келесі

кездескенше», деп қоштасқанда анау: «Енді кездесіп, әңгімелескенше қашан» деп жауап береді. Ол сұм бірдеңені білгендей ме қалай? Ал таң атқанша не боларын пайғамбар да білмей қалуы мүмкін. Осындай күдік билеген Тұрар үйінен хабар білейін десе, Мәскеудегі телефоны жауап бермейді. Көршісі белгілі мемлекет қайраткері Рудзутактың нөмері де үнсіз.

Не де болса таң атсын. Құдай сақтасын. Келіншегін Кавказға алып келіп, ел көрсетіп, жер көрсетіп, жақсылық жасамақшы еді.. Қымқуыт ой шытырманына шомған Тұрарға ұйқы жолар емес, таң да атар емес.

Сарғая күткен таң атпады. Түнгі сағат үште тырсылдатып есік қаққан біреулер:

– Аш! НКВД!- деп айқайлайды да, бостандықтың соңғы сәулесі сөнді.

Қолына кісен салынған Тұрар тұтқындар вагоннан бір-ақ шықты.

Жалпы, Шерханның қай шығармасын оқысаң да, оның бейнелі суретті, әуезді, поэзиялық тілмен жазылған ойын өз сөзімен баяндап беру қиынның қиыны. Сондықтан тұтқындар вагонындағы бір көріністі жазушының өз сөзімен айтайықшы:

«Пойыз дөңгелегі сарнайды. Таусылмайтын неткен ұзақ жол. Мезгіл күндіз бе, түн бе – белгісіз. Тұтқын мен түн-түнек некелескендей. Тұтқын тек түнекті ғана сезеді, тек түнекті ғана аймалайды. Тұтқынның әйелі – түнек. Енді осыған көн, дағдылан, Рысқұлов. Енді қайтып сүйген жарыңды, алған жарың Әзиза Түбекқызын аймалайсың ба, жоқ па – бір Тәңірінің ісі. Енді сен түнек құшағындағысың. Қараңғы қара қапас саған мәңгілік болды, амал не. Қорықпа. Анаң Калипа марқұмның құрсағында жатқаныңда да осындай қараңғы еді. Жарық дүниеде қырық жыл жасапсың. Жарық дүниеге келгеніңе шүкір ет. Келмей қалсаң қайтер едің? Азды-көпті дәурен сүрдің. Қарадан шығып, хан болғандай дәрежеге жеттің. Көп жандар жабық арбаны мінгенде, сен ақбоз арғымақ міндің... Бір түнде-ақ ақбоздан аударылып түстің. Ақ некелі асыл жарың артта, Қап тауының бір қойнауында аңырап қалды. Бұ да болса Тәңірінің жазуы шығар, шүкір қыл.

Ендігі жарың – сайқал түнек. Қараңғы қапасқа да түртінектеп үйренесің. Тек егілме, мүжіле берме. Қайрат қыл. Алда әлі тозақ бар. Сталин саған құрығын көптен үйірген. Ноқтасын үзіп кете беріп, нең бар еді. Енді құрығын салды. Қылқындырмаса болғаны».

Мәскеудің орталығындағы Лубянка деп аталатын, бәрі қорқатын сұпсұр үйдің астындағы зынданға Рысқұлов та түсті. Оны тергеуші Нейман жауап алуға шақырарда бастығы Глебов: «Оның үлкен-үлкен қызметтерде болғанын ұмыт, колхоздың қамбасынан картоп ұрлаған мұжықтай көр», – деп ескертсе де, тергеушіні Рысқұловтың мысы басып кететіндей. «Сізден» «сенге» көше алмай әуре. Бұл сұрақ қояды, ал Рысқұлов әңгімені бұрып, айдалаға алып кетеді. Ақылына, сөз сөйлеу жүйесіне, өзін-өзі тік ұстасына, тұп-тұнық тұңғиық көзіне қарап отырып, қайтіп мұнымен мұжықша сөйлесесің. Пәлен күн зынданның азабын тартса да, сақал-шашы өсіп, киімі мыж-мыж болып қалса да әлі төредей. Тергеушінің кезекті жала жалақорлық сұрағына «сандырақ!» деп жауап бергенде, ол жұдырығымен столды қойып қалсын. Сандырақ екені рас, оны Нейман да біледі. Бірақ тапсырма: «Қалайда мойындат, дейді. Мойындату үшін заңды белден басып, зорлыққа

бару керек. Ал университетте профессорлар бұлай оқытқан жоқ. Олардың лекциясы бір басқа екен де, тікелей жұмыс бір басқа екен. Глебов секілді бастықтың тапсырмасындай жұмыс істеу үшін университетте бес жыл оқып әуре болудың түкке қажеті жоқ екен.

Ал зорлағанның өзінде мойындамаса ше? Одан да бетер зорлай түс...

Сөйтіп, Рысқұловтың тас қапастағы өмірі тозақ пен тамұққа айнала бастады. Бірде оны Түрік-Татар мемлекетін құрмақ болдыңдар деп айыптайды. Біресе Германияның, енді біресе Жапонияның агенті болдың дейді. Енді бірде: – сен құрған Түрік партиясы, Түрік республикасы — ол не?- деп сұрайды. «Түрік деген атаудан неге қорқасыңдар? Түркия емес, түрік тектес халықтардың республикасы», – дегенді түсіндіргісі келмейді.

Тергеушінің осалдығын сезген Глебов жауап алуға өзі кіріседі. «Сендер орасан күшпен орнатылған социализмді құлатуға тырысып, жанталасып жүрсіңдер», – деп жабысса, Рысқұлов: «Бұл барып тұрған сандырақ! Бүкіл саналы социализм үшін сарп еткен Рысқұлов енді сол социализмді құлатпақ па?» – деп қасқая қарсы шығады. Тергеушілердің: «Сен сұрақ қоюшы болма, тек жауап беруге міндеттісің», – деп сан рет ескерткеніне қарамайды.

«Қазір мәселе бір-ақ нәрсеге тіреліп тұр: өмір не өлім. Өлім болғанда да қорлықы өлім. Мәңгі-бақи қара таңбалы өлім. Үрім-бұтағыңа, ұрпақтарыңа қара таңба. Айтпақшы, сенде «бір ұл, үш қыз бар ғой. Соларды ойла!» – деп қорқытады жендет Глебов. Мұның бәрінен түк шығара алмаған Глебов зорлаудың неше түрін қолданып бағады. Соққыға жығады. Отыруға рұқсат етпей, есінен танып құлағанша тұрғызып қояды. Тағы да соққы, тағы да жұдырық, тепкілеу... Адам айтып болмас айуандықтар бірінен соң бірі қайталана береді.

Жендеттер қай заманда да қатыгез. Бірақ солардың бәрі жиылып, Лубянкадағы жендеттерге жетпеген ғой. Мәселен, өзге жендеттер туған балаңды қорлап, қинап, есінен тандырып, әлпетін адам танымастай етіп, алдыңа сүйреп әкелер ме? Тұрардың оныншы класта оқитын жалғыз ұлы он жеті жасар Ескендірді осылай етіп әкелгенде, әкесінің көзінше балаға ши жүгірте бастағанда, ол енді бұдан әрі шыдай алмай, не жазса да қол қоюға мәжбүр бар еді. «Қырсық шалған не деген әулет бұл Рысқұловтар! 1906 жылы Рысқұл он жасар баласымен бірге Алматының түрмесіне отырды. Ал 1937 жылы Тұрар Рысқұлов өзінің он жеті жасар баласымен бірге Мәскеудің түрмесіне түсті. Пешенелеріне түрме деген таңба жазылған неткен әулет!» – деген жазушымен бірге ашынасыз.

Неге болса да көнбек болған Рысқұлов өз ұлының беріктігіне таң қалды. Ескендір есін жиған бір сәтінде: «Адал болсаң, көнбе!» – деп сыбырлады әкесіне. Сонау Рысқұл атасынан, Тұрар әкесінен келе жатқан қайсарлық, арлылық бұған да ауысқан екен, тегіне тартқан ғой. Кешегі кеңестік дәуірдің басты қасіретінің бірі – тексіздерге тізгін беру ме деп қаламын. Мал екеш малдың да тегін бағалап, тұқымын асылдандырып жатамыз. Ал асылдардан туған адамдарды жатып кеп құдаладық. Орыстарда жақтырмаған пендесін «сапожник» дейтін атау бар. Сондай етікшінің баласы миллиондаған кінәсіз жандарды азапқа да салды, қырып та салды. Егер текті тұқымнан болса, сонша жауыздыққа барар ма еді? Обал-сауап, ар-ұят дегенді ойламас па?

Сол кінәсіз құрбандардың қатарында Тұрар мен Ескендірдің де өмірі қиылып кете барды. Тұрардың аяулы жары Әзиза лагерьге айдалды, отбасының тоз-тозы шықты...

Жазушының қаламының құдіреті соншалық – Тұрармен бірге сізді салады. Тұрармен бірге сіздің де тынысыңыз тарылып, ойланамын десеңіз басыңыз сынып кете жаздайды. Қапаста сіз де отырғандай боласыз. Енді қайттім?» – деп тұншығып бара жатқанда көмекке сол Тұрардың өзі келеді. Өйткені, Тұрар дегеніңіз – ойдың шалқар теңізі. Өз ойымен өзін де, өзгені де жылата да, жұбата да алады.

Тұрардың шарықтаған ойы жазушының толғанысымен ұштасып сізді өмір философиясының небір иірімдеріне жетелейді. Анадан туғанда адамның бәрі бірдей. Сонда жендеттер қайдан шығады? Мүмкін, адамның анасы заманы шығар. Сол жылдардағы сталиндік зұлматтың қалайша мүмкін болғаны жайлы сұраққа жазушы көркемсөз құралымен, философиялық байламдар жасай отырып жауап іздейді. Көп бәлеге себепші болатын адамның қанағатсыздығы сондай бір аласапыран заманда аранын ашылады. Глебов секілді жендеттердің озбырлығы – түптеп келгенде пенденің Құдай болуға ұмтылатындығынан. Мансапқорлар, шенқұмарлар заманның сондай дауылды толқын шағында толқынның бетіне көбік боп, шөп-шаламша тез көтеріледі. Тек шөп-шалам болуға жарай біл.

«Қызыл жебенің» алғашқы төрт кітабындағы саналуан кейіпкерлер галереясын жазушы «Тамұқта» жаңа тұлғалармен толықтыра түскен. Тұрардың жары Әзиза, халқымыздың ардақты перзенттері Ораз Жандосов, Мұхаметжан Тынышбаев, Жанша Досмағанбетов, оның жұбайы Ольга Константиновна, санаторийдің бас дәрігері Вадим Петрович, бауырлас құмық халқының аяулы ұлы Қорықмасов және басқалаларының бейнелері оқырман жүрегінен жылы орын алары сөзсіз. Жендет Глебов, тергеуші Нейманның бейнелерін суреттеуде де автордың сол кездегі чекистердің іс-әрекетінің қыры-сырына қанық екені байқалады. Сталин, Ежовтардың екі жүзді, сұрқиялығы мен зымияндығына найза бойламайтын әлпетін жазушы аз ғана детальдармен қалай ашқан десеңізші! Курортқа жүрер алдында кездескен Сталин Тұрарға Кавказ табиғатының ғажаптығын айтып, жақсы тынығып қайтуына тілек білдірсе, Ежов өзінің бір кезде Семей губкомында істегенін меңзеп, Тұрарды жерлес деп іштартқан болып: «Өзімнің Қазақстаныма барып, Ертістің суына бір түсуді армандайын» – деген еді. Олардың екеуі де енді бірнеше күннен кейін Рысқұловтың зынданға салынатынын біліп отырды ғой.

Саналы өмірінің жарымынан көбін – отыз жылын сарп етіп, «Қызыл жебені» жазу арқылы Шерхан халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі Тұрар Рысқұловқа да, өзіне де әдебиетімізде мәңгілік ескерткіш орнатты деп ойлаймын. Тұрар есімі аталған жерде Шерханның, ал Шерхан есімі аталған жерде Тұрардың есімі қоса аталатынына өз басым күмәнданбаймын. Эпопея әдебиетіміздегі жарқын туындылардың бірі ретінде ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына болып қала бермек.

Халқымыздың асыл перзенті Тұрар Рысқұловтың туғанына 100 жыл толатын мерейтойының табалдырығында оның алып тұлғасын әдебиетте өшпейтін етіп сомдаған 5 томдық эпопеяның оқырман қолына түгел тиюі –

бұл халқымыздың рухани өміріндегі аса елеулі оқиға екені даусыз. Кітап бастыру қиындап кеткен «нарық» деген құбыжық заманда осындай құнды туындының соңғы кітабын молайтып басып шығарған «Атамұра» баспасына дән ризамыз.

Ақ жол» газеті, 28 мамыр 1994 жыл.

ЖҰЛДЫЗДЫҢ ЖАРЫҒЫ

Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» романы (Атамұра. 1994) хақында

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

Тұтас бір кезеңдерді қамтитын дәуірнамалық шығармалар жазу осыдан бірсыпыра жылдар бұрын көркем прозада салт бола бастаған еді. Оған мысалдар көп. Тізіп жатудың керегі жоқ. Бұл өзі жылдарды сарп етіп, алдымен қыруар қор жинап, содан соң оларды екшеп, кезең-кезең, кітаптан кітапқа бөліп, жоспарлы ойға, идеяға сәйкес композициялық құрылымдар жасап, кейіпкерлер галереясын қай жерінен кіріп, қай есігінен шығып кетуін кадағалап отыру деген секілді бір лаборатория, ғылыми саралау мекемесі жасайтындай, содан кейін барып, жазуға отыру, ол жүйеде, жолшыбай сандаған фантазия, қиял сықырына, көркемдік бесікке бөлеу секілді қияметқайым ауыр жүк артқан жазушы керуені больп елестейді маған. Бәлкім, біреулерге менің бұл ұғымым ерсілеу секілді көрінер. Өйткені мен өзім ондай жұмыс істеп көргенім жоқ. «Азат басың болсын құл – қолдан келмес іске ұмтыл», – дейді ғой Абай.

Біздің қазақ әдебиетінің өркендеу тарихында бұл істі келе-келе бастаған, яғни қырқыншы-елуінші жылдардан бері өркендерткен Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Хамза Есенжанов, берірек келгенде Әбдіжәміл Нұрпейісов, Дихан Әбілов, одан бериректе Әбіш Кекілбаев, Софы Сматаев, Мұхтар Мағауин және осы Шерхан Мұртаза бар. Менің ойымша, мұның бір заңдылығы бар еді. Біріншіден, көп томды романдарды меңгеру үшін сол әдебиеттің өзі есейіп-жетілуі керек болды. Екіншіден, оларды миына сіңіріп, жүйелеп оқитын қазақ оқушысының белгілі дәрежеде ой өрісі, білімі, талдамы керек болды.

Әдетте, көп томды романдар – тарихи тақырыпта жазылатын секілді. Әсіресе, біздің әдебиетте солай. Алғашқылар: Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Ілиястар бұл ауыр жұмысқа барған жоқ. Оғанда себеп әлгі әдебиет өрісі, даму деңгейіне байланысты еді.

Мұхаң мен Ғабекең асқан суретшілігі, шеберлігі, адамдар кескіні мен психологиясын өте назік білгіштігі, алуан құбылысқа мәніс беру біресе ойландыра, біресе күлдіре, жылата оқушыны тікелей оқиғаға ортақтастыра жетелеу арқылы ұзақ жолдан жалықтырмай алып шығады. Ал ғажайып әңгімеші, хикаяшыл Сәбең оқиғаларды жүре ойдан қосып, жаңғыртып, кәдімгі қазақы тілмен сүйрелеп, жан-жағын «соғымға шақырғандай» жарылқап отырып, алып шығады. Ой, жарықтықтар-ай!..

Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов туралы көп томды романды ойлағанда, басқаларынан да гөрі Мұхтар Әуезовті еске алған болуы керек. Олай дейтінім Мұхаң сонау бала кезінен өзі әкесіндей сүйген адамын, бері келе оның ғажайып данышпан екенін танып, бар кезінде құдіретіне табынып, қазақ еліне деген жан-жүрегін, істеген қайрат-қызметін анық тағайындаған, ұлт тарихындағы ұлы тұлғалардың бәрімен салыстыра зерттеген кісісін жазуға бар құштарлықпен кірісті, ол арманын орындап шықты. Өзінің орталық кейіпкерін бар жүрек күшімен сүйіп, ардақтап күнде алдына ұстап отырмаса, ақыл-есін соған ғана арнамаса, Абай Абай болып шықпайтыны белгілі еді. Иә, мен осындай тұрғыда, осыған ұқсас құбылысты Шерханнан, оның Рысқұловынан танығандай боламын. Бұл жерден өзге мағына іздеудің керегі жоқ. Мен жазушының өз кейіпкеріне деген ықыласы туралы айтып отырмын.

Шерхан бұл терең толғанысты тақырыпқа бармас бұрын біршама уақыт толғанғанына, қаншама зерттеу жұмысын тізгеніне шүбә жоқ. Алдымен оның қазақтың бізге жақын аласапыран тарихында Рысқұловтың орасан ірі тұлғасын зерттеп алуы керек еді. Ол соны таны. Қазақтың XX ғасыры, соның ішінде тарихи толғаныстар: Қазан төңкерісі, бұлқыну тұсында туған ұлттың озық ойшылдарынан тәрбие, үлгі болған, соның ішінен айырықша көзге түскен Тұрар Рысқұлов жадында жазушы назарын тоқтататын тұлға болатын. Зор махаббат, сүйіспендік, әрі-беріден соң қандастық, жақындығы, жаны жылу топырақ, су ортақтастығы, мақтаныш сезімі қосылғаны ақиқат. Оның үстіне жазушылық борышты қосыңыз. Біздің қазекеңнің кейде атүсті айта салатын «е, тәйірі, өз туысын жазып отыр» дейтін байламы жазушының осынау көп толғақты, кең тыныстық мақсатына мүлде жуықтамайтын нәрсе.

Тағы бір айтатын сөз Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш» оқиғасы да болашақ жазушының бала жүрегіне алғаш от тастаған, сезімін оятқан себеп болуы да ғажап емес қой. Өмірдегі құбылыстар бір-біріне байланысып, сабақтасып жатқан нәрселер екені белгілі.

Тұрар Рысқұлов тұлғасын одан сайын ірілендіре түсетін осынау ата-баба, шаңырақ, әулеттегі ерекше қасиет, ғажайып тосын тарих. Ол – Рысқұлдың баласымен қоса өзінің бүлікшіл, «қауіпті адам» есебінде түрмеге түсуі – романның бастау бұлағы екенін білу қиын емес. Ал осының жаңағы айтқан тағдыр байланысына қараңыз. Мынау «Тамұқта» Тұрар мен баласы Ескендірдің түрмеден қатар шығуын не дейсіз бұл тарихи факт, жазушы қолдан жасап отырған жоқ қой. Жазушының еңбегі соның тағдыр тылсымы, таңқалатын ұқсастық екенінің астын сызып айту, айырықша өлке салу. Тұрар Рысқұловтың алғашқы кеңес жылдарында өсу жолдары, Түркістан республикасын басқару істері, одан Тұрар Рысқұлов тұлғасын одан сайын ірілендіре түсетір осынау ата-баба, шаңырақ, әулеттегі ерекше қасиет, ғажайып тосын тарих. Ол – Рысқұлдың баласымен қоса өзінің бүлікшіл, «қауіпті адам» есебінде түрмеге түсуі – романның бастау бұлағы екенін білу қиын емес. Ал осының жаңағы айтқан тағдыр байланысына қараңыз. Мынау «Тамұқта» Тұрар мен баласы Ескендірдің түрмеден қатар шығуын не дейсіз бұл тарихи факт, жазушы қолдан жасап отырған жоқ қой. Жазушының еңбегі соның тағдыр тылсымы, таңқалатын ұқсастық екенінің астын сызып

айту, айырықша өлке салу. Тұрар Рысқұловтың алғашқы кеңес жылдарында өсу жолдары, Түркістан республикасын басқару істері, одан Мәскеуде, Монғолияда істеген тамаша іргелі, тіпті социализмнің қоғамдық құрылысы есебіндегі теориялық-практикалық мәселелері жөніндегі марксизм классиктерімен айтысы, биік азаматтық, ой-сана өрісі жайында қозғайтын романның өзге томдарына мен соға алмаймын. Тек Рысқұлов өмірінің басты кезеңдерін бізде жақсы сақталған архивтік мағұлмат, тарихи құжаттар негізінде шығарманың көркемдік құрылысына нұқсам келтірместен оларды шебер пайдалантанын, бәрінде негізгі кейіпкердің ішкі дүниесіне, ой-өрісі, мінез-құлқы, азаматтық тұрпатына бағындыра суреттеуін ғана атап өту керек. Бұған Шерханның жалпы жоғары білімі, жазушылық тәжірибесі, жазу мәнеріндегі шеберлік, тіл алаңсыздығы, тазалығы көп жәрдемдескені көрініп тұр. Кітаптан кітапқа, томнан томға өткен сайын өзгеріп, құбылып отыратын композициялық иірімдер, тәсілдер оқушыны жалықтырмайды. Соған қарағанда терең бойлап, талдаған дүниелер аз болған да шығар. Өйткені баяғыдай мұндай кесек дүниелерді оқиға санап, әдебиет қауымы қоршалап, мейлі жақсыласып, жамандасып, әйтеуір түгел қатынасып, пікір білдіретін жағдайлар бұл тұстарда болыңқырамай қалған кез еді.

«Тамұқ» – эпопеяның, романдар циклінің соңғы кітабы, ең бір қасиетті, қиын тараулары. Соншама қиын-қыстау, шытырман өмірді, қатал да қызық тағдырдың ақтығында әдемі бір жаймашуақ кезінде, жеке адамдық бақыттың, махаббат, достық, шаңырақ, ошақ қызығына, балалардың тәтті қылығына нағыз жар, өмірсерік табу шүкіршілігіне қолы жеткен тұста, әсіресе, мәртебе биігінде, қайнаған жігер, тасқынды күш, сәулетті, нұрлы арман-мақсатын туған республикасы Қазақстанына арнауға құлшына, алаңсыз кіріскен тұста ең сұмдық жала, ажалды тұзаққа іліну қасіретіне құрылған кітап тарауларын үнемі жаның ауырмай оқи алмайсың. Бұл аяқталмаған асыл да ұлы арман туралы, халқының қараң тағдыры, қараңғы болашағының үмітпен жағылған шырағының сөнуіне арналған кітап.

Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі тіпті одан да сорақы 1932-33 жылғы сұрапыл аштық қырғыны Рысқұловтың Сталинге жазған жанайқайы – қайғылы хаты – оның кейін басын жұтқан, ажал оғына арналған еді. Сонымен бірге, ол Рысқұловтың халқы үшін жасаған тарихи ұлы ерлігі де болатын. Бұл баяғы елі, жері үшін өлімге қарсы барған батыр бабаларының ісінің жалғасы еді. Бұл хаттан соң басының кететінін апанық білген. Өйткені ол аштық, ажалды сойқан өте салысымен тағы бір ұлы қырсықтың жақындап келе жатқанын, дербестік, автономия деген иллюзияға айналып, империя дегеніңіздің жаңа бір болып көрмеген қатігез түрі орнап келе жатқанын, оның әсіресе, қанды құрығы баяғы бақытсыз қазақ халқының мойнына түсетінін білген, сезген. Тағдырдың қырсық толқынында әрең жүзіп келе жатқан жадау, әлсіз қайықтың тұмсығына қадаған тіршілік шырағы, үміт отының сөнуге жақындағанын дәл ұққан еді ол... О, оның сол кездегі мазасыздана соққан үлкен жүрегінің дүрсілін өзінен өзге кім білген?

«Тамұқта» есте қалатын сурет көп. Ол Әзизаның Мәскеудегі үйіне оралуы, ол үйдің енді мұнікі емес екендігі, іздеп жүріп, Рысқұловтың

бұрынғы әйелінің туыстарына паналауы, адамдардың қалыпты жәй өмірдегі қастығы, күндестігі былай қалып, ортақ қасірет – бәрінің басын қосатынын жазушы және бір осылайша тоқтап көрсетеді, суретпен айшықтап айтады. Ал енді түрмедегі, автор айтып отырған «Тамұқтағы» жағдай, ол кездегі тергеуші жауыздығы, жалған мойындату, ол жолдағы азап біз білетін, енді ашылып жатқан Алматы түрмесінің «кәсібі», айтып ауыз жетпейтін хайуандықтар Шерхан кітабында да аса дәлдікпен беріледі. Бұл жерге қиял қосуға болмайды ғой. Тек онымен Рысқұловтың ойлары мен жан күйзелісі шендесіп жатыр.

Жоғарыда айттым, Тұрардың үлкен ұлы Ескендірдің түрмеге түсіп, жауапқа алынуы, балғын, балауса жеткіншектің әкесінің көзінше жасалған хайуандықтан түршіге ышқынуы адамның иманын ұшырады, бұл жерді жәй оқу мүмкін емес. Бутырка Тұрардың тозағы болды, шашы ағарып кеткен болар. Ол түрменің Алматы түрмесінен сәл айырмасы да осы шығар, өлгенде тамұқты көресің деуші еді, өлмей-ақ көреді екен. Бұл қайғылы беттерден үзінді келтіру мүмкін емес. Жазушының да жүрегі қан жылап отырып жазған болар. Өйтпесіне де болмайды. Өйткені кітаптың аты – «Тамұқ».

Ал сол тамұқ ішіндегі әлденеше күндер, айлар азаптан сәл босаған сәттегі Рысқұловтың өткенді еске алуы, жолдарын тізіп, саралауы, жалпы адам өмірі, жарық жалған заңы, өз арман-ойлары, не үшін күрескені туралы ішкі монологтар арқылы беріліп, Тұрардың аса жоғары санасы, алғыр зердесі, философиялық толғамдар оның бұрынғы кітаптардан бастау алып келе жатқан бейнесін, образын әдемі толықтырған. Жазушы кейіпкеріне оңаша кездесуге, оны тағы бір рентген айнасынан өткізуге осыдан «бос» уақыт болмайды да ғой: «Мұрнына қарағайдың иісі келеді... Қарадан шыққан төре боп, ел басқарып тұрғанда, Мәскеу түбінде Яуза деген өзен бойындағы саяжайында монша болушы еді, кілең қарағайдан соққан сол моншаға кіргенде осындай құдіретті хош-күрең иіс аңқып тұрар еді. Аңқаңды ашып, сарайыңды алтын суымен суарғандай болар еді».

...Өзін бір мезгіл сол моншада отырғандай сезінді. Біртүрлі рахат хал кешті. Сол сәттен соң санасы қалыбына келіп, камерада отырғанына әбден көзі жетіп, көңілі су сепкендей басылды. Шайыр иісі өзі жатқан қарағай төсектен шығады екен.

Сонда ол ауық-ауық санасы адасқақ болып, есі ауысып кете беретінін аңғарды. Жынданып кетудің алды болмаса неғылсын» – деп қауіптенді. Жігерін жасытпай, қайрауға қайрат қылды. Жігер сынса – рух сынады. Мәңгүрттіктің бір белгісі сол... Қарағай иісі қуат бергендей болды.

– Ей, қасиетті қарағай! Қарсы бұтақ бітетін қайсарлығыңнан бер, – деп тіледі. – Өміріңнің ұзақтығынан бер деп айта алмаймын. Мәңгі жасыл жастығыңнан бер деп те айта алмаймын. Ол құдайдың ісі. Тек қайсарлығыңнан берсең болғаны, мына иттер мені жасытып майыстыра алмас болсын. Сынсам да майыспай шорт сынайын!». Осынау шағын үзіндіде Рысқұловтың кім екендігі, оның жан дүниесі, бұрынғы және қазіргі халі – бәрі тұр. Әдетте, суреткерлік шеберлік – шағын орында кең ой, мол сурет, терең мағына беру, үнемділік, сыйымдылық, үйлесім дегендеріңіз осы. Осы арқылы Шерханның өз жазушылық стилі де, тілі де байқалып тұр.

Осынау тұла бойы қасіретті, мұңды лиризмге, суретке, топшылау-толғауға толы шағын кітапта, эпопеяның соңғы кітабында жалғыз Рысқұлов емес, бүкіл қазақтың қасқа-жайсаңы, қаймағының сол тұстағы ғаламат трагедиясы азалы күй шертіп тұрғандай.

Қазақ көгінде маздаған жұлдыздардың желбіреген шырақ оттарының бірінен-соң бірінің сөну көрінісі сөзбен емес-ау, суретпен көз алдыңнан апанық өтіп жатады.

Шерхан бар шеберлігін соңғы тынысқа салған секілді.

Мұнда тамаша өмір иесіне сүйсіну де, өкініш пен өксу де, адамдардың шарапат жақсылығы мен жауыздық, оңбағандық, сатқындық әрекеттері – бәрі де берілген. Кітаптың қайран поэзия қатынасқан жерлері мол. Жалғыз ғана мысал, кітап соңындағы «Өмірзая» деген тарау-бір өзі ғана жеке новеллаға, немесе трагедиялық балладаға ұқсайды.

Кітаптың осындай гүлді алқабын ұзақ аралап кетуге болады.

Тұрар ойлайды: «Адам сорлы жұмақты іздеумен өтеді, сөйтсе жұмақ... оп-оңай жерде екен. Айнала жайсаң жандар. Біреуге біреудің қысастығы жоқ. Астындағы кресло емес, яки Қазықұрттың төрі, яки Талғар шыңы, жоқ Хантәңірі!

Айқайлап ән салды. Ойқастатып, Қызыл Жебе мініп Рысқұл да жетті. Биікте тақта отырған патша баласына қол бұлғайды. «Мінгес Қызыл Жебеге» – дейді.

Бұл өмір мен өлім арасындағы жанталасқан ойлар. Тым үрейлі емес пе? Жендеттер шаршаған мида жайсаңдар болып елестесе, тар дүние – камера – кең болып көрінсе... қорқыныш? Әрі қарай: Рас болса, адамның денесі – адамның киімі ғана көрінеді. Адам өлді дегені – адамның денесі – адамның киімі ғана тозғаны. Ал жан өлмейді. Жан адам бейнесінде, не бер жәндік, не бір өсімдік бейнесінде жер бетіне қайта оралады. Ескендірдің жаны, сірә, өмірзая-бәйшешек болып оралар, онда тағы да тез солады. Бірақ жылда-жылда қайтадан шыға береді. Бұл автордың өз философиясы. Мәңгілік рух, бітпейтін ұрпақ туралы оптимистік философия.

Рысқұловты ойлағанда менің көзіме шырақ елестейді. «Шырақ» – шығыста, оның ішінде дін-мұсылманда қасиетті нәрсе. Ол – тіршілік, өмір оты, таза адамдық қасиет, ал елдік мағынасына қарасаң ол тіпті де үлкен шырақ, қазақ аспандағы күн мен айды да дүниенің шырақтары дейді. «Шырағым» деп баласына, жасы кіші аяулысына да айтады. Рысқұлов – халықтың ұлы еді ғой, сондықтан оған қазақ қана «шырағым» деуі дұрыс.

Тұрар тектес Түркістан! Сенің басыңнан адасып ұшқан басыңа қайта келіп қонар болса, менің рухым құдіреттің нұрына шомылар. Сенің басыңа қайта келіп тұрған, келіп қонған бақты бақталас-бақастығымен, күншіл қиянатшылдығымен үркітіп, жібермесе екен надандар мен жамандар. Қызғаныш пен күншілдік, ұя бұзған рушылдық түбімізге жетті ғой. Келер ұрпаққа сол сасық мұра кесірін тигізбесе екен.

Қиянат пен қысастықтан мен дүниеден кетермін. Қазақтың, жалпы түрік нәсілдің бар жамандығы бізбен бірге жоғалып, дүниеге адал да асқақ, бауырмал да батыр, ақылды да тәкаппар ұрпақ келсе екен. Түрік әлемі тұтас болса екен».

Бұл үзіндіден, меніңше, Тұрардың бүкіл өмір мағынасы, арман-мақсаты, кешкен қасіреті мен ерлік күресі – соңғы сөзі – бәрін байқауға болады.

Иә, бұл тек қана Рысқұловқа ғана лайықты сөз, осы сөз біздің бүгінгі күнімізге де, егемендік, дербестік шағымызға да түгелдей қатынасы бар. Тұрар айтқандай, бірақ «адал да асқақ» ұрпақ әлі келіп жеткен жоқ, алмасу, ауысу процесі жүріп жатқан болар, аршылармыз артынан, әзірге дүние қуған, пайдакүнем, өліара кезеңде тұрмыз. Жазушы өзі де осыны меңзейді.

Әдетте, шырақ үнсіз ғана, баяулап барып, балауызы таусылып барып сенер еді. Тұрарды жол ортадан, ел аулақта өшірді.

«Наган тарс етті – Рысқұлов құламады. Оқ оның құлағының сырғалығын ғана жұлып түсті. Сырғалықтан қан сорғалады. Жаны шықпай жатып, қан шықты...

... Браунинг тағы тарс еткенін естіді ме, естімеді ме, еш жері ауырған да жоқ. Ауыра ауырған шығар, бірақ оны сезген жоқ. Көзінен бір от жарқ етті де, шы-рыл-да-а-ап ұшып, бұл-ды-рап барып жоқ болды. Ар жағы... ар жағы тып-тыныш. Жарық та жоқ, түнек те жоқ. Мүмкін көзінен жарқ етіп ұшқан жан шығар. Жан кеудеден ұшады деген бекер болар. Сірә, көзден ұшатын сыңайлы.

О, опасыз дүние, талайларға қол ұшын берген сол сабаздың ақырғы рет қоштасуға қолын ешкім алмады. «Қызғыштай болған есіл ер!» Керемет бір күй, өмір күйі тартылып бітті, маңайына мол сәуле шашқан аяулы елдің шырағы осылайша лап етіп сөнді...

Эпопея авторы Шерхан Мұртаза жағдайы тіпті қиын. Ол өзінің өмірдегі ең сүйікті адамынан, қаншама жыл қиялында да, кәдімгі тірлігінде де бірге жүрген жан жақынынан да айырылды. Ол түптің түбінде қоштасарын білген. Білу мен бастан кешіру екеуі екі басқа ғой. «Қош, Тұрар, бауырым, көкем менің! Мен Сізге дәл қазір алпыстан жаңа асқан жасымның жартысын арнадым. Отыз жыл бойы Сізбен қол ұстасып бірге жүріп, бірге тұрдым. Отыз жыл бойы жан-дүниемді, ой-санамды билеп, ұзақ сапарға жол бастадыңыз. Ол – аса қиын жол еді.

Біреулер айтты: Шеті жоқ, шегі жоқ мұхитқа түсіп кеттің-ау, байғұс, батыл кетпесең, жарар еді, – деді.

Олардың айтқаны рас еді. Мен көп малтығып, көп тұншықтым. Жағалауға жете алмай, батып кетуім әбден ықтимал еді. Бірақ, Тұрар көке, өзіңіз алып шықтыңыз».

Иә, Шерхан Мұртаза терең тебіреніп, көзіне жас алып, «ух» деп ауыр да бақытты демін алып отырғаны менің көз алдыма елестейді. Мен қуана қол соғамын. Романшыларда басқалар білмейтін де, сезе алмайтын ғаламат бір қуаныш болады, ол ұзақ, ауыр еңбектің шетіне шығу бұл қуанышты ештеңемен салыстыруға болмайды. Қазақта қатыны ұл туғаннан артық қуаныш жоқ қой, жазушы үшін одан да артық секілді.

Өзі де көлемі көп емес, жұпыны да шыққан бұл кітап, соншама томдық еңбектің өте талантты да сүйкімді біткен қорытындысы екен. Мұнда былай қарасаң, ылғи да көз жасынан, қасіреттен қаланған үйшік, тар камера, немесе анау «Алжир» – басқа мекен жоқ. Ал осы «Тамұқта» қаншама рух жайлап тұрған десеңші! Осында да бар тарихты қайта қопарып шығуға болады екен-ау!

Мен әдебиет зерттеушісі емеспін, ондай мамандар әлі жеткізіп айта жатар. Мен тек Шерхан кітабының оқушысы ретінде оның соңынан еріп кітапты аралап шықтым. Алған әсерімді айту ғана бұл. Тілегім әдебиет сүйетін қауым мына бір басымен қайғы тар заманда болса да оралып-оралып соғып, тереңірек оқып, жазушы жасап шыққан ғажайып ірі тұлғаны халықтың осындай да кемеңгер туғызатынын білу үшін, бәрінен де жазушылық өнердің қиямет-қиян майданда жасаған азаматтық, таланттық ерлігін тану үшін де еңбектенсе екен деймін.

Біз қазына қадірін біле бермейміз ғой.

Қаламдас дос есебінде, бүкіл саналы өмірін сабырлы сезімін, еңбекшіл миы мен жүйрік саусақтарын жұмсаған Шерханның осынау асқарлы таудай еңбегіне, Тұрарға деген мәңгі соққан ескерткішіне шын сүйсінген көңілмен алғыс айтамын!

Тұрар рухы – халық.

Солай болса – халық мәңгі, Тұрар мәңгі!..

«Егемен Қазақстан» газеті, 24 тамыз 1994 жыл.

СҰЛУ БӨРТЕ

Шерхан романының кейіпкері

Еркінбек ТҰРЫСОВ

«Шаян селосы кішігірім қала сияқты. Ал қала көшесін арқар қыдырып жүргенін көргендерің бар ма?..» Естен кетпес жетпісінші жылдардың бір көктемінде «Қазақстан пионері» газетінің кезекті нөмірінде Шерханның балаларға арнаған «Бөрте, Зөре және Нұржан» атты шағын әңгімесі осылай басталатын.

Иә, ол кез Бөртенің дөнен жасына толып, дағара мүйізі дабырайып, кербез де кердең басып жүрген кезі. Өткен күзде «Зөре» атты құндыздай құлпырған сұлу мүсінді арқар тушасымен қосылғасын, тәртібі түзеліп, байсалды-бапты күйге түскен кезі.

«Тәртібі түзеліп» дегенім: бұдан төрт жыл бұрын, сонау алпыс тоғызыншы, әйгілі мешін жылдың ала көктемінде, көктемгі көбік қарда дүниеге көз ашып, ерні уызға енді тиген шағында қапылыста енесінен адасып, қолға түскен құралай, біздің үйде қоңыр саулыққа телініп, алты жасар Нұржанмен бірге өскен тел қозы барынша қиқар да тентек еді. Нұржанға әлдекімнің даусы қаттырақ шыға қалса, дөп-дөңгелек мөлдіреген бота көздері от шаша шатынап, торсық шекесінен жаңа көріне бастаған кішкене құрт мүйізін оңтайлап, шегіне беріп періп жіберуге даяр тұрар еді.

Ол жылы, өзінің алпысыншы жылдардағы екі ұдай сапарында ат басын бұрып, отауымызға тоқтап, біздің отбасымызды шексіз қуанышқа кенелтіп кеткен кемеңгер Мұхтар ағаны қарсы алған «төменгі үйдің» алма бауының іші бейне бір зообақ сияқтанатын. Бау ішінде «Қиқу» атты тырна алшаң басып, қыдырып, анау шеткері томар түбінде айналаны міз бақпай шолып шынжырда «Көкжал» атты арлан бөлтірік, сол маңда кішкене үйшігінде

бармақтай күшіктерін емірене емізіп үлкен бір кірпі жататын. Осылардың айбарлы күзеткері сияқтанып, алма ағашы томарының биігінде шоқтай жанған отты көздерін ашып-жұмып, таңдайын тақылдатып, «Ұлдай» атты сұлу үкі отыратын.

Бөрте өсе келе тентектікті көбейтті. Қыдырымпаз, көшешіл болды. Құнан жасына толып, көкшомбал қосы мүйізі шеңбер тартып, айбарлы-ажарлы айқындала, кердең басып, кез-келген бағытына тартатын. Ең бір мойын бұрып, барғыштайтын, емін-еркін, бөлмелерін аралап, серуен құратын жері – маңайдағы редакция кеңсесі мен айналары жарқыраған «Ақмарал» әмбебап магазині, әнеу бір шетте балалар асыр салып шуласып жататын Ленин атындағы мектептің спорт алаңы еді.

Сондағы іздейтіні малжалайтын ақ қағаз, азуға салатын тәтті, қала берді ойнақ салып, доп қуатын балалардың волейбол алаңы. Балалармен таласып ұшқан допты қуып, мүйізбен қағып, орғи секіріп, ойнақ салып жүргені. Жаз күндері есік ашық, мен отыратын редактор бөлмесіне іздеп келгенде алатын үлесі бір парақ қағаз болушы еді. Бір күні жауапты хатшы Дүйсенбаев Даниярбектің бөлмесіне кіріп, өзі жоқта столы үстіндегі даяр тұрған бас мақала қолжазбасын алып шығып кетіпті де, малжап тастап, байғұс баланы әуреге сапты.

Солай, Бөртенің үстінен арыз-шағым көбейді. Бір күні «Ақмарал» магазині жақтан айқай шықты. «Ойбай, қырғын боп жатыр. Әлгі Бөрте барлық мәгәзінші қыздарды түгел тысқа қуып шығыпты». Сөйтсе, Бөрте келіп тәтті сұрапты. «Әй, кет» деген екен біреуі. Бөрте мүйізін кезеп, бірақ секіріп лавкенің ішіне өтіпті. Жәшіктер толы қант, конфеттерді иіскеп, дәмділерін таңдап жүргені үстінен түстік.

Енді бір күні сондай бір айқай-шу көше жақтан естілді. Қырсық шалғанда бұл жолы Бөрте, газет-журналдарға толы дәу қара сөмкесін иыққа асып келе жатқан пошташы келіншекке кездесіпті. Әлгі сөмкедегіні тәтті деп ойласа керек. Бөрте қарсы келіп, сес көрсетіп, сөмкені жерге қоюды талап етіпті. Оны иіскеп, тәтті емесін білгесін ашуланып, сөмкенің бауын мүйізге іліп, аспанға атып жіберіпті де, газеттері шашылып бос қалған сөмкені бұрқылдата сүзіп жатқанын көрдік. Сол жазда Бөртенің тентектігі шектен асты. Көңіл қошы болмаса, іздегені бола қалмаса, қит еткенде қиқарлыққа көшіп жүрді. Бір күні жолдан келсем бәріне көнбіс, бәрін көтеретін Шыпынкүл қатты ренжіп отыр:

– Қарашы, әне Бөртеңнің не істегенін, – дейді асхана жақты көрсетіп.

Барып көрсек, ол кездегі сирек, аса бағалы «Юризань» тоңазытқышы есігі жаншылып құлап жатыр. Мәселе айқын. Қарсаңда Нұржанның тоңазытқыш есігін ашып кәмпит алып бергенін көрген арқар, ол жақта өзі алуға әрекеттеніп, ашуланып, ашылмаған есікті шегіне беріп, дәу мүйізбен қайқайта бір соққан да кете барған.

Бөрте сотқарлықтың көкесін көп ұзатпай тағы да бір көрсетті. Ерке жануар бұл жолы үй ішін аралай жүріп, ішкі, тыныс бөлмеге өтіпті. Сол жерде үлкен шифонер есігіндегі тұтас үлкен айнадан өз суретін көріпті. Айнадағы суретін «өз тумам» деп ойласа керек. Жақын барып иіскей беріпті де, айнаның суық бетінен осқыра кері серпіліп, енді өзіне оқты көзін атқан

«әдепсіз келгінді» қуып жібермек болған. Ол шегіне түсіп, оқтай атылып, бір пәрменімен өзіне қарсы ұмтылған «мұндарды» қақ маңдайдан періп кеп жіберген ғой. Қираған айна, опырылған есік. Жұмысты осылай тындырып, еш нәрсе болмағандай бау ішінде алшаң басып, жайбарақат жайылып жүрген Бөртені көрдік.

Мұншалықты қиқарлық пен сотқарлықтың себебі не? Жалғыздық. Туа біткен, ана сүтімен қанға сіңген өз табиғатын іздеп аңсаудың, ақылды, тілсіз жануардың бізге, өктемшіл адам затына қарсы қойған талабының белгісі ме екен, сірә?! Қалай деседе өкпе-назы көп ғайып-ереннің қасиетті еркін-еркелігін осылай алға тартса көтермеске шараң не?

Көп ұзамай-ақ ерке-тентек Бөртенің мына қиқарлығын су сепкендей басып, мінезін жіптей етудің шебер дүние ретін өзі келтірді.

Сол жылы күзде, осы Бөртемен тағдырлас, сонау тау ішінде орманшы ауылында жалғыз, жабырқау күйде өсіп жатқан екі жасар «Зөре» атты арқардың сұлу таушасы келіп қосылды.

Бөрте мен Зөре арадан қыл өтпейдіндей сұлу жұп. Таңның атуы, күннің батуы, жайсыз күндер, қара түндер, қақаған қыстың қарлы боранында бір-бірінен бір қадым кетпей Шаянның шулы көшелері мен алаңдарында бірге жүріп, бір тұрды, бұлар. Ит-құс, бөгде сыбыс, қатерлі шақта әр мезгіл зор дағара мүйізін сайлап, соққы беруге даяр Бөрте тұрды. Жаратқан жанды дүниенің бұл керемет көргеннің көз жанарын сұлулықтың нұрлы шуағына толтырды.

Шерхан, ел мен жер, табиғаттың сырлы әлеміне ғашық Шерхан бізге өлкені ұлпа қар басқан қалың қыс ортасында келді. Келген бетте ақымақ алма бауы ішінде жұбымен серуен құрған таудың кербез сұлуы – қос арқарды көрді. Таңғажайып табиғатқа таңдана зер салды.

Шерханның ол кез, жастар журналды «Жалынды» басқара жүріп, үкімет заказымен «жұмысшы табы тақырыбына» арнап, «Қара маржан» романына кірісіп, Қаратауға келгіштеп жүрген кезі. Оңаша жай, ұзақ түн. Мен үшін жай, есепте жоқ, екінші кезектегі ел ішінің сөзі, адам мен табиғат қатысы, кешелері, ата-әжелеріміз тұсында бастан кешкен қилы күндер бейнесі оған қызық. Таңдана, ойлана сұрайды.

– Осы мына Бөрте құлжаны, – дейді, бір шақта ойлана отырып Шерхан, – өзінің туған жеріне, тау ішіне апарып, өз жайына жіберсе қайтер еді?

– О, ол шешімі оңай сөз. Қолбала арқар адамды жау деп біле ме?! Оны күнде көріп жүргеніндей дос санап, тау кезген мылтықты мергеннің алдынан маңқайып қарсы шықпай ма? Талассыз тағдыр деген сол. Сол күннің кешінде, оның анау ай шеңберлі алып мүйізі өткір балтамен түбірінен шабылып, анау бота көздер мөлдіреген айқасқа басы қара қазанда бұлкілдеп қайнап жатарын бұл жануар қайдан білсін.

Шерхан үнсіз сұрланып, аз ойланды:

– Әй, рахымсыз, қатал өмір-ай! Мына керемет сұлу мүсінді қалайша қиып, оққа байлайды екен??

Әрине, Шерхан өзінше жөн. Риясыз таза көңіл, құдайдың өмір үшін жаратқан жазықсыз жан иесі неге жүрмейді, дейді ғой.

Бірақ, ата замандарынан ерлік пен мәрттіктің мәртебелі ісі болған мергеннің қияннан қол жеткізер олжасы, – анау, майда-мақпал елтірісі

үшін, бұл заманның бектері мен бегімдеріне «модаға» – жалтылдақ жағасы мен қоқайма бөркі үшін жаңа түскен сан мың төлдің терісін тірідей сылып, қынадай қырғаны үшін кеудесіне орден, жағасына жұлдыз таққанымыз салыстыруға келер ме?!

Рас. Арқар тым азайды. Тянь-Шань мен Алатау, Алтай, Қаратаудың жан жетпес құз-қиясында қалды. Ілуде жалт етіп, бір көрінеді, жарықтық. Сағынған, талған, іздеген көзге оттай басылады, жарықтық! Ал бұрын, бұдан көп жыл бұрын, біздің бала кезімізде қандай көп еді, шіркін!

Ол кезде қарусыз, әлсіз, аш-арық, алғының түбірін қазып, күн елтіген күркелі ауыл сыртындағы Нұржаудың құз тастарынан, етектегі елге топтанып, таңдана қарап тұрушы еді. Таң сазы мен кеш әулетінде ауыл жанындағы бұлақтан сусындап, тау биігіне өрлей түсіп кетер еді.

Оның көптігі сондай, сол отызыншы жылдарда Қаратаудағы үш Сүңгінің орманшы бағбаны Қырықбай үйіне мейманы келе қалғанда әйеліне:

– Әйкөш, қазаныңа суыңды құя бер. Мен мына Кенелдікке кіріп шығайын, – дейді екен. Қырекеңнің Кенелдігі, өзінің үй іргесіндегі шағын ғана шұңғыл сай. Сондағы әр бұтаның түбінде дағара мүйізді қоңыр құлжалар жусап жатады екен. Бағымдағы малындай болғаны ғой, әсте.

Бұл өлкеде арқардың көптігі болар. Сол отызыншы жылдардың орта тұсында Шығыс Қаратаудағы кедей шаруалы «Талдыбұлақ» колхозы егін орағы кезінде, «колхозда мал басын үнемдеу шарасы», – деп ауылдың қос мергені Өткен мен Төлен Мырзағұловтарды басқарма қаулысымен қырманға ыстық тамақ үшін бір арқарға он еңбеккүн жазып, қолдарына мылтық беріп, тауға шығарған ғой.

Арқар болмысында текті де киелі жануар. Оныептініңептісі, ұзақ күндер тау кезген, ерінбейтін, көрінбейтін мергеннің мергені ғана алушы еді. Жаратылыстың заңы сол – одан бұл жануарлардың кеміген жері жоқ еді.

* * *

Толассыз құдырет ісіне не шара. Заман, адам өзгерді де, шитінің орнына винтовка, одан соң автомат келді. Бұрынғы ауылдың жаяу мергенінің орнына Қаратау мен Алатауды айнала қоршаған өндірістік қалалардан мотоцикл, мәшине, тіқұшақтар мініп, жер-көктің арасын тінтіп, тірі жанды құтқармайтын қатыгез ұрпақ келді.

Мың жылдар қаймағы бұзылмаған қасиетті Қаратаудың тасталқан қиратылмаған қиясы, тесілмеген төбесі, ақтарып-төңкермеген сай-саласы қалмай, жон-жота, қойын-қолтығы қайырсыз «қарынбайдың» қисапсыз малын қаптатқан кешегі кер заманда ғайып ереннің қасиетті түлігі қайдан пана тауып, қайда барып өрістейтін еді. Бөрте-сол қайырсыз қара күндері түзден емес, үйден, енесінің бауыры емес, адамнан пана іздеген өз тағдырының перзенті еді.

Шерхан бізге мына заман Қаратаудың басына от қамшысын үйірген, мына маң даланың беті «елу миллион» ұранымен қаптаған мал тұяғынан шаңға толған «советтік патриотизмнің» өрлеп тұрған кезінде келді. Жас қаламгер шабыты шалқар шағында сол кезеңнің өз бейне, өз болмысынан өзін алғашқы абырой-атағына жеткізген «Қара маржан» романын жазды.

Қашан, қай кезеңде де шеберлік дүниесінің шегі жоқ. Қисынын тапса жай ғана шаруаның ісі ісмер қолда өнер керметіне айналады. Сол кештегі әңгіменің арқауы болған жас құралайдың адам анасы аясында, оның алты жасар Нұржанымен бірге тату өскен қолбала құлжа тағдыры жазушы романының кейіпкері болып шығады деп кім ойлапты. Рас, Шерхан жазғанындай Бөрте рақымсыз мерген оғына ұшқан жоқ. Оны білетін қалың жұртты қапыда, өкініште қалдырған жоқ. Әйтсе де, оның Қаратау еліне аңыз боп тараған өз жолы, мұңды сыры, айта жүрер ізі қалды артында.

Шерхан романы жазылып, баспаларда теріліп жатқан сол жетпісінші жылдардың тұсында, наурыздың соңғы күндері сұлу Зөре жарық дүниеге бір торсық шекелі, толымды жас құралайын әкелді. Құрыштан құйғандай жас Бөртенің өзі. Келісті-кербез жұп ортасында ерке құралайдың қылығы қандай қызық еді. Жаңа құралған үйірдің сәнді де сырбаз шағы жыл соңына, алғашқы ақша қарға ұласты.

Туасы, алып таулар мен құзар шыңдарға шығып, биікке жаратылған жануарлар сол тауларын аңсайды ма екен? Суық түскен боз қыраулы күндерде таң сазы, кеш алдында, бір мезгіл, төменгі сарай, гараж, оған жалғас асхананың төбе шатырына шығып, топтана қарап тұрып, айналаны сол недәуір биіктен шолып, құмар-құштарын басып жүрді.

Бір күні, ертеңгісін ел орыннан жаңа көтеріліп жатқанда, үй сыртына іргелес Жанайбековтер ауласынан айқай шықты. «Зөре-Зөре» деген дауыстар естіліп жатты. Жүгіре шығып қарасақ, Зөре жоқ, аталы-балалы қос Бөрте елере үркіп үлкен үйдің төбе шатыры үстінде, ұшар биігінде тұр. Ал, Зөре байғұс, үй іргесіне жақын көрші ауласында, алма ағашының айыр ашасына қыл мойыннан ілігіп, асылып қапты. Үркек жануар табан асты төменнен арс ете түскен ит даусынан шошып, төбе шатырдың мұздағында тайғанай-тайып барыпты да, қалың алма бұтасына қарғыпты.

Зөренің қазасы Бөрте құлжаны естен тандырды. Ол мына кең дүниеде барар жер, басар тауын таппады. Бармаған жер, тінтімеген түкпір, шықпаған төбе қалмады. Ұзақ күндер алма бауында әр ағашты айналып, ыңырана-мекіреніп сандалды. Қанталаған бота көздерін мұң басып, қос өкпелігі солықтап, от оттап, суатқа қараудан қалды. Солай он күндей өткенде қаңқасы арбиып, тұралап тұрып қалды да, бау ішіне түнемеге шөккен жерінен қайта бас көтермеді. Шіркін өмір, жарық дүние қызығы жан сезімі таң шығындай таза текті жануар үшін де өз кезімен екен де!

Қос қорғаны, панасы көз алдынан ғайып боп, жалғыз қалған жас Бөрте аз күн ата-енесін іздеп, мекіреніп, сандалып жүріп, тәңірі салған жалғыздыққа көндікті. Енді ол қарайлар қара таппағасын, жан жұбатар достықты ата жауы ит баласынан іздеді. Күн ұзағы алма бауында қыдырып, сол жақта жусап, кешкі түнемеге құр бастырмада үй қорғаны Жолбарыс атты айбарлы овчарканың жанына барып жатып жүрді.

Жолбарыс жас құлжаның жайын жан сезімімен ұққандай, оны жылы бауырына алып, айқаса жатып, бөгде ит-құс атаулыны маңайына жуытпай, оны қызғыштай қорып жүрді. Қараңғы, аязды түндерде бұладың не күйде екенін білгелі бастырмаға барғанда Жолбарыстың бауырына тығылып, жайбарақат, бырт-бырт күйсеп жатқан жас бөртені көрер ек.

Осылай үш жыл өткенде екінші Бөрте, баяғы өз атасы сияқты кердең басқан кер құлжа боп өсіп, Шаянның көшесін шаңдатып жүрді. Алыстан іздеп келер киношылар мен фото-жорналшылар алдында белгілі өз рөлін ойнайтын кейде мінсіз, кейде тілсіз, тентек ерке актерға айналды. Бір күні кезекті бір айқай-шуға тысқа шықсақ, біздің облыстық «Южный Казахстан» газетінің бас редакторы, ескі дос А. С. Белоцерковскийді «Волгасының» ығына қуып тығып, өзі мәшине төбесіне шығып, зор мүйізін сайлап, атылғалы тұрған Бөртені көрдік. Александр Ивановичтің оны фотоға түсіргелі шыр айнала жүгіргені шамына тисе керек.

Жалғыздық мұңы Бөрте басындағы арылмас азап, жан қайғысына айналды. Кейде ол үлкен үйдің ұшар төбесіне шығып, кеудесін самал жерге тосып, сонау шығыс көкжиекте көрінген биік таулар өлкесіне ұзақ-ұзақ қарайтын болды. Арқаға аяздай батқан сол жалғыздықтың ендігі емі қайсы? Қой, болмас. Ата тегінен айырып обалына қалмайық, жануардың», – деп оны мәшинеге мінгізіп, ата-енесі Бөрте мен Зөре дүниеге келген Талдыбұлақ тауына, сондағы орманшы аға Қырқымбай кардонына тарттық.

– Ақыл болған. Жүрсін осында. Мынау бұлақ, анау Қабланның текше тасты құз-қиясы. Қына мен киік оты, алмұрт пен долана атасының асы ғой, оның. Қайда барса да еркін өзіне берейік, – деді Қырекең.

Бөрте солай, қарт орманшы Қырқымбайдың ауылында қалды. Жіберген бетте жаңа ортаны жатырқап, үркіп-қашпады. Жуас текті қалпы, кардон бауы жанында, жасыл алаңқайда, өзінше оқшау шығып, айналаға барлай көз жіберіп, біршама тұрды да, таудың гүл-шешекті жасыл көгіне жайбар жайылып қала берді.

Араға бірер ай салып барсақ, Бөрте ата мекені таза тау табиғатында жалтылдай түлеп, өзгерген. Мүсіні бұрынғыдан да биіктеп, етке толысып, ерен құлжа салтанатын құрған. Зор дағара мүйіздері күнге шағыла жарқырап, арғы беткейде бұлақ суына төнген текше тастар биігінде тұрғанын көрдік. Тымықта биікке өрлеп, анау, топ алмұрт бұтасының саясында қазып алған жатағында, желді күндері ата салтымен мына текшенің биігінде самалдайды екен.

Бұлақтан өтіп, өрлеп, жақын барғанымызда, ақылды-текті жануар, қарсы жүріп, қасымызға келді. Нұржанның қолын иіскеп, қалтадан шығарған бір түйір тәттіні ауызға салып, Шаянда өткен күндерін еске алғандай оған үйкеніп, жұмсақ сүзгілеп, ерке-наз көрсетіп тұрды.

Бөрте ол жылы орманшы аулында қыстап шықты. Көктем, жаз бойы қарсыдағы Қаблан мен Талдының баурайы қалың от, құзар тасты қиясын еркін жайлапты. Кей күндері кешкі суаттан кейін, ауылға түспей, қайта өрлеп арғы беттегі текшенің биігінде түнеп қалып жүріпті.

Қыркүйектің ортасы арқардың үйір құрап, топтанар кезі. Жас тушалармен толысқан үйір, құлжалардан бөлек, ол кез күз күйегі алдында, дамылсыз кезіп, биіктерден бой көрсетіп, жақпар тасты құз-қияларды жағалайды. Сондай күндердің бірінде, әлдеқалай Бөртенің барын сезгендей бастаушы құлжасы жоқ шағын үйір кеш алдында Талдының құзар биігінен ылдиға көз тігіп, ұзақ тұрыпты. Олар әр күн таң сазы, кеш алды мимырт шақта сол биіктен ылди өлкені шолып, қарауыл қарауынан танбапты.

– Бір күні, – дейді Қырекеңнің үлкен ұлы, бүгінгі сақа орманшы Шымырбек, – әлгі үйір, өздері төртеу, алдын қазықтай қара қоңыр, сарыаяқ ту ешкісі бастап, сонау биіктен төмен түсіп, Бөрте мекендеген текшенің сыртына тым жақындап келді. Бұлардан хабар бергендей маңайдағы қарағаш бұтасынан ұшып-қонып сауысқан шықылықтады. Сол кезде бір жаңалық сезгендей текшенің түкпірінде жайғасып, самалдап жатқан кербез Бөрте керіліп орнынан тұрды. Ол бір сәт маңғаз қозғалып, ылди қарап тұрды да, кенет, зор тұлғасын пружинадай жиып, қол ұсыным биік, қына басқан тарғыл шомбалға бірақ қарғыды. Шіркін Бөртенің сол бір сәттегі ғажайып мүсін-келбетін көрсеңіз. Абажадай ай мүйізі жарқырап, құлындай құлпырған сұлу тұлға өзінен небары әу дем жерде үркердей топтанған шоқ үйірге міз бақпай, аңтарыла қарап тұрды.

Мына керемет көріністен көз алу мүмкін емес-ті. Біз үй ішіміз түгел, есік алды басқышқа үймелеп, қос айналы дүрбіні қолға алып, кезектесе қарап, бұлардың әр қимыл-әрекетін бағумен болдық.

Әлгі үйір бейне бір арбаушы сиқыр, төмен түспей, не биіктеп кетпей, көз қытықтап, жыбыршып, бір орнында әсем биін ұзақ биледі. Мына көрініске есі кете елтіген құлжа әлде бір шақта орнынан жай қозғалып, біртіндеп, биіктегі арқар үйіріне алшаң басып, аяңдап, жақындай берді. Ал анау сиқыршы үйір болса, біртіндеп өрлей түсті. Оны, көз ашқалы мұндай қызық дүние кереметін көрмеген аңғал құлжаны өз бауырына үйіре тартып, бізден алысқа, адам аясынан жырақ тартып әкете берді.

Талдының зәу биігіне шыққан арқарлар, ортасында Бөрте, ел мен ен табиғат шегі, құзардың ұшар төбесінде топтанып ұзақ тұрыпиты ол күні. Әсте, Бөрте өскен ортасы – адамдар қауымын қиып тастап кете алмайтын сияқты. Жабайылар ортасында түнеп қалған Бөрте ертеңіне, одан кейін де бірнеше күн әлгі үйірді басап ертелі-кеш Талдының шомбыл шоқысынан бой көрсетіп, тіпті бір жолы, анау текше сыртына төмендеп, ауылға жақын келген. Бірақ ауылдан сескенген үйірі кері серпілгенде, ел жаққа қарап, аңтарылып ұзақ тұрыпты да, ақыры жаңа бауыр басқан жабайы үйірінің соңынан бірте-бірте биіктеп кете барыпты. Сол қыркүйектің соңғы күні, соңғы рет тау биігінен асқаннан кейін Бөрте қайтып оралмапты.

Содан бері жылдар өтті. Соңында сұлу аңыз, таусылмас сыр қалдырып, тұл табиғат құшағына қайта оралған кербез құлжа бейнесі көз алждымыздан кетпеді. Мергеннің оғынан, бөрінің кезінен аман болса, қаншама жер басып, таулар асқан шығар сұлу Бөрте – Шерхан романының кейіпкері.

«Егемен Қазақстан» газеті, 21 тамыз 1997 жыл.

АЛЫС БАЛАЛЫҚ ТУРАЛЫ АЯУЛЫ ЕСТЕЛІК

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуары жарық көрді

Мәди ҚАЙЫҢБАЕВ

Жақында республикалық «Жалын» баспасынан Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» атты туындысы жарық көрді. Шығармадан шығармаға көшкен сайын өз оқырмандарын жаңалығымен тамсандырып келе жатқан көрнекті жазушы бұл жолы да тосын қырынан көрінді. 14 баспа табақ кітаптың жұртшылықты бейжай қалдыра алмайтыны анық. Автор – көпті көрген көсем, айыр көмей шешен. Олай дейтініміз, алпыстан асқан қаламгердің бұл жаңа туындысы өзінің сонау балалық шағын оқырманның көз алдына қайта әкелетін мемуар жанрында жазылып, ол шебер орындалған. Кітап – қуғын-сүргін мен соғыстың ауыр кезеңіндегі бүкіл қазақ ауылдарындағы қарадомалақтар тұрмысының эпопеясы, көркем энциклопедиясы десек артық айтқандық емес. Оның щеберлікпен орындалатын да жөні бар, бұл – Шерағаңның ес біліп, етек жинағалы бері көкірегінде пісіп, шыңдалып, әлдеқашан «жазылып қойылған» дүниесі.

«Ай мен Айша» кітап болып шықпай тұрып-ақ, «Жалын» журналында толық, кейбір мерзімді баспасөз беттерінде үзінділері жарияланды. Сол кезде-ақ қалың оқырман қауымды елең еткізген болатын. «Мылтықсыз майдан», «Қара маржан», бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» романдары мен «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» пьесалары сияқты салмағы қорғасындай ауыр дүниеледің авторы бұл жолы да қара сөздің хас шебері екенін көрсетті.

«Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкстан, Иран бардым. Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көремін. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін. Түсіме ылғи Айша кіреді», – дейді автор.

Туған жерге деген айнымас махаббаты «Меккеге үш рет жаяу арқалап барсаң да ақ сүті ақталмас» анасына деген елжіреген жүрегі, сапырылысқан уақыттың ауыр жүгін арқалаған аңқау ауыл адамдарына деген ыстық ықыласы, ең әрісі алды тұйық,арты жар өзінің оғлан кезіне деген ауыр да ыстық сағынышы... бояуы қанық тілмен ащы шындыққа суғарылып беріледі. Тағдырдың тауқыметімен ана-барыстай арпалысқан өткір де әділ Айша, ардан аттаса да өкіметтің жұмысы үшін өлетін қатыгез де екіжүзді Тасбет бригадир, намыс отына күйіп өлген ай дидарлы әсем Әміреқұл бауырмал да ұқыпты Ноха, екпіні жарды жыққандай кәдімгі Бауыржан Момышұлы ауыл піріндей арса-арса сүйекті Дошанай ақсақал, «Үйшік-үйшік» ойнаймын деп от басып, Олжабектей тірі жетімнің обалына қалып опық жеген байғұс Тұрымтай... кейіпкерлердің қай-қайсысын алсаңыз да, бір-біріне ұқсамайтын кәдімгі ауыл адамдары, бүкіл жан-дүниесімен көкірегіңізде

қалып қояды. Бәрі де өмірде болған, нақты адамдар. Осы тұрғыдан келгенде автордың жадына, әрбір адам мен оқиғаны есте сақтауқ қабілетіне таң қалмасқа болмайды. Неге бұлай? Өйткені автордың балалық шағы,жалпы, өмір жолының әрбір бұралаң бұрылысы ұмытылмастай ауыр жағдайда өтті. Алғашқы үш баласы шешектен қайтқан. Мұртаза мен Айшаның төртінші ұлы – Барсхан. «Қу шешекпен бұ да ауырды, – дейді Айша, – жаман ауырып, енді өлді деп күдер үзіп қойғанбыз. Мұртаза жүнжіп, жүдеп кетті. Құдай өмірлі қылсын, сол сұрапылдан аман қалды ғой бұл Барсхан, бұзық болғаны содан шығар. Тумай жатып азап көрген адам қайдан момын болсын». Айша сөзін әрі жалғастырады: «Саған екіқабат кезімде ащы сүр етке жерік болдым. Сүр қайда-а-а. Содан пияз жей беріппін. Ащы пияз ауқат бола ма? Құсып, лоқсып өліп қала жаздаймын». Міне, автор өзінің балалық тағдырын осылай толғайды. «Ия, сөйтіп меен – Барсхан – анамның құрсағында жатқанда-ақ ащының дәмін татып жетілгенмін. Өйткені құрсақтағы шарана ана немен қоректенсе, о да сонымен қоректенеді, Мені сыртымнан «сұсты», «жау қабақ» деп, тағы бірдеңе деп сөз қылады. Көрер едім ғой оларды, менің көргенімді көрсе... тумай жатып ащымен уланса... а, бәлкім, мені шешектен аман алып қалған ащы пияз шығар...

«Ай мен Айша» – автордың он екі жасқа дейінгі өмірбаяндық көркем дүниесі. Әйтпесе де осы оны екі жыл – он екі ғасырдың көркем шежіресіндей әсер қалдырады. Қайнаған өмір, сапырылысқан оқиғалар, арпалысқан тағдырлар, сан алуан мінез-құлықтар ортасынан автор – шынайы адамгершілікті, қара қылды қақ жарған әділдікті, жүректі елжіретер мейірімділікті айшықтап, нәзік лирикаға орап, аспандата көтереді.

Кітапта соны детальдар көп-ақ. Тек бір ғана – терісін тірілей сыпырған қасқыр туралы, оның хан алдында қызыл-шақа күйінде көк тәңірісіне жалбарынып ұлығаны туралы аңыз, автордың паралелизм арқылы түркі халықтарының тағдыры осы бөрінің тағдырындай, түркі халықтарының түп атасы – қасқыр деген емеуірінің өзі неге тұрады!

«Ай мен Айша» – Шерағаңның бүкіл ғұмырлық мемуарының, өмірбаяндық шежіресінің алғашқы ғана кітабы, ол әлі жалғасын табуға тиіс сияқты. Ащы да ғажайып ғұмырдың аяғы қалай жалғасар екен деп ойлайсыз, оның жалғасын іздейсіз, нәзік те қайсар баланың өмір жолы ұзақ болса екен деп тілейсіз, ақырында соны білсем екен деп армандайсыз. Лайым солай болғай!

«Егемен Қазақстан» газеті, 11 қыркүйек 1997 жыл.

АНА ЕСКЕРТКІШІ

немесе «Ай мен Айша» шерткен сыр

Р. АЙЕКЕ

Халқымыздың қасиетті тұлғаларының бірі Тұрар Рысқұлов аса көркем бейнеленген эпопеясы аяқталысымен, оның сиясы кеппей жатып, атақты жазушы ағамыз Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша» атты жаңа романынан үзінділер жариялай бастады. Оның бұрынғы кітаптарын іздеп жүріп оқитын әдетімізбен бұл шығарманы да санамызға салып саралай бастадық. Енді роман – эссенің алғашқы кітабы қолға тиіп отыр. Іші – тысы сондай әдемі, ұқыпты қолмен қалыптанғаны көрініп тұр.

Туындыны оқыған сайын аза бойың қаза болады екен. Бесіктен белі шықпай жатып, неше қат азапты тартудай-ақ тартыпты ғой Шәкең. Бәсе жазушының шығармалары неге шымыр шығады десе, өмірдің ащы шындығына қаныққан екен ғой. Боямасыз шындық оқырманды қалай бейжай қалдырмақ. Автор жетелеп алып, табалдырығынан аттатқан әлем бізге таңсық та, танық та. Елуінші жылдардың аяққы көшіне біз де біраз ілестік. Бірақ біз құралпыластардың бір де біреуі бала Барсханның көргенін көрген жоқ. Дегенмен, сол кезде әр ауылда озбырлықтың дәл солай аты озғанына куәлік бере аламыз.

Кітапты оқыған сайын одан жері жауһар, суы кәусар Мыңбұлақ перзентінің басынан өткен оқиғаларды ғана емес, сол кездегі қазақ ауылдарының бәрінде де ортақ ахуалды танисың. Жазушы бала болып та сөйлейді, дана болып та тіл қатады. Біресе оқиға етбеттеп жатып, тау бұлағынан сіміріп, шөлін қандырған баланың алдында өрбісе, біресе қаламгер өзінің туған жерге деген өмірлік арман-жырын қазіргі шырқау биігінде тұрып толғайды.

Роман – эссе шым-шымдап шығып, молайып барып үлкен арнаға қосылатын мөлдір бастаудардай үлкен хикаяға барып ұласатын бас-аяғы жинақы кішігірім әңгімелерден құралады. Өзі біздің түсінігіміздің өзгешелеу. Бәрбәрі қию-қисынын тауып, шебер өріліп, әдемі ұштасады. Тіпті олардың әрбіреуін жеке алып оқысаңыз мол, өз бетінше өмір сүруге хақысы бар шығарма екеніне көзіңіз жеткен болар еді. Мұның өзі – жазушының жаңалығы, қазіргі оқырманның тілегін тап басып, сөйлей білгендігі. Кітап шағын болғанмен, айтары көп. Оқиғалары ширақ. Суреткердің бірер штрихпен бір бейнені кескіндей білуі – нағыз кемелдік белгісі.

«Ай мен Айша» атты роман – эсседе не туралы айтылады?» деген сұрақтың әркімді – ақ көмейін бүлкілдетері хақ. Жауабы оқыса, кітаптың өзінде. Оны, тәрізі, жазушыдан артық ешкім айта алмас. Дегенмен, романның соғыс жылдары және оның алдындағы кезеңдегі қамтығанын, сол кездегі ауыл суреттерін дәлме-дәл көрсете білгенін пайымдатқанымыз мақұл сияқты.

Отыз жетінші жылғы ойранда қаншама бетке шығар азаматтың өмірі нақақтан-нақақ қиылғанын қазір ғой бәріміз білеміз. Ол кезде бұл сұмдықты білетіндер саусақпен санарлықтай болатын. Соның бірі – бармақтай Барсхан болса қайтесіз. Ең жақын адамынан айырылып, жетім қалса, қалай білмесін.

Әкесінің әділетсіздіктің құрбаны болғанын түсінбейді дейсіз бе? Әйтпесе неге бір шаңырақтың алтын діңгегі – Мұртазаның мойнына ажал тұзағы ілінеді? Ол нені бүлдіріп, нені шайқалтыпты? Енді оның жесір қалған Айшадай жары үш бірдей жетілмеген жетімек мұңдықтарымен қалай бауырын жазып, күн көрмек? Жоқшылық пен аштық деген қос қаншық балағынан алып, ілгері басқан аяқты кейін кетірудей-ақ кетіріпті. Бірақ, адам деген ит жанды ғой, азап біткенді мойнымен көтермеске амалы не? Алайда, бәрінен қорлауға көндіру ауыр екен.

Зұлым заманның жандайшаптары Жуанқұл, Тасбет Айшаға: «Халық жауының қатыны», «Барсханға: «Жаудың баласы» деп күн сайын дерлік қамшы үйіріп, кемсітіп қан қақсатса, бұған қам көңілдердің жаны қалай шырқырамасын. Мұны кешіруге бол ма өзі? Мұртаза болса бұлай басынбас еді. Ауылда бас көтерер ер – азамат қалмай, қатын – қалаш, бала – шаға әлгі құзғындардың аузына қараған соң не жорық?

Зәбір-жапаға көндіге алмаса да, төзіп, қайсар ана Айшаның балаларын қияметтің қыл көпірінен өткізіп, есейткеніне таңырқайсың. Ол кезде, құдайға шүкір, балалары үшін жанын қиятын Айшадай асылдар аз болмаған ғой. Айша– солардың жиынтық көркем бейнесі. Тіпті жазушы көргендерін айнытпай көшірді дегеннің өзінде сондай.

Айшаның айналасы, әрине оған жаны ашитын, оның көз жасын көргенде келгірсімей көмектесетін адал адамдардан құр емес-тін. Олар болмаса Айша мойнына ілінген азап қамытын үзіп шыға алар ма еді?

Тегінде пиғылы пасықтардан ниеті түзу адамдар көбірек шығар. Олай болмаса, дүние әлдеқашан күл-талқаны шығып, құрдымға кетпес пе еді. Романдағы есік алдынан әріге ұзай алмайтын мешел Қамқа – кемпір, қанды соғыс құрбаны уыздай жас Ноха, Айшаға қол жұмсаған найсапты талдырып жыққан мылқау Есен, Барсханның аузын ашса, көмейі көрінген арғы нағашылары Қали, Сәли неткен ізгі ниетті, жайсаң жандар! Әділет тізгіні солардың қолында тұрғанда дүние аударылмайды да, төңкерілмейді де.

Бір қызығы, Шәкең суреттеген кейіпкерлердің бәрі шынайы, бұл күнде бақилық немесе қазір арамызда жүрген жандар. Сондықтан олардың басында бір кезде болған оқиғаларды бұрмалауға, әрлеуге жазушының шарқы жоқ. Олардың адамдық қалпын таныту үшін бірер сурет жетіп жатыр. Шәкең және сол суретті сәтті табады. Оны бала жасынан бір қажетіме жарар деп қамдап, сарымайдай сақтап жүргендей.

Мәселен, Айша қанша жоқшылықтың зардабын тартса да, өжет ұлы Барсханды теріс жолға жібермейді. Бір жылы аязды түнде аштықтан қарны шұрқыраған бала көршінің көлікте қалған үйрегін ұрлап келе жатқанда алдынан Айша шығады.

« – А, жақсыдан жаман туған құлбарақ! Тура қазір жаныңның барында апарып таста! Кешегі ер Мұртазаның баласы жаман Жұбантайдың үйрегін ұрлапты, ұры деген атқа қаласын, сорлы», – деген ана сөзі Барсханды өмір бойы айнымайтын адал жолға түсіргендей санасына қадалып, енді ешқашан бұра тартуға жібермейтін күшке айналады. Қарамайсыз ба, бұл сөз бұдан жарты ғасырдай астам бұрын айтылған ғой!

Романда Ай бейнесі кейіпкерлерден қалмай ілеседі де отырады. Ол қасірет шегушілердің мұңын аспан көгінде тапжылмай тұрып алып, манаурап тыңдай береді екен. Кейде Айшалар оған сыйынып, құдіретіне балайды. Кейде шамның майы таусылып, қараңғы үйде Айшаның қызғылықты ертегілерін тыңдап, елес қуалаған мүскін жандарға сығырайған терезеден күңгірт сәулесін төгіп, селт етпей тұратыны бар. Мұндайда оны ертегі қауыштырған титімдей бақыт пен қуаныштың куәсі ме дерсің.

Күнінен түні ұзақ жылдар еді ғой ол бір. Күрсініске толы түндерде көк жүзінде жыпырлаған жұлдыздары болмаса, көз тоқтатар айдан басқа не бар. Ол кейде мейірбан, кейде меңіреу күштей көрінеді. Сондықтан оған рахымыңды төге көр деп жалынады, жалбарынады, кейде күңкілдеп, өкпе-назын білдіреді. Рас, бәрін сабырмен тыңдағанмен мелшиіп міз бақпайды ол. Бірақ осынау отбасы өмірде қаншама тауқымет көрсе, соның бәрін біледі. Іш тартатын да сияқты. Бірақ азапты тұрмыстан жұлқып шығара алмайды, ағараңдаған әлсіз мұрымен аялай береді, аялай береді. Сол кезде қам көңілділердің жабығып айтқан жалынышын Алла тағаланың өзіне жеткізетін елшідей көрінеді. Бәлкім солай болар. Ұлы күш бұларды бұтарлап, әр жерге шашып тастамай, талай өткелдерден өткізіп, сүйрелеп жүріп осы күнге шығарса, «елшінің» сөзіне елтігендігінен шығар.

Романдағы ай тағдырдың, баламасындай. Нағыз поэтикалық балама!

Әлбетте, бұрынғы озбыр кезең болса, мұндай романның баспаға жолы жабық қой. Жүйе, кітабы жарық көре қалғандай болса, авторға от қамшысын үйіріп, басын тәлкекке салып қояр еді. Өйткені, халықтың мойнына түскен қасірет соншалықты сорақы қалпымен көрінгені билік басындағыларға ұнай қояр ма екен? Өйткені, зәбір-жапаның құнықері өздері екенін білмейді дейсіз бе?

Елдің көлкіген көз жасын алла ақыры көрген шығар, ол заман өтті-кетті. «Ай мен Айша» кітап болып, қолымызға тиді. Баспа оны көрнекті етіп шығаруға бар өнерін салып бағыпты. Айтары жоқ, тамаша-ақ! Бірақ екі-ақ мың тиражбен шығарғаны несі? Бұл Алматыдан әрі аспайтын таралым емес пе? Сонда романның өне бойына нәр таратқан Жамбыл облысының үлесі қайда? Қашанда осындай. Жартыкеш байламдар жанды қинап, жақсы туындыны жарқыратып көрсеткісі келсе, сыртын береді. Тапсырыс беруге болады дейтін шығар. Олай болса, несі бар, азамматар талпынып көретін шығар. «Ай мен Айша» – анаға арналған жыр. Баланың анаға арналған таусылмайтын адал махаббаты, өшпес ескерткіші.

«Ақ жол» газеті, 24 қыркүйек 1997 жыл.

Жақында бір топ әдебиеттанушыларымыз бен әдеби сыншыларымызға «Жылдың ең жақсы романы ретінде қай туындыны атай алар едіңіз?» деген сауал қойған едік. Бұлардың басым көпшілігі бір ауыздан Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-эссесін («Жалын» баспасы, 1997 жыл) атады. Енді бүгін «Жылдың ең жақсы романы» деген айдармен жазушыларымыздың Елен Әлімжанов пен Жарылқасын Боранбаевтың осы роман туралы ой-пікірін оқырмандарымызға ұсынуды жөн көрдік.

Сын бөлімі.

АЙ МЕН АВТОР

Елен ӘЛІМЖАНОВ

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы – жазушының балалық шағы туралы. Бір қарағанда, өмірбаяндық роман. Бірақ, бұл роман ондағы басты кейіпкер Барсханның ғана өмірі емес, көркем әдебиетті сүйіп оқитын әркім-ақ бұл романнан өзін таба алады, өзін көре алады. Өзінің балалық шағын, балғын сезімін, сағынышын, таза кезін еске түсіріп, балалық шағына қайта бір оралғандай күй кешеді.

Бәлкім, кім біледі, шеберлік дегеніміз осы шығар. Өзі туралы айта отырып өзгені ойландыру, өз мияты мен мұңына өзгені ортақтастыра білу – сөз өнерін қапысыз меңгергендердің ғана еншісіне тиетін үлесі де шығар...

«Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Монғолстан, Үндістан. Пәкістан, Иран бардым. Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді.

Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім.

Түсімде ылғи балалық шағымды көремін.

Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін.

Түсімде ылғи туған үйімді көремін.

Түсіме ылғи Айша кіреді. Мұртаза түсіме сирек кіреді, өйткені ол кеткенде мен бес-ақ жаста едім. Елесі еміс-еміс қана», – дейді жазушы «Ай мен Айшаның» беташарында.

Мұнан кейін автор тағы да былай дейді: «Егде тартқанда бүгін көргенін бүгінгідей әлі есімде. Ендеше текке күшене бермей, соны неге жазбаймын».

Жазушының жоғарыдағы ой-толғаныстары – романның кілті. Романның түпқазық идеясы.

Шерхан Мұртаза осы романды жазуда аса ұтымды әдіс, ұтырлы тәсіл таба білген. Балалық дегеніміз – адалдық, тазалық. Ал енді кірлеңкіреп кеткен өмірге, қайшылығы мол тірлікке, кереғарлығы мен қулық-сұмдығы көп қоғамға баланың көзі арқылы ой жіберу, яғни адалдық, тазалық тұрғысынан көз жіберу, үңілу – талай түйінді мәселелердің, талай күрмеулі жағдаяттардың, талай шындықтардың бетін ашады.

Менің өз басыма Шерхан Мұртаза өзінің «Өмір» деген үлкен ұғым туралы өзіндік пәлсапасын, өзіндік көзқарасын, ой-топшылауларын айту үшін және кедергісіз, бөгетсіз, еркін айта алу үшін де осы балалық шақты әдейі таңдап, арнайы қалап алған секілді.

Ал енді романда қаншама көрікті ойлар, терең байыптаулар, көркемдік-пәлсапалық толғаныстар бар десеңізші. Қазақ әдебиетінде балалық шақ туралы жаза отырып, Үлкендер туралы үлкен ой айта алған, Үлкен Өмір туралы терең толғаныстарға барған мұндай шығарманы кездестіру, әй, қиын-ақ шығар...

Автор өз романын неге «Ай мен Айша» деп атаған?

Жап-жас бүлдіршін Барсханның Тәңірден кейін табынары, сүйенері-аспандағы Ай мен жердегі Айша. Айша – Барсханның анасы. Оның үстіне әкесіз өсіп келе жатқан Барсханның асыраушысы. Анасына табынбағанда, анасына сүйенбегенде буыны қатпаған жас бала енді кімге арқа сүйемек?!

Ал енді Барсхан неге Айға табынады? Бүкіл әлемге жарық шашатын Ай емес, Күн емес пе?

Біздіңше, соғыс кезінде өткен балалық шақ – түнге бара-бар. Ал түнде сәуле сеуіп, көңіліңді алдарқататын, уатып-жұбататын да – Ай. Сондықтан да Ай бейнесі – Барсханның көңіл-күйі. Барсханның үкілі үміті. Барсханның сүйеніші, демеушісі.

«Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы дәмін тартқандай болдым» (Өйткені, Барсханның әкесі Мұртазаны «халық жауы» деп ұстап әкеткен).

«Жартыкеш Айға қарап аңырадым-ай кеп. Айдан басқа мұң шығатын кімім бар!».

«Ал Айша қорқады. Қайта-қайта Айға қарайды... » (Барсхан екеуі колхоз маясынан шөп ұрлап келеді).

«Терезеден Ай сығалайды. Бұл кезде Айдан басқа «қалың қалай дейтұғын бір жан жоқ» (Өйткені Мұртаза екі ұл, бір қызымен о дүниеде)».

Жазушының Ай туралы ойлары осылай жалғаса береді.

Барсхан мен Айша Айға табынады. Айды серік етеді, тіпті қорқады. Ұрлық жасап келе жатқан ана мен бала адамнан қорқып келе жатқан жоқ. Айдан қорқады: «Айша қайта-қайта Айға қарайды». Яғни, Айша өзінің ар-ұяты мен ожданынан, бабаларының әруағынан қорқады.

Шерхан Мұртаза көркемдік құрал ретінде сәтті қолданып, сәтті пайдалана білген Ай бейнесі – сонымен қатар ар-ұяттың да символы іспеттес.

Айға тәу етпеген, Айдан қорықпаған адамда иман болмақ емес.

Шерхан Мұртазаның астарлауынша, Ай – әрі имансерік.

«Біз дінсіз өстік» дейді автор кейіпкер. Мұнда да өмір шындығы жатыр.

Майданынан келген офицер Бауыржан Момышұлының өзі:

– Бауырым Момыш өлгенде, басына барып құран оқымағаның қалай, – деп ақырады бір туысына.

«Ол кезде өлген адамға құран оқып, дұға қылатын заман ба? Құдай оқығаныңды көрсе, ана Жуанқұлдар табанда түрмеге апарып тықпай ма?..» – деп ойлайды Барсхан.

Бірақ Баукең – осынысымен Баукең. Жазушы батыр Баукең туралы қысқа ғана айтса да нұсқа айта біледі. Автор Баукеңнің бейнесін төрт-бес ұтқыр детальмен өте нанымды әрі бейнелі шығара білген.

Өзгелер бұрылып өткел іздеп кеткенде, Баукеңнің алдындағы ордан қарғытып өтіп кетуінің өзі не тұрады? Бала Барсханның өзге іс-әрекеті емес, Баукеңнің беті Қарақас сынды анадан қайтуы да – жүйелі. Тапқыр шешім.

«Ай мен Айшадағы» образдар галереясы Орха, Ноха, Нәметкүл, Өскенбай, Шолақ, Сияқұл, Есен, Қали, Сәли, Зиба және мұнан басқа да қарапайым адамдардан тұрады. Бұлардың бәрі де – автордың өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген, мінездері айқындалған, ешкімді қайталамайтын бейнелер.

Мәселен, шолақ Сияқұлды, мақау Есенді алыңыз. Бірін жарымжан, екіншісін мүгедек деп айта аласыз ба? Айта алмайсыз. Жандары таза олардың! Бұл ретте Шерхан Мұртаза өз кейіпкерлерінің жаны мен жаратылысына, табиғатына өте терең үңіледі. Олардың әрекетін ұмтылмастай, ұмытуға болмастай, ұтымды детальдармен бейнелейді.

Романда автордың сүйіспеншілігіне бөленген тағы бір «бас кейіпкер» бар. Ол – туған жердің табиғаты. Манастай шыңы, Мыңбұлақтай ауылы, Жуалының жуасы мен жалбызы. Борандының ақ түтек бораны, айлы түні, аңы мен құсы. Туған үйдің түтіні. Туған топырақтың киесі. Автор табиғат көріністерін адамдар әрекетімен астастыра, ұштастыра отырып шебер суреттейді.

Романның тілі өте шымыр. Мық шегедей. Аз сөзбен, қысқа сөйлеммен айтарын тап басып, автор оқырманның көкірегіне сәуле құяды. Сезім ұялады. Сүгірет түсіреді.

Нақты детальдар, қысқа көріністер, сырлы суреттер өрмектей өріліп, үлкен полотнолар құрайды.

Қысқа қайырар болсақ, «Ай мен Айша» – соңғы жылдардағы сәтті туынды. Жұлдызды туынды.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 30 желтоқсан 1997 жыл.

САҒЫНЫШ ЕКЕН БАЛА КЕЗ

Жарылқасын БОРАНБАЕВ

Үлкен жазушылардың қай-қайсы болмасын, басы Лев Толстой болып, бал-балалық шақ туралы тебірене қалам тартқан ғой. Бүкіл саналы ғұмырының сәулелі сәттерін сол балалық шақтың мөлдірінен іздеген ғой...

Балалық шақтың асыл шежіресі, сағынышты сыры Шерхан Мұртаза хатқа түсіріп, қолға тигізген «Ай мен Айша» роман эссесінде де өте әдемі өріледі. Міністердің қолынан шыққан мінсіз бұйымдай көз тартады.

«Сірә, 1941 жылдың күзі болар. Ноханы әскерге алды. Маңдайы жарқыраған, жүзі нұр шашқан сұлу жігіт еді. Мамыт атам сақалы көз жасына боялып жылады. Ол кісінің жасығанын көргенім сол.

Артынша Орханы да әкетті. Орха соның алдында ғана Фин соғысында болып қайтқан. Ал бұл жолы Мамыт атам өкіріп-өкіріп жылады.

Екі ұлының да енді қайтып оралмасын сезгендей, жер сабалап жылады.

Соңғы хат Нохадан Курляндия соғысынан келді.

Қайтып хабар болған жоқ.

Осы күні қолымда бел ортасынан жыртылған сурет бар. Солдат киімі. Сірә, адамның жайсаңы осындай-ақ болар.

Маған қарайды да тұрады. Тіл жоқ.

Мен алпыстан асып егде тарттым.

Ол әлі жап-жас, уыс жас.

Үйленген де жоқ.

Ұрпағы да жоқ.

Тым болмаса қағазда аты қалсын деп әңгімеме қостым.

Сонау бір туысқандық мейіріміне сәл де болса қайтарған, қолымнан келген жақсылығым осы ғана.

Алла иманыңды салауат қылсын, көке...».

Дәл осындай жүрек қылын қозғайтын жыр жолдары (шынында да, бұл – жыр жолдары) кітаптың әр бетінде молынан ұшырасады. Жаныңды тербейді, көзіңе жас әкеліп, бір белгісіз қияндарға бастайды, қиял қанатына салдырып алып қыдыртады. Күрсінесің. Өкінесің. Өмірдің мәнін түсінесің. Домбыраның қос шегіндей бебеулеген бір күйге еріксіз елтігендей, елсізбегі бағана басындағы жалғыз сымның ыңырағанын тыңдағандай күй кешесің. Қамығасың. Әлденені сағынасың. Апыр-ай, анда-санда осылайша бір құмығыңды үнмен жылап алған да жөн шығар деп ойлайсың...

Ұзақ жылдар Шерағаң нешебір газет-журналдарды тізгіндеп, қымқап ұстағанынан шығар, о кісінің сыртынан талайдың сөз боратқанын да естігенім бар еді. Оның солай болғанын да жанымен, жүрегімен сезген қаламгер: «Мені сыртымнан жұрт «сұсты», «жауқабақ» деп, тағы бірдеңе деп сөз қылады. Көрер едім ғой оларды, менің көргенімді көрсе...», – деп ағынан жарылады осы кітапта.

Қай бір жылдары тағдырдың жазуымен Шерағаңмен туған жері Түлкібаста, дәлірек айтсақ, жер жаннаты «Ақсу-Жабағалы» қорығының ең шұрайлы, көкмайсалы қолатына тігілген киіз үйде бірнеше күн бірге болғаным бар еді. Әлде туған жердің иісі елітті ме, жоқ жан жүйесі босады ма, әлгі жұрт айтатын «жауқабақ» ізім-ғайып жоғалды. Осы жолы Шерағаңның әзілінде, салған әнінде шек болмады. Адам жанын жадыратар күлдіргі оқиғаларды түрі сұсты адамның айтқаны екі есе қызық болады екен. Шерағаң сонымен бірге мен бұрын естімеген ел арасының талай ескілікті өлең-жырларын да айтқан-ды. Соның бір шумағы мынадай еді:

Адамзат келер-келер, жүзге келер,
Пендені үйге өлсе де, түзге көмер.
Құдая, иманымды салауат қыл,
Ағайын қайда бізді ізден келер...

Осы жоғарыдағы өлең және Шерағаң сонда айтқан кейбір келісті, кеңісті ойлар да жарасымын тауып романға еніпті. Міне, осынау жан-дүниенің үлкен мұхиттай толқынысы, енді аңдай тұрсам «Ай мен Айшаға» сай-саладан көктемгі селдей күркірей құлаған сыңайлы...

Мына бүгінгі аунақшып жатқан аласапыран заманда адамның рухын оятатын, көңіл терезесін сүртетін, артқыға да алдағыға да көз салдыратын осынау ғажайып туындыны қолыма ұстап тұрып тағы да бір тәуба дедім. Осынау туындының ғұмырлы болатынына сендім...

«Қазақ әдебиеті» газеті, 30 желтоқсан 1997 жыл.

Сүйінші дана

ТӘУЕЛСІЗДІК АЙНАСЫ – АҚИҚАТ СӨЗ

Шерхан Мұртаза, Камал Смайлов.
Елім, саған айтам, ел басы, сен де тыңда!
Алматы, «Қазақстан», 1998 ж.

Ержұман СМАЙЫЛ

Сөз – өткір қару. Сөзді орнымен пайдаланып, орнықты қолданған адам ойындағысын орындап шығуда оны басты тірегіне айналдыра алады: жұртты жақсы іске жұмылдырып, нәтижеге жетуге де, әп-әдемі идеяны қожыратып, кері кетіруге де болады. Бүгінде баспасөзді биліктің бір тармағына балап, төртінші билік деп әспеттеп жүрсек, оның ой-сананы жаулап алатын құдіретін мойындағандығымыздан болса керек.

Сол құдіретті сөзді кемелінде меңгерген жазушы-журналистер Шерхан Мұртаза мен Камал Смайловтың соңғы жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде жазысқан хаттары қазақ оқырмандарының ықыласын баурап алған айрықша оқиға болды. Әдебиетте де, журналистикада да бұрыннан бар осынау жанр арқылы екі автор еліміздің өткен-кеткенін шолып шығып, бүгінгі өтпелі кезеңнің ащы шындығын айтты, ертеңгі күнге болжам жасап, неден сақтанып, неден абай болу керек екенін ескертті. Бұл хаттарда адам болмысы мен қоғамдық өмірдің қамтылмаған саласы, көтерілмеген мәселесі қалған жоқ: «Алтын сандықтың кілті кімде?», «Сатылмаған не қалды?», «Реформа жалаң мақсат емес», «Ұлы көш дәуірі», «Қазір ашу емес, ақыл қажет» деген секілді тақырыптардың өзі де көп жайлардан хабардар етіп, кітаптың алға қойған мақсатын айқындай түседі. Ал мақсат біреу – тәуелсіздікті нығайту, елдікке қызмет ету. Бұл барша қауымға жүктелетін міндет. «Елім, саған айтам» дегенде авторлар соған меңзеп, «ел басы, сен де тыңда» дегенде бүкіл басқару баспалдақтарындағы азаматтарға олардың мойындарындағы жауапкершілік туралы ескертіп тұр.

Кезінде бұл хаттарды үш-төрт жауаптасудан кейін тоқтатқан жөн шығар деген пікір де айтылған. Алайда, редакцияға күнделікті келіп жатқан оқырман хаттары жаңа объектілерді көрсетіп, соны тақырыптар ұсынумен болды. Бұл хаттарға ресми органдардан бірде-бір жауап келмесе де, онда айтылған ойлар ең биік деген мінберлерден жасалған баяндамаларда көрініс берді, әкімдер мен министрлер қабылдаған шешімдерге өзек болды. Сондықтан да газеттің бұл акциясы нәтижелі болды деп ауыз толтырып

айтуға болатындай және оны жедел түрде кітап етіп шығарған «Қазақстан» баспасына алғыс сезімін білдірген жөн.

Кітаптың қалың жұртшылыққа арналғаны белгілі. Алайда ол барша басшылардың, әсіресе, барлық деңгейдегі әкімдердің, министрлердің үстел кітабына, бұрынғыша айтқанда, іс-қимыл құралына айналғаны жөн.

«Егемен Қазақстан» газеті, 31 наурыз 1998 жыл.

«Ертөстігім бір төбе» айдарында

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРДЫҢ ТОЛҒАМДАРЫ

(Ш. Мұртаза. Бір кем дүние. Ойтолғау. Алматы. Жазушы, 2008 ж.)

Сәмен ҚҰЛБАРАҚ

Қолына қалам ұстап, аумалы-төкпелі заманда ғы ел тағдырын, азамат жайын қалың-қалың кітап етіп жазған, сонда да шаршамаған, қайта ұлт, қайсар тұлғалар алдындағы перзенттік парызы жігерлендіріп, талай «сарсаңға» қасқайып төтеп берген Шерағаңды (оның былай шығармалары да өз алдында бір төбе) «қолды-аяққа тұрмай» зырлаған өмір өз дегеніне көндіріп, ендігі шама-шарқын ойлантқанмен, азаматтық-суреткерлік ойынан, ел-ұрпақ алдындағы жауапкершілігі мен соған барынша адалдылығынан ажырата алмапты. Оған қолымызға тиіп, қызығып оқыған «Бір кем дүние» кітабындағы жазушының жүрекжарды ой-толғаулары мен сезім-сырлары, өмір мысалдары куә.

Алдымен көңілге түйгеніміз – автор ой-толғауларының әуенін бұзбай оқырманына жеткізудің жанрын сәтті тауыпты. Қысқа да нұсқа түйіп айту, әлдебір пәлсапашылардың сөзіндей жалпылаққа бармай, нақтылы жайларды мысалдап келтіру, ара-арасында өз көзқарасы мен көңіл-күйін сездіріп отыру – тақырып-тақыріппен берілген ықшам дүниелердің тартымды оқылуына кәдімгідей сеп болған. Иә, арман да көп, өкініш те басым екен, онсыз өмір бола ма, бірақ оның бәрі жеке бастың, үй арасының сыпсыңы емес, халықтың, елдің, ұлттың басындағы алаңдаушылықтармен ұласып жатады. Олай етпесе, сірә, Шерағаң бола ма деп тағы ойлайсың! Әрбір қайырымның «Бәрі кем дүние...», «Зор кем дүние...», «Өкінішті дүние...», «Орны толмас орасан обал дүние...», «Имансыз жауыз заман, залым дүние...» – деп аяқталып жатуы да жазушы ой-толғамдарының, жалпы кітаптың композициялық тұтастығын қамтамасыз еткен. Мазмұн тереңдігі мен осы тап-тұйнақтай жинақылық, жазушыға тән әсерлі тіл мен қысқа қайырып, дөп сөйлеу жинақтың өзіндік сүйсінерлік ерекшелігі болып орындалыпты.

«Бір кем дүние...». Атам қазақтың мына жалғанның жеке пенде үшін қас-қағымдай өткіншілігіне, ал Жаратқан Ие Алла-тағаланың, ол жаратқан табиғаттың, Жер-ана бесіктің, уақыттың мәңгілігінеқарап айтқан ғажайып мәнді сөзі болса керек деймін, бүгінгі тілмен өрнектесек, философиялық

категория, да нышпандық өлшем болса керек деп шамалаймын. Жазушы да өз кітабына осы халықтық ұғымды орайымен еншілепті. Бір кем дүниесіз мына бес күндік тіршілікте пенде-пақырың болар ма, сірә?! Бірақ біздің «бір кем дүниеміздің» өз бойымыздан аспай жататыны тағы бар. Жақсы үйіміз болса, машина алсақ, дейміз, қатарымыздан кем болмай, ақшалы болсақ дейміз... Деннің саулығын, отбасының амандығын тілейміз... Қызмет аңсаймыз, бастық та болғымыз келеді... Иә, бұл тіршіліктің қамы, бұл үшін пенде пақырды айыптап, күстаналап жатудың өзі, бәлкім, артық шығар. Бірақ сөйтіп күнделікті күйбеңмен алысып-жұлысып, иықтасып-тіресіп жүріп, өмірдің зырлап өте шыққанын білмей де калып жатамыз. Кейде тіршіліктің осыншама мол орасан арпалысын мойнымызға жүктеп алып, соның шетіне шыға алмай, құйындап жүріп, бір күнде, бір сәтте алды-артымызға қарамай, ес жинауға да шамамыз келмей ажал құшып жататынымыз тағы рас. Бұл үшін тағы да пенде-пақырыңды жерден алып, жерге салып жатқанмен... бір кем дүниесіз, әттең дүниесіз адам жоқ.

Ал, Шерағаңның «Бір кем дүниесі...» арманға толы, асыл ағалары мен бірге өткен күндерін сағынып, қысқа қайырыммен олардың жарқын бейнесін көз алдыңа келтіреді, қан қақсатқан кешегі заманның қайғысын бүгінгі ұрпақ ұмытпасын, ұлтым сабақ алсын деп зар етіп айтады, өмірден өткен асыл тұлғаларын іздейді, олардың басына дұға оқып, ең аяғы бас иетін орынды да бұйыртпаған тоталитарлық жүйенің қаныпезерлігіне күйінеді. Кітапты оқи отырып мына өмірдің осынша лықты аумалы-төкпелілігін сезінесің, бүгін Тәуелсіздікке ие болдық деген қазақ елінің, ұланғайыр жерінің қазіргі ұрпақтарының мойнына жүктеген батпан-батпан аманатын ұғынасың.

Кітаптың жазылуы табиғаты жөнінде Шерағаң жақсы көретін жазушы інісі Несіпбек Дәутайұлына таратып айтып береді:

« – Сен кеше «Бір таң дүнием» дегенді айтып қалдың. Ойланатын-ақ нәрсе. Менің «Бір кем дүнием», жалпы философиялық толғамдар ғой. Сөйтсе де мен философ емеспін. Бірақ философ халықтың ұлымын. Біздің бір пәлеміз өз қадірімізге өзіміз жетпейміз. Мысалы, керемет философ та солар. Сонау Аяз би, Жиренше, Асанқайғы, Мөңке би, Шалкиізден тартып, бүгінгі Әбіш Кекілбаев, Ғарифолла Есімовке дейінгі жүз, мың ғұлама философтарымыз сол шетелдіктеріңнің қайсысынан кем. Тіпті, кейбір жағдайда артық. Абай мен Шәкәрім ше!.. Бауыржан көкең ше!.. Пайымдап қарасаң, қазақ халқы кім дегенде: «Философ!» – деу керек. Философия біздің ұлттық болмысымыз...» – дейді Шерағаң. («Жамбыл» журналы, N 3, 2009. -129 б.).

Бүгінгі хал-ахуалынан хабар беріп: «... Менің жұмысым – жалғыздың жұмысы. Қарауым – қалам. Өрісім – қағаз» дейтін жазушының қазіргі тәуелсіздік заманындағы жердің, елдің иесіміз деген қазақтың шешілмеген мәселесі шаш-етектен келіп, онын кедергісі өзгеден емес, өз қанынан жерігендерден шығып отырғанда, оның бір күні ойсыз, ұйқысы тыныш етуі мүмкін бе?!

Жалпы, ой іште өлмеуі керек.

Әсіресе, халқымен біте қайнасқан, халқының басына түскен қайғы, ауыр күн арқасына аяздай батып, айтар сөзін аянбай айтқан шын жазушы үшін. Осы ретте «Бір кем дүние» кітабы оқырманын шыншыл, сыншыл ойларымен баурап алады.

«Соттар қателесіп, кінәсіздерді өлімге бұйырады. Кінәсіз екені анықталғанда қайтадан тірілте алмайды. Не істеу керек?».

Бір кем дүние.

«Халық жаулары» дегендердің көбі солай өлтірілді», – (9-бет) дейді жазушы сол бір қасіретті заманның әділетсіздігіне күйініп. Бірер ауыз сөзбен түйінделіп берілген кесірлі кезеңнің нақ шындықты, тың толғауы сенің де жан-дүниеңді аяздай қарып өтеді. Құдай-тағала берген өмірді адам қолымен, әлдебір қаныпезердің отымен жұлып алу, бірді-екілі емес, жаппай науқанға айналдыру, елдің асыл азаматтарын бірінен соң бірін қынадай қырып салу не деген сұмдық еді дейсің, ондай уақыттың енді қайтып оралмауын тілеп.

Жан дүниесін жегідей жеп, шиыршық атқан жазушы ой-толғауларының бір парасының 30-жылдардың ойранына арналуы кездейсоқтық емес. Қасіретті жылдар шындығы әдебиеттің қай жанрында болмасын кеңінен айтылуы тиісті, оны мына бүгінгі ұрпақ білуі және сабақ алуы кажет деп біледі жазушы. «Мың да тоғыз жүз отыз екінші жылы туғандар... Сол жылы тумай жатып қырылғандар... Обалдарың Голощекин – «Қу Шеке» деген имансызға» деп бүтін бір ұрпақтың атынан кәрленетін Шерағаң бұл жылдардың зұлматын қаршадайынан өз басынан өткізіп, жан дүниесімен сезінді. Әкесі халық, жауы болып ұсталып, 1937 жылдың желтоқсанында Борандының түрмесіне қамалғанда, анасы Айшамен сонда ілесіп барып, мылтық, асынған қарауыл әрі айналып, түрменің торлы терезелеріне бет алғанда, темір есікке құлындай ұшып құлдыраңдап жүгіріп барып, алақандай тесіктен «Жәке! Жәке!» деп айқайлайтыны да осы кез. Кейін жазушы болып, Тұрардың ауыр тағдырын зерттеп, жазуға отырғанда да сол кезеңнің ызғарлы да үрейлі шыңдырынан бір мезет те ажырай алмайтыны, Тұрарды жаза отырып, қайран әкесін іздегені, Сталиннің оғынан атылып кеткен Алаштың маңдайалды зиялыларының бір-бірінен аумай түскен тағдыр-бұйрықтарын танығаны белгілі.

Уақыттың екшеуінен өтіп, өз-өзімен бірге жасайтын мұндай әңгімелердің мазмұны кашанда терең, мәнді болатыны белгілі. Онын үстіне көргені, көкірегіне түйгені мол жазушы болса. Оқып көрелік:

«Әкеміз Мұртаза марқұмның кызғылтым шырайлы, әдемі гүлдері жайнаған жап-жаңа жайнамазы бар еді.

Алдымен мешіт бұзылды. Онын үйінді болып қалған кірпіштерінің үстінде байғыз дейтін құс сұңқылдап, зарлап отыратынды шығарды.

Көп ұзамай Мұртаза рахметілік «халық жауы» ретінде ұсталды. Бұл 1937 жылдың, сірә, желтоқсан айы еді.

НКВД үйге тінту жасады. Мен ол кезде 5 жасар баламын. Бәрі есімде. Тінткенде бәлендей байлық табылған жоқ. Тек бір милиционер төрде ілулі тұрған жайнамазды жазып көрді де: «Е, мынау шұлғау болуға жақсы екен. аяғым тоңып жүр еді», – деп Алланың аты жазылған жайнамазды бүктеп-бүктеп, қойнына тыға салды...

Арада алпыс жыл өткенде жолым түсіп, Кереку қаласына барып, мешітіне кіріп, дұға оқығанда, Тәңірі жарылқағыр бас имам маған Қағбадағы мешіттің суреті салынған сұлу жайнамазды сыйлады. Сонда баяғы милиционерге шұлғау болып, қорланған жайнамаз ғайыптан құс болып келіп, қолыма қайта қонғандай ғажайып хал кештім. Мұны марқұм Мұртазаның әруағы

сезді ме...білмеймін. Бір кем дүние», – деп жазады автор «Жайнамаз» атты сыр-толғауында.

Кішкентай әңгімеде кешегі қытымыр уақыт пен имандылыққа бет бұрған бүгінгі кезеңнің лебі қатар өріліп жатыр. Тасмаңдай милиционер сол уақыттың «тумасы». Оны кінәларсың, кінәламассың, ол сол кезде қай-бір жетісіп жүрді дейсің, бірақ, ойсыздығы мен көрсоқырлығы, тамырынан қол үзген дүбара кейпі мен аяусыздығы жаныңа шоқтай басылады. Апырай, мұндай әсіре белсенділердің, жазушы айтпақшы «шошқа тікендер» сол отызыншы жылдары халықтың сорына қарай әр ауылда қаптады емес пе. Сол бір сұмдық алапат жөнінде жазушы: «1937-ші зұлмат жыл келіп, естияр, ақылы бар, қасиеті бар, иманы бар, ескіше оқуы бар пенделерді қырып ұстап әкетті, атты, айдады, тоз-тоз қылды. Бастары шабылған құр денелер қалды. Бассыздардан залымдар шықты» деп жазды. Бассыз залымдар... Бұл сонау патшалы Ресейден басталып, күні кешеге дейін жалғасқан отарлық жымысқы саясаттың салдары емес пе еді. Өзді-өзіне айдап салу. Ұяттан, иманнан безген тексіздердің қолына билік беріп, соларды қолпаштап, арқасынан қағып қойып, мәз етіп ұлттың зиялыларына, көзі ашық адамдарына қарсы қою, солардың қолымен тұншықтыру...

Ахмет Байтұрсынов:

– Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, – деп еді-ау.

Әттең дүние-ай! 1937 жылы біздің әкейді де өз ауылымыздың шолақ белсенділері нақақтан жала жауып, ұстатып жіберді де, жоқ қылды ғой. Обалы кімге? Қорлықты көп көрдік қой» – деп толғанады жазушы.

Бір кем дүние... Орны толмас өкініштер... Кітапты оқып отырсақ, жазушы көңілінде олар көп-ақ. Бірін бұрыннан да ептеп білетініңді байқасаң, бірінен мүлде хабарың жоқ екенін сезінесің. Апырай дейсің аңтарылып. Осы кітапты естияр ұрпақ қолына алып оқып, ойланып-толғанар ма еді, орны толмас өкініштердің орнын толтыруға аянбай қызмет жасар ма еді дейсің іштей үмітің оянып. Жазушының бір мақсаты да, кейінгі ұрпаққа аманаты да, ой салуы да осы ғой. «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ, орны бар оңалар» деп өз-өзімізді жұбатқанмен, осы қазақтың тым кеңдігі мен жайбасарлығы, өз есебінен өзгелерді жарылқауға бейім тұруы өзіне таяқ болып тиіп жатқан жоқ па, ойланатын кез келді емес пе екен дейсің тағы да. Шерағаңның қуатты ой-толғамдары осыған бастайды. Білмей жатқандарымыз, ескермей елеусіз қалып бара жатқандары қаншама!

Өткенді таразылап, «Бір кем дүниені» баса толғаған жазушы бүгінгі заманның күрмеуі мол жайларын да өткір қозғайды. Қазақ халқы тарихының әлі ашылмаған тың парақтары, мемлекеттік тіл, жер-су аттарының жайы, азаттық үшін күрескен халықтық тұлғалардың насихатталуы мен оларға орнатылған ескерткіштерінің көрінісі, өз жеріндегі аз халықтың проблемасы мен бүгінгі қоғам түйткілдері, Парламенттің Мәжіліс палатасында өзі куә болған кейбір келеңсіздіктер мен қазіргі жастар бойында ұшырасатын жағымсыз жайттар, ұрпақ тәрбиесі, өзге де толып жатқан «бір кем дүниелер» Шерағаң жазушы ой-толғанысының арқауына айналған. Көкіректе қатталған «әттегенайларды» Шерағаң ұрпақ ойлансын деп жеріне

жеткізе айтады. Қоғам қайраткері Шерағаңның азаматтық тұлғасы бұл жөнінде көп жазушы ағайындарға ой салғандай. Жазушының беделі халық сөзін сөйлеуінде, халықтың шымбайына батқан шындықты жалтақтамай батыл айтуында және оның оңтайымен орындалуына сеп болуында болар, жазушының арқасында сөзін сөйлер, сүйеніші де болар айбарлы халық тұруы керек шығар. Жазушы және халық, әсіресе, бүгінгідей билік халықтың кей мұқтаждарын тарс ұмытып, керенау болып жатқанда...

Түйіндей айтқанда, «Бір кем дүние» күресті-тартысты өмірдің, Ар, Ұят, Иман дегенді алдыңғы кезекке қойып, халыққа қызмет жасаудың бүгінгі таңдағы үлгісін танытқан ғибратты ғұмырдың толғамдары. Көркем туындыларында өз биігімен көрінген Шерағаң мұнда да сол өз биігінде.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 29 қаңтар 2010 жыл.

3-қосымша

ШЕРХАН МҰРТАЗА ТУРАЛЫ ҚАЛАМДАС АҒА, ӘРІПТЕС ІНІ, ШӘКІРТТЕРІНІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

ШЕРХАН МҰРТАЗА 50 ЖАСТА

«Мүшелтой» айдарында

ҚАЙНОЗОЙ АРШЫЛЫП ЖАТЫР

ЭССЕ

Сейдахмет БЕРДІҚҰЛОВ

Бұл – ауыл сыртындағы бозтөбеге жиналған іштің қырындысына шейін аралас ағайындардың, ауылдастардың кешкі мамыражай мәслихат хикаясы секілді бір жиналыс еді. Сахнасы, президиумы, танаураған микрофоны, оқшау мінбесі, қысқасы, алқаракөк ресми жиналыстың салтанат саймандары шып-шырғасыз осында, түп-түгел. Әдейі қоралап айдап келгендер емес, ықыласты жұрт, үш жүз қаралы адам.

Кіре берістегі үлкен залдан далиған мына залға өтерде құлағыма: «Екеуінің қайсысы екен?» – деген тағатсыз лебіз мап-майда естілген. Бұл күтулі жұрттың ғана аузынан шықса керек. «Мына достың сайлаушы қауыммен кездесуі кет әрі болмас...». Бұл менің ойымның салған жерден сарт еткізгені.

Сөйтсем, жиналыстың басталуы зымыранға жеткізбейтін ойдың өзін орта жолға тастағалы тұр. Бірінші сөз тиген жұрт сенген өкіл туған айдың алты жаңасындай толықсыған келіншек екен. (Ессіздеу неме болмасам атын ұмытып қалармын ба?!) Мінбеден міндетіне кіріскенде «мына сабаздың аузының салулысын қарасаңшы...» деген көре алмастық емес қамшыластық сезім биледі. Осы бір киелі Бақанас елі болашақ депутаттарына тұрған бойы сән келіншекті басы бүтін бергелі жатқандай-ақ.

– Біз жергілікті Тұтынушылар одағы майданының қызметкерлері облыстық Халық Советтері сайлауына депутаттыққа кандидат болуға ризалық білдіргені үшін «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының секретары, біздің сүйікті жазушыларымыздың бірі Шерхан Мұртазаев жолдасқа, Шерхан ағайға алғыс айтамыз...

Жоғарғы Советтің сайлауынан басқа сатыларда мұншама жұрт, осынша салтанат болатындығын бұрын ойлап көрмеген адамға не дауа... Дастарқан басында «сүйікті жазушыңыз» астар бола алмайтын көпірме әсірелеудің Шерхан атына небір түрі айтылатынына құлақ төселген еді, ресми кездесуде сырттай таныс, алты аласыз, бес бересіз сыйластықтан туған «сүйікті жазушылардың бірі», «Мұртазаев жолдастың» етегін баса-маса айтылған «Шерхан-ағай» менің тұла бойымды лаулатып алып барады. Халық қалаулысының бет-жүзінен бірдеме барлау қиын, тек бірлі-екілі қастың тік керілгені болмаса.

– ***Шерхан ағай 1932 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған. Жеті жылдық мектепті туған ауылында оқып, он жылдықты Жамбыл қаласындағы қазақ мектебінде бітірді...***

Зеңгір Алатаудың – тәкаппар тәңірінің қазақ елінің ескі қорықшысындай Қаратаумен – кәрі абызбен қол алысар тұсындағы төбесінен талай

заман ақ басты әулие шыңдар күндіз-түні төне қарап тұратын аядай ауылда бір перзенттің дүниеге келіп, дырдай жігіт болғаны бір ауыз сөзге сыйды да тұрды.

«... Кімді сағынамын? Жүрегім кімге деген сағыныштан сыздайды? Ауылда қалған анашымды екен ғой. Оны да көрмегелі көп болды. Жерден өніп көтерілген көк шыбық секілдіміз ғой біз де. Қара жерге тамыр бойлап, сонау күнге қарай талпына беріп, өзін өсірген жерді ұмытып кететін тал шыбық сияқтымыз. Ана бауырынан ақ сүт еміп өсіп, кейін осы күйімізде аспаннан салбырап түсе қалғандай боламыз.

Ал, әке ше? Әке байғұстың сүйегі Сібірдің қай қарағайының түбінде қалғанын білмеймін».

Бұл Шерханның «Бұлтсыз күнгі найзағай» повесіндегі жаңалық тауып жүрмесе бас сүйегі тесіліп фонтан ататын кен инженері Нариманның сөзі. Жиырма алты жыл бойы бірде еңіске, бірде қырға қатар шауып келе жатқан сыралғы дос кешірім етсін, бұл Шерханның да сөзі. Балалығын сұм соғысқа тонатқан, одан да бұрын ел аман, жұрт тыныш аталатын кезде шаңырағынан жай түскен, көзін тырнап ашысымен тағдыр тақымына қылбұрау салған соры сопақ астаудай жетімектің қалай күн кешкені маған артығымен аян. (Біз жазғанның да маңдайына жазылған жазу айна қатесіз осы еді.) Бір ауыз сөзге сыйған 17 жылда телегей-теңіз әлем жатыр. «Сіздер не деген бақытсыз ұрпақ болдыңыздар. Сыбағаларыңа жұмыр жердегі адам адам болғаннан бергі ең зұлмат соғыс тиді... Осы мүсіркеуді жиі естимін. Жүрек мұндайда қарс айрылады. Налыдық, әлі де налимыз. Соңғы бір сәттерде мен өзімше жаңалық ашып жүрмін. Біз соншалық бақытсыз ұрпақ секілді емеспіз, одан мүлде азатпыз десек те болады. Біз адамзаттың неше бір ұрпағына үлгі тұтар, тұла бойында пендешілік талай ұрпақтан кем, танауымыз делдиген шақта біздің организмімізде пендешілік қоспасы 0 процент деуден қаймықпайтын ерекше тарих тезгісінен өткен ұрпақпыз. Біздің анатомиямыз Ар дәрісінің ең қызық, ең құнарлы лекцияларынан саналады, жарандар». Жазғандары құйқаңды шымырлатып отыратын, көрнекті совет жазушысы Василь Быковтың сөзі ойға оралады.

Бір парақ өмірбаянның бір жолында тегегей-теңіз әлем жатыр. Шерханның тұла бойы тұңғышы «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Интернат наны», «41-жылғы келіншек» негізінен өмірбаянның осы тұсынан тарайды.

Алдындағы барлық заманнан жүрдек XX ғасырдың алпысыншы жылдары басталды. Адамзат ұшқыр қиялының өзімен де аспан кеңістігінен ары асып көрмеген кезде жер мен ғарыш арасына ақжолақ сызық бір-ақ тартып, Гагарин бастаған ғарышкерлер шыға келді атойлап. Осы тұста күндіз-түні бір тынбайтын редакцияның мазасыз тірлігінен мойны босап, жас баланы тербетіп, балбырап ұйықтағанына көзі жетіп, жас жұбайдың жылы төсегінен сусып босап, кухнясы да, кірер есігі де ортақ кердеңдеу көршінің өзі, өңгелері оянып кетпесін деп аяқтың ұшынан басып жас жігіт оралуға келмейтін ас бөлмеде ыдыс-аяқтың ортасында стол шамының қалқанында милығына түсіріп, таң сыз бергенше тапжылмай отырар еді. Замандастардың дені Алматының саясында балаңдық пен бойкүйездік

станциясының арасында етектері далақтап шауып жүргенде сырты жабы, іші тұлпар, сырт көзге шорт томырық, білетіндерге жаны жайлау осы жігіт Қарағандының шахтасына сан түсіп, сап шығып, еліміздің тарихының маңдайшасына жазылған тың планетасын тынбай аралап, Сарыбай-Соколов кенішінде ту жердің бауырының қалай сөтілгенін алдымен көрген өмірден бойына іспелеп жинап алғаны басқаға ерсілі-қарсылы қарыз беруге жарайтын еді бұл жігітте. Бес қаруы бойында тәуекел мұхитына желқайық салып «Табылған теңізге» кіріскен шақ еді.

Көңілдің сезімтал терезелерінен қаланың беймаза көлігі, зәулім үйлері, бойшаң бәйтеректері біржола ғайып болып, Алатау қана қалар еді. Алатау болғанда оның тұйықталар тұсы. Одан әрі Шақпақтың өрі мен ылди, Ақсу-Жабағылының жаннат жері, Аксайдың аңғары, өрлікке тәрбиелеген, қиырларға қанат қақтырған Найзалы шоқы Талапты аулының үлкені мен кішісі, көзінің қарасынан аласы көп, қасқыр қабақ қарасы ауыл адамдарының біріне ұнап, біріне ұнамайтын жетім көңіл баланың көз бен көңіл аппаратына тоқтаусыз шырт-шырт тартылған суреттер халықтың мүлкі, қазақ әдебиетінің мүлкі болу үшін осылай ақ қағаздың бетіне ащы толғақтармен аралас түсе береді.

Шерхан қаламынан шыққан туған жердің географиясы да сабаудай-сабаудай образ. Оның Ақсайы мен Көксайы, Найзакөгі, Борантауы, Дана-Атасы Ақсайдың аңғарында отырғандарды ғана емес, жыр алыбының атына ие бүкіл облыс елінің түндігін ерекшелеу желпіндірсе керек. Әрі көлік, әрі серік көшенің күлін боратып аунай беретін есектері де біздің көзге ыстық. Ертеңнен қара кешке жұмыстан басқа ермегі жоқ сұм соғыс бал дәуренін тонаған ұрпаққа есекпен көкпар тартқаннан артық рақат бар деп сендіріп көріңіздерші. Шерхан шығармаларында есектің өзі азынаған арғымақ боп кетеді. Біздің елде ақеділ басқарма ағамыз соғыс жылдарында колхоздың жыл қорытындысы жиналысында қатын-қалаш, бала-шаға, кәрі-құртаңға алғысты жаудырып тұрып: «есек жолдастарға да рақмет!» дегені күні бүгінге шейін ел аузында сағыныш-аңыз.

Тасқожа бастықтың ақбоз айғырынан басқа шығармада жорытып жүрген жануар есек. Жетім бала, әкесіз баланың жылқыға мініп желіп жүрген кезі кемде-кем. Жылқы ұстайтын үйдің қарағайдай кісісі болады.

«Әкей кеткелі еркек атаулыдан мұндай мейірім көрмеген басым, көңілім босап, оқыстан даусым шығып кетті де булығып булығып шалдың ақ жейделі арық кеудесіне басымды тыға түстім. Өзім ес білгелі тұңғыш рет дидарласып тұрған қарттың маған әкемдей жақын көрінгені сонша, оның бауырынан ажырағым келмеді. Әлі булығып, өксігімді тоқтата алмай, қайта солығым үдей түсті. Бұл үнсіз, тұншыққан жылауда толып жатқан шағым бар еді: әкейдің жоқтығы, Қайрақбай қарауылдың сиырын колхоздың жоңышқасына түсіп кетті деп шешемді былапыт сөзбен балағаттағаны, қыстың ұзақ боранды түндерінде үрпек бас үш бала Айшаның бауырына тығылып бір көрпенің астында боранның ұлыма даусын тыңдап қорқып жататынымыз, Салман деген шалдың мені көрсе дереу: «О жетімек, о жетімек!» деп басын шайқай беретіні... бәрі-бәрі мына шалдың алдында ақтарылған арыз еді. Үнсіз, тілсіз арыз». («Ақсай мен Көксай»).

Бүтін бір ұрпақтың ащы запыранын осылай қарапайым, дәл айту әркімнің пешенесіне жазыла бермеген.

Нариман бастаған бір топ кейіпкерлер, шарқ ұрып өмірдің ең алғы шебінен орын іздеген: қалт басқан, сүрінген, бірақ еңсесін тік ұстаған жас нояндар: «Эх кеш қалыппын!» – деп бармақты қарш-қарш шайнайды, өкінеді. Сенесің, сендіреді автор. Анау айтқан бір төбені аударып тастамаса да құлама жарға сырғып бара жатқан «МАЗ-ға» қалтадағы соңғы соқыр тиынды салып алған тері тонды барысша атылып барып төсеген жігіттің ерлікке карай сынық сүйем аттағанын асып-төгілмеген өз өлшемімен нандырады. «Эх, кеш туыппын!» деп Шерханның өзінің де талай кеуде соқпай іштей кіжінгенін көңілмен танисың. Тіпті білетін кейбір жағдаяттарың да болады. 1958 жылы көне Мысыр соғыстың көк түтініне қақалды. Суэц шатағы. Әр үйдің динамигінен «Мұсылман жұрты көтеріл. Араб елінің еңсесін басқысы келген империализм зұлымдарына бірге аттанайық!» – деген ұран бой тітіретеді. Сол бір күндері ойланбастан жарты бет қағазға отты өтініш жазып, военкоматқа апарып берген күндер-ай. «Кіші лейтенант Бердіқұлов, кіші лейтенант Мұртазаев жолдастар патриоттық инициативаларыңызға рақмет. Қажет деп тапсақ еріктілер тобына алғашқылардың бірі етіп жазамыз. Военком Абдулов деген тілдей хат қағаздардың арасында қазір де бар болса керек.

– Он жылдықты бітірген соң Мұртазаев ағай Москва университетіне түсіп, оны үздік бітіріп шықты.

Бұ күнде Москва бозалаң, таңда тартып кетсең азаңғы асыңды кеңінен үлгеріп ішетін жер болып қалды. Анау елуінші жылдары жер түбі, алыстағы арман. Құлағы делдиген репродуктордың өзіне зар, телевизорыңыздан тырс еткен хабар жоқ кездегі ауыл баласының, жанын жалдап күн кешіп жатқан жесір әйелдің баласының оку іздеп Москваға аттануы ғарышқа жөнеп бергенмен бірдей. Бір мектептің үздігі, қатарынан көп алдағы бала астана оқуына түскенде орта шаруаға айналды. Туа біткен қайсарлық, уақыттың көтеріңкі рухы «Өрмелеп өсіп күн болуға» тәрбиелеген өрімтал көне дүние әдебиетінен түсіп, орта ғасыр, алтын ғасырды жіліктеп оқыды. Түрен түспеген шетел әдебиеті түпсіз тұңғиық екен. Оған да тайсалмай барып, табандап отырып талмады. Конспектілерді судыратып шықса да келесі сатыға амалдап аттап отыруға мүмкіндік барын біле отырып көз майын тауысты. Ленинградтан келген жеті атасынан зиялы қыздың білгенінен бір үзік кем білгісі келмеді. Ол жөнінде жанды алатын зачет, емтихан жоқтығына қарамай орыс жұрты кайта ден қойған Сергей Есенинді түп қотара жаттады. Жай отындай шатыр-шұтыр. Маяковский поэзиясы болса да қорамсақта. Енді бүгін Шерханның шығарма сілемдеріне барлай қарап отырып кітапшылдықтың иісін де сезбейсің. Бірақ сол ілгерідегі топты қуып жету жолындағы жинаған қор жазу мәдениетінде мен мұндалап тұрады. Біздегі бір сылту езбелік, сылдыраған сылаң сөз, форма мен мазмұнның жуалдызбен көктегендей ерсілігін Шерхан шалдыра қоймайды. Оның электровоздарының боз інгендей боздауында еш ерсілік ұшыраспайды.

– ***Шерхан ағай...***
– ***Біздің қалаулы кандидатымыз...***

– ***Москва университетінен кейін Шерхан Мұртазаевтың еңбек жолы сәтті басталып кетті...***

Ай-хой, қайта айналып соқпайтын сол бір кездер-ай. Шынында да Шерханның еңбек жолы сәтті басталып, әдемі старт алып кетті. Бүкіл елімізде журналистикада жаңа леп, жаңа сес, қайта өрлеу дәуірі туған. Ол бізде, әсіресе «Лениншіл жаста» айшықты көрінді. Тізбелесек көп фамилия атаймыз, қазіргі баспасөздің қадау-қадау қайраткерлерінің ортасына күмп ете қалды. Шерханның редакторлығы өз алдына бір жыр екендігін жұрт білсе керек. Біздер редакторға уызында жарығандармыз. Барынша сыпайы, барынша мейірімді жылт еткен жаңалықты рентген аппаратындай қабылдайтын Әбекең (Абай Бейсенбаев) бастаған ағалар бір күнде қызықты идеяның бірнешеуін қорамсаққа қол салып суыра беретін Камал Смаилов сынды құрдастардың аламан бәйгесі ат тарпытпай тұрған емес. Шерхандар жазудың «ақ бурасы ойнағанда» сағат алтыдан соң қалып түннің бір уағында редактордың белі кеткен ескі диванына құлай кетер еді. Найзаның сағағында ұйықтаған баяғының батырларына теңеп жіберсек, одан Мұртазаев бөсіп те кетпейді, ақтарылып түсіп, ақ қайнардың тығынын атуы да кәдік. Толықсыған жас келіншекті, сарышақа балаларды айлап Алматыға тастап, кепканы баса киіп, керзі етіктен ойдым-ойдым ақ жем түскенше **Есілдің арғы жағы, бергі жағы, барар тұс Қостанай ма, Торғай ма екен деген күндеріне** қос ат алып қуса да Шер-ағаңның өзі жете алмас; иә, жеткізбей кеткен жемісті шақ. Жүректерден жанартау атқылаған күндерде жинаған қор Шерханды ешқашанда саусақтан сорғызбай, калай ойқастауына да аккумулятор боларына біз куә.

– Шерхан ағаның шығармаларынан өзіміздің ақ әжелерімізді, алтынның сынығындай аталарды, ойлы-қырлы құрбыларды оп-оңай тауып жатамыз. Әсіресе шындықты айтсаңшы. Қадірлі, Шерхан ағай, қазір халқымыздың саусақпен санарлық ерен ұлдарының бірі Тұрар Рысқұлов жайлы «Қызыл жебенің» екі кітабын біздің қолға тигіздіңіз. Кітаптың құйқалы жері (зал мырс-мырс күлді, келіншек сәл аңтарылып қалды) әлі алда деп білеміз. Күтеміз. Ертең ел болып түгел дауыс беретініне сізді сендіремін. Енді депутатымыз боласыз. Өзіңізді де күтеміз.

Әлгі мырс-мырс күлкінің үстін дуылдаған қолшапалақ басып өтті. Менікі жұрттікінен басқа болатын. Қай жыл, ұмытпасам, елу алты мен елу жетінің бірі. Алматыны қынама бел қара белдік жайлады. Өзін қыз санаған, келіншек санағанның бәрінің аңсары ауды, сеңдей соғылыс. Базарда бағасы удай. Сол селді токтатуға Алматының жайма базарына «Лениншіл жастың» рейдбригадасы аттанды. Шерхан, мен, фотографымыз СХИ-дің студенті, штаттан тыс тілшіміз, милиция қызметкерлері. Кім білген, сәудегердің айласы ребус, кроссворд. Сатудың не амалын ойлап тапқан. Біз де оңай қу емеспіз. Қара белдіктің бір қордасы базар шетіндегі көк ала шайы шатырдың астында бірлі-екі нөкерімен отырған хор қызындай өзбек келіншекте екен. Бағана базардың селеу тұсында екеуміз де қызыл көрген қырғидай еміне қарап өткеміз. Ақыры базардағы милиция бөлімінде протокол жайып қойып әңгімелесуге тура келді. Милициядағы жігіттермен кергілескенімен бізбен

өте биязы әңгімелесті. Шерхан анау-мынау сипалама сөздерге апармады, тұп-тура тергеді.

– Мырзалар, жарты ауыз тілегімді құлақтарыңызға іле кетіңіздер. Газетке атым түспесін, қалауларыңызды алыңыздар, – деп сыпайы өтініш айтты.

– Олай уәде бере алмаймыз. Материалдың жазылуы біледі, – деп жауап қатты бәріміздің атымыздан Шерхан.

Жол-жөнекей рейдті жазудың жоспарын сызып, мүше бөлісіп жөнімізге тарқастық.

Өзбек келіншегі айтылар тұс Шәкеңде кетті. Таңертең екеуміз де диктовкаға отырдық. Келіншектің алып-сатарлық айла-шарғысы тұсында келістіріп тұрып суреттепті сабазың.

– Қадірлі Арыстан-хан, құрғыр сол тұсын орағытып өтейік. Қиылып қалды ғой, көген көз. Басқалар да жым атады. Жаухатшының берген бетіне қалай көсілуге де жетеді біздегі материал, – деймін.

– Алыпсатарлардың бәрін кесіртке десек аждаһасы әлгі әйел. Оны тастасақ қарсаққа қақпан құрып, Бердикулидзе... Между прочим, мен оның көркін, қылығын өзгертпей жазған секілдімін.

Сонымен сол келіншек сорлап газет бетіне шыға келді. Жұрт сенген өкілдің «шығармаларындағы шындықты айтсаңызшы» деген сөзі бастың буы бұрқыраған күндердегі ерсілігіміз бе, естілігіміз бе, әйтеуір, бір хикаяны көздің алдынан көлденеңдетіп өтті. Жуырда бір жерден оқыдым Грузиннің қазіргі көрнекті ақыны Ираклий Абашидзе: «50, 60, 70... Сексенге секіріп жетіп жатырмыз. Жас ұзарды; жастық, балалық бал дәурен ұзарған жоқ. 16-17-ні, ай-хой 25-ті кім молайтсын. Ұзарған егделік жалғанды жалпағынан көктей өткен кездегідей алтын жаңбыр кейін әке десең де жаумайды».

Кезінде кілең бұршақ жауғандай көрінгенмен әулие Тау ақ нөсеріне шомылдыра бергендей. Іленің сағадағы суына құлаштап малтып, салқындап алып атқа қонғалы қасымдағы Шәкеңе қарап келемін. Көзім өзінде, көңілім кітаптарын аралап кеткен. «Қырықаяқ жұлдыз құрттай шатқалдың тасасынан көк поезд шыға келді». (Соғыстан қажыған, алқа-салқа поездарды бұдан әдемі айту да қиын-ау.) «Разъездің қызыл үйі айдарлы әтеш». Әрине, басқалары жертам, жайпақ төбе үйлер, тере берсең табыла береді...

Біріне-бірі ұқсамайтын бейнелер. Бәрін құдіреттің күшімен кітап бетінен алып өргізіп жіберсе не болар еді?! Талапты ауылы өлгені-тіріліп, өшкені жанып небір боздақтарымен, небір жазып қойған кітаптай қарияларымен табысар еді. Абысындар шұрқырай көрісіп, талай өсектің жағын айымас па?! Сәл сабыр, батыр, өзі де солай ғой. Сары тіс, сары қарын бәйбіше болғанша боздақ кеткен күйеуін іздеген Хадиша, талайсыз Тұтан, жорабозаның әншісі Мұсақұл шал, тушасы шлагбаумға ілініп қалатын Кәрия... Байқамай басыңды шайқайсың. Өмірдің өзінен ойып алған шын жылатып, шын күлдіретін өз аулындағы осыған ұқсас жайларды еске салатын жанды көріністер осынау адамның қаламынан туды дегенге бір сәт сенбей де қалғандайсың. Шерхан келіскен очерктері мен алғашқы повестерінде жердің қайнозой қабатына көз тіге беретін Сол Шәкең ықылым ғасырлар жүкше жинаған қабаттарды кеулеп ашып жатқандай көремін бір пәс.

Ол ақ қалпақты бір шекеге жамбастата киіп, шілде сағымы ойнаған қолаттарға көз тігеді. Бір заман:

– Кешегі келіншек құйқа, қыртыс деді-ау осы.

– Деді. Жылы-жұмсақ беріп дәндетсең екінің бірі майлы құйқа, бал татыған сүбе сұрайды.

– Ім-мм... Дейсіз, ә.

– Дейміз. Басқа бұлталақ жоқ. Әзірлейсіз айтқанын.

Машина Малайсары асуын көктей өтіп келеді. Шаңқай түс. Бет алдымыз– Алатау, сыртымызда – Шерханды қалаулымыз деп аттандырған береке-құт дарыған Іле өңірі, Бақанас жері.

«Жалын» журналы, №5. 1982 жыл.

САРАБДАЛ СУРЕТКЕР

Белгілі жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шерхан Мұртазаев – 50 жаста

Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ

Қазіргі қазақ совет әдебиетін, нақтылай түссек, мәдениеті биік, пайым-парасаты терең, талғам-талабы өскен қазақ прозасын кемеліне келген жазушы Шерхан Мұртазаевтың творчествосынсыз толық елестету мүмкін емес. Бұл орайда сарабдал суреткердің қарымын зайыр танытқан туындылар қатарында «Сусамыр», «41-жылғы келіншек», «Интернат наны», «Ақсай-Көксай», «Жаңбырлы той», тағы басқа бірталай әңгімелерін, бұған қоса «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «Қара маржан», «Қызыл жебе» тәрізді кесек романдарын әрі сүйсіне, әрі мақтанышпен айта аламыз. Асылы, мұндай творчестволық бақытқа ол өзінің сирек кездесетін суреткерлік талантымен, бітім-болмысын дара танытатын рухани ерекше қасиетімен жетсе керек.

Шерхан Мұртазаев суреткерлік өнердің жықпыл-жықпыл әрі тік шаппа шың-құздарын, шу асау тарпаңдығын әуелден жыға танып, соны жадына мықтап түйіп, оны әбден игеруге тас-түйін бекініп келген адам. Кәміл шындыққа, яғни, ерте дәуірлерден бері мирас болып келе жатқан философиялық-өмірлік ақиқатқа жүгінсек, осынау жекпе-жекте өзінің бойындағы талант пен соған лайық қайсарлығы, алғырлығы, табандылығы артып, әмәнда шет-шері беймәлім творчестволық «марафонда» жылдар бойына созылатын ұзақ шабыстарда күн-түн демей көздеген идеялық-эстетикалық мақсатты – адамдардың әрқилы іс-әрекеттері мен әлеуметтік-психологиялық иірімдеріне талай рет малтуға, қайткенде де терең бойлауға және оларға тән әралуан түйсік-сезімдердің алапат өртіне талай жануға, осындай сәттерде жасу орнына, қайта шыңдала түскен қажырлы еңбекқорлықты әдемі үйлестірген адамдар ғана творчествода жеңіске жетеді. Жазушы Шерхан Мұртазаевтың суреткерлік жолы, міне, осындай азаматтық, рухани әділ жеңістің айқын куәсі. Өйткені, мұның өзі кім-кімге болсын оңайшылықпен келмейтіні мәлім. Міне, осы орайда өзінің өмірбаянын

дәуірдің өмірбаянымен түбегейлі ұштастыра алмаған немесе дәуірдің, заманның өскелең шындығын өзінің өмірбаянына толық айналдыра алмаған өнер иелерінің ел кәдесіне жарап, ұзағынан сүйіндіретін шығармалар бере қоюуы неғайбыл. Осы орайдан келгенде Шерхан Мұртазаев өмірдің қат-қабат ыстық-суығын, құдірет-қасіретін бала кезінен өз бойына молынан сіңірген. Өмір мен өнердің өзектестігін, «трансформаторлық» кернеуін ұдайы уыстан шығармай жүрген суреткерге оның ең әуелі журналистік тәжірибесі мол пайдасын тигізген. Автордың осы сапарында көрген білгендері, түйген-тоқығандары қалам ұштала түскен сайын әлеуметтік – өмірлік шындықтың әлеуетті болмысын танытуына көркемдік биік сапаға көтеріле түсуіне көп септігін тигізген. Біз бұл ой-пікірімізді жазушы шығармаларымен дәлелдер болсақ, онда «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай» повестері, көптеген әңгімелері және мақаланың бас жағында аталып кеткен бірегей романдарын айтқан болар едік.

Жазушының лирикалық әуендегі сыршыл палитрасы оның бүткіл творчестволық жолына, суреткерлік қолтаңбасына тән басты сипат. Ш. Мұртазаевтың тіл кестесіндегі бояулық нәзік реңктері басым болып келетін айқын қолтаңбасы «41-жылғы келіншек», «Интернат наны» жинақтарындағы шымыр да ширақ әңгімелерінде және «Қара маржан», «Қызыл жебе» романдарында лирикалық-философиялық баяндау мәнеріне, парасатты, мәдениетті прозаның биік үлгілері деңгейіне көтерілген. Міне, осының нәтижесінде болуы керек, автордың «Қара маржан» романы республикалық Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Суреткер Шерхан Мұртазаев қаламының өзгеше қуаты, әсіресе, тарихи-революциялық тақырыптағы «Қызыл жебе» атты роман-диологиясынан айрықша көрінеді. Жазушы бұл шығармасында, көркемдіктің қай өлшеміне жүгінсек те, барлық тұрғыдан кемеліне келгендігін айқын көрсеткен. Мұның өзі шығарманың құнарлы, нәрлі тілінен, композициялық шеберлігінен, ең бастысы, халқымыздың аяулы перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың жарқын тұлғасын қанық та шыншыл бейнелеуінен көрінеді. Өйткені бұл шығарма қалың оқырман қауымының, әдеби сынның ерекше ілтипатына бөленген кесек туынды. Роман-дилогияны кезінде тарихи революциялық тақырыпта жазылған сүбелі туынды ретінде «Правда» газеті де айрықша атап өткен болатын.

«Қызыл жебе» роман-дилогиясындағы ел мен өмір суреттері, Түлкібас пен Талғар аралығындағы ұлы жүз қазақтарының XX ғасырдың бас кезіндегі, революция жылдары тұсындағы тыныс-тіршілігі барлық трагедиясымен, бүкіл драмасымен шыншыл бейнеленген. Тұрар мен Рысқұлдың яғни, әке мен баланың жүрекжарды сүйіспеншілігі дәл осы романдағыдай қуатты бейнеленген шығарма төл әдебиетімізде сирек кездесетін құбылыс. Жазушы Шерхан Мұртазаевтың суреткерлік үздік жетістігі де осы тұстан ерекше аңғарылады.

Жазушы өзінің осынау мүшел тойына «Қызыл жебе» романының «Жұлдызды көпір» деп аталатын үшінші кітабын бітіріп келіп отыр. Оқырман ретіндегі сезігіміз, түйсігіміз бізді тағы бір олжалы, кесек туындымен ұшырасатындығымызға, өзіміздің сүйікті кейіпкерімізге айналған Тұрар

Рысқұловпен емін-еркін, ашық сырласатынымызға, сағына дидарласатынымызға күдік келтірмейді. Осы орайда, айта кетер бір тілек «Қазақфильм» немесе «Қазақтелефильм» студиялары «Қызыл жебе» романын көп сериалы телефильм етіп түсіруді қолға алса, еш ұтылмаған болар еді. Романның бүкіл бітім-болмысы қай жағынан болса да қазіргі заманғы киноның биік талаптарына толық жауап бере алады.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шерхан Мұртазаев өзінің осынау мүшел тойына бұған қоса творчестволық есебі ретінде тыңдамалы шығармаларының екі томдығын ұсынып отыр. Дегенмен, екі томдық таңдамалы шығармалар туралы сөз әлі алда айтыла жатар. Біз сарабдал суреткердің «Қызыл жебе» романының үшінші кітабы «Жұлдызды көпірмен» тезірек қауышуды күтеміз. Революция дауылын Шақпақта қарсы алған Тұрар Рысқұловтың жалынды, жігерлі, халқына деген мейірімді сүйіспеншілігімен, сол жолда аянбай күрескен баянды ғұмырының көркемдік болмысымен тағы да етене, сырласа дидарласуға асығамыз.

«Оңтүстік Қазақстан» газеті, 25 қыркүйек 1982 жыл.

Жазушы Шерхан Мұртазаев 50 жаста

АДЫРНАДАЙ СЕРПІНДІ ТАЛАНТ

Темірхан МЕДЕТБЕКОВ

Қазақ әдебиетінің белгілі саңылақтарының бірі талантты жазушы Шерхан Мұртазаев елуде. Сөз жоқ елу – ер жасы. Халық қалт айтпақ емес. Әсіресе, өзінің творчестволық жолын, бағыт-бағдарын тапқан жотасын ылғи да ауырға төсеп, жел өтінде жүретін тындырғанын місе тұтпай, тындырарым көп дер іргелі азамат үшін елу деген, шынында да, ердің жасы болмақ. Шерхан Мұртазаев дәл осындай азамат. Сондықтан ондай азаматтың елуін ел болып тойлап, ел болып атап өтуі заңды құбылыс.

Шерхан Мұртазаев балаң шәкірт болып төменшіктеп, именшіктеп, келген жоқ. Тіпті ол балаң шәкірт деп аталатын кезеңді басынан өткізбеген де сияқты. Олай дейтініміз, оның алғашқы әңгіме, повестері өзінің толыққандылығымен, ешкімге ұқсамайтын өзіне тән жазылу мәнерімен, болмыс-бітімімен, творчестволық стихиясымен жаңалыққа ылғи да құлағы түрік отыратын, көңілі ояу естияр қауымның назарына бірден-ақ іліккенді. Ол қауым Шерханды бірден-ақ «жазушы болуға қабілеті бар» деп емес, «талантты жазушы» деп, «болашағынан үміт күтуге болатын сияқты» деп емес, «үміт күтеміз» деп қабылдағанды. Осының өзі-ақ Шерханның әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін көрсетсе керек.

Көптеген жауапты қызметтерде атап атқанда, «Лениншіл жас» газетінің, «Жалын» альманағының, «Жұлдыз» журналының редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының екінші секретары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас

редакторы бола жүріп әдебиетте өз орнын белгілеп алу кез-келген адамның да қолынан келе бермейтін іс. Өйткені, жаңағы қызметтердің қай-қайсысы да ортан қолдай бір азаматтың ар-ожданын таразылар, өміріне жүк болар қызметтер. Солай бола тұра ол әдебиетке де атсалысып көрнекті жазушы деңгейіне көтеріле білді. Бұл оның мазасыз тіршілік иесі, тынымсыз еңбекқор екендігін көрсетсе керек. Қазір қазақ әдебиетінің белгілі бір кезеңі-алпысыншы, жетпісінші жылдар кезеңі – сөз бола қалғанда Шерхан Мұртазаев есімінің алдыңғы қатарлардан орын алатыны осы сөзімізге толық айғақ.

Шерхан Мұртазаев шығармаларының дені өзі өмір сүрген ортаның, яғни осы заманның көркем шежірелері. Оның қай шығармасын оқысаңыз да (тіпті тарихи тақырыпқа жазылған «Қызыл жебеден» де) бүгінгі күннің тынысы мен демі, проблемасы кесек-кесек қалпында көрініп жатады. Ол, әсіресе, ел басынан өткен атаулы кезеңдердің қалдырған ізін жеке адамдардың бойынан табуға шебер-ақ. Біз халықтық мінез, халықтық характер дегенді көбінесе насыбай атып, құс салып, тазы жүгіртуден, немесе мақамдап, мақалдап сөйлеуден іздеп әлекке түсетініміз бар. Ал шынтуайтына келсек, шығарма кейіпкері халықтық мінез, халықтық характер деп аталатын биік категорияларға көтерілуі үшіе ең алдымен өз уақытының, өз заманының әлеуметтік жүгін арқалай білу керек. Өйткені, заманды бір бөлек, халықты бір бөлек қарастыруға болмайды. Бұл ретте Шерханнның негізгі шығармаларында сомдалған образдардың бәрі дерлік осы биік категория деңгейіне көтерілген деп толық айта аламыз. Сонау алпысыншы жылдардың бел ортасында дүниеге келген «Белгісіз солдаттың баласы» атты шығармасындағы Исатай образын алайықшы. Арманшыл да, қиялшыл, сонымен бірге алдына айқын мақсат қойған жиырманың үстіне енді шыққан жас сонау астықты аудандардың бірінде қарапайым ғана қатардағы шофер болып жұмыс істеп жүр. Алғашқы махаббат. Алғашқы қателік. Бұларастық жиналатын азғантай ғана қауырт кезеңде жігіт басынан өтіп үлгерген қым-қиғаш сәттер. Әлі оның өмірден көрген-түйгені де жоқ. Бірақ ол қулық пен сұмдыққа, қара ниет қатыгездік пен тоғышарлыққа қарсы тұра білді. Қиын да қатерлі сәтте тайғақтық көрсеткен жоқ. Алысып жүріп ауыр соққыдан көз жұмды. Бірақ ол құлап бара жатып ту жотасынан жабысқан шынжырлы төбетті өзімен бірге о дүниеге ала кетті. Жазушы осы бір символдық картинаны әдейі алып отыр. Жігіт өлді, бірақ ол тағы бір иттікті өзімен бірге ала кетті. Осы бір қарапайым ғана тіршілік иесінің жан дүниесі қандай қызық, қандай күрделі. Ол тұтас бір кеңістік пен уақыт ішінде тұтас бір әлеуметтік жүкті арқалап тұр.

Негізінен Шерхан Мұртазаев кейіпкерлері осындай оқшау көзге түсе бермейтін қарапайым ғана азаматтар болып келеді де бара-бара кесек қимыл мен қарекеттің иесіне айналып кетеді. Жазушы адамның өз бойында, адам мен адам арасында болып жататын сезім иірімдері мен шарпылыстарын, контрастқа толы қарама-қайшылықтарын көрсеткенде де сол қалпында суретке түсіріп алғандай дәлдікке ие. Бірақ ол драмалық сәттерді жазушы сол болған жерінде, яғни от басы, ошақ қасында ғана қалдырып қоймайды, көркемдік көрінісімен үрлеп жандырып, қайта қорытып өмірлік мәні

бар көрініске айналдырып жібереді. Тағы да оның табиғи қалпына шаң түсірмейді. Адамның ішкі тебіреніс, толқындарын, сезім иірімдерін дәл суреттеу, табиғи суреттеу талантпен қоса аса шеберлікті де қажет етеді. Ондағы байқалмай жағылып кеткен бір артық бояу, байқалмай жазылып кеткен бір-бір артық сөз тек бір штрих, детальдің ғана емес, кейде тұтас бір шығармаға ақау түсіруі мүмкін. Мұндай сәттерде Шерхан шеберлігі қамшы салдырмайды. Сондықтан да біз Шерхан Мұртазаев белгілі орта мен бір кезеңнің ғана емес, мәңгілікке жалғаса берер адам жанындағы мылтықсыз майдандар мен бұлтсыз күнгі найзағайдың да жыршысы деп білеміз!

Шерхан Мұртазаев творчествосын сөз еткенде оның әңгімелеріне аялдамай өту мүмкін емес. Ол әңгімелердің дені күнделікті өмірдің ағысты, бұрқақ айдынының шып-шымыр бұла толқындары, драмалық сценалары. Оқырман қауымды тәнті еткен бұл дүниелер жеке бір тоқталуды, жеке бір зерттеуді қажет етіп жатқан тың алқап.

Оның тағы бір атаулы шығармасының бірі – «Қара маржан». Бұл шығарма – жазушыға Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алып берген шығарма. Онда өндіріс те, өмір де бар. Өйткені мұндағы өндіріс конфликтері өмір конфликтілерімен тамырласып, сабақтасып жатыр. Ештеңе де жеке дара қарастырылмайды. Сондай-ақ бұл шығармада бүгінгі қазақ интеллегенциясының дүние танымы, ұғымы мен білімі жан-жақты көрсетіліп ашылған. Ондағы Наримандар бейнесінен біз көркем сомдалып шыққан кітаби кейіпкерді ғана емес, күнделікті өмірімізді өзіміз күнде кездестіріп жүрген замандасымызды көргендей боламыз.

Бүгінгі таңда «Қызыл жебе» атты көп планды, үлкен монументальді шығарма жазу үстінде. Оның басты кейіпкері революция кезеңіндегі ірі тұлғалардың бірі Тұрар Рысқұлов. Бұл шығармаға отырмас бұрын жазушы ұзақ уақытын ізденіске, материалдар жинауға жіберді. Қазір бұл шығарманың екі кітабы жарық көрді. Ол екі кітап та оқырман қауымынан жоғары баға алды. «Правда» газетінен бастап (17 август 1981 жыл) орталық, республикалық газет-журналдар шығарманың кең тыныстылығын, эпикалық ауқымдылығын атап өтті. Тұрардың балалық шағын, яғни революцияға дейінгі қазақ даласының бейнесін тереңнен сүзіп көрсетуді жазушы өз ойының үдесінен шыға білген. Әрине, шығармаға түгелдей баға беру әлі ерте. Өйткені жазушының алда да сыналар тұстары баршылық. Дегенмен оқырмандар қолына тиген екі кітап жазушының ол тұстардан сүрінбей өтетініне сендіріп тұр. «Қызыл жебенің» алысқа ұшары, діттеген жеріне қадалары хақ. Оған Шерхан Мұртазаевтың толғап тартар адырнадай серпінді таланты күмән келтірмейді!

«Коммунистік жол» газеті, 25 қыркүйек 1982 жыл.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Кәрім БАЯЛИЕВ

Осы бір кішкентай ғана сары жолақты көк кітапты өз басым қашанда қолыма толғана аламын. Оның бірінші бетін алғаш ашқан сәтім есімнен шықпайды. Кітапты алдыма алған бойы күй тартқан, ән салған ұзақ жолға сапарладым да кеттім. Ғажайып сезім әлдилеп алды. Жас қаланың ортасында тұрсаң да мұрныңа даладан жусан иісі келеді. Аспандағы жұлдыздардың жарқылынан Вагнердің симфониясы естіледі. Теңіз толқыны комбайнның сарынымен араласа үн қатады. Кеудемде күй күмбірлеп, шабытым тасып бара жатқандай. Тіпті қырман жақтан заулаған машиналардың соңынан шұбатылған шаңның ішіне қойып кеткім келеді. Біресе аспанда қалықтаған қырандарға қиялдана көз тігемін, солтүстіктен соққан баяу желге рахаттана кеудемді тосамын. Лаулаған өртке Орал емес, мен қойып кеткендеймін. Кітаптың соңғы беті оқылғанда оның басты геройы Орал сияқты мен де түсімнен оянғандай болдым. Кітапты жапқанмен жиырма жасар қыршын жігіт Оралға оның сүйікті әжесі мен майданнан оралмай қалған әкесі Сауранға, досы Викторға, сүйген қызы Нэллиге ет жүрегім елжіреп отыра бердім...

Тосын көзбен қарағанда жазушы өз шығармасына арқау етіп әдебиетте талай жазылып келе жатқан тың игерушілер өмірін алған сияқты Арғы-бергі заманда небір ақын, небір жазушы жайлап кеткен махаббат тақырыбын қозғаған. Бірақ жазушы осы «көне» тақырыпқа өз көзімен үңіліп, оны өз үнімен, өзіне тән суреткерлік мәнермен бейнелеген. Сондықтан да «көне» тақырып жас жазушының шығармасында өзіндік жаңа әуенге басып, жүрек қылын шертетін симфонияға айналған. Шығармада Оралдың азаматтық тұлғасы, өз борышына адалдығы, пәк сезімі асқан шеберлікпен суреттелген.

Шерхан Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесімен бір кезде мен осылай танысқан едім. Кейін автордың өзіне жолыққанда қолтаңбасын жаздырып алған бұл кітап менің бір қымбат қазынам есепті сақталып келеді. Шығарма да, оның авторы да мені қатты таңқалдырған болатын. Содан біраз жыл бұрын бізбен көрші тұратын нағашысының үйіне жиі келіп-кетіп жүретін Жамбыл атындағы мектеп интернатының түлегі, ешқандай қылығымен дараланып көзге түспей, ағаларға иіліп қана ілтипатпен сәлем беріп өте шығатын бұйығы мінезді шәкірт баладан мынадай жазушы шыға келгеніне қалай таңданбассың.

Сол-сол екен, Шерхан қаламынан туған дүниелердің бәрін де қалт жібермей іздеп тауып, оқып отыратын болдым. «Табылған теңізден» бұрын жарияланған «Әңгелек», «Әмеңгер» сияқты әңгімелерін де, тұңғыш кітабы «Құрылысшы Дәку» атты очерктер жинағын да қолға түсіріп алып, енді оның жаңа туындыларын да қуанышты үмітпен асыға күтетін болдым. Содан бері бұл үмітім ешқашан да алданған емес. Бір шығармадан соң бір шығарма оқырман қолына тиіп жатты. «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «41-ші жылғы келіншек», «Интернат наны», «Ахметжанның анты», «Қара маржан», «Қызыл жебе» атты кітаптары бірінен бірі асып түсіп жатты...

Шерхан Мұртазаевтың шығармаларын бір мақалада толық талдап шығу, әрине, мүмкін емес. Оның туындылары мен ол сомдаған кейіпкерлер – өзінің арнайы зерттеушілерін күтіп тұрған мол қазына. Біз бұл мақалада жазушы творчествосына байланысты көкейде жүрген кейбір жайттарға ғана тоқталмақпыз.

Замандастарымыз жайлы жазылған әрбір жаңа кітапты қолға алғанда оқырман қауым одан, әрине, біздің дәуіріміздің ұлылығын, советтік өмірдің рухани байлығы мен сұлулығын көзге елестететін геройларды, жұртқа өнеге боларлық бейнелерді іздейді. Советтік қоғамның күресі мен еңбегінің санқилы да күрделі өмірінің шыншылдықпен суреттелуін көргісі келеді Бүгінгі күннің құбылыстарына жазушымен бірге болашақтың, коммунизмнің тұрғысынан үңілуді қалайды. Шынайы жазылған жаңа шығармада жазушы өз замандастарының ой-арманы мен рухани тебіреністерін оқырман көңіліне қозғау салармақтай етіп, өзінше қырлап та сырлап бере біледі. Сондықтан да оқырман мұндай шығармаларда өмірде, өз айналасында бұрыннан көріп жүрген құбылыстарды жазушымен бірге жаңадан ашқандай сезімде қалады, жаңа ой түйіп, тың байламдарға келеді.

Шерхан Мұртазаевтың шығармаларын оқыған сайын біз дәл осындай сезімге бөленеміз. Автор бізді жаңа бейнелермен таныстырып, табыстырады, өз геройлары, олардың тағдыры жөнінде шын жүректен толғануға мәжбүр етеді. Бұған Шерханның кез келген туындысынан айқын мысалдар келтіріп, толып жатқан геройларын ауызға алуға болар еді. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, оның бәріне орын жетпейтін болғандықтан, кейбіріне ғана назар аударып көрейік.

Шерханның Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығына ие болған «Қара маржан» романы қазақ әдебиетіндегі елеулі құбылыс екені даусыз. Уақыт сырын терең ашып көрсеткен, кеншілер тағдырындағы елеулі кезеңдерді өзек етіп, естен кетпес жаңа тұлға – образдар жасаған кең тынысты, идеялық- эстетикалық сапасы жоғары осы шығарма туралы талай жазылды. Қатардағы оқырмандардан бастап белгілі ғалым, сыншыларымызға дейін романға жоғары баға беріп, оның кейіпкерлеріне жеке-жеке талдау жасағаны да белгілі. Сол талдауларға қысқаша тоқталар болсақ, мынадай жәйттерді атап өтер едік:

Шерхан Мұртазаев бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманының ерекшеліктерін тап басып, өмір шындығының көркем полотносын жасаған. Ғылыми-техникалық революция адамдарымыздың білімін көтеріп қана қоймай, олардың ара қатынастарына да өзгерістер енгізгенін жазушы терең философиялық пайымдаулармен көрсете білген. Романдағы өндірістік мәселелер жай шаруашылық, экономикалық сипат алмай, үлкен көркемдік жинақтаулар дәрежесіне дейін көтерілген.

Романдағы Нариман, Мәрзия, Ақан, Женя, Саша, Тоқ секілді образдар кітап оқырмандарының сүйікті кейіпкерлеріне айналды. Жазушы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашуға әбден төселіп, ысылып алғанын осы шығармада тағы көрсетті. Осы аталған кейіпкерлерді романдағы жағымсыз бейне Таң-Шолпан, Жарас, Аманқұлдармен салыстыра оқығанда, адам дүниеге тек ішіп-жеп, киініп, ұйықтау үшін емес, алдымен бірдеңе тындыру, жасау, жарату,

өзгелерге жақсылық көрсету, қуаныш әкелу үшін келетінін жан-тәніңізбен сезінесіз. Шығарманың әлеуметтік маңызы да осында жатыр.

Жазушының Заңғаров, Оника секілді салауатты, өрелі басшылардың бейнесін жасаудағы табыстарын да кезінде әдеби сынымыз атап көрсеткен болатын. Олар шығармада аз көрінсе де естен кетпес әсер қалдырады.

Жазушы творчествосындағы елеулі кезеңдердің қатарына «Мылтықсыз майдан», «Белгісіз солдаттың баласы» секілді повестерін де қосуға болады. Бұлар да тартысы өте күрделі, барған сайын шиыршық ата түсетін күшті драмалы туындылар. Бұл повестерінде де Шерхан жанр өзгешелігін, шеберлігін меңгеріп, көркемдік шарттарына жақсы жауап бererлік етіп жазатын, салақтығы, олақтығы жоқ, тындырымды жазушы екенін танытқан болатын.

Шерхан Мұртазаевтың соңғы жылдары жазып жүрген «Қызыл жебе» романы оның творчествосындағы аса ірі белес болады деп ойлаймыз. Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, белгілі революционер Тұрар Рысқұловтың өмір жолын бейнелеуге арналған бұл романның әләзірге оқырман қолына екі кітабы тиді. Жалғасы әлі жазылу үстінде. Сондықтан шығарма жөнінде жалпы қорытынды жасауға, әрине, әлі ертерек. Дегенмен осы жарияланған екі кітаптың өзі де оқырмандарға көп қуаныш әкелгенін жасыра алмаймыз. Бұл кітаптар халық өмірінің аса күрделі де шешуші, өрісті тарихи кезеңін көркемсөз құралымен қайта тірілткен әдебиетіміздегі құнды шығармаға айналды. «Қызыл жебенің» жазылып біткен екі кітабында сол бір тарихи кезеңнің саяси, таптық, әлеуметтік мәселелерімен қабыса халық өмірінің алуан сипаттары, ұлттық характерлер, дәуір тұлғасы көркем ашылған. Басты кейіпкер Тұрар Рысқұловтың, сондай-ақ большевик Александр Бронниковтың, Ахат қарттың және басқаларының бейнелері оқушының жүрегінен жылы орын алады.

Оқырман қауым «Қызыл жебенің» келесі кітаптарын құмарлана күтіп отыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, бүгінде қазақ совет әдебиетінің көрнекті тұлғасына айналған Шерхан Мұртазаевтың творчествосын бір мақалада шолып шығу қиын. Сондықтан да белгілі жазушымыздың кейбір ерекшеліктерін ғана ауызға алып отырмыз. Шерхан шығармаларындағы жағымды кейіпкерлер ең алдымен еңбекке, коллективке, ел тағдырына жаңаша коммунистік тұрғыдан қарай білетіндігімен биіктей түседі. Олар адамдар үшін пайдалы бірдеңе істемесе, өмір сүре алмайды. Олар біреуге жақсылық істей алса ғана бақыттымын деп санайды өзін. Сондықтан да олардың жаны жомарт. Өз жаны жазира адам өзгелерден де үнемі жақсылық іздейді. Ешкімді жамандыққа қимайды. Өмірден жапа шексе де олардың таза жүрегін кір шалмайды.

Шерхан шығармаларына арналған оқырмандар конференцияларында, саналуан талқылауларда көп ауызға алынып жүрген тағы бір мәселе – жазушының тіл шеберлігі. Мысалға Қаратау қаласында болған оқырмандар конференциясында мынадай сөздер естіген едік.

Шерхан Мұртазаевтың тілі шұрайлы, бейнелі, елесті, әуезді. Оқығаныңызды көзбен көріп, қолмен ұстап, жүрекпен сезіп тұрғандайсыз. Тіпті Мынау өндіріс жайлы шығармасының өзін техникалық терминдермен

шұбарлай бермей, әуенді сөз маржанын тізеді автор. Кітап басынан аяғына дейін әсем әуен секілді тебірентіп отырады. Мұртазаевтың тілі – поэзиялық тіл. Ол әңгімелемейді, жыр шертеді. Оның шығармаларын кітап дүкендерінен таба алмайтынымыздың бір сыры осында ма деп ойлаймыз.

Бұл пікірге өз басымыз толығынан қосыламыз. Шерхан қазақ прозасына өзіндік лирикалық сарын мен поэтикалық әуен алып келді десек, асыра айтқандық болмас еді. Пәлсапашыл ділмарлықпен таңдандырмақ болған қайсы бір жазушының түсінуге ауыр сөз тіркестерін оқудан қалжырағанда Шерханның прозасына ауыса қойсаңыз, кәдімгі бір әсем музыка тыңдағандай тынысыңыз кеңіп жүре беретіні бар, шаршағанды да ұмытасыз, бойыңызға шабыт бітеді, зұлымдық атаулымен жұлқыса кетуге дайын тұрасыз.

Осы бір талантты інімізбен сәті түскенде оқта-текте бірге болып, сұхбаттасу әрқашан да бізге қуаныш әкеледі, ондайда творчество мен адамгершіліктің жаңа мектебінен өткендей боласыз. Шерханнан, әсіресе, қаламгерлер өнеге алып, үйренетін нәрселер көп. Солардың ішінен оның асқан байқампаздығы мен сезімталдығын, кез келген жағдайда жаза беретін керемет еңбекқорлығын атап көрсеткен жөн. «Қызыл жебе» романының екінші кітабының көп тараулары, «Сусамыр», «Жаңбырлы той» секілді әңгімелері менің көз алдымда, Шерханмен бірге сапарлап жүргенде жазылды. «Жаңбырлы тойда» тамада болған жайым бар. Рас, жазушы сол тойдың көкемылжың тамадасын уытты сөзбен қағытып кетсе де, өз басым осы әңгімені суреткерлік өнердің тамаша үлгісі деп қабылдадым. Сол күнгі той қаз қалпында берілген. Қайта-қайта төккен нөсерден тойға жиналғандардың әпшісі қуырылғандай жай бар еді. Дастарқанға қойылған нан-бауырсақтар қамыр болып иленіп, винегреттер сорпа болып окрошкаға айналып, суық жаңбырға малшынған үстімізде ине шаншар құрғақ жер қалмай, пана іздеп кеткен сол беймаза тойдан Шерхан өмірдің тағы бір көркем кестесін жасаған, соғысқа лағнет айтып, бейбіт дүниені көксейтін философиялық ой түйген «Бейбіт дүние» дегеннен шығады, Шерханның сонау «Табылған теңізден» бастап көптеген шығармаларында совет адамдарының соғыс өртін лаулатқысы келетіндерге қарсы ашу-ызасы бой көрсетіп отырады.

Осындай тамаша әңгімені Шерхан сол «Жаңбырлы тойдың» үстінде-ақ өзгеміз жынды судың уытымен ләйліп отырғанда жазып тастады деуге болады. Ол күй таңдамай, жол үстінде жүріп те жаза береді. Ол өз жүрегінде творчестволық отты әрқашан да лаулатып жүреді. Тіпті тойда отырса да босаңсып, болдым, толдым, тындырдым деп ауа жайылмайды, кәдімгі суытылып бабына келтірілген қас жүйріктей өнер бәйгесіне аттануға әзір отырады.

Шерханның осы қасиетін оның жуырда Эстония сапарынан жазған жол жазбаларындағы мынадай сөздері де растаса керек: «Жазушы екенсің сенің қызығың да, шыжығың да, өміріңнің бар мәні, мақсаты – жазу... Түптің түбінде сені ұшпаққа шығаратын – өзіңнің азапты да ардақты еңбегің, жазған кітабың, халық сүйген кітабың. Бәрінен де баяндысы сол».

Университетті бітіріп еңбек жолын бастағалы бері республикалық баспаларда, газет, журналдарда редактор болып, Қазақстан жазушылар

одағында басшылық қызмет атқарып, қоғамдық өмірге белсене араласып, бауырлас халықтар жазушыларының таңдаулы туындыларын қазақшаға шеберлікпен аударып, тыным көрмейтін Шерхан Мұртазаевтың кітап жазуға уақыты қалай жетеді? – деген сұрағымызға әлгі сөздерінен жауап алдық.

Өз бақытын творчестводан, халыққа қызмет етуден іздеген қаламгер, асылы, осылай өмір сүрсе керек. Мұндай перзенттерін халқы да әрқашан құрметтеген. Ардақты перзенттеріне деген сүйіспеншілігін халық әртүрлі жолмен білдіріп жатады. Соның бірі – солардың есімдерін өздерінің ұл-қыздарына беру. Мәселен, бұл күнде кез келген жерде ұшырасатын Аманкелді, Абай, Мұқтар, Бауыржан, Күләш секілді есімдердің қайдан, кімдерден тамыр тартқаны баршамызға аян.

Жуырда өз қаламыздағы бір үйден мынадай жайға тап болдық. Өзімізбен ілесе кірген үйдің хозяйкасы:

– Шерхан, сен үйдемісің? – деп дауыстағаны. Таныс есімге құлағымыз елең ете қалды.

Сүйтсек, бөлмелердің бірінен 5-6 жасар бүлдіршін жүгіріп шықты.

– Есімі қызық екен, – дедік таңданғанымызды жасыра алмай.

– Шерхан ағайдай азамат болса екен деген тілектен туған есім ғой, – деді мамасы.

– Шерханды біледі екенсіз ғой?

– Шерханды кім білмейді. Әрине, өз басымен жеке таныс емеспіз. Кітаптары арқылы білеміз. Бірақ жазушының қандай адам екенін шығармасынан да байқауға болады ғой. Солай емес пе?

Біз сәби Шерханның мамасымен таласуға дәлел таппадық. Сондай Шерханның – бәріміздің сүйікті жазушымыздың елу жасқа толған тойы қазақ совет әдебиетіндегі қуанышты оқиға ретінде аталып өтіп отыр. Біз той иесіне ұзақ өмір, дархан шабыт, творчестволық жаңа табыс тілейміз.

«Еңбек туы» газеті, 27 қыркүйек 1982 жыл.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, белгілі жазушы Шерхан Мұртазаев 1980 жылдың октябрі мен 1989 жылдың ноябрі аралығында яғни аттай 9 жыл бойы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болды.

Осы мерзім ішінде «Қазақ әдебиеті» газеті республикамыздың әлеуметтік-қоғамдық тіршілігін, төл әдебиетіміздің өркендеуі барысындағы көркемдік процесті жан-жақты көрсетуге көп күш жұмсады. Соның нәтижесіне газеттің көкейкесті проблемаларды көтерудегі әділ де батыл үні қалың оқырмандар, әдеби-мәдени және ғылыми қоғамдық жұртшылық тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Шерхан Мұртазаев қазір «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы. «Қазақ әдебиеті» газетінің коллективі Ш. Мұртазаевты Жаңа жылымен шын жүректен құттықтап, қазақ әдебиеті мен баспасөзінің игілігі үшін абыройлы табыстарға жетуді, биік асулардан аса беруді тілейді.

Редакция сонымен бірге оқырмандар назарына жазушының соңғы жылдардағы творчествосы туралы сыншы Сайлаубек Жұмабековтің «Суреткер: сыр мен сымбат» атты мақаласын ұсынуды жөн көріп отыр.

«Қазақ әдебиеті» газетінің коллективі

СУРЕТКЕР: СЫР МЕН СЫМБАТ

Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ

Суреткерлік парыздың халық мүддесіне сәйкес ойдағыдай орындалуы – сол суреткер сыры мен сымбатының әрқашан нақты көрінісі әрі нақты өлшемі екендігі ешқандай дау тудырмайды. Суреткер өмірлік материалды игеруге қаншалықты күш-қуат жұмсады? Ал сол өмірлік материалдың өзіне сай мазмұндық әрі формалық сипат алу жолындағы қарсылығы суреткерден қаншалықты қажыр-қайратты талап етті? Оның үстіне суреткерлік парыз қаншалықты үдеден шықса, творчество иесіне тән нағыз болмыс пен сымбат та соншалықты дәрежеден табылады. Осы орайда, біз суреткер Шерхан Мұртазаевты өзінің творчестволық әрі азаматтық парызын адал да шынайы абыроймен атқарумен, дамытумен келеді дейміз және бұған оның соңғы жылдардағы әр алуан көркем шығармаларын мақтанышпен көлденең тартамыз. Бұлардың қатарында оның: «Жұлдыз көпір» (1984 ж.) романын, «Жүрекке әжім түспейді» (1987 ж.) әңгімелер (толықтырылған қайта басылым) жинағын, «Бесеудің хаты» (1988 ж.) атты драмалық туындыларын, Шыңғыс Айтматовтың «Жан Пида» («Плаха») романының (1988 жыл) аудармасын және бірталай публицистикалық эсселерін, мақалаларын айтар едік. Бас редакторлық тәрізді беймаза жұмыста жүріп, осындай творчестволық белсенділік әрі өнімділік таныту, меніңше, ең алдымен қоғам мен халық алдындағы суреткерлік парызды жоғары қоя білудің тікелей жемісі. Сол биік парызды қаламгерлік қайсар жігермен, азаматтық іңкәр құлшыныспен орындаудың нақты көрінісі. Он жылға жуық мерзімде сандық емес, сапалық тұрғыдан осыншама шаруа тындыру көбіміздің қолымыздан келе бермейтіні де рас. Оған қоса, жоғарыдағ аталмыш туындылардың қай-қайсысы болмасын оқырмандар мен көрермендер тарапынан алғаусыз ілтипатқа бөленген, бірегей кесек дүниелер. Сондықтан да бұл шығармалардың әдебиетіміздегі, қазіргі әдеби процесіміздегі өзіндік орнын, елеулі ізі бар екендігін кейбіреулеріміз болмасақ, көпшілігіміз жоққа шығара алмаймыз. Ал, суреткердің талантын қисынсыз мойындамау, еңбектерін жадағай-жалаң жоққа шығару, жұмсартып айтқанда пәтуасыз күпірлік. Шынына көшсек, мешел талғамшылдық пен мизантроптық көзқарастың тура өзі.

«Жұлдыз көпір» – ұлттық тарихымыздағы көрнекті партия және мемлекет қайраткері, халқымыздың аяулы да ардақты ұлы перзенттерінің бірі саналатын Тұрар Рысқұлов туралы саяси романдар циклының үшінші кітабы.

Ескі сарынмен айтар болсақ, «Жұлдыз көпір» романы автордың тарихи-революциялық тақырыпты жалғастыру және игеру жолындағы

көркемдік ізденістері мен олжаларын дәйектеген, орнықтыра, байыта түскен. Шығармаға– басты кейіпкердің яғни Тұрар Рысқұловтың Ташкентте, Түркістан АССР-ының басшы қайраткерлерінің бірі болып жүрген кезеңі арқау етіп алынған. Оның 1918-1920 жылдары партия және мемлекет қайраткері ретіндегі тыныс-тіршілігі, іс-әрекеттері мейлінше нанымды әрі жарқын шыққан. Бұлай дейтініміз, сәби кезінен әділетсіздіктің сүтін еміп өскен Тұрар Рысқұловтың революция таңы атқан тұста әділетсіздікті, теңсіздікті жою жолындағы әлеуметтік күреске бірлен қосылып кетуі заңды еді. Мұның өзі оның онсыз да күрделі тағдырын ширықтыра түспесе кеміте қойған жоқ. Әлеуметтік теңсіздік пен әділеттік үшін, езілген халықтың тиесілі праволарын қорғау үшін Тұрар Рысқұлов небір зымиян әрі сойқан қақтығыстардың, тартыстардың өтінде болуға және қандай зілзала, зорлық пен азапқа түссе де өз принциптері мен мұраттарынан айнымауға құмбыл. Романның өнбойында біз осындай жәйттердің талайына куә боламыз. Мысалы, аштыққа қарсы күрес яғни халықты осындай нәубеттен аман сақтап қалу жолындағы комиссар Рысқұловтың іс-әрекеттеріне назар аударып көрейік.

«– Қазіргі таңдағы басты опат – аштық. Оны жоймай, ешқандай денсаулық сақталмақ емес. Мені денсаулық сақтау комиссары міндетінен босатыңыздар. Аштықпен күрес комиссариатын құрыңыздар. Оның комиссары етіп мені тағайындаңыздар» – деген еді Рысқұлов ТүркЦИК-тің мәжілісінде. Онан әрі оқып көрейік. «Басшылар ойланып қалды. Денсаулық сақтау комиссариаты қай заманда да бола бермек. Мына жігіт әріден ойламай ма, қалай легенлер де болды. Бірақ ұсынысын қабылдады», – деп жалғасар еді.

Қоғам, уақыт өзгергенмен мансапқорлық психологияның өзегі мен мүддесі әсте өзгере қоймайды. Мұрат жолында мансапқорлығымызды қиып жібере алуымыздың өзі екінің бірінің қолынан келе бермейтін ірілік. Тіпті көпшілік отставкаға кетуді не өтініп, не талап етіп жатқан сәттердің өзінде кейбір басшылардың не желімделініп қалғаны, не басыбайлы етіп алғаны белгісіз, әйтеуір мансап креслосы мен азын-аулақ тиімді артықшылықтарын жалпы мүдде үшін серпіп тастап жатқанының өзі кемде-кем емес пе? Сөз жоқ тым сирек. Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз бен асқақ мұраттар жетелеген Тұрар Рысқұловқа мансап креслосы емес, туған халқының өмірлік мүддесі биік. Ол сол үшін небір қиындыққа нартәуекел етеді. «Буыршын мұздай тайған» талай қиын жағдаяттар мен күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иман зор, парызы биік, мүддесі асқақ адал да әділ күрескер тұлғасы еді. Сондықтан болар, суреткер Ш. Мұртазаев өзінің бас кейіпкерінің бойындағы осындай абзал қасиеттерді шынайы бейнелеп бере алған. Міне, осының нәтижесінде ашаршылыққа қарсы коммунистік, патриоттық, азаматтық, қайраткерлік күрестің басты мазмұны – романдағы Тұрар Рысқұловтың өмірлік те, көркемдік те тұлғасын ірілендіріп тұр деп толық айта аламыз.

Ал, тура мағынасында түсініп, қабылдасақ мұның өзі де Тұрар Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік болмысын неғұрлым өркештендіріп тұрған жоқ па?! Тұрар Рысқұловтай күрделі тағдыр бар жерде тақырыптың

жемісті түрде игерілуіне, елеулі көркемдік биікке көтерілгеніне «Жұлдыз көпір» романы қай жағынан алсақ та қарастырсақ та тегеурінді дәлел.

«Жұлдыз көпір» романының оқырманға айтар ойы терең, тілі көркем. Туындыдағы ой тереңдігі дегеніміз Тұрар Рысқұловтың социалистік қоғам мен революция мұраттарына, туған халқының нұрлы болашағына қызмет етуге негізделген көпарналы, көптартысты, көпмағыналы іс-әрекеттерінің уағынан да, ірісінен де кеңінен аңғарылды.

«Ал, Сіз Кушекин, РСДРП-ның солшыл әсер тармағынан күні кеше большевиктер қатарынан өтіп алып, бүгін күллі марксистер атынан тұтас бір халыққа өлім үкімін шығарғыңыз келеді. Егер сіз айтқанда көшпенді халық бәрібір жойылар болса егер олар бақытты күнге жете алмай бәрібір сүйегі құрар болса, онда…сол қиырдан қиырға дейін шашылған сүйектің орнына орнаған ӨКІМЕТ кі-мге ке-рек екен!!!»

Тұрар Рысқұлов көсеміміз Лениннің радиограммасына сүйене отырып өзін-өзі басқару советтік федерация принциптері күні бүгінге дейін актуальды сипатын жоғалтпай отырған жоқ па? Революция арқасында отарлық қанау мен бұғаудан азат болған аз ұлттардың төл кадрларын сол ревалюция мен жаңа қоғам мүддесі үшін күрес майданының алдыңғы шебіне шығару идеясы, соған сәйкес іс-әрекеттері түгелдей қолдау тапқаны рас. Рысқұловтың халық алдындағы абыройы мен беделін көре алмағандар мен көпе көрінуі ұнатпағандардың оған «ұлтшыл» «пантюркист» деген жалаларды таңа басты тілден де таңсық емес еді. Сол кезең өзінде-ақ қылтиып-қылтиып шаң болып қалатын осындай күйелеулердің кейіннен репрессия жалдарында Тұрар Рысқұловты «халық жауы» ретінде оққа байлап бергенін қайда қоямыз? Не нәрсе заңсыз бұрмаланды дегенше, соның әлеуметтік рухани зардабынан туындайтын теміреткі табанның бірден өше қоюы неайбыл. Өйткені сталиндік дәуірдегі әкімшіл-өміршілдік нақақтан-нақақ қаралаушылық мансапқорлық, тізе көрсетпеушілік жансауға-бассауғаушылар монтаны көнбесті-тасмеңіреу жасықтық тәрізді психологиялық ахуалдардың нақты нәтижесі де осы болатын.

Автор 1918-1920 жылдар ішінде Тұрар Рысқұловтың партия және мемлекет қайраткері ретіндегі өсу баспалдақтарын ұтымды көрсете де, суреттей де білген. Отызға жетпеген жас қайраткердің бойындағы жетістік-кемшіліктерді де көркем түрде дәйекті жеткізе алған. Ленин мандатымен келген Петр Кобозев пен Түркомиссияның құрамында келген қолбасшы Фрунзенің меніздемелері дәлел. 1918-1920 жылдары Тұрар Рысқұлов басынан өткен тарихи әрі алуан оқиғаларды автор өзінің көркемдік нысанасына сәйкес ұтымды пайдаланған. Соның өзінде тарихи шындық пен деректер ауылынан тысқары шықпаған. Отызға әлі жетпеген жас қайраткердің мемлекеттік ауқымдағы парасатты ойлау қабілеті зор ұйымдастырушылық таланты мен білімпаздығы, тәрізді қадыр-қасиеттері сөз жүзінде де, іс жүзінде де біртұтас сипатқа үнемі ие болуымен дараланады. Таланта да, табындыра да, сүйсінте де біледі. Ал мұның бәрі жаңа қоғамның қиыншылықтарынан өту процесіндегі және ескі қоғамның зұлымдық, қастандық әрекеттерін күйрету барысындағы іс-әрекеттер күрестер көрінген қайрала шыңдала өткірлене түседі. Тұрар Рысқұловтың

коммунистік азаматтық сеніміне негізделген қайсарда бұлжымас принциптеріне адалдығын бірмойын демагогтік, қасарыспа қыңырлық деп ұшқары түсінбеу керек. Мұндайда, Лениннің Брест бітіміне қарсы болған Валериан Куйбышев, Михаил Фрунзелерді де неліктен бірмойын демагогтар, қасарысқан қыңырлар демейміз?! Немесе, бас кейіпкердің тап жауы Аркадий Приходьконы түрмеден босатуға келіспей, әйелі Наталья Колосовскаядан айырылып, көз жазып қалуын принципшілдігімен әлде бірмойындығымен түсіндіреміз бе!

Тұрардың Кобозевпен, Ходжаев, Першин, Рудзутак сияқты большевиктермен достығын қайда қоямыз? Достық бар жерде әлде пікірталас болмауы тиіс пе? Оның Ғани Мұратбаев, Қабылбек Сармолдаев, Төреқұл Айтматов, және тағы басқа жас коммунист басшыларға әрқашан қол ұшын бергені романда мейлінше нақты әрі ықшам суреттелген.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегі. Адамзат тарихындағы әлеуметтік-қоғамдық, тіпті географиялық өзгерістердің, жаңа дәуірдің басы – Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісін өзек тартқанында. Дүниені дүр сілкіндірген әрі ешқандай теңдесі жоқ осынау әлеуметтік- қоғамдық, тарихи-философиялық циклонның Россияда және оның шет аймақтарында бел алуы яғни баянды жеңістер, заңды жемістер әкелуі бүкіл планетамыздың осыған дейінгі тіршілік-тынысын, саяси климатын мүлдем өзгертіп жібереді. Империалистік мемлекеттер Совет еліндегі мұндай ғаламат оң өзгерістердің өздеріне мүлде жат саяаси системаның тактикалық-стратегиялық жеңістерін үрейлене бақылауға, тіпті, ашықтан-ашық тұншықтыруға бекем бел шешіп, білікті тұра сыбанып кіріскені тарихи шындық. Антантаға сүйенген Колчак, Дутов, Юденич армияларының, Орта Азиядағы Ергеш және тағы басқалар басқарған басмашылардың көтерілістері осының белгісі. «Жұлдыз көпір» романындағы Осипов бүлігі, ағылшын Бейлидің, басмашылардың іс-әрекеттері жоғарыдағыдай сыбайластықтың көрінісі.

Ең бастысы, талай-талай саяси, экономикалық, әскери, дипломатиялық қыспақтарға тап болған тұстарда жаңа қоғамның шырқырап қансырап қалуы өте қатерлі болғанмен, біржолата әрі түбегейлі жеңілуі еш мүмкін емес еді. Өйткені қай нәрсенің де алтын құндағына халық мүддесі негіз болған, Тұрар Рысқұловтай сардарлар, көшбасшы қайраткерлер, шынайы ревволюционерлер тізгін ұстаған тұстарда совет өкіметі құламақ, жаңа қоғам жеңілмек емес. Алайда, іріп-шіріген ескі қоғамды жаңа қоғамның, бұрынғы үстемдікті демократиялық жаңа биліктің бірде ығыстыра салуы саяси акт екені рас. Бірақта, іле-шала «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» немесе «ақ түйенің қарны жарылған» мамыражай заманды орнатып қою оңай емес. Мұны мейлінше тездетіп әрі берік орнықтыру үшін бүкілхалықтың ауқымдағы жүйелі де табанды, мұраты айқын күрес қажет. Оның үстіне осындайда ортақ іске ұйытқы бола білетін, халық мүддесі үшін өзін-өзі құрбандыққа шала алатын Тұрар Рысқұлов тәрізді көкіргі даңғыл, саналы азаматтар, күрескер де қайсар коммунистер, еңірген ерлер керек.

Жаңа социалистік қоғамның көздеген биік нысанасына сәйкес, әлбетте, әлеуметтік-саяси тұрғыдан жаңаша ойлау приципері мен іс-әрекеттер қарқыны, мазмұны қажет. Ал, мұның өзі едәуір уақытқа созылатын және

қоғам мүшелерін осы мақсатқа сай бейімдеу, жетілдіру шықтау шараларын алға тартатын тарихи әлеуметтік, қажетті процесс. Осынау жаңа таным мен жаңа көзқарастың революциялық күрестер, өзгерістер барысындағы туу, даму алғышарттарын қалыптасу кезеңін бастан өткерудің өзі белгілі бір уақыт мөлшерін, белгілібір тәжірбиелер жинақтауды өте-мөте талап етеді. Мұндай жаңа істің басында, тың соқпақтардан күре жолға түсу барысында адаспайтын адам, қателеспейтін қайраткер, сүрінбейтін сардар кемшілік жібермейтін коммунист, кең ойлайтын кемеңгер кемде-кем. Табиғаты ет пен сүйектен жаралған адам баласының белгілі бір уақыт пен ситуацияның күрмеуінде қалып, адаспай әрі ауытқымай, арбалмайынша не айнымай тура жол таба кетуі мейлінші неғайбыл. Бұл тұста, мейлі қандай дәрежеде және қай деңгейде болсын сол уақыт ағымындағы кімнің болсын қателіктерін жасырып қалуға хақымыз жоқ. Міне осы орайда Шерхан Мұратазаев Тұрар Рысқұловтың Түрік Республикасын құру идеясындағы қателігін атап өтпеген, жасырын жауырды жаба тоқымаған. Роман Тұрар Рысқұловтың Москваға, Ленинмен кездесуге шыққан сапарымен аяқталады. Түріккомиссия мүшелерінің кейбіреулері Рысқұловты қолдайды, кейбіреулері оны қателескені көрсетеді. Бірақ әзірше Тұрар Рысқұловтың өзінің қателігін сезінген жоқ. Тарихи тұлғаның қателігіне көз жұмып қарасақ, алда талай-талай қателесуіміз өзінен-өзі белгілі емес пе?!

1789 жылғы француз революциясы көсемдерінің бірінен саналатын Максимилиан Робеспьердің дарға асылуы өз принциптеріне беріктігінен, шыншылдығынан болса, соны ғұмыр бойы мұрат тұтқан Тұрар Рысқұловтың да мерт болуы осындай себептерден екені мәлім. Сондықтан да «Жұлдыз көпір» романында Рысқұловтай революционерлердің, коммунистің, қайраткердің өз мұратына және қоғам мүддесіне берік бола тұрып шынайы қателесуін, жаңсақ басуын көрсете білуі – өз кезіндегі буын ұрпақтардың қателескені үшін адамгершілік сабақ, тарихи тағылым болады.

Біз енді төртінші кітаптан Тұрар Рысқұлов қателігінің әлеуметтік-идеялық, диалектикалық тамырын көретінімізге күмәніміз жоқ. Өйткені, Тұрар Рысқұлов мұнан соң көп жылдар бойына Москвада орталық аппаратта жауапты-жауапсыз қызметтер атқаратыны тарихтан белгілі. Өйткені «бүкіл өмірі шайқаспен өткен» Тұрар Рысқұлов өз тіршілігінде тек «найзағайды ерттеп мінген», тағдыры күрес, ғұмыры өнегелі күрескер жан. Ал, мұндай тұлғалардың бақыты да, соры да мұраттарына, принциптеріне беріктігінде.

Тұрар Рысқұлов туралы романдар циклының алғашқы екі кітабындағы лирикалық-философиялық ырғақ суреткер Мұртазаевтың стильдік ерекшелігін дәйектей қалпымен көрсететін. Үшінші кітапта – «Жұлдыз көпірде» осы ырғақ саяси реңкі басымдау қалпымен толық сақталған. Шығарманың тілінде, саяси қайраткерлердің лексикасында (сөйлеген сөздері мен баяндамаларында, дискуссиялық пікірталастарында) уақыт пен өмір кез келген шындық табының қып-қызыл шоқ, лаулаған-жалындаған эмоциялар мен жігерлер лебінің сақталуы көркемдік-логикалық заңдылыққа негізделген. Сондықтан шығар, сырт көзге шығарманың публицистикалық сарыны басымдау көрініп жататыны. Шынтуайтына келсек, «Жұлдыз көпір» романының тіліндегі осындай сипат уақыт пен кейіпкер болмысының

табиғатын ұтымды ашуға қызмет еткен. Сол кездегі әралуан документтер тілі де осыны растай түседі. Мұның өзі жазушы шеберлігінің тартымдылығын, қанықтығын, дәлдігін арттыруға сеп болған.

1985 жылдың сәуірі әкелген қайта құру, демократиялық пен жариялылық кезеңінің қоғамды жаңартушы лебі әлеуметтік-мәдени өміріміздің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Жаңаша ойлау жүйесі мен бәз-баяғы қасаң бюрократизмнің арасындағы күрестің драматизмі, трагетизімі, жеңістері мен жеңілістері қазір көз алдымызда әрқилы деңгейде, әралуан сипатта өтіп жатыр. Үш ұйықтаса ойға келмейтін саналуан кедергілер бой көрсетіп жатыр. Алайда, қоғам өзінің алдына қойған мақсатына қинала-қинала ілгері жылжи түсуде. Мұның бәрі қаламгер үшін керемет өмірлік материалдар.

Қайта құру мен жариялылық әкелген соны лептің тұрлаулы нышанын біз, негізінен, ең әуелі драматургиядан көрдік. Бұған Қалтай Мұхамеджановтың «Біз періште емеспіз», Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», Баққожа Мұқайдың «Тоят түні» драмаларын ең алдымен атар едік. Бұл орайда, көпшілігіміз үшін прозашы Ш. Мұртазаның драматургиядағы қадамы мүлде тосын көрінгені, күдік тудырғаны, күмән келтіргені, кездейсоқтыққа баланғаны рас. Бұған оның Әлихан Ысқақовпен бірлесіп жазған «Қызыл жебе» («Революция сарбазы») пьесасы дап-дайын тамызық болып, отқа май құя түскені бәрімізге және мәлім. «Сталинге хат» пьесасын жеке бір сәттілік деп қана қарастырдық. Бұған іле-шала «Бесеудің хаты» қосылғанда бұрынғы пікірлерімізге енді өздеріміз де күмәнмен қарайтынды шығардық. Оның үстіне, Республикалық Жастар театрындағы екі спектакльдің табысы да ел аузында болып, ешкімді бейтарап қалдырған жоқ. Прозада кемеліне келген суреткердің ат басын кенеттен драматургияға бұруына, меніңше жаңа жанрда күш байқап көру ғана емес, сонымен бірге ең басты себеп – өмірлік материалдың сахнаға мейлінше сұранып тұрғанында, қажетсініп тұрғанында еді.

Мәселен, Тұрар Рысқұловтың Сталинге жолдаған хатын прозада документ-дәлел ретінде оқу бір бөлек те, сондағы айтылған жәйттерді сахнадан көру және бір бөлек. Оқып қабылдау мен көріп қабылдаудың айырмасы екі түрлі болады. Оқырман ретінде, романда мысалға келтірілген осы хаттағы көптеген деректер мен сорақылықтарға, ащы шындыққа толғана, тебірене отырып, налумен ғана шектелер едіңіз. Ал, көрермен ретінде сол жәйттерді сахнадан көрген сәтте бармағыңды қалай шайнағаныңды білмей қалар едіңіз. Халық трагедиясының ортасында болғандай сезіндіру құдіреті мен күйінудің тоғыз баллдық сілкініс тудыратыны да сахнаның осындай табиғатынан демеске лажың жоқ. Сондықтан болар, «Сталинге хат» атты халықтық трагедиядағы өмірлік әрі көркемдік шындықтарды сахнадан көрген жандардың, мәселен, күйзелмеуі, ah ұрмауы, күңіренбеуі еш мүмкін емес.

Драматург Шерхан Мұртазаев 1932 жылы қазақ елі мен даласын жайлаған осынау аштықты екі пьесасының да арқауы етіп алғанмен, оны екі түрлі ситуацияда қарастырған. Екі туындыны драмадиология деуге толық негіз бар. «Сталинге хат» шығармасында бұл мәселе мемлекеттік ең жоғары дәрежеде сөз болса, ал «Бесеудің хаты» пьесасында тап осы жайт республикалық деңгейде – Казкрайком бюросында талқыланады. «Сталинге хат» пьесасының бүкіл тартыс арнасы мен оқиғалар өзегін, негізінен, Сталин

мен Тұрар Рысқұловтың диалогы ұстап тұр. Шегіністер барысында (тексерулер нәтижесінде) ел өмірінің картиналары шым–шымдап көлденең тартылады. Қазақстандағы ашаршылық жағдайын Сталин Рысқұловтан емес, Голощекиннен білгісі келеді.«Көсем» Рысқұловқа сенсе, онда республикадағы жағдай «жантүршігерлік» яғни 6 миллион халықтың жартысы опат болған. Бір мәселені анықтау, соны шешу барысындағы Сталин мен Рысқұловтың көзқарастары, принциптері, қайраткерлік болмыстары ширыққан диалогтарда шынайы көрсетілген. Дәріптеу де, қаралау да жоқ. Тек сөздің іс-әрекеттің нақты мазмұны ғана бар. Бәрін оқырман – көрермен өздері таразылайды.

«Бесеудің хаты» пьесасында көсемге жазылған хат Голощекиннің тартпасынан бірақ шығады. Төтенше шақырылған бюро Ғабит Мүсірепов бастаған бесеудің Сталинге жетпей қалған, жолдан ұсталған хатын талқыға салады. Голощекин өзі бастаған «кіші Октябрьдің» жемісін Ғабит Мүсіреповтың суреттеуімен көз алдынан тағы бір өткізеді. Драматург Ш. Мұртазаевтың «Бесеудің хаты »пьесасы Ғабит Мүсіреповтың «Шұғыла» атты әңгімесінің, Нұрхан Ахметбековтің «Күләнда» поэмасының тақырыбын одан әрі жалғастырған, дамытқан, жаңа биікке көтерген.

Драма-диалогияның көркемдік ерекшелігі мен жетістігі қайраткерлер арасындағы көзқарастар қайшылығына, позицияға құрылған диалогтардан нақты аңғарылады. Коммунистік идеяға қызмет ету барысындағы ақыл-ой парасаттары сынға түскен сәттерде, халық өмірінің шындығынан суарылған жәйттер ғана үнемі жеңіске жетіп отырады. Сондықтан екі пьесаның екеуінде де қоғамдық-мемлекеттік, халықтық өлшемдер үнемі бел алып, үстем түсіп отырады. Өмір шындығының алдында әділетсіздіктің құрығы да үнемі әшкереленіп, керек десеңіз, Сталин де, әкімшіл Голощекин де өздерінің қалай тізе бүккенін байқамай қалады.

Драма-диалогияның Сталин, Голощекин, Рысқұлов, Ғабит Мүсірепов тәрізді басты кейіпкерлері нақты іс-әрекет үстінде шыншыл бейнеленген. Сталин мен Голощекиннің ел басқару әдістері мен тәсілдеріндегі басты қателік – әкімдік бұйрықшыл системаның саяси ұраншылдық табиғаты нақты көрініс тапқан.

«Бесеудің хаты» пьесасында әдебиетіміздегі ұлы алыптардың бірі – Ғабит Мүсіреповтің көркем образы тұңғыш рет сомдалып отыр. Халық перзенті болған суреткердің азаматтық қаламгерлік болмысы шынайы шыққан. Сонымен бірге жебедей атылған өткір диалогтар мен нақты өмірлік деректер, айшықты-ажарлы теңеулер мен тарихи салыстырулар, қитұрқы сұрау-жауаптар, тіршілік пен қоғам, адамдар тағдыры, қайраткерлік пен қаламгерлік биік парыздар, халық болмысы мен болашағы туралы философиялық қанатты тіркестер ақыл-ой парасаттарының драмасына, трагедиясына құрылған шығармалардың көркемдік құдыретін арттыра әрі даралай түскен. Сондықтан да біз осынау драма-диалогияны әлеуметтік-көркемдік шындықтың биік дәрежесіне еркін көтерілген дей аламыз.

Сонымен Шерхан Мұртазаевтың соңғы жылдардағы туындыларын тұтастай қарастырсақ, онда біз творчестволық-азаматтық парызын кемел уақыт талабына сай, абыроймен атқарып жүрген, қаламы жүйрік, ойлары қуатты суреткермен жүздесер едік.

«Қазақ әдебиеті» газеті. 29 желтоқсан 1989 жыл.

ШЕРХАН МҰРТАЗА 60 ЖАСТА

Көкейтесті сұхбат

«ЕЛ СЕНІМІ – АУЫР ЖҮК...»

Қазіргі қазақ әдебиетінің айтулы өкілдерінің бірі қарымды қаламгер, белгілі мемлекет қайраткері Шерхан Мұртаза алдағы қыркүйек айында 60 жасқа толады. Жақында арнаулы тілшіміз астанамыз Алматыға барып, Шәкеңмен ол бас редакторлық қызмет атқарып отырған «Егеменді Қазақстан» газетінің редакциясында жолығып, сұхбаттасқан еді.

– **Қадірлі Шәке, халқыңызға қайраты бұлқынып тұрған жас көрінгеніңізбен алпыс жастың ауылына да ат басын тіреп қалыпсыз. Осы мүшел жас болмаса да мерейлі меже іспетті кезеңде жазушы, журналист, мемлекеттік қайраткер ретінде ел алдында есеп беретін күндер жақындап келе жатқан сияқты.**

– Мен алпыстың асуына жеткенше ананы-мынаны қираттым, қатырып ұқсаттым деп айта алмаймын. Жазушылық – әсте қиын шаруа. Біздің қаламгерлік кәсіптің бір ерекшелігі – не істеп, не тындырдың – бәрі жұрттың көз алдында.

Баспасөзде мақалалар, очерктер, әңгімелер жарияланып, кітаптар шығып жатады. Шүкір, Құдай берген қалам қолымнан түскен жоқ. Қаламгер болған соң құдай берген талант отын өшірмей, жазуды жалғастырып келе жаткан жайымыз бар. Публицистика, очерк, әңгімелер, новелла, повестер, романдар, екі-үш драма жаздым. Аудармамен де айналыстым. Бұлардың бәрі халыққа мәлім.

Алпыс деген жас мәреде «мә!» деп ұстата салатын бәйге емес. Қазір қазақшалап айтып жүргеніміздей, ғұмырлық күнтізбектегі белгілі бір меже ғой. Кейбіреулер үшін алпыс жас діттеген арман. Шүкір, бұл күнге мен Тұрар Рысқұлов сияқты мұхитқа түсіп кетіп, ширек ғасыр бойы малтығып жағаға зорға шықтым. Қазақтың тіпті исі түркі жұртының, одан да әрі айтқанда адамзаттың тарихындағы ұлы тұлға Тұрар Рысқұлов туралы бес кітаптың, ескі ата-бабаларымызша айтқанда хамсаның соңғы кітабы «Тамұқты құдай бұйыртса, біткен сияқтымын. Жақында сол бесінші кітаптың соңғы бетіне нүктені қойып, «уһ!» деп бір демалғандай болып отырмын. Өгізаяңмен қисалаңдап жүріп қоянға қуып жеткендей болып отырмын.

– «Қызыл жебе» деп аталатын осы роман-эпопеяңызды бір жағы журналистік қызмет атқарып, әрі қиын зерттеушілік жұмыстар жүргізіп жазу оңай еместігін сеземіз.

– Иә, «Қызыл жебе» романы бес кітаптан тұрады. Оның алғашқы кітабына ат қоймап едім. Енді көңілді не бір демдеп романымды бітірген соң алғашқы кітап – «Рысқұл», екінші кітап – «Тұрар», үшінші кітап – «Жұлдызды көпір», төртінші кітап – «Қыл көпір», бесінші кітап – «Тамұқ» деген атқа ие болды. Бұл кітаптардың қалыңдығы ауыз толтырарлық деп айта алмаймын – әрқайсысы 12-14 баспа табақтан тұрады. Оларды, яғни әр кітапты

бір романның жеке-жеке бөлімдері деуге де болады. Жалпы бес кітаптың көлемі – 70 баспа табақ. Бұл аз ба, көп пе?. Мәселе кітаптың қалыңдығында емес, жұрт оған ішіндегі мазмұнына мәніне қарап бағалайды ғой.

Мейлінше, осы «Қызыл жебе» атты бес кітап таза көркем шығарма да емес, архив материалдарына негізделген құрғақ тарих та емес, зерттеу, публицистика да аралас дүние. Оны мен аттың жалында, түйенің қомында жаздым. Журналист ретінде негізгі қызметтен бос уақытым болған жоқ. Үздіксіз жегілген жұмысым бар. Сол жұмыста ілінген мойынтұрықты сүйретіп жүріп бір қолыммен қызметімді атқардым, екінші қолыммен жазушылықпен айналыстым.

Қызмет деген қамыттан біржолата босанып, алаңдамай, оны бір ғана мақсатына бағыттаған қаламгердің арманы жоқ шығар. Менің өз басымда осындай мүмкіндік болмады.

Құдай сәтін салса, осы бес кітаппен Тұрар Рысқұловпен қоштасамын. Әруағы – риза болсын! Мен оған гранит, мәрмәр тастан емес, қағаздан, сөзден жүрек қанымен ескерткіш орнаттым. Менің Тұрар Рысқұлов туралы бес кітабымды калай бағалайтынын ел өзі біледі.

– Тұрар Рысқұлов туралы кітабыңызға неге осыншама ұзақ уақыт ширек ғасыр бөлдіңіз? Сіздің жарты өміріңіз дерлік уақыт қой. Тұрардың бүкіл өміріне, қызметіне неге соншама шұқшидыңыз?

– Біріншіден деп айтайын: Тұрар туралы осыншама уақыт бөлуіме оның алыстан қосылса да ағайын жақындығына, бірер түйір болса да қан жақындығына байланысты туысқандық сезімнен болар. Тұрар Рысқұловпен тегім, түбім бір – бірнеше атадан қосыламыз. Екіншіден, сөйтсе де Тұрар бір ауылдың ғана, немесе бір рудың, тайпаның ғана азаматы емес. Ол бер жағы күллі қазақ халқының, ар жағы күллі түрік елдерінің ұлы, аса ірі қайраткері еді. Тұрар Рысқұлов – жарты әлем таныған азамат. Менің бұлай айтып отырғаным әшейін, даурықпа, көтерме сөз емес. Өз Отанында, өз елінде, өзі қолдап орнатысқан Кеңес мемлекетінде жазықсыз «халық жауы» атанып, жердегі тамұқта адам баласының көзі көріп, құлағы естімеген азаппен өлтірілген, есімін айтуға тыйым салынған үрейлі заманның өзінде Тұрар туралы кітаптар, өзі жазған кітаптар Америкада, Европада, Шығыс елдерінде, мұсылман елдерінде шығып жатты. Мұсылман дүниесі Тұрарды әбден жақсы біліп жатты.

Тұрардың татар халқынан шыққан үзеңгілес жолдасы Мирсаид Сұлтанғалиев екеуінің тағдыры да, көзқарасы да әбден ұқсас. Екеуінің де 1920 жылары Түркістан – Түрік республика құру туралы концепциясы бұрын отар, бодан болып, кейін бостандық ала бастаған елдерде жаңа қоғам орнату жолына түскен елдерде модель – үлгі болған екен.

Ертеде біздің ата-бабаларымыз орнатқан Ұлы Тұран мемлекеті болған. Тұрар Рысқұлов – сол Тұрандай тұтас болмаса да оның жұрнақтарынан толыққанды қуатты, пәрменді мемлекет жасау жолында жанталаса күрескен адам. Тұрарды басқа қызметін, еңбектерін, жақсылықтарын айтпағанның өзінде сондай ұлы идеяның құрбаны болғандығының өзі оның ұлылығын танытады. Қазір бөлшек-бөлшек болып кеткен түрік елдері бірлеспесе де бір-біріне бүйректері бұрып, тілеулестігін, тату-тәтті болу ниетін білдіріп,

енді-енді бас көтеріп келеді. Осы қайта тіріліп келе жатқан – Тұрар Рысқұловтың идея бір кездегі жақтап күрескен идеясы еді. Осындай ерен қайраткер туралы айтылмаса, жазылмаса, әуелі құдай алдында, кейін халық алдында обал болатын еді. Құдай тағаланың маған берген жәрдемі сол болар – Тұрар Рысқұлов туралы еңбекті жазуға кірісуге бел байлатты. Бес кітап жазу, алдымен зерттеу сол кездегі заманға байланысты оңай болды деп айта алмаймын. Көптен қиынықтарды бастан өткердім, кейде «қол көтере алмайтын шоқпарды беліме неге байладым екен» деп уайымдаған да кездер болды...

Тәңірі, тағдыр әл-қуат берген соң сол бастаған, қолға алған істі көзімнің тірісінде жақсылы-жаманды ақырына жеткізген сияқтымын. Бүгін, соған тәуба деймін.

– Шәке өзіңіз қалап, арқалаған ауыр жүкті діттеген жеріңізге жеткізіп, көңіліңізді бір демдегендейсіз. Әйтсе де, жазушының қолынан қаламы түспес болар. «Қазан аузы жоғары» дегендей оқырмандарыңыз Сізді ендігі жоспарыңызды білгісі келетіндігі де табиғи тілек шығар...

– Рас! Әуелі айтарым – драма деген жанр бар ғой әдебиетте. Мені сол драмаға «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» деген драмаға әкелген де осы Тұрар Рысқұлов. Бұл драмалар Тұрар Рысқұлов туралы романның көшет бұтақтарынан тамыр жайып – өз алдына бой көтерген тармақтары сияқты. Алдағы уақытта да пьесалар жазғым келеді.

Бұрын да қысқа-қысқа әңгімелер жазғанмын. Сезімді тот баспаса, сондай әңгімелер жазуға да ораламын. Тәуір әңгімелер жазғанға не жетсін?! Жас келген соң өткен-кеткенді еске алып, жалпы өмірде, оның ішінде әдебиетте тағдырлас болған жанларды еске алып, жазсам деп ойлаймын.

Мені анам Айшаның, әкемнің тағдыры қатты толғандырады. Әкемді 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұстап әкеткенде, анам 28 жасында жесір қалды. Мен онда бес жастамын, қарындасым үш жаста, кенже ұлы небәрі бір ғана жаста калып еді. Ол кезде заман қиын ашаршылық қырғыннан кейін ағайын тоз-тоз болған. Қол ұшын берер жақын ешкім жок. Белсенділер анамды, бізді «халық жауларының құйыршығы» деп көзге түртті. Одан соғыс, жоқшылық келді. Сондай қиын кезеңде анамыз жалаңаяқ жар кешіп, қызылаяқ қар кешіп, бізді тұмсықтыға шоқытпай, тырнақтыға қақтырмай өсірді, талай жерге жеткізді. Сондай асыл анамыз туралы есімде қалғандарды ана әруағына арнап жазсам деймін. Ол роман да емес, повесть те емес жанры белгісіз дүние болар, сірә. Адамның елжіреген ет жүрегінен туған суреттер, елестер... Бұл шығармамды ара-тұра жазып та жүрмін...

– Шәке, Сізді Қазақстан Республикасының халық депутаты ретінде қалың еліңіз жақсы біледі. Ел қалауын білдіретін өкіл ретінде талай сессияларда батыл-батыл сөйлеп, талқыланған мәселелердің әділетті шешілуіне үлесіңізді қосып жүрсіз. Қазақ халқы егемендік, тәуелсіздік алу жолындағы күресте бұрынғы бодандық, құлдық сезімнен, бұғаудан әлі толық арыла қойған жоқ. Қоғамдық қайраткер, күрескер ретінде осы төңірек ойға түйгендеріңізді ортаға сала кетсеңіз...

– Иә, халық депутаты ретінде көкейімдегі пікірлерді реті келген жерде айтып та жүрмін, жазып та жүрмін. Қазіргі заманды аумалы-төкпелі, тіпті аласапыран деп айтса да болады. Жасымыз тура алпысқа келгенше

талай қиыншылықтарды, сұмдықтарды көрдік. Дәл қазір революциялық төңкеріс, қырғын соғыс болмаса да, соларға бергісіз тартыс жүріп жатыр. 250 жылдан астам киген отарлық темір кісенді, басқа да кигізген темір ноқтаны сыпырып тастаған жан әуелде қайтадан тәй-тәй басқан баладай бостандыққа, тәуелсіздікке енді-енді үйреніп келеміз. Дәл қазір сол біздің жаңа алған бостандығымызды, тәуелсіздігімізді, егемендігімізді өзімізге қимастан әкелерінің ақылдары кеткендей қолымызға көлденең түсіп жатып алған күштер де бар. Олар үшін адамгершіліктің, әділеттіліктің құны шамалы. «Бұл қазақ халқы көп қорлық көрді, енді олар да ел болып, өз тізгіндерін өз қолдарына алып дербес мемлекет болсын» дейтіндерге тілектестеріміз олардың арасында аз. Тіпті керісінше тізгінімізге жармасып, әлі де табандарында таптай тұрайық, өктемдігімізді көрсетейік дейтін дүлей үлкен күштер бар. Бұл күш селкеу емес. Империялық, әсіресе отаршыл үстемдің халық пиғылын бүлдіріп, адамгершіліктен алшақтата түскен. Басқа халық үнемі құлдықта болу керек деген ой бұл күштің санасына, миына сіңіп қалған. Меніңше бұрынғы отаршылдардың да, отарлауға түскен халықтардың да қалыптасқан әдеттен, бір бірінен айырылуы қиынға тиеді-ау. Бір жағынан мұны түсінуге де болады. Көргенді, мәдениетті өркениетті ел өкілдері бұрынғы бодан халықтың жайын түсініп, ымыраға келейік, теңдік берейік дер еді. Ал, біздің бұрынғы, отаршыларымыздың арасында парасатты, үлкен саясаттың адамдары аздау. Ал, бірақ бұл халқым үшін өзім үшін сатқындықпен пара-пар.

Мен Республика Жоғарғы Кеңесінің бір сессиясында тіл тағдыры туралы айттым. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға жарамайды, сондықтан орыс тілі де мемлекеттік тіл болсын деп жармасқандарды да көрдік қой. Онда барлығы да бұрынғысынша қалып, қатайған көң қалыбына барып, орыс тілі қазақ тіліне жол бермей, тағы да таптап кетер еді. Расул Гамзатов менің туған елімнің тілі ертең өлетін болса, мен бүгін өлуге даярмын дегені белгілі ғой. Мен, сессияда осы аталы сөзді «кім айтты» деген сұрақ тастадым. Бірен-саран депутаттар Расул Гамзатов десіп жатты. Мен сөзімді жалғастырып, онда қазақ тілі ертең жоғалатын болса, мен де бүгін өлуге даярмын. Тілмен бірге дініміз де, еліміз де, әдет-ғұрып, дәстүріміз де, тарихымыз да өледі дегенді еске салдым. Рас, қазақ түр-жүзі қазақ болғанмен, әйтеуір өлмей күн кешіп, киім киініп, тамақ ішіп, қызмет істеп жүруі мүмкін. Бірақ, мұндай қазақ тегін де, ұлтын да білмейді. Оның сыйынатын әруағы да жоқ. Тәні қазақ болғанмен жаны басқа… Мұндай қазақ атанып өмір сүруге болмайды. Осыны жан-тәніммен сезінгендіктен сессияларда ешнәрсені қиратпасам да, шындықты айту, сол шындық, әділеттің, болашақ жолында арпалысу – парыз. Ал, біз әлі де ұйқылы-ояумыз. Сана буырқанар алды-артымызды түгел шолып пайымдар кез жетті. Мен герой, лидер, көсем болу ниетін көздеген емеспін. Тек туған еліміздің санасын оятып, түрткі салсам деймін.

– Қазақстан Республикасы деп аталатын жас, тәуелсіз, егеменді мемлекеттің болашағы жолында күресіп жатқан депутаттардың ортасындасыз, талай шетелдерді араладыңыз. Қазақстан басшыларымен тілдесіп тұрасыз. Қазақ елінің болашағын болжап көріңізші...

– Менің жастардан үмітім бар. Кексе тартқан шағымда осындай ой

қорытып отырмын.

Қазіргі жастар мына нарықтық қатынастардың қыр-сырын білуге қабілетті. Алдағы заманда билік те солардың қолында болады. Нарық бізге тосыннан келген жат құбылыс көрінеді. Сөйтсе де, еліміз жанжалдан, пәлежаладан, кесапаттан аман болса, екі үш жылдан кейін қабілетті халқымыздың жағдайы түзеліп, туы қолдан түсірілмей, қисаймай, барлық елдер санасатын терезесі тең мемлекет болады. Бұған материалдық қорымыз, табысымыз, халқымыздың күш қуаты да жетеді. Бізде бәрі де болады. Тер төкпей-шашпай, басқаларға жем болмай, тілімізді өзіміз ұстап, өзге жұрттармен пайдалы байланыс жасап, жақсыларын үйреніп, қолданып, дұрыс қарекет жасасақ, Қазақстан бар нәрсеге қабілетті үлкен мемлекетке айналады.

– Шәке, Сізді қыркүйек айында кіндік қаныңыз тамған Жуалы жері, Жамбыл елі күтеді. Алпыс жасқа толуыңызды ел-жұртыңыз атап өтпек. Ауылдағы ағайын-жұртыңызға, еліңізге қандай сәлем айтасыз?

– Алатау, Қаратау – әруақтар ұлы бабалар Бәйдібек, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би кешегі Тұрар, Бауыржан аталардың әруақтары қонған, басқа да ұлы бабаларымыз жайлаған қасиетті жер.

– Туған жердің топырағында, той үстінде кездескенше!

Сұхбаттасқан,
Бақтыяр ӘБІЛДАҰЛЫ,
«Ақ жолдың» арнаулы тілшісі.
ЖАМБЫЛ-АЛМАТЫ-ЖАМБЫЛ.
«Ақ жол» газеті, 21 тамыз 1992 жыл.

ШЕРХАННЫҢ ШЕРУІ

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

Қазақта «шеру, шеру тарту» деп – жорық кешу, сапар шегу, бір емес, бірнеше адам, қалың қол болып, ұран аузында айбын, салтанатпен келе жату немесе бара жатуды айтады.

Маған Шерхан десе шеру елестейтін, себебі – ондаған әңгіме, повесть, роман, пьесалар мен очерк, өткір тілді, алғыр ойлы әсем сөздері мен көркем очерктері – оның соңынан ерткен қалың қолы, сақадай-сай сарбаздары секілді көрінуі. Ал солардың ішіндегі кейіпкерлерді, өз қиялымен жасаған адамдарды, очерктердегі өмірде болған бар кісілерді қоссаңыз – ол қаншама керуен, игеру тобы болар еді! Тағы қосқыңыз келсе, – оның журналистік, баспагерлік қызметіндегі «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Егеменді Қазақстан» редакцияларындағы өзі тәрбиелеп, ұстаздық еткен қызметтес, қаламдас қаруластарын қоса беріңіз, қоса беріңіз, тағы да, тағы да...

Көз бен тілден аулақ – бұл бір толыққанды, үнемі еңбекпен суарылған, үздіксіз маңдай термен қатып-бекіген, рухани дені сау, темірдей тегеурінді, бақытты талант. Талант бақыты сол – талайына, маңдайына жазылған табиғи

дарынды барынша мол пайдалану, кедергісіз, тоқтаусыз даму үрдісін бастан кешу, ол үшін қайран асыл еркіндік, азатбастылық, алаңсыздық, тәннің, жүйкенің бүтіндігі – денсаулығы керек-ақ. Осылардың бәрі – Шерханда болды демеген күннің өзінде, соншама еңбекке қолайлы тұстардың көбірек болғаны рас.

Талант бақытына сол жетіп жатыр.

Бұл шағын сөзде мен Шерханның жоғарыдағы қыруар еңбегіне, жазушылық, шеберлік өнер өлкесіне, салмақты, қомақты келген шығармаларына үңіліп, әр туындыны түсіндеудегі шеберханалық құралдарына, Сәбеңше айтқанда «балталап, сүргілеп, жонып, қырнауларына» тоқтала алмаймын. Оған машақаттануға болар еді, бірақ ол жеке-дара бір кітаптың, монографияның жұмысы ғой. Монография демекші, бір зерттеуші ғалымға Шерхан шығармашылығы (творчествосы) жетіп-артылған тақырып. Әттең, соған не ықыласымыз, не зерттеушілдік талантымыз жетпей қалуы мүмкін.

Шерхан өзінің бүкіл шығармасында екі бірдей үлкен саланы – осы заман өмірі мен тарихи ғұмырнаманы қаусырған жазушы. Көбіне тиіп-қашып емес, түбегейлі, орнықты түрде қамтыған.

Бірінші тақырыпқа – «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Мылтықсыз майдан», «Табылған теңіз», ақтығында «Қара маржан». Ол тақырыптың ішінде және соғыс жылдары «Белгісіз солдаттың баласы», «41-жылғы келіншек», «Ахметжанның анты», «Интернат наны» секілді повесть, әңгімелер жинақтары; екінші саладағы тақырыпқа – «Қызыл жебе» роман-трилогиясы, «Сталинға хат», «Бесеудің хаты» атты драмалық шығармалары жатады. Осы екеуінің сыртында үшінші үлкен сала болып оның аудармалары – Андерсен әңгімелері, Шыңғыс Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы», Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» повестері келіп жалғасады.

Негізінде Шерхан, меніңше, повесть-хикаят жанрының белгілі шебері деп айтар едім. Бұл салада әлем, орыс әдебиетінде Мопассан, Флоьер, Тургенев, Бунин, Куприн, қазақта Бейімбет Майлинді еске алсаңыз, Шерхан Мұртаза біздің тұсымызда осы жанрдың еркін танылған ұстасы деуге лайық.

Шерхан Мұртазаның барлық өмірбаян анықтамаларында бір жағдай айтылмай қалып келеді. Ол – оның алғаш Москва университетін тәмамдаған соң осы күнгі «Жазушы» баспасы, бұрынғы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында («Қазмемкөркем әдеббас» – деп қысқартылатын) аз уақыт болса да қызмет істегені. Бұл, жаңылмасам, 1955 жылдың аяғы, 1956 жылдың басы болса керек, мен Шерханмен осы баспада кездестім. Ол алғашында өлең жазатын ақын болатын. Алғашқы өлеңдеріне өзімше болысқаным бар. Содан міне 36 жыл бойына көңілі ортақ, өмірі қатар, дәм-тұзы араласқан адамдар болып келеміз. Шерханның абыройлы, бақытты тұсында, әсіресе, қазір жолдастары, жанашырлары баршылық шығар, бірақ мен оның сонау үйленген, балалы болған шағынан, әдебиетті, журналистиканы қалай бастағанынан білемін десем, артық емес. Оны өзі де айтар.

Өмір-тағдырдың талай кілтипаны, сонау Қарағаңды, Қостанай, Торғай далаларын оның біресе «Лениншіл жас», біресе «Социалистік Қазақстан» тілшісі болып сан аралағаны, көшіп-қонып жүргені – бәрі менің есімде. Қазақ-

тың тағы бір жайсаң жігіті, тамаша аудармашы, баспагер, журналист марқұм Сейфолла Оспанов оған тұрмыста да, жұмыста да жақсы аға болған азамат еді. «Мен Шерханға алғаш Сары Арқа дегеннің не екенін танытқан адаммын», – деп желпінер еді ол. Шіркін, өмірдің сонау бас жағында, азаматтыққа алғаш қадам жасарында алдында аға болғанға не жетсін! Бізде «өзі болған қыз төркінін танымастық» көп қой. Кешегі өктемдік дәуір бізді жатбауырлыққа, қатыбастыққ, менменшілдікке үйретті емес пе. Біз Шерхан екеуміз кей кезде жастай кеткен сол Сейфолла досымызды сағынып, көзімізге жас аламыз.

Иә, «Өмірдің көбі кетіп, азы қалды, көліңнің қуы кетіп, қазы қалды»-деген осы.

Бүгін «Шерхан алпысқа келіпті» – дегенде баяғы өмірдің бәрі қаздай тізіліп, көз алдыма келіп тұра қалды. Бәрі де күні кеше секілді еді. Уақыт не деген сиқыр десеңізші, баяғыны бүгінгі етіп көрсетіп, алдарқатып, бізді алға әкете береді екен ғой. Қырғыздың бір ақыны айтатын еді, «Өтіп барад жасшылық, асықтырып, шаштырып, қыздар сүйген бетімді қыл сақалға бастырып» – деп. Сондай-ақ уақыт, мезгіл «асықтырып, састырып» әкетеді екен, осы күні сол бір қымбат, «қызығы да, шыжығы да» алмасып жататын қайран жігіт күндерді, қамсыз да қалтқысыз, ақжарқын жомарт шақты ұмытшақ бір әр жері тесік қапшығымыздан төгіп-шашып, қыр астында қалдырып қойған екенбіз ғой.

Шерханның «алпысы» дегенде мен осындай ойларға кетем, көрінгеннің алпысы емес, Шерхандікі.

Шерхан ақылды адам. Кейбіреу: «бұл қандай жаңалық?» – деп күлер. Күле берсін. Құдай өзін-өзі «ақылдымын» – деп, ақылсыз болудан сақтасын. Ондайларға ақылды болу – оп-оңай нәрсе секілді. Ал ми жұрттың бәрінде бар. Сол мида ақыл әр дәрежеде орналасады. Ақыл әуелден ұрық шашады да, келе-келе толысады, піседі, оны сөйтетін өмір сабақтары, көргенің, білгенің, тоқығаның. Шерхан әр әрекет алдында ақылды жұмсап үйренген. «Оны қайдан білдің?» деушілерге айтарым – біздің кәсібіміз – жазушылық болса, алдымен не жазарыңды білу керек, сосын ол жазғаныңның көпке, қоғамға, ортаға не пайдасы болмақты білу керек, ақтығында ең бастысы – оны қалай, қандай сапада жазып шығу керектігін ойлайсың. Мен Шерханның әдеби мүліктеріне көз жіберіп отырсам – автордың, иесінің әр шығарма тұсында не ойлағаның, өмір құбылысының қандай мәндісін ұстай алғанын байқауға болады. Ол құбылыс үлкен бе, кіші ме – суретшіге бәрі-бір – өйткені, ол өзінің талант-құдіретімен кіші болса, үлкейтеді, үлкен болса, онда да ұлғайтады. Суреткердің тәңірімен ұқсастығы осы жерде.

Шерхан өзінің алпыс жасының қырық жылға таяу уақытын бос жіберді. Ол өзінің еңбекке бола туғандығын, оның ішінде өнерге бола туғандығын, олай болса, соған алаңсыз қызмет етуі керектігін білген, мақсат тұтқан адам. Осы үшеуін білу үшін де ақыл керек. Ол үшеуі жүзеге асқанда– атақ, абырой өзі келеді. Бізде бірдемені істей салып, соның бағасын жұрттан дәметіп, болмаса, өкпелеп, уақытын оздырып алатындар бар.

Ал нағыз таланттың оған қолы тимейді. Мен кешегі кер заман басын құртқан сабаздарды еске алғанда – «бәрінен де Бейімбетке обал болды-ау»-деген ойдан арыла алмаймын. Өйткені, оның жазу еңбегіне берілгені сонша,

тіпті жиналыстың өзінде жазып отырады екен ғой, өзін сөккен, балағаттаған жиналыстың соңында, марқұм сағатына қарап: «Ойбұй, талай уақыт өтіп кетіпті ғой», – деп қатты өкінеді екен, әлгі қаралған, жаралағандармен ісі болмай, Шерхан туралы айтқанда менің есіме Би-ағаң тегін түсіп отырған жоқ. Ол қай жағынан да, жазушылық, суреткерлік жағынан да, журналистік талант жағынан да, еңбектен босамау жағынан да, заманның, дәуірдің тынысын бағу, мінезін тану, осы тұста ненің керек екенін, нені айту парыз екенін болжау тұрғысынан да – иә, қай жағынан да Би-ағаңды еске түсіретін бір ұқсас жағдайы бар. Тіпті, соңғы кездегі драматургтік ұмтылыстары мен публицистикалық көпке арналған көсілме толғауларымен де жанасып жатқан сияқты. Біреулерге бұл тұжырымдар жағар, жақпас, онда менің шаруам аз. Жарықтық Ғабең, Ғабит Мүсірепов, біреуді мақтағысы келсе: «иә, бұл – сенімді жігіт» – дейтін. Бәріміз айта салатын қарапайым сөзге қасиет бітіруші еді-ау!

Иә, Шерхан ақылымен қоса, сенімді жігіт. Сенімді болған соң да, Шерхан бойынан бір тиянақ тұғыр тапқан соң да, өмірінің соңғы жылдарында Ғабең онымен пікірі жарасқан жақсы көңілмен өтті. Сонымен Шер-ағаң (жастар солай атайды) осы ағалық жасқа дейін-ақ ақылды, сенімді деген баға алған екен. Жалпақ қазаққа бұл сенің жазушығыңнан гөрі өте-мөте түсінікті, керек нәрсе. Менің қосып айтарым – ол достыққа берік, сөзіне ие, ой-пікірі бұлталақсыз, тұрақты, сондықтан да батыл, жүрегі адал соғатын азамат. Қазыргы қазақтың жеке мемлекетіне мұндай азаматтар керек, көп керек. Азық-түлік аздығынан азамат аздығы ауыр, қиын. Мына жаңа мемлекеттік иешілік алып, үлкен заңды қабылдап, Туымызды, Елтаңбамызды төрімізге іліп, басымызға көтеріп, ұран-салауатымызды жаңғыртып айтып тұруымызға да Шерхан жазушы, суреткер, қаламгер ретінде үлес қосқан жоқ. Иншалла, осы күндерде, оның алпысқа толған айында оның жазушылық, азаматтық, адамшылық тұлғасы туралы замандас, қаламдастарды талай толғар, алуан рет айтар, оған сенімім зор.

Қазіргі қазақ әдебиетінің, көркем сөзінің ел таныған шебері, ірі суреткер Шерхан Мұртаза туралы менің көп жылғы ата-дос, туысқандық, тілектестік сөзім осы. Халықпен, көппен бірге оған: «Бауырым, өмірің ұзақ болсын! Шеруіңе шеру қосылсын!» – деп қуанышты күнде қол созамын.

«Халық кеңесі» газеті, 8 қыркүйек 1992 жыл.

АҒАЛЫҚТАН ДАНАЛЫҚҚА БАРАР ЖОЛДА

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ

Жақында Шәкеңе – Шерхан Мұртаза ағамызға – Қазақстан Республикасының халық жазушысы деген құрметті атақ берілді. Атақ пен мансапқа әркімнің-ақ қолы жетіп жатады. «Биік мансап – биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан да шығады», – деп Абай айтқан, оның солай екенін біз көрдік, бізден кейінгілер де көре берер. Шәкеңнің атағы, беделі мен мансабы бұған дейін дебиік болатын: республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық

депутаты, «Егеменді Қазақстан» газетінің Бас редакторы. Бұлардың бірде-біріне Шәкең қайтсем қолым жетеді деп әдейі ұмтылмаған, талпынбаған. «Шәкеңе осы лайық. Шәкеңнің орны осы», – деп, бірін ел-жұрты, бірін мемлекеті өзі ұйғарған. Ал оның бар атқарғаны – қай қызметте де халық үшін қажымай-талмай қызмет жасау. Шәкеңнің қызмет жасауы көбіміздің ерекше: құшырланып, бар мүмкіндігі мен күшін сарқа жұмсайды, мақсат пен мүдде үшін ол өзін де, өзгені де аямайды. Көп жұрт оны сол мінезі үшін сыйлайды. Оны жақтырмайтындар да сол мінезін мойындайды. Көптің, халықтың адамы екеңдігін ол өмір бойы осылай дәлелдеп келеді. Сондықтан «халық жазушысы» деген атақ оған айрықша жарасады. «Құтты болсын, көкеден» басқа айтарымыз жоқ.

Әйткенмен жазушы үшін жазушылықтан артық атақ-бедел болмасқа керек. Өзге сый-құрметтің бәрі – жазушылықтың ойын үдете түсуге жұмсалатын тамызық іспетті ғана нәрсе.

Шәкеңді Шәкең еткен, әрине, ең алдымен жазушылығы. Оның шығармашылық жолы – талант пен еңбектің адам қызығарлық жемісі. Бұрқырата жазып, жарқырай аты шыққан талай жазушы келе-келе болдыра бастайды: аз жазады немесе мүлде жазуды қояды. Ал Шәкең – әуелі баяу бастап, бірте-бірте үдей шауып, қиынға түсіп, қиыннан үнемі қасқая шығып келе жатқан жүйрік. Ол 26 жасында «Құрылысшы Дәку» атты очерктер жинағын, содан бес жылдан кейін барып қана «Табылған теңіз» атты алғашқы повесін кітап қып шығарыпты. Журналистіктен жазушылыққа қарай баяу, асықпай, бірақ дайындықты байыппен жоғарылап отырыпты.

Он шақты кітап шығарып, сонымен де еліне әбден танылып, Мемлекеттік сыйлығын алып, енді сол атақтың буымен де біраз шалқақтай тұруға болатын кезде, Шәкең белін шарт буынып, анау-мынау адамның басы айналатын биікке кенет құлаш сермеді: Тұрар Рысқұлов туралы жазуға кірісті. Ол тақырыпьы Шәкең қолға алған тұс домалақ арыз бен саяси жаланың айдарынан әлі де жел есіп тұрған кез еді. «Неопантүрікші», «Рысқұловшылдықты қайта тірілтуші» деген сияқты саяси шабуылдардан Шәкең сан рет қоғанды, шығарма жазудың орнына жоғарыға түсініктер жазды; талай жиында ышқынып, ашынып, Рысқұловтың, Тынышбаевтың қазақ халқы үшін айрықша перзент екенін дәлелдеп, ақтап сөйледі. Соның бәрі күрес, азаматтық борыштың үлгі-өнегесі еді.

Шәкеңнің сол күресін еске ала отырып, ол жазған Рысқұловтың күресін де көз алдыма елестетем: екеуі ұқсайды, бір-бірімен сабақтасып жатады. Депутат Шәкең парламентте орнынан тұрып халықтық мүддені қорғай сөйлегенде, менің көз алдыма тағы да Рысқұлов ағамыз келеді: ол да өстіп талай шырылдаған шығар деген ойға еріксіз берілем. Кімге қалай екенін қайдам, мен, әйтеуір, «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», кітаптарынан Тұрар ағамыз бен Шерхан ағамызды қатар көріп, қатар танып отырам. Екеуіндегі азаматтық, адамдық ұқсастық автор мен кейіпкерді де ұқсатып тұрғандай. Өзі ұнатқан, өзі үлгі тұтқан кейіпкеріне автор өз бойындағы бүкіл жақсысын сарқа құйып, бейнесін сапалы сомдауға ұмтылады.

Прозалық шығармадан айтулы-айтулы кітап шоғырын беріп тастаған

Шәкең күтпеген жерде кенет драматургияға бет бұрды. Халыққа саяси-тарихи әсер етудің дәл қазір ең тиімді жолы сол деп білді, сондықтан пьеса жазуға отырды. Әуелі жазушы Қ. Ысқақовпен бірігіп жазып, барлау жасады. Артынша сахнаға «Сталинге хат» шықты. Жеке адам тұрмақ, екі жүз миллион халықтың тағдырын, он бес одақтас мемлекеттің, одан ұсақ бірталай шағын ұлттық аймақтың өткені мен болашағын өз қалауынша өзгертіп, өз білгенінше өшіріп отырған «ұлы көсеммен» қазақтың ұлы жекпе-жек шайқасады. Сол шайқаста Сталиннің зымияндығы, бүкіл болмыс-бітімі біртін біртін ашылып отырады; ал Тұрардың азаматтық, елі үшін басын бәйгеге тіккен ержүрек бейнесі бірте-бірте биіктеп, көрген адамның қолқа-ұрғызып, біресе сығып, біресе сипап, от пен суға кезек салады да отырады. Заманның трагедиясын, бүкіл қазақ халқының трагедиясын екі адамның диалогиясымен-ақ көріп-байқап; бір өзі бүкіл халықтың сөзін сөйлеп, намысын қорғаған қайран ағаға көзің жасаурай қарап, сорлы халқыңның сор кешкен тарихын сахнадан тағы көріп, тағы жүрегіңді тілгілейсін. Жазушының бақыты – Шәкеңнің бақыты – Тұрар Рысқұловты өзі қалай танып-білсе, оқырман мен көрерменіне де дәл солай таныта білуінде. Шәкеңді біз сияқты артындағы інілері де, халқы да осындай қызметі үшін құрметтейді.

Шәкеңнің азаматтық, жазушылық позициясын «Бесеудің хаты» одан әрі бекіте түсті. Бұл пьеса Қазақстанның өз Сталині, өз қанішері – Голощекинмен алысқан аяулы Ғабит ағамызға әрі тарихи ескерткіш, әрі халықтық алғыс-рахмет сияқты. Кеше ғана қасымызда жүрген сырбаз, кірпияз ағамыз қилы кезеңде екінің бірі көтеріле бермейтін биіктіктен табылып, күші өлшеусіз жауға халқым деген өз кеудесін тосыпты. Қазақтың ежелден келе жатқан «Еркек тоқты – құрбандық» деген заңын ұстанған сияқты. Өлетінін білсе де, өлуге бекініп өзі барыпты. Бір сәтте-ақ өміріңді үзіп кететін оққа қарсы тұру – бұл ерлікке қарағанда кіші ерлік, өйткені ол– азабы, қорлауы жоқ ерлік.

Сталин мен Голощекиннің жаппай қырғынына қарсы шыққан әр азамат – қазақ халқының ең қасиетті, ең хас батыры. Олар халықты сақтау, ұлтты өлтірмеу майданында алысқан қаһармандар. Оларға құрметті – Шәкең сәтті, абыройлы бастады, біз оны қызу қостап, мәңгі күн тақырыбынан түспейтін қасиетті қызметке айналдыруымыз қажет.

Шәкеңнің бойында азаматтық, ағалық жақсы мінездер қыруар. Солардың ішінде оқшау көрінетіні – іні-қарындастарына деген айрықша ілтипаты. Оның қасындағы жастар шоғыры қазақтың қай жазушысынікінен де көп, өйткені ол олармен тең сөйлеседі, ең бастысы тең сыйласады, ал әркім өзін сыйлағанның құлы: «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерін, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарын басқарған Шәкең қай қызметке келмесін, әуелі ісін жастарды қызметке тартудан бастайды. Және өз айтқанын ғана істеп отырған қызметкерді емес, өз айтқанын оған құптатуға ұмтылған қызметкерді ылғи қолдап, қамқор боп отырады. Ондай қамқорлықты көріп өскен іні-қарындас оны сыйламағанда, кімді сыйлайды. Жақсы мақала, жақсы шығарма қолыңа түссе, автордың кім, қайдан екеніне қарамастан, Шәкең бірден оның қамқоршысы болады. Ол өзіне бауырды, іні-қарындасты өстіп көбейтеді. Шығармасын сыйлаған ағаны сыйламаған ондай іні-қарындас кімді сыйлайды?! Шәкеңді жастардың неге сыйлайтын,

неге жақсы көретін құпиясы негізінен осы ғана.

Шәкеңнің бар қыры мен бар сырын айтып тауысу міндет емес болар, ол мүмкін де емес. Алпыстың асқаралы тұғырына шыққан аяулы ағамызға осы абыройдан айрылмауын тілейміз. Елі үшін қажет құнды шығармаларды әлі де мол тудыруын қалаймыз. Ағалықтан даналыққа бара жатқан биігі баянды болсын!

«Халық кеңесі» газеті, 8 қыркүйек 1992 жыл.

ЖҰЛДЫЗЫ НҰРЛЫ

Сыншы Сайлаубек Жұмабеков Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы туралы «Жұлдызы нұрлы суреткер» атты монографиялық очерк жазып бітірді. Оқырмандар назарына таяуда жарық көретін осы кітаптан үзінді ұсынып отырмыз.

Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ

ШЕРХАН МҰРТАЗА!..

Бұл әуелі құйқалы-қазыналы, Оңтүстік Қазақстанда – кәдімгі Қаратау мен Алатауды өзінің қос жанары мен қос бүйрегіндей, қос өкпесі мен қос қанатындай сезінетін көне Мың Бұлақта – қазіргі Жуалы ауданындағы Талапты ауылының Құли бастауында 1932 жылы дүниеге келіп, мектептен соң бірден 1950 жылы Мәскеуге қаймықпай жол тартқан, арман арқалаған, бірақ нақты мақсат жетелеген балаң бозбаланың аты-жөні ғана еді...

Бұл әлі сол сапары сәтті болған, сөйтіп, 1953-1955 жылдары еліміздегі ең таңдаулы, ең беделді университеттің биік талаптары мен қатал сындарынан сүрінбей өткен, озық дәстүрлері мен ұлағатты дәрістерін, зиялы тағылымдарын өз бойына мейлінше мол сіңдіруге тырысқан намысқой, еңбекқор, жігерлі, тындырымды студенттің аты-жөні ғана еді...

Бұл кейіннен өзінің сол студенттік шағында жинақтаған парасат-пайым қорын енді 1955-1963 жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі – кәдімгі журналист ретінде мейлінше өткір, мейлінше ұрымтал, мейлінше орнықты пайдалана білген, сөйтіп осынау қабілет-қарымы арқылы көзге түсе бастаған жас маманның, романтик жанның аты-жөні ғана еді…

Бұл сонымен қатар, жер көріп ел аралаған, тіршіліктің әрқилы демімен, әралуан қауыммен қоян-қолтық араласқан, шүйіркелесіп сыйласқан, замандастары мен тағдырластарының жүрек лүпілін, жойқын еңбегін, ой-қиялдары мен арман-мүдделерін, небір зәру проблемаларын очерктері мен мақалаларында әдемі жазған ысылған журналистің әрі алғашқы әңгіме-повестерінде өмірден зердеге түйгендерін көркем кестелеуге ұмтылған жас жазушының аты-жөні ғана еді…

Дәлел үшін оның бір очерктер жинағын («Құрылысшы Дәку», 1958 жыл), бір прозалық кітап («Табылған кітап», 1963) шығарғанын айтсақ та жеткілікті.

Алайда, мұның бәрі тек 1963 жылға дейінгі жағдаят-жәйттердің сорабы,

ұзын-ырғасы ғана еді.

Енді ұлы Пушкин айтатын: «Души прекрасные порывы...» дейтін аңсаршыл, бозым шақтың аяқталып, тағы да сол Пушкин айтатын: «Служенье муз не терпит суеты» дейтін, яғни сабаға түскен, сабырға келген сақа шақтың тізгін ұстатқан мезгілі туып еді.

Сонымен, 1963 жыл! Міне, оның өміріндегі ең шешуші кезең осынау жылдан арна алады.

ШЕРХАН МҰРТАЗА!..

Міне, содан бері бұл есім, сөз жоқ, бүкіл қазақ халқына кеңінен танымал есім! Өйткені, осы жылдан бастап өзім айта беретін, сүйсіне беретін: «Отызында орда бұзған» кезең – үлкен бір белес басталады. Мұның өзі тап сол 1963 жылдан серпін алған әрі күні бүгінге дейін заңды түрде жалғасып келе жатқан сирек құбылыс!

Ал, өздеріңіз-ақ байқап көріңізші! 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі – «Жас Алаш») газетінде; 1970-1972 жылдары «Жалын» (қазір журнал) альманағында; 1972-1975 жылдары «Жұлдыз» журналында; 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде; 1989-1992 жылдан бері «Егеменді Қазақстан» (бұрынғы «Социалистік Қазақстан») газетінде талмай бас редактор болып келеді.

Сондықтан шығар, отыз жылға жуық мерзім ішінде Шерхан Мұртазаның шығармашылық пен қайраткерлік жолда қазақ баспасөзінде қалыптасқан, сол арқылы қалың оқырман қауымға біртіндеп жете таныс болған. Оның журналистік тұлғасы суреткерлік болмысына, ақынжанды суреткерлік тұлғасы журналистік болмысына сәулесін шашып өзара бірін-бірі шырайландыра, ерекшелендіре түскен егіз қасиеттері негізінен осы кезеңдегі қазақ баспасөзінде қалыптасумен, үркештене түсумен бірге соншалықты терең із қалдырған, жеке бір мектеп болғандығымен даусыз мойындалған, көптің көкейінен шыққан.

Демек, Шерхан Мұртазаның қазіргі суреткерлік болмысы, редакторлық мектебі сүбелі-сүбелі зерттеулерді күтіп тұрған тың тақырыптар. Сондықтан шығар, елдің өз перзентіне деген қылаусыз пейіл, ыстық ықылас білдірген әрі біртіндеп әбден орныққан, өріс тапқан және қанат жайған тұстары, сөйтіп әрбір саналы жүректен ойып орын алған толассыз тұстары – оның жазушылық болмысына, редакторлық қажыр–қайратына тікелей сәйкес келіп жатады. Бұған дәлел ретінде «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті», «Егеменді Қазақстан» газеттері мен «Жалын», «Жұлдыз» журналдарының тігінділерін ақтарсақ көзіміз бірден жете түседі.

Асылы, Шерхан Мұртаза бас редактор болған жылдары бұл басылымдардың қай-қайсысы болмасын батылдығымен, өткірлігімен, заман мен қоғам алға қойған саналуан көкейтесті, зәру мәселелерді бүкпесіз көтере алатын алғырлығымен ерекше көзге түсетін. Оның үстіне өзге бірде-бір басылым дәл жоғарыдағыдай сипаттарымен ол басқарған редакция ұжымымен осы орайда, ешқандай бәсекелесе алмайтын еді. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома!

ШЕРХАН МҰРТАЗА!

Қазір бұл есім, сөз жоқ, бүкіл халық сүйіспеншілігіне заңды бөленген ардақты есім, арлы есім, айбарлы есім, әдебиетіміз бен мәдениетімізге көрнекті бедел боларлық абыройлы есім! Өйткені, осынау отыз жылдың ауқымында бұл есім қазір бірінен-бірін жіліктеп, бөлектеп, жекелеп қарастыруға мүлде жараспайтын әрі әсте олай етуге келмейтін, қайта керісінше, бірін-бірі өзара анықтай, толықтыра, пысықтай түсетін ірі-ірі ұғымдардың – Суреткер, Редактор, Қайраткер дейтін нақты философиялық ұғымдардың сапалық көрсеткішіне көз алдымызда айналып кеткен.

Мәселен, Шерхан Мұртазаның есімімен біздер сөз жоқ, аса көрнекті суреткердің дербес көркемдік әлемін, көшбасшы редактордың Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен жүргізген сұхбаттарынан, публицистикалық ой-толғаныстарынан, әралуан эсселері мен очерктерінен елдік-ұлттық шынайы көзқарастарын; парламент мүшесінің биік мінберлерден сөйлеген сөздерінен саяси-қоғамдық, тарихи-философиялық, дәйек-дәлелдері мол әрі бұлтартпас деректерге негізделген байсалды шешендігін ұдайы қапысыз танимыз, ұдайы тап басамыз. Ұдайы сүйсінеміз!.. Сөйтіп, Шерхан Мұртазаның көркем туындыларындағы, баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарындағы публицистикалық толғаныстарындағы, парламент мінберінде сөйлеген сөздеріндегі айыз қандырарлық кенен-кемел ой-пікірлерді өзіміздің төл олжамызға балап, керек тұстарда қажетімізге жарата береміз.

ШЕРХАН МҰРТАЗА!..

Сонымен бұл есім қазір, сөз жоқ, тәуелсіз елі мен туған халқының төл меншігіне, заңды мақтанышына өзінің жоғарыдағыдай қыруар еңбектерінің нәтижесінде лайықты айнала білген айтулы да құдіретті есім! Сөйтіп, рухани-парасат қазынамыздан ойып орын алған, қоғамдық-әлеуметтік санамыздан тиесілі төрін алған біртуар есімдердің бірінен саналады десек әсте артық айтпаймыз.

Ал, Шерхан Мұртаза осындай керекарыс бақ пен тұғыры нық суреткерлік, редакторлық, қайраткерлік даңққа қалай қол жеткізген? Иә, ол бұған тағдырдың бір өзіне сыйлаған уыз дарыны, қайсар күрескерлігі, тынымсыз бейнетқорлығы арқасында жетіп отыр. Әйтпесе, оның сонау сәби, бала, бозбала кезінде көрген, басынан кешкен өмір-тағдырдың қиямет-қайым қиыншылықтары 50-60-70-80-ші жылдардың буындарына тек әдебиет пен өнердің, театр мен киноның туындыларынан, тарихтан, тарихи құжаттар мен шежіре деректерден ғана таныс шындықтар.

Сонымен, 1963-1992 жылдар аралығында ел аузына үздіксіз ілтипатпен іліну; әдеби ортадағы жас қаламгерлер мен баспасөзіндегі жас журналистердің өзінен кейінгі бірнеше буынына Пір саналып келу, қалың оқырман мен жұртшылықтың алғыс нұрына бөленіп, соған орай елдік-ұлттық мақтаныштарымыздың бір өкілі ретінде толассыз-толассыз аталу, сірә, екінің бірінің пешенесіне – маңдайына біте бермейтін сирек Ырыс – Бақ!

Ал, осынау қазіргі атақ пен даңқтың арғы жағындағы, яғни құрыштан қойылғандай кесек тұлғаның тәмам жұртты не радиоға құлақ түргізген, не теледидарға телміртken, не газет-журналдар мен кітаптарына үңілткен,

не театр сахнасына жетелеген жұлдызды да шапағатты сәттерінің арғы жағындағы небір қыртысты-иірімді астарларды, небір көзге көрінбейтін ащы күй толғақтарды; небір күн-түн демей жазу столында ұзақ шаншылып жанар талдырған, саусақтар мүйізгектенген, жүрек-жүйкедегі сезімдерді талай-талай сан-саққа сарсылтқан әрі талай-талай сілкіністерден шыңдала түскен арпалыс-қиналыстарды, азапты да ләззатты ізденістерді, тер төккен әрекеттерді қайда қоярмыз!?

Жалпы, Шерхан Мұртазаның біз бәріміз білетін, бірақ, кейбіреулер біле тұрамойындағысыкелмейтінбірғанаойсыраған кемшілігібар! Оласакөрнекті суреткер ретінде де, әсіресе редактор ретінде де әрқашан топшыл-үйіршіл келетін «кемталанттарға» (А. Сүлейменов) және елпектегіш әрі принципсіз жағымпаздарға; шығармашылық ортадағы қаражаяу өлеңшілерге, жайдақ жазғыштарға, көлпал сыншыларға, дәрменсіз драматургтерге; кез-келген деңгейдегі қолына қарға саңғырған жаңа бастықты көп жылдар бойына асыға-зарыға күткен сөйтіп, өзгелерді әуелден үрейлендіріп алатын әзірейіл күңіренімпаздарға; кез-келген деңгейдегі бастықтардың төңірегіндегі нөкершіл-қиянатшыл жандайшаптарға; ұсақ-түйек кикілжіңдер мен бейопа күншіл итырғылжыңдардың шоғын үрлеп, отын көсеп қойып, жидіген мысық мұрттарын майлап, қызыл қуырдаққа мелдектейтін мефистофельдерге, газет не журнал беттерінің төрінен орын бермедің деп текірек қағатын мүшелтойшыл «шала Шекспирлер мен толмаған Толстойларға» (М.Әуезов); менменсіген өз пендешіліктерін тек әділдік пен әділетке балайтын, сөйтіп, астамшылдыққа ұрынатын сормаңдай танталдарға; нені болсын өзгеге қиып салуға (тек әйтеуір өздері емес) шімірікпейтін, құртмүйіз вирусына шалдыққан, түрі жып–жылтыр қорқау жандарға әсте ұнаған емес! Иә, ол рас қазір де осы принципінен айныған емес!

Сірә, енді осылай болып та қала берер!

Өйткені, бұл оның күнделікті өмір ағынында, бұйырған қызметіне, несібе, ырысы – шығармашылық жолында берік ұсталған этикалық-эстетикалық принциптерінің өзегін құрайтын алтын талшықтардың – күретамыр артериялардың бірінен саналады. Оған оның «Табылған теңіз», «Бұлтсыз айлағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Сталинге хат», «Қыл көпір», «Бесеудің хаты» және тағы басқа туындыларының кейіпкерлері адамдардың жоғарыдағыдай типтеріне ұдайы қарсы күресуімен келеді. Бұл шығармалардың баршасы оқырмандар мен көрермендерге кеңінен таныс, мәшһүр дүниелер. Сондықтан біз бұларды жан-жақты қарастырып жатпаймыз. Оның есесіне, Шерхан Мұртазаның көшбасшы редакторлық, публицистік болмысына назар аударғанды жөн көріп отырмыз. Бұл орайда оның Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен жүргізген сұхбаты да жеткілікті сияқты.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, сөз жоқ, қазір бүкіл әлем таныған, мойындаған, құрметтейтін саяси қайраткерлердің қатарында, Тәуелсіз мемлекеттің туын биік ұстау мәртебесі ең алғаш рет Нұрсұлтан Назарбаев ағамыздың несібесіне бұйырып, бақырысын асқақтатып қойған тағдырымызға ризамыз!

Бұған сөз жоқ, сүйсінеміз және заңды түрде мақтанамыз! Біздің бұл

мақтанышымыз бен оған деген зор сүйіспеншіліктен тұратын құрметіміз, асылы Нұрсұлтан ағамыздың ұлттың, қазақ деген көнтерлі халықтың ғасырларда бір келетін жұлдызды шағында жарқырап көрінгенінде жатса керек. ХХ ғасырдың соңғы ширегінде саяси аренаға партия жетекшісі (1972 жылы Теміртау қалалық партия комитетінің екінші секретары болған – С. Ж) болып шыққан Нұрсұлтан Назарбаев арада жиырма жылға таяу уақыт ішінде (1991 жыл) тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті болып сайланды. Ол бүкілхалықтық сайлау барысында (1-желтоқсан, 1991 жыл) сайлаушылардың 98,9 процент дауысына ие болды. Саяси қайраткер, мемлекет басшысы үшін халық сүйіспеншілігін бұдан артық дәлелдеудің қажеті жоқ! Шындықтың шырайын шынайы көрсететін шұғылалы цифр – шұғылалы көрсеткіш деп осыны айтамыз!

Саяси қайраткерлердің бүкіл болмысын нақты көрсететін рейтингті, ең алдымен халық сеніміне ие болған адамның іс-әрекеті айқындайды. Сондықтан шығар халықтың күнделікті тіршілігіндегі, келешек жоспарындағы тағдыры қандай дәрежеде болса, сол көрсеткіш қана саяси қайраткердің рейтингін нақты анықтайды.

Президенттің әрбір қадамы халық сенімінен тірек тауып жатса ғана құдіретті болса керек!

Президенттің әрбір шешімі халық сенімінен алшақтаған сайын, оның саяси беделі құмға сіңген су сияқты болады.

Әзірге Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың халық сенімінен, ұлттық мүдделеріміздің биігінен шығып жүргені ешқандай күмән тудырмайды. Ол өзінің «Әділеттің ақ жолы» атты кітабындағы: «Саяси және мемлекеттік қайраткердің еншісі – бұл ең алдымен оның иығына түсетін орасан зор ауыр еңбек және бұған сеніңіз, жайбарақат өмір сүруге мұрша бермейтін ғаламат күшті жауапкершілік сезім! Бұл жерде моральдық қанағаттанғандық сезіміне бөлейтін бір-ақ нәрсе бар, ол өз халқының мұң-мұқтажы мен талаптілегін түсінетініңді, оны айта алатыныңды, адамдардың тарапынан қолдау табатыныңды сезіну ғана. Әлбетте, бұл ретте ешқашан да масаттанып, мәз болудың қажеті жоқ – өзіңді өзің асыра бағалаудың неге алып барып соқтыратынын біздің бәріміз де жақсы білеміз» – деген принципін берік ұстанады. Солай болып келе жатыр. Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен «Егеменді Қазақстан газетінің бас редакторы Шерхан Мұртазаның сұхбатын қазіргі кезде жақсы бір дәстүрге айналған озық нышан деуіміз керек. Мәселен:

– Соңғы кезде Сіз конференцияны жақтайды деген қауесет шығып жүр. Бұған наразылық білдіретіндер де бой көрсетіп қалды. Анығы қалай?

– Бұл бекер сөз. Қауесет деген де қара күйе сияқты: күйдірмейді, бірақ, күйесін жағады. Мысалы, не дейсің, Назарбаев Тегеранға екі рет жасырын барып қайтыпты. Ядролық қаруды сатпақшы көрінеді деген де қауесет тарады. Өтірік пе? Өтірік. Енді конференция дегенді шығарыпты. Иә, конференция болу керек дегенді мен кезінде, сонау тамыз бүліншілігіне дейін айтқаным, жақтағаным рас. Бірақ, уақыт жағдайды күрт өзгертті. Бұрынғы Одақтағы республикалар тәуелсіз мемлекеттер болды. Мен айттым: тәуелсіз мемлекет болдық екен, ендеше бұл мемлекеттер арасында біреу аға, біреу

іні, біреу үлкен, біреу кіші деген болмайды. Бәрінің хұқығы тең. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы дегеннің мәні осыған келіп саяды. Ал, енді келіп Назарбаев конференцияны көксеп жүр дегені қисынсыз. «Түркие» газетінің тілшісімен менің сұхбатымды әдейі бұрмалау.

– «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген, сірә, сол шығар. Ал, енді ол аз болса, сақалы сапсиған «Известия» газеті: Назарбаев Қазақстандағы орыс тілді жұртшылықтың тұтқыны деп соқты. Бұл қалай?

– Тағдыр мен тарих солай жаратылған. Ол рас, Қазақстанда тұратын 17 миллион халықтың тек 7 миллиондайы ғана қазақтар, 10 миллионы өзге ұлттың өкілдері. Мұндай жағдай Өзбекстанда да, Қырғызстанда да... Украинада да жоқ. Сондай қалай, әлгі 10 миллионды көзге ілмеу керек пе? Қазақтың жерін «халықтар достастығының лабораториясы» жасаған мен емес... Өткен өтті. Өткеннің бәріне де тас лақтырып, топырақ шашу, тағы қиын.

Айттым ғой, мұның бәрі тағдыр мен тарихтың ісі. Осындай тағдырға тап болған екенбіз, енді не істеу керек? Кейбір «әсіре патриоттар» айтып жүргендей, шоқпар алып, сойыл соғып шошаңдату керек пе? Онда қан төгіледі. Кім қырылады? Тағы да қазақ қырылады. Осы ма бізге керегі? Ондай қырғынға жол беріп, тарих алдында күнәкар болғым келмейді. Бәрін де айламен, ақылмен шешу керек. Қазақ өз жерінде басым көпшілікке айналып жатса, бұйырса, ондай да күн туар, сонда да: «Өзің өлме, өзгені де өлтірме» деген даналықты таңдау керек. Ал, мұның есесіне, орыс тілді халықтардың өкілдерінен күтеріміз — өзара түсіністік, өзара сыйластық, өзің өмір сүріп жатқан жеріңді сыйлау, сол жердің байырғы төл халқының әдеп–ғұрпын, салт–санасын, тілін, дінін сыйлау. Береке, бірлік осында.

– Уақыт тығыз. Жұмыс көп шығар. Осы сіздерде бос уақыт бола ма өзі? Ана бір жылы Жастар театрына Колбинді зорлағандай етіп ертіп барғаныңыз есімде. Соңғы рет театрға қашан бардыңыз?

– Былтыр желтоқсанның 31-і күні Минскіден ұшып келе жаттық. Ұшқыштардың командирі маған бір қағаз ұсынды. «Сіз 1991 жылы әуеде 382 сағат ұштыңыз» деді. Мен айттым: «Бұл көп пе, аз ба?», «Бізге 300 сағат ұшқан ұшқыштарға бір жылғы стажымыз екі жылға саналады». «Неге?» деймін мен. Сөйтсе, 10000-11000 биіктікте радиация 260 рентген болады екен. Жә, жұмысты көпалыққа нәтижесі керек. Халықтан тын ештеңе жоқ. Ал, театр мәселесінен ұяттымыз. Соңғы рет ұмытпасам, былтыр күзде бардым-ау, деймін. Қазақ академиялық драмтеатрына. Қазір гой, міне, сізбен отырмын. Шынымды айтсам, бүгін келініңіздің туған күні еді. Үйге ертерек қайтамын деп қойып едім... – деген мысалдардың өзі-ақ талай нәрсені аңғартады.

Бұл – «Мен – Әбілқайыр емеспін!» атты сұхбаттан. («Егеменді Қазақстан», 14 ақпан, 1992 жыл).

Меніңше, мұның өзі Президенттің халық алдында істел жүрген жұмысына мерзімінде есеп беріп қоюдың ең тиімді формасы. Мұның өзі республика алдында, халық алдында тұрған мәселелерді стратегиялық не тактикалық тұрғыдан шешудң жолдары туралы пікір алысудың ең ұтымды жолы.

Мұның өзі тәуелсіз мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатындағы Прези-

дент пен халықтың біртұтас платформасын айқындаудың, жүзеге асырудың оңтайлы тәсілі.

Мұның өзі, сөз жоқ, Президент Нұрсұлтан Назарбаев жүргізіп отырған саясаттың реализмін жұртшылыққа кеңінен жеткізудің, пікірлер плюрализмін тудырудың, жаңа қадамдарға қажетті қозғаушы, түрткі болатын импульстарды айқындап алудың жариялылық сипатына жатады.

Мұның өзі, сөз жоқ, Президенттің күнделікті тіршілікте саяси немесе экономикалық талап-тілектерден туындап отырған міндеттерге сәйкес жүргізіп отырған жұмысын бағалауда ешқандай бұрмалауға жол бермейтін шындықтың ресми көрінісі де болмақ.

Біз көшбасшы редактордың Президентпен жүргізген сұхбаттарынан өзіміздің небір көкейкесті сұрақтарымызға дал де нақты жауаптар аламыз.

Байқайсыз ба, Президент Нұрсұлтан Назарбаев әлемдегі саяси қайраткерлердің, реформаторлардың жаңа тұрпаттағы белді өкілі.

Өйткені, ол саясатта мейлінше реалист, дәстүрлердің озығын сақтау, соны дамыту саласында принципті түрде консерватор болып көрінуден тайынбайды да, қаймықпайды да.

Өйткені, ол – саясатта мейлінше радикал, мейлінше демократ. Бірақ, әрқашан конституциялық жолмен, өркениетті үрдіспен жүзеге асыруға ұмтылатын қайраткер.

Асылы, Президент Нұрсұлтан Назарбаев саясатта мейлінше ашық, айқастың жолын ұстанады. Мысық табандауға, жымысқы тор құруға жаны қас. Ол қайда болсын, қашан болсын, қандай жағдайда болсын әріптестеріне мәрттікпен, жігіттікпен, құрметпен қарайтын, рыцарьлық парасатпен қарайтын аса көрнекті бірегей мемлекет қайраткері. Өзгелерден де осыны талап етеді. Ол – Абылай да, Әбілқайыр да емес!

Ол – тек Нұрсұлтан ғана! Осы қасиеті арқылы әріптес саясаткерлерді өзін сыйлатуға еріксіз мәжбүр етеді. Шамырқанған Нұрсұлтанды қайтып ию үшін, оның келісімін алу үшін көп күш-қажыр керек. Оны:

«Мен үшін және Орта Азия республикаларының басшылары үшін Брестегі құжаттарға қол қойылуы көп ретте күтпеген жағдай болғанын бұрын да атап көрсеткенмін. Рас, Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығын құру жөніндегі Келісім тексін келісіп алу үшін мені төртінші құрылтайшы ретінде шақырған болатын. Бірақ, құжаттарды дайындау процесінде о баста қатыспағандықтан мен бұл ұсыныстан бас тартуға мәжбүр болдым.

... Тәуелсіз бес мемлекеттің Ашхабадта бас қосқан басшылары қазіргі қалыптасқан нақты жағдайларды ақыл-парасатпен өлшеп-пішу нәтижесінде балама блок құру жөніндегі пікірді үзілді-кесілді ысырып тастады. Тиісті мәлімдеме қабылданды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Құрылтайшыларының Келісім жаңа саяси одақтың инициативалық нұсқасы ретінде қарастыру жөніндегі ұсынысын ескере отырып, бес республиканың Президенттері өздерінің әріптестеріне консенсус іздестіруге, Жоғары мәртебелі Келісуші Жақтар ретінде тең хұқықты жағдайда құжатқа қол қоюға әзір екендіктерін аңғартты», – деген мысалдардан да толық байқаймыз. (Н. Назарбаев. «Империялық одақтан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына»,

«Жас алаш», 10-наурыз, 1992 жыл).

Асылы, Президент Нұрсұлтан Назарбаев өмірде, саясатта, тіршілікте болады-ау деген жәйттердің алдын алуға, уақыттан ұтылып, цейтнотқа түсуді жек көретін қайраткер. Бұған оның Қарағанды кеншілерімен тіл табысуы толық дәлел.

Асылы, саяси қайраткерлердің, әсіресе, Президенттің – Елбасының бүкіл тіршілігі елдің көз алдында болғаны қандай ғанибет!

Сондықтан шығар, Шерхан Мұртазаның Президентпен жүргізген сұхбаты әрқашан бүкілхалықтық резонанс, жалпымемлекеттік мән-мағына алып жатады.

Сондықтан шығар, Президент пен көшбасшы редактордың сұхбаттары ұлы ойшыл Мишель Монтеньнің: «Нет лучше судьбы для человека, чем хорошо выполнять свое предназначение», – деген қанатты сөзін, көрнекті суреткер Франсуа Мориактың: «На мой взгляд, публицистическое выступление не менее значимо, чем страница романа. Суть не в средствех выражения: так или иначе, все они призваны передать то, что мне необходимо сказать», – деген тобықтай түйінді пікірлерін толық дәлелдейді.

Өйткені, екеуінің де болмыстары осынау ерекшеліктерімен мейлінше дара тұрған аса көрнекті тұлғалар.

Жалпы ел мұратын, республика мүддесін, қазақ халқының бүгіні мен ертеңгісін, болашағын қызғыштай қорып, тәуелсіз мемлекетіміздің берекесі мен ынтымағын қолынан келгенінше қорғап, қолынан келгенінше шуақ-нұрға бөлеп келе жатқан тұңғыш Президентіміз, тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа әдебиет пен өнердің қай саласында болмасын шынайы ода жазсақ ешқандай артықтығы да, ерсілігі де жоқ.

Өйткені, ұлы Абай айтқандай, сүйер ұлың болса, сүйгенге не жетсін!

СУРЕТКЕР Шерхан Мұртазаның публицистикасы, эсселері «Не жетпейді?» (1990 жыл) жинағында және мерзімдік басылым беттерінде жарияланған. Оның бұл саладағы еңбегі, көшбасшы редактор ретіндегі өзіндік мектебі өз алдына бөлек әңгіме болуға тиіс. Мұндай зерттеу де қажет. Мәселен, Шерхан Мұртазаның редактор ретіндегі әділдігі, батылдығы, принциптілігі қаламдастар, журналистер, оқырмандар ортасында әлдеқашан аңызға, мақтанышқа айналып кеткен. Соның бір мысалы, оның Президентпен жүргізген сұхбаттары.

«Алматы ақшамы» газеті, 8 қыркүйек 1992 жыл.

ХАЛҚЫ ҮШІН ҚАЛҒЫМАҒАН ҚАЛАМ

Жанат ЕЛШІБЕК

Қазақстанның халық жазушысы, драматург, журналист,
қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза туралы сыр ұшқындары

Елге еңбек сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда. Қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы – елге еткен еңбегінің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында…

МАҒЖАН.

Мен оның есімін қаршадайымнан білетінмін...

Балқаштың бауырындағы алақандай балықшы ауылының тіршілігі-тынысы да жұпыны ғана. Қам-қарекеті де сүреңсіздеу. Колхоздың бас көтерер ер-азаматтары әрқайсысы жеті-сегіз адамнан үш бригада құрып, балықты ала жаздай шалғайдағы Жыңғылдықайыр аралында жатып ауласа, ал қақаған қыс айларында сүзекіні іргедегі мұз астынан тартады. Аптап ыстықта теңіз лебі қақтаған атпал жігіттердің жүздерін шыңылтыр аязда жарқ-жұрқ ойнаған ақша қар қарып, одан бетер қара күреңітіп жібереді. Күні кеше ғана мектеп партасынан қайыққа отырған аққұбаша өрімталдарыңның өздері небәрі екі-үш аптаның ішінде тотығып шыға келеді. Балықшы кәсібінің қандай екенін осыдан-ақ аңғаруға болар еді. Жаз тулаған толқын жалында, қалтылдаған қара қайық үстінде ау тору, әйтпесе таң алакөбеден бетқаратпас үскірікте қалыңдығы құлаш бойы көкше мұзды сүйменмен ою оңай емес. Қысы-жазы бір сарын, бір сурет. Сөйтсе-дағы, ешқайсысының өз кәсіптерінен әсте зерігіп, иә болмаса айныған байқамайсың-ау. Үлкені бар, кішісі бар үнемі жарқылдап жүргені. Қайдан білейік?! Зерделесек, толқында туғандар бойынан ұшырасар осынау өршіл мінез, бөлекше қасиет – олардың теңіз табиғатымен тамырластығында жатса керек.

Несіне жасырайық, мектеп қабырғасындағы біз қараптан қарап жүріп жалығатынбыз. Оқта-текте бастары зорға қосылатын ересектер бірер күн дамылдап теңізге қайта үдере көтерілгенде аядай ауыл құлақкестітыныштық әлеміне оранып, құлатөбел тіршілігіне енеді. Зерікпегенде ше? Ауылымызда не теледидар жоқ, не кино жоқ. Өйткені, осы өңірде бертінге дейін электр жарығының өзі де болмады. Бұл – түкпірдегі ауылдарға ортақ тән жағдай ғой. Апта, ай аралатып көрші колхоздың киномеханигі Жапарбектің келуі бүкіл ауыл үшін мәре-сәре мереке. Тайлы-таяғы қалмастан ауыл шетіндегі жалғыз қамыс шатырлы үйге – клубқа ағылады. Оларға бәрібір. Түсінсін, түсінбесін үздік-создық келіп фильмнің жүріп жатқан кез келген тұсынан жалғастырып көре береді. Басқа не істесін, уақыт өткізу керек қалай да.

Былайғы күндергі ермек – газет-журнал сыпыру. Әйтеуір бір жақсысы қыр жолымен Үштөбеден жеткізілетін пошта бір аптаның газеттерін жинаптеріп колхоз кеңсесіне әкеп тастайды. Неге екенін қайдам, ол кезде газет-

журналды үй-үйге таратып беру әдеті атымен жоқ-ты. Кеңсеге бас сұққан әркім қолына ілінгенін қолтығына қыстыра кетеді. Сондықтан үлкеніміз де, кішіміз де ең алдымен «Лениншіл жасқа» (қазіргі «Жас алаш» газеті») ұмтыламыз. Асығып-үсігіп төрт бетін шола, үлкенді-кішілі мақалалардың тақырыбына, содан соң олардың авторына үңілеміз. Ал арәгідік өзің жазған кішкентай хабардың «мен мұндалап» алдыңнан шыға келген мезеттегі қуанышты айтып жеткізу қиын-ақ...

Осылайша бауыр басып кеткен «Лениншіл жастан» мен, әсіресе Шерхан Мұртазаев деген фамилияны жиі ұшырататынмын. Әр жазғанын бас көтермей, үтір-нүктесіне дейін қалдырмай сүзіп оқимын. Ол Қазақстан Магниткасынан, бірде Балқаштан, енді бірде астықты алқап пен Нұркеннің атамекені Қарағандыдан үстін-үстін боратып жазып жатады. Маған сол кезде оның очерктері мен мақалалары дәмін құрғатпай шығатындай көрінетін. Шын мәнінде солай да шығар. Әйтпесе, журналист Шерхан Мұртазаев жазған дүниелер арманшыл да әсершіл, еліктегіш балауса қиялыма қанат бітірмес те еді. Өйткені, бәрі-бәрі ұмытылмастай есте. Ойға түсірген сайын жылдар жаңғырығы қоңыраулатып шыға келері де анық. Жүзін де, суретін де көрмеген жанның бейнесін санамда өзімше кескіндеп «әжептәуір жасқа келген үлкен кісі болар» деп топшылайтынмын. Сөйтіп жүргенде есімі жүректе жатталған журналист «Лениншіл жасқа» редактор деп қол қоя бастапты.

Алып-ұшып үйге жеттім.

– «Лениншіл жасқа» Шерхан Мұртазаев редактор болыпты, – дедім қолымдағы газетті көрсетіп.

Теңізден келген бойы екен, аңғал әкем балаша елпілдеп бар назарын маған аударған:

– Ол кім? Балам, сен оны қайдан білесің, ә?!

Жөпелдемеде аузыма сөз түссейші. Мен үшін жауапты шешем беріп жатыр.

– Қайдан білесіңі не? Өзінің хат-хабар жазысып жүрген «Лениншіл жасы» емес пе. Таяуда Алматыдан тағы бір-екі хат келген ұлыңа. Редакциядағы ағалары «мақаланы ұдайы жазып тұр» депті. Сол газетке жаңа редактор тағайындалған ғой. Мұртазаев деген фамилия соңғы уақытта газеттен түспейтін. Жазғандары күшті. Повестері мен әңгімелері де жарияланып жүр. Өзі де мықты болар...

Алпысыншы жылдардың басында алтыншы-жетінші класста оқып жүргенде-ақ газет-журналдарға хабар-ошар, кішігірім мақалалар жазып тұруды үйретіп, ең алғаш бағыт-бағдар берген шешемнің мына пікірінен газеттердің әр санын қадағалап оқитынын аңғарғандаймын.

–Мұртазаевты сіз де біледі екенсіз ғой, – деймін сәбилік пәк көңілмен.

– Өй, құлыным, есіңде жүрсін. Жазушы мен журналисті бүкіл халық білетін болады.

– Шіркін, мен де журналист болсам...

Осы сәт әңгімені әкем қаузаған одан әрі.

– Е... е... солай деңдер... Газетті үзбей оқып жүрген екеуің білесіңдер де. Балам ендігі жерде әлгі мақалаларыңды тура осы өзің танитын редактордың

атына жібергейсің. «Жақсыдан – шарапат» деген. Кім біледі, алдағы жылы оқуға барғанда... көмегі тиер...

– Сіз де қызық екенсіз, – деймін әкемнің сөзін еріксіз бөліп. – Менің шимай-шатпағымды қайдан оқып отырсың. Мен секілді жазып тұратындар жеткілікті шығар.

Бірақ... іле-шала тағы да жігерімді жанығаң шешемнің сөзі арманымды бұрынғыдан бетер асқақтатып жібергендей.

– Олай демегін, балам. Әкең жөнін айтып отыр. Үлкен журналист-жазушы ағаларыңмен астанаға барғанда жүздесесің әлі. Өзіңнің алғашқы мақалаларың да жарық көріп жүр. Тек ауылдың, мектебіңнің жаңалықтарын үзбей жазып тұру керек. Қабілетті шыңдамаса болмайды. Әлгі өзің айта беретін редакторың да бірден журналист бола қалды дейсің бе?!

Иә, бүгінде аты-жөні ұлан-байтақ Қазақстанға ғана емес, жер-жаһандағы қандастарымызға мәшһүр қазақтың үокен қаламгері Шерхан Мұртаза есіміне кішкентайымнан қанықпын дейтін сырдың алғашқы ұшқыны осы еді…

* * *

Ұшқыр уақыттың қанатына ілесіп тағатсыздана күткен мезгіл де жетті. Барша абитуриенттерге тән албырт сезім астанаға жетелеген. Алматы тұрмақ, аудан орталығы Үштөбені екі-үш мәрте көрген маған Арман-қала, Ай-қала, Гүл-қаланың әр бұрышы, әр ғимараты тамаша! Бейне көкемнің үйі күтіп тұрғандай келген бетте «Коммунистік 63-ті» іздедім. (Қазіргі Абылайхан даңғылы бойындағы Денсаулық сақтау министрлігінің ғимаратында ол кезде бүкіл газет-журнал редакциялары, оның ішінде «Лениншіл жас»-та орналасқан болатын.)

ЦУМ-ның төңірегіндегі бұл үйді қиналмай тез-ақ тауып алсам да, ішке енуге жүрегім дауаламаған. «Кімге барамын?.. Не деймін?.. Мені кім күтіп отыр дейсің?..» Бірақ... кіріп-шығып жатқан адамдардың жарқылдаған жайдары жүздері ерекше батылдық бергендей. Жедел баспалдақпен жоғары өрледім. Үшінші қабаттағы «Лениншіл жастың» табалдырығын аттаған мезетте жүрегім кеудеме симай қайтадан тулап кеткені. Өйткені, аядай төрт бұрышты дәліздің бүкіл қабырғасы жағалай есік екен. Оның үстіне бәрі де айқара ашық. Іркес-тіркес қойылған үстелдер... Өңкей қағазға шұқшиғандар... Құрсауға түскендей күй кешкен менің ілкі сәттік жағдайымды сезген ұзын бойлы жігіт жылы ұшырай жөн сұрай бастады.

– Кәне, балақай, бері қарай жүр, – деді ол оң жақтағы бөлмеге бастап. – Жазғандарыңды оқиық. Мен – Қалдарбек Найманбаев деген ағаңмын.

– Сізді білемін ғой, – дедім өзімді енді ғана еркін ұстап.

– Мақалаларыңызды Әбілсейіт Айханов, Тимур Сегізбаев туралы жазғандарыңызды оқығанмын. Мен сіздердің штаттан тыс тілшілеріңізбін. (Қолымдағы дәптерге желімдеген «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінде жарияланған материалдардың қиындыларын көрсеттім). Журфакқа барғым келеді. Соған анықтама ма, мінездеме ме берсеңіздер.

–Жарайды. Дұрыс екен...

Біздің әңгімемізді көкжелкемнен гүж ете түскен дауыс бөліп жіберді:

– Оу, Қалаға, не тіршілік? Беттер дайын ба?

Орнымнан ұшып түрегеліп, қолымды ұсындым.

– Шер-аға, біздің мектептегі юнкорымыз. Оқуға келіпті, журфакқа тапсырмақ. Мінездеме сұрайды.

Бағанадан үн-түнсіз өткір жанарымен бас-аяғымды шолған ол келте ғана тіл қатты. Әлгіндегідей емес, қатулы көрінген қою қабағы да, бөлекше жайдарыланып, жүзінен мейірім шуағы төгілген оның сөзі құлағымның түбінде ұмтылмастай жаңғырып тұрғандай.

– Беріңдер, сұраған қағазын! Септігі тиер.

Ғажайып әсерге бөленген мен редакциядан төбем көкке жеткендей болып шықтым.

Бұл күнгі және бір «ашқан Америкам» – өзім сырттай «жасы жер ортадан асқан егде адамдардың қатарында шығар» деген пікірімнің тас-талқан болуы. Сөйтсек ұшқыр да, қарымды қаламымен қалың оқырманның жүрегіне жол тапқан Шерхан ағаның небәрі орда бұзар отыздан енді ғана асқан арыстан жүректі, семсер тілді, нағыз қылшылдаған шағы екен-ау.

Айтпақшы, әскери комиссариаттың тиісті куәлігі болмағандықтан құжатымды журфакқа өткізе алмаған мен шарасыздан қайтадан «Лениншіл жасқа» жүгірдім. «Басқа кімім бар?». Ал уақыт болса ырғалып-жырғалуды көтермейді. Ертең – құжат тапсырудың соңғы күні. Менің қалімді сезген журналист жігіттер ақыл-кеңестерін айтып жатыр. Көбі:

– Тездетіп ҚазПИ-дің филфагына тапсыр, – десті.

– Мұғалім болғым келмейді. Әлде келер жылы келсем бе екен, – деймін екіұдай күй кешкен екен.

– Балақай, алдымен түсіп ал. Кейін ауысып кетерсің. Әйтпесе, білдей-білдей жазушылар мен журналисттердің көбі сол ҚазПИ-ді бітірген ғой.

Сөйтіп, лениншілжастықтардың демеуімен филфакқа оқуға түсіп кеттім. Емтиханда жазған шығармамның бірінші бетіне «Лениншіл жастың» жас тілші ретінде берген мінездемесін бірге іліп жібердім. Кім біледі, дуалы ауыз Шер-ағаңның айтқанындай «септігі тиген» болар...

Пәк жүректе ұялап қалған, осынау елеусіз ғана сәтті үкілеп жаңғыртудың еш артықшылығы жоқ шығар деймін.

* * *

Рахаты мен қызығынан гөрі қиыншылық пен бейнетті көп көретін журналистер еңбегін кейбіреулер жан дүниесімен сезіне білмейді-ау. «Барды... көрді... жазды... бітті...». Газетті қолына ұстағандардың дені де осындай пікірде. Несіне жасырамыз, арагідік болса да мұндай ұшқары ой түйетіндермен бетпе-бет кездесіп те жүрміз.

Шын мәнісінде әр сөзді, әр деректі, әр цифрды елеп-екшеп сөйлету оңай емес. Шалажансар, дүмбілез құрғақ әңгіме жүректерге қонақтамайды. Бейнелеп жеткізсек журналист кез келген сөзге жан берер донор да. Сүзіп алар дәнегі мен мәйегі жоқ материал – әсерсіз дүние. Сондықтан оны ешкім қажет етпейді. Ең бастысы, журналист өзінің негізгі кейіпкерінің тағдырына, оның сүйініші мен күйінішіне бейқам қарай алмайды. Редакциядан жәрдем күтіп қол ұшын созған немесе істің ақ пен қарасын анықтап айырып беруді

өтінген шағым иелерінің ойынан табылу – қара қылды қақ жарғанда ғана. Демек, журналист иығына түсер жауапкершілік жүгі зілбатпан. Әрине, әділеттің жолы – ауыр сын. Қуатты қала қашанда қалтылдатпай алып шығады.

Газеттің бұдан басқа да игерер, оқырмандарына ұсынар келелі тақырыптары сан салалы, әрі тарам-тарам. Кесек проблемаларды қозғап, әлеуметтік толғақты тақырыптарды көтеру, туған елінің ұлттық мүддесі саналар толып жатқан өзекті де, зәру мәселелер хақында дер кезінде қоғамдық пікір туғызу – журналист қауымының бірден бір парызы, абзал борышы. Ал, осынау идеяның қай-қайсысын болсын газет бетінде жарқыратып көрсетіп беру терең білімділікті, талмай ізденісті, үлкен шеберлікті талап ететіні мәлім. Сырттай романтикалық әсері басым көрінер журналистік кәсіптің қыры мен сырының сан қатпарлы екендігіне «Лениншіл жасқа» қызметке орналасқанда анық көзім жетті.

1969 жылдың көгілдір көктемінде қолыма институт дипломы әлі тие қоймаған соңғы курс студенті – маған «Лениншіл жастың» мандатып ұстатқан Шер-ағаңның айтқан сөздері әлі жадымда.

– Ең алдымен жазу керек. Халықтың, оқырманның, жастардың көкейінде жүрген проблемаларды жазған дұрыс. Содан соң ескертерім, редакция ішіндегі әрқилы әңгіме жөн-жосықсыз сыртқа шықпауы тиіс. Өсек-аяннан, пыш-пыштан аулақ жүргейсің. Ал газеттің ең маңызды, ең жауапты штабы – секретариат. Макет те – өнер. Сендерге бұл жағын оқытқан да, көрсеткен де жоқ қой. Қысылма, әлі-ақ үйреніп кетерсің. Тек ынта болсын.

Шындығында секретариат жұмысы мен үшін сырлы жұмбақ. Не шрифттен, не квадраттан, не макеттен еш хабарым жоқ. Суреттердің көлемін өлшейтін, материалдардың жолын есептейтін арнаулы сызғыштарды бұған дейін қолыма ұстаған емеспін. Әйтеуір білетінім, жазған материалдарымды бөлімдерге әкеліп тапсыру. Журфактың студенттері секілді өндірістік тәжірибе кезінде газет жұмысына көз қанықтырып көрсем бір басқа. Сөйтсе де, жауапты хатшымыз марқұм Сәбит Жиренов, жауапты хатшының орынбасары Серік Әбдірайімов, секретариат қызметкерлері Эрнест Төреханов, Әскер Исақовтардың үйреткен бағыт-бағдары арқасында секретариаттың ұңғыл-шұңғылын тез-ақ меңгеріп алдым. Тіпті, кейде кезекті нөмірдің макетін үйге алып кетіп, түн ортасына дейін асықпай түрлі-түсті қарындашпен әдемілеп сызып әкелетінмін. Мұндайды Шер-ағаң жақсы көретін. Жігіттерді көзінше сирек мақтайтын ол сәтті шыққан нөмірлердің макеттерін көрсетіп қош көңіл білдіреді. Өзің пір санайтын адамның жылы лебізі, әрине, қанаттандырып-ақ жіберетін.

Редактордың алдындағы алақандай бөлмеде сығылысып отыратын біз бастығымыздың қуанған сәттерін де байқап қалатынбыз. Бөлімдерден түскен жақсы материалдарға, өзі ұнатқан мақалаларға ерекше бұрыштама жазып, айшықты да, көркем безендірілуіне көңіл аудартатын. Шер-ағаңның Оралхан Бөкеевтің «Ұйқым келмейді» очеркін, Ақселеу Сейдімбековтың «Ат шаппайды, бап шабады» деген проблемалық мақаласын, «Пәтер көрген жерің бар ма?» атты диспуттың материалдарын баспаханаға теруге жібермес бұрын-ақ тамсана мақтағаны күні кешегідей есімде.

Елең еткізген тамаша мақалалар мен очерктердің авторларына нөмір шыққан күні-ақ айлық, тоқсандық қорытындыны күтпестен ақшалай сыйлық бергізіп, бұйрықтың көшірмесін есікке ілгізіп қоятын. Бұл да тек Шер-ағаңның өзіне ғана тән қасиет. Өйткені ширек ғасырға жуық мерзім ішінде талай редакторлармен бірге қызмет істегенде өз басым журналист еңбегін Шер-ағаңа бағалаудан үлгісін көрген емеспін.

* * *

Танымал қаламгердің шығармашылық әлеміне жан-жақты терең бойлап, түбегейлі талдау жасауды ағайындарға қалдыра отырып, араға тура жиырма жыл салып 1989 жылдың қарашасында қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Социалистік Қазақстанда» (бүгінгі «Егеменді Қазақстан») қайта қауышқан Шер-ағаң жайында жадымда ұялаған сыр ұшқындарын жаңғыртқанды жөн санадым.

Әйтпесе, Шерхан Мұртазаның романдары мен повестері, әңгімелері мен драмалары, аудармалары мен очерктері, серкесөздері мен сапар жазбалары, көкейтесті сұхбаттары мен проблемалық ой-толғаныстары жеке-жеке өзіндік әңгіме арқауы болары сөзсіз. Кез келген ғылыми дәреже атағын алуға татитын шоң қаламгердің кең тынысты кемел шығармаларының ғалымдар мен әдебиетшілердің назарынан тыс қалуы ойлантарлық-ақ. Әлде, ежелден қанымызға сінген әдетіміз «көрсем де болдым көрмегеннің» кері ме?

Орайлы тұста жазушының қаламынан шыққан туындылардың кейбірін ғана атап өтейікші. «Мылтықсыз майдан», «Бұлтсыз найзағай», «Қара маржан», «41-ші жылғы келіншек», «Интернет наны», «Тілсіз қоңырау», «Шағалалар қайда ұйықтайды?», «Жүрекке әжім түспейді», «Ақсай мен Көксай», «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты»... Жүрек қылын тербер, тұңғиық ойға шомдырар зергер қаламгердің әр шығармасының атының өзі-ақ елең еткізеді. Қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған Шер-ағаңның көркем кесек туындыларының қатарына біз тақырыптарын тізбелеуді ретсіз көрген публицистикалық көсемсөздері бірнеше томды құраса керек. Халқы үшін қалғымаған қалам небір жақұттарды қашауда. Соның айғағы халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Тұрар Рысқұлов хақындағы эпопеяның соңғы бесінші кітабы «Тамұқ» пен бүгінгі күннің ең өзекті мәселесін қозғаған «Жалғыз үйлік зілзала» драмалық трагедиясы. Сиясы кеуіп үлгермеген бұл дүниелер күні ертең-ақ өз оқырмандары мен көрермендерінің жүректеріне қонақтары сөзсіз. Өйткені, Шерхан Мұртазаның жебе қаламы қашанда шынайы, асыл туындыларды сомдаған ғой...

Алуан қырлы суреткердің ғажайып шығармашылық қасиеттері жайында сүйсіне де, құлшына қалам тербеуге болар еді. Бірақ, мерейтой иесінің данғаза мақтау мен марапаттауды әсте жаны сүймейтінін білетін біз батыл, әрі жампоз жазушының, әзілкеш ағаның үлкен тұлғасын сомдар үзік-үзік штрихтардың кейбіріне ғана оқырмандар назарын аудартқым келді.

Ұзақ жылдар бойы «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Жалын», «Жұлдыз» секілді газет-журналдарда бас редакторы болып тер төккен Шерхан Мұртаза республика баспасөзінің қара шаңырағы «Социалистік Қазақстан» газетіне бас редактор қызметіне кіріскенде былай деген еді:

– Мен аса жауапты да, мәртебелі журналистер еңбегін көтергені – алтын, жегені тікен дала алыбы – түйемен салыстырар едім...

Шер-ағаң бас редактор болып келгенде «СҚ»-ның 70 жылдығына арналған он алты беттік арнаулы нөмір фототерім цехында қатталып жатқан-ды. Ежелгі әдет бойынша Орталық партия комитетінің өкілдері жұмыс соңына таман редакторды ертіп баспаханадағы дайын нөмірдің егжей-тегжейімен танысты. Үлкен үйден келгендер әр бетке жіті үңіліп жүрген кезде бас редактордың көзі колонцифрлардың жанындағы «декабрь» деген сөздерге түсті. Сәл ойланған ол:

– Желтоқсан деп қазақша тергізіңдер, – деді. – Естеріңде болсын, ертеңнен бастап мақалаларда кездесетін барлық айлардың орысша атауларын да түгел қазақша жаза бастауымыз керек. Ешқандай жалтақтайтыны жоқ.

Сонымен «СҚ»-ның өзі айлардың атын қазақша жаза бастады деп республикадағы барлық газет-журнал бұған дейін батылы жетпеген пердені сыпырып тастады.

Іле-шала Шер-ағаңның талабымен СССР, КПСС, ТАСС т.б. секілді ешкімнің жүрегі дауаламас ресми атаулар да газет бетінде қазақша аударылып жазылды. Әрине, бұл батыл қадамға тосырқай қарағандар болды. Тіпті, жоғарыдан бұйрық бергісі келгендер де байқалды. Сөйтсе де, «СҚ»-ның сірескен сеңі осылайша сөгіле бастаған еді.

* * *

Алғашқы күннен қасаң да таптаурын айдарлар мен тақырыптарды тірілтуден бастаған Шер-ағаң газетті биік талап тұрғысынан түлетуге ұмтылды. Ең алдымен мақалалардың тіліне мән беріп азулы да бұлталақсыз, өткір де әділ сын мақалаларға жасыл көшені айқара ашты. Бұл орайда негізгі нысананы аудандық, қалалық, керек десеңіз облыстық партия комитеттерінің тікелей өзіне бағыттау керек екенін айрықша қадағалады. Мұның да сыры бар. Бұған дейін «шыбық тимей шыңқ етер» төрешілерді – партократтарды сынауға кез келгеннің батылы бара бермейтін. Оқта-текте қауқарсыз, сипама сын-сымақтардың жарық көретінін жасыра алмаймыз. Бірақ, ондай дүниенің «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» екені белгілі ғой. Жүрегінің түгі бар Шер-ағаң сондықтан да журналисттерден өткір тақырыптарға түрен салуды талап етіп отырды. Соның нәтижесінде «СҚ»-ның бетінде Талдықорған, Шымкент, Алматы, Павлодар т.б. облыстық партия комитеттері өткір сын тезіне алынды. Бетің бар, жүзің бар деместен бірінші хатшылардың аты-жөндері аталып, олардың жұмыс стилі тілші қаламының ұшына ілінді. Осы орайда бір ғана нақты дерек ретінде Алматы облыстық партия комитетінің кадрлармен жұмыс істеудегі жіберген өрескел қателіктері мен кемшіліктерін айдай әлемге паш еткен «Кіші 37 емес пе?..» атты сын мақаланы айтсақ та жеткілікті.

Әрине, қай газеттің болсын өзіндік бет-бейнесі, дара келбеті онда істейтін журналисттердің қалам қарымына қатысты. Ойды, идеяны айта алушылық бір бөлек те, оны жүзеге асыра білу мәселенің екінші жағы. Сондықтан бәріне мұрындық болар, шығармашылық ұжымға айрықша күш-қуат беріп отыратын «генератор» дейміз бе, әйтеуір тізгінбасы қажет-

ақ. Газеттің сипаты мен салмағы, мазмұны мен мәні тікелей басшысына байланысты дейтін ойдың түп-астары міне, осыдан туындаса керек. Мықты басшы бар жерде – мықты ұжым бар. Бұл ретте шығармашылық қызметіне, басқару стиліне, журналисттік әлеміне әбден қанық Шер-ағаң есімін қалай айтсақ та лайықты. Ол біртуар редактор! Оған «Лениншіл жастың», «Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдыздың» дәуірлеу кезеңдері айқын айғақ.

Тағы да штрихтар. 1991 жылғы 15 мамыр. Сәрсенбі. Газеттің соңғы бетіндегі Бас редактордың фамилиясынан бастап, редакция алқасы мүшелерінің аты-жөндері түгел тұңғыш рет «ов», «ев» жұрнақтарын алып тастап шықты. Осы нөмірді бекіту үстінде төртінші беттің макетінің оң жақ бұрышына Шер-ағаң қара сиясымен бадырайтып аты-жөнін жаза бастады.

– Мырзалар, сәрсенбінің сәтінен бастап, мен Шерхан Мұртазамын, – деді төңірегіне назар аударып. – «Ов», «ев» қамытынан құтылатын кез жетті.

Осы идеяны көптен қолдап, әрі ұдайы қузап жүрген өзгелеріміз де макеттің шетіне жарыса қол қойдық. Айтпақшы біз үшін үлкен оқиға саналған сол күннің куәсіндей төртінші беттің макеті менде сақтаулы.

Көп редакторларға Шер-ағаңның журналистік шеберлігін даралар ерекшеліктерінің бірі – оның газеттің полиграфиялық безендірілуі мен техникалық орындалуын жетік білетіндігі. Несіне жасырайық, бүкіл ғұмырын газетте өткізген кейбір журналисттер зейнет демалысына шрифт пен квадратты ажырата алмай-ақ кетті ғой. Редакторымыздың ұсынысымен «СҚ»-ның әбден сірескен фирмасы бүгінгі талапқа орай қайтадан жазылды. Сөйтіп, өткен жылдың беташар нөмірі жаңа фирмамен, «Егемен болмай – ел болмас!» деген жаңа айдармен жарық көрді.

Ал, сол жылдың 18-маусымынан газет өз оқырмандарына қазіргі жаңа атымен жол тартты. Газеттің шекесіне «Азаттық, Теңдік, Туыстық!» ұраны қойылды. Тағы бір құпияны, ақиқаттың бетін ашайық. Орталық комитетпен айқасып жүріп орын тепкен бұл ұранның авторы да – өзіміздің Шер-ағаң.

* * *

Зұлматтың зарлы жөргөгінде іңгәлаған ұрпақтың пешенесіне тағдырдың жазып қойған тауқыметі көп екен. Бесіктен белі шықпастан қабырғасы майысып қара жұмысқа жегілген балдырғандар ерте есейді. Бала болып мейірі қанып ойнап, иә күле алмаған өрімталдардың жастық, жігіттік шақтары да желпілдеп өте шықпағаны мәлім. Бәлкім, кім біледі, сырт көзге асқар аға қабағының ұдайы қатулы да, айбарлы көрінуі осыдан болар. Мүмкін. Өйткені, табиғаттың құдіретінен күшті ештеңе жоқ қой. Қаршадайынан қалтылдатпай қайрап, жастайынан жалтақтатпай жайнап, солқылдатпай шарт сынар еменнің иір бұтағындай етіп өсірген табиғат тезі– өмірдің өзі. Ұлы нәубеттің, қызыл қырғынның, жазықсыз құғын-сүргіннің, төрт жылға созылған жойқын соғыстың зобалаңын көзімен көріп, қасіретін басынан кешірген қайсар ұрпақтың өкіліне жататын Шер-ағаңның өзегін жарып шыққан, өмірдің өзінен ойып алынған шынайы да, тамаша туындылары бұл күнде сонау бір жылдары шешек атып келе жатқан күйде солып қалған балалық шағының, жастығының бейнесіндей гүл-гүл жайнап

тұрғандай. Шынтуайтына келгенде Шер-ағаңның халқым деп соққан жүрегі, шырылдаған үні нәп-нәзік. Оны мен дәлелдеп жатпаймын. Тек толқындай тулаған жан тебіренісін, кеудесін дүбірлеткен жүрек лүпілін тыңдай біл. Естіп қою аз, бүкіл пейіліңмен сезіңгейсің. Сонда барып жұмбақ жанның құпия әлемін құлшына, құмарлана шарлайсың-ау. Оған мысал, дәлел керек пе? Еш қиналмай айта аламын. Арыға бармай-ақ ең алдымен бүгінгі «Егеменді Қазақстанның» әр бетіне үңіл, парламент залындағы Шерхан Мұртазаның шиыршық атқан сөздерін есіңе түсір.

Бас газеттің ең үлкен көтерер жүгі ретінде ұдайы көңіл аудартқан тақырыптардың дені Шер-ағаңның идеялары. Әсіресе алыстан жүрген ағайындардың бүгінгі қалі, өткен зобалаңды ізі үнемі назардан тыс қалған жоқ. Тіл тағдыры, жер проблемасы, көші-қон мәселелері газет бетінде көтеріліп қана қоймай, осынау келелі де, толғақты тақырыптар төңірегіндегі жан айқайын ол халық депутаты ретінде парламент мінбесінен ұдайы білдіріп отырғаны қалың оқырманға мәлім. Сондай-ақ, бұл мәселелерді Шерхан Мұртаза республика Президентімен жүргізіп келе жатқан сұхбаттарында өзек етіп өріп, «Бір ауыз сөздің» арқауына айналдырды.

«Егеменді Қазақстанға» келген күннен бастап біздің Шер-ағаң үлкен жол үстінде, үнемі іссапарларда жүруді жақсы әдетке айналдырды. Уақыт тынысын тамыршыдай дөп басатын газет оқырмандарының бел ортасында болу – бас редактордың темірқазық мақсаты саналды.

Соңғы бірер жылдың бедерінде ол Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Торғай, Көкшетау т.б. облыстарда, кейбірінде екі-үш мәртеден іссапарда болып, мұхит асып Америкаға түбі бір туысымыз Түркияға, жылдар бойы қақпасын құлыптап ашпай қойған іргедегі Пәкістан мен Иранға, Ұлы мемлекет Үндістанға барып қайтты. Редактор Шер-ағаң жер көріп, ел танып, сапар сазын тамашалап қана қоймай, бүкіл әлемге қазақтың маңдайалды газеті – «Егеменді Қазақстанның» мерейін паш етті. Әлемді шарлаған ұшқыр қалам өз оқырмандарына небір ғажайып сырға толы сапарнама очерктерін ұсынды. Бұл жерде тағы бір айрықша айтатыны – Шер-ағаңның әр сапардан жалғыз болса да, жаңа бір сөз тауып оралатындығы. Бұл күнде сөздік қорымызға еніп отырған ұшақ, Пәкістан, Тегран, әуежай т.б. сөздерді ең алғаш қолданған Шер-ағаң.

Сырт көзге өте қатулы көрінетін редакторымыздың өзінің өкшесін басқан інілеріне, соңынан ерген шәкірттеріне мейірім шуағын төгіп жүретінін айтқанның артықтығы болмас. Оның мінезін терең білмейтін бейтаныстар «Арыстанның аузында қалай өмір сүріп жүрсіңдер?» дегенде, мен мына бір кішкентай суретті ұсынғым келді.

Бірде Шер-ағаң редакция қызметкерлері отыратын үш қабаттағы бөлмелерді шетінен есіктерін ашып, аралап жүреді. Кезек әдебиет бөлімінің меңгерушісі Аян Нысаналының кабинетіне келгенде есіктің тұтқасы болмай шығады. Сипалап тұрып есікті ашса, іште оқырмандардан тау болып түскен хаттарды шұқшиып оқып отырған Аян ұшып түрегеледі.

– Оу, Аяке, мына есігіңе қандай жау шапқан. Аузы-мұрны жоқ, зорға аштық емес пе, – дейді Шер-ағаң.

– Кеше Қарашаш жұлып алған.

–Не дейсің? Еліктің асығындай ғана бөліміндегі жалғыз қыз Қарашаш есігіңнің тұтқасын түбімен қопарып жұлып алса, анау түйедей-түйедей жігіттердің бір күні есігіңмен қоса өзіңді көтеріп әкетпесін, – дейді Шер-ағаң басын шайқап.

Мұндай жанға жылы шуақ үйірер суреттерді Шер-ағаңның өмірінен көптеп келтіруге болады. Қаламнан қолы босаған кезде, дастархан басындағы отырыстарда қоңыр дауысымен ән салар сүйікті жазушысының тамаша қасиеттерін оқырмандары біле де бермеуі мүмкін.

Көптеген қауырсын қаламның қиялы мен арманына айналған «Мұртаза мектебінің» түлегі болғанымды әрдайым мақтаныш санаймын...

* * *

Ардақты перзентінің мерейтойын жерлестері дүрілдетіп өткізді. Қасиетті Жуалы жерінде, Мыңбұлақ бойында, Баукеңнің – Бауыржан Момышұлының атамекенінде, яғни Шер-ағаңның кіндік кескен топырағында бірнеше күнге созылған той салтанатында үлкен қаламгердің алуан қырлы қасиеттері жарқырап көрінді. Оның есімі айтыстың арқауына айналып, жыр болып төгілді, ән болып шырқалды. Көкпар додасына, аламан бәйгеге түскен сәйгүліктер дала төсін дүбірге бөледі. Сірә, туған ұлын көзі тірісінде көкке көтеріп құрметтеген мұндай ел тойы болмаған шығар-ау.

Қазақстанның барлық газет-журналдары Шерхан Мұртазаның азаматтық, һәм қазақи қасиеттерін, қаламгерлік һәм қайраткерлік өзіндік қырлары қақында таласа, жарыса жазып жатыр. Жүректер лүпілі Шер-аға, Ер-аға, Ел-аға деп соғады. Ал оның аялы алақанының табын сезіп өскен өкшелес інілері мен жас толқындардың өзі бұл күнде бөлек-бөлек буынға ұласып отыр емес пе. Олардың аузындағы сөз: «Шерханның шекпенінен шығып едік...» Осындай құрмет пен ілтипатқа оранған Алатаудай ағаның тойы үстінде көкейіме француз қаламгері В. Гюгоның айтқан ғажайып лебізі еріксіз орала берген. «Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады».

Ілкі сәт осынау сөздердің аясына тереңірек үңіліп көрейікші...

Иә, халқы үшін қалғымаған ЖЕБЕ-ҚАЛАМ алты асқардан асып, келесі мұзарттарға самғап барады...

Лайым қанаты талмасын деп тілейік.

«Сұхбат» газеті, 22 қыркүйек 1992 жыл.

ШОҚТЫҒЫ БИІК ТҰЛҒА

Молдахан ӘБДІРЕЙ

Қазақ журналисткасының дамуына өзіндік үлес қосқан Шерхан Мұртазаның шығармашылық лабораториясы да терең тәжірибеге теңелді. Оның сұлбалы көркем туындысын, заңғар жазушылық қабілетін бүкіл республика, қала берді батыс қаламгерлері де жазбай танып отыр. Бүгін біз очеркист-публицист, аға жазушының өмірі мен көркем шығармаларына, әр кезең республикалық баспасөздердегі редакторлық қызмет шеберлігіне тоқталмақпыз.

1955 жылы М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, қаламгерлік қызметін «Жас Алаш» («Лениншіл жас») газетінің тілшісі болудан бастады. Ал, 1963-70 жылдары сол газеттің редакторы болды. Бұл кезең «Лениншіл жас» газетінің жемісті жылдары еді. 1970 жылдың соңына таман Шераға «Жалын» альманахының бас редакторлығына тағайындалды. Осы мезгілде альманахтың қалай қанат қаққанын зиялы қауым жақсы біледі. Оның 50 мыңнан аспайтын тиражы 100 мыңнан асып кетті. Әдебиет саласындағы шимай-шатпақ, күллібадам шығармалар бірыңғай қалыпқа келтіріліп, «Тураби трибунасы» айдарымен әділ бағасын алып отырды.

«Жұлдыз» журналының бас редакторлығы тұсында оның бедел алғаны соншалық – өзі тектес журналдардан бұрынғы одақ көлемінде тиражы жөнінен тек РСФСР-дің журналын ғана алдыға салған басылымға айналды. Басылым бетінде «Әділсін Жұлдызұлы» деген айбынды айдар дүниеге келіп, әдебиеттегі келеңсіз жәйттерді батыл сынмен бағалап отырды.

1975 жылдан 1980 жылға дейінгі аралықта Шерағаң Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы болды. Публицист жазушы ретінде ерекше талант танытуы Шерағаның «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор болған жылдар десек қателеспейміз. Яғни, 1980-89 жылдар аралығы. Оның жетекшілігінде «Қазақ әдебиеті» газеті қайта құру ісіне, жариялылықты жүзеге асыруға айтарлықтай атсалысты. Қазақ халқының тарихындағы ақтаңдақтар жайында, қазақ тілінің мәні мен өріс алу бағыттарына, республиканың экономикалық және мәдени дамуына қатысты күрделі көкейтесті мәселелер көтерілді.

Бүгінде ол «Егеменді Қазақстан» газетінің бас редакторы. Атап айтқанда, бұл газет жариялылық мінберіне айналды. Республика тұрғындарының сүйікті басылымы, сенімді тірегі мен арқа сүйер айқын қара шаңырағы екені танылды. Халқының рухани әлеміне имандылық шарапатын таратып, ұлт пен ұрпақ тарихына баса көңіл бөлді.

Оның республикалық басылымдарға басшылық еткен жылдары сол басылымдардың гүлдену кезеңі екенін зерттеп, білген адамға айқын сезілері хақ. Ендеше, Шерхан Мұртаза шебер редактор. Газет бетіндегі «Жеріңнің аты–тарихтың хаты», «Ата салтың – халықтық қалпың» атты рубрикалардың жарқ етіп, батылдықпен өткенді қозғап, болашақты болжауы редактордың тікелей ұйымдастырушылығымен тығыз байланыстылығын айғақтайды.

Демек, сөз жоқ, «Шерханның редакторлық шеберлігі» атты тақырыпта, теориялық тұрғыда диплом қорғап, пікір-талассыз мақала жазуға әбден болады. Оны публицист-журналист, жазушы ретінде де үлкен талап негізінде талғамды шығармашылық иесі ретінде тануға тиіспіз.

Кез-келген редактор мықты ұйымдастырушы ғана емес, шығармашылық қызметкер де. Ол өз қол астындағылардан идея ұсынуды, айқындылықты қалайды. Соның нұсқасында өзекті мәселерге жетектеп отырады, бағыт сілтейді. Ең бастысы оның батылдығында. Осыдан барып, халықтың сенімін арттырып, рухын көтеретін, адамгершілік пен ізгілікті ту еткен басылым дүниеге келмек. Міне, Шерағаның бойынан бұл қасиеттерді күнбе-күн көруге болады. Ол коллективті ұйымдастырудың да озық теориясын меңгерген жан. Оның көп қасиеттерінің бірі – қызметкерлерінің талабын орындай білуі, бақылай да сене білетіндігі. Мұның өзі бір ғанибет мінез. Сенімділікті құрал етіп емес, табиғи қалыптылығымен ұстана біледі. Ал, коллектив үлкен күш, тек оны дұрыс пайдаланған жөн. Оның баспасөздегі әлеуметтік белсенділігінің кейбір сырларын осы тұстан да іздестіруге болады.

Сонымен қатар Шераға сүйекті шығармалар жазып, қазақ әдебиетінің өскелең өміріне сүбелі үлес қосқан қаламгер де. Оның жекелеген жанрды игерудегі ізденісі соны таланттың өзіндік өрнегін, шығармашылық шеберлігін шыңдап, тағылымдық арнаға ұластырды. Журналистік сапардан басталған қызметі тамшыдан құралған теңіздей бірте-бірте аясын кеңейтіп, кемеліне келді. Бұлағының бастауын ашып, суының мөлдір сылдары тереңге жетіп, бәйтерек тамыры бабына жетті.

Алғашқы жылдары-ақ Шерағаның қаламынан очерктер төгіле берді. Ал, очерктің қоғамдық өмір шежіресі екенін екенінің бірі біледі. Олай болса, көркем очерк көркем публицистика. Яғни, алпысыншы жылдар Шерағаның очерктің кезеңі. Қазақ журналистикасы очерктің жаңа легімен толығып, оның қалыптасуы айтарлықтай белеске көтерілді деген сөз. Ең бастысы – оның қысқа да нұсқа жазып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне» тоқтала білуінде. Нақты тұжырымдылығы. Үлкен щындықты көркем қолданыспен жеткізе алатындығы. Мұны біз «Миллиард толқынында» атты очеркінен дәл аңғарамыз.

«Қар жұлықтан жауды. Жауды да уақытша жеңіске жеткен басқыншыдай жер бетінде біраз жатып, ақыры баянды бола алмай, қара топыраққа сіңіп кетті'». Тек шындық шеңберіндегі қарапайым сөздермен көркем әңгіме туып келеді. «Интернет наны» очерктер мен әңгімелер жинағын оқығанда тың құбылыстан ойлы шежіренің жып-жинақы, жұп-жұмыр формасын біліп, тіл шырынын аңғарасың. Немесе (осы жинақта) «Жұлдыздарын ертіп, ай да бір жаққа кетіп қалғандай еді». Қандай теңеу десеңізші. Кез-келген көркем әдеби туындыларда түнге, айға, жұлдызға қатысты теңеулер көптеп көзге түседі. Ал, очерктегі мынадай тапқыр да ұшқыр теңеу тек Шерағаңнан кездеседі. Кесек тұлғалардың кескін образын сөз шырғалаңына түсірмей, қоғамдық тіршіліктегі көкейтесті мәселелерге өзінің де батыл үнін қосып, шырайлы көріністі алдыңа тартады. Ауыл, еңбек адамдарының мінезін даралап, қаһарлы кезеңнің қатал жүйесіне дөп түскен ерекшеліктерді де осы жинақтан ұшыратасың. «Белгісіз солдаттың баласы», «Табылған теңіз»

повестерінде де сараланған кейіпкерлер бейнесінің өмірге жанасымдылығын сезініп, мезгіл тынысына сай толғаныс толқынын танисың. Түптен келгенде, оның шығармашылық рухы халық ерлігінің бейнесін құрайды.

Шераға тарихи романдар көшінің жалғастығы ретінде бірнеше роман жазды. Қазақ халқының күрескер ұлы Тұрар Рысқұлов өмірінің жай-жапсары, қылаяғы оның сталиндік репрессия шеңгеліне ілініп, қиямет азабын тартуы бәрі-бәрі Шераға қаламының қарымдылығыннан қамал бұзып, жарық дүниемен табысқандай. Бұл шығарманың бірінші, екінші «Қызыл жебе» мен үшінші кітабы «Жұлдызды көпір» сонау тоқырау тоңының көбесі жіпсіп, қаймағы бұзылмай тұрған кезеңінде-ақ дүниеге келген. Мұның өзі заңғар жазушының азаматтық ерлігі. Өз мүддесінен халық, ел, кешегі боздақтар мен бүгінгі ұрпақтар мүддесін жоғары қойып, ұлы перзенттердің ұлан-ғайыр қайраткерлігін мархабат санап, құрметпен бағалағандық. Бүгінде Шераға бұл тарихи эпопеяның төртінші, бесінші кітабын аяқтауға таяу.

Қалың оқырманын қанағаттандырған «Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды. Шығарманың мазмұны, көркемдегі, бояу түстерінің серпілістер мен рухани идеяластығымен тартымды.

Шераға драматургия саласына да соқпай кетпеді. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» атты қойылымдары тарихи драмалық дәрежеде көрермен қауымының көкірегінде қалып қойды. Дәлдік, нысаналық, шеберлік мұнда да ортақ деңгейде қолданылған. Демек, халқымыздың драмалық азығына қосылған мұра.

Ал, 1990 жылы жарық көрген «Не жетпейді?» атты эсселер жинағында тереңнен ой толғап, өткен күндер өткеліне ат басын тіреп, Ғабекең сынды атпал ағалардың кейбір сәттерін толғаныспен еске алса, ендігі бір кезекте тіл тағдыры мен ел тірлігіне тоқталып, ауқымды әңгіме арнасын кеңге салып, философиялық тұжырымға келеді. Осы жинақтың бас-аяғында Шерағаның идеялық шоқтығы, рухани тереңдігі, шығармашылық кемелдігі арта түскені айқын көрінеді. Ішкі әлемінің жаңғырып, көркемдік ерекшелігінің жанданудың жаңа белесіне иек артқанын байқап, қазақ даласының қатпар-қатпар қойнауына биік шыңның ұшар басынан төңірегіне көз жіберіп, шолғыншы болып тұрған қара нарды көз алдыңа әкелесің.

Шерағаның аудармашылық қасиеттінің өзі өзге ел әдебиетінің шығармаларымен қазақ халқын жете таныстыра білді. Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», «Боранды бекет», «Жан пида» атты шығармаларын, венгр халқының ертегілерін, Э. Эриклиннің «Марычкан балалары» романын тәржімалады. Мұндағы ескеретін бір мәселе – тәржіманың түрлері сан алуан. Сөзбе-сөз тәржіма, жолма-жол тәржіма, ең маңыздысы мазмұндылығын сақтап қалған тәржіма болмақ. Шераға – осы ең соңғы тәржіманың шебері.

Жазушының шығармаларындағы сөйлемнің стильдік құрылымы мен тіл байлығы мол, қолданысы айқын, әрбір сөз бен сөйлем орнықты пайдаланып, мазмұндылық пен құндылық күшін арттыра берері сөзсіз. Ой қуаты мен сөз қаруы білектесіп селбесіп, оқырманың жетелей ала жөнеледі. Оқи отырып, шығарма желісіне еріксіз еліп, асқақ арманның қанатына мініп, рухани түлеп шығасың.

Шерағаның қай салада болмасын суырылып шығатындағы оның атап айтар қасиеттерінің бірі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде соңғы жылдар бедерінде әлеуметтік мәселелер мен ұлттық жайларды шешуге қоғамдық қайраткерлігі оны екінші бір қырынан танытты. Халықтық толғаныстар мен көкейтесті көптен бері айтылмай келе жатқан өткір тақырыпты Жоғарғы Кеңестің алдында тікелей мәселе етіп те қоя білді. Өзінің нақты айқындамасын тарихи тұрғыдан дәделдеп, шешімді ұсыныстар да енгізеді. Мұндай халықтың мәні бар өзекті өміршең талаптарын қаламының ұшымен, сөзінің күшімен баспасөз арқылы Жоғарғы Кеңес мәсихатының назарына жеткізе алды. Табанды қайраткерлігімен баршаға ортақ талабының нәтижесіне жетті де.

Бүгінде Шерағаның мектебінен түлеп шыққан Ф.Оңғарсынова, О.Бөкей, Қ.Найманбаев, Б.Бодаубаев, Б.Нұржекеев, А.Сейдімбеков тағы басқа да қаламы жүрдек тарландар Қазақстан жұртшылығына әуелден-ақ жүздері таныс. Олардың барлығы Шерағаның шығармашылық басшылығынан шыңдалып шыққандықтарын мақтан етіп, кешегі қимас күндерін шабыттана сөз қылады. Шерағаның тағылымын тамсана айтады. Өздерінің сондай шебер ұстаздың басшылығында істеген кезеңдерін жастық көктемінің қимас көкжиегіндей сезініп,рахаттана сөз етеді. Ғаламат өмір-ай деп, бастарын шайқайды. Тегінде ол туралы солардың аузыннан естігеніміз жөн болар.

О.Бөкей: – Шерағаның бір қасиеті біреуді қаралап, алалап көрмеуі. Ол адамның жанына үңіліп, қабілетін танып, саралай біледі. Бойының оты, ойының жалыны бар жандарға қолдау көрсетіп, жетелеп жолға салып, бағыт сілтейді. Соның рухында қаламыңа қан жүгіріп, шабытың шабысқа ұласады. Сонау Алтайдан мені шақырады. Ол сол кездің өзінде-ақ заман көшінің биік тұғырында тұрды. Егер «Егеменді Қазақстан» газеті қазақ баспасөзінің қара шаңырағы болса, ол қазақ журналистикасының қара нары... Шерағаның жазушылық өмірінің өзі бір мектеп

Шераға мағыналы идеяны қабылдай біледі. Қандай жағдайда болмасын күрескерлік рухы мен батылдығы баршамызға қол жетпейтін асылдай көрінетін. Әріптестерінің шығармашылық мүмкіндігін ашуға баса көңіл бөлетін. Нақты айтар болсақ, оның қолы тиген қазақ газет-журналдарының қай кезеңін алсақ та мамыр гүліндей құлпырып тұр.

Ф. Оңғарсынова: – Мені туу батыстағы Нарын құмынан тауып алды. Шерағаның бір ұлы қасиеті – нүкте, үтіріне дейін тәптішеп тапсырма бермейді. Екі әрі кетсе үш ауыз сөйлеммен әңгімесін бітіреді. Ол кісінің алдынан рухани қуаттанып, құлшынып шығатынбыз. Шерағаны ойласам, қазақ даласында бүлкілдеп жатқан талай бұлақтың көзін ашып, жайбарақат қана кетпенін иығына салып, одан ары кетіп бара жататын бағбан бабаның бейнесі көз алдымда тұрады.

Қ. Олжай: – Шераға бейне идеялар қоймасы іспеттес. Ол бес-он минут сөйлеп, бес-он ұсыныс, идея айтады. Ал, біз сонымен қаруланамыз. Бір сөзбен айтуға қиын. Айтпақшы, ол журналист-жазушы, керемет жан...

Иә, міне, 60 жасқа толып отырған Шерағаның табиғи болмысы мен тарихи еңбектері оны ел ағасы, халық азаматы дәрежесіне жеткізді. «Ел – ағасыз, тон – жағасыз болмайды», – деген тегінде рас айтылған. Елге аға да, ақылшы да

керек. Ондай ағамыздың бірі – Шерхан Мұртаза. Ендеше Шерағаның деніне саулық, басына бақыт, жанұясына береке тілеп, шығармашылық табыстарға жете берсін дейміз де.

«Дидар» газеті, 22 қыркүйек 1992 жыл.

ЖӘНЕ БІР СЕНІМ, ЖӘНЕ БІР СЫН

«Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы Шерхан Мұртазаға

ЕЛ СЕНІМІНІҢ салмағын, қадірлі ШӘКЕ, о бастан-ақ жақсы білген, оны қашанда қапысыз ақтап жүрген Азаматтарымыздың бірі – өзіңізсіз. Бұған көзі жеткен Президентіміз Сізге жаңа міндет жүктегінін естігенде мен де шын қуандым. Сіздің күні кеше «Социалистік Қазақстан» газетінің өзіңізге дейінгі екі-үш жылдың ішінде тұғырынан түсіп, қабырға газетінің аяғын құшқан мүшкіл халін айналасы бес-алты айдың әлетінде түбегейлі оңдап, оны – «Егеменді Қазақстанды» халқымыздың шын мәніндегі Бас газеті дәрежесіне жеткізгеніңіз көз алдымызда! Ал ендігі асуыңыз... егер бейнелеп айтсам, Сіз Алатаудың етегіне барып, биік асқарына қарап тұрсыз; айдың өліарасы; асқарға жаяулап шығуыңыз керек; уақыт тығыз, заман қилы; тілеулес дос-жолдастарыңыз, аға-інілеріңіз Сізге көз қадаған. Жаныңызда қолұшын берер, қолтығыңыздан демер, сүйеніш-таяныш болар қызметтестеріңіз – компанияның көсегесін көгертушілер тұрса керек-ті, бірақ бұрынғы комитет штатынан мен ондай ағайындарды көп көре алмай отырмын, өйткені, теледидар мен радиомыздың қазіргі жағдайы «көптеп көріп отырмын» деуге жібермейді. Сол себептен де қолыма қалам алып, Сізге осы хатымды арнадым. Сонымен:

1. Тілімізге енген, сіңіп кеткен бөгде сөз атаулының бәрін дереу аулақтатайық деген ұран менде жоқ. Ал тіл тазалығын сақтауды, тіл байлығын пайдалана білуді сауатым ашылған күннен бері айтып та, жазып та жүрмін. Осы ретте ресми қолданыстағы «компания», «радио», «телерадио» сөздеріне үрке қарамасам да, «теледидар» деуге қарсы болып-ақ бақтым, тек елеп-ескергендер ұшыраспады (терминнің «бағын жандырушылардың» арасынан). Сонда орыстың «телевидениесінің» «телесін» қазақтың «дидарымен» баяғы өсімдікші Мичуриншілеп «будандастырып» алақайлап «теледидар» деудің жөн болғаны ма? Бұл «буданнан» құтылып, мысалы, «дидарнама» десек, оның сөкеттігі бар ма? Бет-жүзге, дене-бейнеге қатысты көрсетулердің жиынтық қалыбын «дидарнама» деу орынды емес пе? Тілімізге сіңген «нама» сөзінің мағынасымен де табысып тұрмай ма? Немесе басқа баламасын ізделік, тек «буданнан» құтылу қажет.

2. Телерадио хабарлары жұртшылыққа жаңалықты жеткізуге ғана емес, соны жеткізер құралдың – ана тіліміздің мол байлығын пайдаланып, ғажап сұлулығын танытып отыруға міндетті. Танымал сыншы-жазушы Сағат Әшімбайұлы Телерадиокомитеттің төрағасы болып тұрғанында мұны өзі де ескеріп, өзгеге де ескерте бастап еді, амал не... Содан кейінде телерадио хабарларындағы тіл олақтығы қайтадан асқынып кетті. Оны табан

тайдыртпай дәлелдеу үшін биылғы хабарлардың тігіндідегі текстіне көз жүгірту-ақ жеткілікті. Қайсыбір сөз қолданыстың, сөйлем құрылымының қазақылығы жұтап тұрады, ол орыс тіліндегі сөз-сөйлемнің жолма-жол аудармасына ұқсайды. Мәселен, «аса маңызды өндірісте кешіруге болмайтын көптеген кемшіліктердің кең түрде орын алуларына мол мүмкіндік жасалған» немесе: «соңғы кезде бұл өңірдегі шаруашылықтар мен кәсіпорындарда жағдайдың жақсаруға айналғанын жасыра алмаймыз» дегендей сауатсыздықты естисің. Бұдан сорақысы да жоқ емес, бірақ бәрі есте қала бере ме? Әлдебір жұмыс кейбір облыстарда ақсап жатса немесе өрге басып жатса, оны: «республикамыздың жекелеген облыстарында...» деп баяндай бастайды. Шіркін-ау, «жекелеген» деген сөзде ешбір мөлшер, шек, өлшем жоқ қой?! Он тоғыз облысымыздың он тоғызын да жекелеп атап шығуға болады, өйткені, олар жеке-жеке облыстар. Қазағымның: кейбір, қайсыбір, ішінара, бірен-саран, т.б. сөздері барын, ал оларды қолданғанда, айталық, жаңағы он тоғыз облысты жетістігі жағынан да, кемшілігі жағынан да түгел атап шығуға әсте болмайтынын неге ескермейміз? Орыс тіліндегі «отдельно» деген сөзге неге талақша жабысып қалдық?

Сөз қолданыстығы жауапсыздықтың жиі ұшырасатын және бір мысалы: әлдебір жәйтті ауызекі әңгімелеп отырған адамның өзі айтып өткен бір пікірді қайталағысы келген сәтте: «жоғарыда айтқанымдай», «мен мұны жоғарыда айттым» дейтіні бар. Көгілдір экраннан көзіңе қадала қарап отырып айтатыны тіпті өрескел. «Жаңа айтқанымдай», «мен мұны жаңа айтып өттім» деп кәдімгідей қазақы сөзімізді қолданбас па? Мінберде, сахнада немесе далада сөйлеп тұрған адамның: «менің мұны айтып отырған себебім», «мен неге бұлай деп отырмын?» дейтінін қайтерсің?!

Орыс тіліндегі хабарды жүргізуші қазақ дикторлардың кейбіреуі: «биржа «Отау»; Оспанов; Омар; Оралов; Орманов; Хорлан; Олжас; Ораз; Тоқтар; Көктем... деудің орнына: биржа «Атау»; Аспанов; Амар; Аралов; Арманов; Карлан; Алжас; Араз; Тахтар; Кактем... дегенін естігенде ол байғұстың ататегі қазақ екеніне шүбәләнамын. Адамның аты-жөнін, жер-су, мекен-жай аттарын бұрмаламай, өңін айналдырып жібермей айтуды шала-қазақ немесе орыс дикторларға ғана емес, хабарға қатысар басқа тілді ағайындарға да ескертіп отыру әбестік болмас деп білем. Бір әріптің жаңсақ айтылуымен сөздің бүкіл түбірі танымастай өзгеріп естілетінін, оның жөн болмайтынын ұға жүру жөн шығар.

3. Телерадио хабарларын әзірлеуге жауапты журналистердің қайсыбірі міндетіне атүсті қарайды. Не өздері, не кейіпкерлері іс-шаруа жайын байыптап, қысқа да нұсқа етіп айтып бере алмайды, бір сөзді бірнеше қайталап, малтығып, ыңыранып, орыстың: значит, конечно, это, но, еще, однако... тәрізді сөздеріне жармасып, былапыттап, әлектенеді, немесе алдын-ала жазып алғанын қағазынан көзін көтерместен оқып шығады, кейде оқығанда бір жолдан екінші жолға жасалған сөз тасымалын буындап оқып өзеурейді. Телерадио мекемесінің басшылары тілші журналисті жан-жақты іскерлік қабілеті барлардың арасынан, халық айтатындай, «маңдайынан шертіп жүріп» таңдап алуға тиіс дер болсақ, ондай тілші экраннан, эфирден кімді сөйлетуді білуі, кейіпкерін көруші, тыңдаушы, көп алдында мазаққа

айналдырып алмауы керек-ау. Қазақ тілінің қадірін кетіретін дүмбілезді экран мен фирге шшығару – тілімізге, тілді құрметтейтін үлкен-кішіге қиянат. Кейбіреулердің, қайсыбір дикторлардың да сөзде, сөйлемде, өлеңде болатын ырғақ, екпін, әуездің не екенін білмей абынып-қабынып, лоқсып-жұтып сөйлейтіні жігеріңді құм қылады.

4. Концерт мәселесі. Телерадио жазба қорларының кедейлігінен бе, әлде ол қордан іріктеп алып жіберуге жауаптылардың кегежесі кері тартып тұратындықтан ба, білмеймін, қазақша концерттің аясы тарылып кетті. Ең салып қойғандай-ақ, екі-үш композитордың шығармалары қайталана береді, және орындаушылар, әншілер құрамы да өзгермейді, құдды бар-ау, бір әнді бір ғана әнші еншілеп айтуға тиістей! Қырылдап, шырылдап, демі еркін жетпей тұрса да, содан басқаның даусы керек еместей! Біз, жазушылар, әдеби баспада кітабымызды шығарудың бейнетін аз тартпаймыз, ал сондайда байқайтынымыз: баспадағы батагөйлерді жағалап жүретіндердің кітабы тез шығады да, жылтықай әдеті жоқтардың кітабы кейіндей береді. Сірә, телерадио төңірегінде де сондай «дәстүр» бар-ау деймін: не өзі, не көзі жақсы, не (шығармасы, әні, үні келісті болмаса да) сөзі тәттілер концерт кестесіне кіріп кете беретін болса керек. Екіншіден, әсіресе, дидарнамада талғам тым төмен. Біз ғой бүгінде сонау ондаған жылдар бойы мәдениетіміздің ажарын солдырған советтік кесапаттың салдарынан арылуды көздеуліміз. Дербес ел болып, ата-баба имандылығын жоқтап, көксеп, аңсап, сол имандылықты шаңырағымызға оралту үшін күрес жүргізудеміз. Имандылық бүгінгі бізден бұрын ертеңгі ұрпаққа қажет, ал ертеңгі ол ұрпаққа имандылықты бүгінгі біз сыйлауымыз, үйретуіміз, өсиеттеуіміз керек. Имандылық – адами ар-ұятымыз. Егер көгілдір экрандарға шығаратынымыз: жалаңаштың аз-ақ алдындағы әнші, биші болса, «жынданудың» аз-ақ алдындағы ансамбль болса, екіленген сүйіс-түйіс пен қан сасытып қырып-жойған сумдыққа толы кино-фильм болса, кәне, айтыңыздаршы, – ертеңгі ұрпаққа имандылықты сыйлап жүрміз бе? Кейбіреулеріміз: жастардың көргісі келеді, білгісі келеді, көрсін, білсін дейміз, киім киісіне, жүріс-тұрысына жанашырлық сын көзбен қарамаймыз, дұрыс ақыл-кеңес бермейміз, адам тағдырының арқауы тәрбие екенін ұмытамыз. Бізден оңды тәрбие көрмеген, экраннан теріс тәрбие алған жас буынның бүгінгі «еркін өсу» жолы оны ертең мәңгүрттікке жетектеп алып баратынын ойлағымыз келмейді. Шәке, міне, мұны да енді Сіздің ойлауыңызға тура келеді. Қазірде дидарнамада не көп – неше түрлі арна (канал) көп. Қайсысы кімге қарайтынын, кімнің қаржысымен қарекет жасап жүргенін мен білмеймін. Қаражатты өздері табатын арналар бар, олар ешбір мекемеге, ешкімге есеп бермейді, өзі-би, өзі – қожа деседі. Онысы қалай? Қалтасы қалың ондайлардың халыққа жасар жақсылығы қыруар болса – құба-құп, ал егер қалтасын арқаланып, өз билігіне малданып, сахнада, экранда азғындықты, қарақшылықты насихаттаса – не қылғаны? Іргелі ел болсақ та, ондай іріп-шірігенді тыймай, аластамай, бірін де, бәрін де бетімен қоя бермекпіз бе? Сөз бостандығы, іс-қимыл еркіндігі деген желеумен ар-ұяттан аттап кеткендер жастарымызды имандылық жолынан шығарып, имансыздық жолына сүйрелеп бара жатқанын көре тұрып ләм-лим демеуіміз керек пе?

5. Әдебиет пен өнерді насихаттау мәселесі. Бұл істе де ала-құлалық белең алып барады. Меніңше, Шәке, Сіздің компанияңыз әдебиет пен өнердің де жетістіктерін халық игілігіне жарату үшін сол әдебиет пен өнерде кімді, нені насихаттауды зерттеп отыруға тиіс. Ол зерттеу компанияның бірер бөлімінде, бірер басшының алдында, штаттары екі-үш қызметкердің кесіп-пішуімен ғана жүргізілмей, оқырман қауымының ортасында жүргізілсе деймін. Көпшілік қалаған ақын-жазушының, суретшінің, т.б. өз басы да, шығармасы да орынды дәріптеліп, ол жайындағы хабар телерадиодан дер кезінде көрсетіліп, айтылып, соныңнан «Бағалылар қорына» («Золотой фонд») қабылданып жатар болса – керегі де сол ғой! Әйтпесе, телерадиокомитетке аяғы жеткеннің, басшыларына сөзі өткеннің экранға да, эфирге де шығып, өздерін өздері насихаттап жүргені. Ар-ұяты, бағалы еңбегі барлардың ешқайсысы ешқашан өзін-өзі насихаттап көрген жоқ. Осыдан бір апта бұрын Семей облысының Жарма ауданынан келген бір танысым (заң қызметкері) әлдебір жазушының аты-жөнін атап, оның ауданға жылда соғатынын, үнемі бірді-бірге салып тілемсектенетінін, оған қоса беті бүлк етпей күпініп отыратынын айтты. Әдебиет пен өнерге сіңірген еңбегі ұрпақтан ұрпаққа мұра болатын аяулылар өздерін-өздері насихаттамайды дедім. Ол рас. Осыдан біраз бұрын Телерадиокомитет басшыларына телефон шалып:

– Адамгершілігімен, шығармасымен шынайы құрметке бөленіп жүрген әзіл-сықақшы ақсақалдарымыздың бірінің жасы жетпіске толатын еді, сол кісінің кездесу кешін ұйымдастырып түсіруге қалайсыздар? – дедім.

– Өзі спонсор тапса – пожа-а-алыста! – десті.

– Арлыны алақанын жайдырып, арсызды айналдыру ғана қалды ма?

Жетістік екенбіз! – дедім. Басқа не дейін? Демеуші тауып, ақшаны құреп берсең – дегенің болмақ. Көсемсің бе, көсеусің бе, онда шаруалары жоқ. Бүгінге дейін осылай болып келсе, бұдан былай олай болмас деген үміттемін.

Ендігі бір гәп көгілдір экранға шығушы: жыршы, термешінің, айтысшының көбейіп бара жатқандығы. Өнерге, өнер иесіне құрмет-қошемет көрсету ата салтымызда бары анық. Алайда «…мата даңқымен бөз өтер» енді болмағай. Домбырасын сабалап, сонау әулие жыршы, термеші, айтыскер бабаларымыздың асыл сөздерін жұлмалап, жасытып, өз төтелерінен өнезді сөз тықпалап, өресіз өсиет соққыштарға уақыт берілетіні өкінішті. «Жақсы адам қандай, жаман адам қандай» тақылеттес бүгінгі татымсыз термесымақтар құлақты сарсытып, көңілді қажайды. «Әу» дегеннің бәрін әке-көке дей беру міндет болмаса екен! Оның үстіне, оларды көрермендерге таныстыру рәсімінде әдеп шіркін алыс қалады, насихаттағанның жөні осы деп беталды әуелетіп әкететініміз бар. Бұл әдет, газет-журнал беттеріндегіше, телерадиода да әбден орнығып алды: көз алдымызда, экранда отырған адамды жер-суға сыйғызбай, алғы бір лауреаттыққа, депутаттыққа ұсынылар кандидатты мәтихтағандай-ақ көсілеміз. Эфирде де солай. «Кандидат» ақын-жазушыны, өнер иесін телерадиостудиядан тік көтеріп апарып, Нобель сыйлығын тапсыруға шақ қаламыз. Құдайым-ау, қарапайымдылық қайда, «көрпеге қарай көсілу» қайда? Кімнің болсын шығармасы, өнері авторын өзі-ақ танытып беретін жадымыздан неге шығармыз?

6. Қазақстанға ресейлік екі телеарнаның екеуі де шынымен қажет пе? Ресейден басқаға шарафаты шамалы хабарлар бізді де жалықтырып болды ғой?! Қазақ пен орыстың арасына от салатын шовинистік уағызды естімедік, ол уағыздың онсыз да сыздап жүргендерді сойқандыққа итермелегенін де көрдік, қазірде де естіп, көріп жүрміз. Дербестігімізге, тіліміздің мәртебесіне, жеріміздің тұтастығына тіс қайрайтындар бар. Оларды желіктіруге жол бермес үшін, Қазақстан жұртшылығының татулығын, достығын, тыныштығын сақтау үшін көлденең қыздырма хабарларды азайтуды ойлайық, ресейлік екі телеарнаның әділеттігі басымдауын ғана пайдаланатын болайық; оның да хабар кестесін ықшамдау ләзім. Өндіріс, саясат, тарих, тағы басқаларының бірыңғай ресейлік сипаттағы сағаттап созылатын түсінік-баяндаулары қазақстандықтарға «ауадай қажет» деп ойламаймын. Осы ретте сөз ыңғайына қарай білдірер бір пікірім: біздің телерадио арналарының сенбілік, жексенбілік хабар кестелерін жасағанда өндіріс, шаруашылық, саясат жайындағы алқақотан жиын-сөздерді азайтсақ, жалпы мәдениет хақындағы да жайдақ, тайыз пайымдауларды қысқартыңқырасақ қайтеді? Ондай хабарлар болуын әлде сол салалардың мамандары талап ете ме? Меніңше, апта бойғы жұмыс жүгінен серпілу, тынығу үшін бәріне де жақсы концерт, спектакль, кинофильм, күлдіргі хәм көңілді көбірек болғаны керек сияқты.

Күлдіргі хәм көңілді хабардың көкесі «Тамаша» еді, соңғы кезде оның да сорпасы су татып барады. Белгілі әзіл-сықақшы ақын-жазушылар одан адасып қалды; адастырған – «Тамашаны» екі тізгін бір шылбырын ұстағандар. Танымал әзіл-сықақшылардың жазғандарын қабылдап алуын алады да, не жарайтынын, жарамайтынын айтпай, не «былайша түзетіп берсең» демей, із-түссіз кетіреді. Авторлары өз арасынан шығып жататын көрінеді-шықсын, жазсын, күлкіге кенелтсін, бірақ «жілігі татымайтын» жыртақай, ұмырсыз күлкісімаққа салынбасын, классиктеріміздің туындыларын өңін айналдырып малданбасын. Әдептен аттап абырой таппас болар.

7. Балдырғандарға байғазымызды да молайталық. «Әнші балапан», «Сиқырлы қазан», тәрізді дүниелеріміз бар. Ендігі жерде ондай арнаулы хабарлардың басқа да түрлерін ойластырса жарар еді. Көзі ашылған бастаудың бұлақ, өзенге айналарына сенеміз. Ал тым кенжелеп келе жатқанымыз – мультфильм. Бұл өнердің мықтап өркендеуін қалаймыз. Халқымыздың аңыз әңгімелерінде қаншама асыл түйін жатыр! Соларды балдырғанымыздың – болашағымыздың рухани азығына айналдыра білсек.

Соңғы кезде «Ертегі айта білемін» атты кешкі хабар көрестіліп жүр. Жақсы-ақ! Тек ұмыры қысқа болып қалмасыншы! Сонсоң: балдырғандарға арналған қай хабар болсын белгілі бір сағатта басталғаны жөн. Мысалы, далада ойнап жүрген балақайлар: «Уолд Дисней!» деп немесе «Бішкек!» деп жүгіріп келеді, өйткені Уолдтың да, Бішкектің де мультфильмі белгілі бір мезгілде ғана көрсетіледі. Ал бізде ілгері-кейінді, бір күні бар, бір күні жоқ болады.

ҚҰРМЕТТІ ШӘКЕ! Бұл хат – ақылдымсу емес, аздап пікір айту екенін біліп отырсыз. Мен ғана емес, басқаларда Сізге ойында жүргендерін: «Шіркін-ай, бұлай болсашы!» деа ауызша айтар да, хат пен жолдарда. Қай-қайсымыз

болсақ та, сол «бұлай болсашыны» Сіздің болдыра алатыныңызды білген соң мазалаймыз ғой. Компанияңыздың жұмысы газет-журнал жұмысынан әлде қайда күрделі екенін, Сізге көрсетілген жаңа сенім аса жауапты жаңа сын екенін түсінеміз де, Сіздің бұл сында да сыр бермеуіңізді тілейміз!

Үшбу сәлемхат жолдаушы –
қаламдас іниңіз Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.
«Алматы ақшамы» газеті, 13 қазан 1992 жыл.

НАМЫС НАЙЗАСЫ

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ

Қазақ тілінің тағдыры – қазақ ұлтының тағдыры!

Шерхан Мұртаза – міне, осынау қасиетті де қасіретті шындықты жеке басы өте жетік әр елден ерте ұғынған адам. Сондықтан да Ол күні кеше қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы үшін зор қайрат көрсеткен болатын. Найза-қаламымен ғана емес, нар қоғамдық қызметімен де. Бүгінгі таңда да ол нақ осындай найзагерлік қарым, нарлық қуат танытып келеді. Жазушы ретінде, Қазақстанның халық депутаты ретінде. «Егеменді Қазақстан» газетінің Бас редакторы ретінде. Енді осыны министр ретінде – Қазақстан Республикасының Теледидар және радио хабарларын тарату компаниясының төрағасы ретінде тағы жалғастырары анық.

Суреткер Шерхан Мұртаза шығармалары халықтың көз алдында. «Табылған теңіз», «Қара маржан», «Алтын тікен», «Қызыл жебе»,«Жұлдыз көпір», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Нұх пайғамбардың кемесі». Бұлардың қай-қайсысын да талдап, түсіндіріп жатудың қажеті шамалы.

Қайраткер Шерхан Мұртаза қызметі тағы да халықтың көз алдында. Қазақтың бес бірдей білдей басылымының: «Жас алаштың» (бұрынғы «Лениншіл жас»), «Жалынның», «Жұлдыздың», «Қазақ әдебиетінің», «Егеменді Қазақстанның» Бас редакторы болған одан басқа адам жоқ.

Ағаларға жақсы іні, інілерге абзал аға бола білген адам – және Шерхан Мұртаза. Мұн қалың халық білмегенмен, қаламгерлер қауымы біледі. Ол–талай табанды сөзгерлердің (журналистердің), талай талантты ақын-жазушы, сыншылардың ұстазы. Мұны Шерағаңның 60 жасқа толған мерейтойы кезінде талай кемел жазушы, кесек қаламгерлер «Біз Шерханның шекпенінен шыққанбыз», – деп мақтанышпен ашық айтты.

Азамат Шерхан Мұртазаның көтерген ақ туы – ақиқат. Біз араласқан ортада шындық үшін Шерхан Мұртазадай күресіп, шарапат тапқан, шындық үшін Шерхан Мұртазадай күресіп, шарапат тапқан, шындық үшін Шерхан Мұртазадай тіресіп, қиянат көрген адам кемде кем. Әдебиеттегі ең қиын да қастерлі, ең жауапты да жазушыларға жақпайты жанр – сынға да ақ жол ашып отырған бірден-бір редактор да Шерағаң еді десек онша қателесе қоймаспыз.

Шерағаң бүгін өзі шығып отырған өмірдегі және өнердегі осынау үлкен биіктерге те ауыр бейнетпен, маңдай терімен, жүрек жылуымен жылдар бойы бірте-бірте көтерілген адам. Сондықтан шығар – алпыстың асуына шыққанда сол қатты бейнетінің тәтті зейнетін көріп отыр. Мерейтойын туған жері Жуалы күні бұрын бастап, астана оқырмандары қостап, күллі халық тойлады.

Қарашаның 6-сы күні Қазақстан Жазушылар одағында өткен қорытынды жиын да – соның бір әдемі айғағы Біз Шерхан Мұртазаның алпыс жасқа толуына орай жазылған мөлтек мақаламыз тақырыбын найза сөзінен әдейі шығардық. Ол бұл сөзді осыдан тоғыз жыл бұры ардақты суреткер ағасы Тахауи Ахтанов 60-қа толғанда жазған тамаша эссесінде пайдаланған болатын. Егер лайымда қаламгер Шерхан Мұртазаны басқа бір қаламгерге ұқсатар болсақ, ол тек осы Тахауи Ахтанов табиғаттас немесе ақын Қасым Аманжолов тектес талант десек жаңылыспаймыз.

Келемін қайтып, өлеңімді айтып,
Қолымда найза – шағылысып айға, –

демейтін бе еді Қасым Аманжолов. Осынау сөзді бүгін нар шағындағы Шерхан Мұртаза да кәміл айта алады. Бірақ, Шерағаң халқымен бірге, Қазақстанымен бірге алға қадам басып барады.

Сұрапыл майданда мылтықпен атысқан ақын Қасымның найзаны тілге тиек етуі тегін емес. Қазақ халқы ер қаруы– бес қарудың ішінде найзаны ерекше қастерлеп, шайқасқа қолайлы, намысқа орайлы деп санаған. Сондықтан садаққа да, қылышқа да, айбалтаға да, шоқпарға да шашақ ілмеген, қоңырау тақпаған, байрақ байламаған. Тек найзаға шашақ іліп, қоңырау тағып, байрақ байлаған. Егер Шерхан Мұртазадай найза қаламгер, нар қайраткер өз халқының тіл даруы, ер қаруы деп білсек, онда ол – қазақтың намыс найзасы! Қоңыраулы да емес, шашақты да емес, жалаулы найзасы!

[Төменде апталығымыздың төл дәстүріне орай мерейтой иесінің тіл туралы толғамдарын жариялап отырмыз].

«ТІЛ ДЕГЕН – ҚАЗАҚ ҮШІН АЛТЫН БЕСІК»

Біз көбінесе – әсіресе кейбір тарихшылар, әдебиетшілер – ауызды құ шөппен сүртуге мұндаға дейін тым-тым әуес болып келдік... Революцияға дейін жабайы едік, надан едік, түк білмейтін қараңғы едік деп өзімізді өзіміз дүрелей беруіміз де әбестік болды. Тарихи шындықты деректердің байыбына бармай, сарыла зерттемей, өз жалқаулығымызды ақтау үшін ғана әлгі патша отаршыларының жалған насихатына ба шұлғи беру – халықтың тарихына қиянат еді. 1831-ші жылдан 1917-ші жылға дейін 2201 1005 данамен 509 кітап шығарған халық тым-тым су қараңғы емес болар-ау.

1984

* * *

Тіл деген – бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған. Қазақтың өз тілі – қазақ үшін алтын бесік.

1985

* * *

Өз тілін ұмыту – өткенді ұмыту. Ол – «Алпамысты», «Қобыландыны», «Ер Тарғынды», «Қамбар батырды» ұмыту. Ал, өткенді ұмытқандарды мәңгүртпен теңеу тегін емес. Мәңгүртшілдік – қазір қазақ ұғымынан да ұзап шығып, халықаралық терминге айналды.

1985

* * *

Бар ынтамызды ағылшын, француз тілдерін үйренуге аударғанбыз. Оның зияны жоқ. Бірақ көрші отырған Қытай, Иран, Үнді сияқты елдердің тілін білмеу – қазіргі мәдениеттімін деп жүрген жұртқа жараспайды-ақ. Біздің қазақ халқына байланысты, оның тарихына, мәдениетіне, саяси, экономикалық тіршілігіне, әдет-ғұрпына, салт-санасына байланысты көптеген құнды дәректер осы Қытай, Иран, Үндістанда жатыр.

1989

* * *

«Тыңды бағындырамыз!» деген даңғаза ұранның жағымсыз үні құлақта әлі ызыңда тұрғандай. Тыңды, яғни Қазақстанды «бағындырмақ» пиғыл әріден, біздер біле бермейтін әр алуан патшалар заманынан басталса керек… Тың дегеніміз – жер. Жер дегеніміз – Ана. Ал анасын бағындыратын адам бола ма екені?!

1989

* * *

Мектеп жабылған соң – тіл кетті. Ал, ана тілінен айырылған халық – о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айрылған ұлт –тарихынан, түптамырынан айрылған ұлт. Тілсізді ұлт деуге де келмейді.

1989

* * *

XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдар шамасында Қазақстанның Дала уәлаятын Омбыдан басқарып отырған Сперанский дейтін губернатор болды. Қазақтарды орыстандыру үшін шоқындыру керек деген саясатқа Сперанский қарсы шығады. «Қазақтарды ұлттығынан айыратын бір-ақ жол бар, – депті Сперанский, – қазақтар арасында жаппай орыс мектептерін ашу керек; сонда қазақтар өз тілін ұмытады, ал тілін ұмытқан халық оп-оңай орыстанады...». Сперанскийдің «көргендін» қазіргі якут-сахалардан байқауға болады. Якут-сахаларды христиан дініне зорлап кіргізгенмен, шоқындырып,

фамилияларын «Иванов», «Петров» етіп жібергенмен, тілі сақталып еді – саха ұлты да сақталды. Ал сол Лена бойын жайлаған якут-сахалардың ежелгі көршілері –вогулдар тілінен айырылып еді, вогул дейтін халық дүниеден көшті де кетті. Жер бетінде вогулдар болғанын қазір ешкім де білмейді.

1989

* * *

Қойны ашық, қолтығы кең, қайран қазекем! Күндердің күнінде республикада қазақтар 40-ақ процент, сондықтан қазақ тілі жеке-дара мемлекеттік тіл болуға правосы жоқ деп сайрайтын «сандуғаштар» шығатынын қайдан білсін. Олардың көбі өзге де емес, өзімізден, өзіміздің ұлттық нигилистерден шығатынын, сол ұлттық нигилистердің көш басында өмір бойы ана тілінің арқасында күн көріп, биік-биік дәрежеге жетіп, академик атанған адамның да болатынын қайдан білсін...

1989

* * *

Ұлттық нигилизм. Бұл тұмсық көтерер шовинизмнен де қауіптірек. Сенің ұлтыңды өзге біреудің менсінбей, шекесінен қарайтынына жүздеген жылдар бой үйренген. Ал енді өз ұлтын өзі менсінбейтіндерден сақтасын деңіз.

1989

* * *

Кезінде қабылдаған Тіл туралы заңға қол сұғудың ешбір реті жоқ. Ол нағыз барып тұрған мәдениетсіздік болар еді. Ал қайта осы мәселені көтере беретін депутат жолдастарға, бір жағынан, соншалықты жаным ашиды; екінші жағынан қынжыламын. Мен Княгинин сияқты ағайындардың көбірек болғанын қалар едім. Халықтық, ұлттық сипат деген әркімде бар.

* * *

Тіл дауы шығып жатыр. Мен Жаворонкова ханымды сыйлаймын. Өмірі осында жүріп, осында тұрып жатқан кісі бүгін осында тұңғыш рет сөзді қисаңдатып қазақша айтты. Ал қазақша күніне бір сөз үйренуге болады ғой, егер пейілі құлап тұрса. Ықыласы жоқ, бұл тілді менсінбеген адамдар, қазақты қатарындағы халық екен-ау, оның тілі екен-ау дегенді ойламаған адамдар кездеседі. Мынадай сұмдықтың шығуы да сондықтан. Империялық алпауыттың майда халықтарды жұтуы дейтін процесс осы жүз жылдап келе жатыр. Ал енді тіліміздің айырылсақ, біз де жұтыламыз ертең.

1989

«Ана тілі» газеті, 12 қараша 1992 жыл.

***

ШЕРАҒА

Жанболат АУПБАЕВ

Мен ол кісінің үйіне келіп кіргенде теледидардағы «Орбита» каналынан кинорежиссер Тенгиз Абуладзенің «Зауал» фильмі жүріп жатты. Байқаймын, күрделі әрі керемет деген дүниелердің өзіне онша көп бой алдырып, таңданыс таныта бермейтін Шерағаңның мына өнер туындысына ынтаықыласы ерекше сияқты. Ол фильмге құлай беріліп, ондағы әрбір кадрға жан-тәнімен көз тігуде. «Қызық», – деп күбірледім ішімнен мен. Сөйттім де, үй иесінің ойын бөлмейін деген ниетпен іргеде тұрған шеткі орындыққа келіп, соған үнсіз тізе бүктім.

«Зауал» фильмін көрген адам жақсы біледі, мұнда төбе құйқаңды шымырлатып, жүрегіңді сыздататын бір көрініс бар. Ол – замана трагедиясы – репрессия жылдарында ұсталып кеткен арыстардың әйелдері мен балаларының әркімге жаутаңдаған мүсәпір де мүшкіл халі. «Халық жауларының» артында қалған тұяқтары өздерінің айдаудағы әкелерінен келер хат-хабарды поштадан күтпейді. Олар оны темір жол стансасы басындағы Сібірден күн сайын әкелініп түсіріліп жататын тау-тау бөренелерден іздейді. Сөйтіп, жетімектер өздері көрмеген, білмеген ағаш дайындаушы тұтқындардың қарағайдың кесілген түбіне, қабығы аршылмаған самырсынның бүйіріне «Реваз», «Нодар», «Давид» деп жазған жүздеген кісі аттарын тауып оқиды. Іздеушілер осылардың арасынан аттас есім, ұқсас фамилияны кездестіріп қалса: «Бұл менің әкем, ағам», – деп сол жансыз жазулардан жыртық көңілдеріне жұбаныш тапқандай болады. Қандай аянышты, ауыр көрініс десеңізші.

Міне, фильмнің осы жеріне келгенде Шерағаң қатты күрсінді. Сөйтті де, теледидарды сырт еткізіп өшіріп, орнынан тұрды. Осы сәтте менің де жүрегім шым ете түсті. «Қандай ұқсастық... Абуладзе туындысындағы мына сюжетті көріп отырып, бұл кісінің сол бір нәубеттегі өз тағдыры да есіне түсіп кетті-ау шамасы», – деп ойладым ішімнен. Олай дейтінім, сол сәтте есіме Шерағаңның ресми өмірбаянындағы: «Жазушының әкесі Мұртаза сталиндік репрессияның құрбаны», – деген сөйлем мен оның «Бұлтсыз күнгі найзағай» повесіндегі бас кейіпкер Нариманның: «... Кімді сағынамын? Жүрегім кімге деген сағыныштан сыздайды? Ауылда қалған анашымды екен ғой... Ал әке ше? Әке байғұстың сүйегі Сібірдің қай қарағайының түбінде қалғанын білмеймін», – деп толғанатын монологы сап ете түскен еді.

«Бұл кісімен арадағы әңгімені осы тұстан бастап, осы төңіректен өрбітіп әкеткенім жөн шығар, сірә?». Жоғарыдағы жайттарды тез ой елегінен өткізіп үлгерген мен ішімнен осындай шешімге келдім. Сөйттім де, Шерағаңның жазу столына отыруын күтіп, портфелімнен қағаз-қаламым мен диктофонымды ала бастадым.

– Ойың дұрыс, – деді алғашқы сауалымды зейін қоя тыңдаған үй иесі. – Олай дейтінім, өмірімнің өзің айтып отырған кезеңі туралы шынында да күні бүгінге дейін көп ештеңе жазылмай келеді. Оған: «Мынау кінәлі,

мынадай жағдай кедергі келтіріп еді», – деп ешкімді де жазғырмаймын. Мұны айтқызбай келген уақыт, күні кешеге дейін үстемдік құрып келген темір тәртіп. Сондықтан өмірбаянымдағы бұл «ақтаңдақтар» бағытында сөз қозғар болсам мәселе былай: әкем Мұртаза елге сыйлы, көзі ашық, сыпа кісі екен. Ол ұсталардың алдындағы бір-екі көрініс күні бүгінге дейін көз алдымда. Жаз кезі болатын. Қырғыз айырлы ақ қалпағы мен ақ кителі үстіне әдемі жарасқан әкем үйден шықты да мама ағаштағы байлаулы тұрған ақбоз атқа барып мінді. Содан кейін шешем Айшаға бірдеңе деп тіл қатты-ау деймін, ол кісі ошақ басындағы істеп жатқан жұмысын қоя салып, маған қарай жүрді. Жете бере құмырсқаның илеуін шимен шұқып ойнап отырған бес жасар мені жерден көтеріп алды да көкемнің алдына апарып отырғызды. Біз жүріп кеттік. Жолда әкемнің басымды сипап қойып күрсінгені, ыңылдап бір ән айтқаны есімде. Тауға келдік. Ұшқатты бөктерге жақындағанымызда ол кісі: «Шөлдедің бе, қарағым? Сәл аялдайық», – деп атынан түсті де мені ағаш көлеңкесіне отырғызды. Сөйтті де, өзі сол жердегі киіздей боп ұйысқан қалың жалбызды аршып, оның астынан ботаның көзіндей боп мөлдіреген қайнар бұлақ шығарды. Тұма әбден ашылып болды-ау деген кезде көкем ондағы суды қос қолымен көсіп алып маған ішкізді. Содан соң одан өзі де бір-екі ұрттап, жан-жағына ойлана қарап отырып қалды. Ол кісінің сол тау ішіндегі, одан қайтып келе жатып ескі зират басына құран оқығандағы мұңды да сынық жүзі күні бүгінге дейін көз алдымнан кетпейді.

Енді сол жылғы есімде қалған екінші оқиғаны баяндайын. Бұл жаңағыдан да көңілсіз әрі қорқынышты көрініс дер едім. Қыс кезі болатын. Кешқұрым шақ. Күні бойы үй бетін көрмей, сырғанақтан оралған мені шешем әйда, ұрыссын келіп... Көкем аттан түсіп жатыр екен. Жыламсыраған түрімді көріп: «Тиіспе, балаға», – деді Айшаға қатқылдау үнмен. Сөйтті де, тау аңғарындағы қызылқұлақтанып батып бара жатқан күнге қарады. Ұнамады-ау деймін, басын шайқады да мені ертіп үйге кірді. Кешкі шай аузыма тиер-тиместен ұйықтап қалсам керек, түн ортасындағы тарс-тұрс еткен дыбыстан шошып ояндым. «Не көрдім?» – дейсің ғой. Кернейі қисайып, аузы ашыла түтіндеген темір пеш... Жүкаяқтан аударыла құлаған көрпе-жастық... Топсасы жұлынып, шалқасынан ашық қалған сықырлауық есік... Одан бөлмеге лап қойған суық ауа терезе алдындағы майшамды жалп-жалп еткізе үрлеп, қабырғадан қорқынышты сәуле ойнатады. Жылаған күйі сыртқа шықтым. Сол мезетте беткей етегіндегі өзен жақтан: «Көкесі-ау, бұлардың мұнысы несі? Қайда әкетіп барады сені?» – деген шешемнің ащы дауысын естідім. Оған әкем: «Қайт кейін, үйге бар. Балалар шошиды», – деп тістене айғайлады. Бұдан әрі не болғанын білмеймін. Білетінім – түн, аяз, ай. Сосын өзендегі сықырлап, шиқылдаған көпір тақтайлары. Оны дүңкілдете басып алыстап бара жатқан аяқ дыбыстары...

Ертесінде ауылға: «Түнде «іңкібі» (НКВД) Мұртазаны ұстап алып кетіпті. Оның «рысқұлшинаға» («рысқұловщинаға») қатысы бар екен», – деген сөз тарады. Содан бастап ел біздің үйге келуді қойды. Кірмейді де. Көре қалсаң теріс айналып, сырғақси бұрылып кетеді. Ал әкейден хабар жоқ. Ақыры ол кісінің бір дерегін білу үшін шешем екеуміз аудан орталығына баруға жиналдық. Міне, абақты ауласының алдындағы қалың шоғыр

елдің арасында тұрмыз. Бұлардың бәрі де біз сияқты жылап-сықтаған «халық жауларының» туыстары. Әкіреңдеген күзетшілердің екпіні қатты. Ешкімді маңына жолатар емес. Кешке жақын қарауыл ауысты. Бұл кезде жақындарымен жүздесуден үмітін үзген біраз адам түрме маңынан тарап, ауылдарына қайта бастаған болатын. Осы сәтті күтіп тұрғандай-ақ жаңадан келген екі күзетшінің жастауы: – «Жеңгей, – деді ақырын жанымыздан өтіп бара жатып. – Мен ана шеттен қайта оралғанша балаңыз есікке барсын да әкесінің атын атап шақырсын. Тілдесіп қалыңыздар. Ертең кеш болады».

Мына сөзді естігенде шешем бар, бара ғой дегендей арқамнан түртіп қалып, алдымдағы барақ үйді нұсқады.

Күзетші айтқан есікке сүрініп-қабынып әрең жеттім. Жеттім де күнге құрып, жігі ашылып кеткен тақтай саңлауына бетімді төсей: «Көке», – дедім кемсеңдеп. Сол сәтте: «Мұртаза, бұл сенің балаң. Тез бері кел», – деп күбірлескен дауыстар естілді ар жақтан. Сөйткенше болған жоқ, әкемнің де үнін құлағым шалып қалды. «Айналайын, – деді ол кісі даусы жарықшақтанып. – Айналайын! Мен сені көріп тұрмын. Жылама. Шешең екеуің келдің бе?»

– Иә, көке!

Осы кезде арт жағымнан шу шыққандай болды. Жалт қарасам, ауланың екінші бетіндегі үйшіктен басын қылтитқан мосқал күзетші бізге іш тартқан жастауына не қарап тұрсың дегендей оны балағаттап жатыр екен.

– Сен енді бұл жерде көп тұрма қарағым,-деді әкем де ар жақтан бірдеңені сезгендей. – Мә, мынаны ал да кері қайт. Бол жарығым, тездет.

Ол кісі осы бір сөздерді айтып үлгеріп, тақтай арасындағы саңлаудан беторамалын өткізе бастады. Мен оны ала сала, шешеме қарай жүгірдім. Ауылға қайттық. Үйге келген соң апам беторамалдың бүктеуін жазды. Одан оймақтың көлеміндей үшбұрышты тұмар мен үйіміздегі «Зингер» тігін машинасының екі тал инесі шықты. Әкем бұларды бізге неге, не үшін берді, білмеймін. Бірақ оны көрген шешем беторамалды кеудесіне басқан күйі ботадай боздап жыласын келіп...

– Бұдан кейін әкеңізден бір хабар болды ма?

– Жоқ. Тек 1940 жылдың аяғында біздің үйге арнайы хат келгені бар. Онда көкемнің Сібірдегі Зея өзені бойында болғаны, ағаш дайындаушылар бригадасында жүріп қарағай басып қалғаны, содан қазаға ұшырағаны туралы айтылыпты. Бұған сенерімізді де, сенбесімізді де білмедік. Сөйтіп жүргенде 1947 жылы Жуалыға іргелес Түлкібасқа әкеммен бірге «халық жауы» боп айдалып кеткен таныс ағайынымыз қайтып оралыпты деп естідік. Іздеп барып әңгімелестім, көкемнің Сібірде болғаны рас екен. «Қалай қайтыс болды? Бұл туралы не білесіз?» – деген сұрағыма таныс ағайынымыз: «Ол кісі безгек ауруынан дүние салған сияқты еді», – деп күмілжи жауап берді де қойды. Міне, әкем туралы осы екі хабардан басқа ешқандай дерек жоқ.

Шерағаң осы сөздерді айтты да сәл үнсіз қалды. Содан кейін стол үстіндегі жатқан «Аполлон» темекісінің қорабына қол созып, шылым тұтатты. Ал мен жоғарыдағы әңгімеден кейінгі ауыр ойдан арылу үшін терезеге, одан оның ар жағындағы мұнартқан тау шыңдарына қарадым. Содан кейін назарым қайтып келіп қабырғадағы кітап сөрелері мен олардың арасындағы әртүрлі фотоларға ауды. Солардың ішінен көзіме ерекше ыстық болып көрінгені

иманжүзді қарт ананың суреті еді. Қызығы сол, бейтаныс апаға қарағаң сайын ол кісінің бейнесі өзімнің әжеме ұқсап бара жатқандай әсерде қалдым.

– Бұл менің анам Айша, – деді шылымын күлсалғышқа жайлап апарып қойған Шерағаң. – Жарықтық қайратты, төзімді, сөзге ұста кісі еді. Қасіретті 37-ші жылға бұла күнін берген, қаһарлы 41-де жалғызбастылық пен жалғызіліктің көкесін көрген, одан бергі кездерде барға қанағат етіп, жоққа салауат айтып, құдай деп ғұмыр кешкен осы аяулы жанның жаратқан жапбар иесінен сұрар үш тілегі мен өзіне ғана тән құпия бір сыры болды. «Баламның ат жалын тартып мініп, адам болғанын көрсем, арманым жоқ», – дейтін аруағыңнан айналайын апам. Оны көрді. «Келін түсіріп, немере сүйсем, екі дүниеде менен бақытты адам болмас еді», – деп мінәжат ететін марқұм. Оны да көрді. «Құдайдан ендігі сұрарым, жаратқан ием мені енді осылардың артында қалдырмай, алдында алса екен», – дейтін жарықтық. Алла тағала оның бұл тілегін де орындады. Ал ешкімге айтпаған құпия сыры... Иә, ол апамның әкем Мұртазаға деген өмір бойы өшпеген махаббаты мен сағынышы еді. Мұны маған ол кісі ашып айтпағанымен ғұмырының соңғы жылдарындағы екеуара бір әңгімеден кездейсоқ сезіп, байқап қалдым. «Сен осы Рысқұлов туралы кітап жазды дейді ғой», – деді шешем «Қызыл жебе» тетралогиясының бірінші томы жарыққа шыққанда. «Иә», – дедім мен. «Сенің әкең Мұртазаны «рысқұлшына» деп ұстап әкетіп еді. Сол ма?». «Сол». Анам кимешегін түзеп, қолындағы күміс жүзіктерін сипаған күйі сәл ойланып отырды да: «Одан да өз әкеңді жазбайсың ба?» – деді жай ғана.

Көрдің бе, қалай?.. Анамның ұғымында ол кісі де өзінше бір Тұрар... Өзінше бір тұлға... Сондықтан оны ешкімнен кем көрмеген, кем көргісі де келмейді. Сөйтіп, шешем сүйегі Сібірдің бір түкпірінде баяғыда-ақ құрап қалған Мұртазасын өле-өлгенше жүрегінде сақтап, көзі жұмылғанша сағынып өтті.

...Келесі әңгіме тақырыбы кейіпкеріміздің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалық шағына қарай ойысты.

– Бұл туралы мен жаздым емес пе? – деді қайқы қылыш сияқты қара қою қасын дір еткізе көтерген үй иесі өткір көзін маған тіктей қадап. – Ендеше, сол жазғандарымды өзімнің балалық шағым туралы айтқаным деп біл. Себебі, олардағы өмір суреттерінің еш қоспасы жоқ. Бәрі де тылдағы соғыс ызғары қарып өткен қазақ ауылында болған, көзбен көріп, бастан кешкен жайттар. Байыппен зер салып қарасаң осылардың ішіндегі штрих, детальдарда менің де жыртық көңіл, жүдеу жүз бейнем жүр. Ал оны табу, танып-байқау ешкімге де онша көп қиындық келтіре қоймас деп ойлаймын.

Мен түсіндім. Шерағаң бұл жерде өзінің «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «41-ші жылғы келіншек», «Интернат наны» повестері мен «Ақсай-Көксай», «Сол бір күз» әңгімелеріндегі кішкентай кейіпкерлер туралы айтып отыр. Шынында да аталмыш шығармаларда 1941-1945 жылдардағы қазақ ауылының «қара қағаздан» шошынған зәразап халі, апайтөстерін апатқа тосқан боздақтарынан айырылған ата-аналардың зары мен бұла шағын болашақтың бодауына берген жесірлердің жоқтауы, бәрі-бәрі төбе құйқаңды шымырлатар ащы шындықты жеріне жеткізе суреттеледі. Солардың ішіндегі соғыс жылының балалары – әкелерін көрмей

өсіп келе жатқан жетімектердің өксікке толы өмірлері де өзінше бір әлем. Мәселен, лағынет атқыр жоқшылықтың кесірінен қырманнан қамыт ұрлап, оны кезбе сығанға беріп бәтеңке алған Ноянның кейін зар илеп, өз ойын өз ары жазғыра опынғаны («Сол бір күз»), өртеңге өскен гүлдей боп бой түзеп келе жатқан қос өркен Нұрперзент пен Айзаданың балауса, пәк сезімдері табиғат емес тағдыр үсігіне ұрынып, содан мәңгілікке солғаны («Мылтықсыз майдан»), бал дәурен балалығын ертеңнен қара кешке дейін жұмыстан бас алдырмайтын сұм соғыс тонаған қарадомалақтардың қатыгез бригадирден жасырынып, есекпен көкпар тартқандағы патша көңілі («Интернат наны») кім-кімді болса да енжар қалдырмайды. Солардың арасында біздің өзіміз сөз етіп отырған кейіпкеріміздің де балалық шағы жүр. Әсіресе, ол, жазушының «Ақсай-Көксай» әңгімесіндегі мына бір детальдан анық көрінеді.

«Әкей кеткелі еркек атаулыдан мұндай мейірім көрмеген басым, көңілім босап, оқыстан даусым шығып кетті де булығып-булығып шалдың ақ жейделі арық кеудесіне басымды тыға түстім. Өзім ес білгелі тұңғыш рет дидарласып тұрған қарттың маған әкемдей жақын көрінгені сонша, оның бауырынан ажырағым келмеді. Әлі булығып, өксігімді тоқтата алмай, қайта булығуым үдей түсті. Бұл үнсіз тұншыққан жылауда толып жатқан шағым бар еді: әкейдің жоқтығы, Қайрақбай қарауылдың сиырың колхоздың жоңышқасына түсіп кетті деп шешемді былапыт сөзбен балағаттағаны, қыстың ұзақ боранды түндерінде үрпек бас үш бала Айшаның бауырына тығылып, бір көрпенің астында, боранның ұлыма даусын тыңдап, қорқып жататынымыз, Салман деген шалдың мені көрсе дереу: «О жетімек, о жетімек», – деп басын шайқай беретіні... бәрі-бәрі мына шалдың алдында ақтарылған арыз еді. Үнсіз, тілсіз арыз».

Міне, біздің кейіпкеріміздің Ұлы Отан соғысы кезіндегі балалық шағы... Егер ол 1941-1945 жылдардағы қазақ ауылының қабырғасын қайыстырған жоғарыдағыдай шындықтарды сол бала кезінде көрмесе, ондағы өмір көріністерін балапан жүрегіне түйіп өспесе жазбас еді. Оларды оқырмандарға дәл осылай жеткізіп бере алмас та еді. Демек, мұның бәрі оның көзімен көрген, басынан өткізген жағдаяттар. Сондықтан Шерағаң шығармаларындағы тыл балаларының кермек өмірбаяны өзінің де өмірбаяны екені анық.

– Сіздің алпысыншы-жетпісінші және сексенінші жылдардағы өміріңіз біздің көз алдымызда өтіп келеді, – дедім мен маналы бергі үнсіздіктен кейін Шерағаңды қайтадан әңгімеге тартып. – Бұл кезеңдердегі қызметіңіз бен творчествоңыздан, қайраткерлігіңізден бүгінгі ұрпақ жақсы хабардар. Бірақ... иә, бірақ елуінші жылдардағы МГУ-дің студенті, одан кейін республикалық «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің қызметкері болған Шерхан Мұртаза туралы әлі де көп ешкімнің жөнді ештеңе біле бермейтіні тағы бар. Ендеше, осы жөнінде...

– Ойыңды түсіндім. Айтайын. 1950 жылы орта мектепті бітірген соң аңсарым Алматыға ауды да тұрды. Алакөңіл боп жүргенімді сезген анам Айша бір күні кешкісін: «Қатарыңнан қалма, қарағым», – деген бір-ақ сөз айтты қайраттанып. Сөйтті де, екі ешкісін Кременевкадағы базарға апарып сатып, сол тиын-тебенмен мені астанаға оқуға аттандырды. Мұнда келсем РСФСР Оқу министрлігінің көшпелі комиссиясы жергілікті ұлт жастарынан

полиграфия, баспа саласының мамандарын даярлау үшін өздерінің жоғары оқу орындарына талапкерлер жинап жатыр екен. «Орталық қалада оқимыз, жер көріп, ел танимыз», – деп желп-желп етеді оған құжат тапсырғандар. Бұған делебең қалай қозбасын. «Тәуекел», – деп тізімделдім мен де. Ауызша әңгімелесу болды. Өттім. Емтихан тапсырдым. Өттім. Сөйтіп, енді сол дүрмекпен Мәскеуге тартайын... Бірақ шынымды айтсам, аталмыш оқу мені алғашқы күннен-ақ өзіне онша қызықтыра қоймады. Ақыры жарты жылдан кейін ізденіп жүріп, МГУ-дің журналистика факультетіне ауыстым. Міне, содан бастап менің Мәскеудегі қиын да қызықты бес жылдық студенттік өмірім басталды деуге болады.

* * *

Одақ астанасында өткен студенттік жылдар... Бұл кезеңдегі есімде ерекше сақталып қалған жайт деп күні-түні жатпай-тұрмай ізденіп, әлем әдебиетінен мол мағлұмат алуға ұмтылған күндерімді айтуыма болады. Сондай-ақ, тағы бір ұмытылмас оқиғалар ол: курстас жігіттермен бірге сабақтан соң Қазан вокзалына барып жүк түсіріп, содан нәпақа тауып жүрген кездер, «халықтардың әкесі» Иосиф Сталин дүние салған күнгі Мәскеудегі өзім куә болған көріністер, батыр қазақ Баукеңмен, Бауыржан Момышұлымен тұңғыш рет осы қалада кездесіп, танысқан сәттер дер едім. Алдымен оқу жөнінде бірер сөз. Мойындауым керек, ауылдағы мектеп қабырғасында алған білімім мұнда келгенде жіп есуге жарамай қалды. Өзімді-өзім сүмірейтіп қайтейін, орыстың классикалық туындыларынан онша қаражаяу емес болатынмын. Бірақ әлем әдебиеті дегеніңіз бір мұхит екен. Соларды ел-елге бөліп, одан кейін қадым, қайта өрлеу, гүлдену дәуірлері деп жіліктеп оқу маған оңайға түскен жоқ. Қатты қиналдым. Қинала жүріп меңгердім. Егер қазір мен Тютчев пен Блоктың, Есениннің өлеңдерін жатқа айтып, Вольтер мен Дидродан ауызекі дәйексөз келтірсем, ол сол күндердегі алған білімімнің жұқанасы деп білерсің. Бұл менің шын сөзім.

Мәскеудегі өткен студенттік күндерімде маған өмір сүру оңай болған жоқ. Стипендия бірде тиеді, бірде тимейді. Ауылдан келетін көмек атымен жоқ. Бар сенетінім – қара күшім. Түсінбедің бе? Бұл өзім сияқты жоқ-жітік, тесікөкпе курстастарыммен бірге сабақ аралығында Қазан вокзалына барып жүк түсіріп, содан тапқан тиын-тебенмен күн көру деген сөз. Жүктің де түр-түрі бар. Егер бізге Орта Азия мен Қазақстаннан келген пойыздардағы жеміс вагондары тап келе қалса ол жақсы. Себебі, бұлардағы алма, алмұрттар жәшігімен келеді де көтеруге жеңіл әрі ыңғайлы болғандықтан жұмыс тез бітеді. Ал Қиыр Шығыс пен Сібірден жіберілген бөшке-бөшке балық, кеспек-кеспек тұздалған қияр, капусталарды түсіру дегенің енді нағыз азап. Вокзалдан осындай жұмыс істеп келіп сабаққа кіргенімізде МГУ коридорлары мен аудиторияларына киімімізге сіңген тер мен селедканың исі жайылып кететін де ленинградтық, киевтік ақсаусақ курстас қыздар біздің жанымыздан тұра қашатын.

Енді Мәскеуде оқып жүрген күндерімде Баукеңді, Бауыржан Момышұлын тұңғыш рет қалай көріп, ол кісімен қалай танысқанымды айтайын. 1954 жылдың қысы еді. Максим Горький (қазіргі Тверь) көшесімен төмен түсіп

келе жаттым. Метроға жете бергенімде үстіндегі әскери киімі өзіне құйып қойғандай боп жарасқан, тіп-тік денесінде бір мін жоқ, сұсты да айбарлы қазақ полковнигі қарсы ұшырасып қалды. Жанынан өтіп бара жатып басқалардан ерекше боп көрінген осы адамға тағы бір рет көз тоқтатқым кеп қалай кері бұрылғанымды өзім де байқамай қалдым. Сол сәтте ол кісі де маған жалт қарады. Сөйтті де: «Әй, сен өзің кімсің?» – деді маған нық дауыспен. «Студентпін» – дедім мен сасқалақтап. «Көріп тұрмын студент екенінді», – деді үнін манағыдан сәл жұмсартқан бейтаныс жан. «Немене, мені таныдың ба? Әлде біреуге ұқсатып тұрмысың?» «Жоқ,-деп күмілжідім мен. – Өтіп бара жатқан сізді көріп, қалай артыма бұрылғанымды өзім де байқамай қалдым». Мына сөзіме ол кісі рахаттана күлді. Сөйтті де: «Сендім сөзіңе бала, – деді жылыұшырай қарап. – Жүр, әңгімелесейік».

Ресторанға келдік. Даяшылар ас мәзірін әкелгенге дейін бейтаныс полковник өзінің Қазақстанның Жамбыл облысындағы Жуалы ауданында туғанын, отызыншы жылдардың аяғынан бастап Қиыр Шығыста әскери қызмет атқарғанын, Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда жасақталған 316-шы атқыштар дивизиясы жауынгерлерімен бірге Мәскеуді қорғап, одан кейін Прибалтика майданында комдив болғанын баяндады. Әңгімесінің соңында: «Соғыстан кейін әскери академияны бітірдім. Қазір Калинин қаласында қызмет атқарамын. Аты-жөнім – Бауыржан Момышұлы», – деді. Мына сөзді естігенде мен селк ете түстім. Көз алдыма бұл кісінің 1942 жылдың қысында біздің ауылға демалыс алып келгені, бүкіл Жуалы өңірінің тұрғындары: «Батыр Бауыржанды көреміз», – деп тайлы-таяғы қалмай қарсы алғаны елестеді. Содан қойшы, сөз ретіне қарай енді мен де өзімді қысылып-қымтырылып таныстыра бастадым. Байқап қалдым, Баукең менің әкемді білетін болып шықты. Көкемнің Сібірден қайтпай қалғанын естігенде тұнжырап отырып қалды. Тамақ ішіп, сыртқа беттегенде: «Хабарласып тұр қарағым. Қиналсаң маған кел. Өзім де хал-жағдайыңды біліп тұрармын», – деп адресін берді. Міне, Баукеңмен мен ең алғаш рет осылай танысқан едім. Кездейсоқ басталған бұл байланысымыз содан кейінгі 30 жыл бойына бір рет те үзіліп көрген жоқ. Өмірінің соңына дейін ол кісі маған қатал сыншы, ұлағатты ұстаз, ақылшы аға ал, мен оған ілтипатты, ізетті іні бола білдім ғой деп ойлаймын. Бұл шындық.

Осы кезде телефон шылдырлады. Шерағаң әңгімесін үзіп, ауызғы бөлмеге беттеді. Жазу столының жанында жалғыз қалған мен терең ойға берілдім. Есіме кейіпкеріміздің МГУ-ді бітіріп келгеннен соң «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеген кезіндегі замандастарының айтқан сөздері түсті. «Мен Шерханның жастар газетіндегі екі жағдайына куәмін, – деген еді осы тоқсаныншы жылдардың басындағы екеуара бір әңгімеде жазушы Сейдахмет Бердіқұлов. – Алғашқысы оның жазудың «ақ бурасы ойнағанда» кешкі сағат алтыдан соң редакцияда қалып бас көтермей мақалаға кірісетіні, сөйтіп түннің бір уағында редактордың қабылдау бөлмесіндегі ескі диванға құлай кететіндігі. Оның сол сәттегі бейнесі құдды найзаның сағағында ұйықтаған баяғының батырларын көз алдыңа елестетер еді. Содан соң оның толықсыған жас келіншегін, сарышақа балаларын айлап Алматыға тастап, кепкасын баса киген күйі, керзі етігіне ақжем түскенше қоянның аяғын жеген

көкбалақ жүріспен Есілдің арғы беті мен бергі бетін, Сарыарқаның сайын даласын шарлап кететінін қалай айтпассың. Бұл – бір. Екінші есімде қалған жайт, 1958 жылы көне Мысыр соғыстың көк түтініне қақалды. Бұл өздерің тарихтан білетін Суец шатағы ғой баяғы. Сол түндері әр үйдің динамигінен: «Мұсылман жұрты көтеріл! Араб елінің еңсесін басқысы келген отаршыл зұлымдарға қарсы бірге аттанайық», – деген ұран бой тітіретіп жатты. Сонда Шерхан екеуміздің жарты бет қағазға ойланбастан отты өтініш жазып, әскери комиссариатқа апарып бергеніміз әлі есімде. Көп ұзамай «Лениншіл жас» газеті редакциясына: «Кіші лейтенант Мұртазаев, кіші лейтенант Бердіқұлов жолдастар. Патриоттық инициативаларыңызға рахмет. Қажет деп тапсақ еріктілер тобына алғашқылардың бірі етіп қабылдаймыз. Әскери комиссар Авилов», – деп қол қойған хат келгені бар».

Жазушы Сейдахмет Бердіқұлов осылай десе, әріптес інісі Қалдарбек Найманбаев: «Шерағаң «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары болып жүргенінде бұрынғы бір бастық кісіге қызмет керек екен де... Сонымен Шерағаңа бөлім меңгерушісі бол дейді ғой жұқалап. Бұл сөзді естіген Шерағаң басшылық қызметті жиып қойды да ешкімге ештеңе деместен Қарағандыға меншікті тілші боп тартып отырды», – дейді.

Иә, өзіміздің кейіпкерімізбен сол жылдары «Лениншіл жаста» бірге қызмет істескен әріптестері осылай деді. Біз бұл сөздерге сенеміз. Өйткені, көзкөрген куәгерлерден асып қайда барушы едік.

Үй иесімен келесі тақырыптағы әңгіме желісі оның соңғы отыз жыл ғұмырын сарп етіп жазған бес томдық «Қызыл жебе» тетралогиясы төңірегінде өрбіді. Мұндағы ойым: «Басты кейіпкеріңіз Тұрар Рысқұловтың есімін тұңғыш рет сіз қашан, қай уақытта естідіңіз? Аталмыш шығарманы жазу идеясы калай туды? Кең ауқымды, көп салалы осы тарихи-көркем туындыға қажет дерек, фактілерді жинауды неден бастадыңыз?» – деген сауалдарға жауап іздеп, оқырмандарды жазушының осы бағыттағы творчестволық лабораториясынан хабардар ету еді.

– Менің бала кезімде Тұрар Рысқұловтың есімі ауызға алынбайтын, – деді Шерағаң жоғарыдағы сұрақтардың алғашқысына. – Оны білетін ауылдың ересек адамдары: «Е, есіл ер... Нақақтан кетті ғой. Енді ондай қайраткер қайда», – деп сыбырласып қана еске алатын. Тұңғыш рет бұл адамның кім екенін 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған қарт журналист, байырғы большевик Рахмалы Байжарасовтың көлемді мақаласынан оқып білдім. Жеке адамға табыну кезеңінде Рахмалы ақсақалдың өзі де жапа шегіп, көп жыл айдауда жүріп келген кісі еді. Бірақ үлкен газетте мақаласы жарық көрсе де қуаныш ұзаққа бармады, сол кездегі солақай догматтар газеттің редакторын айыптап, мақаланың авторы Рахмалы Байжарасовқа да моральдық тұрғыдан қысым жасады. Дегенмен, осы бір аяулы жанның жазған материалынан сол кездегі жас ұрпақ Тұрар Рысқұловтың кім екенінен біршама хабардар болды десем бұл артық айтқандық емес. Соның өзі шындықтың қалың шымылдығының епте түрілгендігінің белгісі еді. Содан аз уақыт өткен соң Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеу үшін арнаулы комиссия құрылды. Сол комиссияның қорытындысы бойынша Тұрар ағамыздың атына жағылған қара күйе жуылып, ардақты есім біржолата ақталды.

Сөз ретіне қарай Рахмалы Байжарасовтың мақаласы жарыққа шығар алдындағы мына бір оқиғаны айта кетейін. Сол 1960 жыл болатын. «Социалистік Қазақстан» газетінің кіші әдеби қызметкерімін. Секретариатта Ким дейтін қартаңдау келген ретушер бар еді. Бір күні бөлмесіне бас сұқсам ол кісі шеті жеміріліп сынып кеткен ескі суретті жамап-жасқап отыр екен. Әуесқойлықпен үңіліп қарап едім: «Сто, не узнаесь», – деді. (Бұл Ким ағайдың: «Что, не узнаешь», – дегені). «Нет», – дедім мен. «Рисыкулов», – деді ол кісі жұмысынан бас алмаған күйі естілер-естілмес дауыспен жай ғана. Жүрегім шым ете қалды. Газеттің нөмірі жарыққа шыққаннан кейін осы суретті (түпнұсқаны) маған берсеңіз деп қолқа салдым ретушер қартқа. «Не знаю, – деді сол тұқшыңдаған қалпы Ким ағай. Ақыры отырып-отырып: «Ладно – деді. – Только никому не покасывай». Міне, Тұрар Рысқұлов туралы менің қолыма түскен тұңғыш дерек осы еді.

Содан бастап болашақ кейіпкерім туралы фактілер мен тарихи құжаттарды тірнектей отырып жинауды өмірімнің басты мұратына айналдырдым. Күрмеуі көп күрделі бұл жұмыс үш бағытта жүрді. Оның біріншісі, уақыт оздырмай Тұрар Рысқұловты көрген, білген көзі тірі адамдарды іздестіріп, әңгімелесіп қалу, сол арқылы өткен кезеңнің болмысын танып-білуге күш салу дер едім. Алдыма басты міндет етіп қойған осындай ізденістің арқасында тағдыр мені талай тамаша адамдарға жолықтырды. Олар: Тұрар Рысқұловтың жан жары Әзиза Түбекқызы, Жанша Досмұхамедовтың жұбайы Ольга Константиновна, Мұхамеджан Тынышбаевтың бел баласы, қазірде көзі тірі қарт киноператор Ескендір Тынышбаев, әдебиетіміздің пайғамбарлары Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин еді. Бұл кісілердің айтқан естеліктері жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы біраз мәселелерді өз мәнінде айқындауға көп көмек берді. Енді екінші бағытты айтайын. Ол «Қызыл жебе» тетралогиясы үшін өзімнің ұзақ жылдар бойы үзбестен архивтерді жағалап, дерек жинауым дер едім. Қиындығы мен азабы көп бұл ізденіс мені қайда апармады?.. Алматы, Бішкек, Ташкент, Орынбор, Баку, Самара, Мәскеу, Улан-Батор... Осы қалалардағы архивтердің бәрінде де маған толық мүмкіндік, еркіндік берілген жоқ. Ұстараның жүзіндегі үміт пен күдіктің үстінде отырып жұмыс істедім. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өкілдері әрбір мұрағаттағы құжатты қолыма ұстатқанда бұларды көшірмей, қағазға жазбай, тек оқып, танысуды ғана талап етіп отырды. Сондықтан көн-көнбе ойға сақтап қалуға дағдылануға тура келді. Рас, олар кейін маған епте кеңшілік жасауға ниет еткені бар. Бірақ шыға берісте қағазға түртіп алғандарымды мұқият тексеріп, тең жартысын қайшымен қиып алып қалатын... Жә, сөз соңында үшінші бағыт туралы бірер сөз айта кетейін. Бұған өзімнің жазушылық қабілет-қарымым мен ой қорытуымды, фантазиямды жатқызуға болады. Деректер мен фактілерді сұрыптау, тетралогияның әр кітабына жоспар құру, персонаждарды іріктеу, композиция, сюжет, кульминация... Бұлар да ізденіс әрине... Бірақ бәрімізге түсінікті болғандықтан оны қазбалап жатудың керегі жоқ деп есептеймін.

– «Қызыл жебе» тетралогиясының қай кітабын жазу, жарыққа шығару сізге қиын тиді деп ойлайсыз?

– Барлығы да оңайлықпен дүниеге келген жоқ, шырағым. Бес кітаптан тұратын бұл тарихи-көркем шығармаға отыз жылдық ғұмырым кетті. Сұрадың ғой, айтайын... Үшінші кітап – «Жұлдыз көпірдің» жолы өте ауыр болды. «Жұлдыз» журналы баспады. Жазушылар одағындағы талқылау біржақты өтті... Мұндайда баспалардың ұстайтын позициясы да белгілі ғой... Қолбала сияқты жалтақ көзқарас. Осындай кезде Ғабең, Ғабит Мүсіреповтің шарапаты тиді. Кітаптың даулы болып жатқанын естіген болуы керек, оқып шығып, «Социалистік Қазақстан» газетіне «Жұлдыз көпір және Тұрар» деген мақала жазып, маған араша түсті. Жалпы «Қызыл жебеге» кіретін кітаптарыма байланысты мен екі адамға қарыздармын. Олар жазушы Ғабең, Ғабит Мүсірепов пен мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің сол кездегі басшыларының бірі, генерал-майор Тілеулиев. Бұл асыл жандар әрқашанда менің жүрегімде. Оларды ылғи да алғыс сезіммен еске алып отырамын.

* * *

Әңгіме аяқталды. Мен Шерағаңмен қоштасып далаға шықтым. «Жазушы аға туралы тағы не айтуға болар еді? – деймін іштей. – Иә, не айтуға болар еді?» Ойыма төмендегі жайттар оралды. Алпысыншы жылдардың аяғында «Лениншіл жаста» алымдылық танытып, жетпісінші жылдарда «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиетіне» жан бітірген кім? Сол. Сексенінші жылдардың соңында етпетінен түсіп жатып қалған «Социалистік Қазақстан» газетінің еңсесін көтеріп, оған ұлттық ояну үрдісіндегі жаңа атау берген кім? Тағы да сол. Енді тоқсаныншы жылдарға келейік. Тәуелсіздігіміздің таңсәрісі деп аталатын егемендігіміздің елең-алаң шағында Парламентке мүше болып сайланып, халқымыздың тілі, жері, диаспорасы, Ата Заңы туралы ақырып теңдік сұраған кім? Шерағаң. Алпысқа келсе де ақмылтық журналистігінен ажырамай, қысқа да нұсқа үлгідегі жазудың қабырғасын сындырып жүрген кім? Шерағаң. Оған кейіпкеріміздің адамның жанын жейтін ауыр жұмыстар атқарып жүргеніне қарамастан, «Қызыл жебенің» бесінші кітабы «Тамұқты» былай қойғанда «Сталинге хат», «Жалғызүйлік зілзала», «Нағашы-жиен» пьесалары мен «Не жетпейді?» публицистикалық жинағы, АҚШ, Түркия, Пәкістан, Үндістан сапарларынан туған жаңа үлгідегі жолжазбалары анық дәлел бола алады.

Астанадағы Төлебаев көшесімен жоғары өрлеп келе жатып мен міне, есіме осы жайттарды түсірдім. Содан соң, ойыма тағы бір оқиға оралды. 1992 жылдың қыркүйек айы еді. Жоғарғы Кеңестің Ұлт саясаты және мәдениет пен тілді дамыту жөніндегі комитеті ұйымдастырған экспедицияның құрамында біз Маңғыстау облысындағы ежелгі ескерткіштердің жай-күйімен танысып жүрдік. Қайтар жолда Ақтаудан ұшқан әуе лайнері Алматыға емес, Жамбылға қарай тіке тартты. Сөйтсек, Әулиеата жерінде Шерағаңның алпыс жылдығы аталып өтпекші екен. Самолеттегі үкімет адамдары міне, осы мерейтойға асығып келе жатыпты. Арада біраз уақыт өткен соң әуе лайнері Жамбыл аэропортына да келіп қонды. Иллюминатордан көріп отырмыз, қонақтарды облыс орталығының басшылары шат-шадыман жүзбен қарсы алуда. Жалынды сөз... Құшақ-

құшақ гүл... Нағыз мерекелік көрініс дерсіз. Көп ұзамай үкімет адамдары бар жақсылар мен жайсаңдар мінген көлік керуені аэропорттан Жуалыға қарай қозғалды. Ал самолет салонындағы қалған «ұсақ-түйек» біздер әуеге көтеріліп, Алматыға қарай тарттық. Сол сәтте ойыма ақтаулық арынды ақын Темірхан Медетбековтің Үстірт үстіндегі Шерқала қамалы маңында жүрген күндерімізде Шерағаң туралы аңыратып тұрып оқыған төмендегідей өлең жолдары оралды.

Саптта-сұрт шайқастарда сан атылған,
Көп жұрттан көш ілгері дара туған.
Мен білсем, иір бұтақ осы кісі
Қазақтың намысынан жаратылған.
Қосылмай топ-тобырдың ағысына.
Қол берген алыбына, арысына.
Намыстан жаратылып, сосын өзі
Қазақтың айналған ғой намысына.
Өткелін ертеңінің бойлап көрген.
Мен білсем, иір бұтақ, осы жанға,
Қаратау қайыспа деп қайрат берген,
Алатау майыспа деп айбат берген.
Қашанда тайғақ емес, мәрт шыдамы,
Күйінсе ойларынан өрт шығады.
Осы жан иілместен, бүгілместен,
Сынса да шамырқанып шарт сынады.
Құр түсін, өзің мейлі құр түсінбе,
Қазақтық айбар жатыр түр-түсінде.
Осы жан – жарқылдаған найзағайым
Шатырлап жағаласқан бұлт ішінде.
Өткенін өміріндей күте білген,
Түбіттей теміріңді түте білген.
Қазақта сирек, сирек осы жандай,
Тік сөйлеп, тіке кетіп, тіке жүрген.

Тік сөйлеп тіке кетіп, тіке жүрген.

Иә, ақын дұрыс айтады. Шерағаң туралы бүгінгі елдің ойында жүрген пікір де міне, осы.

«Халық кеңесі» газеті, 24 маусым 1994 жыл.

ОҢТҮСТІКТЕГІ ОН КҮН

немесе Шерағаң туралы мөлтек сыр

Құдияр БІЛӘЛ

«Егемен Қазақстан» газетінің Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында оқырмандармен кездесу күндерін өткізу барысында «Шерағаңның атқосшысы» бола жүріп, біраз жайды көңілге тоқығандай болсам да, бұл тақырыпта қалам тарта қоярмын деп ойламаған едім. Оған Шерағаң туралы мандытып жаза алмаспын деген күдік те себеп болса керек. Дегенмен, Шерағаңмен он күн бірге жүргенде бір ауыз сөз жазбасаң тағы болмастай. Сонымен..

Әуелгі әсер

Шерағаңды бұрыннан білсем де, тіпті Бас редактор болып тұрған кезінде қол астында қызмет атқарсам да ол кісі жанына бұрын-соңды мұншалықты жақын келген емеспін. Сондықтан оқырмандармен кездесу барысында да, шаруа басшыларымен оңаша әңгіме кезінде де өзімді генерал алдындағы солдаттай сезініп, оқтау жұтқандай сіресіп қалсам керек. Соны аңғара қойған Шерағаң мені әңгімеге тартып, басқалармен салмағымды өсіре марапаттай таныстырғанда әжептәуір көтеріліп-ақ қалдым. Етім үйрене келе тіпті тілім де шыға бастады.

Ел тізгінін жолбарыс ұстаса қарамағындағылардың да соған ұқсап бағуға тырысатыны сияқты Шерағаңның жанында жүрген соң біздің де жалымыз күжірейіңкіреп қалған. Тіпті жұрттан сәлем күтетіндей де кейіпті аңғарта бастасақ керек. Бірақ, ұлық болған сайын кішік қалпын жоғалтпайтын Шерағаңа көзіміз түсіп кеткенде, бойымызды еріксіз жинай қоямыз.

«Егемен Қазақстанның» босағасы

Оқырмандармен кездесу барысында жұртшылық көңілін алаңдататын әуелгі жай – көпшілік Шерағаңды бұрын ылғи да министр орнына парапар биік креслодан, не республиканың маңдай алды басылымдарының бас редакторлығынан, болмаса депутат мінберінен көруге дағдыланып қалғандықтан болса керек, сыйлы ағаларына орын берсе де, төрін бермегендігіне өздерін кінәлі жандай сезініп, Шерағаңның бұл келісінің қай келіс екендігін түсіне алмай аңтарылып-ақ қалады. Айтары бар ағаның аттан түспегенін қалайды көпшілік.

Мұндайда Шерағаң: «Егемен Қазақстан» елдің газеті. Бұл газет тізгінің кезінде қазақтың маңдайына біткен небір марқасқалары ұстаған» деп Сәкен Сефуллин, Тұрар Рысқұлов сынды алдыңғы шоғыр алыптарды бір тізбектеп, одан кейін өзі тәлімін алған Ғабит Мүсірепов бастаған ағаларын айта келе, «Сондай әруақты жандар басқарған киелі шаңырақтың мен бүгін босағасында отырғаныма арланбаймын» дейді. Бұдан кейін жұртшылықтың «Егемен

Қазақстан» газетіне деген пейілі өзгереді, ниеті түзуленеді. «Ойпырым-ай, Шерағаңның өзі босағасында жүруге арланбаған газеттің қадіріне жете алмай жүр екенбіз-ау» деген ойда қалады. Содан кейін-ақ газет тиражы да біртіндеп көтеріле бастайды.

Газет не үшін керек?

Сұрақ осылай қойылғанда көбіміздің «сауалыңа болайын» деп қайырылып кетуіміз кәдік. Бірақ, бұл сауал талдауы Шерағаң аузымен айтылғанда олай етуге екінің бірінің дәті бармайды. Сонымен, «Газет не үшін керек?» деген сауалға Шерағаң білдірген пікірді жеткізуге тырысып көрелік.

«Экономика мен рухани дүние мемлекеттің қос қанаты. Осыны тең ұстау керек» деген Шерағаң экономиканың қазіргі жай-күйіне тоқтала келіп: «Бірақ менің Камал досым «Қазақстан қазынасының иесі енді өзіміз. Ен байлыққа толы алтын сандық кілті қолға тиді» дегенді айтады маған. «Камал дос, егер бәрі де сенің айтқаныңдай болса, өз байлығымызға өзіміз иелік етсек, онда сол қазыналы алтын сандықтың үстінде неге жалаңбұт отырмыз? Алтын сандықты ашпаймыз ба? Алтын, гауһарына қолды малмаймыз ба?» деймін мен. Бұған сөз ауанын байқаған жұртшылық желпініп-ақ қалады. «Лайым сол күн ертерек болсын. Бірақ шыңдық басқа ғой» деген Шерағаң сөзін одан әрі былайша сабақтар еді:

«Міне, экономиканың жайы осылай. Мемлекет қос қанатының бірі көтеріле алмай сыңаржақ күй кешуде. Байғұс құс бір қанатымен болса да сабалап жүріп кеудесін көтеруге талпынар еді. Бірақ сорлатқанда біздің екінші қанатымыз – руаният дүниесі де сау емес. Кітап шықпайды. Журналдар жабылу үстінде. Газеттің жайы мынау. Теледидардан көретініміз, «Караваннан» оқитынымыз өзге елдің былапыт дүниесі. Ар жоқ, иман жоқ. Соны айтатын, жұртшылық көкірегіне сәуле түсіретін осы газет. Қазақ газетіне қазақ жазылмаса, оған ел болып қолдау көрсетпесе өзгелер біздің көзімізге шұқиды. Бұлар ел болып жарытпайды, қазақ тілін қажет етпейді дегенді айтады. Сонда оларға не деп уәж айтасың?! «Сандалма» деп айту үшін де табан тірейтіндей газет тиражы болуы керек қой. Міне, газетке жазылу солар алдында жер шұқып қалмауымыз үшін, елдігіміз үшін, қазақ тілінің мәртебесін өсіру үшін керек».

Жол үстінде

Мінберге шыққанда «мінез танытып» айбарланып кететін Шерағаң жайшылықта да сөз тарта білсең әңгімешіл-ақ. Өзіміз бар, өзгелер бар әйтеуір атбасын шалдырған жерде Шерағаңның аузын бағамыз.

Жол ұзақ. Сапарлас серігіміздің бірі – «Егемен Қазақстанның» байырғы фототілшісі Сиез Бәсібек жөтеле бастайды. Мұндайда Шерағаң артына оқшырая бұрылады. «Мына жөтел тегін жөтел емес. Аялдаңдар» деп әлгі жөтелдің өзі қойған атын айтады. Біраз жасқа келсе де елгезек Сиез ағамыз оны-мұны шаруасымен жүріп өз орнына отыра қоймайды. Өзгелер ығыспаған соң күй талғамайтын Секең бұйырған жерге қонжия кетеді.

Мұндайды қақас жібермейтін Шерағаң Сиез ағамызды салмақтай бастайды. Сөзін әріден қозғай келіп, Сиездің Сырым Датұлының тікелей ұрпағы екендігіне тоқталады. «Өзі де қарап жүрмей биыл 60-қа келді» деп Секеңнің жолының да, жасының да үлкен екендігін сипай қамшылап жеткізеді. Сол-ақ екен отырғандар өре түрегеліп Секеңе ығысып орын беріп жатады. Өзіне-өзі келіп, көңілі өскен Сиез ағамыз осыдан кейін белден басып әңгіме айтады. Ол әңгіме көбіне былай болып келер еді.

«Айналаның бәрі тау. Жалғыз аяқ жол. Жол шетінде шалдар отыр. Тауды өрлеп жүріп келемін, жүріп келемін. Бір әйел баласын көргенім жоқ».

Басы жоқ, аяғы жоқ бұл әңгімеге біз түсінгенмен, өзгелер ұғына қоймайды. Бұны аңғара қоятын Шерағаң «Бұл Сиез өзі батырдың ұрпағы болған соң сонау Кавказға барып авар жұртынан қыз алған. Қалыңдығы Расул Ғамзатовтың қарындасы болып келеді. Екі жағы тең ғой мұның. Сіздерге сол қайынжұртына барғандағы әңгімесін айтып отыр» деп еді Бұдан кіршіксіз баладай ақ көңіл Сиез ағаның мерейі өспесе, төмендемейтін.

Барған жерін емін-еркін аралап, билеп-төстеп кететін фототілшілерге тән қасиет Сиез ағада да бар. Сәкең сол әдетімен Шымкенттегі гуманитарлық университет оқырмандарымен кездесу болар кезде ректор үстелінің үстіне фотоаппараты бар, әйтеуір бірталай затты жайып тастап, оны-мұнысын реттей бастады. Бұл көрініс сырт көзге сыйластық шегінен шығыңқырап кеткендей әсер қалдырды. Сонда Шерағаң «Сиез, саған басқа жер жетпеді ме? Ұрлап сойған малдың ішек-қарыны сияқты шұбалтпай жина аналарыңды» дегенде жұрт ду күліп, кездесу жылы шырайда жалғасын тапқан еді.

Әңгіменің де орайы бар

Жол үстінде жүрген соң жайың бірде болса, бірде реті келіңкіремей де қалатын кез болады. Бір жерден ерте, екіншісінен кеш шығып, оқырмандармен кездесу созылыңқырап кеткен кездерде кей ауылда төтеннен аялдап қалуға тура келеді. Қапелімде аудан басшылары қысылыңқырап та қалады. Содан қонақжай қалыпты сақтап, сыр білдіргісі келмеген біреуі «Үйге түсіп, ат шалдырыңыздар» дегенді айтады. Біз болсақ бір-екеу емес, бірталаймыз. Кездейсоқ барған үйге әжептәуір салмақ түсіреміз. Мұндайда Шерағаң «Жүріңдер – дейді де» ілгерілекте бір өзбек пен қазақ тамыр болыпты, – деп әңгімесін жалғастыратын. – Сол өзбек оны-мұнысын сатып қазақ тамырына жылда қонаққа барады екен. Қайтарында қазақ досын ылғи үйіне шақырып «Келмейсің» деп өкпе артып кететін көрінеді. Содан бір жылы базарға түйе сатуға барған қазақтың өзбек досының үйіне жолы түседі. Досы «Қош келдің» деп дарбазаны ашса, түйелі қазақтар бірінен соң бірі кіріп, түйелерін шөгеріп, аулаға сыймай кетеді. Сонда өзбектің баласы үйіне жүгіріп кіріп «Дада, дада мына қазақлардың тюалары юзімнің япырахларын еп ятыр, оларды қайда байлаймын» десе, әкесі «Менің тіліме байла, тіліме» деп қазақ досын қонаққа шақырғанына опық жейтін көрінеді». Сол айтпақшы, «шақырған өзі» деп барған үйлеріміз кейін «Шерағаң түскен үй» деген атқа ие болып жататынын артынан білдік.

Алыптар ауылы

Оңтүстік Қазақстан облысындағы оқырмандармен кездесу Шымкент қаласының өзінен бастау алуы керек еді. Бірақ, жолшыбай Түлкібасқа аялдауға тура келді. «Тұрардың мүсінін көрген соң, аттап өте алмадық» деді Шерағаң әкімшіліктегі әңгіме кезінде.

Иә, қазақта аялдамай өте алмайтын аруақты жерлер көп-ақ. Осының алдында ғана іргелес таяқ тастам жердегі Шерағаң ауылынан шыққан болатынбыз. Қасиетті Мыңбұлақ жері. Шерағаң ауылына батыр атамыз Бауыржан Момышұлының кіндік қаны тамған жер арқылы өтесің. Одан әрі тағы да 20 шақырымдай ұзасаң, қырғыз қазаққа бірдей шоң жазушы Шыңғыс Айтматовтың ауылы басталады. Қырғыз жері демесең, топырағы бір. Тарих қойнауына бойламай-ақ аттары аталған азаматтар қадіріне жете алсақ та осы ауыл даңқы әлемді жаңғыртардай.

Илико

Кешкілік апақ-сапақ мезгіл. «Жолшыбай бұрыла кетейік» деген соң жолдастарымыздан бөлініп Шерағаң үйіне бет алып келеміз. Тұман көтеріліп, жүрісіміз мандыр емес. Бірақ соған қарамастан Шерағаң көңілді. Жолшыбай мал қайырып жүрген бірен-саран салт аттылар кездесті. «Міне, бұл ауылдың қазақтары атқа мініп жүреді» деп Шерағаң тіпті көтеріліп-ақ қалды. Менің ойыма Шерағаңның атқа байланысты айтқан әңгімесі түсіп, үнсіз жымиып қоямын.

«Жүгіріп, не темір көтеріп әлек болғанша бір мезгіл атқа мініп жүрсеңдер болмас па? – дер еді Шерағаң. – Қандарың бойларыңа тарап, тақымдарың ерге үйкеліп, жандарың кіріп қалар еді. Әй, дайын массажды білмейсіңдер ғой сендер...» деп әңгіме соңын әзілге жорытатын.

Қара шаңырақка балаған Шерағаң үйі есігін өзінің тетелес інісі Батырхан ағамыз ашты. Бұл кісіні алғаш көргенім осы болса да Шерағаңның «Ай мен Айшасы» арқылы білетіндіктен тез-ақ тіл табысып кеттім. Батырхан ағадан суыртпақтап әңгіме тартсам ба деген ойымды Шерағаңның «тосын мінезі» бөле берді. Бір кісідей танып қалдым-ау деп ойлаған Шерағаң немерелерінің қолына тиген соң тіптен өзгеріп бала сияқты «ойнады» да кетті. Өңі бал-бұл жанады. Мынау пәленше, мынау түгенше, мынау Илико деп немерелерін өзі қойған «клишка» аттарымен таныстырып жүр. Иликоны Шерағаң жазғандықтан жадымда сақтап қалдым. Өзі де атасына үйір екен. «Өзіңізге тартқаны осы Илико сияқты» деп қалдым мен де. Онымды Батырхан аға қолдағандай болды. Шерағаңның да ұнатып қалғанын ішім сезді. Кейіннен Батырхан аға: «Илико әкемізге тартқан көрінеді» дегенді айтты.

Өткен күн елестері

Батырхан ағамен әңгімем жарасып-ақ қалды. 60-қа толса да тым ширақ, баладай аққөңіл Батекең Шерағаң алдынан кесе көлденең өтпейді екен. Тіпті

ол ол ма, Шерағаң өзі айтпаса қажетсінген әңгімесін де сұрай қоймайтын мінезі мені мүлде тәнті етті. 60-қа келсе де «ағалаған» бауырмал інінің мейірлі үні де, жүріс-тұрысы мен ілтипат көрсетуі де құрмет пен сағынышқа тұнып тұрғандай әсер қалдырады.

Оңаша қалған бір сәтте «Ағам «Ай мен Айшаның» екінші кітабын жазып жатыр ма екен?» деп сұрап қалды. Екінші кітаптың жазылып жатқандығын кездесу барысында Шерағаңның оқырмандар сауалына қайтарған жауабынан білетіндіктен, Батырхан ағаға кітаптың жазылып жатқандығын айттым. Ол кісі ойланып қалды. «Ай мен Айшаны» алғаш оқығанда көзімнің жасын тыя алмадым, – деді сол ойға шомған қалпы. – Сондағы ағам арқалап жүрген мешеу бала мен ғой. Бәрі көз алдымда. Шешеміз өте көрікті кісі еді. Әкеміз «халық жауы» атанып ұсталып кеткен соң, көп зәбір көрдік. Шешемізді шашынан сүйреп, ат бауырына алған да кездер болған. Қуықтай қоржын тамда немістермен де бірге тұрдық. Ағам Мәскеуге оқуға кетіп, содан екі жылдай хабарласпады. Жалғыз ешкіні сатып, ақшасын салып жібергеніміз есімде.

Ағам маған интернаттың киімдерін жіберетін. Мен болсам көрген зәбір-құқайымды айтып, ағама хат жазамын. Сөйтсем ағам сол хаттардың бәрін сақтап жүреді екен. Кейін оқып бергенде өзім ұялдым...».

Батырхан аға үнсіз қалды. Менің де ойым онға бөлініп, көңілім бұзыла бастады. Сонда да болса Шерағаңның балалық шағынан бір-екі ауыз әңгіме естігім келді.

«Бұзықтау болатын. Төбелеске де бейім еді. Осы ауылға келе жатқанда жолшыбай тиіскен екі чешен жігітін ұрып жыққанын білемін. Кейін Алматыға барғанымда парк маңында тағы да екі жігіттің жолымызды бөгегені бар. Ағам «Қап, ұят болатын болды-ау. Ұмытып кеткен нәрсе еді» деді де боламаған соң екеуінің де быт-шытын шығарды» деген Батырхан ағаның әңгімесі құлазыған көңілді қайта көтеріп-ақ тастады.

Мас орысты сағындым

Жолшыбай Шерағаң айтуымен бір екі жерге бұрылып, аруақты орындарға зиярат еттік. Мұндайда біздің есімізге Шерағаңның Иранға барғанда айтыпты делінетін бір шумақ өлеңі түседі. Иранда ондай екен, оларда мұндай екен деп келетін көп сөзден гөрі, Иран табиғатын осы бір шумақ өлең ашып тұрғандай. Өзіңіз оқып көріңіз.

Қадам сайын әулие,
Барлығына табындым.
Адамдардың бәрі сау,
Мас орысты сағындым.

Оңтүстік жері де әулие-әмбилерден кенде емес. Тілейтін де, түнейтінде жерлер баршылық. Арыстан баб пен Қожа Ахмет Иассауи кесенесінен бастап, Төле би, Баба Түкті Шашты әзиз, Бәйдібек ата, Нұр ата, Шақпақ ата, Қошқар ата, Сиқым ата, Шымыр аталар мен Домалақ ана және де басқа қасиетті орындарға барып зиярат ету қай қазаққа да жарасады-ақ. Бірақ, өзіміздікін

емес, өзгені дәріптеу бізде әлі де басым. Сондықтан болар, көп аруақты орындар басы әлі күнге қараймай келеді.

Ағалар айтқан екен

Мына жұтаңдау кезде адам басын құрап кездесу өткізу аудан әкімшілігіне оңайға түспейтіндігі әр жерде-ақ аңғарылып қалады. Кездесуге жиналғандар кейпі әуелгіде қатқылдау көрінгенімен, кейіннен, Шерағаң сөзін тыңдағаннан кейін жадырай бастайды. «Өздерінің тістері алтын, түстері салқын» деп қояды мұндайда Шерағаң. Кездесуден соң түстері жадыраған жұрт Шерағаң шаужайына жабысып, дәм таттырмай жібергісі келмейді. Ондай сәттер жиілеңкіреп кеткен кездерде біздің дәмнен бетіміз қайтыңқырап-ақ қалады. Сонда Шерағаң «Қайран Сәбең, деп – Сәбит Мұқанов ағасын еске түсірер еді.– Сәбең бірде ел аралап жүріңкіреп қалыпты, – дейтін одан әрі сөзін сабақтап. – Анау үй де, мынау үй де бас тартып, Сәбеңді еттен шығарардай болған соң елдің бір азаматы «Мұнымыз болмас. Тағам түрін өзгертейік» деп бір қойды тұтас сойып, тұшпара жасап, қадірлі ағасының алдына табағымен тартады ғой. Сөзге шешен Сәбең әне-міне дегенше әңгіме үстінде-ақ үюлі тамақты еңсеріп тастайды. Үй иесі «алыңыз, алыңыз» деп түбі көрінген табақты жақындата түссе, Сәбең жарықтық «Қой енді, етке де орын қалсын» деген екен. Ал сендер болсаңдар...» деп Шерағаң ағасын мақтанышпен еске алар еді.

Содан кейін-ақ сөзден сөз туындап, ағалардың айтқандары әңгімеге арқау болатын. Бірде Ғабит Мүсірепов бастаған жазушылар Ақжайық жағасына ат шалдырыпты. Шамалы желпініңкіреп алған Жәрдем Тілеков ағамыз «Ақжайығым, анам менің! Сағындым ғой сені! Ал мені құшағыңа!» деп жардан секіріп кеткен екен. Содан жуық арада судан шыға қоймаған соң Ғабең өзіне тән сырбаз қалпымен «Біреуің барып байқаңдаршы. Әлгінің қанша сағынса да шығатын уақыты болды ғой...» деген екен. Мұндай әңгімелер Шерағаң аузынан айтылғанда тіпті құлпырып-ақ кетеді.

Сіз айтпағанда кім айтады

Газет оқырмандарының Шерағаңа қояр сұрақтары алуан түрлі болып келеді. Бұл сауалдар дені Президентке, қала берді Премьер-министрге қойылатын-ақ сауалдар. Шерағаң сипай қамшылап жауап қайтарады. Кейбіреулер тіпті қадалып қоймаған кездерде Шерағаң «Шырақтарым-ау, мен министр емеспін, не басқа емеспін. Президентті өздерің сияқты теледидардан ғана көремін» десе де көпшіліктің оған көңгісі келмей «Сіз айтпағанда кім айтады» деп бой бермей тұрып алатын кездері де аз кездескен жоқ.

«Сіздердің жай-күйлеріңізді, ел жағдайын Президенттің менен де жақсы білетіндігіне мен сенемін. Менің айтарым – басшы біреу болуы керек, қалғаны соған тіреу болуы керек. Бірақ кей «тіреулер» шірік ағашқа қағылған шеге сияқты. Бекем емес. Былқ-сылқ етеді. Біздің көсегеміздің көгермей отырғаны да содан» деген Шерағаң сөзінен кейін барып өзеуреген көңілдер басылар еді.

Пароль

Мәшине жүргізген адамның ізетпен сызылып сәлем беретін қадірменді «көкесі» – МАИ қызметкерлері екендігі жасырын емес. Автоинспекторды көргенде аяғымен тежегішті қалай басқанын өзі де байқамай қалатын қасиет барлық жүргізушілерге тән. Бірақ бұл сапарда менің жолым болды.

Автоинспектордың ала таяғы шошаң ете қалғанда мәшинеден қалай атып шыққанымды білмей қалатын қайран басым бұл жолы олармен терезеден ғана тіл қатысумен болдым. Онда да жаттап алған «паролім» – «Шерағаң келе жатыр» дегенді айтумен шектелемін. Обалы не керек, әншейінде әңгіме ұқпайтын автоинспекторларым қолын шекесіне қойып тұра қалады. Рахат!

Соңғы түйін

Айта берсе әңгіме көп. Шерағаңа қатысты болған соң оның қай-қайсысының да оқырманды жалықтырмайтыны анық. Дегенмен, тәтті ауыздың дәмін кетірмей, осымен шегермегенді жөн көріп отырмын. Болмаса газеттің бөлім меңгерушісі Әділ Дүйсенбек ағаның «Қордай кештері» деген әңгіме жазбақ болғаны, не Шерағаңның газеттің Жамбыл облысындағы тілшісі Көсемәлі туралы шығарған өлеңі, сондай-ақ Шерағаңның Шымкенттегі інілері Байділда мен Мархабат ағалардың «Екеудің бірі бүлік, бірі жүлік» деген өлең жолдарын қалай тудырғаны бір бір әңгімеге арқау болғандай. Ал әзірше, жаңа жылда сіздерді Шерағаңмен жүздестіруге жазсын, қадірменді оқырман, деумен шектелейік.

«Егемен Қазақстан» газеті, 14 қаңтар 1997 жыл.

ТӘҢІРТАУ. ШІЛДЕ. ШЕРАҒА.

Мархабат БАЙҒҰТ

«Түркібасы дей берем...»

Шерағаңның түрі сұстылау көрінетіні, жанына жақындаудың оңай еместігі рас. Бірақ қасында жүріп, қасиетті шуағына шомылып, үнсіз ғана ұғысудың өзі – бақыт. Сол себепті де, облыс әкімінің орынбасары Дархан Мыңбаев: «Шерағаны Түлкібас ауданының әкімшілігі арнайы шақырыпты, демалыс күндері барып қайтқаныңыз жөн болар» дегенде қатты қуандым. Жуалыда, жүрек қылын шертетін шерлі де мұңлы әңгімесіндегі «бас кейіпкерлер» Ақсай мен Көксай баурайындағы Талаптыда «Ай мен Айшаның» келесі кітабын жазып жатқан Шерхан Мұртаза Тәңіртау шыңдарын аймалай сүйген ақ сәулелер сырғанап төмен түсе бастаған шақта Тұрар Рысқұлов ауылына келді.

Аудан әкімі Асқар Бейсенбаев: «Шераға, Құлантаудың арғы бетінде жатқаныңызды естіп, бір жүздесіп қалмақ ойға бекіндік. Пістеліде болыпсыз,

жігіттер енді Ақсу-Жабағылыға шығарады, бес-алты жылдан бері бармаған екенсіз. Мына Нұржігіт пен Ерғали екі жағыңызда жүреді, құдай қаласа. Шаруа шаш-етектен, Алматыдан күні кеше ғана келгенім, маған рұқсат етесіз», – деді. Әкімнің бірінші орынбасары Нұржігіт Қалмырзаевтың кең кабинетіне қырық кісі емін-еркін жайғасады екен, оншақтысы ауызға бөлмеде құныға құлақ тосады. Жиналған жұрт алғашқыда тартыңқырап отыр еді, сәлден соң-ақ сұрақ қаулап, сауал саулап қоя берді. Оқырман Шерағаңды сағыныпты, қаламгердің қат-қабат, ерен-терең, өрелі-өрісті ой-пікірлерімен емірене сусындап, тебірене тыңдады. Емін-еркін, емен-жарқын елу шақты адамның енжарын байқай алмадық. Көкіректерде тұтасыңқыраған кермектер кетіңкіреп, көптің көңілі көз алдымызда тазарыңқырап қалғандай көрінеді.

Ұлты орыс, әлде украин келіншек шыдай алмай, жұрттың көзінше жүгіріп келіп, Шерағаңды сүйіп-сүйіп алып, жанары жасаурап, алғыс сезімін жаудырды. Қазақтың қыз-келіншектері, әлбетте, мұндайда тым ұяң, аса ұстамды келеді ғой.

Күтпеген жерден Көпен кіріп келді. Кәдімгі кең маңдайы ақшылтым, күлім көзі көкшілтім Көпен Әмірбек. Аудан прокуроры Уақыт Досалиевтің досы, атақты сықақшы Көпекең. Кездесуде отырғандар күлкіге кенелді. Сары баланың Шерхан ағасына еркелеп, пародия оқығаны да жарасып тұрды. Одан жергілікті сықақшы, кітабын сатып күн көретін Алпысбай Боранбай да қалыспады.

Әңгіме арқауы әлсін-әлсін, қайта айналып қайран Тұрарға орала береді. Тәңіртау шыңдары буалдыр буға оранған сәтте Шераға Тұрар Рысқұлов ескерткішінің түбінде, топ оқырманның ортасында тұрды.

– Мен Түлкібас емес, Түркібасы дей берем, – деген Шерхан Мұртазаның даусы құлағымызда қалып қойды.

– Осы кісінің үні ұлт намысы секілді сезіледі, солай естіледі,– деді айтулы ұстаз Қалаубек Анашев.

«Елім, саған айтам...»

Алатау дейсіздер ғой, Тянь-Шань деп өз тілінде айтатындар миллиондап саналар, ал бұл таудың шын аты – Тәңіртау. Ұлы Түркі қағанатының тұсында арғы ата-бабаларымыз тап осылай атаған. Ақсу-Жабағылы мен анау арғы беттегі Түркібасы – Түркі қағанаты тұсында елбасылардың, қолбасылардың ордалары орнаған, шатырлары тігілген, туралы желбіреген жерлер.

Ақбиікті баурайлап, Арыс өзенінің басталар қайнарларына қызыға қарап, Ақсу-Жабағылы қорығына қарата беттедік. Абайыл ауылынан аса бергенде темір жол бойымен арса-арса, алқа-салқа, тоз-тоз жүк пойызы кетіп бара жатты. Шерағаң бір бүйірге бұрылған пойызды байқамай, қарсы алдындағы Тәңіртаудың ең биік шыңына телміріпті. Ал, мен анау алқа-салқасы шыққан, тозған тізбектен көз ала алмадым. Небір сұлу состав пойыздардың бізден қалай әкетілгенін, көп-көп-көп дүниеден, қыруар байлықтан, Қазақстанға қаңсығы ғана қалғанын білеміз ғой. Оны айтасыз, Шерағаңның алпыс жылдығында тарту етілген титімдей мәшинеңің өзін көре алмай, ауыздарын айға білеп, бадырайта жазғандар аз болмады-ау.

Пендешілдік, күншілдік, баяғы сол бақастық дейміз-дағы. Ойпырай десеңізші, анау-мынау кемталанттар емес, кемеңгерлеріміз деп жүргендер. Шерағаңның текті тізгінін жұлқи тартып, шаужайына жармаса шәуілдеді-ау сонда. Жерді адамға табындырып, жұртты әдейі қағындырып жүрген қайраткер қаламгерлеріміздің күйкі күндестіктің деңгейінен жоғары көтеріле алмай, бақастыққа бой алдырғанына қалайша қайран қалмассыз. Ал, дәл сол жылдарда небір жебірлер жүздеген вагондарды жұтып, мыңдаған мәшинелерді қылғытып жатпады ма? Небір мәшинелер мойындарынан тізіліп, шетке әкетілмеді ме? Небір ығайлар мен сығайлар алдымен қабат-қабат котеджде мен ертегідегідей саяжайлар салып алып, артынан өздері шығып қалмады ма? Небір несиелеріңіз науалардан құйылып, нысапсыздарға бұйырмады ма?

Бір таңданарлығы, біздің білгіштер мен жазғыштар айналып келіп, өзді-өзінің өзегіне өрт тастап, өршелене өзеурейді-ай сонда.

Бәрібір, Шерағаң пендешілігіңізге пысқырып та қарамайды, өйтіпті де бүйтіптіге бармады, бұларың қалай деп бұлданбады, ондай-ондайлар туралы ләм-мим деп жазбады да жүдә. Бірақ әлгілер мақсатына жетті. Шерағаңды ұлтшыл деді, понтюркист деді. Қазақ баспасөзінің патриархы атанған Шерағаң, қай басылымға барса да бағын ашатын Шерағаң қызметтен де, тағысын-тағылардан да шеттетілді. Баяғыда жазушы кейіпкері, кемеңгер Тұрар Рысқұлов та осылай шеттетілген кезеңдер кездескен ғой. Амал нешік, алайда, Шерхан Мұртаза атты тұлғаны ешкім де, ешқашан да төмендете алмайды. Бәрібір, шын мәніндегі халық жазушысы, көреген көсемсөз иесі Шерхан Мұртаза: «Малаховтар қайда-а-а?!» – деп, Махамбеттерше ақырып теңдік сұрады. Өз қара басының емес, халқының жоғын жоқтаған осы Шерағаң болды. Қабат-қабат үй-жайлары, ұлан-асыр дүние-байлығы, науадан құйылардай айлығы мен шайлығы жоқ, бірақ Шерағаң бәрібір, Шерағаң! Бұған күні кеше шыққан, халық құныға оқып жатқан «Ай мен Айша» және «Елім, саған айтам; Елбасы сен тыңда» атты кітаптарынан тағы да көз жеткізесіз…

Арса-арса пойыз алыстап кетті, алдымыздан Жабағылы ауылы шыға келді. Тұнжырыңқырап отырғандай көрінген Шерағаң дүр сілкінгендей, оң қасы жоғары көтеріліп, жанарлары ұшқындана түскен.

Бізді мұнда Ақсу-Жабағылы қорығының директоры Рақымжан, ауыл әкімі Төрехан, мұражай қызметкері Бектұр күтіп тұрыпты.

– Өркениетті елдерде мәселені мұражайдан бастайды, – деп әдеттегі әңгімесіне кірісті тек тұрмас Бектұр. – Шераға, сізге мың рақмет, әйтпесе көптеген зиялы кісілер мұнда бұрылмай, бірден тауға қарай омыраулайды.

Таңғажайып тау төрі

Қорық директоры Рақымжан – жылы ғана жымиып, оқта-текте тістеп тиісетін, тілінің қотыры бар, зерек, зерделі жігіт. Осы жерде туып-өссек те, Ақсу-Жабағылының аузынан қайтып жүр екенбіз. «Көрмегеніңізді көрсетейік, немізді аяймыз», – деп бір сыбырлады. «Шерағаң жасарып қайтатын Жасыл Жұмақ алқабына апарамыз», – деп екі сыбырлады.

Арша мен шырша өрнектеген үшкір төбелердің тепсеңдері шынында да жұмағыңыздан кем емес шығар. Ауаның тазалығынан басың айналатындай. Шілденің шіліңгір күндері титімдей де әсер ете алмаған ғажайып әлем. Тап осындай көркем-кербез кереметтің куәсі болғаныңа мерейленесің.

Дәл осындай өңірдің, Ақсу-Жабағылыдай қорықтың туған елінде, Тәңіртауында, Қазақстанда жаратылып, жарасып, үлпілдеп, үйлесіп тұрғанына шүкіршілік айтқың келеді, жанарыңа жас үйірілетіндей ме, қалай-қалай. Шілде де үлде мен бүлдені аяп, аялайтындай. Бидайықтың балтыры, сарымсқтың саны ғана сарғайған, өзге дүние жап-жасыл, кейбірі, бәлкім көгілдір. Сәл үңіле түссең, қызыл гүлдер, сары гүлдер, көк гүлдер, қоңырау басты қалқа гүлдер мен ерке шөптер үстінде неше алуан көбелек пен нәзікеш құстар асыр салады. Сәл әрегіректе ұшқат ойланып, тобылғы толғанып, қайың нұрланады. Тәңіртаудың әрбір шыңынан, әрбір құзынан, төбе-төбелерінен қымыздай ағараңдаған алтын бұлақтар-бірі былдырап, бірі сылдырап ағып, Үлкен Қайындыға айналған соң сарқырайды-ай келіп.

Ақсу-Жабағылыда әлі адам аяғы баспаған жерлер аз емес. Солай болуы тиіс те. Мәселен, біздің алтықанат үйіміз тігілген тұстан солға қарай аттауға болмайды, оңғай қарай қадам бассаңыз,айып төлейсіз. Тек Жуалы жағына апаратын жалғыз аяқ сүрлеумен жүруге рұқсат. Біз атқа мініп, сол соқпаққа түстік. Осында отыз-қырық студент өндірістік практикада жүр екен. Кешегі кеткен сапарларынан оралып келе жатқан студенттер де, олардың апайлары да ақ қалпақ киіп, ат үстінде Алатаудай боп отырған Шерағаларын көріп, аңтаң қалды. Өңіміз бе, түсіміз бе дейтіндей. Алғаш қарсы алдымыздан шыққан алты қыз алақандарын шапалақтап, шаттыққа бөленісті.

– Қараңдаршы! Шынымен Шерхан ағай! – деді бірі.

– Шерхан Мұртаза! Дәл өзі! – деді екіншісі.

– Міне ертегі! – деді үшіншісі.

– «Ай мен Айшаны» оқыдық, ағай» – деді төртіншісі.

– Тап осы тау басында кездесу ұйымдастырсақ қайтеді, қыздар? – деді бесіншісі. Алтыншысы әлі үнсіз.

– Кездессек кездесейік, – деп Шерағаң жирен жалды, гүлсары қасқа дөнең үстінде рахаттана күледі.

Мекембай деген мәрт жігіт екен өзі. Астындағы атынан түсіп, ши қалпағы дөңгеленген күнбағысқа ұқсайтын ақсары қызға тізгін ұсынды. Әлгі қыз Мекембайдың атына ырғып мініп, ызғыта желіп, алдымызға түсті. Желкілдеген кекілін бір үрлеп қойып, жол бастады.

Тағы да төрт-бес қыз кездесті. Тағы да таңданыс. Осылайша бес-алты топ ұшырасқан. Шерағаңды білмейтіні, танымайтыны жоқ. Ең соңындағы екі ұстаз да жазушымен аралас-құралас адамдардай амандасып жатыр.

Бір айналмадан екінші айналма көркем, бір төбеден екінші төбе көрікті, бір бұлақтан екінші бұлақ сылқым. Бойдақсай басындағы сүрікарға жетпей қайтпаймыз дедік. Қар шегінде бәйшешек бар екен. Жазушы аттан түсіп, студент қызға гүл сыйлады. Сол жерде жаңбырға ұрындық. «Жаурамайсың ба, қалқам?» – деді қаламгер. «Жазғы жаңбыр рахат емес пе, аға»,-деді ақшыл жүзі алаулаған атты қыз.

Таскешті ғасырлар мен мамыражай мезгілдердің үнсіз куәсіндей көне құзарлар зорая бастады. Кеш жақындады. Мамық бұлттар қыземішек

төбелердің үстін үкідейін сипалап өтіп барады. Бір тұстан шолақ құйрығы шолтаң етіп бөдене ұшты. Тастысайдың жатаған аршасында жасырынған тоғыз бірдей кекілік дүр көтеріліп,тауталға қайта сіңіп жоғалады.

Ымырт үйірілді. Жұлдыздар қандай үлкен-үлкен, жап-жақын. Жасыл Жұмақ алқабының ауасына тоймайсың тіпті. Алты қанат ақ үйде отырғандардың бәрі шетінен ақын, шетінен әнші болды да кетті. Шерағаңа да қолқа салынды. Алғаш Алатау баурайындағы қазақтардың, сонсоң қырғыздардың әндері, сосын татар әні кетті сай-сайды қуалап: «Санду-у-ға-а-аш... Санду-у-ға-а-аш! Китмә – китмә, Санду-у-ға-а-аш...»

Кеш жатсақ та, тез тыңайып, ерте тұрдық.

Елбіреп ертеңгілік самал есті. Саумал ауамен араластырып ішкен саумал қымыз қандай еді, шіркін-ай!

Таудан түскіміз келмейді. Шерағаң жасарып қалғандай. Көңілді. Қайта-қайта әзілдейді. Түнде Шымкент кетіп, шаршаңқырап қайтқан Рақымжан да, ылди жаққа түсіп, кейін оралған Нұржігіт пен Ерғали да, қашан көрсең етекжеңі жинақы, қунақы жүретін Өмірәлі де Жасыл Жұмақ алқабына қимай қарайды.

Шерағаң алысырақ барып, оңаша ойланып тұрды.

Әлде Тұрар ағасын бір сәт көзге елестетті ме, кім білсін. Кемеңгер тұлғаның көрегендігі болмаса, ұлтының қамын, ұрпақтың келешегін тереңнен, тебірене ойланбаса, сонау жиырмасыншы жылдар осы Ақсу-Жабағылы қорығын құруды мемлекеттік деңгейде қолға алмаса, не болар еді?! Мынау жәннат жұмақ бүгінде қандай күйге ұшырар еді?! Ал, біз мына бүгінгілер Тұрар үмітін ақтай аламыз ба, осы?!

Деп ойлап тұрды-ау қаламгер аға.

Тәңіртау. Шілде. Шераға.

Үшеуі үнсіз ұғысып тұрғандай-тұғын сол бір сәт.

«Оңтүстік Қазақстан» газеті, 5 шілде 1998 жыл.

«Сайыпқыран» айдарында

ШАРБОЛАТ

Аян НЫСАНАЛИН

Бір кездері Алматы қандай ғажап еді!.. Қала қазіргідей қарақошқыл түтінгі көміліп, тұтқиыл тұман тұмшаламай, кәусар ауа, таудай аңқылдап соққан саумал самал кеудеге құштарлық құйып, әлдеқайда алыс-алыс арманға жетелейтін. Қадам басқан сайын көшеде арық суы сылқ-сылқ күліп, құлақты қытықтап, ақ қайыңдар көмкерген гүлзардың хош иісі аңқып, ерте көктемде бұлбұл бақтар дүркірей бүр ашып, алаңқай-алаңқайда өрік пен шие жарыса қызғылт гүл ашып, алтынкүрек шуағына малынып, мәңгілік пен мезет арасында мұзарт шыңдар маңқият, әппақ нұрға тұнған алма ағаштар – бәрібәрі бір сиқыр әлем есігін ашқандай. Ауылдан алғаш келгендерге бұл көрініс таңсық көрінетін. Енді ше?

Сол ескі парктен қайтып келе жатырмын. Қаяулы көңіл біртүрлі көлеңкелі күйден арылар емес. Нәйеті бір ұрпақ жасындай уақыт ішінде ол қаншама өзгеріске ұшырады? Бас табиғат тозып, жас жамиғат озып, өмір өтіп бара ма? Әлдекім жаназасын шығарғандай жиналып, жемтікке таласып, қарға- құзғын қарқылдайды. Самырсын зәулім қарағайлар сиреп, бозқараған босқа буазып, қараағаштар ұры тістей сидияды. Әлде адам көзіне өткен шақ сондай ыстық тартып тұра ма? Бұны жалғыз мен емес, жалаңтөстіктер жақсы білетін шығар.

Шынында да, шіркін. Алматы, атыңа сай әдемі болатын едің-ау! Онда астананың көп қызығынан алабөтен қос оқиға құштар ететін. Бірі – Абай атындағы опера және балет театрының қасындағы бульварда Сергей Калмыков алабажақ қылқаламымен әлденелерді салып, терең мәніске қарамай, саудайы суретші дегенге мән бермей, пәлуан-пәштуан ешкімге пысқырып та қарамай, хас өнердегі асыл мұраттарынан бас тартпай, жұмыстарын жалғастырып жүрді. Енді екінші бірі – әдейік көруге барғанда астананың алып адамы, бойы екі метрден асатын Уәйс Ахтаев ұзынынан жатып, бильярд соққан үстінен шығатынбыз. Ол Алачачян басшылық ететін баскетболшылардың «Буревестник» командасында шабуылшы болып ойнап жүрген кезі еді. Тас топылдап тесіктерге түсіп жататын ұдайы. Бұл көріністі бізден ересек тартып, өмірдің ащы-тұщысын ұңғыл-шұңғылына дейін бұрынырақ біліп қалған Шерхан Мұртазалар талай көзден өткерген болар-ау.

Біздің жолдарымыз кейін түйісті. Ол тұста «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» мен «Тамұқ» жазылмаған еді әлі. «Тәні саудың – жаны сау». Тіршілігінде соны армандаған ата-бабалардың сол аманаты аз емес. Бұл бес күн жалғанда жүгіруден алдына жан салмай, желаяқ атанып, немесе жауырыны жерге тимеген балуан болуда керек шығар, ал, мәңгі салауатты өмір салтын бар-бар ұмырыңмен дәлелдеп, дәріптеп, көлеңке түсірмей алып өту де азамат абзалдығы. Тым дәуірлеп, Батыс пен Шығысты аузына қаратқан Ескендір Зұлқарнайын қандай биіктіктерден жүрегі шайлықпай, небір кедергі, қашықтықтарды тайсалмай алғанмен, суға жүзуден сыр беріп қала беретіні қанша уақыт өтсе де қалыс көзден таса қалмапты.

Ал, Шерхан Мұртаза тарихи тақырыпты кәнігі меңгеріп, Рысқұл баласы Тұрар және оның өзекке өрт түсіретін уақыты жайында әлі күнге лайықты бағасын ала алмай келе жатқан бес тармағын жазды. Бұдан тыс адам күйінші мен сүйінші, наласы мен жаласы, асылы мен жасығын ашып, қаншама сахналық шығармалар туды. Сонда азамат пен суреткердің биік болмысы неден құралады?

Ғабит МҮСІРЕПОВ, Еңбек Ері:

Тұрар бұған дейін онша-мұнша әдебиетте көріне қойған адам болмайтұғын! Оның себебі бәріізге мәлім. Шерхан кешегі Тұрарды көп ізденулер арқылы тапты деуге тура келеді. Осынысының өзі де автордың жауапкершілігін, үлкен тақырыпқа зер сала бел байлағанын көрсетсе керек.

Қаратай ТҰРЫСОВ, Парламент депутаты:

Ішіміздегі ең жағдайы ауыр балалардың бірі Шерхан еді. Бірақ, еңсесін түсірген емес. Ұстаздардың, балалардың алдында өте беделді болды.

Кейін Мәскеуде оқығанда да өз ортасының сый-құрметіне бөленді...

Шерхан полиграфия институтына түсті. Бір жылдан кейін Қазақстанның сол кездегі басшысы Жұмабай Шаяхметовтың тікелей көмегімен МГУ-дің журналистика факультетіне ауысты.

Шерхан досымды өз басым текті адам деп білемін. Текті адам ғана өмірдің бар тауқыметін қайыспай көтеріп, елінің ардақтысы бола алады.

Еркеғали РАХМАДИЕВ, КСРО халық артисі, сазгер:

Біздің буын ерекше қасиетті болуы мүмкін. Абай 42 жасында «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген ғой. Ал, қазір алпысқа, сексен, тоқсанға келгеннің бәрі ақсақал емес. Алпысқа көп келіп жатыр-ау. Бірақ, осындай ұлт мінезді, бойындағы бар асыл қасиеттерді халқына қызмет істетушілердің бірі Шерхан деп білемін.

Шота УӘЛИХАНОВ, сәулеткер:

Шерханның қаламгерлігі,қайраткерлігі бүгінде барша қазаққа аян. Бірақ, бұл екі тірліктің де оған оңайға түспейтінін жұрттың бәрі біле бермейді...

Депутат Мұртазаның Қазақстанның, қазақ халқының қамын ойлап, сессияда сөйлеген сөздерін естігенде сол көкейкесті олар оны қанша уақыттан бері мазалап, жанын жегідей жеп жүргенін түсіну де қиын емес.

Сейдахмет БЕРДІҚҰЛ, жазушы:

Анау алпысыншы жылдары Масаншы көшесіндегі құйысқан тістескен үш-төрт үйде бір топ қатарлас азаматтар тұрып жаттық. Бабадан қалған әдет: күншығыс еттегі дөңестеу бір алаңқайға ертеңді-кеш жинала қаламыз. Таңертен дене ширату – жүгіретін желетіндер, тас домалататындар... кешкісін көбіне әңгіме-дүкен.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА, Парламент депутаты, ақын:

Шығады үнім ерек неге менің?
Кезеніп жауға Қызыл жебелерін,
Арманда кеткен ұлы бабалардың
Жұлдызды көпірімен келеді елім.

Аршыған шөл даланың сан бұлағын
Ұлына ел арнар нәрін бар мұраның.
Қазақтың әр ауылы отыр бүгін
Сізге деп қалған бір-бір арғымағын

Мінгізер қызға жорға, балаға-тай,
Аталар дәстүрінің ғаламаты-ай!
Мен бүгін ақ тіледім: бақытыңмен-
Халқыңмен жаса бірге, нар ағатай!

Жұмажан ҚАСЫМОВ, «Бейбітшілік» кеңшарының директоры:

Әлі есімде Шерхан Мұртазаның Теміртаудың жас металлургтерінің өмірінен жазған «Бұлттар көшіп барады» атты лирикалық суреттемесі болат қоюшыларға ғана емес, біздерге, ауылдағы түбіт мұрт жігіттердің жан дүниесіне керемет әсер қалдырған.

Әбдуәлі ДАНАЙ, зейнеткер:

Тағдыр желі адамның әрқилы жағынан соғады. Сонда оған ығыспай, өзінің түзу жолымен кете беру – бұл да бір ерлік. Ал, ондай адамдар, ондай ерлік иелері кемде-кем. Менің Шәкем болса өмірдегі өзінің тура жолынан ауытқымай келеді.

Темірхан МЕДЕТБЕК, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы:

Сартта сұрт шайқастарда сан атылған,
Көп жұрттан көші ілгері дара туған.
Мен білсем,иір бұтақ осы кісі
Қазақтың намысынан жаратылған...
Өткелін өз халқының ойлап көрген,
Үмітпен ертеңіне бойлап көрген.
Мен білсем, иір бұтақ осы жанға
Қаратау қайысыпа деп қайрат берген,
Алатау майыспа деп айбат берген.

Өмір өзені арындап алға тартады. Бұндай жазушы жанын жазушыдан артық кім біледі? Сонау алпысыншы жылдары «дене ширатып жүгіріп, желіп, тас домалататындар» ішінде жүрген Ш. Мұртаза қарақан басы құр бос қалмапты. Әрине, ол күшеніп штанга көтеріп, сіңір созып жүгіріп, қызылшеке болып төбелесіп, бокстан жұдырықтасқан жоқ. Алайда, ол сол үнсіз, іштей спортты сүйген күйі қалды. Қашан көрсең де, Шераға қазір пайғамбар жасынан асты, қолында түйе құмалағынан сәл үлкен қос тасты серік етіп тастамайды еш. Азан сайын ертелеп, «Жалаңтөс» командасына қосылуға асығыс кетіп бара жатады. Олардың арасында кімдер жоқ. Бәрі бар. Бұнда келмесе, Кеңес Одағының батыры Садық Әдіжапаров, жазушылар Бек Тоғысбаев, Әбдіқұл Ибрагимов, сазгер Сейілхан Құсайынов, өнертанушы Ізбасар Өтешов және басқалардың жарғақ құлағы жастыққа тимейтіндей, жүрекке ас батпайтындай. Ширығады, шыңдалады. Таң асырған аттай бабына келеді. Дауыл тұра ма, жауын жауа ма, жоқ, ызғар соғып, мұз-қар жапалақтай ма – олар дене тәрбиесін бір сәт әлсіретпейді. Солардың арасында қолы темірдей қуатты, жаны нәзік шуақты Шерхан Мұртаза да бар. Ол содан соң көңіл күйінен, өмірдің өзінен қалып жатыр. Асқарлар алға жетелейді.

...Тәуба! Тағы да жаз таңы сібірлеп атып келеді. Түннің біраз беймезгіліне дейін жазушы үйі терезесінен шам жарығы сөнген жоқ еді. Енді күншығыстан емексітіп, бірте-бірте рахмет нұры шашырай бастады. Уақыт рауандап келе жатыр. Әлде адасып келген торғайлар ма, тыным таппай тіршілік қоңырауын қаға бастапты. Ол тауға, содан соң кідді күн қабағына қарады. Сөйтіп, ескі паркке қарай аяңдады. Даңғаза дүниеде дүбірге толы және бір күн басталып келеді. Не әкелер екен?

«SPORT&kz» газеті, 16 шілде 1999 жыл.

ШЕРХАНДАРСЫЗ ШЕРІМІЗ ТАРҚАМАЙДЫ

Қали СӘРСЕНБАЙ

«Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп еді Баукең. Егер қазақ деген ұлтты алып қазанға теңейтін болсақ, сол қазанның, астынан қазір от жанып тұр. Біз қазір сол отты айналып ұшып жүрген көзсіз көбелек секілдіміз. Сол отқа «Отан үшін!» деп түссе, күймес еді қазақ. Бірақ күйіп қаламыз ба деп, сол отты үрлеп отыр. Аузы күймесе де «аузы күйген үрлеп ішеді» деген мәтелді жоқ жерге кірістіруге шебер-ақ. Сол ауызды көбісі сөйлейтін жерде сөйлемей, жейтін жерде жеп қалып жатыр. Сол отқа күймейтін, жанбайтын депутаттар керек бізге. Қазіргі депутаттар отқа түспейді, оқуға түседі.

Біз әлі күнге дейін бір мәселені аяғына дейін жеткізіп, ұлт мүддесін шын мәнінде биікке көтеріп, ашық түрде мәселе көтерген емеспіз. Өйткені, ұлтшыл деген атақтан қорқамыз. Қорқып қалғанбыз, әлі де қорқа береміз. Өзгелер көп ұлтты мемлекет болып отырып неге қорықпайды? Тіпті өзгенің отына түсіп, әлем алдында ұпай жинап жатыр ғой. Ал, біз болсақ өз отымызға өзіміз жана алмай жүрміз. Бірлі-жарым адамдар таза ұлттық мәселені көтергісі келеді, бірақ бірлік болмаған соң құрбандыққа шалынып кетемін бе дейді, айлық алмайтын әйелін, баласын, несие ала алмай жүрген нағашысын ойлайды.

Біз қандай мәселеде болмасын ортақшыл саясат ұстанып, жан-жағымызға жалтақтаумен келеміз. Мұндай мінез тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында керек болған шығар, ендігімізге не жорық? Қимылымызда, іс-әрекетімізде неге батылдық жоқ? Неге бұқпантайлай береміз? Бүгін болмаса, енді қашан, қайтадан бодан болғаннан кейін бе? Әлде ертең Міржақып көкем құсап «Қайда едің?» деп тағы да көз жасымызды көл етіп, өлең жазуымыз керек пе? «Қайда едің?» демес үшін неге осы бастан тірлік жасауға болмайды.

Ауылдың аңқаулығын пайдаланатын арамзалар емес, рушыл, рухсыздары емес, нағыз ерлері неге бақ сынамайды мына аламанда. Жеме-жемге келгенде ойы онға бөлінетін он депутаттың орнына ойып түсетін бір депутаттың алтыннан да қымбат екеніне әлі де өреміз жетпей ме? Әлде саған керегі қандасың, ортақ қазақ емес, руласың, жүзің, тамыр-танысың, туған-туысқаның ба? Жоқ жерден бауырмал бола қалатының-ай! Сол руласыңның елге қарайтын жүзі болмаса да, сол баяғы жалған намыс, жалған сөйлеуіңді қоймай, өзіңді өзің алдай бересің бе? Әбден алданып болған жоқсың ба?

Мемлекеттің ұлттың толыққанды портреті әлі жасалған жоқ. Ал, соны жасайтындарға неге жол бермейміз? Парламентте Шерханға ұқсағысы келетіндер емес, тек өзіне ғана ұқсай алатындар болмайтын емес, болатын қазақтар керек. Біз анаған да мынаған да ұқсап болғанбыз әбден. Өзімізге өзіміз қашан ұқсаймыз. Өз бейнең, өз болмысың ғана өзіңді құтқарып қалатынын әлі түсініп болмадық па?

Бейсенбайшылап, сейсенбайшылап жеткен биігіміз қайсы? Осының бәріне бір адам кінәлі дей бергеннен шылқыған шекеміз қайсы? «Үй артында кісі бар» деп, сауысқаннан да сақ бола берудің уақыты өткен жоқ

па? Шетіңнен кісі болып, ұшпаққа шыққаның қайсы? Тәуелсіз мемлекеттің тәуелсіз шешілетін мәселесін тәуелді етіп қоятын депутаттан әлі де арылатын күнің болған жоқ па? Ертеде әжем байғұс адыраспан жағып, үй-ішін жын-шайтаннан тазартып жүретін еді. Парламентті де тексіздерден тазартатын уақыт туғанын неге ойламайсың? Тәртіп бұзбайтын, түзу жүріп, түзу тұратындар емес, тектілер тіккен ту толқынданып тұруы керек Парламент күмбезінің төбесінде.

Қалай дегенде де, енді елдің Шерхандарсыз шері тарқамайды. Шындыққа сүйсіне алмаймыз. Парламентке он Шерхан сайланса, қалғандары соның көлеңкесінде өмір сүре береді. Ендігі тілек осы. Егер елдік, ұлттық мәселелерге шын жаның ауырып, күйзелетін болсаң жақсы мен жаманды, тұлпарың мен мәстегіңді ажырата біліп, «у ішсең руыңмен!» деген феодал сөзді санаңнан сыпырып таста! «Маған дауыс бермедің» деп торсаңдап кеткен туысыңа бола бас ауыртпа, кешке берген тайлағын қайтып алсын! Ел мүддесі жолында бұның бәрі де түк емес. Тек қана өз ақылына сен, арамзаның айдауына жүрме, арбалып қалма, тектілік таныт!

Бәріміз де бір ҚАЗАҚ деген атаның баласымыз.

«Жас Алаш» газеті. 31 шілде 1999 жыл.

«Сайлау қарсаңында» айдарында

ШЕРХАН МҰРТАЗА ДОДАҒА КІРДІ

Баққожа МҰҚАЙ

Шерхан Мұртаза! Түсінікті. Ешқандай тіркеменің, анықтаманың қажеті жоқ. Барлық мазмұн осы екі сөзге сыйып тұр. Әрбір қазақтың жүрегінің төрінен орын алған адам. Әрбір қазақ қастерлеп, жүрегінің құндағына бөлеген есім...

* * *

Қазақ әдебиетінде ешкім таласа алмайтын мәртебелі орны бар бір классик жазушы бірде былай деп мұңын шақты.

– Бәлен жылда бір сағынып, аңсап елге барамын. Амандық- саулықтан кейін ағайын-туғандарым: «Шерхан Мұртаза аман-есен бе? Хал-жағдайы қалай? Жолығып тұрасың ба?» деп зығырданымды қайнатады. Көз алдында таудай болып тұрған мені көрмейді. Баласының да, данасының да аузында – Шерхан.

Бұл шындық. Қазақтың баласы да, данасы да Шерхан Мұртазаны іздейді.

* * *

Сендердің барлықтарың да талантсың, жақсы жазасыңдар. Жазғандарыңды оқып қуанамыз. Бірақ бәрібір Шерхан Мұртазаның жөні бөлек. Ол айтса өңменіңнен өтердей, жазса жүрегіңе жетердей дәрежеге жеткізеді Көңілдеріңе келмесін, Шерхан Мұртаза феномен, – деп бір облыстың

әкімі жүйкені жұқартады. Менен басқа кім бар деп айларыңнан жел есіп, қоқиланып отырған сенің еңсең түсіп, басылып-ақ қаласың.

* * *

Арыстандай айбатты, жолбарыс жүректі бұл адамды мен білгелі қырық жыл болыпты. Осынша уақытта ол кісінің жасқанып жалтақтағанын, жүні жығылып жасығанын көрмеппін. Бас қамын ойлап, бұғып қалғанын, шебінен шегініп, ұпай жинағанын естіген емеспін. Ол маған өмір бойы қайнаған қан майданның қақ ортасында алты құлаш алмас семсерін жарқыратып, қарсы шапқан жауды жапырып таптап келе жатқан қас батырдай болып көрінеді. Ол бүгінгі күннің батыры. Бұл сөзімізге оның осы жасына дейін тындырған істері куә. Жолбарыс жүректі болмаса әлі басынан бұлт кетпеген Тұрар Рысқұловты зерттеп кітап жазуға кірісе ме? Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған заманда ол тәуекел деп тас жұтты. Басқалар түгіл, қатар жүрген қаламдастарының өзі оны «пантюркист» деп көзге шұқуға дейін барды. «Қаңғып келген шүрегей» Колбиннің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғысқа айналып тұрған заманда осы Шерағаң қарап отырмай «Сталинге хатты» жазып, аспандағы Айды жерге түсірді. Бұл оның республика басқарып отырған бөтенге көрсеткен сесі еді. Ғ. Мүсірепов театрында қойылған бұл спектакльді Колбин нөкерлерімен барып көрген. Автордың түпкі ойын түсінді ме, жоқ па, білмейміз. Анық сезетінім – ол бұл халықпен ойнауға болмайтынын, шамына тие берсең шарт сынатынын түсінді. Сол халықтың сеніміне, абыройына, ар-ұятына айналған Шерхан Мұртаза сияқты азаматтардан қаймықты.

Қабағы қатулау, үнінде ызғар бар, адамға тура қарайтын сұсты, кісінің мысын басып тұратын. Маған соншалық қатал, тіпті қатыгез адам сияқты болып көрінетін. Одан ығып, бұғып жүретінім де есімде. Шерхан Мұртазаның қатал болып көрінетіні – іс мүддесі дегенде шектен тыс принципшілдігіне байланысты екенін кейін, жақын біліскеннен соң ғана түсіндім. Ақиқаттың басы саудаға түскенде оның қара бастың қамын күйттемей, өз абырой-беделін соның жолында құрбан етуге баратынын көрдім сан рет. Бұл ел мүддесін, шындықты жеке басының тағдырынан да жоғары қоятын адамның ғана қолынан келетін ерлік. Шерхан Мұртаза осы өмірінде сондай ерліктің талайын жасаған жан.

Ол бас редактор болғанда «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» тәрізді басылымдардың жарқырап, абыройы аспандап тұрды. Қазақ теледидары Шерхан Мұртаза басшылық жасаған жылдары дүрілдеді. Қазақ тілінің мерейі үстем болды. Әлгі басылымдар мен теледидар халықтың тіліне, үніне айналды. Шерхан Мұртаза жаутаңдап, «үлкен үйдегі» басшылардың қабағын аңдып, қайтсем жағамын деп бүгежектеп, көлеңкесінен шошыған жоқ. Ол халқының қамын жеді, мұңын мұңдады, қасірет-қайғысын жеңілдетуге тырысты. Шерағаң жеке адамдарға емес, халқына қызмет етті. Ел-жұртының оны қадір тұтып, ерекше бағалайтыны да сондықтан. Шерхан Мұртаза тынбай жазатын қаламгер. Оның қаламынан қаншама роман, хикаялар мен драмалық шығармалар туғанын қалың оқырман біледі. Шерағаңның публицист ретіндегі енбегі

ерекше. Мемлекеттің, ел мен жердің тағдырына қатысты кез-келген мәселеге ең бірінші болып үн қосатын, ашынып, ашығын айтатын да сол кісі. Оның айбынды үні әртүрлі жиналыстарда естіліп, шындық деп шырылдаған сөздері тасқа басылып шығып жатады. Біреулерге жақпай қаламын-ау деп тартыншақтамайды, турасын айтады, турап түседі. Халқы оны осы қасиеті үшін бағалайды. Басына іс түскен ел мұңын Шерхан Мұртазамен бөліскісі келеді, қуанышын да алдымен сол кісіге жеткізуге тырысады. Себебі ол ел үшін туған азамат. Осы өмірінде өзіне сенген ел-жұртының көңіліне қаяу салған емес, халқының сенімін алдамшы атақ, биік мансапқа айырбастаған жоқ.

Шерхан Мұртазаның арқа сүйер асқар тауы қалың елі бар. Атырау мен Алтайды, Еділ мен Жайықты, Ертіс пен Есілді, Сыр мен қырды жайлаған барша қазақ неше қайтара сәлем жолдап, тірлігіне тілектестік білдіріп жатады. Иә, оның тілекшісі көп, өте көп...

* * *

Басқалар секілді жан рахатын ойлап, жазуын айналдырып, үйде тыныш отырудың орнына жетпіске жақындаған шағында тағы да додаға кіріп кетті. Ел-жұрты қиналып, жоқшылық алқымға жармасқан қиын кезде қол қусырып, қарап отыруға ұялған шығар. Ел-жұрт оны біліп іздеді. Біздің мүддемізді қорғап, сөзімізді сөйле деп шақырды. Ел мен жер дегенде отқа түсіп кете беретін, өзін аяуды әлдеқашан ұмытқан Шерағаң бұл жолы да ежелгі мінезінен айныған жоқ.

«Егемен Қазақстан» газеті, 22 қыркүйек 1999 жыл.

ҚЫЗЫРЛЫ ҚАРАТАУДА

немесе Дуалы ауызды Шерхан Мұртаза туралы толғау

Әлмырза ЕСЕНАМАН

Бүгінгі талғампаз, оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ көп нәрсеге сынай, барлай, көбіне-көп көңіл толмай, селқос, тіпті сүлесоқ қарайды. Себебі, көбі ойынан, діттеген жерінен шыға бермейді де қарны ашады. Теледидарға да солай. Жай ғана ағымдағы ақпаратын, күнделікті өмір тынысын білу үшін тыңдап көреді де газет-журналға да үстірт көз жүгіртіп шығады. Алдымен тақырыбына, одан соң авторына қарайды. Іздеген авторын ұшырастыра алмаса оның да бетін жылы жауып қоя салады. Сөйтеді де іштей күрсінеді. Онысын тағы ешкімге айта алмайды. Іштей: «Неге үнсіз жатыр?! Өмір өзі не болып барады? Оның да мына әділетсіздіктен көңілі қалғаны ма?! Неге бірдеңе демейді? Осылай кете береміз бе? Шераға-ау, үнсіздік саған жараспайды ғой, табиғатың оған келмейді, айтсаңшы қақыратып, еңсені басқан зілді лақтыралық та, іш те бір босап қалсын?!» деп күбірлер еді.

Ал, сол көптің, бір тұтас халықтың арқа тұтар от ауызды, орақ тілді нені айтса да біліп, енді оған қайтып оралмастай сарқып, көптің көңіліндегісін тап басып тоқетерін қысқа да, нұсқа етіп айтар Шераға – Шерхан Мұртаза

қазір өзінің кіндік қаны тамған, аяулы Қаратау күнгейіндегі атамекен, ата жұртын жар құлағы жастыққа тимей күндіз-түні тынымсыз аралап жүр. Қаратау барша алаштың түп қазығы, ол– шежіре алтын бесік, алтын ұя!.. Көне тарихқа жүгінсек, сонау Жоңғар шапқыншылығында босқан қаралы көштің «Елім-айды» боздатқан жері де осы таудың баурайындағы шаңдақ дала жолдары. Мұнда Түрікбасы да өз ордасын тіккен... Күні кеше ғана Сүгір күйлерін шертсе, Тұрардың бабалары найза ұштап, қылыш қайраған, Бауыржанның қыран үні осында тұңғыш рет саңқылдаған!..

Қаратаудың құнарлы топырағынан қыран да, сұңқар да түлеп ұшқан. Оның бәрі де тау мінезді. Қатал табиғатына ерлердің ерлері ғана шыдап, шыңдалады. Шетінен тау сынды өр, бір бет, кесіп-пішіп бір-ақ айтатыны, бетің бар, жүзің бар демейтіні сондықтан. Қаратаудай жер қозғалса да, қозғалмайтын ауыр мінезді, салмақтылығы сондықтан. Шындық пен әділетті сүйіп, оның айна жүзіне шаң жуытпай, әлсіздерді, панасыздарды қорғаштап, тағдырына шырылдап араша түсетіні де сондықтан. Қорғағанда әрине, озбырлардан, әпербақан, өзімшілдерден, дүниеқоңыздан, білімсіз надандардан. Келте ойлы таяздардан, «сенің атың тұра тұрсын, менің атым оза тұрсын» дейтін атаққұмарлар мен даңққұмарлардан, қызмет қуған халыққа мысқалдай да пайдасы, не берері жоқ арамзалардан, «ала қойды бөле қырқатын» рушыл, жүзшілдерден!..

Шерағаның – Шерхан Мұртазаның өр сөзі мірдің оғындай, сондай екі аяқты, қуыс кеуделерге атылады. Атылғанда да ауыр артиллерияның түскен жерін үй-орманымен опырып, қазан шұңқырдай қазып, тас-талқанын шығарар снарядындай нысанаға дәл көзделіп, дөп тиіп жатады. «Датын» тақсырына айту қазақы қанымыздан бойға сіңген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ».

Рас, өз заманында шындықты хан ұлының аң аулап жүріп, алтын мүйізді маралдың киесіне ұшырап өлгенін күйші екі шекті домбыраның көмейімен зар жылатып, бебеу қақтырып жеткізгенде, ауыр қайғыдан ah ұрған әмірші оның үнін өшіру үшін шанағына қорғасын құйғызған емес пе еді?!

Шындықтың жолы тым ауыр. Әйтпесе, оны екінің бірі айтпас па еді? Батылы жетпейді, арыстанның алдындағы көжектей тартыншақтап, бүгежектейді. Шындықты әркім-ақ сүйгенімен, оның бетіне тура қараушы да, оны жеріне жеткізе, қайта қайрылмастай бүкіл табиғат болмысымен ақтарыла, сарқыла айтушы ілуде біреу-ақ. Ал, ол – Шераға!

Шындықты айтудың да айтуы бар. Әңгіме оны кімге арнап, қалай, қайтіп жеткізуде. Қазір рас, басылым да, телеарна да көп-ақ. Бірақ, соның бәрі бірдей оқырман мен көрерменге кібіртіктемей, қыбыжықтамай сол шындықты жеткізе ала ма, бере ала ма?! Бұл ретте жұрт қалай десе де «Егемен Қазақстан» газеті обалы нешік, ұлттың атасына, дуалы ауызды абызына айналған Шерағаға өз бетін қуана-қуана ұсынуда. Мұнан аға басылым ұтпаса, ұтылған емес. Аға кімге де жанашырлықпен ашына да, батыра айтады. «Дос жылатып айтады емес пе?! Дуалы ауыздар арқылы аға басылым әлі күнге сол дәстүрін жалғастырып келе жатса, оны кезінде қалыптастырған осы Шерағаның өзіндік қолтаңбасы деп біліңіз. Ұлттың маңдайындағы жұлдыздай жарқыраған басылымдарының барлығынан кезінде Бас редакторы болған

Шерхан Мұртаза мектебінің сөгіліп, жібі босаңсыса, ол бертінде ғана! Ол үшін де бүгінгі күні әлемтапырық күй кешетіні рас.

Шерхан Мұртазаның кім екенін, жан дүниесін білгің келсе, алдымен «Ай мен Айшасын» оқы, Тұрар Рысқұловты терең танығың келсе, «Қызыл жебеге» үңіл!.. Бір емес, бірнеше том. Ол тақырыпқа әлі де нүкте қойылмағаны белгілі. «Ақтаңдағы» баршылық. Себебі, КГБ сейфі кім-кімге де өз есігін айқара ашпаған, там-тұмдап тың дерек табылуы да, көз майын тауысып әлі де ұзақ зерттелуі мүмкін. Талантты жазушы шығармаларымен өз биігіне көтерілді!.

Дуалы ауыздылығы сол... Оның сөзімен кім-кім де санасқысы келсе де, келмесе де санасады! Еріксіз мәжбүр. Себебі, оның артында оған әулиедей сеніп, пір тұтқан қабырғалы қалың елі тұр. Шерағаның әр датының «қалың елі, қазағы, қайран жұртына» арналатыны да содан шығар.

Қазақтың ғана емес-ау, қалың елдің мұңы – Шерхан мұңы, оның қайғысы Шерхан қайғысы, қуанышы да солай. Үлкен өкінішке орай, сол қуаныш соңғы кезде тым азайып, көңіл құлазып кетті. Ел азып, жер тозып, қолдағы бардан айырылып жатқанда кімнің көңіл хошы, күлкісі келсін? Шерағаның үнемі қабағының қатулы, сөзінің сатулы жүретіні де содан шығар. Халықтың мұңымен мұңдасып, тіршілігімен тыныстау деген бәлкім, осы болар, кім білсін?!

Шераға жеке басының күйін күйттеуден қалғалы қашан?!.

Шераға алпысты алқымдаған шағында жараулы тұлпардай Қаратауды, ондағы қалың қазағын аралап көзімен көріп, көңіліне сан қайтара зерделей тоқып жүр. Осы халық өзіне сенім артса, ертең олардың мұң-шерін Парламент мінберінен таскерең құлақтарға жеткізіп, мұз болып қатқан жүректерді жібітпек!.. Жоғары билік тармақтарының назарын да соған аудармақ. Оған мүмкіндік берер мандат халықтың өз қолында!..

«ZAMAN-ҚАЗАҚСТАН» газеті, 24 қыркүйек 1999 жыл.

БІЗ БІЛЕТІН ШЕРАҒАҢ...

Әділ ДҮЙСЕНБЕК

«Қосшылармен сөйлес, қарағым»

Шерағаң «Социалистік Қазақстанға» (қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті) Бас редактор боп келіп, баспасөзге жазылу мәселесіне байланысты кабинетіне шақырып алды да:

– Сен Жамбыл облысына бекітілген екенсің ғой, жазылу барысы қалай? – деді.

– Жаман емес, – дедім күмілжіп. Себебі, сол жылы жағдай онша емес-тұғын.

– Неге жақсы емес? – деді ол кісі алдындағы мәліметке шұқшия көз жүгіртіп. – Жамбыл қазағы көп облыстардың бірі, сөйте тұра басқалармен деңгейлес келеді. Айтпайсыңдар ма, жазылыңдар деп...

– Енді... Айтып жатырмыз ғой басшыларға, – дедім назарымды төмен түсіріп. – «Жазыламыз, жаздыртамыз» деген уәделері бар.

– Басшыларың не, әй, – деді Шерағаң дауысы шаңқ етіп. – Олар бізсіз де жазылады. Басшылар емес, төменгі қосшылармен сөйлесу керек, ол үшін ауыл-ауылды аралап, халықтың өзімен сұхбаттасқан жөн. Біздің негізгі оқушыларымыз солар емес пе?

– Солайы солай ғой, Шераға, – дедім бірте-бірте батылданып. – Жыл сайын шығамыз ауылға, оқырмандарды отырып алып та, жатып алып та үгіттейміз, бәрі уәде беріп қалады, бірақ, жеме-жемге келгенде басқаша болып шығады.

– Міне, басшыларға осындай кезде айтуға болады, ана аудан аншама, мына аудан мұншама жазылғалы отыр, солар көмектессін, қол ұшын берсін деу керек.

– Ондай сөзді беделді, бетті кісілер айтқанда ғана басшылар бері қарауы мүмкін ғой, – деп алып, тілімді қырши қойдым.

Шерағаң маған быжырая біраз қарап отырды да:

– Әй, сенің беделің кімнен кем? – деді сұқ саусағын төбеге тікірейтіп.

– Жазушылығың бар, журналист десе журналиссің, білдей бір газеттің бөлім меңгерушісісің. Одан артық не керек саған?

– Сонда да сіздің жөніңіз бір бөлек қой, – дедім «Шешінген судан тайынбастың» кепешін киіп.

– Онда, кеттік сол айтып отырған ауылыңа, – деді Шерағаң табан астында тың шешімге келіп. – Дәл сен айтқандай болса, көрейін енді...

Сол жолы біз облыстың бүкіл ауданын аралап, оқырмандармен бетпе-бет кездесіп, емен-жарқын әңгіме өткіздік. Шерағаң айтқан, сол жолы жадымда қалған мына сөздер оқырмандарды да бей-жай қалдыра қоймаса керек.

«Бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған бостандыққа қол жетті. Мемлекетіміз жас. Тәуелсіздігіміздің бір тіні – тіл! Ал экономика мен руханият мемлекетіміздің қос қанаты...».

Шерағаң осылайша терең толғана келіп «Қарын аштығы қалпына келер, құдай рухани аштықтан сақтасын» дейтін де, сөзін одан әрі былай сабақтар болатын. «Қазір кітап шықпайды, журналдар жабылып жатыр. Радио сөйлемейді. Жарық барда, телевизор көрген боласыздар. Оның өзі де оңып тұрған жоқ. Қайдағы жоқты көрсетеді. Ар да, иман да жоқ. Соны айтып, елдің көкірегіне сұлу сәуле түсіретін нәрсе – газет! Қазақ газетіне қазақ жазылмаса, қайтіп күн көреміз? Бұл елімізге сын емес пе?»

Сол жылы «Егемен Қазақстанның» Жамбыл облысындағы таралымы 18600 данаға жеткен еді. Бұл көрсеткіш содан кейін бірде бір рет қайталанған емес.

Әкімге белгі

Жамбыл облысының бұрынғы әкімі Амалбек Тшановтың кабинетіне сәлем беру үшін бұрылдық. Көмекшісі Шерағаңды бұрыннан таниды екен, хал-жағдайымызды сұрап, жылы ілтипат білдіргенімен, іште бөтен адам отырғандықтан бастығына кіріп хабарлауға батылы бара қоймады.

Осылайша қабылдау бөлмесінде біраз отырып қалдық. Қабинеттегі адам шыға қоймады.

Бір кезде Шерағаң орнынан атып тұрды да, бөлменің орта тұсына жете беріп галстугын шешіп алғаны. Сөйтті де, бүктеп-бүктеп қалтасына сала қойды. Дәл сол кезде арғы жақтан Амалбек те атып шығып:

– Ассалаумағалейкум, Шераға, – деп қолын ұсынды. – Кешіріңіз, күттіріп қойғаныма...

– Оқасы жоқ, – деді Шерағаң күлімсіреп. – Әкімдердің жұмысы көп болады, түсінеміз ғой...

Біздің әңгіме белгілі: газетке жазылу мәселесі ғой. Әкім оның орындаларына уәде беріп:

– Тағы қандай тілектеріңіз бар? – дегенді айтып қалды.

– Тілек дейсің бе? – деді Шерағаң біраз ойланып барып. – Облыс басшысының өзі сұрап отырған соң айтпасақ болмас. Меншікті тілшіміздің жай-күйі онша емес. Шиеттей бала-шаға. Оң көзіңізбен қарасаңыз құба-құп болар еді. Басқа өтініш жоқ...

Әкім көмекшісін шақырып алып, қолма-қол тапсырма берді. Сыртқа екеуіміз де көтеріңкі көңіл-күймен шықтық.

– Қалай? – деді Шерағаң көзі күлімдеп.

– Қатып кетті! – дедім мен мәселенің бәрі ойдағыдай шешілгеніне қуанып.

– Айтпақшы, Шераға мана сіз галстугіңізді неге шешіп алдыңыз?

– Ә, байқап қалған екенсің ғой, – деді ол кісі күліп. – Ол менің әкімге берген белгім ғой...

– Қалайша? Қайтіп? – дедім мен таңданып.

– Әй, сен білмеуші ме едің? – деді Шерағаң маған бүкіл денесімен бұрылып. – Әкімдердің бәрінде телевизор болады, олар сол арқылы қабылдау бөлмесіне кімдер келіп, кімдер кетіп жатқанын көріп отырады. Демек, Әбекеңнің де бізді байқамауы мүмкін емес. Ал менің орнымнан тұрып, галстугімді шешіп тастауым – біз ресми шаруа айтқалы келген жоқпыз, жай сәлемдескелі келдік деген белгім еді...

– Ойпырмай, ә! – дедім мен таңданып.

«Егемен Қазақстан» газеті, 17 қазан 1999 жыл.

ШЕРХАН МҰРТАЗА 70 ЖАСТА

28 қыркүйек – Қазақстанның халық жазушысы
Шерхан МҰРТАЗАНЫҢ туған күні

ШЕРХАН ТАНЫМ

Несіпбек ДӘУТАЙҰЛЫ

Беу дүниенің бебеулеген ақиқаты – жарық әлем әлі күнге жартылай жұмбақ. Соның сырын ашамын деп оң сан ой қуалап, ойынды еті он бөлек болған ойшылдар пәлсападан пәлсапаның қайыс шылауына қанша жармасы, қыл шылбырына қанша оратылса да, тереңдеген сайын тыпың-тыпыңға көшіп, тығырыққа тіреліп қала береді. О, несі? Бәлкім, ақылға кенде Адам атты айналайынның жарық әлемнің сырын түгел ашуға ынтызар-ықыласы қанша көбік шашып, көкке атылып жатқанымен қабілеті жетпейтін шығар. Төменгісі де, төске өрлегені де, төбеге шыққаны да пайымдай алмай жүргені – жаһандығы ой-сананың жалғыз иесі – адам өзі өресіне, ең шырқау биігіне әлі жетпеген не орта жолда, не оның бер жағында келеді екен. Яғни, әлі өмір сүрудің әліппесін түгесіп біте алмай жатыр. Осыдан кейін жұмыр жердегі миллиардтағандардың ғұмырнамасынан өмір сүрудің ортақ үйлесім түгілі өз жаныңдағылар түгел ниеттес, мақсаттас болуы екіталай. Ана сүтінің құдіретімен нағыз жазушы болып туғандардың азапшері осында. Қолына қалам қыстырып, қоймалжың ұғым, қойторы ойдың қойын-қонышын өз қотырын өзі қасып жата алмайтын мұндай қаламгерлерді танудан кез келген ілім жайлы кандидаттық, докторлық диссертация қорғау әлдеқайда жеңіл шаруа, Шаруа Шерағаң – Шерхан Мұртаза дегенде менің ойыма әуелі осы келеді.

Адам мен қоғамның болмысын тану, болмысының тарихын, тарихының даму сатыларын көкіректегі көркем ой, көсем сөздің құдіретімен талдап, таразылау – ақыл есті (интеллектуалды) әдебиеттің абыройы. Ақыл-есті әдебиет өкілі талдау мен таразылау талқыға түскенде талағыңды тарс айырып тартып та жібереді, астарлап әуендетіп те әкетеді. Қай шығарманы алып қарасыңыз да Шерағаңда осы екі қасиет бірдей.

Жалпы әдебиет әлемінде көркем шығарманың басты критерийі не? деген сауал төңірегінде әртүрлі пікір бар. Біреу идея десе, біреу ақиқатты оның алдына қояды. Идея – жазушының өз заманына ұсынатын өзінің арман-тілегі, мақсат-мұраты. Ақиқат қоғамда болған және болып жатқан нақты шындық, сол шындықты айту. Шерағаң – өз идеясын менің тануымда әуелі ақиқатты айтып алып ұсынатын қаламгер. Сондықтан да онда кесілгенде көрпесін ұзарта алмай көлекөрнеу көлденең киліге беретін қызылсөз кездесе бермейді. Көз алдыңнан ол айтып отырған өмір сирек көрсетілетін қымбат тарихи кинохроникалардай жанды бейнесімен тізіліп өтіп жатады.

Жұмыр жерде ғұмыр кешіп жатқан кез келген қоғамның көксейтіні – ақиқаттан туатын озық ой-сана. Ақиқат – нақты сабақ. Бірақ сол нақты, тіпті күн сайын тура көз алдыңда болып жатқан ақиқатты елдің бәрі бірдей байқап, көріп, қорытынды жасай алмайды. Есіме алқалы топта Шерағаның

айтқан бір әңгімесі түсіп отыр: «Қала, ауыл көшелерінің шеткерілері жағындағыларында көбіне түнде электр жарығы бола бермейді. Тас қараңғы. Ұрлық та, қарлық та, төбелес те, кісі өлтіру де сонда. Адам бас сүйегінің іші де сондай, көрдей қараңғы. Небір құбыжық ойлар сол қараңғылықтан шығады. Сонда не істеу керек? Миға сәуле түсіру керек. Мидың сәулесі – сана. Жазушы сол миға сәуле түсіруші адам...»

Шерағаң, жалғыз ол емес, күллі адамзат қоғамының өркениетті адамы осылай ойлайтын заманда, біздің «жылқыбайларымызды» былай қойғанда, кейбір жампоздарымыз қоғамға, соның ішінде адамға өзіне де сәуле іздеген жазушылыққа менмен қарап, мекіреленетініңе таң қаласың.

Әдебиет пен өнердің, ақыр соңында қоғамдық өркениеттің соры қай кезде де билік, әкімдік дейтін консерваторлық ұғымның құлаққесті құлдары болған. Ол үшін жарық әлемде жарлықты жаны қалмай орындатудан өзгенің бәрі еріккеннің ермегі сияқты. Онықі жаңағы екі арада жұмаққа кіріп-шығып жүргені. Ғұмыры көзі жұмылғанша осылай жалғаса беретін сияқты. Кезегі келеді, кезегі келгенде жағасы жалбырап, басы салбырап қалатыныңда көк тиын шаруасы жоқ. Дүйім жұрттың билік тізгінің білегіне орап отырған адамның сезімі дүниенің астаң-кестеңі шығып жатса да орнынан қозғалмайтын құлатүздегі палуан тастан айырмасы болмаса, қоғам да мелшиген, мешел әлемге айнала бастайды.

Құбадала, құлатүз өз тарихыңда нені көрмеді. Нені көрсе де бәрінен бұрын күреңі күмбір-күмбір кісінеген күндері көп. Күреңнің күмбір-күмбір кісінеген күндері исі қазақ кіндіктің абырой үшін, ар үшін, жан алып, жан беріскен қиян-кескі сүргінмен шектеліп қалса бір сәрі еді, оның сүйегі жоқ сүлей тілдің өзі жеткізіп айтып бере алмайтын тақсыреті, зары, көз жасы әйел затының еншісінде қалды. Өмір – өзеннің арнасында сыймай атқылап ағатын ағысы іркілді. Іркілген ағыс енді мүлде тоқтап, құрап, қаңсып қала ма, қайтеді, Ол енді әйел затына байланысты еді. Өйткені, өмір өзеннің ұлы бастауы – әйел заты – Ана. Шерағаңның көрнекті ойы көркем әуенмен осылай күмбірлейді. Қазақ әйеліне тән адалдық пен қайсарлық, төзім мен мейірім, сенім мен үміттің жиынтық құдіреті Айшалар Мұртазалардың мұрагерлері Барысхандарды қиянаттың қыл көпірінен құлатпай жетелеп келе жатыр. Демек, үміт сөнген жоқ, болашақ бар, өмір мәңгілік. «Ай мен Айша» сияқты санамызға сәуле құйып сабылған ақиқаттың ақтаңгер шығармасының пәлсапасы мен ғибрат Адам-Анамыз, Адам-Баланың, алыс-жақынның тірлік дүниесіндегі ұмырға іңкәрлік қуатының көзін іздейді. Адам несімен Адам, несімен жақсы, несімен жаман, жақсы немесе жаман болуының әлеуметтік себебі неде деген сауалдарды алма-кезек сапырып сабылады.

Қаламгер ірі болған сайын алдына күрделі міндет қояды, Шерағаңның мақсаты – жарық дүниенің, қоғамның, адамның ақиқатын теңдей таспалап тану. Сенен бұрын не болды, қазір не болып жатыр, ертең ше?.. Кешегі де, бүгін де, ертең де ешқашан бір-бірінен бөлек-бөлек өмір сүре алмайды. Өйткені дүниенің, дүниеде бар нәрсенің даму тарихы тұтас. Даму тарихының бірінен біріне өтіп отыратын, кезегімен келіп жататындарымен мәңгі жасаса беретін киелі кезеңдері, қасиет-қазыналары бар. Мәселен, Шерағаңның «Қызыл жебесі» солардың бірі ғой.

«Оян, Тұрар!» деп басталатын осы шығармасы маған тұтастай «Оян, қоғам!» деп тұрғандай болып көрінеді. Таяудағы бір сөзінде Елбасымыз «Ойлан, қазағым!» деп қалды. Елім деп еңірей білетін тұлғалардың мақсат бірлігі бұл. Жүректен шығып, жүрекке жететін жанайқай. Төмендігіміз, төске өрлегеніміз, төбеге шыққанымыз бар, бәріміз бір мезгілде осылай намысқа өртеніп, жанды жеп өмір сүрсек, өзгелерге өзегі түгілі өкшесін көрсетпеуге бейім өркөкірек елдердің қай құбыласынан да қасқайып тұрар едік.

«Қызыл жебені» жұрт Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұловқа қойған Ескерткіші деп жатады. Солайы солай да шығар. Дегенмен, мен үшін «Қызыл жебе» ұрпақтан ұрпаққа қаһармандықтың мәңгілік аманаты, қоғамнан қоғамға есті ескертпе

Жалпақ әлемде ең жаны сірі жаратылыс – халық. Оның көретін құқайын жіпке тізіп айтқан кезде саусағыңды тістелеп отырып қаласың.

Уақыт ешуақытта бір сыдырғы мамыражай ғұмыр кешкен емес. Оның формациядан екінші формацияға ауысып отыруы көп жағдайда қиян-кескі. Ал өз еркіндігі өзінде жоқ, басқаның бодандығында жүрген халықтар үшін ол барып тұрған қиямет-қайым. Тағдырының осы бір жазмышынан біздің халқымыз да қашып құтыла алған жоқ. Большевизмнің авантюризм мен геноцидінен онсыз да царизмнің құлақкесті құлдығында жүрген халқымыз қақпатас сияқты қақпақылға түсіп, қаңкөбек ойнап кетті. Мұндай шақта Тұрарлардың тарих сахнасына шығуы, бойында о баста күрескерлік рухы тірі халықтық қасиеттің табиғи заңдылығын әкесі Рысқұлдан жалғастырып та кетуге болар, бірақ бұл аз, тұрарлардағы тектіліктің түп-тамыры тым тереңде. Ол сонау Керей мен Жәнібек көтерген қара шаңырақтан, «Қасымханның қысқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Әз Тәукенің жеті жарғысы», Абылайдың ақ туы, Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісінен бастау алады. Десек те, тектілік тек қанмен ауысатын құбылыс емес шығар, кезегімен келіп, кетіп жататын ұлт тектілерінде ұлы мақсаты жалғасын сөзсіз табатын саналық байланыс бар-ау.

Тектілік тудыратын ұлы мақсат – елдік еркіндік. Халықтың да үздігетіні сол. Бірақ халық еркіндікке жету үшін қай бағытқа жүрерін өздігінен анықтай алмайды. Бәрі жолбасшыға байланысты.

Дала жұрағаты заманалар бойы тас қараңғыда қара аспанның қалың қабатындағы қаптаған жұлдыздарға қарап жол тапқан. Дүниені алай-дүлей басып, жер мен көктің арасы көрінбей түтеген кезде жұлдызын жоғалтып алып, жолынан адасты не болмаса «Құдай салды, біз көндікке» мойынұсынып, қараңғылықты қымтанып қыбыр етпей жатып алды. Дүниедегі шексіз қаныпезер, шексіз жұмбақ Иосиф Джугашвили мұны жақсы білді. Сондықтан да ол шексіз биліктің құдіретімен қазақ аспанынан ішінде Тұрар Рысқұлов бар ең жарық жұлдыздарын жұлып тастады. Ұлы апат! «Қызыл жебе» авторы осы ұлы апаттың тарихына өкініш-наламен ғана көз салмайды, сол бір алмағайып заман адамдарының қайраткерінен қаратұяқтарына дейін саясат, ой-сана, іс-әрекет, тұрмыс ақиқатын іздейді. Осыны бағамдай отырып сіз Тұрар Рысқұлов пен Шерхан Мұртазаның дүниеге, халыққа, болашаққа, деген ниеті, ой-мақсаты, жасайтын қорытындысы мен қабылдайтын шешімі қатар өмір сүріп келе жатқандай әсерде боласыз.

Жазушының шығармасы жазушының өзі деген сөз бар. Рас. Егер Шерағаң Тұрар тектес болмаса, «Қызыл жебені» жаза алмас еді. Егер Шерхан Мұртаза елі мен жерін Тұрар Рысқұловтай шексіз сүйе білмесе, елі мен жерінің бүгінгі ақиқатын айта алмаса, бұл жолда құрбандыққа да бейіл болмаса, қазақтың Шерағасы да атанбас еді.

Сананың асау ағысымен жүзіп келе жатқан қайсыбір жазушының да қалам ұшында адап-шерінің ыстық көз жасы тұрады. Шерағаңның «Қызыл жебенің» бір парасы іспеттес «Сталинге хат» драмасынан осыны аңдаймыз. Шексіз биліктің ұшар биігі ұшып қыран да шығатын, жылжып жылан да шығатын өлі жартас емес, онда кит етсең, қылпып тастайтын өткір қылыш тұрады. Қазақ қара шаңырағының бел ағашы – Тұрарлар мұны жақсы білген, сөйте тұра адами ақиқаттың аруағына сыйынып, ұлттық намыстың рухын, ұранын көтерді.

Осы драма жазылған жылдары облыстық драма театрынан спектаклін көрген едім, көріп, жасаған қорытындым: саясаттың сайқалдығы ақиқаттың алыптарына өлім жазасы үкімін алдын ала өзіне шығартып қояды. Сөйтіп, халықтық арман-мақсаттың санасы жетіліп, бұғанасы бекіл, қабырғасы қатып үлгермей қалады. Мұндай жағдайда ұлт тағдыры бұлыңғыр, болашағы көмескі. Шерағаң жазған драманың арыдағы санамен ғана естіп, қабылдау мүмкін тұспалы осыны меңзеген, осыны ескерткен сияқты.

«Жазушы – адам жанының инженері» деген байлам бар, оған «қоғам арының зерттеушісі» дегенді де қоссақ, басы артық болмас еді. Әдебиетте алуан-алуан жүйрік болады. Шабыстары қилы-қилы. Жазатын тақырыптары, айтар ойлары, жинақтаулары сан алуан, яғни бәрі ыңғайға байланысты. Көзі қанық, көкірегі ояу кімнің де Габриэль Маркесті білмейтіні жоқ. Осы жазушы шағын жанрда 5-6 кітап шығарып, олары нашарлау болып, жолы болмайтын репортер атанып жүргенде «Жүз жылдық жалғыздық» романын жазды да айды аспаннан бір-ақ шығарды. Қайтіп? Колумбия мен Латын Америкасының 100 жылдық тарихын тізбелеп шыққаны үшін бе? Ондай тізбе сонда тұратын халықтарды қызықтырмаса, өзгелерді елеңдете қояр ма екен. Маркестің Маркестігі шалқар ойын шағын шығармаларға сыйғызуға болмайтынын, ыңғайы романда жатқанын сезді де, тарихы фактілер арқылы бойына психологиялық, философиялық, мифологиялық, публицистикалық, өмірбаяндық толғаулар тұтастығын тоғыстырған, сөйтіп жалпы адамзаттық проблеманың ақиқат шындығын айқара ашып берген алып шығарма жазып тастады.

Біздің Шерағаң әлемнің кез-келген ірі жазушыларымен үндес. Өзіндік ерекшелігі, ыңғайы, теңдей келетін қаламгер. Қай жанрда жазса да от басы, ошақ қамының күйбенің айналып, күйдім-сүйдімді ойланып-толғанып, фабула қуалап, форма іздеп ақыл аздырған, табан тоздырған емес. Озық сананың, үлкен жүректің сөзін жазды. Өмірдің өз көруіндегі көркем әлемін өз стилімен жасады.

Әдебиетте стиль деген ұғым үнемі айталады. Біреу оны сөйлем құрау еркешелігі дейді. Сөйлемді кім әдемі, сұлу құра алса, сол стилист. Стилист екен – классик. Осыған илану қиын-ақ. Иланса қ, XIX ғасырдағы орыс жазушыларының ішіндегі ең сұлу жазатын И. Тургенов неге өз тұстарының бәрінен

артық тұрмаған. Ал енді орыс әдебиеті түгілі Әлем әдебиетінің көгінде тұрған Ф. Достаевскийдің «Қылмыс пен жаза» романындағы сөйлемдер құрылымы келір-бұдыр тілі доғалдау. Бірақ әсер етуі сұмдық. Бәлкім, сөйлемді сұлу құру, тілдің нәрі мен құнарлығы әдебиеттің шарты да шығар, алайда, әдебиетті әдебиет ететін алдымен оның толқыған ойы, тулаған ақиқаты, ту ұстаған идеясы екені күмәнсіз. Шерағаңның стилі – оның өз ойлау жүйесі, мінезі, көзқарасы, қайсарлығы мен қайраткерлігі. Осы қасиеттер әр парағында атой салып тұратын шығармалары адамға еріксіз әсер етіп, сенің санаң жиі-жиі елім деп еңку-еңку дер шалып кетеді.

Үлкен жазушылардың шығармаларын оқып отырғанда олардың өзіндік тәсіл ерекшелігін аңғарасың. Адамзаттың Айтматовының повесть, романдарын бір кісідей оқыдық қой. Осы ұлы жазушы өз шығармаларын киноға айналдыруға да лайықтап жазатын сияқты. Әйтеуір маған солай көрінеді. Айтматовтың күллі інжу-маржандарын өткірдің жүзі, кестенің бізінен айнытпай қазақша сөйлеткен Шерағаңнан өзім байқаған тәсіл ерекшелік: оның романдарындағы, әсіресе, «Ай мен Айшасындағы» әр тарау – бір әңгіме. Болғанда бір-бірінен көз жазып, қол үзіп кетпейтін өмірі тұтас, өзегі бір әңгімелер. Көркем шығармадағы композициялық құрылымға селкеу түсірмейтін мұндай конструкторлық шеберлік көрінгеннің қолынан келе қоймайды.

Жалпы біздің қазақ әдебиеті – өскен әдебиет. Оны Абайдан, Мұхтар Әуезовтен бергі жерде оның сапына әр кезде Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Ілияс Есенберлин, Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Мағауин, Бексұлтан Нұржекеев, Дулат Исабеков, Иранбек Оразбаев, Нұрлан Оразалин, Тынышбай Нұрмаханбетов, Марал Сқақбаев, Жұмабай Шаштайұлы, Баққожа Мұқай, Рақымжан Отарбай, Асқар Алтай, Есенғали Раушанов, Күләш Ахметова, Ұлықбек Есдәулетов, Гүлнар Салықбаева және көптеген басқа да талантты толқындар келіп ақыл-есті (интеллектуалды) әдебиет деңгейіне көтерді. Солардың қақ ортасында қасқайып қаламгер Шерхан Мұртаза тұр. Ақыл-есті әдебиетке қосқан зор үлесімен тұр.

Ақыл-есті әдебиет саф алтыннан құйылған тайтұяқ таланттың тау бұзып, тас жарған бейнетімен жасалады. Бейнет те – дарын. Шерағаңның «Ай мен Айшасында» Барысхан қауын-қарбыз өсіретін тарау бар. Сіз енді қу далада жападан жалғыз баланың бақшада арамшөп жұлып жүргенін көз алдыңызға келтіріңізші. Әлгі пәлені жұлдың – бітті, жұлыны үзілсе жақсы. Жоқ, мынау бір сұмдық шөп екен. Бүгін тамырымен суырып тастасаң, ертесіне қылтиып қайта қаптап тұрады. Біреу емес, екеу емес, он емес, жүз бе, одан да көп пе, бір құдай білсін. Барысхан қайта жұлады. Баланың күн сайын күнұзын «ойнайтын ойыны» осы. Тәңірім-ау, бұл неткен азап….

Орыста қал сұрасқанның бірі: «Да, не сахар» десе, екіншісі: «У нас тоже не мед» дейтіні бар. Сол сияқты әдебиет те бал жалап отыратын жер емес, барыңды теңдей сығып алатын шексіз, шетсіз бейнет. Шерағаң сияқты ғұмыры қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей азапты бейнетпен басталған, сол бейнетті ендігі жерде ең сенімді серігіне айналдырған адам ұлттық көркем ой қара шаңырағының уығы десе уығы, керегесі десе керегесі болмауы мүмкін емес еді.

Біз тектілік дегенді көп айтамыз. Бірақ тектіліктің тегін ше?..

Осыдан 2-3 жыл бұрын Кенен ауылында бір жиында күн шуақта Шерағаңмен әңгімелесіп отыр едік, қасымызға таяғын тықылдатып екпіндіген бір қария келді. Айтқандарына есеп бермей ағызып сөйлейтін дыли кісі екен, тапырақтап әр нәрсені езбелей-езбелей: «Енді, міне, таяқ ұстап шал болдық» деді. Шерағаң сонда одан таяқтың тегін сұрады. «Бұл ма, бұл аса таяқ» деді шал. «Асатаяқ екенін көріп отырмыз, – деді Шерағаң. Біртүрлі ренжіп қалды. 80-ді алқымдап қалған ақсақалдың таяқтың аты мен тегін ажырата алмағанына налыды.

Аса таяқтың тегі – шеңгел ғой. Ағаш тектес өсімдіктер арасынан шеңгелдей мықты, шеңгелдей төзімдісін табу қайда. Басқасы асатаяққа жарай бермейді.

Адамның да шеңгел тектісі, шөп-шалаң тектісі бар. Шерағаңдар шеңгел тектіден. Анау-мынау емес, адамзатқа әйгілі алдаспан Ақсақ Темірдің көзін көріп, қол алысқан, тіл қатысқан Бәйдібек бабасы би де, хан да болған қазақ тарихындағы ақылдың кені, елдіктің жоқшысы, әділдіктің ақ жүрегі, қызыл тілдің қырғиы Абылайға ақылшы, әз Тәукеге тірек болған Төле бабасы – ұлттық өнеге-үлгі. Қарасай, Наурызбай, Райымбек, Өтеген, Сыпатай, Саңырақ, Қойгелді, Қосы, Жолбарыс, Тойшыбек батырлар ше... Атақты Қордай бабасы осыдан 2000 жыл бұрын Жетісуда сырт жаудан жан беріп ел қорғаған. Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлының кіндік қаны тамған Жуалы топырағына Шәкеңнің де кіндік қаны тамды. Ауыз әдебиетінің Гомеры – Жамбыл тәтесі мен сол өнерде ұлы композитор Кенен атасы – жеке-жеке дара шың. Жарық әлемге ұрпағы Қазақстанның бүкіл оңтүстігін жайлап, бір бөлігі Қытай жеріне де жеткен ұлы Домалақ Анасы келіп, өткен.

Ел билеудің, әділ төрелік айтудың, ел мен жер қорғаудың бұлбұл үн мен дүлдүл сөздің өнеге-үлгісі. Шерхан Мұртаза шыққан текте баяғыдан келе жатқан қасиет. Бұлардың ең биігінде ең ұлы құдірет – Қазақ деген халықтық тек тұр.

Шерхан Мұртаза шығармалары неге текті дегенде, осыны айту керек. Шерхан Мұртаза шығармалары неге ақиқатшы, дегенде де айтатының сол. Ол өз көкірегінің кеңге толы кең сарайын өз халқына айқара ашып тастаған. Өзі не жасаса, барлық адамнан соны көксейді. Жазушы пайымы, адамдар бір-біріне кеудесін керіп көрсетпей, ойларын ашық ортаға салмай толыққандылыққа жете алмай тоқырай беру күйін кешеді.

Әдебиет әлемінде ана тақырыпты игерген, мына тақырыпты игерген, диапозоны сұмдық деген сөздері айтылып жатады. Диапозон деген тақырыптың көптігімен анықталды деу әбестік. Дүниеде бар тақырыпты түгесіп, 50-70 кітап жазғандар қазақ әдебиетініде жетеді. Бірақ солар онымен ұшпаққа шығып кете қойған жоқ. Акутагава ма екен, бар-жоғы 5 беттік «Мұрын» деген тұңғыш әңгімесін жариялағанда әдебиеттің бір білгірі: «Бұл бала енді ешнәрсе жазбаса да жапон әдебиетінің тарихын да қалады» деген. Демек, диапозонға тақырыптың көптігі уәж бола алмайды. Жазушы диапозоны – әншінің репертуары емес. 100-ден аса көркем шығарма жазған Л. Толстойдың қаламгерлігін танытқан 11 туындысы ғана. В. Короленко өмірінде бір-ақ кітап жазып орыс әдебиетінің төрінен орын

алды. Н. Думбадзені тану үшін оның күллі шығармасын тізіп шықпай-ақ шап-шағын «Кунарачасын» оқысаңыз да жетіп жатыр. Ә. Кекілбаев «Дала балладаларынан» кейін ешнәрсе жазбаған күнде тарихымызда ғажайып суреткер болып қала беретін еді. С. Цвейгтен өзге ешнәрсе білмей-ақ, «Белгісіз әйелдің хатын» оқыған адамның «міне, жазушы, қайда» дері сөзсіз. Г. Мопасан «Өмір» романымен-ақ Г. Мопассан. Француздың романнан роман жазған әйгілі әйел жазушысы Ж. Сандтың есімін әйгілі еткен «Консуэллосы». Н. Гоголь «Ревизорымен-ақ» мәңгі. Э. Хэмунгуэидың «Шал мен теңізінен» өзгесін оқуға да, оқымауға да болады. Өзіміздің Дулат Исабековтың «Ақырамаштан Наурызға дейін», Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Бөрібайдың тұмаған ит алып қашқан қыс», Төлен Әбдіковтың «Оң қол» әңгімелері-ақ олардың қаламгерлік қуатты қарымына дәлел. Жапон Танизакидың «Есалаң адамның махаббаты» дейтін романы бар. Осы шығармасы-ақ оны әлемдік деңгейдегі жазушы екенін дәлелдеп берді. Шыңғыс ағамызда олпы-солпы дүние жоқ, бәрі інжу-маржан ғой.

Соның ішінде «Ғасырдан да ұзақ күн» романы-ақ ұлы суреткер деген ұғымның не екенін білуге жетіп артылады.

Жазушы диапозоны – суреткерлігі, суреткерлік жоқ жерде жазушы да, көркем шығарма да жоқ, аты кітап деп аталатын қаптаған қара сөздердің қараңғы қаңқасы ғана тұрады.

Көркем әдебиетте ақиқат айғайымен айтыла бермейді. Оның өз заңдылығы бар. Ш. Мұртаза шығармаларында бейнелеу көп. Ойды суретпен салатын тұстар мол. С. Есенин «Өлеңнің әр жолы ән салып тұруы керек»,- дейді. Шерағаң қара сөзінде керек жерінде кез келген құбылыстың тұрпаты көркем суретке айналып кетеді.

Югославияның бір ақыны айтқан мынандай сөзі бар. Ол: «Талант көптің-көңіл күйін бұзады» деген. Көңіл-күйді бұзу – ойландыру, толғандыру, дүниеге бірсыдырғы көзқарастан айныту, Шерағаңның өз сөзімен айтқанда тас қараңғыда қалған санасына сәуле құю. Жазушының «Қара маржан» романында бір маскүнем кейіпкер бар. Сол сорлы бір күні мастықпен аса жоғары вольты электр желісін ұстап қалып, көзді ашып-жұмғанша күйіп-жанып, күлге айналып, желмен ұшып жоқ болып кетеді. Қазір бар адам қазір жоқ. Мүлде жоқ. Тіпті мүрдесі де жоқ. Оның енді жалпы жер бетінде болғанын дәлелдеудің өзі далбаса. Өмірден осылай ұшты-күйлі кету қашан болып еді. Мынау сұмдықтың сұмдығы, қорлықтың қорлығы, қасіреттің қасіреті ғой. Сонда бұған кім кінәлі? Жаратушы ма?

Жазушы, кінәлі анау деп саусағын шошайтпайды. Меңзейді. Ар жағын оқырманның өзі тапсын. Ойлы оқырман бүтіндей ұлыстар тексізге қалай ұшырады? Сібірдегі эвенк, нивкии, мансы, чукча сияқты халықтарда қазір аты-жөн жоқ, шетінен Семенов, Иванов, Александров, Платонов... шетінен Григорий Харитонович, Яков, Сергеевич, Владислав, Моисеевичке қалай айналды, деген сауалға жауап іздейді.

Алдымен ағылшын, сосын орыстар жұтқызған арақпен, әрине.

«Қара маржандағы» осы ескерту бұдан қанша жыл бұрын айтылды? Біздің той-тұмалақта өліп-тіріліп ішкенімізден бөлек енді өлік жерлеудің артын да арақпен тойлай бастаған кезіміз де айтылды. Құдайға шүкір,

Тәуелсіздігімізге қол жеткелі ондай пәледен құтылдық. Ал тойхана, асханаларда арекең баяғыдай ағып жатыр. Базарлардың түкпір-түкпірінде, көшелердің бұрыш-бұрышында «Разливной» арақ дегенің көл көсір... Ендеше Шерағаңның ескертпесі баяғысынша актуальды. Біріміз емес мыңымыз, миллионымыздың қоймасақ бір күні арақпен күйіп, жанып, күлге айналып, желмен ұшып, тып-типыл жоғалып кететініміз санада тұруы тиіс.

Дарынды жазушы – жаратылысынан ұстаз. Қоғамның ұстазы, заманының ұстазы. Жалпы оқырманның ұстазы. Талантты топтың ұстазы. Ресейде «бәрі Гогольдың шекпенінен шыққан» деген сөз бар. Біздегі орта буын жазушылар Шерағаңның шапанынан шыққанбыз дейді. Расында қазақ даласының кезкелген түкпірінен Алматыға арман қуып ат арытып талай-талай тума талант Шерағаңды саялады. Оларды санасақ Оралхан Бөкеев, Иран-Ғайып, Кәдірбек Сегізбаев, Көпен Әмірбеков, Рахымжан Отарбаев болып онда кете береді. Талғамы күшті, танымы мықты Ш. Мұртаза қазақтың қас талантының бірі марқұм Оралханды Шығыс Қазақстанның алақандай ауданында трактор жүргізіп, шөп шауып жүрген жерінен «Лениншіл жасқа» шақырып алған. Шерағаң жоғарыда өзіміз айтқан есті әдебиеттің тағдыры Оралхан сияқты тума таланттардың қолында екенін білді. Сөйтіп өкшесін басып келе жатқан топқа пана болып, бәріне қызмет берді, бәріне үй әперді. Бір тақырыпқа бірнешеуін жарыстыра жаздырып, мойны озығын өзі басқарып отырған газетте жариялап, өзгесін өзге басылымдарда бастыртты.

«Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор болып отырған кезінде жастардың еркін кесілуіне мықтап жол ашты. Білімді де талантты жастар әдебиет, соның пұшпағын жылдар бойы умаждап, ол умаждары былай тартсаң былай, олай тартсаң олай жетпей шолтаңдап жататын жатыпішер жазушылар туралы бетін бар, жүзің бар демейтін, бірақ дәлелді, әділ сөздерін айта бастады. Бұл енді «көрнекті» жазушылардың ашу-ызасын тударды. Осы орайда бұрын айтылған бір әңгімені амалсыз қайталай кетуге тура келіп тұр. Сөйтіп, «көрнекті» жазушылар партия комитетінің жиылысын шақыртып, түйдектүйдегімен мінбеге таласып жатады. Сондағы айтатындары: «Мұртазаев «Қазақ әдебиетіне» бас редактор болып келгелі ауа жайылып барады. Әдебиетіміздің біз сияқты тарландарының шығармасын қайдағы бір боқмұрындар ту-талақай етіп, түкке алғысыз етіп жатыр. Жо... жоқ, жолдастар бұлай болмайды. Ертерек Мұртазаевты тақтан тайдыру керек»... Екі сағат бойы бәрінің айтқаны осы. Содан бір кезде жиналысты жүргізіп отырған адам: «Ау, ағайын Мұртазаевтың өзіне бір ауыз сөз берейік те, өзі не айтады екен бұған», – дейді. Сонда Шерағаң: «Жолдас жазушылар, біз алған бағытымызды дұрыс деп есептейміз. Соған алдағы уақытта да дайын жүріңіздер» – деп мінбеден түсіп кетіпті. Аямай сілкілеп алдық қой, енді бетінен қайтар деп отырғандар мынадан кейін не істерлерін білмей далбасалап қалған.

Мен тұстас жазушылар арасында екі қаламгердің тура биде туған жоқтығы жиі айтылады. Бірі – Шерағаң, екіншісі – өмірден оқыс ерте озған, әлем әдебиетінің білгірі, таланты, тепсе темір үзетін, азаматтығы ақиқатты арқау еткен Асқар Сүлейменов. Марқұм Асекең жиырмадан жаңа асқан шағында сол кезде тірі бір классигіміздің (атын атамай-ақ қоялық) бүкіл туындысын жиып алып, «Пәленбаев қазақ әдебиетіне не әкелді?»

деп тақырып қойып, талдап шығыпты да, «Пәленбаев қазақ әдебиетіне түк әкелген жоқ» деп аяқтапты мақаласын. Бұл өзіне талай жыл таяқ болған. Бәрібір Сүлейменов ақиқатты айтудан айнымай кетті.

Ақиқатты айту жазушы, жалпы адамдар үшін ерлік пе, парыз ба. Екеуі де. Екеуі қатар тұрған кезде қайраткерлік тұрады. Шерағаңның Қамал Смайыловпен хат жазысу арқылы толғанысы – сол қайраткерлік әрекет. Көзге тік қарап, бетке тура айту. Сондықтан да публицистикалық әуенге барған. Публицистикада астар, тұспалдың қажеті жоқ, қоғамның ащы шындығы шыңыраудан шығып шыңғырып тұрады. Елдігіне 300 жыл, жеріне оқ түсіп, ойран болмаған, байлығы шаш етектен Американың өзінде төрт құбыла тең емес. Ал, біздің жеке мемлекетімізге 10-ақ жыл. Осы 10-ақ жылды «бітті, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап жатыр» деп алақайлап кетсек кімді алдағанымыз. Мемлекетіміз қаз тұрып, қабырғасы қату үстінде. Мемлекеттік кемеліне бүгін, ертең келе салмайтын күрделі процесс. Оның жолында жалғыз ізденіс, ұмтылыстың ғана емес, кері немесе бұра тартудың тігінен де, көлденеңінен де көсіліп жатқан кесір-кедергілері жетіп артылады. Ескінің елесіндей елпеңдеген консерватизм, билікті бер деуден тайынбайтын радикализм, тағы қандай, әйтеуір ниеті бұзық измдерден кенде емеспіз. Мұның барлығына құлқыны құдық, көбісі ұлық сыбайлас жемқорларды қосыңыз. Ол аз десеңіз, биліктің құрамына әртүрлі көзқыстымен өтіп кеткен әр деңгейдегі мәнжубастардың тобан ойлы топ тұр. Мұның барлығының жүрген жеріне шөп шықпайды. Ақыр соңында сорлайтын халық, солқылдайтын мемлекет. Шерхан мен Камал ағаларымыз өз хат алысуларында осы жайларды байыптап бағалап, бақайшығына дейін шаққан. Сондықтан оны жұрт жабыла жастанып оқып, жағалай сөз етті, көргенін қаз қалпында қаймықпай ашық айтатын азаматтарымыз әлі де дар екен-ау, тәубе десті. Шерхан, Камал сияқты ұлтжанды қайраткер азаматтардың ащы шындықты ашына айту мақсаты – білгенге Елбасына, Елбасының сенімді серіктеріне себіміз тисін, жаңайғайымызбен оларды бәле-жаладан сақтандырып отырайық деген адал ниет.

Өткен жылы Президент біраз қаламгерлерді қабылдады. Теледидардан көрдік. Жазушылар да пенде, кейде әңгімесін жөнсіз жеңілдетіп жібереді. Арасында Елбасына мадақ та айтылып жатыр. Сөз кезегі келгенде, Шерағаң өйтпеді, салған жерден бір әңгіме бастап кетті. «Баяғыда бір патша сақалмұртын қырып тұру үшін бір шаштаразды жұмысқа қабылдайды. Содан әлгі іске кірісіп кетеді. Епті, ысқаяқ неменің өткір ұстарасы ылпып ылди-төмен сырғып жүр. Кенет... Ханның о жақ, бұ жағын айнала төңірек жаны қалмай жанталаса қимылдап жүрген шаштараз ұстарасы әміршінің тура кеңірдегіне келгенде көлденең тұрып қалыпты. Ары да, бері де, қозғалмайды. Хан да, оның жандайшаптары да қыбырсыз. Ешкімде зәр-иман жоқ. Екі көзі шарт жұмылып, теңселген шаштараздың ұстарасы сол қалпы кеңірдекте. Ет пен тері түгілі тас тілетін өткір болатты орай тартып қалсаң болды – әмірші қорқырап қала береді. Шаштараздың аяқ асты есінен адасып, есеңгіреп тұрып қалғаны несі? Сөйтсе табаны тиіп тұрған еденнің астында ат басындай алтын жатыр екен. Соның буы ақылынан алжастырып, әміршісін бауыздап жіберуге шақ тұр...

Бұл – Шерағаңның Елбасына айналаңа абай болғайсың деген тілегі. Алтын көрсе, періште жолдан таядының аяқасты пәле екенін меңзегені. Тәуелсіздіктің он жылында Президент төңірегінде небір арам пиғылдар болғаны бәрімізге аян. Қазір де құдай білсін. Ертеңге де ешкім кепілдік бере алмайды. Әзірше солай. Президент төңірегіндегілердің арыстан, жолбарыстары қанша, сүт ұрлап ішуге әуес, ет ұрлап жеуге епті мысығы қанша? Қу тақым, құбыжық ойлар солардан шығады. Іштен шыққан жау жаман.

Мұны Елбасына Шерағаң ашып айтпаса, кім айтады? Мұны Елбасына ашық айту үшін Шерхан Мұртаза болып туу керек. Шерағаң болсаң, сен де бірі басқа бір ойда басы қатып, қалғып, мүлгіп отыратын депутаттарға қарап: «Оу, жұрағат Қазақстанда сатылмаған не қалды?!» «Өз жетімін өзі асырай алмаған мемлекеттің несі мемлекет» дер едің. Азаматтықтың ұшар биігінен саңқылдаған қайсар қаламгер, қаһарман қайраткердің үні әмісе құдайдың құлағына шалынсын де.

Шерағаң шыққан биік – халық қызыға көз тігетін биік, халық сүйенетін биік, халық қастерлейтін биік. Бұдан асқан бақыт барма?! Десек те өз басым бақыт дегенді шартты нәрсе деп санаймын. Ал бұған қарсылар болса, айтарым: жазушы үшін бақыт – ұзақ ғұмыр. Шерағаңның өз сөзімен айтқанда, халқына беретіні көп болуы үшін жазушыға ұзақ ғұмыр керек. Тәңірім, қазақтың атасының ақ батасын, анасының ақ сүтін абыроймен ақтап келе жатқан алып перзенттерінің біріне осыны сыйласын.

21 қыркүйек 2002 жыл.«Ақ жол» газеті.

«Алаштың ардақтысы» айдарында

КЕСЕК СУРЕТКЕР. КЕМЕЛ ҚАЙРАТКЕР. АСҚАҚ АЗАМАТ ҚАЗАҚТЫҢ ШЕРХАНЫ

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Тәңірден басқа сұрамай, ұл сұраған ұрпақжанды жұртпыз ғой. Жасында ерініміз тұщып сүйгеніміздің, есейгенде ел қатарынан көргеніміздің өзіне мәз боламыз. Ал енді көптен озып көш бастап, жұртты тоқтатып, сөз бастап жататын сүлейлеріміздің жолында құрбан болып кетуге пейілміз. Әрбір тұщымды ісін, тұтымды сөзін естіген сайын төбеміз көкке бір-ақ елі жетпей қалып отырады. «Құдайдан азаматты неге сұрайды дейсің!» – деп қаралай айналып-толғанып бітеміз.

Жаратқан Ие де жоралы жұртымыздың осы бір пейілін ұдайы елеп-ескеріп келе жатқандай. Сараң тағдыр мен сарабдал тарих қандай өткелегінің тұсында да аз болғанымен бар екеніне, дара болғанымен нар екеніне күніне мың шүкірлік айтқызатындай алғадай азаматтардан құр алақан қалдырып көрмепті.

Қазіргі қазақ қауымының тап сондай маңдайына ұстап, заманымызға тап келген дулығалы нарымызға балап, қоғадай жапырыла қошемет көрсетіп жүрген бірегей тұлғасы – Шер-ағаң, кәдімгі Шерхан Мұртаза екендігі даусыз.

Құдайға шүкір, ол мынау тіршілік деп аталатын ну жықпылды жетпіс жыл бойы шаршамай кезіп, талай өрде өкпесі өшіп, талай еңісте өкшесі қанап, талай жерде қауіп пен қатерге жанап, жанын шүберекке түйіп өтсе де, тайсалмастан алға тартып, қадамы қайырлы, қанжығасы майлы, жолбарыстың жотасын опырған батырдай екі мұрты едірейіп, желке тұсы күдірейіп, талтаң басып ортамызда жүр.

Тәңір оның көзіне отты, көкірегіне шоқты, қорамсағына оқты мол салып жаратыпты. Тек атын естігеннің өзінде ет-жүрегің шымырлап, сай-сүйегің сырқырап қоя беретіндей.

Ұлдарына бұлай деп ат қойып жүрген қандай қауым екенін көрейін деп, сонау жазда нуы мен шалғыны, қыста айырттан қары мен аюдай ақырған аязы әнтек мол болатын Жуалы мен Мыңбұлақтың жон арқасына қонжиған азғантай ауыл Құли Шілменбет арасына екі дүркін ат басын бұрғаным бар. Сөйтсем, ол да кәдімгі қара борбай қазекемнің іргесі қоңырсыған қарапайым ауылы екен. Малмен қоса жерді күйттеп, көбірек бейнет кешіп өскендіктерінен шығар, адамдары өңкей қайың қаптал, қапсағай, мығым сіңір, шымыр ет, қайыс, тарамыс, сыптығыр, күнес қара торы болып келеді екен. Омырауларынан сақалы төгілген, көмейлерінен мақалы төгілген тығырық тақия сырбаз тақуа қариялары болады екен. Кестелі кимешекті бастыра Таластың Алатауындағы қарлы шыңдардай қақыра жаулық ораған ақ көкірек әжейлері болады екен. Емірене амандасып, тебірене тілдеседі екен. Мизам шуақтай майса күліп, майда сөйлейтін мейірбан ел екен. Бағзы Иранның дүлдүл ақындары жарыса жырлаған Тараздың тал шыбықтай иілген тана көз қыздары мен аршын жігіттерінің де тұқымы ауып кете қоймаған екен. Бар екен. Ұяла күліп, имене ізет қылады екен. Құлағын тікірейткен иттері болмаса, адамынан кекірейіп не тымырайып тұрған ешкімді көрмедім. Ешқайсысының өрекпіп тұрған ештеңесін байқамадым.

Шамасы, олар бұдан жетпіс жыл бұрын өткен шілдехана айналаны аштық жайпап, тіршілік нуын бұршақ ұрып, жан біткен жапырыла күйреп, аспан алақандай, жер тебінгідей қуырылып жатқан қу заманда дүниеге келген қызыл шақа нәрестеге әлгіндей әупірім есімді тастары өрге домалап тасып жүргендіктен емес, таулары жығылып жасып жүргендіктен қойған сияқты. Бір ауылдың немесе бір рулы елдің ғана емес, бүкіл ұйтқылы ұлттың басына қырық қырсықтың қара бұлты қатар төніп, қарадай күдер үзіліп отырған тұста арттағы ұрпақ шетінен аршылан, шетінен шері болып өспесе, ендігі елдің есі түгенделіп, етегі жабыла қоюы екі талай екендігін ерте ескергендіктен қойса керек.

Қалай болса да, қай ақсақал айтса да, азан шақырылғанда ауызына осындай аруақ шамырықтырар арлан есім түскен жарықтықтың жатқан жері жәннат болғай!

Әсілінде, Шер-ағаң ес біліп, етек жапқалы сол бір сирек есімге лайық болуды жадынан бір шығарып көрмегендей. Қалыңның түкпіріндегі түгі тікірейген қабыландай қаһарлы мінез танытып, қайсар тағдыр кешіп келеді. Көзін ашпай жатып, әкесі Сібір айдалды. Бесіктен белі шықпай жатып, іштегі апатқа сырттағы апат ұласты. Қабырғасы қатпай жатып, жоқтық, жетімдік, тіпті қорлық пен зорлық көрді. Жұдырығы барлар желкеден нұқыды.

Саусағы барлар көзіне шұқыды. Көкірегіндегі зарды байқатпай, көзіндегі жасты көрсетпей, қасарыса жүріп қайрат, алыса жүріп ақыл жиып өсті. Ауыздыға азуын, тырнақтыға тісін, қиянатқа күшін көрсете жүріп ер жетті. Көрінген бір түртіп баққан «халық жауының» баласынан көпшіліктің көңілі құлап, халықтың өзі қалап сүйген данасына дейін қиын-қыстау жол кешті. Талай тескен таудан өтіп, талай шырқау шыңға шықты.

Ол түскен еңіс қандай тұңғиық болса, ол жеткен жеңіс, сондай тым биік.

Ол бәріміздің қолымыздан келе бермейтін істерді тындырды. Бәріміз тәуекел ете бермейтін істерге тәуекел етті. Сондықтан да бәріміз жете бермейтін абыройға жетті.

Ол бүгін «Аршыланым-ай!» – деп ардақ тұтсаң да, «Шерім-ай!» – деп мардамсысаң да, «Қабыланым-ай!» – деп қаймықсаң да, ауызың қисайып кетпейтін ұлттық руханиятымыздың аса айбынды тұлғасы. Кесек суреткер. Кемел қайраткер. Асқақ азамат.

Дәйім, желдің өтінде, жаудың бетінде, ұшар шыңды жайлап, үшан даланы қыстап, күндіз айқайдан, түнде «айтақтан» ауыздары босамай, іргеден жау, төбеден жұт төніп, астындағы аты ылғи ауыздығын шайнап, үстіндегі өзінің ылғи ыза-намысы қайнап, тісін қайрап, бес қаруын белінен бір түсірмей өтетін бір беткей безерімді нояндардан басқаны адамға санамай, алыс-жұлыста, айтыс-тартыста, айқас-сайыста ғұмыр кешкен жаужүрек қауым қастер тұтатын бәр мінез, бәр қасиеттің бәріне ие бұл адам әдебиетке де, саясатқа да сол қалың көптің арасынан, олар шегіп баққан қияметқайым қиындықтардың ортасынан келді. Содан да шығар, оның жазғаны да, айтқаны да, тіпті қалың жиында төңірегіндегілердің едірейе тыңдап, ежірейе сөйлейтіні де ентелеген көптің көңілін дөп басып отырады. Қай тарапқа, қай ауыл, қай қауымға барса да, оны ортасынан ойып алып, оқшау қошеметтеп жатады. Жалпының арасында жүруге қимайтын жалғызындай ала бөтен аймалап бағады.

Бұл халыққа да жарасады. Халқы асты-үстіне түсіп жатқан арысқа да жарасады. Өйткені, Шерхан қабырғасы қатып, буыны бекігелі халықтан бір елі ірге ажыратпай келеді. Қолына қалам алғалы халықтың сөзін сөйлеп келеді. Қатардағы тілші кезінде халық бітіріп жатқан ерен істермен қоса, халық көріп отырған ересен тауқыметтерді де жасырмай жаза білді.

Қаламымен бірге қанаты да қатайып, ақпарат төріне шыққанда да сол ұстанымынан бір сәт айнып көрген емес. Айналасына халық сусап отырған әңгімені айта алатындар мен олардың ауызына қақпақ болмайтындарды жинады. Алпысыншы жылдарғы азғантай жылымықтың тұсында сірескен тоң жібіп, астынан қаулай көтерілген әлсіз көкті қайтадан аяз жалап, суық үріп кетпеуіне қолынан келгеннің бәрін үріп кетпеуіне қолынан келгеннің бәрін жасады. Ұлтсыздық пен ұятсыздық бірдей меңдеп «қазақы мал мал емес, қазақты бала бала емес» дейтін қағида мемлекеттік саясатқа айналған тұста ұлттың тілі кесілмеуі, халықтың рухы өшпеуі, арттағы ұрпақтың алжасып кетпеуі жолында арыстандай арпалысып, жолбарыстай жағаласа алған жалғыз редактор Шерхан Мұртаза болғандығын өз көзімізбен көргенбіз. Бәрін жоғалтып, бәрін тонатып, бәрінен айырылған адыра қауымымыздың оң жағында ата-бабадан қалған жалғыз көз көне әбдіредей

төл әдебиетіміздің айырылып қалмау үшін жас талапкерлеріміздің қаламынан шыққан жілігі татитын әр сөйлем, әр шумақты жерден жеті қоян тапқандай «Лениншіл жастың» бетіне сүйреледік. Күн сайын газет бетін бермейтін Н.С. Хрущевтің құлаш-құлаш баяндамалары мен сөйлеген сөздерімен жарыстырып, ол кезде әлі бір кітабы да шықпаған Мұқағали, Қадыр, Жұмекендердің құлаш-құлаш жырлары мен дастандары басылды. Сахнада бір-екі сәтті рөл ойнаған жас актерлеріміз бен бір-екі шығармасы көрмеге қойылған жас суретшілеріміз жайында етектей-етектей мақалалар жарияланды. Түкпір-түкпірдегі талағының биті бар жастарға әдейі іздеу салынды. Сарыағаш пен Атыраудағы мұғалімдер Төлеген мен Фариза, Қатынқарағай мен Ленгірдегі трактористер Оралхан мен Мұқтарлар әдебиет табалдырығынан солай аттады. Бұрын босағадан орын тимейтін «Лениншіл жас» енді ұлттық руханиятымыздың төрдегі шарайнасына айналды. Қазіргі қазақ әдебиеті мен өнерінің өресін асырып, өрісін кеңейтіп жүрген өрен жүйріктердің бәрінің дерлік тұсауы «Лениншіл жаста» кесілді. Қанаттары «Жалында» қатайып, «Жұлдыздың» бетінде қабырғалы шығармалары жарияланды. «Қазақ әдебиеті» мен «Егеменді Қазақстан» бетінде әділ бағаларын алып, есімдері елге танылды. Бәрінің де рухани әкесі басқа ешкім емес, Шерхан Мұртаза болды. Оның жазушылық пен журналистикадағы, қоғамдық ой-санадағы мұндай «өкіл балалары» жүздеп емес, мыңдап саналады. Өйткені, ол басқарған тұста, қай басылым да ел арасында әлденеше жүз мыңдап тарап жүрді. Ол қандай ақпарат құралын басқарса да, қазақтың мұңмүддесіне дегенде көзі кіреуке, құлағы тосаң, тілі шүлжің тартып көрген жоқ. Қазақтың алпысыншы жылдардан бастап өзгере бастаған қоғамдық мінез-құлқының жақсылық пен жаңалыққа қарай бет бұруына редактор Шерхан Мұртазаның сіңірген еңбегі орасан зор. Қазақтың ақыл-ойы мен әрекет-амалын Желтоқсанға қарай жетелеуде ол басқарған әдеби басылымдардың, тәуелсіздікке қарай жетелеуде ол басқарған «Егемен Қазақстанның» елеулі қызмет еткендігін айтпай кету ақиқаттың ала жібін аттағандық болар еді.

Оны әдебиетке де алып келіп жүрген осындай елжандылығы деп ойлаймын. Жасыратын несі бар, журналистикада шын сардарлығын көрсеткен алтын басты азаматымыз кенет әңгіме-повестер жариялата бастағанда қолда тұрғанда қармап қалайық деп романистикаға бірден ауысқан өзге де редакторларымыз бен баспа директорлары сияқты әдебиетке көптің бірі болып қалып, қадірін жоғалтып алмас па екен деп қауіптенгендердің біреуі біз едік. Көп ұзамай ол күдіктен арылып, кейбір шығармалары шыққанда ықыластана оқығанбыз. Соңғы айларда 1994 жылы шыққан төрт томдығы мен «Ай мен Айшадан» бастап кейінгі кезде жарық көрген шығармаларын қайтадан сүзіп шыққанда, әуелгі күдігіміздің әбестік екендігіне көзіміз әбден жетті.

Ол әдебиетке де халықтың қабырғасына не батып отырғандығын анық білгендіктен келіпті. Оның ақпарат құралдарына қарағанда, өмірлік шындықты жан-жақты қамтуға, қанша дегенмен, амал-айласы көбірек екендігін сезгесін келіпті. Сол кезеңде күллі әлемдік әдебиетте де әлгі себептен туындаған «журнализм» ағымы бас көтеріпті. Нақты деректемелік әдебиет пен Сеплетристиканың стильдік симбиозы көркем ойлаудың

икемділігін одан әрмен арттыра түсіпті. Шерхан Мұртаза да жазушылыққа өмірден көріп білген өз тақырыбы болғандықтан келіпті. Ол аз десеңіз, өзінен басқа ешкім айтып жеткізе алмайтын өзіндік тағдыр-талайы болғандықтан келіпті. Оның тұңғиығына тек әдебиет қана бойлап, оның тылсым сырлары тек суреткер ғана сараптай алатынын түсінгендіктен келіпті.

Бірақ, ақиқатқа жүгінсек, Шерхан Мұртазаның мұндай мол өмірлік қоры мен суреткерлік шеберлігі әп дегеннен ай құшақ қауып қабыса қалмапты. Оның бүгінгі даусыз мойындалып отырған үлкен таланты әдебиет айдынында бірден асқар таудай айбын танытып, асқақтап шыға келмепті. Әуелгі мұхит түбінен енді көтеріліп келе жатқан айсбергтей әр жер-әр жерден шоқтық көрсетіп, бірте-бірте өркештеніп, біртіндеп биіктей түсіпті. Оның мұндай біртіндеп кемелденуіне екі сенімді соавторы мықтап көмектесіпті. Жазушы Шерхан Мұртазаның бір соавторы – шырылдаған шындық. Екінші соавторы – шыжғырыла шырқыраған ар-намыс. Оның басты тақырыбы – табанға тапталған ар-намыстың оянуы, апшуы, айқасқа шығуы.

Басқаларын былай қойғанда, бастапқы шығармаларының өзінде осы пафос Шақпақтың желі көтерген қиыршық тастардай бетіңе ұрып, көзіңді осқылайды. Көріп жүрген «дәуреніңе» ызаңды келтіреді. Басымыздан өткен сұрапылдар мен сұмдықтар жайында ойға батырады. Ит сілікпемен жүріп, қаңқасының қайда қалғаны белгісіз қайран әкелеріміздің, жесірліктен жеркүйік боп кете жаздаған айналайын аналарымыздың, жетімдіктен көзкүйік болып өскен өздеріміздің, жауыр түйедей жұтаңдықтан бір арыла алмай өткен ауылымыз бен аждаһаның ауызында күн кешкен қауқарсыз қауымымыздың қан қақсатар шындығын қаз-қалпында көз алдымызға әкеледі. Мылтықты майдан өткенмен, мылтықсыз майданның ешқашан бітпейтінін ұғындырып, көрінген көкімеге бір сенген әлеуметтік есалаңдықтан есіңді жиғызады. Өткенге деген өкініш пен келешекке деген үмітті талшық еткен жансебіл тіршіліктің қай тыртығының да қастерлі екендігіне қапысыз қанықтырады. Өз көкірегіңдегі ыза мен намыстан, жігер мен сенімнен, арман мен мақсаттан басқа көкте де, жерде де ешқандай тірек-таяныш жоқ екендігіне көзіңді жеткізеді. Оған дәйек пен айғақты өзі кешкен келеңсіз тағдырдан табады. Баршамыз бастан өткеріп келген күлді-көмеш күйкі тірліктің басқамыз аңғара бермеген ащы ақиқаттарын аңғартады.

Күнде көріп жүрген қарапайым жандардың әлгінің бәріне ақырына дейін шыдап баққан қайсарлығын жырлай отырып, қажымас қайраткерлік пен қаһармандық тақырыбына бойлайды. Тұрар Рысқұлов туралы бес кітаптан тұратын соқталы эпопея солай дүниеге келіпті. Дәйім қапы кетіп келген әкеге ұл болу мен дәйім қапы соғып қала беретін халыққа көсем болудың ащысы мол, тұщысы тапшы тақсіретті тағдырының тағылымы дәл бүгінгі біздерге керек. Шерханның Тұрары батылдығы мен батырлығы жағынан бағзыдағы бабаларымыздан, күйініште шырғалаң тағдыры мен күйікті шытырман ойлары жағынан армандары ішінде, бармақтары тісінде кетіп, көз алдымызда күйреп жоғала берген күні кешегі ағаларымызға, тіпті көп жағдайда сырты бүтін, іші түтін хәл кешіп келе жатқан бүгінгі өздерімізге аумай ұқсайды. Арманына заманы, ақылына қоғамы дер кезінде құлақ аспай, дәйім кіжінумен өткен пұшайман тұлғалардың тұсаулы тағдырын Шерхан

Мұртаза өз көзімен көре жүріп, өз басынан өткере жүріп бейнелегендей. Жалқың түсінген ақиқатқа жалпың дес беріп, жаппай ұмтылыс тумаған жерде қай қауымның бағы жанған?! Халқының бағы жанбаған жерде қай жалқының ілгері басқан қадымы кер кетпеген?! Тұрардың кешкені де тап сол кер тағдыр еді. Оның жанын жегідей жеп біткен де тек көптің әперген жеңісін қанжығасына бір өзі бөктеріп, өзгенің бәріне өктемсіп баққан Сталиннің зұлымдығы да, бақталастарының бақайдан қаққан залымдығы да емес еді. Имандай сенген ақиқатының алдамшы, аңсап жеткен арманының аққаптал тарихтың кезекті бір қылжағы, жай әншейін жалғаншылық болып шыққандығы еді. Бәрінің де мәңгінің қиялы екендігін мойындаудың ауырлығы еді. Ол бұл жолға бір басының бағын ойлап түспеп еді, есесі кетіп, еңсесі жығылып келген елін ойлап түсіп еді. Сауабын алам ба деп жүргенде, обалына қалғанына күйіне күйзелді.

Одан бері де тарих талай төңбекшіді. Үмітсіз сайтан деп, әр жаңа ұрпақ жаңа үмітпен туды. Дүние бұл қалпында қалмайды, әйтеуір бір өзгереді, өзгерсе, жақсылыққа қарай өзгереді деген сенімді қазір жер ортасына келіп отырған естияр буын да талшық етті. Тағдыр, расында да, олардың маңдайына кезекті тарихи таңдау жасауды өздері бастан кешуге жазыпты. Бұл жолы да кетешек қоғам келешек қоғамның аяғынан аямай шалып бақты. Ондайда халқына шындап жаны ашитындардың қол қусырып қарап отыра алмайтындығы түсінікті. Қай-қайысы да қал-қадерінше қайрат етіп бақты. Бұл тұста да Шерхан ерекше көзге түсті. Атышулы Тұрар туралы хамсасының сиясы кеппей жатып, «қайта құрылу» немесе «қайта қырылу» екендігі әлі неғайбыл, әйтеуір «қайта құру» деп аталатын түсініксіз кезеңде «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» сынды ұлттық санамызды айта қаларлықтай шайқалта білген шамырықты трагедияларды дүниеге әкелді. Халықтық болмысымызды қайта қаусатып кетуі ықтимал жаңа рухани кеселдерімізді әшкерелейтін «Жалғыз үйлік зілзала», «Есек саудасы» атты трагикомедиялық туындылар мен әңгіме-новеллалар жазды.

Бұның бәрі тауқыметтен көзі ашылып көрмеген кемталай халқымыздың ауыспалы кезең деп аталатын аусар тұста тағы да сазға отырып қалмауына қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей қаламгерлік жанашырлығы еді.

Шерхан Мұртаза – әлгіндей ұлттық тағдырымыз түбегейлі шешілер кезеңде бұның бәрі аздық ететінін елдің ең алдымен сезінген қаламгеріміз. Шын айтыс пен шын тартысқа белді бекем буып шықпай болмайтынын қапысыз түсінген зиялы азаматымыз. Әуелі ол басқарған «Егемен Қазақстанның» бетінде басталған көзқарастар сайысы жаңа сайланған Жоғарғы Кеңестің мәжілістерінде жалғасты. Ол – расында да, кімнің кім екендігін айқындаған айлар мен жылдар болды. Егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің тағдыры да сол бір кескілесе ой шарпысқан, пікір сайысқан кескекті кезеңде шешілді. Сол бір саяси салғыластарда алдаспандай жарқылдаған сайыпқыран шешендердің бірі Шерхан Мұртаза болды.

Тәуелсіздікке қол жетіп, егемен ел болған соң да саясат майданы саябырсыған емес. Кешегі қалпы қалғандар енді балаң тәуелсіздік пен балауса мемлекеттің әр адымын аңдып, әр жаңсақ қадамын инеге шаншып бақты. Кеткен қателіктері мен жоя алмай келе жатқан кемшіндерін жіпке

тізіп отыратын кірпияз сынампаздар көбейді. Олар сырттан айтылған сыбыр мен сыбысты қағып алып, іштен дүркірете, дүрілдете жөнелуге тырысты. Оған ауыспалы кезеңнің, болмай қоймайтын әттеген-айлары мен ағаттықтары да аз желеу болған жоқ. Оның үстіне, жау жағадан алғанда бөрі етектен дегендей, қай өзгерістердің тұсында да ыссылай сұғынып бағатын саяси солақайлар мен экономикалық қомағайлар бұл жолы да төбе көрсетпей қалған жоқ. Оның бәрі енді-енді тірсегін тіктеп келе жатқан елдігіміздің соңына сөз еріткізіп, тәй-тәй тәуелсіздігімізді тәлкектеушіліктің өртіне май құйып бағары түсінікті. Мұндайда өз айылымызды өзіміз жиып, өз әбестігімізді өзіміз тыйып сақтанбасақ, бізді сырттан тұрып жақтап не ақтап алатындар табыла бермейді. Осыған шақыратын пәтуалы сөз, парасатты пікір керегіп тұрғанда да, алдымен Шерхан Мұртаза тәуекел етті. Ежелгі қаламдасы Камал Смайыловқа хат жазып, көптің өзегін өртеп жүрген күйікті мәселелер төңірегінде пікір тартты. Олардың өзара алмасқан бұл хаттары біз үшін де оңайға түспеген өтпелі кезеңіміздің қалай өткендігіне рухани айғақ болып қалары сөзсіз.

Уайымды үміт жеңіп келе жатқан қазіргідей тұста барларды қанағатқа, жоқтарды сабырға, жалпы әлеуметті ыждаһатты еңбек пен ынтымақты тірлікке шақырып қана көп қырсықты азайтып, аз берекені көбейте аламыз.

Жалпы, елдікке енді қолы жетіп, еңсесін енді тіктей бастаған қауымдардың байлық пен билік жолындағы тайталастардан бойларын аулақ ұстап, береке-бірлікке жұмылғаны дұрыс екендігін тарлан тарих талай рет дәлелдеген. Бұл үшін де аузы дуалы азаматтар керек. Біз ондай азаматтарға жоқтықтан емес, солардың арасындағы шоқтығы болғандығынан да Шерхан Мұртазаның арғы-бергідегі еңбегі мен ақ-адал өмір жолы туралы ойымызды ағымыздан жарыла ортаға салғанды жөн көрдік.

Шер-ағаның өзі: «Алпыс – тал түс», – деп жиі айтатын. Талтүстен кейін сары бесін келмеуші ме еді. Ендеше, жетпіс жердің түбі емес, сол айтқан сары бесін. Алыс жолдағы жолаушының аз-маз ат шалдырып алып, қайтадан атқа қонатын кезекті аялдамасы.

Жолыңыз ұзақ, сапарыңыз сәтті болғай, ардақты аға!

«Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан 2002 жыл.

АЛЫП ТҰЛҒА

Төлен ӘБДІКҰЛЫ

Біздің қатарымыздағы жазушылардың көбі өздерін Шерханның макинтошынан шықтық дегенді жиі айтады.

Шынында да, бір ұрпаққа ұстаз бола алу төбеден тегін түсетін атақ емес екені белгілі. Оның үстіне Шәкең атқа мінип жүрген адам. Кеңес дәуірінде атқа мінген адамның айтар сөзі мен істер ісі үкіметтің есебінде тұратыны тағы белгілі. Ол қыспақта жүрген адамға үйтпедің-бүйтпедің деп өкпелеудің өзі артық болып есептелетін. Бірақ осы қыспақта жүріп не тура сөйлеп, тура жүруден қаймықпаған адамдар болды. Соның бірі – Шерхан Мұртаза.

Шәкең жақсыны көріп, сүйінгенін, жаманды көріп, күйінгенін жасырмайтын. Әдебиеттегіні алаяқтыққа, пысықтыққа қарсы батыл күресе алатын. Бейталанттар мен кемталанттар бұл кісіден қаймығатын. Ал мұндай қасиет белгілі бір ұрпақтың рухани әлемінің қалыптасуы үшін керек қасиеттер еді. Біз осыны көріп өстік. Тура сөйлеуге, әділ болуға ұмтылдық. Яғни, Шәкеңнің ықпалында болдық. Шәкең әдебиетте жемісті еңбек еткен, күрделі тақырыптарға барған, ұлттық мүддені өзіне шығармашылық темірқазақ етіп алған кесек тұлға. Ұлтжандылық пен жазушылық таланттың қоса өрілуі, бәлкім, заман талабы болар. Кешегі Алаштың артық туған азаматтары Мағжанның, Сұлтанмахмұттың, Жүсіпбектің шығармашылығын ұлтқа деген жанашырлықтан бөліп қарау мүмкін емес.

Кеңес заманы тұсында ата-анаң – ұлтың қатерлі дерттің, рухани қайыршылықтың шылауына іліккенін біреу сезсе, біреу сезген жоқ. Сезсе де, сезбегендей қалып білдірді. Бәрібір ештеңе өзгермейді деген мойынсұну пайда болды. Сол кезде батыл ой айта алатын, батыл іске бара алатын, ел ағасы болуға лайықты азаматтар қажет-ақ болды. Ендеше, сондай азаматтың бірі Шәкеңнің соңынан жастардың еріп, өздерін осы кісінің макинтошынан шықтық деуі барлық жағынан да заңдылық еді.

Бұл күнде бір зат айқын болды. Ол – жақсы істің өлмейтіні. Жақсы азаматтардың қашанда елдің жүрегінен орын алатыны.

Тек сол азаматтардың бірлігін, татулығын тілейік.

«Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан 2002 жыл.

БІЗДІҢ РУХАНИ АҒАМЫЗ

Ақселеу СЕЙДІМБЕК

Сырт көзге біртоға, тұйық, тіптен түнеріңкілеу көрінетін, көбінесе әлденеге іштей шырығып, мазаң күй кешіп жүретін, сөз бен сезімге сараңдығы былайғы жұртты кейде тосқыратып та тастайтын, ал жақын келіп сырлассаң жан-жүрегі бозбала шағын сақтап қалған, жақсылыққа баладай жадырап, жамандыққа балаша бұртиып, жұмыс бабында қабағын ашпастан өзін де, өзгені де ортақ іске аяусыз жұмылдыратын, жұмыстан тыс жерде қай-қайдағы күлкілі әңгімелердің қисынын тауып айтатын, әсіресе сапарлас болғанда бірге өскен құрдастай жас айырмашылығын ұмыттырып жіберетін, бірақ, ағалық жолына, азаматтық арман-аңсарына әсте қылау түсіріп көрмеген Шәкең – Шерхан Мұртаза ағамыз 70 жасқа келді. Сол жетпістің кейінгі 35-40 жылында Шәкең көз алдымызда. Дәлірек айтқанда, біздің қатарымыз Шәкеңнің көз алдында.

Осындайда еске түседі, алпысыншы жылдардың соңын ала өңшең бір жаңа талап жастар «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетін төңіректедік. Ол кезде Шәкең газет редакторы. Бізге қол құрғатпай тапсырма беріп, мақала жаздыртады. Бір күні Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов және мені Шәкең шақырып алды да, үшеумізге бір күнде бұйрық шығарып, үш тарап бойынша «Лениншіл жастың» меншікті тілшісі етіп қоя берді. Фариза –

Батыс Қазақстан облыстары бойынша, Мұхтар – Оңтүстік Қазақстан, мен – Орталық Қазақстан облыстары бойынша тілші болып кете бардық.

Орталық Қазақстан облыстары бойынша менің алдымда ғана «Ленинші жастың» тілшісі болып Шерхан Мұртазаның өзі де қызмет атқарған. Әлі есімде, Сарыарқаның сайын дала, сағымды белдерін, ақарлы-шақарлы өндірісті қалаларын аралап жүріп, Шерхан ағаның сайрап жатқан ізін басқандай болдым.

Міне, содан бері Шәкең тынымсыз еңбегімен, ұлтжанды болмысымен үлгі-өнеге болып алдымызда келеді. Осындайда Оралхан Бөкей досымыздың «Біз Шерағаңның шекпенінен шыққанбыз» дейтін сөзінің мән-мағынасын айрықша кең аяда сезіне түскендейміз.

«Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан 2002 жыл.

КӨК СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІНДЕЙ

Қуаныш СҰЛТАНОВ

Шерхан Мұртаза – тереңнен толғар ойымен, қоғамға, ортаға деген өткір көзқарасымен, шыншылдығымен, көк семсердің жүзіндей нысаналы сөзімен, қас шебер шығармашылығымен танылған халқымыздың айтулы, бетке ұстар ұлдарының бірі. Шерағаң өзінің болмысымен, қайраткерлігімен қазақтың қанын толықтырып, сапасын арттырып, қуатын ширықтырып тұрған Тұлпар тұрпатты құбылыс.

Шерхан Мұртаза – XX ғасырдың қитұрқылы, қанқұйлы, қиянатқа толы 30-жылдарында «қазағым, халқым» деп басын тіккен ірі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловты бүгінгі заманның ұрпағына, болашаққа танытуда өшпес қазына, асыл мұра боларлық ерен еңбек етіп, ерлік жасады. Бұлақтың тағдыр көмескілеген бұлыңғыр көзін ашты. Тұрартанудың өзекті арнасын салды. Кейде Шерағаңның кескін келбетінің өзі-ақ Тұрар Рысқұловты әрі қайталап, әрі жаңа заманның үрдісіне жалғастырып тұрғандай әсер қалдырары да хақ.

Шерағаң көпірмелікті, көлгірсігенді жақтырмайды. Ондайда не кесіп тастайды немесе шамырқанып, тыжырынады. Ұждан, Ар, Намыс деген кесек-кесек ұғымдардың мазмұнын, мағынасын айғақтайтын XX ғасырдағы қазақтың біртуар ақиығы – Бауыржан Момышұлын пір тұтатыны айтпаса да түсінікті.

Шерхан Мұртаза – осы екі ұлы тұлғалардың өз халқының мәртебесін көтеру жолындағы мақсатын, абырой-ұжданын жиырма бірінші ғасырға жалғастырған «Жұлдыз көпірдей» рухани үндестіктігі.

«Қазақ қандай?» дегенге – міне, қазақты таны: – ТҰРАР, БАУЫРЖАН, ШЕРХАН, – десең айызың қанып, мәртебең өсіп, бойыңды қуат кернейді.

«Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан 2002 жыл.

АЙДЫНДАР АШЫЛАДЫ

АЯН

Бұл шаһарда басқа үлкен-кіші замандастарымен бірге оның да жастық іздері сайрап қалды. Жалпы, жарық дүние жаратылғалы бері жазушы жанының жұмбағы аз емес. Қазақтың қара баласы бірден айды аспанға шығарып, қоғам және қалам қайраткері болып қалыптаса қалған жоқ. Қайталанбайтын жазбагерлік(журналистік) жолы оны осындай-осындай жолайрықтардан халқының тағдырын кең пішіп, кемел ойлайтын заман заңғарына көтерді.

1963 жылдың көктемінде ұлы Абайдың 125 жылдық мерейтойын атау үшін Мәскеуден бір топ ақын-жазушылар келді. Шерағаң онда «Жас Алашты» иіріп-жатқызатын, М. Горький атындағы Әдебиет институтының түлегінде топтамадан басқа несі болсын. Базарлық ретінде қалдырып кеткен сол өлеңдер көп ұзамай жарық көрді. Ш. Мұртазамен одан кейін де өмірде де, өнерде де сан рет кездесіп жүріп, оған деген сүйіспеншілік артпаса, кемімепті.

Ш. Мұртазаны Шыңғыс Айтматов табиғатымен рухани туыстыра түсетін ортақ тау мен ортақ топырақ, Бауыржан Момышұлындай ұлтының ұлт ұстыны аунап-қунаған шаңдақта бұл да туып-өсті, Шақпақтың шатқалдарында, Ақсу-Жабағылының атырабында кезбеген жер жоқтың қасы екен. Бір кездері сол атамекеннің ауыр қамытын арқалаған жас оң-солын танып, шабыттың шаңқан шыңына шықты. Оның темірқазық туындылары уақыттың көркем кестесін жасады. Ол берерінің бәрін беріп үлгерген жоқ әлі. Ол басында, мен ортасында суын татқан Қошқар-Ата іңкәр інжударияға құйып жатыр. Алда арманның алыс айдындары бар.

«Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан 2002 жыл.

ҚАСИЕТ

Әмірхан МЕҢДЕКЕ

Аң үйретушілердің айтуынша, қаншама айла-амал, қаншама әдіс-тәсіл қолдансаңыз да қолға үйренбейтін бір ғана аң бар. Ол – бөрі. Көк Бөрі. Ертедегі түркілер Көк Бөріні неге тотем еткен, неге тәңір тұтқан? Тиген жерін бөріктіріп, ұйлықтырып кететін жұлқарлығы үшін бе? Әлде, ен даланы еркін кезіп, еркін өмір сүріп, еркіндіктің баламасына барабар болғаны үшін бе?

Көк түркілердің Көк Бөріні тотем еткені – ешуақытта азғындамайтыны үшін!

Осы қасиетті Көк Бөрі қағидасын, көк түркілердің киелі өсиетін мықтап ұстанып, тұтынып, орындап, жүрген бір жазушы бар. Ол – Шерағаң. Шерхан Мұртаза. Мұны Шерағаң сөзімен(яғни, шығармашылығымен де), ісімен(яғни, қайраткерлігімен) де дәлелдеді. Содан ба екен, Шерағаңды көрген сайын көзіме көк түркілердің Көк Бөрісі елестейді...

Пенде емеспін бе, кейде менің де «азғындағым» келеді. Жасанды әдебиет пен жасанды мәдениетті, ұлтсыз қоғам мен ұлтсыз қауымды насихаттап, ақша тапқым келеді...

Осындай ойдың басыма келуі мұң-ақ екен, көз алдыма көлденеңдеп Шерағаңның тұлғасы тұра қалады. Шерағаңның тұлғасының ар жағынан көк түркілердің қандай қияметке жолықса да ешуақытта азғындамайтын, ешуақытта тегін ұмытпайтын, маңғаз, текті, тәкаппар Көк Бөрісі екі көзі жасылданып, ызбарлана қарап тұрады... Содан, әлгі сайтани ойдан сап тыйылам.

Кейінгі ұрпақтардың азғындамауына, кейінгі ұрпақтың тегін ұмытып тексіздікке ұрынбауына көзі тірі кепіл боп жүрген, Шераға, Сіз аман болыңызшы әманда!

«Егемен Қазақстан» газеті, 4 қазан 2002 жыл.

ШЕРАҒАҢНЫҢ «ШВЕЦАРИЯСЫНДА...»

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

Депутаттарға қабырғадан қойылатын сұрақтардың бірі – «Каникулда қайда барып демаласыз?» боп келеді. Шерағаңа бұл сұрақты қоюдың керегі жоқ. Шерағаң қолы қалт етсе, туған жерге тартады. Ал, Шерағаңның туған жері анау-мынау курортыңнан кем емес...

Шерағаң жаңа ғана таудан келіп, сақал-мұртын алып жатыр екен. Сау етіп жетіп келген ұзынды-қысқалы, жуанды-жіңішкелі інілерін көріп, үйінен шықты.

– Өй, гвардияларым, кеп қалдыңдар ма?

Былтыр осы уақытта Талаптыға демалысқа келген Шерағаң сыр шерткен. «Азаңмен биенің шикі сүтін ішіп аламын. Сосын інімнің атына мініп, тау аралап қайтамын», – деп еді сонда. Сол қалыптасқан дәстүр биыл да бұзылмапты. Салт атпен жүру анау-мынау спортыңнан кем емес. Көңілің сергіп, денең ширайды. Таудың таза ауасы мен таңғы самалы қандай ғанибет!

Шерағаңның желе шоқытып аралап қайтатын жерлері – баяғы «Мылтықсыз майданнан» бергі хикаяттары мен әңгімелеріне арқау болған Ақсайдың төңірегі. Ақсай демекші, інісі Батырханның айтуынша, Алатаудың баурайындағы екі ауыл өздерінің болашақ әкімшілік округтеріне ортақ ат таба алмай, әрқайсысы көрпені өзіне қарай тартып, көпке дейін бір тоқтамға келе алмай жүріпті. Талаптыдағы інісінің үйіне келген Шерағаң осы талас-тартыстың мән-жайын естіп, ойланып қалады. Ойланып отырып-отырып:

– Оу, оның таласатын несі бар? Сол екі ауыл да анау Ақсайдың суын ішіп отыр емес пе? Ақсай – екі ауылдың анасы ғой, – дейді.

Батырхан ағасының сөзін таласқан топтың ортасына салғанда, жөн сөзге «бәрекелді» деспеген жан қалмайды.

* * *

Ауылдағы қара шаңырақка ие боп, қара шаруаның төңірегінде жүріңкіреп қалғаны болмаса, Батырхан да әңгімешіл, оқымпаз. Оның отбасынан

үзілмейтін бір газет болса, ол – «Жас Алаш». Шерағаң қазір сол Бәкең жаздырып алатын «Жас Алашты» жамбастап, оқып жатыр. Кезінде Оралхан, Фариза сияқты тұма бұлақтардың көзін ашқан Шерағаң әлі де ұстаздық ұлағатынан айрылмаған. Тамшыдай нәрседен таудай талапты лупамен қарағандай үңіле іздеп отырғаны. «Жарайсыңдар, батырларым!» деп қояды газеттің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген іні-қарындастарының қаламдарынан шыққан тәуір дүниелерге риза болған кезде.

Шерағаңның інісі Батырханның «қазақтың Бальзагі» атанған атақты Сәбит Мұқановты қалай көргені де қызық. Өзі күліп отырып әңгімелегенде, тіпті тартымды ғып жібереді. Алматыға барған Батырханды ағасы Шерхан Қазақстан Жазушылар одағына ертіп барыпты. Есіктің алдынан ығай мен сығайларды көріп, көзі бақырайып кеткен Батырханға Шерағаң:

– Анау дәу қара машинаны көрдің бе? – дейді.

– Көрдім.

– Машинаға мініп жатқан дәу қазақты көрдің бе?

– Көрдім.

– Машина бір жағына қарай мықшиды ма?

– Мықшиды.

– Ендеше, сол Сәбит Мұқанов деген жазушы болады...

* * *

Шерағаңның көңілі сергек. 1 қыркүйек күні Астанада Парламенттің алқалы жиыны күтіп тұр. Шай үстінде арақ-шараптардың әртүрлі байқауларынан төрт рет медаль алған ұзын мойын арақ келді. Бүйірінде «Парламент» деген әдемі жазуы бар. Бірақ, «келгені» бар болсын, жазушылар мен журналистердің тарапынан «ішпейміз» деген жауапқа маңдайы соғылып, дастарқанның бір шетінде жетімсіреп қап қойды. Шерағаң ұрымтал сәтті қалт жібере ме:

– Парламентті сыйламайсыңдар ма, ей? – деп қояды күліп. Содан «Камал кафе» туралы Қалтайдың әңгімелері мен Жамбыл бабамыздың Ақбала, Аққүміспен айтыстарын айтып, одан бетер күлдірді. Ал, Шерағаңның өзі болса, сәлем бере келген інілерінің ішінен Несіпбектің әңгімелеріне рахаттана күліп алады. Нәкеңнің айтпайтыны жоқ. «Тағайдың бұқасы», «Шаш» сияқты күлкілі әңгімелері де – дап-дайын дүниелер...

– Осының бәрін жазбайсың ба – дейді Шерағаң.

– Жазып жатырмын, – дейді де, Нөкең «Мылқау қыздың махаббаты» жөніндегі тағы бір күлкілі әңгімесін бастай жөнеледі.

Аттай шауып жүрген Камал досының қапиядағы қазасы Шерағаңа да ауыр тиіпті. Камал аға сол күні ана жер, мына жердегі сабақтарын беріп, академик досы Төрегелді Шармановтың үйіне келіпті ғой.

* * *

Шерағаңның «каникулда жүрмін» дегені бекер сияқты. Әйтпесе, күні кеше ғана үнемі алашапқын болып жүретін журналистермен бірге Тұрар Рысқұлов ауданындағы зілзала болған бекетке барып, жаңа үйлердің құрылыс жұмыстарын Үкімет мүшелерімен бірге аралағанын көргем.

Кәсіпке адалдық па, әлде, жазушылық әдет пе, қойын дәптеріне бірдеңе-бірдеңелерді түртіп жүрді. Енді, міне, ауылына келіп едік, былтырдан бері соғылып жатқан мектептің тағдырын сөз ғып, алаңдап отыр.

– Биыл төбесі жабылмай қалса, Жуалының ат құлағы көрінбейтін ақ бораны кірпіштердің бәрін езіп тастайды, – деп қынжылады Шерағаң.

Ә дегенде екпіні тау жыққандай болып келген тараздық «Қамқор» ЖШС-нің жұмысы (бастығы – Фомин деген мырза) сиырқұйымшақтана бастаған. Бір бригадасы зілзала болған аймаққа кетіп қалған. Біз барған күні мектептегі құрылыс жұмысы тоқтап тұрды. Қаражат жағы да бір қағып-сілкуге ғана жететіндей қалыпты. О баста мол көрінген 100 миллион теңге жыл сайын өсіп жатқан бағаға төтеп бере алмайды екен. Яғни тағы да жүз миллиондай қаржы керек. Үкіметтен тиісті ақша келіп түскенше, облыс әкімі С.Үмбетов көмектесетінін айтыпты. Шерағаңның ендігі үміті сол.

– Бұл – анау-мынау емес, Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп. Ауылдың екі жүз елу баласы білім алады. Мұны бітіре алмай жатсақ, ел-жұрт күлмей ме? Әне, анау шоқ-шоқ болып тұрған талды көрдіңдер ме? Сол жерде Баукеңнің ауылы болған. Кейін өркениетке қарай біртабан болса да жақындай берейік деді ме, ары қарай дүр көтеріліп, көшіп кетті. Момышұлының өзі болғанда, бәрін бір шыбықпен айдап, ата жұртқа қайтып алып келетін бе еді, кім білсін...

Ақсайдың ар жағы – басын ақ қырау шалған кәрі шыңдар. Билікке таласқан саясаткерлер сияқты бірінен бірі өткен биік, бірінен бірі өткен өр. Етектегі құмырсқадай электорат – біздің төбемізден төне қарайды. Дегенмен, сұлу. Басына бұлттар үйіріле бастапты. Кешке қарай жаңбыр жаууы ықтимал. Баяғыда, Шерағаңның тойына жиналған ақын-жазушылар осы өңірдің табиғатын көріп, «мынадай жерде ақын-жазушы болып тумау мүмкін емес қой!» деп тамсанып еді. Шекесінен қараған шыңдардан Шыңғыс Айтматовтың Шекері де алыс емес... Батырханның ұлы Әлижан бізді сол тауға шақырды. «Келіңіздер, ешкі атамыз... – дейді. – Жақында жабайы ешкілер таудан түседі. Шерағама айтсам, аң ату туралы әңгімені онша жақтыра бермейді. Ол кісіге балық аулаған қызық...». Дегенмен, Шерағаңның «қалыңдыққа» таласқан тау тағыларының бас жағы генералдардың жеңісіндей бақытпен басталып, аяқ жағы қасіретпен аяқталатын әңгімесін тыңдап тұрып, көп ұзамай бір жақсы шығарма туып қалады-ау деп ойладым.

Қайтып келе жатырмыз. Шерағаңның «Швейцариясындағы» әдемі әсерден әлі арыла алмаған мен:

– Шіркін, тауға қарап тұра бергің келеді, ә – деймін.

– Қазір тауға қарайтын адам қалды ма, – дейді жазушы Несіпбек Дәутайұлы. Жүзінде бағанағы Шерағаңды бір сергітіп тастаған қылжақ әңгімеден із де жоқ...

«Жас Алаш» газеті, 12 тамыз 2003 жыл.

БАҺАДҮР

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Жақсы көрген кітабыңды қайталай оқитының болады. Әсіресе, жастау кезіңде. Кейінірек азая береді қайталай оқу. Әсіресе, ақпарат ағындап, теледидар тоқтамай, интернет итініп тұрған қазіргідей заманда. Сонда да өте-мөте ұнатқан кітабыңның өзін екі реттен артық оқу сирек болса керек. Ал біздің осы бертінгі кезде бір кітапты үш рет оқығанымыз бар. Оның жайы былай.

Тоқсан жетінші жылдың күзінде астананың Ақмолаға ауысуы басталды. Көш басында біз кеттік. «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясының бірінші вице-президенті кезіміз. Біздің алдымызға қойылған міндет – Ақмолаға билік құрылымдары ауысатын кезге дейін ақпараттық «Ақшам» бағдарламасын болашақ жаңа астанадан таратуды қамтамасыз ету. Жолға шығарда соның алдында бастап, аяқталмай қалған бір кітапты қолға алдым да пойызда бітіріп тастадым. Келе жұмысқа бас қойдық. Біраз күннен кейін жаңа жерге де көндіккендей болдық. Үйренген әдет бойынша кітап дүкендерін іздеуге кірістім. Қайран қалдым. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де сол – 1997 жылдың күзінде Ақмола қаласында бірде-бір кітап дүкені қалмаған екен! Кітапханаға бара қоятындай жағдай жоқ. Уақытша түскен туысқанымның үйінен емге бір көркем әдебиет кітабы табылсайшы! Қазақша тұрмақ, орысшасы да. Тек балаларының оқулықтары ғана. Содан Алматыдан ала келген жаңағы жалғыз кітапты қолға қайта алмаймын ба. Әуелде мұның алдында оқып шыққан дүниені басқа кітап болмаған соң ғана қайта бастағаным рас еді. Сөйтсем өзіне тағы тартып барады, тартып барады. Баяғыда, бала күнімізде Бердібек ағаның «Балалық шаққа саяхатын» оқығанымызда осындай күй кешетініміз есте. Ол кітап сізді сонау Қытай шекарасының тап іргесіндегі Нарынқол жеріне, Текес бойына ілестіре жөнелсе, бұл кітап сізді сонау өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңғы тұсына, сонау Жуалы жеріндегі Мыңбұлақ атты ауылға алып кетеді. Алып кетеді де, сол Мыңбұлаққа матап-байлап тастайды. Кітаптың соңына жеткенше автордың жанында жүресіз де қоясыз. Ол қайда барса сіз де сонда барасыз, ол қуанса қуанасыз, ол қайғырса қайғырасыз. Бүкіл роман мөлтек әңгімелерден түзілген. Біреуін оқисыз да сәл тоқтап қаласыз. Оқығаныңызды түсіну үшін емес, түйсіну үшін, тұшыну үшін. Таңдайыңызға дәмін алу үшін. Бояуына көз қанықтыру үшін. Бірі тәтті, бірі кермек, бірі нұрлы, бірі мұңды, бірі сырлы, бірі жырлы. Бірінен бірі өтеді. Тіл қандай, стиль қандай. Тып-тыныш түнде тұяқтың тасқа тигеніндей тақ-тақ етіп тұрған қарапайым да құнарлы сөздер шып-шымыр, жұп-жұмыр сөйлемдермен өріліп кете береді, кете береді. Бас ала алмайсыз. Біздің екі қайтара оқып жүргеніміз роман-дилогияның бірінші кітабы болатын. Дилогияның екінші кітабы да лайықты жалғасын тапты. Оны да құштарлана оқыдық.

Әрине, әр кітап әркімге әрқилы әсер етеді. Талғам туралы таласпайды. Оқырман ретінде бұл кітапқа алабөтен құлап түсуімнің өзіндік себебі де бар. Менің де тағдырымның кітап кейіпкерінің тағдырына ұқсастығы көп еді.

Мен де әкеден жастай қалып едім. Менің анам да алты баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жеткізіп еді. Оның үстіне ол кісі осы кітаптағы оқиғалар өтіп жатқан ортада өскен. Жуалының қызы. Шаңлақта тұрған. Бұл кәдімгі күні кешегі Кантемировка. Сол жақтағы Мыңбұлақ, Кеңбұлақ, Талдыбұлақ дегендей елді мекендердің бәрі кезінде көшіп келгендердің атымен Антоновка, Евгеньевка, Самсоновка, Михайловка деп атала берген еді ғой. Содан да бұл кітап маған бір жағынан нағашылар жерінің көркем келбетіндей, жан анамның балалық шағының сырлы суретіндей ыстық. Бұл кітап маған жалпы аналар ерлігіне сөзбен соғылған ескерткіштей көрінеді де тұрады. Ең қызығы – сол кітапты жақында қолға қайта алып, әуелде әр жер-әр жерін қарармын, есіме түсірермін деп бастасам да оқығаннан оқып отырып, аяғына бір-ақ шыққаным... Ал үш рет оқуға жараған кітаптың тіпті де тегін еместігіне күмән болмасқа керек.

Ол кітап – «Ай мен Айша» романы. Бұл роман жесірліктің жыры, жетімдіктің жыры, қайғыны қақыратқан қайсарлықтың жеңіс жыры болып шықты. «Ай мен Айша» ендігі жерде кешегі тоталитарлық қоғамның халықтар тағдырына жасаған елірме экспериментінің, Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақ даласында, қазақ баласында, қазақ санасында қалдырған қасірет таңбасының сырлы да сұрапыл суреті, көркем сөзбен ызылған келісті кестесі күйінде қала бермек.

«Ай мен Айша» бүгінде сексеннің сеңгіріне Алаштың ардақты ақсақалы ретінде шығып отырған (біздің газетте мұнан екі күн бұрын жарияланған «Топжарған» атты көлемді мақаласында Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев Шерағаңды осылай атап еді) Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ардақты ағамыз Шерхан Мұртаза шығармашылығының көркемдік тұрғыдағы заңғар биігі ғана емес, қаламгердің талант табиғатын басқа туындыларынан гөрі тереңірек танытатын дара дүниесі. «Ай мен Айшаны» оқи отырып, қазақтың жартысына жуығын жұтып жіберген жайындай отыз екінші жылдың ажал апанынан аман қалған азынаулақ балалардың бірі болып ілдалдалап іліккен шақалақ Шерханның, елінің сөзін сөйлемекке ұмтылғанның бәрін обырдай опқан отыз жетінің ойранында әкесінен тірідей айырылған нәрестe Шерханның, жасы онға да толмаған тұста елі екі қоғамдық жүйенің, екі идеологияның егесінен қанқасапқа ұрынып, қара қағаз оқумен сауаты ашылғандарды көріп өскен бала Шерханның, ауылдағы ағайындардан шеккен қорлығынан анасы Айшамен бірге елден үдере көшуіне тура келген, интернат нанымен жүрек жалғаған жасөспірім Шерханның кейіннен жазудың соңына түспеуге, бала күнінде жүрегінде жатталған жайларды, санасында сақталған сезімдерді қағаз бетінде әрлемеуге әдді де жоқ еді.

«Егде тартқанда бүгін көргенің ертең естен шығады. Ал енді бала кезде көргенім, естігенім бүгінгідей әлі есімде. Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын?

«Ата-бабамның, Айшаның аруағы жар бола көр!» – деп қолыма қалам алдым», дейді автор кітаптың жолашарында.

Жазушы боламын деген адамға көп нәрсе керек. Құдай берген талант керек, саусағың мүйізделгенше қағаз қажағанда қажымайтын-талмайтын

қуат керек, ерінбейтін-жалықпайтын еңбекқорлық керек, тіл байлығы керек, сезімталдық керек. Сол көп керектің бірі де, бірегейі де – өмірбаян байлығы. Ол жағы ойдағыдай болмағанда қанша жерден таланты керіп бара жатса да біраз жылдан кейін саусағын соруды бастайды кейбір суреткерлеріңіз.

Шерхан Мұртаза – тағдырлы талант. Оның бүкіл өмірі табиғат-ана берген қабілет-қарымын айқара аша түсуге қызмет ету үшін өрілгендей әсер қалдырады. Оның бүкіл тағдыры қарама-қайшылықтардың қиылысынан, құйылысынан әдейі түзілгендей болады да тұрады. «Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген тулайды қайшылықта». Бір ақынымыздың осы сөзі талант табиғатын тамаша танытады, шығармашылық кілтін қолға әдемі ұстатады. Ойлап отырсаңыз Шерхан Мұртазаның тіршіліктегі жолы от пен судай шарпысқан кереғарлықтардың жиынтығы сияқты. Шерағаң феноменінің сырын социализмнің күнгейі мен көлеңкесі қатар өрілген күрделі бітімімен, тоталитаризм табиғаты мен қазақы кеңдіктің басы піспес драмасымен де түсіндіре салу қиын. Оның есімінің өзіндегі «шер» сөзінің де екі мағынасы бар емес пе? Біреуі – мұң-зар, уайым. Біреуі – жолбарыс. Жалаңтөс бабамыз Самарқанда салдыратын арыстан қақпалы медресенің «Ширдор» аталатыны содан. «Ай мен Айшадағы» бас кейіпкердің есімі Барысхан деп алынатыны да содан. О баста ата-анасы жолбарыстай жүректі болсын деп қойған ғой бұл есімді. Сол ұл расында да жолбарыстай жүректі болып өскен. Қайтерсің, жолбарыстай жүректі ұл дәйім жолын кес-кестеген қайғы-қасіретпен, алды-артын торлаған уайыммен, мұңмен жағаласа жүруге, жанталаса өмір сүруге, жанын жеген жамандықтарды жаныштап, жойып отыруға мәжбүр етілген. Қараңызшы, расында да, бала күнінде бір қырғыннан кейін бір қырғын кезектесіп келген де тұрған ғой. Маң даласында малы мыңғырып жүретін қазаққа аяқ астынан аштық төніп, халықтың жартысындайын жер жұтып жатқан отыз екінші жылы туады да, орта есеппен он баланың тоғызы тірі тұра алмаған сол зұлматтан аман қалады; не жазығы бары белгісіз күйде әкесі айдалаға айдалып кете барады, сол жақта жүріп Сібірдің қаптаған қарағайының бірінің түбінде мәңгілік тыныштық табады; соғыс жылдарында тігерге тұяқсыз отбасының шаңырағы ортасына түсіп, енді үміті үзіледі деп тұрған жерінен бір кездегі әжептәуір дәулетті әулетті аштық аранына айдап тыққан, одан кейін әкеден айырған сол өкімет жаңағы жетімге көмек қолын созады, алдымен интернатқа орналастырады, одан кейін мектеп бітірген тұсында қайтадан жарылқап, сонау Мәскеуде, оның да талайлардың түсіне кіретін ең басты университетінде оқуына жағдай жасайды, о баста баспа редакторы факультетінің орнына полиграфия машиналарының оқуы деген технологиялық факультетке отырғызып қояды да, көп ұзатпай журналистика факультетінен бір-ақ шығартады. Сөйтсе, мұны әкесінен айыртатын Сталин өзі қайтыс боларының алдында Полиграфия институтының баспа редакторы факультетін Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне қосу туралы қаулыға қол қойып кеткен екен. Одан кейін де Шерхан Мұртаза сол қоғамның игілігін бір адамдай-ақ көрді: университет бітірісімен Алматыға келіп, қазақтың жақсысы мен жайсаңының ортасына түсті, газеттің жұмысымен жүріп ел көрді, жер көрді, жақсы мен жаманды таныды, ысылып,

тәжірибе жинақтаған шағында, орда бұзар отызында республикалық жастар басылымының тізгінін ұстады, содан кабинеттен кабинет, көліктен көлік, хатшы қыздан хатшы қыз ауыстырды да отырды, бір газеттен кейін бір газетті, бір журналдан кейін бір журналды басқарып, Жазушылар одағы сынды киелі шаңырақта екінші хатшы болды, республикалық телерадио корпорациясына да төрағалық жасады, қысқасы, аттай қырық бес жыл бойы аттан түскен жоқ, қатарынан бірнеше рет ел Парламентінің депутаты болып та сайланды. Сөйтіп, балауса балғын күнінде көз жасын төккізіп, өмірін өксіткен, ойда ойын орып, қырда қиялын қырып кете жаздаған кеңес өкіметі кейіннен сол қиянатына қысылғандай болып, осының бәрінің бодауына біраз жақсылық жасап-ақ баққандай. Иә, былайша қарағанда Шерағаңның кешегі кеңестік кезеңге деген наразылығы мен разылығы тең түсуге тиіс те сияқты еді. Солай болып та келді. Көпке дейін. Суреткерлік шалымдылығы артқан сайын, азаматтық ұстанымы орныға түскен сайын, тоталитаризм табиғатын танып-біле берген сайын, бостан сана белең алған сайын қаламгердің ол қоғамға, ол кезеңге разылығын наразылығы баса берді, бұл арқылы қаламгердің ойшылдығы тереңдеп, талдау қуаты күшейді, айналып келгенде мұның өзі оның жазушылық шығармашылығын да, журналистік қалам қарымын да жаңа белестерге бастады.

1958 жылы жарық көрген «Құрылысшы Дәку» деген очерктер жинағында да, «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы» атты повестердің бәрінде де, кейініректегі «41-жылғы келіншек», «Интернат наны» атты әңгімелер жинақтарында да негізінен уақыттың көкейкесті мәселелері шығарма арқауы етіліп, замандастарымыздың сан қилы бейнелері кестеленді. Ал 1978 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілген «Қара маржан» романында нағыз қаны тамып тұрған бүгінгі күн тақырыбы қозғалып, өндірістік қақтығыстар арқылы адамгершілік мәселелері өткір көтерілді. Бұл роман бойынша кезінде фильм түсірілгені, спектакль қойылғаны, шығарманың бірнеше тілдерге аударылғаны туындының толымдылығын танытып тұр.

Әйтсе де ол жылдарда Шерхан Мұртаза талантының тегеуріні ең алдымен аяққа құйған астай шап-шағын, автордың өз тұрпатындай шып-шымыр, тілі төгіліп, өрнегі өріліп келетін әсерлі әңгімелерінен көрінді. Әсіресе, жазушының «Бір нәзік сәуле», «41-жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайды», «Сол бір күз», «Жаңбырлы той», «Шақалақ» сияқты туындыларын қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының ең әдемі үлгілерінің қатарына сеніммен қосуға болады. Көркем сөздің зергері, аса талғампаз талант Тахауи Ахтановтың жаңағы аталған әңгімелердің арасынан «Бір нәзік сәулені» «бізді қатты сүйсіндірген, ішімізді жылытқан» деп атағаны көп жайды аңғартады. Баға дегеннің өзі де салыстырмалы нәрсе ғой білгенге. Бағаның бағасы бағаны берушінің бағасына байланысты. Біреудің «керемет» дегенінен біреудің «жаман емес» дегені салмақтырақ шығатын кездер бар. Осы тұрғыдан қарағанда аузы дуалы, сөзі уәлі қайран Ғабеңнің – Ғабит Мүсіреповтің «Қызыл жебе» романы жайында айтқан: «Жұлдыз көпірден» мен Тұрар Рысқұлов бейнесін тани алдым деуіме болар еді», «Шерхан кешегі Тұрарды көп ізденулер арқылы тапты деуге тура келеді» дегендей

қарапайым сөйлемдермен берген бағасын басқалардың ауыз ашып, көз жұма, таңдана, тамсана сөз еткенінен де қымбат көретініміз рас.

«Қызыл жебе» – Шерхан Мұртаза деген онсыз да абыройлы атты одан сайын аруақтандырып жіберген, авторды қазақ әдебиетінің даусыз дарындары, шын шеберлері, сырлы суреткерлері қатарына біржолата қосып берген бітімі бөлек туынды. «Қызыл жебе» – Шерхан Мұртазаның басты кітабы. Романды жазу барысында қаламгердің өзінің де адам, тұлға, азамат ретінде өскеніне, өзінің де күрескер ретінде шыңдала түскеніне шәк болмаса керек. Автордың оның алдындағы жиырмашақты жылда жинаған жазушылық тәжірибесі де, сюжет құру, кейіпкер даралау, сөз саралау ұсталығы да, журналистік ізденгіштігі де, публицистік пайымы да, тарихшылдық толғамы да, азаматтық ұстанымы да... бәрі-бәрі бір-біріне қосыла келіп, біздің алдымызға Тұрар туралы бес кітаптық роман-хамсаны тосты. Осы жолға жиырма жылғы өмірін, мазасыз күндері мен ұйқысыз түндерін жұмсаған, жабылған жала мен жағылған күйеге жанын жабырқатып, жүйкесін жұқартқан Шерхан Мұртаза түптің түбінде жазушылық жеңісіне жетті – асыл азаматымыздың халық үшін жасаған ұлы ерлігінің қадір-қасиетін айқара ашатын туындыны дүниеге әкелді. Оның сыртында қаламгер Тұрардың түркі дүниесінің тұтастығы жолындағы жанкешті еңбегінің мән-мағынасын да толымды танытты.

Бес кітаптың әр сөйлемі мінсіз қаланып, қашалып, әр беті соншама қырланып-сырланып, жұтынып тұрмаған да шығар. Базбір тұстарда суреттеуді баяндау басыңқырап кететін де шығар. Бәрі мүмкін. Орасан шаруа олқылықсыз болмайды. Ол рас. Бірақ соның бәрін бұл шығарманың басынан аяғына дейін, алғашқы сөйлемінен соңғы сөйлеміне дейін кернеп тұрған ұлы рух – қазақтың азаттышыл рухы, Тұрардың «тәуелділікпен күресі» (Ғабит Мүсіреповтің сөзі), автордың халық ісі жолында шейіт болған ұлы тұлғаға деген ұлы махаббаты жойып, шайып жіберетіні тағы рас. Романды оқи отырып біз өз нәсіліміздің осындай адам шыққанына қуанамыз, оның Сталиндей қандықол диктатормен дәлелді дауласқанына, тиранмен тегеурінді тірескеніне мақтанамыз, бүгін таңда күн тәртібіне қойылып отырған орта-азиялық ықпалдастық сияқты тағдыршешті, көкейкесті мәселелерді сонау жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарында көтеріп, көтеріп қана қоймай, сол жолда нақты жұмыс жүргізгеніне қайран қаламыз, мұның бәрі біздің ұлттық сана-сезімімізді ұштайды, ұл-қызымызды ұлы мұраттарға ұмтылдырады. Осы қасиетімен Шерхан Мұртаза романы әдебиеттің де, мәдениеттің де шеңберінен шығып, руханияттың арнасынан асып, белгілі бір дәрежеде саяси сипатқа да ие болады. «Қызыл жебе» қазаққа сонысымен де қастерлі, сонысымен де қымбат.

Бұл ара, әрине, Тұрар Рысқұловтың тау тұрпатты тұлғасы туралы толғап тұрып алар жер емес. Біз тек роман кейіпкері жайындағы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1994 жылғы Тарихизерде кешіндесөйлеген сөзінен үзінді келтірумен шектелейік. Президент сонда былай деген еді: «Тұрар Рысқұловтың асыл аруағына тағзым етіп, атын ардақтағанда біздің ойымызға оның ел үшін еткен ең ересен, ең ірі, ең қасиетті еңбегі алдымен оралады. Қазақ даласына айдың-күннің аманында, қазан ұрмай, қар

жаумай-ақ келген нағыз нәубет – алапат ашаршылық тұсында Рысқұлов тұлғасының шын мәнінде ұлы екені айқын көрінді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған, қырына алғанның қабырғасын қақыратып, көлденең тұрғанның бәрін көрде шірітіп жатқан Сталиндей тиранға қарсы шабу, қазақ даласындағы қолдан жасалған қырғынды тоқтаттыруды талап ету өлімге бас тігіп, ажал аузына өзі барумен бірдей ерлік болатын. Кейіннен Рысқұловтың үш хаты бойынша республикадағы жағдай тексерілгені, Голощекин басқа қызметке ауыстырылып, орнына халық «Мырзажан» атап кеткен Мирзоян келгені, сөйтіп айналасы екі жылдың ішінде тұтас бір ұлттың тең жартысына жуығын жусатып салған XX ғасырдың сұмдық трагедиясы тоқтатылғаны бәріңізге белгілі. Ал осы іске қозғау салып берген Тұрар Рысқұлов еді. Осы ұлы еңбегі үшін Қазақ елі Тұрар Рысқұловтың атын мәңгібақи ардақтап өтетін болады!». Оған дейін қазақ баласы атқарып көрмеген аса лауазымды қызметте – РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметінде он бір жыл бойы отырса да, әлдеқашан ресми тұрғыда ақталса да бір кездегі «неопантүрікші» атағы қалмай-ақ қойған Тұрар Рысқұловты халық санасында қайта тірілтіп берген, оның қандай жайды да арғыдан ойлайтын биік парасат иесі, халқының мүддесі жолында шыбын жанын қиып кетуге бар ұлы жүрек иесі, сеніміне селкеу түсірмейтін, айтқанынан қайтпайтын тәуекелшіл, тұтас тұлға болғанын кемел көркемдікпен кестелеп берген Шерхан Мұртазаның атын да халқымыз әрқашан ардақтайтыны анық деп сенеміз!

Тұрар тұлғасына қатысты Шерағаңның халық алдында тағы бір елеулі еңбегі бар. Оған куәгер ғана емес, тікелей қатысты адам ретінде мен бұл жайында осы той тұсында айтуды парызым деп санаймын. Ана жылы біз «Егемен Қазақстанда» Президент Нұрсұлтан Назарбаев туралы жарияланған мақала, сұхбаттардан «Елбасы» атты көлемді жинақ құрастырдық. Сонда Шерағаңның Елбасыдан алған 1992 жылғы сұхбаты басылды. Әңгіменің аяқ жағында «Уақыт тығыз. Осы сіздерде бос уақыт бола ма өзі? Ана бір жылы Жастар театрына Колбинді зорлағандай етіп ертіп барғаныңыз есімде. Соңғы рет театрға қашан бардыңыз?» деген сұрақ қойылады. Біздің айтқалы отырғанымыз да осы – Колбинді театрға зорлағандай етіп ертіп барудың жайы.

Жер ортасынан асып, жасы елуден еңкейген шағында Шерағаң жаңа жанрдың жалына жармасты: бірінен кейін бірін жалғастырып, «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» деген екі драма жазды. Екеуі де Жастар театрында қойылды. Ол драмаларының әсері бұрын өзі суреттейтін бұлтсыз күнгі найзағайдай болды. Халық ағылатын да жататын. Аншлагтан аншлаг. Орталық комитеттің Идеология бөлімінде мәдениет секторының меңгерушісі кезім. Бөлім меңгерушісі – Мырзатай Жолдасбеков. Мырзекең Министрлер Кеңесінің Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевқа кіріп, «Сталинге хаттың» халыққа әсерін айтып, театрға шақырды. «Келісті, келетін болды», деп айтты бізге. Театрға, авторға айтып, оларды да қуантып, дайындалып жатырмыз. Спектакль қойыларға екі күн қалғанда басқа бір хабар жетті: Совмин төрағасы театрға Бірінші хатшымен бірге келетін болыпты. Енді қуанар-қуанбасымызды білмей қалдық. Бір жағынан жақсы, әрине. Республика жетек-

шісінің ұлттық өнеріміздегі елеулі құбылыс делініп отырған қойылымды көргені. Екінші жағынан… Қанша жерден интернационалист болғаныңмен, қанша жерден коммунист болғаныңмен, қанша жерден Орталық комитетте отырғаныңмен бүйрегіңнің бір бұрышында Колбиннің ұлты да, сырттан келгені де тұрады… «Үкімет басшысын бекер шақырған жоқ па екенбіз өзі?» дегендей ойлар да келгенін несіне жасырайық. Сол күндері тіпті таудан-тастан қайтпайтын Шерағаңның өзі де мазасызданған-ақ шығар. Оны Райымбек Сейітметов туралы жазған «Найзағай бұлтты күндері ғана жарқылдайды» атты мақаласындағы: «Ал енді сол спектакльге Колбиннің өзі келді. Міне, қаһарлы шақ. Қорқынышты ма, жоқ па?» деген жолдарға қарап айтып отырмын. Бірінші басшының аты бірінші басшы. Қалай қарайды, қандай баға береді? Не ойлайды? Нендей шешім жасалады? Сонымен, Назарбаев спектакльге Колбинді алып келетін болды. Оларға ілесіп бүкіл бюро көшіп келетін болды. Қазақ театрының қайда екенін білмейтін министрлер «вертушкамен» телефондап, шақыру билет сұрауды шығарды. Қойылым күні де келді. Спектакль басталды. Көрсетілімге жауапты адам ретінде (мәдениет секторының меңгерушісі едім) бірінші қатардың ең шетінен өзіме орын қалдырып қойғанмын. Бір көзім сахнада, бір көзім Колбинде. Қырынан көз саламын. Бірнеше рет көрген спектаклім ғой, біраздан кейін сахнадан гөрі Колбинге көбірек қарай бастадым. Жанындағылар, артындағылар оның жүзіне олай зер сала алмайды. Әй, дегенмен сонша саңылаусыз емес екен. Көп өтпей-ақ бәрін түсінді. Сахнада Сталин мен Голощекин жүргенімен санада Горбачев пен Колбин тұрғанын да, өзін бұл спектакльге Назарбаевтың неге алып келгенін де түсінді. Эмоциясын жасыра алмайтын кісі еді. Спектакль соңынан қол соққан да жоқ, режиссерге де, драматургқа да ештеңе айтпады. Үн-түнсіз кетті де қалды. Ал енді негізгі түйінді Шерағаңның өзінен тыңдайық. Жаңағы мақалада автор әрі қарай былай дейді: «Колбиннің өзі келді, оның нөкерлері келді, көрді. Халық деген көп. Колбиннің қабағы салбырай түсті, тістенді білем, кім біледі, тісін шықырлатқан да шығар, бірақ ләм демеді, не болса да ішінде кетті. Міне, мүмкін сол сәтте ойға қалған шығар, мына халықпен ойнауға болмайтынын ойлаған шығар. Кім біледі, тағдыр ма, жазу ма, әлде халықтың қарғысы ма, Қазақстаннан кетті, көп ұзамай дүниеден қайтты. Әйтпесе соншалықты басы жерге тиіп тұрған жан емес еді».

Шерхан Мұртаза халқына осылай да көмек көрсеткен. Шерағаңның халқына көмек көрсеткен кезі көп. «Лениншіл жас» газетін басқарып, сөз шідері шешілмеген, ой тұсауы ағытылмаған сол заманның өзінде жастарымыздың жігерін жанитын, намысын қамшылайтын мақалаларды жаңбыр-жаңбырдың ара-арасымен өткізіп қойып отырғанда да, тіл, мектеп, дәстүр сияқты шетін мәселелерді шетінен қозғап, кіші ЦК үлкен ЦК-дан екі күннің бірінде ескертпе алып, өзі сөз естіп жатса да бағытынан таймай, бірмойындап, істейтінін істей берген кезінде де, комсомол басылымына қазақ даласының қиыр-қиырынан сен тұр, мен атайын дейтін сайдың тасындай таланттарды жинап алып, оларды бір мақсатқа жұмылдырып, баулып-қағып, шекпенінен шығарып, әдебиеттің айдынына жүздіріп, журналистиканың жайлауына жүйткіте жіберіп отырғанда да сөйткен.

«Жалын» альманағын басқарып, жас таланттардың тұмылдырығын ағытып, «Турабидің трибунасы» деген атышулы айдармен әдебиеттегі сүреңсіздікке, халтураға ашық майдан ашқанда да сөйткен.

«Жұлдыз» журналын басқарып, шығарма атаулының бәріне әділетті қарағандықтан, шын талантты, шын таңдаулы туындылар ғана басылғандықтан журналды әр қойшының етігінің қонышында жүретіндей еткізгенде, басылымының таралымын қазір адам айтқысыз деңгейге – екі жүз мыңға жеткізгенде де сөйткен.

«Қазақ әдебиеті» газетін басқарып, басылым бетінде ұлтымыздың ең бір ділгір мәселелерін бірінен кейін бірін көтертіп, тарихтың небір ақтаңдақтарын ашқызып, қазақтың ұл-қыздарын еркін ойлауға, еркін сөйлеуге, еркін жазуға шақырғанда да, он алты беттің бір бетін де қалдырмай оқитындай жағдайға апарғанда да сөйткен.

«Егемен Қазақстанды» басқарып, кешегі сықырлаған ЦК-ның сықиған «СҚ»-сын еркін елдің «Егеменіне», тәуелсіздік трибунасына, мемлекеттіліктің мінберіне айналдырып бергенде де сөйткен.

Қазақ телевизиясын басқарып, талай жыл бойы көгілдір экранда өгей баланың күнін кешкен қазақ тілінің көсегесін көгерткенде, ана тіліміздегі бағдарламалардың санын көбейтіп, сапасын арттырғанда, сондағы сіреskен сеңді бұзып, ақпараттың бұл саласына да қазақы қан құюға болатынын дәлелдегенде де сөйткен.

Парламент депутаты кезінде ұлт намысы үшін, тіліміздің, елдігіміздің есесі кетпеуі үшін небір айтыс-тартыстарға түсіп, қос тілді де мемлекеттік тіл етіп Конституцияға жазайық деп жаныға қалғандарға қаратып: «Жыланда ғана айыр тіл болады, ал адамда тіл біреу!» деп ақырып шыққанда да, рухани саланы шөміштен қысуға бейім тұратын үкіметті өңештен қысуға дейін барып шырылдап шыққанда да сөйткен.

Осылай жалғастыра беруге болады.

Шерағаңның өміріндегі қысқа да болса аса нәтижелі белестердің бірі, сөз жоқ, «Егемен Қазақстанды» басқарған жылдары. Шерхан Мұртаза газеттің жетекшілігіне аса бір талмау тұста келді. Ол кісі басылым тізгінін қолға алғанда газеттің бас газет деген баяғы аты ғана қалған еді. Партияның басынан бағы тайыңқырай бастаған «қайта құру» жылдарында бұрын негізінен Орталық комитеттің органы деген атымен дүрдиіп жүрген басылымның да беделі бәсеңдеп кеткен болатын. Заманында Смағұл, Жүсіпбек, Бейімбет, Сәкен, Тұрар сынды тұлғалар басқарған газеттің күйі кетіңкіреп жүргеніне іштей қиналатынбыз. Ақыры Орталық комитетте ойлана-ойлана келе бір ойға тоқтадық. Газет басшылығын күшейту керек. Сонда оны кім жаңаша басқара алады? Ондай адам, біздіңше, біреу-ақ – Шерхан Мұртазаев. «Қазақ әдебиеті» газетін жұтындырып шығарып отыр. Бұрын басқарған басылымдарының бәрінің бағын ашқан. Осы ойымызды Президентке жеткізейік, келісімін алайық десек, орта тұстан ақыл қоса қалған біреулердің шыға келгені. «Шерағаң аптасына бір шығатын газеттен күн сайын шығатын газетке баруға келісе қоймас, ол кісі күнделікті газеттің азабын бір кісідей біледі, алдымен өзімен сөйлеспесе кейін жеме-жемге келгенде бас тартып, ыңғайсыз болуы мүмкін» дейді әлгілер. Ойпырмай, ә? Журналист

те бас газетті басқарудан бас тарта ма екен? Ақыры осы мәселенің басын ашу маған тапсырылды. «Бесеудің хаты» қойылатын күнге Шерағаңды театрға шақырдым. Телефонмен сөйлескенде үнінен сәл таңдану білінсе де келді. Спектакль біткен соң ТЮЗ-дан шығып, Шерағаңның үйіне дейін жаяулап жүрдік. «Алатау» кинотеатрының жанында тұрады екен. Алыстан айнала шауып, ақыры негізгі мәселеге ауыса бастадым. Жоқ, соншалықты шоршығаң ештеңесі байқалмайды. Бірден құлап түспегенмен, сенім көрсетіліп жатса ойлануға болар дегендей сыңайда бірер ауыз сөз айтты. Сөйтіп, айналасы бір-екі күннің ішінде Шерағаң «Социалистік Қазақстанның» бас редакторы болып шыға келген. Бұл шешімнің қаншалықты орындылығын айтудың өзі артық. Газет алғашқы айлардың өзінде түлеп сала берді. Жасындай жарқылдаған мақалалар жиі-жиі жарқ-жұрқ етіп жататын. Шерағаңның өз әдетімен әр жер-әр жерде жүрген қаламы жүйрік журналистер бірінен соң бірі редакцияға шақырыла бастады. Елді мекендерге, қалаларға тарихи атауларын қайтару, өз байлығымызды өзімізге бұйырту, ұлт кадрларын қиянатпен құдалауды тоқтату, желтоқсанда жазықсыз жапа шеккендері ақтау, қазақ жерін бөлшектеуге шақыратын сепаратистерді ауыздықтау сияқты тақырыптар тұшымды тілмен, тартымды пішінмен беріліп, оқырмандар назарын аудара түсті. Газет бетінде сыналған талай лауазым иелерінің орнынан алынып, жайлы орынтағымен, жылы кабинеттерімен қоштасуы басылым беделін тіпті биіктетіп жіберді. Шерағаң атын өзгерткен «Егемен» шын мәнінде ел газетіне айналды. Сөйтіп жүргенде…

Бір жағын айтқан соң екінші жағын да айту керек. Иә, сөйтіп жүргенде билік тарапынан бір қателік жіберілді. Мен өз басым сол шешім қателік болды деп санаймын да, соған себепші адам ретінде оны мойындаймын да. Сол тұста Қазақ телевизиясының жұмысы мандымай кетті. Журтшылықтың көңілі толмайды. Хабарлары тартымсыз. Халықтың көңіліндегі сөз айтылмайды. Ақыры Орталық комитеттегілер ойлана-ойлана келе бір ойға тоқтады. Телевизия басшылығын күшейту керек. Сонда оны кім жаңаша басқара алады? Ондай адам біреу-ақ – Шерхан Мұртаза. «Егеменді Қазақстан» газетін жұтындырып шығарып отыр. Бұрын басқарған басылымдарының бәрінің бағын ашқан. Телевизияның да бағын ашады. Солай шештік. Бұл жолы да мәселені алдын-ала пысықтау идея авторына тапсырылды. Кабинетте Шерағаң шарт кетсін. «Жұмыс жаңа-жаңа жолға түсіп жатыр ғой, бағыт дұрыс келе жатыр ғой, ондай шешімнің қандай қажеттілігі бар? Телевидение деген, радио деген жолап көрген жерім емес, мен ол жерде не істеймін?». Олай айтамыз – көнбейді. Былай айтамыз – көнбейді. Кемі жарты сағаттай ырғасуға тура келді. Ақыры сөздің бір орайында: «Шераға, кешегі соғыста Сталин қай майданда жағдай нашарласа Жуковты сол майданға жібереді екен. Президент те сізді қай жерде жұмыс нашарласа тек сол кісі ғана жақсарта алады деп сол жерге салғалы отырған жоқ па?» деп қалдым. Шерағаң зорлана жымиды… Президент ұйғарымы дегенге тоқтады ма, бағанадан бергі таластан шаршады ма, жаңағы уәжге іштей келісті ме, білмедім, әйтеуір енді аздап жіби бастады. Бірақ, телевизияны басқаруға құлықсыз барғаны анық. Өкінішке қарай, теледидардың стихиясы газеттен, журналдан басқаша, ұжымының табиғаты, кадрларының бітімі бөлекше екенін онша ескермеппіз.

Әрине, Шерағаң ол қызметте де қыруар игі іс атқарды, жарты ғасырдан бергі тұтасқан сеңді сөгіп беріп кетті. Әйтсе де, газет үшін, халық үшін Шерағаңның дәл сол жылдарда «Егеменде» отырғаны көбірек пайдалы болатын еді. Жақсы ниетіміздің нәтижесі ойдағыдай шықпағаны өкініште. Бұл жайында газетіміздің 90 жылдығына шығарылған «Егемен қазақстандықтар» атты жинақ үшін жазып берген шағын естелігінде Шерхан ағамыз: «Ойда талай мақсат, мұраттар бар еді. Енді-енді қызып келе жатқанда жоғарыдан пәрмен келді де мен басқа жұмысқа ауысып, лапылдаған оттың ортасына күмп ете түстім. Күйіп кетпей тірі шыққаныма шүкіршілік» деп жазған… Солай. Былайша айтқанда, аппаратта жүргенімізде Шерағаңа бір тұста септігіміз тисе, тағы бір тұста зиянымыз тигендей аға алдында қысылыңқырап тұратынымыз бар. Бір кем дүние…

Өзі өмір бойы айналысқан екі саланың екеуінде де Шерағаң бірқатар ғажайып дүниелер туындатты. Әңгіме-хикаяттарында санада сақталып, жүректе жатталып қалар соқталы бейнелер сомдаса, «Қызыл жебеде» Тұрардай тұлғаны ортамызға оралтып, рухани ерлік жасаса, «Ай мен Айша» романы арқылы Ана атты ұғымның ұлылығын, ана жүрегінің шексіз дарқандығын, қазақтың ғажайып парасаттылық қасиеттері заманның небір сын сағаттарында да сақталғандығын ашып көрсетті, бізді кеше де, бүгін де, ертең де жұрт ретінде, ұлт ретінде, халық ретінде аман алып қалатын сол қасиеттер екенін, өзімізді үшінші мыңжылдықтың басына дейін осындайлық тазалықпен алып келген қазақы қалпымыздан айырылсақ, бәрінен айырылатынымызды көркемдік қуатпен, жан-жүрегімізге жеткізе, сана-сезімімізге өткізе айта алды. Журналистикада өзі басшылық жасаған басылымдардың бәрінің бағын жандыратын, қай жерде де талантты шәкірттер шоғырын қалыптастыратын шын мәніндегі ұлы редактор ретінде танылды. Мұның бәрі бүгінде барша жұрт мойындаған ақиқат, шығар күндей шындық.

Шерағаңның сексен жасқа толуы – әдебиетіміздің де, журналистикамыздың да тамаша тойы дейміз. Бұл да аздық етеді. Есімі халықтық ұғымға айналған, бері қойғанда соңғы ширек ғасырда талай-талай нәрестеге аты ырымдап берілген мұндай тұлғалардың мерейтойы елдікті еңселентетін белестердің бірі ретінде бағаланғанының еш артықтығы жоқ.

Біздің қазақ баһадұр деп осындай адамдарды айтады.

«Егемен Қазақстан» газеті, 29 қыркүйек 2012 жыл.

ЕКІ ЕСЕ ҚУАНЫШ

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ

– Сұрағың бар ма? – Баукең темекі тұқылын стол шетінде тұрған күлсалғыш ернеуіне қисайта сүйеп, маған тура қарады.

– Өткен жолы Шерхан ағаның әкесі туралы айтып берем деген едіңіз.

– Ә, дұрыс, қазір.

– Ұзақ үнсіздіктен соң сөзін бастады.

– Мұртаза көкем аласа бойлы, реңді, қаба сақалды, ешкімге зияны жоқ, шаруасына сондай ұқыпты, жақсы киіне білетін, сондай әдепті, ауыл – аймаққа аты шыққан шабандоз кісі еді. Үлкендерге жәке, көке деп кішілік жасап жүретін.

Есімде қалатын себебі, әкемді молдеке деп сыйлап, алдынан кесе-көлденең өтпейтін. Атын, ер-тоқымын күте білетін. Орташа дәулетіне қарамастан, үйінен қонақ үзілмейтін.

1937 жылы «халық жауы» деген жазаға ұшырады. Бұл қаскөй, арамзалардың ісі. Көңілге бір медеу – кейін ақталды ғой…

Мен ол кісіні қамауда, айдауда көргенім жоқ, бірақ та қасында бірге болған (Баукең тістене сөйледі) азаматтармен бірнеше рет әңгімелестім. Олардың айтуы бойынша, ол кісі қамауда да, айдауда да өзін ұстай біліпті. Азапта бірге жүрген жолдастарының аузынан ол кісі туралы бір жаман сөз естігенім жоқ.

Шерханның шешесі ешкімнің көмегінсіз, жас балаларының азабына төзіп, нағыз аналық ерлік жасаған кісі. Бұл менің қорытындым емес, шырағым. Шынымды айтсам, мен жеңгемді осы күнге дейін білмеймін. Бұл қорытындыны ел аузынан естігендерімнен шығарып айтып отырмын. Естіген құлаққа жаза жоқ.

Ал, шырағым, Шерханның кім екенін өзің білесің. Ол Ұлы Отан соғысы қиыншылығын жас балапан кезінде өз басынан өткізді. Қазір өз құрдастарының арасында болғандардың қатарында. Ең бастысы – дарынды қаламгер, табанды күрескер. Бұл мен үшін екі есе қуаныш...

Жалпы жер тіреп қалған қорғанышы жоқ міскін жандарға қол ұшын бергісі келіп, әйтеуір бір әрекет жасап қалуы – Барсханның адами- моральдық пішінін аша түсетін штрихтар. Өзі ызақор да намысшыл болып өскен оның мінез-құлқындағы келесі бір қыры – осындай мейірбандылығы. Бірақ, өкінішке орай қайырымдылық жолындағы ұмтылысы үнемідерлік кедергіге ұшырап отырады. Сүлеймен, Зибаш секілді науқастарға малдың ағарғанын жеткізіп бергісі келген әрекеттері сәтсіздікпен аяқталса, соғыс мүгедегі Шолақ Сияқұлға қол ұшын бермек болуыда нәтижесіз қалады. Осы арада «Бір кем дүние» жинағында Сапарқұл есімімен жүрген орыс мүгедегі осы Сияқұлдың түптұлғасы (прототип) болар деп жобалауға негіз бар сияқты.

Соғыстан бір қолын беріп, шолақ болып оралған бұл мүгедек жанның небір ордені, орден тұрмақ медалі де жоқ. Бала Барсханның «Аға, сізге орден бермеді-ау» (157-б.) деп сұрап қалуы аңғалдықтан болғанымен, астарында

ащы шындық жатқаны сөзсіз. Отанды қорғау үшін сонау жердің түбіне барып, неше рет ажалмен бетпе бет кездескен, ақыр соңында оң қолын түбімен беріп, екінші топтағы мүгедек болып оралған жауынгердің өкімет тарапынан мүлде елеусіз қалуы сол кездегі кеңес өкіметінің саясатынан да хабар беретін, сөйтіп социалистік қоғам мен жеке адам арасында орын алған қайшылықты жағдай турасында белгілі бір ой түюге жетелейтін ахуал екені анық. Соның бірі – Ұлы Отан соғысына қатысты үнемі қайталанып құлаққа сіңісті болып келген «Ешкім де, ештеңе де ұмтылмайды» деген ұранның өмірде оңайлықпен іске аса бермейтін әшейін жалаң декларация болып шығуы.

Дәрменсіз мүгедекті аяған Барсхан жоғары жаққа, тұп-тура Калининнің өзіне хат жазады. Бірақ хабар болмайды. Кейін есейген кезде Сияқұлға тағы кездесіп қалып, жоғарыдағы өкімет адамдарына енді оның зейнетақысын молайту жөнінде өтініш жібереді. Бірақ Шолақ Сияқұлды еске алып, есіркеп жатқан өкімет көрінбейді. Ақыры небір марапатқа ие бола алмай не болмаса зейнетақысын да көбейте алмай, Ұлы Отан соғысының мүгедегі жоқшылықта жүріп, өмірден өтеді. Нақ осы сюжетті Кеңес дәуірінде сол қалпында айнақатесіз айтып жеткізудің мүмкін емес екендігі белгілі.

Ш. Мұртаза қаламына тән жазушылық машықтың бірі – жалпы әр тақырып, әр оқиғаның соңын философиялық оймен түйіндеп отыру. Соның бір мысалы осы міскін, кемтар жандарға байланысты: «Бірақ мынау Қуаныштың: «Бұйырса» дегені – уайым. Қартамыс болған қарт адамның сөзіндей. Дені сау адам ажалды ойлай бермейді, өмірі өлместей көрінеді. Ал ауру адамға, ұзақ кесел қысқан адамға ажалдың апаны елестеп тұратын болар. Ұзақ кеселдің адамын тек үміт қана сақтайды. «Бұйырса» деген сөзде үміт те бар, күдік те бар. Қайсысы жеңеді, сонысы алады» (216-б.). Өмірдің ащы шындығынан туған мұндай детальдар – кітаптың трагедиялық мазмұнын күшейте түсетін көркемдік факторлар.

Кейіпкер жеткіншектің әлеуметтік әділеттілік үшін күресіп жүруі оның моральдық бет-пішінен хабар беретін штрих.

Ал талданып отырған осы романда мінез-құлқы, көзқарасы, адами сипаты ашылмай қалатын ондай есімдер бірсыпыра дерлік. Шығарма табиғатын күнделік формасына жақындатып тұрған факторлардың бірі осы деуге болады. Олардың кейбірін мысал ретінде ала отырып, атап кеткен де артық бола қоймас. Әке Гришка, бала Гришка, Пешен, Әліпбай, Мұса, Байжұман, Мұса, Шақалақ, Тәшкен, Кәрібай, Төреқұл, Сейсенбай, Боранбай, Пияш, Жібек, Пәшира, Өскенбай, Сейдін, Апақай және т.б. Бұл аталған адамдардың көпшілігі эпизодтық болсын кейіпкер деңгейіне жете қоймаған жандар.

Өмірбаяндық деректерге сүйеніп, көркем шығарма ретінде жазылғанымен, роман беттеріндегі өмір көріністерінің берілу тәсілдері кей тұстарда белгілі бір мөлшерде күнделік формасын еске түсіреді. Өзім қазақтың мемуарлық романдарын біраз қарастырып көргендіктен, жекелеген мемуарлық романдарда немесе олардың кейбір тарауларында күнделік сипаты басым болып келетіндігін байқадым. Бастан кешкен оқиғаларды хронологиялық тұрғыдан жеткізу үшін бұл дұрыс та. Айналадағы құбылыстардың барлығы

да жас бас кейіпкердің көзімен беріліп, соның дүние танымы арқылы суреттеліп отырады.

Мұндайда жалғыз-ақ рет айтылып, сонан кейін қайта көрінбеген қалпы жоқ болып кететін кейіпкерлердің болуы заңды.

Әрине, туынды табиғаты мемуарлық болғандықтан, бір кейіпкердің аяғына дейін шығарып, тағдырын айту, мінез-құлқын ашып көрсету шарт емес. Кейіпкердің эпизодтық деңгейде жалғыз-ақ рет көрінуі мемуарлық туындының осал жері, Бейнелі тілмен айтқанда «Ахиллес өкшесі».

Оқырмандар назарын «Бір кем дүние», «Ғапыл дүние» топтамалары да түйінді ойларды да шоғырландырумен аударуда деп білеміз.

«Бір кем дүние» кітабында Шерхан Мұртазаны басқа қырынан табылды деуге болады. Жинақтың тіні – көбінесе философиялық ойлармен түйіндеретін қысқа тәмсілдер. Өмірде болған түрлі оқиғаларды қысқаша ғана баян етіп, сөз соңын философиялық пайымдаулармен түйіндеп отырады. Сөйтіп өзі тақырып еткен әрбір құбылыстан, әрбір оқиға мен шағын эпизодтан бір тұжырым жасайды. Және жай тұжырым емес, саналы оқырманға ой салатын қалыптасқан көзқарасын қозғайтын тұжырым.

Бұл арада Ш. Мұртаза жаңа қырынан танылып отыр деусіз де онша шындыққа сыйыса қоймайды. Өйткені ол кісінің бұрынғы шығармаларының да осындай белгілі бір тұжырыммен, өзіндік пайыммен түйіндеретіні аз емес болатын. Ал қысқа тәмсілдер қаламгердің сол шығармашылық үрдісін нықтай түсетін ізденіс ұстанымының үлгілері. Жазушыны бұл арада ғажап жаңалық тауыпты деуге де болмас. Мәселе қалам иесінің қалың бұқараның көңілінде жүрген кейбір мазасыз ойларды дәл басылып отыруында немесе өзінің тынышын алған түрлі жағдаяттарды сол бұқараның ойымен ұштастыруға тырысуында жатыр.

Тақырыптық тұрғыдан жинаққа енген шығармаларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – жалпы оқырман қауымға тарихтан жақсы белгілі түрлі әңгімелер. Оларды белгілі бір тарихи оқиғалар немесе тарихи тұлғалардың бастан өткізген бір ғана эпизод сөз болып отырады. Екінішісі – автордың өзі куә болған немесе бастан кешкен әртүрлі оқиғалары.

Екі жағдайда да ол оқиғаларды бажайлап тұтас әңгімелеп жатпайды әңгіменің жалпы нобайын сездіргенімен, оқырманға ой саларлықтай пұшпағын ғана ойып алып, ұсынуға бейім. Жазушы оқырман алдына көлденең тартып отырған сол түйіндемелердің барлығы жалаң емес, тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелер. Мәселен, «Құмырсқа ғұмыр» тәмсілін тұтас оқып көрейік: «Ұйықтап жатқан құмырсқаны көрмедім. Бәрі қыбырлап-жыбырлап жем тасып бара жатады.

Біз ғой түске дейін ұйықтаймыз. Түстен кейін қыдырамыз.

Бай баласы байға ұқсайды,

Байланбаған тайға ұқсайды, – деген осы. Жалқаумыз. Бір кем дүние».

Александар Македонскийдің (қазақша Ескендір Зұлқарнайын) өлгеннен кейін табытта жатып, алақанының ашыла беруі, Бір шөкім топырақ салғаннан кейін барып, қолының сылқ түсуі немесе жарты әлемді жаулап алған Ақсақ Темірдің өлер алдында Алладан маған мейірім тілеңдер деуі сияқты тәрбиелік мәні бар әңгімелерді біреу білер, біреу білмес, бірақ бүгінгі

заманда алдымыздан көлденеңдеп шыға беретін түрлі проблемаларға қатысты тарихтың сол бір тағылымдарын қайталап еске салып отырғанның еш артықтығы жоқ.

Жазушының осындай философиялық ойларына өзек болғандардың бір парасы – өзінің замандастары, аралас-құралас болып жүрген адамдарының қилы қылықтары мен сөздері. «Соғыс жетімі» деген тәмсілінде: «Әкең сенің осындай азамат, жақсы жазушы болғаныңды көрмей, майданда қаза тапты, әттең...» деген кезде жасы алпыстан асқан жазушы Бек Тоғысбаев еңкілдеп жылап жіберіпті. Осы оқиғадан автор «Міне, бұл ұлы сезім... Жүрегі елжіремейтіндерден қорқу керек» деген тосын түйін жасайды. Жазушының тәуелсіздік жылдарында жарық көрген еңбектеріне туған халқының түрлі қиындықтарының өзек болып келуі де заңдылық. Өйткені туған ұлтының басындағы түрлі жағдаяттарды жазушы сонау кеңес өкіметінің тұсында да үнемі әңгіме өзегіне, көркем ойдың тиегіне айналдырып отыратын.

Жасының егде тартқандығына қарамастан, Ш. Мұртаза қол қусырып жатып алмай, ұлтының жүрек ауыртқан мәселелеріне қайта айналып соғудан шаршар емес. Тек қана көркем шығармалары немесе тәмсілдері арқылы ғана емес, жекелеген мақалалары мен сөйлеген сөздері арқылы да қайраткерлік танытуда. Жазушының халық қамы үшін күресудің нақты мүмкіндігіне ие болған кезі – халық қалаулысы ретінде республика Парламентіне депутат болып сайланған уақыты еді. Осы жағдайды пайдаланып, ол туған жұртының кемкетігін жөндеп, отаршылдық қалдықтарынан арылу мәселелеріне орай Парламент мінберінен сөз алып отырды оның патриоттық сезімінен туындаған жігерлі пікірлерді кейбір шовинисттік бағыттағы әлдекімдердің жүйкелеріне де тиіп жатты. Бірақ депутаттық мерзімі біткенше Ш. Мұртаза бөгеліп қалған жоқ, ресми мінберден өз жұртының проблемаларын айтудай-ақ айта білді.

Қарттықты мойындамай жүрген қаламгерлерге қалам қаруын тілей отырып, әлі де дәмді дүниелер дәме ететінімізді жасырғымыз келмейді.

«da Қазақстан» журналы, № 5. 2012 жыл.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ШЕРАҒАҢ

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Әдебиет тамырластықты сүйеді. «Тұрар енді бір жиырма жылдан кейін ұлы жазушымен дос болып, өз әкесінің басынан өткен шытырман шындықты оған, арман ағысындай етіп айтып берер. Содан барып «Қараш-Қараш» туар...».

Бірінші кітаптың басты кейіпкері – Рысқұл. Жазушы үшін ол ерен сүйікті образ, оның аузына «Менің жүрегімде түк бар. Бірақ сол түкке қырау тұрып қалған. Пендеге пенде болып жүргенімде ол қырау ерімейді» деген сөз салады. Бұл Рысқұлдың қылмыскер ретінде вице-губернатордың алдында қасқайып отырып жауап берген сөзі. Тұрардың әкесі аюмен алысқан, небір қияметтен аман өткен нағыз ер ретінде суреттелінеді. Фольклордан шыққандай романтикалық кейіпті Рысқұл.

Қазан төңкерісіне шейінгі қазақ тұрмысының нақты суреттелінуі романның үлкен жетістігі. Мешеу қалған ел өміріндегі күштінің әлсізге зорлығы, Ал бұл ағайыншылыққа қарамайтын қара ниет қиянаттан шығар дүлейлік екенін Рысқұлдың Түлкібастағы атамекенінен 20 үй өз ағайынымен ауа көшуі растайды. Рысқұлдың туған ағасы Бердіқұлды жер мен суға таласып жазықсыз өлтірген, ұрдажық, шаш алса бас алар сойыл соғар шабарманды көп Дауылбай болыс түбі бір жақын туыс атадан, шежіре тарқатса Шымыр, соның ішінде Сәлік атасынан тарайды. Бірақ мынау фәни дүниенің ылаңын байлық пен билік билеп тұрады екен. Осынау кеселдердің бәрі отаршылдық, өз ырқы өзінде жоқ, орыстың оязына бағынған қазақтың болыстық әкімшілік жүйесінің қаншалық осал, парақор, жарамсақ, имансыз, зәбіршіл, кісі өлтіруден тайынбас сұмпайы екенін жазушы нақты іс әрекет қимыл мінез құлық қақтығысы, әлеуметтік ымырасыздығы арқылы бере алған.

Дауылбай болыс Рысқұлдың батыр бабасы, Қоқан ханы Шерәлімен қанды шайқаста қаза болған. Байзақтың қол астында жүзбасы болған Әлібектен қалған күміс ер-тоқымды оязға беріп, жағынып қалғысы келеді. Осы бір жағымпаздық феноменінен зор трагедия өсіп шығады. Ол Тұрардай қайраткердің қалыптасуының алғышарты.

Қарақойын деген тары егіп, күнелтіп отырған шұрайлы жерде жылқылардың үш ұлын, ұясын талқандап, үлкенін өлтіріп, кіші екеуін тентіретіп жіберуге айырылысарда ердің қасын сұраған кісәпірлік себеп болады. Оның түбінде сол кездегі әлсіз қоғамды жегідей жеген әлеуметтік теңсіздік жатыр.

«– Көке-ау! Не жаздық, не болдық? Енді не істейміз, айтсаңшы! – деп төмпешікті құшақтай құлады. Топырақ жып-жылы екен, бетінен Бердіқұл сүйгендей тұла бойы дір етті» (167 бет), бұл көріністе аза мен бауырмалдық қатар құйыла түскен. Рысқұлдың есеюі күрескерлерлік рухының ояну сәті осындай азалы. Ал бауырмалдықты озбыр Дауылбай басқаша қабылдайды: «– Атама Сәліктің атын! – деді болыс шегір көзін ежірейтіп. – Сен Сәліктің шіріген жұмыртқасы Сәліктің басқа баласының бәле жаласы сендермен бірге кетсін!» (178 бет).

Бұл аталасы Бердіқұлды жазықсыз өлтіріп, Дауылбайдың қорынбай айтып тұрған арсыз сөзі. Қиянаттың бетпердесі қандай дәл. Жазушының шеберлігі психологиялық детальда айқындалады. Дауылбай кім? «Кешегі Қоқан заманында сарттардың бегімен қосылып сорушы еді бұның әкесі елді, енді орыстың оязымен қосылып ойсыратып барады» (156 бет) дейді бір ағайыны Ахат ол туралы.

«Қызыл жебе» романының бірінші томы тегіс Тұрардың әкесі Рысқұлға арналған. Рысқұл болмаса Тұрардан қайраткер, күрескер ұл тумайды, соның үшін әкенің рөлі айрықша дәріптелген. Бұл ретте Шерхан Мұртазаның қалам таңбасында ұлттық әдебиетінің ауыр жүгін Толағайдан бетер бір өзі арқалағанда ауырсынбаған кемеңгер классик жазушы Мұхтар Әуезовтың игі ықпалы тиюі заңды құлбылыс араша түсуге үлгере алмай қалады. Құлагер феномені оның құрбандыққа шалына беретіндігіне болып тұр. Расында осы бір ащы шындық жануарлар үшін ғана емес, адамдар арасында

әбден бекіген ақиқат. Бір ғана мысал, қазақтан дара туған бұлбұл әнші Күләш Байсейітованың тағдыры тура осы халды қайталайды. Артық туған, өнері құдіретті болғаны үшін Күләш күншіл әріптес әншілер тарапынан бақталастықтың құрбанына айналды.

Қызыл жебенің өлімі – қазақ даласындағы жаңа бір қанды кезеңнің басы әрі белгісіне айналды. Ендігі құрбандықтар жылқылармен қатар адамдар болары анық берілген белгі. Романда Рысқұлдың Қызыл жебенің қаны үшін кек алып, қанға-қан, жанға-жан деп ант беріп, жылқының құнын адаммен алатын тұсы өте нанымды мезет. Қызыл жебе – киелі жануар, оның асыл қаны Самасайды ұзаққа жібермей, өлімге бастады.

Болыстық, бағдандық – әділетсіздіктің өзегі болып шықты. Баяғы дара билер, қара қылды қақ жаратын дана билер заманы келмеске кеткен екен. Ендігінің болысы қандай аяр боларын Абай әсіре әшкере қылды.

«Қызды-қыздымен Тұқымбай да бармағын басып қалды. Рысқұлда кегі кеткендіктен емес, болыстардың тізімінде жүргенді үлкен ырым етіп, ішінен: «Е, әруақ, қолда, қолда, қолда!» – деп үш қайталады.» (118 бет)

Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңіндегі психологиялық портрет мұнда айна-қатесіз дөп тұр.

Романның атауын көтеріп тұрған Қызыл жебе – жылқы жануар, қас жүйрік, әдеби астарда – тектік нышан, символ. Расында ол Ақан серіден Ілиясқа ауысқан рух, қазақ халқының Құлагеріндей аза жылқы. Рухсызданудың құрбаны. Оның құрбандыққа шалынып кетуі құдай берген ең асыл қасиеті – жүйріктігінен, артық жаралған қанатты пырақ болуынан. Шерағаң жылқы мен қазақты астастырып, тамаша ассоциация жасай білген. Қызыл жебе – Тұрар Рысқұлов. Уағы келгенде, 1937 жылдың репрессия қанды қасабында қазақтың артық туған ерлері шалынады, соның бірі – сол. Ер мен оның аты біртұтас кентаврлық сипатта асқақ көрінетін патриархалдық тұрмыстан енді қол үзе бастаған жаңа дәуірге бұл символ бек жарасып тұр.

Жылқыны исі қазақ қастерлейді, жазушы бөріні тотем тұтуын мына бір сөзі айқындайды: «Көк бөрі біздің қасиетті киеміз ғой. Көк Түрік заманында көк байраққа алтындап, Көк бөрінің басын салып қояды екен. Сол тегін деп пе едіңіз?! Тегін емес қой. Қазіргі көк байрағымызға:

– Бөрінің басын салайық, деп ұсынғанымда, дәрежелі, лауазымды адамдар күлді.

– Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты ашады, – деді. Амал не, көп айтса көнесің дағы. Мейлі, келер ұрпақ бізден гөрі парасаттық болса, түзетіп алар». (Шерхан Мұртаза. 4 том. «Ай мен Айша», роман, 47 бетте).

Ай, қап! Әттеген-ай! Сол кезде Парламентте депутат болып отырған Шерағаңның тамаша идеясын оң қабылдап, көк бөрінің басы туымызға салынғанда әлдеқайда ұтарымыз анық деп ойлайтындардың бірі менмін.

Романның екінші кітабы тұтас Тұрар бейнесіне арналған, өсу, азамат болу, қайраткерге айналу мезгілдері тегіс берілген. Сондай-ақ, бұл саяси том әрі деректі прозаға айналып кетеді. Совет өкіметінің қылышынан қан тамған алғашқы басшыларының портретін беру жазушыға қаншалық күрделі болғанын оқырман сезуі тиіс. Жазушының деректілік үшін инемен құдық қазғандай жұмыс істегені анық. Алайда билікті тарихшы қауым ғана терең

объективті сараптай алатын советтік көсемдердің портреттері қаншалық дәл шыққанын айта алмаймын. Бұл мен үшін өте қиын міндет.

Өйткені бұл кезеңде құдай туралы ұғым аласарды. Көсем – жеке бастың табынуына, пұтқа айналды. Ал пұт құдайлар қисапсыз құрбандық тілеп тұратын тажалға айналғанын А. И. Куприн тәрізді реалистік жазушылар астарлай жазды. Заманға сай әлдебір өзгерісті, ескіні терістеуді мына бір ойдан айқын көруге болады: «Руына тартқан – ұрлықпен тең. Табыңа тарт» (428 бет), бұл пролетардық идеяның ұшығы.

«Қырық бірінші жылғы келіншек» – Шерағаңның үздік әңгімелерінің бірі.

Бұл расында диалог түрінде берілген монолог, кеудесін әбден сағыныш меңдеген жалғызілікті жесір кемпірдің қайғы-шері. Көзіне елестеп, жас кейпінде сағымдай толқып келіп, жанында отыратын асыл жары – Мақсұтқа Хадиша ол соғыста қаза тапқаннан бергі 28 жылдың ішінде көрген азабын кәдімгі ауыл ішінің ұсақ-түйек назы, қазақы болмысын алып, шер тарқатып отырады. Расында оның күйеуінің әруағына шағынғысы келгені Шалабай қайнысы өзін ескермей, қызы әкелген қоржынның аузын болып-толған Ақшай кемпірге ашқызғаны жай әншейін сыныққа сылтау ғана. Жалғыздықтың зарын, шәрмендені қалай жұбатуды тірісінде ешкім білмесін жазушы астарлы сипатпен береді. Хадиша – жазушының сүйікті, нысаналы кейіпкері болғандықтан, оны бір әңгімеден екінші әңгімесіне көшіріп отыруға Шерағаң ықыласты: «Шекшек шырылдайды», «Соғыстың соңғы жесірі».

Хадиша – автор үшін, соғыс басталғанда небәрі 9 жасар ұл бала үшін өз анасының прообразы.

«Ай мен Айша» атты ғұмырбаяндық романдағы Айша ана мен Хадиша кемпір – ерлері қан майданнан оралмаған тағдыры бір ауыл елдері.

Хадиша күйеудегі жалғыз қызының қолында, қартайғанда жиендерін ес көріп отыруына болар еді, бірақ ол тым ескірек, қаймағы бұзылмаған қазақы дәуірдің адамы болған соң, мұны тағы місе тұта алмасы анық. Сондағы дәлелі– «Сенің түтінің өшпесін дедім, Мақсұт». Ескі қазақ дүниетанымында от – өмірлік күш, тазалық символы. Отты өшіру кешірілмес күнә саналатыны сондықтан. Түтін идеясы қазақта тұқым, тіршілік идеясымен өзектес. Психологиялық иірімде жалғыздықтың уытына әбден көндіккен, соған тіпті бауыр басып алған, көкейінен өшпейтін жастық кезеңнің сәулелі сәтімен ғана өмір сүруге бейімделген жесірлік феномені мұнда тайға таңба басқандай тұр.

«Ай мен Айша» бұл романды екі мәрте оқыдым, жалықтырмайды. Роман– дайын киносценарий. Келешекте Шерағаңның осы романы көркем фильмге айналарына шүбәсіз сенемін. Балалық шақтың уыздай бейнесі күмән тудырмайды, сол екіталай ауыр кезеңнің қалыбы боямасыз беріліп, ел мен жерге, ұшқан ұя, туған анаға деген сағыныш жұмсақ, сүйінішпен дәріптелінеді. Үш баланың анасы Айшаның өлім алдында жатқан сәтіндегі бақсы кемпір ақ қыздың жасаған емі бір ұлттың анасын аман сақтап қалғандай әсер етеді. Бір-бірінің тілеуін тілескен ағайынның бауырмалдығы ашылады.

Сол әңгімелерден ерекше ұнағаны – «Нахал торғайлар».

Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның еліне деген перзенттік махаббаты, сағынышы, ер-уайымы астарлы түрде беріледі. Шерағаң жауыз торғайларды бөтен, келімсек, қомағай, сұмдық, басқыншы торғайлар деп атайды. Әдебиеттегі аллегория гипербола, метафора, т.б. тәсілдерді қолданып, жазушы оның түйінін «Қырғилар нахал торғайлармен соғысқа аттаныпты» деген тәсілмен аяқтайды. Қырғилар – құтқарушылардың қиналған елге көмекке келуіне Кенжегүл кемпірдің дұғасы себеп болады. Қазіргі қазақ халқының түйіткілді мәселелерін бұлайша астарлай бере алу үшін шеберлік қана емес, ұлтын сүйген сәулелі жүрек қоса керек.

Ел біледі: баяғы текті билерге тән қара қылды қақ жарған әділдік, ұлтын сүю, азаматтық ұстаным, халқының дархан дүниетанымын шығармаларында ардақтау – мұның бәрі тегіс Шерхан Мұртазаның азаматтық бейнесінде, шығармашылық кредосында анық көрінеді.

«da Қазақстан» журнал, № 5. 2012 жыл.

«Айтөбел» айдарында

Шерхан Мұртаза – 85

ШЫҢДАҒЫ ШЕРАҒАҢ

Мархабат БАЙҒҰТ

«Дүниеде не жаман? Бүлінген жаман. Іргеңді сөгіп, қабырғаңды қақыратып, шаңырағыңды ортаңа түсіретін сол. Ауызбірлік кеткенде солай болады. Бүтінделе аласың ба, жыртылған жаға, қалған көңіл қашан келеді орнына. Ұмытылмас азабы мен шері барғой оның. Бір-бірімізге кекті көзбен қарап, сумаңдатып сұқ саусақты кезесек, қараулық жасап, қарадай қауып тастасақ өзіміз өксіп, артымызда келе жатқан ұрпақ опынбай ма, күні ертең. Қасиетін әдебиет шегеді. Осыны ойламаудан емес пе, Жүсіпбек, Мағжан, Ілияс, Бейімбет, Сәкендердің опат болғаны. Олардың обалы кімде? Жалғыз қызыл өкіметтің қанды қолы ма? Қанды қол қазақ ақын-жазушыларының қайсысы қандай екенін білетін еді, егер қазақ ақын-жазушылары қатар жүрген қандасына қалың етіп қара күйк жағып, қаздай тізіп бермесе. Сол арыстар ең құрығанда 60 жасқа аман жетсе қазақ әдебиетінің қазынасына қанша шығарма қалдырар еді».

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗА

2012 жылдың қыркүйектің соңында Тараз және Жуалыда Шерхан Мұртазаның сексен жасқа толуы дүркіреп-ақ өткен. Тараздағы конференцияның соңында саңлақ суреткеріңіз сәл біртүрлілеу сөйлеген. Біраздан бері сырқаттанып жүрген. Алашына алғыс айтып алып, күлімсірей күрсінген.

«Мені Шолпан жұлдыз, таңғажайып Таңшолпан шақыратындай кейде. А, бәлкім, Шолпан Кебіске мініп кете барармын... » – деп, жұртшылыққа шүйіле қарап, шамырқана аяқтаған. Шерағаң...

Биылғы 28 қыркүйекте халық жазушысы, ұлтының сүйікті суреткері Шерхан Мұртаза 85 жасқа толады. Соңғы үш жылдай уақытта Шерағаң көрінбей кеткен. Әттең, тонның келтесі-ай. Денсаулығына байланысты қоғамымыздан да, адамымыздан да, заманыңыздан да шеттеп қалған.

Жұрт жиі-жиі сұрайды. Іздейді. Аңсайды. «Уа, Шерхан қайда?!» Дейді. «Шіркін, Шерағаң шаңқ етіп бір көрінсе!» Дейді. «Қатты сырқат екен ғой». Деседі. Бәзбір басылым беттерінде кітапқа қарап, түнеріп отырған суреті жарияланады. «Қайран, Шерхан…» деп шыр-пыры шығатындар бар. Табалайтындар да табылар. Пендеміз ғой. «Шерханға барып тұратындар барма екен өзі?» Дейді. «Неге болмасын, көп шығар». «Шерағаңның шығармаларын, кітаптарын қайта-қайта баса бермей ме осы? Сағындық қой!» деседі.

Үш күз бұрын демеушілер тауып, «Манкент» шипажайында демалдырғанбыз. Екі күз бұрын қызы Алмамен бірге Сарыағашта емделген. Екі-үш кісімен арнайы барғанбыз. Инсульттің ауыр түрінен мұқым-мүлде өзгерген екен. Оқта-текте «Кімсің-ей?!» деп қояды. Айтасың. «Ә! Бәсе!» дейді. Жеңіл ғана жымиып.

Биыл бұрынғыдан да нашарлаған сияқты. Сезіледі. Алайда, арыстың аты – Арыс! Барыстың аты – Барыс! Барысқан – Шерхан Мұртаза өлім мен өмірдің арасындағы арасатта да қыңқ етпес қылығын танытатындай. Ұлт ұстынының миында, жүрегінде, жанында былайғыларға білінбей-ақ, алапат арпалыстар жүріп жатыр-ау. А, бәлкім, ол әуе қайығы сынды Шолпан Кебістемін деп ойлайтын болар. Ақиқатын Алла біледі.

Хабарласқан сайын қызы Алма: «Бірқалыпты. Кейде тысқа шығып серуендейді. Сәлеміңізді жеткіземін», – дейді.

Әттең-ай, әттең! «Қазақ көркем сөзінің көшбасшысы, қазақ көсемсөзінің қолбасшысы» атанған Алаш асылының ерендігі «Еңбек Ері» атағына әбден-ақ лайық еді-ау. Дейсің-ай... Кемеңгер суреткеріміз Әбіш Кекілбаев айтқандай-ақ, «қоғамдық сананы серпілткен», «қазақтың қауымдық түлеуін» қамтамасыз еткен, «ұлттың жаппай оянуына, жаппай сергуіне, жаппай сілкінуіне» «әлеуметтік мергендігімен» теңдессіз еңбек сіңірген Мұртаза ғой ол!

Шерхан Мұртаза!

Ол – ұлт ұстазы. Ұлт ұстынды. Ондай жазушы сирек. Ондай журналист аз. Ондай газет редакторы, журнал басшысы жоқ. Ондай Парламент депутаты болды ма? Әй, қайдам... Әулие жанр әңгімедегі Шерхан – шың-құз. Хикаяттар әлеміндегі, романдар дүниесіндегі Мұртазаның мұнарлары мұнтаздай мұзарттар мәнзелдес. Парасатты публицистикасының мәнді өткірлігіне, эсселерінің мәністі көркемдігіне жете алғандар да жоқ-ау... Де-е-еп жазармыз-ай. Күндердің күнінде Шерағаңның Шолпан Кебіші төңкеріліп түссе.Теңбіл торғайы шырылдай құласа...

Шерағаң өмір бойы өрге жүзіп, ұлт мүддесі үшін, қазақ қамы үшін, алаш абыройы жолында жан күйдіре жұмыс істеді. Мұртазаның ұл-қызын тәрбиелеуге титтей де уақыты болмады. Шерағаң – ұлт тәрбиешісі. Шығармалары да.

Иә, Шерағаң шыңда жүр. Барыс биікте өмір сүреді. Ауырғанда аяушылық күтпестен, жарасын жалап қана, үн-түнсіз жатады. Шыңда! Сонда қалады. Солай, ағайын!

* * *

«Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім...

Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде ылғи Ақсу-Жабағылыны көремін», – деп жазады Шерхан Мұртазаңыз.

Осыдан біраз жылдар бұрын «Егемен Қазақстанда» «Сайрам-Өгем дегенде, Сайрам-Өгем...» деген дүниеміз жарияланды. Мемлекеттік ұлттық парк қой. «Сайрам-Өгем дегенде, Сайрам-Өгем: Қайғы-уайым шектің бе, қайран Өгем?! Садақ қадап Сайрамға шапса жауың; Қашанғыдай құйылар қайдан өлең....» дейтұғын ән шумағы сақталған. Ел жадында. Мақалада соны келтіргем. Шерағаң оқыпты. Алғаш Астанада, сонсоң Таразда ұшырасып қалғанбыз. Оң жақ қасын құс қанатындай қайқита қарап: «А-а-ал, Ақсу Жабағылыны қашан жазасың? -деген. Кейінірек Кенен тойында кездескенде үшінші мәрте қабақ шытыңқырап: «Ақсу-Жабағылы қайда-а-а?»-деді. Сол жақ қасын қайқыласа, қаһары қатая түседі. «Ойпырмай, осы кісі Ақсу-Жабағылы түсінде көбірек көріп жүр екен-ау», деп түйгенбіз. Келесі көктемде «Егемен Қазақстанның» тұтас бетіне «Ақсуым – армандай, Жабағылы– жанымдай» деген жазбамыз шықты. Жазға салым Тараздағы «Баласағұн» сарайыны кіреберісте кездестік. Тістерін түгел көрсетіп күліп, қолымды қатты қысып, тіпті алысып ойнағысы келгендей кейіп танытты. «Оқыған екен ғой, оқыпты ғой» деп ойладым. Сұрамаққа ұмтылып-ұмтылып, батпадым. Шынымен-ақ Шерағаңның күреске түскісі бар. Айнала-төңіректегілер аңтарыла қарайды.

«Кейде менің бала болып кеткім келеді. Өзім құралпы, өзімнен кіші, көңіл жақын жандармен алысып-жұлысып, күресіп-белдесіп ойнағым келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда, кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым кеп кетеді. Жатып алып ойласам: мұның бәрі өмір заңының бұзылуынан екен. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағаңды кейін есейгенде аңсап тұрасың. Ал жалпы қай жаста болсаң да кей-кейде бала болып, балалық шаққа оралғанның ерсілігі жоқ па деймін. Сәби шағын мүлде ұмытып кеткендер, артына бұрылып бір қарамағандар-тегін білмес топастар ма деп қаламын. Олар туған анасын да, Отанын да тез ұмытып кететін опасыздар сияқтанады да тұрады», деп жазбаушы ма еді Шерағаң?!

«Баласағұн» сарайына балаларша қол күрестіріп, алақан айқастырып, «алыс-жұлыспен» рахаттанып кіргенбіз.

Өзімше, іштей масаттана мәз болып: «Ақсуым – арымдай, Жабағылым– жанымдай» деген тақырыбым ұнаған екен-ау, ұнапты-ау, – деп қоям. Соншама сұсты, соншама сесті сезілетін сұрапыл сөз иесінің қасында қатарласып, қалың жұртшылықтың көз алдында бабаң атындағы бас ғимаратқа ерекшелене енгенім-ай. «Ақсу-Жабағылы қалай екен қазір?» – дейді әлден уақта Шерағаң. Шекесі терши түсіп. Шай ішіп отырғандай жіпсіп.

Ақсу-Жабағылы деген сөзді айтқанда ше, Шерхан Мұртазаңыздың мұқым-мүлдем мейірленіп, мерейленіп, жұмсарып, жібіп сала беретінін байқамауыңыз мүмкін емес.

Шерхан Мұртаза. Шерағаң. Ақсу-Жабағылы. Тәңіртау.

«Біз Шерханмен бір жерде туып-өстік. Біз өзімізді бір іске – әдебиетке арнадық. Мен ешуақытта жалғызсыраған емеспін, менің бауырым Шерхан әдебиетте әрқашан менімен бірге келеді, оны мен айрықша жоғары бағалаймын. Тәңірім, оны жаңа табыстарға жеткізе гөр!» – дейді Шыңғыс шоңыңыз. Адамзаттың Айтматовы «Оның туған жерін биік-биік таулар қоршап алған. Кішкентай Шекер ауылының төбесінен Манас шыңы төніп тұрады... Адамның бойы таудан аса алмас. Ал сол асқарлардан асып көрініп, бүкіл әлем таныған талантына тағырқаған адам бар. Ол – Шыңғыс Айтматов», – дейді Шерхан Мұртаза.

Шерхан Мұртаза! Атынан ат үркеді. Жақсы мағынасында. Ел елең ете қалады. Есімінен. Ұлтыңыз үшін ұранға айналған. Аты. Шын мәніндегі, шынайы мәнісіндегі халық жазушысы .«41-ші жылғы келіншек», «Бір нәзік сәуле», «Сол бір күз», «Алтын тікен», «Ақсай мен Кексай», «Интернат наны», «Шекшек шырылдайды», «Жаңбырлы той», «Сусамыр», «Соғыстың соңғы жесірі», «Тарпаң» тағысын-тағы әлеуметтік әдептегі әңгімелерімен-ақ көркем әдебиетіңіздің кең өрісін кеңейткен көркемсөз иесі.

«Табылған теңіз», «Белгісіз солдаттың баласы», «Бұлтсыз найзағай», «Мылтықсыз майдан» сынды хикаяттары повесть жанрының парасат параметрлерін толайым-тұтас толықтырып, төрт құбыласын түгендеп тұрыпты. Бір-біріне ұласып, біріне-бірі ұнасып, бірінен-бірі биіктетіп, Ақсу-Жабағылының шыңдарындай шеберлік шебін құрайды. «Қара маржан» романы «кеңестік кестелемек» кеселіне шалдығындай, шалығына шалынып қалмай, тақырыптық шылауға шырмалмай, өндіріс проблемаларын қуып кетпей, кісілікті, «адамгершілікті алға шығара алғандығымен айрықшаланады» (Тахауи Ахтан).

Мінекиіңіз. Ақсу-Жабағылыңыздың бастауларындай, тап-таза, тұнық тұмаларыдай әңгімелерімен-ақ, бұлқынған бұлақтарындай повестерімен-ақ, қасиетті Қаратауыңыздың қайнарлы-қазыналы өзен суларындай «Қара маржан» романымен-ақ Шерхан Мұртазаңыз – жалы күдіреген жоталы жазушыңыз, сұңғыла суреткеріңіз, аса көрнекті прозашыңыз.

Ал енді Шерағаңыздың «Қызыл Жебе» роман-эпопеясын алыңыз. Бірінші кітабы – «Рысқұл» (1978 жылы), екінші кітабы – «Тұрар» (1980 жылы), үшінші кітабы – «Жұлдыз көпір» (1984 жылы), төртінші кітабы – «Қыл көпір» (1991 жылы), бесінші кітабы – «Тамұқ» (1994 жылы) жарық көрді. Қай кезде, қандай кезеңдерде зерттелгенін зерделеңіз. Қай кездерде, қандай кезеңде бәдізделгенін байыптаңыз. Қарағайдың қарсы бұтағы атанған, сын симфониясының дарынды дирижері болған, арамыздан тым ертерек кеткен сыншы Сайлаубек Жұмабек өзінің «Жұлдызы нұрлы суреткер» атты монографиясында: «Қызыл Жебе» сөз жоқ, роман-эпопея! Суреткердің лирикалық-философиялық прозасы осы роман-эпопеяда барлық бітім-болмысымен мейлінше жарқырап көрінген демеске шараңыз жоқ. Қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұловтың теңдессіз трагедияға толы

өмір жолы әрқашан халық трагедиясымен бірлікте қарастырылады. Қырық жылға жуық уақыт ішінде қазақ халқының басынан кешкен зобаландары, аштық қырғыны, репрессия зардаптары талай-талай романдарға, роман-эпопеяларға жетіп-артылатыны белгілі... Сонымен, қырық жылға жуық шығармашылық бейнетінің нәтижесінде дүниеге «Қызыл Жебе» роман-эпопеясы келді», – дейді.

Ойпырай, Орағанның, Оралхан Бөкейдің қуанғанын-ай! Десеңізші. Әлде «Жұлдыз көпірдің», әлде «Қыл көпірдің» қиын-қыстау қысымдардан өтіп, әупірім дегенде «Жұлдыз» журналында жарияланып жатқан кезі еді-ау. Анық есте жоқ. Ап-анық сақталғаны – Оралханның баладан бетер қуанғаны. «Қаламгер» кафесінде шай-пай ішіп отырғанбыз. Көрші үстелге, үш жазушының жанына жайғасқан Ораған иығына төгілер бұйра шашын бір сілкіп, бар ынта-ықыласымен тегілте күліп, айқайлай сөйледі.«Ай, жігіттер, мына мені неге кешікті дейсіңдер ме?! Айтайын ба? Шерағанның журналға шығып жатқан дүниесін оқып… Басымды ала алмай. Қуанындаршы, жігіттер! Тұрар Рысқұлов Сталинмен әлі қайтпай қасарысып, айтысып отыр. Демек, «Қызыл Жебе» аяқталған жоқ! Жалғаса екен деп тілеулес болайықшы!» – деді-ау Орағаң сонда. Айқай салып, шат-шадыман, ақжарылқап пейілмен.

Орағаңның Шерағасына шаттанғаны көз алдымнан кетпейді. Осыдан жеті жыл уақыт бұрын «Егеменнің» тапсырмасымен Шығыс Қазақстанға, Алтайға, Катонқарағайға, Шыңғыстайға барғанда ше, қарауытыңқырап, қабарыңқырап, қараусыздау қап қойған музей-үйін көріп мұңайдық. Алайда, Орағаң Мұзтау жақтан, ақ бұлттардың арасынан жарқылдай күліп қарады-ай. Сонда. Шерағасына шат-шадыман, пәк пейіл танытқандағыдай. Орағаң Шерағаға арнаған екі ауыз сөзін «... төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екем?» деп аяқтаушы еді ғой. Осы сөздерді оқығанда деміңіз бұлықсып, көзіңізге жас келер. Ал Шерағаң Орағаң туралы былай дейді: «Сонда… Катонқарағайға, Шыңғыстайға барғанымызда, алқаракөк аспанда бір қыран биіктен төменге қарап, баяу қалықтап жүрді де қойды. Енді биіктеп кеткен Оралхан шығар...».

Бірін-бірі биіктеткен, биіктете білген біртуарлар-ай, десеңізші.

«Қызыл Жебе» – «Рысқұл», «Тұрар», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» туралы сөз зергеріңіз, академик жазушы Ғабит Мүсірепов, текті талант иесі, проза шебері Тахауи Ахтанов, академик әдебиетші Рахманқұл Бердібай, Мұртазаңыздың мұғалімі болған академик сыншы Мұхаметжан Қаратаев, Қазақтың Қалтайы атанған Мұхамеджанов, поэзия дүлдүлдері Хамит Ерғалиев пен Әбу Қайырбеков, тағысын-тағылар ағыл-тегіл ақтарылып, терең тебіреніп жазған. Жоғары бағалар берген.

Осылардың барлығы, аталыңқырамай қалған тағы да талай-талайлар отыз жылдан астам уақыт бойы Тұрар Рысқұловты зерттеп-зерделеймін деп, жазамын деп, Шерағаңның өзі де сол Рысқұловқа бүкіл болмыс-бітімімен ұқсап кеткенін айрықшалап атап көрсетеді.Жазушы, сыншы Тұрлыбек Мамесейітов «Ғибраты мол ғұмыр» сериясымен шыққан «Шерхан Мұртаза» атты монографиясында «Қызыл Жебені» қаншама қырларынан талдай келе: «Енді Рысқұлов халықтікі. Оны бір кездері адасып қалған халқымен қайта қауыштырып, енді айырылмастай етіп табыстырған Шерхан Мұртаза. Халқы

енді оны құшағынан шығармайды. Зерделі ұрпақ Рысқұловты төбесіне көтерер. Ал зердесіз, жетесіздер болса, ненің бағасын, ненің парқын білер дейсің… Тегінен безген ондайлардың өз обалдары өздеріне», – депті.

«Қош, Тұрар бауырым, көкем менің! Мен сізге дәл қазір алпыстан жаңа асқан жасымның жартысын арнадым. Отыз жыл бойы сізбенен қол ұстасып бірге жүріп, бірге тұрдым. Отыз жыл бойы жан-дүниемді, ой-санамды билеп, ұзақ сапарға жол бастадыңыз. Ол аса қиын жол еді... Мен торыққан кезде сіздің рухыңыз әл-қуат берді, Тұрар көке», – дейді роман-эпопеяның соңғы кітабы «Тамұқтың» соңында Шерағаң.

Әңгімелері мен повестері арқылы-ақ ардақтылар қатарынан орын алған аймүйіз суреткер. Деушілер көп. «Қызыл Жебе» роман-эпопеясының өзі Мұртазаның мұнарасы, қазақ көркем әдебиетіндегі Шерағаң шыңы, ерен ерлігі, өшпес өнегесі. Деп бағалаушылар жетіп-артылады. Аштық, ашаршылық турасындағы «Сталинге хаты», «Бесеудің хаты» бастаған драмалық дүниелері – өз алдына бір төбе... Емес-емес. Тау жотасы десек жарасар. Шыңғыс Айтматовтың дүр дүниелерін аударған текті тәржіман екенінің өзі бір адамды қабырғалы қаламгер демекке татиды. Дәл тәптіштейтіндер аз емес.

Осының бәрін былайырақ қоя тұрып, теңдесі жоқ ойшылыңыз, заңғар суреткеріңіз Әбіш Кекілбаевқа құлақ қойыңызшы. Шерағаң шығармалары «бүгінгі жаппай оянуымызға, жаппай сергуімізге, жаппай сілкінуімізге» қалай әсер еткенін бекеңнен артық айтатын адам табылмас, сірә. «Қауымдық түлеуімізге» тап Мұртаза туындыларындай әсер еткен, ықпал жасаған шығармаларды түсін түстемектің қиын екенін тоқталады. Мұртазаның мергендігі әлеуметтік мергендік екенін, ол дегеніңіз суреткерлік таныммен қоса азаматтық серпінді талап ететінін таразылап береді. «Шерхан Мұртаза тек қаламгер ретінде ғана емес, мәдениет қайраткері, баспасөз жетекшісі, редактор ретінде де қазақтың осы заманғы қоғамдық ойын қалыптастыруға орасан зор үлес қосты», – дейді Кекілбаев.

Әбекең осылайша ой нығайтып, алпысыншы жылдар басындағы серпіліс тұсында сүбелі ілгері шыққан «Лениншіл жасты» және оның редакторын; жетпісінші жылдары рухани мәңгүрттік меңдей бастағанда ұлттық рух ұстындарындай жарқыраған «Жалын» мен «Жұлдыз» болғанын және оның редакторын; сексенінші жылдар сергелдеңі саналарды сансыратқан, сендей соғыстырған, мәңгүрттіктің дерті дендеген кезеңде «Қазақ әдебиетінің» қырандайын қузарларға қанат қағып, халқын құлдыраудан құтқармаққа септескенін және оның редакторын қалай да қалай дәйектейді?! Десеңізші. «Көптен күткен аңсарлы дүрден жетіп, қорқақ көңіл қорғалап, ел екіталай, пікір әрқалай жүрген шақта жұрттан бұрын батылдыққа барып», «Социалистік Қазақстанды» мәнсұқ еткен «Егемен Қазақстан» еді. Редакторы – Шерхан Муртаза. Бұл – тек бір қаламгердің өнер жолы емес, күллі ұлттық санамыздың сергу-серпілу жолы», – дейді Әбіш Кекілбаев.

Қазақтағы БАҚ-тың бағын ашқандығымен-ақ, басшылық жасаған басылымдардың бәрінде таралым көрсеткішін шырқау шыңдарға шығаратын құдіретімен-ақ қайсар да қайталанбас қаламгер екендігін қызғанышсыз, қайраткерлігімен мойындатып, мақтаныш тұтатын тұлғалардың

қатарында Мырзатай Жолдасбековіңіз, Қуаныш Сұлтановыңыз, Сейдахмет Бердіқұловыңыз, Тұманбай Молдағалиевіңіз, Қалдарбек Найманбаевыңыз, Нұрмахан Оразбегіңіз, Бексұлтан Нұржекеұлыңыз, Дулат Исабековіңіз, Оразбек Сәрсенбаевыңыз, Нұрлан Оразалиніңіз, тағы басқаларыңыз баршылық.

«Шерағаңның шекпенінен шықтық» дейтұғын мықтыларыңызды оқып отырсаңыз ше, одан сайын риза боласыз. Поэзия патшайымы атанған Фариза әпкеміз: «Қызыл Жебе» романы жазылып жатқанда, алғашқы шағын үзінділері газет бетінен көрген жылдары «Мұртазаев халық жауын дәріптеп жатыр» деп біраз жазушы ағайындыларымыздың алаөкпе болып жүгіріп, Орталық Комитетке арыздан жаңбыр жауғызып, мінбе тисе, «Қызыл Жебенің» бас кейіпкерін де, авторын да, қазақ атаулының қас дұшпаны деп дәлелдемек болғандары біздің жанымызда шежіредей жатталып қалыпты», – дейді.

Ақселеу ағатайыңыз Шерағаның ұстаздық қамқорлықта, өнердегі өнегесінде жолынан жаңылып, жорғасынан танбағанын тәптіштей келе «аға деген сөзге іштей тоқтап, онсыз да алулы ұғымға ең бір киелі мағына дарыта қайталайсың» десе; Ахат Жақсыбаевтай кішіпейіл, қарапайым қаламгеріңіз «көрген жерде не жақсылық бар деп сұрайсыз, мұны мен «кімде не жақсылық жасап жүрсің?» дегеніңіз деп ұғамын» десе; қунақы Қуанышбайыңыз (Құрманғалиев) «тәуелсіздіктің таза, баянды болмағы жолында жанпидалықпен күресетіндердің алғы сапында» десе; Кәрібай, Қәдірбек, Серік көкелеріңіз «кездескен жерде малақайымызды алып, именіп тұратынымыз жасырын емес» десе; әйгілі шайыр Шаханұлы Мұхтарыңыз «Шерхан Мұртаза – менің алаулы жастық өмірімдегі санаулы тұлғалардың бірі, басынан бақайшығына дейін ұлттық мүддемен тыныстаған» десе; Мұзтауыңыздың мұзбалағы Оралхан Бөкейіңіз «туған айымыз бен күніміздің де (28 қыркүйек) дәл келуін ырымдап, жақсылықтың нышанына балаймын... төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екен», десе, қалайынша тебіренбейсіз?! Қалай толқымайсыз?!

Бұлардың бәрі дерлік – Шерағаң шекпенінен шыққан мықтылар. Көпшілігін кезінде ұлттық ой-сананы ұлықтаған «Лениншіл жасыңызға» тартқан, тәлімдеген Шерхан Мұртазаңыз. Өкінішке қарай, біз бұл талантты топтан жасырақ едік. Үш-төрт, тіпті бес-алты жаста тұрған не бар, біз пақырыңыз қалам қуаты жағынан олармен таласа алмас аласа едік. Алайда Медетбекпен, Түркістанда туып, Маңғыстауда жетілген жүйрік «жүгермегіңіз» Темірханмен және Әулиеатада әлдеқалай бол жүретін (әзіл ғой) Елен Әлімжанмен түйдей құрдас едік. «Ілгерідегілермен таласа алмасақ та, Темірханмен һәм Еленіңізбен жарасар едік. Тілшілікке тартпады-ау», деп іштей ғана күбір-күбір күйттегеніміз рас-дүр. Пендеміз ғой, әрине.

Шерағаң, әйтеуір, шекпеніне тартпаған. Бізге сенім артпаған. Тартыңқырғанда, артыңқырғанда, мықты боп кетпесек те, мықтылардың маңайынан табылып қалар ма едік, кім білсін-ай, кім білсін. Дейміз де, баяғы. Өзімізге де обал жоқ. Кісі-киікпіз. Сыртақтаймыз. Сыртбақаймыз. Әлімізге қарамай. Шерағаңның сусы мен сесінен сескеніп, жоламайтынбыз. 1982 жылы «Жалбыздың жағасында» және «Доланай шахтасы» деген әңгімелерім үшін

«Қазақ әдебиеті» газетінің сыйлығы беріліп, лауреат атандым. Ол кезде бұл сыйлықтың да, лауреаттықтың да беделі бар-тұғын. Алматыға жолым түсіп, басылымның жаухатшысы Қажығали Мұхамбетқалиевке жолығып қалдым. «Жұрт сияқты емессің, қасқа. Жоламайсың. Жуымайсың да, жумайсың да – деді ол әзілдеп. – Шерағаңа кіріп, сәлемдесіп шықпаймысың?»

Жүрексіне кірдім-ау сонда. «Ассалаумағалейкум!» дедім. Ол кісі: «Уағалейкумассалам!» ө деп, әжептәуір ықылас танытқандай еді. Артынша түксиіп, темекісінің күлін түнеріңкіреп түсірді. Жөткірінді. Алдындағы қағазға қарап, қателерді түзетуге кірісті. Біраздан соң ғана: «И-и-ә-ә, ке-е-ел», – деді. «Әңгімелеріме бәйге беріпсіздер, алғысымды білдіргелі кеп ем, аға». Көзәйнегінің үстінен қарады-ау сонда. «Алғысыңды бізге емес, бәйге алған әңгімелеріңе айт», – деді. Қабағын түйе түсті. Қағазына қайта үңілді. «Жақсы онда», – дедім. «Жақсы», – деді ол кісі. «Шерағаң жақтырмады. Бекер кірген екем», – дедім Қажығалиға. Ол қалай болғанын сұрады. Сықылықтап тұрып күлді. Ештеңе демеді.

Арада талай жыл жылжыған. Бір жолы Қазжазодақ басқармасының басқосынан шығып келе жатсақ, Шерағаң екінші қабаттағы көне диванда отырыпты. Жанында Сайлаубек Жұмабек бар. «Сұраған балаңыз мынау келе жатыр ғой», – деді Сайлаубек төгіліп күлетін әдетімен. «Шерағаң да бізді сұрайды екен-ау», – деп таңырқай жақындадық. Сәлемдестік. «Ақсу-Жабағылы қалай?», – деді Шерағаң күрсініп. Сосын үдете сөйледі: – «Көп болды бармағалы Ақсуыма-а-а. Көп болды көрмегелі. Жабағылымды-ы-ы-ей...».

Оңтүстікте, Шымкентте жүргеніміз болмаса, Ақсу-Жабағылыңызға, Түлкібас дейтұғын ауданға бармағалы қаншама жылдар өтті. Тіршілігі-тынысы, пейіл-психологиясы жат жұрттанып кеткендей ғой. Іштартпайды. Дей алмадық. Басшыларының көбі дерлік орыстардан немесе орыстанған қазекеңдерден. Дегіміз келген. Бірақ Шерағаңның өзі де шет жағасын біледі ғой. Сезеді ғой. Дегендейміз. Ішімізден.

«Қысқасы, Ақсу-Жабағылыны аңсап жүрмін. Сағындым. Араласам деймін. Биыл болмаса, ендігі жылы», – деді Шерағаң сонда. Желкемізді қасыдық. Күмілжідік.«Аға аралауға болады ғой. Бірақ сіздерге жағдай керек қой, – дедік. – Басшылары...».

Шерағаң Сайлаубектің қолын қысып, бұрап, ойнай бастады. Баланың қолын ұстаса осылай сөйтетінін ол кезде онша білмейміз. «Бізге басшылардың да, жағдайдың да керегі шамалы. Төрт бөлке нан болса, Ақсу-Жабағылының балбұлақтарына батырып жеп жүре береміз», – деді Шерағаң. Сайлаубек Қазжазодағыңызды басына көтере қарқылдап күлді. Екеуі қолдарын күрестірмекке кірісті. «Бопты онда, – дедік біз. – Келесі жазда күтеміз. Ақсу-Жабағылыда». Шерағаң үндемеді. Сайлаубек: «Төрт бөлке дегенге сенбеңіз, Түлкібастың тандыр нанына не жетеді?» – деді жеңін түріп отырып. Қол күреске даярланып.

Келесі жылыңыз Тәуелсіздігіңіздің лебі сезіле бастаған тоқсан біріңіз-тұғын. Сонда да аудан әкімдеріне әл-дәрменіміз жетпей, Тұтқабай Иманбеков ағамызды алға салғанбыз. Жаз ортасында Шерхан Мұртаза мен Қаратай Тұрысов екеуі Ақсу-Жабағылы қорығына кіреберістегі тепсеңге тігілген киіз

үйде керемет кештер өткізген. Ауданды аралап, оқырмандармен кездескен. Тұқаң да тізгін ұстап бірге жүрген.

Тәуелсіздік алғанан кейін Шерхан Мұртазаңыздың қаламгерлік һәм қайраткерлік тың тынысы ашылғаны аян. «Империяның улы жемістері», «Тәуелсіздік ешқашан сатылмайды», «Қажыгелдиннің қай сасқаны?», «Қазақстанның туы қандай болуы керек?», «Намыс пен рухты іздеу», «Сайлаудан соңғы ойлар», «Уыз бен көк шалап» деп жалғаса берді. «Тілдің кілті – Парламентте», «Депутаттық сауал» деп, ең белсенді, аса өткір, ұлт мүддесін қызғыштай қорғайтын халық қалаулысы бола білді. «Егемен Қазақстан» басылымының бетінде парасат биігіндегі публицист, қайраткер құрдасы Камал Смайыловпен жазысқан әңгіме-хаттарының өзі бүкіл қоғамға, күллі қауымға қалайша әсер еткені белгілі. «Елім, саған айтам. Елбасы, сен де тыңда!» деген кітап туды осылай. «Алтын сандықтың кілті кімде?», «Тәуелсіздік біреу», «Кім қорқынышты?», «Әкімдер ойланар ма екен?», «Жемқорлық, қулық-сұмдық, парақорлық», «Сатылмаған не қалды?!», «Адам құны» деп, ақырып теңдік сұрады Шерхан Мұртазаңыз.

Ай, енді көркем дүниелер жаза алмайтын шығар, жазбайтын шығар дейтіндердің миықтарын мысқыл түрте бастағанда ше, Шерағаң «Ай мен Айшаны» ұсынған. Заманауи зау-заңғар әңгімелерін жариялады. Бірінен соң бірін. Күндердің күнінде «Бір кем дүние» деп тағы да таңырқатты. Күллі оқырманын сүйсіндірді. Сүйіндірді. Орағаңдай қуанғандар көбейген.

...Тоқсан сегізінші жылыңыз-тұғын. Облыс әкімінің орынбасары Дархан Мынбай: «Шерағаңды Түлкібас ауданының әкімшілігі арнайы, Ақсу-Жабағылыға шақырыпты. Демалыс күндері барып қайтқаныңыз жөн болар», – деді. Қатты-қатты қуандық. Шүкіршілік. Тәубе. Дедік. Түлкібас-Түркібасыңыз жазушыны, Шерағаңды шақыра бастапты-ай. Шаттандық. Шаба жөнелдік. Туған ауданға. Оқырмандармен жүздесуінде ол кісі: «Түркі қағанаты да алауыздықтан, дүниеде таластан тоз-тозы шыққан. Сыртқы жауларға сыр алдырғандықтан сөйткен. Түркі қағанаты тарамағанда, мынау айдahар да, анау аю да басынбас еді. Көкбрі бәрінен биік тұрар еді. Түлкібас – Түлкібас емес, Түркібасы күйінде қалар еді», – деген.

Ақсу-Жабағылының Жасыл жазық алабында аппақ үй тігілген. Арша мен шырша өрнектеген үшкір төбелердің тепсеңдерінде өсетін гүлдер мен шүпір-шүпір шөптердің бәрі Шерхан Мұртазаның шығармаларында тұнып тұр. Шіліңгір шілде. Отызшақты студент жетекші апайларымен бірге өндірістік тәжірибеден өтіп жүріпті. Студент жастар да, апайлары да ақ қалпақ киіп, ақбоз аттың үстінде Алатаудай боп отырғанда Шерағаңды көріп, шалқаларынан түсердей таңырқайды-ай. «Қараңдаршы! Шынымен-ақ Шерхан ағай!» деседі. «Шерхан Мұртаза! Өзі-өзі! Дәл өзі!» деседі. «Міне, ертегі!» деседі. «Ай мен Айшаны» оқып жатырмыз. Аға! Қолтаңба қойып беріңізші», деседі.

Кешке қарай Жасыл жазық тепсеңіндегі аппақ үйде Шерхан Мұртазаны қоршап, бір қауым жұрт шүйіркелеседі. Арасында оқырман студенттер де, апайлары да бар. Ымырт үйіріледі. Ұлпа бұлттар қыземшек төбелердің үстін үкідейін сипалап барып ұшады-ай. Жұлдыздар үлкен-үлкен, жап-жақын. Алты қанат ақ үйдегілердің бәрі шетінен ақын, шетінен әнші боп кетті.

Шерағаңа да қолқа салынды. Қазақша шырқады. Қырғызшаға көшті. Кенет татар әні кетті сай-сайды қуалап: «Санду-ға-а-аш… Санду-ға-а-аш! Китмә-китмә, Санду-у-у-ға-а-аш!»

Таңертеңгілік. Күн шыққан шақ. Жасыл жазық алабы. Ақсу-Жабағылыңыз. Тұрар Рысқұловтайын тұлғаңыздың тікелей ықпалымен, сонау жиырмасыншы жылдарыңыздың басында құрылған қорық. Тәніртау. Шілде. Шераға...

«Мен торыққан кезде сіздің рухыңыз әл-қуат береді, Тұрар көке. Мен сізді түсімде көретін болдым... Тұрар көке, сіз сонда сол Шолпан Кебісті аймалап көп тұрдыңыз. Таң құланиектене, найза шыңдар сұлбасы сұстана көрінгенде сол шындардың үстінен шаншыла жарқырап Шолпан жұлдыз туған еді... Кім біледі, Шолпан Кебісті алып, Шолпан жұлдызға жол тартқан шығарсыз. Жол бастаушыңыз Теңбіл Торғай болған шығар. Сіз өз жоғыңыздан гөрі өзгенің жоғын көп іздеп, сол мінезіңізден бұл жалған дүниеден ерте кеткен жансыз ғой. Сол мінез о дүниеде де қалмай, Шолпан жұлдыздың жоғалған Кебісін апарып бермек болып, мені жалғыз тастап кеттіңіз білем...» Дейді. «Тамұқ» кітабының соңында.

Шерағаң түү-у биікте тұр екен. Жуалы жаққа, бәлкім Манас шыңына қарап. Кенет күн шықты. Күн шынар сәтте жылдам көтеріліп, айналасын алмас жарқылды, жіп-жіңішке жалын шашқан Жебе-сызық жиектей орап өтеді екен. Алғаш мәрте аңғардық-ау сонда.

Шерағаң Шолпан жұлдызыңыз туардан әлдеқайда бұрын тұрып, шығандап кеткен екен. Кейін білдік. «Шерағаң шыңда тұрғандай-ә?!» деп таңданысты. Жұртыңыз.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 15 қыркүйек 2017 жыл.

АҢЫЗ ШЕРХАН

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК

Ұстазды ұлы деудің айыбы жоқ. Ұлы ұстаз дүниеден өткен күні үлкен апа телефон соқты. Көңілі бекер қобалжып тұрған жоқ. Жақсы көретін немересінің аты – Шерхан. Қарғадай болсам да қалам ұстап жүрген соң құрметтеп, атын маған қойдырған. Ойланғам жоқ, «Шерхан болсын» дедім. Шерхан қалған үш бауырынан бөлек болып өсті. Ұлы атасына түр-түсі ұқсар-ұқсамас, бірақ мінезі ұқсайды. «Ай мен Айшаны» оқы да, бала Шерханды көр. Бұл Шерхан бала күнінде бөлтірік асыраған. Орманшының оқуын бітіріп, ауылдағы үлкен апасының қасына кетті. Басқалары шаруаның бәрін соның мойнына артып тастап, қуана-қуана қалаға келіп алды. Айтайын дегенім ол емес.

Жақында мен де тауға барып келдім. Таудың арасы, орманның іші, өзеннің жағасы. Жартастан шып-шып шығып тұрған тамшыларды көрдім. Жартастың көз жасы сияқты әсер етті. Қаталдық пен мейірімділік қатар өмір сүре береді екен-ау деп ойладым. Шерхан Мұртазаның да қолына бір тал гүл

ұстап тұрғанын көргенім бар. Самарқанның көк тасындай еріп тұр. А.С. деген қас талант бір мұңлы арудың алдына «Иә» ма, «Жоқ» па?» деп жазып кететін. Оң жақта отырып қалған мұңлы арудың неге «иә» демегеніне таңғалдық. Сол мұңлы ару Шерхан Мұртазаның берген жалғыз тал гүлін қабыл алды. Кейін «Асыл адамға неге бір перзент сүйгізбедім?» деп жылады.

Ең алғаш кезекшілікке түскенім әлі есімде. Қойдың кезегі сияқты. Беттер дайын болғанда Шерағаңа хабарластық. Тау сағасындағы өнержайда екен. Беттерді сол жерге алып келуді бұйырды.

Тік тұрған күйі он алты бетті бір талдап көз алдына тосып қарады. Қарап болған беттер құс қанатындай қалықтап барып, үстелдің үстіне қонақтап жатыр. Сахнада Сталиннің рөлін ойнап тұрған секілді. Өзінің ата жауына ұқсағысы келген адамдар болады. Рухани әкесі Тұрар Рысқұловты да Сталин алды, өзінің туған әкесі Мұртазаны да Сталин алды. Содан да бәлкім Сталин секілді қатал болып кеткен шығар.

Шерағаңның алдына ең алғаш кіргенім есіме түседі. Ол кезде мен жиырма бес жаста едім. Гагарин ғарышқа ұшқан жылы туғам. Шерағаң елу төрт жаста болатын. Аштық жылы туған. «Қазақ әдебиетінде» шыққан екі әңгімемді ұнатып шақыртыпты. Алайда алдына кіргенде жақсы көріп тұрғанын көргем жоқ. «Қызыл жебе» романында: «Арыстанның еміренуі өзінше. Тіпті туған баласына мейірі түскеннің өзінде түрі ашулы сияқты көрінеді», – деп жазғанын кейін оқыдым. Жазушылар біреу туралы жаздым деп ойлайды, шындығында өзі туралы жазады. «Жұмысқа қабылдандың!» деген бір ауыз сөз жаңа тігілген отаудың қазығын қаққандай нық естілді.

«Қызыл жебеден» алынған жоғарыдағы сөйлемдердің астында: «…бірте-бірте мұздай жүрек жібиін деді» деген сөз тұр. «Мұздай жүрек» деген сөзге еріксіз аял қыласың. Екінің бірі қолдана бермейтін метафоралық тіркес. Абай атамызда екі сөздің бірі. Жүрегінің басына мұз боп қатқан не?

Ол кезде «Ай мен Айша» әлі тумаған. Қабағын құрсаған кірбіңнің сыры бізге жұмбақ. Сөйткен Шерағаңның да мұздай жүрегі бірте-бірте жібиін деді. Жұмысты жақсы істесең, бала демей, шаға демей, еңбегіңді адал бағалайтын басшы.

Шерағаң қабарған қалың қабақты, ширығып сөйлегенде шүршиіп кететін еттілеу ерінді кісі. Бірақ толық денелі емес, қайың қаптал деуге келетін күрестің адамы. Бастық болып кеңседе отырғандай емес, түн қатып түзде жүргендей шымыр. Оның қасында сол кездегі тағы бір мықты бас редактор Сейдахмет Бердіқұловтың бет-жүзі тұнған сәби-сурет. Көздері үшбұрыштана боталап тұратын. Сол кісінің: «Шерхан ағаларың әйелінің перзентханаға түсіп жатқанына қарамай, жолсапарға шығып кеткен», – деп балаша таң-тамаша қалып айтқанын естідім. Өмір бақи өзін-өзі қайрап, шыңдап, шыңдауылдай қағылып-соғылып өскен жанға берген бағасы осы. Шындығында Шерағаң күтпеген жерден шыға келіп, қапыда бас салатын жаналғыштың қатеріне қай кезде де дайын болған адам.

Мен дегенталайды бір шайнап тастағаннан қалдырмайтын қарсыластары да оңай адамдар емес. Бірде Жазушылар Одағында Шерхан Мұртазаны «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметінен кетіруге арналған ашық партия жиналысы болды. Соның алдында ғана партия ұйымы хатшысының

қалбалақтап, ана кабинетке бір, мына кабинетке бір шапқылап жүргенін көргенбіз. Кейде тағдырыңды шешетін орындарға білімсіз біреулерді әдейі қоқитып қойып қояды. Ал Шерағаңа жабылғандардың өздері қазаққа бір-бір ту болып жүрген кісілер. Біздің көз алдымызда арыстандай болып жүрген ағаларымыз шиебөрілердей қаңсыласты. Отыз жетінші жыл болса, Шерағаң бірден ұсталып кететіндей айып тағылды.

Бір сәт шынында да отыз жетінші жылға тап келгендей, мінбер жақтан суық леп соқты. «Пантюркистік идеяларға берілген», «шығармасынан пантюркизмді насихаттайтын тұстарын қысқартып тастауды ұсынғанымызда тыңдамаған» дегендей сындар айтылды. Құдды «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» роман-хамсасының кейіпкері Тұрар Рысқұлов ұмытылып, орнына Шерхан Мұртаза жауап беріп тұрған секілді болып көрінді. «Кеңестік энциклопедиялық сөздікте»: «Пантюркизм – ХХ ғасыр басында пайда болған түрік буржуа-зиялық-помещиктік тобының реакциялық шовинистік доктринасы», – деген анықтама бар. Сонымен бірге Түркияның басшылығымен түркі тілдес халықтарды біріктіруді үгіттейтіні келтірілген. Ал романның бас кейіпкері Тұрар Рысқұлов сол идеяның жетегінде болып, түркі тілдес елдердің туын көтергісі келген тұлға. Тұрар Рысқұловты қайта тірілтіп әкеліп жазалау ешкімнің қолынан келмейді. Ендеше кейіпкердің орнына авторды жазалап жіберу қолда тұрған шаруа сияқты.

Шерхан Мұртаза қазақша сөйлесе, жеңілетінін білді. Мінбеге шықты да, орысша сөйледі. Ауылды жерде мектеп бітіргенмен, оқуды Мәскеуде оқыған. «Шығармамның күдікті жерлерін қысқартам» демеді, «ойбай, айыптымын» деп кешірім де сұрамады. Қайта желкесі күжірейіп, рухтанып кетті. Тұрардың туы романда бір желбіресе, мінбеде екі желбіреді. Намысы биік адамның шамырқанғаны залды да дүрк көтеріп әкетті. Мәжіліс залында отырғандар түгел қол соққанда, әлгі жиынды ұйымдастырушылар бастарын еріксіз төмен салды. Басқасын айтпай-ақ қояйын, Шерағаңды бір құлатқысы келген адам, ол Бекежан Тілегенов болатын. «Жұлдыз» журналының бас редакторлығын пәленбай жыл атқарды, Орталық Комитеттің идеология саласында түгенбай жыл жауапты қызмет істеді. Өзі де роман жазып, жазушылықтың азабын бір кісідей көріп жүрген адам. Шерағаңа өздігінен ұрынбаған шығар, тапсырмамен істеген болар. Кім білген, бірақ.

Жазушы Дидахмет Әшімханұлының «Бір пойыз бір ауыл ел құсап сыңсып көшіп бара жатты» дегендей бір сөйлемі бар еді. Жолма-жол есіме түспей тұр. Пойызға мінген сайын ойыма келеді. Анда-санда жазушылармен бірге мерейтойға барғанда міне, сонда ғой бір қауым ел құсап жөңкілетініміз. Сондай сапардың бірінде Шерхан Мұртаза, Мұхтар Мағауин, Сайын Мұратбеков, Рамазан Тоқтаров, Ұлықбек Есдәулет, Жоламан Тұрсынбаев, тағы біраз танымал адамдар бәрі бір пойызға, бір пойыз болғанда да бір вагонға отырды. Ол сапардың қай жылдың есебіне кіретінін оп-оңай есептеп шығарып алуға болады. Әкім Тарази алпыс жасқа толып, соны атап өтуге кетіп бара жатқанбыз. Шерағаң жұмыста қамаудағы арыстандай күркіреп жүрсе, сапарға шыққанда ормандағы аң патшасындай дүркіретіп жүреді. Татарша әнді бір қайырып, әзіл-қалжыңды екі қайырып, айналасын да арқаландырып тастайды.

Бірақ екі жазушы купеден шықпай қойды. Біреуі Мұхтар Мағауин, екіншісі – Сайын Мұратбеков. Шерағаңмен араларында салқындық бар деп естітінбіз. Біз үшін бірінен бірі кем емес. Мұхтар Мағауин Мұхтар Әуезовтердің, Сайын Мұратбеков Бейімбет Майлиндердің көзіндей адамдар. Сол екеуі купеден шықпай отыр. Соның алдында ғана Мұхтар Мағауин менің тазы ит туралы бір әңгімемді Таласбек Әсемқұловқа айтып, Таласбек орысшаға аудартқан. Тап сол кезде мен Шерхан Мұртазаның қоластына бара қалыппын. Тағдыр жолы деген сол. Біреу бетімді түзеп жіберсе, Мұхтар ағаның қоластынан шықпақпын. Онда, әрине, жол басқа арнаға түсуі мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, бір вагонның ішінде болған сол оқиға маған ауыр тиді. Менің басымдағы жағдай басқалардың да басында болмауы мүмкін емес. Сөйтсек ол Шерағаңның да жүрегіне тікендей қадалып келе жатыпты.

Анда-санда айналасын түгендеп қойып отырған. Бір кезде орта толмай тұрғандай қоңылтақсыды. Бәріміз сыртынан көз тіккен көрші купеге барды да, есігін серпіп ашып жіберді. Іштен шекелері торсықтай болып екі асыл ағамыздың әр-әркімге армандай болған бейнесі жарқ етіп көрінді. Біреуге Ғабит Мүсіреповке арнап шығарған өзінің «Қыз-қарағай» атты әні туралы айтып тұрған Жоламан Тұрсынбаев қылғынды да қалды. Сол кезде неге екенін білмеймін, Әкім Таразидың денесі күптей боп ісініп тұрғандай көрініп еді. «Осы кісі ауыра ма екен?» деп бір ойлап қойғам. Аллаға шүкір, кімнің арқасы болса да, қазір сексен бес жасқа толып отыр. Өзінің сол алпыс жылдық мерейтойына кетіп бара жатқан соң, Әкім Тарази да селт етіп бері бұрылды.

– Қос рельс құсап ажырамай отырғандарыңа болайын, – деді Шерағаң өзінің әдеттегі тұрысымен есік көзінде қалбайып тұрып. – Мына табанымыздың астындағы шойын жол біз бір жаққа бұрылайық десек те бұрғызбайды. Өгіздей өкіріп жер сүзген пойызыңның түрі мынау. Бір вагонға қамалып осы кеткеніміз кеткен. Біреуді жақтырмадым екен деп, айдалаға түсіп те қала алмайсың, басқа жолға түсіп те кете алмайсың. Барар жеріміз де, қонар жеріміз де біреу, ағайындар. Бұл пойыз Нұқ пайғамбардың кемесі емес шығар, бірақ тап қазір біз үшін сол кемеден бір де кем емес. Жүріңдер, бірге отырып ас ішейік!

Қас-қағым сәтте олардың отша шарпысқан көздерінің ұшы кәдімгідей нұрлана қалғанын көрдім. Үшеуінің де бірер секундқа ұшқындай қалған жанарлары бірін-бірі өзімсіне аймалап өтті. Өкінішке қарай, мен ғана байқаған ол жылылық онша көпке созылған жоқ және басқа ешкім байқап та үлгермеді. Оны көру үшін де көз керек немесе бір жар болмай, бәрін бірдей жақсы көру керек. Сөйтіп келген ағаларымыз Билікөлдің жағасына бір қонып шыққаннан кейін бір үйдің балаларындай арқа-жарқа болып отырды. Рамазан ағамыздың шашы ұйпалақтанып кеткен екен, қол айнаны алып қарай бергенде:

– Әй, айнаға байқап қарашы, андағы шашыңды көріп шошып талып қаларсың, – деп сақ еткізді Шерағаң.

Оған да бәрі жарыла күлді. Бір-бір сеңгір боп әр жерде тұрғандардың басы жиылып, бір тау болды. Бау-райында біз жүрдік, бізді күткен ел жүрді. Бұл күнде Сайын Мұратбеков пен Рамазан Тоқтаров ағаларымыз о

дүниелік болған. Әкім Тарази Астанада, Мұхтар Мағауин шетелде тұрады. Шерағаңды осы қоңыр күзде ғана қайтпас сапарға шығарып салдық. Олардың өкшесін басқандардың да қаншасы кетті. Рақымжан Отарбаев Арал туралы мақаласына «Атырауи» деп қол қойғанда, Шерағаң: «Жүрейік сол, біреуміз Тарази, біреуміз Атырауи боп!» – деп көзін аспандата алайтқан. Атыраудан Әбіш Кекілбайұлын қасына ерткен Шерағаң, кейін Әбіш ағаға етене Рахымжанды да ортасына тартты. Шығыстан Оралхан Бөкейді нөкер қылған Шерағаң, кейін Оралхан ағаға етене Дидахметті де қарамағына алды. Бұдан артық қазаққа қандай үлгі керек?! Осы аталған Әбіш Кекілбайұлы да, Оралхан Бөкей де, Дидахмет Әшімханов та, Рахымжан Отарбаев та қазір өмірде жоқ, бірақ соңдарында қандай із қалды десеңізші!

Қордайдың қоңыр құлжасы қазір мүйізі сырқырап жабырқап ол жүр. Оны Қордайдың қоңыр құлжасы атандырған да Шерхан Мұртаза.

Шерағаң Алматы мен ауылының арасын жол қылып, ары-бері өткенде қос тігетін Несіпбек Дәутайұлы сол. Шерағаңмен қос тігіп күтіп, қона жатып әңгімелескен адамының бірі. Олардың әңгімесі кәкір-шүкір әңгіме емес. Толстойдан бастайды, Әуезовке тоқтайды, Айтматовпен аяқтайды. Әрине, сөздің тұздығын Абайдан келтіреді. «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым– тап шыным!».

Рухани іні деген кейде туған бауырыңнан да жақын болып кетеді. Несіпбек Дәутайұлының өзі де қазір жетпістен асты. Ел арасында кісіліктің әңгімесін айтып жүретін азамат. Жамбыл облысында Серік Үмбетов әкім боп тұрғанда олар Шерағаң үшеуі аға дос, іні дос болды. Біздің білуімізше, «әкім қара» деген тіркесті Шерағаң ойлап тапқан. «Қара тұтайық, тұлыпқа қарап мөңіреген бұзаудай болып жүрмейік» дейтін. Шенеуніктерді шенеп сөйлеуге бейім қаламгер Серік Үмбетовке келгенде: «Екі облысқа әкім болды, халқына жақын болды», – деп жазыпты. Әсіресе үлкен саясатқа араласқан адамдар үшін сертке берік болу, уәде сөзінде тұру жақсы қасиет екенін айтыпты.

Сонымен Шерағаң Алматыдан шығып, ауылына жол тартады. Қордайда Несіпбек Дәутайұлы күтіп алып, өзінің туған жері Иірсуға апарады. Иірсу Кенен Әзірбаев мекен етіп, оған Жамбыл атамыз қонаққа барған жер екен. Кененнің жұртында Кененнің көзіндей көретін бір тас бар көрінеді. Ондайды Шерағаң аттап өткен емес. Несіпбек Дәутайұлы: «Жамбыл жәкемнің жамбасы тиген тас», – деп, Шерағаңды сол тасқа таққа отырғызғандай әспеттеп отырғызады. Содан шабыт алған Шерағаң одан әрі Терісөзеннің жағасына барып демалғанды да теріс көрмейді. Шерағаңның батасымен Серік Үмбетов бәрі «Жамбыл» журналын шығаралық деп бәтуаласатын жер осы жер.

Әңгімені одан әрі тереңдетсек, Шерағаңның өміріне Кенен атамыздың кенже қызы Ақбілектің қалай аралас-қаны ойға оралады. Алма мен махаббаттың жалғыз белгісіндей боп, Жуалыда атқамінерлер салып берген үй ғана тұр.

Ол үйдің қалай салынғаны да елдік пен кісіліктің көшелі көрінісіндей еді. Белгілі қоғам қайраткері Асанбай Асқаров басшы болып тұрғанда, бір жолы есіне түсіп, Кененнің жайын сұрайды. Естіген әңгімесіне қанағаттанбай сәлем бере барса, Кенен ақын ескі тамда жұпыны ғана ғұмыр кешіп жатыпты. «Мұнымыз елдік атымызға сын болар» деп, орталықтан еңсесі көтеріңкі

жаңа үй салдырып беріпті. Ол үй қазір мұражайға айналып, кейінгі ұрпақтың игілігіне жарап отыр. Туған жерде Шерағаңның шаңырағы дейтіндей бір үй тұрғызу осындай игі ниеттен туған. Ол жұмысты әуелі Жамбыл облысын басқарып тұрған кезінде Амалбек Тшанов қолға алған екен. Бірақ бос тұрған дайын үйді қайта жөндеуден өткізіп жатқанда қызметі ауысып кетіпті. Одан кейінгі әкім Шерағаңның орнын онша-мұнша түсіне қоймаған болса керек, шаруаны жарты жолдан қаңтарып тастапты. Серік Үмбетов Жамбылға басшы болып келгенде осы әңгіме алдынан шығады. «Ескі үйді жаңалап не жанымызға зор келді?» деген әңгіме туады. Бұл нарықты да нардай ноқталап мініп, ел-жұрт еңсе көтеріп қалған кез екен. Сол тұста аудан басқарып тұрған әкім Ермек Үсенбаев бар аманатты өз мойнына алыпты. Көп жыл жыр болған үй ақыры салынып бітіп, Шерағаң жылда жазда үш-төрт ай ел ішіне келіп тұратын болыпты.

Анда-санда ауыл сыртында біреу қалбайып атқа мініп бара жатады дейді. Атқамінер біреу ме дейін десе қарапайым, мал қараған біреу ме дейін десе асығыс емес. Бірақ келімді-кетімді қонақтарының көлігі түзу. Ел әлгі салт аттыны қара тұтып, кәдімгідей бой үйрете бастаған екен. Бір күні оның үйіне екі аттылы кісі келіп түсіпті. Ағалы-інілі адамдардай шұрқырай амандасып, жай сұрасқан соң мынандай сыр шертіледі. Шерағаңның ауылға келіп, ел ішінде тұрып жатқаны айналасына тегіс мәлім болған. Қашан көрсең де шұқшиып жазу жазып отырады да, қаламнан қол босағанда атқа мініп, қырға шығып, қыдырыстап қайтады. Осыны естіп шыдап жата алмаған шекаралас ауданның әкімі Дархан Мыңбай Өзбекстанның Замин деген ауданындағы атақты бір шеберге арнайы ер-тұрман жасатып әкеліпті. Мұны көрген Шерағаң: «Атым жақсы, бірақ ер-тұрманы тозыңқы еді, енді Ақсу-Жабағылыны аралап қайтсам да болады», – деп көтеріліп қалыпты. Дарханның қасындағы серігі Пердебай Тәңірбергенов Шерағаңның атына сол жерде ер-тұрманын салып, айыл-тартпасын тартып беріпті.

Жуалы Жамбыл облысында болғанмен, Оңтүстік Қазақстанмен де қойындасып жатқан аудан. Әсіресе малы мен жаны бөлек саналатын екі облысты бір Шерағаң біріктіріп жібергендей туыстаса қалады. Жамбылда Несіпбек болса, Шымкентте Мархабат Байғұт бар. Мархабат ағамызға арнайы хабарласып, бір-екі ауыз естелік сұрадық. Мархабат Байғұт туған әкесін жоқтап отырғанымыздай алдымен: «Сізге Алла разы болсын, Шерағаңның аруағы разы болсын», – деп хат жазып жіберіпті. Сондағы айтқан Мархабат Байғұттың әңгімесі мынау: «1982 жылы екі әңгімеме «Қазақ әдебиеті» газетінің сыйлығы беріліп, лауреат атандым. Алматыға жолым түсіп, газеттің жаухатшысы Қажығали Мұханбетқалиевке жолығып қалдым. «Жұрт сияқты емессің, қасқа. Жоламайсың. Жумайсың да, жуымайсың да, – деді ол әзілдеп. – Шерағаңа кіріп, сәлемдесіп шықпаймысың?»

«Уағалейкумассалам!» деп, әжептеуір ықылас танытқандай еді. Артынша түксиіп, темекісінің күлін түнеріңкіреп түсірді. Жөткірінді. Алдындағы қағазға қарап, қателерді түзеуге кірісті. Біраздан соң ғана: «И-и-ә-ә, ке-е-ел», – деді. «Әңгімелеріме бәйге беріпсіздер, алғысымды білдіргелі кеп ем, аға». Көзәйнегінің үстінен қарады-ау сонда. «Алғысыңды бізге емес, бәйге әперген әңгімелеріңе айт», – деді. Қабағын түйе түсті. Қағазына қайта үңілді.

«Жақсы онда», – дедім. «Жақсы», – деді ол кісі. «Шерағаң жақтырмады. Бекер кірген екем», – дедім Қажығалиға. Ол қалай болғанын сұрады. Сықылықтап тұрып күлді.

Арада біраз жыл өткенде Қазжазодақ басқармасының бас-қосуынан шықсақ, Шерағаң екінші қабаттағы көне диванда отыр екен. Жанында Сайлаубек Жұмабек бар. «Сұраған балаңыз мынау, келе жатыр ғой», – деді Сайлаубек төгіле күліп. «Шерағаң да бізді сұрайды екен-ау» деп таңырқай жақындадық. «Көп болды. Ақсуыма бармағалы-ы-ы, Көп болды Жабағылымды көрмегелі-і-і-е-ей…» деп әндетті. «Қысқасы Ақсу-Жабағылымды аңсап жүрмін. Барып, араласам деймін», – деді. Желкемізді қасыдық. Күмілжідік. «Аға, аралағанға болады ғой. Бірақ, сіздерге жағдай керек қой, – дедік. – Ауданның басшылары... біртүрлілеу дә...».

Шерағаң Сайлаубекпен қол күрестіріп отырып: «Бізге басшылардың да, жағдайдың да керегі шамалы. Төрт бөлке нан болса, Ақсу-Жабағылының балбастауларына батырып жеп жүре береміз», – деді. Тұтқабай Иманбеқұлын араға салып, аудан басшыларын икемге келтіріп, келесі жылы Шерағаңды Ақсу-Жабағылыға шақыртқанымыз жадымызда жаңғырады-ай…».

Шерағаңның ол сапарлары жәй сапар емес. Қордайға ғана барып, Жуалыда ғана жатып алған жоқ. Шығыстағы Қатонқарағайға да барды, Абыралыны да көрді, Атырауда да жүрді. Елдің мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Оны көркем шығармалары мен публицистикалық мақалаларында ғана жазып қойған жоқ. Соның бәрін Парламентте көтерді, Президенттің алдында айтты, Үкіметтің алдына мәселе етіп қойды. Шерағаңның Парламенттегі аңыз болған сөздері әлі күнге ел жадында жүр. «Айыр тіл жыланда ғана болады, ал адамда тіл біреу», «Жерді сату – Анаңды сатумен тең» деген сөздері, Есенғали Раушанов айтпақшы, бұл күнде афоризмге айналып кеткен. Соның бірін Дархан Мыңбай былайша есімізге салды: «Жас кезімізде Парламентте ілеспе аударма жасайтынбыз. Бір күні Ресей Атом және энергетика министрлігінің өкілдері келді. Басшысы министрдің орынбасары, қасындағылары да осал емес, кілең генералдар. «Соңғы сынақ жасауға рұқсат беріңіздер. Абыралыда жарылыс жасайтын шұқырларын қазып қойып едік», – дейді. Осы мәселемен Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа шыққа, ол кісі «Парламент шешсін» деп жол сілтеп жіберіпті. Сонда Шерағаң Парламентте: «Қолтырауын деген бір хайуан бар. Жемтігін жұтардың алдында көз жасын сығып-сығып алады екен де қылғытып жібереді екен. Сендердің үйіп-төгіп береміз деген өтемақыларыңа әр отбасына 15 бөлкеден ғана нан келеді. Ол қаншама жылдан бері ядролық сынақтан зардап шегіп келе жатқан халықтың қай жеріне жұқ болады?!» – деді. Сөйтіп соңғы сынақ сол күйі жасалмай қалды».

Қош, сонымен Шерхан Мұртаза біраз жыл ауылға барып тұрды. Оның ендігі өмірі балық аулап жүрген Шолоховтың өміріндей деуге де болады. Бірақ, Оралхан Бөкей: «Шераға, төменге бір қараңызшы, біз көрінер ме екенбіз?» дегендей де уақыттар болған. «Қазақ әдебиетін» де шығарып, «Қызыл жебені» де жазып, «Жанпиданы» да аударуға уақыт тапқан. «Қара маржан» романы үшін мемлекеттік сыйлық алған. Екі-үш мәрте депутаттыққа сайланған. Қай жерде де найзаның ұшындай болып, сөздің ең өткір ұшында жүрген. Қаламгерлік пен қайраткерлік самұрықтың қос қанатындай қай

биікке алып ұшпады десеңізші. Қолы бос, қаламы азат, енді не істейді? «Сен қайдан келдің?- дегенде бір данышпан: – Мен Балалықтың елінен келдім, – деген екен». «Ай мен Айша» романының алғашқы жолдарындағы осы сөздер бәрін айтып тұр.

Бұл кітаптың жанрын «роман-притча» деп қоюға да болады. Мұнда көпті көрген адамның балалық шағы суреттеледі. Әр эпизодының басы бар, аяғы бар, оқуға жеңіл тартымды жанр түрін таңдаған. Автор өз өмірін жазып отырса да, оқиғаның ішіне мінбелеп кіріп кетпейді. Қас шеберлік кейіпкерімен бірге егіле жөнелмей, сырттай бақылап жазудан да көрініс тапса керек. Көзіңнен жас, қаламыңнан қан тамып отырып жазсаң, ол әншейін жылауық дүние ғана болып қалуы мүмкін. Кейбір жазушылар кейіпкерлерімен бірге ебіл-дебілі шығып егіліп жазады, бірақ оқырманы егілмейді. Әсілі нәзік лиризм қатал реализммен астасқан жерде бос көлгірсуге орын болмауға тиіс. Шерағаңның қаламына әлем классиктерінің жеке адамның өмірін жаратылыстан бөле-жармай, біртұтас күйінде алып жазатын тәмсілдік тәсіл тән дер едік.

Шерағаңды шығармашылық тұрғыда етене түсінген қаламгердің бірі Айгүл Кемелбаева. «Шерхан ағада нағыз қазаққа тән мәрттік бар, – деді Айгүл телефон соғып әңгімелескенімізде. – Елдің ол кісіні жақсы көретіні сондықтан болар. Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясында қазақ руларын алмас қылышқа теңейді. Мәрттік алмас қылыш сияқты адам баласының бойындағы ең асыл қасиет деп санаймын. Айшаның мұң-зарын көктегі айға айтуы қиял да, әлсіздік те емес. Қиын-қыстауда ұрпағын аман алып шығатын қайсар қазақ әйелі, Шерағаңның аяулы анасы менің де кейіпкерім болды».

Айгүл «Ай мен Айша» романын 1995 жылы оқыпты. Жазушының екі шығармасының негізінде инсценировка жасапты. Ол туынды Шерхан Мұртазаның 80 жылдық мерейтойында бас жүлде алған. М.Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ драма театры қолқа салған екен. Бірақ әзірге сахнаға қойылудың сәті түспей тұрған көрінеді. Сол дүние биыл «Театр» журналында жарияланыпты, атауы – «Жесірлер». Онда бала Шерханның өзінің де бейнесі бар. Шерағаңның өзі мен анасының ақиқи бейнесін сомдаған алғашқы туынды.

«Жаны жомарт Шерағаңда кішіні менсінбеу, өзінен асырмауға тырысу пиғылы ырымға жоқ болатын, – деді Айгүл. – 2001 жылы күзде, ұмытпасам, қазан айы, «Жас Алаш» газетінде белгілі журналист Назира Байырбек Шерағаңмен үлкен сұхбат жасаған болатын. «Кейінгі жастардан Айгүл Кемелбаеваның прозасын іздеп жүріп оқимын» – депті Шерағаң. Дуалы ауыздан шыққан бір ауыз сөзден соң қилы реакцияларды көрдім. Даттауды, тіл тигізуді, қисынсыз күдік айтқанды, сүйсінгенді де. Оның бәрі әншейін пендешілік қой. Шерағаң туралы бір мақалам 2012 жылы жарық көрді, «Сөз хикмет» атты кітабыма енді. Ендігісі Шерағаңның өз бейнесі, анасы Айша бар инсценировка жерде қалмаса екен деймін. Шерағаңның рухы өшпесін».

«Енді бітті, таусылды» деген Шерағаң осылайша тағы бір жұлдызды жол салды. «Осымен бойындағысын сарқып берген шығар» дегенде, «Бір кем дүние» жарқ ете қалды. «Бір кем дүние» қазіргі тілмен айтқанда нағыз «hit» болды. «Бір кем дүниенің» мысал болмаған жері жоқ. «Бір кем дүниенің»

үзіндісі басылмаған газет жоқ. «Бір кем дүниені» көшіріп баспаған сайт та қалмады. Қала берді ол, күнделікті айтатын сөзіміздің сірағасына да айналды. «Ай мен Айша» жылатса, «Бір кем дүние» жұбатты. Шерағаңның қайсар қаламын ауру алып жықпағанда, тағы бір қайрат көрсетуі бек мүмкін еді. Өйткені ауыл сыртындағы салт атты қырға қарай қалбайып бекер кетіп бара жатпайтын.

Шерағаңның қызметтік ақ «Волгасы» бар еді, оған неге мінбегеніміз есімде жоқ. Сол жолы Шерағаңмен бірге қайда бардық, оны да ұмытыппын. Бірақ қазіргі Достық көшесі мен Абай даңғылының қиылысы екенін анық білем. Басқасын ұмытып, оны неге ұмытпағанымның себебі де бар шығар. Астымызда қунақтай бір «Жигули» болған сияқты. Жаңылыспасам, рөлде Шерағаңның ұлы Батылжан отырған болуы керек. Себебі, қиылысқа келіп тоқтағанда, алдымыздан қызғалдақтай құлпырып көп қыздар өтті. Сол кезде Шерағаңның үйленбей жүріңкіреп қалған ұлына: «Әй, бұлардан артық хор қыздарын қайдан табасың?» – деп шамырқана тіл қатқаны есімде қалыпты. Батылжанға тартына-тартына телефон соққанымда, сол есіме түсті. «Шерағаңның халін сұрап шықсам ба деп едім», – дедім. «Аса қажеттілік болмаса, мазасын алмаған дұрыс шығар», – деген жауап алдым. Түсіндім...

Өмір бойы елдің басындағы кеселмен алысқан адам, енді өз бойындағы кеселмен күресіп жатыр. Қасында қызы Алма мен ұлы Батылжан күзетіп отыр деп естиміз. Оны-мұны жағдайын жасап, сол күндері де ұмытпай барып-қайтып жүрген Серік Үмбетовтердің жөні басқа. «Таныды, танымағанда» деп, ол кісі де сыр бергісі келмейді. Бірақ, қанша қимастыққа салсаң да, ендігі бет алыстың жайы белгілі болып қалғандай еді. Біз сөйтіп Шерағаңмен ұзақ қоштастық. Құдды «Бір кем дүние», «Бір кем дүние», «Бір кем дүние» деген сөз миымызда да, маңайымызда да күбірлеп, сыбырлап тұрғанға ұқсады.

Кеңсайдың бір биігінде Бауыржан Момышұлы жатыр. Шерағаңа топырақ сол биіктің етегінен бұйырды. Кезінде Кеңсайдың бастығы Гроза деген біреу болған екен. Баукеңе әлгі жерді қимаған ба, бір бәле. Сонда Шерхан Мұртаза мен Сайын Мұратбеков тартқандай ғып алыпты деседі. Ақыры сол жердің төменгі жағына өзі барып жатты.

Менің көңілі жақсы ағам «үш уыс топырақ салдым» деді. «Бірі өз атымнан, екіншісі бала-шағамның атынан, үшіншісі елімнің атынан». Шерағаңа өмірде де іні болған, төсек тартып жатқанда да қасынан табылған, жер қойнына берілгенде де басында тұрған сол кісі де: «Бір кем дүние» деп күбір етті.

Ертесіне таудан патырлатып түскен Қордайдың қоңыр құлжасы, Жуалыдағы иесіз үйге тұмсық тіреп бір-ақ тоқтады. Үй сыртында «кім бар-ау?» дегендей бөгеліп, мүйізін олай да шайқап тұрды, бұлай да шайқап тұрды. Содан соң адам кейпіне енді де, есікті жәйлап ашып ішке кірді. Үстін адақтап шықты да, астындағы ұраға түсті. Қолжазбалар, суреттер, бір чемодан, тағы біраз заттар бар екен. Бәрін жиып-теріп алды да, кімге аманаттаймын деп дағдарып қалды. Бірақ ол заттар иесіз қалған жоқ. Шерағаңның тағы бір рухани інісі Дархан Қыдырәлінің қолына тапсырылды. Өйткені «Егемен Қазақстан» да Шерағаң жан бітіріп, қан жүгірткен қарашаңырақ болатын.

Қоңыр құлжа сыртқа шықты да, қайтадан хайуан кейпіне еніп, кердеңдеп тұра қалды. Ауыл сыртында бір салт атты қалбайып, қырға қарай

қыдырыстап кетіп бара жатыр екен. Аңшы ма дейін десе, иығында мылтығы жоқ, мал қараған біреу ме дейін десе, қолында қамшысы жоқ. Бір кем дүние деген, міне, осы!

«Ақ желкен» журналы, №11. Қараша, 2018.

ШЕРАҒАҢНЫҢ БІР АУЫЗ СӨЗДЕРІ

Серік ЖҰМАБЕКҰЛЫ

1993 жылдың жазында Республикалық Ішкі істер министрлігінің «На страже – Сақшы» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары қызметінде жүрген жерімнен «Егемен Қазақстан» газетіне бөлім меңгерушісі болып ауыстым. «Егемендегілер» бұрынғы Бас редакторы Шерхан Мұртаза жайында жылы-жылы әңгімелер айтатын. Ол кісінің жазушылығы өз алдына, журналистика саласындағы еңбегінің өзі бір төбе. Шерағаң қай басылымға басшы болып барса, сол жерде елді елең еткізер жаңа бір тақырыптар бой көтеретін.

Тоқсаныншы жылдардың басында Ш. Мұртаза Жоғарғы кеңестің депутаттығымен қоса «Егемен Қазақстан» газетінің Бас редакторлық қызметін қоса атқарды. Жоғарғы кеңесте көтерілген өзекті мәселелерді Шерағаң ертеңінде-ақ «Егеменнің» бетінде «Бір ауыз сөз» деген айдармен түйіндеп беретін. «Бір ауыз сөзде» ащы шындық менмұндалап тұратын.

Жоғарғы кеңестің екінші шақырылымы 1995 жылы заңсыз деп таратылды. Оның алдында Қазақстан РТРК төрағасы қызметінде болған Ш. Мұртазаға ешкім қайта қызмет ұсынбады.

1996 жылдың жазы еді. Бір жиналыста Бас редакторымыз Н.Оразалин:

– Білесіңдер ме, Шерағаңның үйінде нан алатын да ақша қалмапты. «Егеменге» шолушы болып келіңіз деп едім, көнбеді, – деді.

Арада бірер күн өткенде жігіттер Шерағаңды ай-шәйға қаратпай, алтыншы қабаттағы менің бөлмеммен қабырғалас бөлмеге әкеліп отырғызды. Міне, осы кезден бастап «Елім, саған айтам, Елбасы, сен тыңда!» деген тақырыпта Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов арасында хат жанрындағы замансөз басталып кеткен еді.

Ефрейтор да емес

Алтыншы қабаттағы лифт ашылғанда дәл қарсысындағы айқара екі есіктің бірінде менің фамилиям, екіншісінде «Шерхан Мұртаза» деген жазу бірден көзге түсетін. Редакцияға шағым айтушылар бұрындар менің бөлмемнің (Құқық бөлімі) есігін ашса, енді бәрі Шерағаңның есігін күзетіп, кезекке тұратын болды. Шерағаң олардың шерін тарқатып, асықпай тыңдап алған соң, қағаздарын бұрқыратып маған алып келеді.

– Құқық қорғау органдары жайында жазатын осы жігіт. Жаңағы әңгімелеріңді қайтадан айтып берсеңдер, бір мәнісі болар, – дейді де, ілбіп басып шығып кетеді.

Бірде Шерағаң бөлмеме жайлап кірді де, қарсы алдымдағы орындыққа жайғасты. Сосын тамағын қырнап алып:

– Әй, баты-ы-р-р!- деді. Мұндай сөзді екінің біріне айта бермейтін Шерағаңның көңілінде жылу бар екені байқалады. – Се-е-ен әйгілі партизан, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновты білетін шығарсың?

– О, не дегеніңіз, «Жау тылындағы бала» кітабын жастанып оқып өстік қой.

– Ал сен ол кісінің әскери шені қандай екенін білесің бе?

– Білмеймін...

Шерағаң сөзін одан ары жалғады. Түсінгенім: Жеңістің елу жылдығы қарсаңында Қазақстан Жазушылар одағы майдангер жазушылардың бір-азына запастағы әскери шендерін көтеру жөнінде Қорғаныс министрлігіне ұсыныс жасапты. Солардың ішінде Қ. Қайсеновке полковник шенін беруді сұрапты. Министрліктегілер Подольск қаласындағы Ресей қорғаныс министрлігінің орталық архивіне хат жазып, партизан отрядінің бұрынғы командирі Қ. Қайсеновтың соңғы әскери шені қандай болғанын анықтап беруді сұрайды. Бірақ ол жақтан Қ. Қайсенов жайында ешқандай анықтама табылмайды. Бұдан кейін мұндағылар Қ. Қайсенов жайында «ефрейтор шені де жоқ қатардағы жауынгер» деген шешім шығарады. Бұған ашуланған Қ. Қайсенов «Егемендегі» Шерағаңа хабарласады. Шерағаң әдеттегідей бұл істі маған қарай ысырып отыр.

Біраз зерттеу барысында жанама деректер арқылы Қ.Қайсеновтың соғыстан кейінгі әскери шені майор екенін, ал әскери қызметі полк командирімен пара-пар болғанын дәлелдеп, ҚР Қорғаныс министрлігінің назарына «Қаһарманның қабағы неге кірбің?» деген тақырыпта мақала жаздым. Көп ұзамай Қ.Қайсеновке полковник дәрежесі берілді. Жақсы хабарды ести сала Шерағаң мені Бас редакторға алып кірді. Ертеңгі нөмірге «Ассалаумағалейкум, полковник Қайсенов» деген құттықтау мақаланы Бас редактордың өзі жазды. Шерағаңның бір ауыз сөзі қиын түйінді осылай шешті.

Ғарышкер Жәнібеков қазақ екен

Бірде Шерағаң бөлмеме жайлап кірді де, қарсы алдымдағы орындыққа жайғасты. Сосын тамағын қырнап алып:

– Әй, баты-ы-р-р!- деді. Маңызды бір әңгіме қозғарда Шерағаң сөзді осылай бастайтынына үйреніп қалғам. – Се-е-ен екі мәрте КСРО батыры, ғарышкер Владимир Жәнібеков жайында жақсы білетін шығарсың?

– Әрине, Шераға. Ол жайында көп жазылды ғой...

– Ал оның ұлты кім екенін білесің бе?

Шерағаң сөзін жалғады. Түсінгенім: Владимир Жәнібеков туған жері – Өзбекстандағы Бостандық ауданына келіп жатқан көрінеді. Ал сол жақтағы адамдар Шерағаңа хабарласып, Владимирдің ұлты қазақ екенін және оны өзінен сұрап білудің сәті түсіп тұрғанын айтыпты.

Шерағаң екеуміз Бас редакторға кірдік те, маған Өзбекстанға іс-сапарға бару керек екенін түсіндірдік.

... Владимир төртінші сыныпқа дейін Өзбекстанның Бостандық ауданындағы орта мектепте оқыпты. Бірақ ол жердегі құжаттардың бірінен де «Жәнібеков» деген фамилия кездеспеді. Естуімізше, оның бастапқы фамилиясы Крысин болыпты-мыс. Кейін Жәнібекова деген ноғай қызына үйленіп, әйелінің фамилиясына көшкен. Бала кезінде сыныптастары «крыса» деп мазақтай берген соң, осылай жасапты-мыс.

Владимир қазір Шыршықтағы нағашысының саяжайында демалып жатыр дегенді естідік. Келсек, кеше Мәскеуге ұшып кетіпті. Нағашысы көп сөзге жоқ адам көрінеді. «Әкесі ерте қайтыс болды. Крысин деп өз фамилиямa ауыстырып алғам. Төртінші сыныптан кейін Ташкенттегі Суворов мектебіне бердім. Әскери училище бітірді. Кейін ғарышқа ұшты» дегеннен басқаға бармады.

Қайтар сәтте Владимирдің әкесі делініп жүрген Жәнібековтың нағашы әпкесімен жолықтым. Ол кісінің берген дерегі:

«Жиен інімнің фамилиясы – Жәнібеков» деді де, өзінің және жиен інісінің есімін газетте көрсетпеуді өтінді.

Жиен інісі жас кезінде «Бостандықтағы» жылу орталығында от жағушы (кочегар) болып істейді. Кочегарканың келесі бір бөлмесінде кір жуылатын (прачечная). Сол жердегі бір орыс қызмен танысып, ақырында үйленеді. Сәби дүниеге келеді. Атын Володия (Владимир) деп қояды.

Жиен інісі кейін трактордың құлағына отырады. Бірде жұмыстан келіп, тракторын үйдің іргесіндегі күнделікті орнына қоя бергенде, тежегіші ұстамады ма, әлде байқамады ма, сәл ғана әріректегі терең жыраға төңкеріліп кете барады. Сөйтіп көз жұмған. Бұл кезде Володия бастауыш сыныптың шәкірті. Өкінішке орай, біраздан кейін шешесі ішкілікке салынады. Жеткіншек төртінші сыныпты бітірген жылы Ташкенттегі нағашысы өз қолына алып, Суворов атындағы әскери мектепке орналастырады. Бары осы.

Бес қыз тәрбиелеп өсірген Жәнібековтың нағашы әпкесі мына бір оқиғаны да есіне алған:

– Владимир Жәнібеков ғарышкер атанғаннан кейін туған жеріне келді. Киіз үй тігіліп, кіре берісте ұлттық киім киген қыздар тізіліп тұрды. Олардың арасында мына кіші қызым да бар еді. Владимир осы қыздың жанына келгенде тоқтап, бетінен сүйді. Құдай бірдеңені сездірді мен кім білсін? Киіз үйден шыққан соң өзінің өскен үйін көргісі келді. Ол үй қаңсып, ауыл шетінде бос қалған. Келді де тоз-тозы шықан ескі тамға қарап көзіне жас алды. Сосын бірден Мәскеуге ұшып кетті. Ташкентке баруға тиісті екен, ешқайда бұрылмапты...

Осы жағадйларды Шерағаңа айтқанымда:

– Кейін Владимир Жәнібековпен жолықсаң, өзінен сұрап барып бұл жайында жазарсың. Әзірге ерте, – деп бір ауыз сөзбен ойын түйіндеді. Бірақ Жәнібековпен жолығудың сәті әлі түскен жоқ.

Құл құрлы болмағандары ма!

1997 жыл. Редакцияда кезекті жиналыс өтіп жатыр. Бас редактор қаһарына мініп алған. «Мақалалардың мағынасы сұйылып барады. Өмірдің

өзекті тұстары назардан тыс қалуда. Оқырманды елең еткізерліктей етіп неге жазбайсыңдар? Газетте қателер жиі орын алуда. Бойкүйездікке берілгенсіңдер!» деген сияқты сын-ескертпелерден бас көтере алмай, бұғып отырмыз. Кейбіреулерімізді тіпті орнымыздан көтеріп, «анау тақырып неге жоқ, мынау тақырып неге жоқ!?» деп көзге шұқуға кірісті. Осы кезде көптің арасынан Шерағаңның қақырынғаны естілді.

Сәлден кейін: – Әй, Уәлихан, сона-ау-у ертедегі Римде, құлдық дәуірдің өзінде құлдарды алдымен жақсылап тамаққа тойғызып алады екен де, сосын арқарларын шынжырмен осып тұрып жұмысқа салады екен. Әй, бұлар түс кезінде тойып тамақ ішуге тиын таба алмай жүр ғой! Жалақы алмағандарына үшінші айдың жүзі болып барады. Соған қарамастан, газетті күнде шығарып жатқан осылар емес пе! Ендеше, сол үшін ғана бір жылы сөз айтпайсың ба, ұрса бергенше! Құл құрлы болмағандары ма!?- деді.

Бас редактор артықтау кеткенін сезді білем, сөзінің соңын жаймашуақтандырып бітірді. Шерағаңның бір ауыз сөзі ұжымның рухын көтеріп тастады.

Ақшаны қайтармады

1998 жылдың 10 маусымында жаңа Астананың халықаралық тұсаукесері өтті. Осы күні «Егемен Қазақстан» газетінің мерекелік санын шығару белгіленді. Мерекелік санға жаңа Астананың тұсаукесерге дайындығы, Алматыдан көшіп барған министрліктер мен ведомсволардың қалай орналасып, қалай жұмыстар жүргізіп жатқандығы жайында репортаждар мен интервьюлер ұйымдастыру мақсатында Шерағаң бастаған төрт журналист іссапарға аттандық. Бас редактор бізді сол жақтан күтіп алып, қосымша тапсырмалар бермекші.

Вагон дәлізімен арлы-берлі өтушілер Шерағаңды көзі шалып қалса, қайта айналып келіп купемізге бас сұғады, сәлем береді. Кейбіреулері тіпті жол сәлемдемелерін ұсынып, дастарханымызды толтырып тастайды. Біз де арқа-жарқамыз. Біраздан кейін есігімізді жаптық та, карта «сызуға» кірістік. Жанымдағы Талғат Сүйінбаев пен фото тілші Шахан Сәбек (бүгінде марқұм) карта құмарлардың қатарынан шықты. Мен де қаражаяу емеспін. Бірақ Шерағаңа астар болу қиын, соңғы нәтижені есептегенде оңбай ұтылғанымызды білдік. Қалтамыздағы командировочныйдың ақшасын беріп тастасақ, ертең қонақ үйсіз, тамақсыз қалатын сияқтымыз. «Алматыға келген соң есеп айырысайық» деп Шерағаңды көндірдік. «Ой, сендердей несерезныйлармен карта ойнауға болмайды екен» деді де Шерағаң демалуға жатты.

Ертеңінде қонақ үйге жайғасып, түстенеміз дегенше күн екіндіге ауа бастады. Тапсырмамыз белгілі. Келесі күні қайтамыз. Кешке дейінгі уақытты бос жібермеу үшін әрқайсымыз өз ісімізге кірісіп кеттік. Біраз шаруа бітіріп, қас қарая қонақ үйде бас қостық.

– Әй сендерді бастықтарың іздеп, айтпай кеткендеріңе қатты ренжіді. Ертең әңгіме қатқыл болатындай. Соған дайындала беріңдер, – деді біз кеткенде бөлмеде қалған Шерағаң. Ол кезде қалта телефон деген жоқ. Бастық

бізге қашан келетінін ескертпеген. «Бар жазығымыз жұмысты жылдам бітіруге тырысқанымыз ба? Көрерміз»... деген оймен ұйқыға бас қойдық.

Таңертең бастығымыз бірден дүрсе қоя берді. Айтуына қарағанда, төрт-бес депутатпен дастархан басында отырып әңгімен-дүкен құруды ұйымдастырыпты. Шерағаң бастаған біздерді де сол дастарханға жоспарлаған. Бәрі дайын болған соң, шақыра қояйын деп қонақ үйге келсе, біз зым-зия жоқпыз. Бас-басымызға би болып, рұқсатсыз шашырап кеткеніміз шынында да әбестік болғанын түсіндік. Тым пысықсымай, сәл сабыр сақтағанымызда, бәрі жарасымды болар еді.

– Мені жерге қараттыңдар ғой!- деп ашуланған бастығымыз бір шара қолдануға бекіне бергенде Шерағаң тамағын бір қырнап алып:

– Өй, бұлар маған картадан ұтылғандарымен қоймай, ақшасын да бермеді! – деді. Бастығымыз:

– Картадан ұтылған соң ақшасын беру керек! – деп қалды ашудың екпінін баса алмай.

Бізге керегі де сол, әңгіме ауанын картаға қарай бұрып жібердік.

–Шераға, Алматыға барған соң береміз дедік қой. Кәмекең (марқұм Камал Смайылов ағамызды айтамын. С.Ж.) сізге қонаққа келгенде, төмендегі буфетте кезекпе-кезек жаныңыздан табылып тұрсақ болды емес пе?

– Ә, иә,оларың да жөн екен-ау! – деп Шерағаң жаймашуақ әңгімеге көшті. Ер мінезді, аққөңіл бастығымыздың да ашуы тез тарқады. Сол күнгі жұмыс жоспарымызды тағы бір пысықтап алып, жан-жаққа тарастық. «Шерағаңның бір ауыз сөзі бізді құтқарып қалды-ау» деді былай шыға бере Талғат құрдасым.

Түсімде жылап оянамын

Шерағаңның қарамағында істегендар ол кісінің жұмыс барысындағы мінезі өте қатал екендігін жиі айтады. Ал жай уақыттағы мейірімі қандай екендігі жоғарыдағы мысалдардан-ақ көрініп тұр. Өзінен кішілермен сәлемдесуі де ерекше. Ұнататын адамының алақанына алақанын шарт еткізіп тастап жібереді. Сол шарт еткен шапалақты да сағынады екенсің.

Шерағаң «Егеменнен» Парламентке депутат болып кеткеннен кейін кездеспедім. «Ай мен Айша» кітабын жиі қолыма аламын.

Бірде теледидарды қосып қалсам, Шерағаң туралы хабар жүріп жатыр, бірақ аяқталып қалыпты. Күзгі бақта, орындықта жалғыз отыр. Басында баяғы самбреро шіләпісі. Үстінде сұр пальто. Қолындағы таяққа сәл сүйеніңкірейді. Еңсесі түсіңкі. «Түсімде жылап оянамын. Жетімдік өтіп кеткен!» деді мұңайып. Есімде соңғы бір ауыз сөзі ғана қалды. Одан кейін өзі де көп ұзамады.

«Шерхан Мұртаза – замана шындығын айтқан заңғар тұлға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағынан алынды (Алматы: ҚазҰУ. 2022 жыл).

МЕНІҢ ШЕРАҒАМ

(эссе)

Темірғали КӨПБАЙ

Жаңа ғасырдың алғашқы жылы болатын. Енді ғана аяққа тұра бастаған «Қазығұрт» баспасынан көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің көптомдығын шығарып, мәре-сәре болып жатқанбыз. Қараша айының соңғы күндерінің бірінде Қадыр аға телефон соғып, баспаға келе жатқанын айтты.

– Эврика! – деді ол менің кабинетіме кіре беріп, – Эврика! Мен таптым! Саған да, маған да, авторға да тиімді болатын жоба таптым!

Ағамның жүзінен үлкен қуаныштың белгісін байқадым. Ол кісі маған кеңесші болып жүрген.

– Келіңіз, аға. Төрлетіңіз, – деп орындық ұсындым, – Не таптыңыз? Қандай жоба?

– Шерхан! – деді ол сұқ саусағын аспанға көтеріп, – Шерағаң! Өзі талант! Өзі депутат! Келесі жылы 70-ке толғалы отыр. Міне, шығарсаң Шерханның көптомдығын шығар! Қанша таралыммен шығарсаң да қоймада жатып қалмайтынына әбден сенем. Сен тәуекел деп осы істі қолға ал.

Жүрегім тулап кетті. Қуанғаным ба, сасқаным ба білмеймін. Біртүрлі, беймәлім күй кештім. Шерағаңды кім білмейді? Бүкіл алаш төбесіне көтереді. Көсемсөзі, прозасы бір бөлек, ірі турайтын парламент мүшесі ретінде, ұлт мүддесі үшін жанын беріп, басын тігетін көрнекті қоғам қайраткері ретінде саналы қазақтың бәрі сыйлайды. «Шерағаң олай депті, Шерағаң былай депті» деп Шерағаңның оқыс, әрі наркескендей етіп айтқан сөздерін жұртшылық бір-біріне жеткізгенше асығады.

Мен Шерағаңды жақын танушы едім. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде біраз жыл кафедра меңгерушісі болғаным бар-ды. 1996 жылы журналистика факультетінің басшылығы мені мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамына кіргізді. Сол жылы сол комиссияның төрағалығына Шерхан Мұртазаны шақырды. Сөйтіп, Шерағаңмен қатар отырып, бірнеше ай бойы оқу бітіруші түлектерден емтихан қабылдағанбыз. Қасында бірге жүргенде байқағаным, Шерағаң сөзге сараң адам екен. Көп сөйлей бермейді. Көп тыңдайды. Сөйлесе төгіп-шашып сөйлемейді. Дәл, мірдің оғындай қылып дөп басып айтады. Шашау шыққан бір сөз жоқ. Қалжыңы да солай. Сөзінің дәлдігіне ішегің қатқанша күлесің. Иығын селкілдетіп өзі де күліп алады. Бір айтқанын қайталап айтпайды. Сырт көзге сұсты, қатал көрінгенмен жаны жаздай жайдары. Жанындағы кісінің жағдайына қарап отырады.

– Қалай дейсің? – деп Қадыр аға ойымды бөліп жіберді.

– Қалай дері бар ма? Ол кісі Астанада ғой. Өзіңіз сөйлесіп көресіз бе?

– Алматыда оның ұлы мен қызы тұрады. Жазушылар одағындағы жиындарға да келеді. Сондай бір сәтті пайдаланып сөйлесіп қалайын, – деді Қадыр аға. – Мен өмірімнің көп бөлігін баспаға арнаған адаммын. Сондықтан кімнің кітабы өтімді екенін жақсы білемін. Шерағаң – нағыз находка! Күндіз-түні ұйықтамасаң да осы жобаға кіріс. Жаман болмайсың. Менің кітаптарымның

қалған таралымын шығаруға да септігі тиер. Осыдан түскен тиын-тебенге жалғастырып шығара берерсің.

– Дұрыс екен, аға. Шерағаңның жазғаны қанша том болады деп ойлайсыз? Ол кісімен сөйлессеңіз сұрарсыз, – дедім. Қадыр аға саусағын бүгіп санай бастады.

– «Қызыл жебесі» бес кітаптан тұрады. «Мылтықсыз майдан», «Қара маржан», «Ай мен Айша», «Ақындар мен әкімдер», Камал екеуінің жазысқан хаттары, публицистикасы бар. Барлығы алты-жеті томды құрауы керек. Жалпы жеті деген жақсы сан ғой, жеті том деп жоспарласаң қателеспессің. Оның үстіне 70 жасқа жеті том деген тілге де оралымды. Сол дұрыс.

– Мен қарсы емеспін, аға. Ақыр шығаратын болсақ ертерек қамданайық. Әне-міне дегенше жыл өтіп кетеді. Сіз қашан сөйлесе аласыз?

– Иә, ол күзде туылған. Бір жылға жуық уақыт бар екен. Бірақ сенің айтқаның дұрыс. Уақыт деген зымырандай зымырайды ғой. Күз дегенің ертең-ақ келіп қалады. Мен ұзаққа созбаймын. Бірінші мүмкіндікті пайдалануға тырысамын. Саған өзім хабар берермін.

– Іске сәт, аға. Жақсы хабар күтемін.

Арада бір апта өтер-өтпесте Қадыр аға хабарласты. Шерағаңмен жолығып сөйлесіпті. Ол кісі келісім бермеген көрінеді. «Министрлікке қолжазбаларымды өткізіп қойдым. Төрт том етіп шығарып беретін болды» депті.

* * *

Баспаның жұмысымен Қадыр ағаның үйіне бардым. Ол қуанып қалды. «Жазмыш» туралы сөйлестік. Қадыр ағаның «Жазмышы» мен «Ғибрат-намәсін» жеке-жеке кітап етіп қайта шығарып жатырмыз. «Жазмышты» тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ұсынбақ. Желтоқсан айының басында жарық көруге тиіс.

– Шерағаңмен қайта сөйлестім, – деді Қадыр аға әңгіменің арасында.

– Жолығып сөйлестіңіз бе? Не дейді?

– Астанаға телефон соқтым. Сол баяғы сөзінде. «Министрлік шығарады» дейді. Көндіре алмадым.

– Министрлік ол кісіге қаламақы төлей ме екен?

– Төлейтін болу керек. Бірақ мардымсыз, азын-аулақ тиын-тебенмен алдап қояды. Қолына төрт-бес кітап ұстатады. Бәрі белгілі жағдай ғой.

– Біз Шерағаңды қаламақымен қызықтырсақ қайтеді? Көп ақша береміз деп көрейік.

– Сонда қанша береміз дейсің? – деді Қадыр аға менің ұсынысыма таңданып, – Бұл дұрыс жол болар еді.

– Егер барлық таралымын өткізіп беруді өз мойнына алса, кітаптар түгел өткеннен кейін жиырма бес мың доллар берсек болады.

– Жарайды, осы ұсыныстыайтып көрейін. Келісіп жатса, Алматыға келгенде баспаға соғыңыз деймін.

* * *

Шерағаң баспаға келді.

– Сен, мынаны айтшы, жиырма бес мың доллар көлемінде қаламақы беремін дегенің рас па? – деді ол мұрты тікірейіп, – Әлде, бос сөз бе? Мен төрт томымды министрлікке тапсырып қойғанмын. Ақша да керек болып тұр. Егер бос сөз болса бекерге әуре болмайын.

– Расы рас, Шераға! Бірақ менің де сізге қояр шартым бар, – дедім батыл сөйлеп.

– Ол не шарт? Айт!

– Ол ақшаны алу үшін кітаптың таралымын толық өткізіп беруді өз мойныңызға алуыңыз керек. Сол міндет орындалғанда ғана аласыз. Кітаптар өтпей, қарызданып жатсақ алмайсыз.

– Егер бәрі кітапты өткізуге тіреліп тұрса, алдым мойныма. Ол жағы маған сөз емес. Ел бар ғой. Не көріпті? Өткіземіз!

– Онда іске кірісейік. Жазғаныңыздың бәрі неше том болады? Соны түгел жүйелеп беріңіз. Ертеңнен бастап-ақ қолға аламыз, – дедім қуанып.

– Алты томым дайын тұр. Соны шығарсаңдар разымын. Өмір болса тағы жазармыз,

– Келістік, аға! Сіз жетпіс жасқа толғанша біз де шығарып болармыз.

– Енді сен маған қағаз бер, – деді Шерағаң мұртын сипап, – Маған ресми құжат керек.

– Құжатты ретімен жасай береміз ғой, – дей беріп едім Шерағаң гүж етті:

– Жоқ, дәл қазір жасап бер! – деді ол, – Екеуміз туысқанбыз ғой. Бірақ құжаттың аты құжат. Жаз! Осындай да осындай, жиырма бес мың доллар беремін деп жаз!

– Ай, Шераға-ай! – дедім күліп, – Сөзім құжаттан да қымбат жігіт едім. Сіз менің құнымды түсірдіңіз ғой. Отыра тұрыңыз. Қазір, келісім-шарт жасап, мөрімді басып берейін.

– Өй, батырым! Өркениетті қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Өркениет деген – заңға бағыну, заңға жүгіну деген сөз. Қолыңда құжатың болмаса заңға қалай жүгінесің?

Шерағаң түзілген келісім-шартты оқып шықты. Қолымды қонжитып, мөрімді басып бердім. Құжатты төрт бүктеп қойын қалтасына салып жатып:

– Бұл енді басқа әңгіме. Ақшамды бермесең сотқа беремін, – деді әзілдеп, – Ал, қане, жай қолыңды. Жақсылап бата берейін!

Шерағаңның батасын алып, жұмысқа кірістік. Уақыт тарлау. Жаз ортасына дейін алты томды бес мың таралыммен шығарып үлгеруді міндет етіп қойдық.

* * *

Қадыр ағам көреген ғой. Шерағаңның көптомдығына тапсырыс беру мәселесі ә дегеннен-ақ дөңгелеп жүре берді. Облыстардың мәдениет басқармалары өз бастамаларымен тапсырыстар бере бастағанда қуана қайран қалғанымызды жасыра алмаймын. Тіпті алдын-ала қаражат аударып, асыға күткендер де көп болды. Өзім атын естімеген бір жеке компания күтпеген

жерден демеушілік көмегін ұсынды. Астанаға Шерағаңа телефон соқтым. Демушілік көрсеткен компанияның атын айтып едім ол да білмейтін болып шықты. Кейін анықтасақ, Шерағаңды қатты сыйлайтын інілерінің бірі екен.

– Өткендегі қаламақының үстіне тағы жиырма мың доллар қосамын, Шераға! – дедім қуанып.

– Қалайша?! – деді Шерағаң таң қалып, – Сонда қырық бес мың бола ма? Өзің қиналып қалмайсың ба?

– Еңбек сіздікі, Шераға! Кітаптарды жазған сіз. Қызығын да сіз көріңіз. Сіздің көптомдығыңыздың таралымына біраз тапсырыс жинадым. Енді өтпей қалады деген қаупім жоқ. Алла жазса, жазға қарай түгел таратамыз. Сондықтан осылай шештім.

– Әй, батырым! Сен Атымтай жомарт екенсің ғой! Пейіліңе рахмет! Сенің кеңдігіңе қарай Алланың өзі жеткізеді! Аман бол! Аман жүр! – деп Шерағаң алғысын жаудырды.

– Тағы да құжат жасап берейін бе, аға? – дедім анау күнгі талабын есіне салып.

– Жоқ, жоқ! Сендім сөзіңе. Қажет емес. Сендім! Аман бол, азаматым! – деп ол күле сөйледі.

– Бір-екі күнде Астанаға барамын. Қаламақыңыздың алғашқы бөлігін апарып беремін, аға.

– Кел, кел! Өзім күтіп аламын, батырым! Әуежайдан күтіп аламын.

– Сіз әуре болмаңыз, Шераға. Тұратын мекен-жайыңызды айтсаңыз өзім тауып барамын. Күннің көзі қырауда әбігер болмай-ақ қойыңыз, – дедім жасы үлкен кісінің жағдайын шын ойлап.

– Бекерге үйде жатырмыз ғой. Дайын көлік бар. Мен не әуре болады дейсің? «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы ақсақал сәлем береді» дегенді білуші ме ең? Сона-а-ау Алматыдан ат сабылтып келгеніңде жетпістегі қарияң алдыңнан шықса несі айып? Солай! Ал енді, көріскенше, – деп Шерағаң тұтқаны қойды.

* * *

Сол жылдың желтоқсан айы еді. Алматының қысы жайлы болып тұр. Үп еткен жел жоқ. Астана әдеттегідей суық дейді. Таңғы ұшаққа отырмақ болып әуежайға келдім. Астанаға ұшатын жолаушылар көп екен. Арасында жүзі таныс бірнеше кісі ұшырасты. Бірі депутат, бірі аудан әкімі, бірі вице-министр. Жүзтаныс болған соң қол беріп амандасып шықтым. Бәрі кекірейген қалпы. Сызданып, бірдеңе өткізіп қойғандай қолдарының ұшын әрең береді. Жөн сұрасудың өзі қиын. Буфеттен бір-бір кесе шәй ішуге шақырып едім ешбірі ықылас білдірмеді. Оңашада ойға қалдым. Мыналардың бәрі неге құдайдың етегінен ұстағандай болып тұр? Неге кергиді? Қызмет жағдайын бұлдай ма? Оның маған не керегі бар? Депутат болса, әкім болса қайтейін? Одан маған келіп-кетері не? Қызмет, кресло дегеніңіз адамдарды лезде туа бітті табиғатынан адастырып жібереді. Әйтпесе осылардың бәрі бір кезде аңқылдаған қарапайым жігіттер емес пе еді? Анау тұрған депутат мәжілістің бір отырысында дыбыс шығармайды. Бұрынғы бизнесмен. Ол халыққа не беріпті? Қара басының қамы үшін жүр. Мынау әкім бір ауданды басқарады.

Өзіммен қатар университеттің заң факультетінде оқып еді. Әкімдікке қалай жол тапқанын да білемін. Түптеп келгенде ол да өз қалтасынан шығарып елді бағып жатқан жоқ. Керісінше, бір жерден бірдеңе қымқырсам дейді. Вице-министр өзінше шалқақтайды. Ол не бітіріп тастапты? Неге шіренеді? Алып бара жатқан не көкірек? Түсінбеймін. Меккеге қажылыққа барып келген бір ағамыздың тағлымды әңгімесі есіме түседі. «Миллиондаған адамдар ақ кебін киіп Қағбада қатар тұрғанда кімнің патша, кімнің бейшара, кедей екенін ешкім ажырата алмайды. Алланың алдында пенденің бәрі бірдей екендігіне көзің жете түседі» деп еді. Құранның сүрелерінде, пайғамбарымыздың хадистерінде тәкаппарлықтың ауыр күнә екені айтылады. Мыналардікі не тәкаппарлық?

Біз мінген ұшақ кесте бойынша Астана әуежайына қонды. Әуежай залынан шыға берісте ұшып келушілерді күтіп, иық тіресіп тұрған ел. Алатаудай өр қалпымен еңсесін биік ұстап, күтіп алушылардың қатарында тұрған Шерағаңды бірден көзім шалды. Бағанағы тәкаппарсынған байғұстардың Шерағаңды байқай сала құнжыңдап, анадайдан жүгіріп барып баладай ыржаландап амандасып жатқандарын көргенде күлкім келді.

– Сіздің қолыңызды алу біз үшін бақыт, Шераға! – деді әкім толқып.

– Таңертеңнен неғып жүрсіз, Шераға? – деді депутат таңданып.

– Кімді күтіп алып тұрсыз, Шераға? – деді вице-министр күлмеңдеп.

– Кімді болушы еді? Темкеңді күтіп тұрмын дә, – деді Шерағаң маған құшағын ашып. Сонда әлгілердің дымы құрыды. «Шерағаңның өзі келіп күтіп алатындай бұл кім еді?» деді ме екен, маған көздерінің астымен бір-бір қараған боп кете барды.

– Шераға, сізге рахмет! – дедім машинаға жайғасқан соң.

– Не үшін?

– Жаңағыларды тәубесіне келтіргеніңіз үшін.

– Олар не жазды?

– Сіздер сияқты тау тұлғалар болмаса, бұлар қарапайым адамдар түгілі ақындарды да менсінбейді екен. Алматының әуежайында маған әрең амандасып еді, Астанада сізді көріп шыр-пыр болып кетті ғой. Менің беделімді көтеріп тастадыңыз, – дедім ризашылық сезіммен.

– Олары дұрыс емес, – деп Шерағаң күрсініп алды, – Қазақта аққу мен ақынды киелі санаған. Аққу – айдынның сәні, ақын – алқалы елдің абаданы деп түсінген. Дегенмен, оларға ренжімей-ақ қой. Уақыты келгенде бәрі де мойындайды. Бәрі де уақытша жүрген пенделер. Пенденің пендешілігі болмай тұрмайды.

Депутаттарға арналған шетелдік жүйірік көлікпен Астанаға кіріп келе жатырмыз. Заманауи ғимараттары жауһардай жарқырап алыстан көз тартқан Астана ертегінің кейіпкеріндей жыл санап емес, күн санап өсіп, көркейіп келеді. Халқымыздың көзайым мақтанышына айналған Астана – толайым шаттық пен бақыттың ордасындай көрінеді.

– Бүгін біздің үйде қонасың, – деді Шерағаң қалаға кірген соң, – Үй кең. Орын жетеді. Апаңа қазан көтертіп қойдым. Соғымнан сыбаға асып жатыр. Сарыарқаның соғымын жеп көріп пе ең? Ол өзінше бөлек дүние. Шүйгін дейді оны.

– Рахмет, Шераға! Әуелі апама барып амандасайын. Қалғанын кейін көре жатармыз. Менің тығыз шаруаларым бар. Қадыр ағаның аманатымен бүгін Алтынбек Сәрсенбаевқа жолығуым керек. Ертең Имекең қабылдайтын болды.

– Иманғали ма?

– Иә, өткендегі өзіңізге айтқан үш арыстың мәселесі бойынша келісіп келе жатырмын.

– Дұрыс. Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер халқымыздың ұлы перзенттері ғой. Елім деп еңіреп жүріп көрмегендері жоқ боздақтардың. Солардың әруақтары разы болсын саған! Бір кездескенде айтқан едім, Иманғали ұмытпаған екен ғой. Ондай арыстарын қолдамағанда үкімет не бітіреді? Көмектессін.

– Имекеңнің көмекшісіне телефон соғып, ол кісінің мені қабылдауын өтініп едім, «Бұл мәселе туралы Шерағаң да айтқан. Желтоқсан айының алғашқы аптасында келсін» депті.

– Дұрыс болған екен, – деп Шерағаңның көңілі көтеріліп қалды. – Ал, Сәрсенбаевта не шаруа бар?

– Қадыр аға он екі томын беріп жіберді. Хаты бар. Соны жеткізіп беруге тиіспін.

– Қадыр! Қадыр! Қадыр! Великий мудрец! – деді Шерағаң, – Мына қысқа ғұмырда уақытты ең тиімді пайдаланған қазақ – Қадыр! Жазушы адам жазумен айналысу керек екен. Мен соны жете бағалай алмаппын. Көп айғайдың соңында жүріп асыл уақытымды өлтіріп алыппын. «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» деген бар. Елдің мұңын айттық. Сөзін сөйледік. Енді қайрат қайтты. «Айғайлай-айғайлай қасқырдан да ұят болды-ау» деген тағы бар. Қанша айғайласақ та мына түлкі қоғам мен мына қасқыр жүйені өзгерте алмадық. Қайран, зая күндер-ай! Қадыр данышпан соны ерте түсінген екен. Ол Жоғарғы Кеңеске екі рет депутат болды. Парламентте отырып та өлең жазуын тоқтатпады, сабазым! «Парламент» деген көлемді поэма жазып шықты. Өте ақылды адам. Тәңірім оған өмір берсін!

Шерағаңның сөздерінен оның жүрегінің түкпірінде жатқан ішкі мұңын ұққандай болдым. Тереңірек ойланған жанға жазушының соңында қалатын нәрсе тек өз қаламынан шыққан туындылары екені түсінікті жайт қой.

– Бір жерден тоқтап, гүл алайықшы, – дедім көлік жүргізушісіне.

– Оны қайтесің? – деді Шераға әуре болмай-ақ қой дегендей.

– Апаммен танысқалы келе жатырмын. Құрқол барғаным ұят болады. Бір жерден тоқтатыңыз, – дедім өз ойымнан қайтпайтынымды байқатып.

– Сен апаңды жаман үйретететін болдың. Енді келген сайын гүл тілеп тұратын болар, – деді Шерағаң әзілдеп.

– Несі бар? Өзге емес, өзімнің апам ғой. Келген сайын гүл сыйлауға тұрады деп ойлаймын.

– Ондай, жақындығыңды ойласаң, өзің біл!

Шерағаң әдеп сақтайды. Әйтпесе әйел адамға гүл сыйлағаннан артық құрмет бар ма? Оның үстіне Ақбілек апам ру жағынан маған өте жақын. Атақты Кенен ақынның кенже қызы. Шерағаңды «жезде» десем де қателік болмайды.

Ақбілек апамды бұрын көрмегенмін. Алғаш рет таныстым. Маңдайымнан сүйіп, жылы қабылдады. Сабырлы, ақжарқын, жүзі ашық кісі екен. Елең-

алаңнан тұрып, емен үстел қайысқандай етіп дастархан жасап қойыпты. Дәм татқаннан соң, кешке қарай келетін болып сыртқа шықтым.

* * *

Келесі жылдың ақпан айында Астанадан тағы бір жақсы хабар жетті.

– Сізді Шерағаң іздеп жатыр, – деді жас жігіт. Телефон соғып тұрған Шерағаңның көмекшісі Ерғали Келімсейітов еді, – Шұғыл хабарлассын дейді.

– Ол кісі қайда?, – дедім күттірмей.

– Өз кабинетінде. Сіз күте тұрыңыз. Қазір өзім қосып берейін.

– Әлөу! Темке, батырым! Амансың ба? – деп Шерағаң гүжілдеді.

– Ассалаумалейкум, Шераға! Өздеріңіз қалайсыздар? Мені неге іздедіңіз? Тыныштық па?

– Тыныштық қой, тыныштық. Бір жақсы хабар бар. Өткенде менің кітаптарымды тағы үш мың дана қосып шығарамыз демедік пе? Соған демеуші табылған сыңайлы.

– Шынында да жақсы хабар екен. Кімге хабарласайын?

– Жаңа ғана Тасмағамбетовтен шықтым. Сені ертең келсін деп жатыр. Өзің келіп сөйлессеңші.

– Мені ертең қабылдай қояр ма екен?

– Қабылдайды. Қабылдайды. Жиналып, келе бер. Келісіп қойдым, – деді Шерағаң.

Иманғали аға бұл тұста премьер-министр болған. Жаңа көмекшісі Қайрат Жаңабергенов деген жігіт екен. Имекеңнің кабинетінің есігін өзі ашып кіргізді.

– Кеше Шерхан ағаң келіп еді. Бұйымтайын айтты, – деді Имекең амандасып болған соң, – Сен көптомдығын шығарып жатыр екенсің ғой?

– Иә, аға! Алты том. Таралымын көбейтіп шығарсақ деп едік.

– Қанша қаражат кетеді екен?

– Сегіз миллион теңге керек.

– Қазір, тоқтай тұр, – деп ол телефон нөмірін тере бастады. Бір кісімен сөйлесті. Телефон тұтқасын қойып маған бұрылды. – Естіп отырсың ғой. Ертең сағат 11-де ол маған келетін болды. Сен де сол уақытта кел. Екеуіңді таныстырып қояйын. Шерағаңның кітабына сол банк демеуші болады, – деді.

Ертеңіне келіскен уақытта Имекеңнің алдында банкир екеуміз отырдық.

– Сен Темірғалиды танисың ба? – деп сұрады премьер-министр банкирден.

– Жоқ, танымадым, – деді ол маған қарап.

– Танысып қойыңдар. Бұл Темірғали деген азамат. Ел үшін көп тірлік бітіріп жатқан жігіт.

– Шерхан Мұртаза ағамызды білесің бе? – деді Имекең банкирге.

– Әрине, білемін. Ол кісі өте атақты жазушы ғой. Мықты депутат, – деп банкир тақ-тақ сөйледі.

– Сол Шерағаң биыл 70 жасқа толып отыр. Темірғали оның алты томнан тұратын шығармалар жинағын шығарып жатыр. Мүмкіндіктерің болса демеушілік көмек көрсетіп, қолдап жіберсеңдер деп едім. Сегіз миллион теңге керек екен. Қалай дейсің?

– Ешқандай проблема жоқ. Ағамыз үшін аянып қалмаспыз. Алматыға барған соң Тәкең маған келсін. Шешеміз деп ойлаймын, – деді банкир сабырлы қалпымен.

– Бәрекелде, өзім де саған сеніп едім, – деп Имекең оның қолын қысты. Банкир маған бұрылып:

– Тәке, жобаңызды негіздеп, өтініш жазып, маған келіңіз. Мынау менің визиткам. Хабарласыңыз, – деді. Екеуміз қол алыстық. Ол қоштасып шығып кетті. Имекең мені оңаша алып қалды.

– Темке! Кеше сенің туған күнің екен ғой, рас па? – деді ол жымиып.

– Рас. Бірақ оны қайдан білдіңіз? – дедім күліп. Имекең қолымды қысып:

– Құттықтаймын! Біз бәрін білеміз, – деді, – Оның үстіне дәл қырыққа толыпсың. Сені білгендей шақыртқан екенмін. Сыйлықсыз қайтарғаным ыңғайсыз болар. Тұра тұр, – деп үстелінің астынан әдемі қызыл қорап шығарды. – Мына бір сирек сыйлықты өзіңе ұсынғым келіп тұр. Есік қаласының орнынан табылған Алтын Адамның мүсіні. Халқымыз үшін қымбат жәдігер. Ең құрметті кісілерге сыйлармыз деп төрт-бес данасына ғана тапсырыс берген едім. Соның біреуі өзіңе бұйырған екен. Үйіңнің төрінде тұрсын, – деп қорапты ашып көрсетті. Қызыл қораптың түбіне төселген көк барқыт матаның үстінде көздің жауын алардай жарқырап Алтын Адам тұр. Тебіреніп кеттім.

– Аға, сізге мың да бір рахмет! – дедім.

– Қоя тұр, – деп Имекең кітап сөресінен қалыңдығы қасқыр соғып алардай үлкен форматты фото-альбом кітап алды. – Басқа басқа, кітаптың қадірін сен білесің ғой. Мына «Құлпытас» деген кітабым таяуда ғана қолыма тиді. Мұнда Үстірт пен Маңқыстаудың жерінде сақталған ою-өрнекті, әшекейлі құлпытастар, қошқартастар, қойтастар мен кесенелердің үлкен галереясы қамтылған. Тарихи жәдігерлерге жас күнімнен әуес едім, бертін келе сол дүниенің тылсым сырына құлай берілдім. Алғашқылардың бірі ретінде саған қолтаңба бергелі тұрмын, – деді де кітаптың ашылған бірінші бетіне маржандай әріптермен: «Темірғали бауырыма! Ата-бабаларымыздың әруақтары қолдап, желеп-жебеп жүрсін!» деп қол қойып берді. Бұл менің өмірімдегі естен кетпес қуанышты сәттердің бірі еді.

* * *

Қуанышым қойныма сыймай Алматыға жеттім. Екі күннен кейін банкте қызмет істейтін таныс ағамыз ұялы телефоныма хабарласып: «Ертең банкке кел» деді. «Қап, бұл іске осы кісі араласпай-ақ қойғанда болар еді» деп көңіліме күдік кірді. Дегенмен, айтқан уақытында ол кісінің кабинетіне бардым.

– Шерағаңның кітабына қаржы бөлгелі жатырмыз. Бастық бұл жұмысты маған тапсырды, – деді ол амандық-саулықтан соң, – Бірақ бір келісіп алатын мәселе бар. Маған ештеңенің керегі жоқ. Алайда, ол қаржыны шығаратын экономистер бар, есепшілер бар. Соларға сый-сыяпат жасамасаң болмайды.

– Ол не сый-сыяпат? Сонда не істеуім керек? – дедім ол не айтар екен деген оймен.

– Саған сегіз миллион теңге бергелі отырмыз. Соның екі миллионын жаңағы кісілерге қалдырасың. Келіссең осы, – деді ол беті былш етпей.

– Не деп отырсыз? Бұл жоғары жақтан шешілген мәселе ғой. Бастығыңыздың өзі менің көзімше Имекеңе уәде берген. Сондықтан, тапсырған істі орындаңыз. Болмаса мен сол кісілердің өздеріне айтамын, – дедім ашуға булығып. Қаным басыма шауып, түтігіп кеттім.

– Сен неге ашуланасың? – деді ол көзі шақырайып, – Сонымен істің бәрі бітті деп ойлайсың ба? Мен саған жақсылық тілегеннен басқа не істедім. Отыр. Сабыр ет, – деп орнынан көтерілді. Талтаңдай басып терезе алдында тұрған адам бойындай сейфтің алдына барды. Сейфтің үстінде сарғайып жатқан бір бума ескі қағазды алып келді де шаңын бұрқ еткізіп менің алдыма тастай салды. – Оқы. Оқып көрші мына хаттарды. Бәріне де Тасмағамбетов қол қойған. Ну, и что? Ол бізге бұйрық бере алмайды. Түсіндің бе? Өтінеді. Ал оның өтінішін орындаймыз ба, жоқ па оны біз өзіміз білеміз. Міне, оның өтініштері. Осының біреуі де орындалған жоқ. Егер айтқанымызға келіспесең, сенің жобаңды да осы бумаға қоса саламыз. Мен айтарымды айттым. Қалғанын өзің шеш.

Қағаздарға қарап едім, расында да бәріне Имекең қол қойған екен. Сонда да оның айтқанына көнгім келмеді.

– Мен ойланып көрейін, – деп шығып кеттім. Жаным алай-дүлей болды. Оңай жерден олжа табуға әбден машықтанған әлгі ағамыздың іс-әрекетіне күйіп-пістім. Адам деген ең әуелі ар тазалығын ойламас па? «Маған ештеңенің керегі жоқ» деп отырып, мені баладай алдағысы келеді. Не керек, ақырында соның айтқаны болды.

Бұл әңгімені Шерағаңа айтуға қысылдым.

* * *

Шерағаңның жетпіс жылдық мерейтойы Астанада да, Алматыда да тойланды. Алматыдағы тойын «Есік» мейрамханасында өткіздік. Ағамыздың құрметі үшін бар шығынын өзім көтеріп алдым. Тойдың ертесіне Шерағаң үйге телефон соғып, рахметін айтты.

– Той шығынын қалай есептесеміз? Келешектегі қаламақы есебіне жатқызыла ма, қалай? – деді Шерағаң. Мені қатты шығындалды-ау деп уайымдап тұрғанын сездім.

– Шераға, ештеңе уайымдамаңыз. Тойыңыз тағы да құтты болсын! Бұл шығындар ешқандай есепке жатпайды. Балаңыздың жетпіс жасыңызға сыйлаған тартуы деп қабылдасаңыз болды, – дедім мен.

– Алла саған жар болсын! Сен аман бол, батырым! – деді Шерағаң ризашылық сезіммен.

Шерағаңның мерейтойы өткен соң көп ұзамай парламент үкіметке сенімсіздік білдірді. Бәрі «Жерді сату туралы Заң жобасының» төңірегіндегі дауға байланысты еді. Шерағаң белсене кірісіп, үкіметтің ұсыныстарына қарсы шықты. Бір кездескенде:

– Шераға, Имекең сізді жетпіс жасыңызда қатты көтеріп еді. Астананың төрінен үш бөлмелі пәтер сыйлап, кітабыңызға қыруар қаржы бөлгізді. Басқалай да көмегі аз болмаған сияқты. Енді ол басқарып отырған үкіметке қарсы шапқаныңыз ыңғайсыздау емес пе? – деп едім, Шерағаң:

– Мүкаммал дүниеге бас иетін адамың мен емес. Үкіметтің басшысы бүгін бар да ертең жоқ. Ал халық мәңгі! Халықтың тағдыры таразыға түсіп жатқанда маған жеке адамның амбициясы көк тиын. Не қылса да халқымды сата алмаймын! – деді алысқа көз тігіп. Сол сәтте Шерағаңды шау тартса да шарықтаудан жаңылмаған, қырағы көз тау қыранына ұқсаттым.

«Шерхан Мұртаза – замана шындығын айтқан заңғар тұлға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағынан алынды (Алматы: ҚазҰУ. 2022 жыл).

«Әдебиет» айдарында

МҰРТАЗА МЕН МАҒАУИН

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК

Замандастары Мұртаза мен Мағауинді шойын жолдағы қосылмайтын қос рельс секілді көретін. Рельс демекші, көзімізбен көріп, көңілімізге тоқыған сондай да бір оқиға болған. Екеуінің бүкіл өмірін көз алдыңа әкелетін бір сәттік қана эпизод. Ойлап қарасаң, өзіңе де сабақ болатындай қызық жағдай.

1993 жылы оңтүстікке бағыт алған пойызда ерекше көңілді бір вагон дүниені шайқалтып келе жатты. Олай болатыны да бар, себебі бұл вагон түгелімен ақын-жазушы, әнші-жыршы, күйші-сазгерлердің еншісіне тиген. Әдеттегідей өзін қай ортаға да сай ұстайтын Шерхан Мұртазаның дауысы купелердің ашық есіктерінен жарқын-жарқын шығады. Асып-тасқан көңілге купелер де тарлық қылып, дүркіреп дәлізге де шығып кетеміз.

Жамбыл облысындағы табиғаты көркем Билікөл деген жерге Әкім Таразидің алпыс жылдығын атап өтуге келе жатырмыз. Әкім Тарази денсаулығы болмай, толықтау денесімен ырсылдай демалып, дуылдасқан жұртқа мұңая қарап отырғаны есімде. Жастығым шығар: «Мына кісіге қиын болмас па екен?» деп ойлағанымды да ұмытқаным жоқ. Міне, сонда орта тұстағы бір купенің есігі ішінде адам жоқ сияқты тарс жабық тұрды.

Кенет сол тұстан өте берген Шерхан Мұртаза қалт тоқтап, тұтқаны бүркіттікіндей шеңгелді қолымен қармай ұстап, жылжымалы кең есікті жұлқа сырғытып ашып жіберді. Онда кімдер отырғанын біліп келе жатсақ та, іштен ай маңдайы жарқырап Сайын Мұратбеков пен ақсұр жүзі ағараң еткен ірбістікіндей жұмыр пішінді Мұхтар Мағауинді көргенде есімізден танып қала жаздадық. Енді ше, қазақ әдебиетінің екі бірдей классигі у-шу, ән-күй, әзіл-қалжыңымызды естісе де, бұлар не істеп жатыр деп есіктерін бір ашпапты.

– Әй, жігіттер, – деді Шерхан Мұртаза әдетінше мысымен баса сөйлеп, – мына пойыз қазір біреуміз бұрылып кетейік десек те бұрылмайды. Құдай бізді ажырамасын деп, екі рельсті қосақтап қойған. Сонда біздікі не жүріс, сендердікі не отырыс?!

Біз екеуі шықпай қояр ма екен деп едік, шықты. Оларды кішірейткен Сайын Мұратбековтің төрт жас, Мұхтар Мағауиннің сегіз жас кішілігі ғана

емес. Бірақ «Әй, Шераға», «Үй, Шераға» десіп қалғандарын естіп, арқамыздан жүк түскендей бәріміз жадырап сала бердік. Демек соған дейін олар жақын аралас-құралас болмаған болып тұр ғой. Әйтпесе жол үстінде бір-бірін бұлайша жатырқамас еді.

Меніңше, олардың арасындағы сегіз жас, бір буын айырмашылығы үлкен рөл ойнады. Ол сегіз жас біз ойлағандай, «бес жас – бел құрдас емес». Сол сегіз-он жылдың ішінде кеңес одағында адам тұрмақ, қоғам да өзгерді. «Хрущевтің жылымығы» басталғанда Шерағаң 21 жаста, ал Мағауин бар болғаны он үште ғана еді. Міне, содан кейінгі он шақты жылда әйгілі «алпысыншы жылғылар» өсіп жетілді де, әдебиетімізге Мағауиндер бастаған өзгеше ойлайтын жастар келді. Шерхан Мұртаза болса, оларды қызметі жағынан да қанатының астына алатын дәрежеге жеткен. Өзгеше ойлайын десе де, басшылық қызметі ойлатпайды. Бірақ басшылықта мойынсал қызметкерлігінен гөрі, Шерағаңның қара нардай қайраткерлігі басым.

Жас буын сонда бас көтеріп қараса, олар идеясын өткізетін орын бос емес. «Лениншіл жасқа» («Жас Алаш») ренжіп жүр едім», дейді Мағауин. Шерағаң бірінші ағалық, кісілік қадам жасапты. Сын сағатта өз газетінде Мағауинді қолдап мақала бергізіпті. Бұл оған пойызда купенің есігін күтпеген жерден жұлқып ашқандай әсер етсе керек. Кейін Шерағаңа бір азат жол болса да жылы естелігін арнады.

Сондағы нендей реніш деген сұрақтың жауабының түбі жоқ. Ойлап-ойлап, бір-ақ нәрсені жобалағандай боласың. Әр салада жүрсе де өзгеше ойлайтын жігіттер жан-жақтарын байқастай бастаған кез. Бірақ Шерағаң кадрды әр жақтан алымды-қарымды жігіттерден жинады. Оларды өзгеше ойлайтын жігіттер деп айта алмайсың, алайда өзгеше жазатыны бүкіл елге әйгілі. Бұл Мағауиннің ауыр характеріне қалай әсер еткенін білмейміз, бірақ бір Әбіш, бір Оралхан, бір Мұхтар Шахановтың өзі не тұрады? Керек десеңіз, олардың арасында Ақселеу Сейдімбектен Кәдірбек Сегізбайұлына дейін болды.

Мұхтар Мағауин солардың көбімен жарасқан жоқ. Кейбірімен дос, туысқан болып кететін-ақ жөні бар. Бірақ Мұхтар Мағауин өзі күресетін жолды ғана хақ деп білген адам. Осыдан келіп Мағауиннің «мені» алға шықты. Мағауиннің «мені» құбылысқа айналды.

Оның «Менін» басқа түгілі, Қабдеш Жұмаділовтің өзі де тіксіне қабылдағанын байқадым. Қабдеш ағаны «Кітапхана» деген телебағдарламаға шақырып, мемуарлық шығармаларды талдағанбыз. Сонда ол кісі «Меннің» бәрі мемуар емес» деп қалды. Оны неге тіке бетіне келіп айтпады деген сұрақ туады. Себебі Мағауиннің жолына ешкім тұрғысы келмейді. Ондай кескекті ердің сойы тумаласын да кескілеп тастайтынын бәрі біледі.

Мұндайда өзіңнің көзіңмен көріп, құлағыңмен естіген жайттармен ғана шектелген ләзім. Менің де екі алыптың алдына келуіме, жас күнімде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Тарғыл төбеттің иесі» деген әңгімем себеп болып еді. Мұхтар Мағауин «Жазушы» баспасына қабылдауына, Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиеті» газетіне жұмысқа шақырды. Маған бірінші жұмыс керек болды да, кездесуді кейінге қалдырдым.

Басқалардың тағдырына жауап бере алмаймын, ал мен аранға солай түстім. Бұл ешқандай да бақастық емес, кәдімгі әдебиет пен журналистиканың

арасындағы бітіспес қайшылық екенін кейін түсініп отырмыз. Екеуі де мықты жазушы болса да, өмір әкеліп салған жолмен бірі әдебиеттің, екіншісі журналистиканың туын көтеріпті.

Дәстүрлі жыл қорытындысында Мұхтар Мағауин: «Жұмабай Шаштайұлы мен Жүсіпбек Қорғасбекті әдебиет үшін шақыртып едім, келмеді», деді. «Жазуларында бірдеме бар еді, бірақ адасып басқаларды жағалап кетті» деп салды. Мен жазған «Тарғыл төбеттің иесін» неге жақсы көріп қалды десем, оның «Тазының өлімі» деген хикаяты бар екен. Жас демей, тақырыптас қана емес, қолтаңбадан рухтас сарынның ұшқынын таныған секілді.

Оны маған Мағауиннің тапсыруымен Әлібек Малаев деген аудармашыға әлгі әңгімемді орысшаға аудартқан Таласбек Әсемқұлов айтты. Сонда жас жазушыларды төңірегімізге жинап, шығармаларын орыс тіліне аудартып, одаққа танытамыз деген ниет болған болуы керек. Бұл Мағауиннің «Көкмұнар» романындағы Едігенің «қазақ романдары әлемді жаулайды» деген арман-қиялымен үндеседі.

Ал осы уақытта Шерхан Мұртаза ондай қиялға көп берілмей, реалды өмірдегі публицистиканы алға оздырды. Мұхтар Мағауинде көркемдік шындық басым болса, Шерхан Мұртазада өмір шындығы басым тұрды. Олардың бетпе-бет келіп айтысқанын ешкім естіген емес. Есесіне көпшіліктің көзінше Мұхтар Мағауиннің «Шераға» деп, бір әдептен аттай алмай тұрғанын өзіміз де көрдік. Ол құрмет пе, қаймығу ма, жасын сыйлағандық па, не болса да өздерінің ішінде.

Бірақ санаулы ғана адам білетін мынандай бір әңгіме тағы бар. Олжас Сүлейменовтің тұсында Шерхан Мұртазаны «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығынан ығыстыру керек болған. «Қазақ әдебиеті» – ол кезде көп ештеңеден қаймықпайтын жалғыз батыл газет. Сонда бұл орынға келуі мүмкін жұмбақ адам үлкен дүрлігіс тудырды. Ол адам Мұхтар Мағауин болып шықты. Міне, осы жерде жоғарыда айтқан ілгерінді-кейінді екі буынның өз идеяларын өткізетін орындарға бұрыннан таласып келе жатқаны алғаш рет ашық талқыға түсті.

Біреулер мынандай да аңыз айтады. Асығыс-үсігіс шақырылған хатшылық Шерхан Мұртазаны орнынан босату туралы шешім шығарған. Ашуға мінген Шерағаң былғары портфелін алып, кеңседен кетіп қалған. Сол аралықта үлкен үйден Жазушылар одағына телефон соғылған. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы өз беттеріңмен алып тастайтындай ойыншық па сендерге?» депті-міс. Сонда Жазушылар одағындағы екі-үш қызметкер қайта келіп, хатшылық протоколын жыртып, ештеңе болмағандай, жиналыс өтпегендей етіп қоқысқа тастаған деседі.

Егер бұл аңыз болмай, рас болса да ешқандай дәлел жоқ. Бірақ «Шерхан Мұртаза кетсе, орнына Мұхтар Мағауин емес, Оралхан Бөкей келсін» деген арыздың жазылғаны шындық. Оған Мұхтар ағаның «Жұлдыздағы» Жарасқан Әбдірәшевтің бөлмесіне кіріп барып: «Мен «Қазақ әдебиетіне» бас редактор боламын да, бәрін түгел орындарынан босатамын» деген сөзі себеп болған тәрізді.

Қарап отырсаңыз, ешқандай жершілдік те, рушылдық та емес, кәдімгі ықпалды орынға бару жолындағы үйреншікті әрекеттер. Ондай интригалар

бұрын да болған, қазір де болып жатыр, алда да бола береді. Айырмасы сол жолы оның Олжас Сүлейменов, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Мағауин сияқты тұлғалардың қатысуымен өткені.

Сол арада Шерағаңды «Жұлдыз» журналына жіберіп құтылмақ та болған. Шерағаңның мінбеден «Жұлдыз» мен үшін пройденный этап» деп бас тартқаны есімде қалыпты. Ақыры «Жұлдыз» журналының бас редакторлығына Мұхтар Мағауин келіп отырды. Сонда Мұхтар Мағауин бүкіл идеяларын «Жұлдызға» салып кеп жібергенде, бар қазақтың сүйікті журналы бұл іске қатепті қара нардай шыдап берді. Бар болған-біткені осы ғана.

Олардың арасында күрделі қарым-қатынастар, арандатушылықтар мен айдап салушылықтар – бәрі болды. Шерхан Мұртаза мен Мұхтар Мағауиннен Абыл мен Қабыл жасағысы келгендер де бар. Ақын-жазушыларды рушыл, жікшіл, жершіл етіп көрсеткісі келетіндер де солар. Осы әңгіме осы күнге дейін жалғасып келе жатыр. Рушылдық пен жершілдік сол үлкен тұлғалардан қалған мұрадай қастерлейтіндер де табылады. Шын мәнінде ақын-жазушылардың арасында рушылдық ешқашан болған емес. Бір-екі жерлесін қасына ерткеннің өзінде, ешкім ешкімнің кітабын жазып беріп, талантты адам жасап жіберуі мүмкін де емес. Бұдан шығатын қорытынды біреу-ақ, жазушылар руру болып қырқысады екен дегеннің бәрі – миф!

Мұхтар Мағауин «Жұлдызға» бас редактор болып келгенде, жігіттер бір жағы құттықтап, бір жағы кешірім сұрап кіріп-шығып жатты. Орнында қалған Шерағаңның оларда шаруасы да болған жоқ. Қайта «Жұлдыз» енді жақсы шығады. Бұл өлермендікпен бар қазақ оқитын журнал жасайды», деді. Сонда Шерағаңның көзінен жылтыраған сәуле көрдік, жеңілмегеніне шүкір деді ме, жоқ, Мағауинмен бір-бірін жақыннан байқастап жүретіндеріне қуанды ма, белгісіз.

Мен ол кезде жиырма жетідемін. Көңіл деген ақ парақтай. Оған тек жақсы ойлар ғана жазылуы керек. Мағауиннің де дәлізде біреулерге «Шерағаң» деп әңгіме айтып тұрғанын көңілге түйіп қойдым. Біз теңбіз, қатармыз, бір биіктеміз дегендей бойын өлшеп көріп тұрған адамның түрі. Екі жақтың әскері бір-бірінен кешірім сұрап жатыр, ал олар өз араларында түк болмағандай жайбарақат. Кеше ғана осы дәлізде біреуді біреу сатып, бір кабинеттен екінші кабинетке өтіп, ешкім сапырылыспаған сияқты. Ең қызығы, олардың емен есікті кең кабинеттері бір қабаттың екі қанатында болатын. Одан кейін де талай майдандар болды, екеуінің де қоластындағылар бір-бірімен тарпысып қалып жүрді, бірақ өздерінің бетпе-бет келіп қатты сөз айтысқандарын ешкім көрген жоқ. Шығармашылық ұмырларында сталиндік қуғын-сүргін терең із қалдырған екеуінде де бір-бірінің басын аман сақтау инстинкті бәрібір жоғары тұрған сияқты. Оны айтасыз, олар басқаларды шен көрмесе де, бір-бірін бағалап, құрметтеп, мақтан тұтқан секілді. Сөйте тұрып бір-бірінің айбынынан ыққан, қаймыққан, жасқанған тәрізді. Қазаққа олардың сол биікте қалғаны керек, оны біз осы соңғы айларда айқын сезіндік. Егер бұл сөзді біліп тұрып айтпасақ, онда нағыз қу, зәлім, мыстан болғанымыз!

...Оң жақ баспалдақ «Жұлдыздікі» де, сол жақ баспалдақ «Қазақ әдебиетінікі». Жоғары көтеріліп келе жатып, оны осы сол жақ баспалдақтың

басынан көрдім. «Жұлдыздың» бас редакторы бұл жақта неғып тұр деп таңырқап қалдым. Сөйтсем төменнен төбемді көріп, әдейі бері өтіп тосып тұр екен. Өзінен өзі: «Сенің Оралхан ағаң газетчик емес, бәрібір Шерағаңдай газет шығара алмайды», деді де бұрылып кетті. Тоқта!

Бұл кісі не деп кетті? Ал кеп басым қатсын. Басқасы басқа, Оралхан Бөкейдің орны бөлек. Шерағаң екеуі тумаса да, туғандай болып кеткен. Сол үшін бе, жоқ. Енді не? Ептеп санаға саңылау тауып, сәуле түсті. «Шерағаң ауысса, орнына Орағаң келсін» деген арызды кек тұтып қалған. Өйтпесең, Мағауин болармысың! Әлде қателестім бе?

Бәлкім Шерағаң екеуі таразының екі басындай бір қабаттың екі жағын тең ұстап отырған кезді қимаған болар. Байқасақ қазір сол қимастық сезім бәріміздің бойымызда бар. Мұртаза мен Мағауин феноменінің біз білетін шындығы да осы. Отаршылдық таңған жаладан тәуелсіз сана ғана құтқарады. Шерхан Мұртаза да, Мұхтар Мағауин де – нақ осы тәуелсіз сана үшін күрескен тұлғалар. Тәуелсіз сана өткеннің жаласынан да, наласынан да ада болғаны дұрыс. Мұнымен Мағауин мифінің жаңа бір парағы ашылатынына бек сенімдіміз...

«Егемен Қазақстан» газеті, 28 ақпан 2024 жыл.

ШЕРАҒАНЫҢ «ТАҢШОЛПАНЫ»

Иманбай ЖҰБАЙ

1991 жылы жаңадан ҚР Баспасөз және ақпарат құралдары министрлігі құрылып, Ғаділбек Шалахметов министрдің бірінші орынбасары әрі мемлекеттік теле-радиохабарларын тарату жөніндегі комитеттің төрағасы болып тағайындалды. Ол Ғалекеңнің телерадиоға екінші келуі еді. Көп ұзамай, еліміз тәуелсіздігін алғаннан соң, ол ҚР Президентінің алғашқы баспасөз хатшысы болып, оның орнына 1992 жылы қыркүйекте қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза келеді.

Оның келуімен және жаңа талап бойынша, «мемтелерадио комитеті» енді «мемтелерадио компаниясы» деп аталатын болды. Бір ай болмай, төраға хабар тарату кестесін зерттеп алған сияқты.

Жалпы, қай арна болмасын, жаңалықтар бағдарламасы – арнаның айнасы ғой. Шерағаң да ақпаратқа мән берді. Бұрынғы кеңес кезінен келе жатқан «Қазақстан» жаңалықтар бағдарламасына жаңа лепте «Шарайна» деген атау берді. Ол тек хабардың құрылымына емес, оның мазмұнына, сюжеттердің тақырыбына да қатты шүйілді. Журналистер дайындаған сюжеттер өткір әрі проблемалық, сыни лепте бола бастады. Теледидар ардагері Құсыман Игісінов ағамыздың басқа редакцияға ауысуына байланысты, «Шарайнаны» әдеби-драмалық редакцияның Бас редакторы болған Өмірсерік Жұман басқаратын болды.

Шер-Ағаның өз идеясымен жасаған хабар – «Кеш жарық» ойын-сауық бағдарламасы еді. Оны белгілі ақын Тынышбай Рахым жүргізді. Шерағаң сонымен бірге, ел-ауыл ішіндегі көкейтесті мәселелерге дереу телетілші

жіберіп, актуальды және проблемалық бағдарламалар жасауды дәстүрге айналдырды. Сағат ағаның «Парыз мен қарыз» хабарын басқа атаумен жалғастырып, мазмұны бір «Ұлт тағдыры» атты бағдарламаны өзі жүргізді.

Қараша айының соңғы күндері еді. Мен бұл кезде Қазақ радиосының Жастар мен балаларға арналған Бас редакциясының Бас редакторы, әрі жаңа тәуелсіз «Бай-Радионың» жетекшісімін.

Бір күні кешке қарай маған Қазақ теледидарының Бас директорының орынбасары Виктор Яковлевич Фогт қоңырау шалып, өзіне келіп кетуін өтінді. Ол мемкомитеттегі (қазіргі – корпорация) сыйлы, байсалды азаматтың бірі еді. Бұрында амандасқанымыз болмаса, аса араласқанымыз жоқ еді. Енді оның неге шақырып отырғанын білмей отырғанмын. Кіргенде ол бірден шаруасынан бастады:

– Бізге ақпарат бағдарламасын басқаратын адам керек болып тұр. Комитеттің төрағасы Шерағаң (Мұртаза) «білетін жас жігіттерді шақырыңдар» деген пәрмен келген. Директорымыз сенімен сөйлесші деген. Сондықтан, түнімен ойлан да, таңертең Бас директорға барайық – деді сұраулы жүзбен.

– Жарайды мен қабырғаммен кеңесейін, – дедім ойланып.

Таңертең Виктор Яковлевич мені Бас директор – Рафаэль Бәйкенұлы Жұмабаевтың кабинетіне кіргізді:

– Рафаэль Бәйкенұлы, міне, сіз іздеген жігіт осы. Өзіңіз сөйлесіңіз, – деп орынбасар шыға берді.

Директор маған бұрылып, күлімсіреп:

– Ситуация қызық болайын деп тұр. Кеше, әр дүйсенбі сайынғы теледидар қызметкерлерінің жалпы лездемесінде төрағамыз Шерағаң: «Таңертең күн сайын қарасам, екі сағат бойы орысша қайдағы бір «МаксТВ» деген арна біздің жиілікті сатып алыпты. Немене, бұл қазақ өз тілінде оянбай ба?! Біріншіден, қазірден бастап эфирден алып тастаңдар, екіншіден дереу дәл «МаксТВ-ның» деңгейінен және одан артық мықты хабар жасаңдар! Үшіншіден, срочно, бір-екі аптада таңғы бағдарлама ашыңыздар! Маған мерзімін айтыңдар! – деп отыр төрағамыз.

– ...

– Жалпы, үкімет белгілеген қаржы бойынша, біздің сеткамызда таңғы эфир жоқ. Бірақ тәуелсіз Қазақстанда тұрсақ, өзі жалғыз телеарна болса, (ол кезде арна жалғыз еді) қалайша таңғы хабар жасамаймыз? Міне, соған байланысты, кешегі ұсыныстан басқа ең маңызды мәселе – осы таңғы бағдарлама ашу болып тұр. Ашығын айтайын, басқарам дегендер бар. Бірақ қазіргі уақыттың талабы бойынша, біріншіден, сенің анау «БАЙ-радиоларыңдағы» формат ұнайды. Мен күнде тыңдап жүрмін. Сен соның телеверсиясын жасасаң. Дегенмен де, уақытымыз тым тығыз. Ең бастысы, теледидарды білесің, араласып жүрсің ғой, сені сыртай білемін, – деді.

Айтып отырғаны – шынында да теледидармен араласқаным рас еді. Кезінде, Қазақ радиосының Жастар редакциясы мен Қазақ телеарнасының Жастар редакциясының журналистерімен бірге талай іссапарда жүрдік. Арнаның сол кездегі Бас редакторы, белгілі тележүргізуші Нұртілеу Иманғалиұлы мені «Жас жігер», «Айна» сияқты хабарларына қатыстырып отыратын, хабар жүргізді, монтаждарында болдым. Ол менің теледидардағы

алғашқы ұстазым еді. Екінші ұстазым – Төлеубай Қаймолдин. Теледидардың «Қазақстан» ақпарат бағдарламасының «майын ішкен» ардагер және оны ұзақ жылдар басқарған болатын. Төкеңнің қолдауымен жаңалықтарды және «Апталық шолу» апталық бағдарламасын жүргізген едім.

– Реке, бір ғана өтінішім бар, жақсы хабар жасалса, ең алдымен, абырой басшылықтікі ғой. Содан кейін барып – ұжымдыкі. Ендеше, мамандар алуға рұқсат берсеңіз, – дедім.

– Әңгіме жоқ! Қазірден бастап, керек қызметкерлеріңді алыңдар. Шерағаңның рұқсатын аламыз. Ал тез жұмысқа кірісіңіздер, айналайын, – деп қолымды қысты.

Бір-екі сағаттан кейін болу керек, Рекең тағы шақырыпты:

– Айтпақшы, басшылыққа есеп бердім. Хабардың аты «Таңшолпан» болатын болды. Атын Шерағаңның өзі атады. Ал, хабарды «біссіміллә» деп, 14 желтоқсан, дүйсенбіде бастаймыз. Екі аптада сеткаға да үлгереміз. Сәтсапар! – деді.

Сонымен, бұйрықпен 1992 жылдың 1 желтоқсанында мен «Қазақстан» мелекеттік телерадио компаниясы Қазақ теледидарының «Таңшолпан» таңғы ақпараттық-сазды бағдарламасының Бас редакторы қызметіне кірістім.

Ал «Таңшолпан», уәде бойынша, 1992 жылдың 14 желтоқсанында, дүйсенбі, 7.00-9.00 аралығында ашылды. Алғашқы хабарды мен және Лаура Юсупжанова екеуміз жүргіздік.

Міне, осы «Таңшолпан» бір жарым жылдың ішінде мыңдаған көрермендерге рухани қуаныш сыйлады. Қазір, бағдарламаның алғашқы топтағыларды атай кетейін: Бас редактордың орынбасары Бақберген Табылдиев, бөлім меңгерушісі Серік Есенов, бас режиссер Нұрлан Жұманиязов, режиссер Асыл Қаптағаева, редакторлар – марқұм Кенжебай Жармұхамбетов, Ғалия Әженова, Мұхтар Түменбаев, Дархан Наушабаев, Қуат Борашев, Базархан Айтмағамбетов, Әміролла Саримов, Гүлмария Көптілеуова, Құдайберген Қазыбаев, Махамбет Сәрсенбиев, Ғазиз Тастаев, Балжан ... жүргізушілер – Ләззат Танысбай, Гүлмира Дайрабаева, Хадиша Жәмекова, Лаура Юсупжанова, ассистенттер Сәулет Бекмағамбетова, Эльмира Шорабаева, көлік жүргізушісі Саят Шәймерден және басқалары...

Иә, «Таңшолпан» – Қазақстандағы тәуелді-тәуелсіз телекомпаниялардағы ең алғашқы таңғы бағдарлама болатын. Ал ұлттық арнамыздағы қазіргі таңғы және бірнеше атау аталғандардың барлығы да осы «Таңшолпаннан» өрбіген.

Бірінші «Таңшолпанмен» қазіргі «Таңшолпанға» дейін бағдарлама бірнеше атаулармен аталған: «Таңшолпан» (1992 ж.), «Таңшолпан» (1996 ж.), «Шапағат» (1997 ж.), «Арай ТВ» (1999 ж.), «Таңшолпан» (2000 ж.), «Жаңа күн» (2002 ж.), «Оян, қазақ» (2004 ж.), «Таң сәрі» (2005 ж.), «Қайырлы таң» (2006 ж.), «Ассалаумалейкум» (2007 ж.), «Таңшолпан» (2009 жылдан қазірге дейін). Әр түрлі кезеңдерде бағдарламаны – Абдолла Сүлеймен, Тыныс Өтебаев, Нәзира Бердалы, Дана Нұржігіт, Мұхтар Түменбаев, Гүлмира Дайрабаева, Серік Жұмабай, Гүлнұр Оразымбетовалар басшылық еткен. Осы жылдар ішінде шығармашылық-өндірістік жүздеген қызметкерлер жұмыс істеді.

Ал мақтана айтатын жәйт, еңбек жолын «Таңшолпаннан» бастаған, белгілі теледидар жұлдызы, шәкіртіміз – Ләззат Мұратқызы Танысбай бүгінде «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқармасының Төрайымы. 2009 жылы Ләззат Мұратқызы «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқармасы Төрағасының бірінші орынбасары кезінде, әр түрлі атаулармен жүрген «Таңшолпан» бағдарламасының атауын қалдырды. Міне, он екі жыл болды, осы таңғы бағдарлама көрерменнің көзайымы.

Жалпы, Қазақ теледидарының тарихында 33 жылға жақын уақыт бойы эфирде келе жатқан «Таңшолпандай» хабар жоқ деп кесіп айта аламыз. Ол құбылыс болған хабарға бата берген, дем берген – ұлт қайраткері Шерхан аға еді...

Тағы айтатын, мәселе, сол кездегі кеңес жүйесі – жоспарлы экономика, Тәуелсіздікті енді алып жатқан кезіміз. Үй-тұрғын жағдайы тек қалалық атқару комитетінің балансында бар пәтерді аласың, тәртіп бойынща, кезекте тұрасың. Ал, адамдар он жыл-он бес жылдар күтеді. Шерағаң келгенде жағдай осындай еді.

Қазақ теледидары мен Қазақ радиосы тарихында бірінші рет Шерағаның абыройымен, жаңа салынған үйден 54 пәтер алып берген болатын! Сол үй алғандардың бірі мен едім.

20 наурыз 2025 жыл.

4-қосымша

ШЕРХАН МҰРТАЗАДАН АЛЫНҒАН СҰХБАТТАР

ЖАСТАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

«Жалын» альманағының және «Жазушы» баспасы балалар мен жасөспірімдер әдебиеті Бас редакциясының бас редакторы ШЕРХАН МҰРТАЗАЕВПЕН әңгіме

– «Жалын» альманағының алға қойған мақсаты қандай?

– Шығыс елдерінің кейбірінің дәстүрінде шәкірт тәрбиелемеген, ізбасар баулымаған ұстазды жұрт қанша атақты болса да қарғайды екен. Әдебиетте сондай. Ол қазір қанша дәуірлеп тұрғанымен келешегі, жаңа буыны кейінгі толқыны болмаса, ондай әдебиет – тұл.

Қазір қазақ әдебиетінің бағына қарай, жас қалам қаулап өскен шақ бұл. Дәл осыған орай 1967 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советі «Жазушы» баспасының жанынан екі айда бір шығатын «Жалын» атты жастардың көркем әдебиет альманағын ашу туралы қаулы қабылдады. Содан бері «Жалынның» он кітабы жарық көрді. Содан бері бұрын есімдері белгісіз, жас талап, болашағынан үміт күттіретін бір қауым жас авторлардың туындылары жарияланды. Бәрі бірдей атақты жазушы болып кетпегенмен, олардың ішінен Әдебиет атты алтын орданың табалдырығынан ұялмай аттап енуге лайықтылары табылары хақ. Демек «Жалын» өскелең әдебиетіміздің жас буынын баулып, жасөспірімдерге коммунистік, эстетикалық тәрбие беруде біршама іс атқарды, бірақ бұл салада істейтін жұмыстың ауыры әлі алда жатыр.

– Он кітап шығарып үлгерген альманахты көпшілік қалай қабылдап отыр?

– «Жалын» альманағының әділ төрешісі – оқырман қауым. Оның қазіргі ықыласы жаман емес. «Жалын» 1970 жылы 24 мың тиражбен шығып тұрғаны мәлім. Ал, небәрі бір жылдан соң, яғни 1971 жылдың басына оның тиражы 50 мыңдай болды. Демек, бұл үлкен сенім. Халықтың бұл сенімі жас журналға күш-жігер, әл-қуат қосары сөзсіз.

– «Жазушы» баспасының бұрынғы балалар мен жастар әдебиеті редакциясы Бас редакция болып қайта құрылғалы біршама уақыт болды. Бұл саладағы жетістік, кемістік қандай?

– Бас редакцияның құрылуы да жоғарыда аталған қаулының тікелей жемісі, жас әдебиетке деген партиялық әкелік қамқорлықтың нәтижесі. Балалар мен жасөспірімдер үшін шығарылатын кітап саны, тиражы, көлемі бұрынғыдан гөрі едәуір ұлғайды. Жарық көріп жатқан шығармалардың ішінде тәуірі де, өкінішке орай, нәрсізі де кездеседі. Бір қынжылармлығы, бізде балалар әдебиетінің сыны әлі бесікте бөлеулі жатқан сияқты. Жетістік пен кемістікті әділ әдеби сын айтуға тиісті.

Бас редакция алдағы жылдарға арнап «Жазушы» баспасының жоспарына ардагер адамдарымыздың өміріне арналған жаңа серия ендіріп отыр. Сол сияқты замандас тұлғасын таныстыратын тәуір туындылар жаздыру мақсатымен авторларға әлеуметтік заказ беру ісі қолға алынбақ.

Таяуда балалар мен жасөспірімдерге арналған таңдаулы шығармаларға арналған конкурс жарияланады. Біз бұл конкурске де едәуір үміт артып отырмыз. Оның қорытындысы бұрын жарияланғандай, 1971 жылдың бірінші жартысында шығарылады. Бәйге алған таңдаулы туындылар кітап болып жарық көреді.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 1 қаңтар 1971 жыл.

«Жазушы және бесжылдық» айдарында

ЖҰМЫСШЫ – ЖАСАМПАЗ ЕҢБЕКТІҢ ЖАРШЫСЫ

Еселеген ел дәулетін тасытып, сәулетті болашақтың берік іргетасын қалап жүрген бүгінгі жұмысшы – жасампаз еңбек жыршысы, уақыт талабына сай ой-өрісі кен өндіріс адамы. Жұмысшы табы өкілдерінің бейнесі қазіргі әдебиетімізде қалай жасалып жүр. Адам – уақыт – өнеркәсіп ара-қатынасы қандай?

Еліміздегі ең ірі фосфор бассейнінің бірі – Ленин орденді Қаратау кен-химия комбинатының бас инженері Жаппар ДОСЫМОВ пен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, жазушы Шерхан МҰРТАЗАЕВ арасындағы Алматыда басталып, Қаратауда аяқталған жауаптама-диалогы осы жайында толғайды.

Ж. Досымов: – Біздің космостық шапшаң қарқынмен өскен уақытымыз тап қазіргі күрделі кезеңде тек қана әдебиет, өнер ғана емес, өндіріс адамдарының алдында да талай үміт күтетін ауыр міндеттер болып отыр. Заман өсті. Адам жетілді. Күні кешегі өндіріс құралдарын бүгін көрсек бейне бір тас ғасыры дәуірінен табылғаннан сау ма деп қаласыз. Бірақ оның бәрін өз қолынан көрген адамдар өз қатарында бір ауамен тыныстап жер басып жүр. Мәселен, Шолақтауда (Қаратау қаласы бұрын солай аталатын) жиырма жылдай бұрын саусақпен санарлықтай-ақ санаулы екі-үш жүк машинасы болды. Кен тиеген керуендердің көш басы қырық-жетпіс, БЕЛАЗ-дардың өзі аз ғана, соған да етіміз үйреніп кетті.

Ендеше, Шәке! Біздің әңгіметіміз жалаң өндірісті қамтымай, қоғамдағы адамдардың тағдырына, күрделі жан дүниесіне, олардың қарым-қатынасына, өмірдегі тіршілігіне байланысты өрбиді-ау деймін.

Ш. Мұртазаев: – Өте дұрыс айттыңыз, Жапеке! Мәселені «тереңінен» алғаныңыз жақсы болды. Өндіріс тақырыбы деген қаламгерді қызықтыратын алдымен сол ірі кәсіпорындардың аясындағы адам бейнесі. Біздің тілімізше – кейіпкер. Соның іс-әрекеті. Психологиялық коллизия. Міне сіздің жүздеген маманы бар орасан комбинатты басқарып отырғаныңызға біршама уақыт болды, сонда өндірістегі уақыт қозғалысы адамға, соның күйіне қалай әсер етіп, қандай қозғалыс тудырады соны байқағаныңыз болды ма?

Ж. Досымов: – Оны айтпас бұрын мен кішкене шегініс жасағым келіп тұр. Қарсы болмасаңыз әрине сұрау қоюға бола ма?

Ш. Мұртазаев: – Оның еш сөкеттігі жоқ.

Ж. Досымов: – Анда-санда қолымыз қалт еткенде, тиіп-қашып әдеби кітаптарды оқып шығамын. Әсіресе, өзімізге, қаламызға жақын жұмысшы тақырыбы жайлы жазғаны болса құлшына зер саламыз. Бір кезде қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейткен «Оянған өлке», «Қарағанды» сықылды шоқтық-шоқтық шығармалар шығып еді. Сол тақырыптың нұрлы қайқатарында С. Сейфуллиннің «Жерқазғандарын», одан беріде С. Ерубаевтың «Менің құдастарым» тұрғанын да білеміз. Ондағы кейіпкерлер өз соныларымен ерекшеленеді. Демек, ұлттық жазу өмірімізде жұмысшы тақырыбын игеру дәстүрге айналды деген сөз ғой бұл. Кейінгі кезде қаламгерлер қауымы материалдық база жасаушыларға, құрыш білек жұмысшыларға жиірек назар аудара бастаса да, олардың алдында қарыздар болып отырған жоқ.

Ш. Мұртазаев: – Сіз дұрыс айтасыз. Осы заманғы көп ұлтты советтік әдебиетімізде процестің бөлінбес бір тарауы – жұмысшы еңбек талабы. Оны қамтып, өркендетіп, дамытып әкетудегі басқа тіл өнерінің, әсіресе, осында орыстың ұлы әдебиетін жинақтаған мол тәжірибесі бар. Жаңа дәуірді жасаған революциядан кейін-ақ ой-ұстындарының назарын заманның жаңа қоғамдық даму жағдайындағы қозғаушы күші жұмысшы табы, соның өкілдері өзіне қатты тартты. Пролетариаттың кемеңгер жазушысы М. Горькийдің кәсіпорындар көркем шежіресін жасауға, өндірістік романдар жазуға үндеуі жайдан-жай емес. Сол үлкен істі жалғастырушылар «іс-әрекет адамды», оның өскелең ісін жарқын көрсетуде оқ бойы ілгері кетті. Ол біздің ойымызға да игі әсерін, ықпалын тигізді. Жақын жылдардың беделінде республика жұмысшы табының жарқын өмірін әр қырынан көрсеткен І. Есенберлиннің «Алтын құс», З. Қабдоловтың «Жалын», С. Бақбергеновтың «Кентау» романдары, Т. Әлімқұловтың «Күрең өзен», Ж. Жұмақановтың «Мен – жұмысшымын» туындыларының жарыққа шыққаны оқырмандарға аян. Ол қай деңгейде, қалай, қайтіп көрсетті, бұл басқа мәселе.

Бір қуанарлығы, уақыт зәрулігінен туған бұл шығармалар кеңсешілдікке әбден үйренген кертартпа басшы мен жаңашыл жаңа басшының арасындағы тартысқа құрылатын схемадан бірте-бірте арылып келе жатқан секілді.

Біз бұл жерде жұмысшы тақырыбының қиыншылығын аттап өте алмаймыз, әрине, оған қалам тарту аса жауапкершілікті тілейді. Оның жауапкершілігі бәрімізге де салмақ салады. Екі жылдан бері осы өндірісті өнірдің жасампаз еңбеккерлері жайлы проза жазып, ізденіп жүргенімді білесіз. Мен қаратаулық қаһармандармен кездескен сайын сол жауапкершілік жүгі тым ауырлай түскендей...

Ж. Досымов: – Ол рас. Адамдарымыз ғажап. Отыз жылға жуық тарихы бар кеніш көз алдымызда өзгерді ғой. Оның ілкі алды қадасын қағысқан қадірменді ақсақал Социалистік Еңбек Ері Аманжол Байқожаев соның шежіресін жыр ғып айтады. Осы тұста айта кететін бір жай, қалалық Советіміздің төрағасы С. Жабасов жақында Қаратау тарихынан кандидаттық диссертация қорғады.

Бұл атағы Одаққа жайылған рентабельді шаруашылықтың өсіп өркендеуіне партия мен үкіметіміз қаншама қамқорлық жасап отыр. КПСС XXIV съезінің шешімдерінде: «Қаратау бассейінінде фосфорит өндіретін қуаттар,

едәуір арттырылсын» деп атап көрсетілген. Тоғызыншы бесжылдықтың айқындаушы жылында ғылыми негізделіп жүйелі жасалған жоспарымызды жүзеге асыру жолында қаратаулықтар қажырлы еңбек етіп жатқанын, шынында да, мақтаныш тұтамыз. Үш жүз мың шаршы километрді жайлаған кәсіпорынның бес топқа бөлінген қосымша кен көздерін бір орталықтан басқару да онша жеңіл емес. Оған орамдылық, іскер басшылар керектігін айту артық. Біз жылына бес миллион тоннадан астам руда өндіреді екенбіз. Ол қаншама қажыр-қайратты, ащы маңдай тер төгуді керексінеді.

Осынау мемлекеттік үлкен тапсырманы орындауда әртүрлі ұлт өкілдері қоян-қолтық еңбек үстінде. Олардың ішінде үш мыңға тарта коммунистік еңбектің екпіндісі атағын жеңіп алғандар бар. Бес цех, он екі кезек топ, жиырма бөлімше, жетпіс алты бригада мен экипажға, коммунистік еңбектің екпінді коллективі атағы берілген. Бір жылдың өзінде 2,9 миллион сом пайда келтіретін сексеннен астам іс-тәжірибе өндіріске қосылса ғанибет емес пе? Оған 1044 өнертапқыштың сол мерзімде 1,5 миллион сом қаржы табыс көзі болып есептелінетін ұсыныстары өндіріске енгізілгенін қосыңыз. Соның бәрін жасап жатқан қала еңбекшілері, «Молодежный» кенішінің коммунист Иванов басқаратын комплексті забойшылар бригадасы, Ақсайдағы коммунист Калфенштейн басқаратын экскаваторшылар бригадасы мен Ленин ордерінің кавалері экскаваторшы Ерген Өміров еңбек десе жанып тұрған жандар. Әлбетте, бұны сыртқы эффект үшін айтып отырғаным жоқ. Осы өндірістегі жаңа қуат көздерін іске қосу, жаңа техниканы меңгеру адамдарды саяси-идеялық тәрбиелеумен қатар ұштастырып жүргізіледі ғой. Өндіріс базасының өсуімен байланысты жұмысшы да оқиды, үйренеді, өседі. Бұл дене мен ой еңбегінің арасындағы ерекшеліктің бірте-бірте жойылуына әкеп соғады. Ол проблема ма, проблема…

Ш. Мұртазаев: – Иә, ол қызықтыратын жәй. Әуелден әдебиетті әдебиет ететін еңбектің, еңбек үстіндегі адамның алуан жағдаяттары, өмірге деген ынтызарлығы, асыл мұраттар жолындағы күресі. Ол әртүрлі жазушы еңбегінде әртүрлі көрсетіліп, сан көркемдік шешімін тауып келе жатыр.

Ж. Досымов: – Сонда ең бастысы – адам дейсіз ғой.

Ш. Мұртазаев: – Иә…

Ж. Досымов: – Сыншылар атап жүргендей, кейбір «Өндірістік романдар» деп аталатын туындыларда, көңіліңізге келмесін, проблема қойылады-ау, бірақ сол қалай өрбіп жүр? Әлгілерде жаппай өндірістік мәселелер жалаң қойылып, содан туындайтын қиыншылықтар тізбектеліп жалықтыра баяндалады. Кейіпкерлер соның көлеңкесінде көміліп қалады, не тұрмыстық жайлар қазбаланып кетеді. Сөйтіп өндіріс бір басқа, адам бір басқа екі ұдай күн өткеріп жататыны аз емес?

Ш. Мұртазаев: – Осы заманғы өндірістік прогресс деңгейі, соның төңірегінен өрбитін көкейтесті проблемалар көп мамандық иелерін қызықтырады. Ол әр қырынан зерттеліп келеді. Ал бұл шоғырдың ішінде әдебиеттің міндеті тіпті басқа. Ол әлгі жиынтық жайлардан жоғары көтеріліп, терең талдау жасап, кейіпкердің біздің жағдайымызда жұмысшы адамның жаңа сын-сыпатын ашуға тырысады. Бұл қаламгерге біраз творчестволық машақат әкелетінін екінің бірі біле бермейді.

Ж. Досымов: – Жұмысшы еңбегінің барысы мәлім. Мәселен, біз руда өндіреміз. Оны Жамбыл мен Шымкент заводтарына жөнелтеміз. Қаратау бассейіні дайындаған шикізаттарды Волгоград, Куйбышев, Шаржоу, Алмалық, Самарқан, Қоқан химия кәсіпорындары алады. Одан, «құнарлы тастан» шыққан тыңайтқыштар еліміздің түпкір-түркіріндегі ауылшаруашылық еңбеккерлеріне жөнелтіледі. Жерге, жер қайтып бізге беретін, осы үзілмейтін байланыстың нәтижесі көзге көрнекті, қолмен ұстағандай. Ал сіздердің, әдебиетшілердің жазу процесі өзгеше. Соның құпиясы жалғыз мені емес, барлық оқырманды да бей-жай қалдырмайтын шығар, сірә. Сөз сиқыры неде? Соны айтпас па екенсіз?

Ш. Мұртазаев: – Қолқаңыз түсінікті. Жазушы творчестволық лабораториясынан әңгіме айт дегеніңіз ғой.

Ж. Досымов: – Дәл солай.

Ш. Мұртазаев: – Жер үстінде қанша суреткер (өткен-кеткенін қосқанда) жасаса, соншама тақырыпты игеру тәсілі бар десек артығы жоқ. Әрқайсысы зерттеп жүрген объектісіне өзінше көзқараспен, әдіспен келеді. Сөзсіз, сонысымен де өнер қызғылықты. Бұл жайында Г. Гейне өте тамаша тап басып айтқан: «Егер дүние сызат берсе – ол ақын жүрегінен өтуі тиіс...»

Қайта-қайта Қаратау өңірін аралағаннан алған әсерден кітап жазылып жатыр. Ол бүгінгі жұмысшы келбетін, жаңа адамның бай рухани жан дүниесін қоспасыз, боямасыз шынайы ашып көрсетсе, кәніки нұр үстіне нұр болар еді. Сол толқытып, толғандырып жүр. Туынды қалай бітеді, оқушы жүрегіне төте жол таба ма? Оны тек уақыт қазылығы көрсетеді.

Ж. Досымов: – Қаратау жұмысшылары өмірінен кітап жазып жүргеніңізге құлағымыз түрік. Асыға күтіп жүрміз. Соның алғашқы қарлығашы іспеттес көркем очерктеріңізді білеміз. Сонда «Жаңатастың», қателеспесем шығармаңыздың аты солай ғой. (Осы жерде Жаппар Досымов Шәкеңе сұраулы жүзбен қарады. Әріптесі құптағандай, сәл басын изеп қойды). Ішінде қатысатын кейіпкерлердің прототипі кім? Әйтеуір жұмысшы табының өкілі ме, жоқ нақты адамдарға сүйене ме?

Ш. Мұртазаев: – Тап осылай деп кесіп айту қиын. Сіздерде қандай болмасын көркем кітапқа қаһарман болуға лайық адамдар көп. Соның бірі кен-химия комбинатының ғылым және техника бөлімінің бастығы Нұрахан Оразбаев ше? Өзі өнертапқыш, бесаспап жігіт деп ойлаймын оны.

Бітуі бітіп, әлі сиясы кеппеген туынды хақында пәлен-түген деуге болмайды. Дегенмен, оның кейіпкерлері бұрыңғы повесімде бар адамдар. Олар жаңа жағдайда, қоғамдық-әлеуметтік дамудың жаңа сатысында басқа бір ситуацияларда өмір кешеді. Әртүрлі тағдырлар тартысының аясында сезім, конфликті, ой шарпысы болады.

Ж. Досымов: Сізді енді төл жазушымыз деп танимыз біз. Менің байқауымша, жас жазушылардан өндіріс тақырыбына барып жүргендер аз секілді. Әлде олай емес пе? Бәлкім жұмысшы мәртебелі мамандығын сүйіп жазатындарды мен білмейтін шығармын.

Ш. Мұртазаев: – Жо-жоқ. Бұл айтқаныңыздың жанды жағы бар. Қазақстандағы ұлттық жұмысшы табы бертіректе қалыптасты ғой.

Ол құбылыс әлі жүріп жатыр. Басқаға бармай-ақ Қаратаудағы өндіргіш күштердің өзін алайықшы. Сіздерде маман жұмысшылар жетіспейді. Рас қой.

Басқа республикалардан келгендердің ішінде де «қызыл қағазға» қызығып, «жеңілдің асты, ауырдың үстімен» жүргендер аз ба? Өндірістің бар қуатпен жұмыс істеуі үшін жергілікті тұрғындардан, әсіресе, көрші ауылдардан жастар тартып, оларды мамандандыру аз мәселе емес екеніне көзім жетеді. Ұлы достық аясында әр ұлт өкілдерімен бірге қазақтың жас мамандарын көру де ғанибет болар еді ғой.

Сол секілді жас қаламгерлердің де өз шешілмеген жайлары бар. Біздің әдебиетімізге жастар, көбінесе, ауылдан өсіп келеді. Олардың табиғатына сол жақын. Күрделі өнеркәсіп жайы бәріне бірдей таныс бола бермейді.

Сондықтан олардың да жұмысшы тақырыбына қалам тартудан тартыншақтайтынының да себебі түсінікті. Бұндай жағдайда әлеуметтік заказ көп маңыз атқарар еді.

Еліміздің кейбір кәсіпорындары мен қаламгерлері арасындағы тығыз қарым-қатынас өз жемісін бермей қалмайды емес. Москва театрларында шулы табыспен жүріп жатқан «Болат балқытушылар» осындай екі жақты ынтымақтан туған.

Ж. Досымов: – Шынында да, әлеуметтік заказ мәселесі ойландыратын жай екен. Егер М.Шагинян сияқты өндірістің бүге-шігесін жақсы біліп, талмай жедел жазатын адам болса ғой.

Ш. Мұртазаев: – Біздің әңгіміміз ұзап барады. Сіздің Қаратау мен Жаңатастарыңыз жас кенттер. Қазіргі өскелең жас ұрпақ уақыт үндестілігін нәзік сезеді. Осы өңір бір кездері гүлденген мәдениеттің іздерін сақтап жатқандай. Жастар өз нұрлы бастауларын біліп қана қоймай, бүгіннің биігінде отырып, келешекке жіті көз жібереді. Сіздердегі бүкілодақтық комсомолдық екпінді құрылысқа қатысып жүрген жастар өмірінің шертілер шежіресі қисапсыз. Ол алдағы кезде жазылар небір кітаптардың алтын арқауы болатыны кәміл. Келешекке біз де ой жүгіртіп, қиялдап көрсек қайтеді?!

Ж. Досымов: – Халық шаруашылығын өркендетудің перспективалық жоспарларында біздің бассейнге де баса ықылас қойылып келеді. Тек қана 1971-90 жылдарға құрылыстың әртүрлі объектілері үшін 1 миллиард 600 миллионға жуық қаржы жұмсалады екен. 1 миллион шаршы метр тұрғын үй және мәдени орындары салынбақ. Сонда жұмысшы саны 20 мыңнан асып құлайды. Бұның өзі ірі кәсіпорынның партия, совет және басқа да қоғамдық ұйымдардың алдына үлкен ұйымдастырушылық шараларын жүктейді.

Ал кеніште істейтін жұмысшылардың дені жастар болғандықтан қалалық комсомол комитетіне де біраз жауапкершілік артылады. Бұдан оларға жан-жақты саяси идеялық тәрбие берудің мәселесі туындап жатады. Жалынды жастықтың нұры жарқыратын қаламның келешек келбетіне талай сүйсінетін боламыз біз әлі. Болашақ биіктеріне шығандайтын мыңдаған жұмысшы әулеті мекендейтін болады оны.

Ш. Мұртазаев: – Соған орай, онда олардың жүрек лүпілін тыңдап жарасымды баянды шат-шадымен тұрмысын, өскелең өмірін жарқырата жырлайтын қаламгерлер сабы да артатыны ақиқат. Жұртшылықтың

алдында өз замандастарының бейнесін бар бітім-болмысында көркем бейнелеп, кейіпкерлердің жеке басына тоқтамай, ғылыми-революциялық дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік құбылыспен байланыстыра суреттеу де солардың азаматтық міндеті ғой.

Жазып алған
Аян НЫСАНАЛИН.

«Лениншіл жас» газеті, 15 қараша 1974 жыл.

«Көзқарас» айдарында

«ЖАСТЫҚ ШАҚ КӨК СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІ ЕМЕС ПЕ?!»

Газет тілшісінің сұрақтарына белгілі жазушы-драматург Шерхан МҰРТАЗАЕВ жауап береді

– **Шерхан Мұртазаевич, алпысыншы-жетпісінші жылдардың бас кездері аралығында республикалық жастар газетін басқарған едіңіз. Одан бері де қаншама жыл өтіп кетті. Сол шақта дүниеге келген сәбилердің өзі бұл күнде «Лениншіл жасты» жаздырып алып оқитын негізгі оқырмандарымызға айналды. Әлдеқалай жасарып, газеттің тізгінін қайтадан қолыңызға ұстай қалсаңыз, қазіргі көзбен қарағанда, не істер едіңіз, қандай мәселелерге айрықша көңіл бөлер едіңіз?**

– Алпысыншы жылдары газет басқарып отырып, айта алмаған талай ақиқаттар мен армандар бар. Заман солай болды...

Әлдеқандай ғажайыптың күшімен мен дәл қазір отызға жаңа толған жас жігіт болсам, «Лениншіл жасқа» редактор болып отырсам, редакцияның қабырғасына:

«Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе,
Қайрап ап қалың жауға сермегендей» , –

деген Мәдидің өлең жолдарын ірі әріптермен жаздырып қояр едім.

Жастық шақ – көк семсер болғанда, «қалың жау» кім бұл заманда? «Қалың жау» – тоқырау дәуірін туғызған безбүйрек бюрократизм, лениндік адалдықтан аттап кеткен мансапқорлар мен наградақұмарлар, екі ауыз сөздің басын құрай білмесе де, қазақтан көз алмай, не айтып тұрғанын өзі де жете түсінбей, көмекшілердің жазып бергенін сыдыратып оқып шығатын «көсемдер». (Ондай «көсемдер» әлі де бар. Тележурналист сұрақ қойса, жастардың «шпаргалкасын» оқып беретіндер көрермендерді, миллиондарды алдамақ болады. Масқара!) Олар – арам өлген қойдың өкпесіндей дарынсыздарды дабырайтып, қолынан іс келмесе де, қоқырайтып атқа мінгізіп қойғандар. Тамыр-таныстық, рушылдық, жерлестік, протекционизм – қиянаттың ең сорақысы. Кадрды біліміне, адамгершілігіне, адалдығына, іскерлігіне, парасаттылығына қарап таңдамай, тамыр-таныстықпен танығандар қоғамға, социализмге орасан зиян келтіреді. «Көк семсер» көрінгеннің басын шауып тастай беретін есердің құралы емес, бүгінгі таңда журналистің абыройы артып отырған таңда журналиске, ең алдымен,

табиғи талант, Держинскийдің сөзімен айтқанда: «Сабырлы ақыл, ыстық жүрек, тап-таза қол» керек.

– Сіз сол кезде өзіңізбен бірге қызмет істеген журналистердің еңбегіне қалай қарайсыз?

– Мен өзім «Лениншіл жаста» жүргенде Тельман Жанұзақов, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Фариза Оңғарсынова, Қалдарбек Найманбаев, Ахат Жақсыбаев, Кәрібай Ахметбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Жарасқан Әбдірашев, Қуанышбай Құрманғалиев, Мұхтар Шаханов сияқты дарынды журналистердің жанымда болғаны үшін тағдырыма ризамын. Бұлардың көбі кейін көрнекті ақын-жазушыларға айналды.

– Қазіргі таңда жастар газеті көтеретін проблемалардың басты-бастыларына тоқталсаңыз?

– Газет көтеретін мәселе ұлан-ғайыр. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесі. Түрмеде қазір жасы кәмелетке толмаған балалар аз емес. Ең сорақысы: велосипед ұрлаған бала мен адам өлтірген қанішер бір камерада бірге отырады. Түрме – тек жазалау орны ғана емес, тәрбие мектебі болуға тиіс. Кісі өлтірген адам қасындағы балаға қандай тәрбие бермек? Міне, газет араласатын мәселе!

Қалаға ауылдан «ауған» жастар тым көбейіп кетті. Оның әлеуметтік астарын іздеп, әшкерелеп, бұл процеске белсене араласатын, ең алдымен, жастар газеті болар. Неге десеңіз, біріншіден, ауылға да азамат керек. Ақсақалдар азайды, ересектер ертең қартаяды. «Қара шаңырақ» – ауылдың тұтқасын сонда кім ұстайды? Екіншіден, сабылып оқу іздеп келгендердің көбісі институтқа түсе алмай, елге қайтайын десе, намыс жібермей, оның үстіне ауыл да қызықтырмай, қалада қалып қояды. Көбісі қыздар. Үй жоқ, фабрикаға немесе әйтеуір бір табылған жұмысқа орналасып, жатақханаларды жағалайды. «Бұйырса» — тұрмыс құрады. Бұйырмаса «жолдан» бала тауып алады. Балалы болғысы келмей, кейбірі қылмысқа барады немесе жеңілтек жолға түседі.

Бұрын жастар арасындағы нашақорлық, зинақорлық туралы жұмған аузымызды ашпай келдік. Не ұттық? Ауруды жасырып келдік. Ал ауруын жасырған – арам өледі. Осының бәрі – жастар газетінің тақырыбы.

– Қазіргі таңда газет беттерінде сын материалдар көбірек жарық көретін болды. Бұған көзқарас та әртүрлі сияқты. Сіз не айтар едіңіз?

– Жалпы, сынның маркстік-лениндік критерийлерін сақтау керек. Сынның дәмі ащы болады. Ол – дәрі сияқты. Емдеудің құралы, кемшілікті жоюдың құралы болуға тиіс. Нағыз шипалы дәрі берудің орнына, ауруды асқындырып алудан жаман не бар. Сынағанда қиянатқа, қаскөйлік ниетке бой алдырмау керек. Сырқаттың диагнозын дәл таппасаң – ең алдымен қоғам үшін зиян. Мәселен, әдебиет сынын алайық, кейде артық, кейде кем түсіп жатады. Бұның екеуі де дұрыс емес. Ал соңғы уақытта сын дұрыс қабылдамайтын объектілер бар. Шағым, арыз жазып, арсыл-күрсіл болатындар бар. Жоғары жақты да мазалайды, қаншама адамды негізгі жұмысынан алаң етеді. Асылы, сын мәдениетін, сынды қабылдау мәдениетін игермей болмайды. Бұған дағдылануымыз керек. Психологиямызды үйретуіміз керек. Жақында

Москвадағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқуда болып қайттым. Сонда мынадай бір әңгіменің куәсі болдық. Теміржол бойындағы кемшілікті сынаған бір газеттің сол күнгі санын таратпау жөнінде министрдің өзі бұйрық берген. Нағыз топастық деген осы. Сынға доқ көрсететін кері көзқарастың кесірінің қалдығы бұл. Мұндайға қазіргі жариялылық кезеңі батыл тойтарыс беруде. Бұл мерзімдік баспасөздің көсегесін көгертеді, сонымен бірге еселенген жауапкершілік жүктейді.

– Журналист кадрларын даярлауға байланысты көп жылдық тәжірибеңізден түйген ойларыңызды білсек?

– КазГУ-дің журналистика факультетінде кешегі тоқырау кезеңінде конкурс абитуриенттер арасында емес, ата-аналар арасында болып келді. Ал баспасөзде тек талантты журналистер ғана жұмыс істеуге тиіс. Жақсы журналист қайдан шығады? Ол да дарын. Кез келген кісі бухгалтер, агроном, механизатор бола беруі мүмкін. Ал кез келген адам журналист бола алмайды. Ол мектеп қабырғасынан дайындалып шықса керек. Мен өз басым мектептегі қабырға газетінен шықтым. Ал қазір қабырға газеттері бар ма? Осыдан келіп тіл, әдебиет мәселесі туады. Тіл туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жақсы қаулылар шығарып берді. Оның орындалуын, іс жүзіне асырылуын қадағалап отыруға керек. Бұл жұмыстың жаршысы жастар газеті де екені даусыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ.

«Жас Алаш» газеті, 5 мамыр 1988 жыл.

«Орайы келген әңгіме» айдарында

«АЛТЫН САНДЫҚТЫҢ ҮСТІНДЕ ОТЫРЫП… »

Жақында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, көрнекті жазушы Шерхан Мұртазаев облысымызда болып, оқырмандармен жүздесті. Біздің тілшіміз жазушыға жолығып бірнеше сұрақтар берген еді.

СҰРАҚ: – Қазір біз керемет бір өзгерістер заманын бастан кешіріп отырмыз. Ол біздің туған әдебиетіміздің де, газет-журналдарымыздың да беттері жаңа бір леп әкелгендей. Біздің әдебиетіміздің белгілі өкілі ретінде осы жаңалықтарға қандай баға берер едіңіз?

ЖАУАП: – Әрине, заман өзгеріп, жаңалық көбейіп жатыр ғой қазір. Шынында да бұл бір керемет дәуір болып тұр. Соған орай біздің әдебетімізде де жекелеген жаңалықтар болғанымен, ұлы бастама желе-жортып жүріп өтті дей алмаймын. Әдебиет шаруашылығы бұл мәселені өркендетіп алып кете алмай отыр. Әдебиеттегі бетбұрыс деген ұғым біздің санамызға енді-енді ғана еніп жүргенге ұқсайды. Там-тұмдап бір нәрселер жасалған болып жатыр. Біздің «Қазақ әдебиетінде» біршама тіршілік бар. Бұрын ауызға

алынбаған ақтаңдақ асылдардан кейінгі ұрпақ құлағына шалынбаған дүниелер жарияладық. Әсіресе, Шәкәрім туралы дүниелерімізді бөліп алғым келіп отыр. Шәкәрім мәселесіне байланысты арнайы үкімет комиссиясы құрылды. Сол беделді комиссия үлкен жұмыс жүргізіп, зерттеп, ақыры бізге ақ, қараны айырып берді. Шәкәрім атына жабылған пәле-жаладан арылып, қазақ әдебиетіндегі алдыңғы сапындағы өз орнына келіп тұрды. Біз, міне осы бір айтулы оқиғаға байланысты Шәкәрімнің өлеңдерін жарияладық газетімізде. Оның өмірі жайлы, творчествосы жайлы көлемді мақала бердік. Мұның өзі Шәкәрім жайындағы бір хабарға жете алмай келген біздің қалың оқырманымыз үшін біраз азық деп ойлаймын. Алайда, Шәкәрімнің өмірі мен творчествосы жайлы әңгімеміз осымен бітеді демейміз.

СҰРАҚ: – Шәкәрім Абаймен деңгейлесетін үлкен ақынымыз деп бағалауда әдебиет зерттеушілері. Олай болса біздің мектептеріміздің, жоғары оқу орындарымыздың оқулықтарына Шәкәрім творчествосы да ену керек шығар?

ЖАУАП: – Ендігі жерде Шәкәрімсіз оқулық шығатын болса, барып тұрған ағаттық болады. Ол Абайды дамытқан тұлға, Батыс, Шығыс әдебиетін, мәдениетін танудағы көзқарасы кең де терең. Оны келер ұрпақтың білуі керек. Ал, енді тағы бір мәселе жалғыз Шәкәріммен дүниеміз түгенделді дей алмаймыз. Ақтаңдағымыздың бояуы қанып болды деу ерте. Оның арғы жағында талай есім бар.

Мына тұрған Өзбекстанда кезінде солармен бірге айып тағылған, беттеріне қара күйе жағылған есімдер қайтадан тазарып, өмірге қайтадан оралды. Міне, біз де өз жоғымызды қайтадан табу жолында еңбектенуіміз керек. Әр түрлі себептермен жарыққа шықпай атқан дүниелерімізді шығаруымыз керек. Алтын сандықтың үстінде отырып кедей болғанымыз ұят. Біздің «Қазақ әдебиеті» газеті осы бағытта біршама жұмыстар атқарды. Н.Ахметбековтың бұрын жазылып, бірақ жарық көруге рұқсат ала алмай келген «Күләндам» поэмасын, Ж. Сыздықовтың «Әли қарттың аңызы» поэмасын, Ж. Бектұровтың «Ақын мен арамза» поэмаларын жарияладық. Ж.Бектұровтың «Ақын мен арамзасы» Шәкәрім тағдырына арналған. Бұл да Шәкәрім әлі ақталмаған кезде, жариялылылық жоқ кезде жазылған.

СҰРАҚ: – Қазір қос тілділік жөнінде де үлкен әңгіме қозғалып жатыр. Іс- қағаздарын екі тілде жүргізу керек деген де әңгіме басталған сияқты еді. Алғашқы кезде бұл мәселе біраз қарқын алып еді, қазір біртіндеп бәсеңдеп бара жатқан сияқты?

ЖАУАП: – Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қабылдаған қос тілділік туралы қаулы өз кезінде өмірге келген аса қастерлі документ. Документті жақсы шығарды. Бірақ, енді ондай қаулының жариялануы бар да, оның іске асуы бар ғой. Бізде кейде қаулы көп болады да бірінен бірі маңызды болып, бірі біріне көлеңкесін түсіріп кететіні болады. Мен қорқамын сол бір қос тілділік туралы шыққан қаулы да кейінгі қаулылардың тасасында қалып қоя ма деп. Ал шынында өзін-өзі сыйлайтын үкімет, өзін-өзі құрметтейтін үкімет өз заңын да, өзінің қаулы-қарарларын да құрметтеуі керек. Жариялап қана қоймай оның іске асуын қадағалау керек. Ал олай болмаған жағдайда бұл көзбояшылық болады. Міне, осындай сорақы іс болмас үшін үкімет қаулысын

жүзеге асыру жолында жергілікті жердегі партия, совет қызметкерлері іске мұрындық болу керек. Үкіметіміздің қаулысын алдымен солар сыйласа екен деймін. Жеке мектептерде, кейбір жоғары оқу орындарында там-тұмдап бір нәрсе істеген болып жатыр. Бірақ ол тамшыдай ғана. Сөздіктер шыққан болып жатыр, бірақ ол да сол апыл-ғұпыл, асығыс жасалған дүниелер. Ал ондай асығыс нәрсенің кемшілігі көп болатыны белгілі ғой.

Қазіргі ең басты мәселелеріміздің бірі – өз, тіліміздің тағдыры болып тұр. Тіл тағдыры сол халықтың өзінің қолдауын таппайынша бағы ашылмайтыны белгілі. Сондықтан оны әріден бастау керек. Бала сөйлеуге анасының құрсағында жатқанда дағдыланатын көрінеді. Сондықтан да өз тілін өзінің анасынан естіп өспейінше тілдің бала бойына даруы оңай емес, бала бақшада, мектепте құлақтарына сіңіру керек. Сонда ғана тіл тіл болып қалыптасады. Осы арада көбіне біздің ата-аналарымыздың өзі кінәлі ме деп ойлап қаламын. Балаға алдымен ықпал жасайтын құдіретті күш ата-ана. Балаларын көпе-көрнеу қазақ мектебіне бермейтіндер бар. Содан қазақ кластарындағы балалар саны азайып, соны сылтау қылып қазақ мектебі жабылсын дейтіндер бар. Орыс тілін білмей қалса, орысша оқымаса күн көре алмайды дейтін түсінік. Бұл алдамшы түсінік. Әрине, орысша білмей болмайды. Ол біздің екінші қанатымыз. Қос қанатымыз бүтін болғанда ғана біз алысқа бара аламыз.

СҰРАҚ: – Таяуда Алматыда Наурыз тойы болды. Теледидардан да, газет-журналдардан да оқып жатқанымыздай, халықтың бұл мерекеге деген ықыласы ерекше болыпты. Алпыс екі жылдан бері тойланбаған өзіміздің ұлттық тойымызды біз әуел баста қалай жоғалттық, енді қалай таптық? Жазушы ретіндегі өз пікіріңіз қандай?

ЖАУАП: – Наурыз мерекесі тойланғанда мен Алматыда болмап едім. Бірақ халықтың бұл мерекеден алған әсерін естіп мен де қатты қуандым, тебірендім. Бұл – Наурыз тойының алғаш тойлануы. Осы алғашқының өзінде осыншама халықты жинай алған, сондай әсер бере алған мерекенің ертеңгі барар сапары да ұзақ болар деген ойға келдім. Бұл – халыққа керек той деген сөз. Халықтың жүздеген жылдар бойы сана-сезіміне сіңген жақсы дәстүр деген сөз. Ал енді мұны әуел баста қалай жоғалтып алдық деген мәселеге келетін болсақ, бұл ойы тайыз, шолақ белсенділердің қылғаны дер едік. Наурызды керітартпа, діни ұғым деп, оны аластау керек деп, ақыры халықтың өз мерекесін сол халықтың өзінен тартып алған да солар. Бірақ қайта құру кезеңі бұл жақсы дәстүріміздің де өз сән-салтанатымен біздің өмірімізге қайтып оралуына мүмкіндік жасады. Наурыз дегеніміз бұл өзі шығыс халықтарының жаңа жылы, батыста жаңа жыл 1 январь болатын болса, бізде 22 март. Бұл күн мен түннің теңелетін күні. Бұл жерде ешқандай да діни ұғым, наным жоқ. Наурыз күні бүкіл ауыл болып наурыз көже пісіретін, сөйтіп үй аралап бірімен бірі амандасып, әр үйден дәм татып, сән-салтанатты киім киініп тойлайтын болған. Ондағы мақсат қарын тойдыру емес, ел мен ел арасын, адамдар арасын жақындастыру. Бұрын араздасып бірін-бірі көрместей болып кеткен ағайындар да сол күні татуласуға міндетті болған. Наурыз тойы үстінде олар бірінің үйіне бірі барып, ескі өкпе-реніште ұмытатын болған. Олай болмаған жағдайда, татуласқысы келмеген адамға

ел күнәлі деп қараған. Сонда қарап отырсақ, Наурыз достыққа шақырған, бірлікке шақырған мереке, Ал мұндай жақсы дәстүр жоғалмауға тиіс.

СҰРАҚ: – Бүгінгі таңда табиғат қорғау мәселесі бәріміздің көңілімізді алаңдатып отырған жағдай. Анау Арал, мынау Балқаш әні-міне көз алдымыздан жоғалғалы тұрғанға ұқсайды. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

ЖАУАП: – Бүгінгі таңдағы адамзатқа қауіп төндіріп тұрған ядролық соғыс деп отырмыз ғой. Бірақ, менің өзімнің ойымша адамдар сана-сезімі ядролық соғысқа жол бермес деп ойлаймын. Соғыс болмайтын шығар. Ядролық соғыстың беті қайтады. Мені одан да қатты алаңдататын жағдай – біздің анамыз – табиғаттың мүгедек халге жеткендігі. Сол Арал маңын ғана айтар болсақ, бала өлімі деген үрейлі сөз күннен-күнге жиірек айтылатын болып бара жатыр. Неге? Оның бәрі мына біз өзіміз басып жүрген қара Жердің ауруға ұшырағандығынан. Неше түрлі дәрі-дәрмек, жасанды химиялық қосындылардың бәрін жерге шашып, оған сіңірудеміз. Сондай дәрі-дәрмекпен уланған жерге шыққан шөп те ауруға ұшырайды. Ал ауру шөпті жеген мал аман қалады дей аламыз ба? Жоқ. Етін тамақ қылып отырған, өсіріп өндіріп отырған мыңғырған малымыз да ауру. Ауру малдың етін жеген Адам да сондай. Тіпті сол Арал маңындағы жас аналар қазіргі күндері өзінің сәбиін емізуге қорқады екен. Демек, ананың сүті де өз қасиетін жоғалтты деген сөз. Ондай сүтті сәби өзі де ембейді. Ал, анасының омырауынан қорек алмаған бала ауруға ұшырамағанда қайтеді, ол бала өлмегенде қайтеді. Міне, менің қорқатыным осы. Адамзатты апаттан сақтаудың жолы қайсы десек, алдымен табиғатты қорғау керек дер едім.

СҰРАҚ: – Енді өз творчествоңызға тоқталсаңыз! Алдағы күні өз оқырмандарыңызға қандай дүние ұсынасыз?

ЖАУАП: – Көптен бері тынышымды алып жүрген тақырыптың бірі Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі еді. Мен сол кісі жөнінде үш кітап жазып шығардым. Төртіншісі – әлі бітпей жатыр. Ал оның алдындағы үшінші кітабымды шығаруыма көп қиыншылық болды. Кедергі көп болды. Оның бәрі кешегі тоқырау жылдарымыздың тигізген қырсығы дер едім. «Жұлдыз» бен «Простор» журналдары оны баспай қойды. Ал, қазір республика театрларында қойылып жатқан «Сталинге хат» атты пьесамды мен тез жазуыма тура келді. Бұл негізінде Тұрар Рысқұлов туралы романымның төртінші кітабына кіруге тиіс болатын. Ол кітаптың шыққанын күтетін болсақ уақыт өтіп кететін болды. Ал сонау отызыншы жылдардағы, коллективтендіру жылдарындағы халықтың аштықтан жаппай қырғынға ұшырағандығы жөнінде дәл бүгінгі таңда айту міндетім деп білдім. Сондықтан да басқа шаруамның бәрін жиып қойып, осы пьесамды жазып шықтым. Бұл пьеса арғы-бергі документтерге негізделе жазылған, көптен бері зерттеп жүрген дүнием. Оның негізгі діңгегі – Тұрар Рысқұловтың қазақ елінің аштықтан қырғынға ұшырап жатқандығы жөнінде Сталинге жазған екі хаты. Бұл пьесаны астанадағы жастар театры қойды. Көпшілік жақсы қабылдағанға ұқсайды. Қазір бұл театр менің «Қызыл жебе» деген тағы бір пьесам мен осы «Сталинге хатты» Өзбекстан көрермендеріне таныстыруда. Олар Ошта, Фрунзеде, Нарында қоймақ. Біздің республикамызда «Сталинге хатты» Жамбыл, Торғай театрлары қойды.

Шыңғыс Айтматовтың «Плаха» романын аударып шықтым. Оны «Жан пида» деп алдым. Бұл роман «Жұлдыз» журналының таяудағы үш санында жарияланбақ. Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын аударғанды жаным сүйеді. Алдағы күндерде де бұл творчестволық байланысымыз үзілмес деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Оңайгүл ТҰРЖАНОВА.

«Орталық Қазақстан» газеті, 14 маусым 1988 жыл.

«Жылдар, тағдырлар» айдарында

ЕЛДІ АШТЫҚ ЖАЙЛАҒАНДА

«Сталинге хат» спектаклінің авторы Шерхан Мұртазаевпен әңгіме

Жау тиіспесе де қазақ даласының бір шетінен екінші шетіне дейін адам өліктері.

Қараңғыдан қабырғаға адамдардың бет бейнелері, қолдарының көлеңкелері түсіп тұр. Көздер мен қолдар көмек сұрап, жеңілдік, аяушылық білдірулерін өтінетіндей. Кенеттен адамның денесіне жарық түсіріліп, өтінген, жалбарынған, көмек сұраған дауыстардың бәрі соған арналғандай. Тағы да қайғы мен мұңға толы, сай-сүйегіңді сырқырататын әннің әуені. «Бұл не? Тұрар сен естідің бе? Бұл не әуен?..» Рысқұловтан жауап ала алмаған Сталин мазасызданады. Белгісіз әннің әуені адамның жан-дүниесін түршіктіреді. Бұл не қылған әуен?..

Осыдан үш ай бұрын қазақтың жасөспірімдер театры Ш. Мұртазаевтың «Сталинге хат» пьесасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасын көрермен қауымның назарына ұсынды. Мұнда Қазақстандағы 1932-1933 жылдардың оқиғасы сөз болады. Дөрекі, түсінбей жүргізілген жаппай коллективтендіру қазақ халқын жарға әкеліп тақады. Қазақ даласында, ауылдарда, қалаларда жүздеген, мыңдаған адамдар аштықтың құрбаны болды. Бүтіндей бір ұлттың жойылып кетуіне аз-ақ қалған еді. Бұл трагедия туралы Сталин РСФСР Халық Комиссариаты Советі председателінің орынбасары Тұрар Рысқұловтан талай естіген де. Қазақтарды қорғаймын деп жүріп, 1938 жылы Рысқұлов ату жазасына бұйырылды.

Біз Тұрар Рысқұлов туралы Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы және драматург Ш. Мұртазаевпен әңгімелесіп отырмыз.

– Шерхан Мұртазаұлы, «Сталинге хат» пьесасын жазу туралы ой қашан келді?

– Бұл пьесаны жазу көптен бері ойымда жүрген. 1932-1933 жылдардың қасіретке толы оқиғалары көпке дейін айтылмағанмен, жүрек сыздатар ойлардан арыла алмадым. Тек менің ғана емес, көпшілік адамдардың ойында жүрсе керек. Себебі, мұндай қазалы күндер ешқашан ұмытылмақ емес. Қазақ халқының тең жартысы, үш миллионнан астам адам қырылса

да, түк болмағандай күйде жүргендер де бар! Менің Тұрар Рысқұлов туралы жазған «Қызыл жебе» кітабым бар. Сол кітаптың бір бөлігі ғана болатын бұл пьесаны жазу туралы ой Рысқұловтың Сталинге жазған атақты екі хатымен танысқаннан кейін келді. Халықтың жағдайын көзімен көрген, сол кезде Халық Комиссариты Советі председателінің орынбасары болып жүрген Рысқұлов, халқының басына түскен ауыр күндерді суреттей отырып, 1932 жылдың августінде Сталинге бірінші хатын жолдаған екен. Жер жағдайын, халықтың салт-санасын ескерместен жүргізілген жаппай коллективтендіру ісінің арты орны толмас өкінішке апарып соқтырғанын көрсеткен. Көшпелі, жартылай көшпелі халқы бар, Қазақстанға жер шаруашылығымен айналысатын озат аудандардың әдісі зорлықпен енгізілді. Ауылшаруашылық артельдері құрыла бастады. Ұйымдастырылған колхоздар өнім шығарудың жоспарларын орындай алмай жатты. Қазақстанның түкпір-түкпірін аштық жайлай бастады.

Бірінші хаты еш нәтиже бермеген соң ызаланған Рысқұлов, еш нәрседен қорықпастан, тартынбастан (ол өзін келешекте не күтіп тұрғанын сезе білетін ақылды адам болған) 1933 жылдың бас кезінде Сталинге екінші хатын жолдайды. Мұнда бірінші хаттан кейінгі 5 ай мерзім ішінде Қазақстанның жағдайы жақсару орнына бұрынғыдан да нашарлай түскені айтылған-ды. Рысқұловтың Сталинге хат жазғаны туралы хабарды бастапқыда халық әркімдерден естіп жүрді.

– Пьесаны жазғанда, әсіресе Сталин мен Рысқұловтың арасындағы диалогты келтірген кезде қандай документтерді пайдаландыңыз?

– Бұл менің драматургия саласындағы өз бетіммен жүзеге асырған тұңғыш жұмысым. Сондықтан анау-мынау кемшіліктерсіз болған жоқ. Пьеса сахнаға қойылғанша қобалжып жүрдім. Алайда, талапты режиссер Р.Сейтметов пен актерлердің асқан шеберлігінің арқасында сахнаға кемшіліктерінің бәрі тегістелген, өте сәтті дүние шықты.

– Пьесаға балалар да қатыстырылған. Бұл режиссердің ойлап шығарғаны ма?

– Жоқ. Пьесада солай келтірілген, себебі ол кездегі жағдайдың өзі осындай еді. Қазақ халқының басына түскен қайғы балаларды айналып өткен жоқ. Мыңдаған баланың әке-шешелері аштықтан өліп, жетім атанды. Қырылған халықты сахнада көрсету мүмкін емес. Сондықтан, қазақтардың басына түскен қайғы-қасіретті олардың балалары арқылы көрсеткенді жөн көрдім. Бұл жерде маған Рысқұловтың өмірінде болған мына бір оқиға көмектесті. Қайсар атты күйеуі, ауылы аштықтан қырылғанын көзімен көріп, енді қалған бес баласын аман сақтап қалу мақсатымен Рысқұловтың әпкесі Түйметай Москваға келеді... Түйметай 1965 жылы қайтыс болды. Оның ұлы да қайтыс болған. Қыздары бар. Мен олармен кездесіп тұрамын.

– **Рысқұловтың балалары туралы айтып берсеңіз...**

– Біз қызы Москвада тұрады. Жуырда шешесін жерлеуге келіп кетті.

Екінші Сәуле атты қызы осында зоология институтында жұмыс істейді. Рысқұловтың бірінші әйелі Е.А. Колосовскаядан туған Ескендір атты ұлы 1937 жылы 17 жасында, әкесінен кейін тұтқынға алынып, Мурманск өлкесіне жіберілген болатын. Сол жерде ол көкірек ауруынан қайтыс болды.

– **Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы В.М. Устиновтың «Служение народу» атты кітабында 1937 жылы Рысқұловқа қандай айып тағылғаны, оның қалай өлгені туралы бір ауыз сөз айтылмаған.**

– Рысқұловты, өмірде болмаған азиялық пантүріктік орталықты басқарды, неміс тыңшысы (ол 1923 жылы Орта Азия студенттері Германияда оқып жүргенде, осы елде болған), монғолдар мен жапон тыңшыларымен байланысы болған (ол шынымен 1924-1925 жылдары Комитерн өкілі ретінде Монғолияға барып келген болатын) деген айып тағылды... Бұл жерде, сол жылдары ұсталғандардың бәріне бірдей осындай, бір-біріне өте ұқсас айыптар тағылғанын айта кету керек. Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров, Мирзояндар да осындай «қылмысты істері» үшін жазаланған-ды. Рысқұлов қашан атылды? – деген сұраққа жауап беру үшін, төмендегі іс-қағаздарға көңіл бөлейік. Заң орындары мен СССР Прокуратурасының документтерінде Т. Рысқұлов 1937 жылдың 15 майында Кисловодск санаторийінде демалып жатқанда ұсталып, 1938 жылдың февраль айында атылды деп көрсетілген. Аяғы ауыр әйелімен бірге Кисловодскіде санаторийде демалып жатқан екен. Әйелі екінші қызын түрмеде туды. Содан он жыл Әзиза Қарағанды лагерінде болды. Жолы болып ол мал дәрігері болып, мамандығы бойынша жұмыс істеді. Репрессияға ұшыраған басқа командирлердің, ірі мемлекет қайраткерлерінің әйелдері қой бағып, сиыр сауды...

Рысқұловтың әйелін 1947 жылы босатып, орталық қалаларда, соның ішінде Алматыда тұру правосынан айырып, жер аударып жіберді. Партияның XX съезінен кейін ғана ол толық ақталды.

– Рысқұловтың балалары әртүрлі балалар үйінде тәрбиеленді. Әзиза Түбекқызы солардың бәрін қалай тауып алды екен?

– Ол балаларды көп іздеді. Қыздар шешелерінен айырылғанда өте жас болатын. Бір қызы 1933, екіншісі 1937 жылы туылған. Оларды Урал, Украина, Сібір т.б балалар үйіне көшіріп отырған. Қанша балалар үйін алмастырғандарын қыздардың өздері толық білмейді. Алайда, Әзиза ана бүкіл елімізді шарлап, Рысқұловтың екінші әйелінен (екіншісі де орыс болатын) туған балаларды тауып алды.

– «Қызыл жебе» атты кітабыңызда Рысқұловтың өмірін жан-жақты көрсете алдыңыз ба? Жоқ, қалып қойған кезеңдері болды ма?

– Әрине, толық көрсетілген жоқ. Кітапта оның өмірінен жеке-жеке эпизодтар берілген. Оның өмірін толығымен суреттеп шығу мүмкін емес. Рысқұловтың тұтқынға алынғаны, әйелімен екеуінің түрме табалдырығын тоздырғандары жөнінде бірнеше томдық кітап жазуға болады. Рысқұловтың қашан, қалай қандай жағдайда өлтірілгені әлі күнге дейін жұмбақ. Кейбір тарихи документтерде, 1938 жылы делінсе, келесі біреулерінде 1943 жылы атылған деп көрсетілген. Сол документтердің бәрін іздеп, тауып, салыстыратын мүмкіндік әзірге жоқ. Үкім шығарылып, кейін ол өзгертіліп, ал документтерге түзету енгізілмеген жағдайлар көп болды.

– **Шерхан Мұртазаұлы, Рысқұловтың халқына сіңірген еңбегі қандай? Ол 11 жыл РСФСР Халық Комиссариаты Советі председателінің орынбасары болған жан емес пе?**

– Ия, Кремльдегі сондай жоғары орынға ие болған жалғыз қазақ – Тұрар Рысқұлов. Ол осы орынға лайық жан еді. 1920 жылы Рысқұлов Орта Азиядан Москваға шақырылып, халық комиссарының ұлт мәселесі жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Ол кезде халық комиссары Сталин болатын. Рысқұлов оның орынбасары болып екі жыл істеді де, 1923 жылы Түркістан Халық Комиссариаты Советінің председателі болды. Сондай-ақ Түрксібке көмек комиссиясына басшылық етті. РСФСР Халық Комиссариаты Советі председателінің орынбасары бола жүріп, ол құрылыс, өнеркәсіптік кооперация, тұрғын үй құрылысы және мақта өсіру ісіне де жетекшілік етті… Осының бәріне қалай үлгеріп, уақытты қайдан тауып отырғанына қайран қаласың. Әсіресі ол қазақ халқының түгел қырылып қалмай, өз алдына бір ұлт болуына айтарлықтай үлес қосқан жан.

– Сталинге жазған хатынан қандай нәтиже шықты?

– Сол кезде Қазақстанды басқарып тұрған Голощекин үкімет басынан кетті. Жаңадан келген Мирзоян қысқа мерзім ішінде Қазақстанды азық-түлікпен киіммен, үймен қамтамассыз етті. Рысқұлов өзінің жазған хаттарында, аштықтан қалжыраған халықты аман алып қалу жөнінде нақты шаралар белгілеп берді. Рысқұлов өз басына қауіп-қатер төндірген әрекетке бармағанда қазақ халқы түп-тамырымен жойылып кететін бе еді, кім білсін.

– **1923-1933 жылдары 1918-1919 жылдардағы оқиға қайталанды десе рас болғандай. Революцияның алғашқы жылдарында да Орта Азияда аштықтан бүтіндей бір ауыл қырылған кездер болған. Рысқұлов 25 жасында Түркістан республикасының үкімет мүшесі болды. Сол жылдарда ол халқына қандай көмек берді?**

– Ол кезде Түркістан республикасының үкімет басында большевиктер мен қатар меньшевиктер, солшыл эсерлер отырды. Солшыл эсерлер қолда бардың бәрін әскерге беруді талап етті. Ал халықтың аш отырғанымен істері болған жоқ. Екі жыл қатарынан құрғақшылық болып, олардың жағдайы төмендеп кетті. Ташкентте денсаулық сақтау комиссары болып жүрген Рысқұлов халықтың аштықтан қырылғанын көзімен көреді. Ол Түркістан үкімет басшыларынан аштықпен күрес комиссиясын құруды өтініп, денсаулық сақтау комиссарлығынан бас тартты. Оның осылай ашық, батыл айтуының нәтижесінде әскер қажетіне арналған қаржының жартысынан көбі халықты азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалды. Түркістан үкімет басындағылардың ішінде бұл іске қарсылық білдіріп, «Қырылса қырыла берсін. Олар жабайы халық емес пе?! Бүкіл халықтың цивилизацияға олардың қосар үлесі шамалы», – деушілер де табылды.

– **Рысқұлов РСФСР Халық Комисариаты Советі председателінің орынбасары, Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің председателі болып жұмыс істеген кезде айтарлықтай кемшілік жіберіп, 1937 жылы сол үшін жазаланғаны рас па?**

– Рысқұлов РКП (б) Мұсылмандар бюросына басшылық ететін. 1920 жылы енгізілген Түркістан КП өлкелік конференциясында Мұсылман бюросының резолюциясы қабылданып, Түркілік Советтік Социалистік Автономиялы Республикасын және РКП (б)-ның жазылған Түрік Коммунистік партиясын құру туралы мәселе көтерілді. Рысқұлов және басқа да

басшылар Түркістан түріктердің жері. Қазақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер, қарақалмақтар ежелден етене жақын және бір ұлт болған, сондықтан олар бірігуі керек деді. Ұсақ халықтар ұлы цивилизациялы халықтар көлеңкесінде қалмауы керек деген тұжырым айқын еді. Рысқұлов Ленинге барды. Кездесіп әңгімелесті. Екі рет Саяси Бюроның мәселесіне қатысты. Алайда Рысқұлов жобасы қабылданбады. Дегенмен автономия құру жөніндегі кейбір мәселелер ескерілді.

Рысқұлов өзінің қателігін түсінді, мойындады. Рысқұловты кезінде жақтаған көптеген басшылар аман қалды. 1937 жылы Рысқұлов қамауға алынды. Бұл өзінен өзі-ақ түсінікті ғой. Себебі Рысқұлов бұлардың басшысы болатын.

... Сталин өз сөзінде тұрды: Рысқұлов ендігі Қазақстанға оралмады. «Тарих талқысы шешетін болады» деген еді ол көсемге. Тарих баскесерлерді ұмыта қоймапты. Миллиондаған адамдардың тағдыры шындықты күтіп үнсіз жатты. Күл қоқысты ығыстырып, күн сәулесіне талпынған шындық, тура жолын енді тапты.

О. ЛИВШИЦ.

«Өркен» газеті,16 шілде 1988 жыл.

«Қазақ ССР халық депутаттығына кандидаттармен таныстырамыз» айдарында

ШЕРХАН МҰРТАЗАЕВ: «ДЕЛБЕ БОСАП, ДЕРБЕСТІККЕ ҚОЛЫМЫЗ ЖЕТСІН»

Бүгінгі қонағымыз белгілі жазушы, Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы Шерхан МҰРТАЗАЕВ

– **Ұзақ жылдар бойы республикадағы иісі қазақ оқырман қауымының сүйікті газеті «Қазақ әдебиетін» басқардыңыз, Қазақстан Коммунистік Орталық Комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газеті де сіз жетекшілік еткелі бері көз алдымызда өзгеріп сала берді. Аз уақыт ішінде шаруашылық күйттеген сипатынан айырылып, қоғамдық-саяси мінберге айналды. Жасырын болмаса мұның құпиясы қандай?**

– Жұрттан жасырар құпия, сиқырлы құралым жоқ. Республикалық сарыннан, жадырап-жадылап алған «жабының жаутаңдаған монтаны кейпінен» арыла білу керек. Және кезінде бәрімізге тән болған құбылыс бірбірімізді көзге шұқып, сөге жамандау – сөкеттік іс болар еді. Өйткені, тоқырау заманында «санамызды торлаған қара түнек қапылыста бәріміз де құлақ кесті құлдарға» айналып, өз бетімізбен үн шығара алмағанымыз рас қой. Сонымен қатар бойды кернеген творчестволық қуатты сыртқа шығарып, шамырқана шырқау үшін шабытпен қоса бірбеткей батылдық та керек.

– **Еліміздегі, республикадағы қоғамдық-саяси ахуалды қалай бағалайсыз? Қазақстан экономикалық қиындықтарды жеңудің өзіндік**

жолын іздеуде. Сіздің ойыңызша біздің беталысымыз қандай болуы тиіс?

– Республикадағы жағдай ауыр. Экономикалық дербестік беру жөнінде әңгіме қозғаған болғанымен, әлі сөз жүзінде қалып отыр. Қазақстан қанша тарпынса да, жүгенді мықтап ұстаған иесінің астында бұлқынып шыға алмаған тарпаң асауға ұқсайды. Делбе босап, дербестікке қолымыз жеткенше ештеңе де өзгермейтіні айқын. Тіпті, бүгінгі күнімізге жете алмай: «О, құдай, осыны бергеніңе де тәубе!» деуіміз әбден мүмкін. Несін айтасыз, біздің халіміз патша билеген дәуірдегіден де нашар. Мысалы, республиканың біреуі өз бетімен 100 тонна мысты немесе шойынды, айталық, Финляндиядағы бір кәсіпорынмен қағазға алмастыруға әрекеттеніп көрсінші, не болар екен? Ештеңе де шықпайды!

Әрине, дербестіліктің де шегі болатыны даусыз. Себебі, қарыс адам алға бассаң, бұлар бөлінуге ұмтылуда деп қара аспанды жаудыртады. Ал, іс жүзінде біздің республикада мұндай пиғыл ешкімнің ойы тұрмақ, түсіне де енбес. Біз басқа одақтас республикалармен, аймақтармен мидай араласып кеткенбіз. Бәрі де белгілі бір мөлшерде, белгілі бір ақылға сыйымды шеңберде жүруі тиіс.

Ал, іс жүзінде қалай болып отыр? Алысқа бармай-ақ, мысалды жақын қапталдан алайық. Айталық, «Труд» газетінің аппаратында 297 қызметкер жұмыс істесе, бізде небәрі 78. Салыстырып отырған себебім, газеттердің көлемі бірдей, екеуі де жылына 300 рет жарық көреді. «Трудтың» қаламақы қоры 500 сом болса, бізде 250, Москваның рұқсатынсыз қажетті қызметкерді штаттық кестеден тыс жарты ставкаға да ала алмаймын. Мұндай рұқсатты, тіпті республика үкіметі беруге де хұқы жоқ. Немесе, мынандай мысал: Республика өкіметі республикалық прокурорды былай қойғанда, аудандық прокурорды да – СССР-дің бас прокуроры Сухаревтің рұқсатынсыз тағайындай алмайды. Сонда қалай болғаны? Сенім жоқ па? Заман өзгерді емес пе? Халықтың сана-сезімі өскен, ойлау өрісі де жоғары. Мұндай қатаң орталықтандырудың зияны өлшеусіз зор, меніңше, Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы 1922 жылғы шартты қайта қарау қажеттілігі пісіп-жетілді.

– Шерхан Мұртазаұлы, сіздің жазушы, публицист ретінде қаламыңыз қарулы, ой-өрісіңіз кең де, еркін екені көпшілікке мәлім. Тоқырау дәуірінің небір қара түнек күштері түнеріп, бел алып тұрған кезде Тұрар Рысқұлов сияқты көрнекті қайраткер, марқасқа азаматты бәлекорлардың қара ниет жалаларынан қызғыштай қорғадыңыз. Бүгінде қайта құруға бел шешіп кірісіп жүрген азаматтарға айтар ойыңыз...

– Орайы келіп тұр ғой, айта кетейін, Тұрар Рысқұлов республикалардың дербестігі туралы мәселені бірінші болып, сонау 1920 жылы қойғанды. Кейбір тарихшылар оны «пантюркист» деп айыптауда. Әрине, ойдан шығарылған жала. Енді міне, бұл мәселе қайтадан алдымыздан шықты. Рысқұлов мақта монополиясына да қарсы болған. Ол егер орталыққа мақта керек болса, товарлар, машиналар берілсін деп талап еткен. Біржақты үстемділіктің түбі жақсылықпен аяқталмайтынын ол сол кезде-ақ сезгенді. Қазір Назарбаев

аталмыш мәселені қайтадан көтеруде. Ол Рысқұловтан өнеге алған соның дәрежесіндегі қазіргі заман басшысы. Біліктілік пен батылдық, салиқалылық маңдайы ашық азаматтарымызға жар болсын.

– **Сіз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен республика Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидантсыз. Егер, сайлансаңыз, қандай мақсат-міндеттерді орындауға ұмтыласыз?**

– Ең алдымен республиканың экономикалық дербестігі үшін күресемін. Мүмкін саяси дербестігі үшін де. Бірақ, мұның бәрі ешкімге таң емес, Назарбаев та айтып жүр ғой. Бұл мәселелер шешілмесе бір орында тұралап қаламыз.

– **Бүгінгі жастар туралы пікіріңіз?**

– Қазіргі жастардың белсенділігі артқаны қуантады. Бұдан 10-15 жыл бұрынғы жастардан мүлдем өзгеше. Осы бір буырқанған, бұрсанған қуатты күшпен ақыл-ой біріксе талай берік қамалдар алынары сөзсіз. Олармен тығыз байланыс орнатып, қоян-қолтық жұмыс істеу қажет. Оның үстіне ізбасарларды әзірлеу үздіксіз жүргізілетінін де ұмытпаған жөн. Талабы таудай топ жарған таланттарды іздеп тауып, барынша қолдау – абыройлы борышымыз. Әрине, естілермен қатар есерлер де кездеседі. «Елгезермен елеп-екшеп, іріктеп» ала білсек, ертеңімізге елеңдеп, алаңдауымыз да азаяр.

– **Ұлтаралық қатынастар шиеленісуде... Халықтың әжептеуір бөлігі бұл құбылыс қайта құруға қауіп төндіруде деседі. Осы проблема жөнінде көзқарасыңыз?**

– Барлық халықтардың бейбіт қатар тұрып, тыныш өмір сүре алатынына көзім жетеді. Біздің республикаға қараңызшы, қандай ғана ұлттың өкілі жоқ! Тарих таразысы қолда барын аямапты. Тағдырдың маңдайымызға жазғаны да. Бір-бірімізді сыйлап, бет жыртысып, жүр шайыспай өмір сүруге ұмтылайық. Тек өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап, қадірлеуді, қастерлеуді естен шығармайық. Жарықтық жадысыздықтан сақтасын! Тіл туралы заң нақ осы мақсатқа арналған. Өкінішке қарай, көпшілік оған тиісті мән бермеді. Тіпті, кейбір қазақтар еш қымсынбастан наразылық білдірді. Белгілі лауазымға қолы жеткен мансапқор қазақтардың ана тілінен жұрдай екені айдай әлемге аян. Олар мансаптың азабына батуда. Әрине, мұның жөні басқа… Барлық халықтардың жайлы тұрмыс құруы үшін бізде барлық жағдай жасалған. Қазақтың дархан даласында бәрімізге де жер жетеді. Аумалы-төкпелі заманның қиын-қыстау кезеңдерін бәріміз де бастар бірдей өткердік. Енді халықтың қоныстануының байыпты саясатын жасаған дұрыс. Қазақстанды қисынды-қисынсыз көшіп-қонушылар аймағына айналдыру саясатын шектеу қажет. Жергілікті ұлт өкілдеріне жұмыс жетпей жатқанда, кейбір кәсіпорындар вахталық әдісін қолданып, бізге сырттан жұмыс күшін әкелуде...

– **Бас редакторлыққа тағайындалғаннан кейін Қазақстан Журналистер одағы басқармасының председателі болуыңыз керек еді, бірақ сіз бас тарттыңыз. Себебі?**

– Қатарынан екі орындыққа жайғасқанды ұнатпаймын. Редактордың жұмысы тозаққа түскенмен тең. Ал, Журналистер одағында шешілмеген проблемалар бастан асады. Өзіңіз ойлаңызшы, журналистер одағы

басқармасының председателі неге басқа қызметті бірге алып жүруі тиіс? Басқа творчестволық одақтарда олай емес қой. Журналистердің олардан несі кем? Мұнда да дербестік керек.

– **Шерхан Мұртазаұлы, қазір баспасөз туралы заң кеңінен талқылануда. Сіздіңше баспасөздің партиялылығы дегеніміз нені білдіреді?**

– Талқыға, салынған заң екіұшты. Алғаш рет оқығанда қуанып қаласың. Одан кейін асықпай, байсалды назар аударсаң кемшіліктер де көрінеді. Мысалы, 50 мың сом мөлшеріне дейін айып ақы төлеу туралы... Әрине, жауапкершілік қажет екені жөнінде ешкім де дауласпайды. Жауапкершілік халықтың алдындағы парыз. Сол себепті баспасөздің партиялылығын сөз етудің қисыны жоқ сияқты.

– **Ол басын ауызға алу да дағдыға сіңді ғой...**

– Отағасы ретінде айтарым: семьямыз қарапайым, әрі шағын. Екі ересек ұлым жұмыс істейді. Жұбайым да еңбектен қол үзген жоқ.

– **Творчествомен айналысуға уақытты қалай табасыз?**

– Уақыт, әрине, жетіспейді. Соған қарамастан ретін тауып «Қызыл жебе» романының төртінші кітабын баспаға тапсыруға ыңғайланудамын. Тұрар Рысқұлов туралы роман сол кездегі Қазақстанның көркем бейнесі десе де болады...

– **Әңгімеңізге рахмет.**

Әңгімелескен: А. БАЯНОВ.

«Өркен» газеті.24 ақпан 1990 жыл.

«Қазақ ССР халық депутаттығына кандидаттар» айдарында

МЕНІҢ ҚАРУЫМ – ҚАЛАМ МЕН ГАЗЕТ

Республика Коммунистік партиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа өз қалаулы кандидаттарын ұсынғаны мәлім. Солардың қатарында белгілі жазушы, көрнекті журналист «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы Шерхан Мұртазаев та бар. Сондықтан да біз жұрт жүрегіндегі қаламгерді әңгімеге тарттық.

– Шераға, сіз ұзақ жылдар бойы республикалық газет-журналдарды басқарып келесіз. Қол қойып шығарған басылымдарыңыздың барлығы дерлік жариялылықтың «жабулы қазан» кезінде-ақ халқымыздың көкейіндегісін дөп басып жатты. Мұны немен түсіндіресіз?

– Жалпы қазақ журналистикасының негізі жақсы, түп тамырының топырағы құнарлы. Революцияға дейін аз да болса саз төл журналистік дәстүр болды, оны дамытушы қарымды қайраткерлер болды. Сол бір есімі аяулы жандар КазГУ тауысып, қарағайдай диплом алмай-ақ журналистикамыздың түбіртасын қалаған. Бұл талантты тұлғаларға тәңірдің өзі ой-сана, тіл, діл берген, халқына деген ақ-адал махаббат сыйлаған. Омар Қарашев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Сералин, Әлихан

Бөкейханов, Міржақып Дулатов тағы басқалары осындай адамдар. Олар-шетінен қоғамдық қайраткер,көсемсөз иелері.

Жуырда «Социалистік Қазақстанның» 70 жылдығын атап өтерде газет шежіресіне қарасақ, оның басында – Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ораз Исаев, Смағұл Сәдуақасов, Ораз Исаев, Смағұл Сәдуақасов, Ғаббас Тоқжанов, жазушылардан Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Ғабең тұрғанын көрдік. Сондықтан да, мен «осындай киелі адамдардың ісін жалғастыруға лайықпыз ба?» деп жиі толғанамын...

Алайда іргетасы мықты қазақ журналистикасының аласапыран замандарда халық мүддесін қорғаудан гөрі солақай басшылықтың, қазіргіше айтсақ, казармалық социализмнің ұраншыл, насихатшыл (кері жағынан алғанда) құралына айналып кеткен тұстары бар. Енді мына дәуірде, қоғамдық сана қайта түлеп жатқанда бұрынғы сарынға, жасқаншақ жұмысқа орын жоқ. Еңсені басқан шабандықтан, шаблондықтан арылар кез жетті.

– **Түсінікті. Бірақ баспасөздің жұмысы іскер, білікті редакторға тікелей байланысты емес пе?**

–Ертеде Шыңғыс хан айтыпты: «Жолбарыс ұяластарын басқарса–жолбарыстың бәрі итке айналады, шибөрілердің ұяласын жолбарыс басқарса–бәрі де жолбарыс болады» деп. Сондықтан да редактор өзімен үндес, қаламы қарымды, қатарлас серіктер жинауы керек. Он жерден батыр, мың жерден ақылды болғанымен, жалғыз редактор не бітіре алады? Сезгір көкірекпен ел мұңын шерту үшін де қоғамдағы қозғалысты жан-тәнімен сезінетін серіктер қажет. Мен ұдайы сондай серіктер іздеуге тырыстым. Ал, серікті ауылдас, аталас, ағайыннан іздеу – бірінші кесапат. Санаңда сәуле болса көмекшіні иісі қазақтан изде. Жүрегінің оты, көзінің нұры, қаламының қайраты барды таңда. Мұндай адамды Алтай, Атырау, Арқа-Алатаудан іздеген абзал. Сонда ғана біз жікке, топқа бөлінеуден аулақ болып, коллектив ішінде ырың-жырың тумайды.

– **Баспасөзді басқаруда атқарған қыруар жұмысыңызды қара-пайымдылық сақтап, айтпай отырған секілдісіз. Дегенмен, күресіңіз туралы әңгімелесіңізші. Небір өткір мақалалалр үшін Орталық Комитетке талай шақыртқан болар...**

– Иә, менің журналистік жолым жеңіл деп айта алмаймын. Үстімнен

талай арыз түсті, әйтеуір адалдығымнан аман қалдым. Жоғарыдан да тоқпақ көп болды. Соның бірін ғана айтайын. 1964 жылы «Лениншіл жас» газетінің редакторы едім. Мұның алдында жастар газетінің байырғы редакторы, ақиқаттың аспанын тұман тұмшалаған кезде жазықсыз жалаға ұшарағанымен қайратын қайрай түскен Рахмалы Байжарасов 1960 жылы «Социалистік Қазақстанға» Тұрар Рысқұлов туралы (1937 жылдан соң тұңғыш рет) мақала жариялады. Бұл сол кездегі идеология секретарының шымбайына түскен шоқтай болды. Дереу редакциялық қарсы мақала жаздырып, бойын тіктей берген Тұрарды қайта құлатты. Тағы да Рахмалының табандылығымен КПСС Орталық Комитетінің комиссиясы құрылып, Тұрардың іс-қызметін негізінен құптап,арнаулы қорытынды шығарылып,ақтады. Сол комиссия мүшесі Ляхов кейінірек «Вопросы истории КПСС» журналына Тұрардың революционерлік еңбегі хақында

мақала жариялатты. Біз соны «Лениншіл жасқа» аударып басқан едік. Газет шыққан күні Орталық Комитетке шақырылдым. «Пантюркист, пиғылы жат адам жайындағы мақаланы неге басасың?» деп дікеңдесін, баяғы сол кездегі секретарь. Сол тұста жастар газетінде, «Комсомолдың күші – партия басшылығында» деген айдар болған. Соған сүйеніп, «біз өзгеден емес, партиялық тұрғыда ақталмаған» деп бой бермей редакторлықтан алмақ та болды. Әйтсе де жастығымды ескеріп, әрең дегенде қалдырды. Бірақ бұл мені Тұрардан бездірмей, қайта қайратымды қайрай түсті. Содан асыл азаматтың күреске толы өмір жолын зерттеп, архивке отырдым. Ақыры қандай нәтижеге жеткенімді оқырман қауым білетін болар.

«Қазақ әдебиеті» газетін басқарған тоғыз жыл ішінде де небір қияметқайымды бастан өткердік. Әр номер мемлекеттік цензура өз алдына, ерікті цензурадан өтіп отырды. Орталық Комитет тағы бар. «Қырық үйден тыйым» салынған қызға ұқсадық. Бірақ соған қарамай толғақты мәселелер көтердік. Бұл – редакция коллективінің арқасы.

– **Ал, қазір ше!**

– Қазір де бас бостандығымыз өзімізде деуге болмайды. Бейнелеп айтқанда, бұрын екі аяғы тұсаулы, шілдерлеулі аттай едік. Жариялылық лебінен соң сол шілдер алынған секілді. Бірақ ұзарып, кеңіді дегенмен, арқан мен тұсау әлі де бар. Бұл республикадағы әрбір баспасөздің басындағы жағдай.

– **Одақтық газет-журналдарға қарасаң, қызғаныштан ішің оттай жанады. Ондағы еркіндік бізбен салыстыруға келмейді. Дегенмен, «Аманат» газетінің алғашқы сандарында сол бостандықтың сарыны бар тәрізді. Ал, көп жыл тұсауын алса да секіргенін бірден қоя алмайтын әдеті тағы бар ғой..**

– Оның рас. Әлі де көптеген баспасөз орындары жариялылыққа бой үйрете алмай, жасқаншақтап отыр. Өткір нәрсе берейін десе біреу «тәйт!» дейтін секілденеді. Бірақ олар шілдердің алынғанына түбі көз жеткізеді деп сенемін. Ал, «Аманат» – қоғамдық ұйымның газеті болғандықтан да ә дегеннен еркін тыныс алып отыр. Біздің газет – үш бірдей ірі жердің органы. Қысқасы, екі тізгін, бір шылбыр...

– **Сіз газеттің партиялылығы дегенге қалай қарайсыз? Әйтпесе, өткірлеу мақала, өлең, әңгіме апарғанда: «біз партиялық газетпіз» деп шалқаятын баспасөз де кездеседі ғой...**

– Біз ұзақ жылдар бойы партияны жол бастаушы деп келдік. Қанша дегенмен, партия – халықтың бір бөлігі ғана. Мен баспасөз партиялық емес, халықтық болуы керек деп ойлаймын. Өзім халық ішінен шығып, оның мұң-мұқтажын біліп өскен соң сол мәселелерге бүйрегім бұрады да тұрады. Мені Министрлер Советінің саяжайының емес, қарапайым шопанның жағдайы толғандырады. Жалпы елдің ішінде өмір сүрмегелі талай жыл өтсе де, халықтың қазіргі жағдайын ақылдан гөрі сезіммен түйсенімен-ау деп ойлаймын. Мұны өзім де білмейтін, байқамайтын болармын. Дегенмен, қай басылымның қайсысы саясаттың қақайған жолымен жүретінін оқырман бізден де жақсы біледі. «Социалистік Қазақстанның» қазіргі позициясы бұрынғыдай емес. Түкпірдегі ағайын жұрт көкейіндегі ойды айтса бір ауыз

сөз болса да жарияланады. Қоғамдық ойға түрткі болатын нәрсенің бәрі жарық көреді.

– **«Социалистік Қазақстанның» аузына он жеті облыстық, 200-ден астам аудандық газет қарайды... Аға газет деп құрметтейді, үлгі алады. Осы тұрғыдан келгенде болашаққа қандай жоспарлар белгілеп отырсыздар?**

– Мен бұл газетке жуырда келгендіктен әлі үйренісе қоймадым.

Тілшілерінің қарымы қаншалықты екенін де игеріп үлгермей жатырмын. Дегенмен, «Есімде жоқ деп бәрі айтады, есім жоқ деп кім айтады» дегендей, жоспарымыз жоқ деп айта алмаймын. Бірнеше кесек мақсатты алға қойдық, Одақтық министрліктер, Мәскеу қаласын-қаламасын, біз республиканың экономикалық және саяси дербестігін жеңіп алуға баса назар аударамыз. Қазақстан Одақтық министрліктер ауыздықтап отырған арғымаққа ұқсайды... Ауыздығы алыну үшін аянбаймыз. Бір қызығы, қазіргі мәселелердің көбі сонау 20-жылдарда күн тәртбіне қойылған. Сол кездегі Түркістен Республикасының президенті Тұрар Рысқұлов: «Қуыршақ Республика болғанымыз жетеді. РСФСР-дің құрамында-ақ болайық, бірақ өз аяқ-қолымызды өзіміз қимылдатуға еркіндік беріңдер» деген. Сол үшін « таяқ та»жеген. Бұл мәселені соңғы кезде Назарбаев үздіксіз көтеріп жүр. Тынбай күрессек – нәтиже шығар деген ойдамын.

Газетіміздің үздіксіз жазарының бірі – Қазақстан экологиясы. Айта-айта жауыр болған бір ғана Арал қасіретін алайық. Орыс халқы емес, соның бір топ жазушыларының даңғаза, даурықпа сөздерінен соң Сібір өзендерін бұру жөніндегі жап-жақсы басталған қыруар жұмыс тоқтатылды. Сонда қалай болғаны? Жау шапса біргеміз (Ұлы Отан соғысын айтып отырмын), тарихтың сұрапыл сағаттарында бауырлас елдерге есігімзді ашып, ес жинауға көмектестік. Дұшпанға атылған он оқтың тоғызын біз бердік... Мұндайда «Молодец, Қазақстан!» деді. Ал Қазақстанның бір аймағының өзі қиындыққа душар болғанда олардың қарымта сипаты қане?! Арал Чернобыльден кем апат емес. Бұл өңірдің халқы су емес, у ішіп отыр. Мұны мен өз көзіммен көрдім. Үкіметтің Сібір суын бұрғызбау туралы қаулысында Аралға жәрдем жөнінде айтылған. Қайда ол? Мықтағанда Прибалтикадан дәрігерлер экспедициясы келді де «жағдай жаман» деп таңдай қақты да, тайып тұрды. Арал – Балқаш қорына бөлінген қаржы мардымсыз, ол қай жыртыққа жамау болмақ? Біздің газет дүниені төңкеріп тастамаса да Аралды аман сақтаудың жалғыз жолы-Сібір өзендерін бұру екендігін айтып, жаңа жол табуға жәрдемдеседі. Залыгиннің бейбаламанына бас ұрмай бір саланы бұрғызу қажет. Әйтпесе, Арал проблемасы ешқашан шешілмейді. Осы өңірдегі космодромның өзі–тажал. Әр кемені ұшырған сайын жердің құнары кемуде. Ленинск қаласы космос державасына айналған. Ертегідегі көлтаусар, сусамыр дәй осы–космодром. Мұны айтып отырған себебім, жуырда ғана Қармақшы ауданында болып қайттым. Сөйтсем, космодром осындағы Төлеуқабыл, Сазбай өзегі дейтін өңірлердің жерасты суларын сорып тауысып, ауызды енді көршілес Жалағаш ауданының «Ақжар», «Ленин» совхоздарының құнарлы топырағына сала бастапты. Бұл жерлерден қос құбырмен су сорғызып, космодромға тартпақ. Суы кетсе топырақ құмға айналады, жер, жайылым

жойылады. Сөйтіп, Қарақұм мен осы аудандағы Қызылқұм қосылса, Арал тұзы жауса, бұл өңірде қалса, теміржол ғана қалатын шығар. Ленинскдегілер тоқ қарындарын бір сипайды да, табандарын жалтыратады. Өйткені, олар келімсектер, уақытша жұмысшылар ғой. Сонда сорлайтын жергілікті тұрғындар... Міне, өстіп ақырзаманды өз қолымызбен орнатудамыз. «Тихий Чернобыль» осы! Бұл мәселені халық та, республика басшылығы да айтудайақ айтуда. Бірақ, Одақ қозғалмаса не шара? Ағайын болсаң, осы кезде қол ұшын бер...

Артта қалған аудандарға көмек, ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру да-назардағы мәселелер. Ал, ұлттық жұмысшы табы ұйымдасу үшін қалада ұлттық басымдық болуына олардың паспортын тіркеуге алуды жеңілдетуге арналған үкіметтің ерекше ережесі болғаны жөн.

– **Шераға, осы арада мынадай сауал туады. Аталған мәселелерді газет бетінде көтеретін жас журналистердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да қиын екені анық. Мұндай ауыртпалықты түрлі өнер саласындағы жастар да басынан өткеруде. Сондықта да сіз Қазақстан Журналистер Одағының секретары әрі жазушы ретінде өнердің жас өкілдеріне жағдай жасау, семьялық жатақхана салу мәселесіне араласар ма едіңіз?**

– Бұл өте орынды сұрақ. Шынында да жас ақын-жазушы, журналист, музыкант, суретшілер «жетім бұрышты» жиі жағалауға мәжбүр. Оларға арнап семьялық жатақхана салу – кезек күттірмес іс. Бірақ оған жұмсалар қаржы көзін табу керек. Ойластырса ол да табылады. Мәселен, телерадио комитеті бұл салада шаруасын түзеп алды. Басқа өнер одақтары өздерінің жас өкілдеріне осындай үй салу үшін өз қаржыларын біріктіргені абзал. Жазушылар оағы баспахана үй салады. Ал Журналистер одағының жоспарында, журналистерге арнап демалыс үйін салу бар да, жатақхана ескерілмепті. Меніңше «Журналист» фотостудиясының «Тәржіман» бірлестігінің қаржысын да пайдалануға болады. Тіпті журналистер одағының журналистік қорын ашу қажет. Мен жас журналистерге жатақхана салу мәселесін депутат болып сайлансам да, сайланбасам да араласамын.

– **Қазіргі жағдайда партиямызға деген көзқарасыңыз өзгерген жоқ па?**

– Коммунистік партия – түу баста ізгі, адамгерішлік ниеттен туған ұйым. Бірақ түрлі себептерге байланысты халық алдындағы беделін төмендетіп алғаны рас. Қазіргідей қайта құру кезеңінде партия жетекшілік рольді алуы үшін оның түбірімен жаңаруы, коммунистік демократиялық партия болуы қажет. Көл мен теңіздің неге толқитынын білесіз бе? Ұлы теңіз толқымаса ластанады екен. Сондықтан да кір-қоқысты толқынмен жағаға лақтырып тастайтын көрінеді. Мен партиямызда осындай халде деп ойлаймын. Ал көп партиялық жүйесі болатын сияқты. Алайда ол бір мақсатқа – адамгершілік үшін күреспей, жік-жік боп, ырың-жырың боп жатса, одан пайда не?

– **Бір мәжілісте сіз «дайындаған программам жоқ, менің бүкіл өмірім – өз программам» деген едіңіз. Ертеңгі сайлауға депутаттыққа кандидат ретінде қандай платформамен келдіңіз?**

– Мен әлі де сол сөзімде қаламын. Адам не атқаратынын сөзімен емес, ісімен дәлелдеуі қажет. Дегенмен, сұрап қалған соң жауап берейін.

Платформамдағы біраз мәселені жоғарыда айтып өттім. Менің қаруым – қалам мен газет. Солар арқылы ойымдағыны жүзеге асырмақпын. Халықтық ой сананы биіктету – мен ұстанар басты бағыт.

– **Шераға, соңғы уақытта драмалық шығармаларға ден қоюыңыздың сыры неде және алдағы уақытта оқырмандарыңызды қандай туындылармен қуантпақсыз?**

– Әсте драмалық шығарма жазу ойымда жоқ еді. Тарихымыздың «ақтаңдақтары» қозғалғанда, осы игі іске ілесу үшін роман жазып үлгермейсің. Мақалада оң жамбасқа келе бермейді. Сондықтан да «темірді қызған кезінде соғуға» әдебиеттің осы жанры жүрдек көрінді. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» негізінен менің Тұрар туралы романымда айтылған ойлардың жаңа қырынан көрініс табуы десем, қаталеспеспін. Жуырда «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпірдің» жалғасы – «Қыл-көпір» романын баспаға тапсырдым. Бірақ Тұрар туралы роман мұнымен аяқталмайды. Бесінші кітабымды шартты түрде «Тамұқ» деп атадым. Бұл Тұрардың өмірінің соңғы кезеңіне арналмақ. Сол үшін КГБ-нің архивін біраз ақтаруға тура келді. Деректің бәрі қолда, енді соны көркемдеп жазу ғана қалды. Содан соң қазіргі жастар өмірінің трагедиясына арналған «Олжа бала» деген пьеса жазу үстіндемін... Қысқасы, жоспар көп, тек уақыт пен мүмкіндік жетсе болды...

– **Әңгімеңізге көп рахмет. Сізге толайым табыстар тілейміз.**

Сұхбаттасқан
Қайрат ӘЛІМБЕКОВ.

«Алматы ақшамы» газеті, 15 наурыз 1990 жыл.

«Көкейкесті» айдарында

ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕГЕН – ҚҰДІРЕТТІ СӨЗ

Көрнекті жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық депутаты Шерхан МҰРТАЗАМЕН сұхбат

– Шераға, тәуелсіздік жариялаған Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің VII сессиясынан кейін тағдырдан тек теперіш көріп келе жатқан қазақ халқы еңсесін бір тіктеп қалып еді. Одан бері біршама уақыт өтті, жұрт оң өзгерістер байқай алмай жатырмыз деседі. Журнал оқырмандары осы тақілеттес сұрақтарының бірпарасын бізге арнап, түсіндіруіңізді өтінген еді. Қазақстан бұрын қандай еді, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жағдайы қалай?

– Бұл сұрақ, меніңше, төтеннен әрі асығыстау қойылған сияқты. Тәуелсіздік алу бір күнде болғанымен, оның іске асуы бірер күннің шаруасы емес. Неге десеңіз, 300 жылға жуық жиналған мәселені, 300 жыл бойымызды басқан зіл қара тасты бірден аударып тастау мүмкін емес. Тәуелсіздік деген – құдіретті, қуатты сөз. Бұл – жақсылықтың бісмілласы, алдағы жақсылықтың сүйіншісі. Ал шын тәуелсіздіктің іске асуы едәуір уақытты талап етеді.

Өйткені, бұрынғы Ресей империясының заманын былай қойғанда, кейінгі барлық ұлтты жарылқаймын деген Кеңес өкіметі тұсында да қазақ үшін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болмады. Азатпыз деп өзімізді өзіміз алдаған соңғы 70 жылда Қазақстан Кеңес империясының бір отары, колониясы, шикізат қоры болып келді. Жеріміздегі байлық орталыққа сұраусыз тасылды, оның игілігін сырттағы әлдекімдер көріп жатты. Халқымыз өз байлығынан рахат көрмеді. Біз – шикізат республикасымыз. Орасан байлығы бар алтын сандықтың үстінде кедей-кепшік халде отырған елміз. Тәуелсіздік қолымызға тиді. Жеріміздің байлығынан, егінінен, малынан қолымыздан қағатын бұрынғы орталық жоқ. Бірақ соны ұқсата алатын күш-қуат та жоқ бізде қазір. Себебі, отаршылдық саясат шикізатымызды емін-еркін пайдалану үшін халық қажетін өтейтін зауыт, фабрикалар салдырмаған. Егер бар болса да оның тетіктерін, зәру заттарын шығаруды өзге жерлердің қолына берген. Тұсалған аттай күй кешуіміздің себебі осы. Халықты керек- жарағымен бір күнде қамтамасыз ететін құдірет қазір қолымызда жоқ. Сырттан тасуға еріксіз мәжбүр болып отырмыз. Шын тәуелсіздік керек болса, біз ең алдымен адам баласының өміріне не қажет, соның бәрін өндіретін дүниені өзіміз шығаруымыз керек. Ол үшін зауыттар мен фабрикалар керек, толып жатқан өндіріс орындары керек. Мінекей, осындай мәселеге сәйкес сырттан көмек сұрауға мәжбүрміз. Олар тегін бермейді, қазір бір тиын жерде жатқан жоқ. Ақысын алады. Мысал үшін айтайын. Бәріміз майда-шүйде деп қарайтын түйменің өзін дайындауға күшіміз жоқ. Ресейдің бір қаласында шығарылады. Солардан сұрауымыз керек «Әй, тамыр бізге түйме керек болып жатыр» деп. Олар «туысқан, ала ғой» демейді. «Бізге ет бер, сүт бер, май бер, көмір бер, темір бер» дейді. Мінекей, заман осындай алыс-беріс аймағына айналды. Түйме жеп отырғаным-барлық нәрсенің жиынтығы. Самолет, пойыз, автобус, трамвай, т.б. керек болса лажсыздан сұрағанын бересің. Міне, осының барлығы өзімізде өндіретін кез келгенде нағыз тәуелсіздік деп соны айтады. Шайқалып, найқалып «әні, міні» деп жүріп алмай, осының бәрін тез қолға алсақ, соғұрлым тәуелсіздігіміз баянды болады. Бас бостандығымыз, еркіміз өзімізде, азат елміз деп айтуға жақсы, бірақ бірлігі ұйыған бай ел болуымыз үшін жаңағыдай экономикалық тұрғыдан тәуелсіз болуымыз керек.

– Бір сөзіңізде халқыңызға қаратып: «Кейбір қазақы кертартпа мінезден арылмасақ, тәуелсіздіктің табалдырығын аттамай тұрып тоз-тоз болып кетуіміз мүмкін. Өсер елдің балаларына тән тірлік танытып, ынтымақтасайық, бірігіп қимыл жасайық» деген едіңіз. Осы ойыңызды таратып айтыңызшы. Иісі қазақтың бойынан жақтырмайтын қасиетіңіз қайсы, іргелі ел болуымызға не қажет?

– Бірінші мәселе – еңбекте. Ең алдымен еңбекке жұмыла кіріспесек, бізге ешкім аспаннан ештеңе тастамайды. Тегін жатқан дүние жоқ. Көп елдермен достасып, кейбірімен қарым-қатынас, дипломатиялық байланыс жасап жатырмыз. Ал, бірақ Қазақстан тәуелсіздігін алғаш танып арқа-жарқа қуанған, тегі бір деген Түркияның өзі, кешіріңіз, бізге теп- тегін ештеңе бере қоймайды. Алыс-берістің дүниесі. Сондықтан мал шаруашылығы бола ма, егін, өндіріс саласы бола ма, майда кәсіпорындар бола ма, қай-қайсысында

да іскерлік танытуымыз керек. Іскерлік бізде жетіспейді. Тіпті сауданың өзін мандытпаймыз, онымен айналысуды ар көреміз. Абайдан асқан қазақта мен білмейтін ақын бар шығар, бірақ дана Абайдан асқанын көріп тұрғаным жоқ. Сол кісі айтқандай «Есектің артын жусаң да, мал табатын» заман. Оны бекер айтқан жоқ, ашынғаннан айтты. Қазақтың икемсіздігіне, жалқаулығына ашынып айтты. Егер адал еңбегіңмен тапсаң, оның еш әбестігі жоқ. Ол қой баға ма, ол министр болып отыра ма, қай-қайсысында да адал еңбек етсін. Міне, осы жағы бізге өте керек. Содан кейін, онсыздар партияшыл ел едік. Жақ-жақ болып билікке таласып жатқан қандастарымызды Абай да мінеді, сынады. Осыдан қазір де құр алақан емеспіз. Дәл қазір демократияның заманында осы көрініс белең ала бастады. Партияға топтасып алып, ортақ істің берекесін ойлаудың орнына бір-бірінен иық асыруға тырысу, билікке таласу етек алды. Ана ауыл мына ауыл, ана жүз, мына жүз деген елдігімізді өшірер дүниелер бой көрсете бастады. Осы аурудан, дерттен арылмайынша қазақ бой көтеріп, өркениетті, мәдениетті елдердің қосыла қояды деп ойламаймын.

– Сөзіңіз аузыңызда, аға. Орыс тілді ағайындардың бірінің: «Егер Қазақстаннан біз кетсек, қазақтар жүз-жүзге, ру-руға бөлініп, бірін-бірі жеп қояды» деген сөзі расқа айнала ма деп қорқамын кейде. Ес жиып, етегімізді жапқан сайын қанымызға отаршылар еккен осы ауру өршіп келеді. Ел басшысын сайлауда біздің жақта бір көңілсіз әңгіме болды. Сол орынға ұсынылған екі қазақ басшы бір-біріне жол бере алмай, мүмкіндікті өзге ұлт өкілі пайдаланып кетті...

– «Екі бүркіт таласса, бір қарғаға жем болар» деген осы. Басқаша қалай айтарсың. Осы аурудың жайылып бара жатқаны ашындырады. Тіпті бригадир сайлау үшін де жақ-жаққа бөлінетіні туралы көңілсіз әңгімелер бізге де жетіп жатады. Қай ел болса ол ел болсын, иісі қазақ болса, істің көзін тауып жатса, әділ, білімді болса, неге мүйіздейміз? Осы жағы бізде қиындау. Білмеймін, қай заманда қашан қалыптасқанын (Шерхан аға қинала күрсінді). Бірақ осы дерттен арылмайынша, ел бола алмаймыз. Желкемізден таяқ та кетпейді.

– Жеріміз бай да, өзіміз – кедейміз. «Қазақстан – қазына байлықтың сандығы» дегенді мен бірінші айтып отырған жоқпын, аға. Қазақ кедей. Ауыл еңбеккерлерінің 60 процентten астамы күнкөріс минимумынан аз жалақы алады екен. Жерінің қазынасының қайтарымын халқымыз қашан көреді деп ойлайсыз?

– Оның жауабы жоғарыда бірсыпыра айтылды-ау деймін. Орталық алып жатты, тиын-сиынға сатып жаттық. Енді өзіміздікі. Бірақ, қарап көріңіз, алтынды алайық. Осының саф алтын дегені болады. Сосын темірмен, мыспен араласатыны болады. Оны ажыратып алатын-зауыт. Бірақ оның бірде біреуі жоқ екен бізде. Майқайыңның алтынын топырағымен қоса қопарып алып, Мәскеу түбіндегі бір зауытта тазалап, құйма жасайды екен. Одан әрі шетелге не басқа жерге сұраусыз кетіп жатады. Өзіміздің байлығымызды іске асыру үшін өз кәсіпорындарымыз болу керек. Айталық, мұнай. Одан бензин алу үшін құрамындағы қоспаларынан тазарту керек. Бұдан жер май, күкірт, т.б заттар алынады. Осыны тазалайтын кәсіпорын бізде жоқ. Енді-енді қолға

алынып жатыр. Әзірге өз күшіміз жетпейтіні анық болып тұр. Шетелдің озық технологиясы, білікті мамандары іске тартылмай, шаруа оңғарылмайды. Солармен бірлесіп, жұмыс істеуіміз керек. Әрине, олар тегіннен-тегін бермейді. Шыққан байлықтан өз үлесін алады. Ол жөнінде келісім, шарттар бар.

– Қазақстан бұрын шикізат көзі ғана болып келді дедік, аға. Қазір шетелдің ірі фирмалары келіп, жәрдемдескелі келіп отыр. Орнына зауыттарсалып,жаңажабдықтарқалдырады,жергіліктіұлтмамандарын дайындайды деседі. Мәселен, АҚШ-тың «Шеврон», Францияның «Эльф Акитен» концерндері, ағылшынның «Бритш петрали» компаниялары. Орталықтың әзәзіл саясатынан ығып халқымыз бұларға да үрке қарайтындай... Шетел фирмалары бағымызды аша ма?

– Иә, дүниежүзілік тәжіриебеде мұндай жағдай аз емес. Мәселен, кішкентай Кувейтті алыңыз. Сол жерде сан ғасыр жасаған арабтар игере алмады. Түйесіне мініп алып, бәдәуи болып, кедей-кепшіктің халін кешіп жататын ел еді. Ал енді шетел мамандары мен технологиясы келді, мұнай игерілді. Процент бөліскеннің өзінде Кувейт байлыққа бөкті де қалды. Ирак пен АҚШ-тың арпалысқаны да – көкейлерін тесіп бара жатқан мұнайдың буы. Жеріміздің байлығын шетелдің көмегінсіз өзіміз игереміз десек, 100 жыл уақыт керек. Тонап кетеді деген үрей негізсіз, олармен халықаралық шартқа отырдық. Бір-біріне ақысын жіберетін заман емес, бұл орайда тиісіті заң бар. Осы жағдай депутаттар арасында да тартыс туғызған. Көпшілік ақылдаса келіп, осының дұрыс шешім екендігіне тоқтады.

– Аға, көкейдегі тағы бір күдікті айтпай, басқаға бұрыла алмай тұрмын. Көзіміз көрген кен игерушілер жерімізді тілім-тілім етіп тастады, байлығы ысыраппен алынды. Мына ағайындар қайтер екен?

– Қауіпіңді түсіндім. Жердің тақырын шығарып, кенін қопарып алу әркімнің қолынан келеді. Шетелдіктердің озық әдістері, мықты технологиясы, биік мәдениеті бар. Сондықтан игермек жерінің шек-қарнын ақтарып кете беру жетілген елдерде бола бермейді. Ресейден келген мамандарда: «Ә, бүгінгі күн үшін жырғап қалайық. Ертең не болса о болсын» деген ықылассыздық басым. Мінекей, осындай жауапсыздықтың салдарынан талай қымбатымыздан айырылдық. Ауа бұзылды, жер тозды, бүлінді. Шетел фирмалары мұндай індеттен ада.

– Шетелдегі ағайындарымызбен Мәскеудің қабағы арқылы табысып жатушы едік. Заман жақсыға өзгерді. МХР-дан он екі мың отбасы Отанына оралды. Алайда, жағдайлары айтарлықтай мәз емес. Елге бет түзегісі келетін қандастарымызға лайықты жай таппай отырмыз. Қанша айтылғанмен, көші қон туралы заң, жаңа Конституция қабылданбады. Осыған қарап тәуелсіздігіміз әлі де қағаз жүзінде қалып тұрғандай сезіледі. Өзіңіз қалай ойлайсыз?

– Ал, енді бұл былай. Мен 1972 жылы Моңғолияда болған едім. Сол кездің өзінде ондағы ағайындарымыз Қазақстанға қарап алаңдап отырған. «Қонаевқа айт, бізді көшіріп алсын» деп сәлем де айтқан. Бірақ, ол кезде заман да, саясат та басқа еді ғой. Қонаевтың қолынан ғана келетін шаруа емес болатын. Мәскеудің келісімінсіз сөз қозғау қиын еді. Ұлтшылдық

қамытын мойынға іліп, елден бездіретін. Заман өзгергенде, алыс-беріс басталып, олар бізге бет бұрғанда енді, міне, мынандай кезге тап болды. Әрине, жергілікті басшылардың ішінде иманды, иіансызы бар, ар жағында қандай дүние жатқанын сезе бермейтіндері де бар. Бір қазақтың үйі болса да республикамыз үшін пайдалы екенін пайымдайтындары да бар. Көзі ашық, көкірегі ояулары алдына мал салып, жер, жай беріп, жақсылықтарын жасап жатыр. Ал туысқанға бүйрегі бұрмайтын кей ағайынымыз оларға «келімсек» деп қарайды. Ондай келеңсіз жағдайларды да көріп жүрміз. Оларға қатты соққы беріп, газет бетінде де айтып жатырмыз. Жат жердегі қандастарымыздың көші қонын реттейтін заң шығуы керек. Ол сессиядан сессияға ауысып келеді. Неге екенін білмеймін, «келгеннен кейін қабылдап, жағдай жасай аламыз ба» деген күмәннан ба екен, осы заң созылып келе жатыр. Бірақ, көктемгі сессияда шешілетін болуы керек. Өз туған жерінен ықтиярсыз ажыраған бұл ағайындарымыздың тағдыры оңды шешіледі деп ойлаймын.

– Шераға, ұлтымыздың бойынан арам бездей байқалып қалып жүрген тағы бір жағымсыз мінез туралы айтқым келіп отыр. Неге екенін қайдам, ауылдағы ішкіш орысқа дейін төрге оздырған қазекең өз ұлтына келгенде қатал болады да қалады. Тәтті, дәмдісін, ыстық ықыласын өзге ұлт өкілдеріне көрсетіп отырып, шеттен келген өз бауырына «кірмесің» деп кеудесінен итеретін де біздің жұрт. Барлық қазақтың бойында бар демеймін, осындай суық сөздер ел ағасы дейтіндердің аузынан шығып қалатынын естігеннен кейін сізге айтпай тағы отыра алмадым. Таяуда бір басылымнан Монғолиядан келген бауырларымыздың қиын тағдырларын оқып отырып налыдым. Ауыл адамдарының «руың бөлек» деп шеттеткені былай тұрсын, жігіттерін сол ауылдың жігіттері түнде көшеде жүргізбейді екен.

– Расында, орынды сауал тартып отырсың. Соғыс уақытында Қазақстанда елінен еріксіз айырылған, аш-жалаңаш көптеген ұлттар көшіп келді. Бастарына ауыр күн туған осы халықтарды қазақтар туғанындай қарсы алды. Сол кезде қазақтар жағынан қысым болды деп солардың ешбірі айтпайды. Шаруасы түзелген осы ағайындардың бүгінгі ұрпағы ұлтымызды менсінбеуге айналды. Сонда да «соқыр көргенінен жазбас» дегендей, халқымызға тән қонақжайлық мінезді соларға сақтап қойғандаймыз, бауырмалмыз. Қанша азар берсек те тілі, ділі бір қандастарымыз ажырағысы жоқ. Олар бізді сыйлайды, именшектенеді содан. Момын болғандықтан, топас, надан адамдарымыз әлгіндей әрекеттерді қоздырады. Бұл жақсылық емес. Өз ұлтымыздан жақын ешкім жоқ екенін түсінетіндей уақыт болды. Кеше Қытайдан келді деп өкіметіміз арнаулы есепке алып, соңынан аңду салған қандастарымыздың ішінде қазақ ұлты мәдениетінің дамуына үлес қосқан талантты адамдар өте көп. Оларды кемсіткеніміз – өз қолымызды кескенмен бірдей. Еңбектерін бағалап үйренейік. Жақыннан безгенмен, жаттан опа таппайтыныңды тарихымыз сан дәлелдеткен жоқ па?

– Ресей мен Украина әскер құрып, өз ұлтына адал қызмет жасауға ант бергізді. Өз әскеріміз жоқтықтан ба екен, Ельцин мырза жеріміздегі ядролық қаруларды иемденіп, биік мінберлерде есіп жүр. Әскердегі

ахуалдың қатты өзгергенін өзіңіз білесіз, қазақ жігіттерінің аянышты тағдыры туралы алғаш мәселе көтерген де өзіңіз басқаратын «Егеменді Қазақстан» газеті. Тәуелсіз елдің өз әскері болмауы – тәуелсіздігімізге нұқсан келтірмей ме? Жырақтағы ұлына ана көңілі алаңдаулы...

– Жалпы бұл мәселе туралы Президентіміздің көзқарасын білесіздер. Түбінде әскер құрылуы керек. Республикамыздағы Қорғаныс Комитеті осындай мәселелермен айналыспаса неге керек? Алайда кәсіптік даярлығы мықты офицерлеріміздің аздығы адаңдатады. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақтан батыр көп шықты. Бірақ соғыс өнеріне жетіктігін, батырлығын барлық ұлт мойындаған Баукеңе генералдықты қимаған орталығымыз білікті офицерлерімізді полковниктен асырмай келді. Әскер құру үшін ақылына әскери дайындығы сай сардарларымыз болуы керек. Қазір автоматтың заманы өткен, күш- озық техникада. Маман даярланбай тұрып асығыстыққа жол беріп қайтеміз. Тағы да айтайын, түбі өз әскеріміз болады. Қазақстан жерінде қару өндіретін технология жеткілікті. Оның құлағын келешекте өз ұрпағымыз ұстайды деп ойлаймын.

– Ел арасында жиі боламын, аға. Байқағаным, жұрттың рухани байлыққа көзқарасы өзгерген. Жақсылық па, жамандық па, кім білсін, саудаға бет бұра бастапты. Біз болашаққа ұміт артып өскен халықпыз, бұлыңғыр болашағымыз үшін алаңдамайсыз ба?

– Иә, уақыт талабына орай жұрт күнкөріс жағыға бет бұрды. Бұрынғыдай жабыла кітап оқу, театрға бару сиреді. Сұрақ қиындау екен. Бірақ халқымыздың кітапқа деген көңілі қалған жоқ сияқты. Қанша қымбат болса да таласып, тармасып алатын жерлерді көрдім. Бұрын талантты туындылармен қатар сұрқай дүниелер де көп болатын. Өзін-өзі қаржыландыру үшін баспалар өтетін дүниені басатын шығар. Оқырмандар да зиян шекпейді, таңдағанын алады. Енді кітаптар, амал жоқ, қымбаттайды. Онсыз баспаға жол болмай тұр. Бірақ, қаржы қамын ойлап, рухани дүниеден бас тартқан ел азады, елдіктен қалады. Екі тізгініміз, экономика мен рухани дүниенің бірінен көз жазған халықтың ұлт болып ұюы мүмкін емес. Мен бұл қиын заманды өтпелі кезең деп ойлаймын. Мұхиттың таудай толқындары жағаны ұрып қайтқандай кезең ғой бұл.

– Аға, мемлекеттік мүлікті меншікке алу салдарынан және жекешелендіруге байланысты жұмыссыздардың саны 325 мыңға артады деген болжам бар. Ондай күн туа қалса, құрыққа ең алдымен көп балалы аналар ілінетіні белгілі. Бұл да нарық заңы ма, олар қалай қорғалады?

– Көп балалы аналарды әлеуметтік қорғауды өкімет өз қолына алады. Ал, жалпы жұмыссыздық қиын. Ауылдық жерлерде, менің ойымша, жұмыссыздар болмауы керек. Техникалық жағы қиын демесе, жеке қожалыққа жер беріліп жатыр. Үлгірте білген адамға жұмыс табылады. Қалада қиын болуы мүмкін. Өкіметтің заңы бар, далада қалдыра қоймас. Мен Қазақстан жағдайында жұмыссыздық проблемасын реттеу қиын емес деп ойлаймын. Еңбек істеп, отбасын асыраймын деген адамға орын бар. Тек мемлекетке иек сүйейтін бұрынғы, масылшылдық пиғылдан арылу қажет. Нарық заңы көтермейді.

– Дәстүрлі сұраққа да кезек келіп қалды, аға. «Қазақстан әйелдері» журналының оқырмандары осы сұрақтардың жауабын басқадан емес,

өзіңізден күтеді. Бұл дегеніңіз, халқымыздың адал перзенті деп сенім артатыны, арқаланатыны шығар. Өз кезегіңізде оқырмандарға не тілек айтар едіңіз?

– Рахмет ықыластарына. Біздің қыздарымыздың, аналарымыздың жақсы қасиеттері желтоқсан оқиғасында қатты танылды. Баяғы өзіміз айтып үйренген от басы, ошақ қасындағы адамдар емес екен. Мен кейде жігіттерімізден гөрі қыздарымыз ұлтжанды ма деп ойлап қаламын. Мына ұлттық журналдың көп таралуы да сана-сезімнің биіктігінің айнасы. Келешек ұрпақтың, қазақ ұлтының болашағы – осы ардақтыларымыздың қолында. Ұлттың шаңырағын шайқалтпайтын күш әйел-аналарда. Бұлар осал болса, шаңырақ шайқалады, іргеміз сөгіледі. Әйел заты – ұлттың алтын діңгегі екенін ұмытпасын!

Әңгімелескен
Бақтияр ТАЙЖАНОВ.

«Қазақстан әйелдері» журналы, № 4. 1992 жыл.

«Сыр-сұхбат» айдарында

ТҰҢҒИЫҚ ОЙДА ТҰРАР ТҰЛҒА

«Көгілдір келісті төңірек, Кетіпті өлеңге ыңғайлап» деп ақын айтқандай айналасына айрықша сезіммен қарайтын барлық журналист ағайын жастайынан әдебиетке құмар болып өседі емес пе? Біз пақырыңыздың да маңдайына сол жазылыпты. Қара танығаннан соң-ақ әйтеуір қолға түскен кітап атаулыны түртінектеп оқи беретінмін. Қай класта екенім анық есімде жоқ («Көп оқысаң, көп білесің, көп білсең, көп ұмтыласың» депті ғой бір білгіш), әйтеуір қолыма «Қызыл Жебе» атты роман түсе кетті. Бас қойып, басқа дүниені ұмытып аяғына да жеттім. Тартымдылығы сонша, тауысқанша тағат, оқып бітірген соң байыз таба алмай жалғасын іздеумен жүрдім. Бұл романның ақырына амандық болса әлі бірақ уақыт бар. (Ол жөнінде сәл кейінерек). Содан авторының есіміне қатысты дүниелер болса адақтамай өтпеймін. Сөйтіп жүріп «Қызыл жебенің» алдында ұлы Мұхтар (Әуезов) жазған нұсқадан кемшін шықпағандығын мойындаған сыншылар мақалаларын да оқыдым.

Қалай дегенде де тұщымды туынды екендігін, ішкі түйсікпен сезіп оның туашақ жалғастарының тағдыры, яғни Рысқұл мен бала Тұрардың одан кейінгі күреске толы өмірі қалай боларын ойлана, күте жүргенім рас. Өзім үйреткен жирек қасқа құнанымды Қызыл Жебеге ұқсатқаным да шын. Әйтеуір, көркем һәм деректі тарихи шығармадан әсерленген кезде қиялдың талай кеңістікке қаңғырғаны ақиқат. Бәлкім, журналистік жұмысқа жетелеген де осындай ой сапар озық дүниелер болуы да мүмкін. Әсіресе, Рысқұлдың жападан жалғыз тау кезіп, таутеке атып жүргенде тағдыр теперішінен қажып, түңілгенде ойына оралатын мына бір төрт жол жадыма шегедей қадалып, қағылып қалыпты:

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса елге дәулет құралмаған
Күніне тоқсан түрлі бәле көрсең
Сонда да үміт үзбе бір Алладан.

Шіркін, тағдыр, екі аяқты жұмыр басты пендеңді қай иіріміне түсірмейсің?! Ол кезде Рысқұл мен Тұрардай ел дегенде еңіреп туған ерлердің ескерткішін, олай емес-ау, жанды бейнесін кәдімгі сөзбен сомдаған Шерағаң, Шерхан Мұртазаның өзі де ауыр-ауыр қиындықтармен күресіп, тартысып жүргенін түбіт мұрты енді тебіндеген біздер қайдан білейік. Төңкеріс ойранын, отызыншы жылғы ашаршылық, сталиндік зұлмат қуғын-сүргін, басқа да нәубеттердің халық басына төнгенін де енді-енді ұғып жатырмыз. Сол үшін де Шерағаң шығармасының созылғаны да белгілі. Өйткені, ақиқатты күні кешеге дейін ашып айта алмай, аузымыз буылып келді емес пе?!

Бірде университеттегі бір ұстазсымағымыздың: «Шерхан Мұртазаевтың республика Мемлекеттік сыйлығын алған «Қара маржан» романының бас кейіпкері болған коммунист басшының мінезі кітапта неге қиқар, ондайлар коммунист болмауы керек деп арыз жазғанмын», – деп лепіргені бар. Арызқойлығымен атақты осындай кейбір көлденең көк аттылардың көкауыз мылжыңына көп орын берілген сол тұста жазушы ағамыздың аз жапа шекпегені де анық. Шығармалары дер кезінде шықпады, жиналыстарда, қабылдау бөлмелерінде басшылар тарапынан естіген нұсқаулар мен ескертпелер де талай қоржынды толтыратын болар. Алайда, күрескерлік рухы күшті қаһармандарына тартқан Шерағаң төзімін тауысатындарға қарсыласып та, арбасып та бақты.

Алпыстың асқар шыңына осындай арпалысқа толы өмір арқылы көтеріліп отырған Шерхан ағаның жазушылық, редактор ретіндегі халыққа сіңген қызметі бір төбе десек артық айтқандыққа жата қоймас. Жазған мақала-очерктері өз алдына, ал қарамағындағы тілшілер қауымына басшылық етудегі қыруар жұмысы атап өтуді қажет етеді деп ойлаймын. Өйткені, мақала жазудағы мықтылық пен жұрт басқару кейде бір-бірімен қабыспай жатады. Ал бұл орайда жазушы-журналист Шерағаң мен редактор Шерағаңның бойынан ұл екі қасиет қатар табылып, бірі-бірін толықтырып жататынын қалың қауым жоққа шығармайды ғой деп ойлаймын.

Ол кісі тізгінін қолға алған «Жалын», «Жұлдыз» журналдары, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Егеменді Қазақстан» газеттері аз-ақ уақыт ішінде қаншалықты салалық дәрежеге көтерілгені көпшіліктің көз алдында. Маңайына жиналған журналистер де кілең сайдың тасындай. Талаптыдан-талант тәрбиелеу де оңай-оспақтың ісі емес.

Бұдан бірер жыл бұрын газет тапсырмасымен республика халық депутаттығына кандидат болған Шерағаңмен сұхбаттасып, бағдарламасымен оқырман-сайлаушыларды таныстырудың сәті түскен. Қазіргі «Егеменді Қазақстанның» Бас редакторлық қызметіне де жаңа-жаңа кіріскен шағы еді. Сондағы таныс әріптестер Шерағаңның әрбір сөзін, іс-әрекетін жыр етіп айтып жүретін. «Бір күні, – дейді солардың бірі – жиналыста Шерағаң былай депті: «Бұл газетте Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин

секілді арыстар қызмет еткен. Сондықтан да осындай киелі орында еңбек ету үшін сол кісілердің деңгейіне сай болу керектігін әрқайсымыз ойлап жүруіміз керек». Біз бұл сөзден соң қатты ойланып қалдық».

Міне енді сол Шерағаңның қарсы алдында отырмын. Ептеп жүрексінгенімді сезді-ау деймін, жүзін жылыта жауап беріп жатыр сауалдарыма. «Депутат бола қалсаңыз, қандай платформаңызды жүзеге асырмақсыз?» Кезекті сауал осындай-тұғын. «Мен әлдекімдер тәрізді ананы үйтем, мынаны бүйтем» деп уәдені үйіп-төгуден аулақпын. Бар қаруым – қалам мен ой. Сол арқылы жұрт көңіліне сәуле түсіру, қозғаусыз жатқан ұлттық ойды ояту». Жауап осындай болды. Бұдан әрі ол кісі халқымыздың тұрмыс халін, экологиялық жағдайларды сөз етіп, газет арқылы, депутаттық мінбе арқылы осы қатарлы мәселелерді көтеретінін білдірді.

Шерағаңның жершілдіктен аулақ екендігін көрсеткен мына сөздері әлі есімде. «Негізгі іс – мүдделес серіктестерді жинауда. «Шиебөрінің ұяластарын жолбарыс басқарса, бәрі шиебөріге айналмақ». Сондықтан, ешбір жерге, тамыр-таныстыққа, бет-жүзге қарамай қажетті кадрды облысына қарамай алғанды өз басым жөн көремін. Бұған мен қызмет істеген басылымдар куә».

Сол жылы алғашқы сұхбаттан бір түрлі көңілді қайттым. Шерағаңның тұлғасы әңгімеден соң тіпті асқақтай түсті. Өзінің қарапайымдылығымен және қатпарлы мінездерімен. Бірақ Шерағаң ол жолы депутаттыққа партократияның салдарынан жеткілікті дауыс жинай алмады. Бұған өкінгендердің ішінде мен де болдым. Кейіннен Мерке ауданынан босаған орыннан сайланғанда қуанғандар қатарында жүрдік.

Жалпы, азаматтықты тану қиын. Әсіресе, депутаттыққа ұсынылғандар арасынан. Неге десеңіз, өміріміздің өзекті мәселелерін шешуге атсалысатындар да солар ғой. Нағыз қалаулымызды дер кезінде дұрыс таңдай білуге қазір бәрі қатысты. Қайда сол сайлау алдында сайраған сандуғаштар? Үйілген уәделер ше? Әрең-пәрең дегенде депутаттыққа өткен жазушылар мен ақындар, бірді-екілі ғалымдар, ауыл шаруашылығының аздаған өкілдерінен ғана белсенділік, ойлы пікірлер көретініміз неліктен? Тіпті сол сайрағандардың кейбірі сессия жұмысында азаматтық тұрғы да сөз алу тұрмақ жәй қатысуға да жарамай жүрген жоқ па? Ал Шерағаңның олай етуге дәті бармады. Ұлтымыздың мүддесін, тәуелсіздігіміздің тағдырын ойлап қашанда шыр-пыры шығып, өзге ниеттегі депутаттармен пікір таластырып жүргені. Оның үстіне, айтқан ойлары «абайламай айтып, көздемей атып» жатқан құр әншейін нәрселер емес. Мұны қалың көпшілік жақсы біледі. Әсіресе, тәуелсіз Қазақ мемлекетінің тіректі мәселелері қаралған Жоғарғы Кеңестің өткен 8 сессиясында аса белсенділік танытты. Бір ғана мысал. «Көшіп келу туралы» – толғақты Заң күн тәртібінде 83-ші болып тұрған жерінен Шерағаңның бел шеше, білек сыбана кірісуімен үшінші болып қаралды. «Орыс тіліне де мемлекеттік тіл мәртебесін беру қажет» деген «Азаматтық келісім» тобы дейтіндерге берілген қарсы соққының басы-қасынан Шерағаң көрінді. Ал, осы кісінің басқарып отырған «Егеменді Қазақстан» газетінің атқарып жатқан іс-қызметін оқырман қауым жақсы біледі. Онда күнделікті жаңалықтар көрінумен қатар түрлі деңгейдегі ұлттық проблемаларымыз жүйелі сөз болып отыратыны аян.

Жазушы, драматург, журналист, халық депутаты Шерхан Мұртазаның бүгін қол жеткізген алпыс асқары-оңай өтілмеген, күреске толы кезең. Мұны жуырда мерейтойы қарсаңында жүзбе-жүз әңгімеден де байқадық. Әу бастағы ниетіміз газеттің «Айқара беттегі ашық әңгімесіне» шақыру еді. Қатқабат жұмыс көсіле ұзақ сырласуға мүмкіндік бермеді. Оның үстіне, бірқатар басылымдар да сұхбаттасқан екен, сондықтан да, «өз сөзімен айқанда, «ана жерден бір, мына жерден бір шыға берудің қажеттілігін көре де қойған жоқпыз». Дегенмен, біздің бірқатар сауалымызға жауап берді.

– **Шераға! – дедік біз. – Ең әуелі, өзіңізді алпыстың асқарына көтерілуіңізбен газет ұжымы атынан құттықтап қойсақ деп едік...**

– Рахмет, шырағым. Сауалыңды қоя бергін.

– **«Кемелге келіп, кер торы атқа мінген» шағыңызда айтарыңыз аз еместігі аян. Алғашқы сауал мамандығыңыз – журналистика жайында. Сіз кешегі кеңестік және бүгінгі тәуелсіздік дәуіріндегі баспасөзімізді қатар бастан кешіп отырсыз. Сол екеуін салыстырып бір таразыласаңыз.**

– Көзімізді жыртиып ашқаннан бері баспасөзде жүргенім рас. Өзің айтқан кезең арасы жер мен көктей бір дәуір. Кеңестік кезеңде Эзоп тілімен ғана сөйлейтін едік. Ондай тілі жоқтар партия тілін ғана сөйлеп, соның саясатын қолдап-қуаттап отыратын. Ол да бір қиын шақ болатын. Анда-санда ноқтадан бас шығаруға әрекет жасағанда әкімшіл-әміршіл кезеңнің әпербақандары бас-көзден сабап, қалыпқа түсіретін. Ол қатал мезеттің өзінде де біз қызмет істеген басылымдар халыққа қажет ой-пікірлерді сыздықтатып, тамшылатып болса да айтты-ау деймін. Әсіресе, «Қазақ әдебиеті». Демократия иісі шыға қоймаса да ұлт, тіл проблемалары біраз жазылды. Әлі есімде, марқұм Ғабит, Ғабиден ағалармен пікірлесе қалғанда тіл мәселесін көтеруіміз қажеттігі жөнінде жиі айтатын. «Тіліміздің хәлі мүшкіл, ертең шығармаларымызды кім оқиды?» деп жүректері қарс айрылатын. Осы тебіреністер сол кісілерден басталды. Жұрттың жадында болар, 1983 жылы Жазушылар одағында туған тіліміздің тағдырына байланысты конференция өтті. Мұнда Ғабең әйгілі екі жарыс сағаттық баяндамасын жасады. Бұл баяндамаға аздаған әсерім болды-ау деймін. Қазір, шүкір, әркім ойын айтуға бостандық алып, цензура дегеннен құтылдық. Бірақ, пікір білдіруге де ойланып баратын кез. Не болса соны айтуға болмайды. Бұл заман өтпелі, аумалы-төкпелі, алмағайыптау заман. Ойымды түгел білдірдім деп ойланбай айтып, опынып қалмасақ дейміз. Қазір не көп, өткеннің бәрінің тамырына балта шабайық дейтін айқайшылар көп. Демократия дегеннің өзі де заңға, тәртіпке сүйенетін дүние көрінеді.

– **Саналы өміріңіз сан алуан басылыммен тікелей байланысты. Басылым беделін көтері үшін не қажет?**

– Бедел көтерудің белгілі рецепті жоқ. Мен ойлаймын, журналистер замана тудырып отырған проблемаларды аңғара білулері керек. Халық мұқтажын біліп, нені қажетсінетінін терең сезінгені жөн. Соған қарай жұмыс істеуіміз тиіс. Ол не десеңіз – ұлтымыздың мүддесі. Біз газетіміздің маңдайшасына ұлттық қоғамдық-саяси газет дегенді бекер қойған жоқпыз. Осы уақытқа дейін ұлтшылдық дегеннен бәлеге қалып, құқай көріп келдік. Аузымыз буылып, ұлттық сипаттағы дүниелерден көп есеміз кетті. Халқымызға тән белгілерден жұрдай бола жаздадық. Ол рухани дүниеде-

тіліміз, дініміз, салт-санамыз. Міне, осылардан тырдай жалаңаш қала жаздадық. Материалдық дүниеден – жер асты байлықтарының бәрін сорды, қопарды, жаудың жеріндей жайратты. «Тыңды бағындырайық!» деп келді. Тыңды бағындырушыларға ескерткіш қойды. Алтын, күміс, жез, мыс, мұнайдың бәрін алды. Сол өктем орталықтан бізге не тиді? Жараланған, жауыр болған Жер-Анамыз қалды. Бейнелеп айтқанда, асыраушы Жер-анамыздың көйлегін жыртып, омырауын опырды. Ең жаманы – империялық отаршылдық саясат бізге құлдық психологияны сіңірді. Енді содан арылудың машақатын шегіп жатырмыз. Сол өктемдік біздің әрқайсымызға құл болуға бейім психология орнатты. Өзімізше талаптану, ойлау қабілетінен айрыла жаздадық. Міне, осыншама ойсырай айрылған дүниелерімізді елге қайтару үшін газет жұмыс істеуі керек, басын жарып, көзін шығарып емес, ақылмен.

Бұл сөздерді ол мұрты тал-тал болып тікірейе айтты. Содан соң сәл ойланып отырып қалды. Мен сол сәт көптен ойымда жүрген бір сауалымды сырғытып жібердім.

– **Шераға айтыңызшы, аса керемет қуанған немесе қатты қиналған шағыңыз қай уақ?**

– Қуанышы аз, қапасы көп өмір бұл. Мен үреймен бес жасымда, қыстың қақаған аязында бетпе-бет келдім. 1937 жылы туған әкемді үш НКВД мылтықтың үңгісімен келіп қорқытып айдап әкетті. Ең алғаш рет үреймен кездесуімде сол. Жалпы, біз үреймен өскен халықпыз. Кеудеміз басылып қалған. Бірақ қазақтың ежелгі қырғызша емен-еркін кезіндегі қанынан қалған бір тамшы бойда, тамырда бар болуы керек, сол арқылы еңсе тіктеп, бостандыққа ұмтылдық. Бәлкім, бұл бойдағы жігер оқумен, басқа ұлттардың бостандығын байқаумен келген шығар. Бірақ ол барлық адамда бірдей бола бермеуі де мүмкін. Құлдықтық психологияның еккен ұлы дәрісімен жүре береді... кейбіреулер. Ал кереметтей жүрек жарыла қуанған кездер есімде жоқ. Өмір-бақи өмірім қиындықпен өтіп келеді. Рас, қуаныштар болды, болады, бірақ үреймен салыстырғанда, кейінгі қорлық-құқайлармен салыстырғанда қуаныш тамшы ғана.

Осы сәт Шерағаңның жанарына мұң үйіріліп, ілкі сәт үнсіз қалды. «Әкеңізді іздестіріп көрдіңіз бе?» деген сауалдың қалай қойылғанын өзім де байқамай қалыппын. «Қиыр Шығыстың қай қиырында екенін кім білсін, кейіннен бірге болған адам келіп, әкемді басқа жаққа әкетіп ажыратқандығын айтты. Өлім себебін әркім әртүрлі айтады. Сол 58-інші статья бойынша жазықсыз жазаланды ғой...». Үнсіздікті телефон шылдыры бұзды. Шерағаң қолымен белгі берді де әлдебір телефон нөмірлерін жазып алып қайта телефон соқты. Сосын маған бұрылып «Шықаң ғой», – деді де іле-шала Шыңғыс Айтматовпен қырғызша емен-жарқын сөйлесіп кетті. Солайша мен туысқан қырғыз халқының ұлы жазушысы мен қазақ жазушысының арасындағы жылы әңгімеге еріксіз куә болдым. Иә, егіз екі елдің қос жазушысының тағдыры қандай ұқсас.

Телефон тұтқасы қойылғаннан кейін әңгіме қайта жалғасты.

– Жұрт сізді жазушы, драматург, аудармашы ретінде де жақсы біледі. Журналистика мен жазушылықтың, қоғамдық қызметтің басын қалай қосасыз?

– Бұлар бірін-бірі толықтырады деп ойлаймын. Қызу тіршіліктен қаперсіз, төбеге қарап жазу маған тән емес. Әрине, еркін жазушылық-арман. Ол өмірде бола бермейді. Біздің қоғам оған бейімделмеген. Оң қолмен сағат, сол қолмен шығарма жазу, әрине қиын. Сондықтан да, әдеби дүниелеріміздің кейбір кедір-бұдыры болуы мүмкін.

– Қай уақытта, қандай жағдайда жазғанды тәуір көресіз?

– Мұның өзі жаттандылау сауал. Мен бір көңіл-күйім асып-тасып бара жатқаннан жазбаймын. Қай уақытта мүмкіндік болғанда, сол уақытта жазамын.

– Қазір қандай шығарма жазудасыз?

– Рысқұл мен оның ұлы Тұрардың өмірінен жазғаным бас-аяғы бес кітап болады. Соңғы тарауы – «Тамұқ» тәмәмдалуға жақын. Бұлар бір-бірінен ажырағысыз бес тараулы бір кітап. «Хамса» дейді мұны баяғыдағылар. Жуырда «Жалғызүйлік зілзала» атты пьесамды аяқтап жастар театрына бердім.

... Уақыт пен жағдайдың кептелігінен дайындалып әкелінген біраз сұрағымды қоюға мүмкіндік болмады. «Қарағым-ау, ыңғайсыз уақытта келдің ғой. Енді айып етпе», – деді Шерағаң қоштасарда.

Қалған сауалдар мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясатына, өзі бір мүшесі болып отырған парламент жөнінде еді. Бірақ бұл жөніндегі не айтпағын білуге жағдайдың мүмкіндік бермегеніне ренжіген жоқпын. Өйткені, Шерағаң бұл ойларын парламент мінберінен, теледидардан айтып та, жазып та жүр. Амандық болса, әлі де талай айтады. Енді Шерағаңа амандық, үйелменіне бақыт, қаламына қуат тілейік...

Қайрат ӘЛІМБЕК.

«Өркен» газеті, 5 қыркүйек 1992 жыл.

«Қанатқақты» айдарында

ЗЕЙНЕТ КҮРЕСПЕН КЕЛЕДІ

– **Сіз бас редактор болып қызмет атқарған басылымдар қалың оқырманның ынта-ықыласын аударып отыратынына куәміз. Соның бір соны мысалы – «Егеменді Қазақстан». Жұртшылық Қазақ телерадиокомпаниясының Төрағасы болуыңызды да үлкен үмітпен, қуаныштпен қабылдады. Жаңа қызметіңіздегі алғашқы ұйымдастырушылық іс-шараларыңызды неден бастаудасыз?**

– Келесі сұрағыңа көш, – деді Шерағаң темекісін тұтатып жатып.

– **Мемлекеттік тілді насихаттауда, іс жүзінде жолға қоюда теледидар мен радионың орны бір бөлек. Аталған ақпарат құралдарында Мәскеудің ықпалы әлі күнге дейін басым. Оның үстіне өзімізде ашылған жаңа коммерциялық каналдарда да орыс тіліндегі хабарлар жетекші орын алуда. Бұл жайлы айтылып та, жазылып та жүр. Осы тұрғыда жаңа басшылық нендей шаралар ойластыруда?**

– Мемлекеттік тілді заңдастыру мәселесі әлі жүріп жатыр. Негізгі заң жобасы туралы айтыс-тартыс көп. Түрлі пікірлер бар. Мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін бірсыпыра елдердің Конституция жобаларын қарап шықтым. Міне, қазір де алдымда Қырғызстан Республикасы Негізгі заңының жобасы жатыр. Қырғыздар мемлекеттік тіл – қырғыз тілі дейді. Осымен бітті. Басқа ешқандай тіркеме сөз жоқ. Жаңа жолдан бастап республикадағы басқа да тілдердің дамуына жағдай жасалатынын қысқаша айтып өткен. Бізде қалай? Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ал ұлтаралық тіл – орыс тілі дейміз. Және ұлтаралық тіл мемлекеттік тілмен қатар жүреді, тең құқылы дейміз тағы бір жерінде. Ұлтаралық тіл дегеніміз не? Мұндай сөз қайдан шықты? Осыны бір екшеп, таразылып алайықшы. Мәселен, қазақ тілін білген адам кезкелген түркі тілдес халықтармен ұғысып, түсінісе алады екен. Не себепті қазақ тілі ұлтаралық тіл бола алмайды? Орыс тілінің тарихи отаны бар. Ол және кемелденіп, көркейген тіл екені белгілі ғой. Қазақ тілі болса, әлі күнге дейін тұрмыста қолданудан әрі аса алмай отыр. Біздің айтысып жүргеніміз де түрлі тосқауыл, қақпандардың қоршауында қалған қазақ тіліне еркіндік берудің жолы, амалы. Басқаша айтсақ, отарлық саясат тұсында жоғалтқанымызды табу, өшкенімізді жандыру. Әрі-беріден соң, қазірдің өзінде мемлекеттік тіл туралы заң бар емес пе? Соны іс жүзіне асыру қалай? Бізде барды ұқсата білу жағы жетіспейді. Жалқаулық, өзін өзі сыйламаушылық ресми орындарда ғана емес, қарапайым халықтың арасында да бар. Үйдегі, көшедегі шүлдірлеген әңгімемізді айтпай-ақ қояйын. Теледидардан, радиодан берілетін хабарлардың өзінде тілші де, оған жауап беріп отырған жұмысшы, қызметкер, тіпті шаруа адамы да ана тілінде таза сөйлеуге ұмтылмайтыны байқалады. Бәріне бірдей топырақ шашуға болмас. Бірақ, тілшілеріміз қазақ тілінің мүмкіндігін пайдалануға шорқақ. Жүргізілетін сұхбаты орысша сөздермен араласып, қойыртпақ болып шығып жатады. Мұндай дәрменсіз, шалажансар дүниелер ел-жұртқа қандай тәрбие бере алады? Бір мезгілде миллиондаған адам зер салатын теледидар мен радионың тәлім-тәрбиелік мәні орасан зор дер едім. Сондықтан, біз өз жұмысымызды тілдің берекесін алатын сойқан хабарлармен күресуден бастап отырмыз. Ал, болашақтағы іс-қимылымызды, алла жазса, өмір, уақыт көрсетер...

– **Телерадиокомпанияның техникалық құрал-жабдықтары осы заманғы талапқа сай болмағандықтан тележурналист ағайындар өз мүмкіндіктерін көрсете алмай жүр деп те айтады...**

– Телерадиокомпанияның техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталуы сын көтермейді, әрине. Тас ғасырындамыз біз. Өркениетті елдер әлдеқашан компьютерлерге, жасанды жер серіктерінің көмегіне, т.б. осы заманғы хабар тарату мен байланыс тәсілдеріне көшті.

Дегенмен, қолда бар техниканы меңгеруіміз де мәз емес. Әсіресе, ұлттық кадрлар жоққа тән. Күні кешеге дейін ұлттық кадрлар даярлайық деген пікір болмағанға да ұқсайды. Оның бір айғағы – оператор т.б. зәру мамандық иелері арасында қазақ жастары ілуде бір кездеседі. Оларды дайындайтын оқу орындары да жоқ. Ендігі жерде істің көзін осыдан бастау керек.

Қара шаңырағымыз деп жүрген ҚазМУ-дің мүйізі қарағайдай ұстаздары өздерінің түлектері қайда жүргенін біле ме екен? Әсіресе, журналист

қыздары, бір-бір дипломы болса да, машинистка, корректор, әрі кетсе қабылдау бөлмесінде хатшы болып күнін көріп жүр. Солар бес жыл бойы мемлекет қаржысы есебінен оқыған-тоқығанын немен ақтады? Факультет басшыларынан мамандарыңның аты бар да, заты жоқ деп кім сұрап жатыр? Ұлдарымызға да өкпе артамыз. Әрине, журналист деген атына лайық қызмет істеп, тіпті іс басында отырғандары бар. Бұл пікірді қыздарымыз туралы да айтуға болар. Бірақ, сан мен сапаның айырмасы жер мен көктей.

Бірыңғай талап қою оңай. Көрпемізге қарай көсіліп, журналистерге бірсыдырғы болса да, жағдай жасағың келеді. Осы тұрғыдан келсек, ұяттымыз. Теледидар мен радио қызметкерлерінің еңбекақысы өте төмен. Қаламақысы да жартымсыз. Тиісті орындарға талап қойып отырмыз. Мақсат – қызметкерлеріміз өз мамандықтарын мақтаныш тұтатындай жағдайға (жалақы, пәтер т.б. тұрғыда) жету.

– **Сіз басқаруға келіп отырған ұжымда (телерадиокомпанияда) консерваторлық, жікшілдік көңіл-күй басым деп естиміз. Осы ұжыммен тіл табысып, қызмет істеу кезінде бұрынғы басшыларға да қиын болғаны белгілі. Істі алға апару үшін білікті кадрлар қажет. Кадрлар іріктеуде өзгерістер бар ма? жалпы осы мәселе төңірегіндегі Сіздің көзқарасыңыз қандай?**

– Консерватордың табиғатын әркім әрқалай түсініп жүр. Ал, консерватор-журналист дегеніміз қосақ арасында жүретін, таптаурын жолынан айнымайтын, айлар, жылдар өткізіп эфирге бір шығатын жандар деп түсінемін. Шын дарынды журналист консерватор бола алмайды. Өйткені, ол ұдайы жаңалыққа ұмтылып отырады.

Иә, аттың жемін жеп, тай-құлындай ойнақ салып жүргісі келетіндер жоқ емес. Өз таланын басқа жерде, басқа бір кәсіпте сынап көрсін, олардан арылу керек. Қазақтың баласы ғой, жүре берсін, дегендей ымырашылдыққа қарсымын. Біз оған барсақ, іс өледі, халықтың мүддесі өледі. Осы екі таңдаудың қайсысы тиімді?..

Келесі сөз жікшілдік туралы. Оны бар, немесе жоқ деп айта алмаймын. Дегенмен, үзілді-кесілді мәлімдегім келеді. Ондай жымысқы іс-әрекет болып жатса, аяусыз түрде күресеміз. Өйткені, жік болған жерде үлкен мақсатқа жете алмайсың. Жолда қалатынымыз анық.

Қазір зымыран заман. Бір сәттік шабандық қымбатқа түсуі мүмкін. Телерадионың кадрларына оралымдылық, иненің көзінен өтетін іскерлік керек. Кейде бұрынғы Одақ, әлем хабарларын былай қойғанда, төл республикамыздағы жаңалықтарды дер кезінде қамти алмай жатамыз. Оның себебі – ізденіс жоқ. Жауапкершілікті сезіне білу кемшін. Мен де кезкелген замандасым сияқты, телерадиода, ғасырымыздың осы жетекші ақпарат құралдарында, халықтың мүддесін ойлайтын жанашыр азаматтар жұмыс істегенін қалаймын.

– **Сізді Қазақстан журналистикасы тарихындағы пайғамбардың бірі деп айтып жүр. Тұңғыш жазған мақалаңыз есіңізде ме?**

– Пайғамбар деген сөзбен ойнау күнә болар. Өзімді қолынан қаламы түспей келе жатқан журналистердің бірімін деп есептеймін. Жалпы оқырманға түсінікті болуы үшін өмірбаянымды азды-көпті айта кетейін.

Әкем Мұртаза 1937 жылғы сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Интернат қабырғасында жүріп 1950 жылы Жамбыл қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген соң, әуелі Мәскеу полиграфия институтында, үшінші курстан бастап Мәскеудің мемлекеттік Ломоносов атындағы университетінде оқып, журналистика факультетін 1955 жылы бітіріп шықтым. Сол жылдардың өзінде-ақ башқұрт жазушысы Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» атты повесін, Л. Лагиннің «Хоттабыч карт» атты көркем шығармасын қазақшаға аудардым. Жекелеген әңгімелерім мерзімді баспасөзде жарияланып жүрді. Ал тұңғыш мақалам өзім әдеби қызметкері болған «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жарық көрді.

– **Ой қуған адамға бірқалыпты көңіл-күйде болу қиын. Кейде жүдеп-жадайтын уақытыңыз болмауы мүмкін емес қой. Сондай сәттерде нені ойлап қамығасыз?**

– Менде қамығу деген болмайды. Жүдеп-жадай беретін болсақ, әлдеқашан су түбіне кетіп қалған болар едік. Менде түрлі қиыншылықтармен күресе білу деген ұғым бар. Боркемік болу – кісі сүйер қылық па?..

– **Ұзақ мерзімді сипатымен ерекшеленетін «Ұлт және сана» атты жаңа телехабар ашылып, оның алғашқы қанатқақтысына қатысты жұртшылық жылы пікір білдіруде. Авторы, әрі жүргізушісі ретінде осы хабардың дүниеге келуіне қандай ой түрткі болғанын айта кетсеңіз?**

– Отарлық езгі тұрмысымызды ғана емес, белгілі ойды қайталап айтып жатқан да шығармын, санамызды да тұралатып кетті. Сөз болып отырған хабардың мақсаты – сананы ояту. Кешегі Міржақып т.б. зиялыларымыз «Оян, қазақ!» деп бекер шырылдаған жоқ. Олардың жан айқайын сол заманның ұрдажық, арзан ұрандары тұншықтырып бастады. Елу жылда ел жаңа. Қазір заман басқа болғанымен, темірқазық іспетті талап-тілек сол күйінде тұр. Еліміз тәуелсіздік алса да, құлдық, мәңгүрттік психологиядан арыла алмай келеміз. Еркін ойлап, еркін әрекет жасау әлі де қат. Ең әуелі сырттан таңылған кесір-кесапаттан тазарған жөн. Соның бірі – жүзге бөліну. Абай айтқан ғой: «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп. Біз демография тұрғысынан орасан апатқа ұшыраған халықпыз. Сондықтан, көп балалы ата-ананы насихаттап, оларға нақты көмек-қолғабыс жасау керек. Тіл, дін, салт-дәстүр, бала тәрбиесі, т.б. бірінші кезекте қолға алатын мәселелер аз ба? Міне, осындай көкейкесті тақырыптарды қозғап, «Ұлт және сана» айдары аясында жүйелі жұмыс жасау ойда бар. Халықпен дидарласып, сол халықтың тегеурінді ой-пікірінен қуат алып, көшімізді түзегенге не жетсін?!

Айналып келгенде, өзін Қазақстан азаматымын деп санайтын әрбір ұл-қызымыз, мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына қосылуына септессін. Сол күнді жақындатуға қызмет жасасын. Өзім дағы осы талап үдесінен табылғым келеді. Соның бір жолы – «Ұлт және сана» телехабары деп түсінемін.

– **Кезінде жас журналист, жас жазушы болдыңыз. Қолына қалам ұстап жүрген жастарға ғибрат болатындай әңгіме естігіміз келеді...**

– Көретін көз болса, ғибрат алатын адамдар арамызда, әсіресе ауылда мол деп ойлаймын. Ал, өзімді үлгі тұтып, көрнекі құрал есебінде ұсынғым келмейді. Отанды сүйіп, бір керегіне жарап жатсақ, қанеки! «Сен де бір

кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» – депті ұлы ақын. Абайдан өткізіп айту мүмкін емес.

– **Сіз балықшысыз ба, аңшысыз ба?**

– Әңгіме демалыс туралы болар. Илгеріде суретші Әубәкір Смайылов ағам бір-екі рет Іленің бойына ертіп апарғаны бар. Ол бір жақсы күндер, әрине. Мен жалпы тауға шыққанды ұнатамын. Таңмен таласа тұрып, атқа мініп даланы тамашалаған да бір ғанибет!.. Бірақ, қу тіршілік бас бұрғыза бермейді. Оның бержағында көңіл көтеруден басқа да маңыздырақ істер мен мұндалап күтіп тұрады.

Ойды ой қозғайды ғой. Халық жазушысы, драматург, публицист, Қазақстан Халық депутаты Шерхан Мұртаза ағамызды астанада үйсіз-күйсіз жүрген қазақ жастарының тағдыры да алаңдатады екен. Соның бір мысалы қазан айында Жасөспірімдер театрында тұсаукесері болған «Жетім бұрыш» атты пьесасы. «Айтар ауызға ұят, – деді ол. – Алматыдағы қазақ халқының үлес салмағы 20 проценттің сәл үстінде. Қазір шетелдерден қонақтар ағылып келуде. Солар астанаға қарап Қазақстан жайлы пікір түйеді. Алды 15-20 жыл бойы кезегін күтіп, бала-шағасымен әлі де көшіп-қонып жүрген қазақ жастарына неге артықша жеңілдік жасай алмаймыз? Артықшылық жастарымыздың тұрмысын басқа ұлт өкілдерін құрайтын қатар-құрбыларымен біршама теңеру үшін қажет.

Үкіметті айыптай беру қиын. Үкімет кедей. Толып жатқан тесіктері бар. Қазына қалтасы тоғайыңқыраса, жақсы күндерге де жетерміз. Бірақ, тұрғынжайға айырықша мұқтаж жастарға ұлтарақтай жер бөліп беруді даудамайсыз-ақ шешуге болар еді деп ойлаймын».

«Қазір ештеңе де жазып жүргенім жоқ, – деді Шерхан ағамыз әңгімесін одан әрі жалғастырып. – Күндердің күнінде кезекті демалыс алармын. Сол кезде қалам-қағазымды сайлап, «Қызыл жебе» романының «Тамұқ» атты соңғы кітабын аяқтағым келеді».

– **Тағы бір сұрақ. Жақсыға еліктеу салтымыз ғой. Сіз сияқты ел-халық құрметіне бөленудің, жастар айтатындай, Шер-аға болудың құпиясы бар ма?**

– «Боламын десеңіз болыңыз» деген екен бір ойшыл. Дегенмен, мен де пендемін. Мендей жазушылар бар. Менен де өткен жазушылар, үлкен қайраткерлер бар. Ырыс алды – ынтымақ. Мәселе бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, аспанкөк туымыздың мәртебесі биік бола беруіне атсалысуда деп түсінейік.

Мақаланы осымен аяқтаса да болар еді. Шер-аға өзі ұсыныс жасап, есік пен төрдей көлігімен редакцияға жеткізіп тастамақ болды. Шahардың сол тұсында шаруасы да бар екен. Жол-жөнекей Шәкеңнің шығармашылық өмірбаяны мен қоғамдық қызметі халқының көз алдында өтіп жатқанын бағамдап, сірә, Шер-аға болудың бір құпиясы – жасы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін адамгершілігінде болса керек деген ой келді. Бұрынғылар «Ұлық болсаң – кішік бол!» деп біліп-ақ айтқан ғой.

Әңгімелескен Азат ӘКІМҰЛЫ.
«Сұхбаттың» арнаулы тілшісі.

«Сұхбат» газеті, 8 желтоқсан 1992 жыл.

ШЫНДЫҚТЫ ШЫҢДАП, МҰРАТТЫ МҮСІНДЕГЕН

Шерхан Мұртазаның басшылық байламдары, парламенттегі пайымдаулары және қаламгерлік қарымы қашан да қызықтырады.

Қаламгерлік қарым

Өткен күзде Шерхан Мұртаза «Жалғызүйлік зілзала» атты пьесса жазып, кешікпей Алматыдағы Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында оны Алтынбек Кенжеков «Жетім бұрыш» деген атпен сахналап еді. Замананың бір жарасын ашып көрсете алса, жазушының жарағаны. Парызын орындағаны. Міндеттен құтылғаны. Нанын ақтағаны. Сенімнен шыққаны. Шерхан Мұртаза баяғы «Интернат нанынан» «Қара маржанға» жалғасқан, «Қызыл жебеден» «Тамұққа» түйінделген елеулі шығармалары арқылы парыздан құтылғандай-ақ еді. «Сталинге хаттан» кейін сенім сеңгірінен де сүрінбей өткен. Сөйте тұра «Жалғызүйлік зілзаланы» жазды. Мына заманда баспанасыз жастардың арманын, арызын, әттеңін, әрекетін жеткізген жазушы енді «Қазақстан» мемлекеттік теле-радио компаниясын басқара жүріп, парламенттегі қызу пікірталастарында ұлт қамын, болашақ бағдарын түгендей отырып, жазуға уақыт тапты ма?

– Шер-аға! Мұнда төраға, анда депутатсыз. Баяғы театр толы жұртшылық тік түрегеп қол шапалақтайтын туындылардың дүбірін сағынғандаймыз. Жазуға қол тие ме? Ел-жұртыңызға қандай жаңа шығармалар ұсынасыз?

– Жұмыс көп екенін өзің айттың. Бірақ, ара-тұра әлі жазуға болады. Күні бұрын айту қиын. Бірақ сенім бар. Жазып бітемін деген. Аты – «Нағашыжиен». Күлкілілеу, комедия деуге де, демеуге де болады. Қазақша бизнес түрі.

Үкімет ісіне тікелей араласпасақ та, көріп-біліп отырмыз. Қазіргі кезең өте қайшылықты. Заң әлсіреді. Тәртіп бұзылды. Парақорлық етек алды. Бұзақылық көбейді. Міне, осы құбылыстарды арқау етіп алдым. Банк жүйесіндегі былық. Үкімет адамдарының араласуы. Жылпостық жайлап, өтірік өрбуі. Өмір мен көңілдегі қатар өрілді.

Шағын дүние болуы керек. Мен жазушымын деп бұта түбінде жатып алмай, қайнаған қазан шетінен көрген-түйгенімді түсірдім. Шедевр емес, бірақ замана табы табылар. Өтпелі кезең көріністері. Нарық экономикасының атын бадырайтып айтсақ – капитализм. Сол жолдағы азын-аулақ елестер болса керек.

– «Тамұқтың» соңғы тұсын оқығанда, Сіздің кейіпкеріңізбен қайта-қайта қимай қоштасқаныңызды көрдік. Тұрармен қоштасу қиын болды-ау.

– Қоштасу қиын. Енді жаңа деректер алып та жатырмын. Бұрын Тұрар Рысқұловтың тек Түрксиб түйіскен салтанатта түсірілген кинобейнесі бар еді. Енді 1936 жылғы Қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігінде

үлкен-үлкен қайраткерлермен, әртістермен бірге жүрген сәттері табылып жатыр. Жерленген (атып тастаған соң апарып тастаған) жері анықталуда. Жаза берсең– созыла береді, бірақ оның енді керегі не, онсыз да түсінікті...

Отыз жыл ойландым, жиырма жыл жаздым. Қаламға түсіргеннен бұрын да дерек жинадым. Бір сөзбен айтқанда, бас пен көкіректің бос болған кезі жоқ.

– Енді не істейсіз?

– Әу-баста қысқа-қысқа әңгімелерден бастағам. Сол тоқтап қалды.

– «Қасқырдың тарамысы» сияқты дөңгеленіп түскен әңгімелеріңізді, «Жүрекке әжім түспейді» сияқты жылы жинақтарыңызды сағынғанымыз рас.

– (Шер-ағаң рахаттана күлді). Баста жұп-жұмыр болып жүрген ондай шешімдер, көріністер жеткілікті. Соларды қағазға түсіру керек. Сезім қызуы керек. Жас болса келе жатыр. Жалын да ұдайы бойда бола бермейді. Қыш құмыра қалай жасалатының білесің бе? Шебер алдымен саз балшық илейді. Қалыпқа құяды. Қырнайды. Сылайды. Сосын оны мың градустық қызуға күйдіреді. Егер күйдірмесе, бәрі былжырап шығады. Бұл да солай. Жалынға күйдірмесең жазғаныңның бәрі бекер. Алпыстан асқан соң күш қосылады деу– өзіңді алдау. Бәрібір жалынды жоғалтпасам дейсің.

– Жалын қайтсе жоғалмайды?

– Өмір қашанға жеткенше жазғың келеді. Бірақ, үкімет іліп қойған жұмыс мынау. Егер еркіндік болса, жұмыс істеу қиын емес. Тек айналада жүгіртпе сөз, өсек-аяң көп. Маса сияқты мазасыз бірдеңе. Маса шаққаннан адам өлмейді. Бірақ, кедергі, қолбайлау. Әжік-күжік әңгімелер кедергі болмаса, жазып та, жұмыс істеп те жүре беруге болады.

Парламенттегі пайым

Парламентке Шерхан Мұртазамен бірге бірден қазақы мінез, мінез емес-ау, қазақы қасиет барғаны есте. Сол Шерхан Мұртазаны парламентке компартия пленумы өткізбей, «құлатып», мерейің өскір Меркінің жұрты жиналып, сосын сайлағаны есте. Бұл – өткенге өкпе емес, алда талай тұста тағылым алар тарих.

Мұртазаның ашынғанда қаттырақ шығар қыран үні Жоғарғы Кеңес сессиясында талай мәрте естілген. Ең қиын, ең қысталаң тұста естілген. Өйткені бар жігерді құм етіп, өтпей қалғаны бар, қалай десек те Шерхан Мұртаза қазақ мемлекетінің іргетасы мен кірпіштері болып табылатын Ата заң мен ағымдағы заңдарды қабылдау барысында қайраткерлік танытты. Ел еңсесін көтерсін деді, ұлтым ұмытылмаса деді.

– Шер-аға! Осы біздің сөздегі тәуелсіздігіміз бен өмірдегі тәуелсіздігіміз екі түрлі сияқтанып тұрады. Сізге ше?

– Сөздегі, яғни саясаттағы тәуелсіздіктің бары – бар. Ал экономикада, күнделікті қайнаған өмірде, біздің қол-аяғымызды байлап-матап тастаған. Қол-аяғы байлаулы жанды басынын сипап: «сен тәуелсізсің» дегеннен не пайда. Бұрын шідер еді, енді арқан. Арқанмен де алысқа ұзай алмайсың.

Президентіміз де айтып жүр. Ресеймен арада кіндік қиылмай жүр. Қалай қиюдың реті жоқ, алыс-берістің 60-70 проценті сол елмен көрінеді. Үкімет білмей отырған жоқ. Бірақ бір күнде қалай өзгертесің? Құбырды қайта төсемей Атырау мұнайын бері бұра алмайсың. Уақыт керек, қаржы керек. Қарашығанақ газы Орынборда өңделеді. Рыжковтың тіпті, Қарашығанақтың өзін Ресейге қоспақ болғанын білеміз. Қарап тұрсаң, қолдан жасалған қиянаттар. Сарқыншағы көп. Сарқыншақтан да молдау. Ал кіндігі өмір бойы жабысып тұруы мүмкін емес.

«Жетім өз кіндігін өзі кеседі» дейді. Өз кіндігімізді өзіміз кесуіміз керек. Ұлт екеніміз рас болса, ұлттық намыс болса...

– Ұлттық намыс жайында айтулы азаматтарды топтастырып, теледидарда қабырғалы әңгімелер қозғадыңыз. Парламентте де талай әріптестеріңізді қамшыладыңыз. Ұлттық намыстың соншалық ұмыт қалуы неден?

– Әрқилы себептер бар. Бірінші себебі – қорқақтау. Бір кездегі тәкаппар, өрмінез халықтан құлдық ұрып үйренген ұлтқа айналдық. Жүздеген жылдық отарлық езгі езіп те жіберген болар. Парламенттегі көпшілік бола тұра көңілге қараймыз. Соларға түсінікті болсын дейміз. Олар ренжи ме, ренжісе бір пәле бола ма дейміз.

Екінші себеп – жалған наным. Ойымды орысша ғана түсінікті жеткізем дейді. Шындықты, тіпті, ыммен де ұғындыруға болады. Үшінші себеп – енжарлық. Парламент халыққа үлгі болуы керек, оған бүкіл ел көз тігіп отыр дегенді ұмытып кетеді.

– Қалай дегенде де парламентте отыру оңай емес екендігін ұқтық.

– Парламент оңай шаруа емес. Біздің парламент негізінен таза. Бірақ, ұлт дегеннен, қазақ дегеннен безініп тұратын депутаттар бар. Ата заң қабылданарда «бісімілләсінен» бастап дауластық. «Қазақстан халқы» деген жоқтығы, қазақ халқы мен басқа халықтардың Қазақстан жерінде тұратын өкілдері бар екені құдайға да көрініп тұрған болар. Амал не?!

Енді сол Ата заңды, басқа да іргелі заңдарды қайта сөккісі келетіндер бар. Мына көйлектің бір жібін сөксең, ары қарай өзі сөтінемей ме? Әрине, заңдарды түзетуге болады. Бірақ, қоғамды іріту үшін емес, қайта біріктіру үшін.

Бір орыс әріптесім отырып алады да «менің неге Ресейде тұратын әкешешемді алдыртып, Қазақстан азаматтығын бергізуіме болмайды?» деп таласады. Сонда Қазақстандағы 10 миллион өзге ұлттар өкілдері тұрады. Бәрі бүкіл туысын Қазақстанға алдыртса неміз қалады? Ал, кезінде тарихи отаннан аштықтан, азаптан, қуғын мен сүргіннен ауып кеткен қазақтардың жөні бөлек екенін түсіндіру де оңайға түспеді.

– Шер-аға. Бар қазақтың басын қосу да Президентімізге оңайға түспей жүр. Басқаны қойып өз еліміздегі қандастарымыз жан-жақа тартады. Манағы ұлттық намыстың бір керек жері осы шығар?

– Ұлттық бірігу – ұлы мәселе. Енді-енді ел болып, етек-жеңімізді жинаймыз ба десек, ру-ру өз намысын өзі жыртады. Сырттан біреу бақылап тұрса, «мынау бір өнбейтін, өспейтін халық екен» дері анық. Және оны түсінген. Ғасырлар бойы отаршылдар қатты пайдаланған. Ащы сабақ алатын

кез болды. Түсінетін, түңілетін уақыт жетті. Бірақ, рушылдық тоқтамақ түгіл, қайта қоқсып келеді.

Қазақстанды шеттен жау басып алады дейтін қауіп жоқ. Ресейдің ондай ойы болмас. Қытай да оған бармас. Енді бәрі әлем назарында. Сонда қатерлі жау– ішімізде. Рушылдықты қоздырып, отын көсеп, шоғын үрлеп, соған жылынып отырған – өзіміздің зиялы дейтін азаматтарымыз. Халықта кінә жоқ. Абай бұл дертті әлдеқашан нұсқап кеткен. Өз ортасынан озып шықпаған, Жайық бойынан аса бермеген Құрманғазыны қара. «Сарыарқа» деген күй шығарды. Алатауға күй арнады. Маңғыстауда болған-болмағанын білмедім, «Адай» атты адуынды күй қалдырды. Бұл ненің белгісі? Қазақтың тұтастығын аңсаудың белгісі.

Немесе Мәшһүр Жүсіп. Әулие-Атадағы Ұлбике ақынды қалай дәріптеген. Ол – елдің қазіргідей газет-журнал оқып, теледидар көрмейтін, радио тыңдамайтын кезі. Сонда Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіп басқа өңірдегі Ұлбикені күллі қазаққа үлгі етіпті. Өз ауылдасынан басқаның талантын көрмейтін, көргісі келмейтін қазіргі жазушыларымызға үлгі.

– Парламент жайындағы әңгімені түйіндеп алсақ. Болашақ парламентке сайлауға түсер ме едіңіз? Қай партияға бүйрегіңіз бұрып жүр?

– Еш партияға кірмеймін. Партиялардың таласына, дау-дамайына араласпаймын. Алдағы болатын сайлаудың талабына сай келемін бе, ол жағы белгісіз. Кім келеді, қай бағыттың адамдары келеді? Олар халыққа, мемлекетке пайдалы ма, оны бір құдай біледі.

Президентіміз жиі-жиі бағыт-бағдарын жариялап жатыр. Ұлттық және мемлекеттік мәселеде осы кісінікі дұрыс. Қазір күшке сенетін заман емес. Қазақстанның күші де шамалы. Жағырапиялық жағынан жаудың бетінде, желдің өтінде тұрмыз. Екі жақта – екі империя.

Осы кісінің бағыты дұрыс. Қантөгіс болдырмай, қарсы тұруға ұрындырмай және жанжал шығартпай алып келеді. Ақылмен, абыроймен, кең даламен ағып келе жатқан өзен екі қапсағай жартас арасында бұрқылдап кетпей ме? Сондай шақта қалтылдаған қайық аударылмасын. Ол үшін мықты ескекші, алғыр рулші керек. Ол – осы Президентіміз.

Депутат болу-болмауым болашақтың ісі. Қазір құлшынып отырған жоқпын. Партиялар тартысын да көрерміз. Тек халықты бөліп-жармай басын біріктірсе , «беспартинный» депутаттар да болатын шығар...

Басшылық байлам

«Қазақстан» мемлекеттік теле-радио компаниясы құрылып, оған басшылыққа Шерхан Мұртаза тағайындалғалы – бар болғаны бір жылдың жүзі жаңа ауды. Сөйте тұра жаңалық көп. «Шарайна», «Таңшолпан», «Хан Тәңірі», «Тайқазан» атауларының өзі неге тұрады. «Шарайнаның» титріндегі жанары жарқ етіп, одан дүр сілкініп, қанаттанып самғай жөнелетін қыранның өзі неге тұрады. Ежелден нышанға сенетін, жақсылыққа жоритын халықпыз. Содан ба, осы жанары жарқ ететін қыранның халыққа қуат құятыны даусыз сияқты. Теледидарда бұдан да басқа жаңалық жетерлік.

Радионың өзгергені өз алдына. Оның бәріне халық куә болғандықтан, бәрін тізбелеп қайтеміз.

– Шер-аға! Ұлттық идеология қалыптасты ма?

– Президенттің жанында бұл жөнінде арнайы Кеңес құрылған. Өткенде отырысы болды. Жақында Президенттің бағдарламалық еңбегі сіздердің газетте басылды. Негізгі идея сонда. Қазір халық талқылап, толықтырып жатыр. Қолдау жетерлік.

– Мемлекеттік теле-радио компаниясының басты міндеті ше?

– Қазақстанды тәуелсіз республика ретінде сақтап қалу. Жабылып осыған жұмыс істейміз. Негізгі идеологиямыз осы.

– Мемлекеттік теле-радионы басқарғалы жылдан асыпты. Қиын ба, жоқ жеңіл ме?

– Газеттен өзегі мүлде бөлек іс. «Бұқаралық ақпарат құралдары» деп бір қораға қамайтынымыз бекер. Тоқсан тарау, қырық бұрау. Техника жүдеген. Тас дәуірі. Сонда да күнделікті пәлен сағаттық хабар берілуі керек. Жылап-сықтап жүріп, үкіметтен 2 миллиондай долларға «Сониден» құрал-жабдық алғыздық. Жұмырға жұқ болмады.

Сосын кадр, «Радио мен теледидарда газетке жарамай қалғандар істейді» деген бізге жағымсыз сөз айтылады. Жоқ, мұнда да өз ісіне берілген, пәруана журналистер бар. Бірақ, ескі көзқараспен қалғандар да аз емес. Жастарды қолдап жатырмыз. Олардың да жалындысы бар, жасығы бар.

Өз басым «Лениншіл жаста», «Жалында», «Жұлдызда», «Қазақ әдебиетінде», «Егемен Қазақстанда» адамның анкетасына, жеке іс-қағазына қараған емеспін. Бет-жүзіне қарадым. Имандысына сендім. Жазған-сызғанына қарадым. Талабы барына тоқтадым. Мұнда да солай. Алдымен кадрды өз ішінен іріктедім. Жағдайы ауыр жерге өзім білетін, өзім сенген мамандарды тарттым. «Олардың ісі оңбай жатыр» деп ешкім кінә қойған жоқ.

– Қазақстандағы жекешелендіру туралы, оның екінші кезегі туралы кеңесте сіздің «егер үкімет «Қазақстан» теле-радио компаниясын жекешелендірсе, ол өзінің тілін кесіп, басқа біреуге сатқанмен бірдей емес пе?» деген теңеуіңіз әлі естен кетпейді...

– Қазіргі тізімде жоқ көрінеміз. Түптің-түбінде жекешелендірер. Мемлекет қолына қарап қалмау керек. Біреудің команда беруі – демократияға жат болмақ. Бірақ, мемлекет толық қалыптаса алмай жатқан кезде, оны қолдайтын да құрал керек.

Тәуелсіз теледидарлар мен газеттер шығып, сынап жатыр. Үкіметке сын керек. Тіпті, президентке де. Бірақ, ол сын ертең іс оңалып кетуі үшін айтылғаны жөн. Ал, іс жүзінде айтылып жатқан – жымысқы, қытымыр сын. Жүйке жыбырлатқаннан басқа пайдасы жоқ.

Қазақстанның қанаты қатайып, биікке самғауына «тәуелсіз», жекеше теледидар қандай үлес қосып жатыр? Көріп, естігенің бар ма? Беретіні – ескі, шетелдің айналымнан шыққан зорлық-зомбылығы.

– Бәсекелестеріңіздің зорлық-зомбылықты насихаттауына қалай үнсіз қарайсыздар?

Заң жоқ. Заң қабылдануы керек. Баспасөз туралы заңнын аясында жұмыс істеп жатырмыз. Бірақ, теледидардың баспасөзден бөлек екенін жаңа айттым.

«КТК», «Тотем», «Таң» сияқты неше түрлі адам азаптау мен өлтіруді, нәпсі құмарлығын қоздыруды уағыздайтын киноларды ертелі-кеш көрсетуін қалай бағалаймыз? Сылағы кеппеген жас мемлекеттің іргесінен қазылған ұра. Сол ұра суға тола келе, түбінде үйді шірітеді. Шіріген үй ұзақ тұра алмайды.

Қоғамды құратын да, онда тұратын да – адамдар. Біздің жастарымыз тегіс жаңағы киноларға еліктеп өсіп жатса, қандай жақсы қоғам құрылмақ? Мені іс біледі дейтін азаматтардың жайбарақат жүріп жатуы алаңдатады.

«Бізге қандай идеология керек?» Идеология жұмыс істеп жатыр. Кері идеология керісінше істеп жатыр.

– Жалақысы орташа шаңырақтардың төрінде жалғыз теледидар тұрады. Кешкісін үйдегілердің біреуі «Шарайнаны», біреуі «Әншейін Мәрияны» үшіншісі «Тотемді» көру үшін әжептәуір идеологиялық тартыс басталады. Сонда сіз бен біз осы таласты қызықтап қана отырмақпыз ба?

– Талас теледидар төңірегінде ғана ма? Жылмиып келіп, жілікмайыңды соратындар бар. Доспыз деп, дінін өткізгелі жүргендер жетерлік. Бір үйдің бір баласы мешітке барады делік. Әлем қорқатын фундаментализм емес, ұрлық қылмауды, арақ ішпеуді, таза жүруді, кісі ақысын жемеуді, жауыздыққа бармауды айтатын таза Құран, мұсылманшылық жолының айыбы жоқ. Сөйтіп бір бала мұсылманшылыққа бет бұрғанда, екінші баласы шіркеуге барды делік. Қазір шіркеуде шоқынатын немесе баптистер, әлде кришнаидтер тобына қосылатын жастарымыз аз емес.

– Сөзіңіз аузыңызда, Шер-аға. Өткенде трамвайда бірге отырған бір қазақ жігіті Орталық базардан «Мамыр» микроауданына дейін жағы талмастан, өзі де жалықпастан «Кришна-Кришна» деп қайталап барды. Ождан бостандығын сыйлағандықтан іштен тындық.

– Әне, сонда не болды? Бір шаңырақта бірнеше дін ұстауы ауызбірлікке, бауырмалдыққа қызмет ете қоймас. Бір үйдегі екі діннен пайда бар ма? Сол екеуі тату-тәтті өмір сүре қоймас. Бір мемлекет болып келіп, кейін бөлінген Үндістан мен Пәкістан неге Кашмир үшін қызылшеке болып жатыр? Абхаздар мен Грузиндер? Әзірбайжандар мен Армяндар? Осетиндар мен үнгіштер? Ақыры тас-талқаны шыққан Югославия. Бәле, көбінесе діннің бөлектігінен басталған жоқ па?

Сонда ұлттық-мемлекеттік идеология керек пе? Керек! Дәл осы жерде керек!

– Діннен бері ауысайық. Сіздердің славян текті дикторларыңыз «Кокчетав», «Джамбулды» қойып, «Көкшетау», «Жамбыл» дейтін болғалы көзге жылыұшырап жүр. Мұны арнайы бұйрықпен айтқызасыз ба?

– Ешқандай бұйрық болған жоқ. Айтылса, лездемелерде айтылатын шығар. Өз басым бірде-бір дикторды алдыма шақырып, «былай оқы» деген емеспін.

Болар-болмас нәрседен дау шығарып керегі не. Жаңағы «Көкшетау», «Жамбылдан» орыс тілі ойсырап қалмайды», қайта баий түсері анық. Дикторлар жылыұшырай бастады дедің. Мұның өзі – игі іс. Халықтар

жарасымына қызмет. Біз тек үлкен сөздер мен үлкен істер күтіп үйренгенбіз. Әр сөзге жауапкершілік, әр іске жанашырлық болса жетерін түсіну керек.

Тілшілік түйін

Сұхбат осылай аяқталды. Көптен ойдағы іс еді. Алдымен сессияның үзілісін күттік. Бірақ, Шерхан Мұртазаны бізден басқа қаншама шаруа күтіп тұрғаның ойламаппыз. «Қазақтелефильм» жайы жөнінде кеңес өткізді. Бұл да – ойдағы мәселе. Өзімізді кешке теледидар алдына байлап-матаған «Байлар да жылайды», «Әншейін Мәрия» және басқалары тікелей телефильм екенін ескерсек, өз жұтаңдығымыз байқалып қалмақ.

Сосын мемлекеттік теле-радио компанияның қызметкерлерін тұрғын үймен қамту мәселесін қарады. Өз басымыз мұншалықты әріптестеріміз баспанасыз жүр деп ойламаған едік. Осының бәрі Шерхан Мұртазаның мойнындағы жүктің ауырлығын сездірген. Біз – дәметіп қалған оқырмандар болсақ – ол кісіден тартысты пьеса, татымды әңгіме күтеміз. Үлгер мықты болсаң.

Бұл сұхбаттың еш мерейтойға қатысы жоқтығын жаза кеткен жөн. Асқар алпыс артта қалған. Заңғар жетпіске жеткенше біраз жол. Бірақ, қоғам қайраткерінің, халық қалаулысының не ойлап, немен тыныстайтынын елі әрдайым біліп отырмағы керек. Өркениетті елдер үрдісі. Шер-ағаңдар жұртын қайтсек жеткіземіз деп жарғақ құлағы жастыққа тимейтін өлшем сияқты өркениет.

Қайнар ОЛЖАЙ.
«Егемен Қазақстан» газеті, 9 қараша 1993 жыл.

«Тұрар Рысқұловтың туғанына 100 жыл» айдарында

ТҰРАННАН ТҮЛЕП ҰШҚАН ТҰРАР

Қазақ халқының аяулы да асыл перзенті, әйгілі бес арыстың бірі – Тұрар Рысқұловтың туғанына 100 жыл толып отыр. Осы атаулы оқиғаға орай жазушы Мұса Рахманберидиев көп жылдар бойы Тұрар Рысқұловтың өмір жолын, тағдыр-талайын терең зерттеп жазып, оқырман қауымға үркердей-үркердей бес кітаптан тұратын үлкен теміртанымдық дүние ұсынған – Қазақстанның халық жазушысы, Республика Жоғары Кеңесінің депутаты Шерхан Мұртазамен арнайы жолығып, әңгіме-сұхбат өткізген еді. Төменде біз сол сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Мұса РАХМАНБЕРДИЕВ: Шер-аға! Биылғы халқымызға қай жағынан болса да қиындау, ауырлау тиіп тұрған 1994 жылды – ұлы арыстар жылы деп жүрміз ғой. Кімнің дуалы аузынан шықса да, осы бір сөз өте дұрыс әрі дәл айтылған ба деймін. Қараңызшы. Бұл күндері әдебиетіміз бен мәдениетіміздің алыптары, қазақ көркем сөзінің үш биік бәйтерегі –

Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің 100 жылдық тойлары күллі еліміздің түкпір-түкпірінде кеңінен аталып өтіп жатыр. Осы кеше ғана шырайлы Оңтүстік өңірінде алаштың тағы бір ардақты азаматы, көрнекті қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 100 жыл толу мерекесі үлкен табыспен өтті. Мұның алдында атақты Талғар жерінде Тұрар Рысқұловтың тойы басталған еді. Енді сол тойдың жалғасы араға біраз уақыт салып Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында да өткелі жатыр. Осының бәрі иісі қазақ елінің, Қазақстан Республикасы халықтарының ортақ қуанышы, ортақ табысы ғой деп ойлаймын. Қалай дейсіз?

Шерхан МҰРТАЗА: Әрине. Дұрыс қой. Мен өз басым мұндай тойлардың көбейгенін жақсы нышанға балаймын. Ол – елдіктің белгісі, ерліктің белгісі. Мұндай салтанат тойлардың көбейгені елдің марқайғанын, өскенін, ой-сана, рухани жағынан өсіп-жетілгенін көрсетеді деп есептеймін. Әлдетте, жұрт мұндай тойларға тек жаппай ішіп-жеуге немесе бәйге, қыз қуу, көкпар қызығын көруге ғана бола бармаса керек-ті. Олар мұның сыртында құрметіне той өткізіліп жатқан азаматтарына, рухына бас иіп, аруақтарына мінәжат етіп, өзінің сол азаматтар алдындағы перзенттік парызын өтеу үшін де баратын болар деп ойлаймын.

М.Р. Бұл ойды жақсы айттыңыз, Шер-аға! Мына сөзіңіз «Заманның сұры мынау, ел күнін көре алмай, қысылып-қымтырылып отырғанда, соншама той жасайтындай не көріпті» деп, ел-жұрттың өз ризығын өзінен қызғана күңкілдеп сөйлейтіндердің аузына қақпақ болсын.

Шынымды айтсам, мен бүгін Сізбен өзіңіздің сүйікті кейіпкеріңіз Тұрар Рысқұлов және оның заманы жайында, осы мәселелерге қазіргі тарихи көзқарастар жайында әңгімелессем деген ниетпен келіп отырмын... Ал енді әлгі тойға келсек, ел-жұрт аман болса, ол той да, иншалла, ойдағыдай жақсы өтер деп ойлаймын. Біздің тілегіміз сол.

Ш.М. Ә, дұрыс. Тілегің қабыл болсын! Ал енді қоятын сұрағың болса айта бер.

М.Р. Шер-аға! Сіз өзіңіз жақсы білесіз, мен тарихшы да емеспін, әдебиет сыншысы немесе әдебиет зерттеушісі де емеспін. Жазушымын. Бүгінгі күннің психологиясын зерттеуді жақсы көремін. Сондықтан да Сіздің жақында ғана нүктесін қойып, жарыққа шыққан «Қызыл жебе» атты бес кітаптан тұратын үлкен романыңызға тиісті дәрежесінде пікір айтып, баға беруге жүрегім дауаламайды. Әдебиетімізде үлкен, кесек туынды дүниеге келді. Мұндай көркем құбылыстың назардан тыс қалуы мүмкін емес. Оны ендігі жерде әдебиет сыншылары айтатын болар деп ойлаймын, айтып жатыр ғой. Сондықтан бұл әңгімені әдеби сыншылардың, жалпы оқырман жұртшылықтың еншісіне қалдыра тұрып, Тұрар Рысқұловтың қазіргі қоғамдық-саяси өміріміздегі тарихи орны мен рөлі жайында, оның рухтас, идеялас замандастары туралы осы күнгі ара-кідік кейбіреулердің «көзқарастары» жөнінде ашық пікірлескім келіп отыр.

Тұрар заманының тарихын отыз жыл зерттеген Сізден артық бұл тақырыпты ешкім білмейді десем, дұрыс түсініңіз, бұл менің Сізге жағынғандығым емес және оқырмандардың да солай түсінгендігін қалар едім. Сондықтан да бұл таұырыпқа өз басым абайлап қараймын. Қазіргі

күннің көзқарасы тұрғысынан қарасақ, Рысқұлов тарихи-трагедиялық тұлға екені даусыз. Шері көп шемен тарих екені сөзсіз. Мұндай трагедиялық тарих жалғыз Рысқұловтың басында ғана ма екен? Қазақтың кілең сүт бетіне шығар қаймақтарының трагедиялық тарихы, тағдыры ол... Кеше ғана бір мәртебелі жиында Президент Н. Назарбаев: «1938-1953 жылдары 65 мың қазақ зиялысы НКВД-нің құрбаны болды. Осыған неге үндемейміз?» – деді. Күні кеше өз қолдарымен орнатқан халықтық өкімет деп атаған өкімет өздерін «халық жауы» етіп көздерін жойып жіберді. Бұл өзі – адамзат тарихындағы қай жағынан болсын ең үлкен трагедиялардың бірі... Міне, осындай адам жүрегі ауыратын жәйттерге біздің кейбір азаматтарымыз еш ойланбай жеңіл-желпі «баға» бере салады... «Е, ол қызыл большевик болған, социализмді құрған солар ғой» дейді... Болмаса оларды Алашқа қарсы қойып, жау етіп көрсетіп, мәселені одан бетер ушықтырып жібереді... Сөйтіп елім, халқым, қазағым деп отқа түскен көбелектей қанаттары күйген ат төбеліндей арыстарымызды екі қарама-қарсы лагерьге апарып «көгендей» салады... Өздерінше халықтық, ұлттық сананы қозғап, жұрттың қанын қоздырып, бір қосақтағы, бір мақсаттағы, көздегендері, діттегендері бір, елім деп еңіреген қазақ арыстарын ұялмай-қызармай біріне-бірін «жау» етіп көрсеткілері келеді...

Ш.М. Мұндай пікірлердің бары рас. Кейбір тарихшылар да мәселені осы өзің айтқан тұрғыдан қарастырғысы келеді. Бірақ мен ойлаймын, бұл дұрыс емес деп... Біз қазір іргелі, тәуелсіз, егемен ел боламыз деп тырбанып жатырмыз. Сондай ниетте қам-қарекет жасап, тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын жаңадан соғып жатқанда қазақтың өзін қазаққа жау етіп көрсетудің «абыройы» кімге не әперетіні маған үлкен жұмбақ болып көрінеді. Мұны қалай десем болады... Әсілі, себеп-салдары кешегі мектеп, оқу орындарындағы тарих оқулықтарындағы халыққа алашордашыларды – жау, қызыл большевиктерді – дос деп миға, санаға әбден сіңіп кеткен «білімнің» кесір-кесепаты болып жүрмесін. Ал енді заман өзгерген, қоғам өзгерген жағдайында әлі де сол санаға сіңіп, ұғымға айналып кеткен кім жауы, кім досы деген формуласымақтың тосын қайта айналдырып киіп жүрген шығар олар... Әйтпесе мен үшін Сәкен де қымбат, Мағжан да қымбат, Ілияс та, Жүсіпбек те солай... Саяхатшылар туралы да пікірім осы...

ХХ ғасырдың бас кезеңінде өмір сүрген қазақ зиялыларын, жалпы қазақ атаулыны «анау олай, мынау былай» деп бөле-жаруға, немесе оларды бір-біріне қарама-қарсы қоюға өз басым қосыла бермеймін. Рас, олардың саяси күрес тәсілінде, өзара пікір-таластарында қарама-қайшылықтар, тіпті, керек десеңіз, жеке бастың араздықтары немесе белгілі бір мәселелер бойынша принципті, келіспеушіліктер бола беруі мүмкін. Тактикалық күрес тарихында, ондай-ондай ұсақ-түйектер кездесе береді. Ал бұл ұлылардың қазақ дейтін халықтың тарихына байланысты стратегиялық ой-жоспарларының түп қазығы біреу-ақ болатын. Ол – мына бүгінгі Сіз бен біздің елпілдеп жүріп қол жеткізген егемендігіміз, тәуелсіздігіміз. Бұдан артық қандай енді дәлел керек?

М.Р. Жуырда «Егемен Қазақстан» газетінде академик Манаш Қозыбаевтың «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» атты үлкен көлемді

мақаласы жарияланды. Үлкен тарихшы, ғалым бұл сапар қазақ қоғамының саяси тарихына жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауға шақырады. Өзімді қатты толғандырып жүргендіктен болар, маған әсіресе бұл кісінің осы бір бірлікке шақырған бәтуалы пікірлері қатты ұнады. Міне, осы мақаласында ол кісі «Тұрар Рысқұловты тек қана ұлтшылдық аясында қарау, зерттеу дұрыс емес, Т. Рысқұлов тек Шығыс қана емес, әлем тарихындағы ұлт қозғалысы көсемдерінің бірі, ол СунЯтсен, Д. Неру, Мұстафа Кемал паша (Ататүрік) қатарындағы қайраткер», – деп баға беріпті. Бұл пікірге қалай қарайсыз?

Ш.М. Өте дұрыс, әділетті баға деп есептеймін. Манаштың өзің айтып отырған әлгі мақаласын мен де ықылас қойып оқып шыққанмын. Жалпы, бұл біздің тәуелсіз тарихымызға деген көзқарастардың жаңа концепциясы деп бағалауға болады. Көлемі шағын болса да, айтар ойы жаңа, тың деректері көп, жақсы мақала екен.

Мұса, өзің де тарихтан хабардарсың. Революциядан кейін қазақтың бар оқыған, көзі ашық, саналы дейтін зиялы қауымы патшалық Ресейдің боданында болып келген түркі тілдес езілген халықтардың басын қайта бірігіп әрекет жасай бастады. Бұл әрекеттер, әрине, әртүрлі жолдарды, мақсаттарды туындатты. Бірақ негізгі саяси күрес автономия алған Шығыс елдерінің ұлттық мемлекеттік сипаты үшін жүргізілді. Міне, осы күрестің алғы шебіне, тарих сахнасына Тұрар Рысқұлов алдымен шықты. Сол кезеңде ол,шын мәнінде Шығыстың көсемі тұлғасына дейін көтерілді. Өзің, ойлап қарашы небәрі 25 жасында ол құрамында Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Қазақстанның оңтүстік облыстары (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған) болған Түркістан Орталық Аткомының төрағасы болып сайланды. Осы қызметте жүріп ол барша түркі тілдес халықтардың басын біріктіруге қызмет етеді. Сен ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың 1920 жылдары Ташкентте жүріп жазған «Түркістан» деген атақты өлеңін білетін шығарсың...

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой...

Міне, Рысқұловтың Түрік Республикасын құру туралы идеясын көтеріп, онысы Лениннен тойтарыс алып, торығатын кездері сол жылдар шамасы болатын. Солай. Тұрар Рысқұлов бұдан кейін 1922 жылы Түркістан АССР-і Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болды. Бұл енді бүгінгі тілмен айтқанда «президент» деген сөз. Ал енді 28 жасында осындай ірі қоғам қайраткері, мемлекет басшысы дәрежесіне көтеріліп, ел-жұртына аянбай қызмет көрсеткен арыстай азаматты бүгін ұрпақ қалай атап, қалай мақтаса да жарасады деп ойлаймын. Бірақ сүйегі әлдеқашан қурап кеткен әруаққа еш мақтаудың да, даттаудың да қажеті жоқ. Бұл бізге керек. Зекеңшелеп (академик Зейнолла Қабдоловты айтамын) айтсақ, «Біз Тұрар Рысқұловпен мақтануымыз керек».

Бірақ, қайтесің, тарихта әділетсіздік, бұрмалаушылық деген бола береді. Рысқұлов әлі де кейбіреулерге жау. Оны «түрікшіл», «тюркист»,

«панисламист» деп келгендердің көбісі, қазір заманына қарай демократ болып, енді ол қызыл большевик болып, коммунист деп кегжиетін болды. Бірақ мұндайлар аз. Бірен-саран. Халықтың дені күнде Тұрар Рысқұловтың кім болғанын, не үшін опат болғанын жақсы білуі тиіс.

М.Р. Шер-аға! Сіз Рысқұловтың бүкіл ғұмырын, оның атқарған қоғамдық-саяси қызметінен ақырғы көз жұмар сәтіне дейін суреттеп жаздыңыз. Сонда Тұрекең өмірінің қай кезеңдері қиынға соқты? Сол жөнінде бір еске алыңызшы...

Ш.М. Бұл жөнінде мен бұдан бұрын да бір-екі рет айтқаным бар. Тұрар туралы соңғы «Тамұқ» деп аталатын кітапта да авторлық ой арқылы осы сұрап отырған жәйттерге біршама жауап берген тәрізді едім.

Жалпы мен үшін Тұрар өмірінің соңғы кезеңі ауыр, жауапты болды деп айтуыма болады. Өзің білесің, белгілі тарихи тұлға туралы көркем шығарма жазу деген оңай тірлік емес. Рысқұлов өмірде қандай еді. Ол қандай қандай саналы қоғамдық қызметтер атқарды? Социализм жолына түскен күллі Кеңес елінің о шеті мен бұ шетінде солақай қандай саясаттар, қандай процестер жүріп жатты? Е, айта берсе тарихи тақырыпқа жазылатын шығармаға қойылатын сұрақ-сауалдар көп болады. Бұл сұрақтардың санын шексіздікке дейін апаруға болады. Міне, қолыңнан келсе, осылардың бәріне ақиқаттан бір қадам аттамайтын әрі тарихи жағынан өте дәл көркем дүние жазып шығуға тиіссің… Сондықтан да мен қазір өзімнің көп жылымды, былай айтқанда, бүкіл саналы өмірімді сарп еткен романымның мына жерінде бүйттім, мына жерінде сүйттім деп еске түсіріп, дәл айта алмаймын. Өйткені, Тұрар өмірінің бар кезеңдері,тіпті, шыр етіп дүниеге келгеннен бергі өмірінен Мәскеудегі Лубянканың түрме камерасында жатып НКВД жендеттерінің қолынан азапталынып, көз жұмған сәтіне дейінгі бар ғұмыры тынымсыз күреспен, айқаспен өткен еді. Айталық, Тұрекеңнің балалық шағы... Құдай салғандай тағдырды енді ешкімнің басына бермесін. Жастық, бозбала кезеңіде, 1916 жылғы қазақтардың Меркі жеріндегі патша өкімет әскерлеріне қарсы қанды көтерілісі… Әулие-Ата, Ташкент кезеңдері... Революциядан кейінгі жылдардағы Ашаршылық кезеңі... Қайтсем қара қазақты аман сақтап қаламын деп наркомдағы қызметін тастап, елді Ашаршылықтан құтқарудың төтенше комиссиясын басқаруы… Болмаса кейін өзіне өзі келген соң да ұзақ жылдар бойы жабысып, қыр соңынан қалмайтын «түрікшілдік» идеясын жүзеге асыру ниетіндегі саяси күрес жылдары... Қойшы, қайсыбірін айта бересің, басыңды ауыртып, бұл жалғандағы өмірмен ақырғы талқаны таусылғанша арпалысып, күреспен өткен Тұрекеңды қалай жазсаң да таусылмайтын тақырып. Ал оны жазу маған, шынымды айтсам, оңайға түскен жоқ.

М.Р. Менің оқырман ретінде байқауымша, Сіздің романыңызда Тұрар Рысқұлов бейнесінің жарқырай түсетін бір тұсы – Рысқұлов пен Сталиннің – екі мықтының, екі қошқардың сарт-сұрт мүйіздесетін сәттері болса керек. Тұрекең, жалпы жобасы Сталинмен он бес-он алты жыл қызметтес болған адам ғой. Сталин Тұрар Рысқұловқа «сен түрікшіл адамсың» деп бірден неге бас салмаған. Мен бұл жөнінде көп ойландым. Есіңізде ме, татар халқының белгілі қоғам қайраткері М. Сұлтан-Ғалиевті Ленин көзі тірісінде 1923 жылы

«пантюркист» деп қамауға алып еді ғой. Қазақтың бағына орай ма, бұл әлде Тұрекеңнің өзінің оққағары бар ма, әйтеуір, ол сол алғашқы дүрмек жасаудан аман-есен қалды ғой... Осыдан кейін-ақ Сталиннің Рысқұловпен ашықтан-ашық «есептесуіне» болатын еді. Соған не кедергі болды екен?

Ш.М. Тұрар Рысқұлов – Шығыс елдерінен шыққан дарабоз тұлға, саяси қайраткер еді. Лениннің өзі Тұрардың іс-әрекетін, сөйлеген сөзін бақылап отырған. Мен саған біздің тарихшылардың көзінен әлі де тасада болып келе жатқан бір тарихи фактіні айтып кетейін. Бұл, керек десең, менің романыма да кірген жоқ. Өйткені, бұл деректі мәскеулік тарихшы А. Устинов кейінірек айтып беріп еді. Ленин Коминтерннің II конгерсінде ұлтттық және отарлау саясаты жөніндегі баяндамасына Тұрар Рысқұловтың рецензент болуын өтінеді. Сонда «Тұрардың Ленин баяндамасына жасаған ескертпелерін басшылыққа алғанда онда адам құқы жөніндегі мәселелерде біз қазіргі АҚШ-тан әлдеқайда алда болар едік» дейді. В.М. Устинов. Әне, көрдіңіз бе, Тұрар Рысқұловпен ол кезде пролетариат көсемі Лениннің өзінің қалай ақылдасатындығын. Бұдан кейін бұған менің қосатыным, Т. Рысқұлов өте елгезек, өте еңбекқор, мейлінше тәртіпті, мейлінше таза, мөлдір адам болған ғой. Ол кісі Мәскеуде қызмет етіп жүргенде Рыков Ресейдің Еуропалық бөлігін, ал Рысқұлов Азиялық бөлігін басқарады екен. Рыков ішімдікке үйір адам болған деседі. Жұмыс орнында көп отырмайды екен. Оның бар шаруасын Рысқұлов атқарған деседі тарихшылар... Міне, осы сияқты оның толып жатқан еңбекқор жақсы қасиеттері Сталинге де ой салса керек деп ойлаймын... Оның үстіне сол кезде Сталинге шет аймақтан өсіп шыққан ұлттық кадрлардан гөрі өзінің айналасындағы, күні ертең орнымды тартып алады-ау деген өзінің жеке жауларымен «айналысу» тиімдірек болған шығар... Кім біледі...

М.Р. Шер-аға! Мен ойлаймын, мына өмірде жолды кейде біздердің өзіміздің таңдап алаты кездеріміз болады, ал енді кейде тағдырдың бұйыруымен жолдардың өзі бізді таңдауы мүмкін ғой деймін. Соған қарағанда революциялық жолында Рысқұловтың өзі емес, Рысқұловты революциялық жолдың өзі таңдаған сияқты... Өйткені сол кездегі халықтың басындағы тарихи ауыр жағдай Тұрар ағамызға әлгі біз айтқан революциялық жолға түсуге себепкер болды деп ойлаймын. Шынында да, қараңызшы, марксистердің социализм қағидасының несі жаман, оның қағидалары сол қоғамның тезистерінен несі кем? Әу басында бағбан болсам, ел-жұртыма күнделікті, бау-бақша өсіруді үйретсем деп оқуға түскен бозбала арада көп өтпей жатып социализм идеясына бет бұрып, саяси күрес жолына түседі. Тағдырдың жазуы да, өз қатарластарынан ертерек ел қамы үшін атқа қонады, халық өміріне араласады... Қазақ «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» дейді ғой. Тұрар ағамыз да қазақ халқы үшін сондай асыл ер-азамат.

Ш.М. Сенің социализм мұраттары дегеніңнен шығады... Дүниені таптық тұрғыдан түсіп, әлеуметтік әділет идеясына көзсіз бас ұрған кеңес елінің халықтары Ленин өлгенде тайлы-таяғына дейін қалмай қара жамылды... Сталин өлгенде өзіміз де жұртпен бірге күңіренгенбіз... Біз оларды өзіміздің туған елімізден де, туған жерімізден де бетер жақсы көреміз, егер олар қайта тіріліп келсе, онда сол үшін өз өмірімізді қиямыз деп қайғырды бүкіл

еңбекші ел... Иә, қазіргі күннің биігінен қарап отырсаң бұл саясат дейтіннің құдіретіне амалсыз бас шайқауына тура келеді...

Мен де кейде осы сен сияқты социализмнің қатесі неде, артықшылығы неде деп ұзақ ойға қаламын. Бәрі де Түрекеңе байланысты шығып жатыр ғой. Мен ойлаймын: большевиктердің бүкілдүниежүзілік революциясы мен барлық елдерде социализм орнатуға тиіспіз дейтін идеясы олардың ең басты стратегиялық қатесі болды ғой деп... Бұл идея 1918 жылы-ақ Кеңес елдерінен алыс жатқан елдерді қатты сескендірді. Үрейін ұшырды. Диктатура арқылы жер жүзінде социализм құрудың аржағында ұлы державалық шовинизм жатқанын байқамау мүмкін емес еді. Кеңес елі десе, арғы жақтағы құрлықта жатқан Америка да селк ететін болған. Міне, Ленин идеясының ең сорақы трагедиясы осында еді... Ол идея жүзеге асу үшін, әрине, социализмге темірдей тәртіпке бағынған әкімшіл-әміршіл жүйе қажет болды. Ленин өлгеннен кейін Сталин бұл жүйені «темір тікенмен» мықтап-ақ орнатты.

М.Р. Иә, Сталиннің тажал болғаны, әсіресе, халыққа қатты батқан екен ғой. Әуелі 32-жылғы ашаршылық басталды. Қазақ қойдай қырылды. Даламыз ГУЛАГ-қа айналды. Міне, осы халық басына төнген қайғы-қасіретті көрген Тұрар Рысқұлов Сталиннің өзімен айқасқа түседі. Ол тарихты Сіздің кітабыңыздан, пьесаларыңыздан жақсы білеміз. Мені сондағы таңқалдыратыны: Рысқұловтың туған халық үшін шыр-пыр болып, жанын шүберекке түйіп, әлгі тажалдың аузына өзінің тікелей баруы... Халқына шын жаны ашымаған адам – азамат қана ондай көзсіз ерлікке барады ғой.

Сталин және Рысқұлов...

Екеуі де бір-біріне беріспейтін, оңайлықпен жан бере қоймайтын осал жаулар емес. Сталинді осал деп қалай айтасыз. Өзінің ұстазы – Ленин өлгеннен кейін алдымен «революция рыцары» атанған Ф. Дзержинскийді, көрнекті революционер Томскийді, одан көп ұзатпай Рыков пен Бухаринді, Рудзак пен Зиновьевті оп-оңай жоқ қылған ол өзінің қандасы, жерлесі Сергей Соджоникидзені өзін-өзі атып өлтіруге мәжбүр еткен екен. Ленинге ең жақын адамдардың бірі болған айбынды Қызыл Армияның Бас қолбасшысы М. Фрунзе де Сталиннің құрбандығы болған. Партияда Сталиннен беделі жоғары Сергей Миронович Киров, Валериан Куйбышев... Е, айта берсе, мұндай «құрбандықтардың» тізімін 1953 жылға дейін мың-миллиондап жалғастыра беруге болады. Содан соң барып Сталин құрығы шет аймақтарға да түскен ғой... Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Сейтқали Меңдешов, Санжар Аспандияров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Бейімбет Майлин... Міне, Мәскеудегі мықтылар секілді біздің қазақ елінің серкелері де осылайша бертіндеп қаралы тізімге іліге берді, іліге берді...

Ш.М. Сталиннің мойнында қазақ халқының көп қаны бар. Ол – ешқашан кешірілмейтін қылмыс. Соның бірі – Тұрар Рысқұловтың атылуы. Рысқұлов та Сталинге оңай жау болмаса керек. Артында қандай ойы бар екенін кім білсін, Сталин ұлыдержавалық шовинизмді қолдап, желеп-жебеп отырған. Міне, осындай мәселелерде Тұрар Рысқұлов Сталинге қасқайып қарсы тұратын болса керек. «Сталин жолдастың мәлімдемесі дұрыс емес, Сталин қателесіп отыр» деу ол кезде ақыл-есінен айрылған адамның сөзімен бірдей

бағаланар еді. Рысқұлов сондай ірілікке барған. Өйткені, олай етпеске оған болмайды... Артында елі, халқы қырылып барады... Ол – сол үшін да «тәуекел деп тас жұтқан» адам. Ал ондай қайраткердің ерлікке бара-бар ерен еңбегін бұрмалау тарихқа да, өзіңнің қара басыңа да қиянат деген сөз. Мен бұл мәселені осылай түсінемін.

М.Р. Шер-аға! Тәуелсіз ел болдық, егемен алдық деп жүргенімізге де бірер жылдың жүзі өтті. Шүкір дейікші, халықтың бойында, ой-өрісінде, санасында елеулі өзгерістер бар секілді. Қазір Тұрар десе қазақта елең етпейтін адам жоқ. Бұл да болса мынау не дер екен деп жалтақтамайтын тәуелсіздігіміздің бір белгісі, ұлттық сана-сезіміміздің өскендігі болар. Сіз ендігі жерде Тұрар Рысқұлов тақырыбын осымен тауыстым, біттім деп айта аласыз ба?

Ш.М. Тұрар Рысқұлов тақырыбы – мәңгі тақырып. Ол – өзінің туған халқымен бірге өмір бойы жасай беретін тарихи тұлға, кесек тұлға. Қарама-қайшылығы да бір басына жететін жұмбақ адам. Сондықтан да мен осымен Тұрарды жазып біттім, енді онда ешкімнің шаруасы жоқ деп айта алмаймын және олай деуге ешқандай хақым жоқ. Тұрар – халықтың адамы. Сондықтан да Тұрар туралы әңгіме біздің өз елімізде де, басқа туыс елдерде де болашақта жалғаса береді деп ойлаймын. Әрине, жазушы ретінде, азамат ретінде мен өз әл- қадірімше, шама-шарқымның келгенінше Тұрекеңнің бейнесін әдебиетте, драматургияда біраз сомдаған болдым. Оның бағасын өзім беруден аулақпын. Жұрт айтсын, оқырман сөйлесін, сыншылар жазсын. Мен соны қанағат тұтатын адаммын.

Ал жалпы Тұртануға келетін болсақ, біз әлі ол тірлікті қолға мықтап ала алған жоқпыз ғой деп ойлаймын. Тұртану кезеңі енді басталатын сияқты көрінеді маған. Бұрындары бұл тақырыпқа қалам тарту, әрине, оңай тірлік болмайтын. Архив материалдарына қол жеткізу машақаты өз алдына бір хикая...

Қазір, шүкір, ешкім қолыңды қақпайды. Тіпті, баяғыда есігінің алдынан өтуге сескенетін ұлттық қауіпсіздік комитеті де есігін айқара ашады. Жазамын, зерттеймін деген адамдарға жол ашық.

М.Р. Тұрар ағамыздың есімін қайта тірілтуде өзіңіз алдымен кімдерді айтар едіңіз?

Ш.М. Тұрекеңнің есімін елге алғаш айтқан азаматтардың бірі – кешегі «халық жауы» болған танымал журналист Рахымалы Байжарасов деген кісі еді. Сол кісінің Тұрар туралы мақаласын басқаны үшін «СҚ» «Социалистік Қазақстан» бас редакторы Қасым Шәріпов, оның орынбасары Әлім Тұяқбаев деген кісілер бекерге күйіп кетті... Одан кейін Тұрар Рысқұловты танытуға еңбек етіп жүрген біраз ғалымдар, тарихшылар бар. Олардың ішінде әсіресе мәскеулік профессор В.М.Устиновты, С.Бейсембаевты, К.Нұрпейісовті, В.Григорьевті. С.Көлбаевты, Т. Омарбековты, М.Қойгелдиевті айрықша атар едім. Бұл кісілердің тұртануға қосқан үлесі аз емес. Монғолдық жазушы Тудэв, Монғолиядан келген қазақ ғалымы Мініс, башқұрт халқының қоғам қайраткері, кезінде шетке кетіп қалған «Түркілі Түрік» атты атақты еңбегін жазған Зәки Вәлиді де атап өткен жөн.

М.Р. Шер-аға! Байқап отырған боларсыз, Сіз бен біз бүгін Тұрекеңнің – Тұрар ағаның өмірбаянына, халық үшін атқарған сан-алуан саяси-қоғамдық

қызметтеріне, күллі еліміздің халық шаруашылығын басқарудағы оның жетекшілік рөліне аса көп тоқталған жоқпыз. Мен мұндай әңгімеден саналы түрде бас тарттым. Өйткені, Тұрар Рысқұлов өмірбаяны хрестоматиялық өмірбаянға айналды бұл күндері. Оны жұрт Сіздің кітаптарыңыздан, жаңа әлгінде өзіңіз тізімдеген тарихшы-ғалымдардың еңбектерінен, осы күні ара-тұра болса да Тұрекеңнің 100 жылдық мерекесіне орай газет-журнал беттерінде жарық көріп жатқан еңбектерден жақсы біледі. Сондықтан Тұрар Рысқұлов пен оның замандастары жайында ойымда жүрген біраз сауалдарыма Сізден біршама жауап алдым ғой деймін. Ендігі қоятын соңғы сауалым: өткен жылы Министрлер Кабинеті Тұрар Рысқұловтың туғанына 100 жыл толуы мерекесіне орай біраз игілікті шаралар қамтыған қаулы қабылдаған еді ғой? Сол Қаулы туралы не айтар едіңіз?

Ш.М. Соңғы кездері бізде бір қырсық дерт пайда болды. Бұрындары айтылған сөз жерде қалса да қағазға түскен нәрсенің қадағалануы күшті болушы еді. Қазір сондай әдет ұмыт болды. Жалғыз Тұрекең туралы емес, Министрлер Кабинеті сол тәріздес талай-талай қаулылар қабылдап жүр. Бірақ менің білуімше солардың дені қағаз жүзінде қалып қойып жатыр. Қазір өзің айтып отырған қаулыда талай тірліктің басы ашып көрсетілген болатын. Тұрар Рысқұловтың 4 томдық таңдамалы шығармаларын, мәскеулік тарихшы В. Устиновтың, менің жазған, кітаптарымды қайта басып шығару, көпсериялы көркем фильм түсіру, ескерткіш орнату сияқты және басқа да біраз шаралар бар сияқты еді. Министрлер Кабинеті аппараты қызметкерлерінің дәрменсіздігі сол – осы қаулыда көрсетілген бірде-бір шара осы күнге дейін жүзеге асқан жоқ. Қаржы жоқ дейтін болу керек. Бірақ соны сұрау салып, «ау біз бір қаулы қабылдап едік, соның жағдайы не болды?» – деп жатқан бір мықтыны көрмедім. Халыққа рахмет, әйтеуір, Алматы облысындағы Талғар ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түлкібас ауданының ел басқарған азаматтары мен халқы өздері бас көтеріп, тілек білдіріп өз жерлестерінің тойын тойлап жатыр. Соның өзіне Тұрекеңнің аруағы риза болып жатқан шығар деп ойлаймын. Өйткені, Тұрар Рысқұлов секілді қайраткер үшін туған халқының ыстық ықыласы мен махаббатынан өткен бақыт жоқ қой деп ойлаймын. Көзі тірісінің өзінде-ақ тек осы мақсатты мұрат тұтқан ұлы ағамыз тәуелсіз ел болған туған халқының осы ынта-ықылас, пейіліне дән риза шығар.

Мұса РАХМАНБЕРДИЕВ.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 16 қыркүйек 1994 жыл.

«МЕМЛЕКЕТ ДӘУЛЕТІ ТАЛАПАЙДА КЕТСІН ДЕГЕН ЗАҢ ЖОҚ»

– «Өткелде ат ауыстырмайды» деген қағида еді. Біз міне өтпелі кезеңде Үкіметімізді ауыстырдық. Халықтың әл-ауқаты төмендеп, қайыршылық жағдайда отыр. Қалай ойлайсыз, халықты қиындықтан шығаруға қазіргі Үкіметтің шамасы жете ме? Ол үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Өткелде атың өлексе боп болдырып қалса, суға батып кетпес үшін амал жоқ, атыңды ауыстырасың. Бұрынғы үкіметтің төрт аяғына бірдей жем түскен болатын.

Мәселе, сол өткелде ауыстырып мінген жаңа атыңның мықтылығында. «Жаңа үкіметтің» белінің бекемдігіне күмәнім бар. Әрі десе бұл үкіметті түгел жаңа деуге келмейді. Үкімет мүшелерінің белгілі бір бөлігі бұрынғы құрамнан қалғандар.

Жаңа Министрлер Кабинеті өзінің алғашқы қадамын еңбекшілермен, зейнеткерлермен, мүгедектермен – жалпы қоғаммен есеп айырысудан бастау керек еді. Бұрынғы үкімет олардың алдында белшесінен қарызға батып қалған. Сол қарыздан құтылу керек қой. Жалақы, зейнетақы, стипендия... Бірақ оған жаңа үкіметтің шамасы келмей қалды. Неге?

Неге десеңіз, қазына қаңырап тұр. Кеңес өкіметі тарамай тұрғанда біз: «Әттең, Қазақстанның байлығын Мәскеу солқылдатып сорып жатыр. Сол байлық өзімізге тисе, қолымызды алтын мен күміске малып отырар едік-ау» деп армандадық.

Үш жыл өтті. Мәскеудің қорқау қолынан тізгінімізді тартып алдық. Бірақ ұзын шылдырдың ұшы қалып қойды. Ресей империясының ауылынан айналшықтап шыға аламай жүргенімізде сол. Қазақстан бай, бірақ шикізатқа бай. Жалғыз мысал: мұнай, газ теңізінің үстінде отырып, соны өзіміз ұқсата алмаймыз. Ұқсататын өндіріс орыны жоқ. Империя залымдықпен о баста солай ұйымдастырған.

Оның үстіне, Қазақстанның шикізат байлығы (мыс, мырыш, темір, прокат, қымбат та сирек металдар, астық, т,б.) түрлі дәрежедегі басшылардың лицензиясы (рұхсат қағазы) бойынша экспортқа шығып кетті. Кеткен із бар, келген із жоқ. Сол экспортқа кеткен өнімнен түскен пайда қайда? Есебі бар ма? Шүбә. Пайда түссе қай қазанға түсті? Мемлекет қазанының қақпағы жоқ. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді. Байлық ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында жүр. Олар азшылық, қалың көпшіліп ауызынан ризығын, несібесін жырып алғандар. Олар заманның үрдісіне орай «шүленші» қолдың мырзалығына қарай, оңай олжаға күмп беріп, кенеттен байығандар. Оларды «нувориш» дейді. Белі бүгіліп, маңдайынан тер тамшылап тапқан табыс емес, адалдан емес, арамнан табылған мал.

«Бұл қалай?» десең, «рыночная экономика» дейді. Бола қойсын. Бірақ мемлекет байлығы талапайды кетсін деген Заң жоқ.

– Адам үшін ең қадірлі де қасиетті азық – нан. Ал дәл қазіргі аласапыран кезеңде нан көптеген отбасыларда (оның ішінде негізінен көп балалы отбасыларда) азықтың негізі болып тұрған сәтте нан бағасының күрт көтеріліуі қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?

– Нанның қымбаттауы заңды. Көмір қымбат, нан арзан. Дихан он екі ай еңбек еткен өнімі тиын-сиын. Екі кесек қара сабын – бір тоқты. Бұл қоғамдағы, ауыл мен қаладағы қарама-қайшылықтың, тіпті әділетсіздіктің әкіреңдеуі. Ал көп балалы отбасына, мүгедектерге, кемтарларға заң бойынша қымбат нанға өтем төленуі тиіс. Төлемесе – обалы үкіметке. Қазақстанда нан арзан, ал көрші мемлекеттерде нан қымбат болғандықтан Қазақстан астығы сыртқа ағылып кетті. Ие бола алмай қалдық. Қымбаттатпауға амал қалмады.

– Қазір халықтың жағдайының осыншама құлдырауына Үкімет жүргізген несие саясаты кінәлі. Өйткені, мемлекеттің бар байлығы несие ретінде билік басында отырғандардың ат төбеліндей таныстамырларына үлестіріліп беріліп, нәтижесінде біреулердің баюына, ал хылықтың негізгі бөлігінің күйзелуіне әкеліп отыр деген пікір бар. Бұған сіз не дер едіңіз?

– Бұл сұрақ пен бірінші сұрақ тамырлас. Жауаптың жұрнағы айтылды.

Қосарым: ішкі қарыз (кредит) алақолды болған ақиқат. Нувориштер содан туындады. Смағұловтар содан өрбіді. Әлі талай Смағұловтардың бетпердесі жыртылады. Уақыт бәрін әшкерелейді.

Енді сыртқы қарыз. Қарыз емес-ау несие. Инвестиция. Алыстағы Америкадан бастап Жапонияға дейін мемлекеттер бізге несие беріп-ақ жатыр. Бір қарағанда, мұнысы жас мемлекетке жанашырлық, имандылық сияқты. Бірақ несиенің аты – несие. Және проценттік өсімі тағы бар. Менің көзіме қыл тұзақты дар ағашы елестейді. Өзімен кетсін, әрине. Көзін тауып, мерзімінде құтыла алсақ жақсы. Құтыла алмасақ, біз келер ұрпақты, немере, шөберелерімізді құлдыққа күні бұрын қалдырып отырмыз.

Тіл-ауызым тасқа. Ал, бірақ сол жан-жақтан алып жатқан несиеміз қайда, қандай мақсатқа жұмсалып жатыр? Нақты жауап айту қиын. Мен бұл сұрақты бірнеше биік лауазымдыларға қойдым. Жарытып жауап ала алмадым. Естітінім: жекелеген фирмалар, жекелеген банктер жеңіл процентпен алатын көреді. Ал, халықтың қазанына олардан түсіп жатқан пайда көзге көрінбейді. Бұдан біреудің қарыны қампайып, көптің қарыны қабығасына жабысып тұр. Прокуратура сезеді, бірақ күресерге дәрмен жоқ. Іш қазандай қайнайды.

– 1996 жылы болатын Президент сайлауы жақындады. Соның белгісі болар оппозиция сайлау алдындағы дайындық әрекеттерін бастап та кетті. Қазақстандағы оппозиция қандай деңгейде және алдағы Президент сайлауына қазіргі Президентке кім елеулі қарсылас бола алады деп ойлайсыз?

– Алдағы Президент сайлауы халық үшін үлкен сын. Алдымызда неше алуан айтыс тартыс тұр. Тыныштықпен аман-есен өтіп кетсек игі. Бұл теңіздегі дауылдай кезең. Теңіз дауылы кезінде қайдағы шөп-шалаң, жайсаң қалқып шығатын болады. Оппозиция, партия дегендердің делебесі де қозар. Бірақ солардың ішінде айқын мақсат, анық бағдары бар, мемлекет тізгінін өз қолына мінсіз алар, сүйтіп қоғамды тура, ақ жолға салар аймаңдайлы ақжолтайым дөп басып айта алмаймын. Ондайдың дәл қазір барына да шүбәлімін. Халықтікінен гөрі жеке бастың қамы басым сияқты. Билік үшін талас туары сөзсіз .

– **Соңғы кездері жоғарыдағы саясаткерлер арасында «жер сатылуы керек, қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе берілуі керек» деген пікір етек алып барады. Аталған пікірді ұсынушылар «Бұл шара ұлтаралық қатынастарды ушықтырмауы үшін қажет» деген уәжді көлденең тартады. Осы мәселеге байланысты сіз не айтар едіңіз? Қазақ тілінің мәриебесін сақтап қалуға қазіргі депутаттар корпусындағы ұлтжанды азаматтардың шамасы жетермекен.**

– Былтыр қабылданған Конституциямыздың әлі сиясы да кеуіп болмай жатып, конституцияға «өзгеріс, толықтыру» ендірейік, тіпті тұтастай қайта жазайық дегендер табылды. Ондайлар Парламентте де отыр. «Жерді сатайық» дейді. Иесіз жатқан жер жоқ. Егер жер сатылар болса, оны сатып алуға кімнің шамасы келеді. Осыны тереңінен ойлағандар бар ма? Өз жерінде өзің әлдекімге құлға айналарсың. Орташадан төмендеу дәулеті бар деген менің өзім ұлтарақтай жер сатып алуға шамам келмес. Сонда жаппай дәулетсіз жамағат не істемек? Жер сатып алғанның өзінде оны қалай игермек? Екі санын шапалақтауға ғана жарайтын қос қолынан басқа ештеңесі жоқ.

Тіл туралы қос азаматтық туралы менің пікірім әуелден-ақ белгілі. Бұл мәселелерге байланысты Конституция қабылданар тұстағы додаға талай түскенмін. Жағым талып, жағам жыртылған. Сондықтан егжей-тегжейлі қайталап жатудың қажеті жоқ. Мен сол тұғырымнан тайған емеспін. Таймаймында. Ал, әлдеқалай әзәзәлдің күшімен мемлекеттілік қостілділік, қос азаматтық қабылданар болса, оны қабылдағандар мәңгі бақи қарғыс таңбасын тағып алады. Өйткені қан төгілуі, қақтығыс болуы мүмкін.

Ал, туған тілге «жаны ашитын» депутаттар Парламентте аз ба, көп пе – оны Парламенттің күнбе-күнгі жұмысынан байқауға болады. Парламент жұмысы бастан аяқ тек орыс тілінде жүреді. Қазақшаға тыйым салған ешкім жоқ. Бірақ көп қазақтар орысшаға орыстардан да жүйрік. Сол «жүйрік» тілмен жүре бергісі келеді. Ал бірақ, ана тілімді аяқ асты еттім-ау, бағын байлап, қорладым-ау деп кеудесін намыс кернейтіндер некен саяқ. Жоқтың қасы. Бұл үшін кімді кінәлағандайсын. Бағыныштық психология сүйекке сіңіп қалған. Баттаңдап кірген дерт мысқалдап қана шығуы мүмкін. Ал, күні ертең Тіл тағдыры таразыға тартылып, сессияның күн тәртібіне қойыла қалса, осылар Ана тілін жақтап шығарына да сене бермейсің... Бетін аулақ қылсын. Ләйім де мен қателескен болайын.

– Ауылдың ауыр жағдайы қай-қайсымызғада аян. Оны түзету үшін үкімет екі үш рет арнайы бағдарлама да қабылдады. Бірақ бұдан келіп кеткен ештеңе жоқ. Ауыл күйзелген үстіне күйзелуде. Оның үстіне, 1928 жылдары халықты күштеп колхозға біріктіргені сияқты бүгінде колхоз-совхоздарды ыдыратып, шаруа қожалықтарын құру жүріп жатыр. Нәтижесінде бір кездері кәдуілгідей гүлденген шаруашылықтардың тоз-тозы шығып кетті. Осындайды ауылдағы жекешелендіру асығыстық болмадыма екен деген ой келеді көңілге.

– Ауыл мың батпан ауыртпалық астында қалды. Құлдар дәуірінде де мұндай болмаған. Қарны аш құлдың жарытып жұмыс істей алмайтынын байлар, құл иеленушілер білген. Құлды тоқ ұстаған. Еңбек ақысын төлмеу

– адам құқығын қорлау, заңды өрескел бұзу. Біреу бір жапырақ нан ұрласа-сотталады. Ал миллион адамдардың адал нанын уақытылы бермей, ұрлағандар тайраңдап жүре береді. Уақытында төленбеген жалақының, зейнетақының күн сайын құнсызданатынын (инфляция) есептеңіз. Не деп болады... Демек, біздің жас мемлекеттің буыны былқ-сылқ. Сауығу үшін қоғамдық мемлекеттік, ұлттық мұрат керек. Ал, ол бізде жоқ. «Ұлт», «ұлттық» деген сөзден өлердей қорқамыз. Ал, ұлт мүддесін көздемей тұрып, интернационалист болам деу бос сөз.

Ауылды «жедел жекешелендіру» деген ұран – «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранның сыңары. Ашатұяқ азайды. Мүлде таусылса, әрине отыз екіншінің сойқаны соғады. Асығыстық – әзәзәлдің ісі.

– **Елдің елдігін сыртқы танытатын әдебиеті мен мәдениеті. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» демекші, экономикада өзіндік үлкен орыны бар ірі кәсіпорындар нарық қыспағына шыдай алмай қабырғасы қақырап жатқан кезеңде, әдебиет пен мәдениеттің жағдайы белгілі. Елдің болашағы үшін қанша қиындық болсада бұл екі салаға мемлекеттің қамқорлығы қажет сияқты.**

– Ғабит Мүсірепов айтқандай, қоғамның қос қанаты бар. Құс сияқты. Қыран сияқты. Бір қанаты – тән азығы (экономика) бір қанаты – жан азығы (рухани әлем). Екі қанат тең болмаса, қыран тұрмақ, шымшықта ұша алмайды. Көреген өкімет өзі мінген арғымақтың қос тізгінін тең ұстайды. Сыңарезулетсе– ат түзу жолдан шығып, жарға барып, орға жығылуы мүмкін. Ал, әзір біздің арғымақ сыңарезулеп бара жатыр. Мәдениет, өнер жетім қалды. Үкіметте оны басқаратын адамда жоқ. Премьер министрдің бір орынбасарына бұл міндет қосалқы жұмыс ретінде жүктелеген. Негізгі міндеті – ауыл шаруашылығын басқару. Өте жақсы адам. Бірақ, көңіліне келмесін, ауыл шаруашылығы түрі аман ауруға ұшырап тұрғанда, оған қоса бүкіл рухани әлемді арқалап алып жүру – құлашың жетпесті құшақтау секілді әуре. Оған ол кінәлі емес. Артық айтсам, кешірім болсын. Бірақ мен шындықтың шеңберінен шықпайтын адаммын.

Егер әлем алдында өркениетті, көргенді, тәсірлі, иманды, мәдениетті ел болып көрінгіміз келсе, рухани ашаршылықта қала бермеуіміз керек . Бұл салаға мемлекеттік бюджеттен қоқым ғана қалдырып, қорлауды қою керек.

– **Әңгімеңізге үлкен рақмет.**

Сұхбаттасқан:
Рысбек ҮРКІМБАЙ.

«Өркениет» газеті, 17 желтоқсан 1994 жыл.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЕШҚАШАН САТЫЛМАЙДЫ

Марксизм-ленинизм: «Тарихты пролетариат-гегемон жасайды» деп ұғындырып еді. Тарихты тұлғалар жасайтынын енді-енді түсіндік. Тәуелсіздік алған екеміз, оның тарихы да, тарихты жасайтын тұлғалар да түзіліп келеді.

Биліктің үш бұтағына ие тұлғаларды күнбе-күн көріп те, естіп те, оқып та жүрміз. Оларға тарих өз бағасын бере жатар. Ал халық, қоғам сұрыптайтын тұлғалар тағы бар. Ақпаратты халық үні деп есептейтін болсақ, оларға да сөз кезегін беруіміз керек. Осы мақсатта арнайы «Мықтылар мінбесі» деген жаңа айдар ашып отырмыз. Онда ай сайын қоғам, уақыт хақында ойып-ойып ой айта алатын түрлі қайраткерлер сөз алады. О кісілер кейде кем, кейде асып айтар, Қазақстанның қазіргі өтпелі тұсында мемлекет пен ұлт мүддесі ылғи да сәйкес келе бермейді. Оқырмандарымыз мұны кеңінен орағытып түсіне жатар деп ойлаймыз. Алғашқы кезегімізді де, әдебиетіміздің де үлкен қайраткері, Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗА алады.

Тұрсынбай ЖАНДӘУЛЕТ: – Қадірлі Шераға, сіздің елге жасаған еңбегіңіз жұрттың көз алдында. Ұлтымыздың сөзі сыйлы, аузы дуалы санаулы ақсақалдарының бірісіз. Сондықтан қазіргі алмағайып заманның ұшығына шыға алмай, біраз жұрт дағдарған сәтте ұлтымыздың қабырғасына аяздай батқан түйінді түйткілдері туралы сіздің өміріңізді білгісі келетін сияқты.

Алдымен қалың көпшіліктің қолқа, тілегінің тоғысып жатқан тұсы – Тіл туралы заңның жобасы жайлы ой бөліссеңіз... Осы жобамен біз де танысып едік, бұл күйінде заң ретінде қабылдағаннан қазақ тіліне тиер пайдасы шамалы сияқты. Ресми тілдің қазіргі берік уығы сықырлай қоймайтындай... Одан гөрі еліміздегі әрбір облыстың мемлекеттік тілге көшетін нақты кезеңін, жылын белгілесек дұрыс болмас па еді?

Шерхан МҰРТАЗА: – Бұрын қабылданған заң материалдық негізі жоқ, әшейін декларация, құрғақ сөз болып қалды ғой. Бұл жолы да әр облыстың қайсы жылы мемлекеттік тілге көшетінін белгілеуден түк шықпауы мүмкін. дұрыс. Тағы да баяғы дәлелдер алдан шығады. Қаржы жоқ, үкіметтің оған шындап көмектесетін ықыласын да көрмей отырмыз. Оның үстіне қазақ тілінің үстем болып кетуіне сол үкіметтің ішінде де қарсылық көп қой. Өйткені, бүкіл іс қағазы мемлекеттік тілге өтсе, айтулы жиналыс, басқосу, талқылаулар сол тілде болса, көп адамдар тағынан да, жанынан да айырылып қалады.

Содан барып бар бәлені орыстілділерге жаба береміз, «Солар кесір қылады, байбалам салады» деп шошытамыз. Олардың арасында, әрине, бірен-саран байбалам салатындар бар. Ал, негізгі кесір өзіміздің «қара Ивандар» деп ойлаймын. Олардың өз басы кінәлі емес те шығар. «Орысша оқымасаң, наныңды таба алмайсың» дейтін де кез болды. Орысша оқығанының

арқасында атқа, таққа мініп қалғандар бар. Ондайлардың қазақша үйреніп, іс қағаздарын сол тілде жүргізіп кетуі неғайбыл нәрсе.

Жоба тым солқылдақ. Күні кеше Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңесте біз талқылаған «Тіл саясатының тұжырымдамасында» былай дейді: «Мемлекеттік тілдің мәртебесі – ол тілді барлық азаматтардың заңда белгіленген көлемде білуі үшін жағдай туғызуды көздейді. Бұл ретте мемлекеттік қызметке қабылдау, әдетте, міндетті түрде мемлекеттік тілді білгенде жүзеге асырылады». Міне, мұнысы мұсылманшылыққа келеді. Мұнда дән бар.

Ал жобада «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп алады-дағы, оның кез-келген жерінде қосарланып орыс тілі тұрады.

Т. Ж.: – Бұл тағы да қазақ тілін жығып беру деген сөз болғаны ғой.

Ш. М.: – Ішкі Ресейде «тяжеловоз» дейтін ат болады. Тонна-тоннаны тірсегі қайыспай тартып кете беретін шомбалың осы. Сол атты бір жағына қосарлап, екінші жағына біздің көп жыл жем бермей, су бермей, әбден көтерем қылған, әлексе атымызды жексе, не болады? О-оу, сен әуелі сол көтерем атты бапта, жемде, семіртіп, күйлендіріп алып жек! Ал, бұл күйінде жексең, құр әшейін салақтап, ананың көлеңкесінде босқа жүреді-дағы, бар жұмысты әлгі «тяжеловоз» атқарады.

Бар кілтипан Конституцияда тұр ғой. Сондағы жетінші бапта «орыс тілі ресми тіл болып, қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөз бар. Басымызды ноқталап тұрған осы бап емес пе?

Дегенмен, заңды қабылдай берейік. Жұртқа ой салар. Тілдің түптің түбінде түзелетініне елдің көзі жетер.

Т. Ж.: – Шер аға, көрші елдің тілі әбден бүкіл өмір-тіршілігімізді саласын мұнша жаулап алғаны қалай? Ақпарат, телерадио, оқу, т.б. бәрі-бәрінде орыс тілі қалай болса солай кең көсіліп жайғасып алыпты.

Ш. М.: – Ақпаратты алайық. Олардың 517-сі орыс тілінде, қазақ тіліндегісі 281 ғана, яғни, тиражы жағынан 19 процент! Жоғары оқу орындарында да сол негізгі тіл болып отыр. 260 мың студенттің 180 мыңы, яғни 69 проценті орыс тілінде оқиды.

Ал, телерадио дегенде, қазір қай жерге бармайын, маған бас салады. «Ойбай, құрдық қой. Қазақшасы жоқ қой» дейді. «Сіз сол жерде істедіңіз ғой, бұл қалай, сіздің «Таңшолпан» қайта ашылып еді, ашылғаны құрысын, 80 проценті орысша» дейді. «Қазақ теледидарындағы сериалдардың бәрі орысша, сонда қазақтың тілі тіл емес пе?» дейді. Мен не айтам? Кезінде істедім. Ал енді бұл күнде олар мені тыңдай ма? Сол жерді басқарып отырған адамдар бар емес пе?

Т. Ж.: Ауылдың, қазақ ауылының дәл осылай оңбай құлдырауының себебі неде екен? Осыдан үлкен бір стратегиялық қателіктер болған жоқ па?

Ш. М.: Ауыл дағдарды, бірақ жаппай күйреді деуге болмас. Колхоз, совхоздың бірсыпырасы агробірлестікке айналды. Соны ұстанып отырғандар ептеп егін салып, мал бағып, ілдебайлап жатыр. Жер сол, су сол, бірақ техника тозған.

Жекешелендіру саясаты, әсіресе, ауылда солақай жүргізілді. Кәдімгі бейберекет жүргізілді. 30-жылдардағыдай ұрандап қойып кеттік. «Үлесіңді

ал да, құры!» дейді. Үлесін алғанда ол бейшара жерді қалай баптайды, немен игереді? Көпшіліктің маңдай терімен жиналған байлықты қолында билігі барлар, пысықайлар талап кетті. Момын, нағыз адал еңбек адамы далада қалды.

Күні кеше қолымызға тиген Президенттің халыққа жолдауында ауылға қатысты тәуір нышан бар.

Т. Ж.: – Ауылдың ендігі жүрер бағыты, көрінісі қандай болады деп ойлайсыз?

Ш. М.: – Жалғыз-жарым фермер ештеңе жарытпайды. Оның үстіне біздегі фермерлік дегеннің не екенін дұрыс түсіне бермейтін қара шаруаға осыны заңдық жағынан да, экономикалық жағынан да түсіндіретін, нақты көмек көрсететін орталықтар болмай тұр. Америкада болған кезімде байқадым, ондағы фермер дәл біздегідей мәңгіріп, ақылы сарсаң болып жүрген жоқ. Олардың үлгісін біздің елге телісек, фермерлік мына жолмен жұмыс істеуге тиіс. Фермерлер ұйымдасып, ассоциация, одақ құрып, басшылық сайлайды. Сол басшылық фермерлерді техника, қосалқы бөлшек, жанар-жағармаймен, тұқыммен жабдықтайды. Және өндірген өнімін тиімді рынок тауып, сатады. Ал, фермер ұсақ-түйекке басы ауырмай, тікелей өз шаруасымен: егін, малмен айналысады. Ауыл алдағы күнде осы әдіспен жұмыс істер деп шамалаймын.

Т. Ж.: – «Өнімді сату» демекші, Алматының көп азық-түлік дүкендерін аралап шықтым. Сатып тұрғандары кілең Батыстан әкелінген ет өнімдері, қалбырдағы сүт, ірімшік, сұйық май, арақ-шарап.

Жарайды, күрделі техниканы жасауға шамамыз жетпейді делік, дұрысы дұрыс киім-кешек тігу де қиын делік, ал, Қазақстан секілді аграрлы елге азық-түлікті сырттан тасу деген масқарашылық емес пе?

Ш. М.: – Міне, үкіметтің ең үлкен қатесі осы. Кезінде елімізде 36 миллион қой болды. Басқа да мал болды. «Біздің сиырымыз сүтті аз береді», – деді. «Қойымыз қояндай, ешкіміз мысықтай», – деді. Өзіміздің азық-түлікті өндіргеннен шеттен өнім тасыған арзанға түседі деді.

О-оу… Сүтті аз берсе, сапасы нашар болса, оны неге асылдандырмайсыздар?! Өнімді сырттан тасыдық. Сөйтіп, өзіміздегі өндірісті құртық. Ал, не болды?..

Жұмыссыздық деген осыдан тумай ма? Шағын кәсіпорындарды көбейтіп, орнын толтырамыз деп жатыр. Көрерміз…

Әсіресе, арақ-шарапты сырттан таситын не ақымақшылық! Уланғымыз келсе, өзімізден шығатын арақ аз ба еді? Қайта Қазақстанның бидайынан ең бағалы спирт шықпай ма? Менің осы жерде түсінбейтін бір нәрсем: наркотик сатқан адам ұсталады, сотталады. Ал, одан он есе жаман арақты сатқан адам байиды. Халықты нағыз аздырып-тоздыратын, ұрпағын улап, генофондының тамырына тұз қоятын осы арақ емес пе? Бір жағынан, теледидар бесіктен белі шықпаған баланы неше түрлі сұмдыққа: ұрлыққа, зорлыққа, қанішерлікке, тасжүректікке, жалдаптыққа, жәлептікке үйретіп жатыр. Бір жағынан арақ сорлатып жатыр. Сонда біздің ұрпағымыз не болады өзі?!

Т. Ж.: – Ауылда жұмыссыз қалған қазақ амалсыздан қалаға босып жатыр. Бірақ, бұрыннан орналасып қалған жұрт қазаққа есе бере

ме? Кеңес заманында қазақты қалаға кіргізбеу үшін бес жылға дейін тіркемеу, тек ауыр, мамандықсыз жұмысқа салу, гетто-жатақханаларға тұрғызу сияқты нәрселер жасалынатын еді.

Бір жас журналисіміз «қазақ люмпен елге айналмай ма?» деп жазды. Расында да, қазаққа қаладан баспана тимесе, үлкен өндіріске, мәдениетті саудаға тағы бас сұға алмаса, жұмыссыз жүрсе, жабайы сауданың жанынан ғана табылса, шынында да люмпен ұлт болып шыта келмейміз бе?

Ш. М.: – Ол жас журналисімді білмеймін, бұл әңгімені бұрынырақ мен де айтқанмын. Бұрын, сонау 1910 жылдары Әлихан Бөкейхан айтқан. Сол кезде Ресейден шұбыраған «қара шекпендер» қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып ала бастағасын, ол бейшаралар амалсыздан қалаға шұбырған. Дәл бүгінгідей жұмыссыз, баспанасыз қаңғып, тойынған, кекірігі азған келімсектердің есігіне жәутеңдеген.

Бүгін де сол күй. Қазақтың қалаға орналасуына, баспана табуына, мамандануына көмектесіп жатқан кім бар? Ұлттың жұмысшы табы осылай қалыптаспақ па? Баяғы Нұрқаділовтің кезінде оларда үй салуға жер бөлініп, қарыз беріліп, азырақ қозғалыс болып еді. Бәрі қалды. Солтүстіктегі қалаларымызда осылай септесіп, жастарды орналастырсақ, кәнекей. Бүйте берсек, люмпен болмағанда кім боларым дейсің.

Басшылар «үй салатындарға қарыз беріледі» деп жатыр. Бірақ, елдің бәріне қарыз бере беруге үкіметтің шамасы жетпе ме?

Т. Ж.: – Малахов, Шумов, Пачин, Десятник, Саламатин, Чернов... Осы тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болар еді. «Ойбай, өйтіпті-бүйтіпті» деп гу ете қаламыз да, арты сиырқұйымшақтанып бітеді.

Бір тілшіміз Екібастұзды көтеруге бөлінген мол қаржының біреулерге үй-мәшинеге айналғаны, тіпті Ресейдегі Қазақстанға еш қатысы жоқ біреулердің темір сәйгүлікті болғаны туралы жазды. Сонда осы біздің жұртымыз «талап ал да, тайып тұр»-дың еліне айналып бара ма? Әлде жоғары лауазымдыларға арналған арнайы заң шығарамыз ба? Не, жауапкерлерді қайтаруға кежегеміздің тартынамыз ба?

Ш. М.: – Ордалы жыланның ұйысқанындай шатысып жатқан нәрсе бұл. Әлгі шатысқан жіпті суыртпақтап тарта бастасаң, қыл-қыбыры, жүн-жұрқасы ілесе шықпай ма. Сондай бір мықтыны соттың алдына әкелсең, ол айғақ бере бастаса, мына жақтағы «адалмын, ақпын» деп жүрген тағы бір мықтының арты ашылады. Сондай себептен де мұндайдың бәрі жабулы қазан күйінде қалып жатыр.

Камал Смайылға жазған хатымда жазғанмын бұл мәселені. Интерпол арқылы кінәлілерді таптырып алып, Қазақстанға әкеліп, сотқа тарту керек дегенмін. Нәтиже кәні?..

Т. Ж.: – Қанша дағдарыс дегенмен де, елімізде алтын, мұнай, газ, мыс, темір, алюминий, бидай, көмір, т.б. өндіріліп жатыр. Солардан түскен пайданың біраз бөлігі қазынаны айналып өтеді дегенді де естіп жүрміз...

Ш. М.: – Бұрын Жезқазған мен Балқаштың мысының, көмір, темір дейсіз бе, бәрінің қанша өндірілгенін, қаншаға сатылғанын, қазынаға қанша

түскенін біліп отыратын едік. Бұл күнде солардың не болып, не қойып жатқанын, кімнің тонап, кімнің адал іс істеп жатқанын білмейміз. Бір ішісырты бітеу, жұрттың сыртынан жүріп жатқан мерез дүние. Бүйте берсек, жалға алған шетелдіктерің де аузымызға шөп өлшеп алып, білгенін істеп кетпей ме?

Қазақстанның байлығы құдай осы жұрттағы елдің ырысқысы болсын деп бергені. Соны жарлы-жақыбайдың, кембағал мүгедектің, көп балалының, зейнеткердің аузынан жырып алып жеп жатқандарға зауал бір келеді ақыры. Зауал жібермейді. Өздеріне де, ұрпақтарына да жақсылық болмайды ондайлардың.

Т. Ж.: – Шерхан аға, халықты халық ететін рухы. Алақандай Шешен алып Ресейге бой бермесе, бұл да олардың рухының биік, діні берік, ділі қаттылығын дәлелдемей ме? Халқымыздың рухы, руханияты жөнінде ой бөліссеңіз.

Ш. М.: – Халқымызды итке алғысыз ғып, даттап та көрдік, төбесін көкке тіреп, мақтап та көрдік. Бірақ біздің қазақ – рухы берік ел. Сын сағатта бекитін, бірігетін ел. Кешегі еліміздің жартысы басып алған жоңғарды талқандап, тықсырып шығуға күш таптық. Одан бергі Исатай-Махамбет, Кенесары, 1916 жылғы көтеріліс сияқты сын кезеңдер елдің басында көп болды.1916-жылғы көтерілістің биыл 80 жылдығы екен, «оны атаймыз!» – деп, ұмтылып жатқанды мен көрмедім.

Еліміздің тағы бір сындарлы сәті осы кезең. Тәуелсіздікпен сыналып отырмыз. Гөй-гөйлеп жылай бергенше іс істеп, іргені бекітетін кез нағыз.

Тәуелсіздігімізді, туымызды, рәміздерімізді құрметтеу бізде әлі жоқ. Ілінген тулардың біреуі сарғыш, біреуі ақшыл, ала-құла. Жақында бір мектепке барып едім, тіпті туы да жоқ. Жастарға берген патриоттық тәрбиеміздің түрі осы ма? Жастарға «Қазақстан сенің елің, мемлекетің, соның жолында құрбан бол. Бұл мемлекет құрыса, үрім-бұтағыңмен зәузатыңмен сен де құрисың, гүлденсе, сен де гүлденесің» дейтін ұлттық идеология жоқ. Тарихты, ерлікті, батырлықты насихаттау босаңсып кетті.

Елдің руханиятын өсіретін анау байшыкештер емес, ашқұрсақ болып жүрсе де қаламын, бояуын, аспабын тастамайтын шығармашылық адамдарды. Осы жерде менің көңіліме жылылық ұялатқан, сәуле түсірген бір жаңалық бар. Бұрын шығармашылық одақтардың бәрі бюджеттен шығарылып тасталған еді. Ал, Президенттің халыққа соңғы жолдауында: «Біз мәдениетті дамыту, қоғамның рухани ұстындарын нығайту жөніндегі негізгі қамқорлықты мемлекет өз мойына алуға тиіс деген қағидаға сүйенеміз» деген сөздер бар. Осы сөз іске асса рухани дүниеміз кемелденіп, әдебиетіміз бен мәдениетіміз, өнеріміз еңсесін бір көтерер.

Т. Ж: – Алдағы қазанның 25-і күнгі мереке күнпарақта «Республика күні»деп аталған екен. Ал, шындап келгенде бұл біздің тәуелсіздігіміздің күні ғой.

Сенат төрағасы Өмірбек Байгелді бір сөзінде «Кезінде тәуелсіздігіміздің ең болмаса үш жылдығын көрсек деп армандап едік, бүгінде құдайға шүкір міне, бес жылдығын қарсы алғалы отырмыз» -деп еді.

Осы аяулы мерекенің 5-жылдығын, әттең, елді күйзелткен дағдарыс кезеңінде қарсы алғалы отырмыз.

Ш. М.: – Тәуелсіздік – ежелгі арман. Бұл халықтың көкейінде жататын арман. Бірақ, оған қолы жеткен де бар, қолы жетпей тәуелсіздігі бұлдыр арман боп кеткен де бар. Қиыншылық, жетіспеушілік, әрине, бізде көп. Көп жұрт жалақы, зейнетақы ала алмай жатыр. Жетпей жатқан нәрсе көп.

Бірақ қиындыққа ұшырадық екен деп, тәуелсіздікті сатып жіберуге болмайды. Кез келген мемлекет қиындыққа, дағдарысқа ұшырайтын сәттері болады. Қазір аузын айға білеп отырған АҚШ 1930 жылдары ұлы депрессияға ұшырады. Халқы күйзелді, қатты қиналды. Бірақ ешкімге мойынсұнып, тәуелді болып кеткен жоқ. Бірінші, екінші дүниежүзілік соғыстан соң талай мемлекет қирап қалды. Ондағы халықтар аштыққа, жалаңаштыққа, жоқшылыққа ұшырады. Бірақ, ешқайсысы да тәуелсіздігін сатқан жоқ.

Қарның тоқ жүріп, бірақ көк туың құлап жатса, бәрібір бақытсызсың, бәрібір қаралысың. Басыңа мініп алған жұрт бәрібір қорлайды, бәрібір арыңды былғайды. Кавказдың бір серкесі бұрын «топырақ жесек те, тәуелсіз болғанымыз артық» деген екен.

Сондықтан тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Тәуелсіздік күні – киелі күн. Бұл күнді өз дәрежесінде, өз сән-салтанатымен атап өту керек.

Т. Ж.: – Газет-журналдардан қайсысын сүйіп оқисыз?

Ш. М.: – «Сүю» деген сөздің мағынасы үлкен. Сондықтан «мынаны сүйіп оқимын» деп айта алмаймын. Күнделікті «Егемен Қазақстанды» оқимын. Ел арасында жүргенде байқадым, сіздердің «Ана тілі» газеті елге сыйлы, айтулы газет екен. Үлкен мәселелерді жақсы көтеріп жүр.

Жалпы айтсақ, кереметтей маңдайы жарқырап бара жатқан басылым шамалы. Қазақ журналистикасының аурулары: саяздығы, жасқаншақтығы, көрінген біреуді көпірте мақтай беретіні, қауіпті қылмыстарды әшкерелеуге бармайтыны, т.б. бұрыннан белгілі. Қайталап не қыламыз.

Т. Ж.: – Соңғы сұрағымыз, «Ай мен Айшаны» құмартып та, қайғырып та, тұшынып та оқыдық. «Шын асылдың сүйегі шарболат»-тын, демекші, шығармашылық қуатыңыз шамырқана түскендей. Алдағы шығармашылық жоспарларыңыз туралы айта кетсеңіз?

Ш. М.: – Сол «Ай мен Айшаның» екінші кітабын жазып жатырмын. Үлгі баяғы – новелла, новелла түрінде жалғасып кете береді.

Арасында «Домалақ ана» деген пьесаны бітірдім. «Жетісу» газеті, Жамбылдағы «Ақжол» газеті басып шығарды. Театрлар қоятында шығар. Бұл шығармада сол заманның мәселелерін бүгінгі күннің тірлігімен ұштастыруды мақсат еттім.

Т. Ж.: – Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбатты жүргізген:
Тұрсынбай ЖАНДӘУЛЕТ.

«Ана тілі» газеті, 17 қазан 1996 жыл.

ШЫНДЫҚТЫҢ ЖОЛЫ ШЫРҒАЛАҢ, ӘДІЛЕТТІҢ ЖОЛЫ ӘЛЖУАЗ

Тікелей телефон. Шерағаңа дейін 25.11.1997 ж. Сағат 14.30.

(Алғашқы қоңырау): – Шерханға беріңіз телефонды.

– Ол кісі әлі келе қойған жоқ. Дегенмен Сіз сауалыңызды айтыңыз. Не сұрамақ едіңіз? Біз жеткіземіз.

– Келіспеймін. Шерханның өз аузынан жауап естімей, көңілім тынбайды. Сіздер менің айтпақ сөзімді бұрмалайсыздар, болмаса, ол кісінің жауабын газетке жайдақтатып жібересіздер.

– Жөн-ақ екен. Бірақ, Сіз бізді сынап байқаңыз. Қалай дейсіз ғой? Сауалыңызды айтыңыз. Егер бір сөзіңізге қылау түсірсек, басқа газеттерге «мені бұрмалады» деп шулы мақала жазыңыз. Ешкім «мынауың теріс» демейді. Ал Шерағаңмен әңгіменің жағына келсек, алдымен қынынан суырылған қылыштай жарқ етіп сұрақ қоя алмасаңыз Сізге сын, сауалына жауабын бере алмаса, оған сын, жаза алмасақ бізге сын. Ол кісіні батыр дейді жұрт. Батырмен батырша «алысуға» бел буып отырмыз. Содан кейін, шынайылық пен дәлдіктен айналып өтуге және дәтіміз жетпейді. Өйткені, аға, біз жас адамдармыз ғой...

* * *

Шерхан Мұртаза «Жас Алашқа» шытынап кірді. Имене сәлем берген жастардың мысын басқандай етіп алғашқы сөзін қияңға салды.

– Менде-е-е жиналып, қордаланып қалған ой жоқ. Барлығы сыртқа шығып кеткен. Жаңасын қайдан табамыз? Камал екеуміз жазған хатта біраз мәселенің басын шалған едік. Оқыңдар соны.

– Сонда да болса, ойды ой қозғайды. Көпшіліктің көкейінде тұрған сауал мол.

– Ал, келдік. Қайда анау әлгі телефонның сұрақтары?

– Аға, сізге қазір қаламгер жазушылығыңыз жақын ба, әлде публицистикаңызды жоғары қоясыз ба?

– Бұл өзі екеуі егіз ғой, айналайын. Тап осы заманда мен жазушымын, журналист емеспін деп айта алмаймын. Керісінше мен журналиспін, жазушы емеспін десем, және қателесем. Бұл екеуі бір өрім сияқты. Бірінен-бірі туындап жатады. О баста, иә газетте істегеніміз рас...

– Аға, буын жазушылар арасында: «үлкен шығарманың орнын журналистика басып кетті. Әдебиет әзірге демалып жатыр» деген пікір бар. Яғни, бұдан қорытып айтсақ, әдебиет қамтитын ауқымды мәселені журналистика ұсақ ақпарға айналдырып жіберді. Сіз не дейсіз?

– Жаппай жабылып жазып жатқаны шамалы, рас. Бірақ, әдебиет тоқтап қалды немесе ол демалып кетті, ұйықтап қалды деп түйіп тастауға болмайды. Жазушылар шама-шарқынша жазып жүр ғой. Бірақ бүгін кітап шығару – қиынның қиыны. Ол үшін – өз қалтаңнан шығындасың, ол үшін қаламақы төленбейді. Қаламақыға жарымаса да шыдамай жазатындар бар. Қайтеді енді? Үлкен жазушылар да қарап отырған жоқ.

Нұрпейісов асықпай, балуандай қимылдайтын адам, ол жазып жатыр. Бәлкім, мемлекеттік қызметтен қолы тимей кетпесе, осы күні Кекілбаев та жазып жүрген шығар. Екі Тарази дегендер пьеса жазады, роман жазады. Қимылдап-ақ жатыр бәрі шамасынша. Өз басым «Ай мен Айша» атты кітабымды шығардым. Енді соны әрі қарай жалғастыруды жоспарлап отырмын. Ана таудың қуысында тығылуымның себебі сол.

(Осы кезде тікелей телефонмен байланысқан аты-сөзі беймәлім адам Шерағаңның өзімен сөйлесемін деп болмады. Бізге ол кісінің сауалы жұмбақ күйінде қалды)

– Сәлеметсіз бе?

– ...

– Е, иә.

– Не дейді? (Шерағаңның дауысына ызбар араласты).

– ...

– Омырауқап! (Шерағаң шаңқ ете түсті).

– ...

– Әй, мен бұл жерге аудармашы болып кеп отырғам жоқ. Оны бастығыңа айт. Сенің де сөзіңнің жартысы орысша ғой.

– ...

– Оқы, оқи бер «Казправданы». Басыңа жастанып жат! Құтты болсын.

– Мынау бір қисық нәрсе ғой деймін, өзі? Омырауқап деген не дейді?

(Телефон тұтқасын орнынан тастаған Шерағаңның қабағынан реніш сызы аңғарылды).

– **Сөз басында Камал ағамен арада жазысқан хат туралы айттыңыз ғой. Екеуіңіздің осылайша «Егемен Қазақстан» газетінің бетінен үндесуіңізге не себеп болды?**

– Былтырғы маусым айында Камал Смайыловтың «Егемен Қазақстанда» «Қазақстан XXI ғасырда» деген үлкен мақаласы шықты. Сонда ол айтады. Қазақ жері кен байлықтың қазынасы. Қазына толы алтын сандықтың кілті қолымызға тимей жүр еді. Енді кілт алақанымызда. Сөзбе-сөз келтіру мүмкін емес, бірақ міне осы сарында жазды.

Сосын мен ойландым. Қазақстанның байлығын бәріміз білеміз. Ал алтын сандықтың кілті қолымызда екен. Ендеше неге алтын сандықтың қожасы бола тұра лыпасыз жалаңаш жүрміз?! Неге жарымаймыз? Неге ашпаймыз алтын сандықтың аузын? Неге оның ішкі маржанын шашпаймыз мына халыққа. Камал мырзаның ой-ниеті дұрыс. Мен оны іштей қатты құптадым. Бірақ алтын сандықтың кілті қолымызға тиді екен деп марқайып жүре беруге бола ма мына заманда? Оны қажетке жарату керек. Қалай? Қайтіп? Міне, мәселе қазірде жатыр! Мен осы ойларымды Камалға газет бетінде білдірдім. Ол үн қосты. Камал мырзамен жазысқан хат осылай басталған. Кейін ол да өрекпіген көңілін басып, гөй-гөйге ауысты. Сабырлы ойға түсті.

– **Әңгімеңізге «алтын сандық» арқау болып қалды ғой. Алтын сандығымыз бар. Сөз жоқ, Сіздермен келісеміз. Бірақ сол байлықтың қызығын жұрт қашан көреді? Қалың бұқараның ортақ игілікті тең пайдалануына не кедергі. Әлде «кім кедергі» деп сұрағанымыз жөн бе?**

– Алтын сандықтың ауызы құлыптаулы. Кілті кімнің уысында? Өзіңе қарсы сауал, шырағым.

– **Аз ғана топтың қолында дейді білетіндер.**

– Ә, ә-иә, аз ғана топтың қолында. Сол аз ғана топ үлкен стратегиялық объектілерді сатып жіберді. Үй-жай, ұсақ-түйек, көди-сөди емес халықтың тағдырын шешетін маңызды стратегиялық нүктелер жат қолына өтіп кетті. Неге қазір қалтырап, дірілдеп, бүріліп отырмыз? Газ қайда, мұнай қайда? Бұның бәрі үкіметтің қолында болуы керек еді. Мынау «Трактебель» дейтін жалын күжірейтіп алды. Кезінде екі жақты контракт болған. Қазір оған қарамайды. Біздер өкіметтің иелігіне бағынайды.

– **Шер-аға, осы оқиға шындығы неге өз уақытында мүлде көтерілмейді, әлде бұл жәйтті әдебиет енді 20 жыл өткен соң қайтадан сомдап шығаруы керек пе?**

– Бұның бәрін шырағым, әдебиет қана баяғыда-ақ айтып қойған. Білгіңіз келсе, Ғабит Мүсіреповтің «Жат қолында»-сын оқыңыз. Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» деген шығармасын оқыңыз. Мына заман өткен бір кезде басымыздан. Қарағанды шахтасын ағылшындар билеген кез болған. Қалың жұрттың көзінен қанды жасы аққан сол кезде. Тап сол картина қайта айналып келді алдымызға. Күңіренген Кентау, жан айқайы естілген Жаңатас кері бұрылып сол қиын-қыстау кезеңге кетіп бара жатқан сияқты. Саттар жазды дәл өздеріңіздей өндірдей жас кезінде ел мұңын. Сіздер де жаздыңыздар. Бірақ қалай? Жазу өнерінің қиындығы – ешкімді қайталамау. Мүлдем тың форма табу керек. Әйтпесе Ғабитты, Саттарды шиырлау болып шығады. Қазір жаза алмай жүргеніміз де содан шығар. Өйткені, біз өтіп кеткен кезеңнің екінші кезеңін бастан өткізіп жатырмыз.

– **Енді тікелей телефонға келе бастаған сұрақтарға кезек берелік. Айбол Битуғанов деген азамат. Тіл маманы екен. Жиырма жылдық еңбек тәжірибесі бар көрінеді. Мұғалім. Қазір қызметтен қалыпты. Нақты сауалы мынау:**

– **Қазақ тілі пәнінің маманы ешқандай ортаға қажетсіз болып шықты. Біздің қоғамға маман керегі жоқ па, болмаса Қазақ тілі керексіз бе?**

– Тіл туралы бір емес, екі заң қабылданды. Конституцияда жазылған. Ал енді осының бәрі іске аспай жатса, кәдеге жарамай жатса, оған халық кінәлі ме екен? Заңды көз қылып қабылдап алып, содан кейін үнсіз отырған басшылар кінәлі. Қараңыз. Парламент қай тілде сөйлейді? Үкімет қай тілде сөйлейді? Президенттің аппараты ше? Өзге жұрттың атқа мінерлерін, ел басын ұстағандарын көрдіңіз бе, ана тілін қалай қадір тұтады? Кеше келіп кеткен АҚШ президентінің зайыбы, Қытай премьер-министрі, мысал үшін, бөгде тілмен сөз арасын былғады ма? Жоқ. Ал біздің азаматтарымыз сыртқа шықса неге орыс тілінде сайрайды. Осыны солардың өзіне ашық айта аласыз ба? Орыс тілді қазақтарға қарап былайғы ел: «Е-е мыналар әлі Ресейдің боданынан босамаған екен. Бұрынғы алып Державаның бір пұшағында жылжымай жатқан халық екен. Тәуелсіздігін толық қанды түсініп қабылдамаған екен» деп ойлауы әбден мүмкін. Намыс па, намыс емес пе?! (Осы сөздерді айтқанда Шерағаның көз жанары мұздап, дауысы қаттырақ шығып кетті?)

Бұдан шығатын жол бар ма? Бар. Сырт жаққа ат мойынын ұзартып баратындар қасына қазақ тілді тілмәш ертіп жүрсін. Оның несі қиын? Біздің

министрлеріміз масқара болғанда, орысша сөйлегенді әлі күнге мансап, дәреже көреді. Қазақша ойлана да алмайды. Бұл – барьер. Психологиялық барьер.

– **Басқа-басқа Елбасымыз неге ылғи мемлекеттік тілде сөйлемейді, аға?**

– Е-е, мен қайдан білейін. Өзінен сұра.

– **Сіз дегенмен ол кісіге бір табан жақын жүресіз ғой.**

– Неге олай сөйлейсіңдер? Мен қашан Президентпен құшақтасып жақын жүріппін? Осындай сөзді әркім-әркім айтады. Нақты дәлел болу керек ғой, шырағым.

– **Тағы да мынандай бір әңгіме естиміз. Елбасы кейде Сізді шақырып алып кеңес сұрайды екен, ақылдасып отырады дейді.**

– Жоқ-ә. Ілгеріде «Соц. Қазақстанда» жүргенімде Үндістанға, Пәкістанға, Түркияға бірге ілесіп шыққаным рас. Онда да көппен бірге, көп ортасында жүрдім.

– **Сіз «Егемен Қазақстанды» замана уақыт арнасына төтеп беретіндей деңгейге көтеріп, Телерадиокомпанияға басшылыққа ауыстыңыз. Содан соң Парламент сарайынан бір-ақ шықтыңыз. Осыншама аралықта (жоғары қарай, авт) қарқынды жүріспен шарлап өтуіңіздің сыры не?**

– «Адамны-ың-ы басы Алланың добы» деген. Біздің басымыз өкіметтің добы. Қалай қарай төбеді, солай қарай домалайды. «Егемен Қазақстаннан» мен өсейін деп кеткем жоқ Телерадиокомпанияға. Теледидар мен радионы енді қолға алып, қызу жұмысты бастап жатқан кезімде «Ойбай сен мына жерден кет. Өртеп барасың дүниені?» деп шулады Матаев, Романов дегендер. Жан-жақтан мүйіздей жөнелді бәрі. Сосын мен ол араны тастап шықтым. Депутат болдым.

ҚазМУУ-дан тарихшы, профессор, ғалым Төреғали Қаратаев:

– **Біреуге сын айтайын десем «Заман осындай» деп құтылады. Өткенге сын айтсаң «Заман солай болды» деп сырғыды. Сонда осы заман деген ұғым не өзі? Адамды қырқына кондырып билей беретін бір дәу пері ме, жоқ құбылыс па? Заманды кім өзгертеді. Халық па, жеке тұлға ма?**

– Заман деген абстрактілі ұғым ғой. Заманды халық жасайды, халықты билетен өкімет жасайды. Олар заманды қалай бұрар десе солай бұрады. Заманның адамға ешқандай кінәсі жоқ. Қиындықтың берін заманға жаба беруге болмайды. «Заман солай» деген сырғыма сөз. Ол – перде. Біреулерге керек осындай перде, білдің бе? Шындықтың жолы шырғалаң шырағым, әділеттің жолы өлжуаз.

– **Сонда тұлға қайда қалады? Тұлға бар ма, бізді мынау күрделіліктен алып шығатын? Сізден жұрттың сыр тартып білгісі келетіні осы сөз.**

– Назарбаевқа сеніп бастадық ғой. 2030 жылға дейін дәуірлеу бағдарламасын жасапты. Көзі қарақты жүріп түгелімен танысқан шығар. Елбасы жолдауын айтамын. Басқа кім бар? Ер-әр жерден оппозициялық топ төбе көрсетеді. Олар жұртқа өздерін партиямыз деп жариялайды. Шу-шу етеді әйтеуір. Ешқайсысының көкейге қонымды не өзін, не ісін өз басым әзірге

көре қойған жоқпын. Келесі сайлауға анау қатысады, мынау қатысады, тіпті Мұрат Әуезов те ат қосады деген сөз желдей еседі. Олар не бітірмек, халыққа қандай жақсылық жасамақ? Мен білмеймін.

Төреғали Қаратаевтың екінші сауалы:

– **Бұқаралық ақпарат құралдары – нарықты құбыжық қылып көрсетіп бітті. Нарықты жақтап сөйлейтін жалғыз адам Назарбаев қана сияқты. Шер-аға, Сізше қалай нарық құбыжық па, әлде игілік пе?**

– Құбыжықты құбыжық деу керек. Нарық игілік әрине. Мұхаммед пайғамбарымыздың өзі сауданы кәсіп депті. Сауда – кәсіп. Бірақ ол өсім-қорлықты қаламайды. Біздегі нарық жабайы нарық болып тұр ғой. Оны несіне жасырып-жабайық. Өнеркәсіптің көбі тоқтады. Бәрін сырттан сатып алатын халге жеттік.

Қалдыбек есімді композитор іниіңіз сұрайды. (Құрманғали болса керек – авт):

– **Шер-аға, Сіз «Лениншіл жас» газетіне редактор болған кезде төңірегіңізге өңкей бір дарынды жастарды жинапсыз. Мысалға, Оралхан, Фариза, Мұхтар Шаханов, т.б. Олардың бәрі бүгін елге танымал болды. Қазіргі «Жас алаш» қандай? Кешіріңіз, Сізге бұл күнде жерлес жақын ба, әлде талант жақын ба?**

– Жерлес?! (Шерағаң түйіліп отырып қалды. авт). Менің «Лениншіл жаста» істен жүрген кезімде Атыраудан – Фариза, Алтайдан – Оралхан Бөкей, Арқадан – Ақселеу, сонау Маңғыстаудан Әбіш Кекілбай, оңтүстіктен Мұхтар Шаханов келсе, сонда Шерхан Мұртаза жерлес іздеген болып шыға ма? Жауап – осы, шырағым.

Енді қазіргі «Жас алаш» қандай деген сауалға келейік. Байқаймын, Нұртөре Жүсіп мырзаның басшылығына тигелі бері газеттің өңі кіріп, бойына қан жүгіріп қалды. Өздеріңнің еңбектерің де бар. Мынау маған емес, сендерді сынап қойылған сауал. Неғұрлым қызықты етіп, тартымды етіп жазса, газет қызықты болады. «Жас Алаш» деген біле-білгенге мықты қару ғой...

– **Ақмоладан звоңдап тұрмын. Шер-ағам қайда?**

– Саулығыңызды айта беріңіз. Ол кісінің жауабы газетіміздің сенбілік санына шығады.

– **Мен Қарашашпын. Білетін шығарсың. «Егемен Қазақстанның» қызметкері. Менің сұрағымды дәл жеткізе аласың ба?**

– Байқап көрелік.

– **Ақмолада күн суық. Жылу жоқ. Свет жоқ. Осыны айтшы Шәкеңе. Менің сөзімді қатесіз жаза аласың ба, өзің?**

– Сіз менің әріптесім боласыз. Бір таң қалғаным, Сіз әңгіменізді тым созып бара жатқанға ұқсайсыз. Ал қарапайым оқырманның сұрағы қысқа, әрі нұсқа болып келуде.

– **Ақмолаға жұрт көшуге дайын ба? Астана халқын қарсы алуға әлі дайын емес көрінеді.**

– Осы ма, сауалыңыз? Жақсы. Аға, Ақмоладан Қарашаш қарындасыңыз хабарласты. Өте тоңып қалған ба, ауызы әрең икемге келіп сөйлейді.

Шерхан Мұртаза:

– Шыдасын. Төзсін бәріне. Жас емес пе?!

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданынан Ошақбаев Есенаман:

– **Балғымбаевтың үкіметі 2010 жылға дейін ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде бағдарлама жасапты деп естиміз. Топ құрамына қарасақ, ауылдың қазіргі жәй-жапсарынан хабарсыз шенеуніктер екен. Шер-аға, Сіз осы бағдарламаға ықпал ете аласыз ба?**

– Жоқ. Мұндай мәселенің қолға алынып жатқанын естіген емеспін. Және мен ешкімге ақыл-кеңес бермеймін де осы күні. Білмеймін.

Гүлдана Мамыралиева:

– **Аға, Сіздің «Егемен Қазақстандағы» бүгінгі қызметіңіз қандай? Екінші сауалым, жас философ, жазушы, ақын, публицист Дидар Амантайдың аяқ алысына қалай қарайсыз?**

– Жалпы, шырағым, мен пенсиядағы адаммын. Бір себім тимесе де газетке де қолғабыс етемін. Біреулер: «Шәке, Сіз кеше «Егемен Қазақстанның» төрінде едіңіз, бүгін босағасында отырсыз, намысыңызға тимей ме осы?» – деп сұрайды. Мен айтамын жоқ. Бұл өзі қазақ баспасөзінің қара шаңырағы. Қазақтың талай арқаларының тұяғы тиген, ізі қалған жер. Арқар болғанда оның ішінде тек құлжалары. Сейфуллин, Сәдуақасов, Рысқұлов, Исаев, Жандосов, Мүсірепов отырған киелі шаңырақ. Аз уақыт ресми болмаса да осы газетке Мұхтар Әуезов қол қойды деген дерек бар. Киелі шаңырақта аруақтар рухы айналып жүреді дейді. Сол аруақтардың рухын аялап, кішкене ғана бөлмеде шырақшы құсап отыру мен үшін ешқандай намыс емес. Ал Дидар Амантай деген жігіттің көркем шығармаларын өз басым оқып көрген жоқпын. Газеттерге жазған мақалалары ұшырайды. Ойы түйінді, өткір. Философияға ұмтылады. Арынды жас буының алдынан көремін оны ылғи.

– **Қазақ баспасөзінің таралымы неге түгесіліп барады?**

– Ақша жоқ. Қаржы-қаражатсыз қандай көлішілік болсын. Орыс газеті десе жүріп «Караванды» айтады. Көрдім. Оның тиражы бар-жоғы 3 мың данаға енді жетіпті. «Розницасы көп рас». Бірақ ол «Караванды» белгілі бір қалталы топ ұстап отыр. Әртүрлі қитұрқы іс үшін пайдаланады. Байқайсыз ба?

Теледидар ақпаратты игере алмай ол тұр. Қазақ тіліндегі хабарлар оқиғаны әншейін сылап-сипап өте шығады. Оған қарағанда орыс тіліндегі нақтылық, дәлдік бар. Мұның өзі жастар сендерге сын. Көп нәрсені үйренулерің керек. Мәселен, жоғары жақта Сіздің байланыс жасай алатын адамыңыз бар ма? Жоқ, әрине. Ал «Караванның» журналистері әртүрлі ақпарат көздері таралатын ортаға төте тауып алған. Міне, Сіздерге де сондай әдіс-тәсіл артық етпес дер едім, қарақтарым.

– **Қазақ баспасөзінде редакторлық тұлға жетіспейтіндігі әсіресе көзге ұрады. Мінез жағы және солғын.**

– Менің бұл жайында бірдеңе айта қоюым артық болар. Редакторды жоғарыдан тағайындайды. Дұрыс па екен осы? Ұжым өзі қалап, ортасынан шығару керек ондай адамды.

Жәнібек Сүлеев:

– **Шәке, «Жас Алаш» газетіне берген Заманбек Нұрқаділовтің сұхбатын оқыған боларсыз. Оқысаңыз, ол кісі өзімен бұрын дәмдес, тұздас болып жүріп, кейін достықтан жалтарған адамдардың аты-**

жөнін анық атапты. Сіз солай айта аласыз ба? Екінші сауалым, Олжас Сүлейменовтің азаматтық позициясына қалай қарайсыз?

– Жәнібек жанның әкесімен бірге оқыдым. Жарқылдаған жақсы адам еді марқұм. Табанды түрде көркем аудармамен айналысты. Әкесінің еңбегін мына баласы біраз ғайбаттады. Жөн-жосықсыз дүниеде әкем бекер алданды деді? Бұл дұрыс емес. Ал сауалына қайтарар жауабым мынау: Заманбек өзі біледі кімді мақтайды, кімді даттайды. Менің ол сияқты сөз айтуға тілім бұралмайды. Мені де жоғары жақта көз қылғандар болды бір кездерде. Әсіресе, Колбиннің заманында. Сол уақытта жазған арызды жинаса, бір арба болған шығар. Бәрін құдай кешсін. Олар туралы «Тамұқ» деген кітабымның соңғы қоштасу бөлімінде айтқанмын.

Олжас туралы не айтуға болады. Еш уақытта ол кісі екеуміз жеке дауға барып, сөзге келген емеспіз. Олжекең Одақта бірінші хатшы кезінде арамызға сөз салып, ши жүгірткендер жетіп артылды. Солардың көбі жандайшаптар екен. Шырағым, соны түгелімен еске тұтып, кек сақтаған жан емеспін. Ұмытылған. Олжаспен өз басым силастықта.. Тілеуін тілеп жүреміз. Басқа не керек?

Мұрат Қожахметов, жұмысшы:

– **Шет ел баспасөзі мемлекет басшысының атына да сын айтып жатады деп естиміз. Әріге бармай-ақ, мына Ресейден көріп жүрміз оны. Біз де президентіміздің жүзіне тікелей қарайтын газет не журнал жоқ. Неге олай? Әлде бізге демократия жетіспей жатыр ма?**

– Сын жоқ емес бар. Сын деген деректі, даңғаза болмау керек. Ең өкініштісі Елбасымызды қолпаштаушылар көп. Сол қолақпандай қолпаштаудан бар ғой түк те пайда келмейді. Ол – зиянды. Президентке бәріміз сын-ескертпемізді айтып-ақ жүрміз. Біздің хаттарымызда да жетіп артылады сын дегеніңіз. Камал – Шерхан. Аз ба сол? Шуткин – Муткин дейтіндер бірі келіп, бірі кетіп жатыр. Сұмдық қой. Нұрқадилов Қажыгелдиннің үстінен дәлелді арыз береді. Бас прокуратура екеуінкінде де дұрыс деп табады. Бұл не бұл? Қожанасырдың ойыны ма?

Сайлау Нұрғазыұлы:

– **Президент жанынан құрылған ақсақалдар алқасы Елбасыға не береді, қандай ой қосады?**

– Білмеймін. Алқаның мүшесі емеспіз. Үлкен Ассамблея, кіші Ассамблея бар. Қоғамдық пікірді қорытып ұсынса болды, Елбасы оларға көп мүмкіндік жасап қойды ғой. Сенім үдесінен шығу керек.

Алматы облысы, Шелек ауданынан Бекболат Әлжанұлы:

– Балалы-шағалы адаммын. Шәке. Өзім осы күні қарекетсіз қалдым. Сізден сұрайын дегенім мынау – «Егемен Қазақстан» газетіне бізді күштеп, зорлап жаздырып жатыр. Осы дұрыс па?

– Зорлаусыз-ақ жазылады қалаған жан.

Біржан Асанов, ҚазМУ-дың студенті:

– **Алпысыншы жылдары әдебиетімізде үлкен сілкініс болыпты. Сілкініс қалай туды? Оның қандай алғы шарттары бар?**

– Қазір айтып жүргендей, ол әдебиет идеологияға қызмет етсе де, әдебиет болып қалды. Қаншама ірі туындылар дүниеге келіп жатты. Бұл өзі қазақтың өнерге, ғылымға сусап келіп бас қойған тұсы еді.

– **Сол әдебиет қазақтың ұлттық дүниетанымына не берді?**

– Замананың алып тұлғасын, кең тынысын әдебиет анғартты. Эпика қара сөзге ауысты. Жаңа толқын, жас толқын өсіп жетілді. Әдебиет әлеміндегі осы заңдылық бүгін қарап отырсам, өзінің жалғасын үзбепті. Міне, тағы да жас толқын жалын көтеріп келеді екен. Бұл жақсылық. Әсіресе сырттан атамекеніне оралып жатқан қазақтар өздерімен бірге жылы леп, әкеліпті әдебиетімізге. Қазақтың құнарлы, бай тілін, мәпелеп бауырына басып жетіпті олар. Алтайдың күнгей бетінен өтіп, теріскейіне шыққан, содан шиыр-шиыр жол кешкен Жақсылық Сәмитұлының «Сергелдең» атты романы қандай?! Шіркін, жүр ғой шетте көздері жаутаңдап. Жиып алу керек соларды.

– **Шер-аға, дем алып жатқан жылы орныңызды тастап уақыт бөліп, редакциямызға бас сұққаныңызға, жұртшылық сұрағына орнықты жауап қайтарғаныңызға көптен көп рахмет айтамыз.**

Дәурен ҚУАТ.

«Жас Алаш» газеті, 29 қараша 1997 жыл.

РУХЫ БИІК ХАЛЫҚ – БАҚЫТТЫ ХАЛЫҚ

Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗАНЫҢ лебізі

– **Шераға, Сіздің күн сайын ертемен таза ауаға шығатыныңызды көптен білеміз. Аздап жүгіретін боларсыз?**

– Мен таңертең (сағат 6.30-7.00) паркке шыққанда жүгірмеймін. Жүгіру бізге аса пайдалы емес. Ертелеп паркке баратыным – алдымен бірер қасық таза ауа жұту. Күндізгі сасық ауа түні бойы шамалы тазарады.

Біз, алматылықтар, өкпемізді аямай сілікпелеп, тоздырған жандармыз. Ақын Мұқағали айтқандай, өзімізді өзіміз тас қамалға қамап қойған адамдармыз. Таңғы ауадан біраз жұтып алсаң – кешке дейін азық.

– **Таза ауада дене сергіту денсаулығыңызға қалай әсер етеді?**

– Қимылсыз өмір жоқ. Құдірет солай жаратқан. Ал, менің жұмысым – қалам мен қағазға көгенделіп қалғандықтан, ұдайы омалып отырып істейтін жұмыс Бір мезгіл паркке шығып, қимылдап, қан жүгіртудің арқасында шығар қалқайып тірі жүргеніміз.

– **Сіздің сөзіңіз оқырманға әсер етсе дейміз. Денешынықтырудың маңызын айта отырсаңыз.**

– Жалпы дене тербиесі бала жастан басталғанына не жетсін. Дене тәрбиесін менің бойыма сіңірген, өкініш болғанда, мектеп емес. Соғыс кезінде мектепте қайдан дене тәрбиесі болсын. Бізді тәрбиелеген – еңбек. Соғыс жылдарындағы буыны бекімеген, қабырғасы қатпаған балалар ер-азаматтың орнына жұмысқа жегілдік. Мысалы, таңертеңнен кешке дейін қызылша жекелесең қанша рет еңкейіп-түрегелесің? Оны есептеген кім бар? Немесе шалғы орақпен пішен шабу...

Бала кезде колхоздың жылқысын да бақтым. Міне, нағыз дене шынықтыру сол. Әттең, ат спортының қадіріне жетіп, бағалап жатқан кім бар? Казір

әскерге алынған жастар әлжуаз, турникке де асыла алмайды деп жатады. Неге? Солар қазір соғыс кезіндегі бізден аш емес қой.

Қазіргі әскердегі «айт-двадан» гөрі, атқа мініп шынығу нағыз жауынгерді тәрбиелейді. Ұлы ұстаз Ғабит Мүсіреповтың сөзімен айтқанда, қазақтың ұлан-ғайыр территориясын жаудан сақтап қалған алдымен – ат, ат үстінде шыныққан сарбаз.

Қазір жылқы десең көптеген көсемдердің көз алдына тек қазы-қарта елестейді. Ал, сол жылқының тұқымын асылдандырып, ат спортын дамыту қаперіне кірмейді. Әрберден кейін той-томалақта ат шаптырып, ағыл-тегіл ас берудің керегі жоқ деушілер де табылып жүр. Ағыл-тегіл ас бермей-ақ қой. Рәсуа. Ол рас. Ал, ат шаптырмау – қиянат. Ол қыранның қанатын қырыққанмен бірдей.

Мұның бәрін бұл автор несіне айтып отыр, қалада ат қайда? – дейтіндер табылар. Менің айтып отырғаным – ауыл. Ауыл жекешеленді. Ат ұстауға шамаң келер. Балаға тай мінгіз. Атқа мінген қазақтың мінезі жайсаңданады. Рухтанады. Ал, рухы мықты халық – бақытты халық.

– **Мына қым-қуыт тіршілік жүйеленген жұмысты кейде, бұзып та жібереді ғой. Таңертең таза ауаға шықпайтындай болғанда өзіңізді қалай сезінесіз?**

– Таңертең паркке шығуымның әдетке айналғаны – таза ауа екенін айттым. Содан бойға бірер тамшы қуат кіреді. Одан да бұрын таң шапағында көкке қарап, Құдіретке құлшылық етемін Иә, Жаратқан Құдірет, түннен түгел шығарғаныңа тәуба, тәуба деймін. Тағы бір таңды көрсеткеніңе шүкір деймін. Отанды, елді отбасын бәле-жаладан, зілзаладан, қырсықтан, қиянаттан, әділетсіздіктен сақтай гөр деймін. Күбірлеймін, есітер-естімес. Көкірек сарайым тазарғандай болады.

Ал, бұлай болмаған күні тұла бойым – зіл қаратас. Жұмысым өнбейді. Қазақ «Жатқанға жан жуымайды, жүргенге жөргем ілеседі»- дегенде тек дүние-қоңыз табуды айтқан жоқ. Басты байлық – денсаулық.

– Өзіңіз ғана шықпайтын шығарсыз саябаққа?

– Айтпақшы, паркке шығатын жалғыз мен емес, мен тұрғылас, менен де жасы үлкендер. Бір сағат, жарым сағат дидарласамыз, сырласамыз, қуаныш болса ортақтамыз, мұң болса бөлісеміз.

Бұл командамның аты – «Жалаңтөс».

Қазір Порфирий Иванов қарттың әулиелігіне табынатындар көбейді. Суық судың пайдасына байланысты. Дұрыс-ақ.

Бірақ қазақтан шыққан өз шипагер, ғұлама ғалым Өтебойдақ бабамыз суық суға шомылудың зор пайдасын осыдан 500 жыл бұрын жазып кеткен.

Парктен қайтқан соң мұздай суға шайынып алу әдетім. Биік үйде жағдай бола бермейді. Әйтпесе, баяғыдай, ауылдағыдай күміс сулы мөлдір бұлаққа, немесе өзенге таңертең бір сүңгіп алғанға не жетсін!

Ертай АЙҒАЛИҰЛЫ,
Нұрлыбек САПАҒАЛИ.

«Ана тілі» газеті, 1998 жыл 16 сәуір.

«АЛДЫМЕН ӨЗ ХАЛҚЫҢ ТАНЫСЫН СЕНІ»

«Алдымен өз халқың танысын сені», – дейді Шер-ағаң. Біз де халық таныған Шерхан Мұртазаны таныстырып жатуды артық санадық. Әңгіме әдебиет, қоғамдық келеңсіздіктер туралы өрбіді.

– **Қазақ романы қай деңгейде тұр деп ойлайсыз?**

– Мұны метрлеп, километрлеп өлшеген ешкімді естімедім, мұндай өлшем де болмайды. Қазақ романы шырқау биікке шығып та кеткен жоқ, бірақ жер бауырлап, жер жастанып та қарған жоқ, қазір өркениетті елдер әдебиетінің бір қапталында келе жатыр деп ойлаймын Басқаны былай қойғанда М. Әуезовтің «Абайының» өзі әлемдік аренаға шыққан туынды. Біздің роман сорлы дүние емес, одан кейін де талай-талай елге танымал, шетел білетін жақсы-жақсы туындылар жарық көрді. Дәл қазір жұлдызы жарқырап тұрған дүние көрінбей тұрса, мүмкін мұнар, бұл басып тұрған шығар, жарқ етіп шығатын кездер келеді.

– Тарихи тақырыптағы романыңызға келерден бұрын осы төңіректе қандай шығармаларды, кімдерді оқыдыңыз? Кімді үлгі тұттыңыз?

– Бір ғана адамды үлгі тұтатындардың кім болып шығатынын білмеймін. Сауаты бар адам бүкіл әлемдік әдебиетті оқиды, атақты классикалық француз романдарын бастап. Көзі ашық адам солардың әрқайсысынан бір-бір тамшы алады. Жазушылық – араны тіршілігі. Ара шырыны бар гүл. Шығармадан бір идея немесе әсер алады. Біреуден көшіріп алу немесе жетегінде кет – нағыз жазушылық мінез емес. Әркімнің өз соқпағы болу керек. Жіңішке бола ма, даңғыл бола ма, ол жазушыны шама-шарқына байланысты. Сондықтан, біреуді қатты үлгі тұттым деу – қате.

– «Қараш-қараш» повесіндегі Бақтығұл – Тұрардың әкесі Рысқұл екендігін қай кезде білдіңіз?

– Мұны жұрттың бәрі де біледі, Мұхтар Әуезовтің өзі де жасырмайды. Оның тарихы былай...

Өзіңіз білесіз, кезінде қазіргі Орталық Азияның бүкіл мемлекеттері құрамына кіретін Түркістан Республикасы болған. Оған Қазақстанның жартысы қарайтын, қалған жартысы Қазақстан Автономиялық Республикасы деп аталатын. 1920 жылдан бастап Түркістанның басшылығында Тұрар Рысқұлов тұрды. 1922 жылы Үкімет басы болды. Сол кезде барлық «Алашордашылар» әлдеқалай себептермен Қазақстан Автономиялық Республикасына сыймай, қуғын көргендер Тәшкенге жиналды. Себебі, ол жерде жағдай жасалды. Тұрар Рысқұловтың өзі және жанындағы серіктері Санжар Асфандияров, Сұлтанбек Қожанов сияқты азаматтар қолдау көрсетті. Оларға арнайы қаржы бөлді, тіпті Мұхтар Әуезовтің өзі Түркістан үкіметінің қаулысымен арнайы стипендия тағайындалып, Ленинградқа оқуға кетті. Сол кезде Т. Рысқұлов екеуінің арасында тығыз байланыс болды. «Қараш-Қараш оқиғасының» сұлбасын әңгімелеп берген Т. Рысқұлов. Ол мына Шығыс Талғар, Бесағашта болған оқиға ғой. Бұл – 1927 жылы Қызылордада бірінші рет кітап болып шықты. Бақтығұл – Рысқұлдың синонимі, «бақыт», «ырыс» деген сөздер. «Қай кезден білдіңіз?» дейсіз. Бала кезімнен, алғаш «Қараш-Қарашты» естігеннен бері білемін.

– Сізге Әуезов әсер етті ме?

– Әрине, сара жол ашып бермесе де әсері болады. Қолына қалам ұстаған жазушылардың барлығында Әуезовтің әсері бар деп ойлаймын.

– **Тарихи романыңызды бас-аяғы қанша жыл жаздыңыз?**

– «Қызыл жебе» ғой!

– **Иә.**

– «Қызыл жебе» бес кітаптан тұрады: «Рысқұл», «Тұрар», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ». Бас-аяғы жиналып, «Жазушы» баспасынан екі том болып шықты.

Қанша жыл дегенде... күндіз-түні отырып жаза бермейсің ғой. Архивтерді тінткілеп іздеу, сол кезді көрген адамдарды тауып сөйлесу керек, жазып отырған заманның райын біліп, лебін сезу керек, ол аз уақыт алған жоқ. Бас-аяғын жинап алсаңыз, ширек ғасыр деп айтуға болады. Бірі тез, бірі баяу келді дүниеге.

– Бір кездері Шыңғыс Айтматов «модаға» енді. Айтматов шығармаларын аударуыңыз «мода» қуғандықтан емес пе екен?

– «Мода» деген Айтматовқа жараспайды, оның атына сыймайтын сөз. Шыңғыс Айтматов «бір кездері» емес, қазір де ірі тұлға. Көркем әдебиет әлемінде бүкіл дүние жүзі мойындаған биік жұлдыз.

Айтматов шығармаларын аударуыңыз «мода қуғандықтан емес пе екен?» дейсіз. Құдай сақтасын, ондай мода қуған адам емеспін.

– Егер сіз оны аударуға жүрегіңізбен келген болсаңыз, неге аудармаларыңызда үлкен миф, аңыздарға бармадыңыз?

– «Жүрегіңізбен аударған болсаңыз...» дегеніңіз дұрыс. Оның өз туған жері, алып отырған объектісі, тіпті кейіпкерлеріне дейін, жер, су, табиғат, ауа– барлығы маған таныс. Өйткені, Қырғызстанның шекарасы мен біздің елді «Күркіреу су» дейтін бір-ақ өзен бөліп жатады. Осы ұлы шығармалар болғаннан кейін ықылас қойғаным рас, шын ниетіммен. Байқайсыз ба, Шолоховтарды, әлем әдебиетінің басқа классиктерін аудару мүмкіндіктер бола тұра мен оған бармадым. Айтматовты ғана аудардым. Тек Жер-су ортақ болғандықтан, жақын, туыс болғандықтан ғана емес, шығармалары өз жаныма жақын болғандықтан аудардым.

Сіздің «неге миф, аңыздарға бара алмадыңыз?» дегенге келейік. Аудармашының, сөз жоқ, аударған адамының үлгісінде, өз стилінде көшуі – жақсы мінез емес. Біреуге еліктеп, соның жолын қуа беру жазушылыққа жатпайды. Айтматов болмасаң да, өз жолыңды тап, өз ізіңмен жүр. Неге мен оның мифтерін, аңыздарын қайталауым керек? Ондай нәрсе болмайды

– Қысқа жанр, әңгіме жазудың шеберісіз. Сіз одан «текке кеткен» сияқтысыз. Повесть роман жазбай-ақ, керемет-керемет әңгімелер жазып-ақ әлемдік деңгейге көтерілуге болатын еді. Әлемдік аренада танылуға мүмкіндігіңіз бола тұрып, неге «жетпей қалдыңыз»? Осының басты себебі не?

– Шебермін деп айта алмаймын, әлім келгенше жазғаным рас. Қысқа әңгіме жазудан кеткен жоқпын. Мысалы, «Ай мен Айша» деген соңғы кітабым новеллалардан, қысқа әңгімелерден тұрады. «Әңгіме жазып-ақ әлемдік деңгейге көтерілуге болатын еді» дегеніңіз рас. Қысқа-қысқа әңгімелермен

тарихта қалған жазушылар көп. Мысалы, О. Генри, Чехов Мопассандар... Мұның жөн, бірақ, менің повестерім, романдарым сорлы, әңгімелерімнен нашар дегің келіп отыр ма?

– Жоқ. Әңгімелеріңіз көбірек ұнайды деген сөз ғой.

– Алғашқы повестерімнің кішкене шикілеу екені рас. Оны жасырмаймын. «Қара маржан» деген романым үшін маған Мемлекеттік сыйлықты берді, тіленіп, жалынып, сұрап алған жоқпын. Үкімет, комиссия шешті. Кезінде кәдімгідей резонанс тудырды...

Ал, әлемдік деңгейге көтерілу әркімнің қолынан келе бермейді, өз басым оған ұмтылған емеспін. Қолымнан келетінін жаздым, әлі де жазамын, қолымнан келмейтінін... Айға ұмтылып, мертіккенше жерде жүріп-ақ жауя басып қыбыр-жыбыр тіршілігіңді істегеннің өзі әлдеқайда тиімді деп ойлаймын. Қолың жетпейтін айға шапшып керегі не? Әркім еліне қарай шабады.

– Сізді жұртшылық «Үлкен орындарда отырып, «түкке тұрмайтын» дау-жанжалдарға көп араласып, жауын көбейтіп алды. Асыл уақытын, керемет шығармалар тудыратын уақытын ұсақ-түйекке жұмсады» деп кінәлайды. Пікірге қосыласыз ба?

– Соншалықты керемет үлкен орындарда отырған жоқпын. Көп болса «Лениншіл жас», «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстанда» бас редактор болдым, олар соншалықты шыңда тұрған орындар емес. Әрі дау-жанжалға көп араласатын жанжалшыл, даукес адам емеспін. Бірақ, принципті мәселелерде пікірталастар болғаны рас. Ол жерге араласпай қалай тұрасыз? Жібек құрты сияқты оранып алып жататын жазушыны өз басым көрген жоқпын. Жауды көбейгені рас. Оның да себебі болған шығар. Мәуелі ағаштың жемісін алу үшін әркім төменде тұрып тас лақтырады. Сондай болған шығар, мүмкін басқа себептері бар, мен оны таразылап жатқан жоқпын. Негізі, жауы, қарсыласы жоқ, тып-тыныш бүркеніп жатып алған адамды жақсы деп есептемеймін.

Асыл уақытын жоғалтты деп кінәлаулары мүмкін, дұрыс та шығар, бірақ мен ұсақ-түйек деп ойламаймын. Істесем, халықтың жұмысын істедім. Газет, журнал шығару ұсақ-түйек пе екен? Соның бәрі халықтың игілігіне жарады. Мен редакциялаған кезде «Жұлдыз» Одақтас республикалардың ішіндегі ұлт тілінде шығатын әдеби журналдардың біріншісі болып тұрды. Таралымы 250 мыңға дейін жетті. Бұл журнал халыққа қызмет етпеді ме? «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» талай буынды, талай ұрпақты тәрбиеледі. Сондықтан өткен уақытымды ұсақ-түйек деп есептемеймін, бірақ өзімнің жеке көркем шығарма жазуыма кедергі болғаны рас. Ал, таза шығармашылықпен айналысып, жатып алып жаза беретін жағдай бізде болған жоқ. Күн көру, айлық алу, бала-шағаны асырау керек болды. Мен граф Толстой емеспін ғой, байлыққа белшесінен батып жатқан, өзінің жеке усадьбасы бар, жұмысын қызметшілері істеген. Өзімді өзім асырауым керек емес пе, сондықтан жетіскеннен істеген жұмыстар емес оның барлығы. Әрине, жеткілікті жағдай болып, жатып алып жаза берсем, жарасар еді. Ол арман, ондай мүмкіндік болмады ғой бізде, әлі де

жоқ. «**Егемен Қазақстанның» босағасында неге отырмын, осы жердің ақырынан кәшек жеп отырмын мен. Кәшек дегенді түсінесің бе?**

– **Жоқ.**

– **Қыста малға шөп шашады. Төрт түлік соның үлпегін жейді-дағы сояуын қалдырады. Соны кәшек дейді, оны есек жейді.** Мені жетіскеннен отыр дейсің бе? Үйде жатып алып жазуыма болар еді, бірақ пәтерақы төлеу керек, тамақ асырап, киім кию керек. Оған зейнетақы жетпейді, бәрі пәтерақыға кетеді. Бұл да ұсақ-түйек сияқты қарап отырсаң. Жұрт: «Бұл жазушы, ішкені алдында, ішпегені артында, балпаң-балпаң бай», – деп ойлайды ғой. Қайдағы байлық?! Демалыс күні ат басын тіреп, қаладағы түтіннен шығып тыныстайтын саяжайым да жоқ. Өйткені, өмір бақи ондайды ойламадық, тапқан айлығымызбен күн көріп жүре бердік. Алда жақсы заман болатын шығар, қартайғанда үкімет еңбегімізді елейтін шығар, жағдай болатын шығар деп үміттендік. Қайда?! Жетіскеннен отырған жоқпыз мына жерде.

– Аға, жазушының жағдайы демекші, сізді осы Таразға көшеді екен, облыс басшылары үй беріпті деп еді. Шынымен Алматыдан кетесіз бе? – Аға, жазушының жағдайы демекші, сізді осы Таразға көшеді екен, облыс басшылары үй беріпті деп еді. Шынымен Алматыдан кетесіз бе?

– Облыс үй беріпті деген өтірік. Қап-қап уәде болған. Бірақ бәрі жай сөз. Адам жас келген сайын туып-өскен жерін, елін аңсайды екен. Бір түрлі ынтықтыра тартып тұратыны рас. Бұл бір менің басымдағы хал болмаса керек. Кезінде менің аталас ағам, Халық батыры Бауыржан Момышұлы елге барып тұруды армандады.

Жамбыл облысының бірі келіп, бірі кетіп жататын басшылары оған да уәдені үйіп-төгіп берді-ақ. Тіпті, Баукең Жуалы ауданындағы өз туған ауылынан үй тұрғызбақ болып, тұғырын да салдырды. Бірақ одан арыға шамасы жетпеді. Ақыры туған бесігіне көшіп бара алмай дүниеден өтті. Бауыржандай дарабоз әлгәндей болғанда, бізге не жорық. Қазір сол ауыл – Бауыржан Момышұлы ауылы деп аталады. Үйі бұйырмаса да аты бұйырды. Бауыржанға арнап әдемі музей салынды. Әттең, не керек, өзі көрген жоқ.

– «Ай мен Айшадағы» Әсем қазір бар ма? Соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Жоқ қой, ол бейшара, қолынан да, екі көзінен де айырылып, соқыр болып қалды деп естігенмін... Біздің ауылдан Жамбыл жаққа көшіп кеткен. – «Соңғы рет қашан көрдіңіз?» – дейсіз. Мен ол жерде фотосурет салып отырған жоқпын ғой.

– Сонда да, оқырманды кейінгі тағдырын білу қызықтырады.

– Дұрыс қой. Соңы ондай болмаса, шығарма болады ма? Әлқисса, екеуі жолығып қосылыпты, армансыз өмір сүріпті деген ертекте болады.

– Қолыңыздан қалам түспегелі қанша жыл?

– Қай уақыттан бері ұстап келе жатсам, сонша жыл. Құдай алда қанша өмір береді, қанша жыл қауқар болады, сонша жыл ұстай беремін. Онсыз өмір бола ма? Мен кетпен шаба алмаймын, күрекпен жер қаза алмаймын, шахтаға түсе алмаймын. Сондықтан, қолымдағы жалғыз қаруым – қалам. Ол түсіп қалса, не болады?

– Шер-аға, алғаш қашан жаза бастадыңыз деген сұрақ қой.

– Студент кезімізден. Ол кезде Башқұртстанның классигі Мұстай Кәрімді аудардым.

– Әңгімеден-повеске, повестен-романға, романнан-эссеге келдіңіз. Жалпы, өзіңізді қай жанрда жақсы сезінесіз?

– Қайсысын жазу үшін көңілге толғақ келеді, сонысы сол уақытта жазылады. Мен драма да жаздым: «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жетім бұрыш». Соңғысының әуелгі аты «Жалғыз үйлік зілзала» болатын. Қазір бір-екі пьесаны үзіп-жұлып жазып жүрмін, бірақ әлі шыққан жоқ. «Ай мен Айшаның» екінші кітабын ара-тұра қол тигенде түртіп қоямын.

– «Ай мен Айшаны» екінші кітаппен аяқтайсыз ба, әлде жалғастырасыз ба?

– Ол екінші кітаппен аяқтала қоймайтын дүние, бірақ соза бергенмен мәнісі де кетіп қалады. Тәтті нәрсені көп жесең, артынан құстырады, сондықтан, жүртты жалықтырмай тиімді, логикалық нүктесі бар жерден қайыру керек. Көрген-білгеннің бәрін жаза берсе өмір жетпейді ғой.

– «Егемен Қазақстан» газетінде Қамалға «Адам құны» атты хатыңызда: «Бүгінгі меншік иелері кімдер?» дейсіз. Кімдер екенін ішіңізден біліп тұрсыз. Бәлкім, менен гөрі жақсы білесің, бірақ айтпайсың. Айтпағаныңыз да дұрыс шығар. Өйткені, құдіреттілер жендет жалдап өлтіре салуы әбден ықтимал», – дейсіз.

Үлкен бизнесте кездейсоқ адам болмайды, болуы мүмкін емес деген әңгімені жи естиміз. Ел басқаруда да дәл осы әңгіме айтылады. Өткен замандағы төре тұқымы сияқты маңдайының «жұлдызы» жарқырап туған топтың бары рас па?

– Бизнес деген құмарпаздар ойыны сияқты тіршілік болып көрінеді маған. Сен бизнесмен боласың, сен бай боласың деген жазу жоқ сияқты.

Басында қалай болды? Жабайы капитализмде талапайлап, қолы жеткен алып қалды. Көбінесе пысықайлар, қол ұшын бере алатын көкелері барлар қарық болды. Кезінде банкілер таратқан несиені кім көрінген ала берген жоқ. Мысалы, өз басым бір тиын алған емеспін. Ол менің алмаймын дегендігімнен емес, әлі пайымдап, түсініп болған жоқпын. Оны қалай жаратады, не ашу керек, қандай кәсіп, неменеге бейімдеу керек деген сұрақтар басыма келген емес, сондықтан оған ұмтылған да емеспін. Ал, мен жалғызбын ба, мен сияқтылар көп, бұл тіпті ақымақтықтан болмаса, аңқаулықтан да емес, түсінбеушіліктен. Капитализмнің қайда апаратынын, қалай бет бұратынын, не болатынын білетін адамдар, бәлкім, үлкен-үлкен тұтқаларды ұстап отырған жердегі кісілер болды. Олар күні бұрын сезген шығар. Солар қамтыды, туыстарына, бала-шағаларына алып берді. Алғанын ұқсата алмай құлағандар да бар. Солардың арасынан үздік шыққандары да бар. Қазір қорланып, іштеріне май жинап алды. Бірақ оларды керемет асыл тұқым, ақсүйек деп айтуға болмайды ғой. Оның ішінде сауатсыздары да бар. Егер бизнесмендер, капиталистер тек «төрелер», «ақсүйектер», білімділер тұқымынан шығатын болса, академиктерден ақылдылары бар ма? Солар байып кетер еді ғой. Олардың жағдайы бәріне белгілі.

Ауыл шаруашылығы да солай. Колхоз, совхоздарды таратты. Оны мал мен техниканың түгел кезінде әркімнің еңбегіне қарай тиесілі үлесін беру

керек еді. Жоқ, жүріп алдық салбырап. Дүниенің бет-бейнесі белгілі болған кезде ауыл атқамінерлері малды да, техниканы да алдымен қамтыды. Қатардағы Сәрсенбай, Бейсенбайлар әлі түсініп болмай жүрген кезде бәрінен айырылып қалды. Оларға түк те тиген жоқ.

Қазір жер беріп жатыр, ол жерді техникасы жоқ адам тырнағымен жырта ма, тұмсығымен жырта ма? Өйткені, барлығы әлеқашан кетіп қалған. Құдай иген бірен-саран адамдар болмаса, фермерліктің де өркендеп бара жатқаны шамалы. **Осындай тіршілік. Президент, үкімет кеш те болса, ауылға бет бұрайық, несие береміз деп жатыр ғой. Ол несиенің тиесілі жерге жеткенше жуындысы ғана қалады.** Егер қалса, қалмаса, ол да жоқ.

Маған: «Жұлдызы жанғандар, маңдайы жарқырағандар, қазіргі ақсүйектер, «төре» тұқымдары кім?» – деп сұрақ қоясың. Олар ауылды қандалаша сорып жатқандар. Ал, ол төре ме, қара ма, біз білмейміз.

– «Ай мен Айшада» өзіңізді неліктен Барсхан деп атадыңыз?

– Кітаптың бір бетінде сан рет қайталанатын есім. Ол әр бет сайын «Шерхан» деп бадырайып жүрсе, құлаққа жағымсыздау тиеді. Атта тұрған ештеңе жоқ. **Мысалы, кітаптың затында, әсер бере ме, жоқ па? Бір үлкен әкім айтты дейді: «Мына Шерхан Мұртаза шешесін жазыпты: Ну что же, ондай шеше менде де бар», – деп.**

Ондай шеше әркімде бар, қолыңнан келсе жаз. Ол жалғыз ғана менің анамның, менің тағдырым емес. Сол кездегі заман ол, заманның суреті бар деп ойлаймын. Жеке өз басымды болмаса анамды дәріптейін деген мақсат жоқ. Әр жерден мемуарлық, өмірбаяндық шығарма деген бағалаулар көрініп қалады. Жоқ. Мысалы, С. Мұқанов «Өмір мектебін» жазды. Сонда жалғыз С.Мұқанов па? Сол заманның рухын беріп отыр ғой. Сондықтан, тым тар ұғынуға, өзін, өз шешесін жазыпты деген әңгімеге мен қосылмаймын. Өзім сол тіршіліктің бір тіні ғанамын. Ал басқа қанша тағдырлар жатыр. Кітаптың негізгі арқауы Айша екені рас. Мені шырылдап жүріп өсірген сол адам ғой. Неліктен оған бір белгі қоя алмаймын? Басына күмбез салған жоқпын. Әкем 1937 жылы айдалып, қайтып оралған жоқ. Сүйегін мың, миллион қарағайдың қайсысының түбінен іздеймін? Бір белгі қою керек пе, керек емес пе?

Менің қолымнан келген белгі осы кітап және ол жалғыз Мұртаза мен Айшаға ғана емес, сол тағдырлас адамдардың бәріне ортақ. Құғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу, ұлттық тарих жылы деп жатырмыз. Осының бәрімен үндес, сарындас түсінген адамға. Әдебиет тек қана өзін жазып, өзін дәріптеуден тұрмайды. Мен солай түсінемін.

– XXI ғасырға кімдермен барамыз деп ойлайсыз? Жастарды оқисыз ба, кімдерден үміт күтесіз?

– Нұрғали Ораздың жап-жақсы дүниелері бар, поэзияда Гүлнәр Салықбаева, Роза Қараева тәп-тәуір жазып жүр. Бірақ жұрттың бәрін шулатып, елең еткізген жасты әлі көрген жоқпын. Булығып өсіп келеді ғой. Мен елден келген, ана сүтімен қоректенген, ауызданған, соның уызына жарған жастардан үміт күтемін. Ал, көк шалап ішіп жүргендерден жазушы шығады, ол оңдырады деп ойламаймын. Мүмкін, орыс тілінде жазар. Ал ана тілінде ана сүтінің уызын қанып ішкендер жазады. Шығады олар, XXI ғасыр да жаман болмас деп ойлаймын.

Әлемдік аренаға шығулар үшін олардың жазғандары аударылуы керек қой. Бірен-саран болмаса, оған көбінің мүмкіндігі жоқ. Өйткені, сөзбе-сөз аудармаға да, аударушыға да өзің ақша төлеуің керек. Тікелей қазақшадан шет ел тіліне аударатындар да жоқтың қасы. Сондықтан өз қазағыңа ғана таныласың. Оған да шүкір. Ең алдымен өз халқың танысын сені. Ел бағалап, жақсы деп жатса, жерде қалмайсың, бір кезде шығасың.

Сәтжан ТӨЛЕУМАҒАНБЕТ.

«Zaman-Қазақстан» газеті, 5 маусым 1998 жыл.

Мен досымнан қорықпаймын. Көп болса сатып кетер.
Мен жауымнан қорықпаймын. Көп болса өлтірер.

МЕН ЕНЖАРЛЫҚТАН ҚОРҚАМЫН

Енжарлық опасыз достан да, қатыгез жаудан да қатерлі

Шерхан МҰРТАЗА – Парламент Мәжілісінде шындықты шырылдап айтып жүрген азамат. Мәжілісте Шерхандай 20-30 депутат болса, азған ауылдың жағдайы дұрысталып қалар ма еді дейсің кейде. Бірақ бүгін бір ұлтқа бір шырыл аз. Шерханның үні шенеунікке жете бермесе де ауылға естіледі. Ел жанына соны медет қылады. Біздің де әңгімеміздің ауылға орала беруін түсінуге болар.

– Қазір кімсіз? Жазушысыз ба, депутатсыз ба? Жалпы сіз үшін мұның қайсысы биік?

– Тосын сұрақ. Әрине, алдымен адам шығармын. Азамат шығармын. «Жазушысыз ба, депутатсыз ба?» Жастар газетіне максимализм жарасатын болар. Салтыков-Щедрин жазушы болған ба? Әлде шенеунік болған ба? Ол қазірге дейін қай қасиетімен белгілі? Рас, мен Салтыков-Щедрин емеспін. Бірақ жазушы боп қалатын шығармын деп үміттенемін.

– Негізі, бір заңды қабылдау кезінде пікірлер екіге жарылады. Ал сіздің халықтың мүддесін қорғап шырылдап айтқан пікіріңіз есепке алынбады. Мұндай жағдайда не істейсіз?

– «Халықтың мүддесін қорғап айтқан пікірім есепке алынбады» деп кесіп айту артық шығар. Тіпті, сонау тоқсаныншы жылдардың басында жер туралы, Жерді сату туралы заң қабылданбақ болған сын сағатта мен бұл заңның қабылдануына қасарыса қарсы болғандардың бірімін. Заң қабылданбады. Бірақ араға жылдар салып, бұл мәселе 2000 жылы қайта көтерілді. 2001 жылы «Жер туралы» заң қабылданды. Үкімет ұсынған жобаның сирағы мен тұяғы ғана қалды! Заң мүлде жаңаша мазмұнда жарияланды. Мұнда менің үлесім бар деп айта аламын.

«Мен», «мен» деп кеуде соға беру ұнамсыз қылық. Бірақ сұрақ қойылған екен, айту – парыз. Қазір республиканың оңтүстік облыстары газдың зарын тартып отырғаны, өзбектерге тәуелді болып қалғаны баршаға мәлім. Үкімет алдына әлденеше рет мәселе қойып, депутаттық сауал салуымның себебі болған шығар, қазір үкімет Жамбыл облысындағы Талас газ кешенін қолға алуға кірісетін болып отыр.

– Елдің мұңын айтып, халықтың сөзін сөйлеп жүрсіз. Бірақ көп жағдайда мұныңызды түсіне алатын бір шенеунік жоқ. Әңгімеңіз «Жартасқа бардым, айқай да салдым, одан да шықты жаңғырық» болып жүрген жоқ па?..

– «Елдің мұңын айтып, халықтың сөзін сөйлеп жүрсіз. Бірақ мұныңызды түсіне алатын бір шенеунік жоқ»,-деп үзілді-кесілді түйін жасайсыздар. Кешіріңіз, мен айдалаға айқайлай беретін бақырауық бақсы емеспін. Шенеуніктердің бәрін бір ұстарамен сыпыра салу да – максимализм. **Мысалы, біз Камал Смайыл екеуміз сонау 1996 жылдан бастап екі жылға жуық «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде хат жазыстық. «Сағынышты сәлем хат» емес, ел тағдыры, заман келбеті туралы.**

Стратегиялық мәні бар ірі-ірі өндіріс орындарын шетелдіктерге сатып жіберуге қарсы болдық. Оның зардабы орасан екенін уақыт көрсетті. Үкімет мұндай жолдың қате екенін қазір мойындап отыр. «Ештен – кеш жақсы» деген.

Қазақстан – алтын құрсақ, асыл қазына елі екенін айтқанбыз. Бірақ сол кезде-ақ: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деп те жаздық. Жемқорлармен, ұры-қары, парақорлармен аяусыз күрес керек екенін ескерткенбіз. Қазір Парламентте шетел банктеріңде жатқан ұрлықы арам ақшаны Қазақстанға қайтару туралы заңның жобасы жатыр.

Тере берсем, мұндай-мұндай күрделі мәселелер кезінде көп көтерілді. Кеш болса да, үкімет тарапынан шашылғанды қайта жинау әрекеті байқалады.

– Парламентте қай топқа кіресіз, қай партиядасыз? Кімнің сөзін сөйлейсіз?

– Парламентте «Жер мен ел» тобындамын, «Ауыл» партиясының мүшесімін. Ауыл – біздің кіндігіміз! Кіндік үзілсе, көзімізге көк шыбын үймелейді. Азаматпын дегендердің көбі ауылдан шыққан. Ендеше, ауылды аман сақтау – парыз.

– Депутаттығыңыз шығармашылығыңызға бөгет болып жүрген жоқ па?

– Жалқауға бәрі бөгет. Мен қаламды мансапқа айырбастаған жоқпын. Мен депутаттыққа түсемін деп ойлаған жоқ едім. «Түс, түс!» деп түрткілеген алдымен «Жас Алаштың» өзі болатын. Әрине, өз газетімнің дем бергеніне ризамын.

– «Қызыл Жебе», «Жұлдыз көпір», «Қылкөпір», «Тамұқ». Сіз бейнелеген Тұрар Рысқұлов тарихта өз бағасын алды деп ойлайсыз ба?

– Тұрар Рысқұлов – әлі таусылмайтын жыр. Халық бағасын берген. Адал ұлым деп таныған. Тек кейбір «жазғыштар» оның есімін атамай өтуге тырысады. Одан Тұрар аласарып қалмайды. Кейбір тірі атандардың пендешілігіне биіктен қасқая қарап тұра береді.

– Қазақ жазушыларынан кімді оқисыз, кімді оқымайсыз?

– Шын жазушылардың бәрін оқимын.

– «Әдебиет – ардың ісі», «Көлденең көк аттылар» жазушы боп кітап шығарып жатыр. Оқырманның обалын кім ойлайды?

– Қазір кімге тыйым саласың? Оқырман өзі ойласын.

– Мемлекеттік сыйлықты алып жатқан шығармаларға көңіліңіз тола ма? Неге жазушылар шын сыйлықтың бағасын оқырманнан емес, осындай «жоғары дәрежеден» іздейді?

– Оқырманның бағасы неге еленбесін? Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығарма баспасөз бетінде талқыға түседі. Рас, талқы мерзімін ұзарту керек. «Жоғары дәреже» дегеніңіз сараптау комиссиясы болар. Комиссия шыншыл, адал, жөні түзу білгірлерден болғанын мен де қалаймын. 2000 жылғы сыйлықтар адалынан деп ойлаймын.

– Парламентте сізден басқа үнемі қазақша сөйлейтін депутаттардың атын атап бере аласыз ба? Біз тіл мәселесін қашанғы қозғай береміз? «Аурудың» түп-тамыры қайда жатыр?

– Жекен Калиұлы, Фариза Оңғарсынова, Шәмша Беркімбаева, Жандар Кәрібаев, Ерғали Сарманов... Басқалары, көбісі қазақшаны жақсы біле тұра: **«Бәріне түсінікті болу үшін...» деп шүлдірлеп кетеді. Осы сөйлем мені қатты қорлайды. Өйткені қазақ тілін қорлағанын сол «шешен» өзі де сезбей қалады. Сонда қазақ тілі «бәріне түсініксіз» тіл болғаны ғой. Ілеспе аударма бар. Түсініксіз ешнәрсе жоқ.**

Тіл мәселесі – қандауырмен бір сәтте сылып тастайтын жара емес. Мәңгүртке бір табан жақын қалған ауруды емдеу оңай болмас. Тілдің дерті киын. Ана тілінен ада қалғандар көп. Тұтас бір дәуір қазақтарды Ана тілінен айыруға қызмет етті. Сол Ана тілінен өгей қалғандар «жаңа идея», «жаңа теория» ашып, оны халықтың санасына сіңірмек болып, әрекет жасап жатыр. Ана бір Телемтаев деген оқымысты «Саф-сана» деген кітапша жазып, «Қазақстан ұлты» деген ұғым тудырды. «Қазақ ұлты» емес. Қазақстанда қанша ұлттар бар, соның бәрін бір-ақ ұлт жасамақшы. Демек, оның тілі де біреу-ақ болмақ. Әрине, қазақ тілі емес. Осы уақытқа дейін біздің тіл мамандарымыз, ғалымдар, жазушылар бұл сандырақтау идеяға қарсы бір ауыз үн қатқан жоқ. Самарқаулықтан, енжарлықтан асқан жау жоқ. Ертеде бір данышпан: «Мен досымнан қорықпаймын, Көп болса сатып кетер. Мен жауымнан қорықпаймын, Көп болса өлтірер. Мен енжарлықтан қорқамын. Енжарлық опасыз достан да, қатыгез жаудан да қатерлі» деген екен.

Үкімет тіл саясатын біршама жөнге келтіру ниетімен «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға өзгерту мен толықтыру енгізбек болып Парламентке жоба ұсынды. Сол-сол екен, жер-жердегі тәуелсіз, «коммерциялық» дейтін телеканалдар өрекпіп, өре түрегелді. Бұл жобаға өлердей қарсы. Неге десеңіз, онда шетелдік хабарларды барлық өнімнің жиырма пайызына дейін шектеу туралы айтылған. Ал, қазір қалай? Жекеше, тәуелсіз каналдар күні-түні хабар көрсетеді. Өз журналистері тер төгіп, жүгіріп жүріп дайындаған бір де бір материал жоқ. Тек шетелдің алуан түрлі бұзық идеологиялы материалдарын үйіп-төгіп көрсете береді. Қалған уақыты тек жарнама. Мақсат – тегін ақша табу. Тегін ақша үшін Отан мүддесін, Қазақстанның тәуелсіздігін сатып жатқандар. Мұның атын: қараниетті идеология интервенциясы, шабуылы дейді. Бұл шабуыл біздің азаттығымызды, егемендігімізді бір оқ шығармай-ақ құлатады.

Осы жобаны талқылау Парламентте ұзаққа созылып кетті. Өйткені осындай өрескел, зиянды «сөз бостандығына» бүйрегі бұратын депутаттар Парламентте де отыр. «Мұның қалай?» десең: «Демократия», «сөз бостандығы» дейді. Ұлтыңа, Отаныңа, тәуелсіздікке енді қолы жеткен мемлекетіңе қарсы әрекет жасайтын «демократияға» да, «сөз бостандығына» да лағнет!

– Шер-аға, әдебиетке қайта оралсақ, шын туынды неге уақыт өте келе туады? Қазіргі әдебиет публицистикаға айналып бара жатқан жоқ па?

– Шын шығарма да – перзент. Толғағы жеткенде туады. Публицистиканың жөні басқа. Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – кавалерия. Оның да еңбегі елеулі. «Жас Алаштың» беті толған публицистика емес пе? Оны халыққа қызмет етпей жатыр деп кім айтады?

– Естуімізше, сіздің ақындығыңыз да мықты көрінеді. Бір өлең оқып (жазып) жіберіңізші...

– Ақын болу – арман. Бірақ ақын емеспін. Көк есектей мыртыңдаған көп ақынның бірі болғым келмейді.

– Депутат боп жүріп бір мәселеге байланысты қатты өкінген тұстарыңыз болды ма? Кейінгі кезде Сізді көбірек мазалап жүрген нәрсе не?..

– Бір емес, сан түрлі мәселе бар. Ең алдымен – ауыл. Қажыгелдин бастаған шенеуніктер ауылды сансыратып тастады. Әділетсіздік көп болды. Ноқайларға арамзалар қосылды. Жабыла берсе шиебөрілер де арыстанның терісін сыпырып алады. «Жекешелендіру» саясаты ауылды тыржалаңаш қалдырды. «Бетіңді ауылға бұр» деп үкіметке қарата талай сөз айтылды. Ауыл – локомотив. Ауыл – демография. Ауыл кетсе – ұлттың ұйтқысы кетеді. Ұйтқы кетсе – ұлт іріп-шіриді. Міне – уайым! Ал, кейбіреулер ауыл қалаға қаңғырып қаптаса, адамдар шынығады-мыс, заманға бейімделеді-міс деп данышпансиды. Ал, көшті. Ал, қаптады. Не болды? Не болғанын көріп отырмыз. Әр түрлі деңгейдегі қылмыс өршіді. Түрмелер жетпей жатыр. Қамайтын орын жоқ. Халықтың өсімі құлдырап, кеміді. Қазақстанның байтақ жерінің әрбір шаршы километріне 3-4 адам, ал Өзбекстанда 40 адамнан келеді. Ақырын кім біледі? Кім ойлайды? Міне – Уайым! Мені ұлттық отансүйер, патриотизмнің шалажансарлығы өкіндіреді. Әр кеудеде «Мен – Қазақпын!» деген от маздамайынша, мойыны былқ-сылқ дүмбілездер Отанын, тілін, байлығын оңай сата салуға бейім тұрады. Оны көзі бар адам көріп жүр. Жүрегі бар жан сезіп жүр.

– Қазір не жазып жүрсіз?

– Астанадағы «Елорда» баспасынан «Ай мен Айша» романының бірінші және екінші кітаптары қосылып, бір том болып шықты. Жаңа жазылған «Ноқтаға басы сыймаған» пьесам Тараз театрында спектакль болып қойылып жүр. Әңгіме жазамын. Жақсы жазылған бір әңгіме кейбір романға татиды.

«Жас Алаштың» маған сұрақ қойып, назар аударғанына рахмет. Өйткені журналист, жазушы ретінде шыққан тегім – «Жас Алаш»! Мен «Жас Алашта» заманында талай-талай жақсылармен, жайсаңдармен қызметтес болдым. Олардың көбі қазір ортамызда жоқ. «Жас Алаш» жақында 80 жасқа толады. Сол тойға жете алмай кеткен боздақтарды «Жас Алаш» үлкен той қарсаңында еске алса, сауап болар еді деп ойлаймын. Сексеніне кемелденіп келген «Жас Алаш» жасай берсін!

– Әңгімеңізге рахмет! Тойда кездесейік!

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ.

«Жас Алаш» газеті, 24 ақпан 2001 жыл.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ 3
КІРІСПЕ 5

1-бөлім. ШЕРХАН МҰРТАЗА – ПУБЛИЦИСТ, РЕДАКТОР 8
1.1 Шерхан Мұртаза публицистикасының бастаулары: қалыптасу, толысу, өрлеу жолдары 9
1.2 Шерханның редакторлық басшылық, ұйымдастырушылық мектебі 29

2-бөлім. ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ 69
2.1 Шерхан Мұртаза публицистикасының тақырыптық, проблемалық, жанрлық ерекшеліктері 70
2.2. Қаламгер очерктерінің тілдік, стильдік, мазмұндық өзгешелігі 88
2.3 Шерхан Мұртаза көркем шығармаларындағы публицистикалық сарын: дерек, факт, өмір шындығы 104
Қорытынды 125
Әдебиеттер 130

1-қосымша
ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ 136
I Әр жылдарда жарық көрген кітаптары мен жинақтары 137
II Мақалалар. Сұхбаттар. Эсселер. Рецензиялар 138
III Очерктер 143
IV Шерхан Мұртаза туралы жазылған сын мақалалар, зерттеулер 145
V Шерхан Мұртаза редактор болған кітаптар 147

2-қосымша
ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНА ЖАЗЫЛҒАН РЕЦЕНЗИЯЛАР 148
Бақыт САРБАЛАЕВ. ЖҮРЕКТЕН ТАБЫЛҒАН БІР ҚАЗЫНА 149
Төлеген ТОҚБЕРГЕНОВ. ТАМЫРДЫҢ ТЕРЕҢ БҮЛКІЛІ 156
Мұхаметжан ҚАРАТАЕВ. ҚЫЗҒАНЫШ ТҮБІ – ҚЫЛМЫС 160
Дүкенбай ДОСЖАНОВ. СУРЕТКЕР ҚУАТЫ 163
Төлеген ТОҚБЕРГЕНОВ. БИІКТЕРГЕ БЕТ АЛҒАН 165
Абдрахман АСЫЛБЕКОВ. ҚОРАМСАҚҚА ҚОЛ САЛҒАН 169
Тұрсын ЖҰРТБАЕВ. ӨЗІНДІК ӨРНЕКПЕН 172
Ғабит МҮСІРЕПОВ. «ЖҰЛДЫЗДЫ КӨПІР» ЖӘНЕ ТҰРАР 175
Рахманқұл БЕРДІБАЕВ. КЕМЕЛДІК КӨПІРІ 179
Бақтыяр ӘБІЛДАЕВ. «ЖҰЛДЫЗ КӨПІР» 184
Рахманқұл БЕРДІБАЕВ. «БОРАНДЫ БЕКЕТ» ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ 188
Герольд БЕЛЬГЕР, жазушы. САНА СОТЫ – ТАРИХ СОТЫ 192
Қали СӘРСЕНБАЕВ. ШЫНАЙЫ ДА ШҰРАЙЛЫ 197
Камал СМАЙЫЛОВ. ОЙ ЖЕТПЕЙТІН ЕДІ ҒОЙ 201
Камал СМАЙЫЛОВ. ЖУРНАЛИСТ ЕЛ АЛДЫНА ШЫҚТЫ 205

Нұрлытай ҮРКІМБАЙҚЫЗЫ. ЖАСЫН ҒҰМЫР ЖАҢҒЫРЫҚТАРЫ 212
Мұхамеджан ҚАРАТАЕВ. ТЕТРОЛОГИЯ ТҮЙІНІ 218
Тахауи АХТАНОВ. БАСТАУЛАР МЕН БИІКТЕР 222
Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ. ЗАУАЛ 226
Болат ОҢҒАРБАЕВ. «ЖЕТІМ БҰРЫШ» 230
Сәрсенбай ДӘУІТ. «ЖЕТІМ БҰРЫШ» 232
АЯН. ЗОРЛЫҚ ПЕН ҚОРЛЫҚ 234
Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ. ЖҰЛДЫЗДАР БИІКТЕ ЖАНАДЫ 238
Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ. ЖИНАҚ АТЫ – «ШЕРАҒА» 240
Қайнар ОЛЖАЙ. ШАПАНЫНАН ШӘКІРТ ӨРГЕН ШЕР-АҒАҢ 243
Кәрім БАЯЛИЕВ. ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫНДА 245
Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ. ЖҰЛДЫЗДЫҢ ЖАРЫҒЫ 249
Еркінбек ТҰРЫСОВ. СҰЛУ БӨРТЕ 255
Мәди ҚАЙЫҢБАЕВ. АЛЫС БАЛАЛЫҚ ТУРАЛЫ АЯУЛЫ ЕСТЕЛІК 262
Р. АЙЕКЕ. АНА ЕСКЕРТКІШІ 264
Елен ӘЛІМЖАНОВ. АЙ МЕН АВТОР 267
Жарылқасын БОРАНБАЕВ. САҒЫНЫШ ЕКЕН БАЛА КЕЗ 269
Ержұман СМАЙЫЛ. ТӘУЕЛСІЗДІК АЙНАСЫ – АҚИҚАТ СӨЗ 271
Сәмен ҚҰЛБАРАҚ. ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРДЫҢ ТОЛҒАМДАРЫ 272

3-қосымша
ШЕРХАН МҰРТАЗА ТУРАЛЫ ҚАЛАМДАС АҒА, ӘРІПТЕС ІНІ, ШӘКІРТТЕРІНІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ 277

ШЕРХАН МҰРТАЗА 50 ЖАСТА 278
Сейдахмет БЕРДІҚҰЛОВ. КАЙНОЗОЙ АРШЫЛЫП ЖАТЫР 278
Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ. САРАБДАЛ СУРЕТКЕР 284
Темірхан МЕДЕТБЕКОВ. АДЫРНАДАЙ СЕРПІНДІ ТАЛАНТ 286
Кәрім БАЯЛИЕВ. ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР 289
Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ. СУРЕТКЕР: СЫР МЕН СЫМБАТ 294

ШЕРХАН МҰРТАЗА 60 ЖАСТА 301
Бақтыяр ӘБІЛДАҰЛЫ. «ЕЛ СЕНІМІ – АУЫР ЖҮК...» 301
Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ. ШЕРХАННЫҢ ШЕРУІ 305
Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ. АҒАЛЫҚТАН ДАНАЛЫҚҚА БАРАР ЖОЛДА 308
Сайлаубек ЖҰМАБЕКОВ. ЖҰЛДЫЗЫ НҰРЛЫ 311
Жанат ЕЛШІБЕК. ХАЛҚЫ ҮШІН ҚАЛҒЫМАҒАН ҚАЛАМ 319
Молдахан ӘБДІРЕЙ. ШОҚТЫҒЫ БИІК ТҰЛҒА 329
Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ. ЖӘНЕ БІР СЕНІМ, ЖӘНЕ БІР СЫН 333
Бақыт САРБАЛАҰЛЫ. НАМЫС НАЙЗАСЫ 338
«ТІЛ ДЕГЕН – ҚАЗАҚ ҮШІН АЛТЫН БЕСІК» 339
Жанболат АУПБАЕВ. ШЕРАҒА 342
Құдияр БІЛӘЛ. ОҢТҮСТІКТЕГІ ОН КҮН 353
Мархабат БАЙҒҰТ. ТӘҢІРТАУ. ШІЛДЕ. ШЕРАҒА. 359
Аян НЫСАНАЛИН. ШАРБОЛАТ 363
Қали СӘРСЕНБАЙ. ШЕРХАНДАРСЫЗ ШЕРІМІЗ ТАРҚАМАЙДЫ 367
Баққожа МҰҚАЙ. ШЕРХАН МҰРТАЗА ДОДАҒА КІРДІ 368
Әлмырза ЕСЕНАМАН. ҚЫЗЫРЛЫ ҚАРАТАУДА 370

Әділ ДҮЙСЕНБЕК. БІЗ БІЛЕТІН ШЕРАҒАҢ... 372

ШЕРХАН МҰРТАЗА 70 ЖАСТА ... 375
Несіпбек ДӘУТАЙҰЛЫ. ШЕРХАН ТАНЫМ ... 375
Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ. КЕСЕК СУРЕТКЕР. КЕМЕЛ ҚАЙРАТКЕР.
АСҚАҚ АЗАМАТ ҚАЗАҚТЫҢ ШЕРХАНЫ ... 384
Төлен ӘБДІКҰЛЫ. АЛЫП ТҰЛҒА ... 390
Ақселеу СЕЙДІМБЕК. БІЗДІҢ РУХАНИ АҒАМЫЗ ... 391
Қуаныш СҰЛТАНОВ. КӨК СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІНДЕЙ ... 392
АЯН. АЙДЫНДАР АШЫЛАДЫ ... 393
Әмірхан МЕҢДЕКЕ. ҚАСИЕТ ... 393
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ. ШЕРАҒАҢНЫҢ «ШВЕЦАРИЯСЫНДА...» ... 394
Сауытбек АБДРАХМАНОВ. БАҺАДҮР ... 397
Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ. ЕКІ ЕСЕ ҚУАНЫШ ... 407
Айгүл КЕМЕЛБАЕВА. ҰЛТЫН СҮЙГЕН ШЕРАҒАҢ ... 410
Мархабат БАЙҒҰТ. ШЫҢДАҒЫ ШЕРАҒАҢ ... 414
Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК. АҢЫЗ ШЕРХАН ... 423
Серік ЖҰМАБЕКҰЛЫ. ШЕРАҒАҢНЫҢ БІР АУЫЗ СӨЗДЕРІ ... 432
Темірғали КӨПБАЙ. МЕНІҢ ШЕРАҒАМ ... 437
Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК. МҰРТАЗА МЕН МАҒАУИН ... 446
Иманбай ЖҰБАЙ. ШЕРАҒАНЫҢ «ТАҢШОЛПАНЫ» ... 450

4-қосымша
ШЕРХАН МҰРТАЗАДАН АЛЫНҒАН СҰХБАТТАР ... 454
ЖАСТАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ ... 455
ЖҰМЫСШЫ – ЖАСАМПАЗ ЕҢБЕКТІҢ ЖАРШЫСЫ ... 456
«ЖАСТЫҚ ШАҚ КӨК СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІ ЕМЕС ПЕ?!» ... 461
«АЛТЫН САНДЫҚТЫҢ ҮСТІНДЕ ОТЫРЫП... » ... 463
ЕЛДІ АШТЫҚ ЖАЙЛАҒАНДА ... 467
ШЕРХАН МҰРТАЗАЕВ:
«ДЕЛБЕ БОСАП, ДЕРБЕСТІККЕ ҚОЛЫМЫЗ ЖЕТСІН» ... 471
МЕНІҢ ҚАРУЫМ – ҚАЛАМ МЕН ГАЗЕТ ... 474
ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕГЕН – ҚҰДІРЕТТІ СӨЗ ... 479
ТҰҢҒИЫҚ ОЙДА ТҰРАР ТҰЛҒА ... 485
ЗЕЙНЕТ КҮРЕСПЕН КЕЛЕДІ ... 490
ШЫНДЫҚТЫ ШЫҢДАП, МҰРАТТЫ МҮСІНДЕГЕН ... 495
ТҰРАННАН ТҮЛЕП ҰШҚАН ТҰРАР ... 501
«МЕМЛЕКЕТ ДӘУЛЕТІ ТАЛАПАЙДА КЕТСІН ДЕГЕН ЗАҢ ЖОҚ» ... 510
ТӘУЕЛСІЗДІК ЕШҚАШАН САТЫЛМАЙДЫ ... 514
ШЫНДЫҚТЫҢ ЖОЛЫ ШЫРҒАЛАҢ, ӘДІЛЕТТІҢ ЖОЛЫ ӘЛЖУАЗ ... 520
РУХЫ БИІК ХАЛЫҚ – БАҚЫТТЫ ХАЛЫҚ ... 527
«АЛДЫМЕН ӨЗ ХАЛҚЫҢ ТАНЫСЫН СЕНІ» ... 529
МЕН ЕНЖАРЛЫҚТАН ҚОРҚАМЫН ... 535

ISBN 978-625-93467-1-7